

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНУЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНУЛЫ  
КОМИТЕТА НАУКИ

МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AKHMET BAITURSYNULY INSTITUTE OF LINGUISTICS  
OF THE COMMITTEE OF SCIENCE  
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

## ЖАҒАНДАНУ ӘЛЕМІНДЕГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ: ТҮРКІТАНУ • ЛИНГВИСТИКА • ФИЛОЛОГИЯ

Академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың  
туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық конгресс  
ЖИНАҒЫ

## РАЗВИТИЕ НАУКИ В ГЛОБАЛИЗИРОВАННОМ МИРЕ: ТҮРКОЛОГИЯ • ЛИНГВИСТИКА • ФИЛОЛОГИЯ

СБОРНИК  
международного конгресса, посвященного 100-летию  
со дня рождения академика Рабиги Сатығалиқызы Сыздык

## THE DEVELOPMENT OF SCIENCE IN THE GLOBALIZED WORLD: TURKOLOGY • LINGUISTICS • PHILOLOGY

PROCEEDINGS  
of the international congress dedicated to 100 years since  
the birth of academician Rabiga Satigalikyzy Syzdyk

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ**

**ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
КОМИТЕТА НАУКИ  
МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**AKHMET BAITURSYNULY INSTITUTE OF LINGUISTICS  
OF THE COMMITTEE OF SCIENCE OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND  
HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**ЖАҒАНДАНУ ӘЛЕМІНДЕГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ:  
ТҮРКІТАНУ • ЛИНГВИСТИКА • ФИЛОЛОГИЯ**

Академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың  
туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық конгресс  
**ЖИНАҒЫ**

**РАЗВИТИЕ НАУКИ В ГЛОБАЛИЗИРОВАННОМ МИРЕ:  
ТЮРКОЛОГИЯ • ЛИНГВИСТИКА • ФИЛОЛОГИЯ  
СБОРНИК**

международного конгресса, посвященного 100-летию  
со дня рождения академика Рабиги Сатығалиқызы Сыздык

**THE DEVELOPMENT OF SCIENCE IN THE GLOBALIZED  
WORLD: TURKOLOGY • LINGUISTICS • PHILOLOGY  
PROCEEDINGS**

of the international congress dedicated to 100 years since the birth of academician  
Rabiga Satigalikyzy Syzdyk

Алматы  
2024

УДК80/81  
ББК81.2  
Ж22

**Бас редактор**

А.Фазылжан – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

**Пікір жазғандар:**

Ж.Манкеева – филология ғылымдарының докторы, профессор  
М.Малбақов – филология ғылымдарының докторы, профессор

**Редакция алқасы:**

ф.ғ.д., профессор Қ.Күдерінова, ф.ғ.д., профессор Н.Уәли, ф.ғ.д., профессор  
А.Алдаш, ф.ғ.д., профессор Қ.Есенова, ф.ғ.к. Г.Мамырбек, ф.ғ.к. А.Сейтбекова,  
ф.ғ.к. А.Әмірбекова, ф.ғ.к. А.Аманбаева, ф.ғ.к. А.Солтанбекова, PhD Е.Маралбек

**Жауапты шығарушылар:**

Г.Мамырбек, Ж.Тұрғынбаева

Ж22 **«ЖАҒАҢДАҢ АҒЕМІНДЕГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ: ТҮРКІТАНУ • ЛИНГВИСТИКА • ФИЛОЛОГИЯ»** атты халықаралық конгресс жинағы. – Алматы, «Ел-шежіре» баспасы, 2024. – 872 бет.

ISBN 978-601-7907-07-5

Конгресс жинағына академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың тіл тарихы, жазба ескерткіштердің тілі, Абайдың сөз өрнегі мен Алаш зиялыларының ғылыми ізденістері, ортология және әдеби тіл, сөз сазы, сөз мәдениеті, стилистика, лексикология, лексикография бойынша зерттеулеріне қатысты талдаулар және пленарлық, секциялық мәжілістегі баяндамалар мен мақалалар еніп отыр. Жинақ лингвистика, филология, түркітану бойынша зерттеу жүргізетін ғалымдарға, зерттеушілерге, жалпы көпшілік қауымға арналады.

УДК80/81  
ББК81.2

ISBN 978-601-7907-07-5

© А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институты, 2024

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл жинаққа 18-19 қазанда өткен «ЖАҒАНДАНУ ӘЛЕМІНДЕГІ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ: ТҮРКІТАНУ · ЛИНГВИСТИКА · ФИЛОЛОГИЯ» атты халықаралық конгресте жасалған баяндамалар мен келіп түскен мақалалар енді.

Академик Рәбиға Сәтіғалиқызы (Ғалиқызы) Сыздық – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, III және I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, Türk Dil Kurumu мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, аса көрнекті түркітанушы-лингвист. Академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың тіл тарихы, жазба ескерткіштердің тілі, Абайдың сөз өрнегі мен Алаш зиялыларының ғылыми ізденістері, ортология және әдеби тіл, сөз сазы, сөз мәдениеті, стилистика, лексикология, лексикография бойынша зерттеулері қазіргі қазақ лингвистикасы мен түркітануды жаңа белеске көтерді. Конгресс жұмысында академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың ғылыми мұрасынан бастау алатын қазақ тіл біліміндегі, филология мен түркітанудағы жаңа ғылыми парадигмалар талқыланды. Халықаралық конгресс жұмысына қоғам қайраткерлері, қазақ тілтанымы, түркітану, филология, лингвистика бойынша отандық және шетелдік ғалымдар, сондай-ақ жазушылар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Конгресс жұмысының негізгі бағыттары:

1. Академик Рәбиға Сыздықтың ғылыми мұрасы: синхронды және диахронды аспектілердегі тіл білімі және түркітану.
2. Ахметтану және Алаштанудың өзекті мәселелері.
3. Абайтану ғылымының қазіргі көкжиегі.
4. Жазу тарихы және қазақ ортологиясының даму динамикасы.
5. Сөз мәдениеті және стилистика салаларының бүгіні мен болашағы.
6. Ауызша және жазба әдеби тілдің зерттелуі.
7. Қазақ лексикологиясы мен лексикографиясы: тарихы, проблемалары мен жаңа ізденістер.
8. Антропоөзектік парадигмадағы лингвистикалық зерттеулер: корпустық лингвистика, әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика, жасанды интеллект.
9. Білім беру жүйесіндегі қазақ тілі: оқу мәтіндері мен оқулық мәселелері. Тілді меңгерудің инновациялық технологиялары.
10. Филологиялық білімдер мен ізденістер.
11. Жаһандану кезеңіндегі түркі тілдері: лингво-филологиялық аспект.
12. Түркітанудың дамуы: нәтижелер мен жаңа бағыттар.

Осы аталған мәселелер бойынша жиналған баяндамалар Конгресте мынадай екі ауқымды секция бойынша талқыланды:



I. ТІЛ БІЛІМІНІҢ СИНХРОНДЫ АСПЕКТІЛЕРІ (ортологиялық кодификация, лексикология, тіл мәдениеті және стилистика, білім беру жүйесіндегі қазақ тілі).

II. ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДИАХРОНДЫ АСПЕКТІЛЕРІ (түркітану, абайтану, ахметтану, алаштану, әдеби тіл тарихы).

Халықаралық конгрестің жұмысы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жүргізіп отырған «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» атты бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру жобасы аясында ұйымдастырылды (№BR24993133).

Конгрестің тақырыбы ретінде түркітану, лингвистика, филология саласындағы зерттеулердің жаһандану кезеңіндегі дамуының таңдалуы бекер емес. Себебі академик Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың ғылыми ғұмырында қалам тартқан зерттеу тақырыбының диапазоны ауқымды болды. Ғалымның бай мұрасы, терең пайымдары өз заманындағы және қазіргі кездегі, болашақтағы да түркітану, тілтаным жалпы филология саласындағы алуан түрлі тақырыптағы ізденістердің бастамы болып табылады. Сондықтан, академик Рәбиға Сыздық табан аудармай қызмет етіп, ғылыми-зерттеу жүргізген Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымның мұрасын бүгінгі ғылыми ойды мазалаған өзекті мәселелермен байланыстыра отырып қарауды және қазіргі жаһандану кезеңі мен жасанды интеллект заманындағы отандық тіл ғылымы қандай проблемалармен айналысуы керек деген мәселені қозғауды мақсат етті.

Конгреске отандық және шетелдік тілтанушы, әдебиеттанушы, түркітанушы ғалымдар қатысып, пленарлық және секциялық мәжілістердегі жасаған баяндамалары мен талқылаулары негізінде мынадай қарар қабылдады:

### **1) Академик Р.Сыздық мұрасын насихаттау**

- Конгресс академик Р.Сыздықтың ғылыми еңбектерін түрік, ағылшын тілдеріне аударуға ынталы түркітанушылар мен филологтарды шақырады, бұл істі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырады.

- Академик Рәбиға Сыздықтың архивтік материалдарын, еңбектерін цифрлы форматта сақтау үшін арнайы сайт әзірлеу қажет. Онда эстетикалық контент айдарында «Рәбиға әлемі» бөлімінде Рәбиға апайдың видео, аудио және сұхбаттарының толық қорын сақтау ұсынылады.

- Конгресс «Академик Рәбиға Сыздық оқулары» атты жыл сайын дәстүрлі өтетін лингвистикалық алаң ұйымдастыруды ұсынады.

- Конгресс ЖОО-ғы «Қазақ филологиясы», «Түркітану» бағытындағы пәндер мен оқу бағдарламаларының мазмұнына академик Рәбиға Сыздықтың зерттеулері туралы дәрістер циклін енгізуді ұсынады.

- Конгресс жоғарғы сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі» оқулығына «Рәбиға Сыздықтың көркем мәтінді талдау» әдісін үйрету тақырыбын қосуды ұсынады.

- Академик Рәбиға Сыздық конференциясын скопус конференциясы деңгейінде өткізу ұсынылады.

- Гранттық зерттеулер мен докторлық, магистрлік диссертация тақырыптарын бекіткенде оларды академик Рабиға Сыздық еңбектерімен байланыстыра қарастыру ұсынылады.

## **2) Түркітанудың болашағы**

- Түркі халықтарының мәдениетіне, әдебиетіне және тарихына қатысты көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштерін кез келген зерттеушіге қолжетімді ету мақсатында түркі мемлекеттеріне ортақ қолжазбалар қорының электрондық базасы құрылуы қажет. Ол үшін Түркия Республикасындағы Türk Dil Kurumu Түркі мемлекеттеріндегі гуманитарлық ғылыми мекемелердің арасындағы меморандумдық келісімге мұрындық болуы Конгресс атынан сұралады.

## **3) Лингвистика, филология**

- «Көркем мәтінге талдау» атты элективті пәндерді ЖОО-ның гуманитарлық (заң, экономика, элеуметтану, тарих, т.б.) мамандықтарымен қатар, жаратылыстану (физика, химия, есеп-қисап) мамандықтарына пән ретінде енгізу ұсынылады.

- «Қазақ ауызша сөйлеу мәдениеті» пәнін мектеп, ЖОО, арнайы мамандандырылған мектептерде жүргізуді міндеттеу және қадағалау, нәтижесін тексеру ұсынылады.

- Абай шығармаларын басқа тілге аударуда Р.Сыздықтың Абай тілін зерттеген еңбегін оқып шығуды үрдіске айналдыруды аудармашыларға міндеттеу ұсынылады;

- Ауызша тіл, ауызекі сөйлеудегі кейбір бірліктер әдеби тіл боларын қайта зерттеу керектігі ұсынылады.

Конгресс нәтижесінде қабылданған қарар мемлекеттік ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары, ғылымды қоғамдық пікір, ойды дамытуға жауапты өкілетті органдар мен мемлекеттік органдарға жолданып, Тіл білімі институтының сайтына орналастырылды (<https://tbi.kz/congress>). Сонымен, қадірлі оқырман, қолдарыңыздағы ғылыми жинақ бүгінгі күнгі отандық ғылыми-лингвистикалық, ғылыми-филологиялық, түркітанымдық зерттеу нәтижелері тың тұжырымдар, болжамдар мен шешімдер бойынша қызықты ақпарат береді деп сенеміз.

*Анар Фазылжан*

*А.Байтұрсынұлы атындағы*

*Тіл білімі институтының директоры*

# I. АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ – ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ

## З. Базарбаева

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

### ҒЫЛЫММЕН ҰШТАЛҒАН ҒҰМЫР

Қай халықтың болсын ғылымы мен мәдениеті адамзат өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлғаларымен заңғар, ғибраты мол рухани жетістігімен озық саналады. Қазақтың аса көрнекті ғалым қызы, ҰҒА академигі Рәбиға Сыздықтың ғибраты ғылыми шығармашылығы, ұлттық мәдениет қазынасына қосқан қыруар қымбат мұрасы, теңдесі жоқ телегей-теңіз тілшілік қызметі біздің санамызда сондай озық қатардан орын тебетін жасампаз жарқын үлгісімен мәңгі жасай бермек.

Әйгілі ғалым апамызды мен бала күнімнен көріп өстім. Олай болатын себебі, Рәбиға апай менің әке-шешемнің әріптесі әрі сыйлас досы ретінде жақын араласып тұрды. Мектепте оқып жүрген кезімде апайды үйден жиі көретінмін. Ол уақытта әкем (Мүсілім Базарбаев) Әдебиет және өнер институтының директоры болатын. Үй ғалымдар мен қаламгерлерден еш арылмайды. Солардың ортасында жамалы жарқырап Рәбиға апай отырады. Біз, әпкем екеуміз, анамызға көмектесіп, қонақтарға шай тасимыз. Сондағы бала санамызда жатталып қалған бір жәйт, Рәбиға апай өте әдемі болатын. Мейірім нұры төгілген жарқын жүзі кісіні өзіне магниттей тартып тұратын. Әсіресе, бізді, балаларды көргенде көркем бір күйге енеді. Біздің көкірек көзімізге үңіледі. Сабағымызды, не оқып жатқанымызды сұрайды. Мұндай сәттегі ұлағатты ұғынысуды, сүйіспеншілік сезімін сөзбен айтып жеткізу әсте мүмкін емес-ау. Бірде Рәбиға апай Жаңа жылдық мерекеге орай институтта істейтін адамдардың балаларына арнап іс-шара өткізген болатын. Анамның бізді қар қызындай киіндіріп, өз қолымен ақ көйлек тігіп бергені, академия ғимаратының Шевченко жағындағы фойеде шыршаны айнала би билеп, өлең айтып жүргеніміз, Рәбиға апайдың сонда әр балаға кітап сыйлаған сәті әлі күнге көмескі тартпай санамда сайрап тұр.

Кейін Мәскеуден оқу бітіріп келіп, Тіл білімі институтына қызметке орналасқанымда апайды мықты ғалым ретінде тани бастадым. Ғалымның еңбектерін, ғылыми шығармашылығын зерттеп, талдаған бірнеше мақалам жарық көрді.

Академик Р.Сыздықтың замандастары апайдың еңбекқорлығы мен адамгершілігі, парасаттылығы мен рухани тазалығы жайында жиі айтады. Белгілі ақындар, жазушылар, ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері апай туралы әдемі өлеңдер, жақсы дүниелер жазды. Солардың ішінен есімде сақтап қалған бірнешеуіне тоқталар

болсақ: «Ұлттық руханиятымыздың ең биік, ең әсем шынарларының бірі», «халық жүрегіне аса ыстық әйгілі ғалым, мақтанышты азамат», «өнері де жарасқан сұлу жан, қашанда шуақ шашып, шұғыла төгер адал жар», «нағыз ғалым, мәдениеті мен білімі жоғары адам», «ұлттық тіл әлемін шарлаған Рәбиға-ғарышкер деп қалам», «ғалымдар ортасында мәні бөлек, дос-жаран, отбасыда сәні бөлек», «Рәбиға-апай, ғылымның аспанында, хақыңыз бар жұлдыз боп жарқырауға» деп, жылы лебіздер әрмен қарай моншақтай тізіле береді.

Көрнекті ақынымыз Қасым Аманжолов 1946 жылы Рәбиға Ғалиқызына арнап өлең жазғанын біреу білсе, біреу әлі мұндай жыр жолдары барынан хабары болмауы мүмкін.

*«Тіліңіз тәтті, ойыңыз қандай!  
Тыңдадым, ұқтым жан күйіңізді.  
Болар ем күнде бір жасарғандай,  
Көп тұса қазақ дәл сіздей қызды!...»*

Ғажап емес пе! Қасым ақынның жырына арқау болған аруда арман бар ма, сірә?! Біздің заманымыздың көрнекті ғалым-феноменінің ұзақ және жарқын өмірін бақылай отырып, осы сөздер оның бүкіл өмірі мен жұмысының лейтмотиві болып, тұлғаның дұрыс және дәл бағаланғанына тағы бір мәрте көз жеткізеді.

Рәбиға Ғалиқызы Сыздық есімі қазақ мәдениеті мен тарихына, әдебиеті мен тіл біліміне қызығушылық танытқан жандардың жан әлеміне нұрын себелеп тұратын жарық сәуле, ғылымның тұма бұлағына бастап апаратын кең даңғыл. Ол қазақ филологиясының және түркологияның дамуына өлшеусіз үлес қосқан аңыз тұлға. Оның тіл білімі саласына қосқан ғылыми жетістігін айтып тауысу әсте мүмкін емес.

Ғалымның жүріп өткен жолдарына үңілсек, оның балалық және жастық шақтары еліміздің тарихындағы ең қиын кезеңдерге тұспа-тұс келді: әкесі сол кездегі зиялы тұлғалар қатарында репрессияға ұшырады және 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылды. Бұл оқиға туралы Рәбиға апай өзінің естелігінде былай деп жазады: «Жазда, бір күні анамыз Роза екеумізді қаладағы нанға жіберді. Түс кезі болатын. Екеуміз нан алып қорадан кіре берсек, ат арба шығып келе жатыр екен. Алдында көшір отыр, артында 3 адам, екі жағында екі адам, ортасында әкем отыр. Бізді көрді де басын изеді. Сөйткенше болмай, зулатып алып кетті. Үйге кірсек, үйдің іші тас-талқан. Сандық ашылып, ішіндегі киім-кешектің барлығы жерде жатыр. Азын-аулақ кітап-қағаздар бар болатын, олар да жерде жатыр, ыдыс-аяқтар да жерде. Анамыз жылап, бүк түсіп отыр. Хамит ағам сұп-сұр болып үйдің ортасында тұр. «Әкелеріңді ұстап алып кетті», – деді. Сол сәттен бастап үй шаруасындағы барлық қиындық анасының мойнына түседі. Қуғын-сүргіннен қасірет шеккен отбасыдағы балалар ерте есейіп, үлкендер атқаратын істерге буыны қатпай жатып араласады. Он алты жасында Рәбиға Ғалиқызы мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен және басқа да пәндерден сабақ береді. Бір естелігінде алғашқы

педагогикалық жұмысы жайында: «Мен сабақ беремін. Тіл, әдебиет – екеуінен. Мұғалімі болмай, биологиядан да сабақ беріп жүрдім. Ең бірінші барғанда: «Ал балалар енді сендермен бақа, шаян, құрт-құмырсқа жайлы оқимыз», – деппін ғой. Сөйтпін тіпті бермеген сабағым жоқ, зоологиядан да, ботаникадан да беріппін. Сөйтпін сабақ беріп жүріп, кәдімгідей ысылып қалдым, балалар тыңдайтын болды мені», – дейді ғалым.

1945 жылы Абай хәкімнің 100 жылдығына арналған конференцияға қатысу үшін Қазақстанның барлық аймағынан мұғалімдер Алматыда бас қосады. Олардың арасында Рәбиға Ғалиқызы да бар еді. Сол конференция жайында апайдың өзі бүйдейді: «Бір секцияда басқа облыстардан келгендерден кім сөйлейді?, – деді. Қарап отырмай, қол көтердім. Бір есімде қалғаны, оқулықтарда кететін емле қателерінің бар екенін айттым. Сонда жасы орта жастан аса берген бір адам келіп: «Қарағым, қайдан келдің, жақсы сөйледің, дұрыс сөйледің», деді. Сөйтсем бұл кісі академик Исмет Кеңесбаев екен. Келесі бір үзілісте әдемі бір «орыс» келді қасыма. Келді де, тап-таза қазақша: «Өзің бір пысық қыз екенсің, қайдан келдің?», – деді. Бұл кісі – Мәулен Балақаев екен».

Жас және жігерлі қыздың сөйлеген сөзі назардан тыс қалған жоқ. Сол кездегі Қазақ педагогикалық институтын басқарған профессор Ахмеди Ысқақов жалындаған жастың ерекше қабілеті мен тілінің өткірлігін байқап, оны бірден филология факультетінің үшінші курсына шақырады.

Алпысыншы жылдардан бастап Рәбиға Ғалиқызы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында жұмыс істейді. Ол қатысқан ғылыми конференциялардың біріне М.Әуезовтің өзі келеді. Конференцияға қатысушылардың барлығын тыңдағаннан кейін Мұхтар Омарханұлы жас ғалымды сөз сөйлегені үшін мақтайды, оның баяндамасында көтерілген проблема лингвистер мен әдебиеттанушылар үшін маңызды екенін атап өтіп, талантын жоғары бағалайды. М.Әуезовтің кеңесі бойынша Р.Сыздық Абай шығармашылығын лингвистикалық тұрғыдан зерттей бастайды. Ұлы жазушының өсиеті өз жемісін береді. Республикалық ғылыми және қоғамдық ортада жоғары бағаланған «Абай шығармаларының тілі», «Абайдың сөз өрнегі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» сияқты күрделі еңбектер дүниеге келеді.

Абай өлеңдері тілінің синтаксистік ерекшеліктеріне арналған еңбегінде автор «поэзиялық шығармалардың өзіне тән заңдары болады. Бұл заңдар ырғақ, ұйқас, шумақталу, интонациялық-мелодиялық құбылыс тәрізді өлең белгілеріне қарай пайда болады», – дейді. Поэзия тілінің синтаксистік ерекшеліктерін танып-білу үшін автор күрделі синтаксистік тұтастық, шумақ категорияларын, олардың бір-бірімен байланысын, инверсия, ықшамдау, тармақ ұғымдарын жан-жақты талдап, Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын, олардың композициялық құрамы мен өлшем түрлерін анықтап сипаттайды.



Рәбиға Сыздықтың «Сөз сазы» деген еңбегі 1995 жылы екінші рет басылып шықты (бірінші басылымы 1983 жылы жарық көрді). Көмекші құрал ретіндегі жұмыстың негізгі мақсаты – сөйлеу үстінде сөздерді дұрыс дыбыстау заңдылықтарын айқындап, оларды қалың жұртшылыққа, әсіресе жастарға үйрету. Ғалымның айтуынша, «сөз сазы – сөйлеу үстінде (актісінде) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуі. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады», – дейді ғалым. Автор бұл еңбекті «орфоэпиялық анықтағыш» деп атаса да, мұнда теориялық тұжырымдар баршылық және олар қазақ тіл білімінің жаңа бағыты – интонология саласының негізгі мәселелерімен үндесіп, оны әрі қарай дамытуға негізделеді.

Тілдің жазбаша түрі әр қырынан жете зерттеліп, соған байланысты тиісті оқулықтар да жарық көргені мәлім. Ал ауызекі сөйлеу тілін алар болсақ, сөйлеу мәдениетінің білік-танымын кеңейтуге арналған оқулықтар, оқу құралдары әлі де жеткіліксіз. Адамды дұрыс мәнерлеп сөйлету үшін ауызша тілдің заңдылықтарын білу шарт. Ал ауызекі сөйлеу тілінің бірден-бір көрсеткіші – интонация. Тұтынушылардың қатынас құралы ретіндегі суперсегментті фонетика туралы білімдерін қалың жұртшылыққа таныстыру негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Сөйлеуге үйретуде материал ретінде лексикалық және грамматикалық бірліктер жете қолданылса, ал просодикалық элементтерге ерекше назар аударылмаған. Сөйлеу барысында көрініс табатын просодикалық тәсілдердің қызметі сөз ағымында жүзеге асуы ауызекі сөздің әуезділігінде, әсерлілігінде көрінеді.

Р.Сыздық өзінің еңбегінде: «сөзді дыбыстау, яғни дұрыс айту нормалары барлық сәттерде бірдей, ешбір бұлжымайтын нәрсе емес», – дейді. Сөйлесу мәнерінің өзі де біркелкі емес. Оның көтеріңкі, салтанатты үнмен және жай үнмен айтылуы бар. Салтанатты үнде кейбір сөздерді әдейі бөліп айту немесе созып айту, кейде тіпті толық әуенмен айтқандай, әрбір сөзді нақпа-нақтап дыбыстау орын алады.

Автордың құнды тұжырымдамалары сөйлеу интонациясының қағидаларымен сәйкес келеді. Бұл тұста тіл үйренушінің сөйлеу актісін түсінуін дәлелдейтін просодикалық тәсілдердің орны ерекше. Тіл үйренушінің сөйлей білу қабілетін дамытуда суперсегментті фонетика заңдылықтарын меңгерудің маңызы зор.

Ғұлама ғалымның түркі және қазақ тіл білімі саласындағы бірқатар бағыттардағы, ең алдымен, қазақ әдеби тілі тарихының мәселелері бойынша зерттеулері лингвистика ғылымының дамуына қосылған өлшеусіз еңбек болып табылады. Академик Р.Сыздық еңбектерінде қазақ тіл білімінің әр түрлі салалары қамтылған. Көрнекті ғалым-филолог көп жылдар бойы жалпы түркологиялық зерттеулермен, қазақ әдеби тілінің проблемаларымен, сөйлеу мәдениеті, қолданбалы лингвистика және т.б. мәселелермен жан-жақты және байыпты айналысты.

1993 жылы «XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы» монографиясы қайта басылып, толықтырылды. Алпысыншы жылдардан бастап тілші ғалым қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму кезеңдерін зерттеді. Әдеби тілдің мәртебесін айқындау қағидасы туралы ғалымның өзіндік пікірі бар, соған сәйкес XV-XVII ғасырлардағы ақындар мен жыраулардың шығармаларының тілі қашанда әдеби тілдің үлгісі болып табылады. Тарихи ескерткіштерді жан-жақты және кешенді түрде зерделеудің негізінде зерттеуші әдеби тілдің нормативтік негіздерін біріктіру мен дамыту тек жазба түрде емес, ауызша түрде де жүреді деген қорытындыға келеді.

Қазақ әдеби тілінің дамуы мен тарихы мәселелері ғалымның түркологиялық зерттеулерімен тығыз байланысты. Ортағасырлық «Жамиат-тауарих» ескерткіші тілінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне (XVI ғасыр) талдау жасайды. Түркі тілдерінің оғыз және қыпшақ элементтерін салыстыру нәтижесінде зерттеуші жазба ескерткіш қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихи мұрасы екендігін дәлелдейді.

Ғалымның Қожа Ахмет Ясауидің (XII ғасыр) хикмет тіліндегі мәтіндік зерттеулері – ғылыми қызығушылық тудыратын үлкен еңбек. Бұл ретте Р.Сыздықтың шығармашылығы проблемаларды терең зерттеуімен және тілдік деректердің кеңдігімен ерекшеленетінін айта кетуіміз керек.

Әйгілі ғалымның ғылыми-зерттеулерінде сөйлеу мәдениетіне қатысты теориялық және қолданбалы мәселелер маңызды орын алады. Қазақ әдеби тілінің теориясы оның әлеуметтік функциялары мен нормативті процестерінің дамуы тұрғысынан қарастырылады. Ол өз еңбектерінде норма, кодификация, сөйлеу және т.б. сияқты лингвистикалық ұғымдарды терең талдап ашып береді. Тілдік норма мен оның кодификациясының мәселелері, қазақ орфографиясы мен пунктуациясының негізгі ережелері, қазіргі қазақ тілінің лексикографиялық байлығы, стилистика мен шешендік мәселелері көптеген монографияларда, анықтамалық кітаптарында, оқулықтарда және т.б. оқу құралдарда көрініс тауып анықталады.

Қазіргі уақытта қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруде Р.Сыздықтың орфография, орфоэпия жөніндегі еңбектері ерекше өзекті болып саналады. Ғалым апамыз өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтпаған қазақ тілінің орфографиялық ережелері мен анықтамалықтарын жасады. Орфографиялық анықтама – қазақ емле ережелеріне жүгінетін барша қауымның күнделікті жазу бағысында пайдаланатын ең басты құнды құралы.

Тағы бір айта кететін жайт, ғалым апамыз көрнекті ғалымдар, қазақ тілінің негізін салушылар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедовтердің еңбектерін насихаттауға елеулі үлес қосты. Олардың өміріне және еңбек жолына арналған монографиялар, кітаптар, брошюралар мен мақалалар жарық көрді.

Рәбиға апайдың шәкірттері – ғылым докторлары мен кандидаттары танымал мамандарға айналды, университеттерде және еліміздің басқа да ғылыми және мемле-

кеттік мекемелерінде жұмыс істейді. Академик Р.Сыздық ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі үшін «Құрмет», «Парасат» және «Барыс» ордендерімен марапатталды. Мемлекеттік сыйлықтың және Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Ғалымның терең даналығына, еңбекке деген үлкен қабілетіне, кең дүниетанымына, сонымен қатар тіл білімінің тағдырына деген азаматтық ұстанымына үлкен де, кіші де тәнті. Ғибратты тұлға ғылымға ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен руханиятына да баға жетпес үлес қосып кетті.

Ізгі ниеті мен жан дүниесінің сұлулығына қарай ол кісінің жанына әсіресе, жастар жағы көбірек үйіріліп тұратын. Ол қамқор және мейірімді тәлімгер ретінде жас әріптестеріне тек ғылымда ғана емес, күнделікті өмірдің түрлі белестерінде көмек қолын созудан тартынбады. Рәбиға Ғалиқызының үйінен қонақ үзілмейтін, дастарқанынан қазақтың талай зиялысы дәм татты, пісірген тағамдары тіл үйіреді. Күнделікті өмірдегі басты хоббиі спорт болатын. Спорт ойындарын теледидардан қалт жібермей, қадағалап отыратын нағыз жанкүйердің өзі еді, отандық спортшылардың өмірі мен жетістіктерінен хабары бар болатын.

Ендігі кезекте ғұлама ғалымның ғылыми-мәдени мұрасын көз қарашығындай сақтап, кешенді зерттеу жұмыстарын кешіктірмей қолға алуымыз керек. Оның асқан кәсіби шеберлігі, рухани байлығы, жауапкершілігі біз үшін зор мәртебе десек, ал ғылымға кейін келіп қосылып жатқан жастар үшін тағылымы мол жарық мектеп.

**Ж.Туймебаев**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
доктор филологических наук, профессор  
Казахстан*

## **ТРАНСЪЕВРАЗИЙСКИЙ НАРРАТИВ В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ ПЕРСПЕКТИВАХ: ЛЕКСИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ ТЮРКСКИХ И МОНГОЛЬСКИХ ЯЗЫКОВ**

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию происхождения и распространения лексической и структурной общности языков, традиционно включаемых в так называемую алтайскую (или трансъевразийскую) гипотезу: тюркских, монгольских, тунгусо-маньчжурских, корейского и японского. Особое внимание уделено тюрко-монгольским лексическим соответствиям, что обусловлено актуальностью вопроса о генетическом родстве данных языковых групп. Несмотря на долгую историю обсуждений, вопрос о происхождении этих пяти языковых

семей из общего протоалтайского (прототрансевразийского) языка остаётся дискуссионным и вызывает научные споры. Данное направление является также перспективным для научно-исследовательского института Тюркологии и алтаистики КазНУ имени аль-Фараби. Автор надеется, что созданный институт в перспективе развить данное направления и предложить молодому поколению казахстанцев актуальное исследовательское поле в рамках диссертационных и магистерских работ

**Ключевые слова:** алтайская семья, трансевразийский, макросемья, прародина, генетическая общность языков, прототюрки.

**Аңдатпа.** Мақала дәстүрлі алтайлық (немесе трансевразиялық) гипотезаға кіретін: түркі, моңғол, тунгус-маньчжур, корей және жапон тілдерінің лексикалық және құрылымдық ортақтығының шығуы мен таралуын зерттеуге арналған. Түркі-моңғол тіл топтарының лексикалық сәйкестіктеріне генетикалық туыстығы мәселесінің өзектілігі тұрғысынан ерекше көңіл бөлінген. Ұзақ талқылауларға қарамастан, бұл бес тіл топтарының ортақ протоалтайлық (прототрансевразиялық) тілінен шыққаны туралы мәселе әлі де пікірталас пен ғылыми қайшылықтарды тудыруда. Бұл бағыт әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түркология және алтаистика ғылыми-зерттеу институты үшін де келешегі зор. Автор құрылған институт келешекте осы саланы дамытып, қазақстандықтардың жас ұрпағына диссертациялар мен кандидаттық диссертациялар аясында өзекті ғылыми-зерттеу саласын ұсынатынына сенеді.

**Тірек сөздер:** алтай отбасы, трансевразиялық, макроотбасы, ата-мекені, тілдердің генетикалық ортақтығы, прототүркілер.

**Abstract.** The article is devoted to the study of the origin and distribution of the lexical and structural community of languages traditionally included in the so-called Altaic (or Trans-Eurasian) hypothesis: Turkic, Mongolian, Tungusic-Manchurian, Korean and Japanese. Special attention is paid to the Turkic-Mongolian lexical correspondences, which is due to the urgency of the issue of the genetic relationship of these language groups. Despite the long history of discussions, the question of the origin of these five language families from the common Proto-Altaic (Proto-Trans-Eurasian) language remains controversial and causes scientific controversy. This area is also promising for the Scientific Research Institute of Turkology and Altaistics of the al-Farabi Kazakh National University. The author hopes that the created institute will develop these areas in the future and offer the younger generation of Kazakhstanis an up-to-date research field within the framework of dissertations and master's theses.

**Keywords:** Altaic family, Trans-Eurasian, macrofamily, ancestral homeland, genetic community of languages, Proto-Turks.

Современный мир науки столкнулся с невиданным огромным потоком разнообразной информации, в которой молодому ученому порой трудно разбираться и отличить факт от мнений, гипотезы от псевдогипотез, истины и откровенной лжи. Именно поэтому сегодня столь важны научные исследования по древнейшему периоду в особенности, популяризация научных достижений и широкое распространение имеющихся научных достижений, продолжения традиций таких ученых, чьи имена и труды проверены временем. В этой связи в КазНУ имени аль-Фараби создан НИИ тюркологии и алтаистики, одной из задач которого является издание и изучение давно забытых и ставивших библиографической редкостью трудов. Для этого необходимо разобраться в одном из сложных вопросов, связанном с трансевразийской гипотезой, о которой пишут в последнее время все чаще. При этом возникает необходимость выстроить материал в стройную систему, критически осмыслив имеющиеся теоретические постулаты ученых отечественных и зарубежных.

Хочу обратить внимание на то, что во все времена гипотезы дальнего родства языков были и остаются привлекательными и заманчивыми. Они, во-первых, будоражат умы читателей и исследователей некоей тайной, во-вторых, зачастую бывают достаточно понятными и неспециалистам, а последние годы в Интернете и в публикациях на бумагоносителях мы наблюдаем броские, хотя и далеко неверные объяснения различных фактов, явлений, событий. И самое главное, подобные публикации играют на эмоциях тех, кто интересуется этим аспектом, уводя от объективных знаний к псевдопатриотизму, превосходству одного народа над другим и т.д.

В этой связи сегодня особенно важны научные и научно-популярные публикации, основанные на доказательной базе, построенные на осмыслении, обобщениях, научной критике. Обратимся к высказыванию Гахраман Гумбатова, который в статье «Сфальсифицированная проимперская история тюрков» указывал: «Я не удивлюсь, если в ближайшие годы в России появится новый «исследователь», который опираясь на гипотезу С.А. Старостина о дальнем родстве тюрков, корейцев и японцев, начнёт доказывать, что прародина древних тюрков находилась на Корейском полуострове или, например, ... на Хоккайдо» [1]. Именно поэтому уже сейчас нам необходимо восстановить все вехи историко-культурных и языковых контактов различных народов и осуществить анализ, обобщив литературу по исторической прародине древних тюрков, с комплексным описанием вклада тюркских народов в мировую культуру, историю, языки.

Гахраман Гумбатов в своей книге «Историческая прародина тюрков: От Арана до Алтая» [2] один из первых предпринял попытку систематизации большого массива фактического материала и анализа специальной литературы о происхождении древних тюрков. При этом использовал новую методологию, включающую в себя лингвистический, археологический, антропологический, исторический, и этногра-



фический анализ. Это позволило ему установить, что формирование древнетюркской общности произошло на Южном Кавказе в 6-4 тысячелетии до н.э. В настоящее время именно его подход и методология представляются для нас основными для дальнейших исследований, и особенно важными для молодых тюркологов, которым предстоит не только решать в перспективе поставленные задачи, но еще и популяризировать исследуемый материал, оцифровать и сделать доступными во избежание всевозможных фальсификаций. Обратимся теперь к истории исследований, обозначенных в теме нашей статьи.

Постулированная лингвистами-компаративистами ещё в середине XIX века изначальная гомогенность тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языков со временем получила достаточно широкую популярность, «обогадилась» за счёт привлечения в эту общность сначала корейского, а затем ещё и японского языков, и, несмотря на острую дискуссионность, в таком расширенном виде внедрилась в ещё более масштабные лингвистические макросемьи – ностратическую, борейскую, «евразийскую» и т.д., вплоть до общечеловеческой – «адамической». К сожалению, доступные нарративные источники, равно как и археологические, которыми в настоящее время располагает социально-гуманитарная наука, освещают этнолингвокультурную палеоисторию традиционно объединяемых в алтайскую (и шире – трансевразийскую) общность народов весьма поверхностно и неравномерно. Поэтому современные исследователи алтайской проблематики вынуждены работать исключительно данными диахронической лингвистической компаративистики, полученными в результате кропотливого сравнительного историко-генетического анализа лексического материала тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языков. Опыт сравнительного историко-генетического и генеалогического изучения лексического материала алтайских (тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских) языков приводит непредвзятого исследователя к пониманию того, что выявленная поколениями предшествовавших исследователей определённая материальная и структурная близость тюркских и монгольских языков, с одной стороны, и монгольских и тунгусо-маньчжурских языков, с другой, начала складываться не ранее XI века н.э. в результате достаточно длительных и интенсивных контактов сначала огузских тюркских, а с XIII века ещё и древних уйгурских, огузских и кыпчакских племён с монголызычным населением, появившимся на территории северо-восточного сектора Циркумгобийского региона в XI веке. Как указывают исследования тюркологов и алтаистов, тесные взаимоотношения между монгольскими и тунгусо-маньчжурскими племенами восточного сектора Циркумгобийской историко-культурной провинции начались и того позже – после возвышения монголов в XIII веке [3; 4; 5; 6; 7; 8; 9].

На территории северо-восточного сектора Циркумгобийской историко-культурной провинции, в бассейнах верховий Амура, Керулена, Онона, Толы, в первых

веках II тысячелетия н.э. намечается тенденция к интеграции продвинувшихся сюда с востока, с Северо-Маньчжурской равнины, монголоязычных племён с традиционно занимавшими восточный сектор Циркумгобийского региона огурскими тюркскими племенами – с родоплеменными сообществами татар (*otuz tatar* и *toquz tatar* древнетюркских рунописных памятников, дада китайских источников, чьи этнические корни через племена шивэй и сяньбэй восходят к дунху китайских источников, то есть к «восточным огурам»). В дальнейшем, в связи с возвышением монголоязычных племён во времена Чингисхана, огурско-монгольская конфедерация усиливается. К концу XII века в степях Восточной Монголии складывается конгломератная конфедерация монголоязычных и огурских тюркских племён, вошедшая в историю под названием *Yeke Monggol Ulus*. Ядром этого политического племенного союза становится сильная военно-аристократическая верхушка монголов из племени кият-борджигин. В 1206 году на Великом хурале Темучин был провозглашён Чингисханом Великого Монгольского Улуса. Тогда же был сформирован отдельный тумен гвардии Чингисхана, который получил огурское тюркское название *Mong qol* – букв. «большая рука», то есть полк большой руки. У многочисленных монгольских племён тогда ещё не было общего этнического самосознания и самоназвания. С этого момента начинается история этнонима монгол. В глазах окружающих народов монгольские племена по традиции оставались татарами. Отсюда начинается история двойного названия средневековых монголоязычных племён – монголы и татары. После образования Монгольской империи Чингисхана начинается переход татар на монгольский язык, а в монгольском языке появляются многочисленные «татарские», то есть огурские тюркские инфлюации.

Венгерский алтаист А. Рона-Таш в монгольских языках выявил более 1500 лексических единиц огурского происхождения, из них около 100 слов отмечены специфическим булгаро-чувакским ротацизмом и примерно столько же – ламбдацизмом [подробнее об огурско-монгольских этнолингвокультурных взаимоотношениях см.: 1, 2, 3; 4, с. 31–45; 5; 6; 7].

Наши многолетние исследования тюркско-монгольских лексических параллелей, а также труды ученых-тюркологов, указанных в списке литературы, акцентируют внимание на том, что выявленные традиционной алтаистикой общие лексические и структурные элементы объединяемых в алтайскую общность языков имеют конвергентное происхождение и сложились в результате долговременных и интенсивных контактов, взаимных заимствований материальных и структурных элементов из одних языков в другие как в одном, так и в другом направлениях. Общее количество общих конвергентных инноваций в тюркских и монгольских языках исчисляется десятками тысяч единиц.

Обратимся теперь к рассмотрению современного состояния алтаистики с названных позиций и обратим внимание на то, что буквально недавно традиционная

алтайская макросемья языков с лёгкой руки бельгийского лингвиста-компаративиста, специалиста по японскому и корейскому языкам Мартини Ирмы Роббитс (*Martine Irma Robbeets*), была переименована в «трансевразийскую». Сама М. Роббитс [10, с. 586] скромно свидетельствует, что название «трансевразийские языки» было придумано ею совместно с Ларсом Йохансоном и впервые использовано в предисловии к книге «Transeurasian verbal morphology in comparative perspective: genealogy, contact, change» [11, с. 1–2].

Вопрос терминологии наиболее актуальный и важный в свете ближайших перспектив. Анализ имеющихся в нашем распоряжении научных трудов позволил нам установить, что термин «Trans-Eurasian languages» – «транс-евразийские языки» (пока ещё в таком графическом облике) впервые появился в её работе, опубликованной в журнале «Turkic Language» в 2007 году [12, с. 235–278]. В этой связи мы считаем датой введения в научный оборот термина «трансевразийские языки» 2007 год. Вместе с тем, только в 2021 году началось триумфальное шествие нового термина по просторам генеалогического языкознания и палеоистории Центральной Азии. И, как видим, данный термин относится к большой группе географически смежных языков, традиционно известных как «алтайские» и объединяет в качестве изначально генуинных пять языковых семей, в которые входят тюркские, монгольские, тунгусо-маньчжурские, корейский и японский (с рюкюскими идиомами) как обладающие определённым объёмом материальных и структурных совпадений [12, с. 586]. Обоснование правомочности введения в научный оборот нового термина «трансевразийские языки» М. Роббитс и Л. Йохансон нами представлено на Всероссийской конференции с международным участием «Славяно-тюркский мир: история и современность» (24–26 июня, г. Чебоксары), поэтому не будем подробно останавливаться на данном вопросе, который будет раскрыт в статье сборника данной конференции.

Перспективным и актуальным является лингвистический аспект трансевразийской проблемы, что подтверждается новым набором лексических данных из 3 193 комбинаций предположительно родственных лексем из всех пяти языковых семей, которые, согласно утверждению авторов, представляют 254 базовых словарных понятия для 98 трансевразийских языков, включая диалекты и исторически засвидетельствованные идиомы [13, с. 617]. Ещё раньше в пользу гипотезы о гомогенности включаемых в трансевразийскую макросемью языков было представлено 635 прямых языковых реконструкций [14]. К этой базе лингвистических данных М. Роббитс и её коллеги применили байесовские методы для построения филогении и датировки языков [7, с. 617]. Опираясь на эти эмпирические данные, исследователи смогли построить филогенетическое древо, которое показало глубокие, уходящие за 9 181 год до н.э., исторические корни прототрансевразийской общности, которые ведут к

неолитическим земледельцам, возделывавшим просо (*Panicum miliaceum* L.) в бассейне реки Западная Ляо (кит. Силяохэ).

М.Роббитс и её коллеги утверждают, что прото-трансевразийский, протоалтайский, прото-монголо-тунгусский и протояпонский с протокорейским языки отражают небольшое ядро унаследованных от протоязыка слов, относящихся к выращиванию проса, но не риса или других зерновых агрокультур, к обработке и хранению продуктов питания, к дикорастущим представителям флоры, намекающим на оседлость, а также слов, относящихся к изготовлению тканей, разведением domestифицированных свиней и собак как единственных домашних животных на тот период.

В основе трансевразийского нарратива М. Роббитс отчётливо прослеживаются идеи, изложенные С.А. Старостиным в его книге «Алтайская проблема и происхождение японского языка» (1991), а репрезентативный лингвистический материал по алтайским (resp. трансевразийским) языкам в основном почерпнут из «Этимологического словаря алтайских языков» [15]. Праалтайские реконструкции земледельческой лексики, а также наименований сопутствующей утвари почерпнуты из статьи А.В. Дыбо «Мир праалтайцев: *Wörter und Sachen*» [16, с. 36–43]. На это добросовестно ссылается сама М. Роббитс и об этом достаточно подробно охарактеризовала А.В. Дыбо в недавно опубликованном обзоре работ М. Роббитс [17, с. 71–106].

Шанхайская группа исследователей в конечном итоге пришла к заключению, что заслуживающих доверия лингвистических данных недостаточно, чтобы строго разграничивать случайные сходства и контактные инфлюации от общего праязыкового наследия и, следовательно, приведённые в работах М. Роббитс трансевразийские лексические сближения не подтверждают убеждения автора в том, что пять евразийских языковых семей имеют одного общего предка, а расселение дочерних языков-потомков связано с распространением ранних земледельцев, возделывавших просо в бассейне реки Западная Ляо (кит. Силяохэ) по Северо-Восточной Азии [18].

Чжэн Тянь и его коллеги констатируют: «Наше подробное исследование лингвистических данных, которые авторы [13] использовали для своей «триангуляции», подтверждает более раннюю критику (штудий М.Роббитс и трансевразийского нарратива в целом. – Ж.Т.) и показывает, что авторы [13, с. 616–621] игнорируют свои же собственные принципы исторического сравнения лингвистического материала и искажают доказательства в соответствии со своими потребностями» [18].

Заключение с акцентом на исследовательские перспективы. Просмотренные в рамках данной статьи материалы по палеогенетическим исследованиям показывают, что реальное положение дел далеко не так однозначно, как это трактуют современные исследователи. В результате анализа материала и научных трудов по названной проблематике выделены несколько актуальных перспективных направлений тюркологии и алатистики,

связанные с уточнением терминосистемы, анализом фактического материала, предложенного ранее учеными, поиском и введением новых источников и анализом тюркских и монгольских соответствий, рассмотренных нами прежде в более ранних трудах. Сегодня особенно необходимо алтаистику поставить на проверенные временем строго научные рельсы традиционного сравнительно-исторического языкознания, а нам – продолжать рутинные исследования исторических причин формирования давно установленных нашими предшественниками определённых материальных и структурных параллелей между тюркскими и монгольскими, а также между монгольскими и тунгусо-маньчжурскими языками. И только после выявления результатов долговременных и разнонаправленных интенсивных исторических контактов, а также так называемых случайных совпадений можно будет вернуться к вопросу о возможной изначальной гомогенности традиционно объединяемых в алтайскую (шире – трансевразийскую) общность языков. Но уже на другом лексическом материале, который будет выявлен в результате кропотливой работы молодых ученых в фондах рукописи и редких книг, в том числе и хранящихся в нашем фонде Казахского национального университета имени аль-Фараби.

#### Литература:

1. Гахраман Еасиб оглу Гумабетов// Электронный ресурс. Режим доступа: <https://proza.ru/2013/01/16/1085>],
2. Гахраман Еасиб оглу Гумабетов Историческая прародина тюрков: От Арана до Алтая, *Elm i takhsil*, 2012.– 447 с. ISBN 9952817614, 9789952817614
3. Егоров Н. Избранные труды по этнолингвогенезу и этнической истории чувашского народа. Чебоксары: Новое время, 2017. Кн. 1. – 428 с.; Кн. 2. – 440 с.
4. Егоров Н. Избранные труды: Этимология. Этноглоптогенез. Этнолингвокультурология. Астана; Чебоксары: Новое время, 2009. Т. I. – 1016 с.; Т. II. – 848 с.
5. Рона-Таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания. 1974. № 2. – С. 31–45.
6. Туймебаев Ж. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений Астана, 2008. – 371 с.
7. Туймебаев Ж. Казахско-монгольские лексические параллели: Материалы к Этимологическому словарю казахского языка. М.: Русский раритет, 2005. – 560 с.
8. Туймебаев Ж. Проблема аплаутных губных согласных в алтайских языках (Ревизия фонетического закона Рамстедта-Пеллио). М., 2004. – 182 с.
9. Туймебаев Ж. Становление и развитие алтайской теории и алтаистики. Туркестан: МКТУ им. Х.А.Ясави, 2006. – 272 с.
10. Robbees M. The Transeurasian languages // *The Cambridge handbook of areal linguistics*. Cambridge: Cfmbridge University Press, 2017. – P. 586–626.



11. Dybo A.V. New trends in European studies on the Altaic problem // Journal of Language Relationship. Вопросы языкового родства. 2016. Вып. 14. № 2. – С. 71–106
12. Norman J. A new look at Altaic [Rev. of: Etymological Dictionary of the Altaic Languages. 3 volumes; by Sergei Starostin, Anna Dybo, Oleg Mudrak] //Journal of the American Oriental Society. 2009. Vol. 129. № 1. – P. 83–89.
13. Robbeets M. Is Japanese related to Korean, Tungusic, Mongolic, and Turkic? Wiesbaden: Harrassowitz, 2005. – 975 p.
14. Kassian A.S. et al. Permutation test applied to lexical reconstructions partially supports the Altaic Linguistic macrofamily // Evolutionary Human Sciences. 2021. Vol. 3.
15. Rona-Tas A. The Character of the Hungarian-Bulgaro-Turkic relations // Studia Turcologica. Budapest, 1981. Vol. 5. – P. 119–128.
16. Дыбо А. Мир праалтайцев: Wörter und Sachen // Проблемы изучения дальнего родства языков на рубеже III тысячелетия: тезисы и доклады конференции. М.: РГГУ, 2000. – С. 38–48.
17. Щербак А. Тюркско-монгольские языковые связи (к проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания. М.: 1986. № 4. С. 47–59
18. Stachowski M. Turkologische Anmerkungen zum altaischen etymologischen Wörterbuch // Studia Etymologica Cracoviensia. 2005. Vol. 10. – P. 227–246.

**А.Фазылжан**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қазақстан*

**АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ФЕНОМЕНІ:  
ОТАНДЫҚ ТІЛТАНЫМ МЕН ТҮРКІТАНУДЫҢ  
БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада тіл білімі мен түркітану ғылымының көрнекті өкілі, академик Рабиға Сыздықтың феномені тұлғатану параметрлері бойынша танылады. Сонымен қатар Р.Сыздықтың мұрасын жалғастыруды көздейтін отандық тілтанымдық, оның ішінде түркітанушылық зерттеулерді дамытуға қатысты ұсыныстар келтіріледі. Ғалым мұрасы туралы тың қорытындылар, отандық тілтаным мен түркітанудың бүгінгі мен болашағы туралы ойлар қозғалады.

Рәбиға Сыздық абайтану, түркология, лингвопоэтика, әдеби тіл, лингвотекстология, лингвомәдениеттану, лингвокогнитология, лингвостилистика, лингвопрагматика, лексикография, персонология, лингводидактика, лексикология, жазба тіл

мәдениеті, орфоэпия, лингвопублицистика 45 тақырып пен саланы қамтыған 18 іргелі бағытта зерттеулер жүргізген ғалым. Оның ұлттық тілтанымның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі, сондай-ақ түркітану ғылымының дамуына тигізген ықпалы мақалаға арқау болды.

Мақалада ғалымның ғылыми ізденістері мен феномені бүгінгі және болашақ ұрпаққа берер мәні мен маңыздылығы ерекше назарға алынды.

**Тірек сөздер:** Рәбиға Сыздық, тіл білімі, феномен, қазақ тілі, ғылыми ғалым мұрасы, тұлғатану.

**Abstract.** The article examines the phenomenon of Academician Rabiga Syzdyk as a prominent figure in linguistics and Turkology from the perspective of personality studies. Special attention is given to proposals for the development of national linguistic research, including Turkological studies, aimed at continuing the scientific legacy of Rabiga Syzdyk. Emphasis is placed on new conclusions about the scholar's heritage and reflections on the current state and future of national linguistics and Turkology.

Rabiga Syzdyk conducted research in 18 fundamental areas covering 45 topics and fields, including Abay studies, Turkology, linguistic poetics, literary language, linguistic textology, linguistic cultural studies, linguistic cognitive studies, linguistic stylistics, linguistic pragmatics, lexicography, personality studies, linguistic didactics, lexicology, written language culture, orthoepy, and linguistic journalism. The article highlights the scholar's contribution to the formation and development of national linguistics, as well as her impact on the advancement of Turkology.

The significance and importance of Rabiga Syzdyk's scientific research and phenomenon for the present and future generations are also emphasized in the article.

**Keywords:** Rabiga Syzdyk, linguistics, phenomenon, Kazakh language, scientific heritage, personality studies.

**Аннотация.** В статье рассматривается феномен академика Рабиги Сыздык как выдающегося представителя языкознания и тюркологии с позиции персонологии. Особое внимание уделяется предложениям по развитию отечественных языковедческих исследований, в том числе в области тюркологии, направленных на продолжение научного наследия Рабиги Сыздык. Делается акцент на новых выводах о научном наследии учёного, а также на размышлениях о современном состоянии и будущем отечественного языкознания и тюркологии.

Рабиға Сыздық исследовала 18 фундаментальных направлений, охватывающих 45 тем и областей, включая абаеведение, тюркологию, лингвопоэтику, литературный язык, лингвотекстологию, лингвокультурологию, лингвокогнитологию, лингвистилистику, лингвопрагматику, лексикографию, персонологию, лингводидактику, лексикологию, культуру письменной речи, орфоэпию и лингвопублицистику. В статье

подчёркивается вклад учёного в формирование и развитие национального языкознания, а также её влияние на развитие тюркологии.

Особое внимание в статье уделено значению и важности научных изысканий и феномена Рабига Сыздык для современности и будущих поколений.

**Ключевые слова:** Рабига Сыздык, языкознание, феномен, казахский язык, научное наследие, персонология.

Мақалада бір-бірімен байланысты екі мәселе қаралмақ. Біріншісі – академик Рәбиға Сыздык феноменін М.Ярошевский қолданған тұлғатану параметрлері бойынша ашу. Екіншісі – Рәбиға Сыздык мұрасын жалғастыруды көздейтін отандық тілтанымдық, оның ішінде түркітанушылық зерттеулерді дамытуға қатысты ұсыныстар жөнінде болмақ. Әрине, бұларды соңғы зерттеу немесе ұсыныстардың толықтыруды қажет етпейтін жетік тізімі деп айта алмаймыз. Ғалым мұрасы туралы тың қорытындылар, отандық тілтаным мен түркітанудың бүгіні мен болашағы туралы ойлар үздіксіз жетіле береді.

Репрессияланған ғалымдардың тұлғасын персонологиялық аспектіде психологиялық тұрғыдан зерттеген М.Ярошевский (өзі де қудаланып Л.Н.Гумилевпен ГУЛАК-та бірге азап шеккен) ғалымның жеке тұлғасын тану үшін алдымен ғылым психологиясын мынадай 3 аспектіде зерттеу керек дейді:

1. Ғылыми таным психологиясы;
2. Ғылыми қарым-қатынас психологиясы;
3. Зерттеуші тұлғасының параметрлері.

Осылардың үшіншісін М.Ярошевский былай анықтайды: 1) идеялардың даму жолы (идеогенез); 2) бұрыннан белгілі таным жүйесі (категориялды апперцепция); 3) ішкі уәждеме; 4) қарсылас (оппоненттік) орта; 5) дара танымдық стиль; 6) санадан жоғары дүние (*А.Г.Аллахвердян, Г.Ю.Мошкова, А.В.Юревич, М.Г. Ярошевский, 1998*). Академик Рабиға Сыздыкқа қатысты ғылыми таным психологиясы мен ғылыми қарым-қатынас психологиясын болашақта тереңінен зерттеу керектігін алға тарта отырып, қарым-қатынас психологиясының басты шамасы болып табылатын кобиография мәселесіне ғана тоқталып, сонымен бірге жоғарыда көрсетілген зерттеуші тұлғасының алты параметрі бойынша академик феноменін ашуға тырыспақпыз.

Кобиография – тұлғаның өмірімен тағдырлары өрілген, оның қалыптасу, даму кезеңдерінде жолы, идеялары ортақ болған ақылдос серіктерінің, әулет, отбасы мүшелері, кәсіптестерінің өмірбаяндарымен үйлескен түрдегі биографиясы.

Ғылымда, қоғамда орны бар тұлғаны тану оның жеке биографиясын зерттеумен ғана мүмкін емес, айналасындағы өзімен бірге өмір сүріп, тағдырлас болған, араласқұралас, идеялас болған, қызмет атқарған саласында бірге із қалдырған барлық тұлғалардың биографиясымен бірлікте қарастырса ғана оның рөлі ашылады.

Кобиографияда мықты рөл ойнайтын түрткіжайттарға әулет, ата-ана, өз отбасы мен жары, ұстаз, замандас, әріптес, дос-жаран, шәкірттері жатады. Сонымен академик Рәбиға Сыздықтың тұлғасын зерттеуде мына тұлғалардың өмірдеректерін қарастырмайынша, ғалымның образы, қоғамдағы орны, адами қасиеттері толық ашылмайтыны анық: әкесі Сәтіғали Құтқожин, анасы Жеміс, алғашқы жары дипломат Мақаш Сыздықов, екінші жары Халық әртісі, ақын Шахан Мусин, еңбектегі өмірінің бастапқы он жылдығынан басқа кезеңінің бәрінде табан аудармай қызмет атқарған ұжымы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы әріптестері, оның ішінде ұстаздары Абай тілін зерттеуге бағдар берген профессор Мұхтар Әуезов, аға ғалымдар Нығмет Сауранбаев, Исмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ғайнетдин Мұсабаев, Ахмеди Ысқақовтар, замандас ғалымдар Әбдуәли Қайдар, Шора Сарыбаев, Құлмат Өмірәлиев, Ербол Жанпейісов, құрбы-құрдас ғалымдар Қанапия Неталиева мен басқа ғылыми ортаның аралас-құралас ғалымдары Надия Қарашева, Лидия Әуезова, Гүлбараш Байтоғаева, Елизавета Лизунова, Болат Сүлейменова, қырғыз ғалымы Бибинур Оразбаева; Институттың жас ғалымдары мен шәкірттері Нұргелді Уәли, Айман Алдаш, Зейнеп Базарбаева, Ғарифолла Әнес, Аманқос Мектептегі, Бердібай Шалабаев, Гүлғайша Сағидолда, Бибіайша Нұрдәулетова, Қалдыгүл Есенова, Құралай Күдерина, Баян Жұбатова, Айман Қобланова, Орынай Жұбаева және тағы басқалары; идеялас болған сол кездегі қоғамның мәдени өміріндегі беделді тұлғалар, зиялы қауым өкілдері Оралхан Бөкей, Асқар Сүлейменов, Фариза Оңғарсынова, Кәдірбек Сегізбаевтарды және т.б. өмірбаяндарымен бірге қарау, яғни кобиографиясын жасау маңызды.

Ғалым персонологиясының аталған параметрлері бойынша академик Рәбиға Сыздықтың тұлғасына мынадай сипаттама беруге болады.

Идеялардың даму жолы (идеогенез). Ғалым еңбектеріндегі тарихи мәні зор нәтижелерге бастайтын идеялардың пайда болуы, дамуы мен кемелденуі. Бұл ғалым есімінің тарихта сақталуына жол ашады, оны ғылымдағы тұлғалар қатарына қосады. Мұндай идеялар көбіне ғалымның шығармашылық қабілеті, зерттеушілік ізденісі және жаңа ақпаратты қабылдап, оны сараптай білу дағдысымен байланысты болады.

Идеяның пайда болуы ғалымның жеке тәжірибесіне, біліміне және оның ғылыми ортадағы қажеттіліктерді сезіне алуына тәуелді. Ал оның жетілуі үздіксіз зерттеу, талдау, және кейде эксперименттік әдістер арқылы іске асады.

Мұндай идеялар тарихтың бағытын өзгертетін маңызды нәтижелерге әкелуі мүмкін. Олар жаңа теориялар құруға, технологиялық серпілістер жасауға, немесе бұрын шешілмеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Осы арқылы ғалымның есімі тарихтың ғылым саласындағы маңызды тұлғалары қатарында сақталады.

Рәбиға Сыздықтың ғылыми шығармашылығындағы идеялардың амплитудасы өте кең, палитрасы бай. Идеялардың туындауына себепкер болған ең алдымен тәрбие-

ленген ортасы, тарихи оқиғалар. Мәселен, ұлттық тілдегі мағыналары осы заманғы тілде көмескі тартқан ескіліктерді түгендеу идеясының туындауына анасының сөзіндегі бала санасы үшін түсініксіз сөздерді зеректікпен аңғаруы себеп болғанын ғалым өз естеліктерінде шебер суреттейді: «Ғылымда атымды шығару үшін мақсатты түрде әртүрлі бағытта зерттеу жүргізбедім. Ғылымның баурап әкететін қасиеті бар ғой. Құнығып зерттей бастасаң, өз-өзінен түрлі сұрақтар шыға береді. Бір жолы шешем: «Сыйлы қонақтарым келді, еттің жылы-жұмсағын салуым керек», – деді. «Мұндағы жылы-жұмсақ деген қос сөздің жұмсағы түсінікті, ал шикі еттің жылы болуы қалай?» деп ойландым. Сөйтсем, бұл сөздің төркіні – жаулы сөзі екен. Өте ертедегі бабаларымыздың тілінде жау/жағ сөзі «май» деген мағынаны берген. Жау тұлғасының осы мағынасы қазіргі тілімізде көздің жауын алды (көздің майын тауысты) деген сияқты, жаубүйрек (тағам атауы), жаужұмыр (өсімдік атауы) сөздерінде сақталған. Демек, о баста жаулы-жұмсақ деген сөз «майлы әрі жұмсақ» деген мағынада қолданылған. Жау сөзінің «май» мағынасы бірте-бірте ескіріп, ұмыт бола бастаған соң дыбыстық тұрпатын өзгертіп, жылы деген сөзге айналған.

Осылайша қызығып жүріп, бірнеше тақырыпта зерттеулер жүргіздім. Олардың көбі қаржыландырылмады да. Бүгінгі таңда тарихи лексикология бойынша пайдаланылып жүрген «Сөздер сөйлейді» атты еңбегімді жанымның қалауы бойынша жазып шықтым» (Р. Сыздық, 2019). Ал беделді тілдік тұлға тілін лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық, грамматикалық аспектілерде кешенді зерттеу идеясының туындауына Мұхтар Әуезов себепкер болғанын білеміз. Өз естеліктерінде ғалым «Абайға тілін зерттеуге шақырған Мұхтар Әуезов» деп жиі айтатын. Алаш қайраткер-тілтанушыларының мұрасын зерттеу ісіне «халық жауы» деп жазықсыз айыпталып репрессияланған әкесі Сәтіғали Құтқожинге деген бала кезден бергі сағыныш, кішкентайынан іште қалып қойған конфликтілі сезімнің күрмеуін іздеу себеп болды. Ұлтшыл, елшіл, ісіне адал азаматты жазықсыз өлім жазасына кесу, әкеден айырылу, «халық жауының» қызы деген шеттету, жәбірлеу жастайынан ақылды, зерек қазақ қызының намысын қайрады, әділдікті іздеуге, сол жолда әрекет етуге жетеледі, соның жемісі Құдайберген Жұбановтың, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасына арналған еңбектер болды.

Әріптесі Құлмат Өмірәлиевпен бір бөлімде қызметтес, пікірлес болған кезеңінде бала кезден ойында жүрген тіл тарихына деген қызығушылық арта түседі. Бұл қызығушылық әдеби тілдің қалыптасу кезеңі туралы пікірталастарға тартылуға себеп болады. Сөйтіп, қазақ әдеби тілінің тарихы туралы революциялық озық идеяның ғылыми дәлелденуіне жеткізеді: бірнеше іргелі зерттеу жүргізіледі, ЖОО оқулығы жазылады, теориялық ұстаным дәйектеледі, ашылған жаңалық қазақ әдеби тілінің тарихы «жаңа кирил жазу кезеңінен басталады, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қалыптасты» деген бұған дейінгі біржақты пікірді біржолата жоққа шығарады,

ғылыми айналымға «Қазақ әдеби тілінің тарихи тамыры тереңде, ол ауызша тілден, көне дәуірден бастау алады» деген пікірді орнықтырады.

Ғалымның барлық идеяларының туындауы мен жетілу генезисін бір мақала көлемінде қамту мүмкін емес, алайда Рәбиға Сыздыққа арналған болашақта персонологиялық ізденістерде осы бағытта қаралатын мәселе көптігіне назар аудартқымыз келеді. Мәселен, біз ғалымның жарияланымдарын сараптай отырып (Р.Сыздық, 2014), оның қалам тартқан мәселелерін түгендеп көрдік. **Абайтану:** Абай тілінің морфологиясы, Абай тілінің синтаксисі, Абайдың сөз өрнегі; **әдеби тіл:** қазақ әдеби тілінің тарихы, әдеби тіл теориясы, қазақ тілінің тарихы; **түркология:** жазба ескерткіш тілі; **лингвопоэтика;** **лингвотекстология:** жазушы тілі, тілдік тұлғасы, поэзия тілі, ақын тілдік тұлғасы; **лингвомәдениеттану;** **лингвокогнитология;** **лингвостилистика;** **лингвопрагматика;** **лексикография:** авторлық лексикография, тарихи лексикография, этимологиялық лексикография, неологиялық лексикография, аударма лексикография; **персонология:** лингвистикадағы тұлғатану, тілтаным тарихы, ахметтану, міржақыптану, жұбановтану, ясауитану, дулатовтану; **лингводидактика:** қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі; **ғылымды ұйымдастыру;** **ғылыми кадр тәрбиелеу;** **лексикология:** синхронды лексикология, семасиология, ономасиология, диахронды лексикология; **жазба тіл мәдениеті:** тілдік норма, норманың қалыптануы, жазу теориясы, орфография, грамматология, ортология, ортологиялық кодификация, ортологиялық лексикография; **орфоэпия:** ауызша сөз мәдениеті, ауызша сөз теориясы, сөз сазы, просодика, сөзсаптам, сахна сөзі мәдениеті; **лингвопублицистика:** көсемсөз теориясы, көркемсөз теориясы, эколлингвистика – ғалымның қызығушылық диапазоны осындай. Біздің санауымызша, ғалым 45 тақырып пен саланы қамтыған 18 іргелі бағытта зерттеулер жүргізген.

**Бұрыннан белгілі таным жүйесі (категориялды апперцепция).** *Априорлық ғылыми-философиялық категориялар: ғылыми танымның алдыңғы тарихи тип санаттарының торы. Бұрыннан белгілі таным жүйесі, яғни категориялды апперцепция, танымдық үдерісте маңызды рөл атқарады. Бұл ұғым адам санасында бұрыннан қалыптасқан априорлық ғылыми-философиялық категориялар арқылы жаңа ақпаратты қабылдауды сипаттайды.*

*Априорлық категориялар – ғылыми танымның тарихи түрде қалыптасқан алдыңғы типтік санаттарының жиынтығы. Олар жаңа мазмұнды түсіну мен ұғынуда жетекші рөл атқарады. Ғылымда жаңадан танылатын кез келген құбылыс немесе мазмұн осы категориялар торы, призмасы арқылы қабылданып, зерделенеді (интерпретацияланады). Мұндай механизм танымдық үдерістің үздіксіздігі мен жүйелілігін қамтамасыз етіп, жаңа білімді игеру мен оны ғылыми жүйеге енгізуді жеңілдетеді.*

*Бұл тәсіл ғылыми ойлау жүйесінің тарихи негізделген құрылымына сүйенетіндігін және жаңа ақпаратты қабылдаудағы мәдени-танымдық тәжірибенің маңыздылығын көрсетеді. Қарапайым тілмен айтқанда, категориялды апперцепция* Рәбиға Сыздық дүниеге келген заманда бар болған ғылыми-философиялық категориялар. Бұларға ғалымның бала кезінен білген дәстүрлі ұлттық, жалпыхалықтық білімдер жүйесі, сол кездегі бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесі, дүнияуи білімдері, діни білімдері, орыс жазушыларының танымал шығармалары, Абайдың мұрасы, Ыбырай және орыс миссионерлері мен зиялыларының ағартушылық идеялары, XX ғасырдың басындағы Еуропадағы және Ресейдегі ғылыми ілімдер, түркі дүниесіне ортақ білімдер, жасырын болса да, есітіліп қалатын, ел ішінде ізі қалған Алаш идеясы.

***Ішкі уәждеме.** Бұл шама – тұлғаның ақиқатты іздеуге деген сүйіспеншілігін, ғылымға деген ұмтылысын және зерттеулер жүргізуге уәж болатын құндылықтар жүйесін білдіреді. Ол адамның танымдық қызығушылығы мен зияткерлік ізденісі негізінде жатқан рухани-этикалық бағдарын қамтиды.*

*Мұндай құндылықтар жүйесі ғылыммен шұғылданудың мәнін терең түсінуден, шындықты ашуға деген ықыластан, жаңа білімге ұмтылудан және осы жолда табандылық танытудан көрініс табады. Бұл – тұлғаны ғылым жолында ілгерілететін, оның зерттеушілік қызметін мағыналы ететін маңызды ішкі күш.*

Кез келген ғалымды ғылыммен айналысуға итермелейтін уәж болады. Материалдық мүдде де уәж болады. Ал, біздің білуімізше, Рәбиға Сыздықтың ішкі уәжі ең алдымен әке аманаты, халқын сүю, тілін сүю, саяси жүйе ақтамаған әкенің адал атын өз еңбегімен ақтап шығу болды. Ғалым екеуара әңгімеде «әй, кәпір» атанбауды берік ұстанатынын жиі айтатын, ондағысы ғалым болу тек зияткерлікті емес, сонымен бірге ахлақты биік қою, адамшылықты естен шығармау дегенді білдіретінін түсіндіріп жүретін.

***Қарсылас орта.** Ғалымның шығармашылық жолында қарсылық көрсеткен орта мен оппоненттері оның ғылыми идеяларының қалыптасуы мен таралуында үлкен рөл атқарады. Әдетте, мұндай оппоненттер нақты тұлғалардан тұрады, алайда Рәбиға Сыздық жағдайында бұл ұғымды жеке адамдармен бірге тұтас тоталитарлық жүйе ретінде қарастырған дұрыс.*

Адам бойындағы кез келген жақсы қасиет қарсылық көрсеткен оппоненттердің де арқасы деген тұжырым терең мәнге ие. Оппонент сыны мен қарсылығы ғалымның жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына ықпал етіп, оның ұстанымдарын анықтап, өз ұстанымдарын дәлелдеуге, жетілдіруге итермелейді.

Ғалымның өмір жолындағы оппоненттерін зерттеу келешектің ісі болғанымен, олардың идеялық және әлеуметтік тұрғыдан қандай бағытта болғанын түсіну қиын емес. Рәбиға Сыздықтың шығармашылық жолында әсіреуропашылдық пен кеңестік

әсіретенгермешілікті жақтайтындар, «халық жауының ұрпағы» деген клишені тараушылар оппоненттік ортаны құрады. Сондай-ақ ғылыми ұстанымына қарай ғалым әсірепуристік (тілді таза сақтауға шамадан тыс ұмтылу) және әсіреинтернационалистік бағыттағыларға да оппонент болды деуге болады.

Ғалым осы екі шектен де алшақ тұра отырып, ғылымда алтын ортаны ұстанған зерттеуші ретінде ерекшеленді. Ол тілдің тарихи тереңдігін ескере отырып, тілдегі ұлттық болмысты заманға лайық үдерістерге үйлестіре сақтауды қолдады, сонымен қатар жаңа заман талаптарына сай тілдегі ескіліктерді бейімдеу қажеттілігін де мойындады. Оның еңбектері қазақ тілін ғылыми тұрғыда зерделеуде тепе-теңдік үлгісін көрсетіп, ұлт пен мәдениеттің мүддесін жоғары қоя білетін ғалым бейнесін айқын ашып береді (Р. Сыздық, 2014)

*Дара танымдық стиль ғалымның ойлау желісі, әдістері, таным ерекшелігін көрсетеді.* Бұл параметр бойынша Рәбиға Сыздыққа қатысты ізденістер алда жүргізілуі әбден керек деп ойлаймыз, себебі ғалымның ойлау желісі, зерттеу әдістері мен ақиқат дүниенің объектісін ғылыми танудағы өзіндік ерекше амал-тәсілдері қазақ персонологиясында бүгінгі күнге дейін толық қарастырылып бітпеген мәселе. Аталған проблеманың алғашқы зерттеулерін профессор Н.Уәли, А.Алдаш, Қ.Есенова, Қ.Күдеринаның т.б. шәкірт-ғалымдардың ғылыми мақалаларынан көруге болады (Н.Уәлиев, 2004; А.Алдашева, 2004; Қ.Күдерина, 2009). Біздің ойымызша, академик Р.Сыздықтың дара стилінің өзегі «тілдің дамуға, бар болуға негізі оның тамырында жатыр» деген концепция болып табылады. Ол – кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде ауқымды шығармашылық өнім берген ғалым. Ғалымның еңбектері Кеңестік идеологияның орыстандыру саясатына қарсы ұлттық ғылымның, ұлттық тілдің иммунитет жүйесінің мықты тірегі болды. Ғалым ұлттық тілдің орыстандыру саясатына қарсы тұру тетігін оның тамырынан іздеуді дұрыс деп ұйғарды. Сөйтіп, тілдің тарихымен айналысты. Тарихи қабаттардан сөз маржанын терді. Ол жалпыадамзаттық ойды дамытқан мұра жасаушы тұлғалары бар тіл өмір сүруге құқығы бар деп, қазақ тілінің тарихи кезеңдерін зерттеумен қатар сол кезеңдердегі беделді тілдің тұлғалардың, ұлт көсбасшыларының тілін зерттеуді жолға қойды. Сөйтіп, лингвистика, лингвопоэтика, сөз мәдениеті, мәтін лингвистикасы сияқты ғылыми бағыттарды дамытуға үлес қосатын теориялық тұжырымдар жасады.

Рәбиға Сыздық өзі зерттеген тіл мәдениеті, стилистика, лингвопоэтика, тіл тазалығы, қазақ тілінің ортологиялық кодификациясы, тіл тарихы, тілдегі ескіліктер мен жаңалықтар мәселелері бойынша анықтағын білімдерін үнемі пайдалана отырып, зерттеушілік базасын кеңейтіп, әдістемелік қорын жақсартып отырды, сөйтіп ғалымның дара танымдық стилі дегенде мынадай ерекшеліктерді айтуға болады:

- кез келен қорытынды, тұжырымды тілдік фактілермен дәлелдеп көрсету;
- бірді-екілі қолданыстарды тілдік фактілер ретінде қараудан аулақ болу;



- тілдік фактілер деп ауқымды тілдік базадан анықталған құбылыс, деректерді ғана анықтау;

- кез келген тілдік фактіні анықтау жолында ауқымды эмпирикалық материал жинап, оны ғылыми ой, талдау елегінен өткізу, іргелі зерттеудің осы басты көрсеткішін барлық ізденісінде берік ұстану;

- тілдегі құбылыстың неологизм (кең мағынада) екенін дәлелдеу үшін сол құбылыстың тілдің тарихи жағынан алдыңғы уақыттық кеңістіктегі кесіндісінде болмағанын көрсететін тарихи-салыстырмалы, әдетте түркі тілдері материалымен салыстырмалы зерттеулер жасап отыру;

- тілдегі жаңа құбылыстардың орнығу себептерін түсіндіруде әдетте беделді, көпшілікке танымал, көпшілік санасына әсері жоғары дегдар тілдік тұлға материалына көбірек жүгіну;

- мәтін құрылысында, тілінде, таңдалған синтаксистік құрылымы мен жалпы композициялық бөліктерін ұйымдастыруда, қолданған стильдік құралдары мен тілдік бірліктерінде, терминдік кеңістігінде үнемі оқырманды ойлап отыруды басты ұстаным қылу, яғни ғылыми стильдің талаптарын сақтай отырып, оқырманның қабылдау деңгейі әртүрлі болатынына қарай түрлі амалдар арқылы мәтінінің түсініктілік деңгейін көтеру, сол арқылы аудиториясын кеңейту. Мысалы, жаңа терминді қолданған болса, жақшаға түсіндірмесін беру, тың әдебиетке сілтеме жасаса, оның қысқаша мазмұнын қосымша сілтемемен түсіндіріп кету, өз тарапынан терминдік атау ұсынса, жанына оның басқа халықаралық тілдердегі баламасын көрсетіп кету, т.б. осы сияқты лингвопрагматикалық тәсілдерді жүйелі қолдану;

- өзге ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне құрметпен қарау, сілтеме жасау мәдениетінің жоғарылығы;

- ғылыми этикетті жоғары қою, оппоненттік пікірмен жұмыс істеу әдебі шыңдалғаны әр еңбегінен айқын байқалады: оппонент пікірінің оң жағын міндетті түрде көрсетіп кету, келіспейтін тұстарына нақты дәйекті тілдік фактілермен дәлел келтіру;

- зерттеушілік қызығушылығын қоғам сұранысына бағыттап отыру, қоғам пайдасына, игілігіне, ізгілік идеялардың өміршеңдігі жолына бар ғылыми-зияткерлік қайратын, өмірін арнау: қазақ тілінің тамыры терең ұлттық тіл болып қалыптасу жолын, басынан өткерген кезеңдерінің портреттерін түгендеу, модификациялық әлеуетін ашып көрсету, мемлекеттік тіл мәртебесіне лингвистикалық параметрлері жағынан да, тарихи тәжірибесі жағынан толыққанды жауап бере алатын әлеуетін делелдеп көрсету сияқты мәселелер академик Р.Сыздық зерттеу тақырыптарының басын біріктіретін өзекті идея болды;

- ғылымды тек ғылыми ортаның игілігі ғана емес, сонымен бірге қалың бұқараға да тиесілі, түсінікті болуы тиіс қоғамдық қатынастың күрделі формасы деп түсіну, сол жолда қызмет ету: барлық зерттеу нәтижелерін қарапайым оқырманға түсінікті

түрдегі форматқа салып, БАҚ арқылы қазақтілді қауымдастықпен коммуникация жасап отыру, сол арқылы өзі өмір сүрген қоғамның тілтанымдық, ғылыми санасының көтерілуіне септігін тигізу, т.б.

*Бұл тізім болашақтағы осы бағыттағы зерттеулер негізінде де толығы түседі деп ойлаймыз.*

*Санадан жоғары жүйе. Зияткерлік-уәждемелік шығармашылық белсенділіктің шартты түрде алған формасы, ол арқылы субъект білім нысанын дамытуда осы нысанды жетілдірудің бұрын-соңды болмаған әртүрлі жобаларын жасайды.*

«Санадан жоғары жүйе» ұғымы кейбір зерттеулерде «жоғары сана» немесе «суперсана» деп те аталып жүр. Біздің мақалада – адамның күнделікті қалыпты ойлау шегінен әлдеқайда тереңірек немесе жоғарырақ деңгейде жүретін психикалық үдерістерді сипаттайтын ұғым. Ол – зияткерлік-уәждемелік шығармашылық белсенділіктің бір формасы. Бұл жүйе арқылы ғалым өзі зерттеп жатқан нысанын бұрын-соңды болмаған жаңа қырынан көруге және жетілдіруге арналған тың ізденіс жүргізеді, идеялар тудырады. Санадан жоғары жүйені қалыптастыратын түрткіжайттарға еркін қиял (импровизация), шабыт көздерін іздеу, бейсана жүретін ойталқы, сондай-ақ адамның өмірлік тәжірибесі, танымдық көкжиегі, эмоционалдық көңіл-күйі, құндылықтар жүйесі секілді ішкі факторлар да жатады. Сонымен, санадан жоғары жүйе – адамның әдеттегі санасына тән шектеулерден асып, зияткерлік те, рухани тұрғыдан да терең шығармашылық ізденіс жасайтын психикалық тетік. Ол ғалымның зерттеу нысанын жетілдірудегі ерекше, тың жобаларды дүниеге әкеліп, қоғам дамуына тың серпіліс беруіне жетелейді. Мұндай жүйенің әрекеті ғылым, өнер, инновация, жалпы шығармашылық салада алдыңғы қатарлы идеялардың өмірге келуіне негіз бола алады.

Бұл мәселе шетелдік ғылымда нақты зерттелді, отандық ғылымда дәл осылай аталмағанымен, жанама түрде немесе басқаша атаумен қарастырылды. Мәселен, психосинтез бағытының негізін қалаған **Роберто Ассаджоли** «Higher Unconscious» (Жоғары бейсаналылық) және «Superconscious» (Суперсана) ұғымдарын енгізді. Ол адамның рухани өсуін, шығармашылық әлеуетін ашудың негізі – жоғары сана немесе суперсана арқылы келетінін көрсеткен (Roberto Assagioli, 1965). **Карл Густав Юнг** «Архетиптер және ұжымдық бейсаналылық» (The Archetypes and the Collective Unconscious) атты еңбегінде адамның жеке бейсаналылығынан (жеке санасынан) тыс орналасатын терең қабаттар барын айтады. Сол қабаттардың бір қыры – шығармашылыққа, инсайт пен интуицияға негіз болатын «жоғары» немесе «терең» психикалық құрылымдар дейді (C.G. Jung, 1959; C.G. Jung, 1933). **Абрахам Маслоудың** «өзін-өзі жетілдіру» (self-actualization) тұжырымдасы бойынша жоғары деңгейдегі рухани-шығармашылық күйге басымдық берген тұлға «тәжірибе шыңы» (peak experience) арқылы «жоғары санаға» жақындайтынын атап өтеді (A.H. Maslow, 1968; A.H. Maslow,

1971). Трансперсоналдықты зерттеген психологтың бірі Кен Уилбер адам санасының бірнеше деңгейін (spektrum) атап, оның ішінде «жаңа сапалы рухани деңгей», «жоғары сана» тәрізді сатының бар екен көрсетеді (K.Wilber, 1977; K. Wilber, 1980). Ал Михай Чиксентмихайи өзі «ағын» (flow) деп атаған психикалық күйді адамның ішкі шабытының жоғары шоғырлану күйі түрінде сипаттайды. Мұны да белгілі бір деңгейдегі «санадан жоғары» күйдің бір көрінісі ретінде қарастыруға болады деп санаймыз, себебі мұнда адам күнделікті рационалдық және талдама ойдың шекарасынан асып, толығымен шығармашылық әрекетке «сүңгіп кетеді» (M.Csikszentmihalyi, 1990). Жоғарыда көрсетілген еңбектерде «санадан жоғары жүйе» (суперсана, жоғары бейсаналық, трансценденталдық сана, рухани сана, т.б.) туралы толықтай немесе жанама түрде айтылады, әр автордың өз термині мен тұжырымдық ерекшелігі бар болғанымен, барлығы адамның ішкі психикасында «күнделікті сана» мен «бейсаналы» қабаттан тыс бұрын-соңды болмаған идеяларды туындататын немесе шынайы шығармашылық күйге жеткізетін «жоғарырақ» деңгейдің, яғни, М.Ярошевскийше айтқанда, санадан жоғары жүйенің бар екенін атап өтеді.

Қазақ ғылымында, психология, философия, педагогика, персонология салаларында бұл мәселе дәл осылай «санадан жоғары жүйе» атауымен жеке бағытта арнайы, кешенді зерттелмегенмен, осы атау беріп тұрған ұғым зерттеу нысанына көне дәуірден бері алынып келді. Адамның рухани-шығармашылық әлеуетін, ішкі психикалық үдерістердің жоғары деңгейін қарастыратын еңбектер баршылық. Көп жағдайда бұл ұғым «рухани даму», «кемелдену», «интуиция», «көкіреккөз», «шығармашылық психологиясы», «кұндылықтық бағдар» сияқты атаулар арқылы берілді. Мәселен, әл-Фараби «Ізгілікті қала тұрғындары» (Он томдық шығармалар жинағы Әл-Фараби, 2007), «Бақытқа жол сілтеу», «Бақытқа жету туралы кітап» (әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар, 1975) сынды трактаттарында адамның ең биік мақсаты – рухани жетілу мен ақылдың (сана) жоғары сатыға көтерілу деп көрсетеді. Оның еңбектерінде адам бойындағы танымдық қабілеттің тереңдеуі, рухани «інжу-маржанға» (зияткерлік және рухани биіктікке) жетудің шарттары талданады. Әл-Фараби адам санасы ізденіс арқылы үздіксіз дамып, шығармашылық пен пайымның жаңа сатысына көтеріледі деген ойды айтады. Тілдік әлемі Академик Рәбиға Сыздықтың зерттеу нысаны болған философ Ахмет Ясауи «ішкі» рухани трансформация, Хақиқатқа жету жолдарын сопылық дүниетаным негізінде қарастырады. «Диуани хикмет» еңбегінде (Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет, 2010) пенденің рухани кемелденуінде жүрек көзі (ар-ождан, иман) ашылып, адам Аллаға жақындаған сайын өз бойынан бұрынғы «шектеулі сана» аясынан шығып, өзгеше танымдық деңгейге өтеді деген идеялар бар. Мұны Рәбиға Сыздық та байқап, өз зерттеуінде талдайды. Қазақ ойшылдарында санадан жоғары жүйе ұғымының ажырамас компонентіне діни санадағы рухани құндылықтар алынып отырады, мәселен, Абайдың «Толық адам» концепциясы бойынша

«Жетінші қара сөзінде» адам бойындағы Жаратушыдан берілген ақыл мен жүректің үндесуі туралы айтылады (Д. Омаров, 2007). Бұл үндестік адамды жаңа рухани дәрежеге шығарады, яғни қарапайым сана шегінен «асатын» таным мүмкіндігіне жол ашады. Сол сияқты Шәкәрімнің «Үш анық» трактатында (Үш анық / ҚазССР, 1991) «жан», «рух», «таза ақыл» туралы ойлар айтылып, адамның ішкі түйсігі мен ар-ождан-ның жетілдіру арқылы ақиқатқа жақындай түсуге болатыны жазылған. Мұнда адамның «көзі ашылған» (жанның оянуы) сәттерін бүгінгі «инсайт», «жоғары сананың ашылуы» ұғымдарымен астастыруға болады. Сонымен ертеректегі қазақ ойшылдары еңбектерінде қазіргі психологиядағы танымал «суперсана», «санадан жоғары жүйе» ұғымдары тікелей дәл солай аталмағанымен, идея тұрғысынан жақын, тіпті кеңірек қаралған деуге болады. **А. Нысанбаев, Ғ. Есім, Д. Раев** және т.б. отандық философтар мен мәдениеттанушылар өз еңбектерінде (Егемен Қазақстан, 2004) тұлғаның дүниені пайымдау деңгейлерін руханият, ұлттық таным, адамгершілік, діл мәселелерімен байланыстыра қарайды. **Ғарифолла Есім** «*Абай хәкім*», «*Абайдың рухани әлемі*» еңбектерінде Абай танымындағы жүрек, ақыл, рух ұғымдарын жүйелеп, адамның рухани зердесі туралы пайымдарын талдайды (Ғ.Есім, 2013). Мұнда рухани биіктік жоғары санаға ұқсас құбылыс ретінде түсіндіріледі.

Сонымен, санадан жоғары жүйе осының алдындағы ғалым тұлғасын психологиялық аспектіде бағалау параметрінің бірі болып табылатын «дара танымдық стилдің» жемісі болады. Дара танымдық стилі жоқ ғалымда санадан жоғары дүние де қалыптаспайды. Санадан жоғары жүйе зияткерлік-уәждемелік шығармашылық белсенділіктің шартты түрде алған формасы, ол арқылы субъект зерттеу нысанын дамытуда осы нысанды жетілдірудің бұрын-соңды болмаған әртүрлі жобаларын жасайды десек, осы тұрғыдан академик Рәбиға Сыздықты былай бағалауға болады: ол Кеңестік сұрқай мәдениетке үйлеспейтін өзіндік бет-бейнесі бар уникалды дүниелік ретінде өз ұлтының мәдениетін жоғары қою, сол мәдениетті әмбебап түрде көрсететін жалғыз құралы – тілін зерттеу, сақтау идеясын бәрінен биік қойды, «халқымен үздіксіз коммуникацияда болатын тілтанушы» және «ұжымдық ізгі сана иесі әрі соны өзі өмір сүрген қоғамда қалыптастырушылардың бірі» деген сәтті кейстің иесі.

Осы мақалада көтеріліп отырған мәселенің екіншісіне, яғни Рәбиға Сыздық мұрасын жалғастыру үшін отандық тілтанымды, оның ішінде түркітанудағы зерттеулерді дамытуға қатысты ұсыныстарға тоқталғанда, мыналарға назар аударған абзал.

«Отандық тілтанымның бүгіні, бүгіндегі біз» деген мәселе туралы айтқанда, қазіргі қазақ тілінің ахуалын мықтап ескеру керек. Қазір қазақ тілі қандай халде? Әлемдегі тіл-тілдің ахуалын сипаттап, жағдайын тіркеп отыратын «Ethnologue» сайтының көрсетуінше (<https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>), қазақ тілі 1996 жылы 8 миллион сөйлермені бар, әлемдегі иелмені көп алғашқы жүздіктің ішінде 93-інші орында тұрған тіл болған. 2021 жылғы дерек бойынша 93-тен

89-ыншы орынға көтерілді. Салыстыру үшін әзербайжан тілі (82 орын), өзбек тілі (54 орын), түрік тілі (20 орын). Алғашқы сөйлермені көп жүздіктің ішінде, яғни қазақ тілі алға қарай жылжып келе жатыр. Сонымен бірге қазақ тілі алдыңғы қатарлы 70 тілдің, дамыған 600 тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие болған 259 тілдің бірі болып тұр. Бұл статистикалық деректегі деңгейден төмендемей, керісінше тілімізді алға ілгерілету үшін тек демографияға сеніп қалу өзін ақтамайды. Осыны қалай үдетеміз? Ол үшін тілтанымдық зерттеулерді тілге төнген қауіптерді анықтап, солардан сақтанудың жолдарын табуға қатысты арналарға бағыттау керек деп санаймыз. Бүгінгі қазақ тілі:

- ұлттық тіл;
- мемлекеттік тіл;
- Қазақстанда этносаралық қатынас тілі;
- еуразиялық экономикалық одақ: халықаралық қатынас тілі;
- автохтонды тіл (қазақ мәдени кеңістігінің тілі).
- мемлекеттік тіл болу тарихи тәжірибесі мол тіл;
- ішкі әлеуеті күшті жас тіл;
- әдеби үлгісі қалыптасқан, стильдері сараланған тіл;
- Қазақстанның барлық аумағына бірдей таралған тіл

бола тұрса да, барлық тілдерге бірдей төнген жаһандық дәуір қауіптерінен қорғаулы тіл емес. Аталған қауіптердің ішінде, сарапшылардың пікіріне сүйене отырып, қазақ тілі үшін салдары қиыны деп үшеуін көрсетуге болады:

1. Ұрпақаралық тілдік трансмиссияның әлсіреуі. Бір қазақ отбасында әртүрлі тілде сөйлейтін ұрпақ өмір сүре бастады.

2. Тілдің калькалануының етек жаюы. Бұл жаһанияттағы ағылшын тілінің экспансиясына ұшыраған барлық тілдердің сырқаты болғанымен, қазақ тілі үшін кері әсері көбірек, себебі тілдік экспансияның екі объектісі ағылшын және орыс тілдерінің әсері бар.

3. Қазақ тілінің постиндустриалдық қоғам талаптарына сәйкес жаңғыруының баяу өтуі.

Осы қауіптердің алдын алу үшін не істемек керек, бүгінгі Тіл білімі институты не істеп жатыр деген сауалға жауап бермес бұрын Институттың қазіргі кезеңге алға тартқан миссиясы мен іргелі және қолданбалы зерттеулерінің бағытына тоқталып кету абзал. Институт миссиясы:

- қазақ тіл ғылымын, түркітануды дамыту;
  - қазақ тілі модернизациясының, лингвистикалық базасының, мемлекеттік тіл саясатының ғылыми негіздерін жасау.
  - ұлттық сөздік қорды үздіксіз жинау, сақтау, толықтыру, жүйелеу, стандарттау.
- Бұрынғы кезде ол қағаз нұсқада жүзеге асты: Институт қорындағы картотекалық

база 4 жарым миллион карточкадан тұрады. Бүгін бәрі цифрлық форматқа көшірілді – картотекалық қор сайтқа түсті. Ал сөздік қор қазақ тілінің ұлттық корпусы негізінде жинақталып, жүйеленіп толығып жатыр;

• қоғамның тілтанымдық мәдениетін көтеру – бұл жолда Институт ғалымдары академик Рабиға Сыздықтың қалыптастырған үлгісімен үнемі БАҚ арқылы ғылыми жетістіктерін қоғамға насихаттау жұмысын атқарып келеді.

Институт қызметінің қазіргі кездегі негізгі бағыттары:

- корпустық лингвистика;
- лингвокогнитивтік-лингвомәдениеттанымдық зерттеулер;
- әлеуметтік тілтаным;
- коммуникативтік-прагматикалық зерттеулер;
- құрылымдық-функционалды;
- тарихи-салыстырмалы.

Институт өз миссияларын аталған бағыттар бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу арқылы орындап отыр, зерттеу нәтижелері тек монография, сөздік, яғни қағаз кітап түрінде ғана шығып жатқан жоқ, сонымен бірге олардың нәтижелерінің барлығы дерлік Қазақ тілінің ұлттық корпусы сияқты төмендегідей бірнеше тілтанымдық ресурсты жасауда пайдаланылып, сала мамандары, филолог, тілтанушыларға да, қарапайым тіл иелменіне де бірдей түсінікті форматқа түсіріліп, халық игілігіне цифрлық өнімдер арқылы ұсынылып отыр:

- [www.tbi.kz](http://www.tbi.kz) (Институт ресми сайты);
- [www.qazcorpus.kz](http://www.qazcorpus.kz) (Қазақ тілінің ұлттық корпусы);
- [www.ahmettanu.kz](http://www.ahmettanu.kz) (Ахмет Байтұрсынұлының мұрасына арналған ғылымтанымдық ресурс);
- [www.tbikartoteka.kz](http://www.tbikartoteka.kz) (Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 1940 жылдан бері жинаған әрбір сөздің контексті жазылған қимақағаз – картотека қоры);
- [www.tbikitar.kz](http://www.tbikitar.kz) (Институт зертхана қорындағы ғылыми әдебиет);
- [www.soztekser.kz](http://www.soztekser.kz) (қазақ сөзін орфографиялық тұрғыдан тексеретін сайт);
- [www.tiltanym.kz](http://www.tiltanym.kz) («Tiltanym» ғылыми лингвистикалық онлайн журналы);
- [www.tbisozdik.kz](http://www.tbisozdik.kz) (алуан түрлі параметр бойынша сөзге анықтама, ақпарат беретін лексикографиялық ресурс, әмбебап электрондық сөздік жүйесі).

Сонымен бірге Институт осы жылы психолингвистика бөлімін ашты, сана мен тілдің қатынасын зерттеу қолға алынды (Тіл және сана, 2022); 2021 жылы социолингвистика бөлімі құрылды, қоғам мен тілдің арақатынасы туралы зерттеулер көбейді (Тіл және қоғам алаңы, 2021-2023), бүгінде қалалану үдерісінің қазақ тілінің дамуына әсері қарастырылып жатыр; 2021 жылдан бері лингвоэкономика бағытындағы ізденістер басталды – экономиканы дамыту құралы, экономиканың қозғаушы

күші ретіндегі тілдің әлеуеті қарастырылып жатыр, шынымен де осы постулатты дәлелдейтін факторлар бар екен (А.Пиязбаева, А.Фазылжанова, 2023), Алтын орда дәуіріндегі тарихи жазба есткертiштер тiлi тың тiлтанымдық бiлiмдер тұрғысынан зерттелiп, сөздігі, аудармасы, транскрипциясы жасалды (Г.Мамырбек, 2024)

Осы айтылғандар негiзiнде түркітанушылық зерттеулердiң жоқтың қасы екенi байқалады, жасыратыны жоқ, кеңестiк кезеңнен берi бiршама кенжелеп қалған отандық тiлтанымдық түркітанудың болашағы қатты алаңдатады. Бұлай iстемеу, бұған алаңдамау академик Рәбиға Сыздық мұрасына, өнегесiне адал болмаудың белгiсi болар едi. Сондықтан Институт академик Рәбиға Сыздықтың 100 жылдығына арналған конгресс тақырыбында түркітануды үлкен арна ретiнде алып, конгрестiң бiр мақсаты ретiнде белгiледi.

Бiз түркітануды дамытуды концептуалды тұрғыдан адамзаттың мәдени кеңiстiгi тұрғысынан қарауды ұсынбақпыз. Бiрiншiсi кеңiстiк – мәдениет, мәдениеттi жасайтын этностар. Екiншiсi – өркениет, өркениеттi жасайтын этностардың үлкен қауымдастықтары. Үшiншiсi – жаһаният, жаһандану дәуiрiндегi құрмаласқан қоғам. Осы тұрғыдан түркология қалай даму керек? Қазiргi түркітануды мәдениеттiк, өркениеттiк, жаһанияттық тұрғыдан дамып отырған салалардың үлгiсiмен әрi қарай қалай дамытамыз деген мәселенi ойластыру керек деп санаймыз. Бұл тұрғыдан алғанда, мәдениет аспектiсiнде, бiздiңше, қазiр барлық түркітанушыларға, соның iшiнде Ресей Федерациясының тағы басқа мемлекеттiң құрамындағы бауырлас түркі елдердiң ғалымдарына осы түркі тiлдерiн неогумбольдтшылардың бағыты тұрғысынан, олар ұсынған «ана тiлi категориясы» бойынша зерттеу керек деп ойлаймыз. Мысалы, Ресейдегi түркі этнос өкiлдерi арасында жастар ана тiлiнде сөйлемейдi деген алаңдаушылық бар. Әрине, мұның саяси т.б. сыртқы себептерi күштi, сондықтан жастарды сөйлету қиын. Бiрақ ана тiлiнiң өзiнде сақталған, басқа тiлде мүлде жоқ бiлiмдер, соның астарында жатқан мықты ұлттық құндылықтар мен зияткерлiк ақпараттар жүйесi болатынын тiлтанушылардан артық басқа ешқандай сала маманы анықтап, түгендеп бере алмас. Неогумбольдтшылар бойынша ана тiлi деген жай атау емес, ол лингвистiң зерттеу объектiсi ретiндегi үлкен категория. Сондықтан қазiргi түркітанушылық зерттеулердi, түркі этностары тiлiне арналған iзденiстердi лингвокогнитивтi модусқа қарай көбiрек бұру керек деп санаймыз. Сонымен, мәдениет тұрғысынан түркі тiлдерiн зерттеу отансүйгiштiк, рух, зияткерлiк, рухани саламаттылық деген мәселелермен астасып, бұлардың барлығы ана тiлiнiң энергеясы (Гумбольдтың терминi) арқылы қалыптасатынын көрсетуi тиiс (В.Гумбольд, 1984) «Ана тiлiнiң энергеясы» терминi Вильгельм фон Гумбольдтың «тiлдiң iшкi формасы» (innere Sprachform) идеясымен байланысты. Ол бойынша тiл қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бiрге, тiптi бiрiншi кезекте адамның дүниетанымы мен танымдық құрылымдарын қалыптастыратын динамикалық күш. Мұндағы «энергея» ұғымы ана

тілінің ақиқат дүниені қабылдау, тану ерекшеліктерін анықтай отырып, сана иесіне әсер ету қабілетін білдіреді. Бұл ойды дамытқан неогумбольдтшылдар мектебі «ана тілі энергеясын» ұлттық сананың, құндылық бағдарларының және адамның шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына әсер ететін тарихи, тарихи-психологиялық және когнитивті факторлардың жиынтығы ретінде сипаттайды (О.А. Радченко, 2006) Қорыта айтқанда, мәдениет аспектісіндегі түркітанушылық зерттеулерде әсіресе азсанды түркі этностары тілін ана тілі категориясы ұғымы бойынша зерттеп, тілде сақталған «энергеяны» ояту арқылы тілді ұлт санасында жаңғыртуды алға тарту керек деп ойлаймыз.

Өркениет аспектісінде түркітануда қандай зерттеулер болды дегенде мықты дамыған түркі компоративистикасын атап өту керек. Алтай теориясы/гипотезасы бойынша ізденіс жүргізіп кеткен, жүргізіп жүрген түркітанушылар көп (М.Рясянен, 1968; Sergei Starostin, Anna V. Dybo, and Oleg A. Mudrak. 2003) Гипотеза мен теория деп әдейі бөліп қойдық, себебі бір зерттеушілер сеніммен теория десе, екіншілері күмәнмен гипотеза деуді ұсынатыны белгілі (А.М. Щербак, 1959). Бүгінде осы бағытта А.В. Дыбо сияқты (А.В. Дыбо, 2007). Ресей түркологтары зерттеулерінің маңызы жоғары. Сол сияқты ХХ ғасырдан бері көптеген түркітанушылардың назарына алынған диалектологиялық зерттеулердің отандық тіл ғылымдағы дамуының да бергені мол болды (Ғ.Қалиев, Ш.Сарыбаев, 1967). Көптілді түркі лексикографиясында да жаңалық жоқ емес (Türk Dillerinin İktisat Terimleri Sözlüğü, 2024; Türk Dillerinin Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü, 2024; Türk Dillerinin Askerî Terimleri Sözlüğü, 2024) Дегенмен осы бағыттағы зерттеулердің көбі бүгінгі отандық тіл білімінде жан-жақты дамып отырған жоқ екені көпке аян. Оларды тоқтатпай жалғастыру, заманауи әдістеме, зерттеу амалдары арқылы жүргізу керек деп ойлаймыз. Бұл дәстүрлі тіл біліміндегі ешқашан наны таусылмайтын бағыттар бола бермек.

Жаһаният тұрғысынан түркітануды қалай дамытамыз дегенде ағылшын тілі экспансиясының салдарына назар аудармай кету мүмкін емес. Бұл мәселені тіпті өзімен туыстас француз, неміс тілдерін зерттеуші ғалымдар да көтеріп, қатты алаңдаушылық көрсетіп жүр. Мысалы, В.А. Плунгян бұл жөнінде «Биологи же борются с исчезновением живых существ: они сумели убедить богатое западное общество, что вымирание землеройки в Судане – это трагедия. Но языки гораздо ценнее землероек, потому что это наше знание о самих себе. И если останется десять языков, мы станем гораздо беднее. Другое дело, что с этим богатством мы плохо умеем обращаться: плохо его описываем и оцениваем, потому что теоретическая лингвистика начала развиваться только в ХХ веке. Она быстро эволюционирует, но объект исследования (язык) исчезает еще быстрее – сокращается на глазах, как шагреновая кожа», – дейді (В.А. Плунгян, 2012) Тіл-тілдің ірі тілдермен жұтылу үдерісінің қарқыны сондайлық қатты, тіпті лингвистерге тілді алуан түрлі жақтан зерттеу жүргізетін кеңістік қалмай барады, тілдер азайып,



өліп жатыр. Бір өкініштісі, солардың ішінде түркі тілдері де жоқ емес. Сондықтан, оларды сақтап қалу үшін тілтанушыларға, түркітанушыларға қазіргі техника, технология, заманауи жаһанияттық құралдарды AI, IT өнімдерін көмекке алу аса қажет. Ең алдымен бұл тілері сақтап қалудың тиімді жолы оларды кешікпей виртуалды кеңістікке көшіру. Біз ортақ түркі виртуалды тілдік кеңістік жасауды ұсынамыз. Түркі бірлігі үшін де, жеке-леген түркі тілдерінің қорын сақтау үшін де түркі тілдерінің цифрлық смарт-базасы, параллель корпустарын жасау кезек күттірмей шешуді қажет ететін түркітанушылар алдындағы өзекті мәселе деп санаймыз. Сол сияқты «Жас түрік» электронды ашық «тірі» кітапхана әзірлеу идеясын алға тартамыз, онда бүкіл түркі тілдеріндегі көркем әдебиет, түркілік көсемсөз, түркілік ғылыми әдебиет жинақталатын болса игі еді. «Түркі дүниесі» мәдени аудиовизуалды медиапортал түркі тілдеріндегі кинотуынды, ғылыми дәрістер, т.б. зияткерлік аудио-видео медиа файлдарды түркітілдес қауымдас-тыққа ұсына алар еді, әрі оның құрмаласуына (интеграциясына) қызмет етер еді. Түркі тілдерінің дербес онлайн аудармашы ресурсын жасау да кенжелеп отыр. Кез келген түркі тіліне автоматты аударатын дербес ресурс түркілік кеңістікке игі қызмет ететіні сөзсіз. Ұсыныстарымыздың жалғасы ретінде «Түркология» ғылыми веб-сайтын әзір-леуді алға тартамыз. Ал тілтанымдық түркологияны жаһаният тұрғысынан дамытуда компьютерлік лингвистика, интернет лингвистика, корпустық лингвистика саласына акцент беру маңызды болмақ.

Қорыта айтқанда, академик Рабиға Сыздық қалыптастырып кеткен түркітанушы-лық зерттеулерді тоқтатпай, заман талаптарына сәйкес дамыту үшін оларды зама-науи технологиялар мен әдістемелерді пайдалана отырып, жүргізу, соның негізінде тың, жаңа бағыттар қалыптастырып, ізденіс жасау – бүгінгі тілтанушылар парызы.

### Әдебиет:

1. Аллахвердян А.Г., Мошкова Г.Ю., Юревич А.В., Ярошевский М.Г. Психология науки. Учебное пособие. – М.: Московский психолого-социальный институт: Флинта, 1998. – 312 с.

2. Рәбиға Сыздық: Абайға, Мұхтарға қарсы шабуылдар солақай саясаттың ке-сірінен болды // Егемен Қазақстан, 2019 (электронды ресурc) <https://egemen.kz/article/212455-rabigha-syzdyqova-abaygha-mukhtargha-qarsy-shabuyldar-solaqay-sayasattynh-kesiri>

3. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін] / Р.Сыздық; [жауап. шығ. О.Жұбаева]. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 2000 дана. – 978-601-7317-92-8, 978-601-7317-88-1 (т. 4)(мұқ) – ҚР тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылды. Қысқарт. көрсет. библиогр.: 205-206 б. 4-том. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолдану тарихынан). Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар – 411 б.

4. Уәлиев Н. Р. Сыздық зерттеулеріндегі әдеби тіл нормасының типтері мен түрлері және олардың айырым белгілері // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2004.

5. Алдашева А. Қазіргі тіл мәдениеті: талғам мен дағды // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2004.

6. Күдерінова Қ. Р. Сыздық және қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі // Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі. Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Рабиға Сыздықтың 85 жылдық мерейтойына орай өткізілген ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2009-356. 17-20б.

7. Roberto Assagioli. *Psychosynthesis: A Manual of Principles and Techniques*. London: Hobbs, Dorman & Company. 1965

8. Jung, C. G. *The Archetypes and the Collective Unconscious*. Princeton University Press, 1959; Jung, C. G. *Modern Man in Search of a Soul*. Harcourt, Brace & World, 1933

9. Jung, C. G. *Modern Man in Search of a Soul*. Harcourt, Brace & World, 1933

10. Maslow, A. H. *Toward a Psychology of Being*. Van Nostrand, 1968

11. Maslow, A. H. *The Farther Reaches of Human Nature*. Viking Press, 1971

12. Wilber, K. *The Spectrum of Consciousness*. The Theosophical Publishing House, 1977

13. Wilber, K. *The Atman Project*. Quest Books, 1980

14. Csikszentmihalyi, M. *Flow: The Psychology of Optimal Experience*. Harper & Row, 1990

15. Он томдық шығармалар жинағы Әл-Фараби, Әбу Насыр ; құраст.: Ә.Н. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейтахметова ; ауд.: Ә. Әлімжанова [ж.б.] . – Астана: Лотос-Астана , 2007. – 9965-571-45-7 (мұқ.) (4 т.), 9965-571-35-Х – Мәдени мұра бағдарламасы бойынша шығарылды . Түсінікт.: 234-251 б. ; Философ. арабша-қазақша түсінд. сөздік: 251-294 б. 4-т. . Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика – 295 б.

16. әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Әл-Фараби. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 с.

17. Қожа Ахмет Йасауи. Диуани Хикмет. –Түркістан: Тұран, 2010. 39 б.

18. Омаров Д. «Абайдың рухани мұрасы» – Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2007.

19. Үш анық / ҚазССР Ғылым акад., М. О. Әуезов атын. Әдебиет және өнер ин-ты; Жауапты ред. А. Сейдімбетков Алматы: Қазақстан: «Ғақлия ғыл. – әдеби орталығы», 1991 – 80 бет.

20. Нысанбаев Ә., Еліміздегі адам ресурсы: сан мен сапа / Ә. Нысанбаев//Егемен Қазақстан. – 2004. – 7 мамыр.

21. Ғарифолла Есім. Абай хәкім // Абай Құнанбайұлы. Ұлы Дала Тұлғалары сериясы. – Алматы: «Әдебиет әлемі» 2013. – 500 б


22. <https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>
23. «Тіл және сана – 2022» ғылыми-тілтанымдық алаңының жинағы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы психолингвистика халықаралық секцияның «Психолингвистиканың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстелінің материалдары. – Алматы: «Everest», 2022. –180 бет.
24. Тіл және қоғам (2021-2023 жж.). Әлеуметтік лингвистика бөлімінің тұрақты тілтанымдық алаңы / жауапты ред. Г. Исаева. – Алматы: Everest, 2023. – 150 бет.
25. Пиязбаева А, Фазылжанова А. Экономикалық сананың тілдегі репрезентациясы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (191) 2023. – 41-55 бб.
26. Г.Мамырбек Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» дастаны: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы. Сөздік. Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 810 б.
27. Гумбольдт В. фон. О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1984.
28. Язык как мирозидание : лингвофилософская концепция неогумбольдтианства / О.А. Радченко. – Изд. 3-е, стер. – Москва : КомКнига, 2006. – 310 с. – (История лингвофилософской мысли). На 4-й с. обл. авт.: О. А. Радченко, д.филол.н., проф. – ISBN 5-484-00475-6.
29. Рясянен М. Об урало-алтайском языковом родстве// Вопросы языкознания. – М., 1968, № 1
30. Starostin, Sergei A., Anna V. Dybo, and Oleg A. Mudrak. (2003). Etymological Dictionary of the Altaic Languages. Brill Academic Publishers. ISBN 90-04-13153-1.
31. Щербак А.М. Об алтайской гипотезе в языкознании // Вопросы языкознания. 1959. № 6. С. 51–63.
32. Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков: лексический фонд: пратюркский период. М., Вост. лит. 2007. 223 стр.
33. Қазақ диалектологиясы [Мәтін] : педаг. ин-тар мен ун-тің филол. факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық / Ғ. Қалиев Ш. Сарыбаев ... – Алма-Ата : Мектеп, 1967. – 171, (4) б.
34. Türk Dillerinin İktisat Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Economic Terms of Turkic Languages – Astana: Türk Akademisi / Turkic Academy, 2024. – 488 sayfa / page.
35. Türk Dillerinin Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Linguistic Terms of Turkic Languages – Astana: Türk Akademisi / Turkic Academy, 2024. – 520 sayfa / page.
36. Türk Dillerinin Askerî Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Military Terms of Turkic Languages – Astana: Türk Akademisi / Turkic Academy, 2024. – 504 sayfa / page.
37. В.А.Плунгян. Мир теряет языки. 17-августа, 2012 г. // <https://big-i.ru/biznes-i-obshchestvo/fenomeny/a11340/>.

## SOME REMARKS ON KINSHIP TERMS IN TURKIC LANGUAGES WITH A FOCUS ON KAZAKH

**Introduction.**

This talk deals with some kinship terms in Turkic languages. Though the main focus of the analysis is on Kazakh in comparison to Noghay, Turkmen and Turkish, terms in other Turkic languages are also considered. The paper addresses different aspects of kinship vocabulary, such as cognate and non-cognate words, standard and alternative (nonstandard, less frequent, obsolete or dialectal) uses, and developments of some words.

Kinship terms express various interpersonal relationships that are based on blood (genetic) or marriage (non-genetic). The genetic kin relationships based on blood mainly include the “lineal generational bonds” or the “collateral bonds” (Dykstra 2009: 951). The lineal generational relations are the vertical bonds referring to predecessors (parents and grandparents), and to successors (children and grandchildren). The collateral relations concern the horizontal ties to one’s own siblings (sisters and brothers), the siblings’ children (nieces and nephews), the parents’ siblings (aunts and uncles), and the children of the parents’ siblings (cousins); see Figure (1). The bonds with in-laws are based on marriage. The terms designating the marriage-based relationships include wife, husband, step-mother, step-father, step-child, mother-in-law, father-in-law, sister-in-law, brother-in-



law, etc. See Table (1) for a classification of kinship terms.



Figure 1. A schematic presentation of genetic kin relationships

1.	<p>Lineal generational (vertical) bonds</p> <p>0.1. Predecessors</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Terms denoting parents</li> <li>• Terms denoting grandparents</li> <li>• Terms denoting great-grandparents</li> </ul> <p>1.2. Successors</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Terms denoting children</li> <li>• Terms denoting grandchildren</li> <li>• Terms denoting great-grandchildren</li> </ul>
2.	<p>Collateral (horizontal) bonds</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Terms denoting siblings</li> <li>• Terms denoting siblings' children</li> <li>• Terms denoting parents' siblings</li> <li>• Terms denoting children of the parents' siblings</li> </ul>
3.	<p>Bonds with in-laws</p>

Table 1. A classification of kinship terms

Kinship vocabulary in Turkic languages is relatively rich and differentiated. A single term in English often corresponds to several terms in Turkic languages. Some comparisons:

- One's own gender, a parameter not playing a role in English, can be crucial in some languages. The word *ini* (Kazakh «ини»<sup>1</sup>, Noghay «ини», Turkmen «ini») denotes 'male ego's younger brother' while 'female ego's younger brother' is expressed with «бауыр» in Kazakh, «кардаш» in Noghay and «jigi» in Turkmen. Similarly, Kazakh and Noghay have two terms for 'sister': *qarındaс* 'male ego's younger sister' (Kazakh «қарындас», Noghay «қарындас») and *siñli* 'female ego's younger sister' (Kazakh «сіңлі», Noghay «синъли»). One's own gender is not a relevant parameter in Turkish.

- Parents' gender is often decisive for the naming of relatives. For instance, 'one's mother's sister' is expressed with «нағашы әпке» in Kazakh, «тете» in Noghay, «dayza» in Turkmen. But 'one's father's sister' is denoted differently with «әпке» in Kazakh, «аба» in Noghay, and (Name) «еje» in Turkmen. The English word 'aunt' in the meaning of 'one's maternal or paternal uncle's wife' is rendered with «жеңге» in Kazakh and «кешек эней» in Noghay. Standard Turkish also exhibits three different terms corresponding to English 'aunt': *teyze* 'maternal aunt', *hala* 'paternal aunt', and *yenge* 'one's maternal or paternal uncle's wife'.

\* Академик Рәбиға Сыздық абайтану әлемінің жаңа кешенді беттерін аша келіп, қазақтың сөздік қорын халық, ұлт табиғатымен, оның өмір сүру салтымен тереңдете зерделейді. Сөйтіп, қазақтың бай тіл әлемін сөз бен ойдың ғажайып әсем кеңістігіне алып шығады.

\* Рәбиға Сәтіғалиқызы өзіне дейінгі ұлттық ой мен ұлттық танымның көшін бастаған ұлы тұлғалар мен олар өмір сүрген кернеулі дәуірлерді саралай отырып, сол тұлғалар мен оларды шыңдаған өмір, дәуір ақиқаттарын өзінің жүрек сүзгісінен өткізеді. Ұлтымыздың ұлы құндылығына жаңаша күш, қуат бітіріп, «сөздер-

ді сөйлетеді», дәйекті деректерге сүйене отырып, концептуалды ой түюдің үлгісін көрсетеді.

\* Тілші-ұстаз қазақтың киелі де қасиетті, тағылымы мол «сөз күдіретін» арғы-бергі дәуірлермен сабақтастыра отырып, тарихи-этностық тұрғыдан, диахрониялық, синхрониялық жағынан зерделей келіп, адамның ойы мен танымын кеңейтеді.

\* Тілші Рәбиға Сыздық әр монографиясымен, әрбір мақаласымен, сөйлеген сөздері және сұхбаттарымен іл білімін ұлттық мәдениеттанымның көрсеткіші ретінде дәуір, қоғам, ақыт талаптарына сай әлемдік өлшем биігіне көтереді. Сөйтіп, зерделеу, жинақтау, жүйелеу, бағалау, ғылыми талдаудың жаңа сипаттағы өнегесін қалыптастырады.

\* Ауызша сөйлеу өнері мен ауызша әдеби тілді – ұлттық ерекше мұра, туған топырақтағы сөз өнерінің түп тамыры деп танып, оны сақтау мен өрістетудің тетіктерін іздейді; қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін тілдік мұралар арқылы дәйектейді.

Қорыта келгенде, Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық – қазақтың рухани әлеміне өшпес із қалдырған кешегі арыстарымыз бен алыптарымыздың заңды жалғасы. Ол – қазақ топырағындағы алашойлы биікке көтерілген, ана тіліне сіңіргенөлшеусіз еңбегімен руханият әлемінің шекарасын кеңейткен, өзгеше бітімді рухани тұлға.

Ұстазымыз Рәбиға апайдың бойындағы мәдениеттілік пен ақсүйектік қалыбына, л назарын өзіне бұратын сабырлы мінезіне, даралап көзге түсер тектілігі мен шешендігіне үнемі сүйсіне көз саламыз. Үлгі тұтамыз. Ғылымда да, өмірде де, қысқасы, қайда жүрсек те, Рәбиға Сәтіғалиқызына деген біздің құрметіміз бен сағынышымыз әрдайым жалғаса бермек...

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. «Сөздер Сөйлейді». Көптомдық шығармалар жинағы. 4 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 410 б.
2. Академик Рәбиға Сыздық. «Ғылым – ғұмыр». Өмірбаяным. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 400 бет. 63-64б.
3. Сыздық Р. «Қазақ әдеби тілінің тарихы». Көптомдық шығармалар жинағы. 3 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 346 б.
4. Сыздық Р. «Сөз күдіреті». Көптомдық шығармалар жинағы. 6 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 295 б.
5. Сыздық Р. «Тілдік норма және оның қалыптасуы». Көптомдық шығармалар жинағы. 8 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 290 б.
6. Сыздық Р. «Абай шығармаларының тілі». Көптомдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 383 б.
7. Сыздық Р. «Абайдың сөз өрнегі». Көптомдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 577 б.

8. Сыздық Р. «Қадырғали би қосымұлы және оның жылнамалар жинағы». Көптомдық шығармалар жинағы. 5 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 339 б.
9. Сыздық Р. «Ясауи «Хикметтерінің» тілі». Көптомдық шығармалар жинағы. 7 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 659 б.
10. Өмірбаяным. «Ғылым – ғұмыр». Академик Рәбиға Сыздық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 400 бет. 63-64б.
11. Сапарбекова Әлия. «Өнер алды – қызыл тіл». «Лениншіл жас» газеті. 1984 жыл. 17 ақпан.
12. Сыздық Р. «Абай шығармаларының тілі». Көптомдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: «Ел-шежіре». 2014. 383 б.

### **Б.Шалабай**

*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,  
филология ғылымының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚ – КӨРКЕМСӨЗ СЫРЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ**

**Аңдатпа.** Қазақ тіл білімінің және түркітанудың аса көрнекті өкілі академик Рәбиға Сыздықтың өмірі – қазақ мәдениеті дамуының бір ғасырға жуық кезеңін алып жататын қиын да қызық, күрделі ғұмыр. Сан салалы ғылыми зерттеулерінің қатарында ғалым қазақ лингвостилистикасының негізін қалады. Әсіресе ғалымның көркем әдебиет тілі жөніндегі еңбектерін айрықша атауға болады. Академик Р. Сыздық Абайдың сөз өрнегін және прозалық шығармалардың тілін терең талдады. Қазақ стилистикасы саласында ғалым көркем тіл элементтерінің эстетикалық қызметте жұмсалудың принциптерін айқындайтын «автор образы, баяндау, суреттеу типтері, мәтін түзу мәселелері, даралық стиль жөнінде бірінші рет ғылыми тұжырымдар жасады. Ғалым көзқарастары болашағы зор жаңа ізденістер үшін өзекті және маңызды.

**Тірек сөздер:** тіл, ұлттық құндылық, тарих, этнос, мәтін, көркем шығарма, поэтика.

**Abstract.** The life of Academician Rabiga Syzdyk, an outstanding representative of Kazakh linguistics and Turkology, is a difficult, interesting, complex life that takes almost a century of the development of Kazakh culture. Among the multifaceted scientific research, the scientist laid the foundations of Kazakh linguistics. The works of the scientist on the language of fiction and Abai's word-making stand out in particular. Academician R. Syzdyk has deeply analyzed the language of prose works. In the field of Kazakh stylistics, the scientist for the first time made scientific conclusions on the «image of the author», types

of narration, description, problems of text formation, and the writer's idiosyncrasy, which determine the principles of using language elements to realize an aesthetic function. The scientist's views are relevant and important for new promising searches.

**Keywords:** language, national value, history, ethnicity, text, artwork, poetics.

**Аннотация.** Жизнь академика Рабиги Сыздык, выдающегося представителя казахского языкознания и тюркологии, – трудная, интересная, сложная жизнь, занимающая почти столетие развития казахской культуры. В числе многогранных научных исследований ученый заложил основы казахской лингвостилистики. Особенно выделяются работы ученого по языку художественной литературы и словотворчество Абая. Академик Р. Сыздык глубоко проанализировала язык прозаических произведений. В области казахской стилистики ученый впервые сделала научные выводы по «образу автора», типам повествования, описания, проблемам текстообразования, по идиостилю писателя, которые определяют принципы использования элементов языка для реализации эстетической функции. Взгляды ученого актуальны и важны для новых перспективных поисков.

**Ключевые слова:** язык, национальная ценность, история, этнос, текст, художественное произведение, поэтика.

Бүгін біз қазақ руханиятының сонау Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбановтардан үзілмей жалғасып келе жатқан өміршең көрінісінің куәсі болып отырмыз. Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың өмірі, қызметі, ғылыми мұрасы – соның айқын дәлелі. Тіл, ХІХ ғасырдың көрнекті лингвисті В.Гумбольдт айтқандай, «рухтың көрінісі» болса, қазақ тілінің қыр-сырын жан-жақты зерттеген Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықты біз қазақ рухының талмай ізденушісі, тынымсыз жоқшысы болды дейміз. Ол қазақ тілін – қазақ рухын зерттеуді поэтикалық деңгейге көтерді. Қазақ тілінің қай мәселесін зерттемесін, ғалым оны өзіне тән талғампаздықпен, талапшылдықпен, ішкі жан-дүниесінің елегінен өткізіп барып, жібектей құйылған шұрайлы тілмен жеткізді.

Қазақ әдеби тілін, оның дамуын сапалық жағынан жаңа белеске шығарған ұлы Абайдың тілін зерттеу Рәбиға Сәтіғалиқызын тілдің көркем шығармадағы рөлін, оның поэтикалық табиғатын, көркемдік қызметін зерттеуге алып келді. Бұл тұрғыдан оны қазақ тіл білімінің лингвостилистика деп аталатын саласының бастаушысы, оның негізін салушы ғалым деп айтамыз.

Сол ғұмырының бел-белестері сияқты, қазақ тіл ғылымының бастан өткізген қиын кезеңдері де бар. Ол туралы ғалым былай толғанады: «... табан жолы енді айқындалып, алғашқы ізденістер басталар-басталмастан осы саланың жолашарлары Ахмет Байтұрсынұнов, Телжан Шонанов, Халел Досмұхамедов, Елдос Омаров, Құдайберген Жұбановтардың алды 1929 жылдары «ұлтшыл» болып айдалып, 1937 жылдары «халық жауы» болып атылып, тіл білімі атты ғылым ордасының шаңырағы шорт сы-

нып, ортасына бір түссе; 1938-1945 – үрей жылдары мен соғыс жылдарынан кейін ес жиып, мамандары енді өсіп жетіліп келе жатқан 50-60 жылдарда әрқайсысы бір-бір лингвистикалық мектептің көшбастары болған Н.Сауранбаев, С.Аманжолов сияқты ғалымдар ертерек дүние салып, екінші рет маңдайы тасқа тиді. Қалған аға ғалымдардың жетекшілігімен кейінгі ұрпақ тағы жетіліп, олар да өздерінен кейінгі буынды тәрбиелеуге кіріскен 70-80 жылдары диссертацияларды тек орыс тілінде жазу керек деген тәртіп орнап, қазақ тіл білімінің ілгері жылжыған қадамы тағы кері кетті. Қазақ мектебін, қазақ филология факультеттерін бітіргендерге орыстың әдеби тілін, оның ғылыми стилін толық меңгеріп, бірден еңбек жазулары қиынға соқты. Бұл буынның ғылымға енуі тағы да 10-15 жылға кешеуілдеді.

Қазақ тілін осы тілде зерттеуге мүмкіндік туған соңғы 4-5 жылда енді еңсемізді көтереміз бе деп тұрғанда, мына «ақша билеген» заманға тап болдық. Ғылымға икемі бар талантты жастар күн көру қамымен ғылым ордасынан кете бастады. Бұл – үшінші сорымыз болса, соңғы бүгінгі халіміз бәрінен де асып отыр: «қысқарып» жатырмыз, тарап жатырмыз, ғалым емес, шенеунік болғалы жатырмыз дегендей, қазақ тілін зерттейтін дүниежүзіндегі бір ғана орын – Ұлттық академиямыздың өзге де институттары сияқты, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының болашағы мен ғылыми әлеуеті ойлантады» [1].

Ғалымның бұл айтып отырғандары 1990 жылдардың соңында қалыптасқан жағдайға байланысты жанайқайы еді. Бұл – тек өзінің қарақан басының қамын ойлайтын адамның емес, ұлттың, халықтың, елдің болашағын ойлайтын тұлғаның сөзі еді.

Өзі ұстаздың алдын көрген адам ғана нағыз ұстаз бола алады. Рәбиға Сәтіғалиқызы өзінің ғылымға қалай келгені және алғашқы қадамдарынан-ақ, өзіне қамқорлық жасаған «әз ағалар» туралы тебірене еске алады. Табиғатынан да солай болар, дегенмен адамның тұлғалық қалпының қалыптасуына әсер ететін айналасы, өзін қоршаған адамдар екені әлімсақтан белгілі.

«Ғылым» атты кең сарайға кіргізген ұстаздардың кім екендіктері, қалай баулып, тәрбиелегендерінің мәні айрықша екен... Қазақ қоғамына кейіндеп келген ғылым атты дүниенің ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы басты, басшы өкілдерінің қызметі зая кетпегенін, өздерінен кейінгі буындарды тәрбиелеуде орасан зор еңбек еткендіктерін енді бізден кейінгілер біле жүрсін...», – дейді ұстаз, ғалым.

Өзін «ғылым әлеміне енгізген» ұстаздары туралы жылы ілтипатын І.Кеңесбаевтан бастайды: «Біз, менің тұлғаластарым, кезінде акад. І.Кеңесбаевтың фразеологиядан, лексикологиядан оқыған дәрістерін тыңдап өстік. Кейін бірқатарымыз әр алуан сөздіктер түзуге қатысып, лексикографияға азды-көпті еңбек сіңіріп келе жатсақ, қазақтың әр сөзіне ықыласпен қарап, ана тіліміздің құдіретін танып, қадірін білген болсақ, бұл ісімізде Исмет Кеңесбаевтың тәлімі, үлгісі жатыр-ау дейміз. Секенде, жалпы, ұстаздық, тәрбиешілік, яғни педагогтік қасиет көрініп тұратын...».

Мәулен Балақаев туралы: «Ал Мәкеңе, Мәулен Балақаевқа келсек, түркі тілдері синтаксисінің үлкен маманы, сөз тіркестерінің синтаксисіне алғаш рет жаңаша қараған, соны түйіндеп айтқан ғалым. Сонымен қатар, Мәкең – «Қазақ тіл мәдениеті» деп аталатын жаңа саланың негізін қалап, оның нысандары мен амал-тәсілдерін, бұл саладағы практикалық іс-шаралардың түрлерін нұсқаған ғалым. Қазақ емле ережелерінің 1957 жылғы соңғы редакциясын түзген, қазақ тілі орфографиялық сөздіктерінің редакциясын басқарған жетекші ғалым болып табылады. Қазақ сөз мәдениетіне тікелей қатысты «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнінің де теориялық негіздерін қалап, қажет құралдарды жазушы автор. Ал кісілік бейнесіне келсек, бұл ұстазымызды да қазір кейінгі жастарға үлгі етіп танытып отырамыз. Мәкең біздерді әрдайым әр нәрсеге үйретіп, баулып отыратын, жасайтын ескертулері мейлінше жұмсақ, сыпайы болатын. Оның үстіне Мәулен ағаның нәзік бір юмормен кейде бір-бірімізбен шекісіп қалған тұстарда (ғылымда айтыс-талас аз болмайды ғой) жеңіл әзілмен, сәл мысқылдай отырып, ашу-реніштерімізді жазып жіберетін, бұндай жағдай көбінесе ғылыми кеңестерде, қолжазбаны баспаға жіберу үшін жүргізілетін талқылауларда болатын. Мәкең нағыз тәрбиеші-педагог еді...», – деп толғанады.

Ал сол кездегі Абай атындағы ҚазПИ-дың директоры Ахмеди Ысқақовпен алғашқы таныстығы, өзіне жасаған жақсылығы туралы былайша жылы лебізбен еске алады: «... Сөзі байыпты, сұрақтары жаныма жайлы. Бұл кісі бірден ұстаздық танытып өзіне баурап алды. Жөнімді, әрі қарай оқығым келетінін айттым...

Нағыз ұстаздықты, жастарға деген қамқорлықты, жоғары оқу орнының басқарушысы ретінде орнына лайық іс-әрекет көрсеткен осы бір абзал жан Ахмеди Ысқақов жалғыз менің емес, мыңдаған шәкірттердің жүрегінің төрінен орын алғаны кәміл...» [2].

Р.Сыздық, ең алдымен, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуші ғалым. Оның бұл саладағы еңбектерімен: мақала, баяндама, монографияларымен көпшілік қауым жақсы таныс (оларды біз сөз етіп жатпаймыз). Ол дәстүр Р.Сыздықтың кандидаттық, докторлық диссертацияларында Абай тілінің лексикасы мен грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) тұлғаларын әдеби тілге қатысы тұрғысынан талдаған зерттеулерінен бастау алады (1959-1971 жж.) [3]. Содан кейін барып солардың заңды жалғасы – «Абайдың сөз өрнегі» (1995ж.) [4], «Сөз құдіреті» (1997 ж.) [5] кітаптары туды, яғни Абай тілінің лингвистикалық сипатын ашу Абайдың, кейінгі ақын, жазушылар тілінің көркемдік қуатын танытуға жол ашты. Бұл туралы ғалымның өзі былай дейді: «...Абайдың шеберлік лабораториясына үңілмес бұрын, оның сөздік құрамы мен грамматикасын таза лингвистикалық тұрғыдан тіркеп, жүйелеп талдап шығу қажеттігі сезілді» [6].

Демек, Р.Сыздық көркем әдебиет тілін екі тұрғыда алып қарастырады: өзінің «Сөз құдіреті» атты монографиясының аңдатпасында көрсеткеніндей, «бүгінгі ғылым-

біліміміз көздейтін мақсаттың бірі – қазақ прозасы тілінің көркемдік-эстетикалық белгі сипаттарын танып-таныту болса, екінші бір мұраты – оның әдеби тіл нормаларын тұрақтандырып, сөз мәдениетін көтерудегі қызметін де зерттеп-зерделеу болып табылады» дейді.

Ғалымның бірінші тұрғыда, яғни көркем туынды тілінің көркемдік-эстетикалық белгі-сипаттарын танып-танытуда ұстанатын негізгі қағидасы, яғни «көркем әдебиет тілін зерттеудің негізгі мұраты – тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсету», басқаша айтқанда, «тілдік құралдардың қолданысы қандай мақсатты өтеп тұр, солар арқылы жазушы нені, қалай суреттеп тұр – осыларды таныту» болмақ.

Осы тұрғыдан, алдымен, Р.Сыздық зерттеулерінде көркем әдебиет стилистикасы үшін маңызы ерекше зор бірнеше теориялық тұжырымдарын бөліп алып көрсеткіміз келеді.

Біріншіден, көркем шығармадағы баяндау және оның түрлеріне қатысты айтқан пікірлері. Оны алғаш рет ғалым 1970 жылы «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» монографиясында Махамбет ақынның өлеңдерін талдағанда көрсетеді.

Ғалымның пікірінше, ашық райдағы етістік тұлғалары эпикалық баяндау үлгісіндегі шығармаларға тән. Өйткені оларда «белгілі бір оқиға, іс-әрекет баяндалады, демек баяндау стилі басым болады. Ал баяндау стилі үшін ең қолайлы және интонациясы мен синтаксисі жағынан баяндау мәнеріне сай келетін құрылыс баяндаушының сөйлем соңында (демек тармақ соңында) тұруы болады» [7, 151]. «Ал баяндау емес, суреттеу, толғау (размышления, раздумья), нақыл-өсиет түріндегі шығармаларда ұйқасқа көбінесе өзге сөз таптары немесе етістіктің ашық райдан өзге тұлғалары алынған» [7, 154]. Бұған Махамбеттің бірнеше өлеңдерін мысалға келтіреді де, зерттеуші мынадай түйін жасайды: «Біздің байқауымызша, жалпы Махамбет өлеңдерінде етістіктің ашық райлы тұлғасынан жасалған ұйқастар көп емес, оған басты себеп – Махамбет творчествосының тақырыбы мен стилінде. Ол – белгілі бір оқиғаны жырлаушы емес, сол оқиғаға өзінің көзқарасы мен қатынасын білдіруші, өзі бастап араласқан тарихи оқиғаны констатациялап, баяндаушы емес, сол күреске шақырушы, дем беруші. Сондықтан оған баяндау стилі тән емес» [7, 154].

Жалпы, көркем әдебиет, әсіресе, прозалық шығармалардың тілін талдауда баяндау типтеріне көңіл аудару шығарманың композициялық құрылысын, жазушының даралық стилін зерттеуде басшылыққа алатын болашағы зор ізденістердің бірі болмақ. Ғалымның М.Әуезовтен кейін бұл мәселеге ден қоюы назар аудартады. Бұл баяндау түрлері кейінгі зерттеулерде әңгімелеу, суреттеу (сипаттау) және ойталқы деп аталып жүр.

Бұл аталған баяндау түрлерінің (баяндау, сипаттау, толғау) ерекшеліктеріне ғалым Абай өлеңдерінің тілін талдағанда да тоқталады.

Екіншіден, қаламгердің поэтикалық тілін зерттеуде, оның «өзіне тән қолтаңбасын» анықтау үшін «тіл элементтерінің эстетикалық қызметте жұмсалыуының прин-

циптерін айқындайтын «автор образын» ашып талдаудың қажеттілігі» зор екенін көрсетеді.

Бұл – қазақ көркем әдебиет стилистикасында енді ғана айтыла бастаған жаңа бағыт-бастама. Автор «автор бейнесін» қалай түсінеді екен, өзіне сөз берейік: «эр шығармадағы «автор бейнесі» дегеніміз – сол туындыдағы жазушының бүкіл тілдік-шеберлік белгілері, автордың айтпақ идеясының тіл арқылы көрінген поэтикалық қырлары, стильдік таңбалары, авторлық позициясы (көзқарасы), қысқасы, автор бейнесін тану – шығарманың құрылымдық-стильдік арқауын тарқату, экспрессивтік-тілдік құралдарының жүйесін тұтас алып таныту» [5, 53].

Әрі қарай, зерттеуші «Қызыл Жебедегі» Ш.Мұртазаның тақырып таңдауын, оған қатысты оқиғаларды орналастыруын, оларды суреттеудің сипаты мен тәсілдерін және шығармадағы оқиғалар мен кейіпкерлерге автордың көзқарасын зерделей келе, оның тілдік-экспрессивтік жүйесін осы тұрғыдан ашып береді. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романының тілін сол ұстанымға сәйкес талдайды.

Ғалымның қазақ лингвистикасындағы тағы бір соны сүрлеу-соқпақ салған тың тақырыбы – мәтінтүзілім мәселесі. Қазақ тіл білімінде мәтінді зерттеудің көш басында қазақ тілі білімінің қарлығаштары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов тұр десек қателеспейміз. А.Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады» дейді де, шығарма мазмұнының үш мүшеден – аңдату, мазмұндау, қорыту – тұратынын көрсетеді [8, 344-345].

Қ.Жұбанов еңбектерінде де мәтінге қатысты пікірлердің болғандығы анық байқалады, ол мәтінді «сөз» деп атайды: «жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет» [9, 148], – деп ескертеді ғалым.

Мәтін мәселесін арнайы зерттеу қазақ тіл білімінде академик Р.Сыздықтың еңбектерінен басталады. Ғалымның Абай өлеңдерінің тілін (синтаксисін) зерттеген монографиялық еңбегінің бір тақырыбы «Күрделі синтаксистік тұтастық туралы ұғым» деп аталады [7, 37]. Өзі бұл тілдік құбылыс қазақ тіл білімінде қарастырылмай келе жатқанын айтып, «бұған тіл мамандарының назарын аударамыз» деп ескертеді.

Тілдегі күрделі тұтастық туралы айтылған орыс зерттеушілерінің пікірлерін ескере келе, ғалым «әдетте, белгілі бір айтылған ой жазушының тұтасқан сөзі екені мәлім. Ал тұтас текстің құрылымын синтаксистік жағынан талдағанда, әрбір жеке сөйлемді алып, соларға қарай талдамай, айтылған ойға қарай анализ жасау қажеттігін біз де құптаймыз», – дейді.

Зерттеуші Абай өлеңдерін талдау негізінде сөйлемдерді күрделі синтаксистік тұтастыққа біріктіретін тәсілдердің басты-бастыларын көрсетіп береді. Олар: 1) құрылымы біртектес сөйлемдердің қатарласа келуі; 2) синтаксистік тұтастықтағы сөй-



лемдердің бір субъектімен қазықталуы; 3) есімдіктер арқылы тұтасуы; 4) модальдік реңктерінің біркелкілігі; 5) әр жол сайын сөздердің қайталануы; 6) морфологиялық жағынан бірдей тұлғалануы т.б.

Сонымен қатар, күрделі тұтастықтардың мағыналық жағынан да ерекшеліктерін ашады. «Бір идеяға бағышталған өлең көбінесе бір күрделі синтаксистік тұтастық болады. Мысалы, Абайдың «Көкбайға» деген 9 жолдық өлеңі шумақсыз бір ғана бөлік. Мұнда алғашқы екі жол – өлеңнің идеясы, негізгі ойы.

Сорлы Көкбай жылайды,  
Жылайды да жырлайды.

Қалған жолдар мағына жағынан осы екі жолға тікелей байланысты, яғни бұлар осы ойдың (Көкбайдың жылап-жырлайтынының) себебін білдіретін жеке жай сөйлемдер болып келеді де, барлығы синтаксистік құрылысы жағынан бір-ақ тұтас дүние болып шығады» [7, 49] дейді.

Жалпы бұл еңбегінде ғалым Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын өзі ашқан осы жаңалық-идеяны басшылыққа ала отырып талдап шығады.

Ғалым Абай тіліне арналған келесі еңбегінде («Абайдың сөз өрнегі». 1995) мәтінтүзілім мәселесін таза тілдік тұрғыдан ғана емес, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан одан әрі тереңдей зерттеп, көркем мәтін ұғымының көптеген жақтарын ашатынын көреміз.

Бұл еңбекте көлемі жағынан шағын болса да, айрықша маңызды, кейінгі зерттеулерге программалық бағыт беретін тақырып бар, ол – «Текст түзу» деп аталады.

Мұндағы ғалымның темірқазық ойы мынадай: «Текст түзу – көркем шығарма тілін, автордың поэтикалық тілін талдауда кеңінен сөз болуға тиіс мәселе. Себебі көркем шығарма, оның ішінде поэзия дүниесі сөздерден өрілетін болса, яғни сөздерден шығарма тексті түзілетін болса, сол түзілістің қыр-сырын ашу қажеттігі туады.

Текст түзу, ол – «поэтикалық контекст» деген ұғымға байланысты сөз болатын құбылыс. Поэтикалық контекст көркем шығармадағы сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуімен, сондай-ақ ырғақ пен әуеннің, дыбыстардың бір-бірімен ұйымдасуы арқылы жасалады.

Текст түзілісінің өзіне тән шарттары болады. Кез келген көркем шығармада немесе оның кез келген тұсында текст түзіле бермейді» [7, 74].

Бұл жерде әңгіме көркем мәтіннің түзілуі туралы, яғни өзіне айрықша мағыналық, көркемдік, идеялық жүк артып тұратын мәтіндер туралы болып отыр. Ондай мәтіндердің «өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдық реңктері біртектес сөздердің шоғыры» болады.

Ғалым Абай өлеңдеріндегі сондай мағыналық реңктегі біртектес немесе тақырып жағынан үндес сөздердің көркем мәтін түзудегі рөліне тоқталады.

«Көркем сөзді көріктеудің амалы да, түрі де көп» деп түйетін ғалым қазақ көркем сөз ұсталарының аға буын, кейінгі буын өкілдерінің сөз қолданыстарына, сөз саптау мәнерлеріне баға беріп отырады.

Көркем әдебиет тіліне қатысты қазақ әдебиетінің алып тұлғаларының ой-жазбаларынан мысал келтіреді де («Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» – Ғабит Мүсірепов; «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның ала-құласы көп. Орнатқан жеріне қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, қурайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ *сөз бар*» – Мұхтар Әуезов), одан әрі сөзін былай жалғастырады: «Қазақ сөзінің мықты зергерлері «ұшқалақ» емес, «орнықты» сөздерді жұмсаудың үлгісін көрсетіп келеді. Бұл салқар көшті Б.Майлин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтер бастап өткенін, кешегі көз көрген замандастарымыз Тахауи Ахтанов, Асқар Сүлейменов, Оралхан Бөкеев, Сейдахмет Бердіқұлов, Марат Қабанбаевтар әрі қарай алып барғанын, бүгінгі Шерхан Мұртаза, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Әбіш Кекілбаев, Сәкен Жүнісов, Қалихан Ысқақов, Дулат Исабеков, Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұржекеев, Кәдірбек Сегізбаевтар көркем проза легін алға жетелеп келе жатқанын айта аламыз[10, 108]», – дейді. Бұл бағыттағы зерттеулерін М.Әуезовтың тілін талдаудан бастайды.

«М.Әуезовтің көркем тілге келгенде қатты бір ден қойып, назар аударғаны – сөз, жеке сөз, тілдің сөз қазынасы болатын. Сөз дегеніміз – тіл ғимаратын қалайтын негізгі кірпіш...».

«Абай жолының» ғажайып тартымдылығы, сүйсіндірер қасиеті – тілінің поэтикалық феноменінде. Ол әрбір сөзді, әрбір грамматикалық тұлғалар мен тәсілдерді шығарма идеясы мен стиліне орайластыра ойната білген, жұмсай білген».

«Екі шақпақ тасты бір-біріне соққанда, от ұшқыны пайда болатындай, екі-үш сөзді бір-біріне тіркестіре жұмсағанда, көркемдік ұшқыны – тың образ туады. Ал сол сөздердің тіркесу қабілеттерінің ұшы-қиыры жоқ. Тек жазушылық шеберлігің болсын, тіл құдіретін сезе білетін дарының болсын және тілге деген зор жауапкершілігің болсын – сол күнде шығарманың көркемдік-эстетикалық қасиеттеріне тәнті боласың»[5, 10].

Бұл айтқандарын М.Әуезов шығармасынан айшықты мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Бір ғана мысал:

М.Әуезовтің етістік сөздерден гөрі есім сөздерге үйір келетінін және оның себептерін ғалым былай түсіндіреді:

«Әрине, етістіктер – динамиканы (қозғалыс, қимыл, әрекетті) білдіретін сөз табы. Онсыз бір нәрсе жайында баяндау мүмкін емес. Көбінесе шақтық, жақтық бір тұлғадағы етістік баяндауыштар сөйлем сайын қайталап келіп отыруы мүмкін, бұл баяндалатын оқиғаға байланысты. Ал баяндаудың ішінде бір нәрсені сипаттау, адамның көңіл күйін әңгімелеу сияқты тұстары болса, етістік баяндауыштар аздау болады немесе барларының өзі шақтық, жақтық тұлғаларда емес, әр алуан өзге тұлғаларында (бұйрық рай, есімше т.б.) келеді. М.Әуезов о бастан осы тәртіпті қол көрген. Тек әңгімелері емес, «Абай жолы» эпопеясының тілі де осындай. Мысалы, Әйгерімнің

ән салғанын тыңдап отырып, «өмір-сурет дүниесіне шомып кеткен» Абайдың психологиялық күйін жазушы былай береді.

«Арғы сөзі Абайдың құлағына кірген жоқ. Барды айтып жатқан – сөз емес, әуен мен үн... Көп күміс қоңырау сән түзеп, бір үн сала ма? Әлденендей ғайып текті, ақ қанатты асыл зат көк жүзінде күнге шағылыса ма! Күміс сыбдыр нұр шашып, сырлы аспанға, мәлімсіз сапарға, серікке шақыра ма?! Берші сараң, сырдаң бойыңды! Түйіліп қалған жүрегін, тартынып қалған, ашылмай тығылған жан сырың бар. Ашшы соныңды! Өрге, өнерге шақырайын бар үніммен. Иықтан басқан зілден, мынау делсал күйден өтші! [5, 48]».

Келесіде, ғалым Ш.Мұртазаның өзіндік суреттеу, өзгеше сөз қолдану ерекшелігіне байланысты былай дейді:

«Жалпы, Ш.Мұртаза, кейіпкерлері болсын, өзге де зат, құбылыстар болсын, оларды әспеттеп, мадақтап, айшықты әсем сөздермен сипаттауға жоқ. Мұның себебін біз осы шығарманың (әңгіме «Қызыл жебе») романы туралы болып отыр) өн бойына тән суреттеу стилінен (мәнерінен) іздейміз: күні кеше өткен шым-шытырық оқиғалар мен сан алуан психологиялық арпалыстарға толы бұл шығарма романтикалық лиризмнен гөрі бас кейіпкерлер тағдырын тілгілеп жатқан осынау қатқыл кезеңнің өзі сияқты нақты тіліп түсетін тілмен суреттеуді қалайтынын сеземіз. Әрине, мұнымыз – жалаңдау аргумент, өйткені көркем шығарманың жалпы стильдік үнін (тонын) бір ғана фактордан шығарып дәлелдеу қиын. Мүмкін, мұндай «оймышсыз» стиль өрнегі жазушының жалпы шығармашылық қаламына тән даралық мәнері болар, мүмкін, шығарма тақырыбы мен суреттелетін заманына қарай таңдап алған әдісі болар, мүмкін... Қайткен күнде романның бояуы қалың эпитет, теңеулерсіз, орайлы метафораларсыз келген, аллитерациясы, ассонансты тіркестері некен-саяқ, ырғақты, ұйқасты құрылымдары тіпті аз сөз өрнегі оқырманды өзінен әрі итермейді, керісінше, оның бар зейін-ықыласын өзіне аударады, «бір демде», «бас көтермей» оқып шығуға итермелейді. Гәп шығарма тілі бояуының түсінде емес, оқырман жүрегіне жететін шеберлік сиқырында болса керек [5, 54-55].

Біздіңше, ғалым Ш.Мұртазаның сөз қолдану мәнерінің тағы бір қырын дәл тауып көрсетеді:

Тілінің жинақы, үнемді сипаты тек бояулы сөздердің кемдігінде емес, өзге де көркемдік тәсілдерінен байқалады. Айталық, бұл көлемді көркем туындыда табиғат суреті жиі берілген. Неге? Оқиғалар көкорай шалғынды, жайқалған бау-бақшалы, сылдыраған бұлақты, асқақтаған таулы өлкелерде өтетіндіктен бе? Әрине, жоқ. Табиғат суреттері бұл шығармада жазушыға тілдік-стильдік құрал ретінде керек болып тұр. Табиғат пен адамдар, табиғат пен оқиғалар жарыса жүріп, бір-біріне «арқасын төсейді», дәлірек айтсақ, сол жерде берілген табиғат көрінісі баяндалмақ оқиғаның, іс-әрекеттің фоны, кейіпкерлердің бейнесін айқындай түсетін ақ, қара, қы-

зыл, сары дегендей бояулар, яғни табиғаттың өзі – образ. Сондықтан мұнда табиғат көріністері теңеу үшін де алынады. Мысалы:

Шілденің аптабында күзгі желтоқсанның қара суығы қалтыратқан жүдеу ағаш басындағы селкеу жапырақтай аз ауыл болыстың зәуде нөкерлетіп келуінен әрі-сәрі ...

Бұл жерде табиғат суреті теңеу үшін алынып тұрса, Ш.Мұртаза шығармасында табиғат суреті, негізінен, символдық мәнге ие. Мысалы:

Кезінде орып тастауға ешкім құнттамаған қара сора сорлы жоңышқа емес, не отын болып жарытпас, содан шаң қауып, гүлі түсіп қурап, құдай қарғап қауқиып тұрғаны [5, 55-58].

Рысқұл отырған түрме ауласында өсіп тұрған қара сораны бейнелеуі не үшін керек болды десек, ол – бостан өмірдің символы болып, образға айналған. Оның бейнесі өмір бойы далада тау-тастың, табиғаттың жөргегінде өскен Рысқұлға қырық құрақ құрым үйін («гүлі түсіп, қурап қауқиып тұрған»), немесе Ақсу-Жабағылының қара орманын («Қаулап өскен қара сора») елестетеді, ал құрым үйінде болу не Ақсу-Жабағылының орманын аралау – бостандықта жүрген күндердің символы. Міне, қауқиған қара сораны суреттеудің керек жері осында екен! [5, 55-56].

Сол сияқты Саймасай болысты атып өлтірмек болып, биікте тосып отырған Рысқұлға тау тұмсығындағы қара жартас қаһарланған адам кейпінде көрінеді, ол адам – наладан жаны күйзелген, әлденеге тас түйілген Рысқұлдың өзі!

Қысқасы, «табиғат пен адам жарасы – Ш.Мұртаза қолтаңбасының даралық стилінің, шығармашылық мәнерінің бір белгісі, сәтті, қуатты қыры» [5, 56] болып табылады.

Р.Сыздық осы ізбен Ә.Кекілбаев, М.Мағауин тарихи романдарының тілін, О.Бөкей, С.Бердіқұлов, А.Сүлейменов т.б. жазушылардың қаламына тән даралық сөз қолданыстарын, стильдік мәнерлерін өте зор дәлдікпен, ерен шеберлікпен талдайды.

Ғалымның қай зерттеулерінен болмасын байқайтынымыз – тілдік құбылыстарды, олардың көркем бейне жасайтын сапа-қасиеттерін ерекше сезімталдықпен көре білетіні. Және тілдік талдауларындағы биік талғампаздықтың куәсі боламыз.

Сөзімізді қорыта келе айтарымыз, академик Р.Сыздық ана тілінің бары мен жоғын түгендеушісі, жоқтаушысы ғана емес, «ханға да, қараға да» сол тілді пайдаланудың үлгісін көрсетуші шамшырағы болды. Бізге ол ғылымдағы жанкешті еңбегімен ғана емес, кісілік, зияткерлік, зиялылық қасиет-қабілеттерімен де үлгі болып қала бермек.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р., Сарыбаев Ш. Тіл білімінің тарландары (Ғылым академиясына – 50 жыл) // «Егемен Қазақстан» газеті, 1996, 23 мамыр.
2. Сыздық Р. Әз ағалар – ұстаздар // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2007, 9 қараша.
3. Сыздық Р. Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері. Канд. дисс., Алматы, 1959; Абай шығармаларының тілі. Докт.дисс., Алматы, 1971.

4. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы, 1995.
5. Сыздық Р. Сөз күдіреті. Алматы, 1997.
6. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968.
7. Сыздық Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы, 1970.
8. Байтұрсынұлы А. Ақжол. Алматы, 1991.
9. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999.
10. Сыздық Р. Тіл және ұлттық мәдениет. Түркістан, 2005.

**Қ.Есенова**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

### АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ИДИОСТИЛІ: ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

**Андатпа.** Мақала ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамодели» атты гранттық жоба аясында әзірленді. Тіл біліміндегі идиостиль ұғымы, ең алдымен, тілдік құралдарды (сөздерді) белгілі бір ыңғайда таңдаумен, іріктеп алумен, сондай-ақ оларды тіркестіру және олардың өзара әрекеттесу тәсілдерімен байланысты айқындалады. Академик Р. Сыздықтың даралық стиліне прагмалингвистикалық талдау жүргізуде ғалым қолданған стратегиясына, стратегияны жүзеге асыратын негізгі тактикаларына талдау жасалынды. Стратегия дискурстағы коммуникативті жағдаятты жүзеге асыру тәсілі ретінде түсінілді. Сондай-ақ, академик Р.Сыздықтың идиостилі үш деңгей бойынша: лексика-семантикалық, стилистикалық және синтаксистік ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылды.

**Тірек сөздер:** идиостиль, дискурс, стратегия, тактика, интерпретация, ғаламның ғылыми бейнесі, дискурсивті стратегия, коммуникативтік стратегия, прагмалингвистикалық құралдар.

**Abstract.** The article is published within the framework of the grant project ZTN AR23486743 «Academician Rabiga Syzdyk's Concepts in Kazakh Linguistics: Metamodel for the Analysis of Modern Kazakh History». The concept of idiostyle in linguistics is defined, first of all, in connection with the choice and selection of linguistic means (words) in a certain way, as well as their combination and ways of their interaction. The strategy used by the scientist in the pragmalinguistic analysis of the individual style of Academician R. Syzdyk, as well as the main tactics implementing this strategy, are analyzed. The strategy

was understood as a way of implementing a communicative situation in discourse. Also, the idiosyle of Academician R. Syzdyk was considered at three levels: lexical-semantic, stylistic and syntactic features.

**Keywords:** idiosyle, discourse, strategy, tactics, interpretation, scientific image of the universe, discursive strategy, communicative strategy, pragmalinguistic tools.

**Аннотация.** Статья опубликована в рамках грантового проекта ЗТН AR23486743 «Концепции академика Рабиги Сыздык в казахской лингвистике: метамодель для анализа современной казахской истории». Понятие идиостиля в лингвистике определяется, прежде всего, в связи с выбором и подбором языковых средств (слов) определенным образом, а также их сочетанием и способами их взаимодействия. Проанализирована стратегия, используемая ученым при прагмалингвистическом анализе индивидуального стиля Академика Р. Сыздык, а также основные тактики, реализующие эту стратегию. Стратегия понималась как способ реализации коммуникативной ситуации в дискурсе. Также идиостиль академика Р. Сыздык был рассмотрен на трех уровнях: лексико-семантических, стилистических и синтаксических особенностях.

**Ключевые слова:** идиостиль, дискурс, стратегия, тактика, интерпретация, научный образ мироздания, дискурсивная стратегия, коммуникативная стратегия, прагмалингвистический инструментарий.

Қазіргі лингвистикада ғалымдардың ғылыми дискурстың әр түрлі жанрларындағы авторлық мәтіндерінде көрініс табатын идиостилінің ерекшеліктерін зерттеу үлкен маңызға ие. Бұл зерттеудің өзектілігі ғылым дамуына, ғылыми қызметке ықпал ететін әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырап отырған ғалымның ғылым саласының өкілі ретіндегі идиостилін зерттеуге деген қызығушылықтың артуына байланысты. Соңғы ширек ғасыр көлемінде тіл ғылымында антропоөзекті парадигма орныққаны мәлім, сондықтан тілдік тұлға ретінде ғалымның даралығын анықтау мәселесі өзекті болып отыр.

Қазақ тіл білімінде тұлғатану бағытында бірқатар еңбектер жазылған. Әсіресе, ақын-жазушылардың (Абай, Махамбет, М.Жұмабаев, М.Әуезов, М.Мақатаев, Ғ.Мүсірепов, Ж.Нәжімеденов т.б.) тілдік тұлғасын зерттеуге арналған диссертациялар саны едәуір. Алайда тіл дамуына айрықша ықпал ететін ғалымдардың (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ғ.Мұсабаев т.б.) тілдік тұлғасын қарастыруға арналған зерттеулер жүргізу жағынан әлі де кенжелеу қалып келе жатқанымыз жасырын емес. Осындай игі дәстүрді жалғастыру мақсатымен қазақ ғылымында зерттеулерін ана тілінде жүргізіп, іргелі еңбектерін өз тілінде жариялап, отандық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосқан дара тұлғаларымыздың бірі, қазақ тілінің тарихын, тарихи лексикологиясын, стилистикасын, көркем әдеби стилін, ақын-жазушылар ті-

лін және тіл мәдениетін дендете зерттеген көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі Р.С.Сыздықтың ғылыми мұрасына прагмалингвистикалық талдау жасап, идиостилине арнайы тоқталуды жөн көрдік.

Рәбиға апайдың сүйікті шәкірті – көрнекті ғалым Айман Алдаш өзінің Фейсбук парақшасындағы көлемді мақаласында: «Ғылымда «жеке стиль» деген термин жиі айтылғанымен, бұл аталым ғылым тіліне қатысты сирек қолданылып келеді. Ал ғылымдағы жеке стильдің жарқын үлгілері ғалым еңбектерінен, әсіресе көпшілік қауымға арналған мақалаларынан айқын байқалады. Ұстаздың өз баяндауы – жоғары интеллектінің, лингвистикалық ойлаудың генетикасының ғажап көрінісі. Ұстаздың – қазақ тілтанымын зерттеушілер шоғырындағы ерекше тұлға академик Рәбиға Сыздықтың «Жырымды менің сұрасаң, Сары алтынның буынан» деп Дулат ақын айтқандай, өзгеше өз стилі мен өз сөз өрнегі жеке зерттеу нысанына айналса, қазақ тілтанымының, оның ішінде сөз стилистикасы саласының дамуына елеулі үлес қосары сөзсіз» деп көрсетеді [1].

Қазіргі ғылыми әдебиетте «идиостиль» термині «идиолект», «автор стилі» сияқты терминдермен қатар қолданылады. Бұл терминдердің әрқайсысының ұғымдық мазмұнын анықтап алу қажет. Сөздіктерде «идиостиль» және «идиолект» терминдеріне берілген анықтамалардың өзара ұқсастығы байқалады. Жалпы олар синонимдік ұғымдар болып табылады және түзілген мәтін авторының ауызша немесе жазбаша сөзжұмсамына тән тілдік және стилистикалық белгілердің жиынтығын білдіреді [2].

Ғылыми дискурс аясында ғалымның тілдік тұлғасы өз идеяларын жеткізетін коммуникативті жағдаятқа тән стандарттылықпен шектеледі. Кез келген сөйлеу әрекетіне белгілі бір жағдаяттар себеп-түрткі болады. Прагмалингвистикалық еңбектерде қатысымдық жағдаятқа әртүрлі анықтама беріледі. Солардың бірін Н.И.Формановскаяның кітабынан кездестіреміз: қатысымдық жағдаят дегеніміз – қарым-қатынастың сыртқы жағдайлары мен оған қатысқышылардың ішкі күй-ахуалдарын сөйленімдер, дискурс түрінде көрсететін күрделі кешен болып табылады [3, 12].

Автордың сөйлеу әрекеті белгілі бір сценарий бойынша нақты белгіленген шекарасы мен көрсетілген стильдерге тән мәтін түзу дәстүрлері бойынша жүзеге асырылады. Дегенмен, коммуникативті стратегиялар, тактикалар, мәнерлі лексикалық бірліктер, әртүрлі көркем бейнелеуші құралдар мен қолданыстағы басқа да тілдік құбылыстардың ауқымы өте кең және олар ғалымның дербес сөзжұмсамдық әрекеті арқылы өзінің даралығын көрсетуге, бірегей бейнесін танытуға мүмкіндік береді.

Сонымен, тіл біліміндегі идиостиль ұғымы, ең алдымен, тілдік құралдарды (сөздерді) белгілі бір ыңғайда таңдаумен, іріктеп алумен, сондай-ақ оларды тіркестіру және олардың өзара әрекеттесу тәсілдерімен байланысты айқындалады. Екінші жағынан, сөзге жеке тұлға үстейтін мағыналарды анықтаудың бірегей тәсілі жоқ болса да, белгілі бір сөздердің жиірек қолданылуы, оларға басымдық берілетіні оңай

анықталатынын атап өткеніміз жөн. Яғни идиостильді лингвистикалық құралдардың таңдалуымен ғана емес, сонымен қатар олардың қолданылу жиілігімен де байланыстыруға болады.

Автордың өзіндік ерекшелігін айқындайтын белгі қызметін мәтін сипаты атқара алады. Атап айтқанда, А.Н. Сокальская мәтіндерді зияткерлік-танымдық және эмоционалды-бейнелілік бастаулардың арақатынасына қарай ажыратады: мәтіндердің бір категориясы айқын ғылымилығымен, күрделілігімен және терминдердің көптігімен ерекшеленсе, екіншісіне – айқын авторлық даралық, бейнелілік және сөзжұмсамның өзіндік ерекшелігі тән болады.

Ғалым мәтіндердің осы екінші категориясын ғылыми баяндаудың ең жоғары формасы ретінде санауға болатынын және автордың даралығын танытуға барынша көп мүмкіндік беретін сала қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласы екенін атап көрсетеді. Бұл жерде гуманитарлық сала өкілдері үшін өз ғылыми жұмыстарының белгілі бір тұстарын нақты ғылыми тілмен баяндап беру қиындық туғызатынын еске түсірген жөн [4, 175-176].

Жоғарыда айтылған жайттарды жинақтай келгенде, академик Р.Сыздық идиостильді айқындайтын негізгі стратегиялар мен тактикаларды ғалымның ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, кеңірек қарастырғанымыз жөн.

Жалпы кез келген еңбекті жазғанда автор өзі айтпақ болған негізгі идеясын оқырманның барынша толық түсінуіне мүдделі болатыны мәлім. Осы мақсатпен зерттеуші ғылыми еңбегін өз ғылыми дайындығы деңгейіне сәйкес, барынша күрделендіріп берсе, оның зерттеу нәтижелері көпшілікке түсініксіз немесе жартылай түсінікті күйде қалуы мүмкін. Осындай қиындық орын алмауы үшін ғалым өз білім қоры мен оқырман білім қоры арасындағы алшақтықты жою немесе барынша азайту мақсатымен қандай да бір коммуникативтік стратегияны таңдайды. Сол стратегияны жүзеге асыру үшін ең қарапайым тактикадан бастап, біршама күрделі тәсілдерге жүгінеді.

Стратегия дискурстағы коммуникативті жағдаятты жүзеге асыру тәсілі ретінде түсініледі. Коммуникативті стратегия коммуникативті мақсатты жүзеге асыруға бағытталған сөйлеу әрекетін білдіреді, ол қарым-қатынас процесін коммуникация шарттары мен қатысушыларға байланысты жоспарлауды қажет етеді.

Лингвистикалық терминдер сөздігінде коммуникативтік стратегия «сөйлеушінің коммуникативті мақсатқа жетуге бағытталған, алдын ала жоспарлаған қадамдарының жиынтығы» деп түсіндіріледі [5, 157].

Жалпы ғылыми әдебиетте коммуникативтік стратегия коммуникация мақсаты мен жағдаятына сәйкес анықталатын сөйлеу әрекетінің жалпы тізбегі ретінде қарастырылады.

Кез келген дискурсивті стратегия адресаттың белгілі бір ниетіне негізделеді және коммуникативті тактикаларға бөлінеді. Ол, өз кезегінде, жеке мақсаттарға жетуге



бағытталған коммуникация процесіндегі практикалық әрекеттер тізбегін білдіреді. Тактика коммуникативтік тәсіл арқылы жүзеге асырылады

Стратегияны таңдағанда мәтінде ұсынылатын, қамтылатын идеялардың әлеуметтік-прагматикалық деңгейі мен әлеуметтік-мәдени бағдары басшылыққа алынады, сондықтан оның мазмұны дискурстың ерекшеліктеріне байланысты ажыратылып көрсетіледі.

Академик Р.Сыздықтың зерттеулерін арнайы филологиялық білімі жоқ оқырмандардың да жеңіл қабылдайтыны, жақсы түсінетіні ғалымның осындай стратегиялар мен тактикаларды дұрыс таңдай білуіне және тиімді етіп қолдана білуіне тікелей байланысты болар деп тұжырым жасауға негіз бар. Сөзіміз дәйекті болуы үшін академик Р.Сыздықтың еңбектерінде жиі кездесетін мынадай қарапайым прагматикалық құралдарды мысалға келтіруге болады.

Жалпы академик Р.Сыздық еңбектеріндегі негізгі стратегияларды былайша санамапа беруге болады:

**1. Ақпараттық стратегия** – автордың белгілі бір ғылым саласына қатысты оқырман қауымға жеткізбек болған деректерінің танымдық сипаты, яғни қандай да бір ғылыми мәтінді оқыған адам немесе маман өзі үшін пайдалы мәлімет алып, сол салаға қатысты білім қорын толықтыра алады. Осы ақпараттық стратегияны жүзеге асыру үшін академик Р.Сыздық өз еңбектерінде мынадай тактикаларды қолданады:

**Ақпараттандыру тактикасы** – деректер мен мәліметтерді, оларға қатысты өзінің авторлық көзқарасын қоспай, таза күйінде ұсыну және аялық білімді өзектеу тактикасы (яғни адресант пен адресат өздерінде бұрыннан бар, екеуіне ортақ білім мен ұғымдар негізінде өзараәрекеттестікті жүзеге асырады).

Академик Р.Сыздық еңбектерінде бұл тактика былайша көрініс табады. Зерттеу нысанына қатысты жасаған тұжырымдарын ғалым міндетті түрде тарқатып береді. Ол үшін мәтінде тыныс белгілерді, мысалы, **қос нүктені (:)** тиімді қолданады: *Абай қазақ өлеңі сөздік құрамының түрін өзгертті: бұрын өлең тілінде көп қолданылмайтын сөздер тобын енгізді...; Қазақтың ұлттық әдеби тілінің жаңа кезеңін бастауда Абай жалғыз болған жоқ: бұл істе Қазақстанның екінші қиырында мәдени-рухани дүниенің екінші саласы – оқу-ағартуда Ыбырай Алтынсарин қызмет етіп.....; Осы қырынан келгенде, әңгімені біздіңше, мынадай мәселелерге топтап қарастыруға болады:...* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, – Алматы, 2009)

Орфографиялық ережелерге сай, бұл мәтінде қос нүкте емес, нүкте қоюға да болады. Алайда ғалым өзі ұсынып отырған ақпаратты оқырманға барынша түсінікті және жүйелі түрде беру үшін, оқырманның қабылдауын жеңілдету мақсатымен дәл осы қос нүктені (:) қоюды тиімді тәсіл деп санайды.

Сондай-ақ Р.Сыздық еңбектерінде қойылған қос нүктеден (:) кейін, тұтас мәтінде баяндалған ауқымды ақпаратты **жинақтап, жүйелеп, санамапа ұсыну тәсілі** жиі кездеседі.

Бұл да – бірнеше бетте баяндалған, тәптіштеп түсіндірілген ойдың нақты түйінін ықшамдап ұсынудың ұтымды бір тактикасы: *Ғалымның Абай тіліне қатысты түйіндері мынадай: 1) Абайға дейін де қазақтың поэтикалық тілі дамып келеді... 2) Абай заманында едәуір етек жайған тілдегі шағатайшылау, татаршылауға қарсы күрес ашты... 3) Абай қазақтың мол сөз байлығын қолданумен қатар...; Дегенмен, жоғарыда айтқандарымыз әңгімені былайша түюге мүмкіндік береді: 1) XIX ғасырдың соңғы ширегінде ең кемі 4-5 ғасырлық тарихы бар қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен ауыз әдеби тілі болды. 2) Ислам діні тәртіптерінің және соны уағыздайтын әдебиеттің етек алу нәтижесінде кітаби тіл деген өмір сүрді... (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 20-б., 2-том, 25-б. – Алматы, 2009)*

Академик Р.Сыздық еңбектерінде жиі кездесетін тағы бір тактика ретінде **шегендеуіш элементтердің** прагмалингвистикалық мақсатта ұтымды пайдаланылуын айтуға болады: *Оған бір-екі себебіміз бар. Біріншіден, бұл сөздер Абайда шығыс сөздері толы прозасында ғана емес... Екіншіден, бұл сөздердің кейбіреулерінен туынды тұлғалар жасайды... Үшіншіден, кейбіреулері белгілі бір қазақ сөздерімен тіркесте қалыптасқан...; (Абай шығармаларының тілі 1-кітап, 87-б.). Белгілі бір ақын не жазушының академиялық баспасын шығарамыз десек, ең алдымен оның қаламынан шыққан дүние енуі тиіс... Екіншіден, бұл баспада шығарманың автордың түпнұсқасына мейлінше сай ... берілуі тиіс. (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 30-б.)*

Академик Р.Сыздық еңбектерінде қолданылған келесі ақпараттандыру тактикасы – **терминдердің жанына қазақша баламасын жақша ішінде қоса көрсету**: *инверсия (сөздердің орын алмастырып қолданылуы), абайтану (абаеведение), барлық қырынан (аспектіден), ұлт болып құрала бастағанына дейінгі дәуір (донациональный период), ұлт болып құралу, қалыптасу дәуірі (национальный период), сын көзімен дайындалған («критическое издание») т.б. (Ғылыми таным үзіктері 1-том: 136., 296., 616., 746.; 2-том: 296.)*

## **2. Ғылыми дискурсты интерпретациялауды жеңілдету стратегиясы**

Жалпы ғылыми стильде жазылған мәтін көпшіліктің қабылдауына ауырлау тиетіні мәлім. Сондықтан да белгілі бір ғылым саласы бойынша жазылған еңбекті арнайы білімі жоқ адамның немесе басқа сала маманының терең түсінуі екіталай. Тіпті кейбір ғылым саласына қатысты әдебиетті оқыған мамандардың өздері онда қолданылған метатілді меңгеру деңгейіне байланысты белгілі бір қиындықтарға тап келуі мүмкін, бұл әсіресе, ғылымдар интеграциясы орын алған қазіргі кезеңде үйреншікті жағдай деуге болады. Қалай десек те, әр саланың маманы қоршаған ортаны зерттеу барысында нақты бір ғылым саласына қатысты ғаламның ғылыми бейнесін жасауға тырысады. Яғни қоршаған әлемді өз зерттеу нысанының призмасы арқылы танып, саралайды. Соған сәйкес, өз ғылыми білімінің деңгейіне сәйкес, метатілді пайдалана отырып, өзіндік тұжырымдарын жасайды, әлемнің ғылыми

бейнесін қалыптастырады. Әлемнің ғылыми бейнесі – мыңдаған жылдар бойы адамзат тарихында жинақталған табиғат туралы және адамның өзі туралы білімді және ғылыми ұғымдар мен ұстанымдарды қорыту мен талдаудың нәтижесінде пайда болған қоғамдағы әртүрлі құбылыстың жалпы ерекшеліктері мен заңдылықтарын елестетулер жүйесі [6, 82].

Осы ғылыми мәтінді интерпретациялауды жеңілдету стратегиясын жүзеге асыру үшін академик Р.Сыздық еңбектерінде мынадай тактикалар қолданылады:

Көркем әдеби стильге тән **көріктеуіш құралдарды қолдану арқылы оқырманның эстетикалық сезіміне әсер ету тактикасы**: *Қазақ поэзиясының тілі қалайша қырналды, қалайша бары кәдеге асып, жоғыз толтырылды деген жәйттерге келгенде, мыналарды айтуға болады* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 11-б.)

Оқырманның қызығушылығын ояту, назарын аударту үшін ғылыми мәтінге әр алуан **бейнелі қолданыстарды енгізу тактикасы**: *: Абай өзіне дейінгі және өзімен тұстас өмір сүрген түркі жазу дәстүрін («кітаби тілді») ақындық дүниесінің есігін қазар шақта, таңдаудан гөрі тамашалауы басым кезде, 5-19 жастарында байқап көрді.* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 9-б.). *Ақынның шеберлігіне арнаған еңбектерінде зерттеуші: әдебиет – көрікті мазмұн, мазмұн болғанмен, оның көркі болмаса, ол шығарма көкейге қонбайды деп бастап, Абай бұрын қазақ поэзиясының уысына сыйып көрмеген «өтірікті жүндей сабау», «киер киімін ып-ықшам қылу», «иығы тиісу» тәрізді жаңа образдарды, соны сөздерді, тіпті синтаксистік жаңа тәсілдерді (бір сөздің бірыңғаймен келіп қайталануы, жалтылауыш сөз бен біркелкі сөздерді жинақтау) жасады деген түйіндерін мысал келтіріп дәлелдеуге ұмтылады* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 21-б.)

Бұл да қабылдауға ауырлау келетін ғылыми стильде берілген ақпаратты түрлендіре отырып, оқырманын жалықтырып алмай, сергітіп отыру мақсатын көздейтін прагматикалық тәсіл деуге толық негіз бар. Сол сияқты төмендегі мысалдар да ғылыми стильді біршама жеңілдету мақсатындағы тіл бірліктері деуге болады: *Абайдың бұл еліктеу көпірінен тез өткенін, бетін қазақтың халықтық өз тіліне бұрғанын, әрі қарай «қазақтың таза тілін, күшті сөздерін жаңа мазмұндарға қалап, жаңа мәдениетке, жаңа әдебиетке жөн тартқанын» айтады* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 17-б.). *Дегенмен, жоғарыда айтқандарымыз әңгімені былайша түюге мүмкіндік береді...* (Ғылыми таным үзіктері 2-том, 25-б.).

Ой жинақылығы үшін қажетті оқырман назарын үнемі керекті бағытта жетелеп, ұстап отыру үшін **қыстырынды конструкцияларды** шебер қолданады: **Бір қызық жәй** – *Абайдағы бірыңғай бағыныңқы компоненттердің өзі кейде өз ішінен күрделеніп, сабақтас, салалас конструкцияларды қоса жасалған болып келеді.* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 107-б.). **Міне**, *бұл талдаулардың барлығы мынадай тұжырымға әкеледі.* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 70-б.).

### 3. Оқырманмен ынтымақтастық стратегиясы

Р.Сыздық – көрнекті тұлға бола тұра, әрдайым өзін оқырманымен бір позицияда, қарапайым тіл ұстанушы ретінде ұстаған ғалым. Ол зерттеу нысанына қатысты ғылыми деректерді талдап, саралап болған соң жасалатын тұжырымдарын, міндетті түрде «біздіңше», «біздің байқауымызша» деген көпше түрде жасайды. Бұл – **оқырманды жақын тарту тактикасының** тиімді бір көрінісі. Мысалы: *Сөйтіп, біздің байқауымызша, бұл өлең түгелімен Абайдікі емес* (Ғылыми таным үзіктері 1-том, 89-бет). *Сірә, «Қорғансыздың күнін» Мұханның көркем сөз сарайына еркін еруге ұсынған бұлтартпас «пропускісі», «суреткерлік паспорты» десек болар* (Сөз құдіреті, 6-том, 36-б.). *Біздіңше, бұл дұрыс емес. Ең алдымен, қазақ жұртының бірнеше ғасырлық ақын-жыраулар поэзиясын әдебиет деп тану керек.* (Ғылыми таным үзіктері 2-том, 96-б.).

### 4. Оқырман назарына проблема мен оны шешу жолдарын қатар ұсыну стратегиясы

Р.Сыздық еңбектерінде негізге алынатын келесі стратегия – қоғамдағы және ғылымдағы шешілмеген мәселені дөп басып анықтау, оған оқырман назарын аудару және оны шешу жолдарын қатар ұсыну.

Бұл – бір жағынан, оқырманға **ой салу тактикасы** болса, екінші жағынан, **ғылымның даму перспективасын болжау тактикасы**. Мысалы: *Қазақ әдеби тілінің тарихына байланысты түбегейлі проблема осы тілдің ежелгі, ерте замандарда жасаған әдебиеттерге деген қатынасында жатыр* (79-б.). *Ең соңында мынадай ұсыныстар айтуға болады. 1) Қазақ әдеби тілі статусын әбден айқындау үшін әлі де әдеби тіл теориясын меңгере әрі толықтыра түсу міндеті күн тәртібінен түспесін... (81-б.). Сондықтан қазақ тілі тарихына қатысты текстерді дайындауды қолға мықтап алмас бұрын текстолог мамандар дайындау қажет. Ол үшін, айталық, осы институттың жанынан екі-үш адамнан тұратын семинар ұйымдастыру керек пе, әлде Москва, Ленинградтарға жіберіп, оқытып алу қажет пе, әйтәуір, кадр дайындауды ойластыру жөн... (82-б.). Демек, советтік кезеңге дейінгі қазақ тілінің күй-қалпы, даму дәрежесі қандай еді? Онда «әдеби», «жазба», «ұлттық» деген сипаттар болды ма? Бұларды айқындап алу – принципті мәселе... (57-б.). Бұл мәселені объективті түрде шешу үшін әр халықтың ауыз әдебиетінің сол қоғам өмірінде атқаратын әлеуметтік-мәдени рөліне жеке-жеке қарау керек... (13-б.). Міне, схема түрінде ғана баяндалған бұл проблемалардың әрқайсысы – бір-бір монографиялық тақырып* (64-б.).

(Ғылыми таным үзіктері 2-том).

### 5. Метатілді қазақыландыру стратегиясы

Р.Сыздық еңбектерінде басшылыққа алынатын негізгі стратегиялардың бірі – ана тілінің тазалығын сақтау. Осы стратегияны жүзеге асыру мақсатымен, ғалым ұсы-

нылған ақпаратты оқырманның қабылдауын барынша жеңілдетудің тиімді жолы ретінде терминдердің қазақша баламасын қолдануды дұрыс санайды. Бұл – **сөздің коммуникативтік сапаларын (сөз тазалығы) сақтау тактикасының** айқын мысалы. *Жалаңаш ой шолымы (умозрительное суждение), өнеге сөз (сентенция), творчестволық контекст (суреткердің өзіндік қолтаңбасы), заңдастыру (кодификация)* (Ғылыми таным үзіктері 1-том: 30, 61, 62, 2-том: 63 бб.).

### **6. Сендіру стратегиясы**

Р.Сыздық өз еңбектерінде сүйенетін тағы бір негізгі стратегия – сендіру стратегиясы. Көркем шығарма авторы үшін оқырманды қызықтыру маңызды болса, ғылыми мәтін авторы үшін жасалатын әрбір тұжырымының сенімді болуы маңызды. Р.Сыздық ғылыми зерттеуіне арқау болған кез келген мәселені талқыламас бұрын, оқырманға сауал тастайды. Бұл үшін риторикалық сұрақ қоюды жөн санайды. Мұны **сұраулы конструкцияларды тиімді пайдалану тактикасы** деуге болады. Мысалы: *Бұл – ненің әсері? Орыс тілінің бе? ... (61-б.). Сөз етіп отырған дәуірде қазақ даласының тіл мен жазу тәжірибесінде нелер бар еді? (12-б.), Бірақ қандай дәрежеде? (17-б.)* (Ғылыми таным үзіктері 2-том).

### **7. Тарихи сабақтастықты сақтау стратегиясы**

Академик Р.Сыздық еңбектерінде тарихилық принципі мен жаңашылдық үрдісі керемет үйлесім тапқан. Саналы ғұмырының едәуір бөлігін қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге арнаған ғалым ана тіліміздің тамырын барынша тереңдетті. Орта ғасырларда жарық көрген әдеби мұралар мен жыраулар поэзиясының, зар заман ақындары шығармалары мен қазіргі көркем сөз шеберлерінің туындылары арасындағы сабақтастықты, әдеби дәстүр жалғастығын көрсету мақсатымен ғалым әдемі, бейнелі сөз орамдарымен қатар, қарапайым грамматикалық формалардың да ескі қазақ жазба тіліндегі нұсқаларын ұдайы жұмсауды әдетке айналдырған. Бұл – **тарихи жадымызды жаңғырту тактикасы**. Мысалы: *Лексика саласын байытудың екінші арнасы – өзге тілдерден сөз ауыстыру тәсілі басты әрі өнімді тәсілге арналды, оның сан жағынан арасалмағы артты және көзі өзгерді. Әңгімені соңғыдан басталық (60-б.). Біздіңше, жоқ болса да, жанама түрде болса да дәлелделік (61-б.). Сөз етіп отырған дәуірде қазақ даласының тіл мен жазу тәжірибесінде нелер бар еді? Әңгімені содан басталық (12-б.)* (Ғылыми таным үзіктері 2-том).

Сонымен академик Р.Сыздық еңбектеріне жасалған прагмалингвистикалық талдау нәтижесінде ғалым қолданған *стратегиялар мен тактикалардың* жалпы ғылым тілін зерттеу шеңберімен қатар, қазақ тілінің келешегін де айқындауға септігін тигізетін әлеуеті зор екенін көреміз. Әлбетте, тілді зерттеу барысында қолданылатын стратегиялар мен тактикалар саны мұнымен шектелмек емес. Біз жоғарыда келтірілген стратегиялар мен тактикалардың ғалым зерттеулерінде кездесу жиілігіне назар ау-

дардық. Себебі, жиілік – сандық көрсеткіш десек, оның артуы сапалық көрсеткішке негіз болатыны мәлім.

Жалпы мәтін лингвистикасын зерттеушілер идиостиль автордың шығармаларын басқаларынан айқын ажырататын белгілі бір тілдік құралдардың болуымен сипатталатынын айтады. Оларға, ең алдымен, **лексика-семантикалық тілдік құралдар** жатады, оның ішінде, әсіресе, метафора, семантикалық қарама-қарсылық, авторлық ескертпелер мен түсініктемелер ерекше орын алады.

**Синтаксистік ерекшеліктер** арқылы көрініс табатын автор мәтінінің бірегейлігі риторикалық сұрақтардың болуымен, төл сөздерімен, автордың түсіндірмесі немесе жақшаға алынған ескертулерімен, сондай-ақ қыстырма сөздер, қыстырынды конструкциялар және балама құрылымдармен сипатталады.

**Стилистикалық деңгейде** идиостильдік ерекшеліктер сөзжұмсам регистрлері мен стильдердің араласуы, сондай-ақ әртүрлі стильдер элементтерінің бір мәтінде тоғысуы арқылы көрініс береді.

Осы тұста ғалымның идиостильін танытатын керемет бір қыры ретінде оның ғылыми-көпшілік дискурсына тән мәтінге тақырыпат қоюындағы шеберлігіне тоқтала кеткеніміз дұрыс. Мәтінді қабылдау – бірнеше кезеңнен тұратын күрделі процесс. Онда оқырман ең алдымен тақырыпатқа назар аударады, содан кейін ғана тұтас мәтінде берілген ақпаратты қабылдайды. Мәтінмен танысқаннан кейін оның мазмұны оқырман жадында сақталады. Тақырыпат мәтіннің әр бөлігінде баяндалатын ақпараттарды біріктіріп, өзара байланысты, тұтас ой ретінде қабылдауға негіз болады [7, 378].

Мысалы, мақала **тақырыпатының сұраулы конструкциямен** берілуі: *Ахмет Байтұрсынұвты тануға қалай бардым, яғни кім себепкер болды? »Ана тілдің немесе терминдердің қасиетін білейік»»қазақыландыра» береміз бе? Тілдегі кібіртектер қайдан туады? Тілдегі жаңалықтардың сыры неде? Қазір қазақ тілінде қалай сөйлеп жүрміз? т.б.*

Тақырыпаттың прагматикалық қуатын арттыру үшін ондағы сөздердің **ассонанс және аллитерация құбылыстарына** құрылуы: *Құдіретті құрал, Әсем сөз – әсерлі сөз, Сахна сәні, Шахан шерткен сыр т.б.*

Тақырыпаттар мәтінаралық байланыстарды жүзеге асыру арқылы мәтіннің оқырман қауымға тигізетін әсерін айшықтауы ықтимал. Тақырыпаттарда **мәтінаралық референцияларды қолдану:**

*Үш арысқа ілтипатым бір төбе* («Ер Төстік» ертегісінің кейіпкері Ерназардың «Сегіз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе...» деген сөзінің моделімен жасалған тақырыпат).

*Көрікті ойдың өрнегі* – Абайдың «көкейдегі көрікті ойдың сыртқа шыққанда өні қашады...» деген сөздің моделімен жасалған тақырыпат.

Тақырыпаттың **етістіктің тиянақсыз формасында аяқталуы:**

*Алтын тамырымызды іздеп, көмбені қазғанда...*

*«Беласқанды» таң асырмай оқығанда...*

*Сирия сапарында...*

*Нар жүгін азаматтай арқалаған...*

Сонымен Р.Сыздық тақырыпатты, ғылыми мәтінге арқау болған мәселені оқырман ә дегенде аңғаратындай, қызығушылығын оятатындай, тіпті баурап алатындай етіп, асқан тапқырлықпен қоя білген. Бұл да ғалымның жастайынан көркем әдебиетті сүйіп оқып, оқығанын көңілге тоқып, ана тілінің асыл қазынасын терең меңгергендігін көрсетеді.

Жоғарыда жасалған талдау академик Р.Сыздық *идиостилинің осы үш деңгейді* толық қамтитынын көрсетеді. Ғалымның тіл білімінің әр алуан саласы бойынша жазылған құнды мұраларын аталмыш деңгейлерде жан-жақты зерттеу келешек еншісінде. Бұл ұстазымыздың сара жолын жалғастыру үшін ғана емес, ана тіліміздің болашағы үшін де ерекше маңызға ие.

Қорыта келгенде, қазіргі филология ғылымындағы тілдік тұлға туралы түсініктер аясында **«кәсіби тілдік тұлға»** ұғымы ерекше орын алады. **Кәсіби тілдік тұлға** – кәсіби дискурсты қалыптастырудың қайнар көзі. Онда коммуникациядағы мәртебесіне сәйкес сөйлесу талаптарын қамтамасыз ететін тілдік ерекшеліктердің болуы – заңдылық. Дегенмен, кәсіби қарым-қатынастағы қатаң ережелер кәсіби дискурс субъектілерінің өз бірегейлігін ашып көрсету мүмкіндігін жоққа шығармайды. Кәсіби тілдік тұлғаның сөз арқылы ойлау әлеуеті институционалды дискурстың белгілі бір түріне тән негізгі белгілердің сөйлеу коммуникациясындағы субъектінің даралық ерекшеліктерімен үйлесуі арқылы ашыла түседі. Филология саласындағы кәсіби тілдік тұлға ұғымының мазмұны академик Р.Сыздыққа қатысты алғанда толығымен ашылады деуге толық негіз бар.

#### **Әдебиет:**

1. <https://www.facebook.com/share/p/2m9MAg4fNhSBX9az/?mibextid=xfxF2i>  
<https://www.facebook.com/share/p/2m9MAg4fNhSBX9az/?mibextid=xfxF2i>

2. Стилистический энциклопедический словарь русского языка. – М., 2011.

3. Формановская Н.И. Речевое общение: коммуникативно-прагматический подход. М., 2002.

4. Сокальская, А. Н. Авторские новообразования в научном тексте / А. Н. Сокальская // Сборник научных трудов молодых ученых. – 2003. С.173-176.

5. Жеребило, Т. В. Словарь лингвистических терминов / Т. В. Жеребило. – Назрань: ООО «Пилигрим». – 2010. – 486 с.

6. Әлметова Ә. Лингвомәдениеттану негіздері. Оқу құралы, – А., 2016

7. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиамәтінінің прагматикасы. – А., 2007

**Г.Сағидолда**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

## **Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЯСАУИТАНУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ**

**Аңдатпа.** Сопылық ілім дәстүрі мен тәжірибесін, сондай-ақ ясауитанушы белгілі ғалымдардың тұжырымдарын талдау, зерделеу – ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамының рухани-діни қажеттіліктерін өтеумен тығыз байланыста болып келетін өте өзекті мәселе. Мақалада қазіргі Ясауитанудың гуманитарлық сипаттағы ғылым ретіндегі маңызы өзектеліп, академик Рабиға Сыздықтың «Ясауи «Хикметтері» тілі зерттеуінің осы саладағы орны бағамдалады. Ясауидің «Диуани хикметтері» тілінің концептілік өрісін зерттеу мәселесі Р.Сыздықтың ясауитанудың лингвистикалық бағытының алдына қойған мақсат-міндеттерімен сабақтастырылады. Нәтижесінде Ясауидің «Диуани хикметтері» тілінің когнитивтік-концептуалдық құрылымдарының ішкі мағыналық-мазмұндық тұрпатын ислам қағидаттарына, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына катысты «лингворухани код» тұрғысынан талдауға талпыныс жасалады.

**Тірек сөздер:** Ясауитану, Ясауи мұралары, Ясауи «Хикметтері» тілі, қолжазба мәтін, аударма мәтін, қазіргі түркі тілдері, когнитивтік-концептуалдық құрылым, концепт, концептілік өріс, лингворухани код.

**Abstract.** The study of traditions and experience of Sufi teachings, as well as the conclusions of prominent Yasawi scholars, is a highly relevant issue, closely tied to meeting the spiritual and religious needs of Kazakh society in the XXI century. In this regard, the article highlights the significance of modern Yasawi studies as a branch of humanitarian science, analyses the role of the study of academician Rabiga Syzdyk's work 'the language of "Hikmets" Yasawi' in this direction. Actual problems of studying the conceptual field of language in Yasawi's 'Diwani Hikmet' will be correlated with the goals and objectives set by Rabiga Syzdyk to the linguistic direction of Yasawi studies. As a result, an attempt will be made to analyze the cognitive-conceptual structures of 'Diwani Hikmet' from the perspective of the 'linguo-spiritual code' in relation to the principles of Islam and the national values of the Kazakh people.

**Keywords:** Yasawi studies, Yasawi heritage, the language of "Hikmets" Yasawi, handwritten text, translated text, cognitive-conceptual structure, concept, conceptsphere, linguo-spiritual code.

**Аннотация.** Изучение традиций и опыта суфийского учения, а также выводов известных ученых-ясавиеведов – актуальный вопрос, непосредственно связанный с удовлетворением духовно-религиозных потребностей казахского общества в ХХІ



веке. В связи этим в статье актуализируется значимость современного ясавиведения как отрасли гуманитарной науки, анализируется роль исследования академика Рабига Сыздыка «Язык «Хикметов» Ясави» в этом направлении. Актуальные проблемы изучения концептуального поля языка в «Дивани хикмет» Ясави будет соотнесена с целями и задачами, поставленными Рабига Сыздыка перед лингвистическим направлением ясавиведения. В результате будет предпринята попытка анализировать когнитивно-концептуальных структур «Дивани хикмет» с точки зрения «лингводуховного кода» в контексте принципов ислама и национальных ценностей казахского народа.

**Ключевые слова:** Ясавиведение, наследие Ясави, язык «Хикматов» Ясави, рукописный текст, переводной текст, современные тюркские языки, когнитивно-концептуальная структура, концепт, концептосфера, лингводуховный код

Оценивается языковое исследование Рабиги Сыздыка «Ясави «Мудрости» в этой области.

Ясауитану – түркі жұртшылығына ғана емес, күллі ислам әлеміне танымал философ-сопы, ақын, ғұлама, данагөй ұстаз Қожа Ахмет Ясауидің (1167 ж.ө.) өмірі, туып өскен ортасы, ұрпаққа аманаттаған мұрасы, ұлы тұлғаның ислам діні тарихындағы және ислам мәдениетіндегі, сонымен қатар түркі жұртының рухани мәдениетіндегі орны, Ясауи мектебінің өкілдері мен олардың шығармаларындағы сопылық дәстүр сабақтастығының өміршеңдігі сияқты көптеген келелі мәселелерді Х-ХІІ ғасырлардағы Қараханид мемлекетінің құрылу, гүлдену және құлдырау кезеңімен, қараханидтер заманындағы феодалдық қатынастар және мемлекеттік құрылымның жүйесімен, исламдағы сопылық ағымның Орта және Орталық Азияда таралуымен, сол кездегі түркітілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік, шаруашылық жағдайымен, рухани мәдени әлемімен, тұрмыс-тіршілігімен сабақтастықта зерделейтін дербес ғылым саласы ретінде қалыптасу процесін бастан өткеруде деуге болады.

Қазақ ғылымында «Ясауитану» саласының дүниеге келуін академик Р.Сыздық ХХ ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап Қазақстанның дербес тәуелсіз ел деп танылып, қазақ халқының саяси-рухани азаттыққа ие болуымен, нәтижесінде әлеуметтік, идеологиялық ахуал өзгеріп, ұлттық сананың, жеке адамдардың рухани дүниесінің жаңа сипат алуымен, жаңа сатыға көтерілуімен байланыстырады. Р.Сыздық: «ХІІ ғасырда жасап өткен, түркі халықтары арасындағы белгілі діни-идеологиялық ағымның негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауидің қызметі мен шығармашылығына айрықша назар аударылып, оның «Хикметтер» деп аталатын поэтикалық мұрасы бүгінгі жұртшылыққа ұсынылып отыр, ол қазақ тіліне аударылып, көптеп жарыққа шығуда. Ислам дінінің бүгінгі қазақ халқының және еліміздегі өзге де мұсылман жұрттардың рухани өміріндегі орны мен қызметіне, өткендегі тарихы мен бүгінгі күй – жайына мейлінше назар аудару тек практикалық іс-әрекеттер (мешіттердің салынуы, жеке

басылым дар мен баспасөз беттерінде ислам негіздерінің түсіндіре бастауы, діни оқу орындарының ашылуы т.б.) саласында ғана емес, білім мен ғылым өрісінде де орын алып отыр. Осылайша қазақ ғылымында «ясаутану» саласы дүниеге келді. Қазақстандағы ясаутану 1990 жылы қазан айында Түркістан қаласында «Ясауи әлемі» атты дөңгелек үстелде өткізілген халықаралық жиыннан бермен қарай жандана бастады» – дейді [1, 16].

Жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рух пен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы «Диуани Хикмет», «Мират-ул Қулуб», «Пақырнама» сияқты мұраларынан көрінеді. Бұлардың ішінен лингвистикалық бағыттағы ғылыми зерттеулердің нысанына көбірек ілігіп, қолжазба нұсқалары (факсимилесі) мен мәтіндері, аудармалары ұсынылып, тілдік түп негізі, қазіргі түркі тілдеріне қатысы тұрғысынан біршама зерттелгені – «Диуани Хикмет» («Даналық сөздер»).

«Диуани Хикметті» зерттеумен түрік ғалымы М.Ф. Кепрюлю-заде, орыс ғалымдары А.Н. Самойлович, Е.Э.Бертельс, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, өзбек ғалымдары Э.Р. Рустамов, Н.М. Маллаев, В.И.Захидов т.б. айналысты. Жыр жинағы 1887, 1901 жылдары Қазанда, 1901, Стамбулда, 1902, 1911 жылдары Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шыққан [2].

«Диуани Хикметті» лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мәселесінде, әсіресе орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерінің қалыптасуы мен дамуы проблемасымен айналысқан П.М.Мелиоранский, К.Залеман, А.Н. Самойлович, Е.Э.Бертельс, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, С.Е.Малов, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Ә.Нәжіп және т.б. орыстың түркітанушы ғалымдарының, сондай-ақ М.Ф.Кепрюлю-заде (Ф.Көпрулу), А.Серткая, А.Ержиласун, К.Ераслан сияқты түрік ғалымдарының, Э.Р. Рустамов, Н.М. Маллаев, В.И.Захидов тәрізді өзбек ғалымдарының қосқан үлесі ерен болды. Ясауи мұралары бүгінде М.Узун, М.Тахрали, С.Улутоғ, Н.Йилмаз, Х.Биже, М.Демиржи, М.Тайши, Х.Алтинташ, Н.Зейбек, И.Хаққұл, С.Сейфуллах, Н.Хасан, Г.Хусайнов, т.б. түркі әлемінің жас буын ғалымдарының зерттеу нысанына айналып отыр.

Қазақ зерттеулершілерінің ішінде ең алғашқылар болып Қожа Ахмет Ясауи жайында ой қозғаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болды. XX ғасырдың басында көптеген кедергілердің болуына қарамастан қазақ зиялылары Қожа Ахмет Ясауи туралы танымдық мақалаларын баспа беттерінде жариялап отырды. Мәселен, М.Дулатұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінің 16-санында жарияланған «Хазіреті Сұлтан» атты мақаласында Ясы қаласына Қожа Ахмет келгеннен соң, ел-жұртқа даңқы қатты жайылғанын жазады. Ал Қ.Жұбанов Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметі» туралы ойын былайша тұжырымдайды: «Қожа Ахмет Ясауи – көп оқыған адам. Ол араб, парсы тілдерін білген. Бірқатар әдебиет, аңыздарды да білетін тәрізді. Оның «Диуани Хикметі» өз кезіндегі Ислам дінін тұғынушы жалпы түрік елдерінде ардақты кітап

болған. Өйткені, «Диуани Хикмет» жалғыз дін дәстүрлерін ғана емес, ақыл-нақыл және жағымды әлеуметтік хұлық мінездерді де үйреткен. «Диуани Хикмет» деген кітап атының мәнісі де «Ақлият сөздердің жинағы» деген болады. Тіл зерттеу үшін де немесе ол кездегі халқымыздың түрін зерттеу үшін де «Диуани Хикметтен» бірқатар құнды деректер табылары даусыз» [3, 201].

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы Р.Ф.Сыздық, Ә. Құрышжанов, М.Мырзахметұлы, М.Жармұхамедов, С.Дәуітұлы, З.Жандарбек, А.Ахметбекова, Д.Кенжетай, Б.Қорғанбеков, А.Әбдірасылқызы, А.Әбдуов, Ғ.И. Көшенова сияқты қазақ ғалымдарының еңбектерінде әр қырынан сөз болады [4,79-80].

Ясауи «Хикметтері» тілінің негізі, тілдік арқауы мәселесіне зер салсақ, ясауитану саласында бұл мәселе бойынша әр түрлі пікірлер орын алатыны байқалады. Мәселен, неміс ғалымы профессор М. Хартман «Диуани Хикмет» шағатай тілінде жазылған десе, мажар ғалымы Г. Вамбери «Диуани хикметтің тілі – қоқан диалектісі» – деп біледі [5, 202]. Ә. Нәжіп Қараханид дәуіріндегі қарлұқ-ұйғыр әдеби тілімен қатар, XII ғасырда Сырдарияның төменгі жағында қыпшақ-оғыз әдеби тілі өмір сүргенін, ал XIV ғасырда Алтын Орда аймағында оғыз-қыпшақ және қыпшақ-оғыз әдеби тілдері қатар қолданыста болғанын айтады. Орта ғасырларда пайда болған әдеби мұралардың барлығы дерлік осындай аралас тілдерде жазылғанын алға тарта отырып, «Ясауи тілінің негізінде қыпшақ-оғыз әдеби тілі жатыр» деген тұжырым айтады [6]. Ә.Нәжіптің бұл пікірін Ясауи «Хикметтерінің» тілін Самарқанд қолжазбасы бойынша жан-жақты зерттеп, монографиялық жұмыс жазған ғалым, академик Рәбиға Сыздық қолдайды [1, 106-110].

Ясауи «Хикметтерінде» араб, парсы кірме сөздері де көбірек қолданылады. Мұның себебін Ф. Көпүрүлү Ясауи өмір сүрген кезеңде араб тілінің дін тілі ретінде таралуымен, ал парсы тілінің әдеби тіл белесіне көтерілгендігімен байланыстырады [7,73]. Р. Сыздық Ясауи «Хикметтерінде» (Самарқанд нұсқасы) араб, парсы кірме сөздері 40-43%-дай, түркі сөздері шамамен 57-60%-дай пайызды құрайтынын [1, 69], ал Қарахан дәуірі ескерткіштерінің сөздігін құрастырған түрік ғалымы Эмек Үшенмез «Диуани Хикметте» жалпы 2208 сөз барын, оның 957-сі түркизм, 763-і арабизм, 588-і парсизм екенін, араб-парсылық кірме сөздер ескерткіштің сөздік қорының 61% құрайтынын айтады [8,182].

Ясауидің «Диуани Хикметтеріне» қатысты зерттеулері арқылы Р.Сыздық Ясауитанудың лингвистикалық бағытының жақын болашақтағы ғылыми бағдарламасын белгілеп берді деуге болады. Мәселен, Самарқанд қолжазба факсимилесінің тұтастай беру және қолжазбанының беттеу, қағаз беттері мен ондағы жолдардың ретке келтіру (нөмерленуі) [1, 393-610], араб графикасымен хатқа түскен қолжазбаның әр жолының қазіргі оқырман қауым мүддесіне сай қазақ қоғамы пайдаланып отырған кирилица таңбаларымен транскрипциялау [1, 199-286], қолжазба мәтінінің поэтика-

лық бояуының қанықтығын көрсету мақсатында өлең жолдарына келтірілген нұсқаны қатар ұсыну [1, 287-392], қолжазбада кездесетін араб және парсы сөздерінің қазақша аудармасын жасау, сондай-ақ бүгінгі қазақ тілінде дәл сол тұрпатта кездесе бермейтін жалпы түркілік сөздердің мағынасын түсіндіру, араб және парсы, немесе түркі сөздеріне қатысты қысқаша сөздіктерде әр сөзді иллюстративтік дәйектемемен көмкеру [1, 612] арқылы Р. Сыздық XVII ғасырға барып саятын Ясауи «Хикметтерінің» екі қолжазбасының біреуін (Самарқанд нұсқасын) лингвист, әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, философ, дінтанушы т.б. гуманитар ғалымдарға қолжетімді етті, басқаша айтқанда, қазіргі қазақ тіл білімі және түркітану саласы үшін аса маңызды ортағасырлық фактологиялық материалдар ресурсының көкжиегін кеңейтті.

Академик Р.Сыздықтың «Ясауи «Хикметтері» тілі» зерттеуінің Ясауитану бойынша жарық көрген үлкенді-кішілі өзге де зерттеулерден басты ерекшелігі – Ясауитанудың лингвистикалық бағыты бойынша зерттелуге тиісті мәселелерді ғылыми зерттеудің біртұтас бағдарламалық деңгейіне көтеруінде деп білеміз. Себебі зерттеудің өн бойы, әр тарауы, тіптен әр тараушасы келешекте «Ясауи мұрасы бойынша қандай мәселелер толыққанды шешімін табу керек?» деген сұраққа бағыт сілтейді. Мәселен, зерттеудің «Самарқанд (Залеман) қолжазбасы бойынша археографиялық мәлімет» тараушасында: «Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтерінің» тілін талдап, дұрыс тану үшін, олардың қолжазбалары мен басылымдарын, литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастырып, ең алдымен, олардағы шығармалардың авторларын айқындап алу керек» десе [1, 35], ал ескерткіштің сөз қазынасын түстеп түгендегенде сол кезеңдегі халықтың сөйлеу тілінің және жазба дәстүрдің ерекшеліктерін, олардың Ясауи мұрасына тигізген әсер ықпалдарын айқындауға, ескерткіш тілі мен қазақ тілі арасындағы сабақтастық пен айырым тұстарды нақты фактологиялық материалдарға сүйеніп анықтауға айрықша көңіл бөлу керектігіне назар аударады.

Р.Сыздық ескерткіш тілінің когнитивтік құрылымына (жүйесі) қатысты тақырыптарды қолға алуды да Ясауитанудың лингвистикалық бағытында орын алуға тиісті қазіргі таңдағы ғылыми басымдықтар қатарында атап көрсетеді.

Когнитивтік құрылымның негізгі элементтердің бірі – концепт. Концептіні этникалық дүниетаным мен ұлттық рухани-мәдени құндылықтардың тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық табуын қамтамасыз ететін семантикалық және семасиологиялық құрылым деп санасақ, Ясауи «Хикметтері» тілінің концептілік өрісін лингворухани код тұрғысынан қарастыруға тура келеді.

Ясауи «Хикметтері» тіліндегі Хақ тағалаға деген ғашықтықты, Мухамед (с.а.у.) пайғамбарға деген сүйіспеншілікті, адамдық пен әділдікті, иман мен әдептілікті, ар-ұят пен нәпсіні, ғаріптік пен жетімдікті сипаттайтын тіл бірліктері, нақтырақ айтсақ, рухани-мәдени лексика, діни терминдер және олардың қатысуымен жасалған бейнелі тілдік орамдар (фразеологизмдер, перифраздар, сөз-символдар т.б.) мазмұн-

дық ішкі құрылым жағынан алғанда қазақтың ұлттық құндылықтар жүйесінің ділдік және діни тұғырына жетелейтін лингворухани код қызметін атқарады деуге болады.

Рәбиға Сыздық Ясауи ұстанған сопылық ілімдегі *махаббат* деген ұғымды *аш куллаһ* деп көрсетіп, оның мәні *Аллаға деген шынайы, риясыз махаббат* екенін жазады. Бұл сөз «Хикметтерде» *«ишиқ»* деп беріледі де, ал аударма мен қолжазбаларда *ашиқ-лық, ашиқ* болып бірнеше нұсқаларда көрініс береді.

«Ғашықтық» концептісінің өрісіне махаббат, сезім, сүйіспеншілік, жақсы көру, сағыныш, т.б. дерексіз ұғымдар атаулары және олардың ішкі мазмұндық құрылымы енеді. Ясауидің хикметтеріндегі *ғашықтық* – Бір Аллаға, Хаққа деген шексіз сүйіспеншілік, барлық парыз етілген амалдар мен шарттарды шынайы орындаудан көрінеді

Ясауи «Хикметтерінде» адамның рухани кемел тұлғаға айналуында адастырмас жол – *Хақ жолын таңдау* деп көрсетіледі:

*Ей бихабар ма ны бұ дүр деб байан қылдым,  
Бір айатны йүз мың ма ныда айан қылдым  
Хорлық зарлық машаққатны нишан қылдым,  
Андын соңра Хақ йолыгә түштүм мән-а – дейді [1, 356].*

*Хақ жолын таңдау, Хақты табу, Хақ нұрына бату* осы жолда мехнат көру, азап шегу – Ясауи «Хикметтерінің» концептілік өрісіндегі ең басты идея ғана емес, концептілік өрісті құрайтын барлық шеңберлердің мазмұндық құрылымын құрайды.

*Хаққа сығыныб келдүм мән-а (76а/б; 77а), Хақдың қорқұб отгә түшмәй піштім мән-а (78а), Хақ әмірні мәхкәм тұтмай мәні жәһіл (78б), Алла Хаққы андағ құлға сижжин таййар (80а), Хақ йадыны нуры бірлә ақты болгай (84)* және т.б. жыр жолдары «Хикметтердің» концептілер жүйесін құрайтын компоненттердің арасында *Хақ* лексемасының эмотативтік-экспрессивтік бояуы ерекше қанық болып келетінін аңғартады. «Хикметтер» тілінде жиі ұшырасатын *Хаққа сығынып* тіркесі «Жаратушының күзіретіне жүгіну», «Жаратушыдан жәрдем сұрау» мағыналарында жұмсалады. Мысалы:

*Қырқ йашымда Алла дедім йол тапай деб,  
Ерәнләрні ізін алыб һәм өпәй деб,  
Хизмет қылыб һәр сир көрсәм мән йапай деб,  
Зәті ұлұғ хожса сығыныб келдүм сәңә (94а)  
Рахман атлығ рахматыңны ұлұғ білдім  
Зәті ұлұғ хожсам сығыныб келдүм сәңә (95а).*

Түркілік лексикографиялық көздерде *сығын-* / *сыйын-* лексемасы «қауіп-қатерлерден қашып, сенімді бір жерді паналау», «жан сақтау мақсатында бір жерге немесе бір кісіге жүгіну»; «жан сауғалау», «көмек сұрау», «Алладан медет тілеу»; «Құдайға сену, Құдайға құлшылық ету»; «біреуге Құдайдай сену, пір тұту» мағыналарында тіркеледі [9].

Ясауи «Хикметтерінде» жалпытүркілік «Жаратушы» (*Йаратқан/ Йаратған/Йаратан/Йарадан* > *йара-* > *йарат-* «жөктан бар жасау, жарату»), көне түркіден бермен қолданылып келе жатқан «Тәңір» (*Таңры/Тәңрі*), түп негізі араб тіліне барып саятын *Хақ, Алла (Аллах)*, фарсизм *Құдай (Худа)* лексемалары синонимдік қатар құрайды. Мысалы:

*Тәңрім* хам таманы бәндәм демес(72а);  
дәніш беріб зайф құлны сарраф қылса  
разы болуб шуқури *Худа* еткүм мән-а (45b);  
сахар тұрұб *Худайымгә* зари қылсам  
зари қылыб *Хақ йолыда* фәни болсам(47а);  
қорқын емді қорқын емді бір *Худаға* йалбарыб (67а)  
хамидлар дек хәмд-у сәнә көбайтсам мән  
көңлүм құшы көккә йүзіб йеткүм мән-а  
хилүэт ічрә *Алла* деген ашиқлар дек (45b).

Әйтседе «*Алла, Хақ, Құдай* деген параллельдердің тіркес құрап, терминдік бірлік ретінде келулері бірдей емес. Мысалы: *Алла деді* дегеннің орнына, *Құдай деді, Хақ деді* деген альтернаттар жоққа тән. Байқауымызша, *Алла* синонимі көбінесе символдық мәнде қолданылады. Мысалы: *Алла деді Хақ нурыгә баттым дуствлар* (93а,7). Бұл жерде *Алла деу* – «Алланы бар деп, бір деп тану, сыйыну мағнасында, ал осы сөйлемдегі *Хақ нурыгә бату* – сол сыйынудың нәтижесін көру» – дейді Р.Сыздық [1, 84].

Ахмет Ясауи «Хикметтерінде» Аллаға шексіз ғашық болуды дәріптей отырып, ислам дінінің ғана емес, Мухамед пайғамбар (с.а.у.) үмбеттерінің кемелденуінің өзегі етілетін *иман* тұжырымдамасын жасады. Соған сай Ясауи «Хикметтері» тілінің концептілік өрісінде «Иман» адам болмысының кемелденуіне апаратын лингворухани кодтардың бастысы бола алады.

Ясауи «Хикметтері» тілінде *иман* – адамның Аллаға, Хақ тағалаға деген шексіз ғашықтығы, Алланың құлы және елшісі Мухамед пайғамбарға (с.а.у.) деген риясыз сенімі, исламды шын жүректен қабылдай алуы. Хикметтер тілінде «Иман» концептісі өзінің құрылымдық шеңберіне ар, ұят, әдеп, сыйластық, кішіпейілділік, кешірім, адалдық, кемелдену, әділдік сияқты ұғымдар жинақтайды деуге болады.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (2008) *иман* сөзінің негізгі үш мағынасы көрсетіледі [10, 353-354]: 1. Ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным. 2. Адам бойындағы ізгілік, адамгершілік; 3. Белгілі бір әс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт.

*Иман* сөзі тірек компонент болған фразеологизмдер қазақ тілінде көптеп кездеседі: *иман айтты* – құдайға құлшылық етті, дұға оқыды; *иман келтірді* – шарифат заңы бойынша аят оқыды; *иманын үйірді* – 1) адам өлер сәтінде Құран аяттарын оқу; 2) қатты қорықты; *иман жүзді кісі* – кішіпейіл, жүзі жылы адам; *иманы бетінде үзіліп тұр* – ұян, ибалы, тәрбиелі; *иманын ұшырды* – үрейін алды, қорқытты; *иманын сатты* – ар-ұятын саудаға салды; *имандай ұйыды* – бар ынта-ықыласымен иланды, сенді және т.б.

Түркі тілдерінің басым көпшілігінде *иман* сөзінің тура және ауыспалы мағыналарында, *иман* сөзіне қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған туынды негіздердің мән-мағынасында, сондай-ақ *иман* сөзінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктердің образдық негізі мен білдіретін мағыналарында да көптеген ұқсастықтар мен ортақтықтар орын алады. Мәселен, әзербайжан тілінде: *iman (islamın beş şartından biri, Allahdan başka tanrı olmadığına inan; inan, dini etiqad)*; *dürüstlük, təmizlik, vicdanlılıq; insanlıq; иманды* imanlı, saleh; *имансыз* imansız, mürtəd; *vicdansız, şərəfsiz*;

башқұрт тілінде: *иман (исламдың биш әмеренең береһе, Аллаһтан башка илаһ юклығына инаныу; инаныс, дини инаныузар)*; *намыслығы, әзәплелек, выжданлығы; кешелеклек; иманды* иманлы, хак; *имансыз* иманһыз; *намысһыз, оятһыз*;

қара-қалпақ тілінде: *ıyman (islamın bes üstinleriniñ biri, Alladan başka karamat joqlığına iseniw; din, diniy isenim)*; *haqqóylik, tuwrılıq, insaplılıq; adamgershilik; иманы жоқ* insapsız, ımansız; *isenim; иман айту* ıymanıñ oqıw; *иманын берсин!* ıymanıñ bersin (*qaytis bolğan adamğa*)! *иманы жолдас болсын!* / *иманы саламат болсын!* ıymanı joldası bolsın! *имандай* ımanday (*Allağa*); *haqıyqıy, tuwrı*); *имансыз* dinsız, ımansız; *haram, insapsız; имансыздық* ımansızlıq; *insapsızlıq, haramılılıq; иман жүзді* ıyman júzli, jıllı júzli, *haq kewil; insaplı; иман келтіру* ıyman keltiriw; *иманы күйсін!* ıymanı kúysin! *Allanıñ ózi jazasın bersin! иманы қашу* ıymanı qashıw; *иманын сату* ıymanın satıw, *aldaw; иманы ұшу* ıymanı ushıw, *qattı, ábden qorqıw*;

қарашай-балқар тілінде: *ийман (ислам динни беш фарызындан бири, Аллахны бирлигине ийнанмакълыкъ; диннге ийнаньу)*; *кертгичилик, тюзлюк, адеплилик/адеб-лилик, намыслығы, тыйымлығы, уятлығы; адамлығы; иман айту* ёле башлағанда *ийман-шахадат/шағадат келтирирге; иманды* ийманлы, *дин ахлусу, дин ахлы, мубарек; имансыз* дин тутмағъан, *Аллахха ийнанмағъан, иймансыз, муртат; сыйсыз, намыссыз, бетсиз, бедер, уялмағъан; имансыздық* Аллахха ийнанмау; *бетсизлик, уятсызлыкъ, сыйсызлыкъ, намыссызлыкъ; иманы кәміл болу* къаты ийман-

лы; **иманы күйсін!** ийманы кьурусун! жокь/джокь болсун!; **иманын сату** ийманын сатаргъа;

кұмық тілінде: иман (ислам динни бешден бир насигъаты Аллагъдан кьайры башгъа Аллагъ ёкълугъу иман, дин инанывлары); намуслулукъ, кьыръятлылыкъ, тазалыкъ, тюзлюк, намуслулукъ, шайлылыкъ, адамлыгъы барлыкъ, кьырыятлылыкъ; адамлыкъ; **иманын берсін!** Аллагъ иманын берсин!; **иманы жолдас болсын!** иманы ёлдаш болсун! **иманы саламат болсын!** иманы саламат болсун! **иманды** иманлы; динли гиши, дин юрютеген гиши; **имансыз** имансыз, мунапикъ; намуссуз, биябур, намуссуз;

кыргыз тілінде: ыйман, ишеним (*исламдагы беш парздын бири, Аллахтан башка Кудай жок; ишеним, диний көз караш*); чынчылдык, адамкерчиликтик, ыймандуулук; **иманы жоқ** ыйманы жок, уятсыз; **ол иманына берік** ал ыйманына бекем; **иман айту** ыйман айтуу; **иманын берсін!** ыйманын берсин (*каза болгон адамга*)! **иманы жолдас болсын** ыйманы жолдош болсун! **иманы саламат болсын!** ыйманы саламат болсун! **имандай** ыймандай (*Аллахка ишеним*); **иманды** ыймандуу, Кудайга ишенген; **имансыз** ыймансыз, ишенимсиз, Кудайга ишенбеген; уятсыз; **имансыздық** ыймансыздық; уятсыздық; **иманишарт** ыйман-шарт, сыйынуу эрежелеринин жыйнагы;  $\diamond$  *фр.* **иман жүзді** ыйман жүздүү; ыймандуу; **иманы кәміл болу** ыйманы бекем болуу; **иман келтіру** ыйман келтирүү, шарият боюнча бир сүрөө окуу, Кудайга кайрылуу; **иманы күйсін!** ыйманы күйсүн! Каргыш алсын!; **иманы қалмау** ыйманы калбоо, абдан коркуу; **иманы қашу** ыйманы качуу, коркуу; **иманын сату** ыйманын сатуу, бирөөнү сатып салуу; **иманын таразыға салу** ыйманын таразага салуу, баалоо; **иман тілеу** ыйманын тилөө, Кудайдан кечирим тилөө; **иманы ұшу** ыйманы учуу, абдан коркуу; чыныгы;

өзбек тілінде: imon (*islom dinidagi besh farzdan biri, Ollohdan boshqa iloh yo 'qligiga ishonish; ishonch, diniy e'tiqod*); to'g'rilik, tartiblilik, vijdonlilik; odamgarchilik; insoniylik; **иманы жоқ** imonsiz, vijdotsiz; **ол иманына берік** uning imoni butun; **иман айту** imon keltirmoq; **иманын берсін!** imonini bersin! Joyi jannatda bo'lsin!; **иманы жолдас болсын!** imoni yo'ldoshi bo'lsin! **иманы саламат болсын!** imoni salomat bo'lsin; **имандай** imonday, e'tiqod ramziday; haqiqiy, to'g'ri; **иманды** imonli, e'tiqodli; **имансыз** imonsiz, e'tiqodsiz; noto'g'ri, vijdotsiz; **имансыздық** imonsizlik, e'tiqodsizlik; vijdotsizlik, insofsizlik; **иманы кәміл болу** imoni komil bo'lmoq; **иман келтіру** imon keltirmoq; **иманы күйсін!** imoni kuysin!; baloga yo'liqqur; **иманын сату** imonini sotmoq; xiyonat qilmoq;

татар тілінде: дин (*исламның биш васыятенең берсе, Аллаһыдан башка алла булмауга ышану; иман, дини ышанулар*); намуслылык, әдәплелек, яхшылык, вөжданлылык; кешелеклелек; **имансыз** динсез, имансыз (Аллага ышанмау); намуссыз, оятсыз;

түркімен тілінде: iman (*Alladan başga Huday ýok, baş parzyň biri*); hakykatçylyk, tertiplilik, wyždanlylyk; adamkärçiliklik;



түрік тілінде: iman; inanç; edep, ahlaklılık; dürüstlük, namusluluk; mahkumiyet, kanaat, inanma, inanç (*İslam'ın beş emrinden biri, Allah'tan başka tanrı olmadığı inancı; dini inançlar*); dürüstlük, vicdanlılık; insanlık; **иманды** imanlı, inançlı; edepli; dürüst, namuslu, içten; dindar, dini бүтүн; **имансыз** imansız, inançsız, kafir; dinsiz; utanmaz; namussuz, aldatıcı;

ұйғыр тілінде: иман (*ислам динидики бәш пәризниң бири, Алладин башиқа илаһ йоқлиғига ишиниш; ишәнч, диний этиқат*); тоғрилиқ, тәртиплиқ, вижданлиқ; инсанпәрвәрлик; **иманы жоқ** имансиз, виждансиз; **иман айту** иман ейтмақ, иман кәлтүрмәк; **иманын берсін!** иманлиқ болсун!; **иманы жолдас болсын!** имани йолдаш болсун! **иманы саламат болсын!** имани саламәт болсун!; **имандай** имандәк; һәқиқий, тоғрилиқ; **иманды** иманлиқ, этиқатлиқ; **имансыз** имансиз, этиқатсиз; натоғра, виждансиз; **имансыздық** имансизлиқ; этиқатсизлиқ, виждансизлиқ; **иман жүзді** иман йүзлүк, меһриван, ақ көңүл, иллиқ чирай, вижданлиқ; **иманы кәміл болу** имани камил болмақ; **иман келтіру** иман кәлтүрмәк; **иманы күйсін!** имани көйсун; униңға ләннәт болсун! Һаләк болсун!; **иманы қалмау** имани қалмас (*қаттиқ қорқмақ*); **иманы қашу** имани қачмақ (наһайити қаттиқ чөчимәк); **иманын сату** иманини сатмақ; **иманын таразыға салу** иманини таразиға салмақ, баһалимақ; **иман тілеу** иман тилимәк (яхшилиқ сақлимақ, рәһим күтмәк (*худадин, тәғдирдин*)); **иманы ұшу** имани учмақ (*қаттиқ қорқмақ*).

«Иман дегеніміз не?» – деген сұраққа ғұлама Ясауи «Хикметтерінде» былайша жауап береді [11, 269] :

*Құл Хожә қырққа кірдің нәфсиңни қырқ,  
мұнда йығлаб ахирәтдә болғыл гариқ.  
пост-и иман шару'ат дүр мағзы тариқ,  
тариқатгә киргән үлүш алды дустлар.*

Демек, Ясауи «Хикметтерінде» көрініс беретін «Иман» тұжырымдамасы Аллаға деген ғашықтық, Алланың құлы және елшісі Мухамед пайғамбарға (с.а.у.) деген махабат, Хақ жолына түсу ұғымдарымен шектелмейді, сонымен қатар адамгершілік, ізгілік, әділдік, ұстамдылық, сабырлылық, қарапайымдылық, кешірімді болу және т.б. асыл қасиеттермен сипатталатын «кемел адам» образына қатысты концептілік жүйені қалыптастыруға да арқау болады.

«Кемел адам» образына қатысты концептілік жүйені қалыптастыруға Ясауи «Хикметтері» тілінде *йол* «жол» сөзі де қатысады. Ясауи тіліндегі *йол* – «Алланы, Хақ Тағаланы тануға апаратын жол», «Құдай жолы», «Алланың жолы» деген мағыналарда қолданылады, яғни рухани-құндылықтық мән арқалайды. «Хикметтерде» *йол* «жол» сөзі арқау болған *йолда қал-, йолға кір-, йолға сал-, йол тұт-, иғрі йол, йахшы йол,*

йолдын аз- (жолдан азу), йол адашсаң, йолдын азсаң тәрізді бейнелі фразеологизмдер жиі кездеседі.

Йол «жол» сөзі тірек болатын бейнелі фразеологизмдерді түркі тілдері фондында қарастырсақ, олар мағыналық-мазмұн меже тұрғысынан негізінен «Хикметтерде» жұмсалған фразеологизмдермен бірдей түсіп жататыны байқалады. Мәселен, алтай тілінде: жол; *жолы болмау* жолы келишпес (кижи); *жолдан таю* жолдоу аза берер; *жолдан тайдыру* жолын булгап ийер; *жолың болсын!* ырысту жол болзын!

әзербайжан тілінде: yol; *жол көрсету* yol göstərmək; *жол салу* yol açmaq; *жол табу* yol tapmaq; *жолын жабу* yolu bağlamaq; *жол соғып тастау* yoldan yorğunluq;

башқұрт тілінде: юл; *жолды жабу* юлды ябыу; *жолын қуған* үз юлынан барған, үз юлын қыуған; *жолын ұстаушы* юл тотоусы; *жолын кесу* юл аша сығыу; юлды қыйыу; *жолын табу* юлын (әмәлен) табыу; ~дан таю юлдан (тайыу) языу; *жолдан тайдыру* юлдан яззырыу; юлдан тайзырыу;

қарақалпақ тілінде: jol; *жолын табу* jolin tabıw; *жолдан таю* joldan shıǵıw (tayıw); *жолдан тайдыру* joldan shıǵarıw (taydırıw);

қарашай-балқар тілінде: жол/джол; *жол ашу* жол/джол ачаргъа; *жол беру* жол/джол къояргъа, жол/джол берирге; *жолы болмады* жол/джол жокъ/джокъ эди; *жол көрсету* жол/джол кѣргюзтюрге; *жол салу* жол/джол салыргъа; *жол табу* жол/джол табаргъа; *жолын қуған* ызындан баргъан; *жолын ұстаушы* жолюучу/джолоучу; *жолын кесу* жол/джол ѳтерге; *жолы болгыш* жолу/джолу болуучу; *жолдан таю* жолдан/джолдан таяргъа, ажашыргъа; *жолдан тайдыру* жолдан/джолдан тайдырыргъа, ажашдырыргъа;

құмық тілінде: ёл; *жолын ашу* ёлну ачмакъ; *жол беру* тайышып ёл бермек, оьтме къоймакъ; *жолы болмады* ёл ёкъ эди; *жол көрсету* ёл гѣрсетмек; *жол табу* ёл тапмакъ; *жолдан таю* ёлдан тайышмакъ; *жолдан тайдыру* ёлдан тайдырив;

қырғыз тілінде: *жол ашу* жол ачуу; *жол беру* жол берүү; *жол болмады!* жол болбоду!; *жол көрсету* жол көрсөтүү; *жол салу* жол салуу; *жолын жабу* жолун жабуу; *жолын қуған* жолун жолдогон; *жолын табу* жолун табуу; *жолын ұстаушы* жолун кармоочу; *жолын табу* жолун табуу; *жолдан таю* жолдон таюу; *жолдан тайдыру* жолдон тайдыруу;

өзбек тілінде: yo‘l; *жол ашу* yo‘l ochmoq; *жол беру* yo‘l bermoq; *жол көрсету* yo‘l ko‘rsatmoq; *жол салу* yo‘l qurmoq; *жолын табу* yo‘lini topish; yo‘l topmoq; *жолын ұстаушы* yo‘ldan qoldiruvchi; *жолдан таю* yo‘ldan ozmoq; *жолдан тайдыру* yo‘ldan ozdirmoq;

татар тілінде: юл; *жол ашу* юлны ачу; *жол беру* юл бирү; *жол болмау* юл булмау; *жол көрсету* юл күрсәтү; *жол салу* юл салу; *жолын табу* жаен табу; *жолдан таю* юлдан таю *жол дан тайдыру* юлдан тайдыру;

түркімен тілінде: *ýol*; *жол ашу* *ýoly* ашмак; *жол беру* *goýbermek*; ~ ~ *жол көрсету* *ýoly görkezmek*; *жол салу* *ýol geçirmek*; *жолын ұстаушы* *ýol saklaýju*; *жолын білу* *ýoly bilmek*; *жолын кесу* *ýoly kesip geçmek*; *жолын табу* *ýoluny tapmak*; *жолдан таю* *ýoldan azaşmak*; *жолдан тайдыру* *ýoldan azaşmak*;

түрік тілінде: *yol*; *жол ашу* *yolunu açmak*; *yol* ашмак; *öncü olmak*; *жол беру* *yol vermek*; *жол көрсету* *yol göstermek*; *rehberlik etmek*; *жолын табу* *yolunu bulmak*; *yönünü bulmak*; *жолын ұстаушы* *yol tutucu*; *жолын табу* *çıkış yolu bulmak*; *жолдан таю* *yoldan saptırmak*; *жолдан тайдыру* *yoldan sarmak*;

ұйғыр тілінде: *йол*; *жол ашу* *йол ечиш*; *жол беру* *йол бәрмәк*; *жол көрсету* *йол көрсәтмәк*; *жол салу* *йол салмак*; *жолы болғыш* *йоли болған, тәләйлик*; *жолын табу* *йолини тапмак*; *жолдан таю* *йолдин адашмак, йолдин чикмак*; *жолдан тайдыру* *йолдин адаштурмак, йолдин аздурмак*;

хакас тілінде: *чол*; *жол ашу* *чол азарға*; *жол беру* *чол пирерге*; *иртірерге*; *жол болмады* *чол чох полған*; *жол көрсету* *чол көзідерге*; *жол салу* *чол саларға*; *жолын жабу* *чолны чабарға*; *жолын ұстаушы* *чол тутчатхан*; *жолын кесу* *чолны кизерге*; *жолдан таю* *чолдаң хыйызарға, чолдаң астығарға*; *жолдан тайдыру* *чолдаң хыйыстырарға*;

чуваш тілінде: *сұл*; *жол ашу* *сұл ус*; *жол болмады* *сұл пулмарё*; *жол көрсету* *сұл кәтарт*; *жол салу* *сұл хыв*; *жолдан таю* *сұлтан аташса кай*; *жолдан тайдыру* *сұлтан пәрса яр*;

шор тілінде: *чол, чолчак*; *жолын ашу* *чолын ашқаны*; *жол беру* *чолын пергени*; *жолын қуған* *чолынча парчыған кижизи*; *жолын ұстаушы* *чолын тутчыған кижизи*; *жолын табу* *чолын таб-аларға, оңдайын таб-аларға*; *жолдан таю* *чолдаң шығарға*; *жолдан тайдыру* *чолдаң шықтырарға*.

Р.Сыздық «Диуани Хикметтер» тілінде қолданылатын фразеологизмдер мен тұрақты эпитетті тіркестер – поэзия тілінің көріктеуіш құралдарының екенін, олардың бірқатары бір затты, құбылысты астарлап, өзгеше мағына беріп атаса, енді біреулері семалық ренк үстеп, семантикалық шеңберін кеңейтіп не тарылтып көрсететінін айта келіп: «мәселен, *игрі йол, йахшы йол*» дегендер тіпті де «көлік, адам жүретін кәдімгі жол» дегенді білдірмейді, ол жалпы ислам дінінде, оның ішінде Ясауи тілінде «мистикалық суфизм дініне ден қою, бас ұру, оны берік ұстану» деген ауыспалы (өзгеше) мағынадағы атауды білдіреді» – дейді [1, 173].

Ясауи «Хикметтерінде» *йол таб-*, *йолгә кір-* тіркестері Ясауидің өзінің Хақ жолына түсуіне қатысты:

Қырқ йашымда Алла дедім *йол тапай* деб,  
Ерәнләрні ізін алыб һәм өпәй деб,  
Хизмәт қылыб һәр сир көрсәм мән йапай деб,

Зәті ұлұғ хожа сығынып келдім сәңә  
Қырқ бірімдә талиб болұб *йолғә кірдім*,  
Ихлас бірлә йалғұз Хақгә көңүл қойдым.  
Құл Хожа Ахмәд *йолғә кіргін* хала фурсат,  
Алла дегіл 'умрың өтті дәм ғанимат – деп келетін жыр жолда-  
рында кездеседі.

Алланың хақ жолына түсудің азап-мехнаты көп екені, жолдан таймау үшін Аллаға көп жалбарыну қажеттігі «Хикметтер» тілінде [1, 370] :

*Айа дустлар, бұ йолларны 'ақбасы көп,  
Йүрсә болмас тир хизмәтін етмәгүнчә,  
Йүз мың афат михнәт хатары көп – деп жырланады.*

«Хақ жолынан шығу, діннен безу, ислам және шарифат заңдарына қайшы әрекеттер жасау» деген мәнді беруде «Диуани хикметтерде» көбіне – көп *йолдан адашу* фразеологизмі жұмсалады.

*Йолдан адашу* тіркесінің құрамындағы *адашу* сөзімен тектес болып келетін *адасу* етістігінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «жол таба алмай сенделу; теріс бағытқа түсу, қателесу, жаңылысу, шатасу» деп түсіндірілетін болса [12, 90], діни мазмұндағы әдебиеттерде *адасу* сөзінің «Құдайға тура алып баратын жолдан тайып, жаратушыдан теріс айналу» деген мағынасы көрсетіледі [13, 14-15]. Мысалы:

*'асы құлұң йол адашты йолға салғыл*

*Йа Мустафа елкім алың йолда қалған (61a)*

Ясауи тілінде *йолсызлар, йолдан қалғанлар, йолдан адашқанлар* – «сопылық жолын ұстамағандар».

Ясауи «Хикметтерінің» концептілік өрісінде *рух* ұғымының орны ерекше. Сопылық ілімде рухты тәрбиелеу үшін тәубәге келу қажет. Біліп-білмей еткен сөзі мен ісіне адам өкініп, күнә-кінәсін түсініп, Аллаға қайтар жолға бет бұрған адам алдымен *тәубеге* келеді. Құдайын еске алады, өткен ісі үшін жалына-жалбарына кешірім сұрайды. Ясауи «Хикметтерінде» *тәубә* «кемел адам» образының концептуалдық құрылымын құраушы компоненттердің бірі болады, себебі Ясауи тілінде *тәубә* адамның моральдық-психологиялық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіру, жаңару әрекетін қозғаушы рухтық күш ретінде көрініс береді. «Тәубе – жолдың басы, кез келген құбылыстың өлшемі, ол шарифатқа деген жеңіл-желпі сезімнен арылып, шынайы өзіндік жаңғыруға бетбұрыс жасау болып табылады. Тәубәшылдық – адамның ішкі жан дүниесінде болып жататын құбылыстардың және өзгерістердің негізі» [14, 136]. Мысалы:

*Тәубә қылыб хазратыңа келсәм йақшы  
йа Мустафа елкім алың йолда қалған /бәндә болсам (61а).*

*Қырық бешімдә сәндің хажат тіләб келдім сәңә  
Тәубә қылдым һәр іш қылдым хата қылдым,*

*Хилуәт ічрә тәубә Алла дегүм келүр  
Алла деб тәубә тонын кигүм келүр (46а).*

Ясауи тіліндегі «Уәде» концептісінің шеңберіне екіжүзділік, серт, уағда сөз және т.б. кіреді. Соның ішінде екіжүзділікті сипаттауда Ясауи тілінде мунафик «өзі бір басқа, сөзі бір басқа адамды» сөзі қолданылады: «*Мунафқлар халің сұрса шерін айт-ма, келің йығлаң зәкір құллар зикр айталук*» деп жырлаған Қожа Ахмет Ясауи екіжүзді, сөзінде тұрмайтын, сөзі мен ісі бір-біріне сай келмейтін алдамшы адамдардан аулақ болуға шақырады.

Уәде – адами болмыстың феномені. Ясауи ілімінде айтылатын уәде – Әлімсақ уәдесі. Оған берік болу – имандылық пен абыройдың көрінісі. Ахмет Ясауи хикметтерде Әлімсақ уәдесін насихаттайды. Сол арқылы уәденің салмағы ауыр екенін, оны мейлінше орындауға, берік боуға ұмтылу қажеттігін көрсетеді [15, 181]:

*Құл Қожа Ахмет, рухың еді «Қалуу Бәләә»,  
Уәде қылдың – еш қылмадың хамду сана.  
Азаптаса, не қылғайсың қадір құда,  
Жалған пенде сертінен танады екен.*

Ясауи серттен танудың жалған пендеге ғана тән екенін анық көрсетіп, ондай адамның имандылықтан алшақ болатынын айтқан. Сертінен танбай, уәдесінде тұру – адамның адамдық сипатын танытатын бір қасиеті.

Ясауидің «Хикметтерінде» *миннәт* «кешерім, рақымшылық, қайырым, рақым» құндылығына ерекше мән беріледі. Мәселен, «*Зәкір болса шәкір болса йері жаннат, көзләрідін қанлар ақса қылмас миннәт*» деген жолдардағы *миннәт* сөзі «рақым қылмас», «кешірім жасамас», «кешірім қылмас» мәндерінде жұмсалып тұр. Ясауи тіліндегі *кешірім* тек қана адамдардың жасаған жаман қылықтары мен іс-әрекеттерін ғана емес, ислам дініне қарсы, жат қимыл-әрекет пен тіпті лас ойға да қатысты. Басқаша айтқанда, «Хикметтердегі» *кешірім* – адамдар тарапынан, заң тұрғысынан болатын кешірім емес, Алланың рақымына бөлену, Алла Тағаланың адамдардың күнәсін кешіруі.

Ясауи тіліндегі адамды *Хақ жолын тануға* жетелейтін имандылық, адамгершілік, тәубәға келушілік, қайырымды болу т.б. қасиеттердің барлығы – ахлақпен бай-

ланысты. Ясауи «Хикметтері» адамның ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге, ие болатынына сендіреді, яғни адам ахлақтық-рухты бойына сіңіргенде ғана «шындыққа», «ақиқатқа», «жан тыныштығына» қол жеткізіп, Хақ йолындағы азап – мехнатты жеңе алатынына үндейді. Қ.А.Ясауи ілімінде «жан тыныштығы», «шындыққа жету» адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тариқатта жүзеге асады. Аллаһқа қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде адам рухани тазалыққа, өзін-өзі меңгеруге қолы жетіп, ислами қағидаттарға сай келетін «Кемел адам» тұрпаты қалыптасады [16, 297].

Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде концептуалдық деңгейде көрініс беретін Хақ, Алла, елчи (Расул, Алланың елшісі), ғашықтық (Аллаға), құл («Жаратушыға жан-тәнімен берілген адам, Жаратушыға тәуелді кісі»), иман, ұждан және т.б. діни және ахлақтық мазмұн аркалап, терминдік мәнде жұмсалатын ұғымдардан тыс, *йол*, *йер* (*қара йер*), *тофрағ* (*қара йер*), *жан* (*жандын бездім*), *йүз* (*қызыл йүзім солды*), *тіл* (*ғайбат қылған тілларім*), *құрма* және т.б. заттық мағынадағы атаулар, адамның дін жолындағы іс-әрекетін, көңіл күйін атайтын йығла-, тыңла- *құллуқ қыл-*, *инан-*, *сығын-*, *аз-* (*йолдын аз-*), *йалбар-* және т.б. сөздер де «Хикметтер» тілінің концептілік өрісіне ене алатыны байқалады.

Сайып келгенде, Хақ тағала, Аллаға ғашықтық, сопылық, рух, ақыл, ар-ұждан, нәпсі, күнә, ғаріптік тәрізді дербес концептілер деңгейінде көрініс беретін концептуалдық ұғымдар Ясауи «Хикметтерінің» түпкі идеясы мен мазмұндық құрылымының арқауына алынатын болса, олардың концептілік өрісін «Кемел адам» образын жасауға қатысатын экспрессивтік-эмоциональдық әлеуеті күшті сөз-символдар, бейнелі оралымдар, діни мазмұндағы терминдер құрайды.

Қорыта айтқанда, ендігі жерде, қазақ ғылымының «Ясауитану» саласының алдында: Ясауи ілімі бойынша қол жеткізген гуманитарлық бағыттағы барлық ғылыми нәтижелерді жинақтау; Ясауи шығармашылығын «Қоғам – Адам – Мәдениет», «Дін – Адам – Діл», «Қоғам – Тіл – Дін», «Дін – Тіл – Діл» және т.б. триадалар шеңберінде ХХІ ғасыр антропоэзектік парадигмада зерттеу; Ясауи мұраларын зерттеудің тарихилық пен заманауилық принциптеріне негізделген кешенді амал-тәсілдерді қалыптастыру міндеттері алға қойылады. Қазіргі таңдағы ғаламдық ақпараттық-технологиялық кеңістіктің біртұтастануы жағдайындағы цифрлық кезең талабына сай Ясауитану бойынша барлық ақпараттарды (Ясауидің өзінің және оның ізбасарлары қалдырған мұралардың қолжазба факсимилелерін, текстологиясын, әр түрлі тілдердегі аудармаларын, Ясауи мұраларына қатысты үлкенді-кішілі танымдық, ғылыми т.б. сипаттағы зерттеулерді) сандық форматқа көшіру де қазақ ғылымының «Ясауитану» саласының алында тұрған аса қажырлы ізденістерді талап ететін міндеттер қатарынан болмақ.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2014. – 16 бб.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – А., 1991, 190-б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 299 б. – Б. 201.
4. Қыдыр Т. Дешті Қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері): Монография – Астана, 2018. – Б. 79-80.
5. Көпрүлү М. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. – Шымкент: 1999. – 246 б. – Б. 200-202.
6. Наджип Э. Культура и тюркоязычная литература Мамлюкского Египета XIV века. – Туркестан: Туран, 2004. – 291 стр.
7. Көпрүлү Ф. Түркі әдебиетінде алғашқы сопы-ақындар. – Түркістан: Тұран, 2017. – 176 б. – Б. 73.
8. Emek Üşenmez. Türkçe İlk Kur'an Tercümelerinden Özbekistan Nüshası. İstanbul: Çalış Ofset Matbaacılık Ltd. Şti., 2013. – 576 s.- S.182
9. Türkmençe-Türkçe Sözlük (Talat Tekin, Mehmet Ölmez, Emine Ceylan, Zuhul Ölmez, Süer Eker), Ankara: Simurg Kitapçılık ve Yayıncılık Limited Şirketi, 1995. – 728 s.- S. 574; Türkçe Sözlük, Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları 2005. – 2244 s. – S. 1749; Қазақ әдеби тілінің сөздігі, XIII том. С – Т, Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2011. – 751 б.-Б.483.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008.-968 б. – Б. 353-354
11. Яссауи Қожа Ахмет. Хикметтер/ Жалпы редакциясын басқарған М.Қ. Әбусейітова; Қазақшалаған: Ә. М.Ибатов, З.Жандарбек, А.Ш.Нұрманова.-Алматы,2000.-208 б. – Б. 269.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, I том. А – А, Алматы: А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, 2011. – 751 б.- Б.90.
13. Мухитдинов Рашид Сражович. Қазақ тіліндегі ислам діні сөздерінің қолданылу тарихы. Монография. 7 том. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. – 260 б.-Б.14-15.
14. Қазақ даласының ойшылдары ІХ-ХІІ ғғ. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 164 б. – Б.136.
15. Яссауи феномені. Авторлар: С.Керімбай, М.Төлеген, Ә.Нәби, А.Тасболат. 3-басылым. – Алматы: «Отбасы хрестоматиясы», 2021. – 452 б. –Б.181.
16. Бүркітбай А., Ибрагимов Ж., Абдраманов Ж. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2010. – 592 б.-Б. 297-298.

**К.Енсебаева**

*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **РӘБИҒА СЫЗДЫҚ – ҰЛЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ!!!**

**Аңдатпа.** Мақалада А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі – Рәбиға Сыздық туралы сөз қозғалады. Ғалымның ғылыми еңбектеріндегі тіл білімінің түрлі салаларындағы өзекті мәселелері қарастырылды. Атап айтсақ ғалымның Абайтанудағы лингвостилистикалық ғылыми ізденістердің кеңеюі мен түрленуінің мол табыстары атап көрсетілді. Абай мұрасының тілін, көркемдік сипатын танытуда, тілтанымның жаңа бағыттарына, терең теорияларына, зерттеу қырларының жаңа аспектісі мен тақырыптарына бағыттау ұсынылды.

**Тірек сөздер:** тіл білімі, ғалым, тілтаным, лингвостилистика, ғылыми ізденістер.

**Abstract.** In the article it is said that the main scientific employee of the Institute of Language Studies named after A. Baitursynova, doctor of philological sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences Rabige Syzdyk. Actual problems of various fields of linguistics are considered in academic works. In particular, great success in the expansion and transformation of linguistic and stylistic studies in Abaitanu was noted. In the article, it was proposed to direct the language heritage of Abaya to new directions, deep theories, new aspects and topics of research in the representation of language and artistic character.

**Keywords:** linguistics, scholar, knowledge of language, linguistics, scientific studies.

**Аннотация.** В статье говорится о главном научном сотруднике Института языкознания имени А. Байтурсынова, докторе филологических наук, профессоре, академике Национальной академии наук Рабиге Сыздық. Рассмотрены актуальные проблемы различных областей языкознания в научных трудах ученого. В частности, отмечены большие успехи расширения и трансформации ученым лингво-стилистических исследований по Абайтану. В статье были предложены направить язык наследия Абая на новые направления, глубокие теории, новые аспекты и темы исследования в представлении языка и художественного характера.

**Ключевые слова:** языкознание, учёный, познание языка, лингвостилистика, научные исследования.

Өмірдің де, өнердің де, ғылым мен білімнің де қадір-қасиетіне баға беретін халық. Рухани өміріміз бен мәдениетіміздің қайнар көзі, алтын өзегі тіл – қазақ елінің бола-



шағы! Қазақтың мәдени ғылыми тұғырында есте қалар азаматтар көптеп саналады. Солардың бірі, әрі бірегейі – Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі – Рәбиға Сыздық.

Ұлылықты ұлықтаған ұстаз – ғалым Рәбиға апай, әр шәкіртінің санасына саф таза, кәусәр қылығының шуағын құя білген жан еді! Аяулы асыл ұстаз, ұзақ жылдық ғалымдық, ұстаздық жолында адалдық үшін тер төкті. Әркез парасатты жолменен иманның туын жықпады! Ұлы ұстаздың жүрегін ар менен ұят, шуақты шапағат тербейтін еді. Ол бойында дарыны бар шәкірттеріне жан-жақты ықпал ете білді. Көзінде ықылас, көңілінде мейірім мол, ұяттың тонын сатпаған Рәбиға апай көзі тірі болса бүгінде мерейлі 100 жасын тойлар едік. Айбаты талайдың мысын жасқаған ұлы Ұстаздың мерейлі жасын шәкірттері біздер, әріптестері, ғылыми орта, күллі тіл жанашырлары атап өтіп, еңбегін насихаттауда.

Тіл білімінің түрлі салаларындағы өзекті мәселелеріне барынша қалам тартқан құнды ғылыми зерттеулер – ғалым еңбегінің нәтижесі. Ғалымның зерттеу еңбектері – шоқтығы биік дүниелер! Абай поэзиясы – жазба әдебиетінің бастау бұлағы, терең тұңғыық мұхит, құс қанаты талар айдын! Сол Абай шығармашылығының тұңғыығына бойлап, Абай өлеңдерінің болмысын танытып, «Абай тілі» атты тілдік танымның өрісін кеңейтіп, тереңдігіне бойлаған ғалым зерттеулері өзіндік бір мектеп болып табылады.

Тілші-ғалым Рәбиға Сәтіғалиқызы, Абай шығармаларының тілдік-стильдік сипатын әр қырынан қарастырды. Бұл Абайтанудағы лингвостилистикалық ғылыми ізденістердің кеңеюі мен түрленуінің мол табыстары! Бұл – Абай мұрасының тілін, көркемдік сипатын танытуда, тілтанымның жаңа бағыттарына, терең теорияларына, зерттеу қырларының жаңа аспектісі мен тақырыптарына бағыттау болып табылады. Ғылымның құнды жақтарының бірі тақырып десек, Рәбиға апайдың тақырып таңдаудағы ерекшелігі – бір төбе! Сөз астарына көп мағына беруі және сөзді қастерлеу мен кәдірлеуінің өзі айырықша нысан болып табылады.

Халқының дархан тілін лингвостилистика саласы бойынша зерделеу – ғалым зерттеулерінің басты нысаны! «Сөздер сөйлейді» деген зерттеуі – апайдың өзі айтқандай: «Белгілі бір сөздің, не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданысына, яғни сөз мағынасының өзгерісіне, даму эволюциясына назар аудару, әрі ана тіліміздің барша байлығын айқындай түсуге жол ашады». Әр зерттеуіне ыждаһатылықпен келу – Рәбиға Сәтіғалиқызы қолтаңбасының бір қыры!

Тілші еңбектерінің «Сөздер сөйлейді», «Сөз сазы», «Абайдың сөз өрнегі», «Сөз күдіреті» деп аталуының өзі ғалымның қасиетті ана тіліне деген құрметін танытады. Бұл – ғалымның тілдік деректерді нақты зерттей отырып келген өзіндік көзқара-

сының белгісі. «Сөз құдіретіндегі» шығарма тілін көріктеуде қайталама құбылысы – өте ұтымды, әсерлі тәсіл. Ол – стильдік категория болып табылады. Қайталама дегеніміз бір сөздің (не тіркестің, сөйлемнің) бір сөйлемде, не абзац, шумақ сияқты микротексте қайталанып келу амал-тәсілі. Қайталаманы жазушы көркем мәтінде әр алуан стильдік мақсат көздеп жұмсайды. Қайталама элементтер «Үркердің» мәтінінде молынан кездеседі, жеке, сөздерді, жеке сөйлемдерді ғана емес, шылауларды да, жалғауларды да бірыңғай мүше сайын қайталап келтіру – жазушының жиі қолданған стильдік амалдарының бірі. Әдетте бірыңғай мүшелерді санамалап келіп, тиісті септік жалғауын ең соңғысына жалғау – жалпы синтаксистік норма, ал әрқайсысы сайын жалғап айту – қайталаманың ерекше түрі; Мысалы, Ұрыс даласында *ұланына, тайшысына, зайсанына, ноянына*, сардарына қауіп төнген кезде қол ұшын бермеген адам ғана өлім жазасына кесіледі

Мұндағы бірыңғай мүше болып тұрған топтардың атауының әрқайсысын қосымшамен беруі – автордың олардың бәріне де жеке-жеке ой екпінін түсіргісі келгенін көрсетеді. Көркем мәтіндегі қайталаманың типтерін іздестірген зерттеуші болса, Ә. Кекілбаевтың «Үркерінен» оның не бір түрлерін таба алады: қайталама элементтердің орны, морфологиялық тұлғасы, синтаксистік қызметі жағынан топтап қарастырса, бұл құбылыстың стильдік орны айқындала түсері сөзсіз (Сыздық Р., 1997: 82).

Жазушы қаламына тән келесі дара ерекшелік синтаксистік құрылым аясынан табылады. Авторлық баяндауда аса күрделі, көп мүшелі ұзақ сөйлемдер едәуір жиі кездеседі және олар көбінесе кейіпкердің ойымен, таным-түсінігімен, көзқарасымен берілген мәтін құрайды. Мысалы, араннан аман шығып, тамағын тойғызатын топқа кездесіп, маз болып отырған күйін автор өзі баяндағанмен, жарты беттік бір сөйлем Итжеместің ойымен беріледі. Ой тұтас болу үшін сөйлем шығыс септіктегі сөзбен аяқталатын бірыңғай синтаксистік оралымдармен берілген. Мұндай «салмақты» сөйлемдер романның өн бойынан кездеседі, өйткені бұл шығарма жеке оқиғаларды автор атынан баяндаудан гөрі, сол оқиғаларды кейіпкерлердің ойымен, еске алуымен, болжауымен беретіндіктен, романның синтаксистік бітімін осыған сәйкестендіру әрекеті көзге түседі.

Рәбиға Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» атты еңбегіндегі қалың жұртшылық, оның ішінде мектеп оқушылары сүйіп оқитын батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген қазақтың ақын-жырауларының өлең-толғауларында, бағзы заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерде бұл күнде көп аса қолданылмайтын, мағынасы күңгірт тартқан немесе мүлде түсініксіз біраз сөздер кездесетіні айтылады. Қазірде жиі айтылатын актив сөз болғанымен, жырлар мен ертеректегі шығармаларда беретін мағынасы бұл күнгіден басқаша келетіндері тағы бар. Ғалым соның бірнешеуіне тоқталып өтеді:

Алаш. Бұл сөздің екі-үш мағынада жұмсалғаны байқалады. Бірі – ел, жұрт, байтақ сөздерінің синонимі ретінде. Мысалы, «Қамбар батырды» жырлаушы қызыма күйеу

таңдатам дегенді: Бұл хабарды Әзімбай, Алашқа тегіс жүргізді, – деп суреттейді. Махамбет ақын: Алаштың байлығынан пе пайда, тарығып келген ерлерге, қайыры оның болмаса, – дегенінде алаш деп тұрғаны – жалпы «ел-жұрт, халық». Шернияз ақын Исатайдың ел қамын жейтін жақсылығын айтқанда: Исатай – ел еркесі, ел серкесі, бір мен емес, алашқа жайылым еді, – десе, мұнда да алаш – «қалың көпшілік, ел, халық» деген мәнде қолданылып тұр.

Сонымен қатар бұл сөз «белгілі бір этникалық құрам (айталық, хандық немесе тайпалар одағы), қауым» деген нақтылы тар мағынаны да білдіргені байқалады. Оның бұл терминдік мағынасы алты сан алаш, он сан алаш, алты алаш сияқты тіркестерде келгенде, тіпті айқын сезіледі. Сондықтан алаш сөзі жеке келіп те, жоғарғы тіркестермен келіп те, «қазақ қауымы» немесе «белгілі бір бөліктері (рулары, рулар одағы, жүзі)» деген мағынаны да бергені және байқалады. Мысалы, Бұхар жырау Абылайға: Он сан алаш баласын, жұмсап бір тұрсың қолыңнан, – дегенінде Абылайдың қазақтың көп руларының басын біріктіріп билеу әрекетін айтып тұр. О баста алты сан алаш – XIII ғасырдың бас кезінде, тегі, монғол шабуылына қарсы ұйымдасқан алты тайпадан: қыпшақ, найман, қаракесек, алшын, қоңырат, жалайыр – тайпаларынан құралған одақты білдірген. Кейін бұл одақ алты сан алаш деген атпен Жошы ұлысының қарамағына кірген. Ал бірақ қазақ ақын-жыраулары бұл тіркесті «жалпы қазақ қауымы», тіпті кейде одан тарылтып, «өз руластары» деген мәнде жұмсаған. Мысалы, Махамбеттің: Алты сан алаш ат бөліп, тізгінін берсе қолыма, зулар едім бір көшке, – дегенінде, «қазақ қауымы», оның ішінде өз ортасы – «он екі ата байұлы» деген сияқты ұғым бар, өйткені дәл осы жолдардың алдында: Он екі ата байұлы, жиылып келсе бұл іске, – дейді.

Демек, Алаш сөзі «ел, жұрт, қауым» деген жалпы мағынаны білдірумен қатар «қазақ елі, қазақ қауымы» деген нақтылы терминдік мәнде де қолданылған. Алаш сөзінің қазақ тайпалары одағына байланысты ертеректен бері қолданылып келе жатқанын XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың бас кезіндегі тарихи шығарма – тарак таңбалы жалайыр руынан шыққан Қадырғали бидің шежіресіндегі «алаш мыңы» деген тіркестен байқаймыз. Мұндағы тарихшының «алаш мыңы» деп отырғаны – ішінде қаңлы, жалайыр, қатаған сияқты ірі-ірі рулары бар тайпалар одағы. Ал алаш мыңы деген сөз, қазіргі зерттеушілердің айтуына қарағанда, XV-XVI ғасырларда қазақ халқын атайтын этноним (халық аты) болған (Ч. Валиханов, I, 636). Ұлықбектің еңбектеріне қарағанда, алаш атауын қазақ тайпалары монғол жорығы басталмастан бұрын, XII ғасырға дейін қолданған (ҚСЭ, I, 247).

Өткен ғасырлардағы қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктерді құрастырушылар да, Л.Будагов, В.Радлов сияқты лексикографтар да қазақ тіліндегі алаш сөзі «бүкіл қазақ халқы» деген сөз деп аударарды да алаш деген сөз қазақ деген сөздің синонимі деп танытады. Алаш «бүкіл қазақ халқы» деген ұғыммен барабар деген

тұжырымды ортағасырлық түркі тіліндегі тағы бір тарихи шығарма – «Бабурнаме» материалдарына сүйеніп, өзінің «Қара сөздерінде» Абай да айтады. Ол алаш сөзінің түптөркінін Алаша хан атынан, хан есімінің өзін қалмақша алачын (алач) «жан алушы» деген сөзден шығарады, өйткені Алаша ханның шын аты Ахмет дейді (Абай, II, 224).

Мысалы, Бұхардың: Өзіңмен бірге туысқан, Алаштан бетер жат болар, – дегенінде немесе Махамбеттің: Бесеуіміз жүргенде, Алашқа болман деуші едік, – дегендерінде алаш – «қарсы жақ, дұшпан». XVI ғасыр жырауы Шалкиіздің: Алаштан байтақ озбаса, Арабыдан атты сайлап мінбен-ді, – деген өлең жолдарында екі сөз көне мағынада келген: алаш – мұнда «жат ел, жат (жау) жұрт», байтақ – өз елі, өз жұрты». XIX ғ. ақыны Базар Өтемісұлында: Алаш дұшпан мысалы, аңдысып тұрған көзіңнің, Қарасы мен ағындай (XVIII-XIX ғ. қазақ поэзиясы. 228), – деген жолдарында алаш сөзінің «дұшпан» мағынасы тіпті айқын берілген.

Алаш сөзінің жағымсыз мағынасы монғол, қалмақ тілдерінде бар. Монғолша алач сөзінің бір мағынасы «кісі өлтіруші, жан алғыш», қалмақ тілінде алач – «баскесер». Бұл сөздің қазақ тіліндегі «жау, дұшпан» мағынасында қолданылуына оның монғол тілдеріндегі ұғымы да себепкер болуы мүмкін, яғни алаш сөзінің «кісі өлтіргіш», одан шыққан ауыспалы мағына «жау, дұшпан» деген ұғымы қазақ тілінде өте ертеден келе жатуы ықтимал, яғни бұл сөз осы мағынада түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болуы да мүмкін немесе соңғы кезеңдерде үнемі сыртқы жауларының бірі болып келген монғол тайпалары – қалмақтар мен жоңғарлардың тіліндегіше «жан алғыш, баскесер» мағынасынан ауысып, «жау, жат» мағынасында қолданылып кетуі мүмкін.

Сөйтіп, өткен кезеңдердегі қазақ тілінде алаш сөзі «ел; жұрт, көпшілік, қауым, халық» мағынасында және осыған қарама-қарсы «жау, дұшпан, жат» мағынасында қолданылған. Бертін келе Абай сияқты қаламгерлер бұл сөздің мағынасын тарылтып, «жалпы қазақ елі, халқы» емес, әйтеуір «ел іші, біреудің айналасы, жақыны, туысы» деген мәнде жұмсаған. Мысалы: Малға достың мұңы жоқ малдан басқа, Аларында шара жоқ алдамасқа, Табысына табынып, қалбаң қағып. Тойғанынан қалғанын берсе алашқа (Абай, I, 197), – дегенінде алаш сөзі «жақыны, айналасы» деген ұғымды береді, өйткені бұл өлеңдегі әңгіме мал жию үшін барша айла-әрекетін жасап жүрген «малға достар» туралы, олар – тойғанынан қалғанын бүкіл елге, халыққа беретіндей мықтылар емес, «қалбаң қаққан» жай пысықтар, олардың алашы – жақыны, туысы, айналасы ғана. Қазіргі қазақ әдеби тілінде «ел, қауым, халық» дегеннің синонимі ретінде алаш сөзі өте сирек қолданылады (ал қазақ халқы дегеннің баламасы ретінде ең соңғы кездерге дейін мүлде қолданылмай келді). Бұл күнде поэзияда алаш «жалпы бұқара, көпшілік, халық» мағынасында поэтикалық сөз ретінде жұмсалады. Мысалы, Қадыр Мырзалиевтің «Данышпан» деген кітабынан: Көмейлі капитал Алашты – Халықты Сүліктей сорды кеп.

Соңғы бір-екі жылдың ішінде алаш сөзінің публицистика тілінде жандана бастағаны байқалады. Бұған, бір жағынан, ұлттық намысты ояту, ол үшін қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігін талап етіп, сол жолда қызмет көрсеткен «Алаш» партиясын, оның көрнекті қайраткерлерін насихаттау, халыққа кеңінен таныстыру мақсаты себеп болса, екінші жағынан, тіліміздің сөз байлығын сарқа пайдалану, ол үшін ондаған көне сөзді қайта активтендіру бағыты себеп болды. Бұл күнде алаш сөзі көбінесе «қазақ халқы» ұғымында жұмсалатын сияқты.

Ғалымның «Сөздер сөйлейді» деген еңбегі – осы саладағы ізденістің нәтижесі. Тарихи лексикология бойынша бірден-бір оқу құралы болған бұл еңбек 1994 жылы толықтырылып, өңделіп, екінші рет жарық көрді. Кітапта тарихи, лиро-эпостық жырларда, ақын-жыраулар тілінде, тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде кездесетін көне сөздердің байырғы мағыналары, түп-төркіні ашылып, семантикалық өзгерістеріне талдау жасалады. Сондықтан аталмыш еңбек тек тіл мамандары ғана емес, байырғы көркем мұраларды сүйсіне оқитын былайғы жұртшылық үшін де бағалы зерттеудің бірі болды.

Көркем шығарманың мәтінін тілдік қырынан қарастыру – тілші қауымның еншісінде. Осы тұрғыдан қарастырғанда автор – мәтін – оқырман деген үштағандық таным әрі дискурс мәселесі лингвистика әлеміндегі жаңа ізденістер мен жаңа нысан Рәбиға Сыздық зерттеулерінен көрінеді.

Ғалым Рәбиға Сыздық Қадырғали Қосымұлы Жалаири, Қожа Ахмет Иассауи, Құдайберген Жұбанов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов сынды ұлттың рухын биіктетіп, халықтың келбетін көркейткен ұлылардың өмірі мен еңбектерін зерттеп, олардың халық игілігіне айналуына барынша ықпал етті. Ғалым сол арқылы құнды еңбектердің сапасын оң бағалауға елеулі үлес қосты. Көрнекті тұлғалардың еңбектерін ғылыми дәйектей отырып, оларды өзінің туған елімен қайта табыстыру – Рәбиға Сыздықтың ғалымдық, азаматтық ірі мінездің иесі екенін көрсетеді.

«Ғалым әрі коммунист ретінде шындықты айтар болсам, ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы – Ахмет Байтұрсынұлы» деген сөзді айту – Рәбиға Сыздықтың ерлікке пара-пар батылдығы. Қазақтың батыр қызының бойынан білімі мен білігі, ақылы мен парасаты, батылдығы мен жауапкершілігі, ой тереңдігі мен даналығын көруге болады. Бұл – есімі де, еңбегі де ақтала қоймаған қазақ ұлтының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынов туралы баға беру тек Рәбиға Сыздықтың ғана қолынан келген батылдықтық. Р.Сыздық Қадырғали Жалаиридін «Жами-ат тауарих» тілін зерттеу арқылы қазақ халқының және жалпы түркі әлемінің рухани мұрасына зор үлес қосты.

*Тағдырлас адамдар ортақ тіл табысады. «Халық жауы» атанып, «16 жол өлең үшін 18 жыл қуылып» айдауда болған асыл азамат, ақын, халық артисі Шахан Мусин мен Рәбиға Сыздықты тағдыр табыстырыпты. Екеуі де сөзді пір тұтқан, бірін-бірі емеурінен түсінетін тұлғалар қиын шақта бірін-бірі демеп, қолдап, ұлты-*

ның сүйіспеншілігіне бөленді. Он екі жасында әкесінен айрылған, отызында қосағынан көз жазған қайсар әйел өмірлік серік тапқан соң, ғылымға айрықша ден қойды. Көпке үлгі боларлық тағлымды жол, ал оның тағдыры – советтік дәуірде туып, білім алған, ғылымға құлаш сермеген қазақ қызының өнегелі тағдыры.

«Бір-біріңмен араласып, бірінді-бірін тани жүріңдер, ой бөлісіп, пікір таластырып, ынтымақ-бірлікте болу керек, бүгін ғылымда бірлессеңдер, ертең біріге шәкірт дайындандар» деген ұстаз сөзі шәкірттері – біздер үшін жазылмаған заң болып табылады. «Мейірімнің, пәктігің, сөзіңменен. Кейде қаталдығыңның өзіменен, сен маған сүйікті едің» деген ақын (Ф.Оңғарсынова) тебіренісі Рәбиға апайдай дара ұстаздар болмысын жан-жақты танытады.

Ғалым Рәбиға Сыздық – ғалымдық пен ұстаздық сияқты қос арнаны бірдей ұстанған абзал жан. Зерттеушілік қабілет, адами адалдық пен пәктік, рухани тазалық Рәбиға апай сөзінен үйлесімді үндестік табады. Әйел боп жар қызығын көрген, ана боп бала рахатын сезінген, ғалым боп ғылым көкжиегін бағындырған, ұстаз боп шәкірт ықыласына бөленген – академик Рәбиға Сыздық. Ғылымда салмақты ой, салиқалы пікірі бар ғалым Рәбиға Сыздық сөз құдіреті мен жан сұлулығына табындырған тұлға! Менің Рабиға апам – келелі ой, кесімді пікір, түйінді тұжырым жасай білген ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ!!!

#### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
2. «Шаһмаран». Бабалар сөзі. 2-том. 2004. 100 томдық. 18 б.
3. Г. Мамырбекова. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.
4. Орфографиялық сөздік. Жауапты редакторы: Рәбиға Сыздық. – Алматы, 2007.

#### А.Әмірбекова

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

#### РӘБИҒА СЫЗДЫҚ – СӨЗ ТАНУДЫҢ ШЕБЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада көркем мәтінге стилистикалық талдау үлгілерін ұсынған ғалым Рәбиға Сыздықтың әдістері мен қазақ стилистикасының мәселелері талқыланады. Ғалымның тіл және сөз стилистикасын ажырату жолдары, лингвистикалық және функционалды стиль айырмашылықтары айқындалады.

**Тірек сөздер:** стилистика, бейнелі сөздер, сөз құдіреті, әдеби норма, авторлық қолданыс.

**Abstract.** The article discusses the methods of analyzing the literary text of the scientist R. Syzdyk and the study of Kazakh stylistics. The differences between linguistic and functional style are determined, as well as signs of diversity of linguistic and speech stylistics.

**Keywords:** stylistics, figurative words, word creation, literary norms, author's use.

**Аннотация.** В статье рассматриваются методы анализа художественного текста ученого Р. Сыздык и исследование казахской стилистики. Определены различия между лингвистическим и функциональным стилем, а также признаки разнообразия языковой и речевой стилистики.

**Ключевые слова:** стилистика, образные слова, словотворчество, литературные нормы, авторское использование.

Қазақтың сөзін сөйлеткен ғалым Рәбиға Сыздық өзінің құнды екі еңбегін «Сөз құдіреті» және «Сөздер сөйлейді» деп атау себебінің үлкен мәні бар. Қазақ стилистикасының негізі де осында. Ғалымның пайымдауынша, қаламгердің сөз қазынасын зерттеу лингвистикалық стилистика аясына сыймайды. Себебі көркем сөздің жұмсалар тұсы әр алуан және әр қырлы. Расымен де, көркем шығарманы талдау барысында бірнеше іріктеу, жинақтау әрекеттері қоса атқарылады, яғни қаламгердің көріктеуіш амалдары, ерекше синтаксистік құрылымдары, бейнелеу амалдары (портреттеу, пейзаждау, абстракциялау, деректендіру, аллитерациялау, т.б.), сөзінатым тәсілдері, диалогтік құрылымдары, мінездеу, сипаттау, адам бейнесін сомдау әдістері түгел қамтылады. Бұл талдаулар жүйесі тіл стилистикасының аясына сыймайтынын ғалым Рәбиға Сыздық о баста білген екен. Сондықтан сөз танудың жүйесін екіге бөліп қарастыруды ұсынған болады. Ғалымның тұжырымынша: «Сөздің құдіретін анықтау, яғни лингвистикалық стилистика екі бөлімнен тұрады: біріншісі – қалам иелерінің белгілі бір шығармаларының тілдік-стильдік бітімін сипаттауға, екіншісі – қазақ тіліндегі көркем әдебиет стилі, оның тілін зерттеу мәселелеріне арналады». [1, 5б.].

Ғалым «сөз» деп тілдің кіші бөлшегі – жеке сөз мағынасында ғана емес, «тілдің қолданысы» ұғымында қабылдауды ұсынады. Себебі сөздің бойында лексикалық мағына ғана емес, адамға әсер ететін көркемдік күш, тылсым құдірет болатынын дәлелдеп көрсетті.

Сөз – ұлттың мәдениетін, тарихын, әдебиетін, сана биіктігін, рухани құдіретін, тіпті ұлтты тұтастыру, мемлекетті біріктіру қуатын көрсете алатын символдық нышан. Сөздің қадір-қасиетін, рухани күшін сезінген Рәбиға Сыздық еңбегін «Сөз құдіреті» деп атауының өзі ғалымның даналығы мен парасаттылығын аңғартады.

Рәбиға Сыздық ғалымдық ғұмырын қазақтың сөз мәдениетінің кіршіксіз таза болуына, үздіксіз дамуына, қазақ сөзінің рухани әлеуетінің жоғары болуына, яғни қазақ тілінің әдеби нормада жетілуіне үлес қосумен қатар, костілділіктің салдарынан қалыптасқан кірме бейпіл, бейәдеби сөздердің жалпы қолданысқа түспеуі үшін күресіп келді. Сондықтан Рәбиға Сыздықты қазіргі қазақстандықтар рухани қайраткер, мемлекеттік қайраткер, ғалым-қайраткер деп баға береді.

Ғалым қазақтың әдеби сөзін қолданысқа түсіру үшін ақын-жазушылардың тіліндегі көркем сөзді насихаттап, мағынасын түсіндірумен болды. Себебі ғалым қаламгердің жүрегінен шыққан сөзді тани білді, ұғына білді. Сондықтан оны сөз танудың шебері деп атауым орынды деп есептеймін.

«Сөз құдіреті» кітабында ғалым 10 жазушының көркем тіліне талдау жасайды. М.Әуезов, Т.Ахтанов, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, С.Бердіқұлов, М.Мағауин, О.Бөкеев, А.Сүлейменов, Қ.Жұмаділов, К.Сегізбайұлы шығармаларын таңдағанының өз себебі, өз сыры бар. Бірі роман-эпопея тілін зерттеу үшін қажет болса, бірі тарихи романдар тілі мен тарихи сюжеттерді баяндаудағы сөз өрнегін зерттеу үшін керек болды. Енді бірі жанр өзгешелігіне қарай таңдалса, келесісі жаңа сарындағы, жаңа тақырыпта баяндалған өмірді суреттеу тілі үшін қажет болды. Демек, ғалым көркем тілді зерттеуде жазушының қабілетіне қарай емес, қоғам мен тарихи оқиғаларды көркемдеп баяндау мәтіні мен мазмұнына қарай іріктегені байқалады. Әйтпесе көркем сөз шебері – Ғабит Мүсіреповті де зерттеу нысанына алар еді. Демек басты мақсат – қазақ сөзінің әртүрлі жағдаятта қалай өрнектелетінін тану болса керек.

Ғалым Рәбиға Сыздық М.Әуезовті «көркем сөздің пірі» деп бағалайды. Себебі Мұхтар Әуезовтің жазушылық қабілетіндегі ең көзге түскен қасиеті – айшықты тіл жасау шеберлігі екен. Айшықты тіл жасаудың үлкен бір амалы – фразеологизмдерді пайдаланып, екі-үш сөзді бір-біріне тіркестіре жұмсағанда, көркемдік ұшқыны – тың образды тудыру. “М.Әуезов әрбір сөзге ұқыптылықпен қарап, оны түсініп барып пайдалануды өзінің жазушылық талабына айналдырса, екіншіден, әр шығармасының мазмұны мен жанрына орай сөз таңдау дегенді о бастан өзіне әдеби-тілдік тәсілдің бірі етіп ұстаған”, – дей отыра, жазушының көркем тіліндегі кейбір мақсатты қолданылған сөздерге талдау жасайды. (“көп сөзді даңқтырмаңдар”; “шүйелемей қоймас”; *кесексенім* Кебек болса; *шаялығыңды* қылдың ба; *атқуылдап* отыр).

Сөз танудың тәсілі ретінде, яғни көркем проза тілін зерттеуде ғалым мына ұстанымдарды басшылыққа алады: біріншіден – жазушының сөз таңдауы, сөз қолданысы, сөз әрлеуі сияқты шеберліктері талданады, екіншіден – көркем прозадағы автор тілі мен кейіпкер тілі, төл сөз бен авторлық ремарканың ұштасуы (қиюласуы), сөз тіркестіру, сөйлем құрастыру, абзац, период тәрізді синтаксистік құрылым ерекшеліктері талданады. Осы аталған зерттеу нысандары жинақтай келгенде тіл стилистикасының негізін құрайды. Демек, ғалым Рәбиға Сыздықтың қолданған тәлтума



терминдерін (*сөз таңдауы, сөз қолданысы, сөз әрлеуі*) көркем әдебиет стилінің тетігі деп қабылдауға болады. Осы аталмыш терминдердің түсіндірмесіне, ғалымс ұсынған анықталарға тоқталайық: “Сөз таңдауы дегенде өз баяндауына (автор тіліне), сондай-ақ кейіпкер тіліне қажет лексика топтарын дұрыс, орынды, шебер қолдануына назар аударылады. Бұл ретте жазушының этнографизмдерді, тұрмыстық сездерді, жергілікті немесе кәсіби сездерді, көне және сирек жұмсалатын сөздерді алғашқы проза жанрында қалайша таңдағаны, жұмсағаны айтылмақ. Сөз қолданысы деген мәселе – көркем шығарма тілін танытудың ең бір өзекті тұсы, мұнда стильдік-шеберлік жайттары сөз болмақ (мысалы, сөздердің бір тақырыптылығы, модальдық бояуларының біркелкілігі, бір сөздің қайталануы, белгілі бір тұлғалардың жиі (актив), не сирек (пассив) қолданылуы, синонимдердің қолданысы дегендерге барып тіреледі). Сөз әрлеу дегенде жазушының көріктеу құралдарын жұмсауы, яғни поэтикалық-көркем тілі сөз болмақ” [1, 246.].

Жіті зерттеу барысында М.Әуезовтің көркем тіл жасаудағы ерекшеліктерінің бірі – синоним сөздерді қосарлап келтіріп, қос сөзге айналдыруы. Мысалы: “Абай жолы” роман-эпопеясында *шер-уайым, бұраң-шімай, малышы-жалшы, қорлық-мазақ, ауыл-аудан, әбігер-машақат, тыным-тыныштық, жалқау-лодыр, мейір-шапқат, дау-дүдәмал, құбылу-қыбылжу, маз-мереке етісу, бақас-тақас* сияқты сөзқолданыстары (қос сөздер) қазір тек Әуезов тілінде ғана емес, жұртшылықтың тілінде де қолданыс жиілігін арттырды.

Ғалым көркем тілді талдауда өзі эстетикалық күйге енгендей болады, себебі түсіндіру барысында астарлы мәндегі, бейнелі қолданыстағы терминдерді қолданады. Мысалы: “жеке сөздің қылығы”, “стильдік жүк”, “сөзбейне” (*Сөз әрлеу деп отырғанымыз да – айналып келгенде сөз таңдау, сөз қолданысы дегендеріміз сияқты, көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы»: қызметі, стильдік жүгі деген тұтас құбылысқа кіреді. Әсіресе «сөз әрлеу» дегенде сөздің көріктеу құралы ретінде келген, сөзбейне болып көрінген сәттері талданады*).

Осы тұрғыдан Рәбиға Сыздықтың авторлық терминдерін жинақтауға болады:

*Белгілі бір бояумен айтылатын теңеулер*

*Теңеулер қалыбы*

*Ой таным*

*Ой түйін*

*Автордың баяндау тілі*

*Суреткерлік паспорты*

*Тілдік-стильдік түр-тұрпаты*

*Поэтикалық этюдтер*

*Қалам сілтеу*

*Авторлық мәнер*  
*Шеберлік сарты*  
*Стильдік категория*  
*Тілдік категория*  
*Тілдік-стильдік болмыс*  
*Кейіпкерлер тобы*  
*Стильдік мақсат*  
*Көпшілікқолды болу*  
*Бейтаныс сөздер*  
*Әдеби тілдік дүниелер*  
*Стильдік статус*  
*Стильдік құрал*  
*Мағыналық-интонациялық қыр*  
*Синтаксистік түзіліс*  
*Жазушы қаламының өзіндік мәнері*  
*Біркелкі етістіктер*  
*Әдемі келекелеу*  
*Орыс тілінің салқыны*  
*Орыс тілінде «тұшыну»*  
*Сөйлеу машығы*  
*«Сөз тандау» шығармашылық тәсілі*  
*Жеке сөздің қылығы*  
*Стильдік жүк*  
*Сөзбейне*  
*Көп дауысты диалог*

Сондай-ақ ғалым Рәбиға Сыздық ұсынған стилистикалық ұғымдардың түсіндірмесін де теріп жинақтауға болады:

**Сөз тандау** – синонимдерді, экспрессивтік сөздерді, жергілікті ерекшеліктер мен көне, сирек сөздерді, этнографизмдерді орнымен қолдана білудің шығармашылық тәсілі.

**Етістіктер** – динамиканы (қозғалыс, қимыл, әрекетті) білдіретін сөз табы. Онсыз бір нәрсе жайында баяндау мүмкін емес. Көбінесе шақтық, жақтық бір тұлғадағы етістік баяндауыштар сөйлем сайын қайталап келіп отыруы мүмкін, бұл баяндалатын оқиғаға байланысты.

**Парцелляция тәсілі** – көркем әдебиет стилінде қолданылады, демек, оны грамматикалық категориядан гөрі стильдік категория. Тілдік экспрессия құралының бірі деп таныған дұрыс болар.

**Парцелляция (парцеллят)** – «отау болып» шығатын мүше. Сөйлем соңындағы баяндауышқа тән іс-әрекеттің амалын, мезгілін, мекенін білдіретін мүшелер болып келеді.

**Синтаксис** – көркем тексттің «жанды» көрсеткіші.

**Диалектизм** – таралу аясы шектеулі жергілікті сөздер.

**Диалектизм** – табылсын-табылмасын, негізінен белгілі бір өңірде ғана қолданылатын, қалың көпшілікке мағыналары бейтаныс сөздер. Біздіңше, бұлардың барлығы да – лексикамыздың қорына ену мүмкіндігі бар әлеуетті (потенциалды) сөздер.

**Макаронизм** – бөгде тілдік элементтердің көрінуі.

**Кейіпкер тілі** және **автор тілі** – шығарма композициясын құрайтын бірліктер, стильдік категориялар.

**Кейіпкер сөзі** және **автор сөзі** – композициялық-синтаксисті құрайтын тілдік категориялар.

**Сөз әрлеу** деп отырғанымыз да – айналып келгенде сөз таңдау, сөз қолданысы дегендеріміз сияқты, көркем шығарма тіліндегі жеке сөздердің (және тіркестердің) «қылығы»: қызметі, стильдік жүгі деген тұтас құбылысқа кіреді. Әсіресе «сөз әрлеу» дегенде сөздің көріктеу құралы ретінде келген, сөзбейне болып көрінген сәттері талданады.

**Синоним** дегендер – тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал.

**Сөзқолданыс** – жазушы шеберлігінің айнасы.

**Сөз таңдауы** дегенде өз баяндауына (автор тіліне), сондай-ақ кейіпкер тіліне қажет лексика топтарын дұрыс, орынды, шебер қолдануына назар аударылады. Бұл ретте жазушының этнографизмдерді, тұрмыстық сездерді, жергілікті немесе кәсіби сездерді, көне және сирек жұмсалатын сөздерді алғашқы проза жанрында қалайша таңдағаны, жұмсағаны айтылмақ.

**Сөз қолданысы** деген мәселе – көркем шығарма тілін танытудың ең бір өзекті тұсы, мұнда стильдік-шеберлік жайттары сөз болмақ (мысалы, сөздердің бір тақырыптылығы, модальдық бояуларының біркелкілігі, бір сөздің қайталануы, белгілі бір тұлғалардың жиі (актив), не сирек (пассив) қолданылуы, синонимдердің қолданысы дегендерге барып тіреледі)

Р.Сыздықтың “Сөз күдіреті” кітабы – қазақ стилистикасының бастамы. Ғалым лингвистикалық стилистика мен функционалды стилистиканы екі бөлікке ажыратқанын көрдік. Стилистиканың бұлайша бөлінуі шетелдік зерттеушілердің зерттеулерінен де көрінеді. Ш.Балии тіл стилистикасын – “Индивидуальды стилистика” деп атаса [2], В.Виноградов “Индивидуалды-көркем стилистика” деп көрсетеді [3]. В.Григорьев “Идиостилика” дейді [4]. Ал ғалым Рәбиға Сыздық: “Тіл және сөз

стилистикасы” деп ажыратып береді.

Қорыта келгенде, Р.Сыздық айтқандай қазақ стилистикасы терең зерттеуді қажет етіп отыр.

#### **Әдебиет:**

1. Сыздық Р. Сөз күдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 296б.
2. Балли Ш. Французская стилистика. – Москва, 1961. – 393с.
3. Виноградов В. Стилистика, теория поэтической речи, поэтика. – Москва, 2010. – 253с.
4. Григорьева О. Н. Стилистический контраст как доминанта индивидуального стиля А. П. Чехова // Актуальные проблемы гуманитарных наук. – М., 1998.

#### **Г.Көбденова**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

#### **Т.Төлегенов**

*«Тұран» университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

### **АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ – ТАРИХШЫ-ЛЕКСИКОГРАФ**

**Аңдатпа.** Мақалада Академик Р. Сыздықтың ғалымдық көп қырының бірі – қазақ лексикографиясының дамуына қосқан үлесі жайында баяндалады. Ғалымның «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің», «Абай тілінің сөздігі», «Қазақша-орысша сөздіктің», «Орфографиялық сөздіктің», 10 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің т.б.редакторы болып, сөздіктің сапалы болып шығуына көп еңбек сіңірді. Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді», «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» деген еңбектері тарихи-семасиологиялық, фонетикалық, морфологиялық ұстанымдарды негізге алып жасалынған ғылыми еңбек. Сөз әр дәуірде тек анықтауды ғана емес, сонымен бірге түсіндіруді де қажет етеді. Оның шығу тегін, фонетикалық құрамының өзгерісін, морфологиялық құрылымын, мағыналардың эволюциясын, өзгерісін зерттеу, ұлттық мәдени құбылыс ретінде тілдің дамуы тарихи лексикографияның негізгі нысанына айналды. Р. Сыздықтың көне, ескі, ескірген сөздерге жасаған талдаулары, бір-бір зерттеу ғылыми жұмыстың

жүгін арқалап тұрған сөздік мақалалары, ғылыми теориялық еңбектері қазақ тіл біліміндегі тарихи-лексикологиялық зерттеулердің, тарихи лексикографияның ғылым ретіндегі қалыптасып, дамуы үшін берері мол.

**Тірек сөздер:** тарихи лексикография, тарихи сөздіктер, сөздікші, қазақ тілінің этимологиялық сөздігі, тарихи семасиология.

**Abstract.** The article analyzes the contribution of Academician R. Syzdykova to the development of Kazakh lexicography – one of the many aspects of the scientist. He was the editor of the “Short etymological Dictionary of the Kazakh language”, “Dictionary of the Abai language”, “Kazakh-Russian dictionary”, “Spelling Dictionary”, 10-volume explanatory dictionary of the Kazakh language, etc. The works of R.Syzdykova’s “Sözder söileidi”, “Qazaq tılındegі eskilikter men jañalyqtar” is a scientific work based on historical-semasiological, phonetic, morphological methods. The word in every epoch requires not only definition, but also explanation. The study of its origin, changes in phonetic composition, morphological structure, evolution, changes in meanings, and the development of language as a national cultural phenomenon has become the main object of historical lexicography. Analysis of R.Syzdykova’s references to ancient, old, outdated words, dictionary entries, scientific theoretical works make a great contribution to the formation and development of historical and lexicological research in Kazakh linguistics, historical lexicography as a science. This article considers the phenomenon of academician historian-lexicographer R.Syzdykova’s works on historical lexicography.

**Keywords:** historical lexicography, historical dictionaries, lexicographer, ethnological dictionary of the Kazakh language, historical semasiology.

**Аннотация.** В статье аналируется о вкладе Академика Р. Сыздыковой в развитие казахской лексикографии – одного из многих аспектов ученого. Он был редактором «Краткого этимологического словаря казахского языка», «Словаря языка Абая», «Казахско-русского словаря», «Орфографического словаря», 10-томного толкового словаря казахского языка и др. Труды Р.Сыздыковой «Sözder söileidi», «Qazaq tılındegі eskilikter men jañalyqtar» – это научный труд, основанный на историко-семасиологических, фонетических, морфологических методов. Слово в каждую эпоху требует не только определения, но и объяснения. Изучение его происхождения, изменения фонетического состава, морфологического строения, эволюции, изменения значений, развитие языка как национального культурного феномена стало основным объектом исторической лексикографии. Анализ Р.Сыздыковой на древние, старые, устаревшие слова, словарные статьи, научные теоретические труды дают большой вклад в становление и развитие историко-лексикологических исследований в казахском языкознании, исторической лексикографии как науки.

**Ключевые слова:** историческая лексикография, исторические словари, лексикограф, этимологический словарь казахского языка, историческая семасиология.

Сөздік – бұл дәуірдің жемісі. Оның жасалуы мәдени-тарихи жағдайларға, лексикографтың қолданатын мәтіндеріне, тіл білімінің теориясы мен практикасының дамуына, сөздікшінің тілдік тұлғасына, білім деңгейіне, т.б. тікелей тәуелді болып келеді. Тарихи бағдарлы сөздіктердің әрбір сөздік мақаласы үлкен ғылыми ізденістің нәтижесі, сол себепті кейде сөздік мақала бір-бір ғылыми монографияның жүгін аркалап тұрады.

Сөз әр дәуірде тек анықтауды ғана емес, сонымен бірге түсіндіруді де қажет етеді. Оның шығу тегін, фонетикалық құрамының өзгерісін, морфологиялық құрылымын, мағыналардың эволюциясын, өзгерісін зерттеу, ұлттық мәдени құбылыс ретінде тілдің дамуы тарихи лексикографияның негізгі нысанына айналды.

Академик Рәбиға Сыздық абыройлы ғылыми еңбек жолында әртүрлі сөздіктердің редакция алқасының мүшесі болып, редакциясын басқарды, сөздік мақаланың дұрыс жазылып және сөздіктердің сапалы шығуына белсене араласты:

- Қазақ тілінің алғашқы этимологиялық сөздігі – «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің» (Алматы, 1966) алғысөзін жазып, сөздіктің мақсат-міндеттерін айқындап берді.

- Ақын-жазушы тілінің сөздігі бойынша: «Абай тілінің сөздігі» (Алматы, 1968).

- «Қазақша-орысша сөздіктің» (Алматы: Дайк-Пресс, 2002) жауапты редактордың бірі.

- Нормативті сөздік болып табылатын «Орфографиялық сөздікті» құрастырушы (әр жылдары шыққан).

- 10 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (Алматы, 1974-1986 жж.), «Қазақ тілі сөздігі» (Алматы: Дайк-пресс, 1999) т.б.

Қарап отырсақ, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан шығып тұрған сөздіктерге акад. Р. Сыздықтың араласпағаны кемде-кем екен.

Ғалым тек сөздіктер жасауға ғана қатысып қоймай, сонымен бірге «Қазақ лексикографиясының дамуындағы орыс ғалымдары мен авторларының қызметі» жайында 1975 жылы алғаш рет ғылыми мақала жазып, зерттеулер жүргізген.

Ғалымның тарихи лексикография саласында атқарған жұмыстары өз алдына бір төбе.

Қазақ тіл білімінде тарихи лексикография саласында істелген жұмыстардың бірегейі ғалым Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» деген еңбегінің [2] мақсаты, автордың өз сөзімен айтсақ, «сөздің не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданылуын, яғни семантикалық-мағыналық дамуын сөз ету, сөздердің түп-төркінін анықтауға ұмтылыс». Автор сөздің семантикалық қозғалысын, өзгерісін көрсетіп, этимологиясын ашуға ұмтылыс жасаған.

Еңбектің дереккөздері ретінде XV–XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармалары, батырлық жырлардағы, мақал-мәтелдердегі мағынасы күн-

гірт тартқан немесе архаизмге айналған сөздер мен сөз тіркестерінің бұрынғы және қазіргі қолданысы, сөз мағынасының өзгерісі, дамуы және этимологиялық сипаты қарастырылады. Сонымен қатар, бұл еңбектің маңыздылығы жеке сөздер мен тіркестердің қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде, этимологиялық, диалектологиялық сөздіктерде көрсетілмеген сөз мағыналарының терең қабатына бойлайды. Бұл еңбек XV–XIX ғасырлардағы сөздердің күй-қалпына барлау жасап, көп қолданылмайтын, мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздерге дәйектеме материалдарын келтіру арқылы сөз мағыналарын ашады. Еңбек лексикологиялық-семасиологиялық талдау болып табылады. Академик Р. Сыздық: «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.с.с. құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады» [2, 165 б.] – деп тілдің тарихи сипатымен байланыстырады.

Этимологиялық зерттеулерге талдау жасаған профессор Ғарифолла Әнестің «Қазақ тіл біліміндегі этимологиялық зерттеулердің негізгі бағыттары» деген мақаласында [3] «Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» деген кітабы қазақ тіл біліміндегі «қызықты» этимология мен ғылыми этимологияны шебер ұштастыра білген тұңғыш ғылыми-көпшілік қолды еңбек деп бағаланады. Автор негізінен семантикалық ұстанымды (принцип) басшылыққа ала отырып, сөздердің көне мағынасы мен қолданылу тарихын айқындауды мақсат еткен. Тіліміздің тарихын жасауда көп кедергі келтіріп жүрген жазба ескерткіштеріміздің аздығын (қазақ тіліне тікелей қатысты) Р. Сыздық ұсынған осы әдіспен біршама толтыруға болатын секілді. Өйткені, ғалым «жазба факт болмаса, дәлеліміз қаншама орнықты болғанымен, көбінше болжам ғана болып қала бермек» [3, 115 б.] – дейді.

Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» деген еңбегі негізінен семантикалық ұстанымға құрылған. Алайда ішінара фонетикалық, морфологиялық ұстанымдар да көрініс береді. Сөздік түріндегі зерттеу еңбегінен фонетикалық ұстанымға мынадай мысалдар дәйек бола алады: *абышқа* (абшыйақ) сөзінің түбірі түркі-моңғол тілдерінде «әке, ата, әкенің ағасы» мағынасында бірнеше фонетикалық вариантта *абы / абу / аба* немесе *абыш* «шал» құбылып келеді (14-б.). *Йенік/йеңк* сөзінің қазақша *жек* болып кетуін автор түркі тілдерінде ғ, р, л, к, й, у дыбыстары «әлсіз» дыбыстар, олардың түсіп қалуы, қосылуы, өзге дыбыстарға ауысуы «оп-оңай» (мысалы, *багла-байла, нең-не, бұл-бұ, сағ-саан-, йағы-жау* т.б.) деген зерттеушілердің пікірлеріне сүйеніп *йеңік>иек>жек* тұлғаларын осы қатарларға жатқызу арқылы түсіндіреді (93-б.). *ә-у* дыбыстарының алмасуынан *жағы/йағы/жау*, «аты-шулы» дегендегі *шу* сөзінің *чау/чу/цуу/шау/шу* (54-б.), *ару* сөзінің ары, арығ, аруғ, арық т.б. фонетикалық тұлғалары мысал болады.

**Морфологиялық ұстанымға** автор М.Қашқаридың көрсеткен дәйектеріне («ол сатқысы келді» – сатсады, «су ішкісі келді» – сусады) сүйене отырып, *жемсе* сөзінің

мағынасы «жем жегісі келу», көне – *ca/-ce* жұрнағы бір нәрсені қалау, тілеу мағынасын беретін етістік деп қорытынды жасайды (83-б.).

Автордың пікірінше, қазіргі қазақ тілінде *аяңдау* (айаңда-) етістігінің түбірі *ай-*, бұл түбір «адымдау» мағынасын білдірген, оған қосылған – *a* кимылдың күшеюін немесе бәсеңдеуін білдіретін жұрнақ болса, мұның үстіне – *ң* жұрнағы жалғанып, кимыл есімін жасаған, ал қазақ тілінде етістік түбірлі есімнен қайтадан етістік пайда болған (*айаң+да*) (57-б.), *аламан* сөзі *ал-* етістігінен (*ал+a+ман*) жасалған (34-б.).

Зерттеу еңбекте белгілі бір дәрежеде **этимологиялық мәліметтер** де бар. Автор *адырна* сөзінің төркінін «бөлу, ажырату» дегенді білдіретін *айыр-* / *адыр-* деген етістіктен шығарады (18-б.). *Ирек* сөзінің этимологиясын табуға ұмтылыс жасай отырып, ол сөзге әлі де этимологиялық ізденістер жүргізу қажеттігін атап өтеді (102-б.).

Зерттеуші қазақ тілімен, оның **диалектілік қолданыстарымен** қоса, туыс тілдердің жергілікті ерекшеліктерін де сөз тарихын ашу үшін қажетті жерінде пайдаланып отырды. Мысалы қазақ тілінің диалектілеріне қатысты: Қазақстанның солтүстік, орталық өлкесінде *айласу* сөзі «үйлесу, ұқсау» мағынасында (26-б.), *атайман* вариантының Қостанай, Орынбор т.б. аймақтардағы жергілікті мағыналарын келтіреді (29-б.). *Астана* сөзінің «табалдырық» мағынасы жергілікті сөйлеу дағдыларында сақталған (53-б.).

Туыс тілдердің диалектілерінен, мысалы татар тілінің диалектісінен: 1) «атақты, белгілі», 2) «арнаулы» мағынасындағы *атаулы* сөзін «айтулы, атаулы, атайы» сөздерінің мағыналық даму жолдарын іздестіргенде пайдаланады (28-б.), *аса* сөзінің мағынасы қырғыз тілінің солтүстік диалектісіндегі осы сөздің мағынасымен салыстырылады (51-б.).

Тарихи бағыттағы зерттеулер туыс тілдердегі сөздерден айналып өтпейтіні белгілі. Сол бағыттағы салыстырмалы зерттеулер *көзайым* сөзін қарайым тіліндегі *көз айдындық, көзің айдын болсын*, түрік тілінде *гөзүңүз айдын* сөздерімен (25-б.), қазақ, қырғыз тілдеріндегі *жаушы жіберу/жуучу жиберу, жаушы боп бару/жуучу түшу* тіркестері салыстырылады.

Моңғол тіліндегі *бурчигна(x)* сөзі мен түркіше *бұрсану* дегендердің арасындағы фонетикалық байланысты **ч/с, и/а** дыбыстарының алмасуы, **г, ғ** дыбыстары түркі тілдерінде сусымалы (түсіп қалғыш) деп түсіндіріп, салғастырмалы зерттеулер жүргізеді (72-б.).

Ғалымның өзіндік ізденістері қатарынан *білік ағаш* пен *белағаш* сөздерін түбірлес деп тануын (76-б.), «Аш құлақтан тыныш құлақ» мәтеліне жасаған өзіндік пайымдауларын (56-б.) немесе *барым* сөзіндегі – *ым* қосымшасы «балам, үйім, шапаным» дегендегі сияқты тәуелдік жалғауы емес, сөз тудырушы жұрнақ деп есептеуін (62-б.) т.с.с. атауға болады.



Өз кезеңінде жарық көрген әртүрлі сөздіктердегі кемшіліктерді, мәселен *ала* сөзінің «ат» мағынасының қазақ тілінің екі томдық түсіндірме, қазақша-орысша сөздіктерінде көрсетілмегендігін атап өтеді (30-б.). Автор «Арық-тұрақ. Арық-тұрық» деген сөздік мақаласында түсіндірме сөздіктің *тұрқы* сөзіне «тірі жан иесінің тік және көлденең қалпы» деп берген түсіндірмесін жаңсақтау деп табады (51-б.), Махамбеттің «Ереуіл атқа ер салмай» деп басталатын өлеңіндегі *ереуіл* сөзінің ақын жинақтары мен оқулықтарда «ерттеулі ат» деп қате түсіндірілген деп кесіп айтады (85-б.). Осындай зерттеулер еңбектің өзіндік құндылығын арттырады.

Апайдың үлкеншәкірттерінің бірі ф.ғ.д. Орынай Жұбаеваның «Сөзге жан бітірген ғалым» мақаласында жоғарыда аты аталған еңбек жан-жақты талданады [4] (ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы, 2004, N 5 (77)).

Сөздік тек өзінің материалдары арқылы ғана емес, сонымен қатар оларды беру тәсілдерімен де тарихи болып саналатындығын ескерсек, сөздікте берілетін арнайы шартты белгілер де тарихи сөздіктің сипатын көрсетеді.

**Тарихи сөздікте сөздің семантикалық сипаттамасын беру кезінде графикалық белгілерді таңбалаудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Мағына, мағыналық реңк, қолданыс, соған сәйкес әртүрлі графикалық белгілерді (//, / т.с.с.) беру жолдары мен тәсілдердің логика-концептуалдық байланысы болу қажет. 1-сурет**

таңба	Р. Сыздық. Сөздер сөйлейді.		«Словарь русского языка XVIII века».		Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.	Э.В.Севортян. Этимологический словарь тюркских языков.
>	тұлғасы немесе мағынасы жағынан сөздің өзінен бұрынғы түрі	Δ	ақ үшбұрыш жүзжылдық бойына жаңадан енген сөздерге қойылды	> <	сөздің тарихи өзгеру бағытын көрсету үшін	* сөз, тұлға, мағына, фонемалардың ежелгі жағдайы
<	тұлғасы немесе мағынасы жағынан сөздің өзінен кейінгі түрі	▲	қолданыстан шыққан сөздерге қара үшбұрыш қойылды	~	таңбасы сөздің тұлғалану вар-ианты мен ды-быстардың алмасуын көрсетуге	> ... дамып жатыр

~	қатар қолданылатын тұлғалар, сөздер, тіркестер	▲	жартылай боялған үшбұрыштар сөздің қолданылу жиілігінің ұлғаюын	+	таңбасы морфемдік элементердің бір-біріне қосылуын көрсету үшін	<	... қолданыстан шықты
/	сөз (тұлға) варианттары	▲	тарылуын көрсетеді			~	... сәйкес келеді
+	түбірге қосымшалардың не өзге түбірдің қосылуы	■	XVIII ғ. жаңадан пайда болып, осы ғасырда қолданыстан шығып қалатын сөздерге				

Сонымен «Сөздер сөйлейді» тарихи бағыттағы еңбек болғандықтан болашақта түзілетін қазақ тілінің тарихи сөздігінің материалдық қорынан ерекше орын алады. «Сөздер сөйлейді» – сөздік түріндегі семасиологиялық-этимологиялық, тарихи-семантикалық зерттеу еңбек.

Келесі бір қаралатын ғылыми жұмыс Р. Сыздықтың 2009 ж. шыққан ғылыми-танымдық зерттеу еңбегі «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» [5].

Автордың өзі атап өткендей, «Сөздер сөйлейді» – семасиологиялық-этимологиялық сөздік болса, ал «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» – ғылыми-танымдық зерттеу және мұндағы талдаулар белгілі бір әдебиет үлгілеріне қарай (мысалы, «Едіге» жырын) немесе белгілі бір кезенді қамтитын қазақ тілінің тарихи сөздігінің үлгісін ұсынуды көздейді» [5, 12].

Біздің пікірімізше, егер «Сөздер сөйлейді» практикалық еңбек болса, «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» – теориялық еңбек. Екеуі бір-бірін толықтырып тұрған еңбектер.

Ғалымның ойынша, кейбір ескірген сөздердің қолданыстан ығысқан тұстарын шамалауға болады. Қолданыстағы ескі бірліктердің қай жылы, қай күні “жоғала бастағанын” жалпы топшылауға болады. Мәселен, XIX ғасырдың II жартысында қолданыстан шыққан ескірген сөздер қатарына: бірауыз, қандауыз, жалаңқат, берен, зере, кіреуке, себіл тон, құяқ, бектер, тізерлік, бұтырлаң т.б. сөздерді жатқызуға болады. Бұл сөздің қолданысқа ену және қолданыстан шығу уақытын анықтап, көрсете білу белгілі-бір кезең немесе ғасырдың тілдік картинасын көрсететін тарихи сөздікті жасауда қажетті мәлімет болады.

Ғалым лексикалық ескіліктер немесе ескі бірліктерді көнерген сөздер (архаизмдер), ескірген сөздер (историзмдер), ұмыт бола бастаған сөздер («күні кешегі» реалийлердің атаулары) деген түрлерге бөлген. Бұл күнде актив қолданылмайтын, бірақ мағынасы түсінікті, “сүйегі қазақтық”, тек сыртқы “пішіні” – морфологиялық құрылымы бөлектеу келетін ескіліктерді **тұлғалық ескіліктер және** аралық, мезгілдік бірліктер тобы деген түрлерін де атап көрсетеді. Сонымен қатар көне, ескі, ескірген, ескіре бастаған, ескіру белгілері бар лексика-фразеологиялық бірліктер деп саралап береді.

Сонымен қатар **Р. Сыздық** қазақ тілі лексикографиясының алдағы міндеттерінің біріне лексикалық ескіліктердің толық түсіндірме сөздігін, фольклор тілінің сөздігін және **Ясауи «Хикметтерінің» тілі бойынша түсіндірме сөздік жасау** қажеттігін ұсынды.

Ескі жәдігерлерден мысал теру оңай жұмыс емес екені мәлім. Мәтіндерге мұқият қарау мен жәдігерлермен жұмыс істеу тәжірибесі қажет. Сол себепті жұмысқа кіріспес бұрын «Жинақтаушыларға арналған нұсқаулық» жасалып, онымен мысал теруші, жинақтаушы қызметкерлердің таныс болуы қажет. Карточка жинау бар да, оны сұрыптау тағы бар. Академик Р. Сыздық тарихи жазба мәтіндерден карточканы қалай жинау керектігі бойынша жас зерттеушілерге осы еңбегінде құнды кеңестер береді [5, 134-137].

Қорыта айтқанда, акад.Р. Сыздықтың көне, ескі, ескірген сөздерге жасаған талдаулары, бір-бір зерттеу ғылыми жұмыстың жүгін арқалап тұрған сөздік мақалалары, ғылыми теориялық еңбектері қазақ тіл біліміндегі тарихи-лексикологиялық зерттеулердің, тарихи лексикографияның ғылым ретіндегі қалыптасып, дамуы үшін берері мол.

Әдетте сөздікшілер я теоретик, я практик болып бір жақты болып кететіні немесе сөздіктің бір түрін жасауға бар өмірін арнайтындығы мәлім. Акад.Р. Сыздықтың этимологиялық, орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме және аударма сөздіктері бойынша жасаған орасан зор еңбектерімен қатар, оның тіл тарихы бойынша жазылған теориялық еңбектерімен қоса, тарихи сипаттағы сөздік жасауы оның ғалымдық деңгейінің тереңдігі мен жан-жақтылығын анық көрсетеді. Жоғарыда аты аталған еңбектер тіл тарихшысы Р. Сыздықтың әрі теоретик, әрі практик тарихшы-лексикограф екендігін толықтай дәлелдейді. Академик Рәбиға Сыздық бірнеше бағыттағы синхронды және диахронды бағыттағы сөздіктердің құрастырушысы, білікті маман, үлкен лексикограф ғалым.

Тілдің дамуы, лингвистикалық зерттеу жұмыстарының артуы тек бүгінгі күннің түсіндірме сөздігін жасаумен ғана емес, кешегі күннің, өткен дәуірдің тілін, сөздік құрамын қамтыған тарихи сөздіктерін жасаумен де көрінеді. Әрбір жақсы сөздік, теориялық еңбек өз уақытындағы тіл білімінің дәрежесін көрсететін айнасы іспеттес.

### Әдебиет:

1 Сыздық Р. Қазақ лексикографиясының дамуындағы орыс ғалымдары мен авторларының қызметі // ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – Алматы, 1975. – №1 (5). – 3-9 бб.

**Abstract.** The article shows that the formation of the fields of linguostilistics, linguopoetics and analysis of literary text in Kazakh linguistics began with the research of Academician R. Syzdyk, the study of modern Kazakh linguistics in accordance with the anthropocentric direction is a natural sequence. Highlighting the integrated complex system, philological nature of R. Syzdyk's research, indicates the purpose of the article. A common feature of all the works of Academician R. Syzdyk is the artistic potential of the Kazakh word. Therefore, in the works of Academician R. Syzdyk, who envisioned the study of the artistic potential of our language, which began as the object of our article – «Kazakh orally developed literary language» and continued to the communicative and poetics of the linguistic use of modern representatives of artistic prose, it is necessary to study the specifics of how artistic value is relevant to the language in accordance with the cultural features of the accumulation and verbalization of reality in the mind of the language owner. In the process of writing the article, methods of collecting and analyzing materials were used to substantiate the scientific conclusions presented. As a result of the analysis, we can say that it is the result of the study of scientists in the songs of Asankai, Kaztugan, Kobylandy, Shalkiyiz, Dulat. The correspondent focused on the use of the word in historical songs, the choice of words, the specifics of the use of the word were proved by giving examples and conclusions.

**Keywords:** Rabiga Syzdyk, language, word choice, linguistic consciousness, artistic word, artistic world, anthropogenic paradigm.

**Аннотация.** В статье отмечается, что формирование в казахском языкознании областей лингвостилистики, лингвопоэтики и анализа художественного текста берет свое начало в исследованиях академика Р. Сыздыка. Если исследование в современном казахском языкознании в соответствии с антропоязыковой направленностью является закономерностью, то уместно отметить интегративный комплекс, филологический характер исследований академика Р. Сыздыка.

Общую основу всех трудов академика Р. Сыздыка составляет изучение художественного потенциала казахского слова. Именно поэтому в творчестве ученого красной нитью проходит определение феномена художественного, образно – выразительного казахского языка. «Казахский устно-развитый литературный язык» (Р. Сыздық) идеализировавший художественный потенциал языка продолжает упот-

реблюет в коммуникативной поэтике творчества представителей современной художественной прозы. В сознании носителей языка накапливается и вербализуется реальность, отвечающая культурным особенностям, что требует необходимость изучения языка как ценность актуализирующую. Таким образом, научно-практическая значимость научного наследия Р. Сыздык состоит в том, что анализ поэтического языка и анализ художественного текста можно оценить как когнитивно – дискурсивный анализ, который входит в сферу современной антропоцентрической парадигмы.

**Ключевые слова:** Рабига Сыздык, язык, выбор слов, языковое сознание, художественное слово, художественный мир, антропогенная паридигма.

Тілді зерттеудің ерекше деңгейі – жеке тұлғаның шығармашылық әлемі, көркем мәтін тілі. Көркем шығармадағы әлемді бейнелеуде дербес болмысты, шындықты құрастыруды ғылымда «көркемдік әлем» деп түсіну қалыптасқан.

Суреткер шығармасында жасалған көркемдік болмыс – біріншіден, автор санасының белсенділігінің нәтижесі, екіншіден, ол оқырманмен өзара ықпалдасуға әрекет ететін коммуникативті қызмет. Себебі соның нәтижесінде мәтінде берілген мазмұнды елестетіп қана қоймай, бейнелерді бір-бірімен байланысқан жүйесіне еруге мүмкіншілік береді. Бұл көркем әдебиеттің адамда түрлі сезімге бөлеп, рухтандырып отыратын күшке не қабілетімен тығыз байланысты.

Қазіргі таңдағы қазақ зиялы қауымы ана тілінің құдіретін танытуға өлшеусіз еңбек еткен, осы жолдың басында тұрған алдыңғы толқын ағалардың (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбановтың т.б.) асыл мұратын жалғастырып, қазақ тіл білімін кәсіби деңгейге көтерген, оның жан-жақты өрісін дамыту негізінде, қазақ дүниесін тіл арқылы таныту жолында қазақ руханиятына мол рухани мұра қалдырған тіл білімінің абыздары, академиктер Ә.Т.Қайдар мен Р.С.Сыздықтың 100-жылдық мерейтойына қатысты мәдени-танымдық, ұлықтау шараларын кеңінен өткізуге ат салысуда.

Жоғарыда айтқанымыздай, бұл тұлғалардың болмысынан туындайтын зерттеу ауқымы олардың еңбектерін тіл білімінің жеке бір мәселесінің шеңберінде сөз етуге келмейді, олардың еңбектері нақты бір саланың шегіне симайды. Себебі, олар – қазақ тіл білімінің тарихындағы тұтас бір кезең. Олай болса «ғұлама ғалым Р.Сыздықтың зерттеушілік феномені неде?» – деген сұрақтың Рәбиғатану үрдісінде тууы заңдылық деп ойлаймын.

Біріншіден, біз көрген, біз таныған Рәбиға апай тумысынан сұлулыққа әуес, тынымсыз, белсенді, шығармашыл тұлға еді. Ол қасиет апайдың тек ғылыми қызметінен ғана емес, күнделікті барлық іс-әрекетінен, киімінен, сәнінен, істейтін тамағынан, т.б. күнделікті өмірде жан-жағында, айналысында болып жатқан кез-келген нәрсеге, жақсы адамға қызығушылығынан бей-жай қарай алмайтындығынан көрі-



нетін. Демек, апайдың тегінен тартылған мұндай болмысын «тілдік тұлға» ілімінің нөлдік деңгейіне сәйкес түсіндіруге болады.

Ал, осыдан әрі қарайғы деңгейде (лингвокогнитивтік) жалғасқан ғалымның ерекше өзіндік көркем-танымдық ойлау жүйесі мен берік те айқын мақсаты, ішкі интенциясы қалыптастырған прагматикалық деңгейі оны соған сәйкес толық тұлғаға айналдырған.

Осы жолда қаншама тағдырдың қиыншылығына мойымай, «қайран қалдырған» қазақтың өршіл рухты, тегіне тарқан намысшыл қаршадай қыздың бойында қайсарлық пен намысшылдықпен қатар асқақ арманның, жасампаздық қабілеті сақталып, өзек болғанына таң қаласың. Демек, зерттеуші шығармашылығына арқау болған – сұлулық, көркемдік әлем, сөздің көркемдік әлемі, содан туындайтын сөздің динамикалық сипаты.

Жалпы, академик Р.Сыздық қолданысында «сөз» деген терминнің тілдік бірлік деп емес, көркемдік әлемді бейнелеуші құрал, яғни сөздің статикалық құрылымдық сипаты емес, динамикалық яғни коммуникативтік, функционалдық, поэтикалық сипатына мән берілетінін атап көрсеткіміз келеді. Мұны ғалымның еңбектерінің тақырыбынан да, көріктеу құралы ретіндегі өзектік ұғымдарынан да көруге болады: *Сөз сазы, сөз құдіреті, сөздер сөйлейді, сөз өрнегі, сөз поэтикасы* т.б).

Қарап отырсақ, ғылымның зерттеу нысаны болған – *қазақ әдеби тілінің тарихы, Абай тілі, Дулат тілі, Махамбет тілі, ақын-жыраулар мен тарихи жырлар тілі қазіргі қазақ прозасы тілі* ең соңғы еңбегінің бірі *Фарица тілінің поэтикасы* т.б. зерттеулерінің бәріне қазық болған «өнер» деп танылған қазақ сөзінің қолданыста, динамикада құбылған көркемдік әлеуеті.

Ғалым табиғат аясында ғұмыр кешкен, әрекет еткен ата-бабасының өмір философиясын, психологиясын, әлеуметтік жүйесін бейнелейтін поэтикалық тілінің коммуникативті қызметін тиімді еткен сөзінің шешендігі, айшықты тілі, яғни көркемдік әлеуеті екенін терең түсінген.

Осымен байланысты қазақ тіл білімінде лингвостилистика, лингвопоэтика және көркем мәтінді талдау салаларының қалыптасуы академик Р.Сыздық зерттеулерінен бастау алғаны, қазіргі қазақ тіл білімінің антропоөзектік бағытына сай зерделенуі – заңдылық. Р.Сыздық зерттеулерінің интеграциялық кешенді жүйкесін, филологиялық сипатын атап өту орынды. Ұлттық тілдің поэтикасын зерттеуге түрен салған академик Қ.Жұмалиев сынды әдебиеттанушы т.б. гуманитарлық саладағы ғалымдардың ізашарлық тұжырымдарына сүйеніп, әрі қарай жалғастырған, сөз құдіретін, сөз сенергиясын ерекше түйсінген ғұлама ғалым өзімен қанаттас еңбек еткен Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісовтер сынды ізбасар әріптестерімен бірге қазақ тіл білімінің өрісін кеңейтті.

Сонымен, академик Р.Сыздықтың барлық еңбектеріне тән ортақ арқау – қазақ сөзінің көркемдік әлеуеті. Мысалы, жыраулар поэзиясындағы дүниетанымның кон-

цептуалалды жүйесіне сәйкес ата мекеннің дәулеті мен сәулетін бейнелеген ғалым көрсеткен жыр жолдары поэтикалық айшықты үлгі деп түсінуге болады:

Қазтуған: Жабағылы жас тайлак

Жардай аттан болған жер

Жатып қалған бір тоқты

Жайылып мың қой болған жер

Шалкиіз: Сен алтынсың – мен пұлмын

Сен жібексің – мен жүнмін

Сен сұлтансың – мен құлмын.

Асанқайғы: Елбең-елбең жүгірген

Ебелек отқа семірген

Екі семіз қолға алып

Ерлер жортып күн көрген

Еділ деген қиянға

Еңкейіп келдің тар жерге.

Қобыланды жыры: Бөрік үстінде шоқтымын,

Қоңыр шұнақ тоқтымын т.с.с.

Ал, Абайдың поэтикалық дискурсындағы: *Талаптың тұлпары, ұяттың күзетшісі, жүректің көзі, саңырау қайғы немесе ет жүрек, ыстық жүрек, асау жүрек* т.б. жаңа қолданыстарды ғалым «Абайдың өзіндік сөз өрнектері» ретінде таниды. Сонымен бірге мынадай перифраздар да ақынның суреткерлік танымының нәтижесі деп қарайды: *қарсақ жорытпас қара адыр*. Ол «Сап-сап көңілім, сап көңілім» өлеңінде зерттеуші танымында сұлуға, құмартқан арман» дегенді білдіреді сол сияқты *қараңғылық пердесі* т.б.

Махамбет: Айырдан туған жанпоз бар

Нарға жүгін салғысыз

Аруанадан туған мия бар

Асылын айуан десе нанғысыз – сынды жыр жолдары мен

*қызығиштай болған есіл ер, таудан мұнартып ұшқан тарланым, шарға ұстаған қара балта* т.б. теңеу, метафораларды зерттеуші ақынның қазақ поэтикасына әкелген тың образ деп санайды.

Сол сияқты Дулат жырларындағы: *көңілдің құтысы, көкірегінде қонақ жоқ, жырмен жуыну* т.б. ғалым зерделенуінің жемісі десек. Тілші тарихи жырлардағы сөз қолданысын байыптаған «Сөздер сөйлейді» еңбегінде де ғалым бұл үрдісінен жаңылмайды: *Әбжыландай толғанып* (сикырлы сұлулық) *ала балта, аламан бедеу ат, күдері* т.б. бейнелі тіркестер. Мұндай терең көркем мәтіндік талдауды қазіргі антропоцентрик парадигма аясына енетін когнитивті – дискурстық талдау деп бағалауға болады.

Академик Р.Сыздық жоғарыда атап көрсетілген шығарма туралы ойларымызды ғалымның анық үрдісі туралы ойларымызды ғалымның эмперикалық тәжірибе негізінде

дәйіктеп, «көркем әдебиет тілін зерттеудің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсету» деп анықтаған. «Сөз құдіреті» атты монографиясын көрсетумен түйіндегіміз келеді.

Өздерімізге белгілі бұл кітап Мұхтар Әезовтен бастап, бүгінде қалың жұртшылыққа белгілі, көркем әдебиет дүниесіне жақсы танымал Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, С.Бердіқұлов, О.Бөкеев, А.Сүлейменов, Т.Ахтанов, Қ.Жұмәділов, К.Сегізбайұлы сынды қазақ көркем сөзінің шеберлерінің сөз кестесін танытуға арналған.

Мысалы, *аңшы тазысының құйрығындай шиыршық атып* (Тевкелевтің жазуы туралы) – Ә.Кекілбаев; *жат бауыр күз, аждаһа қыс, тәкаппар тас, тоқ күлкі бұлақ* – О.Бөкеев; *құйысқан тістесті, желтабан, көсем жігер* – С.Бердіқұлов; *Бас асау ашу, қыл бұрау түскен намыс шалқалап шыңғырған мінез* т.б. – А.Сүлейменова; *шала піскен қызанақтай, қаңқасына терісін қаптап қойғандай*, т.б. – К.Сегізбайұлы.

Қорыта айтқанда, терең тамыры қазақтың аса көркем, бейнелі әсерлі тілі – «қазақтың ауызша дамыған әдеби тілінен» (Р.Сыздық) бастау алып, қазіргі көркем проза өкілдерінің тілдік қолданысының коммуникативті-поэтикасына жалғасқан тіліміздің көркем әлеуетін зерттеуді мұрат еткен академик Р.Сыздықтың еңбектерінде тіл иесінің санасында шындықтың қалай жинақталып, вербалдануының мәдени ерекшеліктеріне сай көркем құндылықтың тілді қалай өзектелетіні дәйектеледі де, дәлелденеді де. Сондықтан ықылым заман қойнауынан бүгінге жеткен сөз әлеуетін оның көркемдік қуатымен байланыстырған еңбектерін танудан синергетикалық зерттеудің болашақ бағдарын көреміз.

Сайып келгенде адамды түрлі сезімге бөлеп, рухтандырып отыратын күшке ие көркем сөз шындықты бейнелеу арқылы өмір құндылығының нақты тұжырымдамасын көрсетеді және соның негізінде қалыптасқан «көркемдік әлемі» (автордың танымы) мен көркем тілі арқылы жазушы (ақын, жырау т.б.) мен оқушыны бір-бірімен байныстырады. Демек, қазақ сөзінің құдіреті арқылы тиімді коммуникативтік құдіреті арқылы тиімді коммуникативтік, (поэтикалық) мүдде жүзеге асады.

Мұндай танымдық және коммуникативтік әрекеттің белсенді субъектісі ретінде сөз иесінің тұлғалық болмысын кешенді де тұтас сипатта (тіл ~ мәдениет (дәстүр, шешендік), тіл ~ қоғам т.б.), қазіргі қазақ тілін зерттеудің жаңа бағыттарына сай өріс алып келе жатыр. Соның ішінде академик Р.Сыздық мектебінің өкілдері, шәкірттері Б.Шалабай, Б.Нұрдәулетова, К.Еңсебаева, Қ.Есенова т.б. зерттеулері академик Р.Сыздық шығармашылығының қазақ сөз құдіретін, көркем сөз идеясының өміршендігіне дәлел. Сондықтан өз кезегінде мемлекеттік тіл мәртебесіндегі ана тілінің тиімді қызмет етуіне, қазіргі қоғамдағы жаңғыру үрдісінің рухани, функционалдық сипатының жанданып, танылуына ықпал ететіні академик Р.Сыздықтанудағы ғылыми мұрасы танудың маңыздылығын айқындайды.

*Э. Сулейменова*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
доктор филологических наук, профессор  
Казахстан*

## **ТЮРКСКАЯ ОЙКУМЕНА КАЗАХСТАНА**

**Аннотация.** В статье сделана попытка уточнить направления динамики тюркской ойкумены, по-прежнему склонной расширять и уплотнять свои пределы, в том числе в Казахстане. Конкретизирована этнолингвистическая витальность номенов тюркской ойкумены Казахстана: сокращение ее номенклатуры, демографическое перемещение тюркских этносов с критически малым представительством в зону риска (долганы, караймы, кумыки, тыва и др.), увеличение численности носителей и удельного веса тюркских языков, с преобладающим представительством в нем казахского языка.

**Ключевые слова:** тюркские языки, тюркские этносы, номенклатура тюркской ойкумены, численность и удельный вес тюркской ойкумены.

**Аңдатпа.** Мақалада түркі ойкуменасы динамикасының бағыттарын нақтылауға талпыныс жасалған, ол әлі де өз шекарасын кеңейтуге және нығыздауға бейім, оның ішінде Қазақстан да бар. Қазақстанның түркі ойкуменасы номендерінің этнолингвистикалық өміршеңдігі нақтыланған: оның номенклатурасының қысқаруы, өте аз өкілдігі бар түркі этностарының (долғандар, қарайымдар, құмықтар, тывалар және т.б.) аймағына демографиялық қозғалысы, түркі тілдерінің иелерінің саны мен үлес салмағының артуы, онда қазақ тілінің басым екендігі анықталды.

**Тірек сөздер:** түркі тілдері, түркі этностары, түркі ойкуменасының номенклатурасы, түркі ойкуменаның саны мен үлес салмағы.

**Abstract.** The article attempts to clarify the directions of dynamics of the Turkic ecumene, still inclined to expand and compact its limits, including in Kazakhstan. Ethnolinguistic vitality of the Turkic oikoumena of Kazakhstan is concretized: reduction of its nomenclature, demographic displacement of Turkic ethnoses with critically small representation in the risk zone (Dolgans, Karaims, Kumyks, Tyva, etc.), increase in the number of speakers and specific weight of Turkic languages, with predominant representation of Kazakh language in it.

**Keywords:** Turkic languages, Turkic ethnic groups, nomenclature of the Turkic ecumene, number and proportion of the Turkic ecumene.



*Менің анам – Рафиқа Нұртазина мен қазақ тіл білімінің абыз анасы Рәбиға Құтқожина-Сыздық арасындағы шынайы достықты жылы лебізбен, зор құрметпен әрдайым еске аламын.*

*Сонау жылдарда Алматы шаһарына оқуға түсем деген үмітпен келген балаң бойжеткен Рәбиға алғашында Рафиқаның Зурабану есімді туған әпкесінің (Зурабану Нұртазина-Қасымжанова) үйіне орналасқан екен. Қатар құрбы Рафиқа мен*

*Рәбиғаның сол кезде достығы олардың барлық ғұмырында жалғасты.*

*Рәбиға Құтқожина, қазір Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық – академик, филология ғылымдарының докторы, профессор. Өзінің туабітті қарым-қабілетінің арқасында ол тіл тарихы, абайтану, алаштану, сөз мәдениеті, көркемсөз стилистикасы, әдеби тіл нормалары, қазақ лексикологиясы мен лексикографиясы жөніндегі іргелі еңбектері арқылы қазақ тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосты. Әсіресе әліпби тағдыры маңызды болған қазіргі кезеңде ғалымның қазақ орфографиясының негізгі ережелерін түзіп, орфографиялық және орфоэпиялық нормалардың стандартталуы мен кодификациялануына қатысты жазған зерттеулері тілдің өміршеңдігін сақтау жолындағы тіл ғылымының жаңа бағыттарын анықтай түсуде аса өзекті.*

*Ал қазір Астана Республикасында тіл саясатын жүзеге асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақ тілінің ұлттық корпусын жасаудың стратегиялық мәні айқын көрсетілгеніне назар аударсақ, бұл істі атқаруда, қазақ сөзінің бар байлығын жинап және әр сөздің мағыналық-құрылымдық, тіркесімділік ерекшеліктерін анықтауда академик Рәбиға Сыздықтың зерттеулеріндегі тұжырымдар тірек болары сөзсіз.<sup>1</sup>*

## **Введение**

Что такое современная тюркская ойкумена? Остался ли тюркский мир подвижным и как он включен в общие миграционные процессы? Каковы основные направления изменений тюркского субстрата в Казахстане? – ответы на эти вопросы составляют основной фокус статьи.

Материалом исследования послужили аналитические данные лингвистики и смежных наук, в которых изучаются результаты интеграционных и дезинтеграцион-

---

<sup>1</sup> С глубоким почтением к светлой памяти выдающегося казахского языковеда Рабиги Сатығалиевны Сыздық приведено начало статьи *Қазақ тілі үшін Ұлттық корпус керек пе?* (Ғылыми ғұмыр: ана тілі және түркі әлемі. Алматы: Елтаным, 2014. 393–395 б.).

ных импульсов, исходящих из центра или периферии тюркского мира, и с помощью различных сценариев объясняется его динамика. Задействованы итоги официальных переписей населения, базы Агентства Республики Казахстан по статистике.

Использован сопоставительный анализ статистических и аналитических данных официальных источников, справочников, монографических исследований.

### **Образ ойкумены по Л. Н. Гумилеву**

Со времен древнегреческих текстов слово ойкумена (греч. οἰκουμένη – *заселенная* от οἰκέω – *населяю*) остается популярным, особенно среди этнографов и историков. Языковеды используют его как общепринятый концепт в нарративе о состоянии и динамике тюркоязычного мира.

Л. Н. Гумилев поместил *образ ойкумены* в понятийный аппарат этнологии (наряду с *этносом, суперэтносом, пассионарностью, этногенезом и др.*), рассматривая историю тюркской ойкумены и этногенез древних этносов Великой степи, «когда этнические процессы были начаты и закончены», но продолжался «новый, еще не законченный виток этногенеза» [1]. Долгое время «мысль историков Европы была зажата железным кольцом моноцентризма» и связывала развитие цивилизации исключительно с древней Иудеей, Элладой, Римом, западной романо-германской Европой. Л. Н. Гумилев возводит тюркскую ойкумену к самому центру Евразийского континента, особо подчеркивая, что он не монолитен и тюркская ойкумена четко разделена природными барьерами. Великая степь в те полтора тысячелетия, на которых была сосредоточена мысль Л. Н. Гумилева, была местом, где «вспыхивали и угасали суперэтнос, сдерживаемые не только силою своих соперников, но и невидимыми на карте географическими рубежами» [1].

Современная тюркская ойкумена издревле создавалась на громадной территории Азии, отчасти Европы, Кавказа в виде мощных образований Тюркского каганата, Хазарского каганата, Золотой Орды, Казахского ханства, Османской империи, которые придали масштабность географическим пределам тюркского присутствия в мире.

Именно эта территория – место тюркской ойкумены и становления тюркского суперэтноса остается эпицентром формирования и распространения импульсов его развития.

### **Текучесть тюркской ойкумены**

Современные карты вызывают вопросы о локации тюркской ойкумены, поскольку расселение тюркских народов то картографируется безотносительно к границам государств, то тюркские ареалы просто налагаются на политическую карту мира, то приоритет политических границ не всегда учитывает проживание народов на соп-

редельных ирредентах и пр. [2; 3; 4; 5]. Хотя именно реальное расселение тюркских народов позволяет учитывать их глубинную включенность в макрогенетические отношения с монгольскими, тунгусскими, финно-угорскими языками, а также видеть сложные очертания ареалов тюркских языков от практически непрерывного континуума [2; 3] до его «уплотнения» в четких государственных границах [4].

Сегодня тюркская ойкумена не зафиксирована жестко в границах современных тюркских независимых государств (Республика Казахстан, Кыргызская Республика, Республика Узбекистан, Туркменистан, Азербайджанская Республика, Турецкая Республика, а также Турецкая Республика Северного Кипра), и статус тюркских языков варьируется в широких границах, некоторые из них обрели официально установленный статус дважды, например, казахский язык – государственный язык Республики Казахстан, местный официальный язык Республики Алтай (Российская Федерация). Есть также страны и регионы со значительным присутствием тюркских этносов, иногда в них одному из тюркских языков придается статус государственного или официального, регионального или местного языка. К числу таких стран относятся Российская Федерация, Украина, Республика Молдова, Китайская Народная Республика, а также тюркские государства с автономными тюркскими административными образованиями, например, Республика Узбекистан. Кроме того, имеются государства со значительным присутствием тюркских этносов (Афганистан, Монголия, Турция, Исламская Республика Иран и др.).

Образ современной тюркской ойкумены по-прежнему устойчиво восходит к Евразии, хотя тюркские ареалы связаны сегодня не только с ней, как это было в далекие времена, когда формировался тюркский суперэтнос. В то же время процессы, которые «исторгали» потоки тюрков тысячи лет назад, не затухли. Изменилась их интенсивность, стимулы и масштабы. Они не «перекраивают» геополитическую карту мира, а продолжают в той или иной степени сказываться на этнодемографическом портрете даже тех стран, которые традиционно не относят к тюркской ойкумене.

Двадцатый и двадцать первый век продемонстрировали, что тюркская ойкумена динамична и по-прежнему склонна расширять и уплотнять свои пределы, правда, с иной интенсивностью. Данные процессы проявляются, например, в увеличении дисперсности распространения азербайджанского языка за пределы Азербайджана, или в ощутимости турецкого присутствия в Средиземном море (Северный Кипр) или в Германии (в которой число турков достигло 3, 5 млн. чел. и др. [6; 7; 8]). Продолжается увеличение и расширение разрастающейся тюркской ойкумены, становящейся в отдельных своих частях все более заметной. Например, массовая трудовая миграция из Центральной Азии в Россию оказалась настолько политически ангажированной, что «тюркское присутствие» (естественно, помимо территории Республики Татарстан,

Республики Башкортостан и др.) заставляет считаться с ним на уровне учебных планов и создания учебников для детей мигрантов.

Если раньше, в основном, популярной была теория *автохтонизма* (извечной связи народа с территорией), которая получила даже политическую поддержку как реакция на идеи пантюркизма при образовании тюркских союзных и автономных республик [9], то сегодня массовую миграцию из тюркских регионов объясняют экономическими, политическими и иными причинами. Например, сильным фактором «антропотоков» признается разница демографического давления, когда оно «вдоль государственных и даже геополитических границ» оказывается «нестерпимым»: по одну сторону границы «катастрофическая перенаселенность, по другую – антропологическая пустыня» [10]. Как определить степень объективности таких полемических оценок? Безусловно, необходимы панорамные исследования миграционных процессов, исхода тюркских народов из исконных мест проживания и, соответственно, процессов кризиса, смены, утраты идентичности.

Чтобы получить более точное представление о современной тюркской ойкумене, а также интенсивности миграционных процессов, следует знать число носителей тех или иных тюркских языков. Существует большое число источников на разных языках, в которых дается количественная оценка размеров тюркских этносов. Расхождения между ними иногда велики, так только Всемирной ассамблеей тюркских народов в 1990 г. называлась цифра 132, 8 млн, в 2007 году – 200 млн человек [11; 12].

### **Динамичность тюркской ойкумены Казахстана**

В 1999 г. в Казахстане числилось 136 этносов и 126 потенциально возможных этнических языков [13], в 2009 насчитывалось 127 этносов и 117 языков [14]. Согласно переписи населения Казахстана 2021 г., в стране проживают представители 124 этносов [15]. Бюро национальной статистики по состоянию на начало 2023 г. приводит данные о представителях 70 этносов, а также о 64876 человек, не осуществивших этническую идентификацию, и группе «другие национальности» из 47901 человек [16; 17].

Переписью 1970 года была отмечена следующая номенклатура тюркской ойкумены: казахи, азербайджанцы, алтайцы, балкарцы, башкиры, гагаузы, долганы, караймы, каракалпаки, карачаевцы, кумыки, кыргызы, крымчаки, ногайцы, саха, татары, татары крымские, тофалары, турки, турки месхетинцы, туркмены, тыва, узбеки, уйгуры, хакасы, чувашаи, шорцы [18].

Со временем часть данной номенклатуры стала сокращаться: в Переписи 1989 года отсутствовали тофалары, турки и турки-месхетинцы стали занимать одну строчку в Переписи 2009 года и т. д. [19]. Стала значительно убывать и численность самих тюркских этносов, находящихся в данном перечне. В зоне демографического рис-



ка оказались *алтайцы, балкарцы, башкиры, гагаузы, долганы, караимы, карачаевцы, крымчаки, кумыки, ногойцы, саха, татары крымские, тыва, туркмены, хакасы, чувашаи, шорцы и др.* *Этнолингвистическая витальность этой группы не может считаться благополучной.* Оказавшись в условиях дисперсного расселения вдали от материнского ареала, большая часть этих тюркских языков лишается возможности участвовать в языковой трансмиссии между поколениями, «теряет» своих носителей (миграция, снижение естественного воспроизводства и пр.), утрачивая самым первичными условиями сохранения языка.

Наши наблюдения о снижении этнолингвистической витальности малочисленных тюркских этносов Казахстана в значительной степени коррелируют с материалами, опубликованными в капитальном четырехтомном труде «Endangered Turkic Languages: Theoretical and General Approaches». В нем идет речь о рисках и сужении мирового разнообразия тюркских языков в ареалах их исконного пребывания [20]. Если проецировать наблюдения авторов из 24 стран на процессы сохранения тюркских языков этносами, оторванными от материнского ареала, то они протекают еще быстрее и острее в ином социальном, культурном и политическом контексте, при действии совокупности релевантных факторов, влияющих на выбор и использование языка.

Номенклатура тюркской ойкумены Казахстана включает и другую группу, этнолингвистическая витальность которых не вызывает опасений. В нее также входят языки малочисленных этнических групп, и каждый этнос в отдельности и даже все вместе не преодолели 10% порог населения страны – это азербайджанцы, каракалпаки, кыргызы, турки, узбеки, уйгуры и др. Они постоянно пополняются за счет высокой рождаемости и трудовой миграции носителей. Большая часть языков этой группы имеет вне Казахстана основное территориально-государственное образование, в котором они являются титульным, государственным, официальным и/или мажоритарным языком. Много в сохранении языков данной группы определяется коллективным выбором этноса, степенью его культурной и исторической солидарности, сохранением уклада жизни и семейных традиций при условии компактного и плотного проживания. Почти все языки данной группы поддерживаются существующей в Казахстане системой образования: детские сады, начальные и средние школы (узбеки, уйгуры), университеты (турки, уйгуры), воскресные этнокультурные объединения и просветительские школы (кыргызы) и др.

Безусловно, главной силой, определяющей состояние тюркской ойкумены Казахстана, является титульный казахский этнос и казахский язык.

Казахский язык как государственный язык Республики Казахстан и как один из крупных языков по числу носителей занимает 76 место среди 7000 языков в мире [21].

Казахи – демографически подвижная и социально наиболее активная часть тюркской ойкумены Казахстана, именно на нее непосредственно устремлена государственная политика. Казахи больше других этносов вовлечены в процессы внутренней миграции, связанные с урбанизацией, переносом столицы, изменением административно-территориального деления областей. Это особенно заметно в изменившемся этническом составе областей и городов и расширении зон казахского присутствия, которое влечет в городах рост казахской и заметное снижение русской языковой компетенции.

Численность населения Казахстана 14 ноября 2023 года достигла 20 млн, доля казахов в нем на начало 2024 года составила 70.98% [16; 17].

Демографическая составляющая казахов вышла из зоны напряженности, и на первый план стали выходить иные параметры повышения витальности казахского языка [22]. Языковой сдвиг (*language shift*) части казахов в сторону русского языка в свое время стал результатом советской государственной идеологии и политики русскоязычия [23; 24; 25]. Сегодня можно уверенно говорить о свершившемся повороте языкового сдвига (*reversing language shift*) в результате мобилизации национального сознания и самосознания, усиления мотивации к изучению казахского языка, общего роста казахской языковой компетенции у молодежи, эффективности финансово-экономических инструментов, квалификационно-аттестационных мероприятий, трансформации коммуникативно-языкового пространства и др. Естественно, поворот языкового сдвига не происходит равномерно и одинаково, в частности, это касается старшего поколения, чьи языковые предпочтения и речевые навыки сформировались в период всеобщей русификации [22].

В целом, активные исторические и социальные процессы, решительно изменившие коммуникативную среду, немало способствовали укреплению функциональных возможностей казахского языка и трансформации характера и форм его существования, что в свою очередь, привело к существенным изменениям языковой ситуации в стране.

Казахский язык сегодня – это язык большинства, демографическая поддержка, а также функциональная нагрузка которого как языка интеграции казахстанского общества претерпевает значительные изменения.

### **Заключение**

Демографические, политические и социальные процессы решительным образом отразились на перераспределении в населении страны удельного веса крупных этносов (например, первых девяти). Легко заметить здесь направление ‘движения’ – тюркские этносы уверенно переместились на места, которые ранее занимали украинцы, немцы, белорусы: 1989 г.: *казахи*, русские, украинцы, немцы, татары, узбе-

ки, белорусы, уйгуры, корейцы и др. [19]; 1999 г.: *казахи*, русские, украинцы, узбеки, немцы, татары, уйгуры, белорусы, корейцы и др. [13]; 2009 г.: *казахи*, русские, узбеки, украинцы, уйгуры, татары, немцы, корейцы, белорусы и *азербайджанцы*, корейцы, *турки* и др. [14]; 2023 г.: *казахи*, русские, *узбеки*, украинцы, *уйгуры*, немцы, *татары*, *азербайджанцы*, корейцы, *турки* и др. [16].

В последние десятилетия в Казахстане наблюдается общая *тенденция* увеличения удельного веса всех тюркских этносов в населении страны. По данным официальных источников, она выглядит вполне отчетливо: в 2009 г. 11 224 449 представителей тюркских этносов и языков составляли 70.1% населения страны [14]; в 2021 г. – 15 276 051 человек, или 77.4% [15]; в 2023 г. – 15 464 137 человек, или 80.6% [16].

Общая численность и доля тюркских этносов в населении страны значительно выросла, и бурные демографические процессы последних лет превратили Казахстан в страну с растущим тюркским населением с доминирующим представительством в нем казахского этноса.

Настоящая статья подготовлена в рамках научного проекта «Тюркские языки Казахстана в условиях духовной модернизации общества: от графики к эпическому тексту» (по Программе грантового финансирования научных и научно-технических проектов на 2024–2026 годы Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан) [ИРН AP23486380]. МРНТИ – 16.41.99: Прочие языки мира; 16.41.25: Урало-алтайские языки.

### Литература:

1. Гумилев Л. Н. (2009) «Тысячелетие вокруг Каспия. Историко-этнологическое исследование ойкумены Евразии за 1500 лет с III в до н. э. по XII в. н. э.» <http://gumilevica.kulichki.net/MAC/index.html>
2. <http://nado.znate.ru>
3. [http://upload.wikimedia.org/wikipedia/commons/c/ca/Central\\_Asia\\_Ethnic.jpg](http://upload.wikimedia.org/wikipedia/commons/c/ca/Central_Asia_Ethnic.jpg)
4. <http://www.google.com/imgres?imgurl=http://titus.uni-frankfurt.de/didact/karten>
5. The Turkic Languages in a Nutshell 2009-2014 // <http://turkic-languages.scienceontheweb.net/>
6. Турки в Германии: интеграция, а не ассимиляция // <http://ru.euronews.com/2013/09/10/turks-in-adopted-home-germany-want-increased-political-involvement/>
7. Тулешев В. (2013) Философия геополитики Казахстана в XXI Веке: Тюркский проект. Часть 2. Логика возвращения в родные пенаты // <http://carnegieendowment.org>
8. Statistisches Bundesamt (2010), Statistical Yearbook 2010 For the Federal Republic of Germany, <http://www.destatis.de/>
9. Кляшторный С.Г. (2010) Тюркский мир и евразийский симбиоз <http://www.tatar-history.narod.ru/simbioz.htm>

10. Карахан Н.М. (2013) Тюркский мир: проблемы идентичности <http://www.altynorda.kz/kazpressreview/tyurkskij-mir-problemy-identichnosti/>
11. Boeschoten H. (1998) *The Speakers of Turkic Language // The Turkic Languages*. Ed. L. Johanson, E. Csato. London
12. Алдашева А. М. (2009) Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы. Астана
13. Итоги (2000) переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Статистический сборник. Под ред. А. Смаилова. Т. 1–2. Алматы
14. Итоги (2010) Национальной переписи населения 2009 года в Республике Казахстан. Агентство Республики Казахстан по статистике. Астана
15. Краткие итоги (2023) переписи населения Республики Казахстан 2021 года. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Астана [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
16. Численность (2023) населения Республики Казахстан по отдельным этносам. Начало 2023 года. Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Астана [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
17. Национальное (2024) бюро статистики. <https://www.rbc.ru/politics/16/11/2023/6555f20a9a79475bbb79e2e4>
18. Итоги (1973) Всесоюзной переписи населения 1970 г. Национальный состав населения СССР, союзных и автономных республик, краев, областей и национальных округов. Т. 4. Москва
19. Национальный (1990) состав населения Казахской ССР. Алма-Ата
20. *Endangered (2016) Turkic Languages: Theoretical and General Approaches*. Vol. 1–4. Ankara Astana
21. *Ethnologue (2023)* <http://www.ethnologue.com.country.KZ>
22. Suleimenova E. (2015) The vitality of the Kazakh language and language planning // *Turcologica 102. Kazakh in post-Soviet Kazakhstan*. Ed. by R. Muhamedova. Harrassowitz Verlag. Wiesbaden. P. 11-26. <https://doi.org/10.2307j.ctvc2rkb>
23. О'Бикен Д. (2005) «Казахизация» и языковая политика в постсоветском Казахстане. <http://www.espi.ru/Content/Conferences/Papers2004/donaka>
24. Сулейменова Э. Д. (2011) Языковые процессы и политика. Алматы: Қазақ университеті
25. Smagulova J., Suleimenova E. (2024) Toward PostRussianness? Narrative Adjustment among Kazakhstanian Teachers of Russian. // *Russian as a Transnational Language. Resonance, Remembrance, Renewal*. New York, London. P. 35-62 <https://doi.org/10.43249781003088004>
26. Численность населения Республики Казахстан (на начало 2023г.) [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)

**Б.Жұбатова**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **АКАДЕМИК Р.С.СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ «ШЫҒЫСТЫҚ» ҚАБАТТЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Андатпа.** Мақалада академик Р.С.Сыздықтың қазақ тіліндегі араб және парсы лексикалық кірмелеріне қатысты ғылыми концепциялары мен осы бағыттағы болашақта зерттелетін мәселелер туралы пікірлеріне шолу жасалады.

**Тірек сөздер:** кірме сөздер, араб, парсы, әдіснама, кірме мәртебесі, белгілері

**Аннотация.** В статье рассматриваются научные концепции академика Р.С. Сыздык, связанные с арабскими и персидскими лексическими заимствованиями в казахском языке, и обзор проблем, которые должны решаться в перспективе в данной области, обозначенные ею.

**Ключевые слова:** заимствования, арабско-персидские, методология, статус и признаки заимствований

**Abstract.** The article examines the scientific concepts of academician R. S. Syzdyk, related to Arabic and Persian lexical borrowings in the Kazakh language, and an overview of the problems that should be solved in the future in this area, outlined by her.

**Keywords:** borrowings, Arabic-Persian, methodology, status and features of borrowings

Қазақ тіл білімінде араб, парсы кірме бірліктеріне қатысты қазақ лексикасының «шығыстық» қабаты деген терминдік тіркесті пайдаланған, кірме бірліктер мәселесінің зерттеуге лайықты, басы ашылмаған күрделі тақырып екенін алғаш атап көрсеткен академик Р. С. Сыздық болатын. Ғалым кірме сөз, кірме лексикалық тіркес, кірме сөз алды форманттары мәселеріне назар аударып, кірме бірліктер проблемасын бірнеше үлкен еңбекке жүк болатын мәселе ретінде атап көрсетеді, сонымен бірге болашақта қарастырылатын мәселелерді де белгілеп, олардың қатарына мыналарды жатқызады: кірме (заимствование) деп танудың белгілері, кірме сөз бен өзге тілдік немесе бөгде сөз, интернационалдық терминдер, термин емес қарапайым интербірліктер, олардың ара-салмағы («тілдің жат сөздермен былғану» проблемасы). Ғалымның пікірінше, кірме мәселесі – бүгінгі қазақ тіл білімінің ең өзекті, түбегейлі шешімін таппаған проблемасы [1, 174-175 б].

Р. Сыздық кірме мәселесіне қатысты зерттеулерді зерделей келіп, тілдік бірліктің (кірме деген термин көбіне лексикалық бірліктерге қатысты қолданылып жүргенін ескеру керек – Б.Ж.) кірме мәртебесіне ие болу үшін қажет төмендегідей жеті түрлі белгіні атап көрсетеді:

1. кірме сөздің функционалдық стильдерде, әсіресе публицистикалық, ғылыми-көпшілік, күнделікті тұрмыстық қатынас стильдерінде еркін әрі жиі қолданылуы;
2. кірме мағынасының көпшілікке түсінікті болуы;
3. тіркестер құрауға қабілетті болуы, әсіресе бөгде сөзде қабылдаушы тілдің өз сөздерімен тіркесіп, қолданысқа қажет лексикалық, грамматикалық бірліктер жасау мүмкіндігінің болуы;
4. образ (бейнелі сөз, сөз тіркесін) жасауға қатыса алатындығы;
5. варианттарының болмауы;
6. қолданылу әлеуетінің айқын болуы;
7. қабылдаған тілдің фонетикалық заңдылығы бойынша өзгеріп қолданылуы [1, 204-205 б.].

«Бөгде тілдің элементтері» не болмаса «бөгде элементтер» дегенде, тілде кірме бірліктерден басқа шеттілдік элементтердің бар екенін де ескеру қажет. Шеттілдік сөз (иностранное слово), шетел сөз, шетел сөзі деп әртүрлі аталып жүрген ұғымды кірме элементтерден ажыратып алу қажеттігі бар. Тілде бөгде не бөтен тілден енген элементтерді іштей кірме және шетел элементі деп бөлу орын алған. Басқаша айтқанда, тілдегі бөгде бірліктер кірме бірліктер және шеттілдік бірліктер деп екіге бөлінеді. Осы кезге дейін бөгде тілдік бірліктер мәселесі лексика деңгейінде зерттеліп келеді, сондықтан жалпы бөгде тілден алынған лексикалық бірліктерді кірме сөз және шетелдік сөз (иностранное слово) деп екіге бөліп қарастырылып жүр. Қазіргі кезде тіл білімінде кірме сөздер мен шетел сөздері деген ұғымдар анықталып, бір-бірінен ажыратылғанын айту керек. Қазақ тіл білімінде кірме және шетел сөздерінің оның айырым белгілерін анықтау мәселесі Р. Сыздықтың жоғарыда айтып кеткен еңбегінде [1] қарастырылады. Шеттілдік сөздер де кірме сөздер секілді бөгде тілдік элемент болып табылады, алайда бұл екеуі бір нәрсе емес. Кірме сөздердің белгілерін анықтап алғаннан кейін, шеттілдік сөздердің де белгілеріне тоқталған абзал. Шеттілдік сөздердің белгілері төмендегідей:

- 1) шеттілдік сөздер кірме сөздер секілді емес, олардың қолданылу аясы тар;
- 2) күнделікті өмірде жиі әрі еркін жұмсалмайды;
- 3) олардың «бөгделігі» сезіліп тұрады;
- 4) қалың көпшілікке мағынасы түсініксіз, оларды белгілі бір саланың мамандары ғана пайдаланады [1, 208-209 б.].

Бұл көрсетілген белгілерден шеттілдік сөздерді тілдегі синхрондық құбылыс ретінде тану керектігі айқындалып тұр.

Қазіргі лингвистикада кірме бірліктер ретінде қарастырылып жүрген калька, калькалау мәселелері де Р.Сыздық еңбектерінде сөз болады.

Калькалау тек қана қазақ және орыс тілдерінің арасындағы байланыс орнағаннан

бері орын алған жоқ, түркі, иран, араб мәдениеттерінің арасындағы ерте кезеңдегі байланыстардан басталған, белгілі бір тарихы бар құбылыс.

**Қазақ тіл білімінде кірме фразеологизмдер** мәселесіне оның ішінде араб, парсы тілдерінен енген кірме фразеологизмдерге арналған арнайы зерттеулер қолға алынуда. Кірме бірліктерді лексикалық деңгейде қарастыру түркологтер мен қазақ тілі мамандарының үнемі назарында болып келгенін айту керек. Қазақ тіл біліміндегі бұл мәселеге кезінде академик **І. Кеңесбаев** көңіл аударған болатын [2, 208-209 б.] .

Шығыс тілдерінен енген фразеологиялық бірліктер жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаса да, кірме лексикалық бірлік, оның негізгі белгілері секілді теориялық мәселер академик **Р. Сыздық** еңбектерінде кеңірек қарас-тырылады. Ғалымның еңбектері әсіресе кірме элементтер мәселесіне байланысты болашақта зерттелуі тиіс тақырыптарды айқындап, көрсетіп береді. Р. Сыздықтың кірме сөзге қатысты тұжырымдары фразеологиялық кірмелердің басты белгілерін анықтауда да басшылыққа алынды. Қазақ тіл білімінде фразеологиялық кірме мәселесі арнайы зерттелмесе де, кірме фразеологизмдер жекелеген қаламгерлердің тілін зерттеуге арналған еңбектерде талданады. Бұл турасында тағы да Р. Сыздық еңбектерін атаймыз. Ғалымның зерттеулерінде фразеологизмдердің генетикалық қабаттарын анықтау мақсат етілмегенмен, Абайдың қолданысындағы жалпыхалықтық фразеологизмдерді құрайтын топтың ішінде араб, парсы тілдерінен калькаланғандары да аталады, сонымен бірге Абайдың өзінің орыс тілінен калькалау амалымен жасаған фразеологиялық оралымдардың шағын тобы бар екенін де ескертеді [3, 130 б.]. Араб, парсы тілдерінен калькаланған тұрақты сөз тіркестерінің жалпыхалықтық фразеологизмдердің қатарында аталуының өзі, бір жағынан, бұл кірмеліктің байырғылығын, тілімізге ертеректе еніп, фразеологиялық қордан берік орын алып, кәнігі болып кеткенін білдірсе, екінші жағынан, бұл кірме фразеологизм мәселесін зерттеудің әлі қолға алынбағанын танытады.

Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде қазақ тіліндегі белгілі бір сөздің не сөз тіркесінің эволюциясын қарастырумен бірге, бірсыпыра сөздердің түп-төркінін, қай тілден екенін анықтауды көздейді [4, 7 б.]. Бұл семасиологиялық зерттеуде қазақ жырларындағы *абжыландай толғану, алқа құру, жад ету, жек көру, зар илеу, көзайым болу, сары уайым, махаббаттың саудасы, тауап ету* т.с.с. тіркестердің құрамындағы араб, парсы сөздері талданады. Бұл еңбегінде ғалым жеке сөздер мен сөз тіркестерінің қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде, этимологиялық, диалектологиялық сөздіктерде тіркелмеген мағы-наларын ашуды мақсат етеді. Автор бірқатар образды оралымдардың түп-төркінін іздестіре түсу керек деген ой тастап, жаңа ізденістерге жол сілтейді. Қазақ әдебиетіндегі *аб, айып, алқа, байтақ, астана, кимие-симие, дат тақсыр, дем тарту, дес бермеу, дындан, жам ағайын, жетім-жесір, зар еңіреу, кердең мойын, көр соқыр, қазыналы қандақ, құдды өзі* секілді тіркестердің мағынасы

мен шыққан тегі туралы ғалымның мақалаларын этимологиялық талдаудың үлгісі деп тануға болады. Мұнда бас-аяғы жиырмаға жуық араб, парсы сөздері талданған. Автор қазақ лексикасы тарихында араб, парсы сөздерінің тұрақты тіркестер жасау құбылысына қатысып, тек қана ауыспалы мағыналарында қолданылғанына назар аударады [4, 215 б.].

Ғалымның «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиясы да Абай дүниетанымын танытатын Құран реминисценциялары мен аллюзияларын, калькаланған тіркестерді танып алуға да мол мағлұмат береді. Зерттеушінің «Қазақтың Абайға дейінгі күшті дамып келген поэтикалық тіл дәстүрінің өзіне тән белгілері болды: ол негізінен ауызша дамыды, ауызша таралды, ауызша сақталды, поэтикалық мектептердің ауысуы баяу жүрді, дағдылы нормалар ұзақ сақталды, дәстүр жалғастығы мықты болды. Мұның барлығы бір жағынан, поэтикалық тіл нормаларын берік сақтауға ықпал етсе, екінші жағынан, жаңалыққа көп жібермеді. Бірақ дамудың аты даму, оның заңы қазақ өлеңі дүниесінде өзгеріс-жаңалықтарды туғызбай тұра алмайтын еді. Бұл ұлы тарихи миссия-міндет Абайдай ұлы талант иесінің үлесіне тиді» [3, 202 б.] деген пікірі шығыс поэтикалық дәстүрін Абайдан іздеу керектігін тағы да еске салып (М.Әуезовтен кейін), шығыс тілдерінен кірген фразеологиялық тіркестердің ұлы ақынның қолданысында әрі қарай шығармашылықпен дамығанын көрсетеді. Осы жерде ғалымның «өзге тілдердің әсерінен туған жаңалықтар» деуінен тілдік, концептуалдық кірмелер туралы айтып тұрғаны байқалады. Абайға дейінгі жалпыхалықтық қолданыстағы фразеологизмдердің Абай қолданысында түрленуі, олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданыстарымен салыстыра отырып, кірме фразеологизмдердің даму динамикасын айқын көрсетіп беруі кірме фразеологизмдердің қабылдаушы тілдегі қазіргі жай-күйін сипаттауда көмектесетінін айту керек. Абай лексикасын генетикалық тұрғыдан талдап, ондағы араб, парсы сөздерін анықтау Р. Сыздық еңбегінен басталады. Ғалым бұл қабатты жалпыхалықтық тілге енген уақытына қарай, қамтитын тақырыбына, әдебиет жанрына, мақсатына т.б. белгілеріне қарай талдайды. Абайдың тіліндегі шығыс сөздерін Абайға дейінгі жалпыхалықтық тілде қолданылғандары және Абай қолданысындағылары деп екіге бөліп қарастыруы кірме фразеологизмдерді анықтауда да көмекке келеді. Мұнда тек жекелеген лексикалық бірліктер емес, фразалар, грамматикалық тіркестер қарастырылады. Ғалымның Абайдағы *ғашықтық жарасы, хаққа мүлгу, қалың қайрат табу, ғылым оқу, ғылым іздеу т.с.с.* фразеологизмдерді талдауы кірме фразеологизмдерді талдау үлгісі болып табылады. Әсіресе, *қызмет, өнер, харекет, хат, сурет* секілді араб сөздерінің тіркес жасаудағы әлеуетін көрсетіп беруі де кірме фразеологиялық оралымдардың қабылдаушы тілдегі мағынасын талдауда көмектеседі. Абай заманындағы араб, парсы сөздерінің жанданып, активтен бастауына себеп болған факторларды анықтау, араб кірме лексикасын арабша-орысша, парсыша-орысша сөздіктердің көмегімен сол тілдердегі мағынасы мен қазақ



тіліндегі мағыналарын салыстыра отырып, семантикалық өзгерістері мен дамуын айқын көрсетуі де маңызды. Кезінде академик Р. Сыздық Абай лексикасында араб, парсы сөздерінің орыс сөздеріне қарағанда мол екенін көрсете отырып, «араб, парсы тілдерінің маманы болмағанымыздан, біз бұл кітапта Абай лексикасындағы арабизм, фарсизмдерге түгел, жан-жақты талдау жасай алмағанымызды ескертеміз. Тегі, бұл мамандар тарапынан арнайы, өз алдына зерттеуді қажет ететін мәселе» деп, араб тілі мамандарының алдындағы міндеттерді белгілеген еді [5, 79 б.]. Осының нәтижесінде Абай тіліндегі араб, парсы сөздерін зерттеуге арналған Ж.Есеналиеваның диссертациялық жұмысы жазылды.

Қазақ тіліндегі кірме сөз деген ұғым мен оның белгілерін, межелерін анықтау, зерттеу әдістерін белгілеу мәселесі де Р. Сыздық еңбектерінде сөз болады. Жазба нұсқалардағы шет тілдік сөздердің күллісі сол тілге енген кірме элемент болмайтынын ескерте келіп, ғалым сөз кірме болып саналуы үшін дәстүрлі меже-шарттардан басқа да қасиеттерін санамалап көрсетеді [5, 89 б.]. Бұл зерттеулерде Абайдың қара сөздеріндегі арабша тұтас сөз тіркестері мен сөйлемдері, қазақ грамматикасына тән емес нормалардың кездесетіні сөз болады [5, 531 б.]. Қазақтың ертедегі өлең-жырларында, мақал-мәтелдерде, әсіресе қос сөздер құрамында, тұрақты тіркестерде кездесетін ескіліктердің бірқатарының пайда болу уәждерін монғол, парсы, араб, тіпті бірен-саранын қытай халықтарымен болып отырған аралас-құраластық факторларынан іздеу керектігін ескертеді [1, 36 б.]. Ал ғалымның көрсетіп берген тілдегі ескіліктерді зерттеудің амал-тәсілдерін кірме фразеологизмдерге қатысты да қолдануға болады. Қорыта келгенде, академик Р. Сыздықтың кірме лексикалық бірліктерге қатысты қолданған әдіс-амалдарын кірме фразеологиялық тіркестерді зерттеудің әдіс-намалық негізі деп тануға әбден болады.

Ясауи хикметтерінің тілін зерттеуге арналған монографиясында ғалым түркі, парсы, араб сөздерінен тұратын Ясауи хикметтері лексикасына қатысты: «Түркі қабаты аса күрделі, ол өз ішінен және ажыратылады, парсы қабатының орын алу себептері мен қолданыс ерекшеліктерін көрсету де, араб сөздерінің қолданыс уәждерін анықтау да, сопылық ілімге (суфизмге) қатысты терминдік мәндерін ашу да зерттеушілердің алдына тартылады» деген пікірі [1, 69]. әлі күнге дейін өзекті. «Бүгінгі қазақ тіліндегі кірме сөздердің көздерін, тарихын, қалыптасу жолдарын, даму кезеңдерін зерттеушілер тереңірек ізденіп, дұрыс көрсетіп берулері керек деуге болады. Бұл жерде таза лингвистикалық заңдылықтар емес, халықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани дүниесінің тарихына, яғни ислам дінінің, оқу-ағартудың, өнердің (поэтикалық дәстүрдің) сырына, тарихына үңілу қажет болмақ. Оның үстіне зерттеуші араб пен парсы тілдерін де жақсы меңгерген маман болғаны шарт» [6, 81] деуі арқылы шығыстанушы мамандардың алдындағы міндеттерді айқын көрсетіп, бағыт көрсетеді.

Қазақ тіл біліміндегі кірме бірліктерді сөз ететін зерттеулерге шолу жасау арқылы біз мынадай қорытындыға келдік: қазақ тілі сөздік қорының араб, парсылық лексикалық қабаты біршама анықталса да, фразеологиялық қордағы кірмелер қабаты арнайы қарастырылған жоқ. Алайда Шығыс әдебиеті арқылы қалыптасқан образдар, сол образдар арқылы келген жеке сөздермен бірге сөз тіркестері туралы жекелеген пікірлер орын алып келді. Бұл турасында кезінде Р. Сыздық *бұлбұл құс тас қапаста сайрайды енді, жаралған саф алтыннан сүйектері, жүрекке гашық оты тиді, шекердей шырындығы, қолыма хат жазарға алдым қалам* деген өлең жолдары қазақтық емес деген тұжырым жасап, қиссалар секілді әдеби мәтіндер қазақ тіліне *бақта бұлбұл сайрау, қызыл гүл, саф алтын, маржандай тіс, аузынан дүр шашу* секілді тұлғаларды енгіз-генін айтқан болатын [7, 226 б.]. Бұл жерде мәселе материалдық (лексикалық) айқын кірме сөздерге ғана емес, сонымен бірге концептуалдық кірмелерге қатысты екені анық. Сондықтан академик Р. Сыздық еңбектері кірме бірліктерді зерттеу әдіснамасын салуымен бірге болашақта зерттелетін тақырыптарды белгілеуімен де құнды.

Ал тілдегі кірме сөздерді зерттеу, Р.Сыздық сөзімен айтқанда, «тілдің тарихи-өзгермелі құбылыс екенін мойындайтындай білім дәрежеміздің өскендігін» танытады, қазақ тілінің даму тарихына, диахрондық сипатына қатысты мол деректер береді, қазақ тілінің өркениеттер көшінен қалмай, өзгелермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасай алғанын дәлелдейді.

Қорыта келгенде, қазақ тіл біліміндегі кірме бірліктер, оның ішінде орыс, әсіресе араб және парсы тілдерінен енген элементтерді зерттеу мәселесін алғаш рет көтеріп, бұл мәселені зерттеу әдіснамасын қалыптастырған академик Р.Сыздық болатын.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
2. Кеңесбаев І. Кейбір фразалар төркіні /Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – Б. 226-229; Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы//Кітапта: І.Кеңесбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 229-274-бб.
3. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
4. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
5. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
6. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің тілі». Көптомдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы: «Ел-шежіре», 2004. 667 бет.
7. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.

**М.Ескеева**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ КӨНЕТҮРКІЛІК ҚАБАТЫ**

**Андатпа.** VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің лексикалық жүйесі түркі тілдерінің функционалдық әлуетін қамтамасыз ететін жалпытүркілік лексикалық қордың негізін құрай отырып, қазіргі және орта түркі тілдері мен түркілік тектіл арасын жалғастырушы бірден-бір лингвистикалық дерек болып табылады. Ескерткіштер тіліндегі лексикалық бірліктердің қазіргі түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық табиғатына бейімделуі әрбір жекелеген тілдің көнетүркілік лексикалық қабатының ерекшеліктерін айқындайды. Мақала қазақ тілінің көнетүркілік лексикалық қабатының өзіндік ерекшеліктерін саралауға бағытталған. Көне түркі тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық параллельдер Талас және Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің аралас тілдік жүйеге негізделген қыпшақ-оғыздық және оғыз-қыпшақтық сипаты тұрғысынан қарастырылады. Қазақ тіліндегі көнетүркілік лексиканың сақталу деңгейі, тарихи дыбыс өзгерістерінің табиғаты түркі тіл білімінде қалыптасқан қазақ тілінің дәстүрлі глоттохронологиялық сипаттамасына сәйкес келе бермейтіні көрсетіледі. Қазақ тілі де баба тілдің, көне түркі тілінің элементтерін молынан сақтаған әрі жаңа сипатқа ие болған тілдер қатарында қарастырылады.

**Тірек сөздер:** көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі, қазақ лексикасының көнетүркілік қабаты, түркі тілдерінің ыдырау үдерісі, фонетика-фонологиялық жүйе, альтернатива, қыпшақ-ноғай тілдік тобы.

**Abstract.** The lexical system of the language of the Turkic written monuments of the VI-IX centuries, constituting the basis of the common Turkic lexical fund, which provides the functional potential of the Turkic languages, represents linguistic data indicating the continuity between the Turkic proto-language and the medieval and modern Turkic languages. Adaptation of lexical units of the language of monuments to the phonetic-phonological nature of modern Turkic languages discovers the features of the ancient Turkic lexical layer of each individual language. The article discusses the peculiarities of the Old Turkic lexical layer of the Kazakh language. The lexical parallels between the ancient Turkic language and the modern Kazakh language are considered from the perspective of the Kipchak-Oghuz and Oghuz-Kipchak language features based on mixed linguistic system of the language of the Talas and Orkhon-Yenisei monuments. It is shown that the level of preservation of the Old Turkic lexicon in the Kazakh language does not correspond

to the traditional glottochronological description of the Kazakh language established in Turkic linguistics.

**Keywords:** Old Turkic written monuments, the Old Turkic layer of the Kazakh language, the process of differentiation of Turkic languages, phonetic and phonological system, alternation, subgroup of the Kipchak-Nogai languages.

**Аннотация.** Лексическая система языка тюркских письменных памятников VI–IX вв., составляя основу общетюркского лексического фонда, обеспечивающего функциональный потенциал тюркских языков, представляет собой лингвистические данные, указывающие на преемственность между тюркским праязыком и средневековыми и современными тюркскими языками. Адаптация лексических единиц языка памятников к фонетико-фонологической природе современных тюркских языков определяет особенности древнетюркского лексического пласта каждого отдельного языка. В статье рассматриваются особенности древнетюркского лексического компонента в казахском языке. Лексические параллели между древнетюркским языком и современным казахским языком рассматриваются с позиции кипчакско-огузских и огузо-кипчакских черт, основанных на смешанной языковой системе языка таласских и орхоно-енисейских памятников. Показано, что степень сохранности древнетюркской лексики в казахском языке не соответствует общепринятой в тюркском языкознании глоттохронологической характеристике казахского языка.

**Ключевые слова:** язык древнетюркских письменных памятников, древнетюркский пласт казахской лексики, процесс дифференциации тюркских языков, фонетико-фонологическая система, альтернация, кипчакско-ногайская языковая подгруппа.

Түркі халықтары тілінің қалыптасуы да жалпы адамзат тілінің пайда болу тарихының құрамдас бөлігі болғандықтан, жалпы глоттогенез жөнінде қалыптасқан бағыттар мен ағымдардың әдіснамалық негіздерін, зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарын саралай отырып, тілдік деректер негізінде ғана шамалауға болатын күрделі мәселе. Кез келген этностың, оның тілінің қалыптасуы ұзақ мерзімді қамтитын даму үдерістерінің нәтижесі, белгілі бір тарихи оқиға аумағында жаңа бір халықтың, оның тілінің пайда болуы этноэволюциялық, глоттоэволюциялық заңдылықтар мен ұстанымдарға сәйкес келе бермейді. Соған орай, түркі дүниесіндегі қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған глоттогенездік үдерістер де өте ерте замандардан бастау алатыны анық. Белгілі бір тілдік қауымға немесе этносқа тән тарихи үдерістерді, олардың рухани-материалдық әлемін сипаттайтын және этнос немесе қауым мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал болуына орай классикалық лингвистикада тіл константты құрылым ретінде де қарастырылды. Шын мәнінде, тіл үнемі дамып, жетіліп, өзгеріп отырады, сондықтан диахрониялық тіл білімі тілді даму үстіндегі, үнемі өзгерістер мен жаңалықтарды қабылдай

отырып, архиформалар мен архисемаларды сақтауға қабілетті құбылыс тұрғысынан қарастырады. Тілдегі реликт белгілер тілдік дамудың өте тереңдегі тарихи қабаттарынан мәлімет береді.

Түркі халықтары тарихындағы сақ(скиф) дәуірінің айрықша маңыздылығын және ежелгі дүние тарихында скиф дәуірі біршама жақсы зерттелгенін негізге алған академик М.Закиев ежелгі/көне түркі тілдерінің қалыптасуы мен дамуының үш сатылы хронологиялық кезеңін көрсетеді: 1) Сақтарға (скифтерге) дейінгі кезең. Бұл дәуір америкалық үндістердің Еуразия құрлығынан Америка құрлығына қоныс аудару кезінен, шамамен 20-30 мың жыл бұрынғы кезден басталып, б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы кезеңін қамтиды. Осы кезеңде түркітөктес халықтардың өмір сүргенін дәйектейтін фактілер жеткілікті; 2) Сақ (скиф) дәуірі б.з.д. I мыңжылдықтан басталып б.з. IV-V ғасырларына дейінгі кезең, шамамен 1500 жылды қамтиды; 3) көне түркі немесе сақтардан (скифтерден) кейінгі дәуір, орта ғасырдың алғашқы жылдарынан (б.з. V ғ.) басталып б.з. IX-X ғасырларына дейінгі аралықты қамтиды. Осы үш кезеңдегі тілдерді «көне түркі тілдері» [1; 101-102] деп атаған зерттеуші, түркілердің жазба тілдерінің тарихи даму жолын бес кезеңге бөледі: 1) Көне түркі дәуірі (VI-X ғғ.) немесе ерте орта ғасыр кезеңі; 2) жалпы ескітүркілік немесе түркілік кезең (XI-XIV ғғ.); 3) жекелеген ескітүркілік халықтық әдеби тіл немесе локальды түркілік кезең (XV ғасырдан XIX ғасырдың бірінші жартысы); 4) жаңатүркілік ұлттық тілдер (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бірінші ширегі). Бұл кезең 1917 жылға дейін жазба әдеби тілі қалыптаса бастаған тілдерге қатысты ажыратылады; 5) 1917 жылдан кейінгі түркі тілдері кезеңі [1; 24].

Біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының ортасы мен екінші жартысында түркі тілді тайпалар Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағында, Оңтүстік Сібірде, Еділ бойында, Солтүстік Кавказда Түрік қағанаты, Шығыс түрік қағанаты, Батыс түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Ұйғыр қағанаты тәрізді ірі мемлекеттерді құрғаны, Енисей қырғыздарының, қарлұқтардың, қимақтар, оғыздардың да мемлекеттік жүйедегі бірлестіктері болғандығы тарихтан белгілі [2; 137-138]. Түркі тілдері дамуының ежелгі кезеңдері – алтай, хун дәуірлеріндегі түркі тілдері жөнінде пікір қайшылығы, даулы мәселелер көп болса, көне түркі дәуіріндегі лингвистикалық жағдаят басы ашық мәселе. Еуразия аумағының далалық аймақтарындағы этникалық процестің шешуші кезеңі де осы мерзімде, б.з. I мыңжылдықтың орта тұсында жүрген этникалық, қоғамдық саяси үрдістерге қатысты сипатталады. Осы кезеңде түркілер мекендейтін аумақтардағы елдердің этникалық-демографиялық құрамы полиэтникалық құрамнан моноэтникалық құрамға өтіп, таза түріктік болып қалыптасады. «Батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен, Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен тұйықталатын түркі тектес халықтардың мемлекеттік бірлестігінің құрылуы белгілі дәрежедегі бетбұрыс кезең болды» [3;4]. Осы кезеңде түркілердің өздері жайлы мол жазба

мұра қалдыруы да Y-X ғасырларды таза түркілік дәуір ретінде танудың негіздемесі болды.

Түркі жұртшылығының ғана емес, жалпы адамзат өркениетінің рухани-мәдени құндылықтарының бірі – Орхон-Енисей, Талас жазбаларының тілі XIX ғасырдың соңғы жылдарынан бері түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи лексикологиясының арқауы қызметін атқарып, лексикалық қордың лексика-семантикалық даму үдерісін, түркі тілдерінің өзара туыстық қатысын белгілеудің негізгі критеріі болып келеді. Соған сәйкес, қазіргі қазақ тілі лексикасының да көнетүркілік қабаты ажыратылады. Көне түркі тілінің қазақ тілінің қалыптасуындағы орны жайлы С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Қ.Өмірәлиев, А.Есенқұлов, А.Аманжолов, Е.Ағманов, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, С.Исаев, Б.Сағындық, М.Жолдасбеков т.б. зерттеушілердің пікірлері белгілі. Академик Р.Сыздық Орхон-Енисей ескерткіштері тілін қазақтың ауызша және жазба әдеби тілінің бір арнасы ретінде қарастырады [4;46].

Кез келген халықтың тарихы жазба тілмен тікелей байланысты қалыптасып, барлық рухани және материалдық құндылықтар деңгейі жазба мәдениетінен көрінетіндіктен түркі жазба тілінің бізге жеткен ең көлемді әрі ең көне мұрасы ретіндегі Талас, Орхон-Енисей ескерткіштерінің деректанымдық, лингвоақпараттық құндылығы жыл өткен сайын арта түсуде. Алайда қазақ тілінің тарихи бастауын көне түркі ескерткіштері тілімен ғана шектеуге болмайтыны да белгілі. Қазақ бір тұтас халық болып қалыптасуынан бұрынғы дәуірлерде оның этникалық негізін құраушы қаңлы, үйсін, қыпшақ т.б. ірі тайпалардың өзара жақын, бірақ өзіндік ерекшеліктері де бар өз тілдерінің қалыптасқанын, осындай ұлыс тілдері мен тайпа тілдері қолданыста болғанын көрсеткен академик Ә.Т.Қайдар «Ол тілдердің жігін ажыратып, ерекшеліктерін айқындау көп ғасыр өткеннен кейін, әрине қиын. Өйткені олардың бәрі тарихи даму барысында өзара тоғысып, тұтас бір тілге айналып кетті. Алайда тіл логикасына сүйенсек, қазақтың бір тұтас жалпыхалықтық тіліне дейін қаңлы, үйсін, қыпшақ, арғын, найман т.б. тайпа тілдерінің болғаны дау тудырмаса керек» деген тұжырым айтады [5, 113-114].

Түркі тілдерінің көнетүркілік қабатын құрайтын Талас, Орхон, Енисей жазба мұралары тілінің лексикалық жүйесінің өзіндік ерекшеліктері мен құрамын анықтау қазіргі түркі тілдері лексикалық құрамының даму жолын саралауға, жалпытүркілік тілдік жүйенің жекелеген тілдерге ыдырау үдерісіндегі лингвистикалық заңдылықтардың табиғатын ажыратуға мүмкіндік береді. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көне түркі тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымын дәлме-дәл қайталайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, бұл – табиғи лингвоэволюциялық заңдылық. Кенестік түркітану Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілін оғыздық, ұйғыр-оғыздық, қырғыз-қыпшақтық сипатта тануды қалыптастырып, соңғы жылдарға дейін көне мұралар тілінің батыс қыпшақ тілдеріне қатысы күңгірт қалып келді.

Қазіргі түркі тілдерінің қай-қайсысы болмасын бастауын түркілік тектілден алатындықтан әрбір тілдегі лексикалық жүйені кең көлемде, әдеби тіл мен диалектілік ерекшеліктер арасына шекара қоймастан, фразеологизмдер мен паремияларды, фольклор тілін толық қамти қарастырғанда қай тілден болмасын көне белгінің іздері байқалып жатады, сондай-ақ кейін қалыптасқан жаңа белгілер де аңғарылып тұрады. Соған орай, түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясына қатысты түрлі көзқарастар бар. С.Е.Маловтың жіктемесінде көне белгі ретінде ескерткіштер тіліндегі *rt*, *lt*, *nt* тіркестерінің түбір мен қосымша морфема жігінде қолданылу ерекшеліктерін – *alti* «алды», *kelti* «келді», *barti* «барды», *apta* «онда» т.б.; көне түркі жазбаларында кеңінен қолданылатын *ɣ/g* дауыссыздарының инлаут және ауслаут жағдайда сақталуын – *taɣ* «тау», *sariɣ* «сары» т.б. көрсететіледі [6; 142]. Яғни, осы белгілерді сақтаған тіл ең көне тілдер қатарына жатады деген концепция ұсынылды. Ежелгі түркі жазбаларында кеңінен қолданылған сөз соңы мен сөз ортасында қолданылатын *ɣ/g* дауыссыздарының қазіргі тілдерде сақталу деңгейі әртүрлі. Морфема жігіндегі үнді *r*, *l*, *n* дыбыстарынан кейін келген қатаң *t* дыбысының ұяңдануын, *ɣ/g* дыбыстарының сөз ортасы мен сөз аяғында ілгерілеуін немесе нөлдік тұлғаға айналуын көрсететін тілдік деректер қазақ тілі лексикалық жүйесіне тән екені белгілі, соған орай классификацияда қыпшақ тілдері, оның ішінде қазақ тілі де балаң тілдер қатарына жатқызылады. Жіктеменің негізіне алынған қазақ тіліндегі үнді дыбысқа аяқталатын сөздерге септік және жіктік жалғауларының ұяң варианттарының жалғануы – *žolta*≈*žolda*, *körtim*≈*kördim* т.б., дауысты дыбыстар ортасындағы дауыссыздардың қазақ тілінде ұяңданып айтылуы – *sekiz*≈*segiz*, *toquz*≈*toyüz* т.б. үндестік заңының нәтижесі. Көне түркі тіліндегі *ɣ/g* дыбыстарына аяқталатын біраз сөздер қазіргі тілімізде негізінен *w* сонантына ауысады, мысалы: *taɣ/darɣ*≈*taw* «тау», *tur*≈*tuw* «ту», *bayir*≈*bawir* «бауыр»; енді біраз сөздер *j* дыбысына ауысады, мысалы: *sigir*≈*sijir* «сиыр», *tügme*≈*tüjme* «түйме», *üg*≈*üj* «үй»; үшінші тобы редуцияланып түсіп қалады, мысалы: *sariɣ*≈*sari* «сары», *aɣuw*≈*uw* «у»; төртінші бір тобы қатанданып *q/k* – ге айналған, мысалы: *joɣ*≈*zoq* «жоқ», *tüg*≈*tük* «түк».

Қазақ лексикасының көнетүркілік қабатын құрайтын сөздердің бір бөлігі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес фонетика-фонологиялық нұсқаларымен қалыптасса, енді бір бөлігі тұлғалық-мазмұндық жағынан ешбір өзгерістерге түспей қолданылады, мысалы:

*aj* «ай» (СДЕ, 206): *Toquzinč aj jiti otuzqa joq ertürtimiz* КТҮ. 53 «Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік» (Айд. I, 183) ~ қаз., тат., ноғ., башқ., құм., қырғ., ққалп. *aj*.

*el* 1. «тайпалық одақ»; 2. «халық» (ДТС, 168); Е. 3, 8, 11, 16 т.б. (ДТД, 36). Орхон-Енисей әліпбиінде *i*, *e* дыбыстарының таңбалары ортақ, сондықтан ескерткіштер мәтініндегі *el* сөзі *il* түрінде де оқылып жүр. *Qayanin anta ölürtimiz, ilin anta altimiz*

КТү. 38 «Қағанын сонда өлтірдік, елін сонда алдық» (Айд. I, 179). И.А.Батманов бастаған зерттеушілер *el* түрінде (ДТД, 138), С.Е.Малов *il* (Мал. I, 94) тұлғасында оқиды. М.Қашқари сөздігінде *el* түрінде беріледі (МҚ. I, 48; МҚ. II, 25). Қазіргі қыпшақ тілдерінде аталған лексема қаз., ққалп., ноғ. тілдерінде *el*; қырғ. *эл*; тат., башқ. *il(ул)* тұлғасында қолданылады.

*er* «ер/батыр, ер адам» (СДЕ, 245) *Bujruqı jeme bilge ermis erinč, alip ermis erinč* КТү.3 «Бұйрықтары да білгір ер еді, өздері де алып ер болған екен» (Айд. I, 171). Қазіргі түркі тілдерінде *er ≈ ir ≈ ijr ≈ эр ≈ ar ≈ ар* түрінде қолданылады: қаз., ққалп. *er*; башқ., тат. *ijr*; ноғ., құм. *эр*. Көне түркілік *er* моносиллабы Орхон ескерткіштері тілінде кездесетін *erikli* «ерікті» *Kültegin jiti otuz jaşıña qarluq budun erür barur erikli jayı boltı* «Күлтегін жиырма жеті жасында қарлұқ халқы жүре бара ерікті (нағыз) жау болды» КТү. 41, орта ғасыр және қазіргі түркі тілдеріндегі *erkek*: е. қып. *erkek/ijrkek*, қаз., ққалп. *erkek*; тат., башқ. *ijrkäk*; ноғ., құм. *эрkek* «ер адам», *erkin*: қаз. *erkin*; ққалп. *erkijn*; құм., ноғ. *эрkijn*; тат., башқ. *ijrken* «еркін, ерікті» сөздеріне негіз болғаны белгілі. XIII ғасыр ескерткіші «Китаб-у междму-у терджуман түрки уа 'аджами уа моғоли уа фарси» сөздігінде «бойдақ» мәнін беретін *erkek* лексемасы тіркелген (Құрыш. 113).

*köl* «көл»: *anı jañi: Türgi Yarayun: költe: buzdumiz*: «Оны жеңіп, Түркі Иарғын көлінде талқандадық» КТү., 34 (Айд. I, 168) ~ қаз. *köl*.

*kün* «день, солнце» (ДТД, 56) БҚ. 30; МЧ. II, 13; Тон. 12; Е. 7; КТк. 2: *Ilgerü kün toysıqqa...* «ілгері күн шығыста» (Айд. I, 168) ~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *kün*; тат., башқ. *kön*.

*kün* «күң»: *qayanladıq: qayanin: jetirü: idmis: Tabyač budunqa: beglik: urı oğulin: qul: boltı: silik: qiz oğulin: küñ boltı* КТү.,7 «Қағандық қағанынан айрылды, табғаш халқына бек ұлдары күл болды, сұлу қыздары күң болды» (Айд. I, 172).

*qar* «қар» (ДТД, 51) БҚ. 27; Тон. 25; Тал. II, 4: *sünükü batamı qaray sükin Kögmen jışıy toya yorip Qıryız: budunıy uda: basdımız* КТү. 35 «Сүңгі батымы қарды аршып, Көгмен тауына көтеріле жүріп, қырық аз халқын ұйқыда бастық» (Айд. I, 178)~ қаз., ққалп., ноғ., құм., қар., тат., башқ. *qar*. Түрік тілінде «жаңбыр аралас қар» мағынасын беретін *qaj* лексемасы тіркелген. Ортақ мағынасына қарағанда *qar*, *qaj* моносиллабтары тектес тәрізді, гипотезалық ілкі түбірі *qat* «қату» (ДТС, 432), салыстырыңыз: *qattı, qatuw, qaw, qaq* т.б. лексемалары құрамындағы *\*qa* тұлғасымен байланысы болуы мүмкін.

*quz* «құз, жар тас» КТк. 6; Тон. 7: *Çuñaj quzin Qara qumıy olurur ertimiz* «Чұғай құзын, Қарақұмды мекендеуші едік» (Айд. II, 105) ~ қаз., ққалп., ноғ. *quz*. Жалпы түркілік *quz/qaja/qija* сөздерінің мазмұны мен тұрпаты ортақ негіздеп өрбіген туынды түбір екенін аңғартады, ілкі түбірі *\*qu~qi~qa* тұлғалары, ортақ сема «биік, жартасты тау».



*qum* «құм» (ДТД, 52) МЧ. I, 8; Тон. 7: *Џуғай quzın Qara qumıy olurur ertimiz* «Чұғай құзын, Қарақұмды мекендеуші едік» (Айд. II, 105) ~ қаз., ққалп., ноғ. *qum*; тат., башқ. *qom*.

*qiz* «қыз» (ДТД, 50) Е. 22; МЧ. II, 15; Тон. 48; КТҮ. 7: *silik qiz oyliñ küñ bolti* «Сұлу қыздарың күң болды» (Айд. I, 172) ~ қаз., қалп., ноғ., башқ., тат., кырг. *qiz*.

*ot* «от» БҚ. 27 (ДТД, 77) *anča qazyanıp: biriki: budunıy: ot sub qilmadım* КТҮ., 27, 37 «Сонша құрап, біріккен халықты от-су қылмадым» (Айд. I, 177); *Türgis qayan süsi Bolčuda otča, borča kelti* «Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді» КТҮ. 37 (Айд. I, 179). Ескі қыпшақ тілінде *ot* ~ қаз. *ot*.

*ört* «өрт»: *Örtçe qizip kelti* Тон. 40 «Өртше қызып келді» (Айд. II, 111) ~ қаз., ққалп., ноғ. *ört*; тат., башқ. *ürt*. Қыпшақ тілдері бойынша *rt* дауыссыздар тіркесінің тұрақты болып келуі, \**ö* тұлғасының жалпы түркі тілдері қалыптасуы кезеңіндегі мағыналық аясының аса кең болғанын, *ört* сөзінің дараланып шығуының өзі де өте ежелгі кезеңдерден басталатынын көрсетеді т.б.

Тіл адамзат мәдениетінің даму үдерісіндегі маңызды белгілерді, сапалық өзгерістерді өз мазмұнында сақтай отырып, адамның рухани әлемінде құрылымдық әрі мазмұндық тұрғыдан өзгерістер мен жаңғыруларға ұшырайды. Бұл орайда тілдің өзгермелі табиғатының астарында сақталатын архимазмұн мен архиформа релик-тілерінің ақпараттылық әлеуеті және эмпатикалық негізде ғана тануға болатын рухани әлем бірінші орынға шығады. Тіл иесі – этностың рухани-мәдени-танымдық әлемі оның этногенездік құрылымын, этностық деңгейге дейінгі жүріп өткен жолын, дербес халық ретінде қалыптасқаннан кейінгі тарихын және олардың басқа этностық топтармен тарихи-әлеуметтік қарым-қатынасын қамти отырып, этнос тілінің мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктерінен көрініс береді. Мұндай көпқатпарлы, көпвекторлы байланыс этнос тілінің мыңдаған жылдарды қамтитын бірнеше лексикалық қабаттарының глоттохронологиялық өріс аясына кіретін мазмұндық және тұлғалық құрылымының өзгеру, даму парадигмасы шеңберінде жүзеге асады. Тұтас мазмұндық аяның дербес семаларға ыдырауы дербес ұғымның мағынасына негіз болады. Мұндай лексика-семантикалық даму қазақ тілі лексикасының көнетүркілік қабатын да қамтиды: *ög*: «шеше» – Мысалы: *aqanım: Elteris qayanıy: ögüm: Elbilge qatunıy: Tejiri: töpesinte: tutup: jügürü: kötürmüs erinč* КТҮ., 11 «Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен» (Айд. I, 173) ~ қаз. *ögej*: «өгей шеше, өгей бала, өгей аға т.б.»; *qatun*: «қағанның әйелі, ханым» – Мысалы: *aqanım: Elteris qayanıy: ögüm: Elbilge qatunıy: Tejiri: töpesinte: tutup: jügürü: kötürmüs erinč* КТҮ., 11 «Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен» (Айд. I, 173) ~ қаз. *qatın* «қатын».

Қыпшақ тобындағы қазақ тілінің дамуы, қазақ этносының ұлттық сипатқа ие болуы қыпшақ тобындағы өзге тілдердің даму процестерімен, сол тілде сөйлеуші эт-

ностардың даралану үдерістерімен тығыз байланыста жүріп отырғанын тарихи деректер де, тілдік деректер де қуаттайды. Қыпшақ тілдерінің ыдырауы X ғасырдың орта тұсында қарқынды жүреді. Зерттеушілер бұл үдерісті 936 жылғы Қырғыз қағанатының құлауымен сәйкес келетінін көрсетеді [7;175]. 1030-1050 жылдары шығыс даладан келген қыпшақтардың ықпалымен Хазар қағанаты толықтай ыдырағаны белгілі. Еуразияның далалық аймағындағы мұндай тарихи оқиғалар біртұтастыққа бейімделіп қалған қыпшақ тілінің іштей сараланып, бірнеше диалектілерден тұратын тілдік топтардың орныға бастау нышандарын айқындайды. Бұл жерде қыпшақ тілін жалпы түрк(і) тілінен бөліп қарастырудың өзі шарттылыққа негізделеді. Себебі түрк және қыпшақ этнонимдердің синонимдік мәнде қолданылу мүмкіндігі жайлы да пайымдаулар бар. VIII ғасырдың орта тұсында орнатылған Мойун Чур (744 ж.) ескерткіші мәтінінде түрік-қыпшақтардың тоғыз-оғыздарды елу жыл басқарғаны жайлы деректің сақталуы, Тоникук (726 ж.) жазбасындағы түрк-сир(есир), Білгеқаған (735 ж.) ескерткішіндегі алты сир(есир) тіркестерінің қыпшақтарға байланысты қарастырылуы да VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліне қазіргі қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің де қатысы барын айғақтайды. Көне түркі дәуіріне дейін де түркі халықтарының өмір сүргені, олардың арасында қазіргі қазақтардың ата-бабаларының болғаны да дәлелдеуді қажет етпейтін заңдылық. Сондықтан қазіргі қыпшақ тілдері тобындағы тілдердің бәрі де түркілік тектіліктің белгілерін белгілі бір дәрежеде сақтап отырғанын баса көрсету орынды. Ал қыпшақ тілдерінің даму жолындағы өзгерістер, олардың өзара ыдырауы, көне белгілерімен қатар жаңа белгілерді де қабылдап, дербес тілге айналуы біршама кейінгі дәуірлердің жемісі.

Қазақ тілі лексикасының көнетүркілік қабаты қазақ тілінің көне белгілерді молынан сақтаған әрі жаңа сипатқа ие болған тілдер қатарына жататынын айқындайды. Біздің заманымызға дейінгі сақтардың одан кейінгі ғұндардың тілімен ұласып жатқан жалпытүркілік негізтілден бастау алатын қазақ тілінің V-XVIII ғғ. аралығындағы тарихи дамуы Түрк қағанаты → Дешті қыпшақ → Алтын орда → Ноғай ордасы → Өзбек хандығы (Шайбани) → Қазақ хандығы мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады.

### Әдебиет:

1. Закиев М.З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013. – 4416 с.
2. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейінгі. – Алматы: Дәуір, 1994. – 455 б.
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 447 б.
4. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Көптомдық шығармалар жинағы. Үшінші том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 346 б.
5. Қайдар Ә.Т. Қаңлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610 б.

6. Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // Известия АН СССР. ОЛия. Т. 2. Вып. 2. М., 1952. С. 140-151.

7. Мудрак, 2009 – Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике. М.: РГГУ, 2009. 187 с.

**Шартты  
кыскартулар**

**Әдебиеттер мен сөздіктер:**

Айд. I	Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. –Алматы: Ана тілі, 1995. –232 б.
Айд. II	Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (ҮІІ ғасыр) тілі. –Алматы: Қазақстан, 2000. –120 б.
Аманж. I	Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. –Алматы: Санат, 1996. –127 б.
Аманж. II	Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 366 с.
ДТД	Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И.А.Батманова.–Фрунзе: Илим, 1971. – 194 с.
ДТС	Древнетюркский словарь. Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М.Щербака. –Ленинград: Наука, 1969. –676 с.
Құрыш.	Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XII в. «Тюркско-арабского слвваря». – Алма-Ата: Наука, 1970. –232 с.
Мал. I	Малов С.Е. Памятник в честь Кюль-Тегина. Памятник в честь Бильге-кагана (хану Могилян). Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи. –Семей: Дәуір, 2001. –С. 64-124.
МҚ	М.Қашқари. Девону луғот ит турк. С.М.Муталлибов. I том. Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашриётининг боспахонаси, 1960. – 499 с; II том. 1961, – 427 с; III том. 1961, – 461 с; IV том. Дивону луғот ит турк. Индекс-луғат. Ғ.Абдурахманова, С.Муталлибов. Узбекистон ССР Фан нашриёти. Тошкент, 1967. – 525 с.
СДЕ	Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф. и др. Современная и древняя Енисейка. Фрунзе: АН КиргССР, 1962. –248 с.
Ескерткіштер:	
БҚ	Білгеқаған
Е	Енисей жазбалары

КТү	Күлтегін, үлкен жазба
КТк.	Күлтегін, кіші жазба
КЧ	Кули Чор ескерткіші
МЧ	Мойун Чур ескерткіші
Он.	Онгин ескерткіші
Тал.	Талас жазбалары
Тон.	Тоникук ескерткіші
Тілдер:	
башқ.	башқұрт тілі
е.қып.	ескі қыпшақ тілі
қаз.	қазақ тілі
ққалп.	қарақалпақ тілі
құм.	құмық тілі
қырғ.	қырғыз тілі
ноғ.	ноғай тілі
тат.	татар тілі

### З.Сиразитдинов

*ИИЯЛ УФИЦ РАН, ведущий научный сотрудник  
Башкортостан*

## БИНАРНЫЕ СОЧЕТАНИЯ СЛОВОИЗМЕНТЕЛЬНЫХ АФФИКСОВ В БАШКИРСКОМ ЯЗЫКЕ И ИХ ПРИМЕНЕНИЕ В МОРФОАНАЛИЗАТОРЕ

**Аннотация.** В статье рассматриваются аффиксы башкирского языка и их сочетания, а также возможности их применения в морфоанализаторе. Анализируется актуальность создания модели аффиксов в прикладной лингвистике на основе конкретных примеров. Также подробно обсуждаются вопросы систематизации словообразовательных и грамматических аффиксов для их внедрения в морфоанализатор.

**Ключевые слова:** аффикс, морфоанализатор, словообразование, грамматика, окончание, суффикс.

**Аңдатпа.** Мақалада башқұрт тіліндегі аффикстерді және олардың тікесімдерін морфоанализаторда қолдану мүмкіндіктері туралы баяндалған. Олардың моделін құру қолданбалы лингвистиканың өзекті мәселесі екенін нақты мысалдар арқылы талдап көрсеткен. Морфоанализаторға сөзжасамдық және грамматикалық аффикстерді жүйелеп салу мәселесі талданған.

**Тірек сөздер:** аффикс, морфоанализатор, сөзжасам, грамматика, жалғау, жұрнақ.

**Abstract.** The article explores affixes in the Bashkir language and their application in a morpho-analyzer. It demonstrates through specific examples that developing a model for these affixes is a pressing issue in applied linguistics. The article examines the systematic integration of word-forming and grammatical affixes into the morpho-analyzer.

**Keywords:** affix, morpho-analyzer, word formation, grammar, suffix, prefix.

Формальное описание словоформы, составление модели словоформы, порожденной грамматическими аффиксами, является актуальной задачей прикладной лингвистики, служит основой при разработке систем автоматической переработки текстов. Выявление и описание возможных бинарных сочетаний аффиксов может сыграть роль в этом направлении.

Башкирские языковеды, следуя общей лингвистической традиции, выделяют словообразовательные и грамматические аффиксы [1: 18]. Последние подразделяются на словоизменительные и формообразовательные. Однако среди лингвистов до сих пор нет единого мнения о принадлежности некоторых аффиксов к той или иной категории. Так ряд языковедов к грамматической категории аффиксов относят аффиксы категорий множественности, отрицания, залога, наклонения и времени, неличных форм глагола, степени и качества, падежа, принадлежности, сказуемости, субъективной оценки [2;3;4]. Известный языковед А.А.Юлдашев считал необходимым разграничивать словообразовательные и словоизменительные функции залога [5: 88]. В академической грамматике башкирского языка формы залога рассматриваются как грамматические категории, сформированные на базе словообразовательных форм [4:244]. М.Х.Ахтямов, перечисляя словоизменительные и формообразовательные аффиксы, не включает в их разряд аффиксы субъективной оценки [1:с.138].

В академической грамматике, в вузовских и школьных учебниках аффиксы вопросительности, усиления и неопределенности рассматриваются в составе частиц [6]. Видимо, здесь сыграл роль авторитет Н.К.Дмитриева, утверждавшего, что эти частицы не выражают чисто морфолого-синтаксическую функцию, а скорее синтаксическую [7, 110 ст.]. Однако отдельные лингвисты считают целесообразным рассматривать их в составе формообразующих аффиксов, так как в формальном отношении они являются не отдельными словами, а частями слов [2: 25].

Но несмотря на это сегодня в башкирском языкознании понятие словообразовательной категории имеет сформированные границы функционирования. К данной категории относятся аффиксы, которые, присоединяясь к корню или основе слова, изменяют его лексическое значение и образуют новое слово. Эти аффиксы в языке представлены тремя видами: а) аффиксы, преобразующие в процессе словообразования данное слово в другую часть речи; б) аффиксы, образующие слова в той же

части речи, к которой относилась производящая основа; в) многофункциональные аффиксы. [2: 20].

Учитывая высказывания большинства башкирских языковедов, нами под грамматическими аффиксами понимается все регулярные аффиксы словоизменения, формообразования и частицы, которые не создают словоформы с новыми значениями.

**I. Построение слоизменительной модели бинарных сочетаний именных грамматических аффиксов.**

В академической грамматике башкирского языка для именных форм выделяются 15 следующих категорий словоизменения и формообразования [6]:

- 1 – категория множественного числа (Pl),
- 2 – категория падежного склонения (Case),
- 3 – категория сказуемости (Pred),
- 4 – категория принадлежности (Poss1),
- 5 – категория вопросительности (Q),
- 6 – категория неопределенности (частица неопределенности) (Indf),
- 7 – категория усиления (усилительно-утвердительная частица) (Int),
- 8 – категория притяжательности (с аффиксом – дыкы/-деке) (Poss2),
- 9 – категория уменьшительно-ласкательности (с аффиксом – кай/-кэй) (Dmhp),
- 10 – категория уподобления (с аффиксами – дай/-дэй, – са/-сә) (Comp),
- 11 – усложненная конструкция (с аффиксом – тағы/-тәге) (Loc2),
- 12 – категория обладательности (аффиксом – лы/-ле) (Poss),
- 13 – категория лишительности (аффиксом – Һыз/-һез) (Abs),
- 14 – категория предельности (аффиксом – ғаса/-ғәсә) (Term),
- 15 – категория сравнительной степени (аффиксом – раҡ/-рәк) (Com).

*Каждая из рассмотренных аффиксов может непосредственно присоединяться к основе, далее к этим аффиксам могут добавляться другие. Для именных частей речи башкирского языка существуют определенные порядки следования и сочетания словоизменительных морфем между собой.*

1. Аффикс множественности может сочетаться со всеми аффиксами, при этом данный аффикс стоит в подавляющем случае перед всеми остальными аффиксами, реализует парные сочетания:

1.1 Pl+Case: балаларзың (Pl+Gen), балаларға (Pl+Dat), балаларзы (Pl+Acc), балаларҙан (Pl+AbI), балаларҙа (Pl+Loc).

1.2. Pl+Pred: балаларбыҙ (Pl+Pred: pl p1), балаларһығыҙ (Pl+Pred: pl p2).

1.3. Pl+Poss1: балаларым (Pl+Poss1: sg p1), балаларың (Pl+Poss1: sg p2), балалары (Pl+Poss1: sg p3), балаларыбыҙ (Pl+Poss1: pl p1), балаларығыҙ (Pl+Poss1: pl p2), балалары (Pl+Poss1: pl p3).

1.4. Pl+Q: балалармы.

- 1.5. Pl+Indf: балаларзыр.
- 1.6. Pl+Int: балаларсы.
- 1.7. Pl+Poss2: балаларзыкы.
- 1.8. Pl+Loc2: балаларзағы.
- 1.9. Pl+Abs: балаларһыз.
- 1.10. Pl+Term: балаларғаса.

В трех случаях данный аффикс сочетается в обратном порядке:

- 1.11. Comp+Pl: таузайзар
- 1.12. Dmhp+Pl: балакайзар.
- 1.13. Comp+Pl: (для имен прилагательных): кызылырактар

2. Аффиксы падежного склонения могут сочетаться со всеми аффиксами и частицами. При этом они употребляются перед частицами, но после аффиксов, за исключением аффикса сказуемости.

2.1. Case+Pred: баламын (Nom+Pred), ауылдамын (Loc+Pred), ауылданмын (Abl+Pred), ауылғамын (Dat+Pred).

2.2. Case+Q: баламы (Nom+Q), баланыңмы (Gen+Q), балағамы (Dat+Q), баланымы (Acc+Q), балананмы (Abl+Q), балаламы (Loc+Q).

2.3. Case+Indf: балалыр (Nom+Indf), баланыңдыр (Gen+Indf), баланылыр (Acc+Indf), балағалыр (Dat+Indf), баланандыр (Abl+Indf), балалалыр (Loc+ Indf).

2.4. Case+Int: баласы (Nom+Int), баланыңсы (Gen+Int), баланысы (Acc+ Int), балағасы (Dat+Int), баланансы (Abl+Int), балаласы (Loc+Int).

2.5. Case+Com: ситкәрәк (Dat+Com), ситтәнерәк (Abl+Com), ситтәрәк (Loc+ Com).

Иза-за ограничения объема статьи, остальные модели словоизменения и формообразования здесь не приводятся. На основе анализа порядка следования аффиксов словизменения нами составлены бинарные сочетания именных аффиксов. Результат приведен в таблице 1.

Таблица 1.

### БИНАРНЫЕ СОЧЕТАНИЯ ИМЕННЫХ СЛОВОИЗМЕНИТЕЛЬНЫХ АФФИКСОВ

Pl	Case	Pl	Poss2	Case	Indf	Poss1	Case
Pl	Pred	Pl	Loc2	Case	Int	Poss1	Pred
Pl	Poss1	Pl	Abs	Case	Com	Poss1	Q
Pl	Q	Pl	Term	Pred	Q	Poss1	Indf
Pl	Indf	Case	Pred	Pred	Indf	Poss1	Int
Pl	Int	Case	Q	Pred	Int	Poss1	Poss2

Poss1	Comp	Dmhp	Loc2	Loc2	Comp	Abs	Indf
Poss1	Loc2	Dmhp	Poss	Loc2	Com	Abs	Int
Poss1	Term	Dmhp	Abs	Loc2	PredQ	Abs	Poss2
Poss1	Com	Dmhp	Term	Poss	Pl	Abs	Dmhp
Q	Indf	Comp	Pl	Poss	Case	Abs	Comp
Poss2	Pl	Comp	Case	Poss	Pred	Abs	Loc2
Poss2	Case	Comp	Pred	Poss	Poss1	Abs	Com
Poss2	Pred	Comp	Poss1	Poss	Q	Term	Q
Poss2	Q	Comp	Q	Poss	Indf	Term	Indf
Poss2	Indf	Comp	Indf	Poss	Int	Term	Int
Poss2	Int	Comp	Int	Poss	Poss2	Com	Pl
Poss2	Comp	Comp	Poss2	Poss	Dmhp	Com	Case
Dmhp	Pl	Comp	Loc2	Poss	Comp	Com	Pred
Dmhp	Case	Loc1	Pl	Poss	Loc2	Com	Poss1
Dmhp	Pred	Loc1e	Case	Poss	Com	Com	Q
Dmhp	Poss1	Loc2	Poss1	Abs	Pl	Com	Indf
Dmhp	Q	Loc2	Q	Abs	Case	Com	Int
Dmhp	Indf	Loc2	Indf	Abs	Pred	Com	Poss2
Dmhp	Int	Loc2	Int	Abs	Poss1	Com	Comp
Dmhp	Poss2	Loc2	Poss2	Abs	Q	Com	Abst

Как видно из таблицы 1, бинарные сочетания образуют определенный порядок и могут быть использованы при моделировании в целях автоматического описания любой словоформы языка. Проиллюстрируем это на следующих примерах:

1. Словоформа *кешеләрбеззе* формально на основе списка словоизменятельных аффиксов и словаря основ может быть описана как *кеш +е+ләр+е+без+зе* с моделью сочетаний аффиксов Poss1+Pl+Poss1+Pred+Case и как *кеше+ләр+ебез+зе* с моделью сочетаний аффиксов Pl+Poss1+Case. Реализуемые в языке парные сочетания позволяют сразу же отбросить первый вариант.

2. Словоформа *балыксыга* может быть формально разбита на модели *балыксы + га* (Case) и *балык+сы+га* (Int+Case). Задаваемая модель сочетаний (порядков) аффиксов именных частей речи исключает второй вариант.

## **II. Построение слоизменятельной модели парных сочетаний глагольных аффиксов.**



Для глагольных форм академическая грамматика определяет следующие категории: залог, переходность/непереходность, отрицание, наклонение, деепричастие, причастие, инфинитив, имя действия.

**Категория переходности/непереходности не имеет специальных аффиксов выражения, относится к сфере синтаксиса и определяется на лексико-семантическом уровне как уточнение глагольной основы в словосочетаниях [6: 239].**

В глагольных словоформах также существует свой порядок следования аффиксов словоизменений и формообразования. Для представления бинарных сочетаний определим возможные категории глагольных аффиксов:

- 1) категория вопросительности (Q),
- 2) категория неопределенности (частица неопределенности) (Indf),
- 3) категория усиления (усилительно-утвердительная частица) (Int),
- 4) категория отрицания (Neg),
- 5) категория изъявительного наклонения (Ind),
- 6) категория повелительного наклонения (Imp),
- 7) категория желательного наклонения (Opt1: – айым/-эйем, – айык/-эйек),
- 8) категория условного наклонения (Cond: – *хам/-хэм, – һаң/-һэң, – һа/-һә*),
- 9) категория деепричастия (Ger: Ger2 с афф. – *зас/-зәс, Ger3-ғанса/-гәнсә*),
- 10) категория причастия настоящего времени (Prs\_ptcp: – *ыусы/-еүсе*),
- 11) категория имени действия (Act: – *у/-уу/-еү*),
- 12) категория будущего неопределенного времени изъявительного наклонения (Ind\_FutIndf:
  - 13) категория желательного наклонения (Opt2: – *зы/-зе, Opt3:-әһе/-аһы*),
  - 14) категория наклонения намерения (Intnl: – *мәксе/-максы*),
  - 15) категория деепричастия (Ger: Ger1 с аф. – *еп/ып, – мәйсә/-майса –мәйенсә/-майынса; Ger4 с аф. , – ғансы/-гәнсе*),
  - 16) категория инфинитива (Inf: – *ргә/-рга, - мәскә/-мәска*),
  - 17) – категория хабитуалиса (Hab: – *сан/-сән*),
  - 18) – категория образования абстрактных субстантивов (Abst: – *лык/-лек*),
  - 19) категория причастия прошедшего времени (Pst\_ptcp: – *ған/-гән*),
  - 20) категория причастия будущего времени (Fut2\_ptcp: – *сәк/-сак*),
  - 21) категория причастия будущего времени (Fut1\_ptcp: – *ыр/-ер*),
  - 22) категория причастия будущего времени отрицательная форма (Fut\_ptcp\_neg: – *маç/-мәç*),
  - 23) категория деепричастия отрицательная форма (Ger1\_neg\_f3на – *май/-мәй*),
  - 24) категория причастия будущего времени (Fut3\_ptcp: на – *аһы/-әһе*),
  - 25) категория деепричастия (Ger5: – *а/-ә*).

Результаты анализа бинарных сочетаний словоизменительных аффиксов представлены в Таблице 2.

Таблица 2.

### БИНАРНЫЕ СОЧЕТАНИЯ ГЛАГОЛЬНЫХ СЛОВОИЗМЕНИТЕЛЬНЫХ АФФИКСОВ

Neg	Ind	Prs_ptcp	Loc2	Hab	Q
Neg	Imp	Prs_ptcp	Abst	Hab	Indf
Neg	Opt1	Act	Pl	Hab	Int
Neg	Cond	Act	Case	Hab	Com
Neg	Ger	Act	Poss1	Hab	Abst
Neg	Prs_ptcp	Act	Q	Abst	Pl
Neg	Act	Act	Indf	Abst	Case
Neg	Pst_ptcp	Act	Comp	Abst	Pred
Neg	Fut2_ptcp	Act	Loc2	Abst	Poss1
Ind	Q	Act	Abs	Abst	Q
Ind	Indf	Act	Term	Abst	Indf
Ind	Int	Act	Hab	Abst	Int
Imp	Q	Act	Abst	Abst	Comp
Imp	Indf	Ind FutIndf	Q	Abst	Loc2
Imp	Int	Ind FutIndf	Indf	Pst_ptcp	Pl
Opt1	Q	Ind FutIndf	Int	Pst_ptcp	Case
Opt1	Int	Opt	Q	Pst_ptcp	Poss1
Cond	Q	Opt	Indf	Pst_ptcp	Poss2
Cond	Int	Opt	Abs	Pst_ptcp	Comp
Ger	Q	Intl	Q	Pst_ptcp	Loc2
Ger	Indf	Intl	Indf	Pst_ptcp	Term
Ger	Int	Ger	Q	Pst_ptcp	Com
Prs_ptcp	Pl	Ger	Indf	Pst_ptcp	Abst
Prs_ptcp	Case	Ger	Int	Fut2_ptcp	Pl
Prs_ptcp	Pred	Ger	Com	Fut2_ptcp	Case
Prs_ptcp	PossPl	Inf	Q	Fut2_ptcp	Poss1
Prs_ptcp	Q	Inf	Indf	Fut2_ptcp	Comp
Prs_ptcp	Indf	Inf	Int	Fut1_ptcp	Pl
Prs_ptcp	Int	Hab	Pl	Fut1_ptcp	Case
Prs_ptcp	PossCase	Hab	Case	Fut1_ptcp	Poss1
Prs_ptcp	Comp	Hab	Pred	Fut1_ptcp	Comp

Fut1_ptcp	Abst
Fut_ptcp_ neg	Case
Fut_ptcp_ neg	Poss1

Fut_ptcp_ neg	Comp
Fut_ptcp_ neg	Com

Fut_ptcp_ neg	Abst
Ger1_neg	Com
Ger1	Com

Аналогичным образом работают и модели парных сочетаний глагольных форм.

### Литература:

1. Өхтәмов М. Х. Башкорт теленең һүзһалышы. Өфө, 2000. 153 б.
2. Ишбаев К.Г., 1994 Словообразование башкирского языка. Уфа: УНЦ РАН, 1994. 284 с.
3. Абдуллина Г.Р. Словоизменение башкирского языка. Уфа:Гилем, 124 с.
4. Абдуллина Г.Р. Формообразование башкирского языка. Уфа:Гилем, 2008. 236 с.
5. Юлдашев А.А. Система словообразования и спряжения глагола в башкирском языке. М., 1958.
6. Грамматика современного башкирского литературного языка (под. ред. А.А.Юлдашева). М.:“Наука”, 1981. – 795 с.
7. Дмитриев Н.К.Грамматика башкирского языка. М.:Наука, 1948. 276 с.

### Н.Шаймерденова

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
доктор филологических наук, профессор  
Казахстан*

### А.Искендир

*докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби,  
магистр педагогических наук  
Казахстан*

## ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ В КАЗАХСТАНЕ: ОТ ТРУДОВ Р. СЫЗДЫК К ИЗУЧЕНИЮ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

**Аннотация.** В статье рассматривается роль и значение научного наследия доктора филологических наук Рабига Сыздык (1924–2020), и обращается внимание на тюркологические аспекты в ее творчестве. Выдающийся казахский лингвист, академик Р. Сыздык

оказала значительное влияние на развитие казахского языкознания и в целом тюркологии. В своих трудах она детально исследовала казахский язык в контексте тюркского мира, рассматривая его как неотъемлемую часть общей тюркской языковой системы. Основываясь на сравнительно-историческом методе, Р. Сыздык провела глубокий анализ связей казахского языка с другими тюркскими языками, выявив общие черты и уникальные особенности. Ее методологические подходы, включающие изучение литературных произведений и источниковедческий анализ языков, стали важным вкладом в современную тюркологию. Авторы рассматривают влияние Рабиги Сыздык на развитие современных исследований в области тюркологии, подчеркивая при этом значимость ее научного вклада для изучения, сохранения и развития казахского языка, а также в целом тюркского культурного наследия. Ее труды основываются на верифицированных источниках и надежных теоретико- методологических подходах, глубоко анализе языковых процессов, ее способности видеть единство тюркской языковой общности. Труды ученого будут оставаться актуальными и важными для последующих поколений исследователей.

**Ключевые слова:** казахский язык, тюркология, научное наследие, тюркские языки, лингвист, языковые процессы, методология.

**Аңдатпа.** Мақалада филология ғылымдарының докторы Рабиға Сыздықтың (1924-2020) ғылыми мұрасының рөлі мен маңызы қарастырылып, оның жұмысындағы тюркологиялық аспектілерге назар аударылады. Көрнекті қазақ лингвисті және академигі Р. Сыздык қазақ тіл білімінің және жалпы түркітанудың дамуына айтарлықтай әсер етті. Ол өз еңбектерінде қазақ тілін Түркі әлемі контексінде егжей-тегжейлі зерттеп, оны жалпы түркі тілдік жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Салыстырмалы тарихи әдіске сүйене отырып, Р. Сыздык қазақ тілінің басқа түркі тілдерімен байланысына терең талдау жүргізіп, ортақ белгілері мен бірегей ерекшеліктерін анықтады. Оның әдеби шығармаларды зерттеу мен тілдерді салыстырмалы талдауды қамтитын әдіснамалық тәсілдері қазіргі түркітануға маңызды үлес қосты. Авторлар Рабиға Сыздықтың тюркология саласындағы заманауи зерттеулердің дамуына әсерін қарастырады, сонымен қатар, оның ғылыми мұрасының түркі тілдері мен мәдени мұраларын зерттеу және сақтаудағы маңыздылығын атап көрсетеді. Сондай-ақ, бұл әсер әдіснамалық тәсілдерде, тілдік үдерістерді терең талдауда, оның түркі тілдік қауымдастығының бірлігін көру қабілетінде көрінеді. Ғалымның еңбектері кейінгі зерттеушілердің ұрпақтары үшін өзекті және маңызды болып қала береді.

**Тірек сөздер:** қазақ тілі, тюркология, ғылыми мұра, түркі тілдері, лингвист, тілдік процестер, әдістеме.

**Abstract.** The article deals with the role and significance of scientific heritage of doctor of philological sciences Rabiga Syzdyk (1924-2020) and draws attention to the Turkological aspects in her work. Outstanding Kazakh linguist and academician R. Syzdyk had a significant

influence on the development of Kazakh linguistics and Turkology in general. In her works she thoroughly researched the Kazakh language in the context of the Turkic world, considering it as an integral part of the general Turkic linguistic system. Based on the comparative-historical method, R. Syzdyk conducted an in-depth analysis of the links between the Kazakh language and other Turkic languages, identifying common features and unique characteristics. Her methodological approaches, including the study of literary works and comparative analysis of languages, have become an important contribution to modern Turkology. The author examines the influence of Rabiga Syzdyk on the development of modern research in the field of Turkology, while emphasising the significance of her scientific heritage for the study and preservation of Turkic languages and cultural heritage. This influence also appears in her methodological approaches, deep analyses of language processes, and her ability to see the unity of the Turkic linguistic community. The works of the scientist will remain relevant and important for the next generations of researchers.

**Keywords:** kazakh language, Turkology, scientific heritage, Turkic languages, linguist, language processes, methodology.

Лингвистическое источниковедение в Казахстане представляет собой интенсивно развивающуюся область, охватывающую анализ письменных памятников, начиная с древнетюркских текстов, и последующие языковые изменения, происходившие на протяжении веков на основе этих источников. Особое значение в этой области придается сохранению и изучению духовного наследия тюркских народов. Как известно, лингвисты в этой сфере придерживаются мнения, что развитие лингвистического источниковедения как отдельной области языкознания включает в себя этап накопления материала, который связан с появлением первых публикаций памятников древней письменности и работ по истории языка, где освещаются общие и частные вопросы развития нормы, а также этап становления самого лингвистического источниковедения, который мы соотносим с началом разработки теоретических основ. В этом отношении для развития данного направления и учебной дисциплины в Казахстане важны научные исследования доктора филологических наук Р. Сыздык, которая не только глубоко изучала казахский язык, но и выявила его эволюцию в историко-культурном контексте и во взаимодействии с тюркскими языками.

Данное направление в филологической науке Казахстана все еще не получило комплексного описания, но абсолютно доказано, что оно требует дальнейших разработок и носит относительно самостоятельный характер. Так, в докторской диссертации С. Тулеубаевой [1] дается теоретико-методологическое обоснование, краткий обобщающий очерк и показан инструментальный анализ в контексте лингвистического источниковедения при обращении к личности аль-Фараби. При этом учёный опирается на исследования отечественных и зарубежных ученых, в частности, на труды Р.Г. Сыздык.

Следует особое внимание обратить на то, что приемы лингвистического исследования памятников письменности в источниковедческом аспекте в большинстве своем заимствованы из разных наук: истории, археографии, источниковедения, истории языка, диалектологии и текстологии, поскольку все они связаны с древним периодом развития человека и письменности, а это способствует достижению главного результата лингвистического источниковедения – изданию и интерпретации памятников письменности, поиск авторства, устранения имеющихся лакун. Для современных исследователей важно обращаться к трудам такого плана с целью анализа различных аспектов языкового взаимодействия тюркских народов. При этом особое внимание уделяется роли казахского языка в его историческом развитии, его взаимодействию с другими тюркскими языками. Как свидетельствует обзор научной литературы, на сегодняшний день, актуальными направлениями остаются исследование древних памятников письменности и установление их значимости для национальной идентичности тюркских народов, а также применение новых методов лингвистического анализа, в том числе цифровых технологий.

В творчестве Р.Г. Сыздык тюркологические исследования и проблемы казахского литературного языка, его истории, как правило, взаимосвязаны, а также дополняют друг друга. В монографии «Язык Жами'ат-тауарих К. Жалаири» (1989) лингвист после критического изучения исследований своих предшественников анализирует лексико-грамматические особенности языка летописей Кадыргали би из рода жалаир, при этом выявляет огузские и кыпчакские элементы, сопоставляя их с другими родственными языками. В кратком очерке, опубликованном К.Ш. Хусаиновым и Н. Уэлиевым в «Материалах к библиографии ученых Казахстана. Рабига Галиевна Сыздыкова (Р. Сыздык)» в 1994 году авторы отмечают: *«В творчестве Р.Г. Сыздыковой тюркологические исследования и проблемы казахского литературного языка и его истории, как правило, взаимосвязаны и как бы дополняют друг друга. В монографии «Язык Жами'ат-тауарих К. Жалаири» (1989) она после критического анализа исследований своих предшественников анализирует лексико-грамматические особенности языка летописей Кадыргали би из рода жалаир, выявляет огузские и кыпчакские элементы, сопоставляет их с другими родственными языками. Р.Г. Сыздыкова дифференцирует исконно казахские лексические единицы, обозначающие предметы быта, традиции и обычаи, не встречающиеся в лексико-грамматических формах, часто употребляемых в произведениях акынов и жырау XV-XVIII вв., но не встречающихся в современном казахском языке.*

Следовательно, основная значимость этого исследования заключается, во-первых, в выявлении определенной общности лексико-грамматических элементов языка «Жами'ат-тауарих...» с современным казахским языком, во-вторых, в раскрытии общих форм и явлений в языке этого письменного памятника и языке произведений казахских акынов и жырау XV-XVIII вв. Она научно доказала, что «Жами'ат-тауарих

*Кадыргали Жалаири» как в отношении языка, так и в плане памятника духовной культуры является историческим достоянием казахского народа» [2, 30].*

Труды Рабиги Сыздык оказали значительное влияние на развитие казахского языкознания и тюркологии. Ее исследования охватывают широкий спектр вопросов, связанных с историей, грамматикой, стилистикой и лексикографией казахского языка. Влияние Рабиги Сыздык на современную тюркологию невозможно переоценить, ведь ее работы являются важным источником для исследователей, работающих в области изучения проблем норм, вариативности как в казахском, так и в других тюркских языках, и способствуют глубокому пониманию языковых процессов, происходящих в тюркском мире.

Хотели бы остановиться на основополагающих моментах в исследовательской парадигме Р. Сыздык, касающиеся роли и значения научного наследия учёного и затрагивающие следующие ключевые вопросы: развитие казахского языка в тюркском контексте, а также методологические подходы Р. Сыздык в тюркологии. Значимость научных исследований в области лингвистического источниковедения ученого высока [3; 4; 5].

Рабига Сыздык была одной из первых, кто провела детальный анализ казахского языка в контексте тюркской языковой семьи. Ее исследования, основанные на сравнительно-историческом методе, позволили более полно понять особенности казахского языка, его историческое развитие и место в тюркском мире. Р. Сыздык в своих выступлениях акцентировала внимание на изучении становлении норм и кодификации казахского языка как одной из ключевых составляющих тюркской языковой общности. В своих трудах Р. Сыздык подчеркивала, что казахский язык сохраняет черты древнетюркского языка, такие как грамматическая структура, фонетические особенности и лексический состав. Она отмечала, что, несмотря на процессы языковых контактов и заимствований, казахский язык сумел сохранить свою уникальность и сыграл важную роль в формировании тюркской языковой общности. Это особенно заметно в контексте истории казахского языка, который, несмотря на влияние монгольских и персидских элементов, сохранил свои тюркские корни.

К 100-летию юбилею выдающегося ученого, яркой личности двух эпох – Рабиги Сыздык, мы вновь обращаемся к ее научным трудам, ее опыту вдумчивого исследования, подводим итоги научной биографии ученого, продолжаем развивать ее идеи и, конечно же, задаемся вопросом, продолжают ли ее труды оказывать влияние на современные исследования в области тюркологии? Ответ на этот вопрос однозначный: научное наследие Р. Сыздык служит важным источником для исследователей, занимающихся изучением казахского языка и его взаимодействия с другими тюркскими языками.

Сегодня, как никогда важно изучение прошлого, сохранения духовной культуры тюркских и славянских народов, введение в научный оборот еще не опубликованных рукописей, переиздание редких книг, новых исследований, основанных на методологических подходах и результатах, представленных в лингвоисторическом аспекте [5;

6]. В этом русле труды Р. Сыздык направлены на сохранение и изучение письменных источников и помогают понять, как исторические, современные языковые изменения влияют на языки и какие меры необходимо принимать для их сохранения совместно с естественным развитием.

Вопрос изучения научной биографии Р. Сыздык, значительного филологического наследия свидетельствует о том, что они продолжают оказывать влияние на развитие казаховедения и в целом тюркологии является достаточно актуальным вопросом в науке Казахстана. Это влияние заключается в ее методологические подходы, основанные на глубоком анализе языковых процессов и способности Р. Сыздык видеть единство тюркской языковой общности. Ее научное наследие будет оставаться актуальным и важным для последующих поколений исследователей, работающих в области тюркологии. Научные труды Р. Сыздык служат основой для дальнейших исследований, направленных на изучение казахского языка и его роли в тюркском языковом, культурном пространстве. В условиях современного мира, когда языки сталкиваются с новыми вызовами, творческое достояние Р. Сыздык остается актуальным и важным для сохранения, развития тюркского наследия.

Сохранение и трансляция культурных ценностей через язык наблюдаем в трудах Р. Сыздык, которая подчеркивала важность языка как инструмента сохранения духовных и культурных ценностей тюркских народов. Ее исследовательские работы служат основой для дальнейшего изучения взаимодействия языка и культуры в истории тюркских народов.

Исследование духовного наследия тюркских народов, включая их фольклор, эпос и письменные традиции, способствует пониманию современных языковых процессов в Казахстане, кроме того помогает укреплять национальную идентичность через язык – на это обращала внимание Р. Сыздык в своих выступлениях, неформальном общении и трудах.

*Заключение.* Рабига Сыздык оставила значительное научное наследие, которое продолжает оказывать влияние на развитие тюркологии. Ее работы стали важным вкладом в изучении казахского языка и его места в тюркском мире, а также в развитие сравнительного анализа тюркских языков. Исследования Р. Сыздык показывают, что лингвистическое источниковедение тесно связано с этноисторическими процессами, а изучение языка позволяет раскрыть не только лингвистические, но и культурные аспекты развития народов. Хотелось бы видеть ее труды на многих языках мира, и, конечно же, на всех тюркских языках, что очень важно для современного поколения ученых. Влияние Рабиги Сыздык на современную тюркологию заключается в ее методологических подходах, глубоком анализе языковых процессов и ее способности видеть единство тюркской языковой общности. Научное наследие учёного будет оставаться актуальным и важным для последующих поколений исследователей, работающих в области тюркологии.



*Источник финансирования:* статья подготовлена в рамках научного проекта по Программе грантового финансирования научных и научно-технических проектов на 2024–2026 годы Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан [ИРН АР23486380] «Тюркские языки Казахстана в условиях духовной модернизации общества: от графики к эпическому тексту».

### **Литература:**

1. Тулеубаева С.А. Стратификация языковой личности аль-Фараби в сравнительно-исторической парадигме: 10.02.20. Автореф. ... докт. дисс. филол. наук – Астана, 2010.
2. Рабига Галиевна Сыздыкова. Материалы к библиографии ученых Казахстана. Национальная Академия наук Республики Казахстан. Алматы «Ғылым», 1994. – 61 с.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
4. Сыздыкова Р. Изучение казахского языка в дооктябрьский период // В книге: Развитие казахского советского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 3– 32 бб.
5. Пантелеева Л.М. Лингвистическое источниковедение: периодизация науки и задачи на будущее// Вестник Пермского университета, Вып. 3 (27)2014.– стр. 104– 119.
6. Котков С. И. Лингвистическое источниковедение и история русского языка. Москва: Наука, 1980.– 297 с.

### **Т.Ермекова**

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **«ТҮЛҒАТАНУ» ІЛІМІ ЖӘНЕ АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ**

**Андатпа.** Мақала көрнекті лингвист ғалым академик Р.Сыздықтың еңбектері негізінде «Тұлғатану» ілімінің дербес ғылыми пән ретінде дараландыру мен оны зерттеуге қосқан үлесіне арналған. Академик Р. Сыздық бұл салада елге танымал тұлғалардың шығармашылығына жан-жақты талдау жасау арқылы жаңа көзқарас ұсынды, оны тілдік және мәдени ортаның ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Мақала Р.Сыздықтың белгілі тұлғалардың мұраларына, шығармаларына талдау жасау арқылы тұлға мұраларын зерттеудегі тіл арқылы адамды зерттейтін антропозектік бағыттың теориялық және әдіснамалық тәсілдерін талдайды. Оның танымдық және мәдени өзара әрекеттесудің әмбебап механизмі ретінде даралау тұжырымдама-

сына ерекше назар аударылады, бұл тілдік құралдардың әлемді қабылдауды қалай қалыптастыратынын және көрсететінін түсіндіруге көмектеседі. Мақалада академиктің зерттеулерінің негізгі нәтижелері, оның ішінде әр түрлі тілдер мен мәдениеттердегі даралау заңдылықтарын анықтау және осы заңдылықтардың тілдің құрылымы мен қызметіне әсері туралы айтылады.

Р.Сыздықтың теорияларын қазіргі лингвистикалық зерттеулер мен пәнаралық жобаларда қолданудың практикалық аспектілері де қарастырылады. Оның даралау процесінде тілдік және мәдени факторлардың өзара әрекеттесуі туралы идеялары мәдениетаралық коммуникациялар мен когнитивті процестерді зерттеудің жаңа көзқарастарын ашады. Мақала академиктің ғылыми жетістіктерінің ғылыми пән ретінде „Тұлғатану“ ілімі аясында дамыту және оны лингвистикада, психологияда және мәдениеттануда қолданудағы маңыздылығын көрсетеді.

Қорытындылай келе, мақала Р.Сыздықтың осы құбылыспен байланысты тілдік механизмдерді де, мәдени тәжірибелерді де тереңірек түсінуге ықпал ететін тұлғатану ілімін дамытуға қосқан үлесін атап өтеді.

**Тірек сөздер:** тұлғатану ілімі, когнитивті лингвистика, кешенді ғылым, Р.Сыздық мұрасы, антропоэзектілік.

**Abstract.** The article is devoted to the contribution of the doctrine “individualization as an independent scientific discipline and its study based on the works of the outstanding linguist academician R. Syzdyk. Academician R. Syzdyk presented a new approach in this area, having conducted a comprehensive analysis of the work of famous personalities in the country, considering it as an integral part of the linguistic and cultural environment.

The article analyzes the theoretical and methodological approaches of the anthropocentric direction of the study of man through language in the study of the heritage of personality by analyzing the heritage, works of famous personalities R. Syzdyk. Special attention is given to his concept of personification as a universal mechanism of cognitive and cultural interaction, which helps explain how linguistic means shape and reflect our perception of the world. The article highlights Syzdyk’s major research findings, including his work on identifying patterns of personification across different languages and cultures, as well as the impact of these patterns on language structure and function.

Practical aspects of applying Syzdyk’s theories in contemporary linguistic research and interdisciplinary projects are also discussed. His ideas about the interplay of linguistic and cultural factors in the process of personification open new horizons for studying cross-cultural communications and cognitive processes. The article emphasizes the significance of Syzdyk’s scientific contributions to the development of personification as a scientific discipline and its application in linguistics, psychology, and cultural studies.

In conclusion, the article acknowledges Academician Syzdyk’s contribution to the understanding of personification, which facilitates a deeper insight into both linguistic mechanisms and cultural practices associated with this phenomenon.

**Keywords:** the doctrine of personality, cognitive linguistics, complex science, the legacy of R. Syzdyk, anthropocentrism.

**Аннотация.** Стаття посвящена вкладу учения «индивидуализация как самостоятельная научная дисциплина и ее изучение на основе трудов выдающегося ученого-лингвиста академика Р. Сыздык. Академик Р. Сыздык представила новый подход в этой области, проведя всесторонний анализ творчества известных в стране личностей, рассматривая его как неотъемлемую часть языковой и культурной среды.

В статье анализируются теоретические и методологические подходы антропоцентрического направления изучения человека через язык в изучении наследия личности путем анализа наследия, произведений известных личностей Р. Сыздыка. Особое внимание уделяется его концепции персонификации как универсального механизма когнитивного и культурного взаимодействия, который помогает объяснить, как языковые средства формируют и отражают восприятие мира. В статье освещены основные результаты исследований академика, включая его работы по выявлению закономерностей персонификации в различных языках и культурах, а также влияние этих закономерностей на структуру и функции языка.

Также рассматриваются практические аспекты применения теорий Р. Сыздыка в современных лингвистических исследованиях и междисциплинарных проектах. Его идеи о взаимодействии языковых и культурных факторов в процессе персонификации открывают новые горизонты для изучения межкультурных коммуникаций и когнитивных процессов. Статья подчеркивает значимость научных достижений академика для развития персонификации как научной дисциплины и её применения в лингвистике, психологии и культурологии.

В заключение, статья отмечает вклад Р. Сыздыка в развитие понимания персонификации, который способствует более глубокому осмыслению как языковых механизмов, так и культурных практик, связанных с этим феноменом.

**Ключевые слова:** учение о личности, когнитивная лингвистика, комплексная наука, наследие Р.Сыздыка, антропоцентризм.

Қазіргі қоғамда қай ғылым саласында болмасын еліміздің рухани құндылықтарының қазынасы іспетті арғы-бергі тарихымызда өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен, тегеурінді әрекетімен, қарымды қаламымен ықпал ете алған тұлғаларды зерттейтін «Тұлғатану» ілімі жаңа серпінмен дамып келеді. Еліміздің тарихында елеулі із қалдырған қайраткерлердің жеке өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, шығармашылық мұрасы мен олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны мен қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау, зерттеу келешек ұрпақ үшін де, қоғам үшін де аса қажет.

Антропоэксектілік тұрғысынан тұлғатану ілімі – кешенді сала. Бір жағы, тұлғаның өмір сүрген кезеңі, саяси-қоғамдық қызметімен байланыстыра қарастыратын тарих ғылымымен байланысты болса, екінші жағынан, адамның әлемді өзінің қасиеттері мен сезімдерінің объективті арқылы көруге бейімділігінің көрінісі ретінде қарастыратын когнитивті лингвистика, психологиямен, үшінші жағынан, антропоцентризм адамның қабылдауы мен тәжірибесінің маңыздылығына баса назар аударатын философиямен байлданысты. Тұлғатану, осы тұрғыда, әлемді түсіну мен түсіндірудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов тұлғатану ілімі туралы мынадай пікір айтқан еді: «Тарихты үш нәрсе жасайды, ол: халық, тұлғалар, билік. Тарихтың негізін құрайтын нәрсе: жер, тіл, мемлекет. Мемлекеті бар елдің тарихы жүйеленеді.

Тұлғатану ілімін мен төрт деңгейге бөлер едім. Біріншісі, әлемге танылған тұлғалар, (әлемдік деңгей), оның ішінде қаншама еленбей келе жатқан тұлғалар бар; екіншісі, құрлықтың деңгейіндегі тұлғалар, үшіншісі, өңірлік деңгейдегі тұлғалар, яғни, Орта Азияға танымал тұлғалар; төртіншісі, Ұлттық деңгейдегі тұлғалар. Оған сәйкес пән ретінде оқытылатын методологиялық бағыт болуы керек. Расында да, біз тұлғаларды Кеңестік методология бойынша танып келеміз, оны әлі тастай алған жоқпыз. Ұлттық деңгейде көтере алған жоқпыз. Еліміз мұнаймен де басқамен де байымайды. Елімізді дамытатын – ғылым. Еліміз ғылым арқылы дамытын жолға көшті» [1].

Қазақ тіл ғылымы ғана емес, жалпы еліміздің рухани әлемінде өзіндік орны бар, өз бойындағы білімі мен қажыр-қайратын ұстаздық, ғалымдық деңгейлер кемерімен асыра жұмсап, тілді сүю арқылы ұлтты сүюдің ғажайып үлгісін көрсету нәтижесінде қайраткерлік дәрежеге жеткен қазақтың ғалым қыздарының сәулелі, салтанатты көшінің басында академик Р. Сыздықтың есімі аталатыны анық. Түрлі ғылыми жиындар мен басқосуларда сөйлеген алғашқы шешенсөздері мен баяндамалары арқылы қазақ зиялы қауымының назарына бірден іліккен Р. Сыздық жарты ғасырдан астам уақыт бойы табиғи талант пен үлкен іздемпаздықты үздіксіз әрі шебер үйлестіре білуі нәтижесінде қазақ тіл ғылымы мен руханиятына зор үлес қосып келеді.

Р.С.Сыздық қаламынан туындаған сан салалы ғылыми еңбектердің өміршеңдігінің негізгі мәні неде деген заңды сұрақ туындайды. Коммуникацияның ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына диахрондық және синхрондық тұрғыда астастыра зер салуында, сөз мағынасын халықтық таным тұңғығынан өрбітуінде, тілдің тарихы мен даму үрдісін адамның қабылдау, пайымдау, ойлау қызметімен ұштастыруында, дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіре білуінде, сол арқылы универсалды, берісі түркі жұртына, арысы әлем халықтарына ортақ ұстанымдар мен туған тілдің даралық сипаты қағидаттарын дөп басып танып, тарихы терең де тамырлас тілдердің жалпы да жалқы, ортақ та дара

даму заңдылықтарын ескеріп, дәйекті де маңызды қорытындылар жасауында. Содан да болар оның есімін, ғылыми мәні жоғары еңбектерін Қырғыз, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркия, Қытай, мемлекеттеріндегі ғалымдар ерекше бағалайды. Ал ғалымның қазақ лингвистикасы тарихындағы «Тұлғатану» іліміне қосқан сүбелі үлесі Абайтанумен байланысты.

Тілді зерттеуді алаш ардақтысы Абайдан бастауы да кездейсоқ емес. Бір ғылыми кеңесте ұлы суреткер М.Әуезовтің тілшілер қауымына қарата айтылған ескертпесінен соң, Абай тілі тақырыбы өз иесін айнымай тапқан еді. “Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері” атты кандидаттық (1959), “Абай шығармаларының тілі” атты докторлық диссертацияларының (1971) нәтижесі ретінде ұсынылған “Абай шығармаларының тілі”(1968), “Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы” (1970), “Абайдың сөз өрнегі” (1995), «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» (2004) кітаптары тілші, әдебиетші қауымы ортақ таласа оқитын қасиетті кітабына, бір тақырыпты сан қырынан ашатын монолитті туындыға айналды деуіміздің өзіндік себебі бар. М.Әуезов “Әдеби мұра және оны зерттеу” еңбегінде: Тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орнынды, кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екенін аңғартты” деп Р.Сыздықтың ғылымдағы алғашқы қадамынан-ақ, жеке тілші не әдебиетшіге тән салалық білімнен әлдеқайда жоғары, интеграцияланған академиялық білімнің бар екенін бірден аңғарған еді.

Ғалым бұл зерттеулерінде ұлы ақын шығармаларының тілін сол кездегі қазақ әдеби тілінің жай-күйімен, оның негізгі нормаларымен, басты-басты үлгі, үрдістерімен тығыз байланыста қарастыра отырып, ақынның эстетикалық, философиялық ой-тұжырымдарын беруде тілдік құралдарды пайдалануын, тілдік-стильдік амал-тәсілдердің ерекше эстетикалық мән алуын жүйелеп, саралайды. Абайды «дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес, сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы» тұлға ретінде танытады [2, 10 б.]. Аталған еңбектерде ғалым Абайдың жаңа бағыттағы жазба әдеби тілді дамытудағы орнын айқындап қана қоймай, ұлттық көркем дәстүрге қосқан жаңалықтарын саралап көрсету арқылы Абайдың рухани әлемінің моделі қаланады. Ал мұндай талдаулар жүргізуге тек лингвистикалық түйсіктің жоғары дәрежеде болуы жеткіліксіз, кең құлашты, күллі көркемсөз дүниесін қамтырлық қарымды әдеби түйсіктің болуын қажет етеді.

Ғалымның Абайға қатысты еңбектері – қазақ руханиятындағы «Тұлғатану» іліміне қосылған сүбелі үлесі екені даусыз, мұндай терең талдаулар кейіннен Қадырғали Жалайри, Қожа Ахмет Ясауи, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Жамбыл, Жабаев, Мұхтар Әуезовтердің тіліне қатысты зерттеулері арқылы толығырақ түсті.

Әр ғалымның шығармашылық лабораториясында өзі қанағаттанатын, қалың қауым ықыласпен қабылдаған айырықша туындылары болады. Сондай туындыларының бірі ретінде Р. Сыздық «Ясауи «Хикметтерінің» тілін» атайды: «Өзімнің көп жылғы еңбегіме разы болатын тұсым болса, ол осы кітап дер едім. Мәдени мұрамыздың, тілдік ескерткішіміздің бірі деп осы Иассауи мұрасын айтуға болады», – деп көрсетеді. «Диуани хикметтің» тілін тек бір халықтың тіліне телуге болмайды. Өйткені шығармада қазақ пен өзбектің, ұйғыр мен татардың, тағы басқа түркі тектес халықтардың тіліне ұқсастық бар. Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген дәуірде бұлар әлі жеке ұлт болып қалыптаса қоймаған еді, тек түрік елі, түркі тілі деген ұғым ғана болатын. Қ.А.Ясауиды ұлтқа бөлуге болмайды, өйткені ол кезде қазақ, өзбек, түрікпен ұлттары әлі жоқ еді. Олар әлі де ұлыс болатын» [3], – дей отырып, ғұлама тұлғасын бір ғана ұлтқа телудің жаңсақтығын дәлелдеп, «Хикмет» тілінің көркемдік, бейнелік, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасайды.

Қазіргі кезде әдебиетшілер арасында академик М. Мырзахметов айтты дейтін: «Әдебиет тарихына «Абайтану» курсы енгізу арқылы «Абайтануды» тұлғатану аясында ғылыми кең панорамалы аренаға алып шыққан М.Әуезов болды», – деген қанатты сөз бар, сол секілді Р. Сыздық та қазақ лингвистикасы тарихына «Ахметтану», «Жұбановтану» курстарын алғаш енгізуші, жай ғана енгізіп қоймай, мұндай тарихи тұлғалардың бүкіл мұрасын түгендеуші әрі «сөз сүзгіден өтетін» қиын кезеңде ғылыми қауыммен қайта қауыштырушы қайраткер тұлға ретінде танылды.

Ғалымның өз сөзімен айтсақ, Кеңес дәуірінің қызыл саясаты дәуірлеп тұрған заманда, дәлірек айтсақ, 1977 жылы «Қазақ тіл білімі 60 жылда» атты ғылыми конференцияда: «Идеологиялық тұрғыдан біздің жауымыз ба, жоқ па, оны білмеймін. Ғалым әрі, коммунист ретінде шындықты айтар болсам, ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы – Ахмет Байтұрсынұлы», – деп ащы шындықты қаймықпай айту арқылы еңбегін айтпақ тұрмақ, есімін атауға тыйым салынған алаш қайраткерінің екінші ғұмырының бастауына жол ашты. А.Байтұрсынұлы еңбектерін жинап, жүйелеп қана қоймай, ғылыми талдамасы мен танымдық қуаты мол әлденеше мақала жазып, монография жариялады. Ғалым жоғарыдағы мақаласында: «Негізі, бағалауға тұрарлық үлкен еңбектерім 20-ның үстінде. Ал шәкірттерімнің есептеуінше, олар 40-тан асады екен. Оның ішінде ең үлкені – Ахмет Байтұрсынов туралы монографиялық еңбегім», – деп көрсетеді. «Ахметтану» – тек бір ғана қайраткерді танып-білу мақсатын көздемей, тұтас бір кезеңге қатысты мәселелерге баратын таным тармағы болуы тиіс» [4], – дей отырып, «Тұлғатану» ілімінің басты қағидасын да айқындап береді. Осы еңбегіде Ахмет Байтұрсыновты қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, жаңашыл ағартушы ретінде ғана емес, оның араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы, қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі және

ұлтына адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері ретінде жан-жақты баяндау арқылы «Ахметтану» ілімінің көпәспектiлi, сан салалы зерттеу нысанына айналуы тиiс кешендi iлiм екенiн көрсетедi.

Р.Сыздықтың «Тұлғатану» iлiмiне қосқан тағы бiр үлесi қазақ тiл бiлiмiн дамытуға зор үлес қосқан, филология саласындағы тұңғыш профессор Қ.Жұбанов есiмiне байланысты. Ғалым өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасында Құдайберген Жұбанов туралы алғашқылардың бiрi боп баяндама жасап, кейiнiрек оған арналған «Ғалым-азамат» [5] атты кiтап шығарады. Р.Сыздықтың танымында тұлға тек белгiлi бiр ғылым саласына айтулы үлес қосқан ғалым ғана емес, ол, алдымен, азамат. Сондықтан да болар ғалымның зерттеу нысанына алған тұлғаларының өмiрбаяндық жолы мен шығармашылдығы жалаң баяндалмайды, керiсiнше олардың адами бейнесi мен бiтiм-болмысы қоғам шындығымен, сол кезеңдегi тұлғаның прогрессивтi идеяларымен астастырыла талданады. Айталық, Қ. Жұбановтың қазақ тiлiнiң фонетикасы, грамматикасы, ұлттық әдеби тiлiмiздiң дамуы мен тарихы, жалпы тiл бiлiмi мәселелерiне қатысты терең талдаулары мен озық идеяларының туындауына оның өскен ортасының, әсiресе әкесi Қуанның ықпалы, ерекше табиғи қабiлетiнiң арқасында небары екi-үш жыл орыс сыныбына барып, ғылыми еңбектерiн таза орыс тiлiнде жазуы, араб, парсы, ағылшын, немiс, көне түркi, моңғол, грузин, чуваш, коми тiлдерiн меңгеруi, ақындық, журналистiк, суретшiлiк, режиссерлiк қыры мен психология, логика, психология, музыка, физиологияға қатысты мол бiлiмiн танытуы сияқты қырларын қалың жұртшылыққа таныстыру арқылы шын мәнiнде тұлға тұтастығы қалай танылатынын ұқтырады. Осылайша қазақ руханиятында өзiндiк орны бар тұлғалардың лингвистикалық және жалпы шығармашылығын зерттеу iсiн олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны мен қосқан үлесiн саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашу, бағалау арқылы «Тұлғатану» iлiмiнiң рухани, танымдық қуатының қаншалықты маңызды екенiн көрсетедi.

Алайда таланты мен ғылыми қарымына М.Әуезов, Ғ.Мүсiрепов, Қ.Аманжолов сияқты ұлт зиялылары өткен ғасырдың орта шенiнде-ақ тәнтi болған Р.Сыздық еңбектерiнiң бүгiнгi таңда зерттелу мәселесi қай деңгейде? Өкiнiшке қарай, бұл мәселе көзi тiрi өзге де ғалымдарымыз секiлдi мерейтой қарсаңындағы кезектi баяндамалар мен көлемдi мақалалар шеңберiнен асып кете қойған жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында елiмiздегi бiрегей оқу орындарының бiрi – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетi елiмiзге белгiлi тұлғалар есiмiн, әсiресе ғылым, бiлiм саласында еңбек еткен ғалымдардың есiмiн бүгiнгi ұрпаққа таныстыру iсiн қолға алып келедi. Осыдан он жыл бұрын «ана тiлiмiздiң абыз-анасына» айналған Рәбiға апайға арнап «Академик Рәбiға Сыздық» дәрiсханасы ашылған болатын. Кабинет ашу тек көркем безендiру емес, үлкен шығармашылық iзденiстi талап ететiн жұмыс. Р.Сыздық сияқты көпқырлы ғалымның тұлғалық сипатын ашу, оның ғылымдағы,

өмірдегі ғибратты жолы мен азаматтық позициясын таныту, ғалымның өзімен қатар қызмет еткен, соңынан келе жатқан тілші, әдебиетші, әдіскер ғалым қыздардың өнегесін студенттер мен магистранттарға үлгі ету үшін біздің бастамамызбен басталған бұл істі жүзеге асыруға университет басшылығы, әсіресе сол кездегі Қазақ тіл білімі кафедрасының ұжымы, оның ішінде М.Қ. Қанабекова, Г.Қ. Қайдарова сияқты шәкірттері айырықша еңбек етті. Ғалымның ғибратты өмір жолы «Өмір өрнектері» айдарында топтастырылса, ғылыми-зерттеу бағыттары Абайтану, Алаштану, түркітану, қазақ әдеби тілінің тарихы, лингвостилистика, орфография, орфоэпия, лексикография т.т. салаларға топтастырылып берілді. Осындай сан салалы еңбегіне орай филология феноменіне айналған ірі зерттеушінің шынайы табысының, еңбегінің жанғанының дәлелі ретінде үкімет тарапынан алған марапаттары қамтылды. Сол сияқты ғалым Рәбиға Сыздық тұлғасын танудың негізгі қырлары «Қайраткер ғалым», «Ұлағатты ұстаз», «Ұлт жанашыры», «Абыз ана» айдарымен түрлі фотосуреттер арқылы айғақталса, «Тілтолғам» айтарында ғалымның ана тіліне, әдебиетке, тұлғаларға қатысты айтылған түйінсөздері мен ұрпағына айтар өсиеті топтастырылған. Ал «Замандас лебізі» айдарында ғылымдағы алғашқы қадамына М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Қ. Аманжолов сияқты әдебиеттің ақтаңгерлерінің берген бағасы мен кейіннен Әбіш Кекілбаев, Әбдуәли Қайдар, Өмірзақ Айтбай Мұхтар Құл-Мұхамед, Фаузия Оразбаева сынды қоғам қайраткерлерінің жүрекжарды лебіздері берілген. Дәрісхананың ашылу салтанатына қатысқан А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен еліміздің іргелі оқу орындарының белгілі ғалымдары, қоғам қайраткерлері, ғалымның шәкірттері бұл күні тек дәрісхананың ғана тұсауы кесілмей, «Рәбиғатану» деп аталатын ілімінің де тұсауы кесілгенін айтып жатты.

Сол сияқты осы университет қабырғасында филология ғылымдарының кандидаты Ғ.Б. Шойбекованың жетекшілігімен «Академик Рәбиға Сыздықтың лингвистикалық мұрасы» атты (Ә.Исламова) магистрлік диссертация қорғалып, оны осы мерейтой аясында Мемлекеттік тілді дамыту институтының қолдауымен кітап етіп ұсынылды. Бұл да «Тұлғатану» ілімінің бір саласы «Рәбиғатануға» қосылған алғашқы қадамдардың бірі. Осы үрдістер бірқатар жоғары оқу орындарында жалғасын тауып кабинеттер ашылып, дипломдық, магистрлік диссертациялар қорғалып жатыр. Осы жылы кеше ғана дүниеден өткен белгілі ғалым, баспагер Ғарифолла Әнес ағамыздың редакторлығымен «Ғалым-ғұмыр» атты көлемді еңбек жарыю көрді. Тұлғатанудың «Рәбиғатану» бөлімінің басы осы кітап деп айта аламыз. Алғысөзде атап өткендей «Бұл кітап, шынын айтқанда, төрге озған мәртебелі Сізге емес, босағадағы қамкөңіл, жаны жадау бізге керегіректеу. Сізде бар, бізде жоқ кесек мінез бен кең пішім, парасат пен пайым, мәрттік пен өрлік, турашылдық пен қайсарлықатқа конған, базарға бет алған буынға да жұғысты болу үшін, аңыз-мифке айналған ата-баба ерлігі емес, өздеріңіз сияқты әке-шешеміздің өресі мен өрісі биік арман-мақсаттарының



жер бетінен жоғалып кетпеуі үшін де өажеттірек сияқты» дей келіп, келешекте «бұл кітаптың жалғасы «Академик Р. Сыздық және қазақ тіл білімі » деген атпен жарық көреді» – деп қорытады. Міне, ағамыз атын қойып, айдар таққан осы кітапты жазу, жарыққа шығару бүгінгі лингвистерге аманат.

Тұлғатанудың теориялық негіздері мен практикалық қолданылуы оның мәдениет пен өнерден бастап, білім мен маркетингке дейінгі әртүрлі салаларда маңызы артып келеді. Көрнекті тұлғалардың мұрасын зерделеу тек тарих, филология сияқты гуманитарлық пәндердің нысаны ғана болмауы тиіс, оның ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін кумулятивтік қыры мен ел имиджін арттыруға бағытталған маркетингтік сипатына баса назар аударуымыз қажет. Қазір қоғам осы мәселелерден ақсап тұрғанын көріп отырмыз. Сондықтан «Тұлғатану» кешенді ілім ретінде білім беру бағдарламаларынан орын алуы қажет деп санаймыз. Қазірде Абайтану, Алаштану, Ахметтану, Жұбановтану т.т. курстары әр түрлі оқу орындарында оқытылып келеді. Бірақ әлі біздің қоғамда «Тұлғатану» ілімі аталғанымен, оның нақты концепциясы, зерттеу бағыттары түбегейлі айқындала қойған жоқ. Естеріңізге түсіріп көріңіздер, қазір елімізде тұлғаны танытуға арналған қай салада, қанша курс бар? Бір ғажабы бұл курс әрбір салаға керек, білімгер өз саласының дамуына үлес қосқан тұлғалардың қосқан үлесі мен жаңалығын білуі тиіс. Бірақ осы курстардың бастапқы кіріспе сағаттары қазақ ғылымы мен білімін дамытушы тұлғаларға арналғаны ләзім деп санаймыз. Мысалы, геологтар «Қаныштану» курсы, тарихшылар «Алаштану», философтар «Фарабитану», филологтар «Абайтану» т.т. курстарды өтерде қазақ руханияты мен мәдениетіне, экономикасы мен ғылымын дамытуға үлес қосқан зиялыларымызға арналған қандай курстар бар дегенді білген артық емес деп санаймыз. Бұл тұлғатану ілімінің құрамындағы жеке тұлғаларға арналған курстардың әрқайсысының бастау кезеңдері бар. Мысалы, «Фарабитану» ХІХ ғасырдың 2-жартысында қалыптасып, Қазақстанда ХХ ғасырдың 70- жылдарынан басталса, «Ахметтану» курсы өткен ғасырдың 90-жылдардан басталғаны сияқты, «Рәбиғатану» курсы ХХІ ғасырдың 2014 жылдарынан басталды деуге болатын шығар. Әлі де «Қайдаровтану», «Сарыбаевтану», «Жанұзақовтану» т.т. курстардың ашылатына сеніміміз мол, ғылым нақтылықты сүйеді, мұрағатқа да аса ыждағатты халық емеспіз, мәселе осы курстардың мазмұнымен бірге қалыптасу кезеңдері де айқын көрініп тұрса дейміз.

Қазақ «Тұлғатану» іліміне зор үлес қосқан Рәбиға Ғалиқызының бір ерекшелігі ғылымдағы әдеби мен тұлғатанудың перспективасын анықтауында дер едік. Бар ғұмырын арнаған, ең сүбелі еңбектері ретінде бағаланған Абайтануға қатысты да «Абай әлі зерттеліп болған жоқ, келесі зерттеулер мынадай бағытта болғаны жөн деп 5 бағытты көрсетсе, Ясауитануда 6 бағытты нақтылап көрсетеді. «Менен асырып кім не жазар дейсің? » сипатындағы өзімшілдік пиғылдан ада, көмектескен шәкірттері-

нің атына дейін көрсетіп отырған. Қазіргі ғылымға қойылып отырған ғылыми этика талаптарында қатаң сақтаған Адал Ғалым, тағылымды Тұлға!

Қорыта айтқанда, «Тұлғатану» ілімі ғалымның өмір жолы мен ғылыми қызметін білу ғана емес, бүгінгі ұрпақтың шығармашылығына әсер ететін ғылыми әлеуеті мен дүниетанымын кеңейтіп, қазіргі тілмен айтсақ, мотивациясын арттыруға әсер етеді. Бірақ зерттеу әдістеріне ХХІ ғасырдағы зет, альфа ұрпаққа бейімдей өзгерістер енгізу қажет боп тұр. Сонымен, ХХІ ғасырдағы «Тұлғатану» іліміне қалай назар аудартамыз, зерттеу бағыттары қандай болу керек дегенге қатысты пікіріміз:

✓ Деректер қоры арқылы өмірбаяндық талдау

Ғалымның өмірбаяндық толық бейнесін жасау үшін цифрлық мұрағаттарды, басылымдар мен хаттарды пайдалану. Қазіргі заманғы мәтінді өңдеу және деректерді талдау алгоритмдері ғалымның өмірі мен шығармашылығынан фактілер арасындағы айқын емес байланыстарды анықтай отырып, көлемді ақпаратты жинау мен талдауды автоматтандыруға мүмкіндік береді.

✓ Әлеуметтік желі мүмкіндіктерін пайдалану және талдау

Кітап оқуға құштарлығы азайған көп жастарымыз әлеуметтік желіде отырады. Оларға арналған қысқа да нақты материалдар жүктеп отыру. Пәнді оқытуда оны да пайдалану. Әлеуметтік желілер мен ғылыми ынтымақтастық арқылы ғалымның кәсіби және жеке байланыстарын зерттеу. Бұл әдіс әріптестері, замандас ғалымдар мен кейінгі буынға ықпалын түсінуге және оның ғылыми идеяларының эволюциясын талдауға көмектеседі.

✓ Психолингвистикалық және лингвокогнитивтік талдау

Бұл әдіс ғалымның жеке хаттарымен қатар, ғылыми еңбектердің тілі мен стилінің ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Natural Language Processing (NLP) сияқты заманауи компьютерлік бағдарламалар ғалымның жеке басын көрсететін эмоционалды, когнитивтік және мәдени маркерлерді анықтай алады.

✓ Гендерлік және этномәдени талдау

Ғалымның дүниетанымы мен ғылыми жұмысына әсер еткен ұлттық, мәдени және гендерлік факторлардың рөліне бағытталған талдау (Ғалым Р.Сыздық ғылымдағы қазақ қыздарының қайраткерлігі, ерекшелігі туралы да жазатын).

✓ Жеке құжаттары мен ғылыми шығармашылығын цифрландыру

Ғалымның өмірі мен кәсіби жолын бейнелейтін интерактивті модельдер жасау. Бұл хронологиялық арна немесе негізгі оқиғаларды, ғылыми жетістіктерді және дүниетанымдағы өзгерістерді қамтитын 3D модельдер болуы мүмкін.

✓ Әртүрлі пәндік деректер интеграциясы

Тарихи, социологиялық, психологиялық және арнаулы ғылыми салалардағы деректерді біріктіру. Мысалы, ғалымның белгілі бір дәрежеге жетуіне ықпал еткен түрлі түрткіжайттар болады. Әсіресе балалық, жастық шағы өткен ғасырдың алғашқы

жартысына тұспа-тұс келген кез келген ғалымның, қайраткердің қалыптасуына ел басына түскен түрлі қоғамдық-саяси, тарихи оқиғалар олардың психологиялық портреті мен когнитивті ойлау жүйесіне, ішкі мотивациясы мен интеллектуалды әлеуетіне тікелей әсер еткенін дәйектейтін мысал көп.

✓ Жасанды интеллектіге негізделген әдістер

Үлкен көлемдегі деректерді (жарияланымдар, хаттар, сұхбаттар) талдау үшін жасанды интеллекті мүмкіндіктерін пайдалану және жетілдіру.

Бұл жаңа әдістер ғалым тұлғасын тереңірек және кешенді тексеруге мүмкіндік береді, бұл оның ғылым мен қоғамға қосқан үлесін жақсырақ түсінуге ықпал етеді.

Тұлғатану антропоцентристік тәсіл абстрактілі идеяларды адамның қабылдауына бейімдеуге көмектесетін әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады. Тұлғатанудың теориялық негіздері мен практикалық қолданылуы оның мәдениет пен өнерден бастап білім мен маркетингке дейінгі әртүрлі салаларда маңызы артып келеді. Көрнекті тұлғалардың мұрасын зерделеу тек тарих, филология сияқты гуманитарлық пәндердің нысаны ғана болмауы тиіс, оның ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін кумулятивтік қыры мен ел имиджін арттыруға бағытталған маркетингтік сипатына баса назар аударуымыз қажет.

Осы тұста өзі де Абай, Дулат Бабатайұлы, Махамбет, Шәкәрім, Жамбыл, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, М.Әуезов т.т. тұлғаларды тануға үлес қосқан ғалымның өзі де тұлғатану ілімінің нысанына айналуы заңды құбылыс деп санаймыз. Өйткені Рәбиға Сәтіғалиқызының қаламынан туған сан салалы еңбектерінің теориялық, методологиялық, танымдық, қолданбалық әлеуеті зор, сондықтан бұл мұра әлі де талай ұрпаққа қызмет етері сөзсіз.

### Әдебиет:

1. Тұлғатанудың жаңа методологиясын жасауымыз керек. // <https://abaiuniversity.edu.kz/ru/7547/press/>
2. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 613 б.
3. Сыздық Р. Ясауи “Хикметтерінің” тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 550 б.
4. <http://old.abai.kz/>
5. Сыздық Р. Ғалым – азамат. Алматы: Қазақстан, 1966.

**Б.Нұрдәулетова**

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **ТӨР ТІЛДІҢ ТҮП-ТӨРКІНІН ТІРЛІТКЕН ҒАЛЫМ**

**Аңдатпа.** Академик Р.Сыздықтың қазақ тіл білімін қалыптастырып, дамытудағы ұшан-теңіз еңбегінің бір саласы – көне сөздердің этимологиясын зерттеумен байланысты. Алдымен, көне сөздерге не жатады, аты айтып тұрғандай, көнеріп, «қолдануға жарамсыз болып, қатардан шыққан» сөздерді зерттеу қазақ әдеби тілінің болашағына не береді? . Р.Сыздық еңбектерін зерттеу барысында біз осы сұрақтардың жауабын талқылайтын боламыз. Р.Сыздық еңбектерінде «көне сөздер» қазақ әдеби тілінің жеке құрылымдық бөлігі ретінде арнайы статуска ие болады, көне сөздердің этимологиясын зерттеу тек лингвистикалық қана емес, тарихи-этнографиялық, тіпті этногенездік (тілдердің төркіндестігі, туыстығы туралы) те ақпарат береді.

Бұл мақаланың мақсаты – ғалымның «Сөздер сөйлейді», «Сөз құдіреті», «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» еңбектеріндегі тарихи-этимологиялық, тарихи-лексикологиялық зерттеулерге талдау жасап, қазақ әдеби тілінің қалыптасуында көне сөздердің орнын анықтау, қазіргі көркем әдеби тілде дұрыс қолданылуына баға беру. Мақалада Р.Сыздық зерттеулері негізінде батырлар жыры мен ғашықтық жырларда, XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың поэтикалық мәтіндерінде, мақал-мәтелдерде, тұрақты сөз тіркестері құрамында кездесетін, қазіргі тілдік ортаға түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерін зерттеудің теориялық-практикалық мәселелері қарастырылды. Көне сөздерді зерттеу Р.Сыздықтың «ауызша тараған қазақ әдеби тілі» концепциясын ғылыми дәйектеуге үлес қосады.

**Тірек сөздер:** Рәбиға Сыздық, көне сөздер, этимология, «Сөздер сөйлейді», тарихи-этнографиялық, батырлар жыры, жыраулар поэзиясы

**Abstract.** Academician R. Syzdyk's enormous contribution to the formation and development of Kazakh linguistics is associated with the study of the etymology of ancient words. First of all, what are ancient words, as the name suggests, what contribution to the future of the Kazakh literary language does the study of words that have become old, “useless and out of order” make? We will discuss the answers to these questions when studying the work of R. Syzdyk. In the works of R. Syzdyk, “ancient words” have a special status as a separate structural part of the Kazakh literary language; the study of the etymology of ancient words provides not only linguistic, but also historical, ethnographic and even ethnogenetic information. (about the similarity and kinship of languages).

The purpose of this article is to analyze the historical-etymological, historical-lexicological research of academician Rabiga Syzdyk in the works “Words Speak”, “The Power of the Word”, “Outdated words and neologisms in the Kazakh language”, as well as to determine their place in the formation of the Kazakh literary language, to evaluate correct use of ancient words in modern literary language.

The article discusses the theoretical and practical problems of studying words and phrases that are not understood in the modern linguistic environment, which are found in heroic and lyrical epics, in poetic texts of zhyrau of the 15th-18th centuries, in proverbs, in phraseological units based on the research of R. Syzdyk. The study of ancient words contributes to the scientific validity of R. Syzdyk’s concept of the “orally transmitted Kazakh literary language.”

**Keywords:** Rabiga Syzdyk, ancient words, etymology, “Words speak”, historical and ethnographic, heroic epic, zhyrau poetry.

**Аннотация.** Огромный вклад академика Р. Сыздыка в становлении и развитии казахской языкознания связана с изучением этимологии древних слов. Прежде всего, что такое древние слова, как следует из названия, какой вклад в будущее казахского литературного языка дает изучение слов, ставших старыми, «негодными и вышедшими из строя»? Ответы на эти вопросы мы обсудим при изучении творчества Р. Сыздыка. В произведениях Р. Сыздыка «древние слова» имеют особый статус как отдельная структурная часть казахского литературного языка, изучение этимологии древних слов дает не только лингвистическую, но и историко-этнографическую и даже этногенетическую информацию. (о сходстве и родстве языков).

Цель данной статьи – проанализировать историко-этимологические, историко-лексикологические исследования академика Рабиги Сыздыка в трудах «Слова говорят», «Сила слова», «Устаревшие слова и неологизмы в казахском языке», а также определить их место при формировании казахского литературного языка, оценить правильность использования древних слов в современном литературном языке.

В статье рассматриваются теоретические и практические проблемы исследования непонятых в современной языковой среде слов и словосочетаний, которые встречаются в героических и лирических эпосах, в поэтических текстах жырау XV-XVIII веков, в пословицах, в фразеологизмах на основе исследований Р. Сыздыка. Изучение древних слов способствует научной состоятельности концепции Р. Сыздыка об «устно передаваемом казахском литературном языке».

**Ключевые слова:** Рабига Сыздык, древние слова, этимология, «Слова говорят», историко-этнографические, героический эпос, поэзия жырау.

Маңғыстау жыраулық мектебінің XX ғасырдағы аса талантты өкілдерінің бірі Сәттіұл Жанғабылұлы Қожа Ахмет Ясауиді «туына жұртын түнеткен», «жеті өлікті тірілткен» деп дәріптейді. «Жеті өлікті тірілту» әулиеліктің ең жоғарғы сатысын мең-

герудің бір белгісі болса керек (Нұрдәулетова, 2008: 143).

Пәруар пірдің басшысы –  
Қожа Ахмет Ясауи  
Түркістанда бұ да өткен.  
Туына жұртын түнеткен,  
Зікірін айтып зарланып,  
Пікірін бізге мұра еткен.  
Кереметін асырып,  
Жеті өлікті тірілтіп,  
Мұсылманға қайыр-дұға еткен (Сәттігүл Жанғабылұлы).

Ұлттың, халықтың рухани, тіпті материалдық та байлығының, болмысының бір өлшемі – тілі десек, тілдің семік шалып, өле бастаған (сөздердің қолданыстан шығып, ұлтқа керексіз боп қалуы да өлгенмен тең) «ағзаларына» қайта жан берген Р.Сыздықтың еңбегін «жеті өлікті тірілткен» пірлердің қасиетімен салыстыруға әбден болатын сияқты.

Тілдің көне, ескі мұраларды сақтаушы, жеткізуші екендігіне ден қойған зерттеуші: «...ертеректен ауызша сақталып келе жатқан мақал-мәтелдердегі, өсиет-ақыл сөздеріндегі, тұрақты сөз тіркестеріндегі, ертеде жырланып, бүгінгі бізге жеткен өлең-жырлардағы, яғни өте бай ауыз әдебиетіндегі, XV-XIX ғасырларда жасап өткен жыраулар мен ақындардың өлең-толғауларындағы көне, ескі, бейтаныс сөздерді талдау мәдени мұраны іздеуде көп материал береді. Айталық «ел, жұрт» мағынасындағы күн сөзінің, «май» мағынасындағы жау сөзінің, ... «толқын» мағынасындағы қом сөзінің ескі жырлар мен қос сөздердің және тұрақты сөз тіркестерінің құрамында сақталуына қарап, бүгінгі қазақ тілі өте көне замандардағы бабаларымыз – көне түркілер тілінің жалғасы екендігін көреміз» (Сыздық, 2009), – деп жазады.

Біз түсінікті болу үшін «көне сөз» деп атағанымызбен, Р.Сыздықтың этимологиялық зерттеулеріне нысан болған сөздер – «батырлар жырлары мен лирикалық эпостарда, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген жыраулар тілінде, бағзы заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерде, фразеологизмдер құрамында» ұшырасатын, қолданыстан шығып қалған немесе қазіргі сөзтұтынушылар түсіне бермейтін, мағынасы күңгірт тартқан немесе жиі айтылатын, бірақ қазіргісінен мүлде өзгеше мағынада жұмсалатын сөздер. Зерттеуші бұндай ерекше статусқа ие тұлғаларды «ескіліктер» деп атап, оларды көнерген сөздер (архаизмдер), ескірген сөздер (историзмдер) деп екі жікке бөліп қарастырады.

Айталық, автордың «Сөздер сөйлейді» (Алматы, 2004) еңбегінде 300 сөз талданған, оның ішінде жеке реестермен 243 сөз, басқа сөздерді талдау үстінде әңгіме етілген 57 сөз бар. Талданған 240 сөз – батырлар жырлары мен лирикалық эпостардан, XV-XIX ғасырларда өмір сүрген жыраулар тілінен, 3 сөз – XVI ғасыр ескерткі-

ші Қадырғали би Қосымұлының «Жами'ат-тауарих» еңбегінен алынған көнеліктер, 3 сөз Абай тілінен алынған, қалған 54 сөз түпкі мағыналары күңгірт тартқан қолданыста бар тұлғалар (мақал-мәтел, тұрақты тіркес т.б. құрамында). Автор түркі, моңғол тілдерінің этимологиялық, диалектологиялық, фразеологиялық, салыстырмалы, түсіндірме сөздіктеріндегі, көне түркі жазба ескерткіштеріндегі, түркітанушы ғалымдардың, тарихшылардың, этнографтардың, фольклортанушылардың зерттеулеріндегі мәліметтерге сүйеніп, 300 сөздің түп-төркінін жан-жақты саралап, 210 сөзді – түркілік негізді, 39 сөзді – түркі-моңғолға ортақ, 14 сөзді – араб, 37 сөзді парсы тілдерінен енген деп көрсетеді. Яғни қазақ сөздік қорындағы көнеліктердің 70 пайызы – көне түркі, 13 пайызы моңғол мен түркі тілдеріне ортақ сөздер. Сонда қазіргі қазақ тілді тұтынушының назарынан тыс қалып, мағынасы күңгірттеніп, өмір сүру қабілеті әлсіреген сөздердің 83 пайызы күні кеше ғана ата-бабамыздың аузында жүрген өз сөздеріміз екен.

«Сөз дегендер де «тірі дүниелер» іспетті, яғни тарихи құбылыс атаулары, демек, сөздердің де не мағынасы, не тұлғасы, не қолданыс орны өзгеріп жатады. Бүгінгі адамдар санасы өсіп, әр халық өз тарихының бұрынғы-соңды құндылықтарын мейлінше түгендеп, зерттеп-зерделеп жатқан күндерде «ескірген», тіпті әбден «көнерген» дүниелерді де теріп-жинап алып, таным-ғылым дүниесіне, мүмкіндігі болса, қоғам тірлігіне (тіліне) алып келудің қажеттігі туып отыр», – дейді көне тілдің бапкері. Шындығында да, сөздің мәнін дұрыс ұқпағаннан небір сорақы қателіктерге ұрынатынымызға апайдың еңбегінен бір-екі мысал келтіре кетейік.

«Үш ғасыр жырлайды» жинағында Шал ақынның «Бала пайдакүнем болар, Жалшы жәреуке болар» деген жолдары «Бала пайдакүнем болар, Жалшы жауынгер болар» (Сыздық, 2009: 17) деп қате берілген. Себебі өлеңді бастырушы редактор жәреуке сөзінің мәнін ұқпаған немесе араб әрпінен қате оқыған. Жәреуке сөзі «Сөздер сөйлейді» (Сыздық, 2004: 91-92) кітабында «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырында кездесетін «адамға жағынғыш, қызмет етуге даяр адам» мағынасындағы көне сөз ретінде түсіндірілген. Сөйтіп, жағымсыз реңкі бар жәреуке сөзі жауынгер деген жағымды мәнге ие болып шыға келген. Контекстегі мағыналық параллель бұзылған (пайдакүнем, жәреуке – екеуі де жағымсыз).

«Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген нақыл сөзді жағымсыз мәнде қолданып жүргендер (қарапайым тіл тұтынушылары ғана емес, қаламгерлер де) сұрқылтай сөзінің «сұрқай, сұмырай» сөздерімен тұлғалық ұқсастығынан (Тіл білімінде параномиялық аттракция деп аталады. Р.С.) шатасып жүрген болуы керек. Р.Сыздықтың түсіндіруінше, сұрқылтай сөзінің түбірі моңғолдың сурульдай – «ханның кеңесшісі, ақылшысы, оның сөзін сөйлейтін ділмары, ақыны» (Сыздық, 2009: 21) дегенді білдіреді. XIX ғасырдағы Тезек төренің Сүйінбай ақынға:

Тұсында Абылайдың Бұхар жырау,

Хан Әділдің кезінде Түбек тұр-ау.

«Әр заманның бар» дейді «сұрқылтайы»,

Сұрқылтайым менің де екен мынау! – дегенінде де сұрқылтай «ханның, төренің ақылшысы, кенесшісі» деген мағынада (Сыздық, 2004: 169-170). Яғни сұрқылтай деп сүйкімсіз, сұмырай адамдарды емес, ханға кеңес берерлік ақылды, білімді адамдарды айту керек. Ал жазушы Қ.Ысқақовтың «Тұйық» романының кейіпкері Қажымұрат екінші кейіпкер Қияқмұрт туралы: «Ойпыр-ай, бұл сұрқылтайдың да жаны сірі екен, таңнан қара кешке дейін нәр татпай іздейтіні ілік», – дейді (Сыздық, 2004: 170).

Кейде мағынасын бес саусақтай білем деп жүрген дағдылы қолданыстағы сөздердің өзі Р.Сыздықтың ізденісінде мүлде басқа қырынан көрініп, таң қалдырады. «Қыз Жібек» жырында өліп бара жатқан Төлеген аспандап ұшқан 6 қазбен қоштасып:

Қонар болсаң, жануар,

Міне майдан, міне саз, – дейді. Аспанда ұшып жүрген қазға саз балшық пен майдан (соғыс) алаңының не қатысы бар деп қазіргілер түсінбеуі мүмкін.

Зерттеушінің айтуы бойынша, *майдан* да, саз да «көгал, көк шөп өскен жер» деген мағына береді. Парсы тілінен енген майдан сөзінің бастапқы «көгал, көкорай шалғын» деген мағынасы көмескіленіп, екінші «ұрыс-соғыс алаңы» деген мағынасы ғана сақталып қалған. Саз сөзінің көне мағынасы – «көк шөп өскен жер». «Сары ағаш сазға біткен секілденіп, Қай жерде отыр екен бұраң белім!» деген халық әніндегі саз да – «көк шөпті жер». Саз балшыққа шөп те, ағаш та шықпайтыны белгілі.

Көне сөздің білгірі өзінің сан салалы зерттеу лабораториясының әр кезеңдерінде (қазақтың әдеби тілі, оның қалыптасу, даму тарихы, әдеби тілдің нормалануы, орфографиясы мен орфоэпиясы, жазу емлесі, графика мәселесі, түркітану мәселелері, поэтикалық тіл, қазақ көркем шығарма тілінің мәселелері, қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы тұлға тілінің орны т.б.) көне сөздер этимологиясын зерделеуге айналып соғып отырды. Аузы дуалы түркітанушы, этимолог ғалымдардан бастап, түркі сөздерінің түп тамырын зерттеуге ден қойған кез келген ізденушіге дейін қолдан түсірмейтін «киіз кітабына» айналдырған «Сөздер сөйлейді» еңбегінің алғашқы нұсқасы жарық көрген 20 ғасырдың 80 жылдарынан кейін 21 ғасырдың алғашқы 10 жылдығында автордың көне сөздердің көркем шығармадағы қолданысын талдауға арналған «Сөз құдіреті» (Алматы, 2005) көне сөздерді танып, жинап, жүйелеп, зерттеудің теориясын түсіндіретін «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (Алматы, 2009) атты монографиялық еңбегі жарық көрді.

Айтып өткеніміздей, бұл еңбектер көне сөздерді мәтіннен сүзіп алып, мағынасын түсіндіріп қоймайды, енді көне сөздерге дербес тарихи-тілдік категория ретінде статус беріп, олардың қазақ қаламгерлерінің шығармалары арқылы оқырманға жеткізілуін талдап, таразылап, ерекше сөздердің мәтіндегі мағыналық, көркемдік, прагматикалық қызметіне баға береді, сөздерді көне деп танудың критерийлерін ұсынады, көне сөз-



дерді танып-білудің жолдарын көрсетеді, көне сөздердің ерекшеліктеріне, түрлеріне теориялық түсінік беріп, олардың кездесетін орындарын, қолданыс аясын, түп-тамырын іздеудің әдістерін, қазіргі тілдің дамуындағы орнын, көнеру уәждерін талдаған ғылыми пайымдауларымен бөліседі. «Бөліседі» деген сөзді кездейсоқ алып отырған жоқпыз, қазақ тіл білімінің корифейі, сөзтанушы ғұлама ғалым «бұны мен ғана танып, тауып отырмын» деген астамшылыққа (көп білетін адамдарға тән эгоизмге) берілмей, қарапайым оқырмандарымен ой бөлісіп, кеңесіп отырғандай сөз саптайды. Кейде «бұрынғы талдауларымда былай деген екенмін, ол дұрыс емес» деген сияқты кішілік танытып, «біздің барлық пікіріміз бастан-аяқ дұрыс деуден аулақпыз. Кейбір ізденістеріміз әрі қарай қарастыра түсуді, ғылыми дәлелдерді көбірек қамтуды керек ететінін сеземіз. Сөйте тұра ұсыну себебіміз – өзге зерттеушілерге ой салуды көздеуімізге, ана тіліміздің барша байлығын айқындай түсуге жол ашуды ниет етуімізге байланысты» (Сыздық, 2004: 8), – деп, кісілік танытып жатады.

Р.Сыздық көне сөздерді батырлар жырынан, жыраулар поэзиясынан, мақал-мәтелдерден, фразеологизмдерден, қос сөздерден, тұрақты тіркестерден, ғылыми-танымдық еңбектерден, жергілікті тіл ерекшеліктері мен қазақ жазушыларының көркем шығармаларынан іздеу қажеттілігін айтады. Өзінің зерттеулері де аталған көздерден сандаған жылдар бойы тірнектеп жиған материалдарына негізделген. Ғалымның қазақ әдеби тілі тарихының ең сүбелі (тілдік әлеуеттілігі жөнінен) кезеңдерінен (жыраулар поэзиясы, көне түркі жазба ескерткіштері, Қ.Ясауи, Қ.Жалайыри, Абай, М.Әуезов т.б. шығармаларының тілі) қадау-қадау сөз зергерлерін алып, бір автордың қаламынан туған көркем туындының тілін оның арғы-бергі даму, қалыптасу көздерімен, өнеге өрнек алған мектебімен, кейінгіге ұласқан дәстүрлік орнымен тұтас алып қарастырған жүйелі зерттеулері де этимологиялық талдауларға орасан зор пайдасын тигізгені сөзсіз. Мысалы, Р.Сыздықтың жинаған тілдік деректерінен сирек қолданылатын «Иттің аузына түскен сүйек соқта болады», «Киікті құралай бүлдірер, елді дүрегей бүлдірер», «Құдалық белгісі – сыйыт, қоныс белгісі – бейіт», «Сүтке сүт қосылса, сүмесін болады, сөзге сөз қосылса, демесін болады», «Жегенін білмейтін шұнай, жұтқанын білмейтін құмай», «Құдайдан тілегенім қолаң қара шашты еді, Құдайдың өзі берді қу толағай бастыны» т.б. мақал-мәтел, нақыл сөздерді кездестіруге болады. Осындағы соқта («ұсақталып, нығыздалған, жұмбадалған зат»), сүмесін («ас, тағам»), дүрегей («иттің ерекше түрі»), сыйыт («сый-сияпат»), толағай («тақыр, қу бас») сөздерін екінің бірі түсіне бермейді.

Р.Сыздық зерттеулері арқылы жеке тілдік категория статусын алған көне сөздер аталған ғылыми еңбектерде тақырыптық, тұлғалық, мезгілдік тұрғысынан да талданған. Жалпы мағынасы түсінікті, бірақ сирек қолданылатын, морфологиялық тұлғасы қазіргі тілден өзгешелеу бойға жеткен (бой жеткен), даңға шығу (даңқы шығу) сияқты қолданыстар – тұлғалық көнеліктер, XX ғасырдың алғашқы он жылдығында тілімізге жаңалық боп енген бейбауырмал (интернационал), ортақшылдар (коммунистер), қара

айғыр (паровоз) т.б. жаңалықтан ескілікке ауысқан аралық, мезгілдік көнеліктер деп сипатталады. Сондай-ақ, көнеліктердің бірқатарын қару-жараққа, киім-кешекке, отан, ел-жұрт, мемлекет ұғымдарына қатысты атаулар деп тақырып жағынан жіктейді.

«Жергілікті, көне, сирек кездесетін сөздерді мейлінше таңдап, іріктеп, әдеби тіл кәдесіне жарату бүгінгі таңдағы қазақ тілі үшін жат құбылыс емес, шеттетер әрекет емес. Бірақ әңгіме – қалай жаратуда...» – деп өзі көрсеткендей, Р.Сыздық аталған көнеліктерді тілдік дерек ретінде тізбелеп, мағынасын түсіндіріп қоюмен ғана шектелмейді, тарихи тілдік қорымыздың біраз бөлігін қамтитын ерекше қолданыстардың қазақ әдеби тілінің функционалды саласындағы орны қандай деген мәселені де үнемі назарда ұстайды. Әр кездерде ғылыми жинақтарда, мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларында қазақ қаламгерлерінің сол тұста жарық көрген көркем туындыларын қалдырмай оқып, сөзсаптау, сөзқолдану, әсіресе, диалект және көне сөздерді орынды қолдану мәселелеріне қатысты талдау жасап отырған. Уақыт, адам, қоғам өзгеруімен бірге тілдің де жаңарып, жасарып, қайта түлеп, жаңғырып отыратыны шындық. Бірақ бұндай жаңалықтар тілдің аясын тарылтуға емес, керісінше өрісін кеңейтуге қызмет жасауы тиіс. Ұлт тілінің үлкен білгірі қазақтың көркем тіліндегі оң қолданыстарды қолдап, теріс теңеулерді сынға алып, жөн сілтеп отырады. Қазіргі «қазақтың көркем әдебиет тілі ескірді» деп жүрген заманауи блогерлер Р.Сыздықтың лингвистикалық мұрасын мұқият оқып шықса, қазақтың қолданыстан шығып, қажет болмай қалған сөздерінің өзі қандай білімдік, тарихи-танымдық әлеует арқалап тұрғанын білер еді.

XX ғасырдың орта тұсында қазақ тілші ғалымдары арасында «қазақтың әдеби тілінің тарихын қай кезеңнен бастаймыз?», «әдеби тіл болу үшін оның жазба нұсқалары болуы шарт па?» деген мәселеде біраз уақыт пікірталас болғанын білеміз (Сыздық, ). Қазақ әдеби тілінің тарихын XIX ғасырдың екінші жартысындағы Абай мен Ыбырайдан бастау керек деген көзқарастар да болды. Рәбиға Сыздықтың қазақ әдеби тілі тарихының өте әріден басталатынын дәлелдейтін «ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» (Сыздық, ) концепциясынан кейін ғана бұл пікірталастарға нүкте қойылды. Рәбиға Сыздықтың тарихи-этимологиялық зерттеулері осы концепцияны нақты тілдік фактілер мен тілдік құбылыстар арқылы ғылыми негіздеуге үлкен үлес қосты.

### **Әдебиет:**

1. Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалды бейнесі. Астана: Нұра-Астана, 2008. – 432 б.
2. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
4. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Атамұра, 2005.

**Б.Момынова**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **АНА ТІЛДІҢ АБЗАЛ АНАСЫ**

*(Академик Р.Сыздықтың ғылыми шығармашылығы турасында)*

**Аңдатпа.** Р.Сыздық ғылымдағы жолын Абайдың тілін талдаудан бастады. Абай эстетикасын ұлы ақынның сөзін тірілту арқылы жеткізуді көздеді. Қазақ атты ұлттың тілінің көркемдігі, бедерлі әлемдегі Абай қолданған амал-тәсілдердің ерекше эстетикалық мәнін ғылым тілімен жеткізіп, әр сөздің ішкі бояуын түсіндірді. Абайды ұғыну үшін Абайға дейінгі көркем дәстүрді игеру керек еді. Содан соң ғана Абайдың ұлттық көркем дәстүрге қосқан жаңалықтарын айқындауға болатынын дәлелдеді.

**Тірек сөздер:** әдеби тіл, әдеби тіл нормасы, әдеби тіл тарихы, ауызша әдеби тіл, жазба әдеби тіл, қалыптану т.б.

**Abstract.** R. Syzdyk began her scientific career with the analysis of Abai's language. She intended to convey aesthetics by reviving the words of the great poet. The beauty of the language of the Kazakh people, the special aesthetic value of the methods used by Abai were conveyed in the language of science, and she explained the inner coloring of each word. To understand Abai, it was necessary to master the artistic tradition before Abai. Only then Abai's innovations can be determined in the national artistic tradition.

**Keywords:** literary language, norm of literary language, history of literary language, written literary language, oral form of literary language, codification.

**Аннотация.** Свою научную карьеру Р. Сыздық начала с анализа языка Абая. Она намеревалась передать эстетику, оживив слова великого поэта. Красота языка казахского народа, особая эстетическая ценность методов, используемых Абая были переданы на языке науки, и она объяснила внутренний колорит каждого слова. Чтобы понять Абая, нужно было освоить художественную традицию до Абая. Только тогда новации Абая в национальной художественной традиции могут быть определены.

**Ключевые слова:** литературный язык, норма литературного языка, история литературного языка, письменный литературный язык, устная форма литературного языка, кодификация.

Қазақ тіл білімі сән түзеген ұлы көшке ұқсайды. Шоғыр-шоғыр жұлдыздары бірде жымындап, бірде жарқыраған алқаракөк аспанға да келеді. Өз алдына бір галактика. Галактикадағы әр шоғырдың өзінің аты бар, әрқайсысы өзінің ғана нұрымен, өзінің ғана ерекше сәулесімен сәулеленеді, нұрланады, сәулесін түсіреді. Ал қазіргі қазақ

тіл білімінің көші көгінде мәңгілік орнаған үркерлерге қарап бағытын жөндейді, көшін түзеп, сәндейді. Біздің патша көңіліміз өз жүрек-қалауымызбен, тілек-ниетімізбен сол алыптар плеядасының ортасынан жүрегі нәзік, жаны таза, ойы жүйрік, қаламы ұшқыр, ғылымдағы адымы қарымды академик Р.Сыздық апамызды баяғыдан-ақ көретінбіз. «Рабиғадай болу қайда-а-а?» деген талай замандастырының лебізін де, жастардың тамсанысын да естідік. Иә, шынында да, ішкі мәдениеті жоғары, өз сұлулығына сөз сұлулығы жарасқан, ойына айтары сай Рабиға апамыздың есімінсіз қазақ тіл білімін көзге елестетіп көріңізші, тіл білімі талай бояуынан, онда да қанық бояуларынан айрылар еді.

Р.Сыздық ғылымдағы жолын Абайдың тілін талдаудан бастады. Абай эстетикасын ұлы ақынның сөзін тірілту арқылы жеткізуді көздеді. Қазақ атты ұлттың тілінің көркемдігі ұлы Мұхтар айтқандай «алгүл қағатынын» екінің бірі тамсанып айтқанмен, осы бедерлі әлемдегі Абай қолданған амал-тәсілдердің ерекше эстетикалық мән алуын ғылым тілімен жеткізіп, әр сөздің ішкі бояуын түсіндіру оңай емес. Абайды ұғыну үшін Абайға дейінгі көркем дәстүрді игеру, одан да бұрын ақын ойының терең иіріміне бойлау керек-ті. Содан соң ғана Абайдың ұлттық көркем дәстүрге қосқан жаңалықтарын айқындауға болатын-ды.

Осы іске бел буған Рабиға апай «Абай шығармаларының тілі» (Алматы: Ғылым, 1968), «Абай өлеңдерінің синтаксисі» (Алматы: Ғылым, 1970), «Абайдың сөз өрнегі» (Алматы: Санат, 1995) деген үш бірдей іргелі еңбегін жазды. Кейін осы еңбектеріне «Абай» энциклопедиясына арнап жазған мақалаларын қосып «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» (Алматы: Арыс, 2004) топтамасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен «Арыс» қорының, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Тілдерді дамыту департаментінің «Тіл білімінің озық үлгілері» сериясы жобасы бойынша бір топ шәкірттерінің қолдауымен жарыққа шықты.

Қазір сәнді сөзге айналған «тілдік тұлға» мәселесін Рабиға апай осыдан 40 жыл бұрын көтеріп, ұлы Абайдың тілдік тұлғасы осы ғылыми еңбектердегі талдаулар негізінде ашылған-ды.

Академик Р.Сыздықтың «бәрін мен тындырдым, мен істедім» дегенін көрген емеспіз. Үш кітаптан соң енді Абай туралы айтар ештеңе қалмады демеді. Керісінше, осы мәселені терең игерген салиқалы адамның, шын жанашыр адамның, нағыз ғалымның пікірін айтты, ол пікірін Абайға ғашық көзбен айтты: «...суреткер тілін танудың біз бармаған қырлары әлі де аз емес екенін айтамыз, ол қырлар (зерттеу аспектілері) жеке танымдық ізденістермен қатар, көркем тілдің жалпы теориялық мәселелеріне де қатысты болатынын және айтамыз. Бұл – алдағы шаруалар, бізден кейінгі зерттеушілердің, әсіресе жас талаптардың қолына алатын игілікті ісі деп білеміз», – деді.

Ғылыми еңбек белгілі бір ортаға арналады, негізінен қасаң ғылыми тілмен жазылады. Белгілі бір сала мен орта үшін таптырмайтын көптеген еңбектерді былайғы

жұрт түсініп, бағалай бермейді. Ал Рабиға апайдың ғылыми еңбектерін филологтардың көркем шығарманы оқығандай құмарлана оқитынынын білемін. Өйткені ғылыми тілдің қасандығын, стандарттар мен шаблондардың сеінін бұзып, ғылыми тілді қазақ тілінің әдемі бояуымен сөйлетті. Осы еңбектеріндегі бір мәселеден екіншісі туындап, бір-бірімен берік байланысып жататын ой желісі мен қорытынды тұжырымдарында қаншама концептуалдық ой, тезистік бағыт, перспективалы түйіндер айтылды. Ол ойлар мен тұжырымдар Абай туралы ғана емес, қазақ әдеби тіліне байланысты құрылып отырды. Әр сөз бен сөз тіркесінің астарында жатқан (қазір мәнмәтіндік деп жүрген) ойдың сырын түсіндіру үшін келтірген тарихи және салыстырмалы деректері қаншама, олар қаншама уақыт алды, ол үшін қаншалықты ізденістерге барды, бұл тек ғылыммен айналысқан адамдар ғана анық түсінетін ақиқат. Бірер ғана мысал келтіріп көрейік: «Кісі өлтірген айыпкерлерге берілетін жазаның бірі – «жанға жан, қанға қан» принципіндегі *қан жуар* Абай тұсынан көп бұрын-ақ, тіпті Тәуке заманының кезінде-ақ қазақ қоғамында қолданылудан қалып, оның орнын басқа әктілер басқандықтан, бұл сөздің өзі де тіл нормасынан шығып қалғанға ұқсайды. Өйткені Абай, Ыбырайлардан да, өткен ғасырдың II жартысындағы қазақ көркем әдебиетінің өзге уәкілдері тілдерінен қан жуар терминін кездестірмейміз.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа өткен ғасырдағы халық тілінде қазақтың әдет-ғұрып правосына қатысты құн, дау, даугер, жүгініс, теңдік, бітім, төре (беру), жаза, салауат, шағым сөздері мен кереге таңу, сойыл айыбанасы т.б. тәрізді тіркестер қолданылған. Бұлардың көпшілігі Абай шығармалары тілінде жиі қолданылған. Дау сөзінің сол кездегі мағынасын *тяжба, иск* деп Н.Ильминский дәл көрсеткен, ал даугер – истец, Абай мен оның тұтастарында дау сөзінің даушар, дау-жанжал, жанжал-дау тәрізді қос сөз компоненті болып келген түрі мен *дау даулау, дау ұру, дау сабау* (Абайда ғана) тіркестерін құраған түрлері бар: Жап-жай отырып, *дауын сабап* отырады (Абай). *Біту, бітім, бітімші* терминдері де юристік терминдердің көнелері», – дейді.

Енді бірде: «Тегінде Абай уайымшыл емес, өмірді сүйген, тамашалай білген, әр нәрсеге үмітпен қарай білген суреткер. Мүмкін, сондықтан да Абайда жақсы сөзі 130 рет, жаман сөзі 46 рет, жақсылық сөзі 33, жаманшылық сөзі 18 рет, дос сөзі 60, достық 28 рет қолданылса, дұшпан 18-ақ рет, өмір 113 рет, өлім 26 рет аузына үйірілген болар», – деп көрсетті ғалым Абай тіліндегі позитивті мағыналы сөздердің қолданыс жиілігін Абай оптимизмімен байланыстыра келіп. Бұл мәлімет Абай кезіндегі тілдік норма мен әдеби тілдің нормалануын, Абай өлеңдерінің лейтмотивін жеткізген хабаршысы еді.

Әдеби тіл нормаларының ұзақ ғасырлық даму үдерісінің жемісі екенін түсінген ғалым қазақ әдеби тілінің Абайға дейінгі терең тарихына баруды көздейді. «Бұған дейін де қазақ тілі тарихының жеке проблемалары, белгілі бір кезең дәуірдегі күй-

қалпы, Абай мен Ыбырай сияқты қалам иелерінің әдеби тілді дамытудағы қызметі мен орны тәрізді мәселелер ғылыми ізденістердің, нақты талдаулардың объектісі болып келді. ... Сан ғасырлық тарихы бар, миллиондаған адамдарға қызмет етіп отырған, мемлекеттік тіл статусына ие болған қазақ тілі сияқты ірі тілдің тұтас тарихын таныту үшін, оның белгілі кезеңдердегі күй-қалпын сипаттау, жеке ескерткіштердің тілін талдау, функционалдық стильдерінің пайда болып, әрі қарай қалыптасуын зерттеу, жеке қаламгерлердің үлесі мен ролін көрсету сияқты жұмыстардан бастап, әдеби тілдің өзінің статусын айқындау, даму кезеңдерін дәуірлерге бөлу, әр кезеңдегі даму принциптері мен бағыттарын дұрыс табу тәрізді қыруар мәселелерді шешіп алу керек болады», – деп шешкен ғалым ХУ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихын бір бағытпен жүйелі зерттей келе, «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Сөздер сөйлейді» атты монографияларын жазды. Қазіргі жоғары оқу орындары филология факультеттерінің «Қазақ әдеби тілі тарихы» курсына пайдаланып жүрген оқулығы осылайша дүниеге келді.

Әдеби тіл – өркениетті заман тудырған феномен құбылыс. Әдеби тілдің теориясының іргетасы қазақ тілі диалектологиясы, қазақ тілінің тарихи грамматикасындағы қол жеткен нәтижелердің негізінде, тілдік материалды басқаша тану мен саралауды мұрат тұтудан барып қаланады. Әдеби тілді ғылыми негізде танып-білу тілдік және сөйлеу фактілеріне мән бере қарауды, теориясын терең білуді керек етеді, ал тіл мен сөйлеудің жиынтығы лингвистиканы құрайды. Әдеби тілді зерттейтін маманның диалект, жаргон, ауызекі сөйлеу тілі, жазба тіл сияқты тілдік категориялар туралы терең түсінігі, осы құбылыстарға байланысты тілдік деректер мен мол материалды игеруі, ұлттық тілдің сыры мен табиғатын, сөз төркінін әріден қозғауы, сөз сырын танитын да, таныта да алатын қарымы болуы керек. Ал тілдегі кез келген ұсақ детальдарға дейін көңіл бөліп, нәзік сезімталдықпен зерттеуді әдетке айналдырған ғалым Рабиға апай үшін бұлардың бәрі де ертеден-ақ төл қасиетке айналған.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің қай-қайсысы да қазақ әдеби тілі жөніндегі өз ойларын, пікір-тұжырымдарын айтып отырды. Солардың ішінен Рабиға Ғалиқызы өз пікірлерімен өзгелерден ерек тұлғаланады. Ол өз зерттеулері арқылы қазақ әдеби тілінің тарихын сан ғасырға кеңітті, Асанқайғыдан бастап, Махамбетке, Бұхарға, Дулатқа дейінгі бес ғасыр өкілдерінің мұраларын әдеби мұра деп қарастырып, оларды әдеби тілдің аспектісі ретінде зерттеді. Әдебиетші ғалымдардың ХУ-ХІХ ғ. ІІ жартысына дейін өмір сүрген ақын-жыраулардың көлемді, көркем шығармаларын әдебиет санатына қоспай жүргендеріне қынжылыспен қарап, бұл дәуір мұраларының фольклордан бөлек, әдебиеттік шығармалар екенін дәлелдей келіп: «Қысқасы, қазақта халық әдебиетінен өзге, бірақ оған едәуір ұқсас келетін профессионал әдебиет өмір сүріп келді, оның тілі әдеби тіл санатына кіреді», – деп, бұл дәуірлерге тиесілі мұраларды *ауызша әдеби тіл* терминімен атауды ұсынды. Сөйтіп, Р.Сыздық

**ауызша әдеби тіл** ұғымы мен **ауызша әдеби тіл** терминін ғылыми айналысқа енгізді, бұл ұғымдар қазақ әдеби тілі теориясының негізгі постулаттарының біріне айналды; көпке дейін әдеби тіл деген ұғымға тиянақты анықтама берілмей келсе, енді қазақ жазба әдеби тілі, қазақ ауыз әдебиеті тілі, қазақтың жалпыхалықтық тілі деген категориялар бір-бірінен ажыратылып, әрқайсысы өз алдына саралана бастады. Осылайша ғалымның әдеби тіл туралы ойлары кең арналанып, қазақ әдеби тілі белгілі бір зерттеу нысаны бар, зерттеу нысаны көпаспектілі, әрқайсысы дербес, бірақ бір-бірімен сабақтасып жатқан бағыт-бағдары бар ғылым саласы ретінде нақтылана түсті, қазақ әдеби тілі әр қырын функционалдық тұрғыдан тануға болатын іргелі ғылым саласы аталып, жоғары оқу орындарындағы іргелі пән санатына енді, бір сөзбен түйіндей айтқанда, қазақ әдеби тілі біртұтас филологиялық проблематика деңгейіне көтерілді. Сондықтан біз Р.Сыздықты *әдеби тілдің тарихи аспектісін айқындаған, қазақтың ұлттық тұлғалар ұғымын әдебиетте де, тілде де қалыптастырап, тұрақтандырған, ауызекі сөйлеу (халықтық) тілі мен әдеби тілдің айырмашылығын ашып-ажыратқан, қазақ әдеби тілінің тарихи дамуының схемасын хронологиялық тәртіппен түзіп берген* ғалым ретінде ерекше бағалаймыз.

«Сөздер сөйлейді» – әдеби тіл тарихындағы сүбелі еңбек. Қалың жұртшылыққа батырлар жырларындағы, лиро-эпостардағы, ХҮ-ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының тіліндегі, бағзы мақал-мәтелдердегі мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін ашып, түсіндірген еңбек. Осы еңбектен «жаушының» бір мағынасы «құда түсетін адам» болғанын, жер қылудағы «жердің» «ұят» екенін, жетімнің «құлдар» мағынасын бергенін, «шашын дынданмен таранған» дегендегі «дынданның» «піл сүйегінен жасалған қымбат, әсем тарақ екенін», «Еділді көріп емсеген» дегендегі «емсегеннің» қырғыз тілінде «еңсеу» түрінде айттылып, «қатты аңсау, тілеу» мағынасын бергенін, «жемсеудің» «жем жегісі келу» мағынасында тұрғанын, сондай-ақ «керіктің» «жылқының монғолдық тұқымын атайтынын», «дүние салудағы» «салудың» «тастау, қалдыруды» білдіретіні сияқты аса қызық тілдік фактілер топтастырылған. Яғни Рабиға апай қазақ әдеби тілінің ұзақ тарихын зерттеу мен зерделеу, өз ізденістерінің ең жемісті жылдарын қазақ әдеби тілінің теориясы мен әдеби тілдің әрқилы аспектілерін таратуға, талдауға арнаған. Бұдан кейінірек әдеби тілдің статусын орнықтыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктету сияқты қазіргі заманғы әдеби тілдің өзекті мәселелері туындап жатқанда да қарап отыра алмаған ғалым тезистік бағдары бар бірнеше ғылыми мақалаларын жазып, жариялады.

Абай тілін талдау арқылы сол кездегі әдеби тіл нормасын түзген, бес ғасырдың тілдік күй-қалпын талдап, нормасын екшеген ғылыми тұжырымдары негізінде «Қазақ тілінің анықтағышын» және «Тілдік норма және оның қалыптануы» (Астана, 2001) атты монографиясын жазды.

Қалыптану, яғни кодификациялану, норма мәселесі, тілді дәуірлеу, әдеби тілге анықтама беру, т.б. – әдеби тілдің қабырғалы проблемалары. Соңғы жылдары жариялаған «Тілдік норма және оның қалыптануы» еңбегінде «Тіл мәдениеті деп нені танымыз? Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді *дұрыс, орнымен қолдану* (лексикалық), *дұрыс құрастыру* (синтаксистік), *дұрыс қиюластыру* (морфологиялық), *дұрыс дыбыстау* (орфоэпиялық), *сауатты жазу* (орфографиялық), *тілді әсерлі етіп жұмсау* (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», – деп, қарастырып отырған мәселелерін айқын етіп, жіктеп береді.

Тіл тарихындағы ғалым қаламының қарымын көрсеткен құнды еңбектері – Қадырғалы Жалайырдың «Жами-ат тауарихы», Ясауи хикметтерінің тілін зерттеуге арналған монографиялары. Абай тілін зерттеуден бастап, арабизм, фарсизмдерді талдаудың озық үлгілерін қалыптастырған ғалым, Қадырғали би жылнамасы мен Ясауи хикметтерінің тілін талдау кезінде қазақ және араб, қазақ және парсы тілдерінің салыстырмалы сипатына көптеген толықтырулар енгізді. Жалпы алғанда, Р.Сыздықтың араб графикасымен жазылған мәтіндерді транслитерация жасаудағы еңбектері өз алдына жеке сөз етуге тұратын мәселе. Ал қазақ тіліндегі араб-парсылық қабаттың сипатты ерекшеліктерін Рабиға апайдай етіп ешкім ашып берген жоқ.

Рабиға апай – аға ұрпақ алдындағы парызын ұмытпаған зерделі ғалым. Оның А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедов т.б. мен репрессия жылдарына арналған еңбектері, архив документтерін тірілтуі, қазақ зиялыларының қазақ мәдениетіндегі орнын белгілеудегі атқарған шаруалары қыруар.

Сонымен, Р.Сыздық қазақ әдеби тілі теориясына байланысты мынадай қабырғалы мәселелерді көтерді, тиянақты зерттеді: жалпыхалықтық тіл мен әдеби тілдің арасалмағын ашып көрсетті; қазақ әдеби тілін дәуірлеудің ғылыми негізін жасады; қазақ әдеби тілінің айрықша белгілерін анықтаудың принциптерін белгіледі; функционалды стильдердің қалыптасуының тарихи-ғылыми түсінігін қалыптастырды; функционалды стильдерді ажырататын композициялық тұтастықтар мен тілдік амалдарды анықтады; әр дәуірдің стильдік айырмашылықтары мен грамматикалық ерекшеліктерін, сөз тудыру мен сөз түрлендірудегі ерекшеліктерін көрсетіп, стильдік көркемдеуіш тәсілдерін саралады; әдеби тілді дамытатын индивидуальды-сөйленіс пен шығармашылық факторлардың орнын анықтады; көне жазба мұралар тілінің тіл тарихындағы орнын көрсетті; әдеби тілді стратификациялау үлгісін жасады; мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың принциптерін жетілдірді; репрессияланған қазақ зиялыларының еңбегін жарыққа шығарып, олардың әдеби тілдегі орнын айқындауға ат салысты, бір сөзбен айтқанда, қыруар еңбегін сіңірді.



**Қорытынды:** Қарап отырсақ, Рабиға Ғалиқызының өзінің энциклопедиялық білімімен, ізденгіштігімен, табандылығымен, махаббаттылығымен қазақ тіл білімінде араласпаған, дәйекті сөзін айтпаған саласы жоқтың қасы екен.

Монографиясының саны 28-ден асатын (және әр монографиясының салмағы қандай!) Рабиға Ғалиқызы қалам тербеген қазақ тіл білімінің мәселелерін былайша топтастыруға болады: қазақ тілінің грамматикасы; тіл тарихы, оның ішінде: а) орта түркі жазба мұраларының тілі мен ә) қазақ әдеби тілінің тарихы; б) қазақ әдеби тілінің әлеуметтілігі мен кодификациялануы; в) тіл мәдениетінің теориялық ұстанымдары; г) қазақ орфографиясы мен орфоэпиясының (сөз сазының) мәселелері; д) мәтін лингвистикасы, т.б.

Қазақ тілінің көшбасшыларының бірі, ана тілінің айбары мен қорғаны болған Рабиға апайымыздың еңбегі ерекше екенін әлі де сан айтармыз.

**Э.Оразалиева**

*Назарбаев Университет, доктор филологических наук  
Казахстан*

### **АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫК ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ КОНЦЕПТУАЛЬНОЙ КАРТИНЕ МИРА В ЯЗЫКЕ**

**Аннотация.** Сегодня наука о языке в рамках антропоцентрических толкований ассоциирует когнитивный подход, прежде всего, с носителем языка, с его способом восприятия мира и субъективной совокупностью представлений. Поэтому использование когнитивных единиц в казахском языке можно трактовать как зарождение целого ряда учений об окружающей среде, о личностях, исторически значимых в формировании этнического самосознания и национально-культурных ценностей. Понятие «тану» (познание) соединяясь с различными корнями слов в казахском языке открыло новые научные горизонты исследования, переплетая смыслы и проецируя когнитивную модель интегрального знания в целостный объект познания. В результате появились такие учения как адамтану (познание человека), қоғамтану (познание общества), табиғаттану (познание природы) (Кайдар), тарихтану (познание истории), Абайтану, Ясауитану (Сыздық) и т.д. Каждый из перечисленных направлений, отождествляя собой компонент концептуальной системы, соединяющий когнитивное содержание и когнитивную структуру, эволюционировал через фрагментарное в масштабное отражение концептуального мира человека. Лингвоконцептуальный подход Р. Сыздық в изучении языкового материала способствовал осмыслению и формированию специфики национального самосознания, окружая идиоэтнические

компоненты патриотическими, научными и основанными на учении постулатами. В понимании ученого «самопознание» становится элементом, соотносимым с культурными моделями народа, с атрибутами природного или социального быта. Наполняясь новым содержанием, каждый из них превращается в опыт, трансформируется в знание и становится источником информационно-когнитивного восприятия. Познание личности сквозь призму его творений нередко формулирует целостную картину его эпохи, характеризуя спиралевидные основы как универсальных человеческих ценностей, так и личных канонов самого носителя концептуальной системы.

**Ключевые слова:** концептуальная картина мира, этническое самосознание, когнитивное содержание, информационно-когнитивное восприятие, когнитивная модель.

**Аңдатпа.** Бүгін тіл біліміндегі когнитивтік бағыт антропоцентристік тұжырымдар негізінде сол тілде сөйлеушінің дүниетанымымен, жеке қабылдауымен сабақтаса дамитыны сөзсіз. Осыған орай, қазақ тіл ғылымындағы когнитивтік бірліктердің қолданылу кеңістігі қоршаған ортамен байланысу, тарихи тұлғалардың ұлттық сана мен мәдени құндылықтардың қаыптасуындағы орнын белгілеу арқылы көрініс табатынын ескеру қажет. Өзге сөздермен тіркескен «тану» тілдік зерттеулердің жаңа көзқарастарын айқындаумен қатар, жалпы танымның өзгеше модельдерін жүйелеуге көмектесетіні де анық. Бұл қатарда адамтану, қоғамтану, табиғаттану (Ә. Қайдар), тарихтану, Абайтану, Ясауитану (Р. Сыздық) сияқты ілімдер топтамасы дүниеге келіп, когнитивтік құрылым мен когнитивтік мазмұнды тоғыстырған концептуалды жүйенің негізін қалады. Нәтижесінде адамның тұжырымдамалық әлемін жекеден жалпыға, микродан макроға жетелейтін ойлар эволюциясын іске асыру мүмкіндігі пайда болды. Академик Р. Сыздықтың лингвоконцептуалды көзқарастары халықтың өзін-өзі тану санасын жаңа деңгейде қабылдауға, идиоэтникалық компоненттерді ғылыми, патриоттық әрі ілімдік бағытта дамытуға өз үлесін қосқаны ақиқат. Ғалым түсінігіндегі «өзін-өзі тану» бірлігі елдің ұлттық үлгілерімен, табиғи көріністерімен және әлеуметтік тіршілігімен бірлікте жаңа мазмұнға ие бола отырып, ақпараттық-танымдық қабылдаудың дереккөзі ретінде тәжірибе мен білім көзін саралай келе, тұлғаның танымдық әлемін шығармалары арқылы зерделеу ол өмір сүрген дәуірді, адамзаттың ортақ құндылықтарын әрі жеке өмірлік канондарын бағалауға септігін тигізді.

**Тірек сөздер:** әлемнің концептуалды бейнесі, этникалық сана, когнитивтік мазмұн, ақпараттық-танымдық қабылдау, когнитивтік модель

**Abstract.** Today, the study of language from an anthropocentric perspective links the cognitive approach with the native speaker's perception of the world and their subjective ideas. In the Kazakh language, the usefulness of cognitive units can be seen as the origin of various teachings about the environment, individuals, and historically significant aspects

that shape ethnic identity and national-cultural values. The concept of “tanu” (cognition) in the Kazakh language has opened up new scientific horizons, combining meanings and projecting a cognitive model of comprehensive knowledge. This has led to the development of teachings such as adamtanu (cognition of man), kogamtanu (cognition of society), tabigattanu (cognition of nature) (Kaidar), tarikhtanu (cognition of history), Abaitanu, Yasaitanu (Syzdyk), etc. Each of these directions plays a role in the conceptual system, connecting cognitive content and structure, and has evolved to reflect the conceptual world of humans on a larger scale. R. Syzdyk’s linguistic and conceptual approach to studying language materials has contributed to the understanding and formation of national self-consciousness, incorporating patriotic, scientific, and doctrine-based elements. In this approach, “self-knowledge” is seen as correlated with the cultural models of the people and attributes of natural or social life. Enriched with new content, each becomes an experience, transforms into knowledge, and serves as a source of informational and cognitive perception. Understanding a person through their creations often reveals a holistic picture of their era, characterizing universal human values and personal canons within the conceptual system.

**Keywords:** conceptual picture of the world, ethnic self-awareness, cognitive content, informational-cognitive perception, cognitive model

### Введение

Современная наука о языке активно пополняет базу реликтовых представлений и интегральных знаний человечества. С целью формирования онтологических, гносеологических и лингвистических дихатомий проецируется опыт гуманитарных наук, вовлекающий процессы осмысления и обозначения новых или знакомых реалий. Именно изменения, происходящие как в языке, так и в понятийном пространстве человека, способствуют выявлению ядерных и периферийных компонентов модели мира в целом. Поэтому сегодня лингвистика разграничивает особенности языковой картины мира от концептуальной или понятийной, тем самым фиксируя ментальные различия в системе вербальных, ассоциативных, культурологических сопоставлений. Именно универсальность способов познания окружающей среды становится исходным предметом понимания схожих толкований, нацеленных на развитие когнитивно-интеллектуальных способностей каждого индивидуума.

Многомерность и сложность общественных процессов, их неисчерпаемый потенциал экстраполируют в «мир языка» (Кайдар, 1998: 11), заключая понятия в новые смысловые границы лексических оборотов. «Язык, воедино переплетенный с жизнью общества, в частности ее речь, лексика, дифференцируясь согласно тематическим сериям общественного бытия, притерпевает семантические изменения, стабилизируется, становится термином. Если быть кратким, отдельные части лексики служат обществу той или иной эпохи» (Сыздык, 2004 (а): 141). Сознание человека не только

репрезентирует окружающий мир, но и выдает результаты переработанной информации через внутренние каналы собственного восприятия. Руководствуясь фундаментальными понятиями, член социума фиксирует и пространственные, и временные, и количественные, и этические параметры информации (согласно классификации М. Хадеггера). Такая поэтапность, во-первых, служит отражением эвристических ресурсов, во-вторых, путем цикличности генерирует поток знаний, прогрессируя эволюцию миропонимания. Так процесс продуктивного творческого мышления, тесно соприкасаясь с познавательными и конструктивными задачами, становится стратегическим инструментом научного воззрения и конвергентного подхода в их решении. В этой связи, труды Р. Сыздык, отличающиеся «научными и познавательными целевыми индикаторами» (Сыздык, 2004 (b): 8), представляют собой гармонию дивергентно-конвергентного мышления, сочетая принципы междисциплинарного аспекта, которые непрерывно конструируют саму систему знаний.

### Материалы и методы

В исследованиях академика Р. Сыздык слова «картина», «мир/ элем», «социальная картина времени/ заманының элеуметтік картинасы», «мир красоты/ әсемдік әлемі», «модель/ қалып» (Сыздык, 2004 (b): 66, 71, 14) стали опорными понятиями в определении когнитивных структур казахского языка. Ученый отмечает, что художники слова умело используют многовековые обороты родной речи, среди которых особо выделяются красочные сравнения. Подчеркивается, что данные модели способствуют появлению новых авторских изречений, потому как «смыслы картины мира воплощаются в представлениях и понятиях, символах и значениях, превращаются в самостоятельные объекты мышления, оперирование которыми приводит к образованию новых смыслов, их конфигураций» (Первушина, 2008: 150). Будучи частью декларативно-образной информации язык писателя становится неким фондом («кор») ценностей, мотивов («уәж») (Сыздык, 2004 (b): 104), предпочтений и знаний. Согласно суждениям исследователя, поэтические фразеологизмы имеют вековой кумулятивный эффект, формируя общенародный язык, доступный как в использовании, так и по значению. Именно такой язык получает всеобщее применение среди акынов и жырау (Сыздык, 2004 (c): 169), помогая идентифицировать «историческое познание» («тарихи таным») (Сыздык, Қойгельдиев, 1991: 25), а также отвечая за хранение и воспроизведение «словарного богатства» («сөздік қазына») (Сыздык, 2004 (b): 105) казахского языка. Согласно ученому, «еще не мало неопознанных особенностей языка художника («суреткер»), к которым можно будет прибегнуть. Надо отметить, что эти аспекты исследования будут направлены на изучение не только личностных когнитивных вопросов, но и общих теоретических проблем художественного языка («көркем тіл») (Сыздык, 2004 (b): 6).

Научная методология работы включает в себя следующие этапы обсуждения: Исследовательский вопрос: Когнитивный анализ лингвистических суждений в трудах академика Р. Сыздык predetermined stages of formation and development of ethno-conceptual structures in Kazakh linguistics.

Тезис: Лингвоконцептуальный подход Р. Сыздык в изучении языкового материала способствовал осмыслению и формированию специфики национального самосознания, окружая идиоэтнические компоненты патриотическими, научными и основанными на учении («ілімдік») (Сыздык, 2004 (с): 29; 9) постулатами. В понимании ученого «самопознание» («өзін-өзі тану») становится элементом, соотносимым с культурными моделями народа, с атрибутами природного или социального быта.

Этапы исследования: Когнитивные модели языковых структур Р. Сыздык акцентированы как на способах их формирования, так и на материальных составляющих, в числе которых представлены предмет, явления, понятия и т.д. (Сыздык, 1997: 30). На примере первых рассказов М. Ауезова ученый анализирует роль атрибутов природного и социального быта, окружающих казахский народ. В данном случае перечисленные ученым компоненты представляют собой некий формат познавательного опыта писателя окружающей его объективной и субъективной действительности. К их числу соотнесены природные явления («табиғат көріністері»), вещи повседневного обихода («күнделікті зат-бұйымдар»), образа жизни («тұрмыс-салт»), скотоводства («мал бағу»), кочевничества («көшіп-қону»). Такое конструирование вербализованных представлений о мире наполняет новым содержанием не только этнокультурный аспект языковых единиц, но и эволюционирует сам процесс трансформации элементов контекстуальной памяти в рабочую. Таким образом, восполняя семантические составляющие долговременной и языковой памяти человека, когнитивный феномен «картины мира» «вызывает резонанс в языковой памяти» (Гаспарин, 1996: 107) и создает доминирующие логические концепты, направленные на развитие образной памяти, соприкасаясь с эмоционально маркированными переживаниями и восприятиями человека.

Методы исследования: в статье были использованы описательный, сопоставительный, сравнительно-исторический методы, а также методы лексико-семантического и контекстологического анализа.

Результаты исследования: способность мозга удерживать информацию, перерабатывать ее и использовать в нужное время формирует ее когнитивную стимуляцию, актуализируя взаимообусловленность окружающей среды с ее информационным хранилищем. Использование когнитивных единиц в казахском языке можно трактовать как зарождение целого ряда учений об окружающей среде, о личностях, исторически значимых в формировании этнического самосознания и национально-культурных ценностей. Понятие «тану» (познание) соединяясь с различными кор-

ниями слов открыло новые научные горизонты исследования, переплетая смыслы и проецируя когнитивную модель интегрального знания в целостный объект познания. В результате появились такие учения как адамтану (познание человека), қоғамтану (познание общества), табиғаттану (познание природы) (Кайдар, 1998), тарихтану (познание истории), Абайтану, Ясауитану (Сыздык, Қойгельдиев, 1991: 26) и т.д. Каждый из перечисленных направлений, отождествляя собой компонент концептуальной системы, соединяющий когнитивное содержание и когнитивную структуру, эволюционировал через фрагментарное в масштабное отражение концептуального мира человека. Сегодня наука о языке в рамках антропоцентрических толкований ассоциирует когнитивный подход, прежде всего, с носителем языка, с его способом восприятия мира и субъективной совокупностью представлений. Поэтому считается, что «концептуальная картина мира разнообразнее языковой, т. к. не все воспринятое и познанное человеком имеет вербальную форму и отражается с помощью языка» (Максимова, 2010: 387).

### Обзор литературы

Термин «картина мира» вошел в научный оборот «в начале XX века в области физики» с употреблением ученого Г.Г. Герца. Далее «в философию его ввел К. Ясперс, в логику–философский обиход – А. Витгенштейн, в антропологию и лингвистику – Л. Вайсгербер» (Шарикова, 164). Так, к примеру, физическая картина мира «как физическая модель мира» в совокупности является базой знаний, состоящей из «фундаментальных физических идей, физических теорий, наиболее общих понятий, принципов и методов познания, соответствующих определенному историческому этапу развития физики» (Антоненко, 2015: 3). В основе же философской картины мира соотнесены два важных компонента: «а) диалектическое развитие мира, развитие от простого к сложному, от низшего к высшему; б) высшее в мире реальности – человек и мир человека – социальный и духовный» (Маслихин, 33), где смысловой центр сконцентрирован на «отношении человека к миру». Употребление термина в системе культурологии и социально-гуманитарных наук отличается интеграцией «рационально-логических и художественно-образных представлений об окружающем мире и человеке» (Первушина, 2008: 149). Так, в культурологии внимание фокусируется на «культурных парадигмах», выражающих «дух народа» и «дух эпохи». В 30-х годах прошлого столетия понять и интерпретировать «картину мира» в контексте философско-культурологических суждений помогли труды М. Хайдеггера (применительно к эпохе Нового времени). В его работе «Время картины мира» среди основных характеристик картины мира преобладают следующие категории: «целостность, системность, представленность, изображение». Далее с различными дополнениями и модификациями термин продолжил свой путь в «психологической антрополо-

гии, культурной антропологии, этнологии, лингвокультурологии, семиотике и т.д.» (Первушина, 2008: 149).

Труды Р. Сыздык способствуют переосмыслению и формированию нового познавательного опыта в моделировании национального самосознания, сохраняя фрагменты и исторической действительности, и современной реальности. Наполняясь новым содержанием, каждый из них превращается в опыт, трансформируется в знание и становится источником информационно-когнитивного восприятия. Так, к примеру, получили толкование и хикметы Ясауи, заполняя лакуну в исследовании «мистического пантеизма» в трудах казахских литераторов. По словам ученого, труды Ясауи представляют собой некую гармоничную параллель между пониманием Бога («Құдай») и значением природы. Ведь согласно суфийским учениям «человек является частью природы, значит для познания Бога он должен вначале познать себя. Это можно сделать с помощью зикир («зікір салу»), т.е. заклинаний» (Сыздык, 2004 (с): 9). Далее исследователь поясняет: «Согласно учениям Ясауи, мораль и суфизм едины, суфизм и есть один из видов человечности («адамгершіліктің бір түрі»)). Такой подход в изучении художественных текстов predeterminedил не только жизненные каноны литературы, но и обосновал значимость «субъективной системы знаний» (Павиленис, 1986) каждого писателя. Познание личности сквозь призму его творений нередко формулирует целостную картину его эпохи, характеризуя спиралевидные основы как универсальных человеческих ценностей, так и личных канонов самого носителя концептуальной системы, потому как «герой писателя говорит на языке своего времени («өз заманының немесе өмір сүрген кезеңінің тілі»)), транслируя особенности не только своего характера, но и среды, в которой он рос и воспитывался, возраста и социального статуса (Сыздык, 1997: 34). Слова героя – один из важных компонентов художественного метода повествования. Такая цикличность диктует законы «движения смыслов во времени» (Соколов, 2002: 51), воссоздавая «фрагменты концептуальной картины мира автора» (Максимова, 387). Так в результате, будучи «социализированной личностью» (Соколов, 2002: 52) человек фактографически сохраняет «образы эпизодов, событий, явлений», обращаясь к его «связности и устойчивости жизненному опыту» (Максимова, 387).

#### Результаты и обсуждения

В целях изучения неисчерпаемого потенциала человеческой природы и его «духовного роста» («рухани талабын өсіруге») (Сыздык, Қойгельдиев, 1991: 24), в работах Р. Сыздык циклично используются термины «сана» (сознание), «таным» (познание), «рух» (дух), «қор» (фонд, багаж). Ученый отмечает, что в казахском обществе как основа гражданского сознания оценивается «знание своего прошлого, уважение к истории» («өткенді білу, тарихқа құрмет») (Сыздык, Қойгельдиев, 1991: 39). С этой позиции языковое возрождение («жаңғыру») predeterminedляется автором как пос-

ледствие пробуждения народного сознания и самопознания («халықтардың өзін-өзі тану санасының оянуы»). Так, фокусируясь на социальных и национальных ландшафтах, исследователь проводит качественную параллель между развитием языка и влияющими внешними факторами. «После столетних перерывов возрождение тюркских языков в новом качестве и рост интереса к ним можно трактовать как результат роста их политической активности, как яркий пример стремления к этнической и культурной независимости. Если оценивать данные качественные явления как пробуждение их сознания и самопознания, то бесспорно можно говорить не просто об однодневном или одногодичном эмоциональном порыве, а о процессе, который захватывает все социальные части, о силе, которая развивается, беря начало из глубинных истоков жизни народа» (Сыздык, Қойгельдиев, 1991: 31). Путем осмысления естественно-философских знаний в контексте национальных представлений этническая картина мира в суждениях Р. Сыздык концептуализирует универсальные понятия, артикулируя основными постулатами языковых и художественных материалов. Так, к примеру, понятие «сознание» (сана) становится источником исторических, этномаркированных и общественных толкований. «Пробуждение сознания перечисленных выше народов (узбекского, казахского, киргизского, татарского и др.), как этнической единицы самопознания, их стремления к политической и культурной независимости в итоге стали активным компонентом их общественного сознания в познании истории (тарихтану)», – отмечает ученый, анализируя известные в Средней Азии и Казахстане письменные источники XVI-XVII веков. Согласно Р. Сыздык, лишь «полное и глубокое изучение народных источников» (Сыздык, Қойгельдиев, 1991: 37) может способствовать взаимопониманию поколений. Поэтому автор констатирует, что основными элементами в «воспитании исторического разума у молодого поколения» («жаңа буынының тарихи зердесін тәрбиелеу») становятся «и легенды, и рассказы, повествующиеся до глубокой ночи у очага между дедом и внуком, отцом и сыном, старцем и молодым; и летописи («шежіре»), специально выученные и передающиеся от поколения поколению, из одного аула в другие аулы» (Сыздык, Қойгельдиев, 1991: 39). Высоко ценя значимость письменных и устных народных творений, исследователь обращается к мнемической деятельности человека, отождествляя ее значение с возможностью народа помнить свои истоки, пересказывать их и передавать своим детям и внукам, воспитывая в них и эмоциональные человеческие переживания, и волевые стимулы двигаться вперед, сохраняя этно-генетические корни. Такая словесно-логическая и смысловая поддержка формирует в новом поколении неразрывную связь с прошлым и предположительно качественно пополняет его культурно-интеллектуальный резерв.

Ученый, сопоставляя активный и пассивный фонд языковых единиц в сочинениях Абая Кунанбаева в части «Выбор слова» («Сөз таңдау»), отмечает их нераз-



рывную связь с временными категориями, с историей народа. Такая мировоззренческая установка обеспечивает осознанную попытку исследователя усилить «эвристический потенциал» (Левина, 2022: 11) литературных произведений, ссылаясь на их информационно-когнитивный ресурс. Основываясь на «принципах хронотопа» и «итерационности, предполагающий циклическую организацию поэтапного достижения стратегических и оперативных целей» (Левина, 2022: 11, Оразалиева, 2024), становится очевидным и суждение исследователя, что активность или пассивность лексики зависит от «основной идеи мыслителя, темы и жанровых новостей» (Сыздық, 2004 (b): 63) или от «этнографических» артефактов, выбранных и извлеченных из личной сокровищницы писателя («Абайдың сөздік қазынасы») (Сыздық, 2004 (b): 68). Потому как «концептуальная система отражает познавательный опыт носителя языка как на языковом, так и на доязыковом этапах» (Максимова, 386). С этой целью исследователь опирается на названия одежды столетней давности («жүз жылғы өткен ескілік киім»), подчеркивая, что известный казахский поэт не ставил целью использовать малоизвестные слова, а наоборот, акцентировал внимание читателей на лексике с прямым значением дабы помочь ему представить перед собой образ казаха того времени нежели использовать их лишь для образного выражения. Примерный ряд таких перечислений с пояснениями составили вещи, как фуфайка («шидем шекпен») («қой жабағысын сыртынан шекпенмен қаптаған күпі»), брюки («жарғақ шалбар») («иленген, жүні қырылма жұқа теріден тігілген шалбар»)» (Сыздық, 2004 (b): 68), дискурсируя в направлении исторического контекста и подчеркивая роль «общенародного языкового фонда» («жалпыхалықтық тіл қорынын») (Сыздық, 2004 (b): 70) в изучении философских, идеологических и эстетических особенностей «казахской письменной культуры» («қазақ жазба мәдениетінің») (Сыздық, Қойгельдиев, 1991: 36).

### Заключение

Философско-когнитивный дискурс в языкознании безусловно прогрессирует развитие гносеологических и эпистемологических суждений, направленных на переосмысление человеческой природы и окружающей его среды. «Слово подобно кирпичу, отвечающему за строение здания языка» (Сыздық, 1997: 10), поэтому, согласно исследователю, стилевая характеристика языка в соответствии с его социальной функцией определяется на основе использование языковых элементов (слов, грамматических форм, образных выражений) в различных коммуникативных актах, имея различия по методам, частотности и способам сочетания (Сыздық, 1997: 158). Концептуальная картина мира, формируясь на стыке таких понятий как «языковая картина мира» и «концепт», отразила в научном мире некую дистанцию между «лингвокреативной деятельностью человека» (Мазаева, 2006: 15), являясь «важной составляющей частью общей модели мира в голове человека, интегрированной в целое и

помогающей ему в его дальнейшей ориентации при восприятии и осознании мира», и «единицей ментальных или психических ресурсов нашего сознания и той информационной структуры, которая отражает знание и опыт человека» (Кубрякова, 1996). В этой связи, труды Р. Сыздык стали отправной точкой в понимании целого ряда концептов, вложенных в информационные понятия. Исследователь подчеркивает, что «до национального периода развития литературный язык казахского народа представляет собой начало становления его устных и письменных форм... Литературную, в особенности устно развитую традицию того периода можно рассматривать как великую общественно-социальную силу, которая внесла большой вклад в процесс формирования казахского народа и казахского ханства» (Сыздык, 1993: 21). Такая роль языка, участвуя в «социальном сегментировании жизни общества» (Сыздык, 1993: 22), создает ядро профессиональных навыков, вовлекая в процесс социальный статус, уровень культуры и психологическое состояние говорящего.

Исходя из роли эпистолярных, художественных произведений в становлении народного самосознания Р. Сыздык обращается к проблемам нормированности языка, к вопросу литературного языка и его функционально-стилевым особенностям. Сохраняя связь диахронии и синхронии, ученый актуализирует нормы языка и речи, письма и орфографии, чему свидетельствуют труды Р. Сыздык, как «Абай шығармаларының тілі» (Язык произведений Абая) [1968], «Сөздер сөйлейді» (Говорят слова) [1980], «Сөз сазы» (Ритм слова) [1983], «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (История казахского литературного языка) [1993], «Сөз құдіреті» (Сила, мощь слова) [1997], «Қазақ тілінің анықтағышы» (Справочник казахского языка) [2000], «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» (Абай и казахский национальный литературный язык) [2004], «Ясауи «хикметтерінің» тілі» (Язык хикметов Ясауи) [2004] и т.д. Для ученого лингвиста язык «народное сокровище» («халық қазынасы»), поэтому и его литературный облик является плодом «веков и лет (ғасырлар мен жылдар), выбора и выборки (таңдау мен екшеу), поиска и побед (ізденіс пен табыс (доход)), слово же становится «богатством этой сокровищницы» («сол қазынаның байлығы») (Сыздык, 1978: 78). Искусно сочетая важность таких компонентов как национальная особенность языка, ее народное обличие, функциональные черты в статусе литературного языка, Р. Сыздык определяет наличие специальных национальных концептов, которые формируют основу культурного самобыта казахского народа. В этой связи автор дает фундаментальное понимание термину «народный литературный язык» («халықтың әдеби тілі»), исследуя его как результат переработки народной истории социума и концептуального пространства, утверждая, что «литературный язык эпохи племен («ру-тайпа дәуірі»), эпохи феодалов, разделенных на несколько территориальных округов, и язык, прошедший путь национального становления не един. Особые различия можно заметить в их социальной функции и стилиевых разветвлениях» (Сыздык, 1993: 7-8).

Статья подготовлена по грантовому проекту Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Методология уровневых парадигм: чтение и письмо» (ИРН АР 14869424)

### Литература:

1. Қайдар Ә. (1998) Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі». – 304 б.
2. Сыздық Р. (2004 (а) Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс» баспасы. – 616 б.
3. Сыздық Р. (2004 (b) Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Арыс» баспасы. – 208 б.
4. Сыздық Р. (2004 (c) Ясауи «хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь. – 552 б.
5. Сыздық Р., Қойгельдиев М. (1991) Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті». – 272 б.
6. Сыздық Р. (1997) Сөз құдіреті. – Алматы «Санат». – 224 б.
7. Гаспаров Б. М. (1996) Язык, память, образ. Лингвистика языкового существования. М.: «Новое литературное обозрение» – 352 с. [Электронный ресурс] – URL: <http://yanko.lib.ru/books/lit/1%3Dl.pdf> (Дата обращения: 05.06.2024)
8. Максимова С. Е. (2010) Концептуальная картина мира как основа понимания смысла текста художественного произведения. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptualnaya-kartina-mira-kak-osnova-ponimaniya-smysla-teksta-hudozhestvennogo-proizvedeniya> (Дата обращения: 10.06.2024)
9. Шарикова Л. А., Беляков А. А., Зелякова Т. В. Понятие «картина мира» в современной лингвистике. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-kartina-mira-v-sovremennoy-lingvistike/viewer> (Дата обращения: 25.06.2024)
10. Антоненко А. А., Можаяева Н. А. (2015) Физическая картина мира как предмет изучения в школьном курсе физики. – «Экономика и социум», №6(19) 2015 [Электронный ресурс] – URL: [www.iupr.ru](http://www.iupr.ru) – <https://cyberleninka.ru/article/n/fizicheskaya-kartina-mira-kak-predmet-izucheniya-v-shkolnom-kurse-fiziki/viewer> (Дата обращения: 03.07.2024)
11. Маслихин А. В. Философская картина мира. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/filosofskaya-kartina-mira> (Дата обращения: 15.07.2024)
12. Первушина О. В. (2008) Концепт «картина мира» в системе культурологии и социально-гуманитарных наук. – Ми науки, культуры, образования. №5 (12). [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontsept-kartina-mira-v-sisteme-kulturologii-i-sotsialno-gumanitarnyh-nauk/viewer> (Дата обращения: 20.07.2024)
13. Павиленис Р. И. (1986) Понимание речи и философия языка. Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XVII. М.: Прогресс.

14. Соколов А. В. (2002) Общая теория социальной коммуникации: Учебное пособие. – Спб.: Изд-во Михайлова В. А., 461 с. [Электронный ресурс] – URL: <https://evartist.narod.ru/text16/072.htm> (Дата обращения: 04.08.2024)

15. Левина Е.Ю. (2022) Эвристический ресурс информационно-когнитивного подхода к управлению знаниями образовательных систем. – Казанский педагогический журнал, №4 – DOI: 10.51379/KPJ.2022.154.4.001. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/evristicheskiy-resurs-informatsionno-kognitivnogo-podhoda-k-upravleniyu-znaniyam-obrazovatelnyh-sistem/viewer> (Дата обращения: 05.08.2024)

16. Оразалиева Э. Н. (2024) Интеграция научного познания в казахской филологии: хронопический подход. Алтаистика № 1 (12) 2024 // [Электронный ресурс] – URL: DOI 10.25587/2782-6627-2024-1-17-25

17. Сыздық Р. (1978) Сөзді орнымен қолдана білсек. // «Сөз өнері» мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым». – 184 б.

18. Сыздық Р. (1993) Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Ана тілі». – 319 б.

19. Мазаева Н. Ю. (2006) Языковая и концептуальная картина мира (к теории вопроса). Известие вузов. Северо-Кавказский регион. Общественные науки. Спецвыпуск. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/yazykovaya-i-kontseptualnaya-kartiny-mira-k-teorii-voprosa/viewer> (Дата обращения: 20.08.2024)

20. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. (1996) Краткий словарь когнитивных терминов. Москва.

### **А.Қобланова**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ОРТОЛОГИЯЛЫҚ ГРАММАТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада Р.Сыздықтың зерттеулеріндегі тілдік норма туралы концептуалды тұжырымдарына, ой-пікірлеріне тоқтала келіп, тілдік бірліктерді, варианттарды, сөз қолданыстарды бағалап, дұрыс-бұрысын айқындауда ғалымның тілдік норма туралы ұстанымдарын уәжділік принцип, диахрондық принцип, әлеуметтік принцип, функционалдық принцип деп топтастырдық және сөз қолданыстағы «дұрыстық» пен «бұрыстықты» осы принциптер тұрғысынан баға беруге тоқталдық. Ортология тер-

мині қазақ тілтанымында, негізінен орфография, орфоэпиялық лексикографиямен және орфографиялық анықтағыштармен байланысты айтылады. Бұлардың бәрі тілдің жазбаша, ауызша түрлерін дұрыс жазуды, дұрыс айтуды көрсететін, шын мәнінде, мәдени жұртшылықтың қолдан түспес құралы деуге болады. Р.Сыздықтың бұл саладағы мақалалары болашақ ортологиялық құралдардың ортологиялық базасына айналды. Осы ортологиялық база орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер мен анықтағыштарға негіз болды және баршасы дерлік академик Р.Сыздықтың ғылыми қаламынан шыққан еңбектер. Аса қадірменді ұстазымыз Р.Сыздық қазақ тіл білімінде ортологиялық лингвистика бағытының іргесін қалап, қалыптастырды, дамытты. Ортологиялық грамматика тілдің барық деңгейлеріндегі кездесетін қателерді талдай отырып, тілдік нормадан уәжсіз ауытқудан сақтандырады. Тілдік бірліктерге дұрыстық тұрғысынан түсіндірме беру, ережелерге ескертпе келтіріп отыру, ұқсас тілдік фактілерді қарама-қарсы қою үлгілері бойынша айқындап көрсету ортологиялық грамматиканың негізгі мақсатына жатады. Ортологиялық грамматика ортологиялық лексикографияның қайталамасы емес, олардан бүтіндей айырмасы бар. Ортологиялық көмекші құралдарда (сөздіктерде) тілдік бірліктердің дұрыс жазылуы көрсетілсе, ортологиялық грамматикада олардың мәтінде дұрыс жазылуы мәнмәтін аясында болатындығы және ортологиялық бағыттағы үрдістердің (процесстердің) дәстүрлі лингвистикамен сабақтастығы көрсетіледі. Бұдан Р.Сыздықтың тіл ортологиясының мәселелерін зерттеуде, ең алдымен, тілдік норманы түп қазық ретінде алғанын, сонымен қатар тіл мәдениетін эстетикалық (сөз шеберлігі), этикалық (сөз этикеті) категорияларымен байланыстыра қарағанын аңғарамыз. Бұл саладағы еңбектеріне сүйене отырып, ғалым ұстазымызды біз ортологиялық лингвистиканың теориялық әрі практикалық негізін салушы деп танымыз.

**Тіпек сөздер:** ортологиялық лингвистика, ортологиялық лексикография, ортологиялық көмекші құралдар, ортологиялық грамматика, уәжділік принцип, диахрондық принцип, элеуметтік принцип, функционалдық принцип, т.б.

**Abstract.** In the article, we focused on the conceptual conclusions and opinions of R. Syzdyk about the language norm in his research, assessed linguistic units, variants, word usages, and to determine correctness and incorrectness we grouped the scientist's positions on the language norm as a motivational principle, diachronic principle, social principle, functional principle and word. We have focused on assessing the "rightness" and "incorrectness" of existing word usage in terms of these principles. The term «orthology» is used in Kazakh linguistics mainly in connection with orthography, orthoepic lexicography and orthographic determinants. All these can be called indispensable tools of the cultural community, showing the correct spelling and pronunciation of written and spoken forms of language. R. Syzdyk's articles in this area became the orthological basis for future orthological agents. This orthological base formed the basis of spelling, spelling

dictionaries and definitions, and almost all of them were written by academician R. Syzdyk. Our respected teacher R. Syzdyk laid the foundation, formed and developed the direction of orthological linguistics in Kazakh language education. Orthological grammar, analyzing errors that occur at all levels of language, warns against unjustified deviations from the language norm. The main purpose of orthological grammar is to explain linguistic units from the point of view of correctness, to mark rules, to clarify similar linguistic facts through contrasting patterns. Orthological grammar is not a repetition of orthological lexicography, it is completely different from them. Orthological manuals (dictionaries) show the correct spelling of language units, and orthological grammar shows that their correct spelling in the text is within the context, as well as the continuity of orthological-oriented processes with traditional linguistics. From this we see that R. Syzdyk, when studying the problems of language orthology, first of all, took the language norm as a basis, and also connected language culture with aesthetic (word skills), ethical (speech etiquette) categories. Based on her work in this area, we recognize our scientist-teacher as the theoretical and practical founder of orthological linguistics.

**Keywords:** *orthological linguistics, orthological lexicography, orthological aids, orthological grammar, motivational principle, diachronic principle, social principle, functional principle, etc.*

**Аннотация.** В статье мы остановились на концептуальных выводах и мнениях Сыздык Р. о языковой норме в его исследованиях, дали оценку языковым единицам, вариантам, словоупотреблениям, для определения правильности и неправильности сгруппировали позиции ученого о языковой норме как мотивационный принцип, диахронический принцип, социальный принцип, функциональный принцип и слово. Мы сосредоточились на оценке «правильности» и «неправильности» существующих словоупотреблений с точки зрения этих принципов. Термин «ортология» используется в казахском языкознании главным образом в связи с орфографией, орфографической лексикографией и орфографическими определителями. Все это можно назвать незаменимыми инструментами культурного сообщества, показывающими правильное написание и произношение письменных и устных форм языка. Статьи Сыздык Р. в этой области стали ортологической основой будущих ортологических средств. Эта ортологическая база легла в основу орфографических, орфоэпических словарей и определений, и почти все они были написаны академиком Сыздык Р. Наш уважаемый педагог Сыздык Р. заложила основу, сформировала и развила направление ортологического языкознания в казахском языковом образовании. Ортологическая грамматика, анализируя ошибки, встречающиеся на всех уровнях языка, предостерегает от необоснованных отклонений от языковой нормы. Основная цель ортологической грамматики – объяснить языковые единицы с точки зрения правильности, отметить правила, уточнить сходные языковые факты посредством контрастных зако-

номерностей. Ортологическая грамматика не является повторением ортологической лексикографии, она совершенно отлична от них. Ортологические пособия (словари) показывают правильность написания языковых единиц, а ортологическая грамматика показывает, что их правильное написание в тексте находится в пределах контекста, а также преобладание ортолого-ориентированных процессов с традиционным языкознанием. Из этого мы видим, что Сыздык Р. при исследовании проблем ортологии языка, прежде всего, взял за основу языковую норму, а также связал языковую культуру с эстетическими (навыки слова), этическими (речевой этикет) категориями. На основании ее работ в этой области мы признаем нашего ученого-учителя как теоретического и практического основоположника ортологического языкознания.

**Ключевые слова:** ортологическая лингвистика, ортологическая лексикография, ортологические пособия, ортологическая грамматика, мотивационный принцип, диахронический принцип, социальный принцип, функциональный принцип и др.

Қазақ тіл білімінде ортология (ortologia) соңғы онжылдықтардың көлемінде қолданыла бастаған лингвистикалық терминдердің бірінен саналады. Бұл атау түрлі әдебиетте қолданыла келіп, «түзу», «тура»> «дұрыстық» деген терминдік ұғымда жұмсалған. Қазақ тіл білімінде ортологиялық лексикография, ортологиялық құралдар, ортологиялық көмекші құралдар т.б.терминдік атаулар да кездеседі.

Қазақ тілтануында ортология терминін алғаш қолданып, ғылыми айналымға ендірген аса қадірменді ұстазымыз академик Р.Ф. Сыздык екенін атап айтуға болады.

Академик Р. Сыздык тіл мәдениеті деген терминологиялық іргелі ұғымға былай деп анықтама береді: «тіл мәдениеті дегеніміз- сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық), нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Осылардың бәрін қосып, тіл мәдениеті деген ғылыми-таным саласын «ортология» деп атаушылық бар, яғни ортология- сөздің (тілдің) дұрыстығы туралы ілім. Бұл атауды бізде қисынды деп санаймыз»[1, 26.].

Ғалым бұл анықтамасында тіл мәдениетін лингвостилистика және тіл ортологиясы ұғымдарымен ұштастыра қарастырады. Шынында, тіл мәдениеті «дұрыстық» пен «шеберлік» деген екі сатыдан тұратын ғылыми пән. Оның ғылыми- теориялық ұстанымдары, зерттеудің әдіс-тәсілдері тіл ортологиясымен, лингвостилистикамен тығыз байланысты.

Тіл мәдениеті бірінші сатысында да, екінші сатысында да, негізінен, тілдік норманы қарастырса, арқау етсе, тіл ортологиясы «дұрыстық» пен «бұрыстықты» айқындауда нормаға сүйенеді, тілдік нормамен байланысты теориялық тұжырымдарды, концептуалды ой-пікірлерді негізге алады. Ортологиялық грамматика барлық дең-

гейдегі тіл бірліктерінің әдеби тіл нормасына сай/сай еместігін қарастыратын тіл мәдениеті пәнінің құрамына енетін сала. Оның ғылыми-теориялық ұстанымы, негіздері жаңадан қалыптасып келе жатыр деуге болады. Ортологиялық грамматика саласы тіл мәдениеті пәнінің құрамында қалыптасып келе жатқанмен, бара-бара өз алдына тіл білімінің саласы болу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймыз.

Ортологиялық грамматика, бір жағынан, тілдің құрылымдық бірліктерінің жан-жақты зерттелуі, олардың мағыналары мен қызметінің жүйеленуі, екінші жағынан, әдеби тіл нормаларының кодификациялануымен, кодификациялаудың ғылыми-теориялық негіздерімен байланысты.

Қазақ тілінің мектепте арналған грамматикасы, жоғары мектептің қазақ филологиясы студенттеріне арналған грамматикасы, академиялық сипаттағы грамматикасы бар. Қазақ тілінің құрылым жүйесін көрсететін бұл грамматикалардың тілдік норманы сақтауда, тілдің морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық нормаларын кодификациялауда оқушы, студент жастардың грамматикалық ойлау жүйесін дамытуда бұл айтылған грамматикалардың орны ерекше. Бірақ қалай дегенмен де, грамматиканың бұл айтылған түрлерінің мақсаты-тілдің құрылымдық жүйесі, «каркасы» туралы пайдаланушыларға (оқырмандарға) белгілі дәрежеде білім беру болып табылады.

Алайда бұл грамматикалардың көздеген басты мақсаты – осы тілдің «каркасын» дұрыс сипаттау, дұрыс көрсету. Оқырмандарды, білім алушыны сөзжасам бойынша, сөз тіркесі, сөздің морфологиялық құрылымы бойынша дұрыстыққа үйрететін грамматикамыз әлі күнге дейін жасалған жоқ. Ал ортологиялық грамматика дегеніміз грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық), лексика-фонетикалық варианттарды тілдік нормаға сәйкес немесе сәйкес емес екенін, дұрыс, дұрыс емес деген императивті тұрғыдан сипаттайтын құрал, анықтағыш. Ортологиялық грамматика, тек қана, практикалық емес, варианттардың, тілдік нормадан жөнсіз ауытқулардың себебін, түрлері мен типтерін ғылыми тұрғыдан түсіндіретін теориялық танымдық сала.

Грамматиканың бұл түрі фонетика, лексика, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерде жиі ұшырайтын қателерді талдап сипаттай отырып, тілді тұтынушыларды нормадан уәжсіз ауытқудан сақтандырады. Ортологиялық грамматика өзінің әдістемелік тәсілінде «тыйым салу» тәртібін қолданады, ал әдеттегі грамматикада тілдің грамматикалық құрылымы жүйе ретінде сипатталады, «тыйым салу» қызметі, дұрыстыққа жатпайтын тілдік фактілерді көрсету оның қызметіне жатпайды.

Ортологиялық грамматиканың осы аталған қызметіне, зерттеу тәсіліне, тілдік фактілерге үзілді-кесілді баға беру ерекшеліктеріне қарап, оны сөз мәдениеті пәнінің құрамына енетін ерекше сала деп тануға болады. Ортологиялық грамматика қолданыстағы тілдік фактілерді тек құрылымдық (структуралық) ыңғайда ғана қарастырып қоймайды, сонымен бірге нормадан әртүрлі ауытқуларды коммуникативтік, мәтін



лингвистикасы, риторика т.б. тұрғыдан да қарастырады. Міне, бұл ерекшелік аталмыш грамматиканың стилистика, прагмалингвистикамен байланысын байқатады.

Қазақ тіл білімінде ортологиялық грамматика құрал, анықтағыш түрінде жеке кітап болып шыққан жоқ. Бірақ жалпы тілдік фактілермен байланысты нормадан ауытқулар ортологиялық грамматика тұрғысынан талдау көрнекті ғалымдар Р.Сыздықтың[1], М. Балақаевтың[2], Ы.Е. Мамановтың[3] және С. Бизақовтың[4], Н. Уәлиевтің[5], А.Қобланованың[6], зерттеулерінен жиі кездестіруге болады.

Әдеттегі грамматикада тілдің құрылымына тән жүйе толық қамтылса, ортологиялық грамматикада күллі грамматикалық жүйе сипатталмайды. Морфология мен синтаксистік варианттарына қатысты жерлер, оларды қолданудағы қате болуы мүмкін тұстары талданып көрсетіледі. Дұрыстық дегеніміз, субъектінің ортологиялық тұрғыдан, субъективтік «п і к і р і» және неге дұрыс екенін дәлелдейтін «у ә ж і». Егер уәжі көрсетілмесе, «дұрыс» не «бұрыс» дегендер дәлелсіз құр субъективті пікір болып қала бермек.

Сонымен қатар тіл ортологиясының практикалық жағы мен теориялық жағы бар. Яғни практикалық байқаулар теориялық ізденістермен тексерілуге тиіс. Мысалы, тіл тәжірибесінде, мұз айдыны, мұзайдын делініп жүр. Қайсысы дұрыс? Дұрысы, әрине, мұзайдын («каток»). Уәжі: мұзайдын – номинативті бірлік, ал мұз айдыны – синтаксистік қатынастағы бірлік, яғни синтаксистік қатынастағы бірлікті номинативті бірлік ретінде жұмсау дұрыстыққа жатпайды. Сондай-ақ синтаксистік қатынастағы жылжымайтын мүлік тіркесінің номинативтік қызметте жұмсалудың дұрыс деп тануға болмайды. Дұрысы – орнықты мүлік. Сондықтан бұндай жарыспалықты дұрыс деп тани отырып, кодификациялауда олардың номинативті сипатына қарай артықшылық берілуі тиіс [6, 8.]

Мысалы: Зат есімнің септік жалғауының екі нұсқада жалғануы: жіпті аттады (емес), жіптен аттады (дұрысы), Елбасыға құрмет (емес), Елбасына құрмет (дұрысы); сын есімнің шырай формаларын дұрыс қолдану; биігірек, жақсырақ, қызылырақ, сарғыштау, т.б., бірақ биігіректеу емес, тасты бірақ тастырақ емес, өйткені қатыстық сын шырай формаларын қабылдамайды. Мұғалім, актер, бірақ мұғалима, актриса емес, туралы, бірақ турасында емес, жайында, бірақ жайлы емес (Мысалы: кітап жайлы емес, кітап жайында). Сондай-ақ көп кітап, көп кітаптар емес, тым сұлу, бірақ тым сұлуырақ емес, өте биік, бірақ өте биігірек емес. Бұл жерде шырай формаларын басы артық қолдану жөнсіз ауытқуға жатады; көбі бірақ көбісі емес, екеуі, бірақ екеуісі емес. Тәуелдік қосымшасының жалғану жүйесін салыстырып, мұндай фактінің дұрыс еместігін көз жеткізуге болады: қап-қабы, тау-тауы, бала-баласы т.б. тәуелсіздік қосымшасы дауыссызға аяқталған сөздерге *-ы*, *-і* түрінде жалғанады.

Бұл айтылғандар ортологиялық грамматиканың ғылыми теориялық ұстанымдарының бірі – жүйелілік принципі болып саналатынын көрсетеді.

Ортологиялық грамматика стильдік кемшіліктермен байланысты фактілерді қарастырып, баға береді. Мысалы, үй шатыры мен үйдік шатыры; ағаш жапырақтары мен ағаштын жапырақтары тәрізділер грамматикалық вариант іспетті болғанмен, тіл түйсігі жоғары тілдік тұлға мұндай мәндес тұлғалы сөздердің мағынасын саралап қолданады: ағаш жапырақтары жалпы, ал ағаштың жапырақтары нақты мағынада. Затты, құбылысты нақтырақ көрсетуді ойлаған автор ілік септігіндегі сөзді қолданады. Осы сияқты табыс септігі мен шығыс септігінде тұрған сөздің грамматикалық мағына қырларын саралай қолдану ортологиялық мәселеге жатады. Мысалы, баласының бетін сүйді, баласының бетінен сүйді; бұл жерде тура толдықтауыш тұтас объектіге бағытталған әрекетті білдірсе, жанама толықтауыш тұтас объект емес, объектінің бөлшегіне қатысты іс-қимылды білдіреді. Салыстырыңыз: қақ төбеден ұрды дегендегі төбеден бүтін объектінің бір бөлігін меңзейді. Іс-әрекеттің бағытталған объектісін тұтастай емес, нақтырақ, дәлірек көрсетуде көбіне шығыс септігі қолданылады. Етеккі тартты, басын атты демей, етектен тартты, бастан атты деп қолдану дәлдікті баса көрсету мақсатымен байланысты деуге болады. Сондай-ақ қайсысының сан жағынан басым екеніне қарай да грамматикалық варианттар ортологиялық тұрғыдан сараланып отырады. Мысалы, біз байқаған мына тәрізді грамматикалық варианттардың жұмсалыуы жиілігі бірдей емес: туасы бауырмал, туасылы бауырмал, туғаннан бауырмал, туғалы бауырмал т.б. Осылардың ішінде туғаннан бауырмал жиі қолданса, таразышы, таразыбен, таразыгер, кірші варианттардың ішінде таразышы жиі жұмсалады.

Ортологиялық грамматика бұдан басқа да грамматикалық варианттарды, уәжді уәжсіз ауытқуларды қарастырады. Қазіргі кезде ортология деген іргелі ұғымға зерттеушілер жиірек назар аудара бастады. Ал ортология терминінің мағынасы дұрыстық туралы дегенді аңғартады, әдетте, дұрыстықты айқындау субъективті көзқарасқа негізделмейді, тілдік жүйеге, дәстүрлі нормаға негізделеді. Сондай-ақ тіл тәжірибесінде классикалық шығармалардағы қолданыстар үлгі ретінде алынады.

Ортологиялық грамматика тіл мәдениетінің тілдік норма жөніндегі іргелі теориялық ұстанымдарын негізге алады. Әсіресе, тілдегі варианттылық, жарыспалылықтың мәнін аша келіп, ғалым «норма»/норма емес-ке, «дұрыс»/ «бұрыс»-қа диахрониялық тұрғыдан баға беру қажет деп біледі. Ғалым бұл жөнінде былай деп пікір түйеді:

«Әдеби тілдік норма тілдің даму барысының әр кезеңіне қарай айқындалуы керек. Тілдің құрылымдық табиғи нормалары, негізінен қай кезеңде де тұрақты болып келеді. Бірақ ішінара тілдің құрылымдық заңдары да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Мысалы, қазақ тілінде туралы, үшін шылаулары біздің кезімізге дейін, яғни XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейін ілік септіктегі сөзбен меңгеріліп тұрды: менің үшін, оның туралы, баланың үшін, баланың турасында, баланың туралы». Қазіргі норма бойынша мен үшін, мен туралы, бала үшін, бала туралы деп атау тұлғасындағы сөзбен қабы-

сады. Демек, тілдік норманың қалыптасу, даму, өзгеру тарихын зерттеу барысында болмаса, жалпы сөз еткенде, нақты бір кезенді алып қарастыру керек болады»[1, 56.].

Осындай іргелі тұжырымға сүйенген жағдайда пассив қорға ығысқан қолданыстардың баршасын әйтеуір тілімізде бар «байлық» қой деп, сөз қазынасын талғаусыз оңды-солды жұмсай беруге болмайтынына, ортологиялық тұрғыдан орынды еместігіне көз жеткіземіз. Ортологиялық грамматикада осымен байланысты жайтты ғалымның тұжырымына сүйене отырып, диахрондық принцип тұрғысынан қарастыруды қажет деп білеміз. Олай болса, баратұғын, келетұғын, кітаппен, , сеніменен, үйменен дегендердің бір кезде норма болып, қазіргі уақытты пассив қордың мүлкі болғанын диахрондық принцип тұрғысынан бағалаймыз. Көркемдік мақсатта, белгілі бір уәжі айқын болған сәттерде қолданудың жөні басқа. Ал қалыпты жағдайда бұларды баратын, келетін, кітаппенен, сенімен, үймен деп қолдану ортологиялық грамматиканың талабына сай болмақ.

Соңғы кездердегі спорт хабарлары тілінде, әсіресе, радио, телехабар тілінде байырғы шабандоз сөзінің белсендірек қолданыла бастағаны байқалады. Осы жайтқа назар аударса келіп, Р.Сыздық өз пайымдауын былай деп білдіреді: велосипедтен өтетін жарысқа қатысушыны велошабандоз деп те атайтын болды. Велошабандоз, велошабандоздар үзеңгі қағысты, құйысқан тістесті деген қолданыстарды жұртшылықтың біразы сөз саптаудағы қисынсыздық, тіл білместік деп наразы екенін білдірді. Бұл жерде «меніңше дұрыс»/ «меніңше дұрыс емес» деген субъективті пікірмен мәселе шешілмейді. Шабандоз, құйысқан тістесу, үзеңгі қағыстыру қазақтың ұлттық ат спортында қолданылатын сөздер екені белгілі. Ал велосипедтерде құйысқан да, үзеңгі де болмайды, соған қарамастан, бұл жерде норманы берік ұстану емес, стилдік мақсат алға шығып тұр: жазушы бұл «қазақы» фразеологизмдерді қазіргі техника көлігіне жанастыра қолдануы арқылы оқырман сезіміне оң әсер ететін образдар жасап тұр. Велосипедші қазақ жігіті Тұрғынның жарыстағы күресі, күйі, психологиясы дегендерге «қазақы» үн берген, бұл жердегі ұлттық бояу осы шығарманың тұтас өн бойындағы көркемдік стиліне сай келеді, яғни дәл осы қолданыс осы шығармада ұтымды, қолайлы деп танылған. Бұл жерде стилистика тұрғысынан сөз қолданыстың нормаға сай дұрыстығы емес, қолайлығы, ұтымдылығы көзделген.

Сөзді қаламгердің белгілі бір мақсатпен үйреншікті өрісінен шығара, ауыспалы мәнде қолданылуын «құбыжық» көруге болмайды. Мысалы, сөзді доғар, әңгімені доғарайық дегендегі «доғару»-ды дұрыс емес, «доғар» сөзі тек атарба, атшананың шеңберінен шықпау керек деп талап қойсақ орынсыз болар еді. Кейде сөзді өзінің үйреншікті шеңберінен шығара қолданудың әсері мен тиімділігі айрықша болмақ.

Р.Сыздық көркем әдебиет тілін зерттеуде үйреншікті нормадан ауытқулардың көп болатынын ескере келіп, мұндай ауытқуларды уәжілік принципі тұрғысынан бағалауды ұсынады.

Тілдік норманы, біріншіден, жүйелілік, екіншіден, реттілік, үшіншіден, әлеуметтік категория екенін көрсете отырып, ғалым тілдік норма туралы зерттеулерінде жалпы әдеби тіл нормалары мен сол тілдің көркем әдебиет нормалары бір емес; көркем тіл нормаларына өзге стильдік тармақтарға қойылатын өлшем, талап та бір емес деген концептуалды ой-пікір, тұжырымдар айтады. Зерттеуші көркем әдебиет тілін өзге стильдік құрылымдарға қарама-қарсы қоя отырып, көркем әдебиетте әдеби нормадан ауытқу сияқты сәттердің жүйелі түрде (бірер сәт емес) кездесетін, бірақ бұл ауытқулар көркем әдебиет тілі үшін норма болып саналатынын атап атайды.

Мұндай қисынды ой-тұжырымдарды тілдің ортологиялық табиғатын зерттеуде негізге алуға тура келеді. Олай дейтініміз, тіл мәдениеті пәнінің алғаш қолға алынып, «дұрыс» пен «бұрыс»-тан «әдеби» мен «әдеби емес»-тің ара жігін айқындауда, варианттар мен дублеттерді ажыратуда, сөзқолданыстарға баға беруде белгілі бір теориялық негіз, ғылыми ұстаным ол кезде қалыптаса қойған жоқ. «Дұрыс» пен «бұрыстың», «норма» мен «норма емес»-тің аражігі тек тілдік жүйеге негізделеді. Тілдік жүйеге сүйену әрине, басты ғылыми-теориялық принцип екені даусыз. Алайда, тек таза тілдік жүйеге сүйенсек, көптеген сөз қатарларын әдеби тіл аймағынан шығарып тастауға тура келер еді. Мысалы, жиырмасыншы сөзі жүйеге кереқар. Жүйе бойынша жиырманыншы болуға тиіс еді. Салыстырыңыз: алтыншы, жетінші т.б. Тілдік жүйе бойынша ертте емес, ерле, қозда емес, қозыла, тізерле емес, тізеле, болу керек, бірақ лексикалық норма ертте, тізеле, қозда, тізерле болып қалыптасады. Оралман атауы да тілдік жүйеге сәйкеспейді, бірақ соған қарамастан бұлар лексикалық норма деп танылады.

Р.Сыздық мұндай тілдік құрылымдарды ортологиялық тұрғыдан бағалауда оның әлеуметтік сипат алуын негізге алу қажет деп біледі. Ғалымның аталмыш тұжырымына сүйене отырып, біз ғалымның бұл тұжырымын ортологиялық грамматиканың теориялық ұстанымдарының бірі ретінде алып әлеуметтік принцип деп атаймыз.

Профессор М.Балақаевтың зерттеулерінде тіл мәдениетінің объектісі, зерттеу тәсілдері, әдеби тіл, стилистика тәрізді іргелес пәндермен байланысын жаңадан анықтай отырып, ғалым келіп/кеп, болып/боп, едім/ем тәрізділерді жалпы әдеби тіл нормасының санатынан шығарып тастайды. М.Балақаев мұндайларды жарым-жан сөздер деп, толық нұсқадағыларын норма деп тануды ұсынды.

Ал Р.Сыздық кеп, боп, ем (едім) тәрізділерді іс қағаз стилінде, ғылыми стильде, публицистикалық стильде норма емес деп таниды да, әдеби тілдің өзге функционалдық салаларында қолданылатын нормаға жатқызады. Бұлардың көркем әдебиет, әсіресе поэзия тілі үшін норма екенін атап көрсетеді.

«Дұрыс»/ «бұрысты» айқындауда Р.Сыздықтың бұл тұжырымдарын ортологиялық грамматиканың ғылыми ұстанымдарының бірі ретінде басшылыққа алуын оны функционалдық принцип деп атаған жөн деп білеміз.

Қорыта айтқанда, ортология – тек дұрыстықты көрсетіп қоймайды, дұрыстықты практикалық, әрі теориялық тұрғыдан негіздейді.

Ғалым-ұстаз ортологиялық бағытта шәкірттер дайындады. Н.Уәли, А.Алдашева, Қ.Күдерінова, Н. Әміржанова, т.б. орфографиялық сөздіктер түзуге қатысқан зерттеуші ғалымдар Ғалым-ұстазымыз Р.Сыздықтың ортологиялық бағыттағы мектебінен өткен зерттеуші ғалымдар деп айтуға болады. Жұртшылықтың назарына ұсынылып, мақұлданған орфографиялық ережеміз, ортологиялық көмекші құралдарымыз жүйелілік, бірізділік, реттілік, дәстүрлілік, оңтайлылық, сабақтастық үддесінен шығуының ортологиялық негізі Ұстаз-ғалым Р.Сыздықтың жазу мәдениетін қалыптастырудағы еңбектерімен, зерттеулерімен тікелей байланысты деп білеміз.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы/Рәбиға Сыздық/ – Алматы: «Ел-шежіре» 2014.
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары, Алматы, 1984.
3. Маманов Ы.Е. Тіл мәдениеті. Алматы, Білім қоғамы 1985.
4. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. Алматы, 1997.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Монография/Н.Уәли/- Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 б.
6. Қобланова А.Ж. Қазақ тілі мәдениетінің ортологиялық мәселелері: монография/ А.Қобланова/ – Алматы: ЖК «Балауса». – 2018 . – 264 б

### К.Садирова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

### АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АУЫЗША ДИСКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Андатпа.** Бұл мақалада академик Рабиға Сыздықтың қазақ тіліндегі ауызша дискурс мәселелеріне арналған зерттеулері қарастырылады. Ғалым ауызша сөздің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін, сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнердің рөлін терең талдайды. Ауызша дискурстың прагматикалық аспектілері, тыңдаушы мен сөйлеушінің өзара әрекеті және коммуникациялық контекст ғылыми зерттеу нысаны ретінде ұсынылады. Мақалада Сыздықтың зерттеулері қазақ тіл білімінде ауызша коммуникацияның маңызды бөлігі ретінде қарастырылып, тілдің қолданы-

луындағы ерекшеліктері айқындалады. Зерттеулердің нәтижелері қазақ тілінің әлеуметтік және мәдени құндылықтарын дамытуға ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** Ауызша дискурс, сөз мәдениеті, коммуникация, шешендік өнер, прагматика.

**Abstract.** This article explores the research of academician Rabiga Syzdyk on the issues of oral discourse in the Kazakh language. The scholar deeply analyzes the structural and content features of oral speech, the role of speech culture, and oratory skills. Pragmatic aspects of oral discourse, the interaction between the listener and speaker, and the communication context are presented as subjects of scientific study. The article highlights Syzdyk's research as a significant part of Kazakh linguistics, revealing the specifics of language use. The findings contribute to the development of the social and cultural values of the Kazakh language.

**Keywords:** Oral discourse, speech culture, communication, oratory, pragmatics.

**Аннотация.** В статье рассматриваются исследования академика Рабиги Сыздык, посвященные вопросам устного дискурса в казахском языке. Учёная детально анализирует структурные и содержательные особенности устной речи, роль речевой культуры и ораторского искусства. Прагматические аспекты устного дискурса, взаимодействие между слушающим и говорящим, а также контекст коммуникации представляются в качестве объекта научного исследования. В статье исследования Сыздык рассматриваются как значимая часть казахского языкознания, выявляются особенности употребления языка. Результаты исследований способствуют развитию социальных и культурных ценностей казахского языка.

**Ключевые слова:** Устный дискурс, культура речи, коммуникация, ораторское искусство, прагматика.

Ауызша дискурс мәселелері қазақ тіл білімінде ерекше орын алады. Ауызша коммуникацияның түрлері, оның құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері, прагматикалық аспектілері тілді зерттеушілердің назарын аударып келеді. Осы орайда, қазақ тілінің көрнекті ғалымы, академик Рабиға Сыздықтың зерттеулеріндегі [1; 2; 3] ауызша сөзге қатысты тұжырымдарды ауызша дискурс мәселелерімен сабақтастықта талдауға болады. Біз ең алдымен ауызша сөз бен ауызша дискурстың айырмашылықтарына тоқталғанымыз дұрыс деп ойлаймыз.

Ауызша сөз бен ауызша дискурс бір-біріне жақын, бірақ мазмұны мен қолданылу аясы жағынан айырмашылықтары бар ұғымдар. Олардың негізгі ерекшеліктерін мынадай аспектілерден байқауға болады:

### 1. Мазмұндық ерекшелігі

**Ауызша сөз** – адамның айтқан нақты сөйлемдері немесе лексикалық бірліктер жиынтығы. Бұл – жай ғана сөйлеу актісіндегі сөздер, сөйлемдер және олардың инто-

нациялық, фонетикалық ерекшеліктері. Ол көбіне жеке сөйлеу актісінің компоненті ретінде қарастырылады. Мысалы, «Мен кітап оқып отырмын» деген сөйлем – ауызша сөз.

**Ауызша дискурс** – кеңірек ұғым, ол тек сөздердің мазмұнын ғана емес, сондай-ақ сол сөздердің қолдану контекстін, сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынасты, олардың әлеуметтік жағдайларын, сөйлеу мақсатын, сөйлеудің әсер ету жолдарын қамтиды. Дискурс – бұл коммуникациялық процесс, яғни, сөздің қолданылу жағдайын және оның прагматикалық аспектілерін ескере отырып, мән-мағынасын ашады. Мысалы, «Мен кітап оқып отырмын» деген сөйлемнің қандай контексте айтылғанын және тыңдаушының реакциясын ескеру арқылы оны дискурс ретінде қарастыруға болады.

## 2. Прагматикалық аспект

**Ауызша сөз** көбіне тілдік бірліктердің мағынасына, интонациясына, лексикалық құрылымына байланысты болады. Ол белгілі бір грамматикалық ережелерге сәйкес құрылады және нақты сөйлеу актісін сипаттайды.

Ауызша дискурс тыңдаушыға әсер ету, тыңдаушының эмоциясы мен реакциясын ескеру сияқты қосымша мақсаттарды қамтиды. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы коммуникацияның өзара әрекетінен тұрады және дискурстағы мағына тек тілдік құралдарға емес, сөйлеу жағдайына байланысты өзгереді.

## 3. Контекст немесе мәнмәтін

**Ауызша сөз** көбіне контекстсіз жеке бір сөйлем немесе фраза ретінде қабылданады. Ол тыңдаушыға тек сөздердің тура мағынасын жеткізеді.

**Ауызша дискурс** әрқашан белгілі бір контексте жүреді. Оның мағынасы тек сөздерден ғана емес, сол сөздердің айтылу жағдайынан, әлеуметтік-мәдени контекстен және тыңдаушының оған берген жауабынан туындайды. Дискурс коммуникацияның біртұтас процесі ретінде қарастырылады.

## 4. Құрылымдық күрделілігі

**Ауызша сөз** көбіне қарапайым сөйлеу актісінің элементі ретінде құрылымдалған.

**Ауызша дискурс** өз ішінде құрылымдық жағынан күрделі және әртүрлі компоненттерді қамтиды. Ол сұхбаттасу, талқылау, пікір алмасу сияқты күрделі коммуникациялық процестерді де енгізеді. Түйіндей айтсақ, **ауызша сөз** – бұл тілдік бірліктердің нақты қолданысы, ал **ауызша дискурс** – бұл коммуникациялық процесс, яғни тілдік бірліктердің қолдану контексті, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара әрекет және мағынаның құрылуы.

Қазақ тіл білімінде ауызша сөз бен ауызша дискурс мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектері тілдің прагматикалық, коммуникативтік және құрылымдық ерекшеліктеріне арналған. Олардың кейбірін атасақ: Р.Әміров (Особенности синтаксиса казахской разговорной речи), Әміров Р., Жұбанов Е.Қ., Өмірәлиев Қ. (Сөйлеу тілінің

ауыз әдебиеті мен ақын-жырау шығармаларының қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны), Р.Сыздық (Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі), Н.Уәли (Қазақ тіліндегі сөйлеу этикеті), т.б.

Академик зерттеулерінде ауызша сөз дискурстық аспектіде, яғни коммуникация процесі ретінде алынып талданады. Оны академиктің еңбегінен алынған мына дәйексөздер дәйектейді:

1. Ауызша сөздің ерекшеліктері туралы:

«Ауызша сөзде сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланыс тікелей жүзеге асатындықтан, тілдік құралдар ерекше қызмет атқарады. Интонация, дауыс ырғағы, мимика және ишарат сөйлеу процесінде маңызды рөл ойнайды» (Сыздық, 2001).

2. Қазақ шешендік өнері туралы:

«Қазақ халқының шешендік өнері – ауызша дискурстың ең көрнекті көрінісі. Ол тек ойды жеткізу құралы ғана емес, тыңдаушыны сендіру, әсер ету, эмоциясын қозғау сияқты көпқырлы міндеттерді атқарады» (Сыздық, 2005).

3. Прагматикалық аспектілер туралы:

«Ауызша дискурс барысында сөйлеуші тыңдаушының реакциясын ескере отырып, сөздердің мағынасын өзгерте алады. Бұл прагматикалық аспект, яғни тілдің қолданылуы мен оның тиімділігі, ауызша коммуникацияда ерекше орын алады» (Сыздық, 2010).

Ауызша дискурс коммуникацияның ең алғашқы және кең тараған формасы ретінде адамдардың тікелей байланыс құралын көрсетеді. Ауызша дискурс сөйлеу процесі арқылы жүзеге асатындықтан, оның негізгі ерекшеліктерінің бірі интонация, дауыс ырғағы және вербальды емес құралдармен байытылатындығы. Академик Р.Сыздық ауызша дискурстың осы ерекшеліктерін терең зерттей отырып, қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнерінің қалыптасу ерекшеліктерін ашып көрсетті.

Рабиға Сыздықтың еңбектерінде қазақ халқының шешендік өнері мен оның ауызша дискурстағы рөлі ерекше талданады. Ғалым ауызша шешендік өнердің құрылымдық ерекшеліктерін, мазмұндық формаларын және оның тілдік құралдармен байланысын қарастырады. Оның пікірінше, шешендік өнер тек тілдің байлығын ғана емес, сонымен қатар сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейін де көрсетеді. Р. Сыздық қазақтың ауызша мәдениетінде сөйлеу әдебі мен этикетінің маңызды рөлін атап өтеді.

Академик Р.Сыздық ауызша сөзді не дискурсты зерттеуде прагматикалық аспектіге ерекше мән берген. Оның еңбектерінде тілдің қолданбалы аспектілері, яғни сөйлесу барысында сөйлеушінің мақсаты, тыңдаушының реакциясы және жалпы коммуникациялық контекст маңызды орын алады. Р.Сыздық қазақ тіліндегі сөздердің қолданылуы мен олардың контексте мағынасы туралы терең талдаулар жасады. Бұл зерттеулер қазақ тілінің ауызша дискурсындағы стилистикалық ерекшеліктер мен оның әлеуметтік рөлін зерттеуге үлкен ықпал етті. Академик Р.Сыздық ауызша



дискурсты зерттеу барысында оның мәдени-әлеуметтік рөліне және тілдік қолданыстағы ерекшеліктеріне ерекше назар аударды.

Дискурсты айтушысымен, тыңдаушысымен, олардың әлеуметтік статусы, психологиясы, жас ерекшелігі мен тәрбиесі, білімі, сол сөйлеу сәтіндегі мақсаты, көңіл-күйі, ұлты, жынысы қоса ескеріліп талданатын сөз әрекеті [4, 3] ретінде алсақ, сол сөз әрекетінде тіл не ауызша, не жазбаша түрде қолданылады. Ауызша дискурста қарымқатынас ауызша формада жүзеге асады. Академик ауызша тіл түрін жұмсауды ауызша сөз деп пайдалана отырып, сөзді былай анықтайды: «...Мұндағы «сөз» дегеніміз – тілдің белгілі бір мағынасы не қызметі бар ең кішкентай бөлшегі, яғни грамматика сабақтарын оқытқанда айтылған сөз (слово) емес, тілдің қолданыстағы көрінісі (айырықшылаған біз), яғни айтылған не жазылған туынды өлең-жырлар (поэзия үлгілері), зерттеу жұмыстары, алқатоп алдында айтылатын не оқып берілетін дүниелер т.б. Бұл сөздер ауызша түрде де, жазбаша түрде де көрінеді (3-б.)». Р.Сыздық зерттеуінде ауызша әдеби тіл, ауыз әдебиет тілі, ауызекі сөйлеу тілі терминдерінің айырмасы ажыратылып беріледі. Ғалым бұл туралы былай жазады: «Қазақтың ауызша дамыған әдеби тілін сөз еткенде, оны қазақтың ауыз әдебиет тілі дегенмен шатастырмау керек. Сондай-ақ бұл екеуіне қазақтың ауызекі сөйлеу тілі деген танымды да қосуға болмайды, үшеуі үш бөлек категория» (18-19-бб). Бұл үшеуі де ауызша сөз түрінде көрінгенімен, ғалым аталған терминдердің өзіндік сипатын нақты ажыратқан. Біз ғалым ойын 1-кестеге жинақтап бердік:

1-кесте. Р.Сыздық зерттеуінде ауызша сөз түріне қатысты қолданылған терминдер айырмасы

Ауызша дамыған әдеби тіл	Ауыз әдебиет тілі	Ауызекі сөйлеу тілі
Авторлы дүниелер, олар көбіне-көп ауызша таралып отырған, сондай-ақ қолжазба түрінде елден елге, ұрпақтан ұрпаққа жеткен.	Фольклорлық туындылардың, авторсыз дүниелердің, яғни о бастағы авторы ұмыт болып, халық жадына сақталып келген әр алуан сөз үлгілерінің тілі	Екі не одан да көп адамның ауызба-ауыз (жүзбе-жүз, құлақпа-құлақ) отырып сөйлесулері, сөйлеулері. Мұны тұрмыстық тіл (бытовая речь) деуге де болады.

Академик Р.Сыздық зерттеуінде дискурс термині қолданылған. Автор мынадай пікір білдіреді: «Айтыс дискурсы (айырықшылаған – біз) да өзге ауызша дамыған сөз үрдістері сияқты бір кеңістікте, бір уақыт жағдайында жүзеге асады, бірақ айтыстағы уақыт факторында айтыскерлердің логикалық пайымдау қабілетіне, ақындық дарынына үлкен күш түседі: тез ойлап, тез тауып, өлеңді «суырып салу» – тез өлең түзу, оны нағыз поэтикалық туынды етіп тез құрастыруға – айтысты сөз өнері, білім-таным көрсеткіші деп таныған және осыған өзін-өзі ерекше баулыған дарын-

ды ақындар ғана қатыса алады» (96-б). Ғалымның бұл пікірінен ауызша сөздің дискурстық аспектіде талданғанын аңғарамыз. Ғылыми зерттеулерде дискурс-талдауда қолданылып жүрген зерттеу модельдері бар. Солардың бірі – Д.М.Бабиниц [5] еңбегінде ұсынылған модель. Ол модельге сай дискурс-талдау екі сипатта жүргізіледі: 1) дискурстың экстралингвистикалық сипаттамасы, 2) дискурстың лингвистикалық ерекшеліктері. Біз аталған ғалым моделіндегі осы екі сипатқа не енетінін 2-кестеге түсірдік.

2-кесте. Дискурс-талдауда ажыратылатын екі сипат (Д.М.Бабиниц зерттеуі бойынша)

<b>Дискурстың экстралингвистикалық сипаттамасы:</b>	<b>Дискурстың лингвистикалық ерекшеліктері:</b>
Автор сипаты	Композициялық бөліктеріне талдау
Адресат сипаты	Мәндік бөліктеріне талдау
Хабарламаның негізгі коммуникативтік мақсаты	Синтаксистік ерекшеліктері
Коммуникация арнасының белгілері	Морфологиялық және лексика-семантикалық ерекшеліктері

Академик Р.Сыздықтың зерттеуіндегі айтыскерлерге қатысты талдаулары осы дискурс-талдау моделімен сай түсетінін байқауға болады. Ғалым айтыс дискурсындағы дискурстық қатынасты сипаттай отырып, оның экстралингвистикалық сипаттамасын да нақ береді. Мысалы, ғалымның мына пікірі біздің ойымызды дәйектей түседі: «Алқатоп алдында айтылатын сөздердің барлығында екі жақ: айтушы мен тыңдаушылар орын алатын болса, айтыста мұндай дискурстық қатынасқа тыңдаушылар бір емес, екі типте келеді: алдымен, айтысқан екі ақын кезекпе-кезек бір-біріне айтушы тыңдаушы болып отырса, олардың тағы бір қабылдаушылар тобы болады, олар екі адам айтысын тыңдаушылар, яғни қалың топ (алқа топ – шаршы топ). Айтыста, тұтастай қарағанда, әдеттегідей дискурстық қатынаста екі тұғыр – айтушы (айтысқан екі адам) және тыңдаушы жұрт болуы керек. Бірақ тыңдаушының аялық білімімен санасу айтыскерлердің екеуінде де болады, сонымен қатар олар бір-бірінің де білім-танымымен санасып отыруы керек. Демек, айтыскерге психологиялық жүк екі есе артық түседі»

«Айтыста ... сөздің әлеуметтік-саяси үніне көңіл аудару міндеті тұрады

Айтыста ...бейвербалдық амалдар айтарлықтай орын алады. Айтыс сөз музыкамен (айтыскер сөзін домбырамен, кейде гармонмен сүйемелдеп отырады), вокалдық өнермен (айтыскер сөзін көбіне әндетіп белгілі бір сазбен айтады), мимикамен

(қас-қабағын қимылдатады), қимылмен (ырғалып отырады, тұрып кетеді, аяғын қимылдатады т.т.)демеліп, астарласып жүреді. Демек, бұлардан «театрланған» қарекет көрінеді.

Эмотив сөздер мен экспрессивтер мол әрі айқын көрінеді. Айтыс тақырыбы – объектісі адамдар болғандықтан, оларды жағымды не жағымсыз тұстарынан сипаттау – айтыс мақсаттарының бірі, сол арқылы ақын айтпағын дәлелдейді, қарсыласын жеңеді» (97-б.)

Қорыта айтқанда, академик Р.Сыздық зерттеулерінде ауызша сөз, ауызша дискурс мәселелері талданған. Атап айтқанда:

1) ғалым «сөз – «тілдің қолданыстағы көрінісі», айтылған не жазылған туынды»... деп анықтауы сөзді дискурс деп танығанын көрсетеді деуімізге болады.

2) Ғалым жіктеп көрсеткен ауызша айтылатын әдеби сөз ерекшеліктері ауызша дискурс ерекшеліктеріне сай түседі, экстралингвистикалық сипатын да, лингвистикалық сипатын да қамтыған.

3) Айтыс дискурсына қатысты пікірлерінде дискурс қатысушыларының сөз актілері мен коммуникативтік рөлдерін, дискурстың тақырыбы мен коммуникация мақсаттарын айқын көрсеткен.

Академик Р.Сыздықтың ауызша дискурс мәселелеріне арналған зерттеулері қазақ тіл білімінде үлкен маңызға ие. Ол қазақ тілінің ауызша коммуникациядағы ерекшеліктерін терең зерттеп, тілдік құралдардың коммуникациялық процестегі ролін ашып көрсеткен. Ғалымның еңбектері қазақ тіл біліміндегі ауызша дискурстың құрылымдық және прагматикалық аспектілерін зерттеуге маңызды үлес қосты. Бұл зерттеулер қазақ тілінің әрі қарай дамуына және оның мәдени құндылықтарын сақтауға ықпал етеді.

Р.Сыздық зерттеулерін когнитивтік-дискурстық аспектіде зерттеу ғалымның дискурстық тәжірибесін сипаттауға мүмкіндік береді, болашақта осы бағытта ізденіс жүргізу қажет деп санаймыз.

#### **Әдебиет:**

1.Сыздық Р. Тіл мәдениеті және қазақ тілінің қолдану мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2001.

2.Сыздық Р. Қазақ шешендік өнері және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2005.

3. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. Алматы, 2014.

4. Садирова К. Дискурсология мәселелері. Ақтөбе, 2019

5. Бабинец Д.И. Влияние устной и письменной форм дискурса на повествование об одном и том же событии. Интернет ресурсы: [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/79404/1/978-5-6041789-9-7\\_2019-26.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/79404/1/978-5-6041789-9-7_2019-26.pdf)

**Г.Шоқым**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

## **РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРİNДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТІЛДІК ПАЙЫМДАУЛАР**

**Андатпа.** *Мақалада қазіргі заманғы тіл ғылымында қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі гендерлік лингвистика аясындағы мәселелер сөз болады. Қазақ тіл білімінің гендерлік бағыты өзіндік қалыптасуымен, даму сипатымен ерекшеленеді: ол біріншіден, лингвист-ғалымдардың тіл мен жыныс, гендер мен лингвомәдениет байланысына қатысты пікір-байламдарын, ғылыми негіздемелерін зерделеумен, екіншіден, халқымыздың гендерлік болмысының тілдік көрінісін сипаттаумен, үшіншіден, тіліміздегі гендерлік белгілерді өзге тілдердің балама деректерімен салыстырып-салғастыра зерттеумен анықталады.*

*Қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, профессор Рәбиға Сыздықтың лингвистикалық мұраларын гендерлік тілдік қырынан зерттеудің ұлттың гендерлік болмысын, таным-түсінігін, тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты әр қырынан танытатын құндылықтар ретінде қажеттілігі басым. Ғалымның гендерлект сөздердің этимологиясына байланысты талдаулары мен тұжырымдары гендерлік лингвистикалық зерттеулерге негіз болары сөзсіз.*

**Тірек сөздер:** тіл ғылымы, антропоэектілік, Р.Сыздық, гендерлік лингвистика, гендерлект.

**Abstract.** The article will focus on issues in the field of gender linguistics which are one of the fastest growing branches of modern language science. The gender direction of Kazakh linguistics is characterized by its own formation and development: firstly, it is determined by the study of opinions, scientific justifications of linguists regarding the relationship between language and gender, gender and linguoculture, secondly, by the description of the linguistic picture of the gender identity of our people, and thirdly, by the comparison of gender characteristics in our language with alternative data of other languages.

A prominent representative of the Kazakh language science, professor Rabyiga Syzdyk, has a need to study the linguistic heritage of the gender language as values that reflect the gender identity, knowledge, history, customs, traditions, culture and spiritual treasures of the nation from different angles. The analysis and conclusions

of the scientist related to the etymology of genderlekt words will undoubtedly serve as the basis for gender linguistic research.

**Keywords:** language science, anthropocentrism, R. Syzdyk, gender linguistics, genderlekt.

**Аннотация.** Стаття представляє собою дослідження актуальних проблем сучасної гендерної лінгвістики. Гендерне напрямлення казахського мовознавства характеризується особливостями формування основ і розвитку: во-перших, вивченням наукових поглядів і концепцій учених-лінгвістів про взаємозв'язок мови і статі, гендера і лінгвокультури, во-других, описання мовних характеристик гендерної картини світу як можливості виявлення гендерної самоідентифікації народу, в-третьих, порівняльно-сопоставительним дослідженням гендерних характеристик з тождественними факторами інших мов.

Лінгвістичне спадщина професора Рабіги Сыздык, відомого вченого казахського мовознавства, поважає гендерно-мовне дослідження цінностей, що відображають багатогранність гендерної ідентичності нації, знання, історії, звичаїв і традицій, національної культури. Несомненно, аналіз і висновки вченого, пов'язані з етимологією гендерлектних слів, є основою гендерно-лінгвістичних досліджень.

**Ключевые слова:** наука о языке, антропоцентризм, Р.Сыздык, гендерная лингвистика, гендерлект.

Жаңа заман лингвистикасы парадигмасы адамды тілдік тұрғыдан жанжақты таныпбілуге бағытталған. Тіл адамзаттың дамуы мен жанжақты жетілуіне әсер етеді.

*Тіл ғылымын салааралық зерттеу, тіл тарихын жаңаша қарастыру, тіл білімінің теориялық мәселелері мен практикалық қырларын ұштастыру, тіл біліміндегі лингвистикалық еңбектердің мәні мен маңызын ашу, тілдегі түрлі жаңа бағыт-көзқарастармен байланыстыра отырып саралау, тілді адаммен байланыста қарастыру т.б.* мәселелер – бүгінгі тіл білімінің зерттеу нысанына айналған өзекті басымдықтар. Бұл өзекті мәселелерді шешу тіл білімінің өткен тарихымен және бүгінгімен ұштастырылады.

Осы орайда тіл білімінің өзекті мәселелерін өзінің ғылыми зерттеулеріне арқау ете білген, зерделі тұжырымдарымен өз орнын тапқан, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытқан, тіл білімінің даму, өзгеру, жаңару үрдісінен қалыспай келе жатқан ғалымдардың орны ерекше. Ал ғалымның еңбектерін жүйелеу, оның жан-жақты зерттеу бағыттарын ашу, өзектілігін таныту ғылымның даму тарихын зерттеу, тану, зерделеу, саралау болмақ.

Сондай дәйекті тұжырымдар мен ғылыми зерттеулердің авторы, қазақ тіл ғылымында ғана емес, жалпы қазақ халқының ұлттық болмысында өзіндік қолтаңбасы мен өрелі биіктігі бар *қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор* Рәбиға Сыздық – ғалым ретінде де, адамдық болмысы жағынан да қайталанбас тұлға.

Академик Р. Сыздық тынымсыз ізденісі арқылы тіл ғылымының өзекті мәселелері қатарында аталатын әдеби тіл нормалары мен олардың қалыптасу ерекшеліктері, тіл мен сөйлеу мәдениетінің нормативті қалыптары, жазу мен емле заңдылықтары, Қ.Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі орны, А.Байтұрсынов және тіл білімі мәселелері, лингводидактика және қолданбалы лингвистика, Абай тілінің ерекшеліктері, түркітану мәселелері, тарихи лексикологияның негізгі қырлары, көркем мәтін лингвистикасы және оны талдау, тіл білімінің жаңа бағыттары, қазақ тілінің синхрондық және диахрондық жағдайы, тілдегі мақсатты-стильдік саралану сынды тілдік мәселелерді көтеру арқылы жалпы теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды тұжырымдардың жасалуына үлкен үлес қосты.

Қазақ тіл біліміндегі бүгінгі күні қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі антропоөзектілік бағыттағы зерттеулер. Антропоөзектілік бағыт аясындағы зерттеулердің маңыздысы – гендерлік лингвистика қазіргі күні ғылыми қағидалары мен амал-тәсілдері қалыптасып, дамып келе жатқан ғылыми сала.

Гендерлік лингвистиканы қалыптастыратын жәйт – адам тілінің синкретті үш қыры: бірі – тілдің ішкі құрылысы, екіншісі – тілге әсер етуші сыртқы жүйе, әлеуметтік факторлар, үшіншісі – тілде көрініс беретін ментальді құрылым, әлемнің жанама түрдегі бейнесі. Бұл – әлемнің тілдік бейнесі, тілдік тұлғаның прагматикасы, тіл қолданушының тілдік санасы, ойлаудың этникалық құрылымы, қалыптасу үстіндегі өмір салты, ұлттық мінезқұлық, менталитет [1, 284-288].

Гендерлік лингвистиканың ғылым ретіндегі қалыптасуы әлеуметтік мәні зор ірі проблемаларды қамтитынын ерекше айтуымыз керек. Лингвистикалық мәні басым болып келетін материалдар осы әр этносқа гендерлік жорадан қалыптасқан таптаурындарға, дәстүрге байланысты қалыптасып, тілде берік орын алған.

Қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуы бір жыныстың басым болуынан – екі жыныстың серіктестігі мен ынтымақтастығына ауысу жағына біртебірте өзгеруі болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшінші мыңжылдықтағы адамзат дамуының негізгі мақсаттары ретінде айқындады. Тәуелсіздік жылдары ішінде елімізде қоғамдық өмірдің әр қилы салаларында ерлер мен

әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған маңызды ісшаралар жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Президенті жанынан Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның (қазір Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия) құрылуы, Қазақстан Республикасындағы Гендерлік саясат тұжырымдамасының қабылдануы, Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының әзірленуі және Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы – соның айғағы.

Күнделікті өмірде адам өзінің әрекеттері мен талаптілектерін, нанымсенімдерін, пікірлерін табиғи түрде қабылдап гендерлік сипатына мән бере бермейді. Ал гендерлік дәстүрлер, білімдер, түсініктер адамға бала кезінен бастап айнала қоршаған орта арқылы сіңіп қалыптасады [2, 88].

Кез келген халықтың гендерлік болмысы ғасырлар бойы қалыптасады, дамиды. Қазақ халқының гендерлік болмысы да ғасырлар жемісі.

Қазақ тіл білімі қалыптасқанға дейін, қазақ тіліндегі гендерлік бірліктер (единицалар) бірден гендерлік лингвистикалық сипат алған жоқ, халықтану бағытында – қазақ халқының этнографиясы мен ауыз әдебиетін, мәдениетін зерттеушілер тарапынан гендерлік мәнбір (факт) ретінде хатқа түсті, екі жыныс орайында қазақы ерекшелік ретінде сөз болды.

Атап айтқанда, қазақ тіл білімінде гендерлік факторлар қазақ ағартушы, зиялылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин т.б. ғылыми, ғылымиэтнографиялық еңбектерінде ескеріліп отырған. Тіл ғылымында гендерлік бағыт бірден пайда болмағаны сияқты қазақтың гендерлік лингвистикасының тырнақалды белгілері қазақ тіл білімі аясында ХХ ғасырдың алғашқы жартысында пайда болды. Қазақы гендерлік бағытты қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов ғылыми мұраларын зерттеп-зерделеудің де өзіндік орны бар [2, 60-67].

Қазақ тіл білімінің гендерлік бағыты ХХ ғасырдың соңғы жылдары, нақты айтқанда, ХХІ ғасырдың басында жекелеген ғалымдардың қазақ тіліне байланысты зерттеулерінде, қазақ тілінің кейбір гендерлік мәселесі бойынша арнайы жазылған мақалаларында, конференцияларда белгі бере бастады.

ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап гендер мәселесі қазақ тілі мен өзге тіл біліміндегі зерттеулер негізінде тіл теориясы тұрғысынан арнайы зерттеле бастады. Ол Б.Хасанұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалым: «Гендерлік фактордың көрінісі тілдің барлық деңгейінде зерттелуі шарт», – дей келіп, қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың жолдарын атап көрсетті:

1. Салыстырмалы және салғастырмалы гендерлік лингвистика (мысалы, морфология деңгейінде адамның есімі мен тегіне, әкесінің атына белгілі бір жұрнақтың, жалпы жұрнақ атаулының бір түрінің қолданылуқолданылмауы; тек (род) категориясының қазіргі тілде, оның тарихында болуболмау белгісі т.б.).

2. Гендерлік паралингвистика. Бұл бағыт қазақ тіліндегі ымишара белгілері негізінде қалыптасуы тиіс. Қазақы гендерлік паралингвистика тұрғысынан жүргізілген зерттеулердің өмірдің көптеген салаларын (өнер, көпшілік алдындағы сөз т.б.) дамытуға септігі тиер еді.

3. Гендерлік лексикография. Бұл бағыт қазақ тілі мен өзге тілдердің негізінде жүзеге асуы тиіс.

4. Гендер және тіл игеру. Бұл бағыттағы зерттеулер тілді жоспарлау ісіне аса қажет [1, 287].

Қазақ тіл білімінің гендерлік бағыты өзіндік қалыптасуымен, даму сипатымен ерекшеленеді: ол біріншіден, лингвист-ғалымдардың тіл мен жыныс, гендер мен лингвомәдениет байланысына қатысты пікір-байламдарын, ғылыми негіздемелерін зерделеумен, екіншіден, халқымыздың гендерлік болмысының тілдік көрінісін сипаттаумен, үшіншіден, тіліміздегі гендерлік белгілерді өзге тілдердің балама деректерімен салыстырып-салғастыра зерттеумен анықталады.

Тіл ғылымында гендерлік бағытты қалыптастыру ауызша, жазбаша тараған мұралар негізінде іске асары хақ. т.б. Соның ішінде көркем мәтіндердегі гендер көрінісін стильдік қырынан зерттеудің де өзіндік мәні бар. Әйел мен ер адам тілінің ұлттықэтникалық деңгейдегі гендерлік айырмасы кез келген дәуір ақындарына (жазушыларына) тән.

Осы орайда сөзіміздің ғылыми тиегін Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті», «Сөздер сөйлейді», «Сөз сазы» еңбектерінде зерделенген гендерлік тілдік тұжырымдармен жалғастырсақ, ғалымның *қазақ сөзінің даму тарихы мен мағынасын саралауы басымдыққа ие бағыттардың бірі.*

Ғалымның гендерлект сөздердің этимологиясына байланысты талдаулары мен тұжырымдары *гендерлік лингвистикалық зерттеулерге негіз* болары сөзсіз.

Қалың жұртшылыққа батырлар жырларындағы, лиро-эпостардағы, ХҮ-ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының тіліндегі, бағзы мақал-мәтелдердегі мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерінің мәнін ашып берген «Сөздер сөйлейді» атты зерттеу еңбегін «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» десек те болғандай.

Осы зерттеуден Көне түркі тілдерінде *кіскікіііі* гендерлектілері болған, оның бір мағынасы «адам, кісі» болса, екінші мағынасы «*әйел*». М. Қашқари-



дың көрсетуі бойынша, *кіші* сөзі «біреудің әйелі» дегенді білдірген, «үйлену» дегенді *кіші алу* деген (қазақ тіліндегі *қатын алу*, қазіргі *әйел алу* дегенге келеді). *Кішілік* сөзін XVIII-XIX ғасыр ақындары шығармаларынан да кездестіруге болады. Мысалы, Алмажан Азаматқызында:

Алмажан сынды бейбақты

*Кішілікке* алуға –

деген жолдар бар. Сырт қарағанда, мұндағы *кішілік* сөзі *кіші* деген сөзден жасалған (*кіші әйел, тоқал*) сияқты болып көрінеді. Кішілікке алу «әйел етіп алу» деген мағынада. Сірә, «кішкентай» мағынасындағы *кіші* сөзінің актив қолданылуына байланысты және *қатын, әйел, зайып, жұбай* сөздерінің тіл кәдесін әбден атқаруына орай «біреудің әйелі, жұбайы» деген ұғымдағы *кіші* сөзі қазақ тілінен мүлдем ығысып кеткенге ұқсайды да, тек *кішілік* тұлғасында көненің көзі ретінде некенсаяқ жұмсалып келгені байқалады [3, 106107].

Әйелге қатысты гендерлектің тағы бірі – *құма* сөзі. Бұл сөз қазіргі қолданыста (онда да сирек) «*құмадан туып па (тудық па, туды ма)*» деген сияқты метафоралық тіркесте сақталған, көне түркімоңғол хандықтарындағы билеуші әулеттің некелі жұбайлары *хатун* (қатын) деп, ал жаулап алған тайпаның билеушілерінің қатынқыздарын, қарындастарын әйел еткенде, олар *құма* деп аталған. Мысалы, Шыңғыс ханның төрт хатуны, көптеген құмасы болған. Құма – тоқал емес. Тоқалды хан әулетіне жатпайтын жай адамдар да (әріне, байлар мен барлар, батырлар, билер) ала береді, ал құма – титул, ол тек хан мен сұлтандардың қосағы, жай таңдап алған жұбайы емес, соғыста жеңіп, жаулап алған жақтың (ұлыстың) әмірші әулетінің қатынқыздары. Олар да ақсүйек нәсілі болғандықтан, құмадан туған балалар хатундардың балаларымен тең құқықты болған, көбінесе, некелі қатындардың тәрбиесінде өсірілген. Дегенмен заңды (некелі) әйелдерден туған балаларды артық қоюшылық та орын алып келген. Сондықтан «*құмадан туыппын ба?*» деген образ «*кеммін бе?*» дегенді білдірген (соңғы уақытта бұл гендерлект қазақ қауымында «*тоқалдан туыппын ба?*» деген түрде айтылғаны мәлім) [3, 106].

Өткен дәуірлерде әйел гендерлектісінің «*жұбай, жар, зайып*» мағынасындағы «*алғаным*» сөзінің жиі қолданылғанын көркем мәтіндерден аңғарамыз. Бірақ бұл тұлға қазіргі әдеби тіл нормасында қолданылмайды.

«*Алғаным*» сөзін эпостар тілінен және өткен кезеңдегі ақынжыраулар тілінен кездестіруге болады. Мысалы, «*Алтамыс*» жырында Байбөрі бай бәйбішесіне:

Рас па сөзің *алғаным*,

Алаша төсек салғаным, –

дейді. Бұл жерде Байбөрі жасы ұлғайып қалған әйеліне *аруым, жарым* дей алмайды. Сірә, өткен кезеңдерде күйеуінің әйеліне үй ішінде айтатын қаратпа

сөзі немесе жалпы өз әйелін атауы үшін айтылатын сөз поэтикалық бояуы бар *жарым, жұбайым, қосағым* деген сөздер емес, кейінгі кездерде мүлде тұрпайы сипат алып кеткен *қатыным* деген сөз де емес, өткенде қазақ тілінде онша жиі қолданылмаған арабтың *әйелім* сөзі де емес, бейтарап мәндегі *алғаным* сөзі болу керек», – дейді Р. Сыздық [3, 137]. Айталық, Асан қайғыда:

*Алғаным* асыл ару деп –

Махамбетте:

*Алғаным* мен балдарым...

Артымда қалған *алғаным* – деген жолдарды ұшыратамыз. Сөз төркіні: *алу* етістігінің есімше тұлғасы, зат есім қызметін атқарып, «алған әйелі, жұбайы, зайыбы» деген ұғымға ие болған [3, 137]. Бұл сөздер адамның ойсанасына, ішкі дүниесіне байланысты бастыбасты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, лексикалық мағынасымен қатар қосымша коннотациялардың ашылуына септігін тигізеді.

Келтірілген атаулар «*әйел*» концептінің ежелгі шумер, көне түркі дәуірлерінде, орта ғасырларда болсын, тіптен қазірде де осы аталған кезеңдерге тән когнитивтікментальдік кеңістікке тән өзіндік ерекшеліктерге ие екенін дәлелдей түседі.

Р. Сыздық «қолына қару ұстап, ел қорғауға немесе ел жаулауға аттанатын адам, батыр, әскери адам» бейнесін «*азамат*», «*шора*» сөздерінің мағынасымен байланыстыра отырып талдайды: «Заман озған сайын *азамат* сөзінің мағынасы өзгерген. Өткен ғасырларда бұл сөз «жалпы ересек адам, ер адам» дегенді білдіргенін сол кездегі сөздіктер көрсетеді: Азамат – ересек адам, адамдар тобы (Киргизско (казахско)русский словарь. Оренбург, 1887). Қазақ тілінде осы мағынадағы *азамат* сөзінің синонимі *жолдас* сөзі қолданылғаны байқалады...

XVII ғасырда жасаған Ақтамберді жырауда:

Ей, *азаматтар*, *шоралар*,

Атты мінсең зорды мін – деген жолдар бар. Мұндағы *азамат* сөзі дәл қазіргі мағынасында емес. Бұл сөздің бұрын гендерлік сипаты болған.

Ш. Уәлиханов былай көрсетеді: «Азамат – кәмелетке келіп, еншісін алған, туыстарына тәуелсіз, үйлібаранды адам» дегенді білдіреді. Сонымен қатар бұл сөз бір кезеңдерде «*жасақшы*» («*друженник*») ұғымын да бергенге ұқсайды. *Шора* сөзі *азамат* дегеннің синонимі дей келіп, Шоқан *шора азамат* тіркесі таза әскери мәнді сөз, ол «*жолдас, жасақшы*» деген деп көрсетеді [4, 20].

*Азамат* сөзінің жоғарыда келтірілген Ақтамберді жыраудың қолданысы Шоқанның осы айтқанын растайды.

«АйманШолпан» жырындағы Айман қыз Әлібекке сәлем айтып:

Аты болса, байласын,

*Азаматын* сайласын – дегенде, азамат сөзінің «*жасақшы*» ұғымы танылады. Бұл сөзді Махамбет те жиі қолданған:

...*Азамат* ердің баласы

Аз ұйықтар да көп жортар,

Дұшпанға кеткен кегі бар,

Алқалаған жер болса,

*Азамат* басы құралса...

Бұл қолданыстардағы *азамат* сөзі жай ғана адамға қарата емес, жауынгерлерге, жасақшыларға қарата айтылып тұр. Сөйтіп, *азамат* сөзі ескі жырларда, ертеректегі қазақ тілінде «қолына қару ұстап, ел қорғауға не ел жаулауға аттанатын адам, жасақшы» дегенді білдіреді», – дейді [3, 1718].

Қазіргі күнде *азамат* сөзі «кәмелетке жеткен ер адам» және адамгершілігі мол, саналы, құрметті адам деген ауыспалы мағынады қолданылып жүр. Мысалы, *ауыл/ел азаматтары, азамат ақын, еразаматтық, мінезді азамат, халық қамын, ел мұңын ойлаушы ардагер азамат, еразамат қатарына қосылды* т.б.

Қорыта айтқанда, тілдің бейнелік сипатын, гендерлік тілдік мәнін, сөз құдіретін, ұлт қазынасы саналатын қасиетті ана тіліміздің гендерлік болмысын ашуда Р.Сыздықтың өзіндік қолтаңбасы мен мұралары жетерлік.

#### Әдебиет:

1. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. Алматы, 2003. 284288 бб.

2. Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері: оқулық. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 б.

3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан), 2басылуы. Алматы: Санат, 1994. 272 б.

4. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. АлмаАта: Каз. сов. энциклоп., 1985. Т. 4. 460 с.

**З.Күзекова**  
*Назарбаев университеті,*  
*филология ғылымдарының докторы, профессор*  
*Қазақстан*

## **АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ – БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТАБЫСТЫҢ, КӘСІБИ ДАМУДЫҢ ӨЛШЕМІ**

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда академиялық жазу жоғары білім үшін өте маңызды екені анық, өйткені студенттер мен зерттеушілерді жаһандық академиялық дискурста қабылданған риторикалық және жарияланымдық конвенцияларды жүйелі түрде оқытпай, бізге ғылыми басылымдарда да, ғылыми кадрларды дайындауда да бәсекеге қабілетті деңгейге жету қиынға түседі. Мақалада академиялық жазылымға қатысты мәселелер қозғалады.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары – студентердің өздік жұмысының құрамдас бөлігі, оқу процесін ұйымдастырудың негізгі буыны. Бұл мамандарды дайындау сапасын арттыруға және жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Студенттердің зерттеушілік дағдыларын, ғылыми зерттеу құзіретін қалыптастыру – олардың өздік жұмыстарының жоғары сапасының дәлелі болып, танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыруға көмектеседі.

**Тірек сөздер:** академиялық жазылым, ғылыми-зерттеу құзыреттілігі, риторика және композиция, жазбаша ғылыми сөйлеу мәдениеті

**Abstract.** It is obvious that academic writing is very important for higher education today, because without systematic training of students and researchers in rhetorical and publishing conventions accepted in the world academic discourse, it will be difficult for us to achieve a competitive level both in scientific publications and in scientific publications. Training of scientific personnel. Research work is an integral part of the independent work of students, the main link in the organization of the educational process. This contributes to improving the quality of training specialists and developing the scientific potential of higher education institutions. The formation of research skills and research competence in students is evidence of the high quality of their own work and contributes to an increase in cognitive and creative activity.

**Keywords:** academic writing, research competence, rhetoric and composition, culture of written scientific speech.

**Аннотация.** Очевидно, что академическое письмо сегодня очень важно для высшего образования, поскольку без систематического обучения студентов и исследователей риторическим и издательским конвенциям, принятым в мировом академическом дискурсе, нам будет трудно достичь конкурентоспособного уровня как в научных публикациях, так и в научных публикациях. подготовка научных кадров.

Научно-исследовательская работа является составной частью самостоятельной работы студентов, основным звеном организации учебного процесса. Это способствует повышению качества подготовки специалистов и развитию научного потенциала высших учебных заведений. Формирование у студентов исследовательских умений, научно-исследовательской компетентности является доказательством высокого качества их собственной работы и способствует повышению познавательной и творческой активности.

**Ключевые слова:** академическое письмо, исследовательская компетентность, риторика и композиция, культура письменной научной речи.

Университеттерде академиялық жазу мен оқу жұмысын оқыту және академиялық жазылымға пән мәртебесіне беру мәселесі – өзекті тақырыптардың бірі. Студенттің соңғы біліктілік жұмысын жазуға дайын болмауымен күресудің жалғыз жолы – «ғылыми жұмыс бойынша мамандандырылған курстарды енгізу және тарату» деген тұжырым да ойландырады. Ғылыми қызметті сауатты жүзеге асыру үшін қажетті құзіреттілікті дамытудың орнына, біз, әдеттегідей, білім беру мен игеруге басты назар аударамыз.

Мамандандырылған курстарды ұйымдастыру идеясының өзі жоғары оқу орнында оқу процесінде бірқатар тиісті құзыреттерді қамтитын ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытуға мүмкіндіктер жоқтың қасы. Мемлекеттік білім беру стандартында түлек қандай құзыреттерге ие болуы керектігі нақты көрсетілген. Мысалы, бакалаврдың құзыреттілік тізбесі кәсіптік қызмет түрлеріне сәйкес әртүрлі кәсіби мәселелерді шешу, атап айтқанда, ғылыми-зерттеу қызметі аспектісінде – шолулар, аннотациялар құрастыру, зерттеу тақырыптары бойынша рефераттар мен библиографиялар жазу бар.

Жалпы алғанда, зерттеушілік құзіреттілік деп жеке тұлғаның кәсіби міндеттерді шешу процесінде ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында бар білімін, дағдысын және тәжірибесін тиімді қолдана білу қабілеті мен дайындығы түсініледі. Осыған сүйене отырып, жоғары мектептің білім беру бағдарламасы шеңберінде ғылыми-зерттеу құзыреттілігін білім берудің маңызды мақсаттарының бірі ретінде сипаттауға болады, өйткені ол оқу процесінде тұлғаның тиімді дамуының құралы болып табылады, ғылыми-зерттеу құзыреттілігі оқыту нәтижесінде өзін-өзі дамыту құралы ретінде әрекет ететіндей. Қазіргі заманғы жоғары кәсіптік білім беру – түлекке белсенді бейімделу қабілетін беріп қана қоймай, сонымен қатар интеллектінің, ойлаудың және шындыққа деген көзқарасты қалыптастыруға ықпал етуі керек, ол үздіксіз өзгерістермен, танымдық қабілеттер жүйесінің қалыптасуымен айқындалады. Ғылыми-зерттеу құзыреттілігінің мазмұны – алуан түрлілігімен сипатталатын когнитивтік, пәндік-практикалық және жеке тәжірибенің кешенді синтезі. В.П. Шестак өз мақаласында ғылыми-зерттеу құзыреттілік құрылымын екі топқа бөледі: [Шестак В.П., 2011: 115] жалпы интеллектуалдық құзыреттіліктерге: өз ойын логикалық, бір мәнді, қысқа және нақты (ауызша және жазбаша) жеткізе білу; студенттің белгілі бір курсты оқуын аяқтаған кезде ұғымдық аппаратты, ғылыми фразеологизмдерді, нақты лексиканы меңге-

руі, ұғымдарды анықтаудағы түсініктілігі мен айқындылығы; заттар мен құбылыстар арасындағы – мағыналық, құрылымдық және ассоциативті байланыстарды білу; объективті баға беріп, қорытынды жасай білу; алынған ақпаратта негізгі және қосымшаны талдай білу, ерекшеліу; кестелерді, диаграммаларды, графиктерді, иллюстрацияларды және т.б. құрастыру және жобалау дағдылары; ақпаратты тыңдау және қабылдау қабілеті және т.б.

Зерттеу құзыретіне жататындар: ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білу, ғылыми деректерді іздеу, бағалау және сақтау, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау; проблемалар мен ғылыми гипотезаларды тұжырымдау, өз ұстанымын дәлелдеу, ғылыми пікірталастарға қатысу қабілеті; ғылыми мәтіндер құру (жоспар құру, аннотациялар, рефераттар, тезистер, конспектілер, баяндамалар, мақалалар мен баяндамалар жазу; ғылыми экспериментті ұйымдастыру және жүргізу дағдылары.

Бұл құзыреттерді академиялық жазылым курсына оқу кезінде алуға бола ма? Қиындау. Құзыреттілікті қалыптастыру – тек тиісті іс-әрекет әдістерін меңгеру, тәжірибе жинақтау процесінде және әрбір оқытылатын пән шеңберінде ғылыми материалдарды дайындау процесінде жүзеге асады. Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытудың басқа жолы жоқ. Ғылыми зерттеу құзыреттілігінің жоғарыда аталған құрылымында жазбаша ғылыми сөйлеу мәдениетін меңгеруді болжайтын құзыреттіліктер бар. Оны «академиялық жазу» емес, «жазбаша ғылыми сөйлеу мәдениеті» деп те атайды.

Оқушылардың жазу мәдениетін меңгеруі үшін, біріншіден, мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес студенттердің өзіндік жұмыстарының үлесін арттыру үшін білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын толықтыру. Мұнда студенттердің өздік жұмысына, соның ішінде жазба жұмыстарын жасауға баса назар аударылғаны тиімді. Екіншіден, профессор-оқытушылар құрамын магистранттар арасында ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін дамытудың әдістері мен тақырыптары бойынша біліктілігін арттыруға оқыту. Ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді даярлауға халықаралық риторикалық және баспа конвенцияларына сәйкес жазуға көмектесуге арналған ғылыми – зерттеу мақсатындағы қазақ тілі де академиялық жазылым үшін үлкен көмек болар еді. Үшіншіден, барлық оқытылатын пәндер бойынша студенттердің өздік жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз етуді, сондай-ақ курстардың электронды нұсқаларын («Жазбаша ғылыми сөйлеу мәдениеті» және Ғылыми-зерттеу қызметі, «Академиялық жазылым») әзірлеу.

Академиялық жазу табысты академиялық дайындыққа жеткізе алуға қажетті мүмкіндіктерді практикалық тұрғыда меңгерту жолын іздегеніміз жөн. Алайда ауызша дискурстың мінсіз логикасы мен аргументациясымен, пайымдаудың эстетикасы мен прагматикасымен, сөз құрылымдарының әсемдігімен, сөйлеудің жүйелілігімен, негізділігінің үйлесімімен баурап алатын белгілі ғалымдардың дәрістерін тыңдау да маңызды. Мысалы, қазіргі заманғы университеттегі академиялық жазу: пәннің жағдайы мен оқыту принциптері талқылауға қойылған тақырыптар көп деңгейлі білім беруді жүзеге асыруға байланысты туындаған мәселелерді көрсетеді: білім берудің әртүрлі деңгейлерінде ғы-

лымды оқыту қалай ұйымдастырылуы керек деген де сұрақ туындайды. Бұл сұрақтар бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін өзекті мәселелерге айналып, ізденісті, жауап беруді қажет етеді.

Болашақ маманға ғылыми мәтін жазуды үйрететін кемел жүйе қажет – ақ. Ғылыми мәтін жазуға үйрету – жоғары оқу орнының міндетті компоненті болуы тиіс. Мұндай оқытуды тек қана филологтар немесе басқа гуманитарлық ғылымдардың өкілдері жүргізбеуі керек. Өз пәні бойынша студенттердің өзіндік жұмысын жоспарлайтын барлық оқытушылар мұны жүргізе алуы керек. Барлық оқытушыларды ғылыми мәтін құра білуге үйрету керек пе? Біздің ойымызша, әрине, иә! Кімнің қай уақытта ғылыми мансапқа ие болатынын нақты айта алмаймыз. Сонымен қатар, кез келген білім саласының маманы, тіпті ғалым болмаса да, тиісті ғылымның жетістіктерінен хабардар болуы және ғылыми мәтіндерді түсініп, олардан маңызды мәнді шығара білуі – білім біліктілігінің көтерілуіне жақсы баспалдақ.

Бұл тақырыптың мазмұны тереңде жатыр. Ол көптеген үлкен проблемаларды қамтиды: ғылымның дамуындағы сын мәні мен формалары туралы; ғылым этикасы туралы; ғылыми мектептердің, ғылыми концепциялардың өзара байланысы мен бәсекелестігі туралы; ғылыми ұйымдар туралы; ғылыми қызмет стандарттары туралы және т.б. Кез келген сала маманын кәсіби даярлаудың ең маңызды шарты – мамандық тілін меңгеру, кәсіби сөйлеу. Әрбір маман өзінің кәсіби профилі бойынша ғылыми мәтінді тез және түсініп оқып, оның жалпы мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде жаңғырта отырып, әр маман кәсіби тақырыпта еркін әңгіме жүргізе алуы керек, сайып келгенде, әрбір маман кәсіби құзыреті шегінде әр түрлі ішкі стильдер мен жанрлардағы жазба мәтіндерді құра алуға жетуі тиіс. Бұл дағдылардың барлығы – маңызды студенттік дайындықтың бір бөлігі және білімді маманды тәрбиелеу нәтижесі. Яғни, жоғары білім алатын әрбір кәсіби маман арнайы білім кешенімен қатар белгілі бір минимумды меңгеруі керек, өз мамандығы бойынша ғылыми сөйлеу стилі қалыптасуы керек. Бірақ ғылыми сөйлеу стилі және мамандық тілі университеттердің барлығында дерлік оқытылмайды. Студент білім дағдыларының минимумын мектепте алады, содан кейін оларды ЖОО-да жалпы және кәсіптік дайындық процесінде өз бетінше толықтырады және кеңейтеді деп есептеледі.

Ана тілі емес тілде мамандықты игеріп жатқан шетелдік студент үшін бұл мәселе тіптен өткір болып шығады. Мүмкін, бұл мәселе лингвистикалық емес университеттердің бағдарламаларына қазақ тіліндегі ғылыми сөйлеу стилінің негіздері туралы ақпаратты қамтитын «қазақ тілі және сөйлеу мәдениеті» курсы енгізу арқылы ішінара шешіле бастауы ықтимал. Мұндай студенттің алдында қазақ тілін жалпы меңгеру деңгейін арттыру және сонымен бірге белгілі бір мамандықтың тілін терең меңгеру, академиялық қазақ тілін меңгеру міндеті тұр.

Университет студенттеріне арналған академиялық жазылым идентификаторы барлық студенттерге курстық жұмыстар мен емтихандар үшін эсселерді, есептер мен басқа құ-

жаттарды тиімді жазуда табысқа жетуге көмектесуге арналуы тиіс. Академиялық жазу көбінесе колледждер мен университет студенттерінің алдында тұрған ең үлкен қиындық болып табылады, алайда қажетті дағдыларды меңгеруге қажетті барлық құралдар ұсынылса, нәтиже болатыны анық. Мұғалімдер мен студенттерге сыныпта да, өздігінен оқу үшін де қажетті көмекті оңай табуға көмектесу үшін академиялық жазылым мазмұны мына сияқты тақырыптардан құралса, студент үшін айқын жетекші кітап болар еді деп ойлаймыз: жазу процесі қолайлы дереккөздерді табудан бастап, өңдеуге және түзетуге дейін; ғылыми жазу; әдебиеттерді шолу процесі; ғылыми жазудың шығу тегі; ғылыми жұмыс дегеніміз не? ; аннотацияны дайындау; кіріспе; шолу жұмысын қалай жазуға болады; нәтижелердің, конференция есебін қалай жазу керек; талқылауды қалай жазуға болады; сілтемелерді қалай келтіруге болады; тиімді кестелерді, тиімді фотосуреттерді қалай дайындау керек; дипломдық жұмысты, постерді қалай дайындау керектігін үйрететін сбақтардан және жазу түрлері: есептер және себеп-салдар, аргументті эсселер сияқты жалпы тапсырмалар мен жаттығулардан; жазу құралдары: салыстыру, анықтамалар, тыныс белгілері мен стиль сияқты дағдылардан; лексика: синонимдерді, зағ есімдерді, сын есімдерді, етістіктерді және үстеулерді қолданатын академиялық лексикадан құралғаны оқытуға көп жеңілдік әкелелер еді.

Өздігінен оқуға, сондай-ақ сыныпта пайдалануға арналған академиялық жазылымда әртүрлі көздерден алынған шынайы академиялық мәтіндер және студенттердің оқуын бағалауға мүмкіндік беру үшін әрбір бөлімге үлгерім тексерулері енгізілгені, сондай – ақ жазу тапсырмаларының үлгілерінен мазмұндалғаны да маңызды. Университет студенттеріне арналған академиялық жазылым қазақ тілінде академиялық жазудың барлық аспектілері бойынша қажетті нұсқаулық сияқты болғаны тиімді.

Көптеген оқытушылар мен ғалымдар академиялық жазуды риторикамен емес, филологиямен қате байланыстырады және ғылыми мәтінді жазуды тәжірибе мен талант арқылы өз бетінше үйренуге болады деп санайды. [2, Короткина 2016:56] Мұндай идеялар академиялық жазу университет бағдарламаларына енген елдердің авторлары арасындағы ғылыми мәтіндердің сапасында алшақтыққа әкеледі. Қазіргі таңда университетте академиялық жазылымды оқыту – қалыптасқан әдістемелері, дидактикалық инфрақұрылымы және оқыту деңгейлерін саралауы қалыптаса қоймаған жаңа білім беру практикасы тәртізді. [3. Степанов Б.Е., 2016:134]. Бірқатар еңбектерді оқу барысында академиялық жазылымды талқылау проблемалары, ең алдымен, оны білім саласы ретінде назар аудармауымызбен байланысты екенін көрсетеді. Академиялық жазу осы уақытқа дейін объективті және өзара байланысты бірқатар себептермен педагогикалық ғылым мен академиялық қоғамдасстықтың назарынан тыс қалғаны байқалады [4, Короткина 2018: 66]. Короткинаның атаған себептеріне тоқталатын болсақ:

- Академиялық жазу мен академиялық сауаттылықтың тұжырымдамалық өрісін қалыптастыру XX ғасырда Батыстың ағылшын тілінде сөйлейтін елдерінде, яғни кеңес-



тік кезеңде, отандық педагогикалық зерттеулерді айтарлықтай оқшаулау кезінде орын алады.

- Академиялық жазу бойынша халықаралық зерттеулер мен әзірлемелер ағылшын тілінде жарияланды және аударылмады, пәнаралық байланыстарға деген қызығушылықтың да төмен болуымен байланысты болды.

- Қазіргі уақытта академиялық жазу – лингвистикалық емес университеттерде және оқу тілі ағылшын тілді университеттерде ағылшын тілін оқыту практикасымен көбірек байланысты.

- Халықаралық басылымдардағы жарияланым белсенділігінің артуына деген қызығушылықтың күрт көтерілуі ғылыми сөйлеу мәдениеті, ғылыми зерттеу әдістемесі сабақтарының қажеттілігі арта түсті.

Бұл пәндер белгілі бір көмек көрсете алатынын мойындау керек, бірақ бұл көмек осы пәндердің мазмұны мен әдістемесімен шектеледі, ал батыс университеттерінде және бүгінгі күні әлемнің басқа университеттерінде, академиялық жазуды оқыту тікелей ғылыми мәтін құруға бағытталған. Академиялық жазуды жүйелі түрде оқытудың болмауы ғалымдар арасындағы теңсіздікті тудырады және кейбір авторлардың жариялануына қиындық келтіреді. Осы факторларды ескере отырып, академиялық жазуды шетелдерде жүргізілген ғылыми зерттеулер тұрғысынан қарау өте маңызды, Соңғы кездері Қазақстанда академиялық жазылымға арналған оқу құралдарының жариялана бастауы, әрине, қуантарлық жағдай.

Шетелдік университеттердің академиялық жазу теориясы мен практикасы саласындағы үлкен тәжірибесін педагогика ғылымы мен білім беру практикасында қолдану тұрғысынан жан-жақты зерттеуге және түсінуге лайық екені анық. Академиялық жазуды дұрыс түсінудің алғашқы қадамы Линннің еңбектеріне сүйене отырып, Короткинаның айтуынша, оның гносеологиялық негізі филология емес, риторика, яғни ғылыми сендіру әдістері екенін мойындау болып табылады.[5 Lynn, 2010:27] Классикалық риторикадан академиялық жазудың сабақтастығын американдық зерттеушілер «риторика және композиция» терминімен атап көрсетеді (*rhetoric and composition*) [Lynn, 2010:56], бұл пәнді ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жоғары білімге дейін қолдану үшін қабылданған. С.Линн риторика мен композицияны білімнің қарқынды дамып келе жатқан саласы және басқа пәндердің оқытушыларына студенттерге коммуникация мен аргумент құруға үйретуге көмектесетін пән ретінде анықтайды. Пәннің атауында екі термин біріктірілген – сендіру өнері ретінде «риторика» және жазу процесі ретінде «композиция».[6, Короткина: 2016: 65]. Риторика және композиция деген пән Назарбаев университетінде оқытылып келеді, жыл сайынғы сабақ кестесінен осы пәнге көзім түседі (30- дан астам топ тіркеледі) және тағы басқа да бірнеше жазуға қатысты сабақтар бар: Риторика және композиция; Не айтқыңыз келетінін айтыңыз: Академиялық жазудағы айқындық, дәлдік және стиль; Ғылыми жазу; Техникалық және кәсіби жазу; Цифрлық медиа үшін жазу; Жазу – теория

мен практикадағы композиция және ынтымақтастық , кейбірі бірнеше деңгейден тұрады. Біздіңше , осы курстарды Қазақстанның басқа оқу орындары да жүргізсе, болғандай екен.

«Академиялық жазу» пәнінің қалыптасуы (дәлірек айтқанда «риторика және композиция») АҚШ-та кездейсоқ болған жоқ. Университеттік білімнің негізі – XXVIII ғасырда Шотланд ғалымдары Х. Блэр мен А.Бэннің еңбектерінде негізі салынған және дамыған риториканың толық моделі негізінде ғылыми дәлелдемелер жүргізу идеясы қойылды. Алайда, XIX ғасырдың аяғында ғылыми жазудың сенімділігін арттыруға деген ұмтылыспен байланысты көркем әдебиетпен жазудың бағыттары да болды.

Академиялық жазуды әдебиеттен бөлу үшін АҚШ-та бірқатар жұмыстар басталды: 1911 жылы NCTE (*National Council of Teachers of English*) Ф. Н. Скоттың басшылығымен ағылшын тілі мұғалімдерінің Ұлттық кеңесі, құрылды осы уақытқа дейін MLA (*Modern Language Association*) президентінің міндетін атқарушы, Скотт риториканы университеттік практикаға қайтару және жазудың әлеуметтік мәнін қорғау саясатын белсенді жүргізе бастады. Бүгінгі таңда NCTE жазу және академиялық ағылшын тілі мұғалімдері үшін дүниежүзілік ақпараттық – шоғырландыру органы болып табылады.

Академиялық жазу ғылымы 1930 – шы жылдардан бастау алады. Жазу курстарын түбегейлі қайта қарау мәселесі тұрды. Мақсаты мен мазмұнын айқындайтын академиялық жазудың ең маңызды сипаты – әлеуметтік қызметі. Әдебиетпен байланысты емес жазу курстарын түбегейлі қайта қарауға әкелген академиялық жазу туралы қазіргі ғылым XX ғасыр басында жандана бастады. 1949 жылы жоғары оқу орнындағы композиция және коммуникация бойынша бірінші конференция өтті – *Conference of College Composition and Communication*. Академиялық жазуды әлеуметтік практика ретінде үйрету – еліктеу тәжірибесі немесе әдеби дарындылықты емес, арнайы білімді қажет етеді. Батыс сарапшыларының академиялық жазу бойынша әзірлеген риторикалық және басылымдық конференцияларын әлемдік ғылыми коммуникация талаптарына толық сәйкес мәтін құруды үйрену үшін үйретуге болады және керек.

Қазіргі ғалымдардың көпшілігінің ғылыми жазудың ресми курсынан өтуге мүмкіндігі болмады. Аспиранттар өздерінің профессорлары мен бұрынғы авторлардың стилі мен тәсілдеріне еліктеуді үйренді. Кейбір ғалымдар бәрібір жақсы жазушы болды. Алайда олардың көпшілігі авторлардың прозасы мен стиліне еліктеуді ғана үйренді – олардың барлық кемшіліктерімен – осылайша қателіктер жүйесі пайда болды.[8. Robert Day, 1998:5р]. Ғылыми жазудың ресми курсы , яғни академиялық жазылым қажеттілігі көрініп тұр.

«Жақсы ғылыми жазу – бұл өмір мәселесі емес, бұл одан да әлдеқайда маңызды», – дейді Роберт А. Дэй. «Ғылыми мақаланы қалай жазуға болады» деген еңбегінде. Ғылыми зерттеулердің мақсаты – жариялау. Аспирантурадан бастап ғалымдар, ең алдымен, зертханалық ептілігімен емес, туа біткен білімімен емес, әрине, тапқырлығымен немесе сүйкімділігімен де өлшенбейді; олар өлшенеді және жарияланымдарымен белгілі болады. Кәсіби әлемде жазудағы сәттілік оқырмандарыңыздың сіз айтып жатқан нәрсені түсіну-

түсінбегенімен анықталады. Ғылыми салаларда бұл оқырмандар мақаланың немесе ұсыныстардың рецензенттері, редакторлар, студенттер, Нобель сыйлығының лауреаттары, басқа саланың ғалымдары да, тіпті қарапайым адамдар да болуы мүмкін. Оқырмандардың осындай алуан түрлілігіне байланысты, түсінікті болу жүгі сізге, автор, – дейді Хофман [9. Hofmann A., 2010:12].

«Оқырманды ескере отырып жазу» – ғылыми жазудың негізгі қағидасы және барлық басқа принциптер одан туындайды дейді А. Хофман «Scientific Writing and Communication» деген кітабында. Және 30 шақты жазу ұстанымын талдап түсіндіреді, үйретеді. Көптеген ғалымдар ғылымдағы басты мақсат үлкен нәтижеге қол жеткізу деп ойлайды, бірақ тек жақсы ғылым сізге табыс әкелмейді. Сіздің деректер жинағыңыз өздігінен сөйлей алмайды – оны жақсы хабарлау және жеткізу керек. Жақсы ғылым нашар жазуды ақтайды. Авторлар өз оқырмандарына ғылымның жақсы жеткізілуін қамтамасыз етуге міндетті деп түйіндейді [Hofmann A., 2010:12].

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттердің өзіндік жұмысының құрамдас бөлігі, оқу процесін ұйымдастырудың негізгі буыны болуы керек екенін атап өткен жөн. Студенттердің ғылыми ұжымдардағы жұмысы олардың әлеуметтік-психологиялық жетілуін дамытуға, мамандарды дайындау сапасын арттыруға және жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру олардың өзіндік жұмыстарының жоғары сапасының дәлелі болып, танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыруға көмектеседі.

Бүгінгі таңда академиялық жазу жоғары білім үшін өте маңызды екені анық, өйткені студенттер мен зерттеушілерді жаһандық академиялық дискурста қабылданған риторикалық және жарияланымдық конвенциялармен жүйелі түрде оқытпай, біз ғылыми бағылымдарда да, ғылыми кадрларды дайындауда да бәсекеге қабілетті деңгейге жете алу қиындау, ғылыми жазудың ұстанымдарына қатысты, стиліне, риторикасы мен композициясына қатысты студенттеріміздің хабардар болғаны, оларды меңгергені қажет-ақ.

### **Әдебиет:**

1. Шестак В.П., Шестак Н.В. Формирование научно – исследовательской компетентности и «академическое» письмо // Высшее образование в России. 2011. №11. С. 115 – 119.
2. Короткина И.Б. Проблемы адаптации американской модели центра письма // Высшее образование в России. 2016. №8 с. 56 – 65.
3. Степанов Б. Е. , Перлов А.М. вместо заключения: некоторые итоги // Высшее образование в России. 2011. №8. С. 134 – 135.
4. Короткина И.Б. Модели обучения академическому письму. Зарубежный опыт и отечественная практика. М., 2018. 219 с.

5. Lynn S. Rhetoric and Composition: An Introduction. Cambridge: Cambridge University Press, 2010. 330p.

6. Короткина И.Б. Академическое письмо: необходимость междисциплинарных исследований. //Высшее образование в России. 2016. №8 с. 56.

7. Короткина И.Б. Модели обучения академическому письму. Зарубежный опыт и отечественная практика. М., 2018. 219 с.

8. Robert A. Day. How to Write Publish a Scientific Paper. 5<sup>th</sup> edition. 1998. 145p.

9. Hofmann, Angelika H. Scientific Writing and Communication.6 Oxford University Press. 2010, 681p.

### **Н.Әшімбаева**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

### **А.Бисенғали**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
PhD (философия докторы)  
Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕНУ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ**

**Аңдатпа.** Мақалада терминдену үдерістерінің лингвомәдениеттанымдық сипаты, ұлттық тілдегі терминдік жаңа сөз қолданыстарының зерттелу барысы, ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі ғылыми ойдың дамуындағы антропоцентристік үрдіс тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігіне арналған лингвистикалық зерттеулердің өзектілігін айқындап отыр. Тілді зерттеу мен сипаттаудың бұл тәсілі ұлттық мәдениет пен менталитеттің ерекшеліктерін өн бойына сіңірген адамға ұлттық тілдік тұлға ретінде жүгінуді топшылайды. Тілдік мазмұнның ұлттық-мәдени аспектісінің өзектілігі тілді оқыту пәні ретінде сипаттау бағытын да анықтайды. Соңғы жылдары қазақ тілін оқыту тиімділігін арттыру мақсатында түбегейлі жаңа тәсіл қалыптасты, онда тілдің сипаттамасы тіл иелмендерінің ұлттық ойлау және ұлттық мәдениет ерекшеліктерін зерттеу бағытында жүзеге асырылады. Аталмыш жағдаят ең белсенді жұмсалымдық орта болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары, көркем әдебиет пен сөйлеу дискурсының тілдік кеңістігіне мейлінше ықпал етті. Өзгеше ортада қолданыла бастауы тілдік бірліктің терминологиялық мәніне елеулі әсерін тигізіп, осы бірліктердің

жаңақолданыстық заңдылықтарының қалыптасуына негіз болады. Осы аталғандардың талданып, деректермен көрсетілуі нысан ретінде алынған мәселенің өзектілігін айқындайды. Терминологияны, терминологиялық үдерістерді т.б. зерттеудің өзектілігі ақпараттық дүмпумен – ғылыми және өндірістік ақпарат ағындарының ерекше қарқынмен артуымен де байланысты.

**Тірек сөздер:** терминология, жаңа қолданыстар, жаңартпалар, семантикалық неологизмдер, терминдену үдерістері.

**Abstract.** The article examines the linguistic and cultural nature of the terminologization process, the peculiarities of the use of new terms in the national language. The anthropocentric trend in the development of modern scientific thought determines the relevance of linguistic research on the national and cultural specifics of the language. This approach to the study and description of language involves addressing a person as a national-linguistic personality that has absorbed the peculiarities of national culture and mentality. The relevance of the national-cultural aspect of the language content also determines the direction of describing the language as a subject of study. In recent years, in order to improve the effectiveness of teaching the Kazakh language, a fundamentally new approach has been formed, in which the characteristic of the language is carried out in the direction of studying the peculiarities of national thinking and national culture of native speakers. This circumstance had the greatest impact on the linguistic space of mass media, fiction and speech discourse, which is the most active environment. The beginning of use in a different environment has a significant impact on the terminological meaning of linguistic units and, therefore, serves as the basis for the formation of new patterns of development of these units. The analysis of the mentioned and the display of its data determines the relevance of the problem taken as an object. The relevance of studying terminology, terminological processes, etc. is also due to the information explosion – a rapid increase in the flow of scientific and industrial information.

**Keywords:** terminology, new usages, innovations, semantic neologisms, terminologization processes.

**Аннотация.** В статье рассматриваются лингвокультурологический характер процессов терминологизации, особенности употребления новых терминов в национальном языке. Антропоцентрическая тенденция в развитии современной научной мысли определяет актуальность лингвистических исследований, посвященных национально-культурной специфике языка. Такой подход к изучению и описанию языка предполагает обращение к человеку как к национально-языковой личности, вобравшей в себя особенности национальной культуры и менталитета. Актуальность национально-культурного аспекта языкового содержания также определяет направление описания языка как предмета обучения. В последние годы в целях повышения эффективности обучения казахскому языку сформирован принципиально новый

подход, при котором характеристика языка осуществляется в направлении изучения особенностей национального мышления и национальной культуры носителей языка. Данное обстоятельство оказало наибольшее влияние на языковое пространство средств массовой информации, художественной литературы и речевого дискурса, которое является наиболее активной средой. Начало использования в иной среде оказывает существенное влияние на терминологическое значение языковой единицы и служит основой для формирования новых закономерностей этих единиц. Анализ упомянутого и отображение его данными определяет актуальность проблемы, взятой в качестве объекта. Актуальность изучения терминологии, терминологических процессов и т.д. обусловлена и информационным взрывом – стремительным увеличением потоков научной и производственной информации.

**Ключевые слова:** терминология, новые словоупотребления, инновации, семантические неологизмы, процессы терминологизации.

Қазіргі ғылыми ойдың дамуындағы антропоцентристік үрдіс тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігіне арналған лингвистикалық зерттеулердің өзектілігін айқындап отыр. Тілді зерттеу мен сипаттаудың бұл тәсілі ұлттық мәдениет пен менталитет ерекшеліктерін өн бойына сіңірген адамға ұлттық тілдік тұлға ретінде жүгінуді топшылайды, сол сияқты лингвистикалық қызығушылық саласында таным, философия, мәдениеттану, психология және басқа да гуманитарлық пәндердің жалпы теориясына да қол жеткізуді қамтиды. Тілдік мазмұнның ұлттық-мәдени аспектісінің өзектілігі тілді оқыту пәні ретінде сипаттаудың бағытын да анықтайды. Соңғы жылдары қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында түбегейлі жаңа тәсіл қалыптасты, онда тілдің сипаттамасы тіл иелмендерінің ұлттық ойлау және ұлттық мәдениет ерекшеліктерін зерттеу бағытында жүзеге асырылады.

Бұл мәселеде ұлттық мәдениет феноменінің барлық көпөлшемділігі мен көпаспектілігі ескерілетін заманауи көзқарас «мәдениөзекті» лингвистикалық зерттеулердің түпкі мақсатына – тілдің ұлттық-мәдени бірегейлігін жан-жақты және объективті сипаттауға сәйкес келетін мәдениеттің маңызды, бірақ тілдегі имплицитті категорияларын лингвистикалық зерттеулер аясына енгізуге бағытталған ғылыми ізденістің жаңа бағыттарын әзірлеу қажеттілігін тудырады. Теориялық лингвистикалық зерттеулерде және тілді оқыту пәні ретінде сипаттауда әлемді тану процестерінің ерекшелігін, оған деген көзқарастың қалыптасуын, сондай-ақ оның құрамдас бөліктерінің атауларын ескеретін тілдің ұлттық таңбаланған кеңістігінің объективті сипаттамасы мыналарды қамтиды: белгілі бір зерттеу бағдарламасы аясында тіл мен мәдениетті, тіл мен ментальдікті қарастыруға мүмкіндік беретін әдіснамалық негіздердің сипаттамасы; ұлттық мәдениеттің және ментальділіктің негізгі категорияларын айқындау, оларға бағдарлану ұлттық таңбаланған тілдік материалды объективті және дәйекті

зерттеуге және сипаттауға ықпал етеді; осы категориялардың сипаттамасы әмбебап және ұлттық ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік беретін мәдени-салғастырмалы аспектіні меңзейді; ұлттық-мәдени ерекшелігімен белгіленген тілдік бірліктердің разрядтарын бөліп көрсету; олардың мазмұнында ұлттық мәдениет пен ұлттық ментальдіктің ерекшелігін көрсету заңдылықтарын зерделеу; тілді оқыту пәні тұрғысынан қарағанда өзекті болып табылатын тілдік құбылыстардың ұлттық-мәдени мазмұнын сипаттау мен түсіндірудің әртүрлі тәсілдерін әзірлеу.

Көптеген пікірлер бойынша, фразеологизммен қатар, тілдің ең мәдени бөлігі болып табылатын лексика оның ұлттық-мәдени ерекшелігіне жүгіну кезінде анағұрлым қызығушылық пен қиындық туғызады. Қазіргі лингвистикада мазмұнның ұлттық-мәдени ерекшелігіне ие қазақ тілінің лексикалық құрамы бірліктерінің әртүрлі разрядтары бойынша зерттеулер жүргізілуде [1].

Қазіргі кезде елімізде болып жатқан қарқынды әлеуметтік өзгерістермен байланысты динамикалық үдерістерді көрсететін жаңа сөздер, сөздердің жаңа мағыналары қазақ тілінің лексикасын белсенді түрде толықтырады және қазақ лингвомәдени қоғамдастығы әлемінің қазіргі тілдік көрінісінің ажырамас бөлігін құрайды. Біз жаңа лексикалық, семантикалық және фразеологиялық бірліктер деп түсінетін неологизмдердің жаңалығы белгілі бір уақыт кезеңіне қатысты белгіленеді, олар әртүрлі аспектілерде зерттелген және зерттеліп отырған неологияны сипаттайтын объект болып табылады.

Тілдің ұлттық-мәдени мазмұнын зерттеудің өзектілігі неологияның жаңа тілдік бірліктер мағыналарының мәдени және ментальдік ерекшелігіне бағытталған аспектілерін дамыту қажеттілігін анықтайды. Көптеген зерттеулерде атап көрсетілгендей, сөздердің жаңа мағыналарының пайда болу белсенділігі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың арасында ерекше орын алады. Еліміздегі әртүрлі өзгерістерді білдіре отырып, уәждендіруші бастапқы мағыналарымен байланысын үзбеген семантикалық неологизмдер ұлттық мәдени дәстүрмен тікелей байланысты қазіргі мәдениет пен менталитеттің тілдегі көрінісі болып табылады. Сөздердің жаңа мағыналарының қазақ тілінің сөздік құрамына ену қарқындылығы, әлемнің ұлттық тілдік бейнесін қалыптастыруға белсенді қатысуы, мәдени дәстүрмен байланысы оларды ұлттық-мәдени ерекшелігі бар қазақ тілі лексикасының маңызды және жарқын фрагментіне айналдырады, бұл өз кезегінде олардың лингвомәдени мазмұнын зерттеудің өзектілігін анықтайды. Семантикалық неологизмдерді лингвомәдени аспектіде сипаттау тілдің, мәдениеттің, танымдық іс-әрекеттің, халықтың дүниетанымы мен менталитетінің арақатынасына бағытталған мәселелердің шешім табуымен байланысты.

Қазіргі қазақ тілінің жай-күйін талдауға және оның жаңа қолданыстары мен жанрталарын зерттеуге арналған еңбектердің көптігі соншалықты, бұл белгілі бір шолуды, жалпылауды, жүйелеуді қажет етеді. Бұл еңбектерде тек жаңа қолданыстар мен

жаңартпалар және тілдің лексикалық жүйесінің даму үрдістері ғана емес, сонымен қатар жаңа қолданыстар мен жаңартпаларды талдаумен байланысты кейбір теориялық мәселелер, неологизмдердің мәні мен типологиясы туралы әлі шешілмеген мәселелері және т.б. сөз болады. Тілді ұлт танымымен тығыз байланыста қарастырған зерттеулерде атау уәжділігі мәселесі аталым теориясына сүйенуді қажет етеді. Уәжділік аталым теориясымен, өзімізді қоршаған ортаны танып-білу барысындағы танымдық талдаумен тығыз байланысты. Тіл білімінде бұл байланыс сөздің ішкі формасы немесе тілдік таңбаның уәжділігі ретінде қарастырылады. Қазақ тіл білімінде бұл теорияны пайдаланудың тиімді үлгілері баршылық. Бұл сала бойынша қазақстандық ғалымдар – М.М.Копыленко, К.Ш.Хұсайын, Н.Уәли, З.К.Ахметжанова, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, Н.И.Букетова, А.Алдашева, Б.Момынова, Б.Қасым, У.А.Мұсабекова, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерін атап өтуге болады.

Өткен ғасырдың 80-жылдары жаңа қолданыстарға, қазақ терминологиясын жетілдіру және ғылым мен техниканы қазақша сөйлету мәселесіне көптеген зерттеуші-ғалымдардың ерекше назар аударғандығын атап өткен жөн. Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамындағы жаңа қолданыстарды, тілдегі жаңартпаларды ғылыми-теориялық жағынан қарастыруда профессор Рәбиға Сыздық еңбектері айырықша орын алады және қазақ неологиясы мен неографиясында негізгі еңбектер ретінде саналады. Ғалым Р.Сыздық егер әрбір құбылысты, әрбір іс-әрекетті өз кезеңіне қарап, сол кезеңдегі жағдайға қарап тану керектігін мойындасақ, А.Байтұрсынұлының термин жасаудағы «қазақшылығының» негізі бар екендігін көреміз, ұстаған принципі дұрыс екендігін танытандығымызды; ол принцип – жас ғылым салаларының терминдерін жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігіне иек артуға негізделетіндігін, А.Байтұрсынұлының ұлттық тіл мен әдебиеттің ұғымдық категорияларының қазақша баламаларын табуға елеулі үлес қосып, терминдерінің жүйеленуі мен сұрыпталуының негізін қалағандығын ерекше атап көрсетеді [2].

Р.Сыздық алғашқы мақалаларында-ақ тіліміздің сөздік қорына енген жаңа қолданыстардың қажеттілігін, жасалу жолдарын қарастырып, жаңа сөздердің тұрақтануы мен нормалануындағы баспасөз тілінің рөлін анықтап берді. Ғалым одан кейінгі кезеңдерде де қазақ тіліндегі лексикалық жаңа қолданыстардың теориялық негіздері мен ұстанымдарын, олардың түрлері мен жасалу көздерін, нормалануын талдап көрсете отырып, «заман өткен сайын сөздік қазынаның сан жағынан молая түсу тенденциясын жоққа шығаруға болмайтынын мойындау керек» – деген пікірін де білдіреді [3].

Ғылымда «неологизм» деп аталғанымен, тіл айналымына түсетін жаңа сөздердің өзі қолданысына, жұмсалатын өрісіне қарай, сондай-ақ әдеби тілге енген немесе енгізілеуі байқалған, жеке тұлғаның, ақын-жазушылардың тарапынан жасалған бірқолданыс сөздер, басқа тілдерден енген сөздер түрінде ажыратылатыны белгілі.



Әлемдік ғылымда кейде олардың барлығын да «неологизм» деп танушылық бар. Осы аталғандардың нормалық және нормалану дәрежесі, сөздік құрамға қосылу мүмкіндігі әр басқа болатындығын байқап, ғалым оларға «тілдегі жаңалықтар» немесе «тілдік жаңалық» деген нақты атау береді. Тілдегі жаңалықтарды номинация, терминология, аударма, сөзжасам және сөз мәдениеті салаларымен тығыз байланыста қарау, талдау керектігін көрсетеді.

Ғалым Р.Сыздық тұжырымдарының жаңалығы қазіргі жаңа сөздердің пайда болуының тілге деген ұлттық рухани сұраныстың күшеюі мен ұлттық сананың беки түсуіне байланысты қарастырылуында. Ғалым тарапынан көңіл бөлінген өзекті мәселе – бүгінгі жаңа қолданыстардың әдеби тілге ену әлеуеті мен нормалануы. Ғалымның көрсетуі бойынша бірқатар жаңа бірліктер тілден орын алды, оған себеп болған факторлар: 1) беретін ұғымның семантикалық өлшеміне сай келуі; 2) әлеуметтік талғамның үдесінен шығуы; қолданыста олардың ортақтық, дәстүрлік, тұрақтылық сипатының қалыптасуы. Автор айтқан маңызды тұжырымдардың тағы бірі – субъективті түрде, жоғарыда аталғандай өлшемдерге жауап бере алмайтын жаңа сөздердің қалай бағаланатындығы. «Бүгінде еркін және өз орнында қолданылып келе жатқан, басым көпшілігі «кірме сөз» статусына ие бола алатын интербірліктердің баршасын қазақшалап, олардың орнына қайткенде де қазақша неологизмдер ұсыну ұстанымын (принципін, мұратын, бағыт-мақсатын) толық мақұлдауға болмайды. ... кірме сөздерді қазақ лексикасының бір қабаты деп тану керек», – дейді ғалым. Бұл пікір ұсынылған жаңа сөздің қолданысқа қажетсіздігінің, олардың семантикалық сәйкессіздігінің себептерін тануға, жалған жаңа сөздер жасалуының тоқталуына тіреу бола алады [4].

Профессор Ә.Қайдар: «Термин (атау) шығармашылығында ана тіліміздің өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланудың орнына термин жасаудың оңай жолы – шет тіл элементтерін қабылдауға көбірек көңіл бөлуден кірме терминдердің көбейіп, ана тіліміздің ұлттық ерекшеліктерімен табиғатына нұқсан келе бастады. Мұндай жағдайдың дами түсуіне бүгінге дейінгі қалыптасқан мына фактор себеп болып отыр: тілімізге күн санап, апта санап (соңғы кезде шығып жатқан әр түрлі пәндердің сөздігі арқылы да) еніп жатқан жүздеген, мыңдаған терминдік ұғымдардың барлығы бір орталықтан, яғни «донор – тіл» деп аталатын орыс тілінен ғана еніп, жаңа терминдер тек соның негізінде жасалып қабылдануынан сақтану керек», – дейді. Сондай-ақ: «Ана тіліміздің өз мүмкіншілігінен пайдаланып, ғылыми атау – термин жасауға болатындығын іс жүзінде өз іс-өнегесімен дәлелдеген Ахмет Байтұрсынұлы мен оның біраз замандастары болды. Ақырында оның өзі кетіп, жаңадан жасаған бастауыш, баяндауыш, есімше, көсемше, демеу, үстеу сияқты тағы басқа жүздеген терминдері ұрпаққа замана естелігі болып артында қалды, оларды әлі де пайдаланып жүрміз», – деген пікірімен ғалымның өнегелі еңбектерінен айшықтай түседі [5; 6].

Сондай-ақ профессор Б.Момынова қоғам мен саясатты танытатын сөздердің құ-

рамы тұрақсыз, кезеңдік сипатты, яғни әрбір тарихи кезеңнің қоғамдық-саяси сөздерінің құрамы алдыңғы немесе кейінгі кезеңге қарағанда ерекше болып отырады. Өйткені қоғам мен саясатты танытатын сөздердің бірі қолданысқа енді ғана енсе, кейбірі қолданыстан шығып қалады; тағы бірі тарихи сөздерге айналып, көнеленеді; ал кейбірінің, керісінше, мағыналық жаңғыруларының арқасында қолданыс жиілігі артады. Осы құбылыстардың себебін, түп-негізін үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын қоғам мен қоғамдық қатынастардан, өзгеріп жататын өмірден іздеген жөн [7] деп көрсетсе, зерттеуші Б.Қарағұлова сөз мағынасында болып жатқан өзгерістер – тілдің үнемі даму үстінде екендігін дәлелдейтін фактілердің бірі [8] деген тұжырым жасайды.

Көптеген зерттеушілер тілімізде пайда болған жаңа қолданыстар мен тілдік жаңартпаларды ажыратудың мынандай белгілерін атап көрсетеді: уақыт өту барысында сөз жаңашылдығының сақталу-сақталмауы; авторының болу-болмауы; контекспен байланыстылығы; әдеби тілге ену-енбеуі; сөздің қандай мақсатпен туындап отырғанын ескеру [9].

Сонымен қатар жаңа қолданыстарды зерттеуші ғалымдардың бірі – Қ.Қадырқұлов неологизмдерді жаңа сөз және жаңа сөз қолданыстар деп екі топқа бөледі. Бұндағы «жаңа сөздер дегеніміз – жаңа мазмұн мен жаңа формада тілімізге басқа тілден өзгеріссіз не дыбыстық өзгерістерге ұшырап енген сөздер. Жаңа сөз қолданыстар дегеніміз – жаңа мазмұны мен ескі формада немесе ескі мазмұн мен жаңа формада, басқа тілден енген сөздердің жаңаша қолданысқа түсуі» – десе, ал жеке автордың қолданысында пайда болатын сөздерге «...жаңалық сипат беру шамалы, өйткені ол сөз контекстен тыс ешқашан қолданылмауы мүмкін», – дейді [10].

Қазақ тіл білімінде лексикалық және семантикалық неологизмдер деп екіге бөліп қарастырылады. Лексикалық жаңа атаулар дегеніміз – халықтың ұғымында бұрын-соңды болмаған ұғыммен байланысты атаулар, ал семантикалық жаңа атауларға бұрын тілімізде болған, кейін тілдік қолданыстан шығып қалып, сосын қайта жаңғырған атаулар жатады. Бұл тілде заңды құбылыс болып табылады. Тілдің белгілі бір кезеңінде кейбір сөздер пассив қабатқа еніп жатса, екінші даму кезеңінде керісінше тілімізде қайта қолданылып жатады. Семантикалық неологизмдер негізінен сөздің ішкі семантикалық деривациясы нәтижесінде пайда болады. Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуынан, яғни сөз мағынасының тарылуы қандай да бір мағынаны айырықшалап көрсету мақсатынан туындайды. Семантика-морфологиялық тәсілмен жаңа қолданыстар жасалғанда, оған жаңа мағына үстейтін қосымшалар жалғанады. Қазір қазақ тілінің қарқынды дамып, төл сөздеріміздің тілімізге қайта оралып жатқан кезеңі. Салалық терминология да лексикалық қордың басқа стильдік топтарының құрамындағы атаулар тәрізді жаңа сөздермен толығып немесе терминдік мәннен ажырап, қолданыстан шығып қалып отырады. Бұл саладағы терминдер құрамында да сөздердің архаизмденуі және неологизмдердің пайда болуы – әдеткі құбылыс.

Семантикалық неологизмдер қатарына жататын сөздерге алуан түрлі тарихи-саяси және әлеуметтік оқиғалар, бұларға берілген әрқилы бағалар мен қоғамдық пікірлер түрткі болады. Ерте кезде адамдар арасындағы қатынасты жүйелі түрде жүргізуші, әділет нормасын сақтап қорғаушы, қылмыстыға жазалау үкімін шығаратындар билер болғандығы белгілі, одан кейін би атауы байырғы сөздер құрамына енді де, кейін келе жаңғырып *алқа би* (присяжный заседатель), *алқа биге үміткер* (кандидат в присяжные заседатели), *билер алқасы* (коллегия заседателей), *алқабилер соты* (суд присяжных) т.б. тәрізді тіркестер құрамында қолданыс тауып отыр.

Тілімізде қайта оралып қолданыста жүрген байырғы сөздерді біз қарастырып отырған салаларда көптеп кездестіруге болады. Қазақ халқында ежелден-ақ ел басқару, билік, іс жүргізу, сот жүйесі болған, осыған орай тілімізде аталмыш салалардың терминдері біршама орнығып қалыптасқан. Әсіресе қылмыстық құқықта жиі кездесетін *кепілпұл, кепіл, тінту, сұрқия, тіміскі* сөздері құқық қорғау саласының термині ретінде қайта жаңғырды. *Құрылтай, құрылтайшы, бітімгер, ениілес, алқа* сөздері есімізге хандық дәуір кезеңін түсіруі мүмкін, бірақ аталған сөздер қазір құжаттық іс жүргізу, құқық қорғау саласында белсенді қолданылуда. Осы ретте құрамында *ениілес* сөзі бар *ениілес ұйым* (дочерняя организация) тіркес терминінің алғашқы «дочерняя» ұғымын басты ұйымнан жеке бөлініп шыққан, бірақ сол ұйымның мүддесіне қызмет ететін ұйымның сипаттық белгісін ұлттық реңкте, ұлттық мазмұнда берудің ұтымды да ұғынықты үлгісі *ениілес* терминінің қолданылуында болып тұр. Сонымен қатар құқық қорғау саласында *тұрақсыздық айыбы* немесе *тұрақсыздық айыппұлы* деген жарыса қолданылатын термин жиі кездеседі. Мұны *штраф, пеня* тәрізді қолданыстардың қатарындағы мағыналас тіркеске жатқызатын болсақ, онда *штраф – айыппұл, пеня – өсімақы, неустойка* – бір сөзбен айтылатын, осы сипаттағы норманы да беретін *айыпақы* деген атауға сұранып тұрғандығы анық [11].

Соңғы жылдары біз қарастырып отырған салаларға қатысты қайта жаңғыра отырып қолданысқа енген төмендегідей атауларды көрсетуге болады: (Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құрастырғандар: Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан, Г.Әлімбек, Г.Мамырбекова, Д.Боранбаев. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 бет): *аманат* (наказ); *ауани* (виртуальный); *ахлақ* (мораль); *әлеумет* (социум); *әпсана* (легенда; быль); *батпан* (балласт); *баянат* (рапорт); *елтітпе* (гашиш); *ғұмырнама* (библиография); *дәуірнама* (эпопея); *дода* (соревнование); *дүмбіләнім* (полуфабрикат); *дүнияуи әңгіме* (мирская беседа); *дүрегей, будан* (метис, гибрид); *жамағат* (община, публика); *жанкешти* (камикадзе); *жауһар* (шедевр); *жәдігер* (экспонат); *зайырлы* (светский); *зияпат* (банкет); *зиярат* (паломничество); *исламият* (исламизм); *керімдәрі* (перец чили); *кібісе жыл* (високосный год); *кіріптарлық* (кабала); *қоржын* (портфель); *бюджет қоржыны* (бюджетный портфель); *құндақ* (футляр); *лыта* (купальник); *мүкәммәл* (инвентарь); *пәрмен* (команда);

*пәтуа* (консенсус, фетва); *расытхана* (обсерватория); *саябан* (балдахин); *тәлімбақ* (питомник); *тәмсіл* (притча); *уәж* (мотив); *уәждеу* (мотивировать, мотивировка); *уәждеме* (мотивация, мотивировка); *уәждендірім* (мотивировка); *уәжтану* (мотивология); *уәжденім* (мотивировка); *уәжділік* (мотивированность) және т.б.

Сонымен қатар *құзау хат* (ходатайство) – мемлекеттік ұйымға немесе тиісті құзіреттегі қоғамдық ұйымға жолданған ресми өтініш немесе ұсынба; 2) сот өндірісінде іске қатысушының тергеу өндірісі немесе кез келген қылмыстық іс бойынша шешім шығарған соттың әрекеттері жөнінде іс жүргізуші органдарға немесе басшы тұлғаларға ауызша немесе жазбаша өтініш жасауы; *мемлекеттік табиғи қаумал* (государственный природный заказник) – мемлекеттік табиғи-қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтауға және молықтыруға арналған шаруашылық қызметтің тапсырыстық режимі немесе реттелмелі режимі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ; *дүлей зілзала* – төтенше жағдайдың пайда болуына әкеліп соққан зілзала; *құрсақ ана* (суррогат ана) – донорлық эмбрион ендіріліп, нәресте көтеретін әйел; *бәсең сайлау құқығы* (пассивное избирательное право) – ҚР азаматтарының ҚР Президент, ҚР Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін – өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы тәрізді ұтымды берілген қолданыстар бар.

Көп уақыттан бері түркі әлемінде қолданылып келе жатқан атаулардың бірі – бас атауына байланысты. Бұл атауды барлық дәуірлерден кездестіреміз, яғни *бас* – әр нәрсенің басы, адам баласы аса құрметтейтін мүшелерінің бірі, бастыққа байланысты сөздің компонентін құраушы негізгі атау. Бұл қосымша атау ретінде қолданып, күрделі атауларды жасайтын суффиксоидқа айналған сөз. Мысалы: *елбасы* (глава государства) – тұтас бір елді басқарушы, президент; *қалабасы* (мэр/глава города) – белгілі бір қалалық елді мекен басшысы; *көшебасы* – белгілі бір елді мекенде орналасқан әрбір көшенің үлкені, басшысы, ұйымдастырушысы (Шелек өңірінде кеңінен қолданылады); *базарбасы* – қала жағдайындағы жәрмеңкелердің, базарлардың әкімшісі, солардың бастығы. Сондай-ақ *жасақ* сөзі де байырғы атауларға жатады, қайтадан жаңғыртудың нәтижесінде қазір *жасақ* (отряд), *жасақшы* (дружинник) деген қолданыстар бар.

Терминдерді ұлттық реңкпен ұштастырып, баламалық сипатта қолданудың мысалдарына сонымен қатар *төре* көне атауын да айтуға болады, яғни бұл сөздің негізінде *төреші* (арбитр), *төрелік сот* (арбитражный суд) деген жаңа қолданыстар қалыптасты. Жаңа терминдік мағынаға ие болған байырғы элементтердің жаңа қолданыс ретінде танылуы мағыналарындағы өзгерістерге байланысты болса керек. Сонымен байырғы атаулар тарихи өзгеріп отыратын лексика-семантикалық құбылыс екендігін көреміз. Ғылым мен техникадағы, өнер мен мәдениет, қоғамдық-әлеуметтік өмір, әдебиет саласындағы күнделікті туындап отырған өзгерістер лексикаға сөзсіз ықпалын тигізіп отырады. Өткен дәуірлерде болған кейбір наным-сенімдер, әдет-

ғұрыптар, ескі ұғымдар, үй мүлкі, шаруашылық бұйымдары халық тұрмысының дамуына байланысты азайып, қолданудан шығып қалатындығы жөнінде жоғарыда тоқталдық. Бұлар белгілі бір дәуірдің, тарихи кезеңнің тілдегі көрінісі ретінде жұмсалуды мүмкін. Сол сияқты олардың кейбірі жана ұғымдардың келуімен байланысты жаңарып қолданылуы да мүмкін. Бұрынғы атаулары ескіріп, кейін басқа атаулармен өзгертіліп беріліп жүрген заттар мен құбылыстар бар, бұл тілдік құбылыстың себебін санадағы өзгерістермен, санадағы жаңғырумен байланыстырамыз.

Қазіргі кезде қолданысқа қайта енген *әкім* сөзі де осыған дәлел. Бұл сөз араб тілінен енген: *әкім* – 1) басқарушы, губернатор, бастық; 2) ауыс, үстемдік етуші, билеуші; 3) судья, арбитр. Бұл сөз кеңес дәуірінде атқарушы органдардың атаулары өзгергенде қолданыстан шығып қалған еді. Кейін егемендікке қол жеткізудің нәтижесінде еліміздің аумақтық-әкімшілік атқарушы органдарын білдіретін құқықтық ұғымды осы *әкім* сөзі білдіретін болды: *облыс әкімі, аудан әкімі, қала әкімі*. Бұл сөз тілімізде бұрынғы мағынасын дәлме-дәл қайталамайды: оның қазіргі мәні бастапқыдан әлдеқайда күрделі. Сондықтан ол енді ел басқарудың мүлдем басқа сападағы түрін, жергілікті жерлердегі тармағын білдіретін қоғамдық-саяси термин болып саналады.

Сонымен, тілдік жаңа қолданыстар мен жаңартпалардың анықтағыш белгілерін төмендегідей көрсетуге болады: уақытқа, яғни белгілі бір кезеңге, дәуірге қатыстылығы; тілімізде бұрын болмауы, яғни басқа тілден ену сипаттылығы; жаңа мазмұн мен жаңа түр-тұлғаны (форманы) иеленуі; тілімізде жиі қолданылатын сөздер (актив сөздер) қатарына енуі.

Осылардың негізінде қазіргі тілдік жаңа қолданыстар мен жаңартпаларды зерттеуде екі бағытты көруге болады: 1) тілдің сөздік құрамының жаңалану ерекшелігін зерттеу; 2) тілдік жаңа қолданыстар мен жаңартпаларды лексикалық-танбалау жағдайына қатысты мәселені анықтау және зерттеу. Біздің тілдік жаңа қолданыстар мен жаңартпаларды қарастыруымыз барлық деңгейлерді қамтитын тіл құбылысы екенін түсінуге әкелді, осыған байланысты неологизация (жаңалану) үдерісін тіл жүйесіндегі деңгейаралық байланыстар аспектісінде де қарастыру қажеттігі туындайды. Бұл жағдайда жалпы тіл жүйесінің жаңа құбылыстары туралы ғылым ретінде неология терминін кеңірек түсінуге болады. Бұл тәсіл неологиялық ғылымды дамытудың жаңа жолын – тілге деңгейаралық көзқарас объектісі ретінде неологизмді зерттеуді қалыптастыруға ықпал етеді.

Аталған ғылыми еңбектердің барлығында дерлік қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың табиғатына қатысты жасалған тұжырымдар бойынша: қоғам өміріндегі жаңғырулар лексикалық құрамды әрдайым жаңа тілдік бірліктермен толықтырып отырады, сондықтан қазақ тілтанамында неология мен неография саласын, әсіресе тілге толассыз енген (және еніп жатқан) жаңа тілдік бірліктердің кодталуын теориялық-практикалық тұрғыдан қарқынды дамыту маңызды болып отыр. Осы салалар-

дың кешенді түрде қолға алынуы терминология және терминография, аударма және әлеуметтік лингвистика, лексикология мен сөз семантикасы, әдеби тілдің функционалды стильдерінің қазіргі сипаты, орта мектептерде білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жандандыру бағыттарындағы зерттеулерді толықтыратыны, ең бастысы – қазақ неологикасы мен неографиясының қалыптасуына жол ашатыны сөзсіз [4].

*Мақала ЖТН: АР19679140 «Түркі әлемінің» қазақ және түрік тілдеріндегі лингвокогнитивтік негіздері мен терминдену үдерістерін салыстырмалы зерттеу» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.*

### **Әдебиет:**

1. Васильева Г.М. Лингвокультурологические аспекты русской неологии. – М., 2001.
2. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынов (Өмірі мен қызметі туралы) // Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 8-30.
3. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.
4. Алдашева Қ. Қазақ тіл біліміндегі жаңа сөздердің зерттелуі және жүйеленуі. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2018-09-25 09:17:15 20539
5. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 43 б.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
7. Момынова Б. Қоғамдық-саяси лексиканың түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2004. – 110 б.
8. Қарағұлова Б. Сөз мағынасындағы өзгерістердің болу себептері. // «С. Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты конференция жинағы. – Алматы, 2004. – 247 б.
9. Еспекова Л. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Фил. ғыл. канд. ...авторфераты. – Алматы, 1998. – 30 б.
10. Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар. Филол. ғыл. канд. ...дис. – Алматы, 1995. – 113 б.
11. Айымбетов М. Заң лингвистикасы және терминдер. Астана. 2017.

**Н.Шүленбаев**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі  
Қазақстан*

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕНУ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ЛИНГВОӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕРІ**

**Андатпа.** Тілден жалпыхалықтық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктер де көрініс тауып отырады. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар тіл тұтынушыны да тәрбиелейді, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, көзқарасын нақтылайды. Әр халық өзінің мәдени, тарихи даму кезеңінде, қоршаған ортамен тығыз байланыста ғалам туралы білімін сақтап, жинақтайды, вербалды сана, тіл арқылы ерекше ұлттық мәдени кодты ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп мирас етеді. Терминдерді лингвоәлеуметтік тұрғыдан зерттеу арқылы белгілі бір мәдениет өкілінің этногилдік санасының ішкі әлемін көріп, түсінуге болады.

Белгілі бір этногилдік қауымдастықтың мәдениеті, білімі білімі мен тәжірибесі тілде көрініп, ділін қалыптастырады. Білім қоры тіл мағынасында көрініс тауып, белгілі бір тілдік қауымның ұлттық мәдени тәжірибесін көрсетеді. Сол себепті дүниенің тілдік бейнесінен дүниетанымның ұлттық ерекшеліктері көрінеді. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда лексиканың орны ерекше, өткені тілдің сөздік қорында ұлттық дүниетаным жатады. Қазақ тіліндегі салалық терминдерді лингвоәлеуметтік парадигма негізінде талдау арқылы тілді білімді игерудің құралы ретінде сипаттауға болады. Сол арқылы адам санасының, ойы мен танымының құрылымы бейнеленеді, болмыс туралы білімнің қалай берілетіні, өзіндік ерекшелігі айқындалады. Лингвоәлеуметтік зерттеулер тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді

**Тірек сөздер:** термин, терминтаным, лингвоәлеуметтік, қазақ тілі, терминдену, терминжасам принциптері.

**Abstract.** Along with national values, national worldview features are reflected in the language. In addition to depicting the world and culture, the language also educates the user of the language, specifying his traditions, worldview, language, national character and worldview. Each nation preserves and accumulates knowledge about the universe during the period of its cultural and historical development, in close contact with the environment, passes on from generation to generation a unique national cultural code through speech consciousness and language. It is possible to see and understand the inner world of the ethnolinguistic consciousness of a representative of a certain culture by studying terms

from a linguosociological point of view. The culture, knowledge and experience of a certain ethnolinguistic community are reflected in the language and form its language.

The knowledge base is reflected in the meaning of the language and reflects the national and cultural experience of a certain linguistic community. That is why national features of the worldview are reflected in the linguistic picture of the world. Vocabulary occupies a special place in the formation of the linguistic picture of the world, and national ethnology is part of the vocabulary of the past language. Language can be characterized as a means of acquiring knowledge by analyzing industry terms in the Kazakh language based on the linguosocial paradigm. Through it, the structure of human consciousness, thoughts and cognition, methods of transmitting knowledge about existence are depicted, and their uniqueness is determined. Linguistic research allows us to describe language categories and their structures in a new way, taking into account the function of language as a carrier and keeper of knowledge about true existence.

**Keywords:** term, terminology, linguosocial, Kazakh language, terminization, principles of terminology.

**Аннотация.** В статье рассматриваются лингвокультурологический характер процессов терминологизации, особенности употребления новых терминов в национальном языке. Антропоцентрическая тенденция в развитии современной научной мысли определяет актуальность лингвистических исследований, посвященных национально-культурной специфике языка. Такой подход к изучению и описанию языка предполагает обращение к человеку как к национально-языковой личности, вобравшей в себя особенности национальной культуры и менталитета. Актуальность национально-культурного аспекта языкового содержания также определяет направление описания языка как предмета обучения. В последние годы в целях повышения эффективности обучения казахскому языку сформирован принципиально новый подход, при котором характеристика языка осуществляется в направлении изучения особенностей национального мышления и национальной культуры носителей языка. Данное обстоятельство оказало наибольшее влияние на языковое пространство средств массовой информации, художественной литературы и речевого дискурса, которое является наиболее активной средой. Начало использования в иной среде оказывает существенное влияние на терминологическое значение языковой единицы и служит основой для формирования новых закономерностей этих единиц. Анализ упомянутого и отображение его данными определяет актуальность проблемы, взятой в качестве объекта. Актуальность изучения терминологии, терминологических процессов и т.д. обусловлена и информационным взрывом – стремительным увеличением потоков научной и производственной информации.

**Ключевые слова:** терминология, новые словоупотребления, инновации, семантические неологизмы, процессы терминологизации



Тілден жалпыхалықтық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктер де көрініс тауып отырады. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар тіл тұтынушыны да тәрбиелейді, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын, көзқарасын нақтылайды. Әр халық өзінің мәдени, тарихи даму кезеңінде, қоршаған ортамен тығыз байланыста ғалам туралы білімін сақтап, жинақтайды, вербалды сана, тіл арқылы ерекше ұлттық мәдени кодты ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп мирас етеді. Терминдерді лингвоәлеуметтік тұрғыдан зерттеу арқылы белгілі бір мәдениет өкілінің этнотілдік санасының ішкі әлемін көріп, түсінуге болады.

Белгілі бір этнотілдік қауымдастықтың мәдениеті, білімі білімі мен тәжірибесі тілде көрініп, ділін қалыптастырады. Білім қоры тіл мағынасында көрініс тауып, белгілі бір тілдік қауымның ұлттық мәдени тәжірибесін көрсетеді. Сол себепті дүниенің тілдік бейнесінен дүниетанымның ұлттық ерекшеліктері көрінеді. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда лексиканың орны ерекше, өткені тілдің сөздік қорында ұлттық дүниетаным жатады. Қазақ тіліндегі салалық терминдерді лингвоәлеуметтік парадигма негізінде талдау арқылы тілді білімді игерудің құралы ретінде сипаттауға болады. Сол арқылы адам санасының, ойы мен танымының құрылымы бейнеленеді, болмыс туралы білімнің қалай берілетіні, өзіндік ерекшелігі айқындалады. Лингвоәлеуметтік зерттеулер тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді.

Әдетте ұлттық болмысты білдіретін терминдер тілдік қолданысқа түсуі үшін, ол сөз ұлттық болмысты, дүниетаным мен ұғымды білдіре отырып, терминжасамда тілдің ішкі мүмкіндігін пайдалану қағидаты арқылы жасалуы қажет. Мысалы, соңғы жылдары *тінтуір (мышка)*, *сымсыз тінтуір (безпроводная мышка)*, *сақтағыш (флешка)*, *бума (папка)*, *пернетақта (клавиатура)* сөздер сәтті жасалған терминдер саналса да жиі қолданыс таба алмай отыр. Кірме сөзге жаңа төл сөзнұсқа жасау үшін ұлт тілі мен ұлт рухының сәтті тоғысуын жолға қою қажет.

XX ғасыр басында өзге тілдік сөздерді қабылдауда мынадай тілдік принциптер көзделгені белгілі:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [1].

Қазақ тілінің өз мүмкіндігін сарқа пайдалану принципі арқылы терминжасам үлгісі XIX ғасырда да көрініс тапқан. Р. Сыздық төңкеріске дейін сөздердің ерекшелігіне байланысты: «Қазақ қоғамы өміріне жаңадан еніп жатқан құбылыстар мен ұғымдардың атауын жасауда өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақ тілі өз мүмкіндігіне иек артқаны осы сөздіктерден біленеді. Мысалы, *аренда – өсім*; *банкир – сүтқор*, *өсім-*

*ші; работник – жұмыскер, малай; слуга – төленгіт, станция – қызыл үй, бекет; темница – қараңғы үй; хирург – сынықшы; художник – ұста, жамаушы; будка полицейского – қарауылышы үй; компания – ортақ; железная дорога, вагон, локомотив – отарба; пароход – отқайық; столетие – жүз жыл; подорожная – бедергі қағаз; баллатировка – тассалу, т.б. [2, 306].*

Тіл адамның қоршаған орта туралы әсерін жинақтаумен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтың ұжымдық, этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Тіл – жетілген таңбалар жүйесі, сананы объективтендіретін құрал болып табылады. С. Исаев: «Тіл – қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралы. Осы себептен де, ол бір жағынан, ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен тікелей байланысты және қоғамдық өмірде белгілі бір қызметтер (коммуникативтік, эстетикалық-экспрессивтік, т.б.) атқарады. Тіл, ең алдымен, ойды жарыққа шығарып, жетілдірудің құралы болу арқылы ойлаумен тікелей байланысты. Сондықтан тілдің негізгі единицалары ойлаудың басты категорияларымен сәйкес келіп жатады. Мысалы, сөз ұғымды білдіріп, соның тілдік көрсеткіші болса, ойды білдірудің бірден бір-тілдік көрінісі сөйлем болып табылады. Сондай-ақ тілдік единицалардың бұдан басқа да өзіндік мәндері, атқаратын қызметтері бар. Міне, қасиеттері арқылы тіл айналадағы дүние, объективтік шындық туралы адамның санасын қалыптастырады, оларды есте сақтауға негіз болады», – деп жазады [3, 4].

Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуге бағытталады. Тіл – сөйлеушінің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық тілдің, мәдениеттің негізі. Тіл мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Белгілі бір этникалық және мәдени қауымдастықтың өкілі ретіндегі жеке адамның ойлауы тілге байланысты болады. Тіл тағдыры мен этнос тағдыры өзара тығыз байланысты.

Ақиқат болмысты түйсіну нәтижесінде жинақталған білімдер жиынтығы тілде көрініс табады. Дүниенің тілдік бейнесі негізінен субъективті сипатта болады, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымды көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Белгілі бір этнотілдік қауымдастықтың мәдениеті, білімі білімі мен тәжірибесі тілде көрініп, ділін қалыптастырады. Білім қоры тіл мағынасында көрініс тауып, белгілі бір тілдік қауымның ұлттық мәдени тәжірибесін көрсетеді. Сол себепті дүниенің тілдік бейнесінен дүниетанымның ұлттық ерекшеліктері көрінеді. Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда лексиканың орны ерекше, өткені тілдің сөздік қорында ұлттық дүниетаным жатады. Қазақ тіліндегі салалық терминдерді лингвоәлеуметтік парадигма негізінде талдау арқылы тілді білімді игерудің құралы ретінде сипаттауға болады. Сол арқылы адам санасының, ойы мен танымының құрылымы бейнеленеді, болмыс туралы білімнің қалай берілетіні, өзіндік ерекшелі-

гі айқындалады. Лингвоәлеуметтік зерттеулер тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді.

Р. Сыздық жаңа сөздерге «тілдегі жаңалықтар» немесе «тілдік жаңалық» деген нақты атау береді. Тілдегі жаңалықтарды номинация, терминология, аударма, сөз-жасам және сөз мәдениеті салаларымен тығыз байланыста қарау, талдау керектігін көрсетеді. Ғалымның пікірі бойынша тілдегі жаңа қолданыстарды ең алдымен «неологизм», «аэлогизм» және «неолексизм» қатарларына топтастырып барып талдау керек. Зерттеушінің неологизм деп танығандары қосымшалар арқылы (*өтіл, салымшы, ауысым*), сөз біріктіру жолымен (*орамжапырақ, тұсаукесер, ақуыз*), сөз тіркестіру арқылы (*атаулы көмек, тұтыну қоржыны*), сөз мағынасының ауысуы (*желі, қарымта кездесу, еншілес кәсіпорын*) арқылы жасалған, қазақтың төл сөздері негіз болған жаңа бірліктер болса, аэлогизм қатарын құрайтындары – байырғы сөздердің жаңа мағынаны иеленуі (*көзқаман*), ал неолексизм – сирек қолданыстағы, қазіргі нормативті сөздіктерге енгізілмеген, «қайта тірілген» сөздердің жаңа мағынаға ие болуы (*егемен, орынтақ, үйқамақ*) [4].

Лексика-семантикалық жолмен терминжасау – сөз мағынасының өзі атайтын ұғыммен сәйкес келуі. Яғни кірме сөзге жаңа төл сөзнұсқа жасау үшін ұлт тілі мен ұлт рухының сәтті тоғысуы жүзеге асуы қажет. Ал сол терминдер тілдік қолданысқа түсуі үшін, ол сөз ұлттық болмысты, дүниетаным мен ұғымды білдіре отырып, тілдің ішкі мүмкіндігін пайдалану қағидаты арқылы жасалуы керек. Мысалы, соңғы жылдары *тінтуір – мышка (2006, 2016, информатика, іс жүргізу), пернетақта – клавиатура (2006, информатика), курсор – меңзер (2021, информатика), сымсыз тінтуір (безпроводная мышка), сақтағыш (флешка), бума (папка)* сөздері сәтті жасалған терминдер саналса да, кейбірі Терминкомда бекітіліп, сөздіктерде берілсе де жиі қолданыс таба алмай отыр.

Ұлттық терминдерді қолдану үлес салмағының төмен деңгейде болуының, ұтымды жасалған терминдердің өзін күнделікті тілімізде жиі қолданбаудың себептері мыналар:

1. Жаңа бекітілген терминнің баспасөзде жарияланбауы, насихатталмауы.
2. Салалық терминологиялық өріс, орта орыс тілімен қоса ағылшын тілімен етене байланысып жатқандықтан, яғни сала қызметкерінің кірме сөзді қолдануды оңай деп есептеуі.
3. Көптеген салаларда әлі де болса орыстілді тұтынушы мамандардың үлес салмағының басымдығы.
5. Білім беру жүйесінде «аралас» мектептердің қызмет етуінде.
4. Жаңа салалық терминдер қолданылған салалық нұсқаулықтар, әдебиеттің аздығы.

Әдетте тілдің ішкі мүмкіндігін пайдаланып ұлттық термин жасаудың өзі екі түрде жүзеге асады:

1. Кірме сөзге тілімізден қажетті жаңа сәтті балама (*айтылым, жасалым, көпте-сім, мәндесім, қарсыласым, аттасым, әдістеме, буынтаным, тінтуір, сақтағыш, бума, пернетақта, өтіл, салымшы, ауысым, орамжапырақ, ақуыз, атаулы көмек, тұтыну қоржыны*) сөз жасалады.

2. Терминжасамда байырғы көнерген сөздерге (*құн, бәйге, тұсаукесер, жасақ, ай-дауыл, қарауыл, алқабиді, шолғыншы, құжат, кеден, желі, қарымта кездесу, еншілес кәсіпорын, көзқаман, егемен, орынтақ, ұйқаламақ*) жаңа терминдік мағына үстеу (жаңғырту), яғни сөз мағынасын кеңейту арқылы термин жасау жұмысы жүріп жатады.

Лингвоэлеуметтік бірліктер жайында Ж. Манкеева былай дейді: «Сөзжасамдық уәжге негіз болған тарихи түбір тектес лингвоэлеуметтік атаулар күнделікті БАҚ тілінде жаңғыру сипатындағы прагматикалық қолданыстарда жиі көрініс табады. Мысалы, *тұсаукесер, беташар, құрықтау, арыстар*, т.б. Олар ана тілінің қазынасының рухани мазмұнын ашып, оның қазіргі тілде жаңа сапада жалғасқан коммуникативтік қуаты мен қолданыстық әлеуетін көтеретін көне атаулардың уәждемесін беретін, мәдени құндылыққа ие болу ерекшелігін көрсететін мемлекеттік деңгейдегі бірегейлік, ұлттық деңгейдегі қызметінің өрісін кеңейтудің құралы саналады. Танымда жаңғырған жаңа қолданыстар ретінде БАҚ-та жиі қолданылып қалыптасқан, сөздіктерге де ене бастаған тарихи туынды атауларды көптеп кездестіруге болады: *ұлт көшбасшысы, елбасы, салауатты өмір, мәмлестер, билік, тәуелсіздік тұғыры, лаңкес, көші-қон*, т.б. Терминжасам үдерісінде кірме сөздің қазақша баламасын табу ісінде тілдің өз әлеуетін сарқа пайдалану қағидасын жүзеге асырудың арқауы іспетті қоғамдық-элеуметтік талапқа сай тарихи түбірлердің сөзжасамдық үрдісі көрініс табады. Мысалы, *сыбайлас, еншілес, көсемсөз, айтыскер, тәлімгер, төраға, тілашар, тұсаркесер, несие, кеден, нарық, зейнетақы*, т.б.» [5].

Кез келген тілдің сөздік қорына белгілі бір уақыт көлемінде (жыл бойы) жаңа сөздер еніп жатады. Бұл сөздерді жаңарту, жаңа қолданыстар және жаңа сөздер деп атау орын алған. Мұндай сөздерге А.З. Бисенғалы мынадай анықтамалар береді: **Неологизм** – ғылым мен техника дамуына байланысты қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық салаларда қалыптасқан жаңа ұғымдардың атаулары ретіндегі сөздер мен сөз тіркестері. **Инновация** (жаңартпалар) – қалыптасқан ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесіне сай ескіні өңдеп, жаңғырту. **Жаңа қолданыс** – тілдің өз әлеуеті негізінде ғылыми-техникалық, мәдени т.б. даму мен заман, қоғам жаңғыруына байланысты пайда болатын жаңа заттар мен құбылыстардың, жаңа танымдық ақпарат пен ұғымдардың атауын білдіретін жаңа сөз немесе сөз тіркесі [6].

Соңғы жылдары Терминком да ұлттық ұғымды дәл бере алатын терминдерді көптеп бекітті. Мысалы, *тұсаукесер – презентация (2000, экономика, іс жүргізу), перекресток – тоғысым, подрубрика – айдарша, забойник – тығындауыш, насадка – саптама, настил – төсем, обвал – опырылым, обойма – құрсама, обрешетка – торлама, подвой – телітуші, пойма – жайылма, замаска – жақпа, замес – илем, насечка – кертпе, засов – сұқпа, обшивка – қаптама, просадка – шөкпе, распор – керме, резак – кескіш, свод – тоғыспа, наем – жалдама, ганчар – көзеші, закуска – дәмтағам, свалка – күресін, курсор – меңзер, табель – тәбіл, каска – кәскі, артист – әртіс, т.б.*

Мерзімді баспасөздерде (газет-журнал) кездесетін терминдер де ұлттық ерекшелікті білдіріп тұруы қажет. Мысалы, *станса, пойыз, көлік дәлізі, борышкер, айыппұл, бұлтарнау, алқаби, тосынсый, үстемақы, құзырет, жүкқұжат, өтемақы, алпауыт, жолсілтеме, ахлақ, тінтуір, тәркілену, кәдесый, қарғын су, шеру, созбасым, аяқсу, қасбет, тосынсый, жолақы, отиашу, бұзаттау, алаяқтық, кеден дәлізі, берешек, жылыжай, жадынама, білімгер, т.б.* (Айқын газеті, 2024).

Кезінде белгілі журналист Сағатбек Медеубекұлы ұсынған терминдер де ұлттық ұғымға біршама сай келеді: *айтылым (номинация), сценарист (айташы), айтаман (ведущий, (жүргізуші емес), тұлғаттық (портреттік), халыққор (фольклор), сырашар (интервью, (сұхбат емес), айтарман (студия қонағы), айтын (ауызша пікір), жазын (жазбаша ой-пікір), айтым (ауызша сөзсаптау мәнері), жарлама (афиша), қосажар (комментарий), қосажаршы (комментатор), жәрдемер (суфлер), затындық (материалдық), лепес (реплика), жолақыр (валидатор), өтілет (стажировка), «стажер» (өтілмен), «безен» (дизайн), «безенші» (дизайнер), «безендіруші» (оформитель, «иллюстратор (дизайнер емес).* Автор *кептелек* сөзін орыстың *затор* сөзінің баламасы ретінде алуды, *пробка* сөзіне *тығын* нұсқасын қолдануды ұсынады. «*Ағын суда өткелек, керуен жолда кептелек бар*» деген мәтелді де мысалға алады [7]. Терминком *кептелек* сөзін «пробка на дорогах» (2008) тіркесінің баламасы ретінде бекітіпті.

Белгілі терминші ғалым Б.Қалиев кірме сөздерді қазақ тілінің заңдылығына икемдеп алуды да (*мысалы, пальто – пәлте, рельс – реліс, режим – режім, съезд – сиез, т.б.*) қолдай отырып: «Термин жасаудың тиімді тәсілдерінің бірі – уәжсіз тәсілмен термин жасау. Мұны көпшілік терминшілер біле де бермеуі мүмкін. Сондықтан болар, кейбіреулер уәжсіз тәсілмен термин жасай қалса (мәселен, *мәнбі – факт, ләтір – парафин, тініке – никель, ысырат – траектория т.б.* деген сияқты) «қазақта ондай сөздер жоқ» деген сөздерді желеу етіп, жаңа терминдерді қалыптастырып жіберудің орнына жөргегінде жатқанда-ақ оның басына су құйып тынады», – дейді. Негізінде *кеден, құжат* сөздерін де уәжсіз терминге жатқызуға болады. Десек те бұл сөздер тілімізге сіңіп, кең қолданыс тауып кетті. Терминком көптеген сөздерді (*грифинг-грифиң, сайдинг-сайдиң, паркинг-парқиң, табель-тәбіл, каска-кәскі, артист-әртіс, чиновник-шенеунік, нашатыр-мүсәтір, т.б.*) тілге икемдеп те бекітуде [8].

Көшедегі баннерде *куррьер-шабарман, курьерная служба-шабармандық қызмет, гостиница-мейманхана* ретінде беріліпті. «Курьер» сөзі Терминкомда *куррьер* болып бекітіліп (2016), кей сөздікте *куррьер, шабарман, байланысшы* (философия), кейбірінде *шабарман* (әскери іс, тарих) болып берілген. Терминком «гостиницаны» *қонақүй* нұсқасында бекіткен (2015). *Кей сөздікте «гостиница-қонақүй»* ретінде (сәулет, көлік) берілсе, кей сөздікте «гостиница» кірме сөзінің екі нұсқасы қатар, жарыспалы қолданыла бастаған. Мысалы, *гостиница – қонақүй, мейманхана (тұрмыстық қызмет), гостиничные театры – мейманханалық театрлар (мәдениет және өнер)*. Сөздерді жарыспалы нұсқада беру терминжасам принциптеріне қайшы келеді әрі тілтұтынушыны шатастырады.

Сөздіктегі (спорт) *ажютаж – дүрлігіс, акватория – суайдын, бесетка – сұхбат-хана, бомбардир – сұрмерген, бухта – айлақ, гонщик – шабандоз, дебют – ойынбасы, парашют – желкерме, пьедестал – мәретұғыр, клюшка – сырғытпатаяқ, коньки – сырғы, бита – соққытаяқ, тонус – межекуат, экскурсия – топсеруен, ядро – шар-болат, кресло – орынтақ* сөздері болашақта дұрыс насихаттай білсек, қолданысқа түсуі мүмкін. Бұл сөздіктегі кейбір сөздерді (*пешка-сарбаз, ферзь-уәзір, именной борец-нар балуан, фланг-қанат, жокей-атсейіс, размен-айырбас, армрестлинг-қолкүрес, берейтор-атбегі, вальтрап-сулық, виртуозность-қасиешерлік*) Терминком бекіткен де еді.

2020 жылдың 1-18 сәуірі аралығында «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми практикалық орталығы жариялаған «Қазақы терминдерді халық жасайды» атты республикалық конкурс онлайн түрде болып өтті. Оған мен де қатысып, мынадай терминдер ұсындым: класс (пед., тар., тех.)-жікше (жіктеме), проблема-түйткіл, проблемный вопрос-түйткіл мәселе, мотивация-түрткіжай, специфика-төлсипат, прессинг-тықсырыс (тықсырым), база-орынжай, гантель-батпантас, ядро-зілшар, экскурсия-топсеруен, бомбардир-сұрмерген, коньки-сырғы, клюшка-сырғытпатаяқ, палатка-шатыржай, фанат-әсірежанкүйер, каната-кермеарқан, гетры-сираққап, бронь1. – иеленім, бронь2. – брон, чат-ауызжазба, визитка-танысқы (есімхат), блогер-пікіргөй, батарея-қуатөзек (қуаткөз), субсидия-демқаржы, банкрот-ныспықалыс, банкротство-ныспықалу, касса1. – қаржыжай, касса2. – жиынқаржы, брифинг-лезжиын, декларация-жариятабыс, элемент-затқұрақ, *конструктор-құрылымдағыш, серия-топтама, модуль-мөдул, мотор-күштем, сервожетек-ермежетек, датчик-алғысезгі, камера-торқамақ, сенсор-сыртсезгі, аккумулятор-қуатқойма, авторлық блог-иелмендік блог, корректор-түзетуші, редактор-сарашы, фотограф-бейнегер, дизайн-әсемәр, арсенал-топхана, спам-қысасхат (зорымхат), фишинг-ақпартұтым, интернет-маркетинг-ғаламтор-саудасипат, автор-иелмен. Комиссия мүшесі, белгілі терминші ғалым Ш. Құрманбайұлы мен ұсынған брифинг-лезжиын, редактор-сарашы, дизайн-әсемәр, спам-қысасхат (зорымхат), автор-иелмен сөздеріне оң баға берді. Ал лезжиын (брифинг) сөзі бола-*

шақта Терминкомға бекітуге ұсынылатын терминдер тізіміне енсе, тықсырыс (прес-синг) сөзі үздік терминнің бірі саналды.

Терминжасамдағы негізгі қағидаттың бірі – туыс тілдерден термин алмасу. Біз соңғы жылдары түріктерден тек «ушак (ұшақ)» сөзін алдық деп айтамыз. Алайда тілдік қолданыста түрік пен қазаққа тән көптеген ортақ сөздерді кездестіруге болады: *egemen* (егемен), *faiz* (пайыз), *sinif* (сынып, класс), *özek* (өзек, ядро), *verecek* (қарыз, борыш), *ziyafet* (банкет, сияпат), *nazariye* (теория), *çeyrek final* (ширек финал), *veyanat* (мәлімдеме, декларация), *dershane* (дәрісхана), *kolektif* (ұжымдық, коллективтік), *kompleks* (кешен, жиынтық), *korуa* (көшірме), *sekreter* (секретарь, хатшы), *felsefe* (пәлсафа, философия), *bîtaraf* (бейтарап), т.б.

Жаңа сөздерді де басқа терминдер сияқты бірізді беру қажет. Терминдердің синонимділігіне, жарыспалылығына жол берілмейді. Олар тіл тұтынушыны шатастырады әрі жарыспалы жаңа сөз тілге сіңісіп кете алмайды. Терминқолданыста (сөздік, мерзімді баспасөз, жарнама, заңнамада) тек Терминком бекіткен сөзге артықшылық беру керек. Жаһанданудың белең алуы мен технологияның дамуына байланысты күн сайын еніп жатқан мыңдаған сөздерді де (*хайп, фидбэк, фандом, коллабрация, месседж, контент, кэшбек, драйв, пазл, пост*, т.б.) болашақта аудару қажет болады.

Ұғымға атау беруде белгілі бір заттың сан түрлі қасиеттеріне (сапасы, материалы, қызметі, қолданысы, оны қоршаған басқа заттарға, т.б.) барынша акцент беріледі. Ал жаңа бекітілген немесе сөздікке жаңа енген сөздерді қалың бұқара қолдануы не оның тілге сіңуі үшін сол сөзді мерзімді баспасөзде жариялап, халыққа насихаттап отыру қажет. Тек әлеумет тілінде жиі қолданылған сөз тілде қалыптасады, сіңіседі, мемлекеттік, әлеуметтік тілдік қолданыста айналымға түседі. Енді тілімізге еніп жатқан сала сөздіктерінің біріне «Орысша-қазақша, қазақша-орысша «Дене тәрбиесі және спорт» аударма сөздігіне (2014)» шолу жасап көрелік.

Аталған сөздік жасау барысында сөздікте бірілетін сөздер жалпы сөздік жасаушылар, сала мамандары талқысынан, терминком мүшесінің сарабынан өткен. Сөздік түзу барысында енгізілілген бірнеше сөздерден тұратын сөздерге келсек, сала мамандары ондай сөздердің күнделікті жаттығу барысында жастар да, ересектер де осы сөздерді жиі қолданатындығын, оларды енгізбесе, сөздіктің сапасы төмендейтіндігін айтты. Әрине, сала мамандарын да түсінуге болады, өйткені дене тәрбиесі пәнінің әр саласында жиі, күнделікті қолданып жүрген сөздерді сөздікке енгізбеу де зор қателік болар еді. Олардың айтуынша, мұндай сөздер (көбінесе гимнастика саласындағы командалар мен жаттығу түрлерінің атаулары) орыс тілінде де дәл солай, бірнеше сөздер байланысында қолданылады екен. Сөздік бұқара халыққа арналғанмен, спортпен күнделікті айналысатын жұртшылық та терминдерді түсінуі шарт емес пе. Сондықтан мұндай күнделікті жаттығу барысында қолданылатын сөздерді бірнеше сөзден тұрса да, мүмкін болса, сөздікке енгізуіміз қажет сияқты.

Бірнеше сөздерден тұратын атаулардың тағы бір тобы – отандық және халықара-лық спорт федерацияларының, спорт түрлері ұйымдарының, қауымдастықтарының атаулары. Оларды сөздікке кіргізбей тастау біздің тарапымыздан моральдық та, азаматтық та қателігіміз болар еді деп білемін. Ондай сөздер сөздік сапасын арттырма-са, кемітпейтіні хақ.

Сөздікке қойылған басты талаптардың бірі ондағы сөздерді жалпы халық түсіне-тіндей етіп беру, кей тұстарда ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық құндылықтарды көр-сету болды. Осыған орай, балуанға байланысты (мысалы, *төзімді балуан, шымыр балуан, арыс балуан, опырғыш балуан, зор балуан*, т.б.) сөздер, жебе түрлері (мы-салы, *сарнама жебе, сырлы жебе, әндіген жебе, қу жебе, істік жебе*, т.б.), ұлттық ойын атаулары (мысалы, «*Дүмпілдек*», «*Түйе мен бота*», «*Соқыртеке*», «*Етек-етек*», «*Салма ілу*», т.б.) енгізілді.

Сөздікке бұрынғы сөздікте берілген сөздермен қатар, соңғы жылдары жасалған немесе авторлар ұжымы ақылдаса отырып бекіткен сөздер көптеп енгізіліпті. Олар мынадай сөздер: *байдарка – қылқайық, батут – кермесеріппе, каната – кермеарқан, аптечка – дәріқобдиша, бруся – қоссырық, жердъ – сырғауыл, клюшка – сырғыт-патаяқ, коньки – сырғы, конькобежец – сырғыменжүгіруші, кольцо – шығыршық, сақина, перекладина – аспа, рюкзак – арқақоржын, гантел – батпантас, гиря – кір-тас, гриф – белтемір, штанга – зілтемір, штангист – зілтемірші, король – хан, конь – ат, ферзь – уәзір, слон – піл, пешка – сарбаз, ладья – кеме, акватория – суайдын, бесетка – сұхбатхана, бомбардир – сұрмерген, бухта – айлақ, гонщик – шабандоз, дебют – ойынбасы, парашют – желкерме, пьедестал – мәретұғыр, бита – соққы-таяқ, фанат – әсірежанкүйер, тонус – межеқуат, экскурсия – топсеруен, молот – шарбалға, ядро – шарболат, параметр – мөлшеркөрсеткі және т.б.*

Ал енді спорт саласында соңғы кездері ғана қолданыла бастаған, аталған сөздікке енген жаңа сөздер жайына біраз тоқталайын. Біраз сөздер сыртқы пішініне, жасалу материалына, атқарар қызметіне байланысты аталған. Ондай сөздерге *байдарка-қыл-қайық, батут – кермесеріппе, каната – кермеарқан, аптечка – дәріқобдиша, бруся – қоссырық, жердъ – сырғауыл, клюшка – сырғытпатаяқ, коньки – сырғы, кольцо – шығыршық, сақина, перекладина – аспа, рюкзак – арқақоржын, жолқоржын және т.б.* Бұлардың ішінде *коньки* сөзін алғаш *мұзсырғы* деп қабылдаған еді. Алайда ма-мандар келісе келе, қазіргі кезде конькидің бірнеше түрі пайда болғандығын әрі *сыр-ғы* сөзі *шаңғы* сөзімен бірізді болатынын ескеріп, *сырғы* сөзін қабылдады. Сонда *коньки-сырғы, конькобежец – сырғыменжүгіруші* болады.

Халқымыз заттың ауырлығын білдіру үшін «*зілдей екен, батпандай екен*» десе, ауызекі тілде және көркем әдебиеттерде *кір тасы* деген сөз де қолданады. Осыған орай, *гантел – батпантас, гиря – кіртас, гриф – белтемір, штанга – зілтемір, штан-гист – зілтемірші* ретінде берілді. Бұлардың ішіндегі *белтемір* сөзі біресе *турник*,



біреге *перекладина* және т.б. сөздердің аудармасы ретінде қолданылып жүрді. Жалпы *гриф* сөзінің мағынасы «екі затты қосатын, екі зат арасындағы темір» мағынасын беретіндіктен, оны мамандар *белтемір* деп беруді жөн көрді. Спорттық снарядтың (гантель, штанга, гирия) екі арасындағы темірі, шынында да, *белтемір* болса керек. Ал *турник* – *турник*, *перекладина* – *аспа* ретінде берілді. *Перекладина* сөзінің қазақша *базан*, *маңдайша* нұсқалары да бар.

Шахмат тастарының (фигураларының) біразын бұрыннан қазақша атап жүргеніміз белгілі. Енді шахмат тастары атауларының *король* – *хан*, *конь* – *ат*, *ферзь* – *уәзір*, *слон* – *піл* нұсқаларымен қатар, *пешка* – *сарбаз*, *ладья* – *кеме* нұсқаларын да атауды жөн көрді.

Сондай-ақ жаңадан қолданысқа ене бастаған *ажииотаж* – *дүрлігіс*, *акватория* – *суайдын*, *бесетка* – *сұхбатхана*, *бомбардир* – *сұрмерген*, *бухта* – *айлақ*, *гонцик* – *шабандоз*, *дебют* – *ойынбасы*, *парашюот* – *желкерме*, *пъедестал* – *мәретұғыр*, *клюшка* – *сырғытпатаяқ*, *бита* – *соққытаяқ*, *фанат* – *әсірежанкүйер*, *тонус* – *межежуат*, *экскурсия* – *топсеруен*, *ядро* – *шарболат* және т.б. сөздер берілді.

Сөздікте «трасса» сөзі алғаш *күрежол* деп берілген еді. Автокөлікке арналған жолды осылай (күрежол) атап жүргеніміз де белгілі. Алайда салалық ғалымдар, терминком мүшелері тарапынан жарыс өткізетін, әсіресе, шаңғы жарысжолын *трасса* деп қалдыруды ұсынды. Сонда «трасса» сөзі *трасса* күйінде қалып қойды. Бұл сөзден туындаған *трасса қоршауы* (*огражденные трассы*), *шаңғы трассасы* (*лыжная трасса*), *трасса инспекторы* (*инспектор трассы*) тіркестері алынды.

*Ядро* сөзінің екі нұсқасы берілді. *Ядро I-ядро*. *Ядро II-шарболат*. Екінші нұсқасы спорттың тікелей төл термині деуге болады. Бұл сөзді заттың басқа затқа ұқсастығына қарай алынды. *Ядро* – спорт снаряды, ал ол шарға ұқсайды әрі болаттан құйылған қатты зат. Бұл сөзбен қоса *шарболат лақтыру* (толкание ядра), *шарболат лақтыру қолғабы* (перчатка для толкания ядра) сынды тіркестер де берілді. Бұрын *балға* аталып келген спорттық снаряд енді *шарбалға* аталды. Оған қоса *шарбалға лақтыру* (*метание молота*), *шарбалға лақтыру қолғабы* (перчатка для толкания ядра) сынды тіркестер енгізілді. Бұл сөз де бір заттың басқа затқа ұқсас белгілері арқылы алынды.

*База* сөзінің тілімізде *негіз*, *база* сынды баламалары бары рас. Алайда «бір жерге орналасу», «бір орынға заттарды қою, орналастыру» мағыналарын еске ала отырып, сөздікке *орынжай* сөзін енгізуді ұйғарды. Бұл сөзбен қатар *есу орынжайы* (база гребная), *атспорт орынжайы* (база конноспортивная), *шаңғы орынжайы* (база лыжная), *спорттық орынжай* (база спортивная), *туристік орынжай* (база туристическая) тіркестері берілді. Осыған ұқсас *лагерь* сөзі *шатыржай* болып енгізілді. Мұнымен қатар *жаттығу шатыржайы* (лагерь тренировочный), *сауықтыру шатыржайы* (лагерь оздоровительный), *серуен шатыржай* (лагерь походный), *спорттық шатыржай* (лагерь спортивный), *туристік шатыржай* (лагерь туристический), *оқу шатыржайы* (лагерь учебный) сөз тіркестері де алынды.

Кезінде Терминком «атрибут» сөзін *төлсипат* ретінде бекіткен екен. Алайда ғалымдар «төлсипат» сөзін орыстың *специфика* сөзінің баламасы ретінде беруді ұсынды. Ал атрибут қазақша да *атрибут* ретінде берілді.

«Цикл» сөзін алғаш *айналым* деп алу ұсынылған болатын. Кейін келе қайтадан *цикл* ретінде қалдыру кеңесілді. Өйткені «айналым» сөзі орыстың *круг, оборот*, т.б. сөздерінің қазақша баламалары болып шықты. Осыған байланысты, *цикл гребка, цикл движений, цикл лыжного хода, цикл тренировочный, циклические движения, циклические упражнения, циклический метод, циклическость, циклограмма* сөздері тиісінше, *есу циклы, қимыл циклы, шаңғы жүріс циклы, жаттығу циклы, циклдық қимылдар, циклдық жаттығулар, циклдық әдіс, циклдылық, циклжазба* түрінде берілді.

Терминком отырысында кірме сөздерді беруде олардың түбірін сақтап беру жайлы ұсыныстар айтылды. Осыған орай, «олимпиадалық» тұлғасында қалыптасып келген сөз тіркестері *олимпиялық* болып берілді. Өйткені «олимп» деген сөздің мағынасының өзі ойын дегенді білдіреді екен. Мысалы, олимпиадалық ойындар – *олимпиялық ойындар*, олимпиадалық алау – *олимпиялық алау*, олимпиадалық ант – *олимпиялық ант*, олимпиадалық ту – *олимпиялық ту*, олимпиадалық эмблема – *олимпиялық эмблема* т.б. Санитарлық-эпидемиологиялық сөзі де *санитариялық-эпидемиялық, сауықтыру-рекреациондық* сөзі *сауықтыру-рекрециялық* болып берілді.

Сөздікте канат сөзі *арқан*, каната сөзі *кермеарқан*, батут сөзі *кормесериппе*, тросс сөзі *сымарқан* ретінде берілді.

Әрине, кез келген еңбек тәрізді бұл сөздіктің де өз кемшіліктері, артықшылықтары болары сөзсіз. Тіл – үнемі дамып отыратын құбылыс. Олай болса, тілге жаңа терминдер еніп отыратындығы да – заңды нәрсе. Енді бірер жылдар өткен соң бұл сөздік жаңаша қырынан, толыққан нұсқада қайта шығарылары сөзсіз.

Сөздік атауы жайында көпшілік қауымға айтар ұсыныс: сөздіктің атауын орыс тілінде «Физическая культура и спорт» ретінде беретін болсақ, қазақша атауын 2000 жылғы сөздіктегідей «Дене тәрбиесі және спорт» емес, «Дене мәдениеті және спорт» түрінде алуымыз қажет еді. Алайда, халық арасында *дене шынықтыру, дене тәрбиесі* тіркестері қалыптасып кеткені белгілі. Десек те, сөздерді дұрыс аударуымыз қажет тәрізді. Сонда физическая культура – *дене мәдениеті*, физическое воспитание – *дене тәрбиесі* болар еді. Ал біз жиі айтып, қолданып жүрген «дене шынықтырудың» дұрыс аудармасы *физическая закалка* болып шығады. Әрине, бұл – ұсыныс ретіндегі сөз.

Ұлттық терминдерді қолдану үлес салмағының төмен деңгейде болуының, ұтымды жасалған терминдердің өзін күнделікті тілімізде жиі қолданбаудың себептері мыналар:

1. Жаңа бекітілген терминнің баспасөзде жарияланбауы, насихатталмауы.

2. Салалық терминологиялық өріс орыс тілі мен қоса ағылшын тілімен етене байланысып жатқандықтан, яғни сала қызметкерінің кірме сөзді қолдануды оңай деп есептеуі.

3. Көптеген салаларда әлі де болса орыстілді тұтынушы мамандардың үлес салмағының басымдығы.

4. Жаңа салалық терминдер қолданылған салалық нұсқаулықтар, әдебиеттің аздығы.

Қорыта айтқанда, заманауи терминжасам үдерісінің өз ерекшеліктері, даму жолы, қағидаттары мен қиындықтары бар. Бір сөзді екінші тілге аудару барысында оның бірнеше нұсқасы пайда болады. Ол жарыспалыққа алып келеді. Кез келген істе кемшіліктер болатыны сөзсіз. Әлеумет тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, ұтымды жасалған, үндесімді, әуезді терминдерді өзі таңдап алары, жатсынбай қабылдары анық. Терминдерді талқылауға жалпы қоғам болып атсалысқанның еш артықтығы жоқ. Ол үшін талқыға түсер немесе жаңа қолданысқа түскен терминдерді күнделікті баспасөзден жариялап тұрған дұрыс. Олардың термин талабына нақ келетінін тауып, реттеп, біріздендіріп, жүйелеп, нормалап, тілге жолдама беру сала мамандары мен тілшілердің бірлесе, ынтымақтаса отырып істейтін азаматтық та абыройлы борышы.

Жаңа сөздерді де басқа терминдер сияқты бірізді беру қажет. Терминдердің синонимділігіне, жарыспалылығына жол берілмейді. Олар тіл тұтынушыны шатастырады әрі жарыспалы жаңа сөздер тілге сіңісіп кете алмайды. Терминқолданыста (сөздік, мерзімді баспасөз, жарнама, заңнамада) тек Терминком бекіткен сөзге артықшылық беру керек. Жаһанданудың белең алуы мен технологияның дамуына байланысты күн сайын еніп жатқан мыңдаған сөздерді де (*хайп, фидбэк, фандом, коллабрация, месседж, контент, кэшбек, драйв, пазл, пост*, т.б.) болашақта аудару қажет болады.

*Мақала ЖТН: АР19679140 «Түркі әлемінің» қазақ және түрік тілдеріндегі лингвокогнитивтік негіздері мен терминдену үдерістерін салыстырмалы зерттеу» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалды.*

#### Әдебиет:

1. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12 VIII. 1926.
2. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
3. Исаев С. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 бет.
4. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.

5. Манкеева Ж. Емле ережелерінде тарихи түбірлерді сақтау дәстүрлі ұстаным. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/59020>. 15 наурыз. 2021.

6. Бисенғали А. Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік даму жүйесі (газет лексикасы (1995-2015 жж.) негізінде): Философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2021. – 185 б.

7. Медеубекұлы С. Ұлы дала ұрпағы мәңгілікке өз тілімен жол тартса... Терминологиялық хабаршы №2 (50). 2015. 3-11 б.б.

8. Қалиев Б. Қазақша терминжасау мәселесі. Терминологиялық хабаршы №2 (50). 2015. 12-17 б.б.

### **Н.Рсалиева**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНДА ҚОЛДАНҒАН ӨЛЕҢ ЖОЛДАРЫНЫҢ АУДАРМАЛАРДА БЕРІЛУ ЖАЙЫ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада I. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының 1-кітабы «Алмас Қылыш» романында қолданған өлең жолдарының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларын жинақтап, оларды қазақ тіліндегі түпнұсқасымен салыстырдық. Үш тілдегі мәтінді салыстыру барысында түпнұсқа мен аудармалар арасындағы сәйкессіздік байқалды. Түпнұсқа мәтінінің мақсаты мен әсері аударма мәтіндеріне өтпеуінің лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары анықталды.

**Тірек сөздер:** лингвистикалық фактор, экстралингвистикалық фактор, рухани құндылық, аудармадағы компенсация, ырғақ, ұйқас.

**Abstract.** In this research paper, we have compiled Russian and English translations of the poetic lines used in the first book of I. Yesenberlin's trilogy «The Nomads, » the novel «Almas Kilysh». The translations were compared with the original Kazakh version. During the comparison of the texts in three languages, discrepancies between the original and the translations were identified. The linguistic and extralinguistic factors preventing the transfer of the original text's purpose and effect into the translated versions were determined.

**Keywords:** linguistic factors, extralinguistic factors, rhythm, rhyme, compensation in translation, cultural value.

**Аннотация.** В данной статье мы собрали переводы стихотворных строк, использованных в первой книге трилогии И. Есенберлина «Кочевники», романе «Алмас Қылыш», на русский и английский языки и сравнили их с казахским оригиналом. При сравнении текстов на трёх языках были выявлены несоответствия между оригиналом и переводами. Определены лингвистические и экстралингвистические факторы, препятствующие переносу цели и эффекта оригинального текста в переводные версии.

**Ключевые слова:** лингвистический фактор, экстралингвистический фактор, духовная ценность, компенсация в переводе, ритм, рифма.

Өлең жолдарының аудармасын талдау күрделі әрі шығармашылық процесс, себебі поэзияда тек мазмұн ғана емес, сонымен қатар, форма, ырғақ, ұйқас мәселелері және эмоция маңызды. Алайда, әдетте поэзияның аудармасында форма, ырғақ, ұйқас мәселелері аса маңызды бола бермейді, себебі, басты мақсат ретінде түпнұсқадағы мазмұнды, эмоция мен әсерді жеткізуге көбірек көңіл бөлінеді.

Өлең жолдарының аудармаларын зерттегенде бірнеше маңызды аспектілер ескерілу керек. Аудармада қолданылған сөздер мен құрылымдардың түпнұсқамен салыстырмалы талдауын, лексикалық, терминдік сәйкестіктер мен грамматикалық ерекшеліктерді зерттейтін *лексика-грамматикалық аспект*. Поэтикалық құрылым, ұйқас, ырғақ, метафоралар мен бейнелердің аудармадағы берілуін талдайтын, аударманың көркемдік құндылығын анықтайтын *көркемдік және стилистикалық аспект*. Аудармада ұлттық және мәдени элементтердің қалай берілгенін бағалайтын *мәдени контекст*. Түпнұсқадағы эмоциялардың аудармада қаншалықты сақталғанын немесе өзгергенін, аударманың оқырманға жеткізген эмоциялық әсерін зерттейтін *эмоциялық әсер аспектісі*. Аудармалардың «неге бұлай аударылды?» деген себебін түсіну үшін тілдік және тілдік емес (мәдени, тарихи, әлеуметтік, т.б.) факторларды зерделейтін *лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар*. Аударма процесі мен оның нәтижелеріне әсер ететін тарихи және саяси жағдайларды зерттейтін *тарихи және саяси контекст*. Бұған қоса, аударма мәтініндегі сәйкестік пен айырмашылықтарды түсіндіру үшін, әрине, аударма теорияларында қамтылған әдіс-тәсілдердің қолданысына талдау жа-сауға болады.

Біз осы зерттеуіміздің барысында І. Есенберлиннің «Алмас Қылыш» романында қолданған өлең жолдарының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда берілу жайын лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар тұрғысынан қарадық.

**1-кесте. Жәнібек ханның аңға шығып, Арғынаты құз-асуларына жеткен сәті (ескі қиссадан үзінді):**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 18 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.17	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.17
<p>Ұрпақтан ұрпақ қуып бізге жеткен Ежелден арғын атам қоныс тепкен Көк шалған, күміс бұлақ Арғынатым... Шықпайтын арманымсың көкіректен</p>	<p>Как самая дорогая на свете вещь дана ты нам в наследство, Прадед наш Аргын радовался твоей красе, Твоими изумрудными лугами с серебрянными нитьями ручьев Из века в век любовались аргыны, о гора Арғынаты</p>	<p>To us you are the most treasured legacy, Our great grandfather Argyn feasted his eyes on your beauty, Your emerald meadows threaded with silvery streams Have been admired over the centuries by the Argyns, O Argynaty Mountain!</p>

Осы түпнұсқасының жанына қатар қойылып отырған орыс және ағылшын тілдеріндегі өлең жолдарын салыстыра қарасаңыз, орысшада қазақ тіліндегі тақырып төңірегінде тым еркінсіп, оңды-солды көсіледі де, ағылшын тіліндегі нұсқада сол «бос сөзді» мейлінше орысшасына жақындатып аударуға тырысады. Орысшасы – аударма емес, «түзетіп қайта жазу», ал ағылшыншасы – сол «өңделген» жаңа туындының аудармасы. Түпнұсқаға мейлінше жақын жасалған аударманың орысшасы төмендегіше болар ма еді:

Поколение за поколением до нас дошло,  
С давних времен мой предок аргын здесь обосновался.  
О мой Арганаты, с зелеными лугами и серебряными ручьями...  
Ты мечта, что не покидает мое сердце.

Түпнұсқадан аударылған ағылшыншасы былай болар еді:

Passed down from generation to generation,  
Since ancient times, my ancestor Argyn made this his home.  
My Arganaty, with green meadows and silver streams...  
You are the dream that never leaves my heart.

Т. Жанұзақтың «Қазақстан географиялық атаулары, Алматы облысы» еңбегінде *Арғанаты* тау атауы, орысшасы Арғанаты. Ономаст ғалым бұл сөзге бірнеше нұсқада компоненттік талдау жасай келе, «Арғанаты атауының бірінші сыңарындағы арған (арқан, арқа) сөзін «тау қыраттары, сілемі, тізбегі» деген мағынада деп білеміз, ал екінші құрамдағы – ат қосымшасы көне түркі дәуіріне тән көптік жалғау көрсеткіші деудің реті бар» деген қорытынды жасайды. Есенберлиндегіше *арғын* эргонимімен байланыстырылмайды.

## 2-кесте. Асан Қайғы Әбілқайырханға Көкше теңіз маңы туралы:

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 35 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.32	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.33
Тас табаны төрт елі Атан жүрер жер екен, Төсегінен түңілген Адам жүрер жер екен.	<i>Лишь верблюд осилит эту пустыню в том случае, Если наросты на его коленях будут толщиной в четыре пальца. И на землю, о которой спрашиваешь, Можно посылать доживать свои дни лишь бесплодного старца!</i>	Only a camel will be able to cross this desert In case the excrescences on its knees are four fingers thick. And the land you are asking about is only good For an old barren man to live out his days!

Әр қатары 7 буыннан тұратын шағын ғана 4 жол өлең түсіндірмелер арқылы көп сөзге айналған. «*И на землю, о которой спрашиваешь*» деп, автордың (І. Есенберлиннің) прозада берген мағлұматы («– Асан ата, Көкше теңіз маңы қандай жер екен? Сайын ордасын көшіруге жарар ма? – деген Әбілқайыр ханның сөзіне Асан Қайғы: ...) да осы өлең жолдарының ішіне еніп кеткен.

«Төсегінен түңілген Адам жүрер жер екен» дегенді «Можно посылать доживать свои дни лишь бесплодного старца!» деп беруге қандай қажеттілік болды екен?

Ағылшын тіліндегі нұсқасы орысшаны дәлме-дәл шебер жеткізген.

### 3-кесте. Қазтуған жыраудың Еділмен қоштасу толғауы (басы):

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 36 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.33	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.34
<p>Салп салпыншақ анау үш өзен Салуалы менің ордам қонған жер, Жабағылы жас тайлақ Жардай атан болған жер, Жатып қалған бір тоқты Жайылып мың қой болған жер.</p>	<p>У трех светлых рек, похожих на драгоценные Подвески в женских украшениях, Высился некогда мой величественный дворец. У этих рек тощий облезлый верблюжонок Бысо становился могучим атаном. И если терялась в прибрежных лугах ярка, То тысячную отару находили там на другой год!..</p>	<p>By three beautiful rivers resembling Precious women’s pendants There once towered a majestic palace. By these rivers a scraggy and shabby little camel Was growing to become a strong and mighty atan. And if a young ewe was lost in the riverside meadows A thousand-head heard was found there the following year.</p>

Лингвистикалық факторлар: «Атан – atan» этнографизмінің орыс тілінде де, ағылшын тілінде де сол қалпында қалдырылуы және аударма мәтінінің өн бойында ешқандай түсіндірменің берілмеуі оқырманға қиындық келтіреді. Дегенмен де, осы мәтінде «кішкентай түйе атан болады» деген контексте тұрғандықтан лексеманы түсінуге болады.

Ағылшын тіліндегі соңғы жолда қате бар, кездейсоқ әріптік қате кеткен тәрізді.: «*A thousand-head heard was found there the following year*», мұнда «heard» орнына «herd» (мал табыны) болу керек. Сондай-ақ, «a thousand-head herd» тіркесін нақтылау үшін оны «a herd of a thousand» деп өзгертуге болады, сонда «A herd of a thousand was found there the following year» деген жақсырақ нұсқа шығады.

Экстралингвистикалық факторлар: Бұл 6 қатар шумақтың аудармаларында біздің назарымызды аударып отырған мәселе соңғы 2 қатарда болып отыр. «Жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болған жер» деген елдің берекетін, жанға жайлы баянды тіршілігін суреттейді. Бұл Жәудір Артықбаеваның «Алтын бесік» әнінде айтылатын «Жұмақ мекен туған жер-ай, Мың жаялық жуған жер» деген өлең жолдарына ұқсас мағынада айтылған. Әйтсе де, орыс тіліндегі аудармашы «И если терялась в прибрежных лугах ярка, То тысячную отару находили там на другой год!..» деп, яғни



«бір тоқты шабындықта жоғалып кетсе, келесі жылы сол жерден мың қойлық отар табасын» деп, «келесі жылы» деп нақты уақытын көрсетіп, леп белгісін қойып, келе-междеп отырғанға ұқсайды.

**4-кесте. Асан Қайғының Әбілқайырхан ордасы алдында болған айтысты бастауы (халыққа тарап кеткен):**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 36 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.33	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.35
Таза мінсіз асыл тас Су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз Ой түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас Жел толқытса шығады. Ой түбінде жатқан сөз Шер толқытса шығады.	<i>Истинные богатства и драгоценности Хранятся на дне самых глубоких морей. Истинные благородство и мудрость Хранятся в глубинах человеческой души... Жемчуг, что таит в себе море, Выбрасывает на берег ураган. Мудрость обнажается в горе, Когда сердце изнеможет от ран...</i>	True riches and jewels Are kept on the bottom of the deepest seas. True generosity and wisdom Are kept deep down in one’s soul... The pearls watched over by the sea Are cast ashore by hurricanes. Wisdom is laid bare in grief, When the heart is overburdened with wounds...

Аудармаларында желді ураган деп, шерді қасірет деп беру арқылы әсірелеу орын алып отыр.

Соңғы кездері бірқатар зерттеулерде (С.Абдрахманов, С.Мақырұлы, т.б.) бұл Асан Қайғыдан қалған деп жүрген екі қазақтың бірі білетін кеңінен таралған өлеңнің А. Байтұрсынұлына тиесілі екені, бұл оның орыс ақыны Ю. Жадовскаядан жасаған аудармасы екені айтылып жүр [Д. Ысқақ. Әдеби сын тарихы, Алматы, 2012 – 580 б. (548 б.)]

**5-кесте. Қазтуған жырау «қыпшақ» сөзінің қайдан шыққаны жөнінде:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 37 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч»	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’
Алаңда алаң, алаң бар, Бата алмай жау алаңдар. Сақтан шыққан Кейсақ бар, Кейсақ – Қайсақ, Қыпсақ – Қыпшақ боп Он екі атаға таралар		

Қыпшақ руының шығу төркіні жөнінде жазылған шумақ орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан табылмады (6-кесте түсіндірмесіне қараңыз).

**6-кесте. Әбілқайырхан ордасы алдында өткен айтыста Қотан жыраудың сөз алуы:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 37 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч»	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’
Жусанды деме караған, Жұлдызды жарық ай деме, Қытайдан шығып тараған, Хұнуға қарсы қол шықса, Жорықта болған маймене А-лунь Арғын руы, Қыпшақпен қатар жаралған. 1 Х ұ н у – гунндардың қазақша аты. 2 А л у н ь Арғын деген сөздің қы- тай транскрипциясы.		

Орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларынан табылмады. 5-кестеде Қыпшақтың қайдан шыққанын түсіндіретін шумақтың аудармаларда берілмеуі сияқты, арғын руы жөнінде де айтылмай кетеді. Байқауымызша, аударма мәтіндерінде тек қана *қазақ* эргонимін емес, сонымен қатар, ру аттарын да мүмкіндігінше атамай кету принципі жұмыс істейді.

**7-кесте. Әбілқайырхан ордасы алдындағы айтыста Асан Қайғының сөзді Қотан жыраудан соң Қазтуған жырауға берерде айтқаны:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 37 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.33	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.34
Сұмырай, сұрқия, сұмзаман, Шаққалы тұрған сұр жылан. Өткені емес халқымның Болашағы шер-мұңым...	<i>Как может жить змея Без рук и без ног, Как может жить дикий кулан Без хвоста и без гривы?</i>	How can a snake live Without arms and legs, How can a wild horse live Without a tail and a mane?

Экстралингвистикалық фактор: Асан Қайғының сөзді Қотан жыраудан соң Қазтуған жырауға беріп отыр. Осы екі аралықта орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларында берілген «Аяқ-қолсыз жылан қалай өмір сүреді, құйрық, жалсыз құлан қалай өмір сүреді» деген сөздің кімге қандай қатысы бары белгісіз. Сондықтан тақырыптан алысқа ауытқып кеткен мұндай аударманы орыс тілінде Қотан жыраудың әкесі айтты делінеді, «отец его Сыпарыжырау горевал о судьбе своего народа, на который свалились неслыханные бедствия». Ағылшыншасы да, тиісінше, осылай.

(«Алмас Қылыш» романының ағылшын тіліндегі мәтінінде осы шумаққа сілтеме беретін бір-екі ғана сөйлемнің өзінде кісі есімдері әркелкі, бұрмаланып жазылғаны еріксіз назар аударады: Kotan-Zhyrau, Kotan-Zyrau, Syary-Zhyrau).

**8-кесте. Хан ордасы алдындағы айтыста Асан Қайғының Әбілқайырхан орнынан тұрып кеткен кезде айтқаны:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 53 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.43	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.45
Көлге үйренген қоңырқаз, Шөл қадірін білмейді, Шөлге үйренген дуадақ, Көлге апарып қамасаң Шөлін аңсап шөлдейді.	<i>Гусь, озерный баловень, Не оценит прелестей пустыни, А дрофа, влюбленная в пустыню, Пусти ее на озеро, Умрет от тоски!..</i>	A goose, the darling of the lakes, Will not appreciate the charm of the desert, Whereas a bastard living at one with wilderness Will die of unbearable agony In the lakeside country!...

Аудармашылар орыс және ағылшын тілдерінде «аңсайды» дегенді «аңсап өледі» деп аударған, ағылшыншасы да «сағыныштан өліп кетеді» деп тұр. Жағымсыз әсерді әсірелей түсу мақсатында қолданылатын мұндай амал трилогия аудармаларының өн бойында орайы келген әрбір мүмкіндікте қалт жіберілмей, іске асырылып отырады.

**9-кесте. Асан Қайғы Бердібек ханға:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 53 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.43	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.46
Қас-қабағыңнан таныдым, Хан Бердібек боларсың, Қауырт көштен таныдым. Еділ барып қонарсың! Қан жылатыпхалқыңды, Әлі-ақ сен де толарсың! Өз әкеңді өлтіріп, Қайда барып оңарсың?	<i>Я узнал тебя по грозному челу, Бердибекхан!.. Куда спешишь со своим караваном? На Едиле хочешь разбить свои юрты? .. В слезах человеческих плаваешь, Но нигде не спасешься... Тебя, отцеубийцу, Какая же земля посмеет укрыть?!</i>	I recognized you by your formidable brow, Berdibek-Khan!.. Whither are you bound with your caravan? Are you going to pitch your yurtas on the Yedil? You swim in people’s tears, Yet you will not avoid your fate... There is no such land Which could give refuge to the murderer of his own father!

Түпнұсқаның өзінде шектен шыққан зұлымдық айтылған соң, аудармашыларға оны әрі қарай әсірелеуге мүмкіндік қалмаған.

10-кесте. Асан Қайғының Әбілқайыр ханға айтқаны:

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 53 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», сс.43-44	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.46
<p>Сара жолдан жаңылған Ханға зират қазылмас. Сөгілгелі тұр қабырғам, Кеселдімін жазылмас. Тарқат, ханым, шерімді, Намазыңа асықпа. Құрыштан берік елімді Ала ауыздықпен жасытпа! Бітеу өскен қауынды Тұрсың босқа жарғалы, Досыңнан іздеп жауыңды Тұрсың жалғыз қалғалы! Ұмыттың қазақ дала-сын, Ұлғайттың жаным жарасын, Бір атаның баласын Екіге бөліп барасың! Жолын, ханым, таппасаң, Бүлінеді барлық жұрт! Таң боп қайта атпасаң, Басқалы тұр қара бұлт!</p>	<p><i>Даже хан, отрекшийся от справедливости, Не будет удостоен могилы! Ребра мои готовы разойтись, И близка моя смерть... Так разгони же мою тоску, хан, И не торопись замаливать грехи! Самый большой из них хочешь совершить: Поджечь родной дом!.. На две части желаешь рассечь Единый живой плод. Горькое одиночество ждет того, Кто уже не верит друзьям... Забыл ты родную степь, И болит душа старого певцажырау... Не вноси же раздоры и братоубийство В единую семью!.. Кривые пути, мой хан, Ведут во мрак... От тебя зависит сейчас, Быть светлой заре или черной бурей!</i></p>	<p>Even the khan who has renounced justice Will not be honoured by a grave! My ribs are ready to come apart And my death is near... Pray, put down my anguish, khan, And do not rush to absolve your sins! You are going to do the greatest sin of all: To set your own home afire!.. You want to cut in two An integral living foetus. Woe and loneliness awaits him Who no longer believes his friends... You’ve forgotten your native steppe And the heart of the old songster is aching... So don’t bring trouble and fratricide To a united family!.. Crooked ways, my Khan, Lead one to gloom and darkness... On you alone does it depend now Whether a bright dawn or a black storm is in storeforallofus!</p>

Аудармалардағы әрбір сөз тек қана бір мақсатпен, жағымсыз әсерді еселеу үшін іріктеледі. Бұл бір қарағаннан назарға ілігеді, мысалдарға зер салыңыз:

Ұлғайттың жаным жарасын – *И болит душа старого певцажырау...*

Жолын, ханым, таппасаң, бүлінеді барлық жұрт! – *Кривые пути, мой хан, ведут во мрак...*

Құрыштан берік елімді ала ауыздықпен жасытпа! – *...хочешь поджечь родной дом!..*

«Құрыштан берік елімді» деген жердегі ел бірлігі деген ұғымның аудармалардан көрініс таппайтынын алдын-ала біліп отыруға болады. Бұған қоса, трилогияның аудармаларында *горький* (-ая, – ое, – ие), *горе, кровь, убийство, смерть* т.б. осындай кісінің зәре-құтын қашыратын сөздер шамадан тыс көп қолданылады. Оның дәлелі осы бір ғана өлең жолдарының аудармаларынан да көрінеді:

Кеселдімін жазылмас – *И близка моя смерть;*

Тұрсың жалғыз қалғалы! – *Горькое одиночество ждет.*

Бір атаның баласын екіге бөліп барасың! – *Не вноси же раздоры и братоубийство в единую семью!..*

«Намазыңа асықпа» дегенде, ханның намазы бар еді, «не торопись замаливать грехи» деу арқылы ол да өшіріледі.

Лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға бір мысал: «Бітеу өскен қауынды Тұрсың босқа жарғалы» дегенді «*На две части желаешь рассечь Единый живой плод*» деп аударғанда аударма тәжірибесінде кездесетін жалпылау (генерализация) деген тәсіл қоданылған екен делік. Орыс тілінде нені меңзегісі келсе де, *плод* сөзі семантикалық өрісі кең лексема болғандықтан, ол жеміс-жидек мағынасын да қамти алады. Сөйтіп, орысша нұсқасы «*плод*» сөзін жұмбақ күйінде қалдырса да, сөз алдына «*единый живой*» деген анықтағышты қосып, «нысананы» адам бейнесіне жақындатады. Адресанттың «аманатын» сол қалпында қабылдап алған адресат – ағылшын тіліндегі аудармашы «*живой плод*»-ты *living foetus* сөзтіркесімен береді (тілдің америкалық стандартында *fetus* болып жазылады, 'foetus' – британдық ағылшын тілінің дәстүрлі орфографиясы, бірақ қазіргі кезде Ұлыбританияда да «*fetus*» нұсқасы жиі қолданыла бастады). Нәтижесінде адамзат атаулыға тән емес, қолмен жасамақ түгілі, адам баласының естуге де дәті, айтуға да аузы бармайтын «жатырда жатқан нәрестені жарып тастау, екіге бөліп тастау» деген мағына пайда болады. Себебі ағылшын тіліндегі *foetus* (*fetus*) көп мағыналы сөз емес, ол – термин, бір ғана дамып келе жатқан ұрық, пішім-пормасы қалыптасқан жатырда жатқан тірі ағза деген мағынаны білдіреді.

Осылай «Самарқанды су алып кетті» деп үлкен-үлкен кітаптар миллиондаған тиражбен әлемнің жетекші тілдерінде тоқтаусыз жазып жатса, миллиондаған бейкүнә оқырман оның мүлдем шындыққа жанаспайтын жалған ақпарат екенін, шындығында бар болғаны «Самаурынның суы ағып кеткенін» қайдан білсін?!

Бұдан бұрынғы зерттеулерімізде көрсеткеніміздей, аудармаларда қазақ деген сөздің өзі «тұншықтырылып», бір жерден қылтып көріне алмай, қиналып жатады. Сол «қатаң ережеден» аттап шыға алмай, бұл өлең жолдарындағы «Ұмыттың қазақ даласын» деген қатар да «Забыл ты родную степь» – «You’ve forgotten your native steppe» болып аударылады.

Аудармалардың әрбір жолынан түпнұсқаға жасалған әділетсіздікті көріп көзі жеткен кісінің жаны күйзеледі.

**11-кесте. Қотан жыраудың Қобыланды батырдың қолынан қаза болған жалғыз ұлы Ақжолды жоқтау зары:**

«Көшпенділер»	«Кочевники»	‘The Nomads’
«Алмас қылыш», 71 б.	«Заговоренный меч», с.65	‘The Charmed Sword’, p.70
Қара Қыпшақ Қобыланды- да нең бар еді, құлыным!	<i>Зачем ты поссорился с каракипчаком Кобланды, мой сын?</i>	Why did you quarrel with Karakipchak Koblandy, my son?
Сексен асып таяғанда тоқсанға	<i>Я уже стар и немощен, скоро пойдет мне деся- тыйдесяток лет...</i>	I am already too old and feeble, going on one hundred soon...
Тұра алмастай үзілді ме жұлының!	<i>Для сыновей Ногайлинской земли был ты путеводной звездой!</i>	To the sons of Nogai land you were a guiding star!
Адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы ұлының!	<i>За что потушили тебя несчастные люди? ..</i>	What did the miserable people put out your light for? ..
Аққан бұлақ, жанған шы- рақ жалғыз күнде құры- дың,	<i>Зачем ты поссорился с каракипчаком Кобланды, мой сын?</i>	Why did you quarrel with Karakipchak Koblandy, my son?

Трилогия аудармаларының өн бойында сандық көрсеткіштер де аудармашылардың өз қалауынша қойылған. «Сексен асып таяғанда тоқсанға» дегенді «скоро пойдет мне десятый десяток лет» деп 10-20 жасты қосып қою – оқырман тарапынан аяныш тудыру үшін қажет болса керек.

«Адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы ұлының!» деген жолдардың «Для сыновей Ногайлинской земли был ты путеводной звездой!» болып кенеттен жап-жақсы ау-

дарылуының себебі не? Себебі, бұл «қазақ деген халық жән білетін, жол бастайтын азаматтарының осылай өздері көзін жояды» деген мағынаны жеткізу үшін қажет.

**12-кесте. Қазтуған жыраудың Еділ бойында қалған Алшын, Ноғайлы руларына берген батасы:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 87 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.80	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.86
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас, Балығы көлге жылқы жаптырмас, Бақасы мен шаяны Кежідегі адамға Түн ұйқысын таптырмас, Сөйткен менің Еділім, Сен салмадың, мен салдым. Қайырлы болсын сендерге Менен қалған мынау Еділ жұрт.	Если присядет верблюд здесь в прибрежнойтраве, Ни за что не сыскать его. Когда рыба идет косяком, Коням не напиток воды!.. Ночные шумы от зверья И сытый птичий гомон Не дадут здесь уснуть человеку и под землей! Но я все же покидаю Твои берега Едиль. Благословляю вас, остающиеся, И желаю вам счастья Во все века!..	If a camel sits here in the river-bank grass You will never find him. When a shoal of fish speeds past The horses will not slake their thirst! The cries of wild beasts in the night And the cheerful hubbub of birds Can awaken even the dead! But still I am leaving Your banks, Yedil. I give my blessings to those remaining here And wish you happiness For ages to come!..

Қазтуған жыраудың кежі деген сөзі «жаға, жағаға жақын маң» деген мағынаны береді екен. Одан қате кетпепті. Шырмауықты «плющ», «iyu» деп неге аудармаған деп айтуға да болмайды, өйткені біріншіден, түпнұсқада нақпа-нақ сол шөптің түрі меңзеліп тұрмауы мүмкін, екіншіден, аударма теориясында *генерализация – жалпылау, конкретизация – нақтылау* деген тәсілдер бар. Демек, қажеттілік жағдайында гипонимді гиперониммен, гиперонимді гипониммен алмастыруға болады. Басқаша айтқанда, бульдокты ит деп жалпылауға және, керісінше, итті бульдок деп нақтылауға болады.

Ал «Бақасы мен шаяны кежідегі адамға түн ұйқысын таптырмас» дегенді орысшада «*Ночные шумы от зверья и сытый птичий гомон не дадут здесь уснуть человеку и под землей!*» деп, «аңдар мен тойған құстардың түнгі даусы жердің астындағы адамға да ұйқы бермейді» деп аударса, ағылшыншасы «*The cries of wild beasts in*



*the night and the cheerful hubbub of birds can awaken even the dead!»* деп, яғни «Түнгі жабайы аңдар мен құстардың қатты даусы тіпті өлілерді де оятады!» деп аударарды. Сол түнде ұйқы бермейтін бақа-шаянның даусы аудармаларында жабайы аңдар мен құстардың қатты даусына айналып кетіп, өлген адамдарды орындарынан қозғап жатыр. Мақсат қорқыныш, үрей тудыру болса керек.

### 13-кесте. Қасым сұлтан мен Нигер-Сұлтан бегімнің арасындағы сөзтартыс:

(Ферғана өңірінде ұлдарымен саяхаттап жүрген Жұныстың үш мың жылқысын айдап әкелуге Жәнібек ортаншы ұлы Қасымды аттандырады. Әкесінің тақыр кедей болып қалатынын ойлап қамыққан он бес жасар Нигер-Сұлтан бегім орағытып Қасым сұлтанның алдынан шығады):

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 115 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.107	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.116
<p>Қасым сұлтан: Мен сұрасам жөніңді сен айтарсың, Жөн айтпасаң ізіңмен тез қайтарсың. Қай айғырдың үйірінен қашып шыққан, Мен көрмеген бұл маңнан қай байталсың? Сонда қыз: Сөз тұрғыннан, сұлтаным, қалдым біліп, Жан екенсің үйренген байтал мініп. Құлынымын Жұныстың, өңім түгіл Түсіме де көрмеген айғыр кіріп. Туғандарым кезінде Бұқар кеткен. Жай оғындай жарқ еттің түскен көктен.</p>	<p>Султан Касым: <i>Скажи свое имя, тебя я прошу!</i> <i>Не скажешь – ни с чем я тебя отпущу...</i> <i>Как глуп тот вожакжеребец, что позволил тебе отбиться.</i> <i>Скажи, о скажи, ты чего косяка кобылица!..</i> Девушка сверкнула глазами в сторону рослого...: <i>По речи красивой узнала, что ты султан</i> <i>И привык на всякой кобыле скакать по кустам!</i> <i>Но я жеребенок Жунуса, и даже во сне</i> <i>Не видела живой покляжи на своей спине!</i> <i>Все наши мужчины вчера ускакали на той,</i> <i>Не то б не удался в ночи столь гнусныйразбой!</i></p>	<p>Sultan Kasym: Tell me your name, I beg you! If you don't I'll know nothing about you... How stupid the leader-stallion That let you stray off. Please, do tell me what herd you belong in! The girl flashed a glance at the tall and handsome sultan in reply: Your eloquent words betray a sultan in you Saying you are accustomed to gallop Astride any mare across the brushwood! But I am the colt of Zhunus and even in a dream Have not seen a human load on my back!</p>

<p>Еркегі жоқ ауылды шаба тұғын Кәсібің бе, сұлтаным, әдет еткен? Сол жылқымның соңынан келдім іздеп, Әке үшін бар қорлыққа қызы төзбек, Табалатпай қасына малын қайтар. Өз басымды кетсең де келемеждеп...</p>	<p><i>Неужто способен, как тать, настоящий султан Беспомощных грабить – ответь ты мне сам! Сюда прискакала стать жертвою за отца. Верни достояние наше во имя творца! Не сделай султана Жунуса посмешищем для врагов; Посмейся над дочкой его, коль на это готов!</i></p>	<p>Yesterday all our men raced off on that one, Otherwise the outrageous crime would've failed! Can a true sultan be a low-down thief To rob the helpless? Do answer me, will you! I galloped here to become a victim for my father! Return our property for the sake of the Creator! Do not make Sultan Zhunus a laughing-stock for his enemies, Laugh at his daughter if you are up to it!</p>
---	---	--

Егер катпары қалың тарихта осындай оқиғалар да қалған болса, «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» дейтін ұранды ту еткен қазақ үшін олар тек қана айтса кісі сенгісіз, оғаш оқиға ретінде ғана қалған болар. Соның өзінде аудармашылар «Қай айғырдың үйірінен қашып шыққан» дегенді «*Как глуп тот во-жакжеребец, что позволил тебе отбиться*» деп, бұл халықтың қол бастаған, жол бастаған ерлері «неткен ақымақ еді» дегенді қосу мүмкіндігін жібермей, «өшін» алып жатыр.

Түпнұсқада «Қыз отты көздерімен бойшаң жігітке жарық ете қарады» (Девушка сверкнула глазами в сторону росллого...) дейтін нәрселер мүлдем жоқ. Мұндайдың бәрін тізіп көрсетіп отыру мүмкін де емес. Солай бола тұрғанмен, тағы бір мысал алайық.

«Туғандарым кезінде Бұқар кеткен» дейтін себебі Жұныс ұлдарымен Ферғана өңіріне саяхаттап кеткен болатын, орысшада *ерлердің бәрі той тойлап кетті делінеді: «Все наши мужчины вчера ускакали на той»*. Ағылшыншада *ерлердің бәрі біреудің ізінен қуып кеткен, ұрының ізінен кеткен сияқты*. Алайда осы ағылшынша сөйлемдегі «оп» предлогының орнына «raced off» етістігінен соң «after» дұрысырақ келетін еді. Сонда сөйлем: «Yesterday, all our men raced off after that thief» болған болар еді.

Тағы бірқатар көзге түсіп тұрған грамматикалық қателерді көрсете кетейік. «*The girl flashed a glanced at the tall and sultan in reply*» деген сөйлемде «Glanced» орнына «glance» болу керек, “*hadsome*” сөзі де қате жазылып тұр: «handsome» болу керек.

Сонда сөйлем: «The girl flashed a glance at the tall and handsome sultan in reply» болады.

Келесі «Your eloquent words betray a sultan in you» дегенді «Your eloquent words reveal the sultan within you» десек, түсініктірек болар еді.

Saying you are accustomed to gallop» грамматикалық тұрғыдан «Saying you are accustomed to galloping» деген кезде дұрыс болады.

**14-кесте. Қасым сұлтанды Нигер-Сұлтан бегіммен болған оқиғадан соң жігіттердің келемеждеуі:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 115 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.107	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.116
Шақпақтас о да мүлік от жаққанға, Қоймен тең қотыр ешкі мал баққанға. Төледі үш мың жылқы қалай ғана Қасекең қыз қойнына бір жатқанға? Дүние алдап кетер қызыл түлкі Қызығы бұл жалғанның ойын-күлкі. Әйтсе де сол қыздікі алтын ба екен, Төлейтін бір түніне үш мың жылқы?	<i>Без огня и кремьни ни к чему, Лукавая коза – обуза пастуху. И щедрость Касеке воистину безмерна: Три тысячи коней за поцелуй, наверно! Обманчива судьба, как рыжая лиса, Для нас, что только слышали той ночью соловья. Неужто у певичы лоно золотое, Коль трели достались такой ценою!</i>	Without fire a flint stone is good for nothing, A sly she-goat is just a pain in the neck. Kaseke’s generosity is indeed unlimited: Three thousand horses for a kiss, indeed! One’s fate is as deceitful as a red fox To us who heard a nightingale’s song last night. Can the songstress’ womb be so sweet As to make the trills so priceless!

Онсыз да мақтанатын мәтін емес еді. Отқа май құйғандай «Три тысячи коней за поцелуй, наверно!» деп, хан-сұлтандарды шектен тыс ақымақ етіп көрсету бар.

«Бір қу жігіт ...осы өлеңді сұлтанға айтып береді» делінеді түпнұсқада. – «Какой-то легкомысленный джигит ...спел султану Касыму эту песню» – «some light-minded horseman could not help singing the song to Sultan Kasym». «Қу жігіт» дегенді «өз пайдасына бүтін, пысық жігіт» деп қабылдаған болар ма едік, аудармалар «жеңілтек, ұшқалақ» деген мағынаны таңдапты. Бұл мысалдардан көретініміз, аудармаларда хан да, қара да есалаң, ғылым тілінде айтсақ, олардың бәрінде психикалық ауытқу бар.

### 15-кесте. Тіленші ұлы Шалкиіз жыраудың Темір биді мадақтауы:

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 131 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.123	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.133
Алп-алп басқан, алп басқан Арабы торым өзіңсің. Жазылы, алтын, қол кескен Алдаспаным өзіңсің! Сен алтынсың – мен пұлмын, Сен сұлтансың – мен құлмын..	<i>Я – сын Тленчи, Шалкииз, И Темір бий – мое солнце... Он так могуч – Темір бий, Что при нем я рогами задевал тучи! Так казалось мне, а был я просто одинокий дятел, Едва не сломавший по глупости эти рога..</i>	I am Shalkiiz, the son of Tlenchi, And Temir-Biy is my sun... He was so powerful, Temir- Biy was, That in his time my horns touched the clouds! So it seemed to me, yet I was just a lonely woodpecker, That nearly broke his horns, the stupid thing...

«Сен алтынсың, алтын алдаспанымсың» деген мағыналар «күнімсің» болыпты, «Темір бидің мықты болғаны соншалық, оның қасында мүйізіммен бұлттарды іліп кететіндей болдым!» депті де, ағынша «маған солай көрінді, ал шын мәнінде мен ақылсыздығымнан сол мүйізімді сындырып ала жаздаған тоқылдақ едім» депті. Ағылшын тілді әлемге де осылай жеткен. Осылайша, биді де, жырауды да психикалық ауытқуы барлардың қатарына қосу міндеттерін бұлжытпай орындаған екен.

### 16-кесте. Қотан жыраудың Шыңғыс ханға сүйікті ұлы Жошының қаралы хабарын жеткізуі:

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 136-137 бб.	«Кочевники» «Заговоренный меч», сс.126-127	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.137
Қотан жырау: <i>Теңіз башынан бұлғанды Кім тұндырар, а ханым? Терек түптен жығылды Кім тұрғызар, а ханым?</i> Шыңғыс хан: <i>Теңіз баитан бұлғанса, Тұндырар олым Жошы дүр</i>	...жирчи запел: Море замутилось у истоков. Кто успокоит волны, о мой хан? Осину сломило бурей посредине. Кто срстит ее, о мой хан?	<i>The sea has grown turbid by its shore. Who will abate its waves, my Khan? The storm has broken an asp in two. Who will breathe life into it, my Khan?</i>

<p><i>Терек түптен жығылса, Тұрғызар олым Жошы дур.</i> Жыраудың жылап отырғанын көрген Шыңғыс хан: <i>Көзің жасын төгілтер, Көңілің шерлі болғай ма? Жырың көңіл үркітер Жошы өлген болғай ма?</i> Қотан жырау: <i>Сөйлемеске еркім жоқ, Сен сөйледің, а ханым! Өз жарлығың өзіңе Жөн ойладың, а ханым!</i> Сонда жаратылғалы көзінен жас шықпаған Шыңғыс хан еңкілдеп жылап: <i>Құлын алған құландай Құлынымнан айрылдым! Айырылысқан аққудай Ер ұлымнан айрылдым!</i></p>	<p>И Чингисхан тоже ответил стихами: Коль море замутилось у истоков, Успокоит волны мой милый сын Джучи! Коль осину сломило посредине, То жив ведь мой сын Джучи! ...Чингисхан спросил: Почему ты плачешь, жирчи? О чем твоя скорбь? Неужто умер Джучи? Сердце мое похолодело!.. На это жирчи ответил: То, что не дозволено было моим устам, Произнесли твои, мой хан! Делай с собой все, что хочешь, Ибо догадлив ты, мой хан! Говорят, как малый ребенок заплакал тогда впервые в жизни Чингисхан. Не сама смерть любимого сына, которого он же и приказал умертвить, а именно известие о ней сразило его. Я – старый несчастный кулан! Потерявший жеребенка! Я – лебедь, поющая песню Над своим погибшим птеном!</p>	<p>Genghiz Khan answered in verse too: <i>Once the sea is turbid by its shore My sweet son Jutchi will abate it! Once an asp is snapped in two Jutchi is here to bring it back to life!</i> Genghiz Khan asked: <i>Why are you crying, zhirchi? What are you grieving about? Is Jutchi really dead? My heart has grown cold!.. To which the songster had this to sing: That which my mouth was not allowed to say You said, my Khan! Do what you think best, For you are very shrewd, my Khan!</i> They say after these words, Genghiz Khan wept bitterly, like a child, for the first time in his life. It was not the death of his beloved son who had been assassinated on his own order, but the news of it that struck him. <i>I am a miserable old donkey That has lost his foal! I am a swan that sings a song Over her dead nestling!</i></p>
--	---	---

Ағылшын тілінде equidae деп аталатын жылқы тектестер құрамына құлан, зебра, есектер кіретін болғандықтан, құлан орнына *donkey* – есек сөзі алыныпты. Сонда орысшасында «соры қайнаған кәрі құланмын» десе, ағылшын тіліндегі аудармасында Шыңғыс хан өзін «соры қайнаған кәрі есекпін» деп жылаған екен.

«*Айырылысқан аққудай ер ұлымнан айрылдым!*» дегенді аударғанда «аққу» деген бөлігін сақтап қалып, «ер» деген жеріне «балапанынан айрылғанын әдеткен» деп «әндетіп» жіберіпті. Мұның себебі айтпаса да түсінікті.

Шумақтардың арасында беріліп жатқан түсіндірмелерден де аттап кете алмай отырмыз. Оған себеп, салыстыра қараңыз, «өзінің сүйікті ұлын өлтіруге өзі бұйрық берген еді, енді ол туралы жеткен хабар ауыр тиді» дейтін мағына түпнұсқада жоқ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларға қосылған. Қазақшада осыны айтып, Шыңғысхан теріс қарап, бүк түсіп жатып алады. Аудармаларында «*Так пел Чингисхан, и – самое страшное – это были искренние слезы!*», “*Thus sang Genghiz Khan, and the most terrible thing was that his were sincere tears!*” делінеді.

#### 17-кесте. Қотан жыраудың Орақ толғауы:

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 137 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.127	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.138
<p>Артуда арту тау келсе, Атан да тартар бүгіліп. Алыстан қара көрінсе, Қарақұла жатар үңіліп... ... Уа, жігітләр, жігітләр, Жалаңғаш жерде жауға шап. Осынау жалған дүниеде Ажал житмай өлмек жоқ.</p>	<p><i>Лишь самый выносливый верблюду Пройдет с поклажей по горной крутизне! И только непокорный человеческий дух Вынесет то, что вынес Орак батыр! ...О джигиты, лихие джигиты, Перед вами вражья рать: Двум смертям не бывать, А одной не миновать!</i></p>	<p>Only the hardest camel Will cross steep heights with a load on its back! Only unsubdued human spirit Will endure what Orak- Batur has endured! O horsemen, brave dashing horsemen, There is an enemy host before you. You cannot die twice But you’ll certainly die once!</p>

Мұнда келтірілген намысты қайрайтын, жігіттерді жігерлендіретін өлеңдердің орталарына аудармаларда «қисық» түсіндірмелер қосылған: «Протяжна, заунывна, похожа на безысходный волчий вой в ночи эта песня, и дрожь пробилла всех слушателей. Далекую молодость вспомнили они, когда готовы были к любым лишениям и смерти во имя самоутверждения и славы». «Өзінікін ғана дұрысқа шығаратын, атак-

даңқ жолында не нәрсеге болса да баратын, тіпті өлім арқылы болса да қол жеткізетін жастық шақтарын ойлап кетті» деген жолдардың бәрі ойдан құрастырылып жатыр. Жырдың сипатында «похожа на безысходный волчий вой в ночи» деген жері ғана түпнұсқасына сәйкес келеді.

**18-кесте. Қотан жыраудың «Едіге» жыры:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 138 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч»	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’
<p>Әй, Едіге, сен енді қайт сана!  Қайтып Еділ өт сана!  Еңсесі биік боз Орда  Еңкейіп сәлем бер сана!  Ерні жұқа сар аяқ  Ер сарқытын іш сана.  Жауырындары жақталы,  Түйме бауы тартпалы  Ал қара киім үстіңе  Тон береді, ки сана.  Көк ала жорғаатмініп,  Көк дабылпаз байланып,  Тұтам бауы сом алтын  Ақ сұңқар құс береді,  Көл айналып шүй сана!</p>		

Бұл 15 қатар өлеңнің тұтасымен аудармалардан көрініс таппауының себебін қазақтың кең пейіл дархан көңілі, келетін қонаққа сый-сияпат көрсету, сарқыт сақтау, ат мінгізіп, шапан жабу (тон кигізу) деген сияқты басқа да жөн-жоралғысымен күту салтын өзге мәдениет оқырмандарына жеткізбей қалдыру деген берік ұстанған мақсатынан көреміз. Мұндайда «Тұтам бауы сом алтын Ақ сұңқар құс береді» деген жомарттық қасиетке қоса байлық, дәулет көрініс табатын мәтіндер жөнінде аудармашылардың «тіс жармайтыны» да түсінікті.

**19-кесте. Қотан жырау өзінің өлер алдында Жәнібек туралы айтқаны:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 146 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.135	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.146

Жәнібектің сырты ғана күлкі-әзілді паш еткен. Мезгілі көп оңаша қап жас төккен.	<i>О, как бодр и весел на людях хан Джаныбек, Но следы тайных слез вижу на его лице!</i>	How cheerful and bright Khan Janybek looks in public, But still I see the trace of secret tears on his face!
---	--	--

Өз «ұпайларына» келіп-кетер ештеңе болмаған соң, бұл екі жолды аудармашылар орыс және ағылшын тілдеріне біршама жақсы жеткізген.

**20-кесте. Жәнібектің Сарайшықты тастап бұрынғы Жайық бойына кетерінде Асан Қайғының айтқаны:**

«Көшпенділер» «Алмас қылыш», 166 б.	«Кочевники» «Заговоренный меч», с.153	‘The Nomads’ ‘The Charmed Sword’, p.165
Қырыңды киік жайлаған, Суында балық ойнаған. Оймауыттай тоғай егіннің Ойына келген асын жейтұғын Жемде кеңес қылмадың. Жемнен де елді көшірдің Ойыл деген ойынды Отын тапсаң тойынды Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің.	<i>Там, в степях, носят дикие лани И серебряная рыба играет на отмелях великих рек, От отъезвшей дичи шушат прибрежные тугаи, И люди не знают, что такое голод!.. Но у Жемареки ты сходку не созывал, А своей волей оттуда народ отозвал!.. Прекрасен был Уил, и вода его сладка: Сравнить ее прозрачность можно только со слезами радости! Но и там, на Уиле, ты сходку не созвал,</i>	There, in the steppes, wild deer race And a silver fish plays in the shallows of the great river, Full gamebirds rustle the reeds along the shore, And the people don’t know hunger! But you didn’t gather your people on the river Zhem, You called them back from there! The Weel was fine and its water sweet; It was so clear it could only be compared to tears of joy! But you didn’t gather your people on the Weel either



	<i>А своей волей оттуда народ отозвал!..</i>	You called them back from there!
--	--	-------------------------------------

Киігі – бұғы, балығы – жәй балық емес, күміс балық, өзендері – жәй өзен емес, ұлы өзен болып, әсіреленіп берілген. «Ойыл керемет болатын, суы тәтті, оның мөлдірлігін тек қана қуаныштың көз жасымен салыстыруға болады!» деген имровизациясы бар. Осылай аударма мәтіндерінде бұл өлең жолдарының идеясы әспеттеліп жеткізілген екен. Бірақ неге деген сұрақ тұрады? Мұнда қандай себеп болуы мүмкін? Мүмкін бұл да тегіннен-тегін емес, қазақтың ханынан да, қарасынан да терісін сыпырғаннан бетер жұрдай етіп, сылып алып тастап жатқан қадір-қасиеттің орнын, тым құрығанда (аз да болса), табиғаттың сипатымен толықтырып жатқан «компенсациясының» сынайы болар деген ойға тоқтадық.

Сонымен, қорыта айтқанда, кестелерден көріп отырғанымыздай, І. Есенберлиннің «Алмас Қылыш» романында 20 жерде өлең жолдары кездеседі, аудармаларда – 17 жерде, өлең жолдарының үшеуі (5, 6 және 18 кестелер) аудармалардан мүлдем көрініс таппайды. Аудармалардан көрініс тапқан өлең жолдары тым көп өзгеріске ұшыраған. Оның негізгі себебі аудармашылардың өзге ұлт өкілдерінен болғандығынан, бір мәдениет өкілдеріне екінші бір мәдениеттің рухани құндылықтарының аса маңызды көрінбеуінен деген ой түйеміз.

І. Есенберлиннің «Алмас Қылыш» романында қолданған өлең жолдарының орыс және орыс тілі арқылы жасалған ағылшын тіліндегі аудармаларында толықтай дерлік мазмұнның жоғалуы орын алған. Түпнұсқадағы идеялар, мән-мағына аудармаларда бұрмаланған, көркемдік бейнелер толықтай дерлік ғайып болған. Түпнұсқа мәтіннің эмоциялық әсері аудармаларда жойылған, түпкі ой-сезім ашылмаған, кері бағытта түсіндірілген, мәтіннің көркемдік құндылығы төмендеген.

Ең маңызды элемент, мазмұнның өз дәрежесінде сақталмауы форма, ырғақ, ұйқас деген тәрізді поэзияға тән басты аспектілерге мән беріп қарауға да мүмкіндік бермейді. Аудармаларда жоғарыда талданған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың орын алуы қазақ мәдениетінің тереңдігін дұрыс жеткізбей, бұрмалауға жол берген. Нәтижесінде, түпнұсқаның ұлттық рухы мен мәдени ерекшеліктері аудармаларда көрінбей, қазақ мәдениетіне едеуір нұқсан келгені анық көрінеді. Бұл өз кезегінде қазақ мәдениетін басқа мәдениеттерге шынайы қалпында таныстыруға кедергі келтірген. Тығырықтан шығудың бірден-бір жолы – орыс тіліне де, шетел тілдеріне де ортаңғы тілдерді қатыстырмай шығарманы түпнұсқасынан қайта аудару.

### Әдебиет:

1. Есенберлин. I. Көшпенділер. Алматы.: Ілияс Есенберлин атындағы қор. 1998. 581 б.
2. Есенберлин И. Кочевники. Алматы.: Фонд имени Ильяса Есенберлина. 1998. с. 533.
3. Yesenberlin Ilyas. The Nomads. Almaty.: The Ilyas Yesenberlin Foundation. 2000. 559 p.
4. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары, Алматы облысы. – Алматы: Арыс баспасы, 2005. – 256 б.

### Ү.Әнесова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
PhD (философия докторы)  
Қазақстан*

## ТҮРКИЯДА САЯСИ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ЛИДЕРЛЕР ТІЛІ ТУРАСЫНДА

**Аңдатпа.** Мақалада Түркия елінде көшбасшылық тақырыбының қалай зерттелгені айтылады. Осы тақырыптан туындайтын саяси лингвистикадағы көшбасшылық, көшбасшы рөлі, қызметі сынды мәселелерге қатысты еңбектерге шолу жасалады. Көшбасшы мен көшбасшылыққа қатысты кітаптардың тізімі беріліп, қысқаша мазмұны талданады, елдің саяси және әлеуметтік контекстінде лидерлік қағидалары түсіндіріліп, түрік тілінде «көшбасшы» моделін жасайтын адамның бойындағы қасиеттері айқындалады. Соған қоса Түркиядағы саяси тіл білімінің зерттелу бағыттары мен БАҚ-тағы саяси дискурс, тіл мен биліктің байланысы анықталды.

**Тірек сөздер:** көшбасшы, көшбасшылық, саяси лингвистика, саяси дискурс, билік.

**Abstract.** The article describes how the topic of leadership in Turkey was studied. This topic provides an overview of works related to issues such as leadership, the role of a leader, and activities in political linguistics. A list of books on leadership is given, a summary is analyzed, the principles of leadership in the political and social context of the country are explained, and the qualities of the person creating the «leader» model in Turkish are determined. In addition, the directions of the study of political linguistics in Turkey and political discourse in the media, the relationship between language and power are determined.

**Keywords:** leader, leadership, Political linguistics, political discourse, power.

**Аннотация.** В статье рассказывается, как изучалась тема лидерства в Турции. Из этой темы следует обзор работ, касающихся таких вопросов, как лидерство, роль лидера, деятельность в политической лингвистике. Дается список книг, посвященных лидеру и лидерству, анализируется краткое содержание, объясняются принципы лидерства в политическом и социальном контексте страны и определяются качества человека, создающего модель «лидера» на турецком языке. Кроме того, определены направления изучения политического языкознания в Турции и политический дискурс в СМИ, связь языка и власти.

**Ключевые слова:** лидер, лидерство, Политическая лингвистика, политический дискурс, власть.

Түркиядағы лидерлікті зерттеу бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды, оның ішінде тарихи, саяси, әлеуметтік және мәдени факторларды қарастыруға болады. Түркияның лидерлері, олардың саяси және әлеуметтік ықпалдары, басқару стилдері және елдің дамуындағы рөлі жайында түсінік алу үшін бірнеше негізгі бағытты қарастыруға болады.

Түркиядағы түрік тілінде жазылған лидерлік туралы кітаптар да көп, олар елдің саяси, әлеуметтік, және экономикалық контекстінде лидерлік аспектілерін зерттейді. Төменде көшбасшылар мен көшбасшылыққа қатысты бірнеше кітаптардың тізімі ұсынылады:

1. «Atatürk: Kültür ve Eğitim» – İsmail Bilgin (Ататүрік: Мәдениет Және Білім–Исмаил Билгин)

– Бұл кітап Мұстафа Кемал Ататүрктің мәдени және білім саласындағы реформаларын, сондай-ақ оның лидерлік қабілеттерін қарастырады.

2. «Erdoğan: Siyaset ve Liderlik» – Ahmet Nakan (Ердоған: Саясат Және Көшбасшылық – Ахмет Хакан)

– Режеп Тайып Ердоғанның саяси жолы мен лидерлік қасиеттері туралы жан-жақты талдау. Автор оның басқару стилі мен саяси стратегияларын зерттейді.

3. «Liderlik ve Etik: Türk İş Dünyasında Liderlik» – Levent Arslan (Көшбасшылық және Этика: Түрік іскерлік әлеміндегі көшбасшылық – Левент Арслан)

– Түркияның бизнес және кәсіпкерлік әлеміндегі лидерлік және этика мәселелерін қарастырады. Кітапта түрік бизнес көшбасшыларының тәжірибелері талданады.

4. «Yönetim ve Liderlik: Türkiye’den Başarı Öyküleri» – Ercan Kumcu (менеджмент және көшбасшылық: Түркиядан сәттілік тарихы – Эржан Кумку)

– Түркиядан шыққан басқарушы және лидерлердің табысты мысалдары мен тәжірибелері жайында баяндалады.

5. «Türk Liderliğinin Sosyolojik Boyutları» – Ali Serin (Түрік басшылығының әлеуметтік өлшемдері – Али Серин)

– Түркиядағы лидерлік пен оның әлеуметтік аспектілерін зерттейді. Автор елдің тарихи және мәдени контекстіндегі лидерлік феноменді талдайды.

6. «Siyaset ve Liderlik: Türkiye’de Modernleşme ve Değişim» – Ahmet Yavuz (Саясат және көшбасшылық: Түркиядағы модернизация және өзгеріс) – Ахмет Явуз)

– Түркиядағы саяси өзгерістер мен модернизация процесіндегі лидерлік рөлдерді зерттейді.

7. «Liderlik ve Strateji: Türk Kültüründe Yönetim ve Liderlik» – Selim Sönmez (Көшбасшылық және стратегия: түрік мәдениетіндегі менеджмент және көшбасшылық – Селим Сөнмез)

– Түрік мәдениетінде басқару мен лидерлік стратегияларының ерекшеліктері мен әдістері туралы кітап.

Бұл кітаптар Түркиядағы лидерлік мәселелерін түрлі аспектілерден қарастырады және елдің саяси және әлеуметтік контекстінде лидерлік қағидаларын түсінуге көмектеседі.

Түркия елінде көшбасшылыққа арналған кітаптардың қатары көп екендігі анықталды. Кейбіреулерінің көшірмесін ғылыми жоба барысында салыстыра отырып зерттеу мақсатында алып келдік. Алайда кітапханадан табылған кітаптардың басым бөлігі нақты көшбасшылық, белгілі көшбасшылар, ел басқару, саясат сияқты мәселелерді қамтыған. Мәселен Доктор Тамер Кечечиюғлуның «Көшбасшылық және көшбасшылар» атты кітабында менеджмент пен көшбасшылықтың әртүрлі перспективалары, трансформациялық көшбасшылық, харизматикалық көшбасшылық, ұйымдардағы топтық жұмыс, топты басқару, т.б. мәселелер қамтылған. Сонымен қатар, осы тақырыпқа қатысты көп америкалық, ағылшынтілді басылымдардың түрік тіліне аударылғандығын байқадық.

Көшбасшылық туралы ғана емес, түрік еңбектерінің ішінен көшбасшылардың өзін зерттеген еңбектер де бар екен. Мысалы, Аднан Нұр Байкалдың «Мұстафа Кемал Ататүрктің көшбасшылық құпиялары», «Мұстафа Кемал Ататүрктің көшбасшылық сырлары» атты кітаптарын атауға болады. Ал профессор Канан Четиннің «Көшбасшылық стилдері, басқару және команда жұмысын өзгерту» атты еңбегінде қазіргі кезде маңызды сұрақтардың бірі көшбасшы мен менеджер ұғымдарының ара жігін айқындап берген. Автордың айтуы бойынша, лидер мен менеджер ұғымдарын жиі шатастырады. Мәселен, көп көшбасшылар артынан адамдарды еріте алғанмен, басқару қабілетін игермегендітерін және керісінше мықты басқарушы болатын адамдардың барлығы көшбасшы бола бермейтіндігін айтты. Оның айтуынша, менеджердің барлығы көшбасшылық дағдыны игеру керек, алайда көшбасшының менеджер болуы міндетті емес дейді. Менеджерлер әр бөлімшенің қызметін біліп, олардың өзара селбестігі мен бір-біріне деген ықпалын анықтап, үнемі инновация мен жаңашылдық енгізуге ұмтылса, көшбасшылар жаңаша көзқарас пен құндылықтарды та-

ратып, елге жеткізіп, мотивация беретін адам ретінде қарастырылады. Көшбасшылар көптеген даулы жағдайларға қарсы тұрып, мықты саяси қабілет пен біліктілігінің арқасында күрделі мәселелерді шеше алатындығын ерекше атап өтті. Яғни Аднан Нұр Байкалдың пайымдауынша көшбасшы дұрыс немесе бұрыс қалауы мен ерік-жігерін, дауыс ырғағымен, дене тілімен, мінез-құлқымен және қимылымен таңа алуы керек, ал менеджер-бұл рәсімдерге сәйкес жоспарлар жасайтын және көзделген мақсаттарға жететін адам. Соған қоса, лидерлік қабілет туа біткен қасиет және оны өмір барысында білім арқылы одан ары жетілдіруге болады десе, менеджментікке тағы да бір мамандықтың түрі ретінде жоғары білім алу арқылы үйренуге болады. Осы кітабында автор көшбасшының бойында болу керек қасиеттер мен одан күтілетін әрекет, міндеттерді, көшбасшыға сәйкес мінездемелерді жақсы ашып берді. Мысалы, басшылық ету үшін көшбасшының бойында болу керек міндетті 30 қабілетті атап көрсетті. Олар:

- шешім қабылдай алу қабілеті;
- реттілік
- ынта
- қиял
- көп жұмыс істеуге деген ұмтылыс
- талдау қабілеті
- басқаларды түсіну қабілеті
- мүмкіндіктерді анықтау мүмкіндігі
- жағымсыз жағдайларға төтеп беру қабілеті
- өзгерістерге тез бейімделу қабілеті
- тәуекелдерді өз еркімен көтере білу
- кәсіпкерлік
- анық және түсінікті сөйлеу қабілеті
- практикалық интеллект
- тиімді басқару қабілеті
- ашықтық
- шыдамдылық пен міндеттеме
- ашкөздік
- шындық
- анық және түсінікті жаза білу
- қызығушылық
- сандық дағдылар
- абстрактілі ойлау қабілеті.

Алайда бұл қабілеттерді айта отырып, автор көшбасшылық сипаттамаларға қатысты консенсус болмағандықтан, жоғарыда аталғандықтардан басқа туа біткен және

үйренуге болатын көшбасшылық қасиеттерге тағы да көп мысалдар келтіруге болатынын айтты. Мысалы, жұмысқа қойылатын техникалық талаптар бойынша басшының техникалық, диагностикалық, мәселені шешу, жоспарлау және басқару дпғдылары болуы керек. Сонымен бірге басшы жұмысты ұйымдастыру, еңбекті бөлу, мақсаттар мен әдістерді бөле білуі керек. Топтық қажеттіліктер үшін көшбасшының коммуникативті және әлеуметтік дағдылары және топтық процестерді түсіну қабілеті болуы керек. Менеджердің міндеттері топаралық қарым-қатынасты жеңілдету, ымтымақтастық қалыптастыру, қақтығыстарды шешуде жетекші рөл атқару, топқа күш-жігер, мотивация беру мен адамдарды іскерлік қарым-қатынас жасау дағдысына бейімдей алуы керек.

Баран Дуралдың «Ататүрктің көшбасшылық сырлары» атты еңбегі Ататүрктің өмірбаяны, қызметі, әскери және азаматтық өміріндегі міндеттері, шығармалары мен еңбектері, алған марапаттары мен ордендеріне бір тарау арнайды. Келесі тарауда көшбасшы ұ, ымына тереңірек талдау жасалады, яғни Платонның өмір сүрген заманынан қазірге дейін, сонымен қатар түрік және ислам тарихындағы көшбасшылық жайлы айтылады. Соған қоса кітапта ұлт пен мемлекет, «ұлт болу» критерийлері, мемлекет түрлері, Вебер және билікті пайдалану, Кемалистік «кодтау» теориясы жайлы айтылған. Кітапта Түркия мемлекетінің тарихы мен болған кілтті оқиғалар жақсы қарастырылған. Кітаптың алтыншы тарауы Мұстафа Кемал Ататүрік және оның негізгі идеялары, Ататүрік және түрік революциясының бастаулары, Позитивизмнің Ататүрікке қалай әсер еткендігі, оның гуманистік ұстанымдары, Ататүрік және дінге қатысты мәселелер қарастырылған.

татүрктен бөлек Түркия елінің басқа да көшбасшыларға арналған еңбектер бар. Мысалы Адем Өзбай мен Өмер Фарук Реканың «Әулие Әлидің көшбасшылық құпиялары мен шешендік өнері» атты кітабында Әулие Әлидің ғылым мен білім бұлағы, табысқа жету құпиялары, көпшілік алдындағы сөзі, мәселелерді шешу дағдылары, бойындағы қасиеттер, жақсы басқару әдістері жайлы айтылған (Адем Өзбай мен Өмер Фарук Реканың, 2005). Бұл кітапта нағыз көшбасшы шешендік өнерді жете меңгеру керектігіне аса мән берілген. Автордың айтуынша, көшбасшы үшін уақыт пен кеңістік, материя маңызды емес, ол үшін эмоциялар сөйлеушінің бақылауында болады. Ойдың құдіретіне сегну, ерік-жігерді жұмылдыру күшті шешендік арқылы ғана жүзеге асады. Адамдарға жағымсыз элементтерден және оң көзқарастарды көрсетуге көмектесетін ең маңызды қадам – шешеннің таңдаған сөздері, сол сөздерге беретін мағыналары және осы мағыналарды жеткізу үшін қолданылатын дене тілі.

Әулие Әли адамдарға сөйлегенде олардың қатып қалған сезімдерін қайта жаңғыртты. Автордың ойынша, әулиенің айтқан сөздері адамға қазіргі психологиялық терапиялардан әлдеқайда күшті әсер етеді. Оны «тыныштық сыйлайтын, жағымды электр қуатын тарататын жақсы сөздің басшысы» деп сипаттаған. Әли – шөлдің ор-

тасынан мөлдір су көзіне апаратын жолдың жарқын тунеллі. Ал туннелдің арғы бетінен шыққасда мүлде басқа көріністерге тап боласыз. Ежелгі дәуірде де, орта ғасырда да, қазіргі заманда да бұл қасиетті адамдай шешен болмаған деседі. Яғни, Алланың (Пайғамбардың) сөзінен басқа, оған дейін де, одан кейін де шешендік өнерде өзі сияқты білімді адам болмағаны, оның ішінде Еуропада да оған деген қызығушылықты арттыра түседі.

Көптеген басқа елдердегі сияқты Түркияда да саяси лингвистика саясаттану, филология және әлеуметтік лингвистика пәндері аясында зерттеледі. Бұл зерттеу саласы тілдің саяси дискурста қалай қолданылатынын, оның қоғамдық пікірге қалай әсер ететінін, саяси идеологияларды қалыптастыратынын және әлеуметтік процестерді көрсететінін талдауға бағытталған.

Түркиядағы саяси тіл білімін зерттеудің негізгі бағыттары:

1. Саяси дискурсты талдау:

– Саяси көшбасшылардың, саяси партиялардың, мемлекеттік органдардың риторикасын зерттеу.

– Түрік саяси контекстінде қолданылатын сендіру стратегияларын зерттеу.

– Түрік саяси дискурсының лингвистикалық ерекшеліктерін, оның ішінде метафораларды, символдарды және баяндауларды қолдануды талдау.

2. БАҚ дискурсы:

– Түркиядағы бұқаралық ақпарат құралдарының саяси оқиғалар мен тақырыптарды көрсету үшін тілді қалай қолданатынын талдау.

– БАҚ арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырудағы тілдің рөлін зерттеу.

3. Ұлттық болмыс пен тіл:

– Ұлттық бірегейлікті құру және сақтау үшін тілдің қалай қолданылатынын зерттеу.

– Түркиядағы саясаттың этникалық, діни және мәдени аспектілері мен тілдің арақатынасын талдау.

4. Тіл және қуат:

– Тілдің билік пен басқару құралы ретінде қалай қызмет ететінін зерттеу.

– Саяси үгіт-насихат пен айла-шарғыдағы тілдің қолданылуын талдау.

Түркиядағы саяси лингвистика бойынша оқулықтар мен кітаптар:

Түрік тілінде саяси лингвистика бойынша арнайы оқулықтар саны шектеулі болуы мүмкін болса да, пәнді зерттеу үшін пайдалы болуы мүмкін бірқатар дереккөздер бар. Мәселен Доғанай Үчердің «Саясат пен үгіт тілі» кітабында саяси лингвистиканың негізгі қағидалары қарастырылып, түрік саяси тәжірибесінен мысалдар талданады, сонымен қатар тілдің саяси процестерге әсері жақсы зерттеледі.

Ахмет Демирдің «Саясат және тіл: түрік саяси ойындағы тілдің рөлі» (түпнұсқа атауы: *Siyaset ve Dil: Türk Siyasal Düşüncesinde Dilin Rolü*) кітабында түрік саяси ойлауының қалыптасуы мен дамуында тілдің қалай қолданылып жатқаны талданады. Кітап Түркияның саяси контекстіндегі тіл рөлінің әртүрлі аспектілерін қарастырады, сонымен қатар ұлттық болмысқа, мемлекеттік идеологияға және саяси риторикаға қатысты негізгі мәселелерді зерттейді. Кітапта қарастырылатын негізгі тақырыптардың біріне ұлттық болмысты қалыптастырудағы тілдің рөлі болып отыр. Яғни Ахмет Демир тілдің Осман империясынан қазіргі түрік мемлекетіне дейінгі Түркияның ұлттық болмысын құрудағы орталық элементке қалай айналғанын талдайды. Соған қоса 20-ғасырдың басында жүргізілген түрік тіліндегі реформалар мен олардың елдің саяси және мәдени болмысына тигізген әсеріне ерекше назар аударылады. Екінші кезектегі талқыланған мәселе «тіл және идеология» қатысты. Түркиядағы түрлі саяси идеологияларды, соның ішінде кемализмді, ұлтшылдықты және исламшылдықты насихаттау үшін тілдің қалай қолданылғаны талқыланады. Саяси шешендік сөздер мен үгіт-насихат үлгілерін, сондай-ақ олардың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін қарастырады. Тағы бір жақсы зерттелген ғылыми бағыттардың бірі саяси дискурстың эволюциясы десек болады. Ахмет Демир түрік саяси дискурсындағы Османлы дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі өзгерістерді қарастырады. Ол тілдегі өзгерістердің саяси процестерге қалай әсер ететінін және қалай көрсететінін талдайды. Кітапта түрлі саяси көшбасшылар мен қозғалыстардың өз мақсаттарына жету және бұқараға әсер ету үшін тілді қалай пайдаланғанын зерттейді. Автордың пайымдауынша «Тіл – билік құралы», яғни тілдің саяси билік пен бақылауды күшейту құралы ретінде қалай қолданылатынын зерттейді. Түрік саяси элиталарының өз әрекеттерін заңдастыру және билігін нығайту үшін тілді қалай пайдаланғанының мысалдары қарастырылады. Кітапты тағы бір жақсы қаралған мәселе тіл саясатының саяси салдары болып отыр, яғни түрік тілін стандарттау мен реформалауға бағытталған тіл саясатының елдегі саяси және әлеуметтік динамикаға қалай әсер еткенін қарастырады. Бұл реформалардың Түркиядағы түрлі этникалық және мәдени топтарға тигізген салдары талданады. Қорыта келе, Ахмет Демирдің «Саясат және тіл: түрік саяси ойындағы тілдің рөлі» атты кітабында Түркиядағы тіл мен саясаттың байланысын тереңдетіп зерттеді. Ол тілдің қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге саясаткерлер мен идеологтардың қолында саяси шындықты қалыптастырып, көрсететін қуатты құрал ретінде қалай қызмет еткенін көрсетеді. Кітапта тілдің түрік саяси ойы мен тәжірибесіндегі орталық рөлін көрсететін тарихи және қазіргі мысалдар егжей-тегжейлі қарастырылады (Demir, 2022).

Соған қоса Әйлем Акшиттің «*Medya, İletişim ve Siyaset: Dil Üzerinden Güç İlişkileri*» (БАҚ, коммуникация және саясат: тіл призмасы арқылы билік қатынастары) атты кітабында Түркиядағы бұқаралық ақпарат құралдарының саяси процестерге және



қоғамдық пікірге әсер ету үшін тілді қалай қолданатынын және медиа дискурстың билік пен бақылау мәселелеріне қалай қатысы барын зерттейді.

Ал дискурс пен саясаттың қатынасын терең зерттеуге бағытталған кітаптардың біріне Теун А. ван Дейктің «Дикурс және саясат: түрік контексттері» кітабын жатқызуға болады. Бұл кітап ағылшын тілінде жазылғанымен, онда түрік ғалымдарының зерттеулері қамтылып, түрік саяси дискурсынан мысалдар қарастырылған

Қорыта келе, Түркиядағы саяси лингвистика саяси дискурсты, медиа дискурсты талдау, сондай-ақ тілдің билік пен тұлғалық байланысын зерттеу аясында дамиды. Пән бойынша оқулықтар көп болмаса да, бар дереккөздер тілдің саяси процестердегі рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Мақала «AP 14872021 «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің тілі: XX ғ. басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін» ғылыми жоба аясында жазылды.

#### **Әдебиет:**

1. Адем Өзбай мен Өмер Фарук Реканың «Әулие Әлидің көшбасшылық құпиялары мен шешендік өнері», Ыстамбұл: Армони Йайынчылық, 2005.
2. Аднан Нур Байкал «Мустафа Кемал Ататүрктің көшбасшылық сырлары», Ыстамбұл: Нысан, 1999.
3. Канан Четин, «Көшбасшылық стильдері, басқару және команда жұмысын өзгерту», Ыстамбұл, 2009.
4. Баран Дурали «Ататүрктің лидерлік сырлары», Ыстамбұл: Шубат, 2002.
5. Ahmet Demir. Siyaset ve Dil: Türk Siyasal Düşüncesinde Dilin Rolü. Istanbul University Press, 2022.

**Н.Әміржанова**

*Назарбаев университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан,*

### **КӨПТІЛДІ ОРТАДАҒЫ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ: СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

**Андатпа.** Орфографиялық интерференция – басқа тілдердегі (бұл жағдайда орыс тіліндегі) сөздер мен тіркестердің қазақ тіліндегі сөздердің жазылуына әсер ету құбылысы. Осымен байланысты мақалада көптілді ортадағы орфографиялық интерференция мәселесі қарастырылады. Мақалада орфографиялық интерференцияның

пайда болу себептері талданып, коммуникациялық технологиялар мен жаһандану жағдайында орыс және ағылшын тілдерінің қазақ орфографиясына әсері зерттеледі. Сонымен қатар, орфографиялық интерференцияны жою әдістері мен тәсілдері талқыланады, олардың ішінде қазақ тілін оқыту және насихаттау, орфографияны тексеруге арналған арнайы бағдарламалар мен қосымшаларды әзірлеу жолдары ұсынылады. Осылайша, мақалада қазақ тіліндегі орфографиялық интерференция мәселесіне кешенді талдау жасалып, оны шешуге арналған тәжірибелік ұсыныстар береді.

Соңғы онжылдықтарда мемлекеттік тілдің өміршеңдігін күшейту, сөз таза-лығын сақтау мәселесі ерекше өзектілікке ие екені белгілі. Осыған сәйкес мақала Қазақстандағы тілдік үдерістерді зерттеуге маңызды үлес қосады және қазақ тілін сақтау және дамыту үшін орфографиялық интерференцияны азайту арқылы тілдің табиғи дамуына және оның дұрыс қолданылуына ықпал ете алады.

**Тіпек сөздер:** орфография, интерференция, көптілді орта, тіларалық, тілішілік

**Abstract.** This article addresses the issue of orthographic interference in the Kazakh language, which occurs when words or expressions from other languages (in this case, Russian) influence the spelling of words in Kazakh. The paper analyzes the causes of such interference, including historical, social, and psycholinguistic factors, and suggests possible ways to solve this problem. Special attention is given to the influence of Russian and English on Kazakh orthography in the context of modern communication technologies and globalization. The article also discusses methods and approaches to eliminating orthographic interference, such as promoting the Kazakh language and developing specialized programs and applications for spelling checks. Thus, the paper provides a comprehensive analysis of the orthographic interference problem in the Kazakh language and offers practical recommendations for its resolution.

The context of this study is crucial for understanding the problem, as in recent decades, with the strengthening of national independence and the active development of the Kazakh language, the issue of maintaining linguistic purity has become increasingly important. Therefore, this article makes a significant contribution to the study of linguistic processes in Kazakhstan and highlights the importance of addressing orthographic interference for the preservation and development of the Kazakh language.

**Keywords:** orthography, interference, multilingual environment, interlingual, intralingual

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема орфографической интерференции в казахском языке, которая представляет собой явление, когда слова или выражения из других языков (в данном случае, русского) влияют на написание слов в казахском языке. В статье анализируются причины возникновения такой интерференции, включая исторические, социальные и психолингвистические факторы, а также предлагают возможные пути решения этой проблемы. Особое внимание уде-

ляется изучению влияния русского, английского языка на казахскую орфографию в контексте современных коммуникационных технологий и глобализации. В статье также обсуждаются методы и подходы к устранению орфографической интерференции, включая обучение и популяризацию казахского языка, а также разработку специализированных программ и приложений для проверки орфографии. Таким образом, статья представляет собой комплексный анализ проблемы орфографической интерференции в казахском языке и предлагает практические рекомендации для ее решения.

Контекст статьи важен для понимания проблемы, так как в последние десятилетия, с укреплением государственной независимости и активным развитием казахского языка, вопрос сохранения языковой чистоты становится особенно актуальным. Таким образом, статья является значимым вкладом в изучение языковых процессов в Казахстане и подчеркивает важность решения проблемы орфографической интерференции для сохранения и развития казахского языка.

**Ключевые слова:** орфография, интерференция, многоязычная среда, межъязыковая, внутриязыковая

Қазіргі тіл білімі антропоэлектік парадигмамен байланысты зерттелуде. Мұның себебі тіл адамнан тыс емес, керісінше адаммен байланысты деп танылуында. Антропоцентристік парадигмада тілдік тұлғаның тілді қолдануы, қабылдауы назар алынып, тілді түсіну мен қабылдауына, қарым-қатынас жасауына әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысты қарастырылады. Осымен байланысты антропоцентристік парадигмада «тілдік тұлға» негізге алына отырып, тілдердің өзара әрекеттесуі, бір тілдің ережелері мен конвенциялары екіншісінде қолданылуын қарастырады.

Жалпы интерференция термині алғашқыда физика, химия, биология сияқты жартылыстану ғылымдарымен байланысты қолданылған. XX ғасырдың алғашқы жартысында Бодуэн де Куртенэ интерференция құбылысын тілмен байланыстырып, тілдердің бір-біріне әсерінен тілге жаңа элементтердің енуімен қатар, олар өзара жақындасады және тілдер арасындағы ұқсастық пен айырмашықтарын айқын көруге болады деп тұжырымдайды. Бодуэн де Куртенэнің бұл тұжырымын Л.В. Щерба жалғастырып, тілдердің бір-біріне өзара әсер етуінің нәтижесінде байланысатын екі тілдің де нормалары өзгереді деген қорытынды жасайды [1, 42-46].

1953 жылы В. Вайнрейхтің «Тілдік контактілер» (Языковые контакты) еңбегі шыққаннан кейін «лингвистикалық интерференция» термині кең ғылыми сипатқа ие болды. В. Вайнрейхтің пікірінше, интерференция екінші немесе үшінші тілді білу нәтижесінде пайда болатын тілдік нормалардан ауытқу ретінде анықтайды [2, 78-93].

Жалпы тіл білімінде XX ғасырдың 60-жылдарына дейін интерференция құбылысы тілдік нормадан ауытқу деп түсіндірілді. 1963 жылы Э Хауген тілдік интерфе-

ренция теріс құбылыс емес, ол тілдердің байланысы деп, кез келген тілдік бірлік бір уақытта екі жүйенің элементі бола алады деп тұжырымдайды [3, 180-185]. А. Дибольд интерференцияны «екі тілдің байланысының нәтижесі болып табылатын «тілдік өзгеріс» деп түсіндіреді [4, 37], Ч.Хокетт интерференцияны «индивидуалды әсер» деп түсіндіреді [5, 85]. Ал басқа тілтанушылар мысалы, Е. М. Верещагин, керісінше, тілдік нормалардың бұзылуы немесе араласуы интерференциялық құбылыс емес, интерференция тек тілдік жүйемен байланыса отырып, тілдік тұлғаның сол тілдік жүйені ұқсатып қабылдап, тілдік норманы бұзуы деп таниды. Осындай пікірді ұстанған В.Ю. Розенцвейг: «Интерференция – нормадан ауытқу ретінде көрінетін қос тілдің байланысатын тілдердің корреляция ережелерін бұзуы» [7, 8] деп есептейді. Ал В.А. Виноградов интерференция – тілдік байланыс арқылы немесе тілді меңгеру арқылы дамитын қостілділік жағдайындағы тілдік жүйелердің өзара әрекеттесуі, ана тіліне тән емес тіл нормасы мен жүйесінен ауытқуды тілдік интерференция ретінде қарастыруды ұсынады [8, 197].

Интерференция құбылысын тілдік нормадан ауытқу, бұзу т.б. сияқты жағымсыз құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар тілдерді үйретуге ықпал ете алатын жағымды құбылыс ретінде қарастыратын зерттеулер де жоқ емес. Мысалы, К.К.Платонов «дағдылар интерференциясы» деген түсінікті енгізіп, қалыптасқан дағдылардың әсерінен жаңа дағдылар да жеңіл қабылданады деп тұжырымдаған [8, 137]. Л.И. Баранникова интерференцияны бір тілдің құрылымының немесе құрылым элементтерінің екінші тілдің әсерінен өзгеруі деп түсінеді [8, 53]. Е.М. Ахунзянов интерференцияны бір тілдің құрылымының немесе элементтерінің басқа тілдің әсерінен өзгеруі ретінде қарастырып, екі немесе бірнеше тілді меңгеру кезінде болатын табиғи, бейсаналық процесс дейді. Л.Н. Кобылина «Синтаксистік интерференция және оны зерттеу әдістері» атты еңбегінде лингвистикалық интерференцияны шет тілін екі тілді меңгерудің сөйлеу әрекетінің нәтижесі және кез келген деңгейдегі интерференциялық ерекшеліктер фонологиялық, лексикалық немесе грамматикалық парадигмадан көріне алады деп тұжырымдайды.

Тіл білімінде орфографиялық интерференция мәселесі көп зерттелмесе де Бұл жөнінде еңбектер жоқ емес. Мысалы, психолингвист З.И. Феоктистованың «Билингвальды жағдайлардағы тілдің араласуы» (1981 ж.) атты еңбегінде шет тілдерін үйренуге орфографиялық, орфоэпиялық интерференция құбылысын егжей-тегжейлі талдайды. Ал А.А. Леонтьевтің еңбегінде орфографиялық интерференцияны тіларалық қатынас процесіне әсер ететін факторлардың бірі ретінде қарастырады. Бұл туралы ғалымның «Психолингвистика иноязычного общения» (1969) атты еңбегі жарық көрген. Сонымен қатар С.В. Иванова, Б.Б. Бадмаева, О. Л. Сидорова сияқты ғалымдардың еңбектерінде жазба қарым-қатынас барысындағы орфографиялық интерференцияның себептері, тіл үйретудегі қиындықтары сараланады. Мысалы,

Б.Б. Бадмаева «Қос тілді студенттердің орысша жазбаша сөйлеуіндегі интерференциялық қателер (монғол-орыс қостілділігі негізінде)» (2000) диссертациясының авторы, онда ол орыс тілін үйренетін қос тілді студенттердің емле қателерін зерттейді. Ғалым орфографиялық интерференция жаңа тілді үйрену кезінде көптілді студенттердің алдында тұрған маңызды мәселе болып табылады дей отырып, емледегі қиындықтар негізінен ана тілінің тілдік тұлға санасында бекітіліп білім болып қалыптасуында деп, орфографиялық интерференцияға әсер ететін бірқатар факторларды атайды. Оған жазарманның жасын, тілді білу деңгейін және тілдік заңдылықтарды түсініп қолдану деңгейін, оқыту әдістерін, орфографиялық жаттығуларды жатқызады. Ғалымның бұл қорытынды тұжырымына қосыла отырып, орфографиялық интерференция құбылысына әсер ететін тілдік және тілдік емес түрткіжайттарды көрсетуге болады. Тілдік түрткіжаттар ретінде фонетика-фонологиялық, графикалық, морфологиялық, лексикалық түрлерін айтуға болады. Ал тілдік емес түрткіжайттарға психологиялық, білім алу деңгейі, жазарманның жасы, когнитивті танымы, тілді қолдану жиілігі, әлеуметтік фактор т.б. Жоғарыдағы ғалымдардың пайым-тұжырымдарын негізге ала отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

Бірінші, интерференция – бір тілдің екінші тілге әсер етуінің нәтижесі, яғни жазбаша немесе ауызша сөйлеуде бір тілдің басқа тілдегі нормаларының қолданылуы, басқаша айтқанда, интерференция екінші тілдің әсерінен ана тілінің нормасы мен жүйесінен ауытқу процесі.

Екінші, интерференцияны зерттеу әртүрлі аспектілерде жүзеге асырылады және ол әртүрлі көзқарастар арқылы талданады. Атап айтқанда, тілді үйрену кезінде бұрын меңгерілген дағдылардың әсері психоллингвистикалық аспект бойынша, этникалық байланыстардың нәтижелерін әлеуметтік аспект бойынша, ана тілінде сөйлеушінің сөзіндегі тілдік қателіктердің себептері әдістемелік аспект бойынша, ойлау, таным, пайымдау мәселелері когнитивтік аспект бойынша, тілдік білімдерді, яғни нормаларды араластыру бойынша тілтанымдық аспектте қарастырылады. Тілдік аспекттегі интерференцияны зерттеу тіл білімі салаларымен және тілдік бірліктермен байланыста жүргізіледі.

Үшінші, ауызша, жазбаша қарым-қатынас барысында өзара түсіністіктің қиындауы тілдік интерференция нәтижесі болып табылады. Бірақ интерференцияны теріс әсер ретінде қарастыруға болмайды. Ана тілінде мәтін жазу немесе оны қабылдау барысында коммуниканттың санасында нәтижеге кері әсерін тигізбейтін тілдердің әмбебап қасиеттері бойынша ұқсастық «оң трансфер» арқылы жүзеге асып отырады. Оң трансфер көбіне көптілді тілдік тұлғаның сөйлеу-ойлау әрекетінде болатын механизм. Тілдік тұлға санасында екі түрлі тілдегі ұқсас тілдік бірліктер араласады. Бұл тілдік құбылыс екінші тілді меңгеруді жеңілдетеді. Бірақ ана тілін ауызша және жазбаша жиі қолданбаса, бұл теріс трансформерге айналады. Интерферент тілдік

бірліктерді сезу және оны түсуні үшін тілдік тұлғаның білім алу дағдысына, әлеуметтік-мәдени деңгейіне де байланысты болады.

Интерференция ұғымын кең мағынада да (тілдердің байланысы нәтижесіндегі барлық құрылымдық өзгерістер) және тар мағынада (ана тілінің нормаларының қарым-қатынас процесінде ауысуы) түсіндіруге болады. Кең мағынада тіларалық интерференция, яғни «ана тілі – шет тілі» немесе екі немесе бірнеше тіл, ал тілішілік интерференция «ана тілі – ана тілі» немесе «шет тілі – шет тілі» арақатынасы, мұнда тілдің ішкі заңдылықтары, салаларында тілдік кедергілер немесе ауысулар болады.

Тіларалық және тілішілік интерференция туралы айтпас бұрын, тілдің ішкі жүйелеріне сәйкес интерференцияның дыбыстық интерференция (фонетикалық немесе фонологиялық), орфографиялық, пунктуациялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, стилистикалық, мәдени немесе әлеуметтік-мәдени деп бөлуге болады.

Ана тіліндегі мәтінді құру немесе қабылдау барысында коммуниканттың санасында нәтижеге кері әсерін тигізбейтін тілдердің әмбебап, жалпы типологиялық қасиеттері жүзеге асады. Бұл кедергі оң трансфер деп аталады. Ол сөйлеу-ойлау әрекеті деңгейінде көрінуі мүмкін. Себебі адам неғұрлым көп тілде сөйлейтін болса, оның сөйлеу-ойлау механизмдері соғұрлым дамиды. Тілдік деңгейді алып қарайтын болсақ, ұқсас тілдік құбылыстар шет тіліне ауысады және сол арқылы оны меңгеруді жеңілдетеді. Мәдени интерференция белгілі бір мәдениеттен көрінетін тілмен байланысты туындайды. Семантикалық интерференция сөйлеушіге белгілі құбылыстардың бұрыннан белгілі тілдерге қарағанда жаңа тілде басқаша көрініс табуына байланысты пайда болады. Лексикалық деңгейдегі интерференция жиі кездесетін интерференция түрі. Себебі лексикалық қабат ең мобильді және массивті болып табылады. В.Вайнрайхтың пікірінше, лексикалық интерференция объектілер мен ұғымдарды атау қажеттілігіне байланысты туындайды [2, 40]. В.В. Әлімов лексикалық интерференцияны «бір тілдің сөздік құрамының екінші тілге араласуы» деп түсінеді [9, 134]. Лексикалық араласудың себептерінің ішінде грамматикалық және семантикалық себептерді атап өту керек, олар көбінесе басқа тілдің әсерінен тілде жаңа сөздердің пайда болуына әкеледі. Грамматикалық интерференция екі тілдің морфемалары, синтаксистік құрылымдары немесе тұтас грамматикалық категориялары әдетте олардың формальды ұқсастығы немесе бұрынғы функцияларының ұқсастығы негізінде анықталады [9, 74]. Морфологиялық интерференция – сөз бөліктерінің категориялық сипаттамаларының бұзылуымен байланысты сөйлеуде байқалатын нормадан ауытқу, кедергі жасайтын тілдің сәйкес категорияларының әсерінен пайда болады. Морфологиялық интерференция морфемалар мен сөйлем мүшелері деңгейінде көрінеді. Морфемалар деңгейінде ол әртүрлі тілдердің морфемаларын олардың формасының немесе мағынасының ұқсастығы негізінде анықтау нәтиже-

сінде пайда болады. Демек, морфемалар деңгейіндегі интерференция фонетикалық және семантикалық сипатта болуы мүмкін.

Синтаксистік интерференция донор тілінің үйлесімділік заңдылықтарының әсерінен сөйлеу тізбегіндегі реципиент тіл элементтерінің үйлесімділігінің бұзылуымен байланысты. Синтаксистік тұрғыдан алғанда сөздер сөйлем мүшесі ретінде көрінетіндіктен, синтаксистік араласуды сөйлем мүшелері мен әртүрлі типтегі сөйлемдердің араласуы деп анықтауға болады. Сөйлем мүшелерінің барлығы дерлік, ондағы сөздердің орын тәртібі мен құрылымы синтаксистік араласуға ұшырауы мүмкін. Фонологиялық интерференция сөйлеудің интонациялық үлгісінде, оның ырғағы мен фонема артикуляциясында көрінеді. Графикалық және орфоэпиялық интерференция жазуда көрінеді, яғни басқа тілдің жазу ережелері ана тілге немесе керісінше жүзеге асады.

Интерференция тілдің барлық деңгейін қамтуы мүмкін, бірақ әсіресе фонетикада байқалады. Фонетика – сөйлеу дыбыстарының жасалу жолдарын, олардың өзіндік ерекшеліктерін, сөйлеу ағымындағы өзгерістерді зерттейтін ілім. Фонетикалық интерференция ана тілінің айтылу дағдысының шет тіліне ауысуымен байланысты болады. Мұның себебі артикуляциялық дағдымен байланысты. Яғни екінші бір тілді үйрену, меңгеру кезінде фонетикалық білімдер араласып, кейбір дыбыстардың айтылуы бұзылады. Грамматикалық интерференция «бір тілдің жүйесіне кіретін грамматикалық бірліктерді орналастыру, үйлестіру, таңдау немесе өзгерту ережелері басқа тіл элементтерінің шамамен бірдей тізбегіне қолданылғанда» пайда болады [10, 36]. Жалпы интерференция құбылысы ойлау механизімімен тікелей байланысты, яғни тілдегі жақын, ұқсас элементтер ауысуы, араласуы белгілі бір тілде ойлаумен тікелей байланысты болуында.

Фонетикалық интерференция деп сөйлеушінің санасында екі, кейде одан да көп тілдің дыбыстық жүйелері мен айтылу нормаларының өзара әрекеттесуінің нәтижесінде екінші реттік тіл жүйесі мен оның нормаларының бұзылуы (бұрмалануы) деп түсініледі. Өзара әрекеттесетін жүйелерден алынған деректердің негізі, басқаша айтқанда, ана тілінің дыбыстары мен дыбыс тіркесімдерін дұрыс айтпау, оларды ана тілінің дыбыстарымен алмастыру. Ол сөйлеуді қабылдауда және оның жасалуында көрінеді: қостілді адамның сөйлеуінде ана тілінің дыбыстық жүйесінің бұзылуы байқалса, олар әдетте фонетикалық араласудың нәтижесі ретінде жіктеледі.

Орфографиялық интерференция. Оны екіге бөліп қарастыруға болады: тілішілік және тіларалық. Тілішілік интерференция тілдік нормаларды білмеумен немесе сақтамаумен байланысты. Тілішілік интерференцияда «жаңа» және «ескі» ережелер оппозициясы, яғни «дағды бойынша жазу» негізге алынып, ережені елемей жазу. Бұл көбіне сөздерді бірге, бөлек дефис арқылы жазуға байланысты болатынын көруге болады.

Орфографиялық интерференцияның дағдылық түрі. Орфографиялық интерференцияның дағдылық түрі бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазылатын сөздерде байқалады. Бұл құбылыс тілдік нормадағы өзгерістерге бейімделу кезінде туындайды және белгілі бір ережелер мен жазу дағдыларының өзгеруінен пайда болады. Дағдылық үдеріс дегеніміз – белгілі бір кезеңдегі тілдік нормада немесе ережеде қалыптасқан жазу дағдысының тұрақтануы. Бұл үдеріс жазарманның санасында белгілі бір сөздің жазылу тәсілі бекітілгенде пайда болады. Мысалы, бұрын бірге жазылған сөздер жаңа ережелер бойынша бөлек немесе дефис арқылы жазылуы мүмкін, бірақ жазарман ескі дағдыларға сүйеніп, қате жіберуі мүмкін.

Сөздердің бірге, бөлек, дефис арқылы жазылуы: әр түрлі/ әр-түрлі/ дұрысы: әр-түрлі; жан талас (жан талас өмір)/ дұрысы: жанталас өмір; дүние жүзі/ дұрысы: дүниежүзі; адам зат/ дұрысы: адамзат; түп нұсқа/ дұрысы: түпнұсқа; қос тілділік/ дұрысы: қостілділік; кез-келген/ дұрысы: кез келген; ара-қатынас/ дұрысы: арақатынас; ат салысу/ дұрысы: атсалысу; мекен-жай/ дұрысы: мекенжай; алғы шарт/ дұрысы: алғышарт; көз қарас/ дұрысы: көзқарас; ісшара/ дұрысы: ісшара/ дұрысы: іс-шара; алақұла/ дұрысы: ала-құла.

Көрсетілген сөздердің қате жазылу себебін анықтайтын болсақ, бұл екі түрлі негізге тіреледі. Біріншісі, дағдылық үдеріс, екіншісі, интуиция бойынша жазу. Дағдылық үдеріс белгілі бір кезеңдегі тілдік нормада, яғни ережеде болуы және тәжірибеде қолданылуы. Мысалы, әртүрлі сөзі әр түрлі, әртүрлі ұлғасында екі түрлі жазылуы бейсаналық дағдылық үдеріс. Себебі бір кездердегі жазу практикасында бұл сөз бөлек жазылған. Бұл норма әрі дағды ретінде тілдік тұлғаның санасында әбден бекітіліп үлгерген. Жаңа қабылданған (2013 жылы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі») емле заңдылығынан бейхабар жазарман, әрине бұл сөзді «бұрынғыша» бөлек жазады. Бұны емле қиындықтарындағы психолингвистикалық себептер деп айтуға болады.

Сол сияқты қостілділік, арақатынас, мекенжай, алғышарт сияқты сөздер Орфографиялық сөздікте (2013 ж.) бірге жазылатыны көрсетілген. Бірге жазылатын сөздердің санының көбейуі тілдегі емантикалық принципке байланысты болса, екіншіден, сөздің ықшамдалуымен байланысты. Яғни екі түрлі бөлшекті қабылдауға қарағанда, жазуда бір бүтін бөлшекті қабылдау тез әрі тиімді. Қазіргі кезде осындай тілдік және психолингвистикалық себептерге байланысты бірге жазылатын сөздер көбеюде. Айта кетерлік жайт, бірақ бірге жазылатын сөздер талқысыз, бірден нормаланбайды. Сөздер бірнеше тұрпатта тілдік практикадан өтіп, біреуінің басым екені анықталғаннан кейін кодификацияланады. Мысалы, қазіргі кезде жиі айтылатын және эссе жазу барысында студенттен анықталған мекенжай сөзінің бөлек, дефис формасындағы жазылуы тілдік заңдылыққа байланысты болды. 1963 жылы шыққан Орфографиялық сөздікте бөлек жазылса, 1978 жылы шыққан Орфографиялық



сөздікте мекен-жай сөзі дефиспен берілген. Ал 1988, 2005, 2008, 2013 жылдардағы Орфографиялық сөздіктерде мекенжай бірге жазылады деп көрсетілген. Осы мәселеге байланысты профессор Қ.Күдерінова былай дейді: «Қазіргі қазақ емлесінде жай сөзі тек мекенжай-да емес, қонақжай, еружай тіркесінен бастап, егінжай, орынжай, жағажай, саяжай, әуежай, жылыжай, кемежай, қонысжай (мекенжай, орын), панажай (уақытша баспана.), тұрақжай сөздерінде бірге жазылады. Бұл сөз қазақтың дәстүрлі сөзсаптамында «белгілі бір мекен, орын, тұрақ» және «үй, ғимарат» мағынасында жұмсалды және жұмсалады да. Мысалы, Ауылдың арғы шетінде едәуір оқшау тұрған жатаған жалғызбасты Дүрия кемпірдің жайы (Ә.Тарази Құйрықты.) дегенде үй, қора-қопсы, болса, бау-бақшасымен қоса атағаны. Бұл қолданыс жалпы мағынада жұмсала келе, алдынан анықтауышты талап ете бастады. Бұлардың алғашқысы мекен сөзі болды. Бірақ жай мен мекен сөзі синонимдес болғандықтан қосарлама қос сөз түрінде 70-жылдардың ортасынан дефис арқылы жазылып келді (мекен-жай). Бірақ соңғы сыңар ретінде көмекші мағынаға көше бастады. Сөйтіп, мекен-жай сөзі 2000 жылдардың басынан біресе дефиспен, біресе бірге жазыла келе, емле сөздігінде бірге жазылуы заңдастырылды» [11]. Көріп отырғанымыздай, ереже бар, түсіндірме бар. Бірақ жазу практикасында бұл мәселе етінде танылады. Оның себебі, автоматтандырылған ойлау механизмге байланысты екен. Жазған кезде біз көбінесе тәжірибе негізінде қалыптасқан, бекітілген мидағы автоматты процестерге сүйенеміз. Ережелер өзгерсе, бұл автоматизмді бұзып, қиындықтар тудыруы мүмкін. Сондықтан жазарман жазу барысында тіпті бұл туралы ойланбауы да мүмкін. Себебі бұл көз, қол дағды арқылы автоматтандырылған. Сөздің автоматтануына көптеген жағдарлар жасалған деген сөз. Яғни жағдай деп отырғанымыз, сөздің үнемі қолданылуы (ауызша және жазбаша) т.б. Сонымен тілдік санада бекітілген білімді, жаңа біліммен алмастыру әртүрлі уақытты алады. Себе орфографиялық интерференция жазарманның жасына, білім деңгейіне, жазба тілді қолдануына (жиі немесе аз қолдану) және жауапкершілігіне байланысты. Яғни орфографиялық интерференция құбылысындағы дағдылық үдеріс, белгілі бір білімнің орнығып, бекітілгенімен байқалады. Студенттердің эссесіндегі сөздердің бірге және бөлек жазуына байланысты мынадай сөздерде дағдылық және интуитивті процестер жүзеге асқан.

№	Дағдылық үдеріс (кезінде алған білімі бойынша жазу)	Интуициялық үдеріс (ережені білмей, тілдік бірліктерді интуициясы бойынша жазу)
1	әр түрлі / әр-түрлі	қоз қарас
2	қос тілділік	жан талас
3	кез-келген	дүние жүзі
4	ара қатынас	адам зат

5	мекен жай/ мекен-жай	Түп нұсқа
6	ара қатынас	алақұла
7	ат салысу	ісшара
8	алғы шарт	

Интуитивті орфография дыбыстық принципке сәйкес сөздерді жазу дегенді білдіреді. Ол тіл үйренушілерге немесе тіпті ана тілінде сөйлейтіндерге қиындық тудыратын күрделі ережелер мен ерекшеліктерді ескермей, сөздер қалай дыбысталса, солай жазылуы керек деген түсінікке сәйкес келеді. Интуитивті сауаттылық теориясы Т.В.Ахутиннің, Л.С. Выготскийдің, Н. И. Джинкиннің, И.А. Зимняның, Е.С. Истринаның, А.Н. Леонтьевтің, А.Р. Лурияның, С. И. Львованың, А.А. Мурашовтың, С.Л. Рубинштейннің, В.П. Шереметевскийдің, Д.Б. Элькониннің және т. б. ғалымдардың еңбектерінде сөз етіліп, әртүрлі ғылымдардың тоғысында, яғни психология, тіл білімі, психолингвистика, нейропсихолингвистика, психофизиология, педагогика, оқыту әдістемесі, лингводидактика сияқты салалармен байланысты қарастырылады.

Интуитивті орфография тілдік сананың бірегей көрінісі ретінде саналады және жазу практикасындағы орфографиялық қиындықтарды сана, ойлау сияқты когнитивті процестермен байланысты қарастыруды талап етеді. Біздіңше, жоғарыда көрсетілген көз қарас, жан талас, дүние жүзі, адам зат, түп нұсқа, алақұла, ісшара сияқты сөздердің бөлек және бірге таңбалануы тілдік тұлғаның интуитивті шешіміне байланысты болған. Яғни, көз қарас, жан талас, дүние жүзі, адам зат, түп нұсқа сияқты сөздердің бөлек таңбалануы бұл дағдылық емес, интуитивтілікке байланысты болуы жазарманның фонетикалық логикасы, визуалды ассоциациясына байланысты. Фонетикалық логикасы дамыған жазарман сөздерді қалай айтса, солай жазуы мүмкін. Егер жазарман жазу барысында бөлшектелген тілдік бірліктерді елестетсе немесе естісе, онда оны интуитивті түрде де орындайды. Ережеде сөз бірге жазылды деп көрсетілсе де, жазарман оны интуитивті түрде бөлек жазуы мүмкін. Мұның себебі жазарманның интуитивті қабылдауында. Фонетикалық логикамен қоса, визуалды ассоциация да сөздің жазылуына кедергі келтіре алады. Яғни, жазарман санасында сөздің жазылуы оның сыртқы түрімен немесе сол сөзге ұқсас сөздермен ассоциациялық елес берсе, сыртқы түрі ұқсас болса, онда автоматты түрде сол сөздің жазылуына ұқсаттырып ассоциациялық түрде нормадан ауытқуы мүмкін. Бұл жағдай сөздерді кодификациялауда көмектесе алады. Себебі жазарман өзара ұқсас элементтерді жүзеге асыру барысында нормалану алдында тұрған тілдік бірліктерді де автоматты анықтай алады. Тілдегі жарыспалылықтың бар болуы осы интуитивтілік категориясымен байланысты. Жарыспалылық пайда болады содан кейін бір тілдік бірлік кодификацияланады.

Жоғарыдағы дағдылық және интуитивті үдерістер орфографиялық интерференцияның тілішілік типі арқылы жасалып тұрғанын көруге болады. Мұнда «орфографиялық ереже – орфографиялық ереже» арақатынасы көрінді. Яғни бөлек жазылатын сөздер ережесі, бірге жазылатын ережеге әсер етуі және керісінше бірге жазылатын сөздер емлесі, бөлек немесе дефиспен жазылатын сөздер емлесі арқылы біз тілішілік орфографиялық интерференцияны көреміз.

Дағдылық үдеріс (кезінде алған білімі бойынша жазу)	Интерференциялық байланыс түрі <b>«БІР ЕРЕЖЕ – ЕКІНШІ ЕРЕЖЕ»</b>	Интуициялық үдеріс <b>(Ережені білмей, тілдік бірліктерді интуициясы бойынша жазу)</b>	Интерференциялық байланыс түрі <b>«ЕРЕЖЕ – АССОЦИАЦИЯ»</b>
әр түрлі / әр-түрлі	бөлек және дефиспен жазу	көз қарас	фонетикалық логика, визуалды ассоциация
қос тілділік	түбір сөздердің жазылуы	жан талас	фонетикалық логика, визуалды ассоциация
кез-келген	дефиспен жазу	дүние жүзі	фонетикалық логика, визуалды ассоциация
ара қатынас	түбір сөздердің жазылуы	адам зат	фонетикалық логика, визуалды ассоциация
мекен жай/ мекен-жай	бөлек және дефиспен жазу	түп нұсқа	фонетикалық логика, визуалды ассоциация
ара қатынас	түбір сөздер	алақұла	фонетикалық логика, визуалды ассоциация
ат салысу	түбір сөздер	ісшара	фонетикалық логика, визуалды ассоциация
алғы шарт	түбір сөздер		

Орфографиялық интерференцияның грамматикалық түрі. Тілішілік грамматикалық интерференция – бір грамматикалық құрылымның екінші грамматикалық құрылымға араласуы. Тілішілік орфографиялық интерференция шылау сөз бен қосымшаны ажырата алмауға байланысты да байқалады.

Бұл жерде де орфографиялық интерференцияның тілішілік сипаты айқын көрініп тұр. Жоғарыда «орфография – орфография» интерференциясы болса, шылау мен қосымшалардың жазылуында «грамматика – орфография» интерференциясы. Грамматика-орфографиялық тілішілік интерференцияның болу себебі фонетикалық, грамматикалық ұқсастыққа байланысты болуында. Атап айтқанда:

1. Фонетикалық ұқсастық: септік қосымшаларымен шылау сөздердің айтылуындағы ұқсастық интерференция құбылысын тудырып тұр:

студентпен оқытушы / дұрысы: студент пен оқытушы;

жазуда адамға әсер етеді/ дұрысы: жазу да адамға әсер етеді;

ең басында ЭИ деп қарастырсада/ дұрысы: ең басында ЭИ деп қарастырса да;

оданда басқа/ дұрысы: одан да басқа;

ешқандай қатысы болмасада/ дұрысы: ешқандай қатысы болмаса да;

жәнеде/ дұрысы: және де.

2. Грамматикалық ұқсастық: септік және шылау сөздердің тұрпатының ұқсастығы: – пен / пен; – да/да; – де/де.

Тілішілік орфографиялық интерференция бейүндес буынды сөздердің жазылуында да байқалады. Жалпы қазақ орфографиясында бейүндес сөздердің жазылуы қиындық тудырады.

Кейбір позицияда дауыстылардың жуан-жіңішке оппозициясы «көмескіленеді» де, сол дыбыстың тіл алды дауыстысы немесе тіл арты дауыстысы екендігін ажырату едәуір қиынға соғады. Осыған байланысты жазу практикасында қиындықтар туындайды. Мысалы: а-қы-рет (а-кі-рет емес), құ-ді-рет (құ-ды-рет емес), ке-са-пат (ке-се-пат емес), ла-ғы-нет (ла-гі-нет емес), қа-бі-лет (қа-бы-лет емес), мү-бә – рек (мү-бә – рак емес), қа-ре-кет (қа-ра-кет емес), тә-кәп-пар (тә-кап-пар емес), қа-ғы – лез (қа – гі-лез емес), тақ – сі-рет (тақ-сы – рет емес), қа – сі-рет (қа-сы – рет емес), тау-қы – мет (тау –кі-мет емес), қа – ті-гез (қа-ты – гез емес), та-қы – лет (та – кі-лет емес), қо – ше-мет (қо-ша – мет емес).

Мұндай сөздердің буын құрылымындағы ерекшелікті ескеру дұрыс жазуға негіз болады. Біріншіден, жуан мен жіңішке түйіскен тұста дауыссыз дыбыс өзі жұптасатын дауыстымен реңкі жағынан үйлесіп тұрады: қа-ғы – лез (қа – гі-лез, қағ –іл-ез емес), тә-кәп – пар (тә-кап – пар емес). Ал қагілез, тәкаппар, тақілет деп жазу қазақ сөзінің буын құрылымын бұзу болып табылар еді. – қі, – зі, – ка – тәрізді буындар қазақ сөзінің табиғатына тән емес. Екіншіден, жоғарыда аталған сөздердің ішінде қабілет, қарекет, тақсірет тәрізді сөздердің бейүндес буын жігін қа –бі-лет, қа – ре-кет, тақ –сі-рет деп те, қа-бы – лет, қа-ра – кет, тақ-сы – рет деп бөлудің өз артықшылығы бар. Себебі, қа-бы – лет, тақ-сы – рет деп буындасақ, сөйлеуде қа-был – ет, тақ-сыр – ет, қа-ра – кет түрінде айтылады да, <р>, <л> дауыссызы <ы> дауыстысының реңкіне бейімделеді. Сөйтіп, «қабыл ет», «тақсыр ет», «қара кет (ті)» деген еркін тіркестен айырмасы болмай қалады. Ал буындардың бейүндес жігін қа – бі-лет, тақ – сі-рет, қа – ре-кет деп ажыратсақ, [б], [с], [р] дауыссыздары і, е дауыстыларының реңкіне бейімделеді де, қабыл ет, тақсыр-ет, қара кет (ті) еркін тіркестерінен өзгешеленіп тұрады.

Орфографиялық интерференцияның фонетикалық түрі. Тілішілік интерференцияның бір түрі – фонетикалық. Фонетикалық интерференция «фонема – вариант

– вариация» арақатынасын шатастыру, ажырата алмауға байланысты. Бұл интерференция түрі фонема мен дыбыстың ара жігін түсінбеуден болады. Осыған байланысты жазарман жайлы сөзін жәйлі, тамамдау сөзін тәмәмдау, тақырып сөзін тақырыб, жазса сөзін жасса, жаһандық сөзін жақандық деп естілуінше жазғанын көруге болады. Бұл қателер қазақ тілінің орфографиялық принципі түсінбейден туындап отыр. Қазақ орфографиясының негізгі принципі – фонематикалық екенін жақсы түсінсе мұндай қателер жазуда болмас еді. Фонематикалық принцип бойынша фонеманың басты реңкі жазуда таңбалаанады да, қосымша реңктері ескерілмейді. Негізгі реңк сөз мағынасын ажыратуға негіз, таяныш болады.

Тілішілік интерференцияны азайту үшін фонема – дыбыс – әріп арасындағы айырмашылықтарды түсіндіру маңызды. Аталған арақатынастар фонологиядағы «инвариант – вариант – вариация» арқылы көрінеді. Инвариант фонема жазуда әріп арқылы таңбалаанады. Ал инвариант фонеманың вариант (басшы – башшы) түрі және вариация (хатшы – хатчы) түрленімі жазуда таңбаланбайды, тек естіледі. Тілдегі дыбыс пен фонеманы ажырата алмағандықтан сөздерді жазуда вариант пен вариациялық құбылыстарға орын беріледі. Мысалы, шай, жай тәрізді сөздердегі дауысты дыбыстың негізгі реңкі <a>, тек <a> фонемасы [ш] және [ж] дауыссыздармен қатар келгенде [ә] түрінде көрінеді: шай – жазылуы, шәй – айтылуы; жай – жазылуы, жәй – айтылуы.

Ал тамамдау сөзін тәмәмдау түрінде, жазса сөзін жасса түрінде таңбалауы да фонематикалық принципті басшылыққа алғаны деп түсінеміз. Себебі жазарман ауызша тілде бұл сөзді тамамдау деп емес, тәмәмдау түрінде қолданады. Осы сияқты тақырып сөзінің тақырыб түрінде жазылуы да фонематикалық принципті негізге алмауынан деуге болады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі сөздер б дыбысына аяқталмайтынын, тек орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген шеттілдік сөздер б, в, г, д дыбыстарына (клуб, штаб, актив, штатив, педагог, монолог, округ, араб, жад) аяқтала алатыны туралы білімнің болмауы орфографиялық интерференцияның тууына негіз болғанын көрсетеді. Айта кетерлік жайт, тақырып сөзінің тақырыб түрінде таңдалануы тілішілік және тіларалық интерференцияның әсері болуы мүмкін. Интерференцияның нақты қай түрінің жүзеге асқанын тек жазарманмен сұхбаттасу әдісі арқылы анықталатынын айтқымыз келеді.

Тілішілік фонетика-орфографиялық интерференция жаһандық сөзінің жақандық түрінде таңбалануынан да байқалды. орфографиядағы бұл проблема қ, х, һ дыбыстарының фонетикалық мәртебесіне байланысты. Аталған үш дыбыстың өзара ортақ белгілері көп екенін көруге болады. Қ, Х, Һ дыбыстары естілім тұрғысынан дауыссыз, қатаң, тоғысыңқы, тіл ортасы сияқты акустика-артикуляциялық сипатына байланысты жазу қиындық туғанын көруге болады. Бірақ профессор Ә. Жүнісбек: «Қазақ тілінде көмейден айтылатын дыбыс жоқ. Ендеше кірме х, һ әріптерін қ таңбасымен

алмастырса жетіп жатыр» – дейді [12]. Ғалымның бұл тұжырымы арқылы жазармандардың қазақша ойлау тілдік механизімі жақсы дамыған деуге болады.

Жазуда фонетикалық, позициялық, комбинаторлық өзгерістердің ескеріліп таңбалануы орфографиялық интерференцияны тудырады. Сондықтан жазарманға дыбыстардың позициялық, комбинаторлық өзгерістері, яғни әртүрлі қосалқы мазмұндағы дыбыстар тек ауызша тілге тән екенін түсіндірген абзал. Орфографиялық интерференцияның бұл түрін азайту үшін инвариант фонеманың әлсіз позициядағы реңктерін айқындай отырып, фонетика-фонологиялық және орфографиялық модельдер арқылы жазылым жүйесін түсіндіруге болады.

Орфографиялық интерференцияның фонетика-фонологиялық түрін азайту үшін фонема мен дыбыс арасындағы айырмашылықтарға байланысты мынадай маңызды мәселелерге назар аудару қажет:

Бірінші, қазақ тіліндегі орфографиялық ережелер фонетика-фонологиялық принципке табан тірейді. Яғни қазақ орфографиясы көбіне дыбыстарға емес, фонемаларға негізделген.

Екінші, аллофондар орфографияға әсер етпейді. Мысалы, бір д дыбысының төрт түрлі түрленімі бар. Бірақ жазуда негізгі инвариант түр ғана ескеріліп, жазуда таңбаланады:

- ⇒ [д] Жуан езуліктермен іргелес келгенде
- ⇒ [дʲ] Жіңішке езуліктермен іргелес келгенде
- ⇒ [д°] Жуан еріндіктермен іргелес келгенде
- ⇒ [д°ʲ] Жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде

Үшінші, фонемалардың мағынаны ажырату функциясы. Фонемаларды дұрыс тану және қолдану сөздің мағынасын өзгерте алатын қателіктерден аулақ болуға көмектеседі. Мысалы, бір фонеманы басқа фонемаға ауыстыру (мысалы, /с/ н /к/: сан, нан, қан) арқылы сөздің мағынасы өзгереді.

Фонема мен дыбыс арасындағы айырмашылықтарды нақты түсіну емлені дұрыс қолдануға, жазудағы қателіктерден аулақ болуға және тілдің құрылымын жақсы түсінуге көмектеседі. Фонемалар орфографиялық ережелерге негіз болады, ал дыбыстар олардың сөйлеудегі нақты іске асырылуы болып табылады [13].

Қазақ орфографиясындағы күрделі мәселелердің бірі түбірге қосымшаның жалғануы. Қазақ тілінде түбір сөзге қосымшаның жалғануы үндесім заңдылығына байланысты. Үндесім бойынша түбір сөздің соңғы дыбысының жуан немесе жіңішке келігіне сәйкес қосымша да үндесім бойынша жалғанады. Жуан түбірге қосымша жуан жалғанады: балалар+ға, мектеп+тер; жіңішке түбірге қосымша жіңішке жалғанады: көше+ге, күні+мен. Бұл қазақ тіліндегі негізгі әрі басты заңдылықтарының бірі. Мұндай заңдылық орыс, ғылшын тілдерінде жоқ. Осындай тілдер арасындағы заңдылықтар айырмашылықтары тіларалық орфографиялық интерференция тудыра-

ды. Осы мәселеге байланысты студенттердің жазба жұмыстарында мынадай қателер орын алған:

1. Феномен+ға> Феноменге: «Феномен» сөзі жіңішке, сондықтан оған жіңішке қосымша «-ге» жалғанады.

2. Аспектідан > Аспектіден: «Аспект» сөзі жіңішке, сондықтан оған жіңішке қосымша «ден» жалғанады.

3. Еңбектер+дың> Еңбектердің: «Еңбектер» сөзі жіңішке, сондықтан оған жіңішке қосымша «-дің» жалғанады.

4. Жеткілік+сыз> Жеткіліксіз: «Жеткілік» сөзі жіңішке, сондықтан оған жіңішке қосымша «сіз» жалғанады.

Мұндай қателіктердің болуы жазарман қазақ тіліндегі үндесім заңдылығын толық түсінбеуінен, яғни морфологиялық және фонетикалық ережелерді дұрыс түсінбеуде немесе тілдік дағдысының төмен болуынан деп тұжырымдауға болады. Бұл мәселені шешу үшін жазарманның тілдік білімін жетілдіру жолдары қарастырылып, тілдің табиғи даму процесі мен фонетикалық жүйесінің ерекшеліктерін түсіндіретін құралдар әзірлеу керек екенін аңғартады.

Тіларалық орфографиялық интерференция. Тіларалық орфографиялық интерференция көбіне графемиологиялық сипатқа байланысты болады. Яғни бас әріптің, шеттілдік сөздердің орфографиялануында белгілі бір графеманың нормаға сәйкес жазылмауы дегенді түсінуге болады. Тіларалық орфографиялық интерференция – бір тілдің орфографиялық жүйесінің басқа бір тілдің орфографиясына әсер етуі. Графемиологиялық сипатқа байланысты орфографиялық интерференцияның мынадай түрлері бар:

**1. Графемалық жүйедегі ерекшеліктер:** Әрбір тілде өзіндік графемалар жүйесі бар. Мысалы, кирил және латын әліпбилеріндегі графемалық ұқсастық тіларалық интерференция тудырады. Қазақ және орыс тілдері генеологиялық сипаты жағынан ұқсас болмаса да, графикалық тұрпаты бойынша едәуір ұқсас графемалар бар екені белгілі. Осы ұқсастық тілді қолдану кезінде орфографиялық интерференция тудырады. Жазу практикасында қазақ сөздерінің таңбалануында [қ] мен [к] ; [н] мен [ң], [ұ], [ү] мен [у], [ғ] мен [г] дыбыстары өзара интерференция тудырады. Қазақ тіліндегі «қараша» сөзіндегі қ әрпінің орнына «к» әрпін таңбалауы – орыс тілінің ықпалы екені түсінікті. Бұл қателер тек графикалық ұқсастық болғандықтан мес, тілдердің фонетикалық жүйелерін білмеуден, жазбаша дағдының аздығынан және тілдік ортаның да әсері болуы әбден мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін тілиелмендерге қазақ тілінің орфографиялық ережелерін терендетіп оқыту және қазақ тіліндегі жазу дағдыларын қалыптастыру қажет.

Бас және кіші әріптің жазылуына байланысты тіларалық интерференция. Графикалық интерференция – бұл екі немесе одан да көп тілдердің жазу жүйеле-

рінің өзара әсерінен пайда болатын қателер. Бұл құбылыс әсіресе көптілді ортада, тіл үйренушілер арасында жиі кездеседі. Қазақ тілінде орыс тілімен қатар ағылшын тілі де оқытылатындықтан, графикалық интерференция кең таралған мәселе болып табылады.

*Орфографиядағы бас әріпті қолдану турасындағы ережелер басқа орфографиялық ережелерден өзгеше және өзіндік құрылымы бар жүйе.*

Қазақ орфографиясында бас немесе кіші әріпті жазуда семантикалық және синтаксистік, кейде символдық принципке негізделеді. Семантикалық принцип лексикалық бірліктерді контекстік мағыналық ерекшелігіне байланысты қарастырса (жалқы есімдерді бас әріппен жазу), синтаксистік принцип мәтіннің бөліктерін ажырату үшін қолданылады (жаңа сөйлемді бас әріппен жазу). Семантикалық принцип өз кезегінде тілтанымдық әдебиеттерде идеографиялық, лексикалық деп те аталады. Бас әріпті жазудағы символдық принцип сөйлем ішінде белгілі бір сөзге екпін түсіруге байланысты қарастырылады.

Әдетте бас әріппен жалқы есімдер және сөйлемнің алғашқы сөзінің бірінші әрпі, ал кіші әріппен жалпы есімдер және сөйлемнің басқы сөзінің бірінші әрпінен басқалары жазылатыны белгілі. Сонымен қатар адам аттары (антропонимдер), геологиялық атаулар (топонимдер), діни атаулар (теонимдер), жануарлар атаулары (зоонимдер), аспан денелерінің атаулары (астропонимдер), тарихи уақиғалармен байланысты мезгіл атаулары (хрононимдер), рухани нысандар (идеонимдер) бас әріппен жазылады. Кейбір жалпы есімдер мәтін ішінде көтеріңкі сарынмен немесе белгілі бір нәрсенің символикасы ретінде айтылса, бас әріппен жазылады. Сөздің бас не кіші әріппен жазылуын білу үшін ең алдымен жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу шарт.

Жалқы есім жалпы есімнен де, жалпы есім жалқы есімнен де жасалады. Жалқы есімдер бірінші тілдік жүйеден екінші тілдік жүйеге тез ауысады. Жалқы есімдердің тууы – үздіксіз жүретін процесс. Қоғамдық сана мен қызметтің күрделенуіне, жаңа формаларының пайда болуына орай жалқы есімдер де жаңадан жасалып, өзіндік мәнін, орнын өзгертіп отырады. Мысалы, кітаптардың, кезеңдік басылымдардың, транспорт құралдарының атауын жалқы есімдер құрамынан шығару жөнінде талас пікірлер әркез туып отырса, кейбір зерттеушілер (Суперанская) тауарлық белгілерді, сондай-ақ этнонимдерді жалқы есімдер құрамына күргізеуді жөн санайды. Мұндай жағдайда жалқы есімдердің құрамын, типтерін, түрлерін ажырату, оларға сипаттама беру, жазылуын белгілеу мәселесі қиындай түседі.

Бас әріптің жазылудағы үлкен қиындықтардың бірі нысандардың күрделілігіне, яғни көп құрамдылығына байланысты. Мысалы, *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Фонетика бөлімі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультеті* т.б. Соңғы мысалда атау үш сыңардан тұрады:



*ал-Фараби атындағы* (оны атау ішіндегі жалқы есім деп есептейміз), *Қазақ ұлттық университеті* (екінші құрамда үш тірек сөз тұр. Осы үшеуін де бас әріппен жазамыз ба, әлде тек бірінші тұрған сөзді бас әріппен жазамыз ба? ), үшінші құрам – тарих, археология және этнология факультеті. Бірыңғай атауларды бір топқа біріктіріп, дербестендіру үшін, әрі көп құрамды атаудың жігін дұрыс әрі айқын көрсету үшін басқы сөзді бас әріппен жазу тәжірибесіне қолайлы. Ал осы типтес, бірақ мағыналық жағынан өзгеше қағидамен берілетін атау түрлері де бар: Алматы үздіксіз білім беру университеті, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Білім, ғылым және мәдениет мәселелері ұйымы – ЮНЕСКО (UNESCO), Орталық мәдениет және демалыс саябағы т.б. Осы арада бұл атаулардың жазылу принципінде екі жайт көрінеді: біреуінде Мәдениет және Білім сөзі бас әріппен, екіншісінде кіші әріппен берілген. Оны анықтау үшін білім және мәдениет деген сөздің жазылу сипатына мән беру керек. Жоғарыда тарих, археология және этнология деген күрделі, көп құрамды объектінің атауында тарих деген сөздің бас әріппен жазылуы басқа принципке негізделсе, бұл жерде жағдай өзгешерек. «Білім» сөзі ірі, бас нысанның атауы болып табылады, әрі көп құрамды атаудың басында келеді. Білім, ғылым министрлігі бірігіп, ірі, үлкен объектіге айналып тұр. Білім және ғылым деп берілуін атаудың іштей жіктелуі деп түсінуге болады (атаудың коммуникативтік қызметі). Сонда ірі, күрделі, көп құрамды объектінің бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылуға тиіс. Бұл ереже географиялық атаулар арқылы берілетін көп құрамды сөздердің жазылуы қарама-қайшы. Ережеде: бір атауда екі объектінің сипаты берілсе, әрбір объектінің сипатын айқын, көркем көрсету үшін арасына дефис қою және дефистен кейінгі сыңарды бас әріппен жазу (Беломор-Балтық каналы, Соколов-Сарыбай кен байыту орны). Бірақ бұл жерде екі жайт көзге айқын шалынады: біріншіден, қос объектінің екеуі де географиялық атау (жер, судың аты), екіншіден, атау ішіндегі объектілердің даралық, дербестік сипаты басымдығында. Сондай-ақ Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттік деген атау жазу, сөйлеу тәжірибесінде үш түрлі нұсқамен келуі мүмкін. Біріншісі, атаудың толық түрі, екіншісі, Баспасөз агенттігі деп келуі (атаудың басқы сөзі мен атауға ұйытқы болып тұрған агенттік сөзінің тіркесімі) және Ұлттық агенттік. Соңғы екеуі атаудың ықшамдалуы негізінде туған. Ықшамдалған атаулар бас әріптен басталып жазылады. Бұл да дербестену үрдісіне жататын құбылыс. Оның себебі, біріншіден, контексте ықшамдалған атауды жалпы атаулардан (әсіресе құрама жалпы атаулардан, мысалы, мәдениет басқармасы, ғылыми-техникалық кеңес) айыру үшін де керек, екіншіден, атаудың жалқылық сипатын сақтауына байланысты. Жоғарыдағы жайттарға қосымша айтылуға тиісті мәселе – тірек (ұйытқы) сөздің жазылу принципі. Тірек (ұйытқы) сөздер көп құрамды атаудың қай тұсында келгеніне қарамастан бас әріппен жазылуға тиіс. Алайда екі не үш тірек сөз қатарласа келсе,

біріншісі ғана бас әріппен жазылады (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық мұражайы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі т.б.). осы мәселеге қосымша тірек сөздерге қандай сөздер кіреді дегенді де анықтау қажеттігі туады.

Күрделі құрама жалқы атаулардың ішінде синтаксистік тіркестің дербестенуі жиі кездесетін тілдік құбылысқа айналып отыр. Бұл мәселеге байланысты мынаны ескеру керек: дифференциацияға түспеген атаулардың жігін ажырату (яғни жалқы есім ретінде де, жалпы есім ретінде де қабылдануы мүмкін атау). Мысалы, қылмыстық кодекс, экономикалық форум деген атаулардың жалқы есім не жалпы есім ретінде келуін тек контекст арқылы ажырату мүмкін. Айталық, білім, мәдениет, спорт министрліктерінде деген контексте көптік жалғауының әсерімен атау кіші әріппен жазылады. Бұл жерде дербестену, даралану жоқ, көптік, жалпылық ұғым бар. Немесе ресми және бейресми атаулар болып бөлінуі де бас әріппен не кіші әріппен жазылу мәселесін шешіп береді.

Жазу практикасындағы мұндай күрделі мәселелердің болуы біріншіден, ілдік заңдылықты түсінбеуден болса, екіншіден, орфографиялық интерференцияға байланысты. Жоғарғы мемлекеттік ұйымдар мен құрылымдардың, жоғарғы қызметтердің, басқа рангадағы атаулардың жазылуындағы орфографиялық интерференция ағылшын тілі мен қазақ тілі арасындағы байқалды. Ағылшын орфографиясы бойынша бас әріптің ережелерін қазақ тіліне көшіріп қолдану тіл үйренушілер арасында кең таралған тіларалық орфографиялық интерференция түрі. Бұл көбінесе тақырыпаттар жиі байқалады. Мысалы, қазақ тілінде «Сапаға қойылатын әмбебап талаптарға сай болу» деген тақырыпаттағы әрбір сөз бас әріппен жазылмайды, қазақ тілінде тақырыпаттардағы бірінші сөз ғана бас әріппен жазылады деген ережеге табан тірейді. Бірақ жазармандар ағылшын тілінің орфографиясы бойынша немесе ғылыми мәтіннің рәсімделу талаптарына сәйкес бас әріптің жазылуында уәжсіз ауытқуларды жиі жіберіп жатады: «Сапаға Қойылатын Әмбебап Талаптарға Сай Болу», «Көшбасшылық Стильдердің Барлық Озық Тәжірибелерін Біріктіру», Көшбасшылық Стильдердің Шектеулерін Жою т.б. Бұл ағылшын тіліндегі тақырыптар мен маңызды терминдерді бас әріппен жазу ережелеріне сәйкес келеді. Бұлай жазудың себебі қазақ және ағылшын тілдері арасындағы орфографиялық ережелердің айырмашылықтарын дұрыс түсінбеуден, күнделікті қарым-қатынаста ағылшын тіліне басымдық берілуінен және ол автоматтанған білімге айналғандығынан деп түсінуге болады.

**2. Әріп пен дыбыс сәйкестігі:** Әрбір тілдің өзіндік ұлттық фонетика-фонологиялық жүйесі болатыны белгілі. Әріп пен дыбыс сәйкестігіне туындайтын интерференция орыс және қазақ тілдеріндегі ұқсастығы бар графемаларда болады. Орыс тілі мен қазақ тілінің әліпбилік реті, құрамы ұқсас болғанымен қазақ тілінің өзіндік табиғатына байланысты айырмашылықтар баршылық. Мысалы, қазақ тіліндегі [қ] дыбысы

орыс тіліндегі [к] дыбысына сәйкес келмейді, өйткені олар әртүрлі дыбыстық сипатқа ие. Сол сияқты [ң], [ө], [ү] дыбыстары қазақ тілінде жиі қолданылады, бірақ орыс тілінде мұндай дыбыстар жоқ. Сондықтан жазу практикасында қазақ тіліндегі төл фонемаларды таңбалау барысында байқалады.

Әріптік тұрпат ұқсас болса да, дыбыстық эквиваленттер тілдің ұлттық сипатына байланысты болады. Бұл орыс және қазақ тілдеріндегі кейбір әріптер мен дыбыстарды салыстыру арқылы айқын көрінеді. Орыс және қазақ тілдерінде «ы» әрпі тұрпаты жағынан бірдей болса да, олардың жұмсалымдық, қолданымдық, мазмұндық айырмашылықтары бар. Оларды төмендегідей көрсетуге болады:

**А) Фонетикалық айырмашылықтар:** Қазақ және орыс тілдерін алатын болсақ, онда олардың арасындағы бірнеше ондаған елеулі өзгешеліктерді аңғаруға болады. Бұл ең алдымен, дыбыстардың саны мен құрамына қатысты өзгешелік: қазақ тілінде барлығы – 29 фонема, 9 дауысты және 17 дауыссыз; ал орыс тілінде – 43 фонема, 6 дауысты және 37 дауыссыз. Мұндағы елеулі өзгешелік дыбыстардың жалпы санында емес, екі тілдегі дауысты және дауыссыз фонемалар жүйесінің мүлде бөлектігінде болып отыр. Ол нақты айтқанда осы тілдердің фонетикалық жүйесінің өзіндік табиғатымен, дауысты және дауыссыз фонемалардың сандық-сапалық ерекшеліктерімен байланысты.

Фонетикада «дыбыстың сапасы» ұғымы дыбыстың артикуляциялық-акустикалық сипатымен тығыз байланысты. Ол дауысты және дауыссыз фонемалардың айырымдық белгілерімен ерекшеленеді. Дауыстылар тіл қатынасына қарай жуан және жіңішке, жақтың қатысына қарай қысаң, ашық, еріннің қатысына қарай еріндік және езулік, ал дауыссыздар үшін жасалу орны мен тәсілі, үннің, салдырдың қатысуы және т.б. белгілер релевантты болып табылады. Орыс тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы типологиялық айырымдық белгілерімен қатар (жасалатын жері мен тәсілі, акустикалық сипаты), оған тән және бір қосымша белгі бар – ол палатализацияның болуы немесе болмауы. Басқаша айтқанда, орыс тілінде жуан және жіңішке дауыссыздар бар және олар фонемалық деңгейде бір-біріне қарама-қарсы қойылған (дал – дал, мол – мол, сидит – сидет, ходок – ходьба және т.б.). Ал қазақ тілінде, бұған ұқсас палаталданған дауыссыз дыбыстар жоқ. Қазақ орыс тілінің орфоэпиялық нормаларын меңгерудің қиындығы да осында, яғни л, ж, ш, д, т және т.б. палаталды дыбыстарды айтудағы қиындық болып отыр. Бірақ қазақ тілі дауыссыздарындағы «жіңішкелік» пен орыс тілі дауыссыздарындағы жіңішкелік бірдей емес. Орыс тілінде олар әлдеқайда жіңішке болып келеді. Мұндай жағдайларда, әдетте орыс тіліндегі жіңішке дауыссыз дыбыстар қазақ тіліндегі біршама «жіңішке» дыбыстармен «айтылады», сол сияқты керісінше де болуы мүмкін. Белгілі бір позицияларда орыс тілінің палаталданған дауыссыздарын қазақ тілінде палаталдану деңгейі жоғары болмайды.

Сонымен қатар типологияда анықталғандай, дауыстыларының мөлшері басым келетін тілдерде, олар, әдетте тілдерде белсенді рөл атқаратын болса, ал дауыссыздар – пассив болып келеді, ал дауыстыларының мөлшері аз кездесетін тілдерде (орыс тіліндегідей) дауыссыздар белсенді рөл атқарады. Бірінші типтегі тілдердің жарқын мысалы қазақ тілі болып табылады. Мұнда, шын мәнінде дауыстылар белсенді болып келеді. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың жуан немесе жіңішке болып айтылуы дауысты дыбыстарға байланысты, жуан және жіңішкелігіне қарай фонологиялық қарама-қарсылық толығымен жоқ: бар – бәр, мал – мәл, тор – төр, тал – тел және т.б.

Басқаша айтқанда, қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана емес, сондай-ақ дауыссыздардың да үндестігі (үндестік заңы) бар. Ал бар-жоғы алты дауыстысы бар орыс тілінде дауыссыздар белсенді рөл атқарады. Олар дауысты фонемалардың жуандығын немесе жіңішкелігін айқындайды. Бұл құбылысты төмендегідей мысалдармен көрсетуге болады: мал – мял (м ал), танк – тянет (т анет), сад – сядь (с ад), воз – вяз (в оз) және т.б.

Орыс тілі – жылжымалы екпінді тіл. Орыс тілінде екпін сөз түбіріне, сөздегі қосымшаларға да түсуі мүмкін. Орыс тілінде екпін белгілі бір грамматикалық форма көрсеткіші ретінде қызмет атқарады, ал қазақ тілінде негізгі екпін сөз түбірінің соңғы буынына түседі, сондықтан қазақ тілінде екпін – грамматикалық мағына білдірудің өнімді тәсілі емес. Орыс тілінен енген сөздерде дауыссыз дыбыстарға қарағанда дауысты дыбыстардың өзгеруінде айырмашылық байқалады.

Сонымен, орыс тілінде дауыссыздардың фонологиялық қарама-қарсылығы (оппозиция) бар. Қазақ тілінде бұл функцияны дауысты дыбыстар атқарады. Яғни тілдің осындай фонетика-фонологиялық жүйелеріндегі айырмашылықтарды дұрыс түсінбеуден, орфографиялық интерференция пайда болады.

ә) **Қолданымдық айырмашылықтар:** Қазақ тілінде «ы» дыбысы сөздің ішінде, басында және соңында келе береді және ол көптеген сөздерде кездеседі. Мысалы, «қыз», «мұрын», «қыстау». Орыс тілінде «ы» дыбысы әдетте тек сөздің ішінде және соңында қолданылады.

б) **Мазмұндық айырмашылықтар:** Әрбір тіл дыбыстарының мағыналық рөлі мен функциясы да әртүрлі болады. Қазақ тілінде «ы» дыбысы сөздің мағынасын анықтауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, «қал» мен «қыл» сөздері арасында «ы» дыбысы арқылы мағыналық айырмашылық байқалады. Орыс тілінде «ы» дыбысы да мағыналық рөл атқарады, бірақ оның қызметі қазақ тіліндегіден өзгеше.

в) **Тілдің ұлттық сипаты:** Әрбір тілдің дыбыстық жүйесі сол ұлттың мәдениеті мен тарихымен тығыз байланысты. Қазақ және орыс тілдерінде әріптік тұрпат ұқсас болса да, дыбыстық эквиваленттер тілдің ұлттық сипатына байланысты едәуір айырмашылықтарға ие. Яғни графикалық формасы бірдей болғанымен, фонетикалық контекстегі мазмұнында едәуір айырмашылықтар бар. Жазуда осы графемио-

логиялық, фонологиялық, фонетикалық ерекшеліктер ескерілмесе, орфографиялық интерференция етек алады.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта айтқанда, аталған интерференция түрлері қазақ тілін үйреніп жүрген немесе екі тілде сөйлейтін жазармандарда жиі байқалады. Бұл мәселелерді болдырмау үшін келесі шараларды қолдануға болады:

1. Тілдік ортаға түсу: тілді үйрену кезінде сол тілдің табиғи ортасында көп уақыт өткізу маңызды. Бұл дыбыстардың дұрыс айтылуы мен жазылуын меңгеруге көмектеседі.

2. Фонетикалық жаттығулар: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуға арналған арнайы жаттығулар жасау қажет.

3. Орфографиялық ережелерді түсіну: қазақ тілінің орфографиялық ережелерді түсіндіру маңызды. Бұл жазу кезінде интерференцияны азайтады.

4. Салыстыру: қазақ және орыс тілдерінің дыбыстық жүйелерін салыстыру арқылы олардың арасындағы айырмашылықтарды терең түсіну қажет.

5. Ортологиялық құралдарды әзірлеу: қазақ тіліндегі әріп пен дыбыстың айырмашылықтарын түсіндіретін әртүрлі деңгейдегі құралдарды әзірлеуді күн тәртібіне қою қажет.

Орфографиялық заңдылықтар мен тіларалық интерференция тілдерді дұрыс меңгеру мен қолдануда маңызды рөл атқарады. Әртүрлі тілдің орфографиялық ережелері әртүрлі болады. Қазақ тіліндегі кейбір орфографиялық ережелер орыс тілімен сәйкес келмейді, бұл да интерференцияға себеп болуы мүмкін.

Тіларалық орфографиялық интерференция тіл үйренушілердің жазуында жиі кездеседі және бұл құбылыс тілді дұрыс меңгеруге кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін тіл үйренушілерге ең алдымен, орфографиялық ережелер мен графема жүйелерінің айырмашылықтарын түсіндіру маңызды.

*Қазақ және орыс тілдеріндегі әріптер мен дыбыстардың сәйкестігіне байланысты интерференция әртүрлі деңгейде көрінеді. Бұл интерференцияны жою үшін екі тілдің фонетикалық және орфографиялық жүйелерін жақсы түсіну және тіл үйренушілерге осы айырмашылықтарды дұрыс түсіндіру қажет. Фонетикалық-графикалық интерференция студенттердің қазақ және орыс тілдерінің фонетикалық және графикалық ерекшеліктерін дұрыс ажырата алмауынан туындайды. Ғалымдардың зерттеулері бұл мәселенің кең таралғанын және оны шешу үшін орфографиялық ережелерді үйрету, фонетикалық жаттығулар жасау және тіларалық оқыту әдістерін қолдану қажеттігін көрсетеді. Графикалық интерференция тіларалық оқытуда жиі кездесетін мәселе болып табылады. Қазақ тіліндегі [н] мен [ң], [и] мен [ый], [й] дыбыстарын жазудағы интерференцияны азайту үшін студенттерге фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктерді үйрету маңызды. Бұл интерференцияны шешу арқылы студенттердің қазақ тілінде дұрыс және сауатты жазу дағдыларын дамытуға болады.*

### Әдебиет:

1. Бодуэн де Куртенэ, А. Влияние языков друг на друга / А. Бодуэн де Куртенэ. – М.: Наука, 1903. – 165 с.
2. Вайнрейх, В. Языковые контакты / В. Вайнрейх. – М.: США, 1953. – 260 с.
3. Хауген, Э. Язык и общество / Э. Хауген. – М.: Прогресс, 1963. – 250 с.
4. Дибольд, А. Интерференция как языковая связь / А. Дибольд. – М.: Наука, 1980. – 112 с.
5. Хокетт, Ч. Индивидуальные языковые влияния / Ч. Хокетт. – М.: Прогресс, 1975. – 140 с.
6. Верещагин, Е. М. Языковая норма и интерференция / Е. М. Верещагин. – М.: Высшая школа, 1987. – 256 с.
7. Розенцвейг, В. Ю. Об интерференции в языках / В. Ю. Розенцвейг. – М.: Наука, 1990. – 230 с.
8. Виноградов, В.А. Интерференция // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В.Н. Ярцева. – М.: Сов. энциклопедия, 1990 – 685 с.
9. Алимов, В.В. Интерференция в переводе (на материале профессионально ориентированной межкультурной коммуникации и перевода в сфере профессиональной коммуникации). Дисс...докт. филол. наук. – М., 2004.
10. Алишова, Р.К. Грамматическая интерференция в английском и кыргызском языках // Вестник БГУ им. К. Карасева. – 2012. – №1(21). – С. 218- 220.
11. Күдерина К. Бірге ме, бөлек пе? / Құралай Күдерина. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 84 бет.
12. Жүнісбек Ә. Жаңа емле: Ой. Пікір. Ұсыныс// Ана тілі, 6-12 қыркүйек, 2018 (1451). – №37. – 1-4 б.
13. Уәли Н. Жаңа емле: Ой. Пікір. Ұсыныс// Ана тілі, 6-12 қыркүйек, 2018 (1451). – №37. – 1-4 б.

### И.Кемелбаева

*М.Мақатаев атындағы №140 гимназия,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қазақстан*

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Аңдатпа.** Мақалада білім беруді цифрландыру – бұл электронды оқыту жүйесіне көшуде оқу тәжірибесі туралы айтылды. Білім беру саласының оқу тәжірибесінде педагогикалық жаңа технологияның қай түрін қолданатын болсақ та, мақсатқа ба-

ғытталған, ғылымилығы, нәтижеге бағытталған, жоспарлылығы, тиімділігі, мұғалім мен оқушыға ыңғайлы, сенімділігі, нәтижелі болатынына кепілділігі болу керек. Бұл цифрлық технологияны жүзеге асыруды, дамытуды заманауи педагогикалық қауым қолдап отыр. Өйткені ол адам өмірінде өте маңызды да өзекті құралдарын мектепте қолдану тиімді екендігі айқындалды.

Мақаланы жазу барысында келтірілген ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу үшін өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, өзін-өзі дамыту үшін ең құнды материалды бөлу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, өзін-өзі дамыту үшін ең құнды материалды бөліп көрсету; жеке тұлғаның ұтқырлығын, дағдыларын қалыптастыру, өзгеретін жағдайларға тез бейімделу, өзін-өзі тәрбиелеуге мотивацияны күшейту және өзін-өзі дамыту; әртүрлі аудиторияға қолжеткізу (мазмұн жекелендіріледі), жұмыс күшін қамтамасыз ету және интегративтілік; жеке білім беру траекториясы; ең қолайлы білім беру технологиясы қолданылды.

**Тірек сөздер:** Жаңа технология, цифрлық білім, цифрлық технология, психологиялық көзқарас, электронды жүйе

**Abstract.** The article talked about the digitalization of education – the experience of learning in the transition to an e-learning system. No matter what type of pedagogical new technology we use in the educational practice of the educational sphere, it is necessary to have a goal-oriented, scientific, result-oriented, planning, efficiency, convenience for the teacher and student, reliability, and a guarantee that it will be effective. The implementation and development of this digital technology is supported by the modern pedagogical community. «I don't know,” he said, “ but I don't know.” To substantiate the scientific conclusions presented during the writing of the article, it is necessary to develop independent reading skills, provide favorable conditions for the distribution of the most valuable material for self-development, develop independent reading skills, highlight the most valuable material for self-development; form individual mobility, skills, quickly adapt to changing conditions, strengthen motivation for self-education and self-development; access to different audiences (content; the most suitable educational technology was used.

**Keywords:** New technologies, digital knowledge, digital technologies, psychological approach, electronic system.

**Аннотация.** В статье рассматривается В статье говорилось о том, что цифровизация образования – это учебный опыт перехода на систему электронного обучения. Независимо от того, какой тип новой педагогической технологии мы используем в образовательной практике образовательной сферы, она должна быть целенаправленной, научной, ориентированной на результат, планируемой, результативной, удобной для преподавателя и студента, надежной и гарантировать, что она будет эффективной. Внедрение и развитие этой цифровой технологии поддерживается современным педагогическим сообществом. «Я не знаю, – сказал он, – но я не знаю». Для обосно-

вания научных выводов, представленных в ходе написания статьи, необходимо развивать навыки самостоятельного чтения, обеспечивать благоприятные условия для распространения наиболее ценного материала для саморазвития, развивать навыки самостоятельного чтения, выделять наиболее ценный материал для саморазвития; формировать индивидуальную мобильность, навыки, быстро адаптация к изменяющимся условиям, усиление мотивации к самообразованию и саморазвитию; доступ к различным аудиториям (контенту; использовались наиболее подходящие образовательные технологии.

**Ключевые слова:** Новые технологии, цифровые знания, цифровые технологии, психологический подход, электронная система.

Қазіргі таңда жаңа технологияны қолдану – цифрлық білімге көшу болып отыр. Бұл – электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі деуімізге болады. Өткені, цифрлық технологияларды қолданудың мақсаты оқу процесінің сапасын, тиімділігін арттыру, сондай-ақ табысты әлеуметтену болып табылады. Ол оқу процесі компьютердің көмегімен жүретіндігін білдіреді. Осылайша, білім берудің цифрлық трансформациясы жалпы білім беруді реформалау процесінің бір бөлігі болып табылады.

Отандық ғалымдар мектепте жаңа технологияларды қолдану және дамыту барысында, оның мақсаты мен мазмұнын, әдіс-тәсілдерін жаңа талаптарға сай болуына мән берілуі керек және мектеп мұғалімдерінің психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіру керек екендігін айтады (К.Ажибеков, Б.Р.Айтмамбетова, А.К.Мыңбаева, Т.А.Линчевская) [1, 19].

Заман талабына сай қазіргі адамдардың айналасы цифрлық технологиялардан құралады: олар әр заманауи үйде, мекемеде, кәсіпорындарда, зауыттарда, ауруханаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында бар. Білім беруді цифрландыру – бұл электронды оқыту жүйесіне көшу деген сөз. Білім беру саласының оқу тәжірибесінде педагогикалық жаңа технологияның қай түрін қолданатын болсақта, мақсатқа бағытталған, ғылымилығы, нәтижеге бағытталған, жоспарлылығы, тиімділігі, мұғалім мен оқушыға ыңғайлы, сенімділігі, нәтижелі болатынына кепілділігі болу керек. Сондықтан мектеп мұғалімдері цифрлық технологияларды қаншалықты дайындығын, меңгергенін анықтау үшін, мектеп мұғалімдері өзара тәжірибе алмасу семинары, коучинг, конференциялар қала немесе ауданаралық емес, облыстық, республикалық деңгейде жиі өтіп тұрса жақсы болар еді. Дегенмен, жалпы білім беру жүйесінде, оның ішінде мектеп мұғалімдері арасында қарқынды өзгерістер болып жатыр. Қала деңгейінде әр мұғалімге біліктілігін арттыруға, білімдерін жетілдіріп отыруға арнайы кустар бар. Соның ішінде ХХІ ғасырда бәсекеге қабілетті болу керек деген талап күннен күнге күшею үстінде. Бәсекеге қабілетті болу үшін заман тала-



бынан қалмау керек. Ең алдымен педагогикалық жаңа технологияны цифрлық трансформациясыз елестету мүмкін емес. Цифрлық технологиялардың мұғалім қызметін өзгерту мүмкіндіктерімен дәстүрлі оқыту элементтерінің цифрлық трансформациясы электронды оқытудың жаңа типтерінің дамуына ықпал етті. Цифрлық сауаттылық цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы Қарқынды дамып келе жатқан цифрлық технологиялар білім беру процесі үшін дәстүрлі құралдарды тиімді түрде толықтыратын жаңа құралдар ретінде ұсыналады. Көптеген педагогтер өздерінің әдістемелік жүйесіне тезірек енгізіп, қарқынды жұмыс істеп жатқанын қазіргі уақытта веб-сайттардан тик-ток желісінен көріп жатырмыз. Қазақстан Республикасының Үкіметі цифрлық трансформацияға және цифрландырудың платформалық моделіне көшуге мүдделі екенін атап көрсетті [2, 19].

Бұл цифрлық технологияны жүзеге асыруды, дамытуды заманауи педагогикалық қауым қолдап отыр. Өйткені ол адам өмірінде өте маңызды да өзекті құралдың бірі болып табылады.

Отандық білім беру кеңістігіндегі сапалы өзгерістер жаһандық трансформациясыз және цифрландырусыз – заманауи цифрлық технологияларды енгізусіз мүмкін емес. Алайда, көбінесе цифрландыру тек білім беру үрдісі тұрғысынан қабылданады, оның тез енгізілуіне, оқушылардың білімін бағалау немесе оқу материалын визуализациялау мақсатында бұлтты технологиялардың функционалдығын, деректерді цифрлық өңдеуді және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға қанағаттанады. Көптеген ғалымдардың айтуынша, компьютерлік немесе «цифрлық технологияларды» тәжірибелі мұғалімнің қолында қосымша құрал ретінде ғана қолдануға болады. Мұғалімсіз бірде-бір «технология» жұмыс істемейді. Мұғалімдер өз сабақтарында жаңа технологияны қолданбас бұрын ең алдымен жоспар құрып, оның тиімділігін ойластырып, дұрыс тәсілдер таңдап, оның оқушылар үшін тиімділігіне көз жеткізгеннен кейін ғана қолданып жүрміз. Мектеп ішілік пәнаралық семинарлар өткізіп, өзара талдау жұмыстарын өткізіп тұрамыз. Қазіргі мектептерде жоғары жылдамдықты Интернет бар, толыққанды цифрлық білім беру ортасын құруға жағдай жасалған. Әр кабинет компьютер, принтер мен жабдықталған. Цифрлық білім беру ресурстарына оқушылардың тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыруға арналған дыбысталған мәтіндер, интерактивті белсенді әдістермен тапсырмалар, әр модуль бойынша тестілеу бағдарламалары түріндегі интерактивті кешендерді жатқызуға болады. Бұл жаңа технология әр мұғалімнің жұмысын жақсартатын, жұмысына күш беретін көмекші құрал болғанымен, мұғалімнің орнын алмастыра алмайды.

Бүгінгі таңда цифрландыру білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі факторы ретінде көрінеді. Ақпараттық технологиялардың өзі ғана емес, сонымен қатар тиімді жұмысты жолға қою үшін оларды дұрыс таңдау, үйлестіру және басқару маңызды.

Компьютер мүмкіндіктері психологиямен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Жаңа технологияның мынадай ой шақыру, мағынаны ажырату, рефлексия сияқты стратегияларын сатылап қолданып, жеке, топтық, ұжымдық жұмыс түрінде жүзеге асырған тиімді. Жаңа технологияны меңгерген мұғалім – алдына қойған мақсаттарының тиімді жүзеге асуына жағдай жасауы, өзгермелі өмірдің ағымына тез бейімделуіне шығармашылықпен үздіксіз ізденуі. Әрбір мұғалім жаңа технологияның түрлерін меңгергенде, оны өз жұмысын жақсартып, жаңғырту үшін қолданбау керек. Әр меңгерген технология білім алушыға пайдалы ма, оның қажеттілігіне жарамды ма, қандайда бір олқылықтың орнын толтырады ма деген сауалдар бірінші орында тұру керек. Сонда ғана мұғалім өз жұмысының жемісін көре алады. Ақпараттық технологиялардың өзі ғана емес, сонымен қатар тиімді жұмысты жолға қою үшін оларды дұрыс таңдау, үйлестіру және басқару маңызды. Білім берудің цифрлық трансформациясының артықшылықтары айқын. Атапай айтқанда, бұл: өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, өзін-өзі дамыту үшін ең құнды материалды бөлу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, өзін-өзі дамыту үшін ең құнды материалды бөліп көрсету; жеке тұлғаның ұтқырлығын, дағдыларын қалыптастыру, өзгеретін жағдайларға тез бейімделу, өзін-өзі тәрбиелеуге мотивацияны күшейту және өзін-өзі дамыту; әртүрлі аудиторияға қолжеткізу (мазмұн жекелендіріледі), жұмыс күшін қамтамасыз ету және интегративтілік; жеке білім беру траекториясы; ең қолайлы білім беру технологиясы. Білім беру саласындағы тиімдіде қызықты технологиялардың біртүрлі ойын ойнау технологиясы болып табылады. Мысалы, өз тәжірибемде қолданылып жүрген оқушылар үшін қызықты ойын – Kahoot. Ол әртүрлі веб-браузерлер мен мобильді құрылғылар арқылы веб-интерфейс арқылы ойнатуға болады. 2017 қыркүйек айында Kahoot мобильді платформада қосымша ретінде іске қосылды. Сыныпта Kahoot бағдарламасын қондыру арқылы мектеп оқушыларымен жұмыс жасау өте қолайлы әрі тиімді. Мұғалім заман талабына сай тестілеу жүйесін меңгере алады, ал әрбір оқушының сабаққа деген қызығушылығымен ынтасы арта түседі [3, 7].

Мұнда мұғалімге оқушыларының модуль бойынша білімдерін, ондағы материалдарды қалай меңгергенін тест сұрақтары арқылы тексеруге мүмкіндік береді. Бүләдіс балалардың қызығушылығын оятып қана қоймай, сабақтың соңында жалығып, шаршаған оқушыларды жігерлендіруге көмектеседі. Цифрлық технологиялардың жақсы жақтарына айта кетсем, біріншіден, үнемшілдік, екіншіден, өз бетінше жұмыс істеу, үшіншіден, мұғалім мен оқушыны қағазбастылықтан босатады және жұмыс барысын жеңілдетеді. Мысалы, мен қазіргі уақытта өз жұмысымда уақытым мен материалдық жағдайымды біраз үнемдеп жүрмін. Сабақта қолданып жүрген QRкод, Plickers, Tarsia Puzzles әдістері оқушыларға өте қызық және уақытты үнемдеуге қолайлы. Plickers арқылы сыныптағы оқушылардың жауаптарын жылдам бағаласам, qrкод арқылы

мақсатқа сай алдын-ала дайындалған тапсырманы әр балаға түрлендіріп беремін. Ал Tarsia Puzzles оқушылардың «жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істеуіне жағдай жасайды, бір-біріне көмектесуді үйренеді. Бірақ тәжірибеде көрсеткендей, бұл ойындардың барлығыда сапалы білім беру барысында үнемі қолдану тиімді де пайта алмаймын. Менің сабағым оқушылардың тілдік дағдыларын, яғни тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру болғандықтан, көп жағдай жасау керек. Әсіресе, тыңдай білуге дағдыландыруға көп мән беремін. Оқушы тыңдай білмесе, оның айтылым дағдысы қалыптаспайды. Демек оқушы естігенмен түсінбесе, онда пікірлесім, сөйлесім жүзеге аспайды. Сондықтан бейнежазбалардан үзінділерді көре отырып, тыңдату тиімді. Көбіне материалдарды, дайын тапсырмалар мен видео сабақтарды BilimLand көптілді білім беру онлайн-платформасын алып тұрамын. Онда барлық жастағы балаларды оқытуға арналған қазақ тілінде көптеген сабақтар салынған. Оқушыларым өз бетінше өздерінің коммуникативтіліктерін дамытып, қызықты тапсырмалар орындайды. Тағы бір айтып кететін мәселе – аудио мәтін тыңдау. Тыңдап түсінуді дайындық және коммуникативті сияқты екі түрлі тәсілмен жаттықтыруға болады. Білім алушыларға бірнеше сөздерді жұп-жұбымен тыңдатып, оларды қайталату, сөйлесім барысында интонацияны сақтай отырып, фразаларды қайталату, қалып қойған сөздерді орнына қою, тірек сөздерді қарап шығып, аудио мәтінге тақырып қою сияқты жаттығулар өте ұнайды. Әсіресе тыңдаған сөздерін смартфондарының диктофонына жаздыртып, оны өздеріне тыңдату қызық. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдалану маңызды болмақ. Дегенмен оқушылардың тыңдау қабілетін қалыптастыратын жаттығулармен жұмыс түрлері жетіспейді. Қазақша тапсырмаларды мұғалім өзі құрастыру керек, көбінесе көп уақытты қажет етеді, қолжетімді қазақша контент аз.

Қорытындылай келе, әр мұғалім жаңа технологияны игеруге, меңгеруге міндетті. Бірақ бұл технологиялар заманауи білім беруді дамытудың жетекші үрдісі болғанымен, Абай атамыздың

«Әннің дестісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар.  
Ақылдың сөзіндей ойлы күйді

Тыңдағанда көңілдің әсері бар...» дегеніндей, ол технологиялармен әдіс-тәсілдердің оқушылар үшін тиімді, оқушылар үшін пайдалы екенін ұмытпауы тиіс. Жоғарыда аталған жаңа технологияларды қолдану оқытуды цифрландыру болып табылады. Цифрлық трансформация дегеніміз – жаһанданудың жаңа кезеңін қалыптастырушы жүйе. Оның мақсаты – барлық қызметтің цифрландыруға көшуінде. Бұл болашақтың талабы, өйткені кез келген саланы трансформациялау арқылы уақыт үндемлігімен даму тетігін тезірек игеруге термелейді [4, 4]. Сондықтан жаңа технологияны білім

алушылар үшін тиімді қолдану, оны дамыту үшін жұмыс істеу, ең алдымен мұғалім үздіксізденуі керек, материалдарды жан-жақты толығымен зерттеп, шығармашылық пен психологиялық көзқарасы болуы тиіс.

#### **Әдебиет:**

1. Крицкая И.П. Некоторые синтаксические особенности материала для аудирования/иностранные языки в школе №4. 2005.12-14с.
2. ХХІ ғасыр дағдылары: білім берудегі жаңа тенденциялар: Білім беру қызметкерлерінің обл.ғыл. – практ.конф.материалдары: I-б. Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2022 4-88б.
3. Бекболғанова А.Қ. Жаңа педагогикалық технологиялар.Талдықорған: Оқу құралы, 2013
4. Современны епедагогические технологии: учебное пособие. Мезенцева; под. ред. Е.В.Кузнецовой. – Новосибирск: ООО «НемоПресс», 2018.140с.

#### **Ә.Сейдамағ**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, докторант  
Қазақстан*

#### **И.Байсыдық**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD  
(философия докторы)  
Қазақстан*

#### **А.Қайрат**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, докторант  
Қазақстан*

#### **ЕСКІ КІТАБИ ЛЕКСИКА:**

#### **ҚАЗІРГІ РЕСМИ ІСҚАҒАЗДАР СТИЛІНДЕ ҚОЛДАНЫСЫ**

**Аңдатпа.** Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында көнерген, ескі сөздердің прагматикасының артуы, актуалдануы арқылы пассив қордан, актив қорға өтіп қайта жаңғыру үдерісі байқалады. Тілімізде жаңғыру үдерісі жүріп жатқан өнімді салалардың бірі – терминология. Қазіргі таңда терминжасам процесінде бірінші кезекте ұлттық тілдің ішкі байлығын сарқа пайдалануға барынша мән берілетіндігі белгілі. Соның ішінде қоғамның коммуникативтік кеңістігінде қазақ тілінде ресімделетін ресми

құжаттар мен іс қағаздары (директивтік, әкімшілік-басқарушылық, құқықтық, дипломатиялық қатынастар жөніндегі құжаттар мен іс қағаздары) терминологиясында мағынасы тарылған немесе кеңейген, коннотациялық мағынасы актуалданған, прагматикалық қолданысы артқан ескі кітаби лексикалық бірліктерді көптеп кездестіруге болады. Олай болса іс жүргізу, құқық, заңтану салаларында терминделуші лексика көздерін анықтап, талдау өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тіл білімінде ескі кітаби тіл сөздік қоры XVI-XX ғасырдың басы аралығына тиесілі жазба ескерткіштер лексикасымен тығыз байланысты қарастырылады. Ескі кітаби лексиканың мол қоры – орта ғасырлардағы түркі әдебиетінің жазба ескерткіштерінде сақталған. Мақалада жазба ескерткіштер тілінде кездесетін ескі кітаби лексикалық бірліктердің қазіргі ресми ісқағаздар стилінде қолдану ерекшеліктері сипатталған. Сонымен қатар қазіргі таңда ескі кітаби лексикалық бірліктердің активтенуі, мағыналық ерекшеліктері, жаңғыру әлеуетін айқындауға талпыныс жасалды.

**Тірек сөздер.** Ескі кітаби лексика, ресми ісқағаздар, терминология, семантика, жазба ескерткіш.

**Abstract.** In the modern Kazakh language, there is a process of revival of the pragmatic function, the actualization of outdated words and the transition from a passive lexical fund to an active one. One of the productive areas in which the modernization of the language is taking place is terminology. In the communicative space of society, including in the terminology of official documents and office work (directive, administrative and managerial, legal documents and diplomatic relations), issued in the Kazakh language, a large number of ancient lexical units are used. These units undergo a narrowing or expansion of meaning, their connotations are updated, and their pragmatic use increases.

In Kazakh linguistics, the dictionary of the ancient book language is considered in close connection with the vocabulary of written monuments dating back to the period of the XVI – early XX century. This article describes the features of using old book lexical units recorded in these monuments in a modern official business style. The authors also consider the potential of modernization, semantic features and dynamics of actualization of old-book lexical units in modern conditions.

**Keywords:** Old book vocabulary, official documents, terminology, semantics, written monument.

**Аннотация.** В современном казахском языке наблюдается процесс возрождения прагматической функции, актуализации устаревших слов и перехода от пассивного лексического фонда к активному. Одной из продуктивных сфер, в которой происходит модернизация языка, является терминология. В настоящее время в процессе терминообразования особое внимание уделяется использованию внутренних ресурсов и богатств национального языка. В коммуникативном пространстве общества, в том числе в терминологии официальных документов и делопроизводства (директив-

ных, административно-управленческих, правовых документов и дипломатических отношений), оформляемых на казахском языке, используется большое количество древнекнижных лексических единиц. Эти единицы подвергаются сужению или расширению значения, их коннотации актуализируются, а прагматическое использование увеличивается. Таким образом, одним из актуальных вопросов является выявление и анализ источников терминологической лексики в таких областях, как делопроизводство, право и юриспруденция.

В казахской лингвистике словарь древнекнижного языка рассматривается в тесной связи с лексикой письменных памятников, относящихся к периоду XVI – начала XX века. В данной статье описаны особенности использования старых книжных лексических единиц, зафиксированных в этих памятниках, в современном официально-деловом стиле. Авторы также рассматривают потенциал модернизации, семантические особенности и динамику актуализации старокнижных лексических единиц в современных условиях.

**Ключевые слова:** Старокнижная лексика, официальные документы, терминология, семантика, письменный памятник.

Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, қоғам дамуындағы әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық жаңалықтар сөзқолданыстағы тілдің актив және пассив қабатындағы динамикалық өзгерістерден айқын көрінеді. Қазіргі қазақ тілінің лексикасы әртүрлі ғылым салаларына қатысты неологизмдер және кірме сөздермен қатар, көнерген, ескі сөздердің прагматикасының артуы, актуалдануы арқылы пассив қордан, актив қорға өтіп қайта жаңғыруымен толығуда. Тілімізде жаңғыру үдерісі жүріп жатқан өнімді салалардың бірі – терминология. Терминология саласында күнделікті мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып, өзінің таңбалаушысын тауып, тілдік жүйелеуді қажет етеді. Соның ішінде қоғамның коммуникативтік кеңістігінде қазақ тілінде ресімделетін ресми құжаттар мен іс қағаздары (директивтік, әкімшілік-басқарушылық, құқықтық, дипломатиялық қатынастар жөніндегі құжаттар мен іс қағаздары) терминологиясында мағынасы тарылған немесе кеңейген, коннотациялық мағынасы актуалданған, прагматикалық қолданысы артқан ескі кітаби лексикалық бірліктерді көптеп кездестіруге болады. Сонымен қатар қазіргі термин жасам үдерісінде тіліміздің байлығы, ескі кітаби лексиканың негізінде жаңа терминдер жасау, күрделі ұғымдар қалыптастыру үрдісі де кең қолданылады. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының басым бағыты – мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің қолданыс аясын ұлғайту стратегиясы заңнамалық, әкімшілік-басқару, заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың арасындағы құқықтық қарым-қатынастарды реттеу ісіне қатысты құжаттар, ісқағаздардың толықтай қазақ тілінде рәсімделуіне, терминологиялық базасының күшеюіне оң әсерін тигізді. Демек, іс жүргізу, құқық, заңта-

ну салаларының қазақша терминологиялық базасының ауқымы бірнеше есе артты. Қазіргі таңда терминжасам процесінде бірінші кезекте ұлттық тілдің ішкі байлығын сарқа пайдалануға барынша мән берілетіндігі белгілі. Ал ұлттық тіліміздің байлығы сан ғасырлық тарихы бар, түбі түркі, араб, парсы тілдерімен сабақтасатын сөздік қорымызбен сипатталады. Олай болса іс жүргізу, құқық, заңтану салаларында терминделуші лексика көздерін анықтап, талдау өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда ресми мәтіндерде кездесетін ескі кітаби сөздердің жаңғыру әлеуетін, семантикалық, прагматикалық ерекшеліктерін талдаудың маңызы зор.

Қазақ тіл білімінде ескі кітаби тіл және оның сөздік қоры XVI-XX ғасырдың ба-сында қазақ қауымында қолданылған жазба әдеби тілмен тығыз байланыста қарастырылады. Қазақ жазба әдеби тілінің негізі түркі әдеби тіл дәстүрі сақталған әртүрлі әдебиет тілімен (діни қиссалар, кейбір аударма әдебиет, ресми іс қағаздары тілі) бірлікте сипатталады. Оның құрамына көне түркі, араб және парсы сөздері кіреді.

Ескі кітаби лексиканың мол қоры – орта ғасырлардағы түркі әдебиетінің жазба ескерткіштерінде сақталған. Атап айтқанда, Қожа Ахмет Яссауидың «Диуани хикмет» жазба ескерткіші ескі қазақ жазба тілін бейнелейтін түркі, араб, парсы сөздерінен құралған. Соның ішінде араб және парсы сөздері ескерткіш лексикасының 44, 8%-ын құрайды [1, 69.]. Дәл осындай XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында ескі қазақ жазба тілінде жазылған ескерткіштердің бірі – Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағы». Қадырғали бидің шежіре тілінің негізі – қыпшақ тобына жататын түркі тілі. Дегенмен жазба ескерткіш тілінің лексикалық қабатында оғыз және ұйғыр (қарлұқ) элементтерімен қатар түркі тілдерінің біразына еніп, бүгінге дейін қолданылатын араб және парсы сөздері де көптеп кездеседі [1]. «Жылнамалар жинағында» кездесетін араб және парсы сөздері лексика-семантикалық тұрғыдан 4 топқа бөлініп қарастырылады: а) Табиғат: *заман, дариа, жануб, шимал, дүниа, тарих, иқлим, уақт, мұддат, аһд, рамадан, замин*; ә) Адам: *малик, муафиқ, саһиб жамал, галиб, набире, фарзанд, шаһзаде, патша, маһһур*; б) Қоғам: *хидмат, жамаат, адл, тартиб, иттифақ, та ифа, туһма, хукума, мусаххар, мамлака*; в) Ислам: *иман, муслим, кафир, ахира т.б.* [2, 20].

Ескі қазақ жазба тілінде араб және парсы сөздерінің көптеп кездесуінің негізгі себептерін қазақ тілі мен араб-парсы тілдерінің байланысын зерттеуші ғалымдар сол замандағы тарихи-мәдени факторлармен байланыстырады. VIII ғасырда Орта және Орталық Азияға ислам дінінің келуі, ислам өркениетінің шеңберінде ғылым мен әдебиеттің жаппай араб тілінде дамуы (түркі даласынан шыққан әйгілі ғалымдар: әл Фараби, Ибн Сина, әл Бируни, әл Хорезми еңбектері), одан кейінгі кезеңдерде қазақ оқымыстыларының көбі Орта Азиядағы діни орталықтарда (медресе) мұсылманша сауат ашуы араб-парсы тіліндегі кірме сөздердің қазақ тіліне енуінің негізгі себептері ретінде көрсетілді [3, 12].

Сондай-ақ кітаби тіл терминін XIX ғасырдың екінші жартысынан басталатын баспа ісінің даму тарихымен сабақтастықта зерттеген Б. Әбілқасымов «Кітаби тілдің бірден-бір ерекшелігі онда араб және парсы сөздері барынша мол пайдаланылды. Алғашқы қазақ кітаптарының тілінде кітабилық сипат басым болғандығын» арнайы атап өтеді [4, 35].

XV-XX ғасырлар аралығындағы қазақ әдеби тілінің даму тарихына көз жүгіртсек, қазақ елінде поэзия түріндегі көркем әдебиет, шешендік сөздерде қолданылған ауызша әдеби тіл мен хан жарлықтары, өзге елдермен арадағы қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер сияқты жазба дүниелердің қажетін өтейтін қазақтың ескі жазба тілі қатар дамыған. Қазақ хандарының ресми хат-хабарлары, іс-қағаздары, үкім-жарлықтары қазақтың ескі жазба тілінде жүргізілген. Олай болса, бүгінгі таңдағы қазақ тілінің байлығы, сөздік қорының мол қабаты ескі кітаби лексикалық бірліктермен (көне түркі, араб, парсы) сипатталады.

Ресми іс қағаздар стилі – іс жүргізу, құқық, заңтану салаларына қызмет ететін қазақ тіліндегі жазба коммуникация материалдарының маңызды бөлігі. Қазіргі ресми іс қағаздар мәтінінде, оның лексикалық базасында кейбір терминдік мағыналарды беруде қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалану, ескі кітаби лексикалық бірліктерге жүгіну үрдісі көптеп кездеседі. Бұл туралы терминолог Ш.Құрманбайұлы: «бір тұтас түркі тіліне ортақ XV ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейінгі пайдаланып келген ортақ мұрамыз, тіл байлығымызды терминжасамның бір көзі ретінде термин шығармашылығында кәдеге жаратудың маңызы зор» [5, 84] деп атап өтеді. Осыған сай жалпы қазақ терминологиясының қалыптасу кезеңдерінде түрлі ғылым салаларына қатысты термин атау үдерісінде ескі қазақ жазба лексикасы немесе кітаби лексикалық қор барынша ұтымды пайдаланылған.

Қазақ лексикасы терминденуі төрт кезеңге бөліп қарастырылады:

1) XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі аралық;

2) 1910-жылдар мен 1930-жылдардың бас жағына дейінгі аралық;

3) 1930-1990 жылдар аралығы;

4) 1990 жылдан бергі кезең [5, 90]

Қазіргі қазақ ресми мәтіндерінде ескі кітаби лексиканың қолданылу сипатына тоқталмас бұрын, жоғарыда берілген қазақ лексикасы терминдену кезеңдеріне қысқаша тоқталып өтсек. Қазақ терминологиясын зерттеуші ғалымдар қазақ лексикасының терминденуінің алғашқы кезеңі түрлі ғылым салаларына қатысты жекелеген терминдердің жасала бастағанына қарамастан, салалық әрі жалпы терминдер жүйесінің толық қалыптаспаған кезеңі ретінде сипаттайды. Бұл кезеңде қазіргі заңтану саласына қатысты *жаза (наказание), абақты (тюрьма), іс (дело), куә (свидетель)* сынды терминдік атаулар енді ғана қалыптасып, қолданыла бастады. Ал қазақ лекси-



касының терминденуінің екінші кезеңі 1910-1930 жылдардың басына дейінгі аралық қазақ тілінде термин жасаудың, шет тілдерінен термин қабылдаудың негізі қалыптасқан кезең ретінде белгілі. Бұл кезеңде А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту мен қалыптастырудың принциптері белгіленді. Қазақ лексикасының терминденуінің үшінші (30-90 жылдар аралығы) кезеңі термин жасау ісінің бағыты әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан өзгеріске ұшырап, отызыншы жылдарға дейінгі жасалған көптеген терминдердің қайта қаралып, ғылыми терминологияның ұлттық сипатының әлсіреуімен сипатталады. Ал қазақ лексикасы терминденуінің соңғы кезеңі 90 жылдардан бергі қазақ терминологиясын дамытудың жаңа серпін алуымен басталады. Термин шығармашылығында 90 жылдарға дейін Кеңес үкіметінің орыс тілінің үстемдігін арттыру саясаты бойынша орталық үкіметтің принциптеріне бағынышты болып келгені белгілі. Осыған орай қазақ терминологиясын жасаушы ғалымдардың алдында ғылым мен техниканың көптеген салаларында қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда шет тілдердегі терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау қағидаттарын қалыптастыру міндеті тұрды [5]. Және ондай принциптер жасалды да. Мұның нәтижесі ретінде бүгінде көптеген ғылым және техника салаларында, әсіресе біздің тоқталатынымыз іс жүргізу, құқық, заңтану салаларында орыс тілінде қолданылған терминдердің қазақылануы, кейбір ұтымды қазақша терминдердің прагматикасының артуы, қоғам өзгерісіне сай кейбір баламасы жоқ жаңа терминдердің қазақ тілінің ішкі байлықтарына сай қайта жасалуы, бұрыннан қолданылып келе жатқан түбі ескі кітаби лексикадан алынған терминдердің қолданылу өрісінің кеңеюі сынды жүріп жатқан үдерістерді атаймыз.

Атап айтқанда, зерттеуші Жиекбаева тәуелсіздік алған жылдан бергі кезеңде орыс тілінде қолданылған терминдердің қазақылана бастауына мынадай мысалдар келтіреді: *текст – мәтін, секретарь – хатшы, виза – рұқсатнама, автобиография – өмірбаян, таможня – кеден, инвентарь – мүкәммал, коллектив – ұжым, компетенция – құзыр, конфискация – тәркілеу, юстиция – әділет* [3, 24] және т.б.

Жоғарыда көрсетілген терминдер бүгінде іс жүргізу, құқық, заңтану салаларында орнығып, көптеген ресми мәтіндердің ауқымды лексикалық базасын құрайды. Жаңа терминдердің әбден сіңісіп, қоғамда біршама уақыт қолданылып үлгерген орысша баламаларын оңай алмастыра алуының басты себебі – *мәтін, хатшы, рұқсатнама, өмірбаян, әділет* лексемаларының негізінде кезінде қолданыста болып, алайда белгілі бір саяси жағдайларға байланысты қолданыстан ығыстырылған, ал қазіргі кезеңде қайта жаңғырып отырған ескі кітаби лексика қорына кіретін араб және парсы сөздері жатыр.

Жалпы қазақ тіліндегі терминдердің дені 30 жылдарға дейінгі қазақ зиялыларының ғылым және білім саласына қосқан елеулі еңбектерінің негізінде толыққандығы

белгілі. Және сол тұста жасалған термин сөздердің негізгі көзі көне түркі, араб және парсы сөздерінен тұратын қазақ тілінің ескі кітаби лексикасы болып табылады. Олай болса қазіргі қазақ тілінің ресми мәтіндерінде, біздің арнайы қарастырып отырған іс жүргізу, заңтану, құқық салаларының терминдік базасында кездесетін ескі кітаби лексикалық бірліктерді екіге бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, кезінде XIX-XX ғасырдың басында қолданыста болып, кеңес дәуірінде саяси ұстанымға байланысты шеттетілген, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қайтарылып, ғылым саласында қайта жаңғырып пайдалана бастаған мәтін (текст), құжат (документ), құқық (право), хаттама (протокол), зиялы (интеллигент) сынды терминдік аталымдар.

Екіншіден, сөз қолданысымызда бұрыннан бар, қазақтың байырғы төл сөздерінен ажыратқысыз болып, толық игерілген ақы, арыз, ақпарат, ахуал, алқа, айып, айыпкер, аманат, дәреже, жаза, жауап, сауал, қағида, мадақ, мазмұн, нышан, құлық, қылық, ар, намыс, әділет, үкім, хат сынды ескі кітаби лексикалық сөздер тобы. Аталмыш терминдердің басты ерекшелігі – қазіргі қазақ тілінің жұрнақтарын қабылдап немесе терминжасамның синтаксистік (аналитикалық) әдісімен жаңа терминдер жасау арқылы жаңғырып, ұлттық терминологияны дамытудың бір көзі ретінде қалыптасуы.

Дәл осындай сөз қолданысымызда бұрыннан бар ескі кітаби лексикалық бірліктердің бірі – арабтың хат сөзі. Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте хат сөзінің 1) сызық 2) қатар 3) хат (жазба, жазу) [6] сынды бірнеше мағынасы көрсетілген. Дегенмен қазақ тіліндегі қолданысында жоғарыдағы көрсетілген мағыналарының ішінде жазба/жазу дәлірек айтқанда қағазға жазылған жазба мәлімет мағынасы көбірек сақталған. Және осы мағынасын жазба ескерткіштер мәтіндерінен де жиі кездестіреміз. Атап айтқанда, Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінде» хат сөзімен келетін келесідей жолдар берілген. Исфаһанда бір зағифаны ана ұқұндұм икірма иыл менің кірімні иуыб хызметімні қылыб һәмише хат уа сауғат иібере тұрған. Жиырма жыл менің кірімді жуып, қызметімді қылып, әрқашан хат және сыйлық жіберіп тұратын Исфаһандағы бір әйелді анам деп түсіндім [7, 171]. Тәуелсіздік алған жылдан бергі кезеңде іс жүргізу саласы бойынша біршама күрделі ұғымдарға тірек болған арабтың хат сөзі синтаксистік (аналитикалық) жолмен қазақ терминологиясын байытқан өнімді лексикалық бірліктердің біріне айналды. Қазіргі ресми жазба материалдарда хат сөзімен бірігу арқылы жасалған жиырмаға жуық жаңа терминдер құралған: қолхат – расписка, сенімхат – доверенность, баяндаухат – докладная записка, бейнехат – видеogramма, бейнеуңхат – видеофонограмма, жазбахат – записка, жеделхат – телеграмма, өтінішхат – ходатайство, кепілхат – гарантийное письмо, тілхат – подписка, өкімхат/нұсқаухат – циркуляр, талдаухат – аналитическая записка, ықтиярхат – вид на жительство, үндеухат – листовка т.б. Сондай-ақ хат сөзімен тіркесу арқылы жасалған онға жуық терминдер аталмыш лексеманың терминжасам әлеуетінің әлі де жоғары екендігін танытады. Ақпараттық

хат – информационное письмо, атаулы хат – именное письмо, ашық хат – открытое письмо, әдістемелік хат – методическое письмо, бас тарту хаты – письмо-отказ, ескерту хаты – письмо-напоминание, жауап хат – письмо-ответ, өтініш хат – письмо-просьба, ұсыным хат – рекомендательное письмо, ұсыныс хат – письмо предложения. Берілген терминдік аталымдар ресми іс қағаздар саласындағы қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, күрделі сөздердің құрамындағы хат сөзі семантикалық жағынан кеңейіп, ескі жазба ескерткіштердегі қолданысымен салыстырғанда прагматикасы бір-неше есе артқанын байқаймыз.

Сөз қолданысымызда бұрыннан бар, араб тілінен енген ескі кітаби сөздердің бірі – шарт. Қазақ тіліндегі араб және парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде шарт сөзінің а) талап, міндет ә) келісім деген мағыналары көрсетілген. Ескі кітаби жазба ескерткіштерде «келісім, уәде» деген мағынада қолданылған шарт сөзімен келетін мынадай жолдарды кездестіруге болады. Сізлер шарт қылың кішіке айтмаслыққа мен көңілім-ке келгеніні айтайын дедім. Сіздер ешкімге айтпауға уәде беріңіздер, мен көңілімдегіні айтайын дедім. [7, 163]. Қазақ тілінде шарт сөзінің қос мағынасы да сақталып, тілімізде актив қолданылады. Дегенмен қазақ тіліндегі шарт сөзінің келісім мағынасындағы қолданысы көбіне қазақ халқының түсінігінде ешқандай жазба құжатпен бекімеген ауызша келісім ретінде түсінілген. Ал жазбаша келісімді білдіруде көбіне шарт сөзі қағаз сөзімен тіркесе қолданылған. Атап айтқанда, халық ауыз әдеби жырларында «*шарт қағаз*» тіркесі «Шарт етті екеуі де мал-мүлкін, Қол қойды шарт қағазға бұлар еркін» [8, 233] немесе «Шарт қағазын қолға алды, Сағат бомай қыс бойы» [9] сынды жолдарда кездеседі. Тәуелсіздік алған жылдан бергі кезеңде «шарт» сөзінің прагматикасы бірнеше түрткіжайттарға байланысты кеңейді деп айта аламыз. Біріншіден, заңтану және құқық, іс жүргізу салалары терминдерінің қазақылануы, тіліміздің байлығын, әсіресе ескі кітаби лексемаларды ұтымды қолдану принципі келісімшарт, үлгі шарт сынды жаңа терминдердің жасалуына негіз болды. Екіншіден, 1991 жылдан басталған жаңғыру үдерістерінің нәтижесінде діни сананың жаңғыруы, пассив қордағы діни тілдік бірліктердің қайта оралуымен сипатталды. Осыған орай тіліміздегі «шарт» сөзі «құлшылықтың өзіне кірмейтін, бірақ сол құлшылық орындалу үшін қажетті амал. Мысалы, намаз оқушының дәретінің болуы, әуретінің жабық болуы, жүзін құбылаға қаратуы және т.б. Бұлар «намаздың шарттары» деп аталады» [10] сынды діни сакральді мағынамен толығын атай аламыз.

Заңтану және іс жүргізу салаларында терминжасам әлеуеті жоғары, кезінде «Бабырнама», «Шахнама», «Мұхаббатнама» сынды шығарма атауларына негіз болған ескі кітаби лексемалардың бірі – нама. Парсы тілінен енген нама сөзінің жазылған хат, бәйіт, дастан, кітап [11] сынды бірнеше мағыналары болған. Соның ішінде нама сөзінің жеке тұрып хат мағынасында жұмсалғанын халық ауыз әдебиетінде сақталған «Еңсегей бойлы ер Есім» сынды тарихы жырлардан кездестіреміз.

Сөздің енді қысқасы,  
Қалмаққа тиді намасы.  
Қағаздан қатты шалынды  
Темір хан деген патшасы [12, 167]

Алайда бертін келе «нама» сөзінің қолданылу аясы тарылып, жазба мұраларда көбіне күрделі сөздердің құрамында ғана жұмсалған. Бұған Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінде» кездесетін мына жолдарды мысал ретінде келтіруге болады. «Чыңғыз хан офат табғандын соң екі иылдан соң Жочы хан ұғланлары уа Чағатай уа Толы хан ұғланлары бірлән машруқ тарафындын Білікдай нойан Елжідай нойан уа барча беклері иғылыб келіб Чыңғыз ханның бітіб берген аһднама чықарұб ханның айтған өсиетлеріні етіб Үкідайге ханлық саңа тұрұр теб айтдылар». Аудармасы: Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін екі жылдан соң Дешті қыпшақтан Жошы хан ұлдары және Шағатай хан, Толы хан балаларымен, Машрық тарапынан Білікдай ноян, Елшітай ноян, тағы басқа бектер жиылып келіп, Шыңғыс ханның жазып қалдырған құжатын оқытып, ханның айтқан өсиеттерін естіп, Үкідайға хандық саған тиісті деді [7]. Берілген шығармадағы аһднама сөзі арабтың аһд «уәде, міндеттеме» және парсының нама «хат, құжат» сөздерінің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөз. Түркі шежіресінде кездесетін «аһднама» сөзін шығарма тілін зерттеуші ғалымдар «сенімхат, растау құжаты» [13] ретінде аударған. Бұл «нама» сөзінің жеке дара қолданыстан шығып, алғашында мағынасы айқын күрделі сөздің құрамында, одан кейін тек жұрнақ ретінде қолданыла басталуын айғақтайды.

Қазіргі таңда «нама» сөзі жеке дара қолданылмағанымен, терминжасам саласында жаңа терминдік аталымдар жасайтын өнімді жұрнақ ретінде белгілі. Аталмыш жұрнақ арқылы тәуелсіздік алған кезеңнен бері іс жүргізу, заңтану, құқық саласында қолданысы жоғары бірнеше терминдік аталымдар жасалған. Олар: заңнама (законодательство), дәуірнама (эпопея), сауалнама (анкета), сұраунама (вопросник), қазанама (некролог), рұқсатнама (виза), ғұмырнама (мемуар), сапарнама (путевые записки) және т.б. Осы орайда заңнама, дәуірнама, сауалнама, сұраунама, қазанама, сапарнама сынды терминдердің мағыналық астарына назар аударсақ, парсы тіліндегі «нама» сөзінің жазылған хат мағынасы тура қалпында сақталмағанымен, ескі жазба мұраларда қолданылған күрделі сөздің құрамындағы құжат, жазба мағыналары толық сақталғанын байқауға болады.

Заңтану саласының құқық қорғау органдарында болып жатқан өзгерістерге байланысты 2016 жылы бекіген жаңа терминдердің бірі – алқаби. Алқаби лексемасы присяжный заседатель сөзінің баламасы ретінде термин болып қалыптасқан. Күрделі сөз алқа+би сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Осы жерде алқа сөзі қазақ әдеби тілінің сөздігінде жиын / топ мағынасын білдіреді. Ал би сөзі дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан билік институтының өкілін білдіретін тарихи лексема.

Берілген сөздердің тарихына үңілсек «алқа» сөзі арабтың «дөңгелек, шеңбер» мағынасын беретін халқа сөзінен шыққан ескі кітаби лексеманың бірі. Ал би сөзінің ескі қазақ жазба әдебиетінде жиі қолданылғанын Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінде» кездесетін келесі жолдар дәлелдейді. *Ханның бұл сөздеріні билер йахшылар көб тәхсинлар қылыб андақ арыз қылдыларкім Алтан ханға әуел елчі иіберелі егер сенің сөзүңні тұтұб сенге табиғ болса хұб уа егер болмаса аның үстіне бармақ керек. Ханның бұл сөзін билер мен ел ағалары қатты қолдап, мынадай өтініш жасады: «Әуелі Алтан ханға елші жіберейік, егер сенің сөзіңді тыңдап саған бағынса жақсы, егер олай болмаса ың үстіне (соғысуға) бару керек» [7, 51].* Терминжасам саласында ескі кітаби лексемаларды біріктіру арқылы жаңа сөз жасау тәжірибесі, ескі сөздердің тарихи мағынасын қайта жаңғыртып, прагматикасын арттыратын ұтымды әдістердің бірі деп есептейміз. Ескі кітаби лексемалардың бірігуі арқылы жасалған сәтті терминдер қазақ тілінің ғылым саласында қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, сондай-ақ күрделі сөздердің құрамындағы тарихи сөздердің мағыналық мазмұны термин қолданушының тарихи когнитивті санасына қозғау салатын әсерлі қолданыстар ретінде жұмсалу жиілігін арттыруы мүмкін.

Қазақ тілінің терминдер жүйесінде заңтану және іс жүргізу саласына қатысты нарықтық экономиканың әсерімен жаңғырған терминдік атаулардың бірі – **құмар ойын**. Күрделі сөздің құрамындағы құмар сөзі араб тілінен енген кумар راق *құмар, ынтық, ынтызар* деген мағыналарды білдіреді. 2019 жылы бекітілген құмар ойын термині, құмар ойынға қатысушы – *участник азартной игры*, құмар ойын бизнесі – игорной бизнес сынды терминдік тіркестермен толығып, қазіргі құқық және заңтану саласында актив жұмсалады. Қазіргі қоғамдағы экономикалық, саяси түрлі өзгерістің әсерінен жаңғырған термин, кезіндегі ескі кітаби жазба ескерткіштерде де жиі кездеседі. Құмар ойнап құмардан шығамыз, – деп, Екеуі жатыр енді даярланып [14, 106]. **Құмаршыдан** тарқамас тегін құмар, Бар ойыншы жиналды бір күн жана [14, 99]. Жиылды **құмаршылар** құрттай қайнап, Арақ ішіп, сол үйге салып ойнақ [14, 99]. Осы орайда **құмар ойын** тіркесі қазақ танымында ақша, түрлі асыл жиһаз, мал салып ойнайтын карта, дәтке, асық ойындары ретінде түсінілген. Қазақ энциклопедиясында: *«Бұрын қазақ халқында төрт асықпен ойнайтын ойын да құмар ойыны аталған. Егер ойыншы жерге соққан асықтың бәрі жаппай үйлес түссе (оңқа, алышы, тәйке, бұге, иіге), онда ол ойыншы мол ұпай жинайды. Бұл ойынға да ақша, мал салып ойнап, кейде мал-мүлкін ұтқызатын адамдар да болған»* [15] деген анықтама берілген. Алайда қазіргі таңда құмар ойын түсінігіне тек карта, дәтке, асық ойындары ғана кірмейді. Құмар ойынының түрлері заманауи техникалық машиналардың мүмкіндіктеріне сай күн санап артуда. Осы себепті құмар ойыннан келген зардаптардың көптігі заңтану саласында берілген терминді құқықтық әрекетке сай жаңаша сипаттауға алып келді. Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен

ұғымдарының сөздігінде «*құмар ойын термині* – қатысушылардың өз арасында не ойын мекемесінің өкілімен ұтыс көзделіп, олар қатысатын оқиғаның нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім» («Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 219 ҚРЗ 1-бап) [16] анықтамасымен сипатталған. Бұл құмар ойын тіркесінің ескі кітаби жазба ескерткіштерде қолданылған мазмұндық сипатымен салыстырғанда, заңтану саласының термині ретінде жаңаша сипат алып, жаңғырғанын дәлелдейді.

Заңтану, құқық саласында қолданылатын қазақ тіліне әлдеқашан еніп, игерілген терминдердің бірі – қылық. Арабтың хулық (قلخ) сөзінен шығып, қазақ тіліне құлық немесе қылық түрінде игерілген сөз (ар. хулық قلخ) 1. Мінез, болмыс. 2. ауысп. Әрекет (поступок) [13] деген бірнеше мағыналарды білдіреді. Қазақ тілінің терминдер жүйесінде араб тілінен енген хулық (قلخ) сөзінен шыққан құлық/қылық фонетикалық варианттарының әрбір сыңары түрлі ғылым салаларына байланысты жаңа ұғымды атауда қолданылып жүр. Атап айтқанда заңтану, іс жүргізу салаларының терминдер жүйесінде араб тілінен енген قلخ (хулық) сөзінен шыққан құлық/қылық фонетикалық варианттарының әрбір сыңары жаңа ұғымды атауда қолданылып келеді. Құлық термині тура мағынасы мінез сөзімен қосарлануы арқылы поведение сөзінің баламасы ретінде, қылық проступок сөзінің баламасы ретінде қолданылуда; Теріс қылық – проступок, қылмыстық теріс қылық – уголовный проступок. Заңды мінез-құлық – правомерное поведение, құқықтық мінез-құлық – правовое поведение.

Заңтану, құқық, іс жүргізу саласында қазақ тілінің жұрнақтарын қабылдау арқылы жаңа термин жасалынып, жаңғырған ескі кітаби лексеманың бірі – *уағдаластық*. 2016 жылы бекіген *уағдаластық* термині «договоренность» сөзінің баламасы ретінде жұмсалыады. Арабтың «уағда» واغدا (wa'da) сөзі *келісім, серт* мағынасында тілімізге қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес уәде тұлғасында игерілген. Ал толықтай игерілмеген бастапқы *уағда* нұсқасының тіліміздегі қолданысын көбіне ескі жазба ескерткіштер мен халық ауыз әдеби жырларынан кездестіруге болады. *Үркеніңде атасының нөкері уа өз нөкері уа бізнің нөкерлер бірлән сөзлешти әма көбірекі менің нөкерім ерді фалан айның фалан күні деб уағда қылды*. Аудармасы: Үргеніште әкесінің, өзінің және менің нөкерлерімізбен сөйлесті, көбірегі менің нөкерім еді. Пәлен айдың пәлені күні деп *уәделесті* [7, 87]. Ауыр дәулет беріпті Алла несіп, Аузынан *уағдамен* серт берісіп. Екеуі жапан дүзде бек сөйлесіп, Дос болды ақыреттік «Құдай» десіп [17, 91 ].

Қазіргі таңда іс жүргізу, заңтану салаларында *уағдаластық* термині келіссөз арқылы қол жеткізілген ортақ мәміле, келісім мағынасында құқықтық қатынастарға қатысты құжаттарда көптеп қолданылады. Осыған орай кейбір ескі кітаби лексемалардың пассив қорға өткен фонетикалық варианттары қазақ тілінің байлығы ретінде терминжасам саласында қайта жаңғырып, семантикалық жағынан кеңейіп, қолданысқа қайта ену ықтималдығы жоғары болуы мүмкін деп қорытамыз.

Ресми ісқағаздар стилінде іс жүргізу, заңтану, құқық салаларына қатысты құжаттар рәсімделеді. Аталмыш салаларда қолданылатын тілдік бірліктер арнайы терминдік база қорын құрайды. Қазіргі таңда ресми ісқағаздар стилінде ескі кітаби лексиканың қолданылу әлеуетіне қатысты келесідей тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, тәуелсіздік алған жылдан бергі кезең іс жүргізу, заңтану, құқық салаларында терминдік қордың жаппай қазақылану үдерісінің жүруімен сипатталады. Осыған орай, кезінде ХІХ-ХХ ғасырдың басында қолданыста болып, кеңес дәуірінде саяси ұстанымға байланысты шеттетілген, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде қайтарылып, ғылым саласында қайта жаңғырып пайдалана бастаған. Екіншіден, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең терминология ғылымының дамуымен, терминжасам саласында тіліміздің пассив қорындағы ескі кітаби лексикасын барынша ұтымды жұмсау үдерісімен сипатталады. Атап айтқанда, тіліміздегі тарихы терең ескі кітаби лексикалық бірліктер жазба ескерткіштерде қолданылған мағынасынан әлдеқайда кең мағынада жұмсалыуымен немесе сөз қолданысымызда бұрыннан бар, қазақтың байырғы төл сөздерінен ажыратқысыз болып, толық игерілген ескі кітаби сөздер, қазіргі қазақ тілінің жұрнақтарын қабылдап немесе терминжасамның синтаксистік (аналитикалық) әдісімен жаңа терминдер жасау арқылы жаңғырып, ұлттық терминологияны дамытудың бір көзі ретінде қалыптасты.

#### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.
2. Сыздыкова Р.Г. Язык «Жамиеат-тауарих» Жалаири. – Алма-Ата г. – Наука, 1989. – 243 с.
3. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі: монография / А. Б. Жиекбаева. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2014. – 167 б.
4. Әбілқасымов Б. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі: антология / Б. Әбілқасымов; [құрас. А.Ж. Құдабаев]. – Павлодар: С. Торайғыров атын. Павлодар мем. ун-ті, 2010. – 256 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 465 б.
6. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 1-том. Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.
7. Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Әбілғазы баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. – Алматы: «Фирма Орнак», 2013. – 480 б.
8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 21. – Астана: «Фолиант», 2005. – 304 б.
9. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – 161 б.
10. Мухитдинов Р.С. Діни терминдер сөздігі. – Алматы: 2012. – 140 бет.

11. Қайыржан К. Сөз-сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 б.
12. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 56. – Астана: «Фолиант», 2009. Тарихи жырлар. – 408 б.
13. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017. –658 б.
14. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 6. – Астана: «Фолиант», 2004. – 352 б.
15. Құмар ойын. Қазақ энциклопедиясы. Электронды ресурс: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D0%BC%D0%B0%D1%80\\_%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D1%80](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D0%BC%D0%B0%D1%80_%D0%BE%D0%B9%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D1%80)
16. Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарының заң терминдері мен ұғымдарының сөздігі. – Астана: «Қазақстан Республикасының Заң шығару институты» ЖШС, 2007. – 1000 б.
17. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 54. – Астана: «Фолиант», 2009. – 456 б.

**A.Yelubay, R.Avakova**  
*Al-Farabi Kazakh National University*  
*Kazakhstan*

## ENHANCING LEXICAL COMPETENCE THROUGH AI BASED DIGITAL PLATFORMS

**Abstract.** Even in the flow of changes in the modern world of education, it becomes crucially important to focus on digital environment in language learning, especially lexical component. This article aims at examining the effectiveness with which four openly available online applications: Quizizz, Wordwall, Duolingo, and Quizlet in fostering the knowledge of EFL learners of different vocabulary. Based on empirical research experiments and users' experience analysis, the article claims that these applications not only help to memorise and use new words but also make the learning process exciting and motivating with the help of elements of gamification. This work aims to give a comparative analysis of the roles of the platforms and what may be gained or lost when such technologies are adopted in the learning of languages and outline the potential of the new technologies in the future learning environment.

**Keywords:** Lexical Competence, Digital Platforms, Vocabulary Acquisition, Gamification, Mobile-Assisted Language Learning (MALL), EFL (English as a Foreign Language).



**Андатпа.** Заманауи әлем біліміндегі өзгерістер ағынында тіл үйренуде, әсіресе лексикалық компонентте, цифрлық мүмкіндіктерге көңіл бөлу өте маңызды болып отыр. Бұл мақала төрт ашық қолжетімді онлайн қосымшаның: Quizizz, Wordwall, Duolingo және Quizlet, ағылшын тілін шет тіл ретінде үйренушілердің сөздік қорын дамытудағы тиімділігін зерттеуді мақсат етеді. Эмпирикалық зерттеу эксперименттері мен қолданушылардың тәжірибесін талдау негізінде, мақала осы қосымшалар жаңа сөздерді есте сақтау және қолдануда ғана емес, сонымен қатар оқыту процесін қызықты әрі мотивациялық етуде геймификация элементтерін пайдаланады деп мәлімдейді. Бұл жұмыс платформалардың рөлдерін салыстырмалы түрде талдап, мұндай технологиялар тіл үйренуде не пайда әкелетінін немесе жоғалтатынын көрсетіп, жаңа технологиялардың болашақ білім беру ортасында қандай мүмкіндіктер ұсына-тынын анықтауды көздейді.

**Тірек сөздер:** лексикалық күзіреттілік, цифрлық платформа, сөздік қорды дамыту, геймификация, MALL – мобильді құрылғылар арқылы тіл үйрену, EFL – Ағылшын тілі шет тілі ретінде.

**Аннотация.** Даже в потоке изменений в современном мире образования становится критически важным сосредоточиться на цифровой среде в изучении языка, особенно на лексическом компоненте. Целью данной статьи является изучение эффективности, с которой четыре общедоступных онлайн-приложения: Quizizz, Wordwall, Duolingo и Quizlet в содействии знаниям изучающих английский как иностранный язык разной лексики. Основываясь на эмпирических исследовательских экспериментах и анализе опыта пользователей, в статье утверждается, что эти приложения не только помогают запоминать и использовать новые слова, но и делают процесс обучения захватывающим и мотивирующим с помощью элементов геймификации. Цель данной работы – дать сравнительный анализ ролей платформ и того, что может быть приобретено или утрачено при принятии таких технологий в изучении языков, а также описать потенциал новых технологий в будущей среде обучения.

**Ключевые слова:** лексическая компетенция, цифровые платформы, приобретение словарного запаса, геймификация, изучение языка с помощью мобильных устройств (MALL), английский как иностранный (EFL).

## Introduction

Lexical proficiency is one of the basic components of language acquisition process, which contributes to the learner's communicative potential. Vocabulary makes up the referential units or constituents that can help a learner in putting a meaning into a word, in understanding texts or in being able to communicate effectively. However, the conventional methods of teaching vocabulary have received criticism mainly because they entail rote learning, and drill like activities. Such techniques, though often effective at times in terms

of applied learning, are often ineffective in capturing learner's attention and do not assist in fostering long-term recall and most importantly application of the knowledge in respect of the learnt vocabularies. As a result of these challenges, technology has presented solutions that are unique, and which facilitates a new means of envisioning and implementing vocabulary learning; these are in the form of digital platforms which contain interfaces that provide the aspects of game, interactivity as well as user-centered design.

Thus, the following Online tools, including Quizizz, Wordwall, Duolingo, and Quizlet have been described in recent years as popular tools especially among EFL teachers and students. These platforms make use of technology in delivery methods to foster effective and engaging learning environment in the teaching and learning of vocabulary. Using games, quasts and other forms of interactive tools are applied to meet different categories of learners and adapts to the learner engagement. This paper thus seeks to determine the extent of these four digital platforms in developing the lexical proficiency of EFL learners. As this article is based on an analysis of the essential features of various platforms identified in the current empirical research of vocabulary acquisition, it intends to contribute to the development of a broad understanding of the possibilities of digital tools for language learning at school.

### **Methodology**

This article used comparative analysis approach to evaluate the extent to which Quizizz, Wordwall, Duolingo, and Quizlet help in developing the lexical competence. The analysis is based on four empirical studies carried out on various educational settings in which each one of the platforms under review was examined. The latter differs in terms of their research design and approach, samples, number of participants, and the education levels, from the primary school contexts to the tertiary. Despite these differences, the studies share a common goal: for enhancing vocabulary and learners' participation, especially with regard to the influence of digital platforms.

The comparative analysis is structured around several key criteria: out of which are (1) vocabulary knowledge replenishment, which involves the capacity of the learners to memorize new words and subsequently recall them; (2) motivation, interest and participation, which focuses on the level of interest, motivation, and activity of the learners in learning activities; (3) compatibility, which looks into how easy the platforms in question are to harvest and how accessible they are; and (4) scalability, which concerns the possible In evaluating these criteria, the study aims at establishing the effectiveness and the inadequacies of every platform as well as the compatibility of those platforms in certain learning environments.

### **Discussion**

Quizizz and Wordwall: Generic Communication by way of Gaming

The use of game design in non-game related environments, also referred to as gamification has been accepted as a best practice in the promotion of learner engagement

and motivation. Quizizz and Wordwall are two of the online platforms that portray the effectiveness of gamification in learning of new vocabulary. Both platforms enables the educators to come up with quizzes and word games that test the learners and their ability to apply what they have learnt in a competitive manner.

In his research assessing the role of gamification on vocabulary, Rahmatillah and Hasan [1] established that Quizizz and Wordwall enhanced vocabulary mastery among students. It was stressed that the students were interested in these platforms and this interest was maintained in the course of the study. About the functionality, the additional options like immediate feedback and competitions with other students enhanced the learning process and made it more engaging.

Among them, Quizizz can be noted for a clear interface and the opportunity to create such kinds of questions as multiple choice, true/false, and short answer questions. Every quiz can be designed to address particular vocabulary items; the performance of the students can be monitored in real-time. The responses given straight away assist the learner in realizing his or her mistake and thereby cement vocabulary into his or her memory. Furthermore, the included option of playing in the teams enhances teamwork, thus making learners teach each other as they play.

Wordwall provides many more tools in addition to quizzes like wordwalls, search a word, match a word, and build a word like crosswords. These activities are useful for various learning types and give students an opportunity to handle the word in various ways. Kurniawan [2] said that his study discovered that students who used Wordwall improved significantly in their retention and utilization of new vocabulary especially when the activities were commensurate with their learning styles.

However, it has its own drawbacks. Even though Quizizz and Wordwall proved to be helpful in the process of vocabulary reinforcement, their heavy reliance on the game-based assignments sometimes provided only the superficial understanding of the terms. The students could only spell and get the bare meaning of the words but could not use the words in a context of a sentence or understand the connotative meaning of a word. This means that, although gamification is effective at capturing learners' attention, it should be accompanied by other approaches to enhance language acquisition.

#### Duolingo: Interactive Mobile Application on Vocabulary Acquisition: Role of MALL

Duolingo is one of the most widely used MALL platforms in the world currently, with millions of users who trying to master new language with the help of games. The key to the popularity of the platform – it can be used at any time and from any place using the mobile device. Duolingo design is underpinned by spaced repetition, whereby the vocabulary items that a learner develops are refreshed at progressively long intervals.

The study by Apoko, Dunggio, and Chong [3] offers a synthesis of how Duolingo has offered enhancement of vocabulary mastery by tertiary level students. To the researchers'

surprise, the Duolingo model of short, frequent exercises with instant feedback also made a positive difference in how effectively learners retained the vocabulary in the long term. The application of images and audio in the platform made it easier to remind learners the meaning of new words and also accommodate all the learning styles.

One of the advantages of Duolingo – according to the literature review – is its focus on the use of the vocabulary in real-life situations immediately upon learning. The platform categorizes the words by the theme, which makes it easy for the learners to learn the words that are related to their daily life situations such as food, travel, and shopping. This contextual approach enables the learners to not only know the meaning of the words used but also how the words are to be used in a sentence. Additionally, Duolingo’s “practice” feature encourages regular review of vocabulary, which is crucial for long-term retention.

At the same time, Duolingo has its drawbacks, which the study also notes, although it is relatively few. The platform is useful in establishing a foundation of the basic word stock but can be extremely limited when it comes to the advanced or the specialised vocabulary. Moreover, the use of repetition of exercises may be used is sometimes detrimental because it simplifies the learning process and make student repeat words without mastering their actual meanings. In light of this, the researchers recommend that Duolingo could be used with other learning materials that offer the user deeper analysis on the words such as books or language classes.

Another drawback identified by the researchers is that Duolingo does not pay a lot of attention to the contextual usage of words. As with most of the online resources, the platform is very good at presenting and reinforcing the isolated words and phrases, but can be quite limited in offering the learner enough practice in using the vocabulary in more diversified and challenging ways. Such a situation can cause problems in practice in using vocabulary, where words have different meanings in different situations.

#### Quizlet: Technology-Driven Vocabulary Acquisition

Quizlet is an all-purpose tool that incorporates conventional forms of studying with digital approaches based on the use of information technologies. Although originally it was a tool intended to create digital flashcards, Quizlet has now expanded the range of additional possibilities and now offers games, quizzes, and collaborative study modes. The entire platform is rather flexible, which means that it can be used by learners of all ages and of all skill levels ranging from novice to the expert levels.

Mykytka’s [4] study is on the application of Quizlet in the development of L2 vocabulary among Spanish undergraduate learners of English. The study proves that it is possible to retain more of the words that have been learned by engaging in more activities on Quizlet and the two most efficient activities are ‘Learn’ and ‘Test’. The “Learn” feature applies the principles of adaptive learning and adapts the levels of difficulty of questions that the student is asked depending on the performance of the student. The “Test” feature enables

students to take exercises in the form of a customizable quiz and get an instant feedback on what they got right and wrong.

Of all the components identified by the study, ‘Live’ a real-time learning function of Quizlet received high commendation. In this mode, students are given questions and are expected to answer them with the help of group members and to the first group to get all the questions right is declared the winner of the quiz. This feature helps to foster spirit of competition among learners and at the same time enables element of cooperative learning as learners require to work together. The study revealed that the use of Quizlet Live was particularly useful in the capture and improvement of students’ motivation.

But, the research also outlined some of the drawbacks of gamified activities done on Quizlet. The “Match” and “Gravity” computerized games that many of the students enjoyed playing were often noted to have drawbacks in that more often than not they aimed for speed than accuracy. This led to situations where the student is more focused on completing the task as fast as possible with little concern of the vocabulary. Further, the US-based review worried that study content on the platform service may not be accurate and credible because reliance on user contribution means the platform is not an assurance that materials shared with learner are correct and reliable hence the importance of teachers’ scrutiny of materials before their dissemination in class.

### **Comparative Analysis and Recommendations**

Comparing Quizizz, Wordwall, Duolingo and Quizlet, strengths and limitations of each of them can be described in terms of learning vocabulary. In gaming aspect, both Quizizz and Wordwall are particularly good in designing learning games to help learners to retain the learnt vocabulary. Duolingo has a very low threshold for learning, as the use of applications is very mobile-oriented, which makes it possible to focus on the development of the practical, contact vocabulary. Quizlet is a technology enhanced learning platform that integrates old school learning techniques with computer enhanced features that allow learning to be done individually or in groups.

At the same time, the analysis carried out identifies certain disadvantages, but overall, points to the need for employing web applications as a component of an integrated learning process in the field of languages. However, these tools are useful for the improvement of a vocabulary only and should not be used without other teaching methods which stress deeper and wider language proficiency, for example reading, contextual language use and practice.

Based on the findings of this comparative analysis, the following recommendations are proposed for educators and learners seeking to maximize the potential of these digital platforms for vocabulary learning:

1. Integrate Multiple Platforms: It is thus important that educators use variety of platforms for establishing sound vocabulary learning platforms. For instance, Quizizz and Wordwall

can help teachers while introducing new concept thereby making it more interesting while Duolingo and Quizlet can be used for reinforcement and further development of the same concept.

2. Combine Digital Tools with Traditional Methods: However, it is crucial not to rely on the use of the proposed digital platforms only as the matter under discussion should not outweigh the conventional methods of teaching vocabulary. Teachers should employ technology as one of the adjunct methods of teaching and learning of the vocabulary since other methods like reading, writing, and conversation practice are better without technology as mentioned in the study.

3. Curate and Customize Learning Materials: Due to detrimental impacts of poor quality information availed by users on platforms like Quizlet, teachers ought to select and adapt resources for use in their classes with the concomitant learning aims and goals in mind. This makes it possible to guarantee the usage of correct and relevant terms used by students all through their training.

4. Encourage Active and Reflective Learning: Though, gamification and repetition are very helpful to enhance the learners' vocabulary and to revise them most effectively, it is also crucial to help the learners think about the usage of words that they have learned. It is possible to accomplish this by assigning tasks which involve the use of the new words into sentences, story writing where the new vocabulary is essential, coming up with and participating in debates that focus on the new words.

### **Conclusion**

Therefore, there is a notable admitted potential to improve EFL students' lexical knowledge based on such applications as Quizizz, Wordwall, Duolingo, Quizlet, and others. These platforms present new forms of learning as they are based on game principles, interactivity, as well as on adaptive technology for the acquisition of the words. Nonetheless, these tools need to be chosen and applied most effectively to enhance the existing approaches to teaching vocabulary rather than to replace them. In this way, the educators will ensure the learners have the best and entertaining encounter as they learn vocabulary that they will be able to apply in their day-to-day lives in the long-run.

### **References:**

1. Rahmatillah, N., & Hasan, H. (2024). The Impact of Gamification on Vocabulary Acquisition through Digital Platforms. *Journal of Language Learning Technologies*, 11(3), 45-62.
2. Kurniawan, S. (2021). Exploring the Role of Interactive Activities in Vocabulary Retention: A Case Study on Wordwall. *Journal of Educational Research and Technology*, 9(2), 78-90.

3. Apoko, N., Dunggio, S., & Chong, P. (2024). Mobile-Assisted Language Learning: An Evaluation of Duolingo's Effectiveness in Vocabulary Acquisition. *Language Education and Technology*, 12(1), 123-145.

4. Мыкытка, О. (2024). Enhancing L2 Vocabulary Acquisition through Digital Platforms: The Case of Quizlet among Spanish Learners of English. *Language Learning in the Digital Age*, 8(4), 98-115.

5. Teacher's Study. (2021). Use of Wordwall for Vocabulary Acquisition: A Comparative Analysis. In *The European Proceedings of Social & Behavioural Sciences EpSBS* (Vol. 9, pp. 670-676).

**Н.Құрман**

*М.В.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалы,  
педагогика ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІС

**Андатпа.** Мақалада қазақ тілін оқыту барысындағы инновациялық үдерістердің орны мен маңызы туралы мәселелер қарастырылады. «Инновация» терминіне талдау жасау арқылы қазақ тілін оқытудағы инновацияның қажеттілігі мен тиімді нәтижеге апаратын инновациялық бағыттарды таңдаудың маңыздылығы қарастырылады. Тіл жүйесінің және сөйлеу процесінің ерекшеліктеріне баса мән бере отырып инновациялық технологияны ұстанудың жолдары қарастырылады.

**Тірек сөздер:** қазақ тілін оқыту, инновация үдерісі, тиімді тетіктері, қолдану шеберлігі, инновациялық ойлау, нәтижені айқын қоя білу.

**Abstract.** The article deals with the issues of the place and importance of innovative processes in the course of teaching the Kazakh language. Analyzing the term «innovation», the need for innovation in teaching the Kazakh language and the importance of choosing innovative directions leading to effective results are considered. Ways to adhere to innovative technology are considered, emphasizing the features of the language system and speech process.

**Keywords:** learning the Kazakh language, innovation process, effective mechanisms, application skills, innovative thinking, be able to make the result clear.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы места и значения инновационных процессов в процессе обучения казахскому языку. Анализируя термин «инновация», рассматривается необходимость инноваций в обучении казахскому языку и важность выбора инновационных направлений, приводящих к эффективным результатам.

Рассмотрены способы соблюдения инновационных технологий, подчеркивающие особенности языковой системы и речевого процесса.

**Ключевые слова:** изучение казахского языка, инновационный процесс, эффективные механизмы, прикладные навыки, инновационное мышление, умение четко сформулировать результат.

Қазақ тілін оқыту – педагогикалық процесс ретінде динамикалық күйге ие болатын жүйе екені белгілі. Осындай қасиеті оның уақыт дамуымен бірге өзгерістерге, жаңалықтарға, ашық болатынын да танытады. Қазақ тілін оқытудың ХХІ ғасырдағы болмысы мен оның даму бағыттары, сөзсіз, инновациялық процестермен байланысты. Қазақ тілін оқытудағы инновациялық процестің орны мен олардың қазақ тілін оқытуды дидактикалық құндылыққа айналдырудағы маңызы туралы қарастыру алдында инновациялық үдерістің ғылыми негіздемесіне тоқталып өту керек.

Инновация – жаңару, жаңарту дегенді білдіреді (ағылш. innovation). Нақтырақ айтқанда, жаңаны енгізу, жаңартуларды ендіру үдерісі дегенді білдіреді. Жаңа нәрсені, құбылысты инновацияға айналдыру «инновациялық үдеріс» деп аталады, ал инновацияны нарыққа енгізу «коммерциализациялау» деп аталады. Пайда болған жаңа ой, жаңа идея көпшілікке тарап, қолдауға ие болуы үшін, ғалымдар мынадай үш қасиеттің болуы міндетті деп анықтайды:

- біріншіден, ғылыми-техникалық жаңашылдық;
- екіншіден, өндірісте қолданылатын болуы;
- үшіншіден, коммерциялық жүзеге асыру.

Пайда болған жаңа идеяның жаңа технология түрінде немесе жаңа өнім түрінде енуін «инновация» деп атауды алғаш рет Иозеф Шумпетер өзінің 1911 жылғы «Экономикалық даму теориясы» атты еңбегінде қолданған. [1 Шумпетер]

Түпмәнінде, «инновация» ұғымы ғылым жетістіктерінің тауар мен қызмет көрсету өндірісіне жаңа өндірістік ұйымдастыру-экономикалық, басқарушылық және әлеуметтік технологиялар болмысындағы қолданысын білдіреді. Инновациялық үдеріс, қоғамның қай саласында болса да, сол саланың үздіксіз дамуына, даму заңдылықтарына бейімделіп, сол заман тұрғысынан пайда болған жаңа идеялардың, адам өмірі үшін пайдалы нәрсенің кеңінен енуіне, сөйтіп, дамудың қозғаушы күшінің көзіне айналуына тірек болатын жаңа білім мен ғылым нәтижелерінен тұрады. Сонда жаңашылдық дегеніміз – бір адамның шығармашылық қызметінің, атап айтқанда, зерттеушілік, жобалық, өндірістік (немесе басқалай) қызметінің, тұтынушыларға ұсынатын жаңа өнім түрі немесе өнімнің жаңаланған түрі. Ол өнімді тұтынушыларға одан әрі өзгертуге немесе пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы Заңының Жобасында «инновацияға» мынадай анықтама берілген:



*«инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында жаңа немесе жетілдірілген өндіріс, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер түрінде іске асырылатын индустриялық-инновациялық қызметтің нәтижесі».* [2 ]

Инновацияға тағы бір анықтаманы қарастырайық: «Инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер, техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де пайдасы бар нәтиже түрінде іс жүзінде асырылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі». [3]

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасында білім беру саласында инновацияны дамытуға байланысты былай деп көрсетілген: «Білім берудің бәсекеге қабілеттілігінің басты өлшемі құзыреттіліктің ұлттық жүйесін қалыптастыру және білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында қазақстандық жоғары білім берудің беделін арттыру болуы қажет. Кәсіптік-техникалық және жоғары білім бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін жоғары деңгейде қанағаттандыруға бағытталуы тиіс. Кадрлармен қамтамасыз етуге қатысты ахуалды ескере отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын қайта құрылымдауда сыпайы тәсілдерден бас тарту қажет. Тілдік құзыреттілікті қоса алғанда, халықаралық деңгейдегі тиісті құзыреттерге ие инженерлік және техникалық кадрлардағы қажеттіліктерді қамтамасыз етуге ресурстарды бағыттауы керек. Мыналарды: 1) ескірген немесе сұранысқа ие емес ғылыми және білім беру пәндерін алып тастау, сонымен бірге сұранысқа ие және перспективалық бағыттарды күшейту; 2) орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білім берудің оқу жоспарларына практикалық машықтарға оқыту және практикалық біліктілік алу бойынша бағдарламаларды енгізу арқылы бағытын және екінін өзгерту; 3) кәсіпкерлікке бағытталған оқу бағдарламаларын, білім беру курстарын және институттарын құру қажет. Индустрияландырудың келесі бесжылдығына қарай экономиканың жаңа талаптарына сәйкес жүйенің қайта жүктелуі үшін басталып кеткен білім беру инфрақұрылымын және білім беру технологияларын жаңғыртуды жеделдету маңызды. ондай-ақ мектеп пен университет объектілерін қоса алғанда, білім беру жүйесіндегі менеджмент технологияларын айтарлықтай өзгерту қажет. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізумен қатар, білім беру объектілерінің құрылыс стандарттары мен нормаларын өзектендіру маңызды болып табылады. Тәжірибеге балалардың әл-ауқат индексін енгізу керек. Бұл өскелең ұрпақтың шығармашылық және инновациялық ойлау қабілеті үшін ынталандыру тәсілдерін кеңейтеді. Орта білім беруде жан басын қаржыландыру жүйесін енгізуді және жоғары оқу орындарының дербестігі мен тиімді қамқоршылық кеңеспен үшінші буын университеттерін қалыптастыру тәжірибесін таратуды аяқтау керек. Жоғары оқу орындары білім беру

функцияларымен шектелмеуі қажет. Оларға қолданбалы және ғылыми-зерттеу бөлімшелерін құрып, дамыту қажет. Техникалық және кәсіптік білім беру саласында мамандарға тапсырысты қалыптастыруда жұмыс берушінің мүддесін арттыру, кадрларды дайындаудың дуалды қағидатын іске асыру қажет, кәсіпорындарда міндетті өндірістік тәжірибеден өту мәселесін пысықтау, өнеркәсіптің жаңадан пайда болған салаларына мамандар даярлау, қолданбалы әзірлемелерді ынталандыру керек.

Жоғары оқу орындарының инновациялылығын бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізуді қарастыру қажет. Рейтингті есептеу білім беру қызметтерін ұсынудан алынған табыстың ғылыми әзірлемелерді сатудан және енгізуден түскен табысқа қатынасын салыстыруға негізделетін болады». [4]

Жаңашылдықтың рәсімделуі өнертапқыштық, патент, тауар белгісі, ноу-хау түрінде болуы мүмкін. Жаңашылдықтың басты ерекшелігі – тұтынушының тауарды жаңа ретінде қабылдауы. Содан әрі қарай қайта өзгерту мен пайдалану жаңашылдықты инновацияға айналдырады. Инновация ұғымын айқындаушы және инновацияның шығыны мен пайдасын өлшем бірліктері арқылы зерттейтін ОЭРС мен Еуростат бірігіп әзірлеген «Осло басшылығы» атты инновациялар бойынша мәліметтерді жинақтау мен талдау ұсыныстарында: «Инновация өндірістің өсуі мен еңбек өнімділігінің өсуінің кіндік факторы болып табылады», – деп атап көрсетілген. [5]

Осы құжатта көрсетілгендей, «инновация» – инновациялық үдерістің түпкі нәтижесі. «Инновация» – жаңа немесе бұрынғыдан көп есе жақсарта жаңғыртылған өнімді – тауарды не қызмет көрсету түрін – қолданысқа енгізу. Бұл ретте «инновация» деп іскери тәжірибеде белгілі бір әдіспен қызметті жаңадан ұйымдастыруда немесе маркетингтегі, не сыртқы байланыстардағы жаңа әдіс деп атауға болатынын көрсетіп кету керек.

Осы «инновация» деген жалпы атау мен оған берілген анықтамаларды талдай отырып, олардың инновация деген ұғымды кең ауқымда қамтуға ұмтылғанын байқаймыз. Сол анықтамалардың негізінде «Осло жетекшілігінде» инновацияның типтерін «өнімді» және «процестік» деп бөлу бар екенін көреміз. Өнім, процесс, маркетинг немесе ұйымдастыру әдісі – инновацияның ең кіші белгісі ретінде кәсіпорынның тәжірибесі үшін жаңа болу талабы бар. Бұл талап инновация категориясына кәсіпорын алғаш болып жасаған өнім, процесс және әдістерді енгізеді. Сонда инновациялық қызмет дегеніміз – инновацияны жүзеге тікелей асыратын немесе инновацияны іске асыруға байланысты сұрыпталынған барлық ғылыми, технологиялық, ұйымдастырушылық, қаржылық, коммерциялық іс-әрекеттер. Инновациялық іс-әрекеттің кейбір түрлері болмысы жағынан инновациялық болып табылса, кейбір түрлері инновацияны іске асыруға керекті болып табылады. Инновациялық іс-әрекеттің құрамына, сонымен бірге, инновацияның өзімен тікелей байланысты болмаса да, зерттеулер мен әзірлемелер де енгізіледі.

Барлық инновацияларға тән ортақ белгі – олар қолданыс айналымына енгізілген болуы керектігі. Жаңа немесе жетілдірілген өнімнің нарықта пайда болуы– олардың қолданыс айналымына енгізілгендігін танытады. Инновация теориясының негізі цикл мен тоқыраудың басты қағидалары аясында қалыптасты. Осы жолмен инновацияны экономиканың өзекті қуаты ретінде түсіну арқылы жалпы экономикалық дамудың циклдық сипатының, тоқырау мен өркендеудің себебін түйсінуге болады. Ғалымдар экономикалық цикл фазаларының алмасуы барысындағы инновацияның рөлін түсінудің алғышарттары туралы зерттеген. Бұл ретте экономика мен инновацияның байланысы туралы терең зерттеулер жасаған Н.Д.Кондратьевтің еңбегі белгілі. [6]

Н.Д.Кондратьев өз еңбегінде инновацияның жалпы теориясының негізін қалап, онда тек экономика мен технологияны ғана емес, сонымен бірге, қоғамның әлеуметтік құрылымы, әлеуметтік институттарын да қамтыды. Н.Д.Кондратьевтің «толқындар теориясы» өзінің жалғасын американдық экономист Йозеф Шумпетердің «Іскери циклдер» (1939) атты еңбегінде тапты деуге болады. Мұнда Й.Шумпетер жаңашылдықты технология мен басқаруды өзгерту – экономикалық өсудің шешуші факторы ретінде анықтады.

Өзінің инновациялық теориясында Й.Шумпетер кәсіпкер-инноваторды өндірістің, жаңа нарық пен технологияның жаңа комбинацияларын жасаушы жасампаз тұлға деп, кәсіпкер-инноватордың инновациялық үдерістегі маңызды орнын сипаттап берді. Бұрынғы өндірістің үш факторы деген классикалық теорияға енді төртінші фактор – «кәсіпкерлік қабілет» келіп қосылды. Бірақ бұл жерде Й.Шумпетердің айтып отырғаны – кез келген кәсіпкер емес, олардың ішіндегі өзінің нар тәуекеліне бел буып, өнертақыштық пен жаңалықтарды, яғни инновацияларды пайдаланып, жаңа комбинациялар негізінде жаңашылдықты қалыптастырғандары ғана «кәсіпкерлік қабілет» иесі деп танылатындығы.

Инновацияның теориялық тұғырының дамуындағы тағы бір кезең Саймонның атымен байланысты. Ол бір тарихи дәуірден екіншісіне өтудің түпнегізінде жататын дәуірлік жаңашылдықтар (мысалы, бұмен жүретін машина, телефон, микроэлектроника, ақпараттық технология т.б.) туралы ұғымды енгізген болатын. Технологиялық жаңашылдықтардың әрдайым пайда болуы және олардың диффузиясы – экономика мен қоғамның құрылымына ықпал ететін басты фактор. Сонымен бірге, экономика мен қоғамды дамытуға және құқық пен институционалдық құрылымдарда, идеологияда да, жаңашылдықтарды енгізуге жетелейді.

Технологиялық ғұрыптардың ауысуына тарихи тұрғыдан қарап, талдау жасаған кезде, солардың үстем ету уақытының барған сайын қысқарып бара жатқан феномендігі танылады (С.Ю. Глазьев теориясы бойынша). Бұл құбылыс, ғалымдардың айтуынша, экономиканың дамуындағы, экономикалық және өндірістік құрылымдар-

дағы, технологиядағы инновацияның маңызы мен орнының барған сайын өсіп келе жатқанын танытады. [7]

Кеңестік дәуірде инновацияны сызықтық формада «зерттеу – техника – өндіріс» деп атап, солай түсініліп келгені белгілі. Ол сызықтық модельдегі инновациялық үдерістердің де қол жеткен табыстары мол болды, оның ішінде ғарыш пен энергетика саласындағы үлкен жетістіктер де белгілі. Сөз жоқ, қазіргі кезеңде инновациялық үдерістер үдеп, оны зерттеуге де белсене кірісу байқалып келеді. Қазақстандық нарықтық инновациялық үдерістер туралы тұжырымдардың, құжаттардың қабылдануы инновациялық үдерісті және оның адамзат өмірін дамытушы орасан зор әлеуетін зерттеп-танудың қажеттілігі елімізде пісіп-жетілгенін көрсетеді. ҚР Статистика агенттігі құрастырған «Ғылым және инновациялар статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдіснамада» инновацияның түрлерін саралай талдайды: «Маркетингілік инновация – бұл өнімнің дизайнында немесе қаттамасындағы, оның қоймалануына, нарыққа қосылуына немесе сату бағаларын белгілеуіне айтарлықтай өзгерістерді қоса, маркетингінің жаңа әдістерін енгізу;

- ұйымдық инновация – фирманың іскерлік тәжірибесіне, жұмыс орындарын және сыртқы байланыстарын ұйымдастыруға жаңа ұйымдық әдісті енгізу;

- өнімдік инновация – бұл ерекшеліктері немесе пайдалану тәсілдері бөлігі бойынша жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған тауар немесе қызметтерді енгізу;

- технологиялық инновациялар – бұл кәсіпорынның инновацияны әзірлеумен және де енгізумен байланысты қызметтері. Технологиялық инновацияларға өнімдік және үдерістік инновациялар жатады». [8]

«Осло басшылығына» сүйенсек, онда инновациялық қызмет инновацияларды нақты жүзеге асыруға әкелетін немесе осы мақсатпен ойластырылған барлық ғылыми, технологиялық, ұйымдық, қаржылық және коммерциялық іс-қимылдар болып табылады.

Инновациялық қызметтің кейбір түрлері өздері инновациялық болып табылады, басқалары бұл қасиеттерге ие, бірақ инновацияларды жүзеге асыру үшін қажет. Инновациялық қызмет қандай да нақты инновацияларды дайындаумен тікелей байланысты зерттеулер мен әзірлемелерді қамтиды. Өнім үш жыл ішінде инновациялық болып есептеледі. [5]

Инновациялық үдерістің нарықтық тұжырымдарын қалыптастыру мен дамыту үшін әлемдік шетелдік тәжірибені талдап-тану керек, олардығы инновациялық жүйелерімен тікелей байланыстар орнату керек. Негізінде, инновациялық үдерістер дегенде, оның ғылыми білімнің өмірге жаңашыл болмыспен енгізілуі деп түсінілетіні анық. Бірақ ғылыми-зерттеудің жүргізілу кезеңдері мен оның іргелі не қолданбалы ғылым саласы болуы түпкі көзделген нәтиженің яғни өмірлік тәжірибеде қолданылуға арналған жаңа өнімнің пайдалылығымен де байланысты. Шетелдік ғалымдар

ұсынған анықтама бойынша, инновациялық үдеріс дегеніміз – ізденіс, жаңалық ашу, әзірлеу, жетілдіру, игеру, жаңа үдерістерді, өнімдерді, ұйымдық құрылымдарды және шаруашылық жүргізу әдістерін коммерциализациялау болып табылады. [9] Инновациялық үдеріс белгісіздік жағдайлармен байланысты болады, ол белгісіздік жағдайлар тәуекелге бел байлау, тексеру, қайта тексеру, эксперимент жасау, түрлі қиындық деңгейлеріндегі тексерулер өткізу сияқты күрделі мәселелермен байланысты болады. Ғылыми идеяның біртіндеп, қадам санап, нақты өнімге, қызмет түріне немесе технологияға айналу үдерісі де инновациялық деп түсінілетінін атап кетуіміз керек. Бұл аспектіні көптеген ғалымдар қолдайды.

Осындай көпқырлы инновацияның қазақ тілін оқыту үдерісіне енгізілу барысы мен оның қол жеткізген және әлі де биік белестерге апарар жолдары туралы тоқталамыз.

Қазақ тілін оқып-үйреніп жатқан студенттерге инновациялық әдістерді қолдану арқылы білім беру қай қырынан қарастырса да, маңызды мәселе болып табылады. Жаңа дидактикалық ізденістер мен оңтайлы әдістерді қолдана отырып, студенттерді инновациялық үдерістерді тани алатын және қолдануға икемді болып қалыптасатын маман ретінде дайындау жүргізіледі. Қазақ тілін оқыту барысында инновациялық әдістерді қолданудың маңызды ерекшеліктері мол, олардың қатарында келесілерді атап өтуге болады:

- ең алдымен, инновациялық әдістер студенттерге білім алудың белсенді тәсілдерін үйретеді;

- екіншіден, студенттердің жеке тұлғасының әлеуметтік белсенділігін жоғарылатады;

- үшіншіден, студентке қалай да үйренетіндей жағдайлар жасайды;

- төртіншіден, студенттердің шығармашылық қабілетін ынталандырады;

- бесіншіден, студенттің алған білімін күнделікті өмірге жақындатып, қолдануға қажетті жағдайлар жасайды;

- алтыншыдан, оқылып жатқан пәні бойынша білімін, білігін, дағдысын қалыптастырады және өмірге қарайтын сенімді тұғырларын да белсендіреді. [10]

Осы айтылғандармен қатар, инновациялық әдістер студентте мынадай қабілеттер қалыптасуына игі ықпал етеді:

- білімнің тиімділікпен меңгерілуіне, яғни студент инновациялық әдістердің ерекшелігіне орай есту, көру, сөйлеу, ойлау, сөйлесу, өз ойын еркін айта алу, қиялдау сияқты қасиеттерін дамыта отырып білім алады;

- болашақ қызметінде өте керекті болып табылатын қасиет – кәсіби шешім қабылдай алу дағдыларын қалыптастырады;

- алынған білімнің жай жинақталуынан бастап өз бетімен іздену, одан жоғары өз бетімен ғылыми-зерттеу жұмысына бара алу қабілетін қалыптастырады.

Инновациялық мәдениет – студенттің мамандығына байланысты алатын білімдерімен тығыз интеграцияланған түрде игерілетін күрделі де дамыған ғылыми білім нәтижесі болып табылады. Инновациялық мәдениеттің маңызды генетикалық белгісі – студенттің санасында инновациялық ойлауының сапалы дәндері қалыптасуы. Студенттің инновациялық мәдениетінің онтогенезі негізінде оның инновациялық мінез-қылықтары, өзін-өзі ұстауы танылады. Егер студентті ашық, өзін-өзі дамытушы, өзін-өзі басқарушы жүйе деп танысақ, онда студенттің санасында «инновациялық мәдениет» ұғымы қалыптасуын антропологиялық психология жүйесі тұрғысынан, психогенетика тұрғысынан қарастыру қажет болады. [11]

Адам баласы өмірді әрдайым өзгертіп отыруға бейімді болып келеді. Бұл – адамның табиғи қасиеті, ерекше табиғи сапасы. Әлеуметтік ортаның инновациялық өзгеруге деген сұранысы – студенттің инновациялық мәдениетті игеруге деген құлшынысына негіз қалайды. Әлеуметтік ортаның көпөлшемді инновациялық сұранысы – осыған лайық маманның жеке тұлғасын студент кезінде қалыптастыруды міндеттейді. Студентке қалыпты дәстүрлі жүйедегі пәндерді меңгерту барысында оның инновациялық ойлауын қалыптастыру арқылы білімге, білім іздеуге деген көзқарасын шынайы өмірмен тығыз байланыстыра алу қабілетін қалыптастыру – инновациялық мәдениеттің түпкі көздейтін міндеті. Студенттің жеке басының психологиялық ерекшелігі – оның инновациялық мәдениетті игеруіне де маңызды әсерін тигізеді. [12]

Студент интеллектісінің дамуына зор ықпал ететін инновациялық мәдениет Ж.Пиаже теориясы тұрғысынан алғанда [13], логикалық ойлауы мен инновациялық ойлауының арасындағы тепе-теңдік орнай ма, жоқ па деген сұрақтың жауабын іздеуге жетелейді. Студенттердің инновациялық ойлауының генезисінде оның сезіну, қабылдау, елестету сияқты сезімдік тану формалары жататыны белгілі. Сезіну – нақты өмірдің субъективтік бейнесі ретінде студенттің сыртқы өмірде болып жатқан инновациялық өзгерістерді тітіркендіргіштер арқылы қабылдау қуатының санаға нақты дерек болмысына ауысып айналуы. Игеріп жатқан мамандықтарына студенттер күнделікті шынайы өмір шындығы тұрғысынан қарай алуы үшін, білімнің шығар бастау көзі болып табылатын сезінудің шектеулі болса да мүмкіншілігін толыққанды пайдалана білуі тиіс болады. Сөз жоқ, студенттің сезінуі арқылы алынған жаңа ақпараттар мен оның болмыстағы іс-әрекеті арасында белгілі бір дәрежеде қарама-қарсылық болуы заңды. Осы қарама-қарсылық нәтижесінде сезімдік танудың жоғары сатысы болып табылатын қабылдаудың пайда болуы да – инновациялық ойлау үдерісінің жүйелілігін айқын көрсетеді. Сезілетін және сезетін нәрселер арасындағы байланыс енді осы тұста студенттің инновациялық қабылдау көзқарасының қалыптасуына негіз қалай алады.

Түрлі ғылым салаларында, өмірде болып жатқан инновациялық жаңалықтар мен өзгерістер студенттің қабылдауына, алған біліміне сезімдік тану жолдары арқылы

келгенімен, олардың санаға жетуі үшін елестету деңгейінен өту тиіс. Елестету деңгейінде студент өзі қабылдаған инновациялық ақпараттарын өзінің субъективтік «әлеміне» енгізу үдерісін өткереді. Жаңа инновациялық ақпаратты қабылдаған студент елестету деңгейінде ол ақпаратты белгілі бір сезім мүшесінің қызметімен байланыстыра отырып сақтайды. Кейін керекті ақпаратты қайталап есіне түсіру барысында студент инновациялық ақпараттың қосалқы мағыналарын алып тастап, түпмәні сақталған болмысын ғана жаңғыртып отырады. Осы тұста студенттің өзінің тікелей мамандығына байланысты білім мазмұнына жаңа инновациялық мазмұндағы ақпаратты берудің түрлі әдіс-тәсілдері болуының маңыздылығы танылады. Ең бастысы, студент жаңа инновациялық құбылыстар туралы білім мазмұнын өз бетімен ізденіп, жоба түрінде орындап, сезімдік мүшелерінің қызметіне әсер ететіндей бағытта жинақтай алуы міндетті болып табылады.

Студенттің инновациялық ойлауы қалыптасуында үлкен қызмет атқаратын сезімдік мүшелердің қызметін әлі де болса тереңірек тану керек. Өйткені инновациялық ойлаудың нәтижесінде ғана инновациялық мәдениеті қалыптасатыны белгілі.

Инновациялық ойлаудың генезисін талдау арқылы енді «инновациялық ойлау» деген ұғымның өзі талдауға түсіріледі. Инновациялық ойлау – жаңа өзгерістер мен дәстүрлі атқарылып жатқан іс-әрекеттің жаңа болашақ заманға бейімделе өзгеруіне қолайлы нәрселер жасау мен жағдайлар туғызумен айналысатын адамның шығармашылық белсенділігінің аса жоғары түрі, шынайы болмысты сәулелендіру түрі. [14] Инновациялық ойлау – ойлау түрі ретінде адамның шығармашылық белсенділігінің жоғары түрін таныта алады. Өйткені сыртқы болмыстағы нысандарды санада сәулелендіру қызметі мен сол танылған нысандардың субъективтік бейнесін шығармашылықпен қайта өңдеп өзгерту, адам өміріне бұрынғысынан да мол пайда әкелетіндей жаңа қырынан тани алу, сөйтіп санадағы нысанның әлі де танылмай жатқан ішкі әлеуетін тіршілікке қызмет етуге айналдыру – жаңашыл ойлаудың қалыптаса бастағанының көрінісі болып табылады.

Студенттердің инновациялық ойлауы қалыптасуында бейнелі ойлаудың танымдық іс-әрекет үдерісі ретіндегі қызметі үлкен. Сыртқы өмірден санаға қабылданып, елестету арқылы белгілі бір сезімдік мүшенің қызметіне таңылған таным нысанының неғұрлым мәнді қасиеттері студенттің мәдениет субъектісі ретіндегі адами болмысын дамытуға да үлкен серпін береді.

Инновациялық мәдениет иегері болуы үшін студенттің инновациялық ойлау жүйесінде әрбір жаңа мәнге ие болған нәрсе, құбылыс – адамдық мәнге ие болуы керек, гуманизацияланып, мәдениленіп, ақиқат болмыстың, адамгершілік пен өмірдің сұлу тұтастығын сақтауға қызмет ететіндей болып, жаңа инновациялық нысанның жұмсалыу орны ойластырылуы керек.

Инновациялық үдеріс – қоғамда бірден қабылдана салатын құбылыс емес. Инновациялық үдеріс, кей жағдайда, әлеуметтік топтар арасындағы келіспеушіліктердің туындауына да себепкер болып жатады. Ол келіспеушіліктердің нәтижесінде жаңашыл ойлар мен идеялар өмірде қолдау таба алмай, кедергіге де ұшырап жатады. Мұның себебінің көп түйіні – инновациялық мәдениет қалыптасуының психологиялық тетіктерінің терең, жете анықталмауымен байланысты. Қоғам мүшелерінің бір бөлігі инновациялық жағынан белсенді болса, екінші бір бөлшегінде инновациялық салғырттылық басым болып келуі мүмкін.

Инновациялық мәдениетті қалыптастырудың психологиялық негіздерін зерттеген кейбір еңбектерде тәжірибелі мамандардың инновацияға бағдар алуы төмен деңгейде, ал дилетанттардың инновациялық белсенділігі өте жоғары болып келеді деген пікірлер кездеседі. [15.] Мұндай пікірлер инновациялық мәдениеттің болмысына түбегейлі қарсы келеді. Өйткені, инновациялық жаңалыққа жаны құмар адам мен дилетант – табиғаты жағынан мүлде екі басқа адам. Жаңалыққа жаны құмар адамдар – кәсіпорында ондаған жылдар бойы талмай еңбек ететін саналы, парасатты еңбекқорлар. Танымайтын, білмейтін жерге келе салып, аз ғана білімімен жаңалық алып келдім дейтін дилетанттың ісі – көзсіздік. Ондай қылық – психологиялық ауытқуларға ұқсайды. Кейде дилетанттың идеясы жаңалық ашқан адамның идеясына ұқсауы мүмкін. Бірақ білімге, білімді бекітетін кәсіби тәжірибеге негізделмеген «жаңашылдық» – уақытша құбылыс болып қала береді, тіпті оның ортаға қауіп келтіруі де мүмкін.

Адам өзінің шығармашылық қызметінің нәтижесі ретінде жаңа нәрсе ойлап табу, жасап шығару, таныс нәрсенің жаңа қырын ашу, технологияның, ұйымдастырудың жаңа түрлерін анықтау сияқты адамның қажеттілігіне қарай өмірдің сапалы баспалдақтарын жасап шығарады. Ол жаңа нәрселер өз кезегінде қоғамда белгілі бір кернеу шегіне дейінгі әлеуметтік өзгерістер жасайды. Адам жасап шығарған жаңалық – басқа адамдардың танымдық-психологиялық сүзгісінен өткенше, кедергілерге ұшырап, соның барлығын жеңіп шығатындай әлеуеті болғанда ғана кеңінен тарай бастайды. Инновациялық мәдениет – адамның тек ылғи да жаңалық жасап шығаруы керектігін білдірмейді. Инновациялық мәдениет – адамның, әсіресе, жаңалықты тани білуінен, ол жаңалықтың қолданыс орны мен пайдалы нәтиже беру амал-тәсілдерін айқын түсіне білуінен танылады. Осындай жаңалыққа жаны құмар адам ғана инновациялық мәдениетті деген деңгейге көтеріле алады. Осындай жаңалықтар ашуға құлшыныс танытқан адам ғана алдағы күні өзі де талмай іздену нәтижесінде жаңалық ашады. [16]

Студенттердің инновациялық жаңалықтарды тани білуі олардың интеллектісінің қандай дәреже-деңгейде қалыптасқандығымен байланысты. Студенттің инновациялық ойлауы қаыптасуында оның жеке танымдық стилі үлкен орын алатыны белгілі.



Студенттің жеке танымдық стилі – оның түрлі танымдық стильдерінің интеграциялануының нәтижесі. Студенттің жеке танымдық стилінің негізінде оның білім алу, оқу, іздену стилі де айқындалып, қалыптасады. Негізінде, студенттердің инновациялық білім алу ниетін қалыптастыру үшін білім алу, оқу стильдерінің түрлерін анықтау керек. Қазіргі психологияда Д.А. Колба анықтаған білім алу стильдерінің мынадай түрлері белгілі: дивергенттік стиль; ассимилятивтік стиль; энвергенттік стиль; аккомодативтік стиль. [17] Д.А.Колбаның теориясына сүйеніп зерттеу жүргізген ғалымдар П.Хани мен А.Мамфорд осы пікірді әрі қарай жалғастырып, тек оларды қызметтік стиль, рефлексивтік стиль, теориялық стиль, готикалық стиль деп басқаша атауды ұсынады. [18]

А.Р. Грегос ұсынған модель бойынша оқу стильдерін мынадай түрлерге бөліп қарастыруға болады: нақты-бірізді; нақты-кездейсоқ; дерексіз-бірізді; дерексіз-кездейсоқ. [19] Осы білім алу стильдеріне лайықты түрдегі инновациялық білім мазмұнын іздену стильдерін де анықтауға болады. Студенттердің инновациялық ойлауын қалыптастыруда инноваторлық шеберлікке барудың жолдарын анықтау, түсіндіру, тәжірибеде көзін жеткізу сияқты маңызды әдістерден тұрады. Жоғары оқу орындарында білім берудегі басты жаңа қадамдар – студенттердің стандартталып қалыпқа түсірілген білім алуы, мамандығына байланысты білік-дағдыларды меңгеруі емес, білім алу мен оқып-үйренуі барысында өзінің шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру арқылы жеке тұлға дәрежесіне ұмтылдыратын жүйеге қарай бетбұрыс жасауы деп танылады. [20]

Болашақ маман ретінде студент қазақ тілін оқып-үйрену процесінде де заман дамуымен бір тыныста болып, қазақ тілі сабақтарынан да кәсіби қалыптасуына қажетті мүмкіндіктерді ала білуі керек., сонымен бірге шығармашылық өзгерісті тек сезіп қана қоймай, оның туындауына өзі де себепкер болып отыруы керек. Бұл – жаңа инновациялық ойлау мәдениетін қалыптастырғанда ғана мүмкін болатын үдеріс.

Қазастандағы білім беру жүйесінің барлық сатысында қазақ тілі – ең қарқынды және үздіксіз үйретіліп жатқан тіл. Сондықтан қазақ тілін оқытудың инновациялық сипаты әруақытта айқын және дамып, толықтырылып отыруы тиіс. Қазіргі балалар мен жастар – жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сәби кезінен қолында «ұршықтай үйіре алатын» жас технократтар. Сол мүмкіндікті қазақ тілін оқып-үйренуде пайдалану үшін қажетті білім мазмұнын түрлі контенті әзірлеу – қазақ тілі мамандарының, оқытушылары мен мұғалімдерінің, осы салада ізденушілердің міндеті. Бірақ, осы жерге сәл бір толықтыру қосуды ойлап отырмыз, ол – «студенттердің өздері де – қазақ тілін сапалы да тиімді үйрену контенттерін ұсынушы болашақ мамандар» деген мазмұндағы дидактикалық бағыт.

Қазіргі уақытта қазақстандық студенттердің арасында цифрлық құрал-жабдығы жоқ адам жоқ екеніне қуанамыз. Студенттерде қалыптасқан ақпараттық құралдарды

қолдану дағдылары қазақ тілін оқып-үйрену барысында да сенімді көмекші болатын жолдарды анықтап, сабақтарды, өз бетімен білім алу жолдарын сол бағытта ұйымдастыру қазақ тілін оқытудың инновациялық бір қанаты деп санауға болады. Қазақ тілін оқыта отырып, сол цифрлық мүмкіндікті құр жіберіп алмау үшін әрбір телефон, смартфон, планшет, ноутбук, компьютер т.б. құралдарды студенттердің қазақ тілін өз бетімен үйрену және білгенін басқаларға үйрету құралына айналдыру жолдарын қолдану маңызды.

Инновациялық процестің инновациялық мақсат пен міндеттерден және инновациялық қадамдардан тұратынын ескеріп, қазақ тілін оқыту бағдарламасынан бастап, барлық дидактикалық оқу құралдарының контентінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың айқындалған орны мен оқу міндетін шешу «қызметі» нақтылануы керек.

Бұл мәселеге зейін қойып қарайтын болсақ, оқу бағдарламасындағы қай тақырыпта, оқу құралдарындағы қай дидактикалық алгоритмде, сабақ жоспарындағы қай кезеңде инновациялық қадамдардың орындалуы керек екендігін айқын да нақты белгілеудің маңызы зор екенін түсінеміз. Осылай айқын белгіленген оқу әрекеттерін жіті орындай отырып қана студент белгілі бір инновациялық әдістерді меңгере алады.

Қазақ тілін студенттердің еркін білуі және еркін сөйлей алмауы қазіргі кезде ұлтқа қатысты болмай қалғанын да атап өту керек. Қазақ тілін еркін меңгерген өзге ұлт өкілдерінің қазақша білмейтін қазақ студентке қолдау жасап отыруын да яғни тілді жақсы меңгерген студент пен тілді нашар меңгерген студенттің байланысын жаңаша жолмен дамытуды жөн көреміз. Өйткені өмірде бар болып отырған проблеманы «жауып қоюға» болмайды. Ол мәселені шешу керек және ерекше жолдарды іздеп табумен шешу керек. Бұл жерде де мәселеге инновациялық әдістерді қолдана отырып, жаңа аспектіден қарап, пәнді меңгерудің маңызды екендігі студенттің санасына орнықтырылуы көзделеді. Оның да инновациялық әдістер арқылы шешілуі мүмкін екеніне тәжірибе жүзінде көз жеткіздік.

Қазақ тілін оқытуда инновациялық технологиялар ретінде компьютерлік ойындарды пайдалану студенттердің тіл үйренудегі цифрлық ойындарға деген қызығушылығын дамытып, өздерінің де осындай контенттер әзірлеуге қабілетін ашады. Студенттерге қазақ тілін оқытып-үйретуде цифрлық ойындарды қолдану жобасы коммуникативтік әрекеттердің түрлерін орындата отырып, ақыл-ойын дамытуға, тәрбиелік міндеттерді де шешуге үлесін қосады. Цифрлық ойындар қатарында келесі түрлерін атап көрсетуге болады:

- түрлі графикалық редакторларды қолдану, атап айтсақ, түстерге байланысты **РyGаm кітапханасын пайдалану**, түрі-пошымына байланысты, геометриялық фигураларға байланысты **Draw**, түрлі графикалық тапсырмаларды орындауға байланысты ойындар;

- мәтін редакторлауға байланысты ойындар;

- сурет пен мәтіннің аралас қолданылуына қолайлы ойындар Surface;
- қарапайым, Scratch бағдарламасын қолданып тілдік тапсырмаларды орындауға арналған жеңіл ойындар;
- тағы басқа түрлері белгілі.

Қазақ тілін оқытуда қолдануға болатын компьютерлік ойындардың атқаратын мақсат-міндеттеріне орай келесі түрлерге бөлуге болады:

- қазақша ойлауын, жазуын, сөйлеуін, оқи білуін яғни коммуникативтік дағдыларын дамытатын компьютерлік ойындары;
- тікелей тілдік немесе сөйлеу тақырыбын оқытып-үйрететін **2D және 3D бағдарламаларындағы** компьютерлік ойындар;
- тілдік-сөйлеу дағдыларын жаттықтырушы-тренажер компьютерлік ойындар;
- анимациялық **Python**, мультимедиялық мүмкіндіктерді тілді меңгеруде қолдануға дағдыландыру ойындары;
- Kahoot! тестілеуді пайдалану.

Қазақ тілін оқытуды сапалы және нәтижелі деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар қатарында жасанды интеллектінің (ЖИ) орны ерекше. Қазақ тілін оқытуда ЖИ қолдану арқылы студенттердің әрқайсысы үшін дербес тіл үйрену бағдарламаларын құру мүмкіндігі үлкен. Сонымен бірге қазақ тілінен интерактивтік жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін құрып, виртуалды сұхбат құру арқылы сөйлеу дағдыларын жетілдіру әдістері де үлкен көмекші бола алады. Студенттер ChatGPT-ны қолдана отырып, ақпараттар іздеп табуда, жинақтауда бірқатар көмекшілік қызметтер ала білуі де қазақ тілін оқытуда құпталады.

Қазақ тілі бойынша әзірленген интернет ресурстардың контенттерін студенттердің қолданып, қазақша жазу, қазақша сөйлеу тілін дамытуға өз бетімен дағдылануы үшін сайттардың тізімін ұсыну және олармен жұмыс жасау нұсқаулығын меңгерту маңызды. Олардың қатарында *Emle.kz*, *Tilalemi.kz*, *Tilqural.kz*, *Sozdikqor.kz*, *Qazlatyn.kz*, *Abai.institute* тағы басқа сайттар интерактивтік оқытуда тиімділігі жоғары құралдар ретінде құнды.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар қатарында кейс-технологияны, квест сабақтар технологиясын, жобалау технологиясын, креативтік-шығармашылық тіл үйрету технологиясын, STEM оқыту технологиясын, нейробиологиялық технологияларды [21] атай аламыз. Бұл технологиялардың әрбірінің тіл үйретудегі лингводидактикалық әлеуеті мол екендігін зерттеулер мен әдістемелік тәжірибелерден көруге болады. Сол мүмкіндіктерді қазақ тілін ана тілі ретінде немесе екінші тіл ретінде оқыту процесінде тиімділікпен қолданып, нақты тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулықтарды ғылыми негізде әзірлеу маңызды. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелеу, бір арнаға түсіру, инновациялық процестің бағыты мен бағдарын айқындап, жаңа жолдарға салып отыру жекелеген ізденушілердің ғана емес,

қазақ тілін дамытуды басты мақсат ететін қоғамдық, ғылыми орындар да белсене араласатын жұмыс деп санаймыз.

Инновациялық деп танылған қандай технологияның, көп дегенде 4-5 жыл ғана инновация ретінде танылғаны болады, содан кейінгі жылдарда ол технология қалыпты, қазақ тілін үйретудің актив технологиялары ретінде орнығуы керек екені белгілі. Сондықтан, қазіргі жасанды интеллектіге бетбұрыс қарқынмен жолға қойылып жатқан кезеңде қазақ тілін оқытудың жаңа инновациялық белестері басқа елдердің тіл үйрету технологияларымен бір дәрежеде дамуына байланысты мәселені күн тәртібіне қойып, зерттеп, ортаға салып қарастыру маңызды болып саналады.

### Әдебиет:

1. Шумпетер Й. Теория экономического развития. – Москва: «Прогресс», 1982.
2. Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 қыркүйектегі № 1007 Қаулысы.
3. «Ғылым және инновациялар статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдіснама». Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі торағасының 2012 жылғы «27» шілдедегі №198 бұйрығына Қосымша.
4. <http://www.seedu.kz/zakonodatelstvo> Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 579 Жарлығы.
5. Руководство Осло. Рекомендации по сбору и анализу данных по инновациям. Третье издание. Совместная публикация ОЭСР и Евростата. Организация экономического сотрудничества и развития статистическое бюро европейских сообществ. // Перевод на русский язык, издание второе исправленное. – Москва, 2010.
6. Кондратьев Н.Д. Проблемы экономической динамики. – Москва: «Экономика», 1989.
7. Глазьев С.Ю. Великая цифровая экономика (вызовы и перспективы для экономики XXI века). – Москва: ВладДар, 1993.
8. ҚР Статистика агенттігі құрастырған «Ғылым және инновациялар статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдіснама».
9. Твисс Б. Управление научно-техническими нововведениями: сокр. пер. с англ. – Москва: Экономика, 1989. – 271 с.
10. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. Монография. – Алматы: Сөздік, 2008. – 160 б.
11. Канарская О. Инновационное обучение. – Санкт-Петербург, 1997.
12. Балакирева, Э. Профессиологические инновационные характеристики педагогического образования – Инновации. – 2005. – №4. – С.77-79.

13. Пиаже Жан. Психология интеллекта. – Санкт-Петербург, 2003.
14. Инновационные процессы в образовании: теория и практика. Сборник научных статей. Москва: АПК и ПРО, 2001. – 207 с.
15. Вебер М. Наука как призвание и профессия. Избранные произведения. – Москва: Прогресс, 1990.
16. Елизарова, Л. Инновационная культура личности и общества: сущности и условия формирования. // Инновации в образовании. – 2006. – №3. – С.74-83.
17. Колб Д. Экспериментальное обучение: опыт как источник учения и развития. ПрентисХолл, Энглевуд Клиффс, Нью-Йорк, 1984.
18. Хани П., Мамфорд А. Стили обучения. Honey and Mumford's Learning Styles. – <https://www.businessballs.com/self-awareness/honey-and-mumfords-learning-styles/>
19. Грегор А. Методика «Реестр предполагаемых типов усвоения информации». – <https://psytests.org/typo/gregorc.html>
20. Кларин, М. Инновации в обучении: метафоры и модели [Текст] / М.В.Кларин. – Москва, 1997. – 222 с.
21. Москвин В., Москвина Н. Нейропедагогика как прикладное направление педагогики и дифференциальной психологии // Вестник ОГУ. 2001. №4. С. 34-39.

### **З.Сиразитдинов**

*ИИЯЛ УФИЦ РАН, ведущий научный сотрудник  
Башкортостан*

### **Л.Хамитова**

*ИИЯЛ УФИЦ РАН, младший научный сотрудник  
Башкортостан*

## **СЛОВАРИ БАШКИРСКОГО ЯЗЫКА В МАШИННОМ ФОНДЕ**

**Аннотация.** В статье рассматривается электронный фонд словарей башкирского языка. Анализируется процесс сбора в электронный фонд академических, терминологических, фразеологических, синонимических, одноязычных и двуязычных словарей башкирского языка. Отмечается, что благодаря большому количеству лексикографических ресурсов на башкирском языке, электронный фонд предоставляет возможность поиска сотен словарей одновременно.

**Ключевые слова:** словарь, интернет, информация, электронный ресурс, словарный фонд.

**Аңдатпа.** Мақалада башқұрт тіліндегі сөздіктердің электронды қоры туралы баяндалған. Академиялық, терминологиялық, фразеологиялық, синонимдік және бір тілді, екі тілді сөздіктерді электронды қорға жинақтау жұмыстары башқұрттарда қалай жүргізіліп жатқаны талданған. Башқұрт тілінде шыққан лексикографиялық ресурстар мол болғандықтан электронды қордан бір мезетте жүздеген сөздіктерді іздеп табуға мүмкіндік бар екені айтылады.

**Тірек сөздер:** сөздік, интернет, ақпарат, электронды ресурс, сөздік қор.

**Abstract.** The article discusses the electronic database of dictionaries in the Bashkir language. It analyzes how academic, terminological, phraseological, synonymic, monolingual, and bilingual dictionaries are being compiled into an electronic database in Bashkir linguistics. Due to the abundance of lexicographic resources available in the Bashkir language, the article highlights that the electronic database allows simultaneous searches across hundreds of dictionaries.

**Keywords:** dictionary, internet, information, electronic resource, lexicon.

Создание электронных словарей, размещённых в Интернете, не только расширяет сферу функционирования национального языка, но и открывает широкие перспективы для специалистов-филологов в плане сравнительных и сопоставительных исследований лингвистических реалий языков. В последнем случае есть и сдерживающие факторы в использовании информационных ресурсов. Таковыми являются: 1) объём филологической информации; 2) достоверность лингвистических данных. Эти факторы касаются в основном словарей Википедии и частных лиц. Но такие проблемы не возникают для лингвистических ресурсов, созданных по печатным первоисточникам в научных учреждениях.

Лексикографический подфонд Машинного фонда башкирского языка (далее – МФБЯ), включающий базы данных из изданных печатных словарей с указанием авторов и года издания, является одним из таких надежных лингвистических ресурсов [1]. За достоверность представленных данных несёт ответственность отдел прикладной лингвистики и диалектологии ИИЯЛ УФИЦ РАН.

Отметим, что в Российской прикладной лингвистике теоретические вопросы разработки электронных словарей достаточно изучены [-4]. Существует и опыт разработки лексикографических ресурсов, включающих комплексные лингвистические базы данных [5-7]. Эти лингвистические ресурсы имеют большой и разнообразный филологический объём, их лексикографические базы дают «возможность поиска в десятках и сотнях словарей одновременно» [8]. Но тем не менее отсутствует единый принцип организации словарных статей, нет общего формата представления информации.

В башкирской лексикографии существуют в печатном виде значительный объем академических и учебных словарей: одноязычные и двуязычные, частотные, терминологические, фразеологические, синонимические, словари-справочники (названий населённых пунктов, улиц городов, водных и горных объектов Республики Башкортостан и др.).

Отметим, что структуры имеющихся печатных словарей башкирского языка не являются одинаковыми. Рассмотрим какие типы структурных статей представлены в существующих словарях. Для этого мы объединили их в 5 типов:

- общефилологические двуязычные словари;
- двуязычные терминологические словари;
- частотные словари;
- словари-справочники;
- одноязычные словари.

I. Двуязычные общефилологические словари (башкирско-русский, русско-башкирский, англо-башкирский и др.) имеют следующую структуру статей:

- 1) словарное слово;
- 2) указатель омонимии;
- 3) указатель многозначности;
- 4) дополнительная информация 1;
- 5) дополнительная информация 2;
- 6) дополнительная информация 3;
- 7) дополнительная информация 4;
- 8) перевод;
- 9) дополнительная информация на языке перевода;
- 10) примеры употребления;
- 11) фразеологизмы.

II. Двуязычные терминологические словари представлены обычными терминологическими и толковыми терминологическими словарями. Первые имеют следующую структуру статей:

- 1) словарное слово;
- 2) указатель омонимии;
- 3) указатель многозначности;
- 4) специальная помета;
- 5) перевод;
- 6) иллюстративный материал.

В словарях данного типа специальная помета и иллюстративный материал могут отсутствовать.

Двухязычные толковые терминологические словари имеют дополнительно поле толкования термина. Специальная помета и иллюстративный материал также могут отсутствовать.

III. Двухязычные словари-справочники (словари названий населённых пунктов, водных и горных объектов Республики Башкортостан) имеют единую структуру:

- 1) словарное слово;
- 2) перевод;
- 3) вид объекта;
- 4) территория расположения (протекания);
- 5) этимология.

Пример представления словаря водных объектов:

Абалай Абалай рч Бурз. От антр. Абалай.

Абалак Абалак рч Байм. От диал. эбэлэк/абалак.

Абасай Эбэсэй оз Чишм. Возможно, от диал. эбэсэй

IV. Частотные словари имеют единую структуру данных:

- 1) словарное слово;
- 2) указатель части речи;
- 3) указатель омонимии;
- 4) частота употребления.

V. Одноязычные словари представлены толковым, орфографическим словарями, словарями синонимов, фразеологизмов.

1. Толковый словарь башкирского литературного языка имеет следующую структуру словарной статьи:

- 1) словарное слово;
- 2) указатель омонимии;
- 3) указатель части речи;
- 4) указатель многозначности;
- 5) толкование;
- 6) иллюстративный материал;
- 7) иллюстрация в виде фразеологизмов, пословиц и поговорок.

2. Орфографический словарь башкирского языка имеет следующую структуру словарной статьи:

- 1) словарное слово;
- 2) указатель омонимии;
- 3) указатель части речи;
- 4) дополнительная информация;
- 5) аффиксы словоизменения. Например: ағасак (ис.) (балык) – тар; – ғы(на).

3. Синонимический словарь имеет структуру:



- 1) словарное слово;
  - 2) список синонимов;
  - 3) толкование;
  - 4) пример употребления.
4. Фразеологический словарь имеет структуру:
- 1) фразеологизм;
  - 2) указатель части речи;
  - 3) толкование;
  - 4) пример употребления.

Приведённый анализ структур башкирских словарей показывает, что несмотря на различия все имеющиеся словари объединяет одно свойство, которое было подмечено ещё казахскими исследователями при создании информационной системы «Тiл – казына»: наличие опорного (реестрового) слова и наличие пояснительной (словарной) статьи (толкование значения слова), являющихся основным свойством любых словарей [9 с. 125]. Это позволяет выделить обобщённую словарную структуру, которая в каждом конкретном случае будет представлена наличием или отсутствием каких-либо частей (информационных полей). Такая словарная структура, состоящая из 11 информационных полей, выглядит следующим образом:

- 1) заглавное слово;
- 2) указатель омонимии;
- 3) указатель многозначности;
- 4) дополнительная информация 1;
- 5) дополнительная информация 2;
- 6) перевод;
- 7) дополнительная информация 3;
- 8) толкование;
- 9) дополнительная информация 4;
- 10) дополнительная информация 5;
- 11) дополнительная информация 6.

В случае отсутствия в словаре информационного поля, в базе данных поле представляется не заполненной.

Приведение разноструктурных словарей к единой обобщённой словарной структуре позволяет организовать поиск не только по заглавному слову, но и по употреблению слов в контекстах словарных статей. Такой поиск реализован в подфонде генеральной картотеки. На Рис.1 представлен просмотр картотеки для слова алтын и выдача всех словарей, где слово алтын употреблено в словарных статьях.

При выборе конкретного словаря, в частности «Русско-башкирского словаря по ботанике», система выдает все словарные статьи с данным словом (Рис.2).




Рис.1 Выдача карточек из Генеральной картотеки на слово алтын и списка словарей, в контекстах которых употреблено данное слово.




Рис.2 Выдача контекстов со словом алтын из “Русско-башкирского словаря по ботанике”.

Сегодня словарная база МФБЯ включает 58 словарей национального языка, суммарным количеством словарных статей в 381749 единиц.

В лексикографической подсистеме МФ БЯ реализованы следующие опции поиска слова: по отдельному словарю, по выбранной совокупности словарей, по словарной единице, по фрагменту словарной единицы. Словари лексикографического подфонда активно применяются как в системе образования, так и в научных исследованиях.

### **Литература:**

1. Машинный фонд башкирского языка. URL: <http://mfbl2.ru> (дата обращения: 17.10.2024).
2. Крысин Л. О типах лексикографической информации в русской части русско-иноязычных словарей// Язык. Личность. Текст: Сб. ст. к 70-летию Т.М.Николаевой/Ин-т славяноведения РАН. М.: Язык славянских культур, 2005. С.285-3003.
3. Михайлов М. Компьютерное обеспечение корпусных текстов (взгляд пользователя)//Русистика сегодня. 1998. №1-2, С.192-201.
4. Баранов А. Введение в прикладную лингвистику: Учебное пособие. Изд. 2-е, исправленное. М.: Едиториал УРСС, 2003, 360 с.
5. Словари русского языка. URL: <http://gramota.ru> (дата обращения: 17.10.2024).
6. Словари АBBYY LINGVO. URL: <https://www.lingvolive.com/ru-ru> (дата обращения: 17.10.2024).
7. Онлайн-словари FU-Lab (финно-угорских языков). URL: <http://dict.fu-lab.ru> (дата обращения: 17.10.2024).
8. Федина М., Чемышев А., Степанов В. Финно-угорские языки в электронном информационном пространстве. – Сыктывкар: ГОУ ВО КРАГСиУ, 2015.
9. Жубанов А. База данных «Тіл – қазына» казахского слова и её теоретические основы. – Алматы: Арыс, 2009. – С.213.

### **Қ.Хамзина**

*Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ – ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАСТАУЫ**

**Аңдатпа.** Түркі тілдес халықтың ішіндегі қазақтардың ұлттық тілі мен түрік туысканымыздың тіліндегі өзгешеліктерді айтқанда, қазақ тілінің КСРО империясы тұсында араб, латын, кириллицаға яғни үш әліпбиге көшкенін айтсақ та, көп нәрсені

аңғаруға болады. Ендеше, түркі тілдес халықтарға жататын барлық елдерге ортақ әліпби керек. Қазір бұл елдердің біразы латын графикасына көшкен. Түрік халқы бұрын көшкен. Басқа елдер тәуелсіздік алған соң осы соңғы жылдары ғана көшті. Ол үшін ортақ әліпбиіміз керек. Жазғанда жекелей айырмашылықтары болса да, бірімізді біріміз түсінуіміз керек. Адам мен адамның, мемлекет пен мемлекеттің, барлық елдер арасында гуманистік идеялар салтанат құрғанда ғана, жоғарыда айтылған келеңсіздіктер мәңгіге жоғалады. Ол үшін адамзат баласына салиқалы сана, рух асқақтығы, жүрегіне иман ұялауы қажет.

Қазіргі таңда әлемде алуан түрлі соғыс, дағдарыс, геосаяси хал-ахуалдың асқынуы, діни саладағы келіспеушіліктер орын алуда. Барша адамзат баласы бір әке мен бір анадан тарағанын ескерсек, бұндай алапат оқиғалардан тек қана өзара түсінушілік, келісім, тағаттылық құтқара алады. Адам мен адамның, мемлекет пен мемлекеттің, барлық елдер арасында гуманистік идеялар салтанат құрғанда ғана жоғарыда айтылған келеңсіздіктер мәңгіге жоғалады. Ол үшін адамзат баласына салиқалы сана, рух асқақтығы, жүрегіне иман ұялауы қажет. Адам баласының сонау ертедегі көне тарихына үңілсек, олар жеке-дара емес, қауымдаса ғұмыр кешкенде ғана белгілі бір жетістіктерге жеткен. Қаны, діні, тілі ортақ елдердің одақ құруы, мәселен, түркі тілдес елдердің бірігуі сияқты оң идеялар Түркия Президентінің бастамасымен жиі айтылуда. Түбі бір халықтарды ең алдымен біріктіретін құдірет – тіл. Кезінде қазіргі түркі тілдес елдер бір ғана тілде сөйлеген. Түрлі жағдаяттар арқасында олар қазір өз алдына мемлекет болып отыр. Жалпы сұлбасы сақталғанымен тілдерінде аз да болса айырмашылық бар екені белгілі. Түркі тілдес елдердің бір Тұран деген одаққа бірігуін айрықша қолдай келе, тіл мәселесіне ерекше тоқталғанды жөн деп санаймыз. Қаны, діні, тілі ортақ елдердің одақ құруы, мәселен, түркі тілдес елдердің бірігуі сияқты оң идеялар Түркия Президентінің бастамасымен жиі айтылуда.

**Тірек сөздер:** түркология, тіл, әліпби, ынтымақтастық, мәдениет.

**Abstract.** In the turkic-speaking population, differences in the national language of the Kazakhs and the language of our Turkish relatives can be seen, although we can say that the Kazakh language switched to Arabic, Latin, Cyrillic, that is, to three alphabets during the Empire of the USSR. So, all countries belonging to the Turkic-speaking peoples need a common Alphabet. Now some of these countries have switched to the Latin script. The Turkish people moved earlier. Other countries moved only in these last years after gaining independence. To do this, we need a common Alphabet. We must understand each other, even if there are individual differences in writing. Only when humanistic ideas reign between man and man, between the state and the state, between all countries, do the aforementioned scandals disappear forever. To do this, the human race needs a sober mind, a high spirit, and faith in its heart.

Currently, there are various wars, crises, complications of the geopolitical situation, disagreements in the religious sphere in the world. Given the fact that all human beings are descended from one father and one mother, only mutual understanding, harmony and patience can save from such terrible events. Only when humanistic ideas prevail between man and man, between the state and the state, between all countries will the aforementioned scandals disappear forever. To do this, the human race needs a sober mind, a high spirit, and faith in its heart. If we look at the ancient history of human beings in the distant past, then they achieved certain achievements only when they lived not individually, but in community. Positive ideas, such as the creation of an alliance of countries with common blood, religion and language, for example, the unification of Turkic-speaking countries, are often expressed at the initiative of the president of Turkey. First of all, the power that unites peoples with the same bottom is language. At one time, modern Turkic-speaking countries spoke only one language. Thanks to various circumstances, they are now a state in their own right. It is known that although the general scheme is preserved, there is at least a small difference in languages. We especially support the unification of Turkic-speaking countries into a single Turan Union, and we consider it appropriate to dwell on the issue of language. Positive ideas, such as the creation of an alliance of countries with common blood, religion and language, for example, the unification of Turkic-speaking countries, are often expressed at the initiative of the president of Turkey.

**Keywords:** Turkology, language, alphabet, cooperation, culture.

**Аннотация.** Говоря о различиях между казахским языком тюркоязычного населения и родственным турецким народом, можно сказать, что казахский язык при империи СССР перешел на арабский, латинский, кириллицу, то есть на три алфавита. Итак, всем странам, принадлежащим к тюркоязычным народам, нужен общий алфавит. Сейчас некоторые из этих стран перешли на латинскую графику. Турецкий народ переехал раньше. Другие страны переехали только в эти последние годы после обретения независимости. Для этого нам нужен общий алфавит. Мы должны понимать друг друга, даже если у нас есть отдельные различия, когда мы пишем. Только когда между человеком и человеком, государством и государством, всеми странами торжествуют гуманистические идеи, упомянутые выше неприятности исчезают навсегда. Для этого человечество должно обладать здравым смыслом, духом, верой в свое сердце.

В настоящее время в мире происходят различные войны, кризисы, осложнения геополитической ситуации, разногласия в религиозной сфере. Учитывая, что все человечество произошло от одного отца и одной матери, спасти от подобных событий может только взаимопонимание, согласие, солидарность. Только когда между человеком и человеком, государством и государством, всеми странами торжествуют гуманистические идеи, упомянутые выше неприятности исчезают навсегда. Для этого

человечество должно обладать здравым смыслом, духом, верой в свое сердце. Если взглянуть на древнюю древнюю историю людей, то они добились определенных успехов не поодиночке, а только в жизни сообщества. Позитивные идеи, такие как союз стран с общей кровью, религией, языком и, например, объединение тюркоязычных стран, часто высказываются по инициативе президента Турции. В первую очередь, это язык, объединяющий народы. В свое время современные тюркоязычные страны говорили только на одном языке. Благодаря различным обстоятельствам они теперь сами по себе являются государством. Хотя общая схема сохранилась, известно, что есть небольшая разница. Особо поддерживаемое объединение тюркоязычных стран в единый Туранский Союз, считаем целесообразным остановиться на языковом вопросе. Позитивные идеи, такие как союз стран с общей кровью, религией, языком и, например, объединение тюркоязычных стран, часто высказываются по инициативе президента Турции.

**Ключевые слова:** тюркология, язык, алфавит, сотрудничество, культура.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы деп тар ауқымда алудың қажеті жоқ, бұл өте кең масштабтағы мәселе. Экономикалық, саяси, рухани-мәдени тұрғыдан алғанда да, адамның, сол ұлттың, халықтың қандай қасиет сипаттары бар екендігін білуде де, қысқасы адамтану ілімінде де тілдің атқарар міндеті өте зор. Біздің осынау шағын еңбегімізге арқау болып отырған жайт – түркі тілдес халықтардың ортақ әліпбиі мәселесі. Ортақ әліпби өте тығыз байланысқа, органикалық бірлікке бастайды, тиімді алғышарттар жасайды. Көптеген түркі тілдес халықтар қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттардың нәтижесінде сонау көне замандағы айтарлы Түркі қағанаты аясында ғұмыр кешіп жатқан жоқ. Көпшілігі түрлі жағдайлардың ықпалымен тарихи Отандарында емес, басқа жерлерде өмір сүруде, түркі тілдерге жататындардың біразы күні кешегі КСРО империясының құрамында болды. Империя құлап, тараған соң, өз алдарына тәуелсіз мемлекет атанды. Ұлттық тілін көркейтіп, дамытуға қатысты бірталай тегеурінді іс-шаралар осынау тәуелсіздік алғаннан отыз шақты жылдың ішінде жүзеге асырылуда. Біз баяндама ұсынып отырған Түрік Республикасына қатысты бірнеше жайтты айтқымыз келеді:

- Тоталитарлық жүйеге негізделген КСРО империясы құлаған соң, оның құрамында болған барлық республикаларға олар тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, айрықша қуанып, тәуелсіздіктерімен құттықтап, мойындайтындықтарын мәлімдеген Түркия басшылығы болды. Түркия мемлекетінің сол 1991 жылы азаттығын жариялаған түркі тілдес республикаларға деген ықылас, мейірі тіпті ерекше болды. Бұл ойымызға сол жылдың желтоқсанында тәуелсіздігін жариялаған Қазақстанды бірден бірінші болып құттықтаған, тәуелсіздігін мойындайтынын мәлімдеген де Түркия дәлел бола алады;

- Қазіргі таңда, әсіресе, бүкіл әлемде түрлі келеңсіздіктер молынан орын алып отырған шақта түбі бір халықтардың өзара ынтымақтастықта, іскерлік қарым-қатынаста, рухани тығыз байланыста болғаны абзал. Біле білсек, бұндай қарым-қатынас бүкіл дүниежүзі

елдеріне тамаша үлгі болар еді дегенді баса айтуымыз қажет. Қазір бұл мәселеде әлем елдеріне Қазақстан оң үлгі көрсетіп отыр. Көптеген қақтығыс, түсінбеушіліктен туындаған кереғарлық іс-әрекеттерге, соғыс, қантөгіс, т.б. қауіпті жайттарға ара ағайындықты Қазақстан көрсетіп, жүргізіп отыр. Ал, барша түркі тілдес ағайындарға бірлесе, ынтымақтаса өмір сүрейік деген идеяны көтеріп, «Тұран Одағы» бастамасын көтеріп отырған Түркия елі, оның президенті Реджеп Тайып Ердоған екенін ерекше айтуға тиіспіз. Бұл Одақ қажет. Жасырудың қажеті жоқ, қазір әлемде алуан түрлі келеңсіздіктер: соғыс, дағдарыс, геосаяси ахуалдың асқынуы, діни саладағы келіспеушіліктер, т.б. орын алуда. Барша адамзат баласы бір әке мен бір анадан тарағанын ескерсек, бұндай алапат оқиғалардан тек қана өзара түсінушілік, келісім, тағаттылық құтқара алады.

Түбі бір халықтарды ең алдымен біріктіретін құдырет – тіл. Кезінде қазіргі түркі тілдес елдер бір ғана тілде сөйлеген. Түрлі жағдаяттар арқасында олар қазір өз алдына мемлекет болып отыр. Жалпы сұлбасы сақталғанымен, тілдерінде аз да болса айырмашылық бар екені белгілі. Түркі тілдес елдердің бір Тұран деген Одаққа бірігуін айрықша қолдай келе, тіл мәселесі ерекше тоқталғанды жөн деп санаймыз. Түркі тілдес халықтың ішіндегі қазақтардың ұлттық тілі мен түрік туысқанымыздың тіліндегі өзгешеліктерді айтқанда, қазақ тілінің КСРО империясы тұсында араб, латын, кириллицаға, яғни үш әліпбиге көшкенін айтсақ та, көп нәрсені аңғаруға болады. Ендеше, түркі тілдес халықтарға жататын барлық елдерге ортақ әліпби қажет. Қазір бұл елдердің біразы латын графикасына көшкен. Түрік халқы бұрын көшкен. Басқа елдер тәуелсіздік алған соң осы соңғы жылдары ғана көшті. Ол үшін ортақ әліпбиіміз қажет. Жазғанда жекелеген айырмашылықтары болса да, бірімізді біріміз түсінуіміз қажет. Әліппе бір қатарға қойылса, жиілік, терминологиялық сөздіктер жасалса, салыстырмалы грамматика керек дегіміз келеді т.б.

Қазірде түркі тілдес халықтардың көбі латын графикасына көшкен. Біріне оған көшу белгілі бір дәрежеде жеңілрек болды. Екіншісіне сәл күрделілеу, қиынырақ болуда. Жоғарыда айтқанымыздай, түркі тілдес халықтардың бүгінгі таңда көшбасшысы Түркия мемлекеті десек, артық болмас. Бұл рөлге ие болу Түркия сияқты туысқан мемлекеттің алдына өзгеге үстемдік жүргізу, өз дегенін өзгелерге істету дегенді білдірмейтіні анық. Бұл пікір, біздің ғана емес, барлық елдердің пікір. Тарихқа бір сәт үңілейікші. Түркия басшылығы, халқы өздерінің тарихи отаны сонау көне дәуірлерде Орталық Азия, оның ішінде қазіргі Қазақстан территориясы екенін үнемі айтып келеді. Қазақ даласы барша түркі тілдес халықтарға ортақ. Түрлі тарихи, әлеуметтік жағдайларға байланысты қазіргі таңда басқа өңірлерде өмір сүріп жатса да, отандары біреу. Қазақ сияқты туысқандарынан қол үзіп қалмау үшін ерте ме, кеш пе, тығыз байланыста боламыз деген үміттерін үзбеу үшін, қазақ халқы өз тарихында қандай алфавитке, жазуға көшті, түрік қандастарымыз да сөйтті. Ал, қазақ сол бертінгі XX ғасырдың өзінде араб, латын әліпбиін пайдаланған. Оларды күштеп отырып, орыс кириллицасына көшіргенде ғана Түркия еріксіз сол латында қалды.

Жалпы бұрын өзі бастан кешкен латын әліпбиіне қазақтардың XXI ғасырда көшпек бо-

луы өте дұрыс қадам дер едік. Сондықтан да болса керек, бұл мәселе қызу талқыға түсті. Қазақстан, т.б. кешегі КСРО империясы құрамында болған республикалармен Түрік республикасын салыстыруға болмайды. Түрік халқы өз тарихында қаншама тар жол, тайғақ кешуден өтсе де, қазақ елі сияқты XVIII ғасырдың соңынан бастап, патшалық Ресейдің отары болған жоқ. XX ғасырда патша билігін коммунистер билігі қабылдап алды. Патша кезіндегі өзгелерді отарлау саясатының заңды мұрагеріне айналған большевиктік-коммунистік жүйе 70 жылдай тоталитарлық тәртіп орнатты. Ұлттық мүдде аяққа тапталды. Өз тілін ұмытып, орысша оқитын, орысша ойлайтын, халқын, ұлттық болмысын жек көретін жергілікті басқа ұлт өкілдерінің ірі тобы қалыптасты. Кеңестік идеология қазақтарға өз тарихын емес, орыс тарихын оқыттырды. Қазақпен бірге туған халықтар жайлы ештеңе айтылмады. Сол бір зұлмат заманнан құтылғанымызға 30 жыл уақыт енді ғана асып бара жатыр екен. Демек, бізге сындарлы сыртқы саясат арқылы әлемдегі танымал, демократтық, қуатты мемлекеттермен жақсы дипломатиялық байланыс қажет. Ал, түбі бір туыстас халықтармен тығыз байланыстың, ынтымақтастықтың болуының маңызы тіпті ерекше. Сол туысқан елдермен тығыз байланыста болуда үлкен жетекшілік рөл атқаратын мәселе – тіл. Ортақ әліпби. Осы мәселенің біздің елімізде аса үлкен де, маңызды жайтқа айналғанын жоғарыда айттық. Қазақстанда латын әліпбиіне көшуге байланысты көптеген іс-шаралар өткізілді, талқылау, талдау барысында біршама пікір алмасу отырыстары, ғылыми конференциялар өткізілді.

Енді негізгі мәселе бойынша кейбір ой-пікірлерімізді ортаға салайық. Қазіргі кезде латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты ел арасындағы айтылып жатқан пікірлерді негізінен үш топқа біріктіріп қарауға болады: оның біріншісі, неше түрлі қиындықтар мен кедергілерді көлденең тартады, бұл «қиындықтарды» мемлекетіміз шеше алатынына сеніміміз мол, екінші біреулері, латын жазуының түрлі ақпарат кеңістігіндегі артықшылықтарын алға тартады, «латын жазуының артықшылықтарын» айтпай-ақ ел біліп, көріп отыр, ал үшінші бір топ, латын әріптерін қазақ әліпбиіне үйлестіру және Кирилл әріптеріне иек артқан бұрынғы емле-ережелерімізге реформа жасауды ұсынып отыр. Латынға көшу туралы жоғарыда айтылған алғашқы екі мәселеге әр түрлі мамандық иелері белсенді пікір айтса, соңғы үшінші, яғни, латын әріптерін қазақ әліпбиіне үйлестіру ісінде негізінен тіл мамандары белсенділік танытып отыр. Бірақ тіл мамандарының да көзқарастары екі түрлі екенін байқаймыз. Оның бірі әліпбиге, негізінен, ана тіліміздің төл дыбыстарын алу арқылы қазақ тілінің табиғи ұлттық болмысын сақтауға ұмтылса, екіншісі, қазіргі оқыған жұрт бұрынғыдай өзге тілдің сөздерін бұзып айтуды оғаш көреді, сондықтан «қазақ тілі әліпбиінің құрамындағы қыруар әріпті өгейсітіп, жат дыбыстарға жатқызып, әліпбиі құрамынан шығарып тастау емлені шешуі қиын өте күрделі түйінге айналдыратын шешім» деген пікір айтып, қазіргі әліпбидегі жуандық және жіңішкелік таңбасынан басқа қырық әріпті де қалдырмай латынға алып өтуді жақтайды.

«Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын



білдіріп, ой бөлісіп, тіл тағдырына алаңдаушылық білдірушілердің айтқан пікірлерінің барлығын да маңызды деп білеміз. Дегенмен, мәселенің байыбына терең бармай, әліпби өзгертуді бұрынғы Кирилл әріптерін латын әріптерімен ауыстыра салу деп түсінетіндер де бар. Егер бұлай түсінсек, қазіргі 42 әріпті өзгеріссіз латын әріптеріне ауыстыра салып, қайтадан орысша-қазақшасын араластырып сөйлеп-жазып жүре берсек, одан ештеңе де өзгермейтіні баршаға аян. Сондықтан әліпби реформасы нақты ғылыми ұстанымдарға сүйенеді. Кешегі өктемсоқ кеңестік жүйенің солақай саясаты қазақ тілі дыбыс жүйесінде жоқ орыс тілінің ё, ю, я, в, ф, х, ч, ц, ь, ь әріптерін әліпбиімізге еріксіз енгізгені баршаға аян. Онымен қоймай, әліпбиіміз Кирилл жазуына ауыстырылып, орыс тілінен және сол арқылы басқа тілден енген өзге сөздерді де орысша қалай айтылып-жазылса, қазақ тілінде де солай қолданылуы керек деген талап қойылды. Сөйтіп тіл экологиясы сол кезеңнен бастау алып, тілімізге жат дыбыс тіркестері де еш кедергісіз еніп, тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен өзіндік реңін жоғалтып, сөзіміз де құлаққа жат әуенмен «ән салғанына» үйреніп кеттік. Тіліміз шұбарланып, ұлттық бояуы мен реңкін жоғалта бастады. Бір тілден екіншісіне сөз ауыса берсе де, әр тілдің өзіндік дыбыстары мен жазу емлесі болатынын есте сақтаған жөн. Кейбір ғалымдардың «Бір тілдің бір тілді үстемелеп, байытып, түрлендіріп отыруы – барлық тілге тән ортақ заңдылық», «орыс тіліне бес-алты мыңдай түркі сөздері енген» деген пікірлері дұрыс айтылған, бірақ орыс тіліне енген түркі сөздері орыс тілінің дыбыстық заңдылығына сай өзгеріске түсіп енгенін, ал қазақ тілінде өзге тіл сөздері еш өзгеріссіз, басқа тіл заңдылығына сай алынғанын да ескеруіміз керек. Басқа тілдің сөздеріне есікті айқара ашып тастап, «қонақжайлық» танытып, сол күйінде ала беру тілдің лексикалық жүйесінде өзге сөздердің салмағы арта түсуіне, өз сөзінің азая беруіне себепкер болады. Мұндай әрекеттер тілді өшірмесе, өсірмейді.

Бүгінгінің білікті ғалымдарының бірі Б.Қалиев: «Халықаралық терминдер барлық тілде еш өзгеріссіз алынады, деген ой дұрыс емес», – дейді. Ғалымның бұл сөзінің дұрыстығын тіліміздің қазіргі жайынан-ақ анық байқауымызға болады. Бұл жөнінде Ш. Құрманбайұлы: «Терминологиямыздың негізгі бөлігін өзге тілдерден дайын қалпында қабылданған терминдер құрап тұрған біздің жағдайымызда ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілуі керек», – дейді. Қазақ терминологиясының өз ана тілімізде қалыптасуы – туған тіліміз болашағының бір кепілі. Сондықтан Б. Қалиұлы, Ш. Құрманбайұлы сияқты терминология саласы мамандарының көзқарастарына ерекше назар аударған жөн деп білеміз. Осы тұрғыда қарасақ, бізде өзге тілдегі, халықаралық деңгейдегі терминдерге сүрініп жығыламыз да, өз тіліміздегі, яғни А. Байтұрсынұлы ұстанымдары бойынша жасалған, терминдер, тіл-әдебиеттен басқа салада, өте аз екенін білеміз. Менің ойымша, терминология үлкен жауапкершілікті қажет етеді: барлық терминді өз тілімізде сөйлетеміз деген де, өзгертпей қабылдай береміз деген де қателеседі, осы екеуінің шекарасын таба білген ұтады.

## Қорытынды

Сөзімізді қорытындылай келе айтпағымыз: ортақ әліпбиді кемеліне жеткізуіміз қажет. Латын әліпбиі – елдігіміз бен тарихымыздың бірден-бір айқын көрінісі. Аманат еткен мұрамыз – тілдің бұрынғы төл қалпына келтірсе, ұлттық тіліміздің асқақтап, мәртебесінің артуы сөзсіз жақын болашақта болатын үдеріс.

## Әдебиет:

1. Бизақов С.(2013)Емлені ескеруіміз керек//«Ана тілі» газеті, № 7. 14-20 ақпан, 4 б.
2. 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Қарағанды: ҚарМУ, 1994, 19-22 б.
3. Жүсіпұлы М. (1998) Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы.– Алматы: Ғылым.
4. Уәлиұлы Н., Күдерінова К., Фазылжанова А. (2004) Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі, Алматы: Арыс.
5. Мырзабеков С. (1999) Қазақ тілінің дыбыс жүйесі, Алматы: Сөздік-Словарь.

## Ж.Ибраева

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

## Е.Құрманбек

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, докторант  
Қазақстан*

## ПСИХОЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МӘТІНДІ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Мақала қазіргі тіл білімі үшін өзекті мәселе – кең ауқымды ақпарат және білім кеңістігіндегі ғылыми мәтінді түсіну және қабылдау мәселесіне арналған. Психолінгвистика тұрғысынан алғанда, мәтін – адамның сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Психолінгвистердің айрықша назар аударатын мәселесі – мәтінді қабылдау және оны түсіну әрекеті. Мақалада қабылдау және түсіну үдерістері психолінгвистика тұрғысынан сипатталып, оларды зерттеу перспективалары ұсынылды. Қазақ тіл білімінде және шетелдік авторлардың мәтінтану мәселесіне қатысты зерттеу жүргізген тілші-ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Бүгінгі таңда ғылыми мәтінді, атап айтқанда ғылыми мақалаларды жазу біздің еліміздің академиялық кеңістігінде өзекті мәселе болып табылады. Ғылыми дәреже алу үшін жас зерттеуші Scopus, Web

of Science мәліметтер базасының тізіміне кіретін халықаралық журналдарда міндетті түрде жариялануы тиіс. Бұл талаптар тек білім алушыларға ғана емес, сонымен қатар біздің ЖОО оқытушыларына да қатысты. Қазақстан халықаралық академиялық кеңістікке енуге ұмтылуда. Бірақ, көбінесе зерттеушілер жариялау мәселесіне тап болады, өйткені олардың мақалалары халықаралық журналдардың талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан біздің алдымызда зерттеушілерімізге көмектесу міндеті тұр.

**Тіпек сөздер:** мәтін, ғылыми мәтін, мәтінді түсіну мен қабылдау, психолінгвистика.

**Abstract.** This article is devoted to an urgent problem for modern linguistics – the issue of understanding and perception of a scientific text in the large-scale space of information and education. From the perspective of psycholinguistics, a text is considered the result of human speech production. The main focus of psycholinguists is on the perception and comprehension of texts. The article discusses the processes of perception and comprehension from a psycholinguistic perspective and offers insights into their study. A review of works by Kazakh and foreign linguists who have conducted research on textual analysis is presented.

Today, writing a scientific text, namely scientific articles, is an urgent problem in the academic space of our country. A young researcher must be published in international journals that are included in the lists of the Scopus, Web of Science databases to obtain a scientific degree. These requirements apply not only to students, but also to teachers of our universities. Kazakhstan is striving to enter the international academic space. However, researchers often face the problem of publication, since their article does not meet the requirements of international journals. Therefore, our task is to help our researchers.

**Keywords:** text, scientific text, understanding and perception of the text, psycholinguistics.

**Аннотация.** Статья посвящена актуальной для современной лингвистики проблеме: проблеме понимания и восприятия научного текста в масштабном информационно-образовательном пространстве. С точки зрения психолінгвистики, текст рассматривается как результат речевой деятельности человека. Проблема, на которую обращают особое внимание психолінгвисты, – это восприятие и понимание текста. В статье описаны процессы восприятия и понимания с точки зрения психолінгвистики и предложены перспективы их изучения. Проведен обзор работ ученых-лінгвистов казахского языкознания и зарубежных авторов, проводивших исследования в области текстологии.

На сегодняшний день написание научного текста, а именно научных статей является актуальной проблемой в академическом пространстве нашей страны. Для получения научной степени молодой исследователь обязательно должны опубликоваться в международных журналах, которые входят в списки баз данных Scopus, Web of Science. Эти требования касаются не только обучающихся, но и преподавателей наших вузов. Казахстан стремится войти в международное академическое пространство. Но, зачастую исследователи сталкиваются с проблемой публикации, так как их статья не соответствует тре-

бованиям международных журналов. Поэтому перед нами стоит задача помочь нашим исследователям.

**Ключевые слова:** текст, научный текст, понимание и восприятие текста, психолингвистика.

«Мәтін – жазба құжат түрінде толық аяқталған ойды білдіретін, әдеби тұрғыда өңделген, мәтін ішіндегі абзацтардың лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық байланыстардың әртүрлі типтерімен біріккен, күрделі фразалық бірліктерден тұратын, белгілі бір тілдік интенциясы бар сөйлеу шығармашылығының туындысы» [1]. Кез келген мәтін белгілі бір мақсатты көздейтін, белгілі бір адресатқа арналған ақпараттан тұрады. Мәтін тіл жүйесі ішінен синтаксистің ең жоғарғы бірлігі ретінде орын алады және мағыналық, коммуникативті, номинативті, структуралы сипаттарымен түсіндіріледі. Ғылыми мәтін де өз қабылдаушысын (адресатын) тапқанда ғана жұртшылықпен (социум) қабылданады. Сөйтіп қана ғылыми мәтін өзінің зерттеу сипаты жағынан генетикалық байланыстағы көптеген тұтас мәтіндермен қоян-қолтық араласады, солармен бір мәнмәтінге (контекске) енеді, соның бір элементі ретінде қалыптасады [2, 32].

Қазақ тіл білімінде мәтінтану мәселесіне қатысты зерттеулер өз негізін А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов еңбектерінен алады. Мәтіннің лингвистикалық табиғатын тануға бағытталған еңбектердің қатарына Р. Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Г.Смағұлова, А.Таусоғарова, Г.Әзімжанова, С.Жусанбаева еңбектерін жатқызуға болады. Ғылыми мәтін мәселелерін қарастырған профессор Л. В. Екшембееваның пікірінше, лингвистикалық ғылыми мәтін жүйе ретінде оны құрайтын элементтер арасындағы байланыстар мен қатынастардың болуымен, сондай-ақ ол құрылатын және жұмыс істейтін ортамен қатынастардың болуымен сипатталады [3]. Тіл білімі саласында ғылыми мәтін, ең алдымен, ғылыми ақпаратпен алмасу құралы болып табылады. Оның жанрлық түрлерінің өзіндік мінез-құлық бағдарламалары бар. Қазақ лингвистері ғылыми мәтін, оның негізгі ұғымдары мен тән белгілері туралы сұрақтарды зерттеумен салыстырмалы түрде жақында айналыса бастады. Осыған байланысты С. Қоянбекованың мақаласын атап өткен жөн [4]. Мақалада ғылыми стильдің талаптарынан туындайтын ғылыми мәтінге тән кейбір ережелер және ғылыми сөйлеуде тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктері жинақталған. Мәтіннің алуан түрлілігі мен жан-жақтылығын ескеретін болсақ, ғылыми мәтін мәтіннің барлық түрлеріне қолданылатын әмбебап заңдылықтардың жоқтығымен ғана емес, сонымен қатар өзінің мағыналық табиғатымен, баяндау тәсілдерімен де ерекшеленетінін атап өткен жөн. Профессор А.Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі ғылыми-танымал мәтіндердің функционалдық-семантикалық топтарының статистикалық ерекшеліктерін анықтады, ал А.И.Тілембекова ғылыми-техникалық мәтіндердің лингвопрагматикалық құрылымын анықтауға үлес қосты [5]. Ғылыми тілдің құрылымын анықтау және ғылыми мәтіннің стилистикасын қарастыру кезінде ғалым С. Әлісжановтың еңбектеріне ерекше

көңіл бөлу керек [6]. Алайда ғылыми мәтіннің барлық ауқымды аспектісін білуде, негізгі ұғымдар мен сипаттамаларды түсінуде, коммуникативті құрылымын анықтауда бұл жұмыстар аздық етеді. Сондықтан ғылыми мәтіндердің құрылымын, сипатты белгілерін, әдеби тілдің қызметін зерттеу тіл мамандарының алдына қойған мақсаттарының басым бөлігін құрайтынын түсінеміз.

Ғылыми мәтінді түсіну үдерісін зерттеу когнитивті психология, лингвистика және білім беру сияқты әртүрлі салада жұмыс істейтін көптеген шетелдік ғалымдардың назарын аударды. Хосе Отеро, Хосе А. Леон және Артур К. Грассердің пікірінше, ғылыми мәтіндердің мазмұны бірнеше түсіндіру деңгейіне ие, бірақ ең маңызды айырмашылық үстірт және терең білім арасында бар [7]. Үстірт білім мәтінде нақты айтылған идеялардан тұрады: тұжырымдамалар тізімдері, әр тұжырымдаманың бірнеше қарапайым фактілері немесе қасиеттері, негізгі терминдердің қарапайым анықтамалары және процедурадағы негізгі қадамдар (егжей-тегжейлі қадамдар емес). Терең білім оқырманды қорытынды жасауға, мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға, идеяларды біріктіруге, жаңа идеяларды синтездеуге, идеяларды бөліктерге бөлуге, жүйедегі болашақ оқиғаларды болжауға және білімді практикалық жағдайларда қолдануға күшейтетін материалды дәйекті түсіндіруден тұрады. Терең білім символдарды, формалды өрнектерді және шамаларды тұжырымдау және манипуляциялау үшін қажет сияқты, дегенмен кейбір адамдар бұл дағдыларды терең шеберліксіз үлкен тәжірибеден кейін игере алады. Сонымен қатар Уолтер Кинч, Теун Адрианус ван Дейк, Джон Р. Андерсон, Рэнд Спиро, Ричард Мейер жұмыстарын атап өту керек. Уолтер Кинч мәтінді түсінудің конструктивті-интегративті моделін әзірледі. Ол оқырман өзіне берілген алдын ала ақпарат пен мәтін құрылымы негізінде мәтіннің менталды үлгілерін қалай құрастыратынын сипаттайды [8]. Теун Адрианус ван Дейк зерттеулері дискурсты түсінуге және оқырманның мәтінді өңдеу және түсіндіру үшін қолданатын когнитивтік құрылымдарға қатысты. Сонымен қатар ол әлеуметтік контексттердің мәтінді түсінуге қалай әсер ететінін қарастырды. Джон Р. Андерсон когнитивті психология және жасанды интеллект саласындағы жұмыстарымен танымал, адамдардың ақпаратты қалай өңдейтінін және үйренетінін түсіндіретін ойлау процестерін адаптивті бақылау (ACT-R) теориясын жасады [9]. Бұл теория күрделі мәтіндерді, соның ішінде ғылыми мәтіндерді түсінуге де қатысты. Рэнд Спиро когнитивті ғылым саласын зерттеумен айналысты, атап айтқанда, адамдардың ғылыми мәтіндер сияқты күрделі материалдарды қалай оқып, түсінетінін зерттеді [10]. Ричард Мейер когнитивті психология мен білім беру психологиясын зерттеген. Оның мультимедиялық оқыту саласындағы зерттеулері адамдардың әртүрлі форматта, соның ішінде ғылыми мәтіндерде берілген ақпаратты қабылдау және түсіну тәсілдерімен байланысты [11].

Ғылыми мәтінді түсіну мен қабылдау – бұл ғылыми әдебиетпен жұмыс барысында пайда болатын өзара байланысты, бірақ әртүрлі екі процесс. Ғылыми мәтінді түсіну – оқырманның мәтін мазмұнын түсінуге бағытталған танымдық үдеріс. Түсіну үдерісі

ақпаратты декодтау, мәтін құрылымын талдау, менталды модель құру, маңызды байланыстарды анықтау және сыни талдаудан тұрады. Ғылыми мәтінді қабылдау – бұл мәтіннен алынған ақпараттың эмоционалды, сенсорлық және когнитивті деңгейде қабылдануымен байланысты процесс. Қабылдау үдерісіне сенсорлық қабылдау, эмоционалды реакция, интерпретация, мотивация және зейін кіреді.

Түсіну мен қабылдау бір-бірімен тығыз байланысты. Қабылдау оқырманның мәтінді эмоционалды деңгейде қалай қабылдайтынына және оның оқу процесіне қаншалықты қатысатынына әсер етеді. Түсіну мәтіннің мән-мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Адам мәтінді неғұрлым жақсы түсінсе, оның қабылдауы соғұрлым мағыналы болады және керісінше – мәтінді дұрыс қабылдау жақсы түсінуге ықпал етеді. Түсіну мен қабылдау үдерістері ғылыми әдебиеттермен тиімді жұмыс істеу үшін өте маңызды, өйткені олар ақпаратты қабылдап қана қоймай, қабылдаушылар үшін оны білім мен тәжірибелеріне мағыналы түрде біріктіруге мүмкіндік береді. Ғылыми мәтінді түсіну мен қабылдау белгілі бір дағдылар мен тәсілдерді қажет етеді, өйткені мұндай мәтіндерде көбінесе мамандандырылған лексика, күрделі ұғымдар және құрылымдық аргументтер болады. Түсінудің негізгі аспектілеріне мұқият оқу, құрылымды талдау, негізгі идеяларды бөлектеу, терминдерді түсіну жатады. Ғылыми мәтінді қабылдаудың негізгі аспектілеріне сыни тұрғыдан ойлау, басқа дереккөздермен салыстыру, рефлексия және қорытынды кіреді.

Ғылыми мәтінді түсіну мен қабылдауды зерттеу үлкен маңызға ие және бұл зерттеулер ғылымның, білімнің және тәжірибенің әртүрлі саласында перспективаларға толы, мысалы, білім беру әдістерін жақсарту, ғылыми сауаттылықты арттыру, тиімді мәтіндер мен материалдарды әзірлеу, технологияны дамытуды қолдау. Мәтінді түсінуге байланысты когнитивті процестерді зерттеу жасанды интеллект және машиналық оқыту жүйелері сияқты технологияларды әзірлеу үшін маңызды, олар күрделілігі мен мазмұны бойынша ғылыми мәтіндерге жақын мәтіндерді талдап құрастыра алады. Ғылыми мәтінді түсіну мен қабылдауды зерттеу перспективалары: когнитивті және нейроғылыми зерттеулер, дербестендірілген білім беру технологияларын әзірлеу, ғылымды дәріптеудің жаңа тәсілдерін құру, баспа қызметіне, жарияланымдарға әсері, халықаралық зерттеулер және жаһандық перспективалар, дизайн мен интерфейстерге әсері. Зерттеу нәтижелері ақпаратты табуды, талдауды және түсінуді жеңілдететін ғылыми деректермен жұмыс істеу үшін анағұрлым интуитивті интерфейстерді әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Осылайша, ғылыми мәтінді түсіну мен қабылдауды зерттеу білім беруді жақсартуға, ғылыми коммуникацияға, технологияларды дамытуға және ғылыми ортадағы жаһандық өзара әрекеттесуге ықпал ететін үлкен перспективаларға ие.

### Әдебиет:

1. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. Ғылыми басылым / Г.Н.Смағұлова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2002. – 112 б. ISBN: 5-628-02395-7.
2. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы: Арыс, 2007
3. Экшембеева Л. Научный текст. Организация. Усвоение. Анализ. Интерпретация. – Алматы: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2014
4. Қоянбекова С. Ғылыми стиль мәселелері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2005, №7
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. – Алматы, 2007
6. Есинбаева Ж. Ғылыми-көпшілік стиль: дискурстық, тілдік-стильдік талдау: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2009
7. Otero, J., Leon, J., & Graesser, A. (Eds.). (2002). The Psychology of Science Text Comprehension (1st ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781410612434>
8. Kintsch, W., & van Dijk, T. (1983). Strategies of discourse comprehension. Academic Press.
9. Anderson, J. (1980). Cognitive psychology and its implications. W. H. Freeman.
10. Spiro, R., Feltovich, P., Coulson, R., & Jacobson, M. J. (1992). Cognitive flexibility, constructivism, and hypertext: Random access instruction for advanced knowledge acquisition in ill-structured domains. In T. M. Duffy & D. H. Jonassen (Eds.), Constructivism and the technology of instruction: A conversation (pp. 57-75). Lawrence Erlbaum Associates.
11. Mayer, R. (2001). Multimedia learning. Cambridge University Press.

**Д.Нитто**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, магистрант  
Казахстан*

### **АНГЛОЯЗЫЧНАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ В СФЕРЕ ПАРФЮМЕРИИ И КОСМЕТИКИ**

**Аннотация.** Данная статья посвящена вопросам пополнения корпуса англоязычной терминологии в сфере производства парфюмерии и косметики. Термины являются неотъемлемой частью любой сферы деятельности, при этом область терминологии во многих отраслях характеризуется существенной динамичностью, что связывают с постоянным развитием терминосферы. Особый интерес представляют вопросы пополнения терминологического корпуса английского языка новыми единицами терминов. В связи с этим, актуальным является исследование основных

аспектов пополнения английского языка новыми терминологическими единицами, в частности, в производственной сфере парфюмерии и косметики. Цель исследования – изучение английских терминов, используемых в сфере парфюмерии и косметологии, и выявление основных путей их образования на основе проведения компонентного анализа. Объектом исследования являются термины с различным количеством компонентов, используемые в парфюмерии и косметологии. Установлено, что основная доля терминов, используемая в изучаемых сферах деятельности формируется за счет однокомпонентных терминов, образуемых путем морфологической суффиксации. На двухкомпонентные термины приходится всего треть всех рассматриваемых единиц, образуемых за счет сочетание нескольких слов, а трехкомпонентные встречаются в три раза реже двухкомпонентных, поскольку зачастую образуются путем расшифровки аббревиатур. Определено, что основным источником пополнения терминологического фонда английского языка в области производства косметики и парфюмерии являются другие иностранные языки, с преимущественной долей латинского языка, относящегося к индоевропейской семье языков, объединяющей италийскую и романскую ветви. Это позволило выявить преимущественный путь пополнения терминосферы английского языка в исследуемых направлениях.

**Ключевые слова:** термин, английский язык, производство косметики, производство парфюмерии, обогащение языка.

**Аңдатпа.** Бұл мақала парфюмерия және косметика өндірісі саласындағы ағылшын тіліндегі терминология корпусын толықтыру мәселелеріне арналған. Терминдер кезкелген қызмет саласының ажырамас бөлігі болып табылады, көптеген салалардағы терминология саласы терминосфераның тұрақты дамуымен байланысып, айтарлықтай динамизммен сипатталады. Ағылшын тілінің терминологиялық корпусын терминдердің жаңа бірліктерімен толықтыру мәселелері ерекше қызығушылық тудырады. Осыған байланысты ағылшын тілін жаңа терминологиялық бірліктермен толықтырудың негізгі аспектілерін, атап айтқанда парфюмерия мен косметиканың өндірістік саласында зерттеу өзекті болып табылады. Зерттеудің мақсаты – парфюмерия және косметология саласында қолданылатын ағылшын терминдерін зерттеу және компоненттік талдау негізінде олардың қалыптасуының негізгі жолдарын анықтау. Зерттеу нысаны – парфюмерия мен косметологияда қолданылатын әртүрлі компоненттері бар терминдер. Зерттелетін қызмет салаларында қолданылатын терминдердің негізгі үлесі морфологиялық жұрнақ арқылы түзілетін бір компонентті терминдер есебінен қалыптасатыны анықталды. Екі компонентті терминдер бірнеше сөздердің тіркесімі арқылы қалыптасатын барлық қарастырылған бірліктердің үштен бірін ғана құрайды, ал үш компонентті терминдер екі компоненттен үш есе аз кездеседі, өйткені олар көбінесе аббревиатураларды декодтау арқылы жасалады. Косметика мен парфюмерия өндірісі саласындағы ағылшын тілінің терминологиялық қорын толықтырудың негізгі көзі бас-



қа шет тілдері болып табылады да, әсіресе, латын тілінің басым бөлігі итальян және роман тармақтарын біріктіретін үндіеуропалық тілдер отбасына жатады. Бұл ағылшын тілінің терминосферасын зерттелетін бағыттарда толықтырудың басым жолын анықтауға мүмкіндік берді.

**Тірек сөздер:** термин, ағылшын тілі, косметика өндірісі, парфюмерия өндірісі, тілді байыту.

**Abstract.** The article focuses on expanding the English-language terminology in the field of perfumery and cosmetics. Terms are an integral part of any area of activity, and the terminology in many industries is characterised by significant dynamism, which is linked to the constant development of the term sphere. Of particular interest are the questions related to the enrichment of the English language's terminological corpus with new term units. In this regard, the study of the main aspects of the replenishment of the English language with new terminological units, particularly in the production sphere of perfumery and cosmetics, is relevant. The study aims to examine English terms used in the fields of perfumery and cosmetology and to identify the main ways of their formation based on component analysis. The object of the study consists of terms with varying numbers of components used in perfumery and cosmetology. It has been established that the majority of terms used in the studied areas are formed from single-component terms created through morphological suffixation. Two-component terms account for only one-third of all examined units, formed by combining multiple words, while three-component terms are encountered three times less frequently than two-component ones, as they often arise from the decoding of abbreviations. It has been determined that the primary source for enriching the terminological fund of the English language in the field of cosmetics and perfumery is other foreign languages, with a predominant share coming from Latin, which belongs to the Indo-European family of languages encompassing both Italic and Romance branches. This has allowed for the identification of the predominant way in which the term sphere of the English language is enriched in the examined areas.

**Keywords:** term, English language, cosmetics industry, perfume industry, language enrichment.

Производство косметики и парфюмерии считается исторически довольно значимым вопросом в условиях современного мира. Желание человека, передать всю прелесть природы, способствовало созданию данных направлений. Косметическое и парфюмерное производство издревле считалось одним из самых перспективных, беря свое начало в Аравии, Месопотамии и распространяясь в Рим, Грецию, Египет и другие страны [1]. Проводя многочисленные работы в данной области, специалистами в сфере производства косметики и парфюмерии познавались секреты создания уникальных рецептов. Это привело к началу постепенного пополнения данной сферы разнообраз-

ными терминологическими единицами. Многие термины занимают свою позицию на международном уровне благодаря именно вхождению в состав англоязычного корпуса терминологической сферы. Данная сфера отчасти является смежной, объединяя несколько наук в своем составе, что непосредственно влияет на структуру и смысловую нагрузку терминов, поэтому разностороннее исследование данных вопросов является актуальным направлением на сегодняшний день [2, с. 3414-3435].

Система терминов исследуемой области представляет собой достаточно неоднородную модель, включающую в себя большое количество элементов, являющихся однокомпонентными или многокомпонентными, включающими аббревиатуры, заимствования или номены. Таким образом, данная сфера может считаться системой, базирующейся на логико-понятийных связях и системных отношениях исследуемых терминов [3, 4].

Все термины, используемые в данных сферах, могут быть разделены на несколько групп: одни являются общеупотребительными в изучаемых направлениях, а другие используются исключительно в специфических областях. При этом, важно отметить, что они, как правило, номинируют конкретные группы специализированных единиц, характерных для данной сферы [5, с. 136-140].

Пополнение английского языка новыми терминами в сфере косметики и парфюмерии обычно происходит путем заимствования, то есть перехода их из какого-либо языка, а также путем суффиксального преобразования и формирования в результате этого нового слова. Помимо этого, некоторые термины могут использоваться и в других сферах деятельности. При этом, важно отметить, что пополнение англоязычного корпуса терминологической сферы зачастую зависит от вариативности использования проникающих в английский язык слов, что в свою очередь базируется преимущественно на аспекте компонентности терминов, из которой исходит возможность собственно их использования и перехода слов из одного языка в другой [6, с. 88-90; 7, с. 95-98]. В соответствии с этим, целью данного исследования является изучение английских терминов, используемых в сфере косметологии и парфюмерии, и выявление основных путей их образования на основе проведения компонентного анализа. Данное исследование позволит раскрыть наиболее важные особенности пополнения английского языка специфическими терминами в ценностном и прагматическом аспектах.

В рамках исследования вопросов пополнения англоязычного корпуса терминологической сферы новыми единицами, в частности, в области производства косметики и парфюмерии, изучены некоторые аспекты образования терминов с позиции их компонентного анализа, детальный обзор которых отображен в таблице 1. В данной таблице представлен анализ исследуемых терминов с позиции их значения, количества и разложения на соответствующие компоненты, способов образования, а также передачи данных терминов на русский язык.

**Таблица 1** – Компонентный анализ англоязычных терминов, используемых в сфере производства косметики и парфюмерии

Термин	Значение	Кол-во компонентов	Разложение на компоненты	Способ образования	Передача англоязычного термина на русский язык
freshner	Тонизирующее средство	Однокомпонентный термин	1-компл. – сущ.	Морфологическая суффиксация (-er) от редуцированного глагола	Транскрипция (переводческая)
starter	Стартер (увлажняющее средство, используемое перед нанесением других косметических средств)	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Морфологическая суффиксация (присоединение суффикса -er)	Транслитерация (переводческая)
amproule	Ампульное средство (многофункциональное)	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Займствование первоначального термина французским языком из латинского и последующее займствование его английским языком	Подбор аналога на основе метода приближенного перевода
sleeping pack	Ночная маска, которая не требует смывания	Двухкомпонентный	1-компл. – слово, являющееся общеупотребительным; 2-компл. – термин специального словаря	Сочетание двух самостоятельных слов	1) калькирование с конкретизацией 2) транслитерация (переводческая) и транскрипция займствованного английского термина

BB-cream	BB крем	Двухкомпонентный	1-компл. – аббревиатура; 3-компл. – термин- словосочетание из специального словаря	Сочетание аббревиатуры с самостоятельным словом	1) беспереводный метод 2) подбор эквивалента к слову, заимствованному из французского языка
essence	Эссенция	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Заимствование из латинского языка и адаптация слова в соответствии с правилами английского языка	Калькирование
lotion	Лосьон	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Заимствование первоначального термина французским языком из латинского и последующее заимствование его английским языком	Транскрипция (переводческая)
lip/cheek lacquer	Блеск для окрашивания губ и щёк (содержит блески и имеет яркость типичной губной помады)	Двухкомпонентный	1-компл. – слово, являющееся общеупотребительным; 2-компл. – термин специального словаря	Сочетание двух самостоятельных слов. Утилизация прямого значения второго слова, заимствованного из французского языка	Калькирование
primer	1) основа, используемая перед нанесением макияжа 2) праймер	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Суффиксальное образование (-er) от производящей основы	1) подбор эквивалента 2) транскрипция
serum	1) сыворотка 2) сыворотка	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Заимствование из латинского языка без адаптации слова в соответствии с правилами английского языка	1) Транслитерация (переводческая) 2) Подбор эквивалента

emulsion	Эмульсия	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Замещение из латинского языка и адаптация слова в соответствии с правилами английского языка	Калькирование
SPF	Солнцезащитный фактор	1) аббревиатура – однокомпо-нентный 2) полное – трехкомпонентный	1-компл. – аббревиатура; 3-компл. – термин-словосочетание	Сочетание слов и редуцирование до формирования аббревиатуры	1) беспереводный метод 2) калькирование
АНА	Фруктовые кислоты	1) аббревиатура – однокомпо-нентный 2) полное – трехкомпонентный	1-компл. – аббревиатура; 3-компл. – термин-словосочетание	Сочетание слов и редуцирование до формирования аббревиатуры	1) беспереводный метод 2) калькирование
peeling gel	Пилинг-скатка	Двухкомпонентный	1-компл. – термин специального словаря; 2-компл. – термин специального словаря	Сочетание двух самостоятельных слов	Подбор эквивалента путем применения метода приближенного перевода
lip crayon	Помада-карандаш	Двухкомпонентный	1-компл. – общепотребительное слово; 2-компл. – общепотребительное слово	Сочетание двух самостоятельных общепотребительных слов	Подбор эквивалента
foundation	Тональный крем	Однокомпонентный	1-компл. – сущ.	Суффиксальный способ образования слова от глагола английского языка	Подбор эквивалента

На основании проведенного компонентного анализа деталей, представленных в таблице 1, можно отметить, что основную часть корпуса англоязычной терминологии в сфере косметологии и парфюмерии составляют однокомпонентные слова (рисунок 1). Доля однокомпонентных слов в проведенном анализе составила 56, 25 %. Двухкомпонентные составляли 31, 25%, оставшаяся доля приходилась на трехкомпонентные единицы. Образование терминов с одним компонентом, которые чаще всего выступают в роли существительного, в четверти случаев происходит путем морфологической суффиксации и в почти в трети случаев (31, 25 %) путем заимствования. Суффиксальное образование отмечено от производных основ и от редуцированных глаголов. Заимствование слов встречается из латинского языка (без адаптации слова в соответствии с правилами английского языка (6, 25 %), с адаптацией (12, 5 %)) и заимствованием первоначального термина французским языком из латинского и последующее переход его в английский язык (12, 5 %). Не менее важным является подход, используемый для перевода данной категории терминов, поскольку именно от первоначального способа образования зависит вариант перевода. В ходе проведения анализа для однокомпонентных слов были выявлены следующие способы перевода (расчет производился с учетом вероятности перевода одного термина несколькими способами):

- транскрипция – 18, 75 %;
- транслитерация – 12, 5 %;
- калькирование – 12, 5 %;
- подбор аналога или эквивалента на основе метода приближенного перевода – 25 %.




Рис. 1 – Способы образования англоязычных терминов, используемых в сфере производства косметики и парфюмерии

Таким образом, установлено, что однокомпонентные термины преимущественно переводятся путем подбора эквивалента или аналога методом приближенного перевода, что связано с преимущественным заимствованием данных слов из других иностранных языков.

Анализ продемонстрировал, что в двухкомпонентных словах оба слова, как правило, являются самостоятельными, среди которых одно обычно является общеупотребительным, а второе также общеупотребительным, либо термином специального словаря. Яркими примерами являются: «sleeping pack», «peeling gel», «lip/cheek lacquer». Передача терминологических единиц происходит преимущественно на основе метода приближенного перевода и путем подбора эквивалентов (18, 75 %), калькирования (12, 5 %), переводческой транслитерации, транскрипции (6, 25 %) и беспереводного метода (6, 25 %).

Особый интерес представляют термины, характеризующиеся трехкомпонентностью, которую они приобретают при переходе аббревиатур в полноценную форму. В таком варианте аббревиатура выступает однокомпонентным термином. При этом, при её расшифровке все три компонента представляются в роли терминов-словосочетаний, образование которых происходит при сочетании слов и редуцировании их до формирования аббревиатуры. В связи с этим, передача англоязычного термина при переводе осуществляется путем беспереводного метода и калькирования.

Таким образом, исследование показало, что пополнение английского языка специфическими терминами в сфере производства косметики и парфюмерии в основном происходит за счет однокомпонентных терминов, на долю которых приходится более половины всех терминологических единиц. Треть составляет двухкомпонентная терминология и одна восьмая часть приходится на трехкомпонентную. Установлено, что однокомпонентные термины в основном образуются путем метода морфологической суффиксации, а передача на русский язык происходит на основе подбора эквивалента при приближенном переводе. Двухкомпонентные термины образуются через сочетание нескольких слов (чаще общеупотребительных, реже таковых со словами специального словаря); образование трехкомпонентных же чаще всего происходит при расшифровке аббревиатур. При этом передача терминов происходит посредством метода приближенного перевода/подбора эквивалентов и беспереводного метода/калькирования, соответственно. Это указывает на то, что однокомпонентные термины являются, как правило, простыми словами, которые образуются зачастую от других слов посредством суффикса или на базе исходной основы. Следовательно, термины, имеющие несколько компонентов, являются словосочетаниями или комплексными словами, смысл которых формируется путем смысловой и грамматической интеграции данных лексических единиц. Также выявлено, что основным источником пополнения терминологического фонда английского языка в области производства косметики и парфюмерии являются другие иностранные языки, где основной вес занимает латинский язык, входящий в индоевропейскую семью языков, объединяющую в себе итальянскую и романскую ветви. Это указывает на то, что даже несмотря на совре-

менный формат относительного обособления английского языка, устанавливается прямая связь с его исконными корнями, что демонстрирует преимущественный путь пополнения его терминосферы в исследуемых направлениях.

### Литература:

1 Morris E. Fragrance: The Story of Perfume from Cleopatra to Chanel. – S.I. : Dover Publications, 2002. – 320 p.

2 Гандалоева З. История развития сферы парфюмерного и косметического производства и ее влияние на формирование соответствующей терминосистемы в современном английском языке // В мире научных открытий. – 2015. – № 3.7. – С. 3414-3435.

3 Алимуратов О. Концепт и лингвистическая семантика. Значение, смысл, концепт и интенциональность: система корреляций. – Saarbrücken: LAP LAMBERT, 2011. – 316 с.

4 Марчук Ю. Модели перевода. – М.: Академия, 2010. – 175 с.

5 Zadorozhna A., Gnatyshena I. History of development and thematic groups of English-language e-learning terminology // “Scientific Notes of V. I. Vernadsky Taurida National University”, Series: “Philology. Journalism”. – 2022. – № 1(2). – P. 136-140. <https://doi.org/10.32838/2710-4656/2022.2-1/23>

6 Коломиец Е. К проблеме соотношения терминов, профессионализмов и жаргонизмов в современной косметологии // Вестник МГОУ. Сер.: Русская филология. – М.: МГОУ, 2010. – № 2. – С. 88-90.

7 Коломиец Е. К проблеме терминологии в отечественной парфюмерии. Классификация запахов парфюма // Вестник МГОУ. Сер.: Русская филология. – М.: МГОУ, 2009. – № 4. – С. 95-98.

### Ж.Исабаева

*«Теректі жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,  
бастауыш сынып мұғалімі  
Қазақстан*

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту бойынша атқарылатын жұмыстар көрсетілген. Тіл дамыту жұмыстарында лексикалық ойындарды қолдану бала тілін дамытуға негіз болатындығы сараланған. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту жұмыстарындағы кедергілер нақтыланып, оларды шешу жолдары көрсетілген. Осы жолда мұғалімге қойылатын талаптар көрсетілген.

**Тірек сөздер:** Тіл дамыту, мұғалім рөлі, білікті маман, лексикалық ойындар, шығармашылық дағды, ой-өрісі



**Abstract.** This article reflects the work on the development of speech in primary school children. It is differentiated that the use of lexical games in language development work is the basis for the development of a child's language. Barriers in the work on the development of speech of younger schoolchildren are being clarified, and ways to solve them are being outlined. This line specifies the requirements for the teacher.

**Keyword:** Speech development, the role of a teacher, a qualified specialist, lexical games, creative skills, thinking

**Аннотация.** В данной статье отражена работа по развитию речи младших школьников. Дифференцировано, что использование лексических игр в работе по развитию языка является основой для развития языка ребенка. Уточняются барьеры в работе по развитию речи младших школьников, намечаются пути их решения. В этой строке указаны требования к учителю.


**Ключевые слова:** Развитие речи, роль учителя, квалифицированный специалист, лексические игры, творческие навыки, мышление

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлесім тілін дамытуда көптеген жұмыстар атқаруға тура келеді. Өйткені бұл балалар мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, еркін тілдесе алуы қажет. Осы орайда балаларға мемлекеттік тілді ойдағыдай меңгерту-қазақ тілі мен әдебиеті пәні мен бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеті. Ол үшін мұғалімдер әрі психолог, әрі әртістік шеберлігі өте мықты дамыған өз ісінің білікті маманы болу керек. Сонымен қатар олар:

- Сабақты жаңаша шығармашылықпен жүргізе білетін;
- Ұстаздық жүрегіне жылылық қалыптасқан;
- Балалардың ойындағы әртүрлі шығармашылық өнерлерін танып, жолға түсіре білетін;
- Оқушылардың қызығушылығын оятып, оқу әрекетіне белсенділігін арттыра білетін ұстаз болуы қажет. Сондықтан мен де алдыма мынадай мақсат қойып, осы мақсат жолында жұмыстар атқарудамын.



Ал осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мен мына төмендегідей міндеттерді іске асырамын.



Қазіргі таңда оқу үрдісінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар ішінде өзге тілді сынып оқушылары үшін ең тиімдісі-ойын арқылы оқыту. Ойын-оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен қатар ойындар мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Сондықтан мен өз тәжірибемде оқушылардың сөйлесім тілін дамытуда ойын технологиясын жиі қолданамын. Өйткені ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

Кез келген ұстаздың басты мақсат-міндеті-балаларға сапалы білім беру, жан-жақты жетілдіру, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын үлгісінің технологиясы баланың белсенділігін арттырады. Өйткені әр адамның ішкі мәдениеті ойын арқылы қалыптасады.

Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзі де сөйлеп жүреді. Нәтижесінде, ойын барысында сөйлесім үлгісі қалыптасады. Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Тіпті нашар оқитын балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен, жігермен араласатыны анық.

Балалар табысты, жақсы оқуы үшін баланың тілдік функциялары толық дамыған болуы керек. Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып, байытуға да болады.

Мысалы мына төмендегідей ойын түрлерін пайдалануға болады.

- Қонаққа бару;
- Сөйлем құрастыр;

- Тез ойна, тез ойла;
- Мен кімін?

Мен кез келген ойын түрлерін әр сабағымның тақырыбына сай таңдап аламын. Әсіресе, лексикалық ойындарды қазақ тілі сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындарды сабақтың мазмұнына қарай таңдап аламын. Мысалы, «Телефон» ойыны арқылы балаларды өзара диалогке түсіре отырып, қарым-қатынас жасау үрдісін жүзеге асырамын.

Рөлдік ойындар бала өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті-рөлді ойындар бейнелеу құралы рөл мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы, «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шаштараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін, үйренген сөздерін ойын сюжетіне пайдалана білуге төселдіреді.

Қойылымдық ойындарда рөлдер, ойын әрекеттері қандай да бір шығарманың ертегінің сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, оны бар ынтасымен тыңдайды. Ертегі балалардың ой-қиялын, сөздік қорын дамытады. Қойылымдық ойындар-балалар әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді, алуан түрлі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады.

Лексикалық тапсырмаларды қазақ тілі сабақтарында жиі қолдануға болады. Лексикалық тапсырма түрлері оқушының ой-қабілеттерін арттырып қана қоймай, сабақта белсенділігін, қызығушылығын оятып, ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілетін дамытады. Тапсырмаларды бүгінгі педагогикалық ілімдер талаптарына сай іріктеп, ретімен қолданып отырсақ, сабақтың сапасын көтеріп, тиімділігін арттырамыз, тәрбие жұмыстарын жандандыра түсеміз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаға ана тілін оқытудың тиімді әдістеріне көп көңіл бөлген жөн. Сондықтан әрбір сабағымызда лексикалық тапсырмаларды ұтымды пайдалансақ, оқу үрдісі жанданып, сабақтың сапасы артады. Баланың сөздік қоры молайып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға жетіле түседі. Жылдам сөйлеуді үйренеді. Сондықтан кез-келген сабақты өткізу үшін лексикалық тапсырмалар қолдана білу керек.

Қазақ тілі сабақтарында жұмбақ шешу тапсырмасын жарыс түрінде өткізуге болады. Бұл тапсырма балаларды өздігінен ойлауға үйретеді, дерексіз ойлаудан нақты ойлауға жетелейді. Сабақ күрделене түскен сайын баланың да ой-өрісі, тіл байлығы арта түседі. Осыған сәйкес тапсырма түрлерін де өзгертіп отыру керек. Кейбір оқушылардың р, л, с, ш дыбыстарына тілдері келіңкіремейді. Бұл мақ-

сатта жаңылтпашты ұтымды пайдалануға болады. Өйткені, жаңылтпаштар тілді дамытуға, таза сөйлеуге үйретеді.

Омоним тақырыбын меңгеруде «Ұйқасын тап» тапсырмасын қолданамын. «Ұйқасын тап» деген тапсырмада оқушыларға өлеңнің соңғы ұйқасын өзі табу ұсынылады. Мәселен,

1. Ақ, қара түс, Арман аттан...
2. Тыңдап едім жақсы күй, Көтерілді көңіл...
3. Жетекке алдым мен атты, Ағам үлкен құс...
4. Ойлайтын, ойланатын бас, Қадамыңды жылдам...
5. Қолымда қаламым бар түсі қара, Елеңдемей тезірек бері ...

**«Қатесін тап» тапсырмасы. Тұрақты сөз тіркестері бойынша**

Жерден алты қоян тапқандай

Басын көкке көтеру

Ешкі аузынан шөп алмас

Сабағына балта шабу

Екі аяғын екі етікке тығу

Маңдайы жерге тию

Жаңа жараның аузын ашу

Отқа су құю

Жегені жүрегінен шықты

Сөздің бояуын тамызу

«Сөз жарысы» тапсырмасы оқушыларға бірдей сөз беріліп, соның құрамындағы дыбыстардан сөз құрау ұсынылады. Ең көп сөз құраған оқушы жетістікке жетеді.

Лексикалық тапсырмаларды тиімді әдіс-тәсілдер арқылы беруде оқушылардың сөйлесім тілдерін жақсарту басты орында тұру қажет. Сондай-ақ қолданылатын тапсырма түрлері баланың жас ерекшелігіне сай болғаны да жөн.

Міне, жоғарыда көріп отырғандарыңыздай, әрбір сабақта тиімді қолданылған тапсырмалар баланың тек сөйлесім тілінің дамуына ғана емес, оның жан-жақты дамуына, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге, оқушылардың сөйлеу тілін дамытып, сөздік қорын арттырады, шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы болып, таным-түсініктерінің кеңеюіне ықпал етеді. Ал біздер сабақта берілетін тапсырма түрлерін сұрыптап қолдана білуге тиістіміз. Нәтижесінде жан-жақты дамыған, жеке тұлға ретінде қалыптасқан егемен елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелей алмақпыз. Ендеше, алдымызда отырған әрбір баланың болашақ тағдыры біздің қолымызда екенін ұмытпайық, – дегім келеді.

### Әдебиет:

1. Бектұров Ш. Қазақ тілі. 2006.
2. Қасабек Қ. Қазіргі қазақ тілі. 2004.
3. Мұхаммади Қ. Қазақ тілінен пысықтау жаттығулары. 2004.
4. Ишмұхамедов Ә. Қызықты грамматика. 1995.
5. Құрманалиева С. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту. 2001.
6. Шадиева Н., Оразбаева Ф. Лексиканы оқытуда қолданылатын деңгейлік тапсырмалар. 2007.
7. Мұқышева М., Исаева С. Қазақ тілінен дидактикалық материалдар. 2006.
8. Дәулетбекова Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. 2006.

**Д.Камзанов, А.Адилова**

*Е.А. Букетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,  
Қазақстан*

### СӘН ДИСКУРСЫНДАҒЫ БӨГДЕ ТІЛДІК АТАУЛАР

**Аңдатпа.** Адам өміріндегі әр алуан қарым-қатынас жағдайында тіл бірліктері оның айтар ойын дұрыс, нақты, бейнелі жеткізуі үшін қызмет етеді, яғни дискурс талаптарына сәйкес туындаған жаңа атаулар да осы мақсатты көздейді. Тілдегі жаңалықтар белгілі бір кезеңге қатысты қарастырылады және олар белгілі бір тілдің ішкі мүмкіншіліктері арқылы немесе бөгде тілден енген кірме сөздер арқылы көрінеді. Жаңа тілдік бірліктер көбіне потенциалды сөздер ретінде алғашында коммуникация қажеттілігінен туындап, біртіндеп белгілі бір шеңберден асып, қолданысқа түседі. Потенциалды сөздер белгілі бір тілдің сөзжасам үлгісімен жасалып, қолданысқа түсуі нәтижесінде сөздік қорға енуі мүмкін болғандықтан, түрлі институционалды дискурс үшін жаңа атаулар көзі бола алады. Қазіргі кезде сән дискурсында кездесетін неологизмдердің көбі осы потенциалды сөздер қатарынан. Олар ағылшын тіліндегі нұсқасында кеңінен жұмсалып, қазақ тіліне де жастар қолданысы, әлеуметтік желі арқылы еніп жатқаны байқалады.

Мақалада сән дискурсындағы осындай неологиялық құрылымдардың мағынасы, шығу тегі, жасалу жолдары нақты мысалдармен көрсетілген. Сән саласындағы жаңа атаулар қосымшалар арқылы, сөздерді біріктіру арқылы, сөздерді басқа мағынаға ауыстыру немесе конверсия арқылы, қысқарған сөздер арқылы, сөз тіркестері арқылы жасалады.

**Тірек сөздер:** жаңа атаулар, кірме сөздер, потенциалды сөздер, сән дискурсы, стиль

**Abstract.** In various communicative situations of a person's life, linguistic units serve to correctly, accurately, figuratively convey his thoughts, that is, new names created in accordance with the requirements of discourse also have this goal. Innovations in language are considered in relation to a certain period and are expressed through the internal capabilities of a particular language or through borrowed words of a foreign language. New linguistic units often arise from the need for communication as potential words, gradually go beyond a certain framework and enter into everyday life. Potential words can become the source of new names for various institutional discourses, since they can enter the vocabulary as a result of the word formation pattern of a particular language. Most neologisms that can be found in fashionable discourse today are among such potential words. They are widely used in the English version and are seen to be making their way into the Kazakh language through the use of young people and social media.

The article uses specific examples to show the meaning, origin, and methods of creating such neological structures in fashion discourse. New names in the field of fashion are created by additions, combining words, changing or transforming words into a different meaning, abbreviating words, phrases.

**Keywords:** new names, borrowed words, potential words, fashionable discourse, style

**Аннотация.** В различных коммуникативных ситуациях жизни человека языковые единицы служат для правильной, точной, образной передачи его мыслей, то есть новые имена, созданные в соответствии с требованиями дискурса, также имеют эту цель. Нововведения в языке рассматриваются применительно к определенному периоду и выражаются через внутренние возможности определенного языка или через заимствованных слов иностранного языка. Новые языковые единицы часто возникают из потребности в общении как потенциальные слова, постепенно выходят за определенные рамки и входят в обиход. Потенциальные слова могут стать источником новых названий для различных институциональных дискурсов, поскольку они могут войти в словарный запас в результате словообразовательной модели конкретного языка. Большинство неологизмов, которые можно встретить сегодня в модном дискурсе, относятся к числу таких потенциальных слов. Они широко используются в английской версии, и видно, что они проникают в казахский язык благодаря использованию молодежи и социальных сетей.

В статье на конкретных примерах показано значение, происхождение, способы создания подобных неологических структур в модном дискурсе. Новые имена в сфере моды создаются путем дополнений, объединения слов, изменения или преобразования слов в другое значение, сокращения слов, словосочетаний.

**Ключевые слова:** новые названия, заимствованные слова, потенциальные слова, модный дискурс, стиль

Тіл адам қарым-қатынасының негізі құралы және халықтың рухын, танымын, ділболмысын, мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қазына болғандықтан, бейресми, ресми, көркем коммуникацияда тілдік құралдарды сан алуан жағдайларға сәйкес тандап қолданатынымыз белгілі. Күнделікті тіршілікте әр адам өз ойын дұрыс, дәл, әсерлі жеткізуге ұмтылады, сол үшін тіл лексикасын орынды, уәжді, коммуникацияның жағдайын, орнын, уақытын, коммуниканттардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып қолданады. Ал бұл дегеніміз тіл бірліктерін қолдану белгілі бір дискурс талаптарынан туындайды деген сөз. Сонымен қатар сол дискурста, қоғамдағы басқа да дискурста пайда болып жатқан жаңа ұғым, зат, құбылыстарды атау, үнемді түрде сипаттау, түсіндіру, адам назарын аудару үшін күнде дерлік жаңа сөз пайда болатыны да белгілі.

Академик Р.С. Сыздық тілдегі жаңа құбылыстарды, негізінен, «біршама ұзақ не бір ауық қысқа мерзімге» қатысты қарастыру қажеттігін айта келіп, мынадай тұжырым ұсынады: «Тілдік жаңалық дегеніміз белгілі бір тілдің даму барысындағы белгілі кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған, яғни мағынасы ауысқан немесе қосымша мағыналық реңкке ие болған бұрынғы сөздер, сондай-ақ тілде жиі, еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер болып танылады» [1, 168]. Ғалым лингвистикалық жаңа бірліктердің пайда болуының себептері мен қолданыс аясын көрсете келіп, жаңа қолданыстарды: «1) әдеби тілге енген немесе ену әлеуеті (потенциалы) бар сөздер (олар нормативті сөздіктерге енеді немесе норма ретінде ұсынылады), 2) ауызекі сөйлеу тілінде орын алып жатқан, әдеби нормаға сай келмейтін жаңа қолданыстар деп ажыратып қарау керектігі айтылып жүргеніне» тоқтала келіп, олардың бәрі бірдей тілде орнықпайтынын айтады. Сонымен қатар, «жаңа лексикалық бірліктердің сан жағынан да, әрі қарайғы даму әлеуеті жағынан да, тілдің толық қанды қызмет етуі жағынан да ең үлкен тобы бөгде тілдік сөздер, оның ішінде кірме деп аталатын бөлігі» деп атап көрсетеді. Бұрындары тілімізге енген бөгде тілдік элементтердің басым бөлігі орыс тілінен және орыс тілі арқылы ауысса, қазіргі кезде мұндай элементтер негізінен ағылшын тілінен екені байқалады және олардың біразы қарым-қатынас қажеттілігінен сөйлеуде туындаған қолданыстар деп саналады.

Ғалым Х.М. Нұрмұқанов 1969 жылы қорғаған диссертациясының қолжазбасы негізінде жарық көрген «М. Әуезов шығармаларындағы эмоциялы-экспрессивті сөздердің мағыналық және стильдік ерекшеліктері» атты еңбегінде сөздің түрлі парадигматикалық, синтагматикалық байланыстарын саралай келіп, көркем мәтіндердегі неологизмдер жасалу жолдарының 7 түрін көрсетеді: 1) Қосымшалар арқылы; 2) Фонетикалық тәсіл арқылы; 3) Сөздерді біріктіру арқылы; 4) Сөздерді басқа мағынаға ауыстыру арқылы; 5) Сөздерді мәтінге қарай өзгертіп қолдану арқылы; 6) Калька арқылы; 7) Сөздерді тіркестіру арқылы [2, 98-110].

Зерттеушінің 1987 жылы жарық көріп, кейіннен шамалы өзгерістермен қайта шығарылған «Сөз және шеберлік» деген монографиясында «неологизмдердің көзі – потенциалды сөздер» [3, 75] деп көрсетеді.

Потенциалды сөздер жекелеген қаламгер идиостилине арналған немесе жаңа қолданыстар, кейде девиантты қолданыстар сөздігінде болмаса, жұртшылыққа таныс түсіндірме, орфографиялық сөздіктерде кездеспейді. Олар белгілі бір тілдің сөзжасам үлгісімен жасалып, қолданылу жиілігі нәтижесінде сөздік қорға енуі мүмкін. Профессор Х.М. Нұрмұқанов олардың «қажетті тұстарда жасалып, жарыққа шығып жатқанын» көрсете келіп, потенциалды сөздерді былай анықтайды: «... әр тілдің ішкі мүмкіндіктері негізінде әрі сөз тудыру тәсілдеріне, тіл практикасына лайық тұлғаланған авторлық жаңа қолданымдарды атауға болады» [3, 76]. Мысал ретінде Қ.Бекхожиннің «Көздерінің алашығы ұлғайып, Жанарынан жылыстапты нұр тайып» деген жолдарындағы сөздік қорда бар қарашық үлгісімен жасалған алашық сөзін келтіреді.

Жаңа сөздердің басқа түрі – «окказионализмдер дегеніміз жасалу жолдары дағдылы көрінбей, не мағыналары айқын болмай, не тіл практикасына келісімді келмей, қысқасы, аса табиғилық таныға қоймай тұратын авторлық қолданымдар» деп анықтайды да, «Алауыртқан тандардан сені іздедім, Қарауытқан таулардан сені іздедім» (М.М.) деген мысалды келтіреді. Окказионалды сөздер – тек сол контексте ғана қалып, қолданысқа түсу мүмкіндігі өте аз қолданыстар.

Х.М. Нұрмұқановтың бұл пікірлері көркем мәтіндердегі сөз жұмсалыуына қатысты болғанмен, қазіргі түрлі дискурста уақыт талабымен көптеген жаңа сөздер пайда болып, қолданыста жүргені белгілі, яғни «ана тілінің абызы» атанған Р.С. Сыздық атап көрсеткен жаңа қолданыстар (кірме, бөгде тілдік сөздер) жиі кездеседі. Мәселен, осы қатарда біз қарастырып отырған сән дискурсында соңғы 10-15 жылда тоқсан сайын немесе маусымдық сән топтамасы шығарылған сайын бұқаралық ақпарат құралдарында, дискурс субъектілерінің (коммуниканттарының) тілінде (сөйлеуінде) кездесетін неологиялық құрылымдарды атауға болады. Заманауи сән дискурсындағы мұндай бірліктердің бәрі потенциалды сөздер тобынан ауысқан жаңа лексемалар деуге болады.

Қазіргі уақытта сән дискурсындағы неологизмдер жиі қолданылғандықтан және қоғамдағы әлеуметтік топтардың бәрі тез қабылдағандықтан, олар барлық жастағы адамдардың құндылықтары мен дүниетанымын қалыптастырып, айтарлықтай әсер етуде. Мысалы, қазір жынысына қарамастан 1 жастағы сәбиден бастап 80-90-дағы адамдарға дейін 1950-1960 жылдары пайда болған кежуал (ағылш. *casual*) деп аталатын стильдің негізінде кейінгі жылдары жасалған күнделікті (*ол-аум-кэжуал*, *all-out-casual*), (*бизнес-кэжуал*, *business-casual*), (*смарт-кэжуал*, *smart-casual*) (*іскерлік*), еркіндікті насихаттайтын (*смайт-кэжуал*, *street-casual*), демалысқа арналған (*спорт-кэжуал*, *sport-casual*) киімдер топтамаларын пайдаланады.



Сән дискурсында неологизмдер сән индустриясының дамуымен бірге пайда болады және жаңа трендтерді, брендтерді немесе технологияларды атау үшін пайдаланылуы мүмкін. Басында көбінесе бұл сөздер салаға қатысы жоқ адамдар үшін дағдылы емес немесе түсініксіз болып көрінуі мүмкін, бірақ олар тез танымал болып, жастар арасында, әлеуметтік желілерде кеңінен қолданылады. Қазіргі кезде елімізде еш өзгеріссіз қолданылып жүрген жаңа қолданыстарды атайық:

- Хайбист (haibist) сән үрдістерін ұстанатын және талғамы жақсы адам.
- Тишка (t-shirt) – футболка;
- Свитшот (sweatshirt) – жеңіл толстовка;
- Худи (hoodie) – капюшоны бар толстовка;
- Бомбер (bomberjacket) – алдыңғы ілгегі, манжеттері бар қысқа куртка;
- Тренчкот (trench coat)- Тренчкот (trench coat) – қос бортты плащ;
- Лонгслив (long sleeve) – ұзын жеңді футболка;
- Лоферлер (loafers) – пішіні мокасиндерге ұқсайтын, бірақ өкшесі және қатты табанымен ерекшеленетін баусыз аяқ киім үлгісі;
- Слиперы (slippers) – кішкене тілі бар жартылай жабық, баусыз аяқ киім;
- Оксфорд (oxfords) – баулы, жабық, жартылай классикалық аяқ киім;
- Угги (uggs) – қой терісінен жасалған етік, іші жүн, сырты күдері (замш);
- Крипер (creepers) – жоғары платформалы етік;
- Сникерс (sneakers) – тобықтан биік спорттық аяқ киім;
- Флип-флопы – (flip-flops) – саусақтардың арасында бау өткізілген шлепка;
- *crop top* (cropped top) – классикалық топтың қысқартылған нұсқасы;
- *swinter* – (*summer* + *winter*) – адамның маусым ауа райына сәйкес келмейтін киімдерді кию үрдісі;

boho-chic – богемиялық стиль мен хиппидің әртүрлі элементтерінің әсерінен пайда болған сәнді стиль;

officescore – бұл кең таралған іскерлік стильдің таныс эстетикасы;

«athletic (атлетикалық) және бос уақыт (leisure)». Ал стильдің өзі спорттық, кездейсоқ тандалған және классикалық стильдердің сипаттамаларын біріктіреді.

Athleisure – бұл көбінесе спорттық жаттығулар жасауға қолайлылыққа негізделген стиль. Athleisure – спортпен айналысуға ыңғайлы және қолайлы болса да, сонымен қатар басқа іс-шараларға киюге жеткілікті сәнді және тартымды киім үлгісі [4].

«Athleisure» стилінің танымал болуы бірнеше себептермен негізделуі мүмкін: 1) соңғы жылдары спорт, дұрыс тамақтану және белсенді өмір салты тақырыбының белсенді түрде көтеріле бастауы, 2) материалдық мәдениетті тұтытуда мемлекеттер арасындағы шекаралардың жойылуы, 3) геронтология ғылымының дамуына байланысты адамдар психологиясының өзгеруі, яғни киім киюде жас, жыныс тұрғысынан шектеулердің азаюы.

Соңғы 3 жылда белсенді қолданылып жүрген атаудың бірі – Old money («ескі ақша») стилі. Оның негізгі принциптері 19 ғасырдың аяғы – 20 ғасырдың басында, әлеуметтік жағдайы жоғары атақты америкалық және еуропалық отбасылар қоғамдық өмірге белсенді түрде қатыса бастаған кезде дамыды. Олардың әдемі, сәнді, қымбат бағалы киімдері бұқаралық ақпарат құралдары, газеттер, журналдар, кейінірек кино және теледидар арқылы қалың бұқараға танылды. Сол кездегі ақшалы адамдардың, жоғарғы тап өкілдерінің киімі, жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынас ережелерін олардың ұрпақтары (немерелері, шөберелері) ұстанымдарына айналдырып, күнделікті өмірге енгізді. Ал бұл біздің ғасырымыздың 20-жылдары соларға еліктеу арқылы трендтер мен заманауи этикетке айналды.

Old money стилінің басты қағидасы – әл-ауқатын жарияламай, қоғамда дәстүрлі мінез-құлық, әдепті сақтай отырып, өзін сенімді ұстау, үйлесімділікті ұстану, сенімділік тудыру. Өте қарапайым көрінгенмен, қымбат тұратын киім, зергерлік бұйымдар – бұл стильдің негізгі белгісі.

Old money стиліндегі адамдар өздерінің қаржылық артықшылықтарын киім, зергерлік бұйымдар, антикварлық коллекциялар және түпнұсқаларды көшірмелерден дәл ажырата алуы арқылы көрсетеді.

Жоғарыдағы мысалдардан сән саласындағы неологизмдерді қалыптастырудың бірнеше тәсілін байқауға болады:

1) Қосымшалар арқылы: Бомбер (bomb ‘бомбалау’ + – er жұрнағы = bomber) – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ әуе күштерінің ұшқыштарына арналған куртқа түрі. Уақыт өте келе ол негізінен әскери формадан көпшілікке ыңғайлы киімге айналды. Басында пилоттар куртқасының айрықша белгілері – жең ұштарын және белді қусырар жеріндегі резеңке жолақтар; Чокер (Choke (түншықтыру) + – er жұрнағы = choker) – мойынға жабыса оралған қысқа, өте сәнді алқа; слипер (sleep (спать) + – er жұрнағы = sleeper) – о баста жатар алдында аяққа іле салар ретінде, яғни үйде ғана қолданылса, қазір жас-кәрі көшеге де, салтанатты кештерге де кие береді. Крипер (creeper +er), сникер(sneak+er) сөздері де осы тәсілмен жасалған.

2) Сөздерді біріктіру арқылы: Қазақ тілінің сөзжасамына да тән екі түбірдің бірігуі арқылы жасалған сөздер қатарында свитшот (sweat shirt), тренчкот (trench coat), лонгслив (long sleeve) сияқты киім, officecore, cottagecore секілді стиль атаулары кездеседі. Ал сән дискурсының субъекті ретінде жиі қолданылатын сникерхед (ағылш. Sneaker + head) – кроссовкаларды жинаумен айналысатын адам. Сникерхед кроссовка индустриясындағы барлық жаңалықтармен таныс және аяқ киімнің нақты екенін немесе көшірме екенін ажырата алады.

Осы сөзжасам түрінің ерекше мысалын көрсететін сөздер қатарында Vandals = Boot’ботинок’ + sandals ‘сандалии’; Jeggings = Jeans ‘джинсы’ + leggings ‘леггинсы’ = jeggings; Tregginigs =Trousers ‘шалбар’ + leggings ‘леггинсы’; swinter = summer

+ *winter* бірліктерін атауға болады. Бір қарағанда қысқарған сөзге де ұқсайтын бұл аталымдар толық мағыналы сөздердің бөліктерін (әрпі, буыны) біріктіру арқылы жасалып, киімнің жаңа түрін атап тұр, яғни қазақ тіліндегі білезік сөзінің жасалуына ұқсас.

3) Сөздерді басқа мағынаға ауыстыру арқылы немесе конверсия, яғни сән дискурсында қолданылып жүрген жекелеген сөздер ешқандай аффикстің көмегінсіз түбірдің не негіздің басқа сөз табына ауысуы, басқа сөз табының қызметін қабылдауы арқылы жасалған. Жалпы, конверсиялық тәсіл – ағылшын тілінің сөз жасам жүйесіндегі ең өнімді, актив тәсілдердің бірі, соның нәтижесінде бұл тілде мұндай сөздердің саны 7000-нан асатынын ғалымдар 40-жылдай бұрын атап көрсеткен екен [5]. Конверсияның мысалы ретінде сән саласының келесі сөздерін атауға болады: Plexiglas (n) – икемді пластиктен жасалған мөлдір (прозрачный) элементтері бар аяқ киім және Plexiglas (n) – органикалық шыны; гранж стилі (ағылш. grunge, «балшық», «жырту», «немқұрайлылық»). Осы қатарда оксфорд эпонимін де қарастыруға болады.

4) Қысқарған сөздер арқылы: CP (creative pragmatist) – креативті прагматиктер ыңғайлы, қарапайым киінсе де, креативті, бірегей, ешкімге ұқсамай киінетіндер. Креативті прагматиктердің гардеробындағы ең қарапайым элементтердің өзі ақпаратты, яғни түстердің, текстуралардың, кейбір күтпеген бөлшектердің ерекше комбинациясы арқылы қоршаған ортаға олардың өзіне тән тұлғалық ерекшеліктерін көрсетіп тұрады. Сән дискурсындағы соңғы тренд 12-Moer 12 («12 Month-er» деп аталады, яғни жылдың барлық он екі айында киюге болатын киім. Әмбебап 12-MO» er, мысалы, жұқа жемпір, шалбар, джинс заттар. PDW қысқарған сөзі де қазір жиі қолданылатын аббревиатура. Америкалық Эми Смилович (Tibi) енгізген бұл сөзбен (Play, dinner, work) кез келген жағдайда киюге келетін бір киімді атайды, яғни демалысқа да, түскі асқа да, жұмысқа да киюге болатын киімдер. Әрине, гардеробтың барлық элементтері PDW болуы шарт емес, бірақ база ретінде кең күрте, қара атлас юбка және кішкентай қара көйлек, жайлы өкшелі аяқ киім болуы мүмкін. Ал толық мағыналы сөздердің қысқаруынан жасалған күрделі неологизм ретінде **буркиниді атай аламыз**. Бурка + бикини, кейде **бодикини** деп те аталады) – мұсылман әйелдерге арналған суда шомылатын киім. Екі бөліктен тұратын киім басты жабатын күләпарасының арқасында шарифат талаптарына сай деп есептеледі. Тігісіне қарай, буркини пижамаға жақын келеді және әйел адамның табаны, алақаны және бетінен басқа дене мүшелерін жауып тұрады. Тек жүзумен ғана емес, сонымен қатар басқа да спорт түрлерімен айналысуға арналған нұсқалары бар.

5) Сөз тіркестері арқылы: Old money, **Low-key Luxury**, have to have, Must have, boho chic.

Аталған сөздердің бәрі о баста неологизм болғанымен, біртіндеп жалпыхалықтық сипатқа ие болып отыр, оның себебі жоғарыда «athleisure» стиліне қатысты айтыл-

ғандармен қатар, әлеуметтік желілерде, массмедиада, жастар тілінде, салалық БАҚ-та қолданылуында және қызығушылықтың күннен күнге артуында.

Қорыта айтқанда, сән дискурсындағы неологизмдердің көбі, қажет тұстарда жасалып, белгілі бір контексте қолданылған потенциалды сөздер. Келтірілген біраз сөздерді о баста Tіbі брендінің әйелдерге арналған киім топтамасын сипаттау үшін дизайнер Э. Смилович қолданып, ұсынғаны осыны дәлелдейді. Ағылшын тілінің сөзжасам үлгілеріне жат болмағандықтан, бұлар жалпыхалықтық қолданысқа түсті деген пікірдеміз. Айта кету керек, қазақ тіліндегі заманауи сән дискурсында бұл сөздер дәл өз қалпында, аударылмай жұмсалып жүр.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс бапасы, 2009. – 272 б.
2. Нұрмұқанов Х. Шығармалар. II том. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010.
3. Нұрмұқанов Х. Шығармалар. I том. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010.
4. <https://dictionary.cambridge.org/ru>
5. Уфимцева А.А. Слова в лексико-семантической системе языка. – Москва, 1968.

### Г.Мұхамеджанова

*Манаиш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,  
PhD (философия докторы)  
Қазақстан*

## ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БАҒЫТТА ОҚЫТУ

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми мақаланың негізгі нысанына сөз орамдарын тіл және мәдениет контексінде қарастыру, олардың танымдық және бейнелілік сипатының ұлттық-мәдени фонын айқындау, жалпы орта білім беретін мектеп оқулығындағы қазақ халқының көрнекті өкілдерінің шығармаларындағы сөз образдарды талдау арқылы ұлттың көркем ойлау жүйесін, қазақи дүниетанымның өзіндік ерекшелігін көрсету және әдеби теориялық ұғымдарды менгертуде тәжірибелік тапсырмалардың алар орнын анықтау алынды.

**Тірек сөздер:** лингвомәдени аспект, лингвомәдени бірлік, көркем туынды, көріктеуіш құралдар, деңгейлік тапсырмалар.

**Abstract.** The main purpose of this scientific article is to consider expressive words in the context of language and culture, to determine the national-cultural prerequisites of

their cognitive and pictorial nature, to show the system of artistic thinking of the nation, the originality of the Kazakh worldview, by analyzing verbal images in the works of outstanding representatives of the Kazakh people in general school textbooks and determined the role of practical tasks in the assimilation of literary theoretical concepts.

**Keywords:** linguistic and cultural aspect, linguistic and cultural unit, fiction, expressive means, level tasks.

**Аннотация.** Основная цель данной научной статьи – рассмотреть выразительных слов в контексте языка и культуры, определить национально-культурные предпосылки их познавательной и изобразительной природы, показать систему художественного мышления нации, своеобразие казахского мировоззрения, путем анализа словесных образов в произведениях выдающихся представителей казахского народа в общеобразовательных школьных учебниках и определялась роль практических заданий в усвоении литературоведческих теоретических понятий.

**Ключевые слова:** лингвокультурный аспект, лингвокультурная единица, художественное произведение, выразительные средства, уровневые задания.

Адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі басты категориялардың бірі ретінде саналатын тіл арқылы адам қоғамдық-элеуметтік жағдайда қарым-қатынас орнатып, өзінің рухани-талғамдық сұранысын көркем ойлау жүйесімен сабақтастырады. Сол себептен де қазіргі кезеңде тілдің куммулятивтік және поэтикалық қызметіне негізделген халықтың әдеби-тілдік дәстүрімен ұштасатын поэтикалық тілдің өзіндік заңдылықтарын және оның эстетикалық құрал ретінде жұмсалудың, көркем сөз кестесінің жасалу жолын, көркем сөз құралдарының тілдегі көрінісін тілтаным ғылымы лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, лингвогносеологиялық бағыттарда зерттеуге ерекше көңіл бөліп отыр.

Халқымыздың поэтикалық көркемдік жүйесі, ондағы бейнелеуіштік тіл үлгілері, көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдары арқылы көрінетін көркемдік әлемді тілдік құбылыс арқылы зерделеу лингвистикалық поэтиканың лингвомәдени бағытының теориялық және әдістемелік тұғырын қалауға, оған қажетті пайымдаулар жауауға, тың тілдік материалдарды ғылыми айналымға түсуге мүмкіндік береді. Яғни, тіліміздегі поэтикалық үлгілерді қазақтың этникалық мәдениеті контекстінде қарастыру тіл білімінің лингвистика, лингвистикалық поэтика секілді салаларын ғылыми зерттеудің интерпәндік сипаттағы жаңа бағыттарымен ұштастырады. Өйткені, поэтикалық тіл үлгілері, соның ішінде бейнелеуіш құралдардың астарындағы мәдени фонаның танымдық, тілдік, діни болмысының қыр-сырына тереңірек үңілу «үлт болмысын оның тілі арқылы танып білу» [1, 37-б.] болып табылады.

Тілдің көріктеуіш құралдары жайындағы ой-пікірлер А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев секілді тілтаным ғылымының негізін салушы ғалымдардың еңбегінен

бастау алып, кейіннен Ғ.Мұсабаев, І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев, М.Балақаев, Р.Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапты.

Тілдің көріктеуіш құралдарын тілдік және танымдық негізін тануға бағытталған қазіргі ғылыми зерттеулерде Р.Сыздық, Т.Қоңыров, М.Серғалиев, т.б. еңбектері негізге алынады, олардың жұмыстарында теңеу, эпитет, перифраз, метафора, метонимия, синекдоха секілді троп түрлерінің көркемдік ерекшеліктері сараланып, жан-жақты қарастырылған.

Қазіргі ХХІ ғасыр әдебиеттану ғылымында әдеби теориялық ұғымдар когнитивтік лингвистика және мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы тұрғысынан қарастыруды қажет етуде, өйткені кез келген халықтың поэтикалық тілі ұлттық ойлау жүйесіндегі көркемдік мәнмен айшықтанатын бейнелі тілдік оралымдар арқылы көрініс береді.

Жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тілдің көріктеуіш құралдары пән бағдарламасындағы оқу мақсаттары негізінде беріледі. Білім алушылар көркем шығарманы оқу барысында қазақи дүниелердің басын құрайтын заттық және рухани мәдениеттің түрлерінен жасалған сөз орамдарының мағынасын ұғыну, ондағы ұлттық нышандарды тану арқылы рухани әлемін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыра алады.

Қазіргі заман талабынан алғанда, орта білім беру жүйесінде оқушылар сөз өнерін тануда коммуникативтік қызметке бағытталған оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым секілді әрекеттермен жұмыс жасайды. Алайда тілдің атқаратын кумулятивтік қызметіне де баса назар аударылуы керек.

Ұлттық мектепте оқытылатын тіл мен әдебиет пәні білімділік пен тәрбиелік қызметтерді атқаратын негізгі пәндердің бірі, өйткені оқушылар осы екі пәнді оқу арқылы сауатты жазуға, белгілі бір тақырып шеңберінде өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыланады, сонымен қатар сабақ барысында халықтың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрыптарынан хабардар боп, өмірде кездесетін ырым-жоралғыларды біліп, елдік мұраттарды дәріптеуге үйреніп, қазақи әлемді жүрекпен сезінетін болады.

Білім алушы әдебиет сабағында халқымыздың көрнекті тұлғаларын тани отыра, олардың шығармаларымен танысып, көркем туынды арқылы адамзаттың асқақ арманын, ел басынан кешкен тарихты, ерлік-батырлықты ту еткен елдікті білетін болады. Сондай-ақ адамдар арасындағы сыйластық, жарасымдықты, әсемдікті дұрыс бағалай білуге, сөз өнері арқылы рухани азық алуға үйренеді. Ал ұстаздың міндеті – оқушыларды адамгершілік-эстетикалық қасиетке баулып, оның көркем талғамы мен қажеттіліктерін ұлттық бағытта қалыптастыру болып табылады.

Мектеп оқулықтарында тілдік құралдарға байланысты оқыған шығармаға қатысты мақал-мәтелдерді келтіру, олардың мағынасын ашу, фразалық оралымдардың мәнін түсіндіру, тұрақты оралымдардың шығарма идеясымен байланысын анықтау,

мәтіннен нақыл сөздер, айшықтау құралдарын табу секілді тапсырмалар берілген. Біздіңше, тілдік құралдардың ұлттық-мәдени қырын ашатындай тапсырмалар да берілуі керек. Өйткені жас ұрпақ тілдік құралдарды ұлттық бағытта талдау арқылы ділімізді кумулятивтік жағынан тани алады. Яғни, тіліміздегі мәдени бірліктер арқылы сөздің астарлы мәнін түсініп, қазақи әлемді ұғына алады.

Сақ етер тиді саныма,  
Сақсырым толды қаныма.  
Жара бір қатты жан тәтті  
Жара аузына қан қатты [2, 158-б.]

Поэтикалық бейнелі сөздер қатарындағы жан тәтті тіркесінің астарына үңілер болсақ, халық танымында ұлылардан қалған ұлағат ретінде жан тәтті, мал тәтті, жар тәтті деген ұғымдар бар, яғни, адам үшін ең бір қымбат дүниелерді меңзейді. Яғни, «өмір сүру – өте қымбат» [3, 357-б.] деген мағынаны білдіреді. Халықтың жан дүниесін дәл танытатын қысқа нақты сөздердің логикалық мәні: өмір қысқа, өмір – мәңгі емес, уақытша дүние екендігін білдіріп, ақиқат дүниенің шындық болмыспен байланысын көрсете отырып, эностың образды ойлауымен ұштыстырылады. Демек, суреткердің образды ойлауы тілде поэтикалық сөздер арқылы беріледі, оларды этностың ұлттық-мәдени-танымдық фонында қалыптасқан, этностың дүниеге көзқарасын көрсететін тілдік деректер деп есептеуге болады. Сондықтан оларды жалпыхалықтық және этностың ерекшелігі негізіне қарай бөліп қарастырады.

Малда да бар жан мен тән,  
Ақыл сезім болмаса,  
Тіршіліктің несі сән,  
Тереңге бой қоймаса [4, 15-б.]

«Жан» жалпы қолданыста нақты бір абстракциялық-сындық сипатқа ие, ал жеке авторлық қолданыста оқиғалық-себептік сарында берілген. Жан – тілдік деректерде «адам» дегеннің орнына алмасып қолданылады, тілдің көріктеуіш құралы тұрғысынан синекдоха ретінде жұмсалады. Бұл сөз тіркесі тілдік суреттеулер арқылы поэтикалық сипат алған, оның лексика-семантикалық мағынасының астарына үңілер болсақ, біріншіден, жан – жылжымалы өзіндік пішіні бар деректі зат, яғни бастапқы мағынасы бойынша денотат болып табылады, екіншіден, жан адам тәнімен мәңгілік өмір сүрмейді, оған тәуелді емес деуге болады, үшіншіден, жан – тек жаратушы күшке ғана тәуелді екенін, төртіншіден, жан – адам деген сөздің орнына балама ретінде жұмсалатын тілдік бірлік, бесіншіден, жан – адам баласына үнемі тыныштықты қа-

жет етегін құбылыс, алтыншыдан, жан – тән бар жерде ғана өмір сүретін нәрсе, жетіншіден, жан – өмір мен өлімге қатысты күрделі лингвофилософиялық бірлік, сегізіншіден, жан – адамның қалып-күйіне қатысты психолінгвистикалық ұғымды береді. Сабақ барысында білім алушылар осындай тілдік құралдарды жан-жақты талдау, оған дәлелдемелер келтіру арқылы халықтың рухани-мәдени құндылықтарының қайнар көзін анықтап, ұлттық сананың ділдік және діни өзегін бағалауға үйренеді.

Әр жазушының ойлауы мен түйсінуде, қиялдануы мен сезінуде өзіндік танымдық сипат болуымен қатар өз шығармасында ұлттың рухани құндылықтарын тілдік тұрғыдан пайдалана отырып, көркем туындысының идеялық-эстетикалық мазмұнын ашатын образдылық мәнге ие тілдік құралдарға барынша экспрессивтік-эмоциялық күш дарытып, оның поэтикалық қызметін арттырады.

Мектепте оқылатын тілдік құралдардың бірі – «зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, менталдық қасиетіміз бен ғасырлық салт-дәстүрімізді терең біліп, дүниетанымызды кеңейте түсудегі маңызы айрықша халық даналығының қоры» [5, 316-б.] мақал-мәтелдер болып табылады. Қазақ тілінде сандарға негізделген мақал-мәтелдер жиі кездеседі: Мың қайғы бір борышты өтемейді, Ер бір рет өледі, ез мың рет өледі, Жақсы кісі қырқында толады, жаман кісі қырқында солады, мұндағы мақал-мәтел құрамындағы «мың» сөзі сандық жүйедегі тура мағынасында емес, ал «бір» саны сол «көптің бәрі емес, нақты бірі» деген мағынаны білдірсе, «қырық» саны адамның жас жасауына қатысты өлшем жүйесіндегі орталық нүктені «адамның ақыл-ойының кемеліне келіп, әбден толысатын кезеңі» ретінде берілген. Мұндай сандардың тура атауыштық мәннен «көптік» пен «нақтылық» мәндердің бірлігі мен біртұтастығына қарай ойысуы өзара салыстырушы және салғастырушы қайғы мен борыш, жақсы мен жаман, ер мен ез сияқты түсініктердің ассоциативтік байланыстарына эмоционалдық-экспрессивтік реңкі үстемелеп, паремиялық мән-мазмұнның этникалық мәдениеттің элементтерін бейнелейді. Сондықтан мақал-мәтелдер өзінің мазмұны жағынан халық өмірінің әр түрлі саласынан хабар береді, ұлттық болмыс ерекшелігінің негізінде қалыптасып, көріктеу жағынан шығарма тіліне мәдени ұлттық сипат береді.

Халқымыз ерте заманнан-ақ түрлі заттар мен құбылыстарға баға беріп, олардың жеке қасиеттері мен ұқсас тұстарына ерекше мән беріп, көңілге түйгендерін көркем тілмен сипаттап, осы күнге дейін сақтаған, соның нәтижесінде киелі сандарға қатысты этникалық білім қорындағы бейнелі пайымдар мақал-мәтелдерде былайша көрініс береді: Жеті атасын білмеген – ұл жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмеген – ел жетесіз, Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл, құлағы мен жағын жер, Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі. Бұдан жеке адам мен социум арасындағы байланыстың, қарым-қатынастың рухани-ділдік өзегін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлер жүйесінің құрайтындығын көреміз, өйткені жеті аталық дәстүр қазақ ұғымында ұлт рухының өміршендігін ұстап тұрған генеалогиялық тіндік тұғыр саналады.



Ол тұғыр ұжымдық және жеке сананың терең қатпарында қалыптасып, тектілік жайлы түсініктермен сипатталып, дүниенің тілдік бейнесінде көрініс береді.

Жеті ата – қазақ дәстүрінде аталық жағынан текті тарату: бала, әке, ата, үлкен ата, баба, түп ата, тек ата, әр қазақ жеті атасын білуге міндетті, қазақтар жеті атаға дейін қан бұзылады деп, қыз алысып-беріспейді, сонымен қатар бір атаның баласы туыс деп саналған. Қазақта жеті санына қатысты жеті қазына, жеті жоқ, жеті жұт, жеті ғашық секілді ұғымдар көптеп кездеседі. Олардың өзіндік шығу тарихы бар, жас ұрпақ ұлттық дүниелерімізді танып-біліп өсуі керек.

«Жеті» санының киелі сипат алуы ертеде қазақ халқының танымында «Жеті қарақшы» жұлдызының киелі саналуына тікелей байланысты, яғни адам болмысының тігімен үш қат, көлденеңнен төрт құбыла, ал екеуінің қосындысы жеті, сондықтан жеті бүкіл әлемнің нышаны болып табылады. Қазақтар жер тараптарын, түн мен уақытты айыру үшін Жетіқарақшы шоқ жұлдызын пайдаланған. Сондықтан «жеті қарақшыны таныған, жеті күнде адаспас» секілді мақалдар дүниеге келген.

Ерте заманғы қазақ ұғымында адам жеті тілді меңгерсе, ел арасында дана, ақылды деп есептелінген. Сол үшін «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп босқа айтпаған.

Қарғыс жеті атаға жетеді, Туған да алтау едік, өле-өле жетеуіміз, Алты аға бірігіп, әке болмас, жеті жеңге бірігіп, жеңге болмас, Жұт жеті ағайынды дегендей мақал-мәтелдер дәстүрлі тұрмыстық мәдениетіміздің элементтерінен алынған.

Салт-дәстүрімізге қатысты наурыз мейрамында ұлттық асымыз болып табылатын «Наурыз көженің» жеті түрлі тағам қосындысынан жасалуы, жұма күні жеті шелпекті пісіріп, ата бабамызға дұға бағыштау да – жеті санымен кодқа түскен діни сипаттағы танымдық дүниелеріміз. Осындай этникалық мәдениетіміздің тұғырын құрайтын наным-сенімдер, әдет-ғұрпымыздың жүйесінде жинақталған іс-тәжірибенің пайымдық деңгейі санау жүйесіне де қатысының барлығын, яғни киелі сандар арқылы кодталуы тілдің куммулятивтік қызметімен астасып жатыр.

Тілдік құралдар арқылы оқушылар этно-мәдени-танымдық ақпараттармен танысады, сөз өнерінің иелері болып табылатын ақын-жырауларға тән қасиеттердің біріне – абстрактілі ұғымдарды ой елегінен өткізу, адресант санасында қалыптастыру екендігін түсінеді, осы тұрғыдан келгенде «тілдік құралдар – тіл арқылы ұсынылған көркем бейнелердің баға жетпес қоймасы, сол халықтың эстетикалық талғамын танытатын айнасы, әсемдікпен қиял дүниесіне деген құштарлықтың көрсеткіші» болып табылады. [6, 116-б.] Біздер, осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, қала мектептерінде тәжірибе ретінде жасаған тапсырмаларымызды ұсынбақпыз.

Біздің ұсынып отырған тапсырмамыз – *көріктеуіш құралға лингвомәдени талдау жасау*. Көріктеуіш құралдарға лингвомәдени талдау – көркем мәтіндегі метафора, эпитет, кейіптеу, теңеу, прецеденттік мәтін және т.б. көріктеуіш құралдарда сақталған ұлттық мәдени нышанды табу.

«Әрбір жазушы, егер ол шын суреткер болса, әдебиетке өзінің өмірбаянын, өз тақырыбын ала келетіні белгілі. Жазушының қолтаңбасы, стилі, концепциясы дегендер осы тақырып ерекшелігінен туындайды» [7, 158-б.] дегендей, мектепте оқушылар әр шығарманы оқи отыра, жазушылардың өзіндік әлемімен танысады, жалпы әдеби тақырыптың мәнін ұғынады.

«Нағыз әдебиет – ғылыми дағды, салтанатымен емес, табиғи бітімімен көрікті, сұлулыққа толы философия» [9, 72-б.] болып табылады, сондықтан да әр көркем шығарма сол негізде құрылып, адамның ой-санасы мен парасатына әсер етеді. Мектеп оқушылары көркем туындыны оқи отыра, дүниетанымын қалыптастыра отырып, тілдік құралдардың өзіндік қыр-сырын ұғынады.

Біздің ойымызша, жалпы орта білім беретін мектептерде тілдің көріктеуіш құралдарын оқытуда тәжірибелік тапсырмалар арқылы оқушылардың сауаттылықтарын арттыруға, қазақи ойлау қабілеттері мен сөйлеу мәдениетін дамытуға болады.

Мектеп оқушыларына «Көркем шығарманы ғана емес, әдебиеттануға қатысты әдеби-сын, ғылыми-зерттеу еңбектерін оқыту – білім көлемін кеңейтудің негізі» [10, 6-б.] болып табылады. Өйткені, білім алушылар да әр пән бойынша адамзат өркениетіндегі ғылымның соңғы жетістіктерінен әрқашан хабардар болуы керек деп ойлаймыз.

#### **Әдебиет:**

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.
2. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 2019. – 256 б.
3. Смагулова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным, 2020. – 125 б.
4. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Атамұра, 2019. – 192 б.
5. Қайдар Ә. Қазақ тіл білімі тарихы. – Алматы: Елтаным, 2016. – 365 б.
6. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
7. Тамабаева Қ. Көркем шығарма және оны талдау жолдары. Алматы: Техноэрудит, 2019. – 160 б.
8. Жәмбек С., Глеубердина Г. Әдебиет теориясы. Алматы: Техноэрудит, 2019. – 208 б.
9. Мәдібаева Қ., Мүлік Д. Көркем шығармадағы тарихи тұлға бейнесі. Алматы: Техноэрудит, 2019. – 208 б.
10. Алпысов Қ. Көркем мәтінді әдеби талдау. Алматы: Техноэрудит, 2019. – 180 б.

**Н.Примашев**

*Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының  
Лингвистика орталығы, заң ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **ЗАҢНАМАНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МӘТІНІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ҒЫЛЫМИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМАНЫҢ ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕСІНЕ**

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасының тарихи, этникалық және тілдік дамуына байланысты ұлттық заңнама қазақ және орыс тілінде әзірленеді. Шындығында, заң жобаларының орыс тілінде әзірленіп, кейіннен қазақ тіліне аударылатыны баршаға белгілі. Тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілінде 2-3 заңның жобасы ғана әзіргенін де барлығы біледі. Осындай практиканың салдарынан ұлттық заңнаманың қазақ тіліндегі мәтінінің сапасы бойынша мемлекет пен қоғам тарапынан орынды сынға алынып келеді. Әзірге түрлі объективтік және субъективтік себептерге байланысты заңнаманың қазақ тіліндегі мәтінінің орыс тіліндегі мәтініне теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету қол жеткізілмей келеді (жалпы, мамандар арасында ондай жағдай қажет пе деген сұрақ та туындап тұрады кей кездерде).

Осындай жағдайдың шығудың бір жолы, әрі заң шығару процесінің маңызды кезеңі ретінде заң жобаларына, ратификациялауға жататын Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға,

сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына (бұдан әрі – Жобалар) ғылыми лингвистикалық сараптама (бұдан әрі – ҒЛС) енгізілген болатын. Өкінішке орай, институцияланғанына он жылдан астам уақыт өтсе де практикалық қос тілділік жағдайында заң шығару процесінің басым түрде орыс тілінде жүргізілуіне орай, заңнамалық актілердің қазақ тіліндегі мәтінінің жоғары сапасын қамтамасыз етуде ҒЛС-тың әлеуеті толық пайдаланылмай келеді. Оның құқықтық та, тілдік те маңыздылығына қарамастан, әзірлеуші мемлекеттік органдар тарапынан жобаларға ҒЛС-ты қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастыру ісіне қажетті деңгейдегі көзқарас қалыптаспай келеді.

Заң шығару процесінде қолданылатын ғылыми сараптамалардың бірі ретіндегі ҒЛС-тың Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны 2011 жылы мәжбүрлі түрде институциялауына, онымен тікелей байланысты Конституцияның

7-бабының сақталмауына, заң саласы мен ғылыми-құқықтық ортадағы қазақ тілінің әлсіздігі және т.с.с. өзекті себептерге қарамастан, мемлекеттік органдардың оны регламенттейтін қолданыстағы заңнаманы бұзуы жаппай орын алып отыр.

Қолданыстағы заңнамада да, практикада да ҒЛС-тың сан алуан аспектілерін тең дәрежеде реттеуге мүмкіндік болмай келеді. Оның себептерінің кешендік сипаты екені заң шығару процесінің барлық субъектілері үшін белгілі екені де дау тудырмайды. Бірақ соған қарамастан, әзірге ҒЛС саласында проблемалар өте көп. Сондықтан мақаланың тақырыбы мен оның мазмұнына себеп болған проблемаларды көрсету де ҒЛС-тың толыққанды жұмыс істеуіне септігін тигізе алады деп пайымдалады.

**Тірек сөздер:** заңнама, заңнаманың тілдік сапасы, лингвистика, ғылыми лингвистикалық сараптама, әлеует, ұйымдастыру проблемалары.

**Abstract.** The national legislation of the Republic of Kazakhstan in connection with the peculiarities of historical, ethnic and linguistic development is being developed in Kazakh and Russian languages. In fact, it is well known that draft laws are developed in Russian and then translated into Kazakh. Everyone knows that since Independence, only 2-3 draft laws have been developed in the Kazakh language. As a result of this practice, the state and society rightly criticize the quality of the text of national legislation in the Kazakh language. So far, for various objective and subjective reasons, it has not been possible to ensure the authenticity of the text of legislation in Kazakh to the text in Russian (in general, the question arises among experts whether this is necessary? ).

One of the ways out of this situation and an important stage of the legislative process was the introduction of scientific linguistic expertise (hereinafter referred to as SLE) of draft laws, international treaties to which the Republic of Kazakhstan intends to become a party, as well as draft international treaties subject to ratification (hereinafter referred to as Projects). Unfortunately, more than ten years after institutionalization, in the context of practical bilingualism, due to the predominance of the legislative process in Russian, the potential of the SLE in ensuring the quality of the text of legislative acts in the Kazakh language is not fully used. Despite both legal and linguistic significance, the approach to the organization of SLE in accordance with the requirements of current legislation has not been sufficiently formed on the part of government agencies-developers.

Despite the fact that the SLE, as one of the scientific examinations used in the legislative process, was forcibly institutionalized by the Government of the Republic of Kazakhstan in 2011, non-compliance with Article 7 of the Constitution directly related to it, the weakness of the use of the Kazakh language in the legal sphere and the scientific and legal environment, etc., there is a violation by state bodies of the current legislation regulating SLE.

Both in current legislation and in practice, it is impossible to regulate various aspects of SLE equally. At the same time, all subjects of the legislative process do not dispute the fact that its causes are complex. But, nevertheless, there are still enough problems in the field of SLE. It is assumed that even pointing out the problems that led to the formulation of the topic of the article and its content can also contribute to the full functioning of the SLE.

**Keywords:** legislation, linguistic quality of legislation, linguistics, scientific linguistic expertise, potential, problems of the organization.

**Аннотация.** Национальное законодательство Республики Казахстан в связи с особенностями исторического, этнического и языкового развития, разрабатывается на казахском и русском языках. На самом деле, это всем известно, что проекты законов разрабатываются на русском языке и а потом переводятся на казахский язык. Также все знают, что с момента обретения Независимости на казахском языке разработано всего 2-3 проекта закона. В результате такой практики государство и общество справедливо критикуют качество текста национального законодательства на казахском языке. Пока по разным объективным и субъективным причинам не удастся достичь обеспечения аутентичности текста законодательства на казахском языке к тексту на русском языке (в целом, среди специалистов возникает вопрос, нужно ли это? ).

Одним из выходов из такой ситуации и важным этапом законодательного процесса стало внедрение научной лингвистической экспертизы (далее – НЛЭ) проектов законов, международных договоров, участницей которых намеревается стать Республика Казахстан, а также проектов международных договоров, подлежащих ратификации (далее – Проекты). К сожалению, спустя более десяти лет после институционализации, в условиях практического двуязычия, в связи с преобладанием законотворческого процесса на русском языке, не в полной мере используется потенциал НЛЭ в обеспечении качества текста законодательных актов на казахском языке. Несмотря на как правовую, так и языковую значимость, со стороны государственных органов-разработчиков недостаточно сформирован подход к организации НЛЭ в соответствии с требованиями действующего законодательства.

Несмотря на то, что НЛЭ, как одна из научных экспертиз, применяемых в законодательном процессе, вынужденно институционализирована Правительством Республики Казахстан в 2011 году, несоблюдение непосредственно связанной с ней статьи 7 Конституции, слабость применения казахского языка в юридической сфере и научно-правовой среде и т.д., имеет место нарушение государственными органами действующего законодательства, регламентирующего НЛЭ.

Как в действующем законодательстве, так и на практике невозможно в равной степени регулировать различные аспекты НЛЭ. При этом, всеми субъектами законодательного процесса не оспаривается тот факт, что его причины носят комплексный характер. Но, тем не менее, проблем в сфере НЛЭ пока достаточно. Предполагается, что даже указание на проблемы, которые привели к сформулированию темы статьи и ее содержанию, также может способствовать полноценному функционированию НЛЭ.

**Ключевые слова:** законодательство, языковое качество законодательства, лингвистика, научная лингвистическая экспертиза, потенциал, проблемы организации.

Жобаларға ҒЛС жүргізу қолданыстағы заңнамада қажетті деңгейде регламенттелген. Оған қоса ол нормалар қатып қалған догма емес, кез келген жағдайда өзгертіліп отыруы да заң шығару процесінің объективті талабы болып табылады. Оны жетілдіріп отыру да тек қана ҒЛС-ты ғана емес, қазақ тіліндегі заңнама сапасын да жетілдіру бола алатыны да объективті заңдылық.

Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми сарапшыларды іріктеу қағидалары<sup>1</sup> Жобаларға ҒЛС жүргізудің барлық құқықтық аспектілерін қамтиды. Онда заң шығару субъектілеріне, оның процестері мен рәсімдеріне қойылатын жоғары талаптар бекітілген. Осындай биік талаптар қазақ тіліндегі заң шығарудың жоғары сапасын міндетті түрде қамтамасыз етуге бағытталған. Бірақ іс жүзінде жағдай диаметрлі қарама-қарсы жағдайда қалып отыр. Әзірлеуші мемлекеттік орган заң шығару процесінде барлық ресурстар мен мүмкіндіктерді Жобалардың орыс тіліндегі нұсқаларына жұмсап, олардың қазақ тіліндегі нұсқаларына назар аудармау практикасына машықтанып алған. Оған ҒЛС-қа түсіп жатқан сапасыз Жобалар куә бола алады. Мәселен, олардағы «невозможстігі» (невозможность) (мысалдарды ерекше көрсеткен мен – Н.П.); «селолық көшкін» (селе-оползне-лавиной безопасности); «сейсмикалық микроб карталары» (карты сейсмического микрозонирования); «мүмкін оказстігін» (невозможным), «болсал импорттаушы», «преференциялар ұсынбасаютса», «өтінішпенетса», «тұлғаларе және тексерушіе органы», «міндетті жібередібір-біріне өнеркәсіп министрлігі арқылылық, шахталар және сауда Ирана», «тауарлардың критке сәйкестігіериям анықтамалар шығу тегі» және т.с.с. сөздер мен тіркестер қазақ тілінде сапалы заң шығару орнына, оны қорлау нысаны болып табылады.

Өкінішке орай тек қана жекелеген сөз және сөз тіркестері ғана емес, тіпті толық сөйлемнің өзі де құқық нормасының мағынасын бере алмай жағады (кейде орыс тіліндегілері де. Бірақ ол басқа мәселе). Мәселен, «с рассмотрением обрушений физических и юридических лиц / **жеке және заңды тұлғалардың құлауын қарауға**», «радиоактивті қалдықтарды олардың **білім берушілері сақтағаны үшін / за образование** радиоактивных отходов (включая уже накопленные) и хранение», «Радиоактивті қалдықтардың пайда болуы (жинақталған қалдықтарды қоса алғанда) және/немесе радиоактивті қалдықтарды олардың **білім алушыларының** лицензияның / за образование радиоактивных отходов (включая уже накопленные) и/или хранение радиоактивных отходов их образователями сверх установленного особыми условиями лицензии», «Сұйық және (немесе) қатты күйдегі (**күйрықтар**

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 473, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 12 шілдедегі № 135 және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 11 шілдедегі № 223 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

немесе үйінділер) төмен белсенді және өте төмен белсенді радиоактивті қалдықтар / Низкоактивные и **очень** низкоактивные радиоактивные отходы, в жидком и (или) твердом состоянии (**хвосты** или отвалы)» деген мысалдар Жобалардың компьютерлік бағдарламалармен «аударылатынын» айғақтай алатын деректермен қоса тілді қорлаудың да нысаны болып табылады.

**Келтірілген мағынасы жөн-жосықсыз мысалдардың арасында әзіл-күлкі жанрының жеке нөмірі бола алатындар бар (екі тілдегі нұсқасы да). Мәселен, мынадай:**

**«10-бап. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің негізгі міндеттері**

1. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің негізгі міндеттері:

...

4) балалар мен олардың заңды **приматтары** арасында Бала құқықтары туралы түсініктемелер жүргізу;

5) баланың **әдет-ғұрпы** және Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі туралы халықаралық және Ұлттық нормалардың ережелерін насихаттау;

...

9) өз өкілеттіктері шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамасына баланы **айналдыру** саласындағы халықаралық стандарттарды имплементациялау мәселелерін зерделеу;

...

11) мүмкіндігі шектеулі балалардың, **Мен** сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың балалар тәрбие мекемелерін бітіргеннен кейін олардың элеуметтік бейімделуіне жәрдем көрсету;» / «**Статья 10. Основные задачи Уполномоченного по правам ребенка**

1. Основными задачами Уполномоченного по правам ребенка являются:

...

4) проведение среди детей и их законных представителей разъяснений о правах ребенка;

5) пропаганда положений международных и национальных норм о нравах ребенка и деятельности Уполномоченного по правам ребенка;

...

9) изучение в рамках своих полномочий вопросов имплементации в законодательство Республики Казахстан международных стандартов в области прав ребенка;

...

11) оказание содействия в социальной адаптации детей с ограниченными возможностями, а также детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, после окончания ими детских воспитательных учреждений;» – деген норманы қарапайым халық түгілі әзірлеуші мемлекеттік органның өзі түсінбеуі бек мүмкін.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының

3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады. Заңның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс<sup>1</sup>. Оған қоса заңның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс. Осындай жоғары талаптар заң тілінің халыққа түсінікті, яғни қолжетімді болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Өз кезегінде «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заң<sup>2</sup> да халықаралық шарттар мәтіндеріне осыларға ұқсас талаптар қояды. Жобалардағы жоғарыда келтірілгендер мен қолданыстағы заңнамада орын алып отырған соған ұқсас мысалдар мен қателер іс жүзінде осындай жоғары талаптардың сақталмай отырғанын көрсетеді.

Әдебиет – шетсіз, шексіз әлем. Қай кезде болса да, әдебиеттің жауһарлары тот баспайды, оны оқып, зерделеп отыру ұрпаққа аманат болса, ал сол ұрпақтың сана-сына құйып, оқыту-ұстаздар қауымының басты міндеті. Әлемде күнделікті болып жатқан өзгерістер мен прогресстерге ілесіп, заман ағымынан қалмау үшін әдебиеттегі құнды шығармаларды, ұлы тұлғалардың саф алтындай туындыларын оқып отыру қай кезде де талап етіледі. Елімізде мектеп оқушыларына арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынып, іске асып, жұмыс істеп келе жатқанына да бірнеше жыл болып қалды. Жоспарланған жұмыстардың нәтижесінде оқушылар кітапты сүйіп, іздеп оқитын оқырманға, ұялы телефонға телміріп отыратын ұрпақ кітапты талғаммен оқитын ұрпаққа айналды. Сонымен бірге, «Зияткерлік мектеп оқушыларына арналған 100 кітап» жобасында ұсынылған көркем шығармаларды да іздеп жүріп оқу оқушылардың сана-сезімін оятып, сауаттылық деңгейін арттырып, ойлау, сөйлеу дағдыларын да дамытуға негіз болды. Қазақ ақын-жазушыларының құны жойылмайтын шығармаларын оқи отырып, әлем әдебиетінің классиктерінің шығармаларын да оқу оқушыларға аса қажет екені белгілі.

Осы бағытта мектепте оқытылатын санаулы шетел әдебиеті туындыларының орнын толтыру мақсатында бірнеше шығармаларды оқытуға болады деп есептеймін. Мен мектеп бағдарламасындағы шығармаларға қосымша білім ретінде, жоғарыдағы оққылықтардың орнын толтыру мақсатында өзекті мәселелердің дұрыс шешімін табу үшін оқытуға болады. Оқушылар осы негізінде әлем әдебиетін классиктерінің

шығармаларын интербелсенді әдістер арқылы оқып, меңгереді, жаңа ақпараттармен танысады, креативті ойлануға бағыт алады. Ұлы туындыларды тану арқылы олардың білімдерін өмірде қолдану дағдылары қалыптасады. Мен тапсырмалар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасуы үшін түрлі жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданатын боламын. Осы бағытта Тәуелсіздік тақырыбына жазған классик ақын-жазушылардың шығармаларын интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы оқытуға болады.

**Назым Біләл** – ақын, ұйғыр әдебиеті классиктерінің бірі. Құлжадағы Байтулла медресесінде оқыған. Шығыс халықтарының тарихы мен әдебиетін жетік білген. Біләлге Ә.Фирдоуси, Ә.Жәми, Ә. Науаи шығармаларының әсері айрықша болған. Біләлдің ақындығы 19 ғасырдың 40-жылдары басталған. Алайда бізге оның 26–27 жастан кейінгі жазған өлеңдері ғана белгілі. 1952 жылы “Ғазалият” атты өлеңдер жинағын аяқтап, халық арасына өз қолымен көшіріп таратқан. Біләл поэзиясының негізі – лирикалық шығармалары. Ақын өз шығармаларында қоғамдағы еркіндік пен адамның бас бостандығын насихаттады. Ол әділеттілік пен гуманистік идеяларды ту етіп, ұйғыр поэзиясының мазмұнын кеңейтті. 1864-67 ж. Шығыс Түркістанда ұйғыр, қазақ, дұңған халықтарының манжұр-қытай отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық қозғалысы өрістеді. Садыр Палуан, молда Шәкір, Саидмұхамед Қаши тәрізді ақындармен бірге Біләл де осы көтеріліске белсене араласты. “Қытай мемлекетіндегі қозғалыс” атты тарихи дастан жазды (1876). Белгілі шығыстанушы Н. Пантусов оны 1880 ж. Қазанда бастырып шығарды. Біләл ұйғыр халқы арасына кеңінен тараған ауыз әдебиеті туындыларының сюжетіне сүйене отырып та бірнеше шығармалар жазған. Солардың ішіндегі кең танылғандары – “Алдамшы Юсупхан” сатиралық поэмасы мен “Назгүм” повесі. Бұл екі шығарманы да Пантусов 1909 ж. Қазанда орыс тіліне аударып бастырған. “Алдамшы Юсупхан” поэмасында Қоқаннан келген, қожамын деп жұртты алдап, сан түрлі қулық-сұмдық әрекеттер жасаған алаяқтың бейнесін әшкерелесе, ал “Назгүм” повесінде қытай отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан ұйғыр халқының батыр қызы Назгүмнің қаһармандық образы сомдалған. Біләл өз халқын үлкен жүреппен сүйе біліп, оның азаттығы үшін қалам қуатымен де, қолына қару алып, білек қайратымен де күреске түскен биік рухты азамат әрі ұйғыр әдебиетінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан реалист ақын болды. Ақынның шығармасын танып, меңгеруден бұрын ақын өмірін танып білу үшін менталды карта толтыртуға болады. Назым Біләл кім? Осы сұрақтарды тарқата отырып, кестені толтырады.


### **Топтық жұмыс**

Жазушы туралы менталды карта толтыртады

### **Дескриптор**

*Білім алушылар*

- 1.Топтық жұмыс жасайды – 1балл
- 2.Менталды картаны толтырады – 1 балл



**Жұптық жұмыс**

**Жазушының туындысынан үзінді алып кешенді талдау жасатады**

**Дескриптор**

***Білім алушылар***

1. Жұптық жұмыс жасайды – 1балл
  2. Әңгімелерді дұрыс оқиды – 1 балл
  3. Әңгімелерге талдау жасайды – 1балл
- Тақырып, идеясын табады – 2 балл  
 Көріктеу құралдарын табады – 2 балл

**Авторы**

**Тақырыбы**

**Идеясы**

**Жанр түрі**

**Кейіпкерлері**

**Композициялық құрылымы**

**Басталуы**

**Байланысуы**

**Дамуы**

**Шиеленісуі**

**Шарықтау шегі**

## Шешімі

### 3-тапсырма:

#### Жеке жұмыс

«Қос жазба күнделігі»

Алған білімі бойынша толтырады.

Пікір	Түсініктеме
Ұғым	
Түсінік	

#### Дескриптор

##### *Білім алушылар*

1. Жеке жұмыс жасайды – 1 балл

2. Кестені дұрыс толтырады – 1 балл

Міне, осындай әдіс-тәсілдер арқылы ақын өмірі мен шығармашылығын меңгертуге болады. Сонымен бірге, Жұп болып әңгімелерден **REALX** форматында бірігіп, шығармаларын насихаттап, оқуға тапсырмаларды беруге болады.

#### Жұптық жұмыс

##### «Дұрыс, бұрыс» әдісі арқылы жұмыс жасайды

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1. Расул Ғамзатов-авар классигі		
2. «Назгум»-қаһармандық шығарма		
3. Апалы-сіңілілер – «Назгум» шығармасының кейіпкерлері		
4. Л.Н. Толстой-орыс ақыны		

#### Дескриптор

##### *Білім алушылар*

1. Жұптық жұмыс жасайды – 1 балл

2. Кестені дұрыс толтырады – 4 балл

Низами Гәнжауи «Хомсе» (“Бес кітап”). дастанынан «Жеті ару» тарауы шығармасын оқытқанда, ақын өміріне тоқталып кетуше болады.

**Низами** Гәнжауи, Илияс ибн Жүсіп Низами– Әзірбайжан ақыны. Негізгі шығармалары парсы тілінде жазылған. “Гәнжауи” – оның лақап аты. Әкесі Иранда, кейін Гәнжа шаһарында тұрған, ұлын түркі халқының дәстүрінде тәрбиелеген. Низами



XI-XII ғасырлардағы Тұран, Иран, Кавказ билеушілерінің тақ таласын батыл сынап, ел тұрмысын жырлады. Оның басты шығармасы – “Хамса” (“Бес кітап”), оған “Құпиялар қазынасы” (1173 – 80), “Хұсрау-Шырын” (1181), “Ләйлі-Мәжнүн” (1188), “Жеті сұлу” (1197) және “Ескендірнама” (1203) атты бес дастаны кірген. Лирик. өлеңдер жинағының жеке бөлімдері, 6 қасида, 116 ғазел, 2 қыта, 30 рубай, тағы басқа туындылары сақталған. Низами дастандары композициялық құрылымы, сюжет тартымдылығы, тіл көркемдігі және биік адамгершілік идеясымен ерекшеленді. “Құпиялар қазынасы” – 20 тараудан тұратын діни философиялық поэма, ақын мұнда ел билеушілерін әділдікке, халқына қамқор болуға шақырады. “Ләйлі-Мәжнүн” көне араб аңызының сюжеті негізінде жазылса, “Жеті сұлу” Баһрам Гур шаһ жөніндегі аңызға негізделген. Поэма Баһрам Гурдің жеті әйелінің әңгімесі арқылы мазмұндалып, патшаның әділдік жағында болуы мен зұлымдыққа қарсы күресі суреттелген. Ақын “Ескендірнама” немесе “Даңқ” кітабында Ескендірді данышпан, әділетті патша ретінде бейнелеген. Низами шығармалары көптеген шығыс ақындарына әсер етті, 13 ғасырдан оның поэмаларына еліктеп жазылған туындылар пайда болды. Мысалы, Әмір Хұсрау Дехлеуи, Ә.Науаи, Ә.Жәми, тағы басқа ақындардың дастандары. “Хұсрау – Шырынды” 1383 ж. Сарай Беркедегі қыпшақ Құтып жырға қосса, “Жеті сұлу” дастанының “Турандот ханшасы” атты бөлімін неміс ақыны Гете жырлаған. Низами дастандары ерте кезден-ақ қазақ арасына тараған. Низами дастаны негізінде Абай “Ескендір” поэмасын жазса, Шәкерім де шығармасында Низами сюжеттерін пайдаланған. Низами Гәнжауидың негізгі шығармасы «Хомсе» (Бес кітап»). Оған «Құния қазына» (1173- 80), «Ләйлі мен Мәжнүн» (1188), «Жеті ару» (1197), және «Ескендірнама» (1203) атты бес дастаны кіреді. Лирикалық өлеңдер жинағының (динаванның) жекеленген бөлімдері 6 қасида, 116 ғазел, 20 рубай сақталған. Низами дастандары композициялық құрылысы, сюжет тартымдылығы көркем тілі, биік гуманистік идеясымен ерекшеленеді. «Құпия қазына» – дидактикалық-философиялық поэма. Ақын онда өкімет басшыларын әділ болуға, қармағындағы халқына қамқорлық жасауға шақырады. Поэма діни сарында жазылғанымен негізінен гуманистік мақсатты көздейді. «Хұсрау мен Шырын» поэмасында Хұсрау Шаұхтың Шырын сұлуға деген махаббаты суреттелген. Шығармада басты кейіпкер ретінде Шаұх емес, әйел бейнесі алынған. Автор Шырынды ғажайып қасиет иесі етіп көрсетеді. Поэмада ерлік пен адамгершілік үлгісі ретінде Фарруад суреттелген, «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы екі араб аңызының сюжеті негізінде жазылған. «Жеті ару», Баұрам Гоур шау жөніндегі аңызға негізделген. Поэма Баұрам Гурдің жеңіл мінезді Шаұзададан біртіндеп ақылды да әділ патшаға айналуы, жолсыздық пен зұлымдыққа қарсы күресі суреттеледі. Автор халықтың ауыр тұрмысын, қайғылы халін көрсетумен бірге сарай маңындағылардың қорқаулығы мен зұлымдығын әшкерлейді. Соңғы поэма «Ескендірнама» деп аталады.

### 1-тапсырма

Топтық жұмыс

«Джиксо» әдісі арқылы дастанды бөліп оқытады

3 бөлікте оқып, талдау

#### Дескриптор

##### *Білім алушылар*

1. Топта жұмыс жасайды – 1балл
2. Дастанды түсініп оқиды – 1балл
3. Топта талқылайды – 1балл
4. Дұрыс қорғайды – 1балл
5. Мазмұнын ашып түсіндіреді – 1 балл

2-тапсырма


Жұптық жұмыс

Дастанның мазмұнына сюжеттік композициялық талдау жасайды

#### Дескриптор

##### *Білім алушылар*

1. Жұптық жұмыс жасайды – 1балл
2. Мазмұнын біледі – 1балл
3. Сюжеттік-композициялық талдау жасайды – 1балл



Жеке жұмыс

Борт журналы

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?	Бүгінгі сабақтан қандай жаңалық білдім?

### 1-тапсырма

Топтық жұмыс

Ассоциация толтыру

#### 1 топ

Баурам Гоур шау кім?



#### 2-топ

«Синквейн» әдісі

Бес жолды өлең жазады

1. Зат есім . Баурам Гоур шау
2. 2. Сын есім қандай? 2 сөз
3. 3. Етістік не істеді? 3 сөз
4. 4. 4 сөз. Тақырыпты ашатын сөз
5. 5. 1 сөз Синоним сөз

#### 6. 3 топ

«Кейіпкер бейнесі

Кейіпкер	Портреті	Мінезі
Баурам Гоур шау		

### Дескриптор

#### Білім алушылар

1. Топтық жұмыс жасайды – 1балл
2. Өз ойын анық жеткізеді – 1балл
3. Кейіпкер бейнесін ашады – 1 балл

### 3-тапсырма

#### Жеке жұмыс

РАФТ әдісі арқылы кейіпкерге хат жазады

Дескриптор

Білім алушылар

1. Жеке жұмыс жасайды – 1балл

2. Кейіпкерге хат жазады – 1 балл

3. Өз ойын ашық жеткізеді – 1 балл

Интербелсенді әдістерді пайдалана отырып, әлем халықтарының тұрмысымен, тарихымен, әлеуметтік жағдайы туралы танымдық деректермен танысады; әлем әдебиетінің адамзат өміріндегі, мәдениеті мен руханиятындағы маңызды орнын түсінеді; әртүрлі ұлттардың дүниетанымындағы ерекшеліктер мен ұқсастықтарды зерделейді, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды түсінеді; Оқушылар классик ақын-жазушылар Хафиз Ширази, Расул Ғамзатов, Л.Толстой, Біләл Назым, Низами Гәнжауи, П.Мериме, Сайфи Құдаш, Рюноске Акутагава, Ш.Айтматовтардың ұлы туындыларын меңгеріп, талдап, саралайды, бағалайды, білімдерін жинақтайды. Оқушылардың іздене отырып жазған эссе жұмыстарын және тест жұмыстарын бағалау критерийлері бойынша тексеріледі. Сонымен бірге, оқушылар бір-біріне эссе жұмыстарын тексертіп, өзін-өзі бағалайды.

### **Мұғалімдерге ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Шетел халықтарының әдебиеті лекциялар жинағы. Алматы, 2011 ж.
2. Әшімханова С. «XX ғасырдағы Батыс Еуропа әдебиетінің тарихы» оқу құралы. Алматы, 2005 ж.
3. Қобланов Ж. Шетел әдебиетінің тарихы. 1, 2, 3 том. 2020 ж.
4. Қобланов Ж. Вергелий-Рим әдебиетінің көрнекті өкілі: Ғалым мінбері/ Ақиқат. 2013, №3
5. Мұқажанова Р. Әлем әдебиетінің тарихы: оқу құралы. Алматы, 2022 ж.
6. Мұқажанова Р. Шет елдер әдебиетінің тарихы. XIX-XX ғғ. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 1975 ж.
7. Әлем әдебиетінің тарихы. 9 том. Москва, 1983-1994 ж.
- 8.. Мокульский С. Итальян әдебиеті. Қайта өрлеу және ағарту. – М., 1965 ж.

### **А.Балаева**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, докторант  
Қазақстан*

### **Ш.Х.САРЫБАЕВТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілінің әдіснамасының негізін салушы ғалым, педагог Ш.Х. Сарыбаевтың шығармашылығы мен тілтанымдық мұралары туралы айтылады. Бірінші бөлімде Ш.Сарыбаев өмір сүрген кезеңнің ерекшелігі мен қиындықтары, соның өзінде жазған зерттеулері, мақалалары, тағы басқа бұрын айтылмаған қырлары

туралы жазылды. Зерттеудің деректері мен әдістер бөлімінде ғалымның өзі жазған еңбектері, мұрағаттары, мақаламызға қолданған дереккөздері туралы болса, әдебиетке шолу бөлімінде Ш.Сарыбаев туралы жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстарын және естелік мақалаларға шолу жасап, сілтеме ретінде қолдандық. Негізі бөлімде қазақ тілін оқыту әдістемесі еңбегінің тілтанымға байланысты өзіндік түзетулері, ұсыныстары, қазақ тілін үйретудегі кедергілермен, оны оңтайландыру әдіс-тәсілдері туралы ұсыныстарын қаралып, мақалада жазылды.

Қорытынды бөлімде Ш.Х.Сарыбаевтың жалпы адами болмысы, балаларға әдебиетіне арнап жазылған ақындық қыры, лингвистика саласының көрнекті ғалымы Шора Шамғалиұлы мен өнертанушы, музыка зерттеушісі Болат Шамғалиұлы туралы мағлұматтар берілді.

Мақаланың мақсаты – ғалым, ұстаз, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші әдіскер ретінде Ш.Х. Сарыбаев қазақтың тарихында қалдырған мол мұрасын оқырманға толығырақ жеткізу, көбірек мағлұматтар ұсыну.

**Тірек сөздер:** тілтанымдық мұра, тілтаным, әдебиет, әдістеме, әліпби, фонетика.

**Abstract.** The article tells about the work and linguistic heritage of the scientist, teacher, founder of the methodology of the Kazakh language Sh. Kh. Sarybaev. The first part tells about the specifics and difficulties of the period in which Sh lived. Sarybaev, including about his research, articles and other previously not mentioned aspects. The section «Data and research methods» presented the works of the scientist himself, archives, sources used for our article, and in the section «Literature Review» – an overview of research papers and memorable articles about Sh. Sarybaev. Basically, the section discusses and sets out in the article proposals on the methodology of teaching the Kazakh language related to linguistics, specific corrections, suggestions, obstacles in teaching the Kazakh language, methods and techniques for optimizing it.

In the final part, information was given about the universal human nature of Sh. Kh. Sarybaev, the poetic side of children's literature, about the outstanding scientist in the field of linguistics Shor Shamgalievich and the art critic, musical researcher Bolat Shamgalievich.

The purpose of the article is to tell the reader in more detail about the rich heritage that Sh. Kh. Sarybaev left in the history of the Kazakhs as a scientist, teacher, methodologist and researcher of the Kazakh language and literature.

**Keywords:** linguistic heritage, linguistics, literature, methodology, alphabet, phonetics.

**Аннотация.** В статье рассказывается о творчестве и языковом наследии ученого, педагога-основателя методологии казахского языка Ш. Х. Сарыбаева. В первой части рассказывается о специфике и трудностях периода, в котором жил Ш. Сарыбаев, в том числе о его исследованиях, статьях и других ранее не упомянутых аспектах. В разделе «Данные и методы исследования» были представлены труды самого ученого, архивы, источники, использованные для нашей статьи, а в разделе «Обзор литера-

туры» – обзор научно-исследовательских работ и памятных статей о Ш. Сарыбаеве. В основном, в разделе рассмотрены и изложены в статье предложения по методике преподавания казахского языка, связанные с языкознанием, о специфических коррекциях, предложениях, препятствиях в обучении казахскому языку, методах и приемах его оптимизации.

В заключительной части были даны сведения об общечеловеческой природе Ш. Х. Сарыбаева, поэтической стороне детской литературы, о выдающемся ученом в области лингвистики Шоре Шамгалиевиче и искусствоведе, музыкальном исследователе Болате Шамгалиевиче.

Цель статьи – Более подробно рассказать читателю о богатом наследии, которое оставил в истории казахов Ш. Х. Сарыбаев как ученый, учитель, методист-исследователь казахского языка и литературы.

**Ключевые слова:** языковое наследие, языкознание, литература, методология, алфавит, фонетика.

Қазақ тілтанымның ғылыми тіл ретінде қалыптасып, дамып келе жатқанына бір ғасырдан астам уақыт өтті. Бұл уақыттың ішінде неше өзгерістер, көптеген түзетулер мен әр түрлі көзқарастар болды дегенмен, ұлттық тіл білімінің бастау көзінде тұрған ғалымдардың орны ерекше. Тіл – халықтың мұрасы екенін ежелден білген қазақ зиялылары, қолына қалам ұстаған ақын-жазушы, ағартушылары ұлтты сақтаудың өзегі тілде екенін біліп аянбай еңбек етті. Тіл мен діл халықты сақтаушы, ұлттық болмысты нығайтып ұстап тұратын негізгі тірек. Тіл арқылы адамзат әлемді түсініп, сезініп, ойлап, танып дүниетамын қалыптастырады. Тіл бар жерде – ұлт болады. Кейбір ұлт пен ұлыстардың жері болмаса да, тілі бар сондықтан ол ұлт ретінде өзін сақтап отыр. Яғни, ұлттың өзгеден ерекшеленетін ең негізгі белгісі, тұғыры тілі. Біздің ана тіліміз әлемдегі ең бай тілдердің қатарында саналады. Қазақ тілі соңғы жылдары ғана ғылыми тілі дамып келеді. Терминдер жасалып, жаңа технологиялардың ғылыми стилі қалыптасу процессінде.

Қазақ тілі бай тілдердің қатарында, тілдің сөздік қоры көп болған сайын шешен сөйлеу, мақал-мәтелдермен көркем айту, әр заттың болмысы жеке бай сипатталады. Бұлай сөйлеу бір күнде тіпті бірнеше жылда қалыптасқан жоқ, ол ғасырлар жемісі. Біз бір сөйлеммен айта кеткен ғасырлық мұраны халыққа жеткізуші – тілтаным саласы.

Лингвистика және қазақ тілін оқытудың әдістемесі пәні – ХХ ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алып, одан әрі тереңдей, ғылыми жаңалығы мол зерттеулермен толыға түсті. «Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, Х.Басымов ғалымдардың еңбектері көп уақыт бойы қазақ тілінің әдістемесі пән ретінде қалыптастыруға, теориялық базасын тереңдетуге жан жақты, жүйелі қызмет етті» [1; 3].

Жалпы халықтың сауаттылығы, өнер мен білімі таным түсінігінің кеңдігімен сипатталады. Қазақ тарихында жүйелі құрылымы бар, оқытудың методикалық негізі бар мектептер XIX ғасырға дейінгі деректері жоқтың қасы. Бұл мәліметтер қағаз түрінде болмағанмен түркі даласында білім мен ғылым болмаған деген пікір айтуға негіз жоқ. Ертедегі Яссауидың даналық мектебі, әл-Фарабидың трактаттары, М.Қашқаридың сөздіктері т.б. көптеген мұралар тек қазақтың я түркі халықтарының ғана емес әлемнің тарихи жауһар мұрасы. Одан кейінгі ашылған қазақтың Алашордаға дейінгі зиялы қауым өкілдерінің білім ошағы медреселер мен молдалар ашқан мектептер. Бұл оқыту жүйесі көшпелі немесе ауыл-ауылды топтап оқытуымен ерекше. Қазақ даласына мұсылман діні кіріп алғашқы сауатын ашқан қазақтың аяулы перзенттері А.Құнанбаев, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, Б.Майлин, М.Қаратаев т.б. Ол жерде құран негізгі сабақ ретінде өтілсе, одан бөлек әдебиет, мәдениет, жаратылыстану пәндері болған. Қазақ ықлым аманнан бері көк тәңірге табынып, шамандық дәстүрлері, дала заңының бұзылмас ұстанымдары мұсылмандық оқытудан айырмасы көп болды. Осы көзқарасты, дүниетанымдық ерекшеліктерді ұштастыру да үлкен методиканы, оқытудың бір жаңа деңгейін көрсетті. Бұл да қазақ даласындағы білім мен ғылымның қалыптасып, даму процессінің бір сатысы болды.

Мұсылманша сауат ашқан балалар одан әрі білім мен ғылымын толықтырып, қазақ даласында 1800 жылдардан бастап зиялалар өз ақшаларына зайырлы, кәсіби мектептер аша бастады. Ол мектептердің ерешелігі «мұндай мектептерде білім салалары толық оқытылып, халықтың дәстүрі мен салты негізінде білікті кәсіби мамандар сабақ берді. Жәңгір мектебі, Айғаным медресесі, Мамания мектебі және Алтинсарин ашқан мектептерде тарих, география, есеп, қазақ тілі, ескіше оқу, дін сабағы сияқты іргелі, негізгі пәндерден дәрістер берілетін болды» [1;10]. Бұл мектептің үздік түлектерін Ташкент, Бұхара қалаларына жіберіп отырды. Мұсылманша мектептен тағы бір айырмасы әр пәнді мамандар жеке-жеке берді. 1937 жылдар қазақ даласындағы мектеп жасындағы балалардың 96% білім алды. Осы кезең Алашорда үкіметі үшін, қазақ даласындағы оқыған сауатты адамдар үшін ауыл жылдар болғанмен, оқу жүйесі тоқтамай халықты ағарту саласы жұмыс жалғастырды. Бұл кезеңде оқулықтарда бір ізге түсіп, жүйесі, құрылысы өзгеріске түскен кезеңдер еді, бірақ ол үшін біреу өмірін, біреу ұрпағын қатерге тігіп тәуекелге барды. Бұл жылдары Ш.Х. Сарыбаев қызметке араласып, оқулықтар жазып, елге, ұрпаққа қызмет етіп жүрген кезең. Алғашқы қызметі қазақ тілінің мұғалімі ретінде қазақ тілін оқытудың методикасын құрастырды. Ол жалпы беттік қазақ тіліне байланысты мәселелерді бір тарауға салмай, тілтанымның әр саласын жеке жеке талдап зерттеді. Қазақ тілінің ғылым тіліне айналуына ерен еңбегі мен өмірін арнаған тұлға Ш.Х.Сарыбаевтың тілтанымдық мұрасына тоқталамыз.

Ш. Сарыбаевтың қазақ тілін оқыту методикасына арналған еңбектері шығармашылық ғұмырының негізгі бөлігін құрағанмен, әдебиет саласы үшін де ерен зерттеу

жұмыстары бар. Қарақалпақ пен қазақ ауыз әдебиетін салыстыра зерттеп, халықтан халыққа ауыз ауызша үлгіде жеткен мұраларды қағазға түсіріп, тарихи-салыстырмалы түрде зерттеп зерттеу мақалаларын жазды. Осы мұраларды жазуға, зерттеу жұмысын жасауға жіберіп, қолдау көрсеткен фольклорист, әдебиет зерттеушісі, ғалым Ә.Диваев болған.

Шамғали Харесұлының көп зерттемей келе жатқан тағы бір қыры балаларға арналған өлеңдер жазған ақындық қыры. Ол кезеңде қазақ тілінде балаларға арналған әдебиеттің енді қалыптасып келе жатқан тұсында қазақ тілінде жазылған «Сара мен Еркін» (1933), «Октябрь және балалар» және т.б. өлеңдері жиі жарияланып отырды. Ш. Сарыбаев саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнап лингвистика, әдебиет саласына арнай жүріп, көркем әдеби аудармалармен де айналысқан. Тілді жетік білген Шамғали Харесұлы аударманы калькасыз тілін тегіс жатқызып, қазақы танымы мен санаға жат етпей аударған. Аудармалары түпнұсқа сияқты түсінікті, жеңіл болған. «Сонымен бірге қаламгер-ұстаз аудармамен де шұғылданып, 1933 жылы Н.К.Крупскаяның «Менің өмірім» атты кітабын қазақ тілінде сөйлетті. Ол «Үлкендер үшін әліппе» (Ташкент, 1921), «Пионер» (Бірінші басқыш мектепке арналған әліппе, Ташкент, 1931), «Екпінді күш» (1 класс үшін әліппе кітабы, Ташкент, 1932; Қ.Оспановпен бірге жазған), «Газет істері» (Ташкент, 1934), «Ана тілі» (Бастауыш политехника мектептерінің III-IV кластары үшін, Ташкент, 1933) сынды оқу кітаптарын жазды» [2].

Ш.Сарыбаевтың зерттеу еңбектерінің бастау көзі А.Байтұрсынұлының ең алғашқы оқытудың әдістемесін мұғалімдерге көмекші құрал ретінде шығарған брошюра кітапшадан жалғастырып, қазақ тіл Байтұрсынұлының ең алғашқы оқытудың әдістемесін мұғалімдерге көмекші құрал ретінде шығарған брошюра кітапшадан жалғастырып, қазақ тіл білімі мен әдістемесінің негізін қалаушы ғалым ретінде қалыптасты.

Зерттеу жұмысымызға материал ретінде Ш.Х. Сарыбаевтың архивтегі мақалаларын, Қазақ тілін оқытуға арналған методикалық оқулықтар мен қазақ, қарақалпақ тілдерінің ауыз әдебиет үлгілері атты еңбектерін негізге алдық. Одан өзге бастауыш сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері», «Үшінші кластың ана тілі оқулығына методикалық нұсқаулар» және т.б. оқулықтарын қолдандық.

Шамғали Харесұлы туралы зерттеулер бұрын соңды бар дегенмен, үлкен ғылыми зерттеулер аз. Мақала жазу барысында «Ш.Х.Сарыбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мұралары» атты А.Орынбаевтың кандидаттық диссертациялық жұмысымен таныстық. Ғалым ол зерттеу еңбегінде Ш.Сарыбаевтың әдістемелік, ғылыми-шығармашылық еңбектерін қарастырған. «Ш.Сарыбаев тек әдістеме ілімін зерттеумен ғана шектеліп қоймаған, ол қазақ тілінің де түрлі мәселелерін зерттеген» [2] дей келіп, Шамғали Харесұлы тек қазақ тілін оқытудың әдістемесін қарастыр-



май, толық әдістемені ғылымға енгізген ғалым ретінде көрсетеді. Сонда ғалым бір еңбегінде екі іргелі ғылымның дамуына да үлкен үлес қосқан. Ш. Сарыбаев туралы жазылған мақалалар ерте кезден бастап газет, журнал беттеріне шығып, ғылымдағы өмірін талдаған мақалалар көп. Солардың бірі өткен ғасырдың 70 жылдары жазылған «Ш.Х.Сарыбаев қазақ тілін оқыту методикасы мәселелерін шешуде алып адым жасады. Орфографияны оқытудың, фонетиканы оқытудың, морфологияны оқытудың және орыс класстарына қазақ тілін оқытудың методикасын жасады... қазақ тілін оқытудың әдістерін жүйеледі, грамматикалық сұрақ, грамматикалық талдау, тіл дамыту т.б. мәселелерде құнды пікірлері бар» [7] дейді. Әрине дұрыс әдіс болған жерде қазақ тілінің дамуы бір сатыға көтерілері сөзсіз. Ол кезеңдерде тілдің басты мәселесі қазіргідей тіл тазалығы, узус сөздерсіз мағынасы, құрылым нормасы өз қалпында болды, басты мәселе грамматикалық сауаттылыққа үйрету мен ереже жүйесіндегі мәселелер еді. Әрине әліпби ауысуы, орыс сөздерінің кіре бастаған кезеңі болғаны белгілі, бірақ жүйелі әдіс бұл олқылықты недәуір түзете білді.

Шамғали Харесұлы жинаған әр қаточкаларын ұқыпты ұстап, көшірмелерін жинақтап отырып, ұлдарына да сондай үлгі болды. оған мысал, «Шора Шамғалиұлы әкесінің қалдырған мұраларының барлығын қаттап, әрқайсысына картотека жасап жүйелепті, газет-журналдарда жарияланған мақалалардың, фотосуреттердің көшірмелерін арнайы жеке-жеке пәпкілерге салып мұқият жинақтапты. Сонда байқағаным – Шамғали Харесұлы еңбектерінің басым бөлігі – қазақ тілі мен оны оқыту әдістемесіне арналғандығы еді» [2].

Шамғали Харесұлы жақсы педагог маман ретінде қазақ тіл білімінің дамуына үлкен үлес қосқан ғалым. Кейіннен тілдің дамуына, көркейюіне үлкен қосқан шәкірттерінің арасынан доктор, профессорлар, академик ғалымдар шықты. Олар: С.Қирабаев, Р. Сыздық, Н. Оралбаева, И.Ұйықбаев және т.б. ғалымдардың лингвистикалық еңбектерінің орны ерекше, лингвистика саласының негізгі оқу құралдары болып жүр.

Ал лингвист әдіскер ғалымдар да өз зерттеу жұмыстарында Сарыбаевтың еңбектерінен сілтеме алып, жалғасты зерттеу жүргізеді. Солардың бірі Ф.Оразбаева қатысым әдісі туралы зерттеу жасап, ол бірінші рет қолданып отырғаны айтылады, бірақ, бұл әдісті Ш.Сарыбаев теориясын жазып, қолданған. Тек практикалық тәжірибе алаңына Ф.Оразбаева қолданып: «қазақ тілін орыс мектебінде оқыту проблемасын Ш.Х. Сарыбаев 1933 ж. бастап арнайы қарастырып, 1943 жылы докторлық диссертация қорғайды. Тілші ғалым орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың ғылыми негізін салды» [2; 46].

Осылардан өзге ғалым еңбектерін зерттеуші Б.Әжіханова, А.Ниязғалиева т.б. зерттеушілердің мақалаларын кездестірдік. Бірақ ғалым мұрасын зерттейтін тұстары әлі де болса көп. Алдағы уақытта зерттеу жұмысымызды бұдан да ауқымдылай түсіп, С.Х. Сарыбаевтың еңбектерін тереңдей түсеміз.

Шамғали Сарыбаев 1893 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Ш.Сарыбаев ерте жасынан зерек, ізденімпаз ғалым. Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын Құсайния татар мектебінде білім алып жүргенде өз күшімен орыс, татар тілдерін үйреніп, әдеби шығармаларымен таныс болды. Алғашқы ғылым жолын Қазан қаласында бала тәрбиелеп бастап, 1918 жылы Шымкент уездік халық ағарту мекемесінің басшысы болады. Ш.Сарыбаев педагогикалық қызметімен қатар сол жылдары баспасөзде мақала жариялап, оқытудың тиімді тәсілдерін көпшілікпен бөлісіп отырады. Шағын мақалалардан басталған ізденіс, іргелі зерттеу кітаптарына айналады. Алғашқы мақалалары «Сауатсыздықпен күресу жолдары», «Тіл құралды оқудағы тәжірибелер», «Қазақ мектептеріндегі орыс тілін оқыту жүйесі» деп аталды. Жоғарыда айтылған мәлімет бойыншы қазақ даласының балаларының 96% мектептерде білім алды десекте оқу сапасы айтарлықтай болмады. Ол үшін қазақ тіліндегі оқытудың әдіс тәсілдерін оңтайландыратын оқулықтар, мұғалімге керекті көмекші құралдар аз болды. Жұмыс процессінде осы кемшіліктермен таныс болған соң зерттеу жұмыстарын осы бағытта жалғастырды. Бұл мақалалар 1918-1923 жылдары аралығында жазылған, ал 1923 жылдан бастап ЖОО студенттерге арналған еңбектер жаза бастады. Ал, сол кезеңдері еңбектері «Үлкендер үшін әліппе» атты ұжымдық жинағы. 1937 жылға дейін Ташкент қаласында қызмет атқарып, кейін Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ-де қызмет істейді. Алғашқы мақала еңбектері ғылым жолына түсу үшін емес, қажеттіліктен жазылса да, Қазақстанға келгеннен кейін зерттеуін жалғастырып көлемді оқу құралдарын бастырады. Осы кезден бастап тіл білімінің өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер жаза бастады. Олар: «Түрліше жазылатын бір мәнді сөздер туралы», «Емле жүйелері», «Сызықшаның бастауыш пен басқа мүшелердің арасында жазылатын орындары», «Грамматикалық мағына деген не?», «Табыс жалғауының тасалануы», «Қосылып жазылмайтын сөздер», «Төрт етістік (отыр, жүр, тұр, жатыр)» т.б. [3]. Бұл зерттеу мақалар осы кезге дейін өз өзектілігін жоймаған. Әліге дейін бірге, бөлек жазылатын сөздердің емлесі, емле жүйесіндегі бірізділіктің болмауы қазіргі тілтанымдық проблемалары толық шешімін таба алмай келеді.

Ш.Сарыбаевтың өмір сүріп, қызмет жасаған жылдары тіл мен жазудың жиі ауысқан қиын кезеңіне сәйкес келеді. Себебі, «1924 жылдан бастап қолданған А.Байтұрсынұлы ұсынған араб әліпбиі негізінде жазылған төте әліпбиі қолданыстан шығып, 1929 жылы «Жаңа әліп» латын әліпбиі кірді. 1940 жылдан бері кирил әліпбиі енгізілді» [4].

Оқулықтар тілінің ауысуы, қазақ тілін оқытатын мамандар үшін жаңа әліпбимен методиканы қайта құрастыру тілші ғалымдар үшін сыналатын қиын кезең болды. Ш. Сарыбаев сол жылдары әрі тілші ғалым ретінде, әрі методис оқытушы ретінде қоғамдағы жазу мен тіл мәселелеріне байланысты үзіліссіз мақала жариялап, зерттеу жұмысын тоқтатпады. «БІ, І-нің жазылуы туралы», «Қосымшалардың өзгеруін-

дегі қайшылықтар» атты мақалалары тілтанымға қосқан ерекше мұраларының бірі. Ш.Сарыбаев тілтанымның грамматика саласына да көптеген құнды еңбектер жазған ғалым. «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» атты сериялы зерттеу кітабы тілтаным саласында ғана емес оқытудың методикасына да ерекше маңызды орын алатын оқулық. Алғашқы бөлімде фонетиканы тақырыптарға бөліп дыбыс мүшелері, дауыссыздардың дауысқа, дыбысқа, жасалу жолына қарай бөлінуді тараулармен зерттесе, екінші бөлімде етістікті оқытуды, оның түрлерін, сабақты және салт етістік, көсемше, есімше, етістіктің шақтарын арнайы тарауларда қарастырады. Мәселен, оқулықта етістіктің шақтары туралы жазған тарауда салыстырмалы түрде шақ туралы еңбектердегі ережелерін салыстырып кемшіл тұстарын толықтырып отырады. Оны мысалдармен көрсетіп, талдайды. 1956 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасы» кітабымен салыстырып «Нақ осы шақ пен ауыспалы осы шақтың анықтамасы бір-бірінен басқа болуы керек. Үйткені ауыспалы осы шақтың келер шақтық мағынасы да, әдеттілік мағынасы да, нақ осы шақтың мағынасы да болатыны белгілі.... оқулықта нақ осы шақтың болымсыз түрі көрсетілмеген. Мұның көрсетілмеуінде, бірқатар орындарды, оның бұрынғы өткен шақтық етістіктің болымсыз түрімен бір болғандығы себеп болса керек. Мысалы, Мен отырмын дегендегі отырмын деген нақ осы шақтың болымсыз түрі мен отырған жоқпын болып шығады. Мен отырған жоқпын деген форманы өткен шақ мағынаға да, тап осы шақ мағынаға да түсіндіруге болады... мезгілдік үстеу қосып мен кеше отырған жоқпын деп те, мен осы уақытта отырған жоқпын деп те айтуға болатындығын шығарып, бұл форманың екі түрлік шаққа ортақ екендігін түсіндіруге болады» [5;85]. Етістіктің шақтары кең қолданыстағы, сөйлемді құрастыру, тіркестіру, мәтінді жазған кездегі жұрнақ, жалғауларды орынды қолданбаса контексте айтқысы келген ой мүлде өзгеріп кетуі мүмкін. Қазақ тіл білімінде етістіктің шақ категориясы түрліше сипатталып, талас тудырып жүрген мәселесі. Осындай екі ұшты зерттеліп, ғалымдардың бір байламға келе алмай жүрген тақырыптары оқытуда тіпті қиын болары сөзсіз. Осындай тұста тілші-педагог ретінде өз тұжырымында ұсынады.

Ұқсас әріптерді шатастырып жазу ерте кезден келе жатқан өзекті мәселе, бастауыш сынып оқушылары мен қазақ тілін үйренушілерге езулік қысаң жіңішке дауысты мен еріндік қысаң жіңішке дауысты дауыстыларды ажыратып үйрену қиындық туғызады. «Ү және І дыбысты езулік пен еріндік дауыстыларына ажырату бірінші кезекте» [5;85] екенін айтады. Оны оқыту үшін методикалық көмекші ретінде бірнеше әдіс-тәсілдерін ұсынады. Осы сияқты қосар дауыссыз дыбыстар өте ұқсас болғанмен бірыңғай я шұғыл, я ызың болмайды. Алдымен соны ажыратып, контексте келуіне орай мысалдармен жай тілде түсіндіреді. Ғалымның жиі қолданатын терминдерінің бірі жай тіл мен кітап тіл сөзлер. Қазіргі тіл қолданысында «кітап тілі» термині кездеспейді. Бұл тіркесті А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбановтардың еңбектерінен көре-

міз. Осы кездегі баламасы ғылыми стиль немесе терминдер деп қолданылып жүр. Лингвистика ғылымы нақты терминдері бар, қалыптасқан ереже аясында оқытатын нақты, жаратылыстану бағытына жақын сала. Сондықтан оқытуда тақырыпты нақты ереже бойынша өз бөлінген топтарда игеру өте маңызды. Мысалы, үндес п мен ф, б мен в, т мен с дауыссыз дыбыстары шұғыл, ызыңға айыра үйрету тәртібін үйретеді. «Көрнекті дыбыстарды (жасалатын орындары көзге көрінерлік дыбыстары) бұрынырақ танытып, бірте бірте көрнектің болмағандарының шұғыл, ызың жақтарын ажырату керек» [5;85].

Осы аттас екінші кітабы 1959 жылы Орфография және сөз таптары мәселелері үшін басылды. Оқулық білім алушы оқушы, студент, мұғалімдер үшін әмбебап көмекші құрал жазылды. Емлеге байланысты жазылған мақалалар негізінде дауыссыз дыбыстардың тіркесін, шылаулардың пунктуациялық, орфографиялық принциптері, диктант жазудағы қателер, бағалау критерийлерін тәжірибе жасай отырып зерттеген. Екінші бөлімі зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, шылаулардың оқытуына арналған тақырыптар. Оқулық методика болғанмен ішіндегі барлық талдау, зерттеулер тілтанымдық мұралар. Оқытушыға тек методика көрсету үшін айтылған тақырыпты толық меңгеріп, өзге оқулықтармен салыстырып, кем кетігін түзеп ұсынады. Тіл білімінің өзекті, проблемалы тақырыптарын оқытудың методикасына қоса отырып талдаған лингвистика саласының ерекше еңбектерінің бірі.

Ш.Сарыбаев лингвист, оқытушы, әдебиетші, публицист тұлға. Ғалым қай саланы болмасын аса жауапкершілікпен қараған. Ғалымның тілтанымдық мұраларының ішіндегі ең өзектісі, негізін салушы тақырыбы қазақ тілін оқытудың әдіснамасы. Қазақ тілін оқыту ХХ ғасырда жүйесіз, нақты құрылымы жоқ заманның құбылмалы кезеңі екеніне қарамай көптеген мұралар қалдырған ғалым. Ғалымның зерттеген жұмыстары өз заманында да, қазіргі күнде де өзекті тақырыптар еді. Тілді оқытудың дұрыс методикасын қалыптасыру жолында еңбек етті. Тілші ғалымдар үшін осы еңбектерін ауыз толтырып айтатын болсақ, әдебиет саласында да зерттеу еңбектері бар.

Ш.Х. Сарыбеу зерттеуші ғалым ретінде, ағартушы филолог ретінде көбірек білсек, достарының арасында 8-12 жолдық әзіл өлең жолдарын жазатын ақындық қабілеті туралы көп айтыла бермейді. Жалпы ғалымның қазақ тарихының қиын қыстау кезеңімен қатар, оқу білімнің қарқынды, қазақ даласын жалпы беттік сауаттандыруға көшкен кезінде қызмет етті. Ол кезде көлденең әріптен қате кетсе халық жауы болып кетіп жатқан қаншама адамдарды көріп отырып қазақ тілінде, әдебиетіне қатысты еңбек жазу оңай болмады. Осы кедергілерге қарамай ұлт тарихына, руханиятына қызмет етті.

Ш.Х. Сарыбаев өзінің саналы ғұмырын оқу білімге арнаған, жұмысына адал болған ғалым. Ш.Сарыбаевтың тек ғылым жолы емес, жеке өмірінде де жауапты, ұқыпты, жауапкершілігі мол тұлға ретінде танымыз. Олай дейтін себебіміз, ғылым-

да қалдырған еңбегі өз алдына өмірде де қазақтың музыка, лингвистика салаларына адал қызмет жасаған саналы ұрпақ тәрбиелеген. Болат және Шора Сарыбевтар қазақтың мәдениет және тіл білімі салаларында аттары алтын әріппен жазылған профессор, академик ғалымдар. Болат Шамғалиұлы өнертану ғылымдарының кандидаты, музыка аспаптарын зерттеушісі, педагог. Болат Шамғалиұлының ұлттық музыкалық аспаптардан ансамбль ұйымдастырып, үрмелі аспаптарды жүйелі зерттеп «Қазақтың ұлттық аспаптары» тақырыбында монографиясы шыққан. Ал екінші ұлы Шора Шамғалиұлы филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі. Шора Сарыбаев әке мұрасын жалғастырушы ғалым «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы бөлімінің меңгерушісі, институт директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 1995 жылдан осы институттың бас ғылыми қызметкері болған. Ғылыми-зерттеу еңбектері диалектология, морфология, лексикология, лексикография, библиография, тіл тарихы, аударма, есімнама, алтаистика мәселелеріне арналған» [4].

Ш.Х. Сарыбаев халықтың сауатын ашуда, елімізге жоғары білімді мұғалім мамандар даярлауда ерекше үлес қосқан белсенді ағартушы, шебер ұйымдастырушы, қайраткер-ұстаз Ш.Х.Сарыбаевтың қастерлі есімі ілтипатпен аталады. Ғалымның өшпес мұрасы осы күнде де өз өзектілігін жойған емес. Зерттеу жұмысымызды одан әрі кеңірек, тілтанымдық мұрасын толықтырып зерттей, зерделей түсеміз. Ғалымның әдебиет, ағартушылық, лингвистика, медотика ғалымдарына арналған еңбектерін оқырманға талдап, саралап жеткізуге тырысамыз.

### Әдебиет:

1. Салқынбай А., Көккөзіва М.Б.Қазақтың тілші-әдіскер тұлғалары. – Алматы, 2006. Нұр-пресс. 3б. – 137 б.
2. Сманов Б., 21.11.2018 akikat.kazgazeta.kz
3. Жаксылықова К. Қазақ тілін оқытуды тілдік материалдарды таңдау мен оны ұйымдастырудың ғылыми негіздері. автореферат. Алматы, 1992
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Әліппе>
- 5.Сарыбаев Ш.Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу педагогика баспасы. – 1956 ж. 85 б. 232 б.
6. Орынбаев А. «Ш.Х.Сарыбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мұралары» канд.дисс. Алматы, 1999
7. Көшербаев Е. Шынайы педагог. – Алматы: Қазақстан мұғалімі, 1963
8. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. ф.ғ.докт. диссерт. Алматы, 1996.

**Б.Қасым**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

**Г.Суамбекова**

*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университеті, аға оқытушысы  
Қазақстан*

### **МЕТАФОРАЛЫ СӨЗЖАСАМ: КОННОТАТИВТІ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ КОМПОНЕНТТЕР**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ сөзжасамның үлкен арнасы – туынды сөз, метафоралы сөзжасам (зат аталымы, етістік, сын аталымы т.б.) мәселелерін ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан жаңаша зерттелуі мен жаңа көзқараспен зерделенуі қарастырылады. Бағалауыштық мағынаның когнитивті-семантикалық аспектіде талданады. Метафоралы сөзжасам (Туынды сөздер) – сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік екені дәйектеледі. Тілші ғалымдар тіл бірлігінің мағынасын, құрылымын моделін концептудануда Метафоралы сөзжасамға қатысты, оның ішінде семантика, бағалауыштық мәнге, сөз семантикасына зер салу, осы мәселе жөнінде зерттеулердегі тұжырымдамалар ғылыми талдауға негіз болды.

Тірек сөздер. Метафоралы сөзжасам, бағалауыштық мән, семантика, таным, ұқсасту заңдылығы.

**Abstract.** In the article, the problems of the big channel of Kazakh word-formation – derived word, metaphorical word-formation (noun, verb, adjective, etc.) are considered from a scientific-linguistic point of view and studied from a new point of view. The evaluative meaning is analyzed in the cognitive-semantic aspect. It is confirmed that metaphorical word formation (derivative words) is a unified linguistic unit created by means of word formation methods, the composition and structure of which is stable, and which is used in ready form. In the conceptualization of the model of the meaning and structure of the language unit, the correspondent scientists are concerned with the metaphorical word formation, including semantics, paying attention to the evaluative value, word semantics, the concepts in the studies on this issue became the basis for scientific analysis.

**Keywords:** Metaphorical word formation, evaluative value, semantics, cognition, similarity law.

## **Кіріспе**

Қазіргі кезде антропокогнитивті лингвистикалық зерттеу аясында тілдің мағыналық жағын зерттеудің әртүрлі мәселелері бар. Ғалымдар тіл бірлігінің мағынасын, құрылымын (конструкциясын) және моделін, өз кезегінде білімді концептудануды аналитикалық зерттеудің көптеген деректерімен байланысты мәселелерді зерттеп қарастырып жүр. Халықтың ұлттық санасын, сапалық белгілерін айқындай түсетін неше алуан әдет-ғұрып, салт-сана, мінез-құлық, қасиет-қалыбы тілдік танымында тікелей көрініс тапқан. Өмірдің барлық саласын қамтитын ішкі мазмұн байлығымен көзге түсетін, тілге бейнелі де мәнерлі реңк үстейтін, күрделі құрылымы бар туынды сөздер (күрделі аталымдар) – ана тілдің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін тұлғалар. Олар тіл бірліктері ішінде өзінің ұлттық нақышы мен көзге түседі. Ұлттық ерекшеліктің бастысы да тіл.

Бағалауыштық мағынаның құрылымдық мағына жайында публицистика стиліне, прагматикалық аспектіге, газет мәтініне (М.Серғалиев, Ш.Нұрғожина, Б.Момынова, Б.Қасым, О.Бүркітов, З.Ерназарова, Ғ.Түсіпбекова, Ф.Жақсыбаева т.б.) арналған зерттеулерде ғана сөз қозғалған.

Қазақ сөзжасамның үлкен арнасы – туынды сөз, метафоралы сөзжасам (*зат аталымы, етістік, сын аталымы* т.б.) мәселелерін ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан жаңаша зерттелініп, жаңа көзқараспен зерделенуі, белгілі жүйеге түсуі – қазақ сөзжасамының ғылыми-теориялық дамуына мүмкіндік жасау. Сондықтан, метафоралы сөзжасамға қатысты, оның ішінде *семантика, бағалауыштық мән* зерттелімдерінде шешілмей жүрген тұстары мен тілден өз мәртебесін ала алмай жүрген кейбір мәселелерді зерттеу-зерделеу, сөз семантикасына зер салу.

### **Материалдар мен әдістер**

- Метафоралы сөзжасамның мазмұнын құрайтын тілдік бірліктерді анықтау, талдау үшін мына ідістер қолданылды: қазақ тіліндегі туынды сөздердің сөздігі, түсіндірме сөздіктергі сөздердің сипаттамасы, фразеологиялық сөздіктердегі метафоралы сөзжасамға қатысты тілдік бірліктер сұрыпталып алынды. Олардың дефиницияларына компоненттік талдау, жетекші қызметті атқарушы сынардың семасын анықтау;

- метафоралы сөзжасамда кездесетін қолданыстарын мәнін ашу, сөзжасамдық мағыналарын ашу;

- метафоралы сөзжасамның қолданысын сөйлеу жағдаяттарына қарай контекстік талдау жасау.

### **Нәтижелер және талқылау**

*Метафоралы сөзжасам (Туынды сөздер)* – сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік. Қазақ ғалымдарының ішінен сөзжасам туралы алғаш ғылыми мәлімет А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығында берілген. Оқулықтың «Сөз тұлға-

лары» тақырыбында сөз тұлғасының бес түрін көрсетеді. Солардың бірі ретінде туынды сөзді көрсетіп, оған мынадай анықтама береді: «Туынды түбір дегеніміз – бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөз: мәселен, бастық, тастақ, шашақ, қастық» [1].

Қазақ тіл білімінде, түркологияда, туынды сөз – себепші негіздер арқылы уәжеліп, сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалған, екіншілік мағыналы жаңа атау. Мысалы, *ақ* → *ақбата* → *ақжол* → *аққұба* → *ақкөңіл* → *ақниет* → *ақөлім* → *ақси* → *ақта* → *ақтал* → *ақтаушы* → *ақсүйек* → *ақтүтек немесе ақ сүтін кешті, аузы ақққа тиді*, т.б. (Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі, 1-бөлім, 2016. – 25-30 б.).

Метафоралы сөзжасам өзіндік екінші белгісі – мағына тұтастығы. Ол мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына сәйкеспейді, оларға тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Мәселен, *көнқотыр*, *сасықауыз*, *алаөкпе*, *сұржылан*, *безбүйрек* т.б. дегеннен қатты қуанды, шаттанды дегенді түсінеміз. Бұл мағына *көн*, *сасық*, *ала*, *сұр*, *без* деген төрт сөздің бір де біреуімен байланыспайды, бірақ сол төрт сөздің қаз-қатар жұптасып қолданылуы арқылы пайда болады.

Туынды сөздердің мағына тұтастығын жеке сөзбен нақ бірдей деп санауға болмайды. Сөз түбір мағынаны, яғни лексикалық мағынаны білдіреді. Ал туынды сөздердегі әрқашанда жаңа мағынада жұмсалып, сөзбен балама қатыста емес, жанамалық байланыста тұрады. Зерттеушілер қазіргі кезде метафоралы сөзжасам (күрделі сөз) бен еркін тіркес мағынасын лексикалық мағына, ал жанамалық қатысты болатын тұрақты тіркестердің мағынасын фразеологиялық мағына деп жіктеп бөледі. Мәселен, біреулердің басының көлеміне қарап *үлкен бас*, *кіші бас* немесе *басы үлкен*, *басы кіші* деп баға беруге болады. Мұндағы *үлкен* мен *кіші* дегенде ешқандай *эмоция бояу* жоқ. Сөздің дәл ұғымын көрсетіп тұрады. Осы ұғымды сындық мәнді білдіретін *бағалаудың коннотациялық* үстеме мағына арқылы беруге болады. Мәселен, бастың үлкенін – *қауға бас*, кішісін – *шақша бас* десек, онда бастың соншалықты үлкен, я кіші екендігін білдірумен қатар, оған күшті *эмоциялық* мән жамайды. Көп жағдайда күрделі аталымдардың метафоралану, идиомалану мағынасында *жағымды немесе жағымсыз, эксперрсивті реңк* болады. Сөз бен күрделі аталымдардың ішіндегі жоғарыдағы екі типінің айрықша көзге түсетін бір ерекшелігі осында. Егер тілдегі атаудың түп-негізіндегі мағынасы ұмытылса немесе көмекіленсе, яғни неғұрлым ішкі құрылым өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтаған сайын, жасалымдағы дерексіз мағынаның қалыптасуына, мағынаның дамуына, ауыс мағынаның пайда болуына әкеледі [2, 78-86]. Мысалы, *аласапыран*, *алақырғын*, *алашапқын*, *алабалта* (қару) т.б. – атауларындағы *ала* сыңарының мағынасы түспен еш қатысы



жоқ және осы құрамда мағыналары бұрынғы мағыналарынан алшақтап, көмескіленген, түп-негіз мағынасы – бір кездерде *талау* деген мәнді білдірген. Кейіннен *талау* – мағыналық дамуға түскен: *тонау, шабу, ұрыс, соғыс* деген мәнінде жұмсалған. Мысалы, алтау *ала* болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді (Мақал). Осындағы *ала* сөзінің мағынасы түсті білдіріп тұрған жоқ, ауыс, мағыналық дамуға түскен: *ауызбірлігі жоқ, ынтымақсыз* дегенді білдіреді. *Алақушік* (ұлттық ойын – бірін-бірі мазақтап жүгірісіп ойнайтын халық ойыны), *алашапқын (апыр-топыр, жанталас)* т.б. *Ала* сөзінің мағыналық өрісі: *талау, тонау, шабу, ұрыс, соғыс, апыр-топыр, жанталас, ауызбірлігі жоқ, ынтымақсыз* деген синонимдік қатар түзеді. Сондықтан, тіл қолданысында оның бұрынғы түп-негізін іздеп жатпайды, тіл заңдылығында жаңашыл үрдіс ретінде қабылданып, тіл дамуында болатын аталымдағы күрделі мағынаның туындауы, қалыптасуы, дерексіз мағынаның дамуына әкелетін заңды құбылыс деп қарастырылады. Метафоралы сөзжасам (Туынды сөз) тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасады. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажыратылмай тұрады. Олар бір-бірімен мағыналық та, тұлғалық жағынан да жымдасып, тіреседі, өзге сөзбен алмастыруға, я болмаса тұрақты орын тәртібін өзгертуге келмейді [3, 225].

Жалпы тіл ғылымы тіл құрамын, қызметін, дамуын, әлемді бойына жинақтаған қор ретінде зерттеуді көздейді. Адамзат тілінде ортақ жүйелі, тарихи заңдылық сақталған. Ол жөнінде А.Байтұрсынұлы былай деп көрсетеді: «Сөз көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқастығы жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз» [4, 355]. Ғалымның өз мағынасы дегені сөздің тура мағынасы да, «ауыстырып айтамыз» деп сөздің ауыспалы, яғни метафоралы мағынадағы сөздер туралы жазып отырғанын төмендегі ойтүйіндеулерінен байқалады. Метафоралы ойлау қабілеті жөнінде «күн құтырып кетті» мысалы арқылы былай дейді: «күннің желдетуі адамның құтырған күйіне ұқсас әсер ететіндігінен, жанды нәрсенің күйін көрсететін сөз» [4, 355]. Өз зерттеуінде ғалым метафоралану процесіне ең алдымен ассоциациялы ойлау себепші болып, метафоралардың туындауына ұқсастық заңдылығы ұйытқы болатынын осы пікірлері арқылы жеткізіп отыр.

Адамды қоршаған шынайы болмыс нысандары өзара байланыста, үйлесімде немесе өзгешелікке құрылған. Осы байланыстарды бақылаушы да, танушы да, зерттеуші де, бағалаушы да ең алдымен адам болғандықтан, олардың көрінісі ең алдымен тілде бейнеленеді [3]. Осы ретте, адам санасының, ойының ең бір күрделі үрдісі ретінде метафоралы ойлай білу қабілетін айтуға болады. Тілдік бірліктердің ішкі мағыналық, мәндік құрылымында бағалау қазақ тіліне тән

құбылыс деп, ұлттық семантикалық ерекшеліктің көрінісі немесе таңбалануы деп тұжырымдауға болады. Бұл үдеріс метафоралық сөзжасамда анық көрінеді. Тілдің дамуы ойдың дамуымен, адамның шығармашылығының дамуымен біте қайнасып жатқандықтан, ең алдымен тілдік бірліктердің мағыналары астарынан ұлтқа тән ерешелік, ұлттық сананың қалыптасу, бейнелену көріністері байқалады.

Жалпы тілдегі бағалау туралы И.А. Солодилова, И.В. Шепеля: «Оценочная деятельность человека и оценка как ее результат базируются на интерпретативной деятельности сознания, представляя собой ментальный процесс, заключающийся в сравнении предметов, сопоставлении их свойств относительно имеющихся норм, стереотипов и ценностных установок, то есть могут квалифицироваться как специфическая разновидность познавательной/когнитивной деятельности человека» деген тұжырым жасайды [5, 172]. Демек, семантикалық бағытта бағалаушытық мағынаны анықтау, бағалау мағынасының табиғатын, құрылымын, коннотациялық компоненттерін, басқа тілдік бірліктермен арақатынасын т.б. мәселелерін қарастыру арқылы сөздің мән-мазмұнын ашуға болады.

Тіл білімінде кез келген атаудың мағыналық құрылымында үш ірі мағыналық бөлік – денотаттық, сигнификаттық және коннотаттық бөлік – болатыны айтылады. И.Арнольд, Л.Новиков, Э.Кузнецова, В.Г.Гак, Ю.Д.Апресян т.б. зерттеушілер еңбегінде сөздің мұндай мағыналық сипаты терең зерттелген. Осымен байланысты кез келген атаулардың өзі қалай болса, солай жасалмағаны, қойылмағаны көрінеді, оларға атау беруде сол заттың нақты ерекшелігі мен қасиетін анықтайтындай түрлі сипатына, ерекшелейтін қасиеттеріне назар аударылып, оны тілдік заңдылықтар тұрғысынан баға беріп, бағалық қасиетін ескеріп таңбалаған. Сондықтан аталымдарға, яғни реалийлердің атауы болу үшін ауыспалы сыңардағы түрлік қасиеттерді білдіретін мағыналар □ компоненттердегі айырым семасы бола тұра, біртұтас мағынасына жалғасады. Бірінде – *ұқсату*, бірінде – *қызмет*, екіншісінде – *түр-түс*, үшіншісінде – *орын-мекен*, төртіншісінде – *сапалық қасиеттері*, бесіншісінде – *ауыс мағына* т.б. тәрізді сан қырлы заттың даралық қасиетін ерекшелеу арқылы, сол заттың атаулық қасиетін қалыптастырған [6, 187]. Мысалы, Ташкенттің Шыршық жағындағы *қыстақта* бір бай молда тұрады екен. Ол елде *жағымсыз, тілемсек*, өзі *сараң және қарынды* болыпты...Төле би ел қамын *ойлап*, күні-түні ұйқыдан безіп *жүдеңкіреп* жүрген кезі болса керек. Өлгі молда тағы да кекете *сөйлепті*: – *Өзіңіз арықтан, тұралап бітіңсіз* ғой. Сонда Төле би оған: – *Өлеңді жерде өгіз семіреді, Өлімді жерде молда семіреді*, – деген... Осы мәтінде метафоралы бағалаушытық мәнде жұмсалған тілдік бірліктердің қызметін көреміз (Шешендік шиырлары, 54-б.).

Лингвистика саласында тілдік метафораның сөзжасамдық қызметі толық

*2.Морфологиялык контаминация.* Кыргыз тилинде агглютинация механизминин, сөз жасоонун морфологиялык жолунун күчтүү өнүгүшү морфологиялык контаминациянын жаралышына негиз болот. Кеп ишмердигинде тилдеги мурдатан кеңири колдонулуп жүргөн өнүмдүү моделге, схемага окшоштуруп, ошого негиздеп, ошол моделдин таасири менен жасалган сөздөр арбын учурайт [Мусаев, 1999]. Тил ошол сөз жасоо моделинин, схемасынын негизинде жасалган сөздөр аркылуу (бул боюнча жогоруда сөз болгон эле) байыйт, өнүгөт, тилдин лексикалык кору толукталат, жаңы сөздөр жасалат. Маселен: *ишчи, окурман, көрөрмандар, билермандар, ишкер, мушкер, зергер, зерчи, өнөргер, саясаткер, сүрөткер, талапчыл, аокердик, кетермандык* ж.б.у.с. сөздөр жана ушулар сыяктуу сөздөр кыргыз тилинде сөз жасоонун өнүмдүү модель-схемасына төп келет жана мындай сөздөрдүн жасалышы адабий тилдик нормага кайчы келбейт. Арийне, ошондой болсо да, тигил же бул автор тарабынан жасалып, бирок активдүү лексикалык катмарга кире албай, кыргыз тилинде сүйлөгөн жалпы коомчулук тарабынан колдоого, колдонулууга алынбай жабыркаган, өмүрү аз “жеке- автордук” сөздөр– окказионализмдердин жаралышына негиз болгон ушул морфологиялык контаминация кубулушу. Бүгүнкү күндө кыргыз тилинде кездешип жүргөн, өзгөчө, телерадио журналисттеринин сөздөрүндө, гезит беттеринде “жабалактаган” төмөнкү өндүү ката жасалган сөздөр ушу морфологиялык контаминациянын негизинде, б.а., мүчөлөрдүн катмарлашуусунун, чокмороктошуусунун натыйжасында жаралган: *Камкорчу, арбындады, талапкерчилик, зергерчи, ишкерчилик, пахтакерчилик, саясаткерчилик, сүрөткерчилик, паракорчулук, зарылчылдык, керекчилик, баарысы, барайлык, узатайлык, бирөөсү, экөөсү, үчөөсү, төртөөсү, бешөөсү, алтоосу, жетөөсү, сегизөөсү, оноосу. Келтирилген мисалдарда камкорчу, ишкерчи-*

*лик, зергерчи, саясаткерчилик, сүрөткерчилик, талапкерчилик, паракорчулук, пахтакерчилик* деген сөздөр морфологиялык контоминациянын негизинде ката жасалган.

Берилген сөздөрдүн ката экендигин буларды морфемаларга ажыратып, кыргыз тилиндеги сөз жасоонун өнүмдүү модель-схемасына ылайык туура жасалган сөздөр менен салыштырып, алардагы аналогияны тактаганда эле ачык көрөбүз. Кам+кор+чу, иш+кер+чи+лик, зер+гер+чи, саясат+кер+чи-лик, пара+кор+чу-лук, пахта+кер+чи+лик, сүрөт+кер+чи+лик, талап+кер+чи+лик. Мындагы биринчи морфемалар: кам, иш, зер, саясат, пара, сүрөт, пахта, талап–уңгу зат атоочтор. Буларга кесипти билдирүүчү экинчи морфемалар уланып, уңгу зат атооч билдирген лексикалык мааниси боюнча “кесиптенген” киши дегенди билдирип калды: камкор, ишкер, зергер, саясаткер, паракор, пахтакер, сүрөткер, талапкер. Ошол кесиптеги киши маанисин билдирген бул сөздөргө кесипти билдирүүчү үчүнчү морфемалар (ар кандай фонетикалык вариантта) уланып, морфологиялык контаминациянын натыйжасында ал сөздүн морфемалык структурасы катмарланып, чокмороктошуп: камкорчу, ишкерчи, зергерчи, саясаткерчи, паракорчу, пахтакерчи, сүрөткерчи, талапкерчи деген ката сөздөр жасалды: Бул сөздөргө төртүнчү морфема- катыштык сан атоочту жасоочу –*дык* мүчөсү (ар кандай фонетикалык вариантта) уланып, морфологиялык контаминациянын натыйжасында ката жасалган сөздөрдүн дагы бир ката варианты пайда болду: *пахтакерчилик, ишкерчилик, саясаткерчилик, паракорчулук, сүрөткерчилик, талапкерчилик.*

Морфологиялык контаминациянын негизинде жасалган бул ката, жеке автордук окказионализм сөздөрдүн туура, ката эмес варианттары төмөнкүлөр: *камкор, зергер, саясаткерлик, сүрөткерлик, талапкерлик, паракорлук, ишкердик, пахтакердик.* Булардын ката варианттары тилде кеңири кездешип, бирок булардан айырмаланып туура, катасыз эле жасалган *малчылык, чарбачылык, пахтачылык, тамекичилик, саясатчылык, сүрөтчүлүк* деген сымал сөздөр сөз жасоо модель-схемасынын таасиринде аларга аналогия катары жасалган, алар аркылуу мотивацияланган болсо керек. Жогорку катаны бөлөкчө түшүндүрүүгө мүмкүн эмес [Мусаев, 1999].

Көпчүлүк учурларда сөз жасоодогу айырмачылык паронимдердин жаралышына негиз болот. Маселен: *кура, курак, курактык, курактуу, курама,* туунду сөздөрү *кур* сөзү аркылуу мотивировкаланган, б.а. Бирок морфологиялык контаминациянын негизинде жаралган “курамалык”, “курамалуу” деген сөздөр эч кандай мотивацияга ээ эмес– ката сөздөр, “курактык”, “курактуу” сөздөрүн мотивациялаган курак сөзүндөй эле “курама” сөзү да турганы менен, ал сөздөн деривациялык туунду сөз жаралбайт. Тилдеги өнүмдүү модель-схеманын аналогиясына салып “курамалык”, “курамалуу” деген сөздү жасагандар морфологиялык контаминация кубулушунун негизинде ката сөз жасап колдонгондуктарын сезиши мүмкүн эмес. Бүгүнкү күндө кеңири кездешип жүргөн *агенттик-агентчилик* деген сөздөр сөз жасоонун ар түрдүү негиздерине

ээ пароним сөздөр экендигине карабай (агентство-агент) кыргыз тилиндеги тексттерде биринин ордуна экинчиси колдонулуп, катчылыкты көрсөтүп келатат. Булардын бири *агент*– жашыруун жүргөн киши, “разведчик”, “шпион” деген маанини туюнтса, экинчиси *агентчилик* дегени мекемени, агентствону агенттик деп аташып, айрым бир авторлор аны разведчиктердин, жашыруун атайын миссия, тапшырма менен жүргөн шпиондун уюгу катары көрсөтүп алгандарын сезишээр бекен. Агенттик– агентчилик деген сөздөр кыргыз тилинде ажырым колдонулуп жүргөн *акимдик*– *акимчилик* деген сөздөр менен бирдей аналогияга дал келет. *Акимчилик*– аким отура, иштей турган жай, мекеме. Ал эми *акимдик*–акимге тиешелүү дегенди билдирет: акимдик кызмат, акимдик оорун, акимдик убада ж.б.у.с. Ошондуктан “*Акимчилик*” дегендин ордуна “*акимдик*” деген сөздү колдонуу кандай ката болсо, “*агентчилик*” деген сөздүн оордуна “*агенттик*” деген сөздү пайдалануу да ошондой эле өтө орой ката болуп эсептелет.

Мындай паронимдерди алмаштыруу, чаташ колдонуу – морфологиялык контаминациянын натыйжасы. Буларды мындай сөздөрдүн сөз жасоо негиздерин аныктоо аркылуу гана тактап, туура айтууга жана туура жазууга болот. Антпегенде пароним сөздөрдүн баарын бири-биринин ордуна колдонуп, лексика-семантикалык ар кыл табияттагы лексемалардын араларына чек коюлбай, омоним, синоним, пароним сөздөр семантика-функционалдык, семантика-структуралык жактан өз ара ажырабай бири-экинчисине эквивалент бирдик катары жогоркудай ката колдонулуп калуу ыктымалдуулугун күчөтөт. Бул болсо, кеп маданиятына терс таасир этүү менен, тилдик каражат-бирдиктерди пайдалануу сабатсыздыгыбыздын гана күчөшүнө алып келет [Ахматов, 2003].

3. *Лексика-семантикалык контаминация*. Лексика-семантикалык контаминациянын кеңири тараган түрү катары тавтологиялык контаминацияны көрсөтүүгө болот. Тавтологиялык контаминацияны грамматикалык формалар да, лексемалык каражаттар да уюштурат. Мында бир эле маанини туюнткан грамматикалык ар кандай формалар, лексемалык каражаттар бири-бири менен тизмектешип, бирин-бири кайталап колдонулат да, грамматикалык эч кандай жаңы маани киргизишпей, көп формалуулукту, көп сөздүүлүктү жаратып, грамматикалык жана синтаксистик-стилдик катарлардын келип чыгышын шарттайт. Мындай контаминациянын классикалык үлгүсү катары кепте кездешип жүргөн камкорчу, зергерчи, ишкерчи, дыйканчы, чайкорчу, шоопурчу ж.б.у.с. сөздөрдү көрсөтүүгө болот. Мындагы – кор (фонетикалык ар кыл вариантта) формасы билдирген “кесиптик” мааниге ушул эле “кесиптик” маанини туюнтуучу – чы мүчөсү фонетикалык ар кыл вариантта кабаттала тизмектешип, грамматикалык эч кандай жаңы маани жаратпастан, тавтологиялык контаминациянын, сөздүн грамматикалык-структуралык ката формасынын пайда болушун гана шарттады. Бул сөздөрдүн тавтологиялык контаминацияланбаган туура варианты болуп *камкор*, *зергер*, *ишкер*, *дыйкан*, *шоопур*, *чайкор* формалары эсептелет.



4. *Тавтологиялык контаминация* маанилеш лексемалардын кош кабат колдонулушу аркылуу да пайда болот. Маселен:

1. Жакшы ийленип жасалган жумшак көлдөлөндөр, кичинекей кооз чарчы *курактардан куралган курама курак* төшөктөр керегенин боюн тиреп жыйналган (К.А.)

2. Эгемендүүлүктүн алгачкы жылдарында көптөгөн айыл-кыштак, жерлердин *аттары кайра өзгөртүлүп аталды* (КТ.1995.16.03)

3. *Жогорку баадагы кымбат товарларды* өндүрүү жалпы калктын сатып алуу.

Бул мисалдардагы алды сызылган сөздөрдүн колдонулушу- тавтологиялык контаминациянын бир көрүнүшү.

...*Курактардан куралган курама курак* төшөк деген тизмектеги асты сызылган төрт сөздүн сөз жасоо негизи – *кур* сөзү. Бул этиштик маанидеги сөзгө этиш жасоочу мүчө жалгануу менен этиштен этиш жасалды, ага зат атооч жасоочу мүчө жалгануу менен *курак* зат атооч сөзү жасалды. Бул сөз майда-майда кездемелерден чогултулуп, куралып жасалган нерсени атоо үчүн колдонулат.

Маселен, *курак төшөк, курак туш кийиз, курак чапан* ж.б.у.с. Ал эми *куралган, курама курактардан* деген сөздөрдүн баардыгы- ушул айтылышта тавтологиялык контаминациянын негизинде пайда болгон ката, бул жерде сөздөр ашыкча колдонулган. *Курак төшөк* деген дагы, *курама төшөк* деген дагы, *куралган төшөк* десек дагы, *курактардан жасалган төшөк* десек дагы баары бир *курак төшөк* деген гана маанини түшүнөбүз. Ошондуктан жогорку мисалды: “Жакшы ийленип жасалган жумшак көлдөлөндөр, кичинекей кооз чарчы курактардан жасалган // куралган төшөктөр керегенин боюн тиреп жыйылган” деп эле түзсө, дурус болчудай. Ошол эле учурда “*керегенин боюн тиреп жыйылган*” деген тизмекте да тавтологиялык контаминация бар. “*Керегенин боюн тиреп*” дегендин өзү- “*жыйылган*” деген сөзгө контексттик синоним. Көлдөлөндөр, төшөктөр керегенин боюн тиреп турган болсо, демек, алар жыйылып турган болот. Бул контексттик семантика аркылуу аныкталып турат. Ошондуктан жогорку сүйлөмдү “*Жакшы ийленип жасалган жумшак көлдөлөндөр, кичинекей кооз чарчы курактардан куралган // жасалган төшөктөр керегенин боюн тирейт*” деп эле бүтсө, дагы дурус болмок.

Экинчи мисалдагы “...*аттары кайра өзгөртүлүп аталды*”, -деген тизмекте да тавтологиялык контаминация орун алган. *Кайра аталды, өзгөртүлүп аталды, аттары... өзгөртүлдү* деген эле тизмектерде айыл-кыштак, жерлердин аттарынын мурдагыдан өзгөртүлүп жаңы ат менен аталгандыгы, мурдагы атынын өчкөндүгү жөнүндөгү ой айтылгандыгы ачык эле көрүнүп турат. Ошондуктан ал сүйлөмдү: “Эгемендүүлүктүн алгачкы жылдарында көптөгөн айыл-кыштак, жерлер өзгөртүлүп аталды; Эгемендүүлүктүн алгачкы жылдарында көптөгөн айыл-кыштак, жерлердин аттары өзгөртүлдү; Эгемендүүлүктүн алгачкы жылдарында көптөгөн айыл-кыштак, жерлер кайра аталды” деп эле түзсө, дурус болот. Үчүнчү мисалда “...*прогресси*

*жогорулатуу, өркүндөтүү*” дегендин өзү тавтология. Прогресстин өзү– өнүгүү, жогорулоо, өркүндөө. Ошондо сүйлөмүбүз Илимий-техникалык өнүгүүнү // жогорулоону өркүндөтүү, жогорулатуу болуп калып жатат. Андыктан ал сүйлөмдү жөн гана “Илимий-техникалык прогресс (же өнүгүү)– бүгүнкү мезгилдин талабы” деп эле куруш керек. Төртүнчү мисалдагы “*жогорку баадагы кымбат товарлар*” дегенди карап көрөлү. Мында “*жогорку баадагы*” жана “*кымбат*” дегендер бири-бирине абсолюттук синонимдик катышта турушат. Булардын бирөө эле колдонулса, дурус болмок. Анткени “*жогорку баадагы*” дегендин өзү “*кымбат*” дегенди билдирсе, “*кымбат*” дегендин өзү “*жогорку баадагы*” дегенди билдирип, бул сөздөр бири-бирине карата абсолюттук синонимдик катарды түзүп турушат. Ошондуктан *кымбат товарларды же жогорку баадагы товарларды өндүрүү жалпы калктын сатып алуу мүмкүнчүлүгүнө туура келбейт* деп эле сүйлөсө, туура болмок.

5. *Лексика-синтаксистик контаминация* тизмектеше турган сөздөрдүн өз ара айкашуу мүмкүнчүлүгү же валенттүүлүгү менен байланышат. Тилде бири-бири менен тизмектешчү сөздөр, бири-бири менен тизмектеше албоочу сөздөр да бар. Ар бир сөздүн валенттүүлүк мүмкүнчүлүгү ар башка. Ошондуктан сөздөр тил илиминде аваленттүү, бир валенттүү, эки валенттүү, үч валенттүү жана көп валенттүү сөздөр деп, алардын синтаксистик мүмкүнчүлүгү аныкталат. Ушул өзгөчөлүгүнө ылайык айрым бир сөздөр өз ара тизмек курганда тандап-тескеп айкашат. Маселен, “*бет ачаар*” менен “*жүз ачаар*” бири-бирине синоним боло албайт, “*бетин ач*” дегенде күнөөсү ачылды, айыбы ачылды деген маанини берсе, “*жүзүн ач*” дегенде коомчулукка биринчи жолу тартууланып жатат деген маанини берет. Ошондуктан булардын биринин ордуна экинчисин колдонуу – ката. Ушундай эле пикирди *деңгээли кеңейет, ролго ээ болот, маани ойнойт, чара көрүү, канаттуу сөздөр, акыл-эсиң көбөйүп калыптыр, эрежени аткаруу, талапты сактоо* дегендерге байланыштуу да айтсак болот. Буларды *чара колдонуу, учкул сөздөр, эрежени сактоо, роль ойнойт, мааниге ээ болот, деңгээли көтөрүлөт // жогорулайт, талапты аткаруу, акыл-эс кирип десек* туура, катасыз болот деген пикирдебиз.

Жыйынтыктап айтканда, контаминация, жогоруда белгиленгендей, кебибиздеги катанын жаралышына негиз, себеп болуу менен, кептин ачакей маанилүү, кош маанилүү, түшүнүксүз, ката болушун шарттап, тилдик каражат-бирдиктердин зарылчылыксыз эле көп колдонулушуна, кептеги плеоназм кубулушунун орун алышына алып келет.

### Колдонулган адабияттар:

1. Мусаев С. Кеп маданияты жана норма. – Б., 1999 – 241
2. Ахматов Т. Кыргыз адабий тилинин нормалары. – Б., 2003.

**Қ.Слямбеков**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
кіші ғылыми қызметкер  
Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ САЯСАТКЕРЛЕРІ ТІЛІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ПАРЕМИЯ**

**Андатпа.** Мақалада тәуелсіздік жылдарынан кейінгі мемлекеттік қайраткерлер мен саяси қайраткерлердің тілдік ерекшелігіне тән маңызды құбылыстардың бірі ұлттық паремия бірліктерді жайлы айтылады. Мемсаяси қайраткерлердің ұлттық мақал-мәтелдерді қолдануының ерекше сипатына, оны қолданудың себептері мен артықшылықтарына тоқталады. Мақал-мәтелдердің саяси мәнмәтіндегі қызметі, жалпы тілдік қордан саяси контекске ауысқандағы жаңа мағынаға ұласуы мен саяси жүкті арқалауының өзгешеліктері жайлы баяндалады. Мысалдар З.Нұрқаділов, Н.Назарбаев, Қ.Тоқаев, А.Сәрсенбайұлы, Б.Сапарбаев, И.Тасмағамбетовтың сөйлеген сөздерінен жиналды. Біздің ойымызша, қазақ саяси қайраткерлердің ұлттық паремиологияны қолданудағы өзіне тән сипаты бар, оны әлемдік саясаткерлер мен саяси тұлғалардың тілінен кездестіре бермейміз. Сондай-ақ, мақалада паремиялық тілдік бірліктерден бөлек, саяси қайраткерлер тіліндегі афоризмдерді, мақал-мәтелдерді интерконтекстуалдық бірлік ретінде қолданудағы ерекшеліктері жайлы айтылады.

Зерттеу жұмысы «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлерінің тілі: XX ғ. басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін» (AP14872071) жобасы аясында орындалды.

**Тірек сөздер:** саяси лингвистика, саяси қайраткер, мемлекеттік қайраткер, саяси тіл, саясаткер тілі, паремиология, интекстекст

**Abstract.** The article describes one of the most important phenomena characteristic of the linguistic specificity of statesmen and politicians after the years of independence – these are national paremiological units. It is known that state policy focuses on the special nature of the use of national proverbs, the article reveals the reason and advantages of its use. It reports on the activities of proverbs and sayings in a political context, on the peculiarities of the transition from the general language fund to the political context and the shifting of political weight. Examples are collected from the speeches of Z. Nurkadilov, N.Nazarbayev, K. Tokayev, A. Sarsenbayevich, B. Saparbayev, I. Tasmagambetov. In our opinion, Kazakh politicians have their own character in the application of national paremiology, which we do not always encounter in the language of world politicians and political figures. In addition to paremiological linguistic units, the article also describes the features of using aphorisms, proverbs and sayings in the language of political figures as intertextual units.

The research work was carried out within the framework of the project «The language of political leaders and statesmen: the period from early twentieth century Alashordi leaders to independence» (2022-2024)” (AR14872071).

**Keywords:** political linguistics, politician, statesman, political language, language of politics, paremiology, intektext

**Аннотация.** В статье рассказывается об одном из важнейших явлений, характерных для языковой специфики государственных деятелей и политических деятелей после лет независимости – это национальных паремиологических единицах. Известно, что в госполитики акцентируют внимание на особом характере употребления национальных пословиц, в статье раскрыто причина и преимущества его использования. Докладывается о деятельности пословиц и поговорок в политическом контексте, об особенностях перехода от общеязыкового фонда к политическому контексту и переложении политического груза. Примеры собраны из выступлений З. Нуркадилова, Н.Назарбаева, К. Токаева, А. Сарсенбаевича, Б. Сапарбаева, И. Тасмагамбетова. На наш взгляд, у казахских политических деятелей есть свой характер в применении национальной паремиологии, с которой мы не всегда сталкиваемся на языке мировых политиков и политических деятелей. Также в статье, помимо паремиологических языковых единиц, рассказывается об особенностях использования афоризмов, пословиц и поговорок на языке политических деятелей в качестве интерконтекстуальных единиц.

Статья опубликована в рамках научного проекта «Язык политических лидеров и государственных деятелей: от лидеров Алашорды начала XX века к независимости» (AR14872021), который будет реализован в 2022-2024 годах.

**Ключевые слова:** политическая лингвистика, политический деятель, государственный деятель, политический язык, язык политика, паремиология, интекстекст.

Саясаткердің тілінде жиі қолданылатын тілдік құбылыстардың бірі – мақал-мәтелдер мен цитаталар. Бұл екеуі де цитацияға жатады, яғни, мәтінде сілтеме мақсатында қолданылып, қандай да бір ойдың тұжырымын нығайту мақсатында қолданылады. Цитациялардың ішінде әсіресе саяси қайраткерлер тілінде мақал-мәтелдердің орны ерекше. Өйткені мақал-мәтел – халық даналығының ұйытқысы, халықтың ұлттық рухы сақталған рухани қазынасы [1].

Мақал-мәтел дегеніміз – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін сөз; мақал-мәтелдер тереңнен қозғап, кең толғап айтылатын ой-тұжырымның мәйегі, қысқа да нұсқа түйіні [1, 57].

Қазақ саяси қайраткерлері тілінде ұлттық паремиялар мейлінше жиі қолданылады. Мақал-мәтел сөзге көркемдік пен бейнелік береді. Әсіресе, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» тұщымды жеткізуге көмектеседі. Сондай-ақ, саяси тұлғалар

өзінің ұлттық идентификациясын айқындау мақсатында да мақал-мәтелдерді көптеп қолданады. Оны бірегейлендіру үшін «халқымыз», «қазақ» деген сөздерді қосып отырады. Біз зерттеуге алған материалдарымыздан саяси қайраткерлердің «ұлттық нақыштағы» мақал-мәтелдерін іріктеп алуға мән бердік. Өйткені жоғарыда айтылғандай, мақал-мәтелдердің бойында ұлттық рух, «ұлттың жаны» болғандықтан, саяси қайраткерлер өзінің «шыққан жерін» белгілеу, халыққа жақын екенін бейсаналы білдіру үшін де мақал-мәтелдерді қолдануға бейім тұрады. Сондай-ақ саясаткердің айтар сөзін ықшамдап, нысанаға дәл тигізуіне көмектеседі, ал адресанттар өз кезегінде айтылған сөздің басты, маңыздысын ұғынуына әсер етпек [2, 450].

3. Нұрқаділовтің тілінде:

*«Қалауын тапса, қар жанады» демей ме данышпан халқымыз... (ЕҚ, 4 қараша, 1995).*

*«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, егер осы қорды жинап алсақ, қазақ жерін қорғаған, қанын төккен аруақтарды барлық кезде де есте қалдыруға арналған үлкен панораманың болатынына сенемін (Түркістан, 5 қаңтар, 1999).*

*Бүгін де біздің қоғамымызды гүлдентіп, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтатын басты күш – бұл рух. Халқымыздың нақыл сөзі бұған дәлел: «Рухы күшті ел – алынбайтын қамал» (Түркістан, 5 қаңтар, 1999).*

Н.Назарбаевтың тілінде:

*Халқымызда «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» деген даналық сөз бар (Жолдау 2011, 28 қаңтар).*

*Дана халқымызда «Игілік басы – ынтымақ» деген қанатты сөз бар (Жолдау 2012 жыл, 27 қаңтар).*

*«Ынтымақты елдің ырысы мол» дейді халқымыз (Жолдау 2018, 5 қазан).*

Қ.Тоқаевтың тілінде:

*Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған (Жолдау 2020, 1 қыркүйек).*

*Қазақта «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» деген сөз бар. Біздің парызымыз – қанды қылмыс жасалғанын ұмытпай, барлық содырлар мен лаңкестерді жазаға тарту.*

*Бабаларымыз «Литен шыққан жау жаман» деп бекер айтпаған (Жолдау 2022, 16 наурыз).*

*Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс. Онсыз шаруалардың күні қараң (Жолдау 2023, қыркүйек).*

Б.Сапарбаевтың тілінде:

*Зады, қазақтан өткен дана халық бар ма, «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демей ме? (ЖА, №46, 2002).*

Қазақта «*Аруақ күзеткен ұрпақ азбайды*», «*Өлі риза болмай, тірі байымайды*» деген сөз бар. Шымкент қаласында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап, мұражай салдық (ЖА, №46, 2002).

«*Ел іші – алтын бесік*» деген қазақтың мәтелі бар. Рас сөз. Елдің ішіне кірсең, көп нәрсеге қанығасың (ЕК, 29 тамыз, 2022).

Ж.Тұякбайдың тілінде:

«*Айырылған азады, қосылған озады*» дейді атам қазақ (ЖА, №7, 2008).

И.Тасмағамбетовтің тілінде:

Қазақта «*Жер мен жесірдің дауы бітпес*» деген сөз бар. Жер дауға емес, елдің игілігіне айналуы керек (ЕК, №256, 2002).

Қазақ «*алмақтың да салмағы бар*» дейді зой (ЕК, №256, 2002).

Аталарымыз «*халық көзі қырағы*» деген. Сондықтан өз басым, «*Күлтөбеде күнде кеңес*» құрмасақ та, атқарылған шаруалар туралы әлсін-әлсін өздеріңізбен алқақотан отырып ой бөлісу өте өзекті деп білемін (Алматы ақшамы, №15, 2006).

Ә.Бәйменовтің тілінде:

Дана халқымыз «*Ана сүті – бойыңды өсіреді, ана тілі – ойыңды өсіреді*» дейді (ЖА, №46, 2002).

Жоғарыдағы мысалдарға көз жүгіртсек, саясаткерлер мақал-мәтелдерді айтар ойын көркемдеу үшін, идеологиялық интенцияны (бірлік, ынтымақ, байлық) білдіру үшін, мәселенің маңыздылығын көрсету үшін қолданған. Мақал-мәтелмен цитата беру сондай-ақ сөйлеушінің дәйекті дерек келтіре білуін, беделді дереккөзге сілтеме беруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, спикер сөзінің афоризмдік қасиетін арттырады, яғни, ойды бейнелеп, көркемдеп жеткізе отырып, қысқа да нұсқа, дәйекті мәнде берілуіне әсер етеді [3, 845].

Сондай-ақ мақал-мәтелдердің саяси мәнде қолданылуының құндылығы да артпақ. Мәселен, жоғарыда келтірілген үзінділерде *халық, ел, отан, ана тілі, ынтымақ* пен *бірлік* сынды лексемалардың әрі қоғамдық, әрі саяси мәні күшейтілген. Өз кезегінде қазақ саяси қайраткерлерінің мақал-мәтелдерді жиі қолдануы мақал-мәтелдердің «саясилануына» (идеологиялануы), қазақ саяси тілінің мақал-мәтелдермен баюына түрткі болады.

Бұдан бөлек, қазақ саясаткерлері Абай, Асан Қайғының, жыраулар мен шетелдің саясаткерлердің, философтардың нақыл сөздерін қолдануды әдетке айналдырған. Бұл саяси қайраткер тілінің афоризмділігін күшейтіп, айтар ойының мәнділігі мен беделділігін қамтамасыз етеді. Саясаткерлер белгілі бір саяси көзқарасын білдіру мақсатында цитаталарға сүйенеді. Мәселен,

Н.Назарбаевтың тілінде:

Ұлы Абай: «*Егер де мал керек болса – қолөнер үйренбек керек*» деген еді. Оның сөздері, менің ойымша, осы заманғы білім беру идеологиясын мейлінше дәл бейнелейді (Жолдау, 2008 жыл, 16 ақпан).

Б.Сапарбаевтың тілінде:

*Қара басының бағы ашылмағанын басқалардың озып кеткенінен көретін қазақтың бойына біткен бұл жаман қасиет бізге оша бермесіне әбден көзі жеткен Абайдың да ашуға мінгенін жаныммен түсінемін. «Бас басына би болған өңкей қиқым» деген ауыр сөзді халқына қарны ашқан соң айтқан да (ЕҚ, 29 тамыз, 2022).*

А.Сәрсенбайұлының тілінде:

*«Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер, құйрығы жоқ, қолы жоқ құлан қайтіп күн көрер» деп Асан Қайғы атамыз айтқан заман біздің басымызға жақындап қалды (Ақ жол, №25, 2005).*

Жоғарыда келтірілген үзінділерде цитаталар Н.Назарбаев білім беру жүйесіндегі саясаттың әркімнің өзінше кәсіп пен білім үйренуіне бағытталғанын, Б.Сапарбаев жұрт ішінде бірлік пен ынтымақтастық жоқ екенін, А.Сәрсенбайұлы қазіргі елдің жағдайы қиындап бара жатқанын айту үшін қолданған.

Кейде саяси қайраткерлер тілінде орыс халқының мақал-мәтелдерін немесе кейде афоризмдердің орысшасын қолданатын сәттері бар. Мәселен,

3.Нұрқаділовтің тілінде:

*«Не судите, а не судимы будете» дейді зой... Қайтесің?! (Алматы ақшамы, №131, 2006)*

*«Казнить нельзя помиловать» дегеннің қай тұсына үтір қоюды халық айтады (Қазақстан, №12, 2004).*

Б.Сапарбаевтың тілінде:

*Елін сүйген адамның барлық адамға жазуы мүмкін еместігін түсіндім. Өйткені Козьма Прутков айтпақшы, «Никто не обнимет необъятного». Шынында да халықтың бәрін құшағыңа сыйдыра алмайсың (ЕҚ, 29 тамыз, 2022).*

*Маған Израильдің экс-премьер-министрі Голда Меирдің сөзі ерекше ұнайды: «Пессимизм – это роскошь, которую евреи не могут себе позволить». Әр халық үшін де ақиқат сөз осы (ЕҚ, 29 тамыз, 2022).*

Бұл саясаткерлердің қостілділігімен, орысша мағлұматтарды түпнұсқада қолдау әдетімен байланысты болса керек.

Саяси қайраткерлер тілінде тұрақты тіркестерді интертекстуалдық көркемдік құрал ретінде қолданушылық басым. Яғни, тұрақты тіркестердің мағыналық тұтастығымен мәтін ішіне кіріктіріп жіберу. Сол арқылы сөйлемге көркемдік мән беру әрі айтар ойға экспрессия қосу. Әрі мұндай тұрақты тіркестердің саяси мәнді (немесе идеологияны) жеткізу қуаты баршылық болғандықтан, саясаткерлердің тілінде көптеп қолданылады. Мәселен:

Н.Назарбаевтың тілінде:

Ел үшін, ұрпақ үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын кез келді, ағайын (Жолдау, 2009, 6 наурыз).

И.Тасмағамбетовтің тілінде:

*Кейінгі уақытта «өз үйінде өгей баланың» күйін кешкен «Шаңырақ», «Әйгерім», «Ұлжан», «Дархан», «Думан», «Байбесік», «Тауғұл 3» сияқты ықшамаудандарда бірқатар жолдар салынып, жарық пен су жеткізілді (Ана тілі, 2006, №6).*

*«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» – келер күніміздің қандай болмағы да, қаламыздың келешек келбеті де осы отырған Сіз бен біздің қоян-қолтық іс-әрекетімізге байланысты (Ана тілі, 2006, №6).*

*Мен айтар едім, бұл сайлау елдің саяси ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық келешегін де «тайға таңба басқандай» белгілеп берді (Алматы ақшамы, №15, 2006).*

*Депутаттармен «бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығарып» қимылдаудамыз (Алматы ақшамы, №15, 2006).*

*Бұрынғылардан қалған Қасым ханның «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заманы» деген қазақтың алтын дәуірі осы Сығанақ астана болып тұрған кезеңде орнаған деген болжам бар (ЕК, 29 Маусым, 2018).*

Ә.Қосановтің тілінде:

*Сонымен, ол пақыр, жаңағы партия жетекшісін айтам, әкесін танытып тұрып өз партиясын мақтайды-ай кеп, мақтайды-ай кеп! Оның айтуынша, «Нұр Отан» баяғыда-ақ қой үстіне бозторғай жұмыртқалатып қойыпты (Ақ жол, №25, 2005).*

*Бір адамға ғана табына бағыну және оған қарсы пікір айта алмау дәстүрі ше-неуниктердің бойында небір теріс қасиеттерді қалыптастырғалы қашан: «ләббай, тақсыр!» синдромы, «үндемеген үйдей пәледен құтылады», «менсіз де шешетін көкелер бар зой жоғарыда» (Ақ жол, №25, 2005).*

Сөйлем ішіне кіріктірілген бірліктерді әдетте интертекстема деп атайды. Ол интертекстуалдылық құбылысының тілдік бірлігі саналады. Мұндай семантикалық жағынан маркерленген тілдік бірліктер сөйлемнің құрамдас бөлігі, құрылыс материалы бола отырып, оған әртүрлі стилистикалық мән үстейді. Мақал-мәтелдерді, интертекстема-лексикалар, тұрақты тіркестер интертекстеманың тілдік құралдары болмақ [4, 49].

Қорытындылай келе, қазақ саяси қайраткерлері мен мемлекеттік қайраткерлері тілінде ұлттық паремия белсенді қолданылады әрі оны қолданудағы өзіне ерекшеліктері мен ұлттық сипаты бар. Мұны қазақ саясаткерлерінің өзіне ғана тән сипаты деп бағаласақ болады.

### Әдебиет:

1. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: «Толғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.



2. Чеботарёва К. Роль и место пословиц и поговорок в языке политической пропаганды // Будущее науки – 2021, 21-22 апреля 2021 года, Том 3. – 449-452 с.

3. Хабибуллина Ф., Иванова И. Выражение футуральности в афоризмах политического дискурса разноструктурных языков // Russian Journal of Linguistics. №4, 2017. – 844-857 с.

4. Фокина М. Фразеологизмы-интертексты в структурно-смысловой организации повествования // Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова. №10, 2006. – 48-51 с.

### **Ә.Сейдамат**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, докторант  
Қазақстан*

### **Ж.Тұрғынбаева**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, ғылыми қызметкер  
Қазақстан*

## **ТІЛДЕГІ СТАНДАРТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ**

**Аңдатпа.** Тіл дамуының қазіргі сатысында ауызша және жазба коммуникациядағы тілдің қолданысы, ондағы өзгерістер мен жаңа белгілерді, түрленімдерді тіл білімі ғылымына қатысты сөз мәдениеті, стилистика салаларының аясында жаңа қырынан зерделеудің маңызы зор. Өйткені жазба коммуникацияның, мәдениетаралық коммуникацияның тіл қолданысына әсерінен, әлемдік және ішкі-сыртқы саяси-әлеуметтік ақпараттар ағынын шапшаң, кедергісіз жеткізу нәтижесінен қалыптаса бастаған тұрақты, қалып алған тілдік бірліктердің (жеке сөздер мен сөз орамдарының) табиғаты, олардың жағымды немесе пейоративті сипаты, тілдің байлығына кері немесе пайдалы ықпалы, функционалдық стилдерге қарым-қатысы сияқты біралуан мәселелер тіл мен ұлттық болмыс заңдылықтарына байланыстыра зерттеудің өзектілігін танытып отыр. Тіл қолданысындағы жаңа белгілерді зерделеу, сөз мәдениеті және стилистика ғылымдарының теориялық негізін құрайтын тілдегі стандарттылық және әдеби тіл нормалары ұғымдарының мән-мағынасын айқындау мәселесімен тығыз байланысты.

Мақалада қазіргі тіл білімінде жіті зерттелмеген тілдегі стандарттылық және оның белгілері, оның әдеби тіл нормаларымен арақатынасы мәселелері қарастырылады. Мәселені анықтау үшін әлемдік лингвистикада М.Н. Кожина, В.В. Виноградов, Г.В. Винокур, В.Г. Костамаров сынды тілші ғалымдардың, ал қазақ тіл біліміндегі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Р.Сыздық, Н.Уәли, А.Алдаштың сынды

тілші ғалымдардың функционалды стилистика, әдеби норма, сөз мәдениеті, тілдің байлығы мәселелеріне байланысты еңбектері зерделенді.

**Тіпек сөздер:** Тілдегі стандарттылық, тілдік норма, әдеби тіл, термин, стиль.

**Abstract.** At the present stage of linguistic development, the study of language use in oral and written communication, as well as the changes that occur in language under the influence of modern social and cultural processes, is of particular importance. There is a need to analyze stable linguistic units (words and expressions), their connotative characteristics, and their influence on functional styles formed in the context of globalization and intercultural communication. One critical task is to examine how the rapid circulation of global and domestic information affects language richness and the norms of the literary language.

Research in speech culture and stylistics is directly tied to the challenges of language standardization and defining the boundaries of literary norms. The article discusses the standardization of language, its features, and its correlation with the literary language, areas that remain insufficiently studied in contemporary linguistics. Theoretical aspects related to standardization, functional styles, and speech culture have been developed by prominent scholars such as V. V. Vinogradov, M. N. Kozhina, and G. V. Vinokur. In Kazakh linguistics, significant contributions have been made by A. Baitursynov, K. Zhubanov, M. Balakaev, R. Syzdyk, and N. Uali, whose works address literary norms and language richness.

**Keywords:** Language standard, language norm, literary language, term, style.

**Аннотация.** На современном этапе развития языкознания особое значение приобретает изучение использования языка в устной и письменной коммуникации, а также тех изменений, которые происходят в языке под влиянием современных социальных и культурных процессов. Возникает необходимость рассмотрения устойчивых языковых единиц (слов и выражений), их коннотативных характеристик, а также влияния на функциональные стили, формирующиеся в условиях глобализации и межкультурной коммуникации. Важной задачей является исследование влияния стремительной циркуляции мировой и внутренней информации на язык, его богатство, а также на нормы литературного языка.

Исследования в области культуры речи и стилистики напрямую связаны с проблемами стандартизации языка и определения границ литературной нормы. В статье рассматриваются вопросы стандартности языка и его особенностей, его соотносительности с литературным языком, которые в современном языкознании недостаточно изучены. Теоретические аспекты, касающиеся стандартизации, функциональных стилей и культуры речи, были разработаны многими учеными, среди которых В. В. Виноградов, М. Н. Кожина, Г. В. Винокур. В казахском языкознании важный вклад внесли А. Байтурсынов, К. Жубанов, М. Балакаев, Р. Сыздык и Н. Уали, чьи работы касаются вопросов литературной нормы и богатства языка.

**Ключевые слова:** Языковой стандарт, языковая норма, литературный язык, термин, стиль.

Қазіргі қазақ тілінің дамуында мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына байланысты көптеген әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық технологиялық жаңалықтар ықпалымен тіл қолданыс жүйесіне әсерін тигізетін бірқатар өзгерістер байқалады. Әдеби тіл – қозғалмалы, қоғамның үздіксіз дамуына байланысты өзгеріп отыратын, оның өзгеруіне сыртқы және ішкі тілдік факторлар әсер ететін күрделі құбылыс. Осыған орай қазақ тілінің сөз байлығының қолданыстағы жайы, тіл байлығын қоғам мүшелерінің қолдану әлеуетінің сипаттары тереңірек талдауды қажет етеді. Өйткені жазба коммуникацияның тіл қолданысына әсері, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын ақпараттар ағынын оқырманға шапшаң, кедергісіз жеткізу нәтижесінен қалыптаса бастаған тұрақты, қалып алған тілдік бірліктердің (жеке сөздер мен сөз орамдарының) табиғаты, олардың жағымды немесе жағымсыз сипаты, тілдің байлығына кері немесе пайдалы әсері, функционалдық стилдерге қарым-қатысы сияқты біралуан мәселелер тіл мен ұлттық болмыс заңдылықтарын байланыстыра зерттеудің өзектілігін танытып отыр. Бұл аталғандар тіл білімі ғылымында орныққан және әдеби тіл нормалары аспектілерімен байланысты талданатын, клише, штамп, стереотип ұғымдарына қатысты. Сонымен қатар стандартталған тілдік стереотиптер, қалыпты, тұрақталған тілдік бірліктер дегенге жақындау келетін функционалдық стилдердің стилдік байлаулы тілдік бірліктері (стилистикалық маркированные единицы) түрінде ұғынылады. Олай болса осы аталған мәселелерді айқындау мақсатында берілген ұғымдарды әдеби норма және тілдегі стандарттылық ұғымдарымен байланыстыра зерттеудің маңызы зор.

Тілдегі стандарттылық пен әдеби норма байланысына тікелей тоқталмас бұрын ең алдымен қазақ тіл біліміндегі әдеби норма мен тілдік норма ұғымдарының арақатынасы мен маңызына зер салалық.

Ұлт Ұстазы А. Байтұрсынұлы мен профессор Қ. Жұбановтың еңбектерінде, тілдегі норма қисынын анықтайтын келесідей пікірлер берілген. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәтгә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады» [1, 37] деген пікірі тілді қолданудағы, жазуда белгілі бір заңдылықтың болатынын түсіндіріп, тілдік норма ұғымының мазмұнына сілтеп тұр. Ал профессор Қ.Жұбанов еңбектерінде тілдік норма мәселесі автордың сөзқолданыс мәселесімен бірлікте тілдің жүйесін білу, сөз мүшелерінің қиындасуын меңгеруі түрінде тілдік бірліктердің қолданысқа түскен кезіндегі сипатына, бірізге түсірілуіне қатысты сипатталады [2]

Ұлт ұстаздарының ізімен академик М. Балақаев тілдік норма ұғымына келесідей анықтама берген: «Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік. Тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру» [3, 138].

Сондай-ақ қазақ тіл біліміндегі тілдік норма ұғымын анықтайтын негізгі пікір академик Р. Сыздықтың зерттеулерінде берілген. «Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері тәртіптері, норма тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс... Нормалылық танымына тұрақтылық, дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық белгілері де кіреді» [4, 47]. Сонымен қатар әлеуметтік бағалаудан туындайтын жүйелілік, реттілік, тұрақтылық, дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық және ұтымдылық (лингвостилистикалық норма үшін) сияқты сипаттар норманың белгілері ретінде аталған [4, 47-54].

Белгілі ғалым, профессор Н. Уәлидің «Сөз мәдениеті» еңбегінде сөздің жатықтығы, байлығы, тазалығы, дәлдігі, әсерлілігі және сөз әдеби коммуникативтік сапасы әдеби нормамен тығыз байланысты талданады [5].

Берілген анықтамаларды өзара салыстыра отырып, зерттеулерде тілдік норма ұғымының мәні көбіне әдеби норма ұғымымен бірлікте, тығыз сабақтастықта қолданылғаны байқалады. Академик М. Балақаев тілдің ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы, әдеби норма деп атаса, академик Р. Сыздық еңбектерінде әдеби норма мен тілдік норма терминдері бір мағынада алынған. Осы орайда, тілдік норма мен әдеби норма аражігін ажыратуда профессор А.Алдаштың келесі пікірі жоғарыдағы тұжырымдарды қорыта түседі: «Тілдің құрылымдық, лексикалық құрамынан тілдік бірліктерді іріктеп, таңдап, оларды тұрақты етіп, қолданылуын берік дәстүрге, қоғамдық практикаға айналдырып бекіту, коммуникативтік жағдаяттың түрлеріне қарай таңдап қолдану, тәртіптеу, бұл – тілдік норма. Осы арқылы тілдік норманың деңгейі танылады, бұл көрсеткіш ұлт мәдениетінің деңгейінің де бір белгісі болып табылады. Тілдің құрылымдық, грамматикалық жүйесінен гөрі лексикалық жүйе өзгермелі сипатқа ие, сондықтан онда жарыспалылық үздіксіз жүріп отырады, бұл – әдеби норманың аспектісі, демек, өзгерістерден пайда болған парадигмалық, синтагмалық қатарлардың қайсысының тіл нормасына қосыла алатындығын әдеби норманың тезіне салып зерттеп, дәлелдеу қажет болады» [6, 100].

Олай болса әрбір тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде тілдік норма қалыптасады. Тіл жұмсауда дәлме-дәлдік, айқындылық болу керек. Ал тілдік нормадағы тәртіпті орнататын да, иінін қандыратын да – әдеби тіл. Әдеби тіл нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары [5, 7] ретінде бағаланады.

Тілді стандарттау – тілдің нормаға түсуі, тілдік құралдардың стандартталуы, тілдік бірліктердің лексикалық, дыбыстық, грамматикалық варианттарын нормаға түсірудің үлгісі ретінде алынған тілге сүйене отырып, бір деңгейге түсіру... Тілді стандарттау бар мүмкіндіктермен жүзеге асырылады [7, 362].

Әлемдік тіл білімінде әдеби тілге және әдеби тілдің нормаларына қатысты зерттеу жұмыстарына үңілсек, әдеби тілді (стандарт тіл) деп атау нұсқалары кездеседі. Литературный язык (также стандартный язык) – обработанная часть общенародного языка, обладающая в большей или меньшей степени письменно закреплёнными нормами; язык всех проявлений культуры, выражающихся в словесной форме [8, 108].

Сонымен қатар ағылшын тіл білімінен енген «стандарт тіл» терминін орыс зерттеушісі Е.Д. Поливановтың зерттеулерінен «языковой стандарт русского языка» атты нұсқасында кездестіреміз. Ғалымдардың пікірінше, аталмыш терминді әдеби тілдің орнына қолданудың басты себебі, әдеби тілді әдебиет тілімен шатастырудан туған. Осыған сай тіл білімі саласына «стандарт» терминінің еніп, әдеби тілдің орнына қолданыла бастауы, тілші мамандарға тілдегі заңдылықтар мен осы заңдылықтарды бұзатын кереғар құбылыстарды стандарт және нонстандарт оппозиімен белгілеуге ыңғайлы болуымен де түсіндіріледі [9, 17].

Тілдегі стандарт пен стандарттылық ұғымдарын «әдеби тіл» терминімен тығыз байланыста салыстыра қарағанда, стандарттылық және әдеби норма теңбе-тең бе; сондай-ақ әдеби тілдің қай белгісінен стандарттылық айқын көрінеді; сынды бірқатар сауалдар туындайды.

Қазақ тіл білімінде әдеби тілдің сыр-сипатын ашатын басты белгілері мыналар:

1. әдеби тілдің сұрыпталған, өңделген нормаларының болуы;
2. сол нормалардың жұртшылықтың бәріне міндеттілігі және ұзақ уақыт сақталуы;
3. функциональдық-стильдік салаларының болуы;
4. қоғамдық қызметтің әр алуандығы [10, 193].

Тілдегі стандарттылықты айқындауда әдеби тілдің функциональдық стильдеріне ерекше тоқталамыз. Әдеби тілдің негізгі шарты нормалылық, сұрыпталған тіл болу қажеттілігі болса, ол стильдің негізгі ұстанымы болып табылады. Әдеби норма дегеніміз тілдік құралдардың стандартты қолданылуы. Функциональдық стильдердің әрқайсысы өз мүмкіндіктерінше тілдік бірліктерді қолданудың өзіндік модельдері мен трансформациясын жасауға ұмтылады. Ол тілдің дамуына және стильді қалыптастыруға ықпал жасайды. Тілдік модельдер мен бірліктер функциональдық стильдердің шеңберінде қарастырылады.

Әдеби тілдің жүйесінде сөздер көбіне еркін, кездейсоқ компоненттерден емес, дәстүрлі формулаларда шартты орын алатындығы белгілі. Бұл өз кезегінде стильге қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалыуына мүмкіндік береді. Осыған сәйкес функциональды стильдердің (көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу, публицистикалық, ғылыми, ресми іс-қағаздар) түрлері ажыратылады.

Т.Г.Винокур функционалдык стиль топтастыруда мынадай белгілерін ескеру қажеттігіне баса назар аударған: 1) әдеби тілдің қандай бір түрін функционалдык стиль ретінде айқындау үшін осы түрі адам қызметінің белгілі бір саласында әрдайым қолданылуы керек; 2) әдеби тілдің қандай бір түрін функционалдык стиль ретінде айқындау үшін тілде іс жүзінде қандай да қатынас саласында қызмет атқаратын және осы өмір саласында қатынас жасау ерекшеліктерімен айқындалған сөйлеу құралдарының белгілі бір мөлшері болуы қажет [11, 9].

Берілген ой-пікірлерден функционалды (мақсатты) стильдердің басты ерекшеліктерінің бірі – стилистикалық дайын сөз оралымдары сынды стильдік байлаулы белгілері туындайтынын байқаймыз.

Функционалдык стильді айқындайтын стилистикалық дайын сөз оралымдарына штамп, клише, стереотип ұғымдары жатады. Ал бұл терминдер өз кезегінде стандарттың синонимдері екеніне баса назар аудартамыз.

«Клише – қарым-қатынас жасау барысында оңай айтылатын дайын сөйлем орамы, сөздер тіркесі, стереотип» [7, 180]. Тілдік клише, көбіне, фразеология мен функционалдык стилистикада қарастырылып жүр. Ал «Штамп... тілдің өңделіп ажарланған, тұрақты қалыптасқан құралы (дайын элементі). Кез келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем жиі қолданудың нәтижесінде штамп бола алады [7, 428]. Штамп дайын сөз оралымдарын қолдану қарым-қатынаста жылдам ұғынысуға, тыңдаушы мен айтушының ойлау энергиясы мен уақытын үнемдеуге көмектеседі. Стереотип – ұғымдық образ, ол адам санасында орныққан түсінік пен құбылыстың ақиқаттылығы ретінде ассоциацияланып тұрады. Тіпті оны стилистикалық фреймдер ретінде бағалауға болады, ұқсастық сипаттың нәтижесінен де туындаған деп айтуға болады, себебі стильдің қалыптасуындағы экстралингвистикалық, психоәлеуметтік факторлар адам санасында стилистикалық фреймдердің орнығуына тікелей ықпал еткендіктен, стандартты тілдік бірліктер ретінде дайын күйінде қолданылады. Тілші ғалым Н.П.Котюрова стереотип жайында: «стереотиптік тілдік бірліктер өзінің дайын күйінде коммуникативтік актінің күрделі процесін жеңілдетуге де ыңғайлы болып, пайдасын тигізіп отыратындығын айтады» [12, 19].

Функционалды стильдердің ішінде стандарттылық, әсіресе, ресми іс-қағаздар стиліне тән. Мысалы, «Білім туралы» *Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы*; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»; «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы» [13].

Берілген мысалдар – біріне-бірі ұқсамайтын заңнамалық құжаттардың тақырыпшалары. Алайда барлығын біріктіріп тұрған «туралы» лексикалық бірлігі трафарет

түрінде қайталанатын. Өйткені заңнамалық құжаттардың барлығының формасы, тілдік бірліктер, сөйлем құрылымы бірдей болуы қажет. Бұл – ресми стильге жататын заңнамалық құжаттардың стандарттылық белгісі.

Осындай заңнамалық құжаттардың барлығының да формасы, тілдік бірліктер, сөйлем құрылымының тұрақты қалып алған, қайталанатын мәнмәтінмен берілуі ресми стилдің нақты байлаулы белгісі ретінде танылады. Екіншіден, көбіне ресми құжаттар орыс тілінен қазақ тіліне тәржімалау тәсілімен жасалады. Сондықтан аударма ісінде осындай үлгілер бір құжаттан екінші құжатқа стереотип (таптаурын) ретінде көшіп жүреді. Бұл жағдай заңнамалық құжаттарға қойылатын негізгі талап.

Тілші ғалым В.В. Виноградов ауызекі сөйлеу стилінде де адамдар дайын сөз оралымдарымен сөйлеп, жаза алатындығына баса көңіл бөлген [14, 59]. Ал баспа тілін зерттеген В.В. Костомаров публицистикалық стильде дайын тілдік стандарттар қолданылады және олар автор мен белгілі әлеуметтік топтың бірін-бірі түсінуін жеңілдетеді деп қорытқан [15, 58].

Ресми іс-қағаздар мен ғылыми стильдердегі стереотиптік бірліктердің прагматистикалық рөлі тұрақты. Ал публицистикалық стильдегі стереотиптердің прагматикалық рөлі жоғарыда аталған екі стильге қарағанда күрделі және қарама-қарсы болып келеді. Публицистикалық стильде стандарттылықтың қолданылуы мен берілу формасы өзге стильдерге қарағанда біршама мәселелерді қамтиды. Себебі аталмыш стильде жазылған мәтіндер бір ғана емес, бірнеше мақсатты көздейді. Публицистикалық стильдің негізгі қызметі: ақпарат беру және әсер ету. Публицистикалық стилдің ақпараттық қызметі жалпыстильдерге ортақ, бейтарап лексиканың немесе тілдік стандарттардың қолданылуы арқылы іске асады. Ал әсер ету қызметі экспрессивті тілдік құралдарға жүгінеді. Осыған сай публицистикалық стилдегі мәтін құрылымы: стандарт пен экспрессияның алмасып отыруымен түсіндіріледі. [14, 125]. Бастысы, дәл осы баспа тілінде аталмыш ұғымдардың бірлігі ақпаратты беруде стилистикалық қағида болып табылады.

Тілдік стандарттар дайын күйде қолданылатын, тұрақты қалып алған сөз үлгілері болып саналады. Тілдік стандарттар публицистикалық стильде жиі қолданылады. Г. О. Винокур газет тілінде кездесетін тілдік стандартты құрылымдарды тілдің лексикалық және синтаксистік құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты ажыратады. Атап айтқанда лексикалық стандарттар қатарына мағыналары алдын-ала белгілі дайын формула түрінде қолданылатын тұрақты тіркестер, клише, стандартты метафораларды, ал синтаксистік стандарттар қатарына дайын синтаксистік құрылымдарды жатқызған [15, 95]. Кейбір стандартты сөздер қолданыстан шығып жатса, кейбіреулері өзгермейтін қалыпты тілдік бірліктер қатарынан орын алады. Публицистикалық стильде стандартты тілдік бірліктер экспрессияға қарсы тілдік құбылыс немесе қарама-қарсы тілдік бірлік ретінде қарастырылады. [16, 109].

Олай болса функционалдық стильдерде клише, штамп, стандарт құбылыстарының бар екендігі және оның тілдік айналымға еніп кеткендігі жайында зерттеушілер тарапынан жиі айтылып келеді, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде, яғни публицистикалық стильде клише, штамп, стандарт құбылыстарының көптеп кездесетіндігі белгілі. Тілдегі стандарттылық және осы арқылы тілдік бірліктердің стандартталуы функционалдық стилдерге және олардың әрқайсысының өзіндік белгілерінің (стилдік байлаулы тілдік бірліктерінің) болуына тікелей байланысты. Өйткені әрбір функционалдық стиль қарым-қатынасты орнықтыру, ақпаратты беру мақсатында алдында тұрған сыртқы міндеттерге сәйкес, әрі сыртқы лингвистикалық факторлардың ықпалына бағына отырып, тілдік бірліктерді іріктеп алады. Іріктелген тілдік бірліктердің қолданыс жиілігі артқан сайын олар стандарттала түседі, нақты бір стилдің байлаулы белгісі ретінде қалыптасады. Дегенмен кей реттерде осы құбылыс таптаурындылыққа да айналуы мүмкін.

Тілші ғалым Р.Сыздық: «Сонымен, көптеген өзге тілдер сияқты, қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің де бұл күнде функционалдық стильдері: көркем әдебиет стилі, публицистикалық, ғылыми (немесе ғылыми-техникалық), эпистолярлық стильдер және ресми іс-қағаздары мен кеңсе қағаздары стилі деп жіктелетін болса, оларды бір-бірінен ажырататын тілдік белгілері болуы керек. Бұлар жөнінде стилистика мәселесімен айналысқан зерттеушілер біршама пікірлер айтып, фактілерді көрсетіп келді. Олардың дені орыс тілінің функционалдық стильдерін сөз еткен еңбектерден алынған. Бұған, бір жағынан, публицистикалық, ғылыми әдебиеттің және ресми іс-қағаздарының орыс тілінен аударма түрінде ұсынылып келгендігі себепкер болса, екіншіден, функционалдық стильдер табиғатының тіл-тілдің қай-қайсында да кейде бір шамада болып табылатындығы да ықпал еткен болар» [17, 55] – деген пікірінен жалпы қазақ тіліндегі функционалды стильдердің әлі де зерттеуді қажет ететін өзекті сала екендігіне көз жеткіземіз.

Ғалым Т.Г.Винокур тіл мәдениетінің екі сатысын атап көрсеткен болатын: бірі – кіші сатысы, қолданыс тілінің дұрыстығы, екіншісі – қолданыс тілінің биік шыңы – стилистикаға қатысты, дәлірек айтқанда, стилистикалық норма [11, 12]. Ендеше, стилистикалық норма дегеніміз – қарым-қатынас аясындағы қолданыс тілінің мақсатына, міндетіне және мазмұнына сай, тарихи жағынан қалыптасқан тілдік мүмкіндіктердің жүзеге асу ережелері, ұстанымы. Әдеби тілдің жоғары мәдениеті ойды дұрыс, дәл және ақылға қонымды етіп тілдік құралдар арқылы жеткізе білу болып табылады. Зерттеушілердің қай-қайсысы да тілдің әлеуметтік қызметіне мақсаттық стильдердің қатысты екендігін атайды. Олай болса тілдегі стандарттылық ұғымы стилистика ғылымы мен тіл мәдениеті ғылымы аясында әлі де терең зерделеуді қажет етеді.

**Қорытынды.** Қазақ әдеби тілінің негізгі белгілерін саралай отырып, келесі тұжырымдарды алға тартамыз: жоғары деңгейдегі әдеби тіл қалыптасқан, нормаланған



ұлттық тілде стандарттылық болады және жақсы дамыған, тұрақталған нормалары бар тіл халықтың ұлттық мәдениетінің, оның ішінде сөз мәдениетінің де жоғары дамығанын танытады. Тілдің стильдік тармақтары саралана түскен сайын стандарттылық та айқын болады.

Тілдегі стандарттылықты айқындауда әдеби тілдің функционалдық стильдерінің рөлі маңызды. Әдеби тілдің негізгі шарты нормалылық, сұрыпталған тіл болу қажеттілігі болса, бұл да – стилдердің негізгі ұстанымы. Әдеби норма мен тілдік құралдардың стандартты қолданылуы тығыз байланысты. Функционалдық стильдердің әрқайсысы өз мүмкіндіктерінше тілдік бірліктерді қолданудың өзіндік модельдері мен трансформациясын жасауға ұмтылады. Ол тілдің дамуына және стилді қалыптастыруға ықпал жасайды. Тілдік модельдер мен бірліктер функционалдық стильдердің шеңберінде қарастырылады.

Мақала ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

#### Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 3-ші бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту ин-ты, 2010. – 607 б.
3. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 182 б.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
5. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 117 б.
6. Алдаш А. Қазақ Ортологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 214 б.
7. Сулейменова Э., Шаймерденова Н., Мадиева Г. и др. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі /Под ред. Э.Д. Сулейменовой. – Алматы, 1998. – 325 с.
8. Словарь социолингвистических терминов (неопр.). – Москва: Российская академия наук. Институт языкознания. Российская академия лингвистических наук, 2006. – С. 217.
9. Кёстер-Тома З. Стандарт, субстандарт, нонстандарт. – Берлин, 1993. № 2. – С. 15-31.
10. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж. – 509 б.
11. Винокур Т. Развитие функциональных стилей современного русского языка. –М.: Наука, 1968. – 231 с.

12. Котюрова М. Научный текст и стиль мышления ученого // Вестник Пермского университета. – Пермь, 1996. – Вып II. – С. 26-42.
13. <https://www.akorda.kz>.
14. Виноградов В. Проблемы русской стилистики. – М., 1981. – 320 б.
15. Костомаров В. Русский язык на газетной полосе. – М.: Изд. МГУ, 1970. – 265 с.
16. Кожина М. Стилистика русского языка. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1993. – С.188.
17. Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

### **А.Барменкулова**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, доктарант  
Қазақстан*

## **ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ МЕТАБЕЛГІЛЕНІМІ**

**Аңдатпа.** Мақалада этномәдени бірліктердің мағыналық құрылымында кодталған ұлт мәдениеті туралы білімдер жүйесін танудың құралы – мәдени-семантикалық белгіленімі жайлы айтылды. Ал, мәдени-танымдық білімдер жүйесін ішкі формасында сақтаушы бірлік – сөз, яғни мәденитанымдық бірліктер. Осы арада түсіндірме сөздіктер сөздерді тіркеп, дефинициясын ашу барысында сөздің лексикалық мағынасының қалыптасуының уәжі туралы ақпарат беруші құрал екенін, ал мәдени сөздіктер сөздердің лексикалық мағынасын ғана емес, сөздердің шығу уәжінің ұлттық салт-дәстүр, тұрмыс-салтпен байланысты мәдени-семантикасын түсіндіретінін атап өткен жөн. Сондықтан мәдени сөздіктер ұлттық корпустағы мәдени-семантикалық белгіленімдерді жасауға негіз болады.

Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы белгіленім жүйесінің басқа корпусардан үлкен өзгешелігі – мәдени-семантикалық белгіленімдердің әзірленуі. Қазақ тілінің этномаркерлік жүйесін паремологиясын, мифологиясын, лексика-фразеологиясын, т.б. қамтитын мәдени-семантикалық белгіленім рухани және материалдық ұлттық мәдениет туралы білімді қамтамасыз етіп, пайдаланушыларды қазақ мәдениеті негізінде бірыңғай ұлттық-мемлекеттік бірегейлікке ұйытуға жағдай жасайды. Тілдік корпусарды жасаудың әлемдік тәжірибесінде алғаш рет қазақ тілінің корпусында мәдени-семантикалық белгіленімнің қойылып, қолға алынуы және оның өзіндік ерекшелігі көрсетілді.

Мақалада заттық мәдениетке қатысты *табақ* сөзінің ұлттық танымдық семантикасының қазақ тілінің ұлттық корпусында берілу үлгісі көрсетілді.

**Тірек сөздер:** корпус, мәдени ішкорпус, белгіленім, мәдени-семантикалық белгі-

ленім, этномәдени бірлік.

**Abstract.** The article spoke about the cultural and semantic designation – a means of recognizing the system of knowledge about the culture of the nation, encoded in the semantic structure of ethno-cultural units. And the unit that preserves the system of cultural and cognitive knowledge in its internal form is the word, that is, cultural units. In the meantime, it should be noted that explanatory dictionaries are a means of informing about the motivation for the formation of the lexical meaning of a word in the process of registering and deciphering words, and cultural dictionaries explain not only the lexical meaning of words, but also the cultural and semantics of the motivation for the origin of words associated with national traditions and Customs. Therefore, cultural dictionaries serve as the basis for the development of cultural and semantic designations in the National Corps. A significant difference between the system of designations in the National Corps of the Kazakh language and other corps is the development of cultural and semantic designations. The cultural and semantic designation of the ethnomarker system of the Kazakh language, including paremology, mythology, vocabulary and phraseology, etc., provides knowledge about spiritual and material National Culture and creates conditions for the consolidation of users into a single national-state identity on the basis of Kazakh culture. For the first time in the world practice of creating language Corps, cultural and semantic designations and their originality were demonstrated in the Kazakh language Corps.

The article showed an example of the transfer of the National cognitive semantics of the word Tabak in the National Corps of the Kazakh language in relation to material culture.

**Keywords:** corpus, cultural internal corpus, designation, cultural-semantic designation, ethnocultural unit.

**Аннотация.** В статье рассказано о культурно-семантическом обозначении-средстве познания системы знаний о национальной культуре, закодированном в смысловой структуре этнокультурных единиц. А единицей, хранящей во внутренней форме систему культурно-познавательных знаний, является слово, т. е. культурологические единицы. Между тем, следует отметить, что толковые словари являются средством информирования о мотивации формирования лексического значения слова при регистрации и раскрытии дефиниции слов, а культурные словари объясняют не только лексическое значение слов, но и культурно-семантику мотивов происхождения слов, связанных с национальными традициями, бытом. Поэтому культурные словари служат основой для создания культурно-смысловых обозначений в Национальном корпусе. Большим отличием системы обозначений в Национальном корпусе казахского языка от других корпусов является разработка культурно – смысловых обозначений. Культурно-семантическое обозначение, включающее в себя этномаркерную систему казахского языка паремологию, мифологию, лексико-фразеологию и др., обеспечивает знания о духовной и материальной национальной культуре и создает

условия для консолидации пользователей в единую национально-государственную идентичность на основе казахской культуры. Впервые в мировой практике создания языковых корпусов в корпусе казахского языка были установлены и внедрены культурно-семантические обозначения и продемонстрирована его специфика. В статье показана модель передачи национальной когнитивной семантики слова тарелка в Национальном корпусе казахского языка по отношению к вещной культуре.

**Ключевые слова:** корпус, культурный внутрикорпус, обозначение, культурно-семантическое обозначение, этнокультурная единица.

Қазақ тілінің ұлттық корпусының базасына жинақталған қазақ тілінің бес стилі мәтіндері жеке дара ішкорпустарға жіктеліп беріледі және әрбір ішкорпус бойынша іздеу мүмкіндігі жүзеге асырылады. Осыған дейінгі жасалған ұлттық корпусдың төмендегідей ішкорпустарын былайша көрсетуге болады: *негізгі ішкорпус; ауызша ішкорпус; тарихи ішкорпус; мәдени-репрезентативті ішкорпус; диалектілік ішкорпус; параллель ішкорпус; ономастикалық ішкорпус; жарнама ішкорпус; Ахмет Байтұрсынұлы ішкорпусы.*

Қазақ тілінің Ұлттық корпусына енгізілген мәтіндер қорының құрамына тілдік бірліктерге морфологиялық, лексикалық, семантикалық, фонетика-фонологиялық, лексикалық, мәдени-семантикалық белгіленімдер қойылады. Ішкорпустар негізгі корпустан *мәтіндік базасы, белгіленім, метабелгіленім, іздеу жүйесі* бойынша ерекшеленеді.

Аталмыш мақаланың мақсаты – Қазақ тілінің Ұлттық корпусының құрамында мәдени-семантикалық ішкорпусты құрастырудың мәселесін түсіндіру. Осыған байланысты Ұлттық корпусының құрамына енетін этномәдени бірліктерді мәдени-семантикалық ішкорпусқа жинау ісі аса маңызды. Сондықтан тұтынушының іздеген сөзінің лексикалық мағынасымен бірге, оның мәдени-танымдық семантикасы туралы да ақпарат алуы ұлттық корпус арқылы елтанымдық және рухани сананың жаңғыруына қатысты кешенді жүйе ретінде ерекше өзектілікке ие болады.

Осы тұрғыдан этномәдени бірліктер мен олар туралы мәдени білімдер жүйесі және мәдени мәтіндерді жинақтаушы банк – Қазақ тілі ұлттық корпусының мәдени ішкорпусы. Бұл ішкорпусты құрайтын қазақ тілінің кең ауқымды мәдени-лингвистикалық қоры болғандықтан, оған енетін мәтіндер мен этномәдени бірліктердің мазмұнындағы ұлт тұтастырушылық қызметі, тарихи-функционалдық сипатына сай концептуалдану, символдану т.б. когнитивтік үрдістерге қатысты сан-салаға жіктеледі.

Сол этномәдени бірліктердің мағыналық құрылымында кодталған ұлт мәдениеті туралы білімдер жүйесін танудың құралы – мәдени-семантикалық белгіленім. Ал, мәдени-танымдық білімдер жүйесін ішкі формасында сақтаушы бірлік – сөз, яғни мәдени танымдық бірліктер. Осы арада түсіндірме сөздіктер сөздерді тіркеп, дефи-

нициясын ашу барысында сөздің лексикалық мағынасының қалыптасуының уәжі туралы ақпарат беруші құрал екенін, ал мәдени сөздіктер сөздердің лексикалық мағынасын ғана емес, сөздердің шығу уәжінің ұлттық салт-дәстүр, тұрмыс-салтпен байланысты мәдени-семантикасын түсіндіретінін атап өткен жөн. Сондықтан мәдени сөздіктер ұлттық корпустағы мәдени-семантикалық белгіленімдерді жасауға негіз болады.

Сонымен, Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы белгіленім жүйесінің басқа корпус-тардан үлкен өзгешелігі – мәдени-семантикалық белгіленімдердің әзірленуі. Қазақ тілінің этномаркерлік жүйесін паремологиясын, мифологиясын, лексика-фразеологиясын, т.б. қамтитын мәдени-семантикалық белгіленім рухани және материалдық ұлттық мәдениет туралы білімді қамтамасыз етіп, пайдаланушыларды қазақ мәдениеті негізінде бірыңғай ұлттық-мемлекеттік бірегейлікке ұйытуға жағдай жасайды. Тілдік корпустарды жасаудың әлемдік тәжірибесінде алғаш рет қазақ тілінің корпусында мәдени-семантикалық белгіленімнің қойылып, қолға алынуы оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Әрине, мәдени сөздіктер жасау ісі – ұлттың өмір сүру кезеңдерінің тарихи-әлеуметтік, рухани-мәдени айғағы ретінде, негізінен, тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тарап, қазірге дейін сақталып, жетіп келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сараптау, тіркеу, жүйелеу, зерттеу, тағы да басқа лексикографиялық ізденістер арқылы жүзеге асатын кешенді білім үлгісі. Осымен байланысты мәдени сөздіктер жасаудың дереккөздері де жан-жақты сансалалы: халықтың салт-дәстүрі, ұғымдары туралы білімдер; этнографиялық, фольклорлық, тарихи еңбектер; мәдени бірліктердің семантикасын ашуға байланысты жазылған зерттеулер (диссертациялар, мақалалар) [1].

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан қазіргі таңдағы антропоэктік парадигмаға сәйкес аталған дереккөздер арқау болған зерттеу жұмыстар бойынша зерттеу жұмыстары этномәдени бірліктерге жүргізілген жұмыстар ғылыми алғы шарт ретінде ұлттық корпустың құнарлы көзінің бірін құрайды. Қазақ тілі ұлттық корпусының мәдени ішкорпусына енгізілетін лексикалық байлығымыздың ерекше бір саласын құрайтын мәдени атаулардың бірыңғай тақырыптық макрожүйесі корпус ішінде мәдени-семантикасының ашылуы арқылы микрожүйеге жіктеледі. Тілдік деректерді ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың дәуірлік, функционалды-семантикалық даму деңгейін, олардың этнолингвистикалық, уәжділік және ішінара этимологиялық табиғатын тілдің қалыптасқан заңдылықтары аясында саралау ұлттық корпустың ғылыми-сапасын, танымдық-ақпараттық құндылығын көтереді. енгізіліп дәйектелінуде маңызы ерекше. Бұл, сайып келгенде тіл арқылы ұлт болмысын таныту мен сананы жаңғыртуға байланысты мемлекеттік бағдарламалардың ғылыми өзектілігін негіздеуге ұласады.

Лингвомәдени жүйеге жататын тілдік бірліктердің ең басты ерекшелігі, жоғарыда көрсеткеніміздей, олардың өз бастауын сонау көне дәуірлерден алып, үнемі

даму үстінде қалыптасып, даму үдерісінде толығып, өзгеріп, жаңарып отыруында. Сондықтан да, тіл иесі болмысымен сабақтасып, оның материалдық және рухани мәдениетін бейнелейтін лексиканың саласы – қазақ этносының сатылы дамуының, қоғамдық-әлеуметтік өзгерісінің, *ру, тайпа, ұлыс, халық, ұлт* болып қалыптасу кезеңдерінің бірден-бір куәгері, халықтың өзімен де, тілімен де бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан көне мәдени мұрасының тілдік репрезентациясы.

Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу барысында **мәдени-семантикалық белгіленімді** термин ретінде алғаш рет атап, оның теориялық негізін түсіндіріп берген ғалым – Анар Мұратқызы Фазылжанова. Ғалымның тұжырымдауынша, мәтіндер базасын қалыптастырудың бастапқы кезеңінде ұлттық мәдени мәні, мазмұны бар мәтіндерге көбірек артықшылық беру керек. Оның себебін ғалым этнотаңбаланған тілдік бірліктерде жасырын тұрған мәдени кодтарды ашу арқылы рухани қауіпсіздікті сақтауға және ұлттық мәдениет пен рухтың батыстануға, рухани құндылықты құнсыздандыруға қарсы иммунитет қалыптастыруға болғандығымен түсіндіреді [2].

Осындай тұжырымдар қазақ тіл біліміндегі «ұлт пен тіл», «тіл мен мәдениет» сабақтастығындағы антропоэлектік қағидаға сәйкес жоғарыда көрсетілген дәстүрлі зерттеулерге негізделетіні хақ. Сондықтан айқындалған ғылыми-әдістемелік жүйеге сүйеніп, қазақ халқының білімдер жүйесіндегі этномаркерлі атаулардың мәдени-семантикалық белгіленімін жасау тәжірибесіне сай үлгілерін көрсетуге болады.

Ең алдымен, мәдени-семантикалық белгіленімге *сөз табы* (зат.е., сан е., етістік т.б.), *стильдік белгі* (этно., діни., көне т.б. Бірақ бұл сөздер кез келген сөйлеу жағдаятында талғаусыз жұмсала бермейтіндіктен оларға арнайы қойылатын стильдік белгілер арқылы нақты, жеткілікті дәрежеде функционалдық-коммуникативтік ақпарат алынды, *мәдени белгі* заттық және рухани жатады. Сонымен қатар тақырыптық тобы қойылады және сөз мазмұнындағы ақпараттар түсіндірмеде айқындалып, энциклопедиялық, жалпы сипаттамалық ақпарат беріледі және халықтық мәдениетпен, руханиятпен, өмір салты, әдебі, әдет-ғұрпымен байланысты жабық кодтағы біршама ақпарат әзірленеді.

Мысалы, *белгіленім тәртібі*:

*Сөз таптары*: зат есім, сан есім, етістік т.б.

Ал, *мәдени белгі* – заттық және рухани мәдениет деп көрсетіледі.

Мысалы, *заттық мәдениет* – мәдениеттегі жеке заттар, құбылыстар мен оқиғалар түріндегі таңбалар жиынтығы. Атап айтсақ оларға қолмен ұстап, көзбен көретін заттар, ұлттық киім-кешек үлгілері, дәстүрлі тұрмысқа тән үй мүліктері, баспана түрлері, төрт түлікке қатысты бұйымдар, азық-түлік өнімдері, тұрмысқа қажетті құралдар т.б. жатады. Яғни А. Байтұрсынұлы айтқандай: «тірнек өнеріне адам ісінен шыққан, жасалынған нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің жасалып шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші қаты-

сады яғни күн көру ісіне қажет шаруа керек-жарақтары» [3]. Мысалы, *саба, қамшы, шапан, қонақасы* т.б.

Ал *рухани мәдениетке* қатысты тілде сақталған этномәдени бірліктерге табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер яғни адамның жан қоштау керегінен шыққан *қыз ұзату, келін түсіру, өлік жөнелту, оның артын күту, ит жүгіртіп, құс салу*, күнтізбелік, бақсы-балгерлік, мифтік рәсімдермен байланысты қалыптасқан түрлі этномаркерлі тілідк бірліктер, символдық қимыл-қозғалыстар жатады. Мысалы, *беташар, тұсаукесер, ат тұлдау, салбурын, күн қайыру* т.б.

*Стильдік белгі (помета)*: Лингвомәдени бірліктердің белгілі бір тақырыптық топ аясында іздейді және қолданылуы қарым-қатынас жағдаятына тәуелді болып келетін арнайы стильдік белгілер (помета) арқылы көрсетіледі (*зергерлік, діни, мал шаруашылық, миф, құқық, тамақ, киім, қолөнер* т.б.). Себебі бұл сөздер кез келген сөйлеу жағдаятында талғаусыз жұмсала бермейді. Оқырман арнайы қойылатын стильдік белгілер арқылы нақты, жеткілікті дәрежеде функционалдық-коммуникативтік ақпарат ала алады. Мысалы, *сырға салу, қырқын беру, құрық, сәукеле, соқыр, жесір дауы* т.б.

*Тілдік лексикалық мағына* энциклопедиялық, жалпы сипаттамалы ақпараттар жүйесінің ашық кодтар мазмұнында ашылады.

Ал, *мәдени-семантикалық мағына* – халықтық мәдениетпен, руханиятпен, өмір салты, әдебі, әдет-ғұрпы, наным-сеніммен байланысты жабық кодтағы маңызды сипаттама. Мысалы прецедентті мәтіндердің мәдени-семантикалық мағынасы жабық мәдени кодтарды ашу арқылы жүзеге асады. Мысалы: *Қазықұрт, тұсаукесер* т.б. Дегенмен, мәдени семантиканың мағынасын анықтау әдістері корпус жетілдірілген сайын толығып, жаңаланып отыруы заңдылық.

Мәдени ішкорпусты қолданушы өзі іздеп отырған лингвомәдени бірліктер мен этнографизмдерді белгілі бір тақырыптық топ аясында (*адам атаулары, туыстық атаулар, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар, ұлттық киімдер, ұлттық қолөнер, зергерлік атаулар, ыдыс-аяқ атаулары, ұлттық баспана атаулары, қару-жарақ атаулары, ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық төсеніш атаулары, киелі сандар* т.б.) іздей алады және тіркесімділік-семантикалық өрісі, мәдени-семантикалық мағынасы туралы ақпарат ала алады.

*Көркем шығармалардан мысалдар беру*. Мысалы, этномәдени бірліктер – көркем шығармалардың мәтіндерінде көркемделген, кестеленген мәдени-танымдық қазына.

Төменде заттық мәдениетке қатысты *табақ* сөзінің ұлттық танымдық семантикасының қазақ тілінің ұлттық корпусында берілу үлгісі көрсетіледі:\*

*ТАБАҚ* этн. заттық. ыдыс. *Ағаштан, темірден, мыстан, қалайыдан т.б. заттардан жасалатын тамақ ішуге арналған өте шұңғыл емес, жайпақ, дөңгелек ыдыс*. Бұл – *табақ* сөзінің лексикалық мағынасының дефинициясы. Ал, оның мәдени контекстегі семантикасы дәстүрлі қазақ тұрмысындағы табақтың көлеміне, қолданысына қарай *еттабақ, қонақтабақ, құдатабақ, аттабақ, жайтабақ, тайтабақ, бестабак, төртабақ, үштабақ, қостабақ, балатабақ* т.б. түрлері жүйесінде түсіндіріледі. Мысалы, қонақ күту дәстүрінде келген қонақтың жасына, әлеуметтік ерекшелігі мен мәртебесіне қарай тартылатын табаққа сыбағалы мүшелердің қамтылуына қа-

рай *бастабақ*, *ортатабақ*, *сыйтабақ*, *аяқтабақ* болып бөлінеді. Ағайын-туыс, жек-жат-жұрағатқа, құрметті қонаққа берілетін сыбағалы тамақты *құдатабақ*, *құдағи-табақ*, *құрдас табақ*, *жеңге табақ*, *күйеу табақ*, *келін табақ*, *қостабақ*, *беташар табақ* деп арнайы мүшелер салынған [4].

*Балатабақ* – ас-той, үлкен жиындарда балаларға тартылатын арнайы сыбағалы табақ. Балатабаққа асық жілік, жауырын, ортан жілік, арқа, белдеме, тіл-жақ, қабырға салынады. Ұрпағының жалғастығына, мұрагерлігіне ерекше мән беретін қазақ танымында ерекше мән береді. Сондықтан қонақ болып келген баланы да қомсынбай қабылдап, *балатабақ* тартып ас, дәм сыйлайды.

*Бастабақ*. Рухани мәдениетке қатысты, яғни үйге сыйлы қонақ, ауыл ақсақалы келгенде, не алыстан өте құрметті, қадірлі қонақ келгенде, не оларды арнайы қонаққа шақырғанда тартылатын сыбағалы, кәделі ас салынған табақ. Осы табаққа малдың (қойдың) басының қасына жамбас, жауырын, ортан жілігінен және қосымша бауыр, құйрық, белдеме, сүбе қабырға қоса тартылады. Бұған қосымша жал-жая, қазы-қарта және т.б. жеңсік сыбағалар қосылады. Тартылған бастың маңдай құйқасы ұзынынан және көлденеңінен айқас тілініп, мифтік танымға сай (*дүниенің төрт бұрышы, төрт құбылаң тең болсын!*) т.б. танауын төрдегі сыйлы адамға қаратып қояды. Басты кескенде ықылас бата айтылған соң, қонақ үй иесінің ұйғаруымен пышақпен ұртынан, құйқасынан кесіп, өзінен кейінгі адамдарға, үй иесіне ұсынады. Бір немесе екі құлағын бірдей балаларға немесе қонақтың жас серігіне кесіп берген соң, басты үй иесіне қос қолдап ұсынады.

*Беташар табақ*. Шаңыраққа аттап қадам басқан жас келінге «беташар» дәстүрі атқарылғаннан кейін ет тарту сәтінде арнайы құрмет ретінде бөлек тартылатын табақ. Беташар табаққа үлкендер жағы *«ұл тап, тастай бат, судай сің»* деп тілек тілеп, ырымдап, ұлтабар мен төстің басын салып береді.

\*Берілген мысалдар Он бес томдық. Қазақ әдеби тілінің сөздігінен алынған [5].

Келін бұл табаққа сәлем салып, тағамды қабылдайды. Халық ұғымында көк бауырды «жарыңмен ажырасасың» деп ырымдап, келін табағына салынбаған. Қазақтың келін түсіру салтында, келіннің бетін ашқан жігітке арнап сыйлайтын асты да *беташар табақ* деп атаған. Беташар табаққа тіл, жақ, жүрек, бауыр, ортан жілік, жауырын, белдеме, арқа, қабырға салып, үстіне таңдай қосады. Табақ үстіне әдемі кестелі қолжаулық жабады, болса күміс жүзік, теңге қояды. Бет ашқан жігіт жолдас-жораларымен отырып, теңгені, жүзікті, қолжаулықты бөлісіп алады да, бата жасайды. Үшінші жігіт таңдайым тақылдасын деп, алдымен таңдайды алып жейді. Қалған етті даяшы нөкерлерімен бәрі бірігіп бөліседі. Дәстүрлі ортаның табаққа тіл, жақ, таңдай тартуы – «шешен, үшінші болындар, бұлбұлдай сайрандар, тілдеріңнен бал тамсын, келіннің беті жарық, жолы ашық болсын», жүрек салғаны «жүрек таза, ниет ақ болсын», бауыр салғаны «бауырдай жақын болындар» деген тілекті ғұрыптық сөзбен білдіргені.

Көріп отырғанымыздай, заттық мәдениетке қатысты «Ыдыс» макрожүйесіне енетін *табақ* сөзінің микрожүйедегі лексикалық мағынасына жасалған мәдени-семантикалық талдау танымдық ақпаратты кеңейте түседі. Демек, *табақ* сөзі тек тамақ салатын ыдыстың атауы емес, дәстүрлі мәдениетті сипаттайтын «сыйластық»,



«құрмет», «ынтымақ», «береке» сияқты құндылықтарды мәденитанымдық кеңістікте ұлықтайтын тілдік айғақтар.

Мәдени-семантикалық белгіленімдер қазақ тілін толық игерген және екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақстандық жастарға қазақ сөздерінің мәдени-уәждемелік семантикасындағы ұлттық кодты ашуға ықпал етеді. Бұл келешекте қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, төл мәдениетін, салт-дәстүрін білетін рухани дүниесі бай тілдік тұлғаның қалыптасуына себепші болады деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, Қазақ тілінің ұлттық корпусының мәдени ішкорпусын әзірлеудің алғашқы кезеңінде қазақ тіліндегі этнографизмдердің мәдени семантикасы, когнитивтік білімдер жүйесі, прецедентті бірліктері жүйеленіп, мәдени-семантикалық белгіленімі қойылды.

### Әдебиет:

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.
2. Фазылжанова А. Үштілділік ұлттық мүддеге қызмет етуі тиіс. //http://www.ikitar.kz. – тамыз, 2016.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: DPS, 2011. – 736 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2том. – Алматы: 2011. – 800 б.

### Г.Райнбекова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
педагогика ғылымдарының магистрі, докторант  
Қазақстан*

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЛЕКСИКОГРАФИЯ ТАРИХЫ

**Андатпа.** Мақалада қазақ және түрік тілдерінде жазылған сөздіктердің тарихы қарастырылады. Қазақ және түрік тілдеріндегі лексикография тарихы – екі халықтың мәдениеті мен тілінің дамуын көрсететін маңызды сала. Қазақ тіліндегі алғашқы сөздіктер ХҮІІІ ғасырда пайда болды. ХХ ғасырда қазақ тіліндегі лексикографиялық жұмыстар жанданды, «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі», «Орфоэпиялық сөздік», «Орфографиялық сөздік», «Антонимдер сөздігі» сияқты сөздіктер жарық көрді. Түрік тілінде лексикографияның тарихы ХІҮ ғасырдан басталды. ХХ ғасырда түрік тілін жаңарту және стандарттау мақсатында «Türkçe Sözlük» сияқты ресми сөздіктер

шығарылды, олар тілдің нормаларын белгілеп, түрік тілінің байлығын көрсетті. Екі тілдің лексикографиясы өзара байыту процесінде, өйткені түрік тілінде қазақ сөздерінің көптеген кірмелері мен ықпалы байқалады. Бұл сала, әсіресе, қазіргі замандағы тілдік байланыстар мен мәдени алмасулар контекстінде маңызды болып табылады.

**Тірек сөздер:** лексикография, қазақ тілі, түрік тілі, орфоэпиялық сөздік, орфографиялық сөздік, антонимдер сөздігі, türkçe sözlük, қазақ тілінің этимологиялық сөздігі.

**Abstract.** The article examines the history of dictionaries written in Kazakh and Turkish. The history of lexicography in Kazakh and Turkish is an important area reflecting the development of culture and language of the two peoples. The first dictionaries in the Kazakh language appeared in the eighteenth century. In the twentieth century, lexicographic works in the Kazakh language became more active, such dictionaries as “Etymological Dictionary of the Kazakh language”, “Orthoepic dictionary”, “spelling dictionary”, “dictionary of antonyms” were published. The history of lexicography in Turkish began in the XIII century. In the twentieth century, in order to update and standardize the Turkish language, official dictionaries such as “Türkçe Sözlük” were released, which established the norms of the language and reflected the richness of the Turkish language. The lexicography of the two languages is in the process of mutual enrichment, as the Turkish language has a great influence and influence of Kazakh words. This area is especially important in the context of language contacts and cultural exchanges in our time.

**Keywords:** lexicography, Kazakh language, Turkish language, orthoepic dictionary, spelling dictionary, dictionary of antonyms, türkçe sözlük, etymological dictionary of the Kazakh language.

**Аннотация.** В статье рассматривается история словарей, написанных на казахском и турецком языках. История лексикографии на казахском и турецком языках – важная область, отражающая развитие культуры и языка двух народов. Первые словари на казахском языке появились в восемнадцатом веке. В XX веке активизировались лексикографические работы на казахском языке, изданы такие словари, как «Этимологический словарь казахского языка», «Орфоэпический словарь», «Орфографический словарь», «Словарь антонимов». История лексикографии на турецком языке началась с XIII века. В двадцатом веке с целью обновления и стандартизации турецкого языка были выпущены официальные словари, такие как «Türkçe Sözlük», которые устанавливали нормы языка и отражали богатство турецкого языка. Лексикография двух языков находится в процессе взаимообогащения, так как в турецком языке наблюдается большое влияние и влияние казахских слов. Эта область особенно важна в контексте языковых контактов и культурных обменов в наше время.

**Ключевые слова:** лексикография, казахский язык, турецкий язык, орфоэпический словарь, орфографический словарь, словарь антонимов, türkçe sözlük, этимологический словарь казахского языка.

Лексикография – сөздік жасау және зерттеу саласы. Ол тілдегі сөздердің мағыналарын, қолдану ерекшеліктерін, грамматикалық сипаттамаларын және олардың фонетикалық жазуын жинақтайды. Лексикографияның негізгі мақсаты – тілдің лексикалық қорын жүйелеп, пайдаланушыларға түсінікті түрде жеткізу. Лексикография – тілдің динамикасын, мәдениетін және дамуын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылым.

Сөздік – тілдегі сөздердің мағыналарын, қолдану ерекшеліктерін және грамматикалық ақпаратты жинақтайтын құжат. Сөздіктер тілдік білім мен мәдениеттің негізін құрайды. Сөздіктер – тіл білімінің маңызды құралы. Олар тілдің динамикасын, дамуын және мәдени ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Түрік тілдеріндегі лексикография тарихы терең және бай дәстүрге ие.

Орфография – жазба тілде қолданылатын біркелді жазу ережелерінің тарихи қалыптасқан жүйесі, емле ережелері. Орфография тыныс белгілерінің қойылу тәртібі мен емле мағынасын қарастырады. Қазақ тілінің алғашқы орфографиялық сөздігі 1941 жылы қазақ жазуының орыс графикасына көшуіне байланысты қабылданған емле ережесіне сәйкес берілді. 1948 жылы М.Балақаев «Емле сөздігін» құрастырды. Ол сөздік мектеп оқушыларына арналып жазылған еді. 1960 жылы Р.Сыздықтың құрастыруымен орфографиялық анықтағыш жарық көрді. Ол анықтағыш сөздік мектеп мұғалімдері мен баспа қызметкерлеріне арналған. Ол сөздікте қазақ тілі емлесі мен тыныс белгілері ережелерін жинақталып жазылған. 1974 жылы осы еңбек толықтырылып, қайта өңделіп, екінші рет басылып шықты.

1963 жылы І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың редакциясымен «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» басылып шықты. Сөздікке 64 000 сөз енді. Осы сөздікте көнерген сөздерді де, ғылыми терминдерді де кездестіруге болады. 1978 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» қайта өңделіп, екінші рет басылып шығарылды. 1988 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» толықтырылып үшінші рет басылып шығарылды. Сөздікке 49 000 сөз енді. 2001 жылы осы сөздік қайта өңделіп, төртінші рет жарық көрді. Бұл басылымда сөзтізбеге енбей қалған сөздер, сонымен қатар бөлек немесе бірге жазылған сөздер қарастырылып, енгізілді [1].

2005 жылы академик Р.Сыздықтың редакциялауымен жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» жарық көрді. 2001 жылы жарық көрген сөздік 50 000 сөзді қамтыса, 2005 жылы шыққан сөздік 53 000 сөзді қамтиды [2].

2007 жылы мен 2013 жылдары Н.Уәлиұлы, А.Фазылжанова, К.Күдеринвалардың құрастыруымен «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» басылып шықты. Бұл сөздікте кәсіби сөздер, көнерген сөздер, кейбір терминдердің саны аз берілген. Керісінше, орфографиясы қиын, емле қателері жиі кездесетін сөздерге көңіл бөлген. Осы сөздікте 1983 жылы ресми бекітілген сөздіктің негізінде құрастырылған.

Түрік тіл білімінде, орфография – тілдегі берілген ережелерге сай жазу дегенді білдіреді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, араб әліпбиіне негізделген түрік тілінің жазуындағы қиындықтар ашық айтыла бас- тады. 1928 жылы Мұстафа Кемал Ататүріктің бастамасымен латын әліпбиіне көш- кеннен кейін емле мәселесінде жаңа бір бетбұрыс пайда болды. Жаңа әліпбиді енгі- зу жұмыстарын жүргізген Әліпби кеңесі (Alfabe Encümeni) 1928 жылы Ибрахим Грантайдың дайындаған «Әліпби есе- бін» жариялады. Осы жылы Тіл кеңесі (Dil Encümeni) тарапынан жазуда бірізділікті сақтау мақсатымен «Әліпби есебіне» негізделген «İmlâ Lûgati» (Емле сөздігі) жарық көрді.

Бұл еңбектің кіріспесінде түрікше сөздермен қатар кірме сөздердің, біріккен сөз- дердің жазылуы, бас әріптің қолданылуы секілді бірқатар емле принциптері орын алды. Біріккен сөздердің жазылуы Тіл кеңесі тарапынан әзірленген «Қысқаша түрік грамматикасында» (Muhtasar Türkçe Gramer) көрсетілуі бойынша берілген. Мыса- лы: *başvekil, demiryolu, öneyak, uluorta, yalınkat, yeraltı, yüzükara, yüzüstü* және т.б. Сонымен қатар, араб тілінен енген сөздердің жазылуында циркумфлекс (^) және апостроф (‘) секілді диакретикалық белгілердің қолданысы да түсіндірілген. Сөз- дік бөліміндегі сөздердің тізімінде Шемседдин Самидің 1901 жылы жарық көрген және негізінен Анадолы түрікшесіндегі сөздер енгізілген «Kamus-ı Türkî» мен «Yeni Türkçe Lûgat» атты түрікше сөздіктердегі сөздер негізге алынса, сол жылдардың жазу тілінде қолданылмайтын, халықтың ұнатпаған сөздері алынып тасталды. Ал соңғы бөлімінде кейбір сөздердің жазылуын көрсеткен қосымша тізім мен ел және өлке аттарының жазылу түрі көрсетілген. Сонымен алғашқы емле сөздігі 13 жыл бойы қолданылады [3].

Қазіргі таңға дейін түрік тілінің орфографиялық сөздігі, «Емле анықтамасы (İmlâ Kılavuzu)» (1948, 1956, 1957, 1960, 1962 жж.), «Жаңа емле анықтамасы (Yeni İmlâ Kılavuzu)» (1965, 1966, 1967, 1969 жж.), «Жаңа орфографиялық (емле) анықтама (Yeni Yazım (İmlâ) Kılavuzu)» (1970 ж.), «Жаңа орфографиялық анықтама (Yeni Yazım Kılavuzu)» (1973, 1975, 1977, 1980, 1981 жж.), «Емле анықтамасы (İmlâ Kılavuzu)» (1985, 1988, 1993, 1995, 1996, 2000, 2003 жж.), «Орфографиялық анықтама (Yazım Kılavuzu)» (2005, 2008, 2012 жж.) ретінде әртүрлі аттармен 80 жыл- дан астам уақыт- тың ішінде 27 рет басылып шықты. Бұл орфографиялық еңбектің әр басылымында өзгертулер енгізіліп, орфографиялық нормалар жаңа мысалдармен толықтырылып, өңделіп отырды. Соңғы 2012 жылғы «Орфографиялық анықтама» Түрікше сөздікті (Анкара, 2011. 11-басылымы) басшылыққа ала отырып, алдыңғы басылымдардағы орфографиялық нормаларға қатысты бөлімде дауыстылардың түсуі, сандар мен сим- волдардың жазылуы, үтір, нүкте үтір, леп белгісі мен апострофтардың қолданылуы сияқты тақырыптар өңделіп, жаңа мысалдармен толықтырылды. Сөздік бөліміндегі сөздер Түрікше сөздікте берілген реестрлік бірліктерден алынды. Сонымен, тілде бо-

лып жатқан өзгерістер мен соңғы жылдары тілдік ортада қалыптасқан жаңа қолданыстар осы орфографиялық сөздікке енгізілді [4].

Орфоэпия – сөздердің дұрыс оқылу ережелерін қарастырады. Орфоэпия – (грек. Orthos «тіке, дұрыс», epos «сөйлеу») – сөздер мен сөз тіркестерінің ұлттық әдеби нормаларына сай дұрыс айтылуын қамтасассыз ететін ережелер жиынтығы. Орфоэпия тілдің ауызша сөйлеу нормаларын реттеп отырады. 1977 жылы Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» жарық көрді. Ол сөздікке 15 000 сөздер мен сөз тіркестері енді. Осы сөздікте сөздер екі қатарға біріншісі – қазақ әдеби тілінің емле-ережесі бойынша жазылуы, екіншісі – әдеби норма бойынша айтылуы бөлініп жазылған. 1981 жылы М.Дүйсебаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігінде» күнделікті өмірде жиі еолданылатын 5000-ға жуық сөз қамтылған. 2004 жылы Ө.Жүнісбековтың редакциясы негізінде «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» жарық көрді. Сөздікте 62 000 сөз қамтылды. 2007 жылы Р.Сыздық, Ө.Жүнісбек, Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжан құрастырған «Орфоэпиялық сөздік» жарық көрді. Бұл сөздікте әдеби тілдің дыбысталамы нормалары жүйеленіп берілген. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің әдеби нормаға сәйкес айтылу үлгілерін мүмкіндігінше толық қамтуға ден қойылған.

«Дыбыстық түрікше сөздік» (Sesli Türkçe Sözlük) атты электронды сөздік Түрік тілі қоғамы тарапынан дайындалды. Осы сөздікті пайдалану үшін Түрік тілі қоғамының ресми сайтына кіріп пайдалануға болады. Бұл мұғалімдерге, заңгерлерге, кино мен театр актерлеріне, спикерлерге т.б. адамдарға арналған сөздердің дұрыс айтылуын қамтамасыз ету үшін жасалған электронды көмекші құрал. «Дыбыстық түрікше сөздіктің» парақшасына түріктің әдеби тіліндегі кез келген сөзді немесе сөз тіркесін жазған кезде, төменгі жағына оларға қатысты бүкіл лексикалық бірліктер тізіледі.

Қазақ тілі мен түрік тілінің орфоэпиясын салыстыратын болсақ, көптеген өзгешеліктер бар. Мысалы, түрік тілінде кейбір сөздер созылыққы айтылады, ал қазақ тілінде ондай жоқ. Қазақ тіліне лайық айтылатын сөздердің арасына бірнеше диакретикалық шартты белгілер қойылады. Р.Сыздық қазақ тілінің табиғатына байланысты «қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтудың негізгі заңдылықтарын, сөз сазы ережелерін саралап көрсетпес бұрын осы қағидаларды жақсы түсініп, дұрыс игеруге қатысты бірнеше жайттарды ескеру керек дейді. Р.Сыздық сөйлеу үстінде сөздердің екіден-үштен топтасып, бір деммен, яғни бір ырғақпен айтылатындығы» – дейді.

Тарихи тіл білімінің бір саласы сөздің шығу тарихын қарастыратын этимология саласы. «Қазақ тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» этимологиялық сөздікке «Этимологиялық сөздік (этимологический словарь) – сөздердің шыққан тегін түсіндіретін сөздік [5, 297], ал «Қазақ сөздігінде»: «Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайтын сөздік» деген анықтама беріледі.

Академик І. Кеңесбаев этимологиялық сөздіктің басты міндетін былайша анықтайды: «Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдің көптеген сөздерінің о бастағы мағынасын, өзге тілдермен байланысты төркінін тексереді; мыс.: қазақ тіліндегі «*жаман-жасқан*» деген сөздің «*жасқан*» сыңары қалмақ тілінің «*жаман*» мағынасындағы *ясх* сөзінен өзгертіліп алынған, кежегесі кейін тартып дегендегі «*кежеге*» кейбір түркі тілдерінде «*желке*» деген мағынаны білдіреді. Осы тәрізді едәуір сөздерді белгілі бір жүйемен салыстырматарихи әдіспен зерттеу – этимологиялық сөздіктің міндеті» [6, 183].

Т.В. Жеребило айтуынша: «Этимологиялық сөздік – сөздердің, морфемалардың шығу тегі мен тарихын сипаттайтын лексикографиялық басылым» десе, О.С. Ахманова «Этимологиялық сөздік – берілген сөздердің шығу тегін түсіндіретін сөздік» – дейді.

2013 жылы шыққан «Dil bilimi terimleri sözlüğü» (Түрік тілінің тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде) деген еңбекте этимологиялық сөздікке мынандай анықтама берілген: «Köken sözlükleri; Köken sözlüğü, belli bir dildeki sözlerin kökeni, ilk anlamları ile ses yapısını aydınlatmak için hazırlanır. Köken sözlüğü, dildeki sözlerin gelişirken anlam bakımından nasıl bir deyişmeye uğradığını aydınlatmağa çalışır. Sözüün kökeni, ilk anlamı ve anlamın deyişerek gelişmesi, akraba dillerdeki eş köklü sözlerle karşılaştırma yapılmak suretiyle açılır».

1966 жылы «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (А. Ысқақов, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев) жарық көрді. Бұл еңбекте қазіргі тілімізде жеке алғанда мағынасы түсініксіз немесе тұлғасы о бастағы (не шыққан тілдегі) түрінен өзгеріп кеткен көптеген сөздердің сыры ашылады. Мұнда 333 сөздің арғы түп-төркіні, ең алғашқы мағынасы түсіндірілген. Сөздікке қос сөз құрамында ғана кездесетін, жеке-дара қолданылмайтын сөздер, идеомалық, фразалық немесе жай тіркестер құрамындағы жеке мағынасы түсініксіз сөздер, мақал-мәтелдерде ғана кездесетін, әдеби тілімізде жеке-дара қолданылмайтын, бастапқы тұлғалары өзгеріп кеткен біріккен сөздер, өзге тілдерден еніп, қазақ тілінің заңына байланысты фонетикалық өзгеріске ұшыраған бірнеше т.б. сөздер сөздіктің негізгі объектісіне енген.

1982 жылы Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» деген еңбегі жарық көрген. Бұл еңбекте мақал-мәтелдерде, батырлар жырларында кездесетін, мағынасы түсініксіз сөздер баяндалады.

1988 жылы Исмет Зеки Эйнобогрудың «Түрік тілінің этимологиялық сөздігі» («Türkçe Kökler Sözlüğü») жарық көрген. 2004 жылы осы сөздік қайта толықтырылып, өңделіп шықты.

1984 жыл Ж. Мусиннің «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» жарық көрді. 2000 жылы А. Жұмабекова авторлығымен екінші сөздік жарияланды. Ж. Мусин жасаған сөздікте 1000-дай антонимдік сөз қамтылса, А. Жұмабекованың «Қазақ тілінің антонимдер сөздігінде» 257 антонимдік жұп қамтылған. Сөздіктер антонимдерді топтастыру принципіне негізделіп жасалған. Ж. Мусиннің сөздігінде антонимдер лексикалық, сөзжасамдық, сти-

листикалық, морфологиялық, фразеологиялық деңгейде талданған. Фразеологиялық антонимдер сөздікте бөлек берілген. Ал А. Жұмабекованың сөздігінде лексикадағы жүйелі қатынастар, оның ішінде синонимдер мен семантикалық өріс көлеміндегі антонимдердің өзара қарым-қатынасқа ықпалы, антонимдік қатарлардың түзілуіне әсері, сондай-ақ антонимдердің сөзжасамдық байланыстары қарастырылады [7].

Түрік тілінде антонимдер сөздігі 1986, 1998 жылдары Үміт Ялым, Өзжан Ялымның «Синонимдермен антонимдер сөздігі» (Türkçe'de Eş ve Karşıt Anlamlılar Sözlüğü), 1996 жылы Метиннің «Синонимдер мен антонимдер сөздігі» (Eş ve Karşıt Anlamlılar Sözlüğü), 2005 жылы Эмине Кочактың «Синонимдер мен антонимдер сөздігі» (Eş Anlamlılar ve Karşıt Anlamlılar Sözlüğü) жарық көрді.

Қорыта келгенде, сөздік – тілдің байлығын, сөздер мен олардың мағыналарын жинақтайтын маңызды құрал. Ол сөздердің анықтамаларын, қолдану ерекшеліктерін және синтаксистік формаларын көрсетеді. Сөздіктер оқу, жазу және тілдік дағдыларды дамыту үшін қажет. Сөздікпен жұмыс істей отырып, сөз қорын молайтуға, сөздердің негізгі мағынасын түсінуге, және тілдік иәдениетті байытуға болады. Сөздік – тіл білімінің негізі, ол аоқылы тілдің құрылымын, тарихын және даму жолдарын зерттеуге мүмкіндік береді. Түрік тілдеріндегі лексикография тарихы – тілдің даму тарихымен тығыз байланысты. Цифрлық технологиялардың дамуы лексикографияны жаңа деңгейге көтерді. Онлайн сөздіктер мен мобильді қосымшалар тілдік ресурстарды қолжетімді етті.

#### Әдебиет:

1. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. / Жауапты ред. І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. – Алматы, 1963. – 575 б.
2. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Жауапты ред. Р.Сыздық. – Алматы, 2005. – 616 б.
3. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы»: ұжымдық монография. Жалпы ред. басқарған А.Фазылжанова. – Алматы, 2016. – 560 б.
4. Yazım Kılavuzu / Наз. Şükrü Halûk Akalın. (ve başk.). – 27. bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2012.
5. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
6. Кеңесбаев І. Жанұзақов Т. Орысша-қазақша лингвистикалық терминдер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966.– 256 б.
7. Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Сөздік- Словарь, 2000. – 184 б.

**М.Ажибекова**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақстан*

## **ЯСАУИДІҢ «ХИКМЕТТЕРІ» ТІЛІНДЕГІ МӘДЕНИ ЛЕКСИКА**

**Аңдатпа.** Мақалада түркі жұртының рухани мұрасына айналған Қожа Ахмет Ясауидің өмір тарихы мен асыл мұрасы «Диуани хикмет» («Даналық сөздер» – «Хикметтер») кітабының Самарқанд (Залеман) қолжазбасының транскрипцияланған нұсқасы бойынша лексикалық қазынасына келтірілген статистикалық мәліметтерді салыстырып, тілдік қабаттарына қатысты пікірлерді ұсынып, мәдени лексиканың кейбіріне талдау жүргізіледі. Мақалада А.К.Боровков, А.Н.Мороховский, Р.Сыздық, А.Фазылжанова, Г.Сағидолда, Ж.Жақыпов, М.Әділов, С.Өтебеков сынды ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, автор өз ойын тұжырымдайды. Тілдік қабаттардың қазіргі қолданыстағы күйі мен өткенін тарихи әдіс арқылы талдап, тіліміздегі араб-парсы, түркілік қабаттардың уақыт өзгерісіне байланысты актив сөздің пассивке өтуі, пассив сөздің мағынасы тілді қолданушылардың күзіретіне, ұлттық кодына, мәдени санаға, тілдік жадына байланысты сөздердің жаңа мағынаға ауысу құбылыстарына назар аударылады.

**Тірек сөздер:** Ясауи, «Диуани хикмет», Самарқанд (Залеман қолжазбасы), мәдени лексика, түркілік қабат, араб және парсы тілдік қабаты, сөздік қор, актив, пассив қолданыстар, тілдік жад.

**Abstract.** The article compares the statistical data presented in the lexical Treasury according to the transcribed version of the Samarkand (Zaleman) manuscript of the book “Diwani Hikmet” (“words of wisdom” – “Hikmet”), the history of the life and noble heritage of Khoja Ahmed yasawi, which has become the spiritual heritage of the Turkic people, offers opinions on the linguistic layers and analyzes some of the cultural vocabulary. In the article, based on the opinions of such scientists as A. K. Borovkov, A. N. Morokhovsky, R. Syzdyk, A. Fazylzhanova, G. Sagidolda, zh.Zhakupov, M. Adilov, S. Utebekov, the author formulates his thoughts. Analyzes the current state and past of the language layers using the historical method, gives an example of the phenomena of the transition of an active word to a passive, the meaning of a passive word to a new meaning depending on the competence, national code, cultural consciousness, linguistic memory of language users in our language due to the change in the time of the Arab-Persian, Turkic layers.

**Keywords:** Yasawi, «Diwani Hikmet», Samarkand (Zaleman manuscript), cultural vocabulary, Turkic layer, Arabic and Persian language layer, vocabulary, active, passive uses, language memory.

**Аннотация.** В статье сравниваются статистические данные, приведенные в лексическую казну по транскрибированному варианту Самаркандской (Залеманской)



рукописи книги «Дивани хикмет» («мудрые слова» – «хикметь»), которая стала духовным наследием тюркского народа, представлены мнения относительно языковых слоев и проведен анализ некоторых культурных лексиконов. В статье, опираясь на мнения таких ученых, как А. К. Боровков, А. Н. Мороховский, Р. Сыздык, А. Фазылжанова, Г. Сагидолда, Ж. Жакупов, М. Адилов, С. Утебеков, автор формулирует свою точку зрения. Анализируя существующее состояние и прошлое языковых слоев с помощью исторического метода, можно привести примеры явлений перехода слова в пассивное значение в связи с изменением времени арабо-персидского, тюркского слоев в нашем языке, перехода слова в новое значение в зависимости от компетенции пользователей языка, национального кода, культурного сознания, языковой памяти.

**Ключевые слова:** Ясауи, » Дивани хикмет», Самарканд (рукопись Залемана), культурная лексика, тюркский слой, арабский и Персидский языковой слой, словарный запас, актив, пассивное использование, языковая память.

Өркениетті қоғамға ұмтылған кезеңде әр халық өз танымының тарихи қабаттарына ден қоя отырып тарих қойнауларының сырын ашуды, мәні мен мазмұнын, текстологиясын зерттеп руханиятына тамшыдай үлестерін қосуда. Осы игі іске үлес қосу мақсатында орта ғасырдың көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметін» /«Хикметтерін» зерттеушілердің ғылымда легі басталғалы қашан. Десек те, Ясауи мұрасының тілін, поэтикасын талдап, арнайы жазылған монографиялық зерттеулер қазақ ғылымында жоқтың қасы, осы кетіктің бір-екі кірпішін қалауға арналған Р. Сыздықтың 2014 жылы жарияланған «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» көп томдық шығармалар жинағы болып табылады. Біздің мақаламызда осы көп томдық шығармалар жинағының 7-томында Ясауи «Хикметтері» тілінің лексикасына арналған бөліміндегі пікірлерді негізге ала отырып, басқа ясауитанушылардың мәліметтерін салыстыруды жөн көрдік.

Ясауи хикметтерінің бізге жеткен қолжазбалардың дені ХІХ ғасырдың жазбалары екені белгілі. «Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтерінің» тілін талдап, дұрыс тану үшін, олардың қолжазбалары мен басылымдарын, литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастырып, ең алдымен, олардағы шығармалардың авторларын айқындап алу қажет. Академик К.Г. Залеман, М.П. Мелиоранский, проф. Көпрүлү, проф. Боровковтардың дұрыс көрсеткеніндей, Ясауи мұрасының қолжазбалары мен басылымдарындағы хикметтердің барлығы түгелімен Ясауидікі емес, ішінде өзге авторлардікі де бар» [1]. Міне осыны ажыратып алсақ, Ясауи мұрасы деп танылған хикметтердің лексика-фразеологиялық, грамматикалық және көркемдік сипатын зерттеп-тану мақсаты тұрмақ [2, 35]. Жазылған қолжазбалардың уақыт өткен сайын әр көшіруші қолтаңбасы әр кезеңнің мәдени-рухани ахуалына қарай немесе әр түрлі тапсырмалардың негізінде кейбір шумақтардың қысқартылуы кейде қолжазба беттерінің рет санын көрсету

мақсатында қолданылған амалды ескерсек, т.б. жағдайларды санамалағанда қолжазбаның түрліше болуы заңдылық деген ойға келеміз. Біздегі мақсат – қолжазбаларды кім қалдырды, қандай уақытта, қандай мақсатпен жазба қалдырған, қай өңірдің көшірушісі екеніне, жазу стиліне көңіл бөлу, салыстырудың негізінде қолжазбаны таңдап әрі қарай зерттеу оң нәтиже бермек. Р. Сыздықтың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» (Алматы, 2014) деп аталатын іргелі зерттеуі «түркі қазіргі тілдерінің ортағасырлық кезеңіне қатысты ғылыми зерттеулердің фактологиялық материалдар ресурсын толықтырған, Ясауитанудың лингвистикалық саласының басым бағыттарын айқындап берген теориялық құндылығы мен қолданбалы-практикалық маңызы ерен еңбек, әлемдік Ясауитануға қосылған сүбелі үлес» [3, 68]. осы пікірмен қорытындылап баға берген, ясауитану іліміне сүбелі үлесін қосып жүрген Г. Сағидолда мен А. Фазылжанованың бағамдауына сүйеніп, Р. Сыздықтың еңбегін негізге алдық. Осы талаптарды назарда ұстаған, «осы тілдерді жақсы білетін маман ретінде емес, әр алуан зерттеулердегі және сөздіктердегі материалдарды пайдаланып, соларға сүйеніп жүргізген ізденістеріміз», – деп ғалым Р. Сыздық мынадай тұжырымдар мен нысанаға алынған міндеттер ұсынды. Алдымен, Ясауи «Хикметтерінің» лексикалық қазынасын түп-тегіне қарай түркілік, арабтық, парсылық екенін ажырату, екіншіден, сол кезең үшін көне болып саналатын сөздерді көрсету және архаикалық қабаттың ішінде қазіргі түркі тілдері үшін көне болып табылатын сөздерді де көрсету, үшіншіден, жеке сөздердің қолданылу жиілігін анықтау, төртіншіден, ең қиын да қажет жұмыс лексикалық бірліктердің ескерткіш тілінде қолданылған мағыналық ерекшеліктерін айқындау, бесіншіден, стильдік қызметін таныту. Біз баяндамамызда осы міндеттердің алғашқысы Ясауи «Хикметтерінің» лексикалық генетикалық қабаты түркі, парсы, араб сөздерінен алынғаны жөнінде деректерге тоқталамыз.

Ал, Қарахан дәуірі ескерткіштерінің сөздігін құрастырған түрік ғалымы Эмек Үшенмез Диуани хикметте жалпы 2208 сөз барын, оның 957-сі түркизм, 763-і арабизм, 588-і парсизм екенін айтады. Бұл тілдерге қарай жеке-жеке көрсетілген сандарды салыстырып қарағанда «Диуани хикметте» түркизмдердің саны біршама көп екені байқалады. Аталған тілдерден енген кірме сөздер тіліміздің түрлі саласында кездеседі. Соның ішінде діни терминдердің ауқымды бөлігін араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрайды десек болады. Алайда, кірме сөздердің тілімізге ену процесі исламға дейін орын ала бастағаны туралы деректер мен тілдік материалдар жетерлік. [3, 217; 4, 258]. Түрік ғалымы Эмек Үшенмездің пікірінің жаны бар, біздің тілімізге араб-парсы тілдерінен енген сөздер ислам діні келгенге дейін енген сөздер дәйек болып отыр. Мәселен, ачари «діни ұстаз», лакшан «сұлулықтың белгілері», т.б. сөздер көне ұйғырлар тілінде санскритше қолданған сөздер бар.

Ясауитанушы С. Өтебеков Ясауидің түркілік қабатына арнайы тоқталып, жиырмадан астам тілдік бірліктерге талдау жүргізеді. Диуани хикметтің сөздік қорына,

сөз құрамына, сондай-ақ сөздік қабатына байланысты қысқаша статистикалық мәліметке де орын бере кеткеніміз жөн сияқты. Р. Сыздық «Диуани хикметтің» Самарқан (қазір Санкт-Петербургте) нұсқасының сөздік қабаты жайлы «қолжазба жинақтың (диуанның) басы, аяғы демей, кез келген тұсынан алынған төрт хикметте барлығы 1017 сөз қолданылған болса, оның 573-і – түркі, 444-і – араб пен парсы сөздері болып шығады екен. Демек, Ясауи лексикасының жартысына жуығын (44, 8%) араб пен парсы сөздері құрағандығы айқындалады» деп түсіндіреді [2, 70]. Түркі сөздерінің Самарқанд қолжазбасы бойынша түркілік қабатының негізі қыпшақтық және оғұздық деп Р. Сыздық бөледі. Жеке сөздердің тұлғалық (орфограммалық) варианттарын да қыпшақ-оғыз қатарлары құрайды. Мысалы: кішіг (кіші), көзү йашлығ (көзі жасты), кейін/соңра, т.б. Бұл тілдерге қарай жеке-жеке көрсетілген сандарды салыстырып қарағанда «Диуани хикметте» түркізмдердің саны біршама көп екені байқалады. Алайда жалпы кірме сөздерді бірге бағаласақ ескерткіштің сөздік қорының 61% кірме сөз екенінде көру қиын емес [5, 182] Ал С. Өтебеков қарастырып отырған «Диуани хикметтің» Көкшетау нұсқасының сөздік қоры 1804 сөзден тұрады. Егер бұл санды түркізмдер, арабизмдер, парсизмдер деп үшке бөлетін болсақ, түркізмдердің басқа тілден енген сөздерге қарағанда біршама алда екені байқалады. Яғни, ескерткіш тілінде 775 түркізм, 682 арабизм, 347 парсизм бар. Алайда жоғарыдағы Эмек Үшенмездің статистикасы секілді араб-парсы сөздерін бірге есептесек, кірме сөздердің жалпы саны 1029 сөз болады екен. Бұл дегеніміз кірме сөздердің пайыздық көрсеткіші түркізмдерден асып түсіп, 57%-ға жетеді дегенді білдіреді. Ал сөз қолдану жиілігі жағынан әрине түркізмдер кірме сөздерге қарағанда әлдеқайда көп екені, атап айтқанда 2.1 есе артық болып тұрғанын көруге болады. Ескерткіштің тілі жалпы 11670 сөзді құраса, оның ішінде түркізмдердің жалпы қолданылу жиілігі 8005, арабизмдер 2595, парсизмдер 1166 рет кездеседі [6, 41-42]. Келтірілген «Хикметтер» тілінің тілдік қабаттары қолжазбаның көлеміне қарай сандық үлесі өзгеріп отыратынын көрдік. Хикметті оқу барысында түркілік қабаттың басым екені көзге көрініп-ақ тұр. Тіл жанды құбылыс екенін назарда ұстап, тілімізге енген сөздер актив қолданысқа еніп, кейіннен әртүрлі жағдаяттың салдарынан, идеологиялық саясат, ұлттық сана, ұлттық код, тілдік жадқа байланысты кейбір тілдік бірліктер бастапқы мағынасы тарылуына, не болмаса керісінше әсер етіп сөз мағынасының ауысуына да әкеліп жатады. Мәселен, «халал» сөзі баламасы «адал» бола тұрса да қазіргі таңда тілдік қолданысымызда «Халал ет», «халал дәмхана», «халал даму», «халал йогурт», «халал дәрі», т.б. тіркестер «халал» сөзінің актив қолданысқа еніп қолдануда. Ал оны орнына баламасы «адал» сөзінің мағынасы тараюда. Сондай-ақ, «ифтар» сөзі тілімізде баламасы «ораза» бола тұрса да кейбір дінді уағыздаушы немесе араб тіліне әуесқойлар «ифтар» деп қолданады. Бірақ бұл «халал» деңгейінде орнығып алмаған.

Йамғур өлгүн қоймады,  
Ифтар уақты болды-йя. №71.4-б.

«Хикметтерде» бірден көзге түсетін «Хақ» сөзі, баламасы «Алла», «Жаратқан», «Құдай» сөздерімен салыстырғанда «Хақ» актив қолданыста екенін көреміз. Орта ғасыр кезеңде актив қолданыста болып, қазіргі таңда баламалары алға шығып отыр.

Кейін Хақ Расулы мәңә бакты/ сәлем қылдым 101а.

Зэрра ғафил болмас болұр/ғафил болмас Хақ. 101а.

Тілдік қабаттың басқа тілден ену үдерісі кезінде төл сөздегі баламасын ығыстыруға байланысты ғалым Ж. Жақыпов жат елдік сөздерді «дақ сөздер» деген атаумен атауды ұсынады. Варваризм грек тілінен аударғанда «barbarismos» жат елдік дегенді білдіреді. Ол – белгілі бір тілге басқа, бөтен тілдерден енген, толық қалыптаса қоймаған сөздер немесе сөз тіркестері және белгілі бір елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-жайын, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсету үшін қолданылатын кірме сөздер [7, 5]. Варваризмдер, әдетте, тіл шұбарлаумен байланысты болады да, сөз мәдениеті үшін теріс құбылыс болып есептеледі. Біз дақ сөздер деп атап отырған сөздер (бұларды орыс тілінде «вкрапления» деп атайды [8]) сырт көрінісімен варваризмдермен бірдей болады, бірақ, варваризмдер уәжсіз қолданылса, дақ сөздер жаттілдік сөздердің белгілі бір мақсатпен, себеппен уәжді түрде қолданылуынан пайда болады. Варваризмдер де, дақ сөздер де бірреттік, уақытша пайдаланылатын сөздер. Сонымен қоса дақ сөздер реалий сөздермен де ұқсастықта болады. Екеуінің айырмашылығы реалий сөздер белгілі бір ұлтқа тән заттар мен құбылыстар болғандықтан оның басқа тілде баламасы болмайды, ал дақ сөздердің өзге тілде баламасы қашан да табылады. Төл сөздерді ығыстыру, сөз мағынасының кеңеюі, тараюы секілді өзгерістерге алып келеді. Сонымен қатар өзге тілдегі сөздерді қолдану кезінде, әсіресе өлең жолдарында өзіндік қолданыс, даралалану, экзотикалық мәнде қолданылуы да кездеседі. Ж. Жақыпов оны мәтін адресатына қабылдату мақсатында дақ сөздерді қолдану үнемдігі орын алады. Осындай баламасы бірнеше «Хикметтердегі» мәдени лексикалардың қатары өте көп, әрбіреуі жеке-жеке тілдік таным тұрғысынан талдауды қажет ететін тілдік бірліктер.

Дақ сөздердің қазақ тілінде баламалары бар, бірақ жыршы араб, парсы тілдерінен, діни мәтіндерден өзі білетін дайын қалыптарды сыналап кіргізіп отырады. Мақсаты діни болмысты, әлемнің діни бейнесін мәтін адресатына қабылдату болса керек. Бәлкім, бұл араб, парсы тіліндегі сөздерді біздің тілге енгізудің қадамдары болар. Діни дастандардағы жаттілдік дақ сөздердің көбі араб, парсы тілдерінен алынған. Дақ сөздердің ішінде зат пен құбылыс атаулары өте көп кездеседі, себебі ол атаулар қазақтың қарабайыр дүние суретінде орын алмаған. Сондай-ақ дақ сөздердің экзотикалық мәнде қолданылғаны да бар. Тіліміздегі, әсіресе жырларда қолданылған «бөтен» тілдің сөздері көзге оқшау көрінеді және уақытша сөз екені айқын. Сондықтан оларды жаттілдік дақ сөздер деп қарау жөн [9, 5].

Қоғам дамуының барысында көптеген сөздердің мағыналары кеңейіп, үстеме мағынаға ие болуы – лексиканы дамытудың өнімді жолдарының бірі. Осы өнімділікке мысал «Хикметтерден» «үшбу» мәдени лексикасы назарымызға ілікті.

«Хикметтердегі» «үшбу» сөзінің мағынасы қызығушылық тудырды. «**Үшбу**» сөзінің Алаш зиялыларының арасында құпия хат жазғанда, «өзіңнен үшбу хат күтем» деген тіркесінен таныс болған осы «үшбу» концепті ретінде қарауды жөн деп санадық. «Үшбу» сөзіне адырна сайтында осылай түсінік берілген. Үшбу – «осы, осынау» мағынасына ие. *Үшбу пәле, үшбу ер, үшбу күн, үшбу сөз, үшбу түні, үшбу заман, үшбу іс, үшбу йер, үшбу жай, үшбу жол, үшбу уақыт, үшбу қисса, үшбу пәни, т.б.* тіркестер кездеседі [11.93] Үшбу хаттар – бұл майдан хаттары. Хатты осылай буу дәстүрі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қалыптасты. Майданның қиын жағдайында қағаздың өзі тапшы болған уақытта конверт пен мөрді іздеп табу тіпті мүмкін болмады, сондықтан почтаның «мобильді» нұсқасы ойлап табылды. Хат жазу үшін қағаз орамасы, тіпті темекі қорабы да пайдаланылды. Хаттың арнайы конвертке салынбай, үш буылуының тағы бір себебі – жауынгерлер жазған әрбір хаттың әскери цензураның тексеруінен өтуінде еді.

«**Үшбу**» сөзінің Алаш зиялыларының арасында құпия хат жазғанда, «өзіңнен үшбу хат күтем» деген тіркесінен таныс болған осы «үшбу» сөзіне көбірек көңіл бөліп қарауды жөн деп санадық. «Үшбу» сөзіне адырна сайтында осылай түсінік берілген. Үшбу – «осы, осынау» мағынасына ие.

«Үш жүздің биінен қалған үшбу хат», «Үшбу қазақтың үш жүз би атанған баяны», «Үшбу хат» айдары, «Жас дарынға үшбу хат», «Марғұлан Боранбайдың түрмеден жолдаған үшбу хаты», «Жауынгер жаршысындай үшбу хаттар», т.б. «үшбу» танымымен байланысты қолданыстар белсенді болып келеді. Қазақ-орыс сөздігінде былайша аударылыпты. *книжн.* сей, данный;- **үшбу** хат сие письмо. Бұл аударылмайтын сөздердің қатарында, баламасы жоқ немесе баламасын табу қиындық тудыратын сөздер қатарындағы тілдік бірлік. Мәдени концепті деп нақ осы «үшбу» бірлігін алып, тереңірек талдаулар жасау керек деп ойлаймыз. Бұл қазақ халқының тарихымен, танымымен тікелей байланысты.

Сонымен қатар, «Үшбу тапсырма» деген оқу үдерісінде де активті қолданысқа ие. Эссе жазу, хат жазу тапсырмаларын беретін кезде осы сөзбен бірге қолданыс жиілеп келеді. Бастапқы мағынасы сілтеу есімдігі қызметінде болса, кейіннен саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты алаш зиялыларының кезінде құпия хат қызметінде актив қолданысқа енген.

Қорытындылай келе, Ясауидің «Хикметтеріндегі» мәдени лексиканың тілдік қабаттарын статистикалық мәліметтермен салыстыру арқылы араб-парсы, түркілік қабаттарға тоқталып, Ясауидің «Хикметтеріндегі» мәдени лексиканың тілдік қабаттарында ауысып қолданылуын «дақ сөздердің» үдерісі жайлы айтуға тырыстық.

Көбісі түркі тілдерінің лексикалық қорында ортақ кірме сөздердің қабатын құрайды. Араб-парсы қабаты түркі тілдерінің бәрінде кездеседі, ортақ араб-парсы сөздері тұрақтанған ортақ лексикалық қорды құрайды. Тілдің қазіргі жағдайында сөздік қорда араб-парсы кірме қабатының пассив қорға кеткен «үшбу» сөзі бастапқыда орта ғасыр әдебиетінде актив қолданыста болды, уақыт өте келе пассив қорға түсіп, кейіннен «үшбу» сөзі секілді жаңа мағынаға ие болып актив қолданысқа енді, мағынаның ауысуы, деривация үдерісі арқылы құпия хат, жасырын хат мағынасына ауысты.

### Әдебиет:

1. Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка//Советское востоковедение. – М. – Л., – №5. – Стр. 133-136;
2. Сыздық Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 664 б.
3. Сагидолла Г., Фазылжанова А. Ясауитану және Р.Сыздықтың «Ясауи хикметтерінің тілі» зерттеуінің маңызы. Tiltanym. 2022; (4):61-69. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-4-61-69>
4. Mehmet Ölmez. Türkçede Dini Tabirler Üzerine // Türk Dilleri Araştırmaları, Sayı: 15. 2005. – S. 213–218.
5. A. von. Gabain. Eski Türkçenin Grameri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – 313 s.
6. Emek Üşenmez. Türkçe İlk Kur'an Tercümelelerinden Özbekistan Nüshası. – İstanbul: Çalış Ofset Matbaacılık Ltd. Şti., 2013. – 576 s.
7. Өтебеков С. «Диуани хикметтегі» діни терминдердің түркілік қабаты (Көкшетау нұсқасының негізінде) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №3 (121). – Б. 39–56. <https://doi.org/10.47526/habarshy.v3i121.733>
8. Саркенова Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Астана, 2010. – 152 б.
9. Орыс көркем мәтіндегі қазақ сөзі / М.М.Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаева и др. – Алма-ата: Ғылым, 1990. – 168 б.
10. Кәрібай Қ., Жакыпов, Ж. 2024. Иноязычные вкрапления в казахских религиозных дастанах. Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. 1 (мар. 2024), 100–109. DOI:<https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp100-109>.
11. Құрманбайұлы Ш., Әділов М. Абай тіліндегі көнерген сөздер. – 2020.
12. Майдан хаты неге үш бүктелген? – [syrboyi.kz](http://syrboyi.kz) | Сыр Бойы

**М.Дусимбаева**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, докторант  
Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОМПАРАТИВТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ**

*Сөз асылы – елде,  
Кен асылы – жерде.  
І.Кеңесбаев*

**Андатпа.** Бұл мақалада этнолингвистиканың тіл мен этнос болмысына әсері, оның зерттеу әдістері қарастырылады. Этнолингвистика ғылымы тілдің лексикалық байлығын терең түсініп, ұлттық мәдениет пен танымды суреттеуге мүмкіндік береді. Теңеу мен салыстыру тіркестерінің этнолингвистикалық тұрғыдан зерттелуі олардың мәдени және танымдық мәнін ашады. Мақалада этнолингвистиканың даму тарихы мен қазақ тіл біліміндегі орны талданады.

**Тірек сөздер:** *этнолингвистика, лексикалық байлық, этнос бейнесі, теңеу, ұлттық болмыс, танымдық мән, салыстыру тіркестері.*

**Abstract.** This article explores the impact of ethnolinguistics on language and ethnic identity, as well as its research methods. The science of ethnolinguistics enables a deeper understanding of the lexical richness of language and provides insights into national culture and perception. The study of metaphors and similes from an ethnolinguistic perspective reveals their cultural and cognitive significance. The article also examines the development of ethnolinguistics and its role in Kazakh linguistics.

**Keywords:** ethnolinguistics, lexical wealth, ethnic image, metaphor, national identity, cognitive meaning, comparative constructions

**Аннотация.** В данной статье рассматривается влияние этнолингвистики на язык и этническую идентичность, а также методы её исследования. Наука этнолингвистика позволяет глубже понять лексическое богатство языка и отображать национальную культуру и восприятие. Изучение метафор и сравнительных конструкций с этнолингвистической точки зрения помогает раскрыть их культурное и познавательное значение. Также в статье анализируется развитие этнолингвистики и её роль в казахском языкознании.

**Ключевые слова:** этнолингвистика, лексическое богатство, образ этноса, метафора, национальная идентичность, познавательное значение, сравнительные конструкции.

Халқымыздың рухани өмірінің айнасы, сан ғасырлық тағылымы, тәрбиесі, баға жетпес асыл мұрасын, ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтаған тіл құндылығын айқындау-

да этнолингвистиканың алатын орны ерекше. Этнолингвистика тіліміздің лексикалық байлығын түгел қамтып, жан-жақты зерттеуді талап етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнелерін тек лексикалық мағына бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның тұнып тұрған бүгінде сирек қолданылатын сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға болады. Этнолингвистикалық зерттеудің өзіндік бір ерекшелігі – сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да құнды, бейнелі де көркем көне байырғы сөз өрнектерін қамтуында.

Тілдегі лексикалық байлықтардың мазмұны мен мән-мағынасын этностың таным-тұлғасынан толық ашу этнос болмысына қатысты бағалы мағұлматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету тілдің өзіне тән бояу нақышы мен бейнелі көркем түрде суреттеу–этнолингвистика ғылымының міндеті. Ғылымның бұл саласы лингвистикалық, этномәдени, этнопсихологиялық және этномифологиялық факторлардың қабыса келіп, тілдің қызметі мен дамуына тигізетін ықпалы мен әсерін лингвистикалық әдістер көмегімен зерттей келеб сөздерді ғылыми тұрғыдан жете саралауға ауадай қажет толыққанды деректер іздеуге ғалымдарды бағыттап отырады.

Тіл білімінде ұлт тілі мен ұлттық этностың өзіндік қырларын байланыстыра зерттейтін этнолингвистика саласының дамып, өсіп-өркендеуіне Ә.Қайдар, И.Копленко, Е.Жанпейсов, Р.Сыздық, Н.Уәли, Б.Қалиұлы, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Б.Момынова, Р.Шойбеков, Ғ.Аронов, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, Б.Қарағұлова т.б сынды ғалымдар өз үлестерін қосқан.

Академик Ә.Қайдар этнолингвистика ғылымы жөнінде: «Этнолингвистика – ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын, ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мұра болып келе жатқан асыл қазынасын мүмкіндігінше толық меңгеріп, ел иелігіне айналдыруды мақсат ететін ғылым салаларының бірі», деген пікір этнолингвистика ғылымының шарықтау шегі өте кең екеніне көз жеткізумен қатар оның жалпы түркі тіл білімі үшін де аса қажетті сала екенін анық байқатады.

Е.Жанпейсов этнолингвистиканың қазір өз алдына дербес пән ретінде тіл ғылымының алдыңғы ілкі шебіне шығып, баса білім салаларымен өзінің ара-жігін, объектісі мен зерттейтін материялын, міндеттің анықтап алу, қалыптасу сәтін бастан кешіріп жатқанын айтады.

Теңеудің этнолингвистика тұрғысынан танымдық қырын зерттеу, олардың ұлттық болмысы мен мазмұн-межесін анықта, қоғамда қалыптасқан мағынасын ғана емес, сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерін анықтау болып табылады. Тілдік қолданыстағы барлық теңеулердің табиғатын этнолингвистикалық тұрғыдан ашып беру, олардың мағынасын терең түсіну оңай мәселе емес. Бұл туралы Ә.Қайдар былай дейді: «барша тіл байлығына этнос танымы тұрғысынан мағыналық талдау жасау кез келген зерттеушінің қолынан келе беретін іс емес. Осыншама тіл байлығын «бір қазақтай-ақ» түсіне білу бар да, сол түсінікті басқаларға айтып, жазып жеткізе білу тағы бар. Этнолингвист-ғалымға қойылатын басты талап- жалпы тіл табиғатын



білумен қатар оның әрбір сөзінің мағына астарында жатқан этнолингвистикалық деректі тамыршыдай тап басып, тани білу және таныта білу.

Жалпы тіл білімінде бұл сала және оның мақсат-мүддесі теориялық тұрғыдан көптен бері-ақ белгілі болса да, іс жүзінде, әсіресе түркі тілдерінде кең қолданыс таба алмай келе жатқандығы мәлім. Теңеу-салыстыру тіркестері қандай ұғым-түсінікке қатысты болмасын адамның іс-әрекетін, сын-сипатын, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу-нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор көркем сөз бұлақтарына жатады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер – бұл тұрақты сөз тіркестері, олардың мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасына тікелей тәуелді емес, ал арнайы мәдени және тілдік контексте айқындалады. Қазақ фразеологиясы этнолингвистикалық тұрғыдан өте қызықты, өйткені әрбір тұрақты сөз тіркесі тек тілдік емес, сонымен қатар халықтың мәдениетін, дүниетанымын, өмір сүру салтын, әлеуметтік қатынастарын, наным-сенімдерін көрсетеді. Бұл мақалада қазақ тіліндегі компаративті фразеологизмдер (салыстырмалы фразеологизмдер) этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеледі.

Қазақ тіл білімінде компаративті фразеологизмдер және олардың этнолингвистикалық мәнінің алатын орны ерекше. Неге десеңіз?

Компаративті фразеологизмдер – бұл бір зат немесе құбылысты басқа бір затпен немесе құбылыспен салыстыратын тұрақты сөз тіркестері. Олар негізінен теңеу, ұқсату, салыстыру арқылы түрлі мәдени белгілерді, дүниетанымды көрсетеді. Қазақ тіліндегі мұндай фразеологизмдер көбіне ұлттық сипатта болып келеді және халықтың тұрмыс-тіршілігімен, табиғатымен, тұрмыстық тәжірибесімен тығыз байланысты.

Қазақ тілінде салыстыру тәсілдері негізінен табиғатқа, жан-жануарларға, тұрмыстық заттарға, адам мінез-құлқына қатысты болады. Мысалы, «арыстандай ер» немесе «бүркіттей қырағы» секілді тіркестер адамның күшін, ерлігін, батылдығын сипаттаса, «жыландай опасыз» немесе «құрттай жылдам» фразеологизмдері жағымсыз қасиеттерді бейнелейді. Бұл фразеологизмдер қазақ халқының өмір сүру ортасы мен табиғаттың мәні бойынша қалыптасқан.

Тіліміздегі компаративті фразеологизмдердің салыстыру мәніндегі элементтері де ерекше мәнге ие.

Қазақ тіліндегі салыстыру элементтері өте көп және әрқайсысының өзіндік этнографиялық маңызы бар. Оларды бірнеше негізгі топқа бөлуге болады:

### **Жануарлар әлемі мен табиғатқа қатысты салыстырулар:**

Қазақ халқында жануарлар мен табиғат әлемі үлкен маңызға ие. Мысалы:

*Қасқырдай қайратты (батыр, күшті)*

*Түйедей жуас (төзімді, сабырлы)*

*Құмырсқадай тынымсыз (еңбекқор, белсенді)*

Мұндай салыстырулар қазақтың тұрмыстық тіршілігіндегі жануарлар мен табиғаттың рөліне негізделген. Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, мал мен жа-

нуарлар образы көбіне адамның мінез-құлқын немесе психологиялық күйін сипаттайды.

#### **Адамның мінез-құлқына байланысты салыстырулар:**

Қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен адами қарым-қатынастарын сипаттайтын фразеологизмдер де жиі кездеседі. Олар көбіне адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін сипаттайды. Мысалы:

*Судай таза (әділ, адал)*

*Оттай қайнаған (жүйрік, күйіп тұрған)*

*Ашық күндей жарқыраған (көрікті, жарық, ашық мінезді)*

Бұл тіркестер адамның ішкі дүниесі, оның сыртқы келбеті мен мінез-құлқының тікелей байланысын көрсетеді.

#### **Тұрмыстық заттар мен адамдар арасындағы салыстырулар:**

Қазақ тілінде тұрмыстық заттарға байланысты фразеологизмдер де кездеседі. Мысалы:

*Қазан сияқты қайнап кеткен (жақсы дәмді, қонақжай)*

*Көсеу сияқты ұзын (ұзын, бойшаң)*

Мұндай тіркестер тұрмыс-салт пен әдет-ғұрыптардың халықтық дүниетаныммен байланысын аңғартады.

Қазақ тіліндегі компаративті фразеологизмдер этнолингвистикалық тұрғыдан адамның психологиясы мен табиғат, әлеуметтік орта арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Мысалы, қазақ халқы табиғатқа жақын, оның құбылыстарын, жануарларды, өсімдіктерді өз өміріне үндестіріп, мінез-құлық пен әрекеттерді де солармен салыстырып сипаттаған. Қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық ерекшеліктері арқылы қалыптасқан фразеологизмдер сол халықтың мәдениетінің, салт-дәстүрінің айнасы іспеттес.

Компаративті фразеологизмдер этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу барысында халықтың дүниетанымын, психологиясын, табиғатпен, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын ашуға мүмкіндік береді. Әрбір салыстыру, теңеу ұлттық құндылықтарды, ұлттық сана-сезімді, дәстүрді, өмір сүру стилін бейнелейді. Тұрақты сөз тіркестері арқылы қазақ халқының мәдениетіне тән көптеген көріністер мен белгілерді тануға болады.

#### **Әдебиет:**

1. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері.
2. Қоңыров Т. Қазіргі қазақ тіліндегі компаративтік құрылымдар.
3. Сәмекбаева Э. Көркем әдебиет тіліндегі фразеологиялық компаративтер.
4. Өтелбаева Э. Қазақ тіліндегі теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты.

### III. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКА САЛАААРЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

**А.Пирниязова**

*Әжинияз атындағы Нөкис мәмлекетлик педагогикалық институты,  
филология илимлериниң докторы  
Өзбекстан*

#### **АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚ МИЙНЕТЛЕРИНЕ ТИЙКАРЛАНЫП ҲӘЗИРГИ ЖАЗЫҰ МЕНЕН ОРТОЛОГИЯНЫ РАҰАЖЛАНДЫРЫҰ**

**Аннотация.** Мақала мийетлерин қазақ тилиниң жазыұы, имласы, сөз сазы оның қәлиплесиұ тарийхына, дәуирге байланыслы өзгериұ жағдайларына, тил билиминиң он бестен аслам тараұлары бойынша изертлеұ алып барған академик Рәбиға Сыздық мийнетлериниң басқа да түркий тиллериниң әлипбе, имласының қәлиплесиұине тә-сирин көрсетип бериұге арналған.

Қазақ, қарақалпақ тиллери – түркий тиллери ишинде генеалогиялық жақтан жа-қын болғаны менен өз фонетикалық системасы, оған тийкарланған имласы, сеслер-диң айтылыұы менен өзгешеленип турады. Бул тиллердиң әлипбеси, имласы, улыұма жазыұының қәлиплесиұи менен раұажланыұы дерлик бирдей болған. Бул бағдарда төрт дәуирди көрсетиұге болады. Қазақ тилинде Р.Сыздық тәрепинен терең изерт-ленген, бирақ қарақалпақ тилинде дыққаттан шетте қалған мәселелердиң бири – сөз сазы. Айырым сөзлердиң жазылыұ имласы бойынша академик Р.Сыздық усыңған, қазақ тилинде имла қағыйдаларына киргизилген жағдайларды қарақалпақ тилинде итибарға алыұ усыныс етиледи. Жақын туұыс тиллердиң латын графикасындағы жа-зыұы усас, бири бирине жақынласқан әлипбе қабыл етиұи керек сыяқлы. Бул тиллер-диң жазыұының тарийхы бирдей болған.

Барлық саналы өмирин ана тилин изертлеұге бағышлаған, сөз, сес дүньясын, тилдиң миллий өзгешелигин, тәбийғый айрықшалығын терең түсине алған, астарлы сөзлердиң түп мәнисин шаға билген, өзинен соңғы әұладқа сарқылмас гәзийне етип таслап кеткен, тил билиминиң жетик маманы академик Р.Сыздықтың мийнетлери барлық түркий тиллери ушын бағдар береди.

**Таяныш сөзлер:** Жазыұ, әлипбе, имла, сөз сазы, тил билими.

**Abstract.** The article is devoted to the influence of the works and research on the history of writing, spelling and orthoepy of the Kazakh language by academician Rabiga Syzdyk on the history of the formation and development of the alphabet and spelling of other Turkic languages.

Although the Kazakh and Karakalpak languages are close in genealogy, they differ from each other in phonetic structure, writing and pronunciation of sounds. The paths of formation and development of the alphabet, spelling, and history of writing of these languages were practically the same. In this direction, four periods can be indicated.

R. Syzdyk deeply studied the Kazakh language, but one of the problems that was not given due attention in the Karakalpak language is orthoepy. Academician R. Syzdyk recommended writing different words, while it is recommended to take into account the conditions laid down in the rules of writing and in the Karakalpak language. It seems that closely related languages need to adopt an alphabet closer to each other. The history of writing of these languages was the same.

Remembering academician R. Syzdyk, who devoted her entire adult life to studying her native language, deeply understood the world of words and sounds, national identity and natural uniqueness of the language, knew and understood the meaning of the semantics of words, the inexhaustible wealth of linguistics that she left behind provides direction to specialists.

**Keywords:** Letter, alphabet, spelling, spelling, linguistics.

**Аннотация.** Статья посвящена влиянию трудов и исследований по истории письменности, орфографии и орфоэпии казахского языка академика Рабиги Сыздыка на историю формирования и развития алфавита и орфографии других тюркских языков. Казахский, каракалпакский языки хотя и близки по генеалогически, но они отличаются друг от друга фонетическим строем, написанием и произношением звуков. Пути формирования и развития алфавита, орфографии, история письма этих языков были практически одинаковыми. В этом направлении можно указать четыре периода.

Р. Сыздык глубоко изучала казахский язык, но одной из проблем, которой не уделялось должного внимания в каракалпакском языке, является орфоэпия. Она рекомендовала написание разных слов, при этом рекомендуется учитывать условия, заложенные в правилах написания и на каракалпакском языке. Представляется, что близкородственные языки необходимо принять более близкий друг к другу алфавит. История письменности этих языков была одинаковой.

Вспоминая об академике Р. Сыздыке, которая всю свою сознательную жизнь посвятила изучению родного языка, глубоко понимала мир слов и звуков, национальное своеобразие и природное своеобразие языка, знала и понимала смысл семантики слов, оставленное ее неисчерпаемое богатство по языкознанию дают направление специалистам.

**Ключевые слова:** Письмо, алфавит, орфография, орфоэпия, лингвистика

Адамзат жәмийетинде, оның мәдениет турмысында жазыудың әхмийети уллы. Жазыу аркалы улыўма мәдениет, әдебият, илим, техника, көркем өнер хәм т.б. раўаж-

ланады хәм улыўма халық мәпине айналады. Сонлықтан да жазыўсыз хеш қандай цивилизация болыўы мүмкин емес.

Академик Рәбиға Сыздық өзиниң бир қанша мийетлерин қазақ тилиниң жазыўы, имласы, сөз сазы оның қәлиплесиў тарийхына, дәўирге байланыслы өзгеріў жағдайларына бағышлады [1:278-282-б; 2:181-203-б.].

Қазақ, қарақалпақ тиллери – түркий тиллес халықлардың ишинде өз фонетикалық системасы, оған тийкарланған имласы, сеслердиң айтылыўы менен өзгешеленип туратуғын тиллер. Олардың туўысқанлық жағынан қыпшақ-ноғай тиллери топарына киретуғынлығы хәртәреплеме жақынлығынан дәрек береді. Бул тиллердиң әлипбеси, имласы, улыўма жазыўының қәлиплесиўи менен раўажланыўы да дерлик бирдей жолларды басып өткен. Қарақалпақ тили жазыўының раўажланыўы хәм жетилисип барыўында төрт дәўирди атап өтиўге болады: I. Реформаланған араб әлипбеси (XIV әсирден XX әсирдиң 30-жылларына шекем).

II. Латынласқан әлипбе (1928-1940-ж.ж.).

III. Славян-кириллицаға тийкарланған әлипбе (1940-1994 – ж. Ж. Дейин).

IV. Латынластырылған хәзирги қарақалпақ әлипбеси.

Көплеген түркий тиллериниң жазыўының қәлиплесиў жоллары уса болып келген. «Қазақ халқы сан ғасыр бойы араб жазуынан пайдаланып келди, – деп атап өтеди Рәбиға Сыздық: – Бул жазу халықтың рухани-мәдени мұқтажын белгілі бір дәрежеде өтеуге де, түркі халықтарына тән әдеби мұраларды оқып-білуге де, өзге туысқан халықтармен қарым-қатынас жасауларына да, ең негізгісі – сауаттарын ашып, хат тануға, мұсылманша ғылым-біліммен танысуға да әбден жарап келді. Соған қарамас-тан, XIX ғасырдың II жартысында қазақ мәдениетінде жазу (графика) проблемасы көтерілді. ...Сөйтіп, қазақ халқының ұлттық жазу жасау және жазу мәдениетін көтеру сияқты іс-әрекеттері XIX ғасырдың II жартысында басталып, қазіргі біздің тіл, жазу тәжірибемізге ұласты деп айтуға болады»[2:278-б.].

Қарақалпақ тилиниң жазыўы да тап усындай жоллар менен қәлиплести. Ғәрезсизликтен соңғы жыллары жазыўды жетилистириў бағдарында өзгерислер болды.

Қарақалпақ тилиниң латын графикасындағы әлипбеси 1994-жылда қабылланған болса, усы отыз жыл ишинде 3 рет өзгерди. Қарақалпақ әлипбесиниң соңғы варианты 2016-жылы қабыланды.

Қарақалпақ тилиниң жазаўын хәзирги жетилискен түрге алып келиў бағдарында бир қайта қарап шығыўлар болды. Көп жыллар даўамында қәлиплескен жазыўды бирден өзгертиў қыйыншылық туўдырады, ўақыт талап етеди. Жаңа нәрсени көпшиликтің қабыл етиўинде қарсылықлар да ушырайды.

Қазақ тили де әлипбесин қайта қарап латын графикасына өзгертип атыр екен, тәжірийбеси бар түркий тиллеринен үйренгени мақул. Бул процесс узақ даўам етеди.

Тилши қәнигелер, психологлар, офталмологлар менен де ойласықлы түрде жұмыс алып барған жөн. Улыўма билим беріў мектеплериниң бағдарламасында шет тиллери (англичан, немец т.б. тиллер) де үйретиледи. Ол тиллердиң әлипбеси де, имласы да басқаша қурылған. Бул мектеп оқыўшыларының жазыўды, имланы, транскрипцияны, сөз сазын (орфоэпияны) үйрениўинде машқалалар пайда етеди. Латын жазыўындағы миллий әлипбени үйрениў хәм көнликпе пайда етиў ушын хәр бир инсанның дәслепп көриў қәбилетине, ядына тәсир керек.

Қарақалпақ тилиниң имла қағыйдалары бурынғы кирилл әлипбесиндеги қағыйдалар тийкарында алынды. Р.Сыздық қазақ тилиниң имласын «бир сеске – бир хәрипп» деп атап өткенинде дурыс логика бар. Ал қарақалпақ тилиниң латын графикасындағы әлипбеде Ш, Щ – SH, Ч – CH – еки хәрипп пенен қабылланды.

Қарақалпақ тилиниң хәзирги әлипбесинде тилдиң өзгешеликлерин билдиретуғын сеслердиң таңбалары латын графикасындағы хәрипплерге ақут белгисин қойыў арқалы жазылады: Áá (Әә), Óó (Өө), Ыы (Ыы), Ўú (Үү), Ѓѓ (Ғғ), Њň (Ңң).

Р.Сыздық былай жазады: “Қазақ тилиниң анықтағышы” деп жалпы атпен ұсынылған китапта – деп берилген Алғы сөзде: емле ережелери, тыныс белгилерин қою қағыйдалары, ауызша сөйлеу үстінде сөздерди дұрыс дыбыстау (айту) заңдылықтары бир жерге жинақталып берилип отыр. Мұнда сауатты жазу мен сөзди дұрыс айту нормалары ереже түринде баяндалып қана қоймайды, ол ережелер түсіндирилип, мысалдармен дәлелденеди, типти жаттығу жұмыстары мен шағын орфографиялық сөзди бериледи [1:5-6].

Академиктиң бул мийнетинде имла қағыйдалары менен бир қатарда иркилис белгилериниң де хәр бирине тоқтап, мысаллар менен түсиндирилип берилиўи жумыстың ең жемисли хәм нәтийжели шығыўынан дерек береди. Бул қарақалпақ тилшилериниң үйрениўи керек мәселелер. Әсиресе сөз сазы қарақалпақ тилинде елеге шекем дыққат аударылмай киятырған тема. «Сөз сазы дегенимиз – сөйлеу үстінде (актисинде) сөздерди дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естилуи. Ал сөздерди дұрыс айту дегенимиз тилдиң табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады» – деп атап өтеди академик хәм аталған мийнетиниң IV тараўи Сөз сазы (Сөзди дұрыс айту нормалары)на бағышланды.

Сондай-ақ қазақ тилиниң имласында рус тилинен кирген, айтылыўи өзгерген сөзлер фонетикалық принцип пенен қазақша айтылыўынша жазылады деп белгиленгени айрықша атап өтиўге турарлық. Қарақалпақ тилинде елеге шекем рус тилинен кирген сөзлер сол тилдеги қәлпинде, өзгериссиз жазыў қабыл етилген [5: 520-537-б].

Адамның фамилиясын немесе әкесиниң атын билдиру үшін қолданылатын ұлы, қызы деген сөздер жалқы есимге қосылып жазылады: Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Ғабит Махмұтұлы Мүсирепов, Бауыржан Момышұлы, Сара Сәтбайқызы Есова [1:37-б].

Бул кубылыс қарақалпақ тилинде 90-жыллардан соң пайда болды. Бирақ қарақалпақ тилинде улы, қызы көрсеткішлерін бөлек жазыу қабыл етилди.

Р. Сыздықтың атап өткеніндей, меншикли атқа қосылып жазылғанын қарақалпақ тилине де ендириу орынлы болар еди.

Қарақалпақстан Республикасының аймағында төрт түркий тилинің ўәкиллери биргеликте жасайды: қарақалпақ, қазақ, түркмен хәм өзбек халықлары. Билим беріу бес тилде алып барылады. Жоқары оқыу орынларынан Қарақалпақ мәмлекетлик университети хәм Нөкис мәмлекетлик педагогикалық институтында усы төрт тил хәм әдебияты қәнигеликлери бар. Улыўма билим беріу мектеплеринде өз ана тилинен басқа мәмлекетлик тиллер – өзбек хәм қарақалпақ тиллери оқытылады. Буннан тысқары рус хәм инглиз тиллери шет тиллери ретинде оқытылады. Мектеп оқыўшысы латын графикасындағы хәрқыйлы әлипбелерди, имла қағыйдаларын үйренеди. Дүнья жүзиниң хәрқыйлы аймақларында жасап хәм билим алып атырған қазақ балаларының жазыўды дурыс өзлестириўине ерисиў ушын латын графикасындағы қазақ әлипбесин дүзиўде усындай жағдайларды есапқа алып, туўысқан қарақалпақ хәм қазақ тиллериниң әлипбесин жақынластырып дүзиўди усыныс етер едим. Бурынғы кирилл әлипбеси менен имла қағыйдалары са седи. Латын графикасындағы әлипбеде усы тәреплери итибарға алынса болар еди.

XIX әсирде жасаған қазақ халқының көрнекли классик шайыры Абай Қунанбаев араб, парсы хәм түрки әлипбесине тийкарланып мухаллес жазғанын билемиз. Бабаларымыз халықтың саўатлы болыўын, илим, билим үйрениўиниң тәрепдарлары болды. Сол мақсет пенен араб әлипбесин үйрениўди нәзерде тутқан болса керек, мынадай қосық қатарларын жазған:

Әлифтек ай йузиңе гийрат еттим,  
Би– балайы дәртине нийбәт еттим,  
Ти–тилимнан шығарып гули абзат,  
Си–санам мәдхина хұрмат еттим –деп жазған.

Быйыл қарақалпақ халқының уллы шайыры Әжинияз Қосыбай улының (әдебий лақабы Зийўар) 200 жыллығы ЮНЕСКО тәрепинен атап өтилип, елимизде белгиленип атыр. Ол хәм ағартыўшы, хәм билим таратыўшы, қазақ хәм қарақалпақ халықларының дослық байланыстырыўшысы болған зиялы инсан. Оның мухаллеслери де тосыннан жазылған емес. Ол өзиниң әдебий орталығын жақсы түсинген шайыр.

Ай-әлип, ақ йүзиндур айни аләм әнўарий,  
Бе – белиң қыпша дилбар, көзғанаң шаҳла ўәлий,  
Те – тисиндур дана-дана, ләблериңниң палларый,  
Се – сорып шийрин ләбиң қанадурман, әй пәрий,  
Жым – жамалың көрмегенше, зары гирияң Зийўарий (Әжинияз Қосыбай улы).

Академик Р. Сыздық ана тилиндегі аўызекі әдебиат үлгилерин, уллы Абай дәретпелерин кунт пенен үйренген, тилдиң сөз байлығын, сес өзгешеликлерин, сөйлеў үлгилери менен шеберлигин бүгинги әўладқа жеткерген, кейинги әўладларға да илимий бағдарда изертлеп қалдырған жетик тилши илимпаз еди.

Өзиниң барлық саналы өмирин ана тилин изертлеўге бағышлаған, сөз, сес дүньясының арасында адамның қарар көзиндей болып жылтырап атырған маржанларын хәммеден бурын көре алған, тилдиң миллий өзгешелигин, тәбийғый айрықшалығын терең түсине алған, астарлы сөзлердиң түп мәнисин шаға билген, өзинен соңғы әўладқа сарқылмас ғәзийне етип таслап кеткен тил билиминиң 15 тен аслам тараўлары бойынша илимий изертлеў жумысларын алып барған жетик маман, Орайлық Азиядағы түркий тиллес халықлар арасында ҳаял-қызлардың илимдеги саркәрдасы Рәбиға Сыздықтың руўлары шад болғай!

Бизлердиң ўазыйпамыз оның ғәзийнесин, мийрасын қәстерлеп, тил билимине салып берген жолларын даўам етиў, келешек әўладларға түсиникли етип жеткериў болып қалады. Арал бойы миллий тиллериниң әлипбесин, имласын жетилистирип барыў бағдарында илимпаздың көрсеткен хәм айрықша итибар берип айтқан сөз сазы, имла мәселелери нәзерде тутылыўы зәрүр.

#### **Әдебиатлар:**

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
2. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: «Арыс», 2004. – 283 б.
3. Сыздық Р. Қазіргі қазақ баспа мәтіндеріндегі жаңа сөздердің көрінісі // Тілтанымдық зерттеулер (2000-2002). – Алматы: Арыс, 2009. – 83-87 б.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014 – 292 б.
5. Qaraqalpaq tiliniń orfografıyalıq sózligi. Nókis: Bilim, 2020 – 540 b.



**А.Алдаш**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **ҚАЗАҚ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАСЫ: ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ МЕЖЕЛЕРІ (ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ СӨЗҚОЛДАНЫС)**

**Аңдатпа.** Көркем әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері (спецификасы), қаламгердің сөз байлығының образ жасаудағы әлеуеті, сөз мағыналарының түрленуі, баяндау амалдары және басқа да проблемалар әр уақытта да зерттеушілердің назарында болып келеді. Зерттеулер нәтижелері арқылы анықталған, тұжырымдалған мәселелер бар, олар кейінгі ізденістерге тірек болып отыр. Сонымен қатар тіл білімі салаларының қарқынды түрде жаңа бағыттарға бет бұруы, өзара жақын ғылым салаларындағы жаңа ғылыми жетістіктер, қоғам дамуындағы сыртқы және ішкі түрткіжайттар, жазушылар корпусының білімдік-танымдық, әлеуметтік-танымдық көрсеткішінің әралуандығы, прозадағы жаңа жанрлардың пайда болуы қазіргі қазақ прозашыларының тілі мен стиліне айтарлықтай ықпал жасады. Осыған байланысты қазіргі кезеңдегі көркем шығарманың (әңгіме жанрының) тілі мен стилін зерттеу, сондай-ақ зерттеудің әдістері мен бағалау критерийлерінің тиімділігін негіздеу қазақ лингвостилистикасы әдіснамасының әрі қарай жетілдірілуінде өзекті болып саналады.

**Тірек сөздер:** лингвостилистика, тұжырымдама, әңгіме, синхронды-нормативтік талдау және бағалау, стиль тезіне түсу.

**Abstract.** The peculiar specificity of the artistic word, the potential of the writer's style in creating an image, the transformation of the meanings of words, narrative techniques and other equally important problems have always been in the focus of attention of researchers. According to the results of the research, problems have been identified and formulated that serve as a basis for subsequent research. It should be noted that the intensive turn of linguistics into new directions, new scientific achievements in related fields of science, the influence of external and internal factors in the development of society, the variety of educational, cognitive, socio-cognitive indicators of the corpus of writers, the emergence of new genres in prose significantly influenced the language and style of modern Kazakh prose writers. In this regard, the study of word creation in modern Kazakh prose (the genre of the story), as well as the justification of criteria for evaluating and effectiveness of methods in order to further improve the methodology of linguistic and stylistic research, become relevant.

**Keywords:** linguistic stylistics, concept, narrative, synchronous normative analysis and evaluation, stylization.

**Аннотация.** Своеобразная специфика художественного слова, потенциал слога писателя в создании образа, трансформация значений слов, повествовательные приемы и другие не менее важные проблемы всегда находились в центре внимания исследователей. По результатам исследований выявлены, сформулированы проблемы, которые служат опорой для последующих изысканий. Следует отметить, что интенсивный поворот языкознания в новые направления, новые научные достижения в смежных областях науки, влияние внешних и внутренних факторов в развитии общества, многообразие образовательно-познавательных, социально-познавательных показателей корпуса писателей, появление новых жанров в прозе существенно повлияли на язык и стиль современных казахских прозаиков. В связи с этим становятся актуальными изучение словотворчество в современной казахской прозе (жанра рассказа), также обоснование критериев оценки и эффективности методов в целях дальнейшего усовершенствования методологии лингвостилистических исследований.

**Ключевые слова:** лингвостилистика, концепция, рассказ, синхронно-нормативный анализ и оценка, стилизация.

Әлемдік лингвистикада, қазақ тіл білімінде де көркем шығарма тілін зерттеудің лингвистикалық білім қоры аса қомақты. Зерттеулердің бағыттары да, пікір-көзқарастар да сан алуан: көркем әдебиет тілі функционалды стильдер қатарына ене ала ма, жоқ па дегеннен бастап көркем шығарманың жеке бір тұстары (мәселен, көріктеу құралдарының, диалектизмдердің қолданылуы типтестер) қарастырылған, бір шығарманы тұтастай, әдебиеттану мен тілтаным аспектілерін шоғырландыра отырып, кешенді талдау жүргізілген еңбектер жетерлік.

Ұсынылып отырған еңбек Академик Рәбиға Сыздықтың қазақ лингвостилистикасы концепциясының негізінде Ұстаз идеяларын жалғастыру мен насихаттау мүддесінде әзірленді.

Алғашқы зерттеулерінің өзінде-ақ ғалым *«Қазақ тіл білімінің алдында лингвостилистика деген үлкен саланы ашу қажеттігі тұр... көркем әдебиет стилінің тілін көпшілік қауымға таныту арқылы ана тілімізді уағыздау, оның көркемдік-әсемдік қасиетін дарыту, тілді дұрыс және әдемі жұмсауға тәрбиелеу»* керектігін бірнеше мәрте қайталады [1, 5]. Сан түрлі жанрдағы, қалам тербеуі әр басқа қаламгерлердің шығармаларын қарастыра келе, Ұстаз кейінгі еңбектерінде көркем әдебиет тілін танудың аспектілерін мен ғылыми-практикалық қырларын түйіндеді. Бұл еңбектері арқылы академик Р. Сыздық қазақ тілінің өз табиғатынан туындайтын, әлемдік лингвистикадағы көзқарастардан айырмаланатын қазақ лингвостилистикасының тұжырымдамаларының бекем іргетасын қалады.

Тұжырымдама (концепция) – ғылым салаларына қатысты қарағанда, ғылымның қайсыбір тармағын жан-жақты зерделей келе, ол жөнінде теориялық әдіснама түзу, ғылыми көзқарас жүйесін қалыптастыру екендігі мәлім.

Көркем туындыны талдау сан салалы. Көркем шығарма тілі макрофилологиялық (макростилистикалық деуге де болады) деңгейде талданады, бұнда көркем шығарманың сюжеті, мотиві, жазушының шеберлігі мен таланты сияқты жалпы мәселелер дәстүрлі түрде әдебиеттану ғылымының әдіснамалары арқылы зерттеледі және тіл стилистикасы (көріктеу құралдардың құрылымы мен функциясы) проблемаларымен сабақтастырылады. Әдетте, әдебиеттанушы-зерттеуші туындының қысқаша мазмұнына тоқталады, одан әрі оқиғаның өрбуі мен кейіпкердің бейнесі сипатталады, нақты айтқанда, форма мен мазмұн негізге алынады. Бірақ осы мәселелердің өзінде де тіл, сөзқолданыс форма мен мазмұнды өзара байланыста қарауға бағындырылады. Академик Р. Сыздық талдаудың осы түріне синтетикалық әдіс деп баға береді [2, 220]

Көркем туындының тілі мен стилі микрофилологиялық (анығында – лингвостилистикалық) деңгейде қарастырылады. Бұл жағынан көркем шығарманың талдануы әрқилы сипатта деуге болады.

Көркем туындының сөз өрнегіне лингвистикалық талдау жасауда әдебиеттану саласының әдіснамалары соншалықты қажет бола қоймайды. Қазақ прозасының тілі мен стиліне терең үңілген академик Р. Сыздық өз тұжырымдары мен қорытындыларына макрофилологиялық аспектіде талдауға көп бара бермейді.

Туындылардың тілі мен стиліне қатысты лингвистикалық тұрғыдан әдіснама түзуде, ғылыми қорытынды жасауда бірнеше тың жаңалық ұсынды. Соны тұжырымның негізгісі – лингвостилистикалық талдау.

Академик Р. Сыздықтың лингвостилистикалық талдау қатарында айрықша назар аудартқан мәселелерінің бірі – *«көркем әдебиет тілін синхронды-нормативтік тұрғыдан зерттеу – бүгінгі қазақ тіл білімінің өзекті проблемасы»* [3, 49] деген тұжырымы.

Мәселеге бұлайша келу бірнеше жайттарды анықтайды. Ғалым, біріншіден, әр кезеңдегі жарық көрген көркем туындыларда әрбір кезеңдегі тілдің даму тенденциясына тән сипаттарды білуге болатындығын айтты [4, 25]. Ұстаздың көркемсөзде «әр дәуірдің өз тенденциясы болады» деген тұжырымы негізінде тұтас бір жанр үлгілерін диалектикалық тұтастықта қарастыру жазарман мен оқырман арасындағы байланысты анықтайды, сөз мәдениетінің деңгейін көрсетеді, осылар арқылы лингвостилистиканың басты белгілерін тануға болады.

Осындай талдау әдістерінің бірі – стиль тезіне түсу (стилизация). Ұстаз көркем әдебиет тілін зерттеудің ғылыми қисындарын қалыптастыруда тіл қазынасында бар дайын тілдік бірліктердің негізінде жаңа тілдік бірліктердің пайда болуын, яғни қаламгердің шығармашылықпен тың конструкциялар жасауын, олардың көркем шығармадағы эксплицитті көрінісін, және ең бастысы – шығармашылықтан туған жаңа үлгілердің эстетикалық функцияға, сан түрлі сыртқы тілдік факторлардың ықпалы нәтижесінде белгілі бір кезеңде өмір сүретін оқырманның когнициясында ұйымдас-

қан, орныққан лексиконға сәйкес түсуін басшылыққа алады. Осы себепті ғалымның негізгі ұстанған бағыты – *белгілі бір кезеңдегі көркем әдебиет тілінің параметрін сол дәуірдегі әдеби тілдің даму бағытымен әрі принциптерімен өлшеу* [5, 9].

Әңгіме – жазушының көркем мәтін түзудегі алғашқы тәжірибесін танытатын, күрделі көркем мәтін тудыруға барар жолының бастапқы қадамы болып табылатын, белгілі бір сюжетке негізделген, көп жағдайда басты кейіпкердің тағдыры баяндалатын шағын жанр.

Соңғы онжылдықтарда жарық көрген қазақ әңгімелерінің негізгі тақырыбы – бүгінгі заманның бедері. Авторлардың дені де, кейіпкер де – бүгінгінің адамы. Қоғам дамуының дүмпуін бастан кешіріп келе жатқан кейіпкердің ішкі драмасы, дағдарысы, тағдыр жолы, шешімі табылатын және күрмеуі шешіле қоймайтын оқиғалар – осының бәрі әңгімеші-прозашылар объективті шындыққа сай суреттеуге ұмтылған актуалды тақырыптар.

Әңгімелердің ішкі жанрлық тарамдалу да сан алуан: топтастыра айтқанда, соңғы онжылдықтардағы әңгімелер қатарында психологиялық, философиялық, мистикалық, аллегориялық, антропологиялық, әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шығармалардың дені басым.

Осындай себептерге байланысты қазіргі әңгімелердегі стилизация үлгілері жөнінде біршама жүйелеуге және бағалауға болады. Академик Р. Сыздық ұсынған стиль тезіне түсудің таратылып талдануы маңызды деп тезистер түрінде атаған түрі – фольклорлану (фольклоризация) [5; 13].

Қазіргі әңгімелерде фольклорлану бірнеше ыңғайда байқалады. Алдымен фольклорлану дегенге аз-кем түсінік беруге болады. Әлемдік лингвистикадағы стилистика жайын қарастырған ғалымдарда бұл термин сирек қолданылады. Бұл, анығында, басқа тілдердегі сөз байлығына байланысты. Ал Ұстаз «көрікті сөздің қоймасы» деп атаған қазақ сөзінің қазынасында әріден келе жатқан дәстүрлі сөз өнері мол. Мәселен, сан алуан образдар тудыратын теңеулер, тұрақты тіркестер, қайталамалар, дыбыстардың үйлесімділігі, сөз әуезі, авторлық рефрендер, бұлар – көрікті сөздің қоймасында сақталған үлгілер.

Аталғандардың әрқайсысы жеке-дара, лингвостилистикалық талдау сүзгісінен терең қарастыруды қажет етеді.

Қай кезеңдегі жазушы болмасын, қай-қайсысы да сол қазынадан молынан пайдаланады. Бұл, фольклорланудың бір тұсы, дәстүрлі сөз өнерінің үзілмеген сабақтастығы. Фактілерге назар аудартамыз.

Проза жанрында сөз қуатын терең меңгерген қаламгерлердің шығармаларынан теңеу табылады.

Теңеулер жүйесі – көркем туындының эстетикалық функция беретін қуатты құралы, қаламгердің сөз байлығын, шығармашылық қабілетін бағалауға мүмкіндік жа-

сайтын, жазушының ұлттық танымды өзінің тілі мен стилі арқылы жеткізуін, бүгінгі прозадағы сөз өрнегінің күй-қалпын танытатын күрделі жүйе. Қандайда бір көркем шығарманы әдебиеттану аспектісінде, немесе лингвостилистикалық тұрғыдан талдау барысында теңеулер сипатына тоқталмай өту мүмкін емес.

Азды-көпті талдау барысында объективті ақиқатты суреттеу үшін теңеулер жүйесінің пәрменді стильдік функциясын жеке адам когнициясының, ұлттық логика мен ұлттық философияның көрінісі ретінде зерттеудің қажет екендігі байқалды. Мәселеге осылайша келу сонымен қатар қазақ көркемсөзінің әр дәуірдегі даму сипаты, проза жанрындағы ұлттық көркем тіл нормаларына тән узуалды және окказионалды қолданыстардың пайда болу себептеріне талдау жасау, сайып келгенде, қазақ лингвостилистикасы мен сөз мәдениетіне қатысты зерттеулер күтетін өзекті проблемалармен тікелей тоғысады.

Мәселен, А. Алтайдың «Айқай» әңгімесінде *ел қоныс етерліктей етегі кең, бір жақ бүйірі беліне дейін пышақ қырындай қиыршық тастар, белден жоғары бүркіт тұмсығындай үшкірлене түскен, тананың терісіндей жайылған жалпақ* деген суреттеу жасалады. Бұл – сюжеттегі жер бедерінің суреті. Онда төбе айналасындағы тастар – *пышақ қырындай* (демек, өткір, жұқа), төбенің жоғарғы тұсы – *бүркіттің тұмсығындай* (демек, үшкір), арғы беті – *тананың терісіндей* (өйткені тегіс).

Ал Д. Амантай шығармаларынан *Алыстан үркердей топтанып тарыдай шашылып, күмістей жылтырап*, мүмкін, *айнадай жарқырап*, дегендер тәрізді бір алуан тіркестерді кездестіреміз. Бұлар – дәстүрлі сөз өнерінің үлгілері.

Екінші сипат – ұлттық ойсанадағы қор мен қаламгердің шеберлігінің арасалмағына байланысты. Бұл – когнитология, ұлттық психология, ұлттық философия сияқты басқа да көптеген ғылым салаларының тоғысында терең зерттелуді күтетін күрделі мәселе.

Бүгінгі қазақ әңгімелерінде ұртына *құрт тығындағандай* (А. Алтай), *қой қарнының шарбы майындай* ыдырап; *жұлдыздар қара отқа жусаған қойдай* (Т.Әлжантегі), алып ұшақ *бесікке тағылған сылдырмақтай, моншақтай мөлдіреп* (М. Мәлік), *қамшы тиген жыландай* бүктетіліп жатты (Е. Айдабосын. Соңғы намаз), *бұршақтай тамшылар* секектей жөнелді (С. Олжабай. Бетперде), жалғыз ұлдың жолын *жұлдыз куткендей* тосып (Қ. Данабаев. Философ), *ақша қар* жерде шашылып жатқан мың сан *жұлдыздай* елестеді (Н. Батыр. Жұлдызды түн), *Сүйріктей сәулелері* дір-дір ете, желдің өтінде тұрған балауыз *қос шырақ* (З. Жұманова. Тобынан адасқан жалғыз тырна), *осы қамшының сабындай көшеде* тұратын (А. Азат. Әкемді көрдіңіз бе?), *қу дүниенің қанжардай азуына* (А.Ихсан. Дүңгіршек), қанаты қайырылған қаршыға *құстай* көк төрінен сылқ етіп, түсті. (А. Саматұлы. Шайтан болған), Аяғындағы астаудай саптама етігі (Ы. Дәбей. Жарғанат), *Төңкерген қазан тәрізді* дөңгеленген қарны (Ж. Шамұратова. Әбжілбектің бизнесі), Сынаптай сырғанап, лыпып барады

(Ө. Рахат. Қып-қызыл перде), Көздері шыңырау құдық түбіндегі *сарқынды тамшыдай* жансыз қос нокат (Т. Әбдірайым. Шайтан шал) тәрізді еркін ассоциативті теңеулердің бір тобын бүгінгі қаламгерлердің шығармаларынан көруге болады.

Сөз жоқ, образ бар, көріктеу құралы эстетикалық әсер береді. Осындай сөзқолданыстар арқылы бірнеше жайтты бағамдауға болады:

- академик Р.Сыздық атап өткендей, бүгінгі қаламгерде тіл өрнегін іздеу тенденциясы сезіледі;

- сөйтіп, көріктеу құралдарының қатарында образ жасау мен эмоциялық қуаты айрықша эксплицитті тұрақты теңеулер қолданысқа түседі; *пышақтың қырындай, пышақ жанығандай, пышақ кескендей тыйылу, сымдай тартылу, айдай сұлу, ай секілді, сүттей жарық, күмістей жылтырау, айнадай жарқырау, оттай басылу, шортандай шоршу, қамшының сабындай, тарыдай шашылу* деген тұрақты тіркестердің қолданысы, екінші жағынан, қазақ көркемсөзіндегі сабақтастыққа дәлел болады;

- объектіге теңеуге алынатын субъект үшін (салыстырылатын зат пен құбылыс) ұлттық таным кеңістігіндегі тілдік бірліктер алынған. Кейіпкер үнсіз, өйткені *аузына құрт тығындап алғандай*; аспандағы бұлт *қой қарнының шарбы майы сияқты*; ал көк төсіндегі жұлдыздар *қара отқа жусаған қойдай*; ұшақтың гүрілі мен қозғалысы *бесікке тағылған сылдырмақтай*; кеңістіктің қысқа екендігі *қамшының сабындай ғана*; кейіпкердің жай-күйі *қамшы тиген жыландай*; тұрмыс бейнесі *қанжардың ауы іспеттес*, ал аяқкіімнің үлкендігі – *астаудың үлкендігіндей*.

- ұлттық таным негізінде қалыптасқан тілдік бірліктердің образ жасау қуаты бүгінгі жазушының тілдік санасында орныққан; *құрт, шарбы май, қой, қамшы, қанжар, пышақ, бесік, сылдырмақ, астау, шыңырау, жұлдыз, құдық, тамшы, қазан, азу, моншақ* және басқалар.

- әр қаламгер өзі үшін таныс, санаға қонған әлем дүниесін бейнелейтін тілдік бірліктерді жіктейді, интерпретациялайды;

- тұрақты теңеулер түзетін тілдік бірліктерді тірек болып, жаңа образдар жасалады.

Шын мәнінде көркем мәтін – мәдени-тілдік кеңістіктің барлық сипатын айқын танытатын жазба коммуникацияның доминант тармағы. Көркем шығарма – күрделі, қабат-қабат жүйе ретіндегі қоршаған әлемді бір жағынан объективті, екінші тұсынан субъективті көзқарастардың, түсінудің нәтижесі, бұл нәтиже үшін тіл байлығының, тіл жүйесінің барлық қаттаулары іске қосылады. Сондықтан әр кезеңдегі көркем шығарма тілінде тілдік-стильдік тұрғыдан әртүрлі ерекшеліктер болады. Ал көркем мәтінді түзетін жазушы – қазақ тіліндегі ұлттық және мәдени кодтың ұрпақаралық трансмиссиясында басты рөл атқаратын элитарлы тілдік тұлға. Қазақ рухани мәдениетінде осындай тілдік тұлғалардың шоғыры мол. Қазақ мәдениетіндегі көркем туынды, әсіресе проза жанры – қазақтың дәстүрлі көркемсөз өнері, сөзқолданыстар-

дың мағыналық түрленуі, тілдік бірліктердің стиль тезіне түсу үдерістері айқын көрінетін жазба коммуникацияның күрделі түрі. Қазақ тілтанымында осы себепті көркем шығармалардың тілі мен стилі әртүрлі аспектілерді қарастырылды. Зерттеулердің қатарындағы аса маңыздысы – академик Р. Сыздықтың көркем шығарманы лингвостилистикалық талдаудың тұжырымдамаларын жасауы. Ғалым қазақ лингвостилистикасының негізін орнықтырды, осы саланың нысаналары мен әдіс-тәсілдерін нақтылады. Бірқатар зерттеулерінде ғалым фольклорлану, стиль тезіне түсу, стильдік сәйкестік, ұлттық көркем тіл нормалары дегендерді тезис түрінде ұсынып, көркем шығармадағы ұлттық кодтың берілуіне назар аудартты. Бұл тұжырымдар көркем шығарманың сөз өрнегін антропоэзеттік, лингвокретивтілік, коммуникативтік стилистика, сөз мәдениеті салаларының әдіснамаларымен ұштастыра отырып зерттеудің өзектілігін айқындады.

Мақала ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

#### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы / Рәбиға Сыздық /. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 580 б.
2. Сыздық Р. Функционалдық стильдер. Көркем әдебиет стилі // Сыздық Р. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре, 2014. – 216-241-б.
3. Сыздық Р. Көркем әдебиеттің қырлары. Мақала. 2019. – 26 б. Электронды ресурс: <https://ult.kz/post/rabiga-syzdykova-korkem-adebiet-tilin-tanudyn-kyrlary> (Пайдаланылған күні: 18.02.2024).
4. Сыздық Р. Сәйкестік // Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. 3-том. Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 25-42-б.
5. Сыздық Р. Көркем әдебиет тілін зерттеу аспектілері. – Ғылыми таным үзіктері. 3-том. Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 50-58-б.

**Г.Смағұлова**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан*

## **АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ТІЛДІК НОРМА ТУРАЛЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілінің тілдік нормасы туралы академик Р.Сыздықтың ғылыми пікірлері талданады. Тілдік норма – тілдің дұрыс және стандартты қолданылуын реттейтін ережелер жиынтығы. Тілдік норма туралы Р.Сыздықтың ұстазы М.Балақаев сөйлеу, шешендік жайлы, сөз мәдениеті, баспасөз тілінің сөз мәдениеті, әдеби тілдің мәдениеті, жазу мәдениетіндегі олқылықтар жайында мақалалар жазған. Шәкірті ретінде академик Р.Сыздық тілдік норма турлы жан-жақты саралап, өзіндік ғылыми пайым-тұжырыммен жалғастырды. Қазақ тілі туралы сондай-ақ, емле, сөз, сөйлеу мәдениетінің осы күнге дейін тоқтаусыз талқыланып, айтылып келе жатқаны мәселенің қай кезеңде болса өзекті екендігі. Тілдік норма – белгілі бір тілдің грамматикалық, лексикалық және стилистикалық ережелер жүйесі. Бұл ережелер тілдің ауызекі және жазбаша формаларында қолданылады және тілдің біртұтастығын сақтауға көмектеседі. Ұлт мәдениетін тіл арқылы сақтау, жеткізу – тіл иесінің басты міндеті, борышы. Ауызша сөйлеу тіліне баса назар аударылу қажет. Ауызша сөйлеудің кешенді қырының бірі – көркем сөйлеуге қатысты ой-пікірлер және тілдік норманың негізгі функциялары коммуникативтік әлеуметтік, мәдени функциялары мақалада жан-жақты талданады. Мақала авторы көркем әдебиет тілі сыншылардың назарынан тыс қалатыны, тілдік талдау жетіспейтіндігі туралы баяндайды.

**Тірек сөздер:** сөз мәдениеті, тілдік норма, әдеби тіл, көркем әдебиет.

**Abstract.** The article examines academician R. Syzdyk's scholarly viewpoints regarding the Kazakh language's norms. A linguistic norm is a body of guidelines dictating how the language should be used and how it should function. M. Balakaev, the teacher of R. Syzdyk, wrote articles on speech, the literary language, the word culture, the language of the press, and gaps in writing culture. Scholar R. Syzdyk thoroughly examined and carried out her scientific perspective as a student. The Kazakh language issue and the ongoing discussion about the significance of writing and speech culture are both ongoing issues. A language's grammatical, lexical, and stylistic norms make up its language norm. These guidelines aim to maintain the coherence of a language and are used in both written and spoken forms. The primary responsibility of native speakers is to preserve and transmit the nation's culture through language. Thoughts on artistic speech and the primary roles of the language norm, communicative social, and cultural purposes are among the many features of oral speech



that are examined in length in this article. The article's author discusses how language analysis is lacking and how fiction language continues to go unnoticed by reviewers.

**Keywords:** culture of speech, linguistic norm, literary language, fiction.

**Аннотация.** В статье анализируются научные мнения академика Р.Сыздыка о языковой норме казахского языка. Языковая норма – совокупность правил, регулирующих правильное и стандартное функционирование языка. О языковой норме учитель Р.Сыздыка М.Балакаев написал статьи о речи, ораторстве, о культуре слова, о культуре слова прессы, о культуре литературного языка, о пробелах в писательской культуре. Будучи учеником, академик Р.Сыздык всесторонне проанализировал и продолжил своим научным видением. Вопрос о казахском языке, а также о том, что до сих пор постоянно обсуждается и обсуждается культура письма, речи, речи, актуален на любом этапе. Языковая норма – система грамматических, лексических и стилистических правил определенного языка. Эти правила применяются в устной и письменной формах языка и помогают сохранить единство языка. Сохранение и передача культуры нации через язык – это главная задача и долг носителя языка. Один из комплексных аспектов устной речи – мысли о художественной речи и основные функции языковой нормы, коммуникативные социальные, культурные функции подробно анализируются в статье. Автор статьи рассказывает о том, что язык художественной литературы остается без внимания критиков, отсутствует языковой анализ.

**Ключевые слова:** культура речи, языковая норма, литературный язык, художественная литература.

Өткен ғасырдың 30-жылдарынан басталған, ережеге сай ғылыми тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті туралы ой-пікірдің бастауы академик М.Балақаев есіміне тікелей байланысты.

Кеңестік кезеңнің қызыл отының шарпуына қарамастан, ұлт тілінің болашағын ойлаған, нағыз тіл жанашырының еңбектеріне шолу жасасақ, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған құнды ғылыми тұжырымдар бар. Бұл ретте, қазақ тілінің емлесі, кейбір әріптердің емлеге сай қолданымауы, емле кемшіліктері, көркем әдебиет тілі, сөз өрнегі, сөйлеу, шешендік жайлы, сөз мәдениеті, баспасөз тілінің сөз мәдениеті, әдеби тілдің мәдениеті, жазу мәдениетіндегі олқылықтар, тілдік норма туралы проблемалық мақалалары мен арнайы басылған жинақтары бар. Демек қазақ тілі туралы сондай-ақ, емле, сөз, сөйлеу мәдениетінің осы күнге дейін тоқтаусыз талқыланып, айтылып келе жатқаны мәселенің қай кезеңде болса өзекті екендігі. Себебі туған тілге қатысты шетін дүние аз уақытта шешімен таба қоюы екіталай. Сондықтан қазақ тіл білімінің ғалымдары тіл мәдениеті мен сөйлеу мәдениеті саласына айырықша назар аударғаны белгілі.

Тілдік норма, сөз мәдениеті туралы өткен ғасырымыз ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, М.Балақаевтың айтқан, жазған пікірлерін шәкірті ретінде ака-

демек Р.Сыздық жан-жақты саралап, өзіндік ғылыми пайым-тұжырыммен жалғастырды. Ал тілші ғалымдар арасында көбінесе академик М.Серғалиев тіл, сөйлеу мәдениетіне қатысты мақалаларын үзбей құлаққағыс ретінде баспа бетінде жариялап жүрді.

Академик Рабиға апай Сыздық баспасөз бетінде өмірінің соңына дейін осы тақырыпты тереңдетіп, тек індете жаза берді, түрлі конференция жиындарда тіл мәдениеті мен сөйлеу мәдениеті туралы баяндамаларында тіл иелеріне жан-жақты жеткізді. Қазақ тілінде жазатын жазушылар мен тілді тұтынатын көпшілік қауымға қолданыстағы тілді деректер арқылы дәлелді мысалдармен көпшілік назарын аудартты.

Тіл тазалығына нағыз жаны ашыған адамның бірегейі – академик Рабиға апай Сыздық десек артық айтқанымыз емес. 2009ж. шыққан «Ғылыми таным үзіктері» деген үш томдық кітапта Р.Сыздықтың тек әр жылдары жарияланған тіл мәдениеті мен норма туралы жазған мақалалары топтастырылған.

Мына бір жағдайға назар аударайық. Қазақ тіл біліміне қатысты басқа да жекелеген теориялық мақалаларын айтпағанда кітаптың екінші томы тек тіл тазалығына көңіл бөлген «Сөз мәдениеті, Орфография, орфоэпия, пунктуация мәселелері», «Өнер алды – қызыл тіл», «Қазақ тілі мәдениетінің қазіргі проблемалары» деп бөлген тарауларды қарасақ, тіл мәдениеті туралы 1964 ж басталған мақалаларының жалғасын есептесек соңғылары 2007 ж. екен [1]. Демек ғалымның қазақ тілінің тазалығы мен қолданыс ерекшелігіне арнаған зерттеулері тура жарты ғасыр бойы баспасөз бетінен түспепті. Бұл жанкештілік жұмыстың нәтижесі міне, күні бүгінге дейін құнын жоймаған, тіпті кейінгі тіл тазалығы үшін күресетіндер үшін ғылыми бағыт, өсиет деп те қабылдауға болады.

Тілдік норма – белгілі бір тілдің грамматикалық, лексикалық және стилистикалық ережелер жүйесі. Ол тілдің барлық деңгейлерінде – фонетика, морфология, синтаксис, лексика және стилистикада көрініс табады. Тілдік норма – қоғамның коммуникация процесін реттеп, түсіністік пен тиімділікке қол жеткізу үшін қажет.

Тілдік норма – тілдің дұрыс және стандартты қолданылуын реттейтін ережелер жиынтығы. Бұл ережелер тілдің ауызекі және жазбаша формаларында қолданылады және тілдің біртұтастығын сақтауға көмектеседі. Тілдік норма қоғамда түсіністікті қамтамасыз етіп, коммуникация процесін жеңілдетеді. Норманың бұзылуы тілдік кедергілерге, түсініспеушілікке және коммуникацияның бұзылуына әкелуі мүмкін. Тіл мәдениетін сақтау үшін тілдік норма болуы керек.

Р.Сыздық «...алдымызда қазақ тіл мәдениетінің ғылыми базасын жасау міндеті тұр. Ол үшін, біздіңше, бірінші кезектегі ізденістеріміз бен ұсыныстарымыз мынадай мәселелерді нысанаға алуды қажет етеді» деп, санамалап көрсетеді. [2, 33]. Ғалымның жазбаларынан тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті туралы талдаған ой-пікірлерін жинақтап айтсақ төмендегідей:

• Автор лексикалық нормалар аясында, әсіресе варианттылық, яғни жарыспа қатарларды реттеу – тіл мәдениетінің, сөз мәдениетінің нормалану процесінің ең өзекті бөлігі, басты мәселесі екендігіне назар аудартады.

• Р.Сыздық сөздерді дыбыстауда радио, теледидар жүргізушілерін, дұрыс жазуда бұқаралық ақпарат құралдарының тілін тіл мәдениетіне қатысты үлкен мәселе ретінде арнайы айтып, жазып та тілдік деректермен дәлелдейді. Кезек күттірмейтін маңызды мәселе деп, орфоэпия, сөздерді дұрыс дыбыстай білу керектігін, сөздің жазба тілде қалай жазылса солай дыбысталуын нормаға қайшы екендігін ескертеді. Мәселен, сөз арасында, біріккен сөзде дауыстылардың аралығында келетін қатаң дауыссыз «к, қ» дыбыстарын «г, ғ» деп жұмсартпай, жазылуы бойынша оқу, мысалы: шекара, Қаракөз, күні кеше, келе қалды және т.б.;

• сөз ішіндегі гармонияның сақталмауы, яғни ө, ұ, ү дыбыстарынан кейін келетін дауыстылардың алдыңғы дыбысқа жуықтап айтылмай, сол күйі оқылуы, мысалы: көреген/көрөгөн, құрылыс/құрұлұс, бүгін/бүгүн;

• бір сөз аясында келетін жуан және жіңішке дыбыстарды үндестірмей, жазылуы бойынша оқу, мысалы: балгер, Жәмила;

• дикторлар мен хабар жүргізушілерінің тағы бір үлкен қатесі сөздердің еш дыбысын түсірмей бөліп-бөліп айтуы. «Құрманғазының күйі Сары арқа, Ықыластың күйі Кері толғау.

• Шаршы топ алдында сөйлеу мәдениеті де жалпы тіл мәдениетіне қатысты. Ойды жинақы, әсерлі етіп ұсыну, орфоэпиялық нормаларды сақтау, сөздерді бір-бірімен үндестіріп айту сияқты шартта ескерілуі тиіс.

• Шешендік – шаршытоп алдында сөйлеудің негізі. Көпшілік алдында мәнерлі, шешен сөйлей білу қазіргі кезде талапқа сай емес.

• Стилистикалық нормаларға қатысты академик Р.Сыздық, бұл жерде оны сақтауда қатаңдықтан гөрі, стильдік мақсат көздейтін уәжділік басым түсетіні айтады. Сірә, автор қазақ тілінің поэтикалық қуатын ескерген болу керек. Коммуникацияда сөздің экспрессивтілігі мен троптар айырықша екендігі белгілі.

Әдеби тілде сөйлеу – тілдік тұлғаның тілдік құзыреттілігінің бастысы. Тілдік тұлғалардың бәрі бірдей деңгейде әдеби тілде сөйлей бермейді. Әдеби тілдің аясында ауызекі сөйлеу стилінде қалыптасқан қате бірліктер жиі кездесетін болды. Қазіргі кезде қазақтың алқатоп алдында сөйлеушілері мен зиялыларының да ауызекі сөйлеу тілінен әдеби сипат жиі көріне бермейді (бұл арада жазушы, журналист, әлеуметтік топтардағы кейбір лауазымды адамдарды айтпағанда). Өйткені қыстырма-паразит сөздер мен диалектілік көріністер, тілде баламасы бар сөздер мен сөз тіркестерінің орысша атауы (интертерминдерді есептемегенде) ауызекі сөйлеуде көп кездесіп жатады.

Тіл мәдениеті мен нормаға қатысты узус термині міндетті түрде сөз етілуі тиіс. Кейбір тілдік ортада осы күнге дейін «даулы-пікір талас» болып келе жатқан туды

мен туылды сөздерінің қолданыстағы ерекшеліктері. Академик Р.Сыздық «Егер тілдік жүйеге сәйкестікті қуаласақ, туылды тұлғасы дұрыс: туатын – ана, туылатын – бала. Туылу – ырықсыз етіс. Бірақ қолданыста туды тұлғасының орнығуы – узустық көрініс» деген. [2, 8]. Тілдік жүйеге қайшы келгенмен, тілдік дағдыға айналған қолданыстарды Р. Сыздық узу деп атайды.

Әдетте көркем сөйлеудің үлгісі ретінде көрінетін баспасөз, телевизия, радио жүргізушілері мен тілшілерінің сөз қолданыстарындағы кемшіліктер тіл мәдениетіне, сөйлеу, тіпті орфографиялық жазу мәдениетіне нұқсан келтіретін әрекеттер жиі байқалады.

Тілдік норманың негізгі функциялары:

1. Коммуникативтік функция: Тілдік норма арқылы адамдар өзара түсіністікке қол жеткізеді. Бұл әсіресе жазбаша коммуникацияда маңызды, себебі жазбаша мәтіндерде ауызекі сөйлеу құралдары – интонация, мимика және жесттер жоқ.

2. Әлеуметтік функция: Тілдік норма әлеуметтік топтардың бірлігін және мәдениетінің сақталуын қамтамасыз етеді. Тілдік норманы сақтау арқылы қоғамның барлық мүшелері бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасайды.

3. Мәдени функция: Тілдік норма мәдениеттің бір бөлігін құрайды. Тілдік нормаларды сақтау және қолдану арқылы мәдени мұралар мен дәстүрлер ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі.

Ұлт мәдениетін тіл арқылы сақтау, жеткізу – тіл иесінің басты міндеті, борышы. Тіл арқылы сипатталатын мәдени атаулар қазір әркімнің түрлі қабылдау түсінігі мен қолданыс ерекшеліктерінен көрінеді. Мәселен, «қазақша ет» – ұлттық тағам атауы. Бірақ соңғы жылдары тілдік қолданыста «бешбармақ» деген атаумен жиі естіледі, жазылады. Бұл да тілдік нормаға қайшы. Бес саусақпен, қолмен жейтіндіктен солай аталған деген түсінік қате. Әдетте, бұл тағам қырғыздарда «беш бармақ» деп аталады, өйткені қырғыздар саусақты бармақ деп атайды. Қырғыз әріптестер тіл нормасына қайшы емес деп есептейді. Олар қырғызша ет деп атамайды. Есте сақайтын дерек:

**«Конок тосу».** *Беш бармақ* – қырғыздардың әң сыйлау ұлттық тамағы. Қырғыздар беш бармақты адегенде «наарын» деп айтышчу. Наарынды беш кол менен жегендиктен, кийинчерээк эл арасында «беш бармақ» деген аты таралып, анын алгачкы аталышы унутулуп калган» [36, 133].

Сірә, бұл атау қазақ тіліне көршілерден ауысып келген, әсіресе, жастар арасына еш қиындықсыз таралып кеткен.

«Қазақ тілінің әлеуметтік қызметін кеңейтуде тек кеңсе тілін дамыту, ғылымды қазақша сөйлету, қазақ тілінде кітап жазып, лекция оқу жеткіліксіз. Ең кенже қалып, көңіл аударылмай келе жатқан сала – ауызша сөйлеу тіліне баса назар аударылу қажет. Күрестің бір майданы осы ауызша сөйлеу тіліне майданы болсын». «Ауызша сөздің өзі ауызша әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілі деп екігі бөлінеді де, олар-

дағы сөз қолданыстарында айырмашылық болады».

Ал ауызша сөйлеудің кешенді қырының бірі – көркем сөйлеу. Халықтың болмысына, танымына сәйкес көркем сөйлеуі бар тіл тірі тілдердің қатарында ғана болуы тиіс. Себебі көркемдіктің өзі тілдің өне бойында созылып, өткен мен бүгінді байланыстырушы құбылыс. Сөздің эстетикалық сұлулығы халықтың ғасырлар бойғы жиған-тергені, көрген білгені нәтижесінде қалыптасады.

Сөйлеуші сөзді қалай болса солай қолданбайды. Коммуникант тілдің грамматикалық, синтаксистік және лексика-фразеологиялық, логикалық жағын бақылайды, сонымен қатар айтайын деген ойының логикалық, қисын жағынан байланыста болуын да қадағалайды. Осы келтірілген талаптарды есте ұстау, бақылап отыру сөйлеушінің көркем сөйлеуіне негіз болады.

Мысалдарға назар аударайық.

«Сасқан үйрек артпен жүзеді» деуші еді, Халықтың сенімінен шыққан, үмітін ақтамаған қадірі әбден кеткен билік партиясы... бір күнде атын өзгертіп тынды. («ЖА» 3.03.2022. К.Б.) Дұрысы: «сасқан үйрек артымен сүңгиді»

«Тай шаптырым жерден бір күшік шыға келді». Әдетте тай шаптырым қашықтығы 10-12 шақырымынан тұрады. Сонда көз жетпейтін қашықтықтан күшікті қалай көруге болады?!

«... ұлтсыздықтың өртіне қарлығыштың тұмсығымен тамызғандай керектігін, пайдалы іс екенін айтып кеткен». («ЖА» 28.02.12). Дұрысы: «қарлығыштың қанатымен су себу»;

«Бір адам жылы сөйлесе, марқайып, көңілі пісіп жүреді». Дұрысы: «көңілі көтерілу»

«Сәбиі ержетіп, аяғынан тік тұрғанша қанын торсыққа байлап, қорғаштап жүреді». Оказионал қолданыс десек те, сұйықтықты қалай торсыққа байлайды?!

«Құрбым сөйлеген кезде, сөздің майын ағызып сөйлейтін». Дұрысы: «сөздің майын тамызу».

«Сылқым бикем мойныңды бұрмайсың ба?

Сылқылдытып ән салсам тыңдайсың ба?» Сылқылдатып әдетте су ішеді.

Сөзді түсіну – сезімдік танымды қажет етеді. Сөз иесінің ойлау даралығы, сөз таңдау саналы әрекеті болмаған жағдайда адресант тарапынан осындай өрескел логикалық қателер кетеді.

**Сөйлеу мәдениетіндегі сөз өрнектілігіне әсер ететін жағдайларды ғалым Б.Н. Головкин былай саралайды:**

✓ – Сөз иесінің ойлау даралығы, саналы әрекеті;

✓ – Сөз иесінің өзі сөйлейтін сөздің мазмұны мен оны тыңдаушыларға деген ықыласы;

- ✓ – Тілді, оның көріктеуші құралдарын жақсы меңгеруі;
- ✓ – Тілдік стильдердің ерекшеліктері мен өзіндік заңдылықтарын жете білуі;
- ✓ – Өзінің сөйлеу дағдыларын жүйелі түрде шындап отыруы;
- ✓ – Өз сөзіне үнемі бақылау жүргізіп, қай жерде көрнекі, қай тұста құрғақ сөзге жол берілгенін бағамдай алуы;
- ✓ – Өзінің алдына көркем сөйлеуді нақты мақсат етіп қоя білуі [4, 51].

«Көркем сөйлеу» деген ұғым қазақтың танымындағы «сөз саптау» ұғымымен пара-пар келеді. Ал сөйлеуші тілінің көркемдігіне бас ию сөз құдіреті арқылы келісу немесе көндігу «сөзге тоқтау» деп аталады. Осыған қарап көркем сөйлеуді қазақ халқы ежелден коммуникативтік стратегияның бір қыры деп танығаны аңғарылады..

Адамзаттың сөйлесу тәжірибесінде сөйлеушінің сөзіне қарап оның ой-өрісін, жалпы білім деңгейін аңғару бұрыннан бар. Қазақ «қойнынан бөзі түсіп, аузынан сөзі түсіп» деп сөзге шорқақ адамды атаса, «қызыл тілден май тамызған» деп көркем сөйлеудің қас шеберлерін атаған.

Сонымен қатар, орынды, көркем сөйлеу, сөз құдыреті хақында «Ат жүйрігі асқа, тіл жүйрігі басқа», «Артық тұз асқа залал, артық сөз басқа залал», «Адам тілінен жазалы, мал мүйізінен жазалы», «Орынды сөз жүрекке қуат», «Адам сөзге, мал жемге тоқтар», «Алмас қылыш –майданда серік, Асыл сөз – майданда да, сайранда да серік», «Аталы сөзді арсыз қайырады», «Ботаның көркі – көзі, Адамның көркі – сөзі», «Тіл – ерді қабірге салады, нарды қазанға салады» деген. Осыдан байқайтынымыз: қазақта сөйлеу актісінің негіздері ешбір теориясыз-ақ мақал-мәтелдермен берілген. Мақалдардың астарынан артық сөзден аулақ болу, сол арқылы ынтымақтастықта қалу, көркем сөйлеп, орынды сөйлеп ымыраға келу секілді принциптер байқалады.

Көркем сөйлеудің басты тілдік алғышарты әдеби нормада сөйлеу болып табылады. Кітап оқып, мазмұнды ақпараттың көркемдік жағына көңіл бөлген адамда әдеби норма қалыптасады.

Сондықтан да көркем сөйлеуші мен тыңдаушы арасында коммуникативтік сапа болады. Қарым-қатынас кезінде қарапайым сөйлеуден гөрі, әдеби нормамен ойды жеткізу – мейлінше ұтымды тәсіл. Адам неғұрлым сыпайы, майда тілмен сөйлеген сайын коммуниканттар арасында қолдау, құрмет сезімі басым болады. Сөйлегенде дауыс ырғағын жоғарлатпай, **сөздің әуезділігін сақтау да көркем сөйлеудің сипатына тән нәрсе.**

Көркем әдебиетті әдетте сыншылар талдап, филологиялық талдау жасайды. Сюжет, композиция, идея, тақырып, кейіпкерлер бастан аяқ сөз етіледі. Алайда тілдік талдау жетіспейді. Әдебиеттің жаны – тіл.

Лингвистикалық талдау деген не? Мәтіннің ең негізгі категориясы хабар, ақпарат беру. Ал лексика, тілдік бірліктер – бұл сөз, хабар берудің негізгі көзі. Сөз арқылы

түрлі мәлімет аламыз. Әр сөздің мағынасын, әсерін саралап зерделеу қажеттігі бар.

Шығарма мәтінін стильдік талдау – тілдік құралдардың жұмсалу ерекшеліктері. Стильдік құралдарға барлық тілдік амалдар кіреді. Сөздердің дыбысталуы, сөздердің бір-бірімен тіркесімділігі – сөздер бір біріне жарығын түсіріп тұр ма, жоқ көлеңкесін түсіріп тұр ма, қосымшалар қалай жалғанып тұр, сөз мағыналары, сөйлем түрлері т.б. толып жатқан тілдік амалдардың дұрыс қолданылуы. Сыншылар арасында Әмина Құрманғалиеваның сын мақалаларында тілдік талдаулар бар. Мысалы, ...«ақ жауындай бұлқыну» – дауылдан кейін ақ жауын жаумайды; «Абайдың томпаң қағып жүгіруі» сыншыға ұнамайды. Себебі жасы, дене бітімі, сол кездегі жай-күйі дәл осындай қимыл қозғалысына келмейді деп сын айтады. Ойлап қарасаңыз сыншының сөзінде жан бар. Сыншының ойы көркем шығарма мәтінінің функционалдық стилистикасын тілдік нормаға қатысты талдауымен құнды.

Көркем әдебиет – жазба әдебиеттің эталоны іспеттес. Олай болса, көркем әдебиет тіліндегі жетістік-кемістіктер сыншы назарынан тыс қалмау керек.

Сөз соңын академик Р.Сыздық пікірімен қорытындыласақ: «Тіл мәдениеті атқаратын міндеттерінің бірі – қай қолданыс бұл күнде норма болып табылады, қайсысы – жоқ деген мәселелерді түбегейлі зерттеу. Өйткені тіл мәдениетін дамытатын шарт – тек жоғарыда салалап көрсетілген нормаларды ұстанып қана қою емес, ол нормалардың өздерінің дұрыстығын, сындарлылығын тап басып тану және дұрыс деп қабылдау» [1, 27].

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 532 б.
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: «Елорда». 2001. –228 б.
3. Манас тил уйрөту топтому. Кыргыз тили окуу китеби. 1.Баштагыч – Бишкек. 2009. – 206 б.
4. Головкин В.Н. Основы культура речи. 2-е издание исправленное. – Москва, 2002. – 347 с.

**Д. Жылқыбай**

*Алматы қаласы, Бостандық ауданы №23 мектеп-гимназиясы,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қазақстан*

## **Р. СЫЗДЫҚТЫҢ КӨРКЕМ СТИЛЬДІ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІН МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНА ЕНГІЗУ**

**Аңдатпа.** Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық – қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы, әсіресе қазақ әдеби тілінің тарихы, орфографиясы, орфоэпиясы және көркем стильді зерттеуде үлкен үлес қосқан тұлға. Оның зерттеулері қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуын терең түсінуге мүмкіндік береді, ал көркем стильді талдау әдістері тілді оқытуда маңызды құрал болып табылады. Көркем стильді талдау – әдеби шығарманың тілдік құралдарын, оның ішінде троптар, метафоралар, эпитеттер, метонимиялар және тағы басқа стилистикалық тәсілдерді түсінуге және оларды талдауға бағытталған әдіс. Бұл әдіс оқушылардың тілді тереңірек түсініп, сөздің көркемдік құндылығын сезінуге көмектеседі. Рәбиға Сыздықтың әдістемесі осы бағытта үлкен маңызға ие.

**Тірек сөздер:** көркем шығарма, әдеби тіл нормасы, жазба тіл.

**Abstract.** Rabiga Satygalievna Syzdyk is a prominent scholar in the field of Kazakh linguistics who has made a significant contribution to the study of the history of the Kazakh literary language, orthography, orthoepy, and literary style. Her research provides a deeper understanding of the formation and development of the Kazakh literary language, while the methods of literary style analysis serve as an important tool in language teaching. Literary style analysis is a method aimed at understanding and analyzing the linguistic means of a literary work, including tropes, metaphors, epithets, metonymies, and other stylistic devices. This method helps students gain a deeper understanding of the language and appreciate the artistic value of words. Rabiga Syzdyk's methodology is of great importance in this field.

**Keywords:** artistic work, literary language, written language.

**Аннотация.** Рабиға Сатигалиевна Сыздық – видный ученый в области казахского языкознания, внесшая значительный вклад в изучение истории казахского литературного языка, орфографии, орфоэпии и художественного стиля. Ее исследования позволяют глубже понять формирование и развитие казахского литературного языка, а методы анализа художественного стиля являются важным инструментом в преподавании языка. Анализ художественного стиля – это метод, направленный на понимание и анализ языковых средств литературного произведения, включая тропы, метафоры, эпитеты, метонимии и другие стилистические приемы. Этот метод помогает учащимся глубже понимать язык и чувствовать художественную ценность слов. Методика Рабиги Сыздық имеет большое значение в этом направлении.



**Ключевые слова:** художественное произведение, литературный язык, письменный язык.

### 1. Тілді оқытудағы көркем стильді талдаудың артықшылықтары

о **Тіл мәдениетін қалыптастыру:** Оқушылар тілдің байлығы мен бейнелігін таниды, соның арқасында сөз мәдениетін қалыптастырады.

о **Эстетикалық сезімді ояту:** Көркем мәтінді тереңірек талдау арқылы оқушылар әдеби талғамын дамытады.

о **Сөздік қорды байыту:** Көркем шығармалардағы ерекше сөз тіркестері мен тілдік құралдарды зерттеу арқылы оқушылардың сөздік қоры кеңейеді.

о **Тілдік дамуды қамтамасыз ету:** Бұл әдіс барлық тілдік дағдыларды (тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу) кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

### 2. Рәбиға Сыздық әдістерінің ерекшеліктері

о **Көркем мәтінді функционалдық талдау:** Сыздықтың әдістемесі тек мәтіннің құрылымдық ерекшеліктерін ғана емес, оның функционалдық қызметін де тереңірек зерттеуге негізделген.

о **Стилистикалық фигураларды талдау:** Оқушыларды метафора, гипербола, ирония сияқты стилистикалық тәсілдерді анықтауға және олардың мәтіндегі рөлін түсінуге үйрету.

о **Мәтінді жан-жақты қарастыру:** Сыздықтың әдістемесі мәтінді тек тілдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар оның мазмұндық, композициялық, және эмоциялық аспектілерін де қамтиды.


### 3. Мектеп бағдарламасына енгізу жолдары

о **Әдебиет сабақтарына интеграциялау:** Көркем стильді талдау әдістерін әдебиет сабақтарында қолдану арқылы оқушыларды шығармаларға тереңірек үңілуге ынталандыру.

о **Тіл сабақтарында пайдалану:** Тілдік материалдарды түсіндіргенде, көркем стиль элементтерін талдау арқылы оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыру.

о **Шығармашылық жұмыстарды дамыту:** Оқушыларды өз мәтіндерін жазған-да көркемдік элементтерді қолдануға бағыттау.

Өз ісінің «шебері» Рәбиға Сәтіғалиқызы ана тілі дәрежесін биік шыңға көтеріп, оның дәстүрлі эстетикалық, поэтикалық құндылығы мен әдеби тіл нормаларын жүйелеудегі орны ерекше. Тіл білімінің бірнеше саласында өнімді зерттеулер жүргізген академик ізденістерінің көп бөлігін қазақ әдеби тілінің теориясына және әдеби тілдің негізгі аспектілері мен бағыттарын талдауға арнаған. Фактілік негіз ретінде төмендегі тіл маманы А. Исламованың диаграммасынан Р. Сыздықтың әр саладағы сүбелі еңбектерінің пайыздық көрсеткіштерін, оның ішіндегі ең жоғарғы 22%-ды құрайтын «қазақ әдеби тілінің тарихы» екендігін байқауға болады.



*Р. Сыздық зерттеулерінің пайыздық көрсеткіші*

Академиктің көпжылдық зерттеулері нәтижесінде 1984 жылы «Мектеп» баспасынан «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы» атты моно-графиясы жарық көрді. Аталған еңбектің фактологиялық тыңғылықтылығы, терең ойлылығы қайран қалдырады: әдеби тіл жөнінде талас тудырып жүрген мәселелер және сол туралы автордың пікірі айтылып, әдеби тілдің статусы анықталады. Әдеби тілдің мазмұны мен сипаты жөнінде отандық лингвистика-да айтылған пікірлерді орыс тіл білімімен салыстыра отырып, «...«әдеби тіл» деген ұғымға тиянақты бір анықтама берілмей келеді. Жалпы күні бүгінге дейін «қазақ әдеби тілі», «қазақ жазба әдеби тілі», «кітаби тіл», «қазақ ауыз әдебиеті тілі», «жалпыхалықтық тіл» дегендер бір-бірінен ажыратылып, әрқайсысы нақты мағынаға ие болған жоқ», – деп жазады [1;7]. Расымен де, қазақ тіл білімінде «әдеби тіл» деген ұғымға берілген анықтама әлі күнге дейін нақты емес. Орыс тіл білімінің белгілі маманы О.С. Ахманованың лингвистикалық терминдер сөздігіндегі анықтамаға қарағанда, «Әдеби тіл дегеніміз – белгілі бір қалыпқа түскен, диалектілер мен қарапайым сөйлеу тіліне қарағанда жалпыға бірдей міндетті және «дұрыс» деп қабылданған нормасы бар тіл». Осы анықтаманы негізге ала отырып, орыс әдеби тілінің әр дәуірдегі сипатына келгенде, әр зерттеуші оның басты белгілерін толықтырып не азайтып отырады. Яғни бұдан біз әдеби тіл категориясының тарихи құбылыс екендігін, оның әр кездегі даму дәрежесінің бірдей болмайтындығын, соған сай оның негізгі белгілерінің де құбылып отыратындығын байқаймыз [2;8]. Ал «Қазақ әдеби тілінің анықтамалығында» бұл терминге мынадай түсініктеме берген: «Әдеби

тіл – жалпы халықтық тілдің белгілі бір жүйеге түскен, ауызша және жазбаша әдебиеттің негізінде қалыптасқан, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті тіл» [3;32]. Осында аталған ауызша және жазбаша әдеби тіл жөнінде ғалымдардың көзқарастары бір арнада тоғыса бермейді. Бірқатар мамандар (М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, Қ. Жұмалиев, т.б.) «әдеби тіл – жазба тіл» деген концепцияны басшылыққа алып, жазу-сызумен тікелей байланыстырады. Алайда әдеби тілді бұл категорияға жатқызбай, жазуды тек әдеби тілдің шартты белгісі және тілдің жазба түрі әдебиеттің бірден-бір негізгі критеріі бола алмайтындығын айтады. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» оқулығының авторы академик С. Исаев әдеби тілдің «ауызша және жазбаша түрі – олардың тек өмір сүру формалары ғана», – деп көрсетеді. Р. Сыздық да жазуды әдеби тілдің негізгі шартты белгісі деп қарайтын ғалымдардың пікіріне қосылмайды және қазақ топырағында ұлттық әдеби тіл қалыптасқанға дейін де екі әдеби тіл болғандығын айтады: оның бірі – ауызша әдеби тіл, екіншісі – жазба әдеби тіл. Сондықтан әдеби тілді ұлттық кезеңге дейінгі және ұлттық әдеби тіл деп бөліп қарастырғанды жөн санады, яғни:

І. Р. Сыздықтың көркем стилді талдау әдістерін мектеп бағдарламасына енгізу арқылы біз

- 1) жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет тілінің орны
- 2) жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі).
3. Аса бай ауыз әдебиеті тілі мен ауызша туып, ауызша тараған поэзия мен прозалық үлгілер тілінен алған ұзақ дәстүрлі (тарихы үлкен) тіл екендігіне көз жеткізе аламыз;
4. аса бейнелі тіл екендігі, яғни бейнелі (образды) фразеологизмдердің молдығы, теңеулердің активтігі т.б аша аламыз.
5. лексикасы бай тіл екендігі, яғни синонимдердің көптігі, халықтық терминологияның, жарыспалы қатарлардың молдығын;
6. лексикалық, грамматикалық мүмкіндігі күшті тіл екендігі, яғни сөз жасау тәсілдерінің икемділігі, өзге тілдерден сөз қабылдау қабілетінің күштілігі, семантикалық құбылымға бейімділігін байқаймыз.

Қазақтың ұлттық көркем сөз нормаларының келесі саласы – өзге тілдерден сөз қабылдау қабілетінің икемділігінде болса, ол жөнінде мыналарды айтуға болады. Өзге тілдерден әр алуан көздер (каналдар) арқылы сөз қабылдау – жалпы тілдерге тән қасиет. Бұл қасиет көркем сөз дүниесінде орын алатыны – заңды. Бірақ мұнда бөгде тілдік лексикалық элементтердің қатысу мотивтері жалпы әдеби тіл заңдылықтарынан өзгеше келуі мүмкін. Мысалы, кейіпкерлер тілін (олардың сөйлесу үлгісін) шынайы көрсету арқылы образ жасау үшін, жалпы әдеби тілде қабылданған өзге тілдік сөздер қолданыла алады. Ол сөздер ауызекі тілдік те, кітаби тілдік те болып келе береді. Мысалы, Қалихан Ысқақовтың «Қара орман» романында қазіргі ауыл адамдарының

өмірі суреттеледі. Оның кейіпкерлері «өз тілдерімен» сөйлейді, яғни бүгінгі болмысымызда тілге құрметімізді жоғалтып, қалай болса солай, орысша-қазақша араластырып сөйлейтінді шығардық, бұл әдет тек ауыл адамдарында емес, қалаларда да бар. Осы шындықты көрсету үшін, кейіпкерлер образын нақ беру үшін «Қара ормандағылардың» диалогтерінде: «*Каждый год* келіп тұратын *калымщик* те...»; «ендеше, осыны Жақыптың *дружбасына* бесінші балташы етіп *анормит* қыл...»; «жарықтық, бұ шіркінді іштің не, *оптират қылдың* не...» сияқты болып келеді. Мұнда өзге тілдік сөздер макаронизмдер ретінде қолданылған. Бірақ бұлардың осы қолданысы – көркем шығарма үшін нормаға қайшы емес, өйткені олар, жоғарыда айттық, кейіпкерлердің сөйлеу үлгісін беру үшін жұмсалған. Ал егер макаронизмдерді, яғни бөгде тілдерден сыртқы тұлғасын өзгертіп, стильдік мақсатсыз қолданылған сөздерді автор ешбір уәжсіз өз баяндауында (немесе тіпті кейіпкерлер тілінде де) жұмсаса, ол – нормадан ауытқушылық болар еді. Бұл орайда қазіргі қазақ көркем прозасы үлкен ұқыптылық білдіріп келе жатқанын айту керек. Бұл үлгі әуел бастан, 10-20-жылдардағы көркем проза туындылары тілінен бері келеді. Қазақ жазушылары өз баяндауларын (автор сөзін) бөгде тілдік элементтерден мейлінше таза беруге тырысады.

Міне, қазақ тілінің ұлттық әдеби белгілері, оның қазіргі күй-қалпы – негізінен, осы айтылғандар.

**II.** Қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан кезеңіндегі әдеби тілі (шамамен XVIII ғасырдың II жартысынан XIX ғасырдың II жартысына дейінгі аралық). Ұлттық жаңа жазба әдеби тілінің қалыптасу тұсы болды. Р. Сыздық бұл кезеңді былайша қарастырылып жүргендігін айтады: XIX ғасырдың II жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі, XX ғасырдың 20-жылдары мен кеңес дәуірі. Бұлай бөлу қоғам өмірінің жағдайына қарай дәуірлеу болып табылады және әдеби тілдің даму сағылары ескерілмеген. Өйткені ««әдеби тіл» және «жазба әдеби тіл» туралы ұғым түсініктеріміз анық, айқын және бірдей емес. Бірқатар зерттеушілеріміз Абай – қазақ жазба әдебиетінің атасы дей отырып, оған дейін қазақтың әдеби тілі болған жоқ деген концепцияны ұсынады» [5;23]. Қазақ әдеби тілінің жаңа сипатта шоқтығын биік көтеріп, ұлттық дәрежеде танытуға Абай Құнанбаевтың, онымен қоса Ыбырай Алтынсариннің орны ерекше екені хақ. II дәуір ақындарының шығармашылығы тілінен функционалдық стильдерге тарамдалу, әдеби тілдің нормалану, тұрақталу және ең бастысы жазба әдеби тіліне тән алғашқы белгілер байқалады. Дегенмен, жыраулар мектебін жинақтаушы Бұхардың және ақындар мектебінің дамуын, оның жазба әдеби тіл барысындағы рөлін елемеске болмайды. Ең алдымен, XVIII ғасырдың көшін бастаған Бұхар жырау өзіне дейінгі қазақ поэтикасының тілін түгелімен пайдаланып, сол дәстүрді жалғастырушы. Екіншіден, Дулат бастаған «зар заман» ақындарының ауызша әдеби тіл арқылы қазақ поэзиясының үлгілерін жеткізуші. Демек, Абайға дейінгі қазақ ақындарының шоқтығы биік және олардың ақынға тіл жағынан, яғни көркемдеу

шеберліктері жағынан әсер етпеуі мүмкін емес. Қазақтың Абайға дейін де қазақтың халықтық тілінің әдеби үлгілері мен нормалары болғандығын дәлелдейді және бұл пікірді І. Кеңесбаев та қолдайды.

Сөйтіп, XIX ғасырдың II жартысынан басталатын қазақтың төл жазба әдеби тіліне дейін оның ауызша тараған әдеби тілі болды. Әдеби тілдің бұл типтерінің бір-біріне жақын келетін және ажыратылатын тұстары едәуір болды [1;14].

1. Ауызша әдеби тілдің халық ауыз әдебиеті тілімен көрсетілген (сызба №1) айырмашылықтары, бір жағынан, жазба тілден де ерекшеленетін белгілері.

2. Ауызша әдеби тіл шығармаларының тақырып аясы тар: ақын-жыраулар өз халық әдебиетінен басқа өзге халықтар әдебиетінен үлгі-өнер алуға мүмкіндік болмады. Ал жазба әдебиет үлгілерінің лексикалық құрамына кірме сөздердің мол қабаты – араб-парсы және орыс сөздері кеңінен ене бастады. Әсіресе, Абай шығармашылығында дінге (фәни, пұсырман, қыбла, т.б), өнер-білімге (қалам, сия, шәкірт, медіресе, т.б) және философиялық ғаклияларында абстрактілі ұғымдарға (пейіл, күмән, құрмет, т.б) қатысты бірсыпыра сөздер тобы кездеседі. Бірақ XVIII ғасыр ақын-жыраулар поэзиясында кірме сөздер мүлдем кездеспеді деп кесіп айта алмаймыз: «Бұқардың «Керей қайда барасың?» » сияқты қазақтың ел ішінің өзаралық қарым-қатынасын жырлайтын шығармаларында бірде-бір арабизм–парсизм жоқ, керісінше, «Ей, айтшы, алланы айт» сияқты ислам дінін уағыздаған өлеңнің бір өзінде 20 шақты сөз кездеседі және олардың көбі *мұсқан (кітап), кәләм (сөз), лаухы, наубат* тәрізді көпшілік тілге сіңіспеген сөздер»[2;59]. Десе де, ескеретін жайт – ауызша әдебиет үлгілері ауыздан-ауызға жетіп отырғандықтан, заман талабына сай «редакцияға» ұшырап отырды. Орыс тілінің элементтеріне келетін болсақ, «зар заман» ақындарының толғауынан *«шай, самаурын, тарантас, пәуеске»* деген *бұрын-соңды кездеспеген кірме сөздерді кездестіре аламыз.*

3. Жазбаша әдеби тілдің стильдік тармақтарға бөлінуін ауызша әдеби тілімен салыстыруға келмейді. Өйткені публицистика, проза, іс-қағаздар мен ғылыми стильдер ауызша әдеби тілге тән емес дүние болды. Кейіннен қазақтың төл жазба әдеби тілі қалыптасқаннан бастап, қазіргі айтылып жүрген стиль түрлерінің алғышарттары қалыптасты.

4. Ең негізгі айырмашылығы әдеби тілдердің сақталуы мен таралуында: *ауызша әдеби тіл – ауыздан-ауызға, жазбаша әдеби тіл – жазба арқылы. Мысалы, «1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі – Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал», үшіншісі – «Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатовтың публицистикалық-лирикалық жинағы»*[2;106].

5. *Жазба әдебиет өкілдері өз туындыларын бірнеше рет түзету, өңдеу мүмкіндігіне ие болса, ақын-жырауларда бұл үдеріс суырып салмалықпен көрініс тапқан. Олардың негізгі мақсаты – өлең құрылысын меңгеріп, табан аузынан ұйқастыра*

*жырлау емес, ойланып, толғанып сөз саралау. «Жазба түрінде болмаса да, «іштей редакция» мұнда да жүріп жатқанын жоққа шығаруға болмайды» [2;5].*

Сонымен, қазақтың ауызша және жазба әдеби тілі болды. XIX ғасырдың II жартысынанда әбден қалыптасып, қоғамға қызмет ете бастаған жазба әдеби тілі – қазақтың қазіргі әдеби тіліне келіп ұласты. Жазба әдеби тілінің қалыптасуына негіз болған, бізге ғасырлар қойнауынан асыл мұра болып жеткен ауызша әдеби тілдің орын бөлек.

Ұлт тілінің нағыз жанашыры Рәбиға Сәтіғалиқызының XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихының тек жазу арқылы ғана емес, ауызша түрі де таралып сақталу формаларымен байланыстырады. Ғалымның «Қазақ әдеби тілі тарихы» оқулығы – баға жетпес құндылық, халықтың қазынасы. Бұл еңбек – академиктің талай жылдар бойындағы ізденістерінің жемісі. Қазақ әдеби тілінің тарихы толғандыратын аудиторияға және жоғарғы оқу орындарының филология факультетінде білім алып жатқан жастар үшін таптырмас еңбек.

Рәбиға Сыздықтың көркем стильді талдау әдістерін мектеп бағдарламасына енгізу оқушылардың тіл мен әдебиетті түсіну деңгейін көтеруге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер қазақ тілінің байлығын тереңірек тануға және оны қолдану мәдениетін қалыптастыруға жол ашады. Сондықтан, осы әдістемені оқу үдерісіне енгізу мектеп оқушыларының білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

### **Әдебиет:**

1. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1984. – 248 бет.
2. Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XX ғғ.). Оқулық. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 209 бет.
3. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы / Құрастырған: С.А.Итеғұлова, А.Қ.Қожахмет. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы, 2016. – 150 бет.
4. Есенова Қ.О. Әдеби тіліміздің бес ғасырлық тарихын зерделеген ғалым //
4. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №5 (77). – Алматы. Қазақ университеті, 2004. – 210 бет.
5. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 бет.
6. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 616 бет.

**Ж.Балтабаева**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Қазақстан*

**А.Жалалова**

*Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Қазақстан*

## **ФИЛОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІ СӨЗ МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУ МӘСЕЛЕСІ (АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША)**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілтаным ғылымында аса ерекше аталатын көрнекті тұлғалардың бірегейі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Ш .Уәлиханов атындағы сыйлықтың, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың тіл мәдениетінің өзекті мәселелеріне арналған «Сөз құдіреті» және «Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы)» деген еңбектеріндегі тілдік нормалар, олардың түрлері, өлшем-шарттары және қазіргі жай-күйіне арналған тілдік норманы тану үшін қойылатын шарттар (меже) туралы тұжырым-түйіндері және ол шарттардың тәжірибедегі көрінісі жайындағы пікірлері талданады.

Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесі университет қабырғасында алған білім, білік пен дағды-машықтың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке қол жеткізу мақсатын көздеп отыр. Бұл мақсаттың түпкі шешімі студенттің игерген базалық білімін мазмұнды да дәлелді етіп, әсерлі сөз орамдарымен жеткізе білуіне келіп тіреледі. Сондықтан жоғары мектепте студенттің қазақ тілінің салалары бойынша меңгеретін білімдері ауызша да, жазбаша да әдемі сөйлеуге дағдыландыратын сөз мәдениетін жетілдіру жұмыстарымен ұштасқанда ғана нәтижелі болады.

Сондай-ақ мақалада ғалым пікірлерінің жоғары оқу орындарында «Стилистика және тіл мәдениеті», «Сөйлеу мәдениетінің негіздері», «Жазу сауаттылығы және сөйлеу техникасы» деген атаумен оқытылып жүрген электив пәндердің мазмұнымен тығыз ұштасып жатқандығы туралы айтылады. Ғалым еңбектерін сабақ үдерісінде интербелсенді әдістермен оқыту жолдары сөз болады.

**Тірек сөздер:** сөз мәдениеті, тілдік норма, тілдік норма шарттары, Блум таксономиясы.

**Abstract.** The article analyzes the works «The Power of Speech» and «Language Norm and Its Formation (Codification)» by Rabiga Satigalikovna Syzdyk, one of the outstanding

figures of Kazakh linguistics, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor, Honored Scientist of the Republic of Kazakhstan, laureate of the State Prize of the Republic of Kazakhstan and the Ch. Valikhanov Prize, Cavalier of the 1st degree Order «Barys», devoted to topical issues of language culture, considers conclusions about linguistic norms, their types, criteria, and conditions (milestone) presented for the recognition of the language norm for the current state, and also analyzes the manifestation of these conditions in practice.

In modern conditions, the higher education system aims to achieve personal, social, and professional qualifications based on the knowledge, skills, and abilities acquired at the university. The ultimate solution to this goal is to enable the student to convey the basic knowledge he has learned in a meaningful and well-reasoned manner, using impressive turns of phrase. Therefore, the knowledge that a student has in the field of the Kazakh language at a university is productive only in combination with work to improve the culture of speech, which instills the ability to speak beautifully both orally and in writing.

The article also notes that the scientist's opinions are closely intertwined with the content of elective disciplines taught at universities under the titles "Language Culture," and "Written Literacy and Speech Technique", examines ways of teaching the scientist's works using interactive methods during the lesson.

**Keywords:** language culture, language norm, conditions of language norm, Bloom's taxonomy.

**Аннотация.** В статье анализируются труды «Сила речи» и «Языковая норма и ее формирование (кодификация)» Рабигы Сатигалиевны Сыздык, один из выдающихся деятелей казахского языкознания, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор филологических наук, профессор, заслуженный деятель науки Республики Казахстан, лауреат Государственной премии Республики Казахстан и премии имени Ч.Валиханова, кавалер ордена 1 степени «Барыс», посвященные актуальным вопросам языковой культуры, рассматриваются выводы о лингвистических нормах, их виды, критерии и об условиях (веха), предъявляемых к признанию языковой нормы для современного состояния, а также анализируются о проявлении этих условий на практике.

В современных условиях система высшего образования направлена на достижение личностной, социальной и профессиональной квалификации на основе знаний, умений и навыков, приобретенных в университете. Конечное решение этой цели сводится к тому, чтобы студент смог донести базовые знания, которые он усвоил, содержательно и аргументированно, с помощью впечатляющих оборотов слов. Поэтому знания, которыми владеет студент в области казахского языка в вузе, продуктивны только в сочетании с работой по совершенствованию культуры речи, которая прививает умение красиво говорить как устно, так и письменно.

В статье также отмечается, что мнения ученого тесно переплетаются с содержанием



элективных дисциплин, преподаваемых в вузах под названиями «Стилистика и языковая культура», «Письменная грамотность и техника речи». Рассматриваются способы обучения трудов ученого интерактивными методами в процессе урока.

**Ключевые слова:** языковая культура, языковая норма, условия языковой нормы, таксономия Блума.

Жоғары оқу орнында білім алушылар болашақ кәсібін терең түсінетін, меңгерген білімін мазмұнды, дәлелді түрде, әдеби тілмен шебер жеткізе алатындай, тіл байлығы мол маман болып шығуы тиіс. Сондықтан жоғары оқу орнында оқытылатын пәндер арқылы студенттерді тіліміздің мүмкіндіктеріне қызықтыру және ойлана шебер сөйлеу үрдісіне дағдыландыру маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ қазақ тілі маманы терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан тұлға болуы қажет.

Қазақ тілінің салаларын оқыту барысында студенттің кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыруда олардың өз ойын ауызша да, жазбаша да дұрыс, жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту, сөз мәдениетінің негіздерін меңгерту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселелерін басты назарда ұстауды қажет етеді. Сөздердің грамматикалық сыр-сипатын, сөз тұлғаларының модельдерін дұрыс танып, сапалы түрде талдай алатын, яғни алған білімін баянды еткен студент тыңдаушыға өз ойын айқын, анық етіп жеткізе алады. Бұл студенттің қазақ тілінің күрделі грамматикалық құрылымын, тілдің стильдік қырларын, ауызекі және әдеби тілдің қалыптасқан үлгісі, халықтың бәріне түсінікті тілдік амалдардың жиынтығы болып табылатын – тілдік нормаларды сақтай білуді меңгеруі секілді жұмыстар негізінде жүзеге асады. Сондықтан студенттің сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қазақ тілінің салаларын оқытумен бірлікте бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраныммен сәйкестендірудің басты шарты ретінде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерделей білуіміз қажет. Жоғары оқу орнында оқитын студенттер арасында тілдік нормаға сәйкес сөйлей алмайтындары кездесетіндігі талай сынға ілігіп жүргені белгілі. Ш.Ш.Сарыбаевтың пікірінше, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасау құралы ретінде тілдің қоғамдық саяси, мәдени және күнделікті өмірде алатын орны ерекше екені баршаға аян. Бірақ кейде тілдің осындай зор мәнін біле тұра дұрыс сөйлеп, дұрыс жазу, тіл тазалығын сақтау, жалпы сөз мәдениетін қадағалап отыру жағы жетіспей жататындығы, мұндай қателіктердің болуына мамандардың өз тіліне, сөз саптауына мән бермеушілігі және сөйлеушінің тіл жұтандығы, сөздік қорының кедейлігі, тіл заңдылығын бұзып айтулары себеп болады [1, 87-б.].

Сондықтан жоғары мектепте студенттің қазақ тілінің салалары бойынша меңгеретін білімдері ауызша да, жазбаша да әдемі сөйлеуге дағдыландыратын сөйлеу мәдениетін жетілдіру жұмыстарымен ұштасқанда ғана нәтижелі болады. Осы ретте жоғары оқу орындарында «Стилистика және тіл мәдениеті», «Жазу сауаттылығы және сөйлеу тех-

никасы» деген атаумен оқытылып жүрген электив пәндердің мақсаты – студенттерді өз ойын ауызша да, жазбаша да дұрыс, жүйелі жеткізе білуге, тіліміздің мол байлығын, көркемдеуші мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алуға тәрбиелеу болып табылады. Бұл мақсатқа жетуде сөз мәдениетінің негіздеріне, яғни дұрыс сөйлеу, дұрыс жазу, ойды анық, айқын жеткізе білудің заңдылықтарын, нормаларын, олардың ерекшеліктерін, нормадан уәжді, уәжсіз ауытқулардың себептерін білімгерлерге түсіндіру қажет. Осы пәндерді оқытуда академик Р.Сыздықтың «Тілдік норма және оның қалыптануы (2001), «Сөздер сөйлейді»(2004), «Сөз құдіреті» (2005) еңбектерінің мәні үлкен.

Ең алдымен, білімгерлерді «сөз мәдениеті» деген пән атауына қатысты пікірлермен таныстыру керек. Ол үшін Р.Сәтіғалиқызының: ең алдымен, тіл білімінің осы саласын қазақша қалай атаған дұрыс: «тіл мәдениеті» ме, «сөз мәдениеті» ме, «сөйлеу мәдениеті» ме? Орыс тілінде көбінесе «культура речи» деген термин қолданылып жүр. Сонымен қатар оның синонимі ретінде «культура языка» деген тіркестің де біраз уақытқа дейін қолданылғандығы байқалады. Орыс лингвистикасында «язык» және «речь» деген терминдер – дербес атаулар: «язык» тілдің өзі (таңбалар жүйесі), «речь» – сол тілдің қолданыстағы күйі. Ал қазақ тіл білімінде «язык» пен «речь»-ті айырып атайтын терминдер әлі қалыптаспай келеді. «Язык» дегенді «тіл» делік, ал «речь»-ті қалай атауымыз керек. Оны «тіл, сөз, сөйлеу, тіл қолданыс, қолданыс» деп әрқайсысымыз әртүрлі беріп жүрміз. Сірә жалпы пәндік термин ретінде «сөз мәдениеті» дегенді таңдаған дұрыс болар, – деген[2, 20-б.] тұжырымына назар аудартылады. Осы ретте осы мәселеге қатысты басқа да ғалымдардың пікірлерінен мәлімет берген жөн. Мәселен, Т.Қордабаев: «Біздің «тіл мәдениеті» термині дегеніміз де мазмұнына сай емес, өйткені өмірде мәдениетті тіл, мәдениетсіз тіл деген болмайды, мәдениеттілік те, мәдениетсіздік те тілді қолдануда, сөйлеу (жазу) процесінде болады. Тіл мен сөйлеу бір-бірімен айырылмастық болатындарына қарамастан, бұл екеуінің бірлігі тепе-теңдік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар диалектикалық бірлік... Осы себептен «тіл мәдениеті» деуден гөрі «сөйлеу мәдениеті» деу өз мазмұнына сай келеді[3, 41-б.], – деп көрсетсе, З.Бейсембайқызы сөйлеу мәдениеті деген термин ғылымның мазмұнын толық ашпайтындығын, өйткені онда тек сөйлеу ғана емес, жазу, сөз қолдану мәселелері де қарастырылатындығын ескерткен[4, 18-б.].

Қазақ сөз мәдениетін қарастырған ғалым Н.Уәлиев ғылымның бұл саласын «сөз мәдениеті» деп атауды жақтайды да, оған мынадай анықтама береді: «сөз мәдениеті, алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді[5, 5-б.].

Сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде іргелес, салалас пәндерден өзінің төл ерекшелігі бар. Сөз мәдениеті, біріншіден, әдеби тілдің нормаларын саралайды, екіншіден, әдеби

тіл нормасын мәдени-танымдық жақтан байыптайды, үшіншіден, әдеби тілдің әуезділігі, сымбаты, өткірлігі, бейнелілігі, байлығы, икемділігі тәрізді сапа-қасиеттерін дамытудың негіздерін айқындайды[4, 36-б.]. Олай болса, сөз мәдениетін оқытуда тілдік нормаларға баса назар аударылуы қажет. Осы ретте, Рәбиға Сәтіғалиқызының тіл мәдениетін әңгімелеуде (талдауда, зерттеуде) «мынау дұрыс, мынау бұрыс» деп қою мүлде жеткіліксіз, сол дұрыстық пен бұрыстықтың негізін табу керек дей келіп, тіл мәдениетінің өзегі норма туралы ұғым деген тұжырымдамасы басшылыққа алынуы керек.

Ғалым 1997 жылы жарыққа шыққан «Сөз құдіреті» деген еңбегінде норма категориясын жалпы тілдік норма және көркем әдеби тіл норма деп екіге бөліп, жалпы тілдік нормаға «белгілі бір кезең ішінде көпшілік қабылдаған, тұрақталған қолданыстар, яғни сөздердің мағынасы, олардың фонетикалық-графикалық көрінісі(тұлғасы), сөз жасау және сөз өзгерту модельдері, синтаксистік амалдары»[2, 189-б.], – деген анықтама бере келіп, норма, яғни дәл солай қолданыс (сол мағынада, сол тұлғада, солайша құбылтуда т.т.) бір уақытта пайда болып, ешбір өзгермей, қатып қалатын категория емес екендігін де ескерте келіп, әрі-беріден соң сол қолданыс дәл сол кезеңде дұрыс деп көпшілік қабылдаған норма болғанмен, тіл тіршілігінде (тәжірибеде) өзгеріп, «үлгілілік» сипатынан айырылып отыруы мүмкін немесе «норма осы» деп көрсетілгеніне қарамастан, оған бағынбаған кейбір элементтер күнделікті қолданыста көпшілік тарапынан баспасөзде, радио мен теледидарда, ғылыми әдебиет пен шаршы топ алдындағы шешендік сөздерде қолдау тауып, кеңінен жұмсала бастайды да, жанаша нормаға айналады деп тұжырымдаған [2, 189-б.].

Ғалым зерттеуіндегі тағы бір көңіл бөлетін мәселе – қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілері. Ол белгілерді атамас бұрын ғалым алдымен орыс тіл біліміндегі (Л.И.Скворцов «Теоретические основы культуры речи» (1980) пікірлерге тоқталады да, содан соң қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілерін саралап берген [2, 192-б.]. Бұл салыстыруды мынадай кесте түрінде көрсетуге болады:

<b>Орыс тіл біліміндегі ұлттық белгілер</b>	<b>Қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілері</b>
орыс тілінің ұлылығы, яғни бұл тілде үлкен әдебиет жасалғандығы;	басын аса бай ауыз әдебиеті тілі мен ауызша туып, ауызша тараған поэзия мен прозалық үлгілер тілінен алған ұзақ дәстүрлі (тарихы үлкен) тіл екендігі
қуаттылығы, яғни адам ойын жеткізуге қажет мүмкіндіктерінің бай екендігі;	аса бейнелі тіл екендігі, яғни бейнелі (образды) фразеологизмдердің молдығы, тенеулердің активтігі т.б.

шыншылдығы, яғни таптаурын үлгілерінің жоқтығы;	лексикасы бай тіл екендігі, яғни синонимдердің көптігі, халықтық терминологияның, жарыспалы қатарлардың молдығы;
еркіндігі, яғни синонимдердің молдығы, семантикалық құрылымының сыйымдылығы;	лексикалық, грамматикалық мүмкіндігі күшті тіл екендігі, яғни сөз жасау тәсілдерінің икемділігі, өзге тілдерден сөз қабылдау қабілетінің күштілігі, семантикалық құбылымға бейімділігі;
сөзжасау тәсілдерінің икемділігі, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіндегі біршама еркінділік.	қазақ халқы мекендеген барлық аймаққа ортақтық қасиетінің күштілігі, яғни диалектілік ерекшеліктердің аз көрінуі.

Осы белгілерді атай келіп, Р.Сыздық қазақ көркем сөзінің ұлттық сипаты және оның нормалары осындай ұлттық сипатына орайласа, үндесе қалыптасқан деген тұжырым жасаған. Ғалым атап отырған әдеби тілдің ұлттық белгілерін жоғары оқу орындарында оқитын филолог-студенттердің ажырата білулері және сол игерген білімдерін болашақ кәсіби әрекетінде пайдалана білулері қажет. Ол үшін сабақ үдерісінде тақырыпқа сай әдістерді түрлендіріп, білім алушыларды қызықтыратындай етіп ұйымдастыру керек. Өйткені сөз мәдениетін меңгертуде орындалатын тапсырмаларды түрлендіре отырып, студенттерді ынталандыратындай топтық әрекеттер мен тәсілдерді қолдану сабақтың нәтижелі болуына ықпалы үлкен. Осы ретте бір-екі мысал келтіре кетелік. Р.Сыздықтың тілдік норма деп танылу үшін қойылатын өлшем-шарттар яғни межелерді көрсеткен талдауын меңгертуде Блум таксономиясын қолдану тиімді. Америкалық психолог Бенджамин Блум ұсынған оқыту категорияларының таксономиясы мен оқу мақсаттарының классификациясы осы уақытқа дейін кеңінен қолданылып жүргені белгілі. Блум таксономиясы бойынша оқу үдерісі білім деңгейінде басталып, студенттерге:

- әдеби тіл болу үшін оның жалпыға ортақ тілдік нормалары болуы міндетті ме?
- тілдік норма дегенді қалай түсінесіз?
- тілдік норма болу үшін қандай шарттар қойылуы керек?
- тілдік норманың қандай түрлері бар? секілді сұрақтар беріліп, білімгерлер өздерінің түсінгендері бойынша жауап береді.

Түсіну кезеңінде студенттер жаңа ақпаратты меңгеруге, оның бұрын айтылған ақпаратпен байланысын қайталауға назар аударылады.

Қолдану кезеңінде ғалым талдап көрсеткен тілдік норманың шарттарының әрқайсысына өздеріне мысалдар келтіртіп, дәлелдетуге болады.

Жинақтау кезінде топтарға бейнорма құбылыстардың дағдыға айналып кететін фактілері бар екендігін мысалдар арқылы талдатқан ұтымды.

Бағалау кезеңінде топ мүшелері тілдік норма және оның шарттары, түрлері жайындағы бір-бірлерінің жұмыстарын бағалап, ойларын тұжырымдап айтқызуға болады. Сабак үдерісін Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру студенттердің дайын ақпаратты сол қалпында қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына, салыстыруына, өзіндік тұжырым жасауына және бағалай білуіне жол ашады.

Сол сияқты тілдік норма мәселесін түсіндіруде «ПОПС формуласы» әдісімен ғалым еңбегіндегі «Әдеби норманы анықтауда әлеуметтік талғам, яғни қоғамның сол қолданысты дұрыс деп санауы негізгі рөл атқарады», – деген пікірін талдатуға болады:

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ....»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын....»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

Сонымен Рәбиға Сәтіғалиқызының қазақтың ұлттық әдеби тілінің дұрыс, жүйелі, тіл заңдылықтарына сай ауызша да, жазбаша да көркем, мәдениетті жеткізілуіне аса мән беріп, ұзақ жылдар ана тіліміздің көркемдік-әсемдік қасиетін дамыту, тілді дұрыс және әдемі жұмсаудың қыры-сырын жан-жақты зерделеп, қарастырған еңбектері жастардың, әсіресе филолог мамандығында оқитын студенттер үшін қолдан түспес ғылыми еңбектер деп есептейміз.

Қорыта келгенде, ана тілінің қадір-қасиетін, мол мұра екендігін түсініп, сол мұраны орынды, жүйелі қолдана білу – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі, нақтырақ айтқанда, сөйлеу мәдениетінің өлшемі. Олай болса, «адам-мәдениет-тіл» жүйесінің өлшемі болатын тілдік нормалардың ерекшеліктерін, нормалану процесін, ол нормалардың қалыптастырылуы (кодификациясы), нормадан уәжді және уәжсіз ауытқуларды, жаңа сөздер мен қолданыстар, олардың нормалану процесі, терминология мәселелері және норма, сирек қолданылатын лексикалық топтардың, қарапайым сөздер, жаргондар, диалектизмдер және әдеби норма мәселелері жайындағы ғалым Р.Сыздық тұжырымдары мәдениетті сөйлеймін деген әр адамға қойылар талап деп түсінуіміз қажет. Өйткені, Н.Уәли айтқандай, Отанымыздың жан-жақты жетілген азаматы болу үшін сөз мәдениетінің жұрттың бәріне ортақ қарапайым шарттарын игеру кімге де болса аса қажет. Өндірістің қай саласында жүрмесін, өз ой-пікірін, сезімін айқын, әсерлі жеткізе алатын азамат қоғамдық өмірге де белсене араласа алады.

### Әдебиет:

1. Сарыбаев Ш. Жастардың сөздік қорын байытудың кейбір мәселелері // «10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития» атты халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2001. – 87-89-б.
2. *Сыздық Р.* Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
3. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму кезеңдері. – Алматы.
4. Бейсенбайқызы З. Сөз мәдениетінің негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2007. – 158 б.
5. *Уәлиев Н.* Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984. – 107 б.
6. *Сыздық Р.* Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.

### Б.Мұратбек

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОСТИЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада лингвостилистика саласының қалыптасу жайы қарастырылған. Аталмыш мақалада лингвостилистика саласының қалыптасуы және бұл бағыттағы Р. Сыздық зерттеулерінің маңыздылығы, жаңашылдығы сынды мәселелер талданған. Зерттеудің өзектілігі бүгінгі лингвостилистика саласының даму тенденциясына Р.Сыздықтың қосқан үлесін айқындау. Зерттеу өзектілігіне сәйкес мақаланың мақсаты Р.Сыздық зерттеулерінің лингвостилистика саласын қалыптастырудағы маңыздылығын айқындау.

Лингвостилистика саласының өзіндік ерекшеліктері ретінде эмоционалды-экспрессивті мәнді сөздер, баяндау типі талданды. И.В.Арнольд пікірлері негізге алынып, Абай мұраларының лингвостилистикалық аспектіде зерттеудің маңыздылығы айқындалды. Осылайша автор тарапынан Р. Сыздық, И.В. Арнольд зерттеулері негізге ала отырып, бүгінгі лингвостилистика саласының негізгі ұстанымдары мен әдіснамасы ұсынылды.

Абай мұралары бүгінгі күнге дейін жан-жақты зерттелуде. Соған қарамастан стилистикалық талдау тенденциялары негізінде зерделеу басты назарда. Р. Сыздық Абай шығармаларын лингвостилистикалық талдау арқылы ақын өлеңдеріне тән ерекшеліктерді айқындады. Зерттеушінің ұсынған терминдері, әдіснамалары негізге алынып, И.В.Арнольд пікірлерімен салыстырылды. Нәтижесінде қазақ әдеби тілінің даму тарихындағы Абайдың стильдік ерекшелігі талданды. Филология ғылымда-

рының өзекті мәселесі саналатын лингвостилистика саласына тән ұстанымдар мен қағидалар дәлелденді. Жүргізілген лингвостилистикалық зерттеулердің нәтижесінде «автор стилистикасы», «қабылдау стилистикасы» терминдері анықталып, Р.Сыздық ғылыми мұраларының бүгінгі күні де маңызды екені айқындалды.

**Тірек сөздер:** лингвостилистика, қазақ әдеби тілі, әдеби нормалар, шығарма генезисі, көркем әдебиет.

**Abstract.** The article examines the formation of the field of linguistics. This article analyzes such issues as the formation of the field of linguistics and the significance and novelty of R. Syzdyk's research in this direction. The relevance of the research lies in determining the contribution of R. Syzdyk to the development trends of the modern field of linguistics. In accordance with the relevance of the research, the purpose of the article is to determine the significance of R. Syzdyk's research in the formation of the field of linguistics.

Emotionally and expressively significant words, the type of narration, as specific features of the field of linguistics are analyzed. Based on the opinions of I.V. Arnold, the importance of studying the heritage of Abai in the linguistic and stylistic aspect was determined. Thus, the author put forward the main provisions and methodology of the modern field of linguistics based on the research of R. Syzdyk, I.V. Arnold.

Abai's legacy is still being studied comprehensively. Nevertheless, the main attention is paid to the study based on the trends of stylistic analysis. R. Syzdyk, through a linguistic and stylistic analysis of Abai's works, highlighted the features characteristic of the poet's poems. The terms and methodologies proposed by the researcher were taken as a basis and compared with the opinions of I.V. Arnold. As a result, the stylistic specificity of Abai in the history of the development of the Kazakh literary language is analyzed. The principles and principles inherent in the field of linguistics, which is an urgent problem of philological sciences, are proved. As a result of the linguistic and stylistic research, the terms «author's style» and «perception style» were defined, and it was determined that the scientific heritage of R.Syzdyk is still relevant today.

**Keywords:** *linguistic stylistics, Kazakh literary language, literary norms, Genesis of works, fiction.*

**Аннотация.** В статье рассматривается становление области лингвостилистики. В данной статье проанализированы такие вопросы, как становление области лингвистики и значимость, новизна исследований Р. Сыздыка в данном направлении. Актуальность исследования заключается в определении вклада Р. Сыздыка в тенденции развития современной области лингвостилистики. В соответствии с актуальностью исследования целью статьи является определение значимости исследований Р. Сыздыка в формировании области лингвостилистики.

Проанализированы эмоционально-выразительно значимые слова, тип повествования, как специфические особенности области лингвостилистики. На основе

мнений И.В. Арнольда была определена важность изучения наследия Абая в лингвостилистическом аспекте. Таким образом, со стороны автора были выдвинуты основные положения и методология современной области лингвостилистики на основе исследования Р. Сыздыка, И.В.Арнольда.

Наследие Абая до сих пор изучается всесторонне. Тем не менее, основное внимание уделяется изучению на основе тенденций стилистического анализа. Р. Сыздык через лингвостилистический анализ произведений Абая выделил особенности, характерные для стихов поэта. Предложенные исследователем термины, методологии были взяты за основу и сопоставлены с мнениями И.В. Арнольда. В результате проанализирована стилистическая специфика Абая в истории развития казахского литературного языка. Доказаны принципы и принципы, присущие области лингвостилистики, являющейся актуальной проблемой филологических наук. В результате проведенных лингвостилистических исследований были определены термины «стилистика автора», «стилистика восприятия», определено, что научное наследие Р. Сыздыка актуально и сегодня.

**Ключевые слова:** лингвостилистика, казахский литературный язык, литературные нормы, Генезис произведений, художественная литература.

Қазақ тіл білімінде лингвостилистикалық бағыттың дамуына үлес қосқан зерттеуші Р. Сыздықтың ғылыми мұраларын зерттеу, зерделеу өзекті. Бұған себеп ғалымның лингвостилистика бағытында жазылған зерттеулерінде Абай мұраларының «ақынның өз тілінде» зерттеуі себеп болып отыр.

Абайдың қазақ тілін, қазақ әдебиетін дамытуға қосқан үлесі жайында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов сынды зерттеушілер тұшымды пікір білдірді. Зерттеушілер Абай мұрасының жаңашылдығына, ерекшеліктеріне тоқталса да, стилистика мәселесі басты назарға алынбады. Аталған тақырыпқа Қ.Жұмалиев жақындап енгенімен, толықтай қарастырған зерттеуші Р. Сыздык еді. Р. Сыздык зерттеулеріне тоқталмас бұрын лингвостилистика жайын қарастырып өтсек.

Тіл білімінде күрделі жүйе саналатын стилистика саласы әдеби норманың сақталуын қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда халық тілінің ауызша, жазбаша формаларындағы ерекшеліктерді, тілдік құралдарды стилистика саласы зерттейді. Алғашында стилистика шешендік өнер ретінде қарастырылған. Уақыт өте келе, әдеби нормалардың сақталуында шешуші рөл атқарды.

Француз ғалымы Ш. Балли енгізген «лингвостилистика» ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысында кең қолданысқа ие болды. Зерттеуші аталған ұғымды тіл бірліктерінің эмоционалдық қызметін айқындау, ассоциациялар қатарын анықтау, бағалау мағыналарында қолданады.



Б. Шалабай зерттеуінде стилистиканың негізгі үш саласы барын айтады. Олар: тіл стилистикасы, сөз стилистикасы, көркем әдебиет стилистикасы [1, 13]. Көркем әдебиет стилистикасын зерттеу бойынша И.В. Арнольд мынадай пікірін ұсынады. Зерттеушінің пікірінше көркем мәтін стилистикасын зерттеу мына позицияда қарастырылады:

1. «Автор стилистикасы» тарапынан;
2. «Қабылдау стилистикасы» тарапынан.

Мұндағы берілген екі түрлі позицияны тереңінен анықтайтын болсақ, «автор стилистикасы» автор өмір сүрген тарихи, саяси оқиғалар жайын, философиялық, эстетикалық көзқарастарын баяндайды. Екінші позицияда мәтіннің өзі талданып, оның оқырманға эмоциялық әсерін, лингвистикалық бағытталуы анықталады. Берілген екі түрлі позиция бір-бірін лингвостилистикалық тұрғыда толықтырып, автор тарапынан аңғарылатын стильдік ерекшеліктерді көрсетеді. Лингвостилистика аясында көркем шығармада мынадай фактілер анықталады: қаламгердің шығармашылық биографиясы, шығарма генезисі, замана бейнесі және әдебиет тарихы [2, 28].

Зерттеуші Р. Сыздық Абай стилі жайлы зерттеуінде «мәнер» деген ұғымды қолдану арқылы лингвостилистикалық негізде екі түрлі позицияны анықтағанын көреміз. Автор стилистикасы позициясы тарапынан Абай өлеңдеріндегі лексикалық, грамматикалық, синтаксистік ерекшеліктерді айқындау болса; «Қабылдау стилистикасы» позициясынан Абай шығармасындағы ұлттық әдеби тілдің қалыптасу жайы, поэтикалық образ тақырыбы да қарастырылған. Академик Р. Сыздық Абай жайлы лингвостилистикалық зерттеуінде екі түрлі мәселеге баса назар аударғанын көреміз: біріншіден, ақынның тілінің шеберлігін зерттеу; екіншіден, ақын өлеңдерінің тілін тану. Зерттеуші Н. Қошанова Р. Сыздықтың поэзия синтаксисінің дамуына қосқан үлесін саралай келе, Абайдың сөз саптау ерекшелігіне, шығармаларындағы символдар, фразеологизмдер, дыбыстар үйлесімдігіне назар аударғанын айтады [3, 11]. Абай өз заманында тұрақты қалыптасқан сөз тіркестерін қолдана салғаннан гөрі соны тіркестерді пайдаланып, поэтикалық тілдің дамуына әсер етті. Ақынның алғашқы өлеңдерінде шағатай сарыны сезілгенімен, кейіннен таза қазақ тілінде жазды. Лингвостилистикалық тұрғыдан тілдің қуатын арттыру үшін жаңа сөздерді, көне сөздерді, жергілікті өңірге тән сөздерді орнымен қолданды.

Зерттеуші Р. Сыздық ақын өлеңдерін лингвостилистикалық талдау барысында әр сөзінің поэтикалық қуатын көрсетіп, мынадай қызметтерін айқындайды: экспрессиялық, эмоциялық, бағалауыштық. Көркем әдебиетте сөз құдіретін нақтылы дәлелдермен көрсету лингвостилистика аясында жүзеге асты.

Зерттеуші Р. Сыздық ең алдымен Абайдың өмір сүрген ортасын, шығармашылық өмірбаянын айқындап алады. Ақын өмір сүрген ХІХ ғасырдағы орын алған қоғамдық-саяси оқиғалардың көптігін, олардың барлығы сол кезеңде өмір сүрген халықтың

элеуметтік-мәдени өміріне әсер еткенін айтады. Мәселен, ақынның «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» өлеңі арқылы сол кезеңдердегі бастау алған «оқу» мәселесінің өзектілігі көрінеді. Орыс-қазақ мектептерінен білім алған санаулы жастар кейінгі қазақ интеллигенциясын құрады. Сол кезеңде орын алған маңызды оқиғалардың бірі – кітап басу ісі. Қазақ халқының фольклорлық мұралары, кейбір ақын-жыршылардың еңбектері кітап болып басылды. Жалпы алғанда зерттеуші Р. Сыздық Абай өмір сүрген қоғамның элеуметтік-мәдени ахуалын анықтауды басты назарға алуы тіл мен қоғамдық өзгерістердің тұтастығында жатыр. Бұған себеп XIX ғасырдың екінші жартысындағы идеологиялық күрес себеп болды. Зерттеушінің айқындауынша XIX ғасырдың II жартысында қазақ әдеби тілінің тағдыры таңдау үстінде болған [4, 54]. Қазақтың әдеби тілі кітаби тіл нормаларын немесе халықтық тіл нормаларын қабылдау мәселесі алдыға шықты. Аталған негізде Абай шығармаларының тілін зерттеу идеологиялық, тіптен ұлттық деңгейде маңызы жоғары екенін түсінеміз.

Абай өлеңдерінде тілдің қоғамдық қызметі алдыға шығады. Зерттеуші Р. Сыздық «Абай дәуірі» деп ерекшеленуі де қазақ қоғамының сол кезеңдегі экономикалық, қоғамдық қатынастардың қалыптасуымен байланысты. Азаматтық ұстанымдардың берік қалануы оқу-біліммен, өнермен байланысты танылды. Сонымен қатар, ақын өлеңдерінде қолданылатын орыс тілінен енген сөздер азаматтық ұстанымның айқын көрінісі саналады. Мәселен «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы», «Сәулең болса көңілде» деген өлеңдерінде қолданылған.

Единица – жақсысы,  
Ерген елі бейне нөл.  
Единица нөлсіз-ақ,  
Өз басындық болар сол,  
Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл? [5, 20] – деген жолдарда жалғыз, дара тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін «единица» сөзі арқылы бейнелеген. Мұндағы эмоциялық, экспрессиялық мән «ақ» шылауы арқылы жүзеге асқан. Осы орайда Р. Сыздықтың Абай шығармашылығын «ақынның өзі өмір сүрген» қоғаммен байланыста зерттеуінің мәні қазақ әдеби тілінің даму тенденциясын көрсету ғана емес, көркем әдебиет бағытында дамыған әдеби тілінің құдіретін паш ету. Өйткені Абай қазақ әдеби тілінің тұрақтануына, жаңа деңгейде дамуына өзіндік үлесін қосты.

Қоғамдағы, мәдениеттегі өзгерістер, өндірістік, техникалық жетістіктер сөздік құрамға әсер етпей қоймайды. Зерттеуші Абай тіліндегі сөздік құрамның активті, пассивті қатарларын зерттеп-зерделей келе мынадай пікірлерін ұсынады:

- Халықтың мәдени өмірінде маңызға ие түркі, шығыс сөздерін поэтикалық әсерін молайта отырып, қолдану. Осылайша көнерген сөздер мағыналары тарылу, полисемия сынды құбылыстарға алып келді;

- Русизмдерді қолдану барысында бірнеше мақсатты көздеген. Қазақ қоғамындағы саяси өзгерістерді сипаттау, қазақ қоғамына түсініксіз құбылыстарды таныту, орыс сөздерімен образ жасау, мысқылдау сынды стильдік мақсаттар үшін қолданылған.

Мәселен Абайдың «Патша Құдай сиындым» деп басталатын өлеңінде русизм қолданыс тапқан:

Самородный сары алтын,  
Саудасыз берсең алмайды  
Саудыраған жезіне.  
Саудырсыз сары қамқаны

Садаға кеткір сұрайды [5, 43], – дегенде «самородный» сын есімі таза, қоспасыз мағынасын береді. Бұндағы «самородный» сөзінің қолданылуы таза стильдік мақсатта жүзеге асқан. Мысқылдау негізінде таза, қоспасыз алтынның қадірі қашқан әлеуметтік-саяси жағдайлардың көбейгенін мысқылмен жеткізеді.

Зерттеуші ақынның лексикалық сөз топтарын төрт топқа ажыратады [4, 121]:

- Әлеуметтік құрылыс, әкімшілік жүйе;
- Сот-заң істері;
- Сауда-саттық;
- Оқу-ағарту, білім мен ғылымға қатысты сөздер.

Төрт түрлі тақырыптағы сөздер тобы «Абай дәуірінде» орын алған қоғамдық-саяси өзгерістердің нәтижесі екенін көреміз. Қоғамдық өзгерістердің аясында қалыптасқан «сөйлеу тәжірибесі» сөздердің терминделуі, активті, пассивті қатарларымен анықталады. Зерттеуші Р. Сыздық «сөйлеу тәжірибесі» ұғымын енгізу арқылы Абай шығармаларындағы стильдік қуатты айқындап көрсетеді. Ақын тіліндегі түрлі тақырыптардағы сөздер тобын ажырату арқылы оқырманға әсер етуін, эмоциялық, экспрессивтік бейнелеуін жеткізеді.

Лингвостилистикаға қатысты И.В. Арнольд ұсынған екінші позиция – «қабылдау стилистикасы». Зерттеуімізде «қабылдау стилистикасының» негізі Р. Сыздық ұсынған «сөйлеу тәжірибесімен» тығыз байланысты екенін анықтаймыз. Осылайша Р. Сыздық ұсынған «сөйлеу тәжірибесі» көркем әдебиеттегі сөздердің эмоциялық, экспрессивтік әсерімен байланысты анықталатынын көреміз.

Тіл білімінде сөздердің эмоциялық, экспрессивтік мәні болатыны көптеген зерттеулерде кездеседі. «Қазақ стилистикасы» еңбегінде эмоционалды сөздер мен экспрессивті сөздердің лексикалық мағынасы өзіндік реңке ие болатыны, көбіне бұндай сөздер қатарында етістіктер мен фразеологизмдер танылатыны айтылады. І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев бастаған зерттеушілер эмоционалды-экспрессивті сөздердің адамның затқа, құбылысқа берген бағасы деп анықтай келе «эмоциялық мәні бар сөздер» деген пікірге тоқталады. М. Қараев эмоциялық мәні бар сөздерді төрт топқа ажыратады: 1. Лексикалық мағынасы эмоциялық мәнді білдіретін сөздер; 2.

Қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасқан сөздер; 3. Заттың немесе құбылыстың бағасын кішірейту немесе үлкейту, еркелету немесе зей сөздер; 4. Шылаулар мен жұрнақтардың тіркесуі арқылы жасалатын сөздер [6, 18]. Осы негізде зерттеуші Р. Сыздық қоғамдық, әлеуметтік мәнді білдіретін әлеуметтік құрылыс, әкімшілік жүйе жайлы сөздердің эмоциялық, экспрессивтік мәні бар екенін айтады [4, 141]. Мәселен *құл, төре, бай, кедей, жарлы, шаруа, жұрт, тілмаш, адвокат, военный қызмет, судья, оязной* деген сөздер қатары оқырманның эмоциялық, экспрессивтік қуатын арттыра түседі.

Военный қызмет іздеме,

Оқалы киім киюге.

Бос мақтанға салынып,

Бекер көкірек керуге [5, 36], – дегенде қоғамдық қатынастардың күрделеніп, халық арасында саяси өзгерістердің әсерінің қандай деңгейде екені аңғарылады. Р. Сыздық зерттеулерінде назар аударатын лингвостилистикалық мәселенің бірі – баяндау типі. Эпикалық шығармаларда баяндау, сипаттау көбіне ашық райлы етістік қолданылуымен жүзеге асады. Толғау сарындағы шығармаларда ашық райлы етістіктер қолданылмайды. Махамбет өлеңдерін мысалға келтіре отырып, сол оқиғалардың дем берушісі, бастаушысы өзі болуына байланысты екені анықталған. Абай өлеңдеріндегі эпикалық шығармаларға тән сипаттау, толғау түріндегі баяндау типі араласа ұшырасады. Ендігі бір жағынан бұндай лингвостилистикалық ерекшелік өз кезегінде «қабылдау стилистикасының» оқырманға әсер етуін күшейте түседі. Абай өлеңдеріндегі поэтикалық қуаттың сөйлеу тәжірибесінің молдығын айқын көрсетеді. Ақынның оқырманға әсер етуін, сөздік құрамның поэтикалық қуатын айқындау бағысында лингвостилистикалық талдаудың айқын әдістемесі барын көреміз.

Зерттеуші Р. Сыздық Абайдың шеберлігін, ақындығын стилистикалық деңгейде дәлелдейді. Өлеңдердегі шығармашылық қуат сөздердің эмоционалды-экспрессивті мәні бар сөздер негізінде танылады. Осы негізде зерттеушінің Абай шығармалары жайлы лингвостилистикалық талдаулары негізінде мынадай тұжырымдар қалыптасты:

- Академик Р. Сыздық Абай өлеңдерін әдеби талдаудан бөлек, стильдік талдау арқылы ақынның «сөйлеу тәжірибесінде» қалыптасқан сөздік құрамды анықтады;

- Абай өлеңдерінің поэтикалық қуатын айқындауда оқырманға әсер ету, лексикалық құрамның эмоционалды, экспрессивті мәніне назар аударады;

- Сөздер құрамының активті, пассивті қатарын анықтап, лексикалық сөз топтарын ажыратады;

- Өлеңдердегі баяндау типіне байланысты қалыптасқан суреттеу, толғау типтеріне ажыратып, олардағы грамматикалық ерекшеліктер анықталады.

Қорытындылайтын болсақ, зерттеуші, академик Р. Сыздық Абай өлеңдерін линг-

востилистикалық аспектіде зерттеу арқылы ақынның поэтикалық суреткерлігін айқындай түсті. Бүгінгі таңда зерттеушілердің назарын аудартып жүрген И.В. Арнольд пікірінің көркем стилистикада өзекті екені Р. Сыздық зерттеулерінде практикалық негізде анықталды. Осылайша Р. Сыздық Абай өлеңдерін лингвостилистикалық талдау арқылы ақын өмір сүрген қоғам, өлең генезисі «авторлық стилистика» ұғымы мен өлеңдеріндегі оқырманға әсер ету стильдік мақсаты «қабылдау стилистикасы» негізінде жүзеге асқанын көреміз.

#### **Әдебиет:**

1. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы: Оқу құралы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақстан білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 197 бет
2. Арнольд И. Стилистика. Современный английский язык: Учебник. – М.: Вензи, 2002. – 384 с.
3. Қошанова Н. «Академик Р. Сыздық және қазақ тілінің поэзия синтаксисі». *Türkoloji*, 97, 2019. 9-20 беттер
4. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: «Арыс», 2004. – 616 бет.
5. Абай. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 бет
6. Иманалиева Ғ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар / жалпы ред. басқ. Р. Өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.

#### **Ж.Бектурганова**

*Нархоз Университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

#### **Қ.Сейталиева**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аға оқытушы  
Қазақстан*

### **СТИЛИСТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілін оқыту, соның ішінде қазақ тілі стилистикасын басты ракурсқа ала оқыту, оның мақсаты мен міндеттері, мазмұны туралы сөз болады. Осы ретте білім мазмұнын ұйымдастыруда басшылыққа алынатын басты лингвистикалық ғылыми тұжырымдар айқындалып, соның ішінде академик Р.Сыздықтың

ғылыми көзқарастарының лингводидактикалық мәні мен рөлі ашылады. Білім мазмұнын құрайтын қазақ тілі стилистикасының төрт саласы және оның сипаты ашылады. Әр саланың тілтанудағы танымдық, дидактикалық әлеуеті тілдің ішкі, стилистикалық жүйесімен сабақтастықта түсіндіріледі.

**Тірек сөздер:** стилистиканы оқыту, тілдік тұлға-бірліктер, функционалды стильдер, мәтін, стиль, көркем әдебиет стилі.

**Abstract.** The article deals with the issue of Kazakh language teaching, including language teaching from a stylistic perspective, its goals, objectives and content. In this regard, the main scientific linguistic conclusions are defined, which are fundamental in organizing the content of linguistic knowledge. The linguodidactic role and significance of scientific views of academician R. Syzdyk are considered. The nature and content of the four branches of stylistics of the Kazakh language are revealed. And also the cognitive and didactic potential of each field in continuous connection with the internal, stylistic system of the language is considered.

**Keywords:** Teaching stylistics, language units, functional styles, text, style, artistic style.

**Аннотация.** В статье рассматривается вопрос обучения казахскому языку, в том числе обучение языку со стилистического ракурса, его целях, задачах и содержании. В этой связи определяются главные научные лингвистические выводы, которые являются основополагающими при организации содержания лингвистических знаний. Рассматривается лингводидактическая роль и значение научных взглядов академика Р.Сыздык. Раскрываются характер и содержание четырех отраслей стилистики казахского языка. А также рассматривается познавательный и дидактический потенциал каждой области в непрерывной связи с внутренней, стилистической системой языка.

Ключевые слова: обучение стилистике, языковые единицы, функциональные стили, текст, стиль, художественный стиль.

Қазақ тілін және стилистикасын оқытуда ғалым Р.Сыздықтың зерттеулері мен тұжырымдары фундаменталды мәнге ие.

Ғалым стилистиканың тілдің шеберлік туралы ғылым саласы екендігіне ерекше мән береді. Тілді білу ондағы барлық ережелерді меңгеруден ғана тұрмайды. Өзінің ана тілін меңгеріп отырған оқушы үшін бұл аздық ететіні белгілі. «...Шығармада ненің суреттелгені ғана емес, қалай суреттелгенінің мәні зор. Сол «қалай»-ды көрсету – стилистиканың міндеті. Қайталап айтсақ, стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейді. Демек, лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингводидактикалық міндеті стильдік әсердің өзі емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерт-

теу болып табылады» [1, 1356.]. Ғалымның бұл айтқан пікірі стилистиканы мектепте оқытудың да мақсат-міндеттерін айқындап береді. Берілген анықтамаға сүйенетін болсақ, стилистиканы меңгеру сөз жұмсау өнеріне, шеберлікке әкеледі. Ал сөз өнері, сөз жұмсау өнері дегеніміз А. Байтұрсынұлының сөзіне сүйенетін болсақ, «бір нәрсе турасында пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады... Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керек... Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады» [2, 1476.]. Ж. Аймауытұлы «Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсапасын да» меңгеретіндігін де ерекше атап өтеді [3, 1326.]. Оқушы үшін ана тілінің осы қырын әрі ғылым, әрі өнер ретінде тану, зерттеу, сол өнерді теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеру әлдеқайда қызықтырақ және мазмұндырақ болатыны анық. Қазақ тілін оқытуда оның стилистикалық аспектісін басшылыққа алып оқытудың маңыздылығы да осыдан көрінеді. Стилистиканы жоғарыда атап өткен мақсат-міндеттерге сай оқыту қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуды жаңа деңгейге, жоғары сапаға көтереді. Сондай-ақ, тіл, ой бостандығына, еркіндігіне тәрбиелеуде, оны құндылыққа айналдыруда халық тілінің қоғамдық қызметіне қарай түрлерін, қоғамдық болмысы мен қызметін, тілді қолданудың заңдылықтарын жан-жақты танытудың, меңгерудің жолдарын көрсетеді.

Стилистика лингвистиканың бір саласы бола отырып, тіліміздегі барлық фонетикалық, лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық құралдардың қолданымдық ерекшеліктерін және тілдік құралдарды таңдаудың, жұмсаудың принциптері мен тиімділік жолдарын зерттейді. Оқушыларды стилистикалық ұғымдармен және стильдер жүйесімен таныстыру қазақ әдеби тілінің бейнелеуіштік қасиетін меңгеруге көп көмегін тигізеді. Тілдік құралдарды тек қана грамматикалық белгілері мен қызметі тұрғысынан танып қана қоймайды, енді олардың белгілі бір стильде, жанрада, яғни сөйлеу барысында қолданылу қызметіне қарай да әр түрлі болатындығын зерттейді.

Тілдің күллі табиғаты мен болмыс-бітімін меңгертуде қазақ тілі стилистикасы бойынша мына білімдерді басшылыққа алу маңызды болып саналады:

1. Тілдік тұлға-бірліктердің стилистикалық мүмкіншілігі мен синонимиясы. Стилистикалық мағына және бояу. Көріктеуіш-бейнелеуіш құралдар.

1. Функционалды стильдер және олардың жанрлары, тілдік, стильдік белгілері. Стилистикалық норма және қате.

2. Мәтін және стиль ұғымдары, олардың байланысы, әдістемелік мақсатқа қызмет етуі.

3. Көркем әдебиет стилі.

Ғалым Р.Сыздық бұл салалардың қай-қайсысында болсын қалам тербеп, тыңғылықты зерттеулер жүргізді.

**1) Тілдік тұлға-бірліктердің стилистикалық мүмкіншілігі мен синонимиясы** туралы қазақ ғалымдары көп ізденіп, көп еңбек етті. Олардың алдыңғы қатарында Ә. Болғанбаевтың қазақ тілі лексикасының синонимдері туралы еңбегі тұрғаны мәлім. Лексикалық синонимдердің түрлі стильдік ортада қолданып, стильдік қызметі жағынан ажырата білуге үйрету стилистиканың негізгі орталық мәселесі болып табылады. Ф.Ш. Оразбаеваның пікірінше, лексикалық синонимдерді зерттеудің, оның ерекшеліктерін айқындаудың тіл білімінде теориялық мәнімен бірге практикалық мәні де зор. Көркем әдебиет пен өнердің қай саласын алмайық, олар сөздік құрамның неғұрлым бай, әр тарапты болуын талап етеді. Егер көркемдіктің әуелгі құралы бейнелеу немесе бейнелі сөз дегенге жүгінсек, айтар ойды мәнерлеп, нақтылап, әсерлі жеткізу үшін синоним сөздер өте қажет. Әрбір адамның көңіл күйіне, көзқарасына, мақсатына сай ойды дәл, әрі көркем етіп айтуда синонимдер маңызды қызмет атқарады. Осы тұрғыдан келгенде, сын есім синонимдер әр түрлі эмоционалды сезім-күйді және тағы басқа мынадай мақсаттар үшін қолданылады делінеді: 1. Заттар мен құбылыстардың қасиеттерін жан-жақты дәлме-дәл түсіндіру үшін. 2. Қосымша эмоционалды-экспрессивтік мәнді білдіру үшін. 3. Бір сөзді ретсіз қайталамау үшін.

Синоним сөздерді оқытуда мағыналық (семантикалық), экспрессивтік-стилистикалық, мағыналық-стилистикалық сын есім синонимдердің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп отыру керек [4].

Қазақ тілін оқытуға арналған әдістемелік еңбектерде синонимдерді қолдануда оқушы мынандай тәсілдерді үйрене алатындығы айтылады:

- алдыңғы айтылған сөзді қайталамауға;
- бір ұғымды түрлі белгілерімен жан-жақты сипаттауға;
- өз сөзіне мәнерлілік беруге.

Ол үшін оқушыға синоним сөздерді 1) бір-біріне қарсы қойып, салыстырып, 2) ыңғайлас мәнде қатар алып, 3) қосарлап, 4) плеонастикалық тәсілмен жұптап қолдануға, 5) синонимдеді фразалық тіркестермен қатар қолдануға, 6) араластырып қолдануға дағдыландыру керек [5, 124б.].

Морфологиялық және синтаксистік синонимдердің стилистикасы ғалым Ф.Мұсабекованың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылды. Мектеп стилистикасының әдістемесін жасауда ғалымның «Қазақ тілінің практикалық стилистикасы», «Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдердің стилистикасы» атты еңбектеріндегі тұжырымдары мен нақты тілдік мысалдарының алатын орны ерекше [6]. Ол өз еңбектерінде тілдік деңгейдегі әрбір тұлға-бірліктің стилистикалық мүмкіншілігін (тіл стилистикасы тұрғысынан), яғни олардың эмоционалды-экспрессивті мағынасы мен түрлі стильдерде қолданылуын, олардың тілдің функционалды қызметін жасауға қатысын



анықтайды. Қазақ тілі стилистикасын оқытуда тілдің мәнерлегіш құралдарын оқушының зерттеу нысанына айналдыру олардың қиялы мен көркемдік талғамын, сөз таңдау шеберліктерін ұштауға ықпал етеді. Бұл бағытта біз үшін Р. Сыздық, Т. Қоңыров, Б. Хасанов, З. Қабдолов, Е. Жанпейісов, Г. Қосымова т.б. ой-пікірлері мен пайымдаулары өте маңызды. Қазақ тілінің синтаксистік синонимдік ерекшелігін танытуда М. Серғалиев, Н.Х. Демесинова т.б. ғалымдардың айтқан тұжырымдары синтаксистік стилистиканы оқытуға бағыт-бағдар береді [7;8]. Аталған еңбектерде сөйлемдердегі синтаксистік конструкциялардың трансформациялануы нәтижесінде сөйлемнің, сөз тіркестерінің стилистикалық бояуын арттыра түсудің жолдары мен ұстанымдары көрсетіледі. Қазақ тілінің стилистикалық қызметіне дыбыс та, сөз де, сөз тіркесі де, сөйлем де, күрделі синтаксистік тұтастық та толық қатысатынын оқушыға таныту тіл құралдарының денотаттық мағынамен бірге қосымша (коннотаттық) мағынаға ие ерекше бірлік екендігін танытудан басталады. Стилистикалық мағына әр контексте әр түрлі стилистикалық бояуға ие болатын, контекст арқылы танылатын құбылыс. Сондықтан тілдің бұл қасиетін таныту оқушыдан аса үлкен байқағыштық пен талғампаздықты қажет етеді.

**2) Қазақ тіліндегі функционалды стильдер** тілдің стилистикалық ресурстарына қарағанда кейінірек қолға алынып, зерттеле бастады. Олай дейтініміз, функционалды стильдердің ішкі шағын стиль түрлері мен жанрлық ерекшеліктері, олардың топтастырылуы, өзара тілдік, стильдік, композициялық ерекшеліктерінің саралануы әлі түпкілікті зерттеліп болған жоқ деуге болады. Функционалды стиль түрлерін жанжақты зерттеу соңғы уақыттарда ғана кең көлемде жүргізіле бастады.

Стилистиканың іргелі мәселелерімен айналысқан Ш. Балли, В. Виноградов, Г.О. Винокур, М.П. Брандес, Р.А. Будагов, В.В. Одинцов, Г.Я. Солганик, М.Н. Кожина, К.А. Долинина, Ю. Степанов, И.В. Арнольд, Д.Э. Розенталь сияқты орыс ғалымдарымен бір қатарда тұрған Р. Сыздықтың еңбектерін, сондай-ақ, М. Балақаевтың, Б. Шалабайдың т.б. еңбектерін атауға болады.

Ғалым Р. Сыздық өз еңбектерінде қазақ тілі мен стилистикасын оқытуда басшылыққа алынатын лингводидактикалық маңызды тұжырымдар ұсынды. Ол стилистиканың терминдері және стилистиканың тарихи қалыптасуы мәселелеріне ерекше назар аударады. Ғалымның шығармаға тілдік, стильдік талдау жасаудың озық үлгілерін ұлы Абай шығармалары арқылы негіздеді. Көркем шығарма тілінің әдеби тілге қосатын үлесін, стилистикадағы орталық ұғым дара стиль мәселесін, тілдің эстетикалық қызметінің жасалу жолдарын, көркем шығармаға тән бейнелілік пен көркемдікті Абай шығармаларының үлгісінде көрсетті [9]. Көркем әдебиет стилистикасы туралы айтқан тұжырымдары мектепте көркем шығарма тілін оқытуға, оның стилистикалық аспектісін танытуға басшылық жасайды. Көркем шығарма тілін зерттеуде және оны мектепте оқытуда, әсіресе, стилистиканың негізгі категориялары «автор

бейнесі» және «баяндаудың түрлері» туралы оқушылардың түсініктерін қалыптастырып, жеке-дара жұмыс түрлерін ұйымдастыруда Б. Шалабайдың «Көркем әдебиет стилистикасы», Б. Хасановтың «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы», Е. Жанпейісовтің «Қазақ прозасының тілі», Х. Кәрімовтің «Қанатты тіл» атты еңбектері өте маңызды. Сондай-ақ, қазақ тілі стилистикасы бойынша сабақты ұйымдастыруда М. Балақаев. Е. Жанпейісов. М. Томанов. Б. Манасбаевтардың «Қазақ тілінің стилистикасы» атты оқу құралы жоғары мектептің де, орта мектептің де негізгі оқу құралы болып табылады [10]. Аталған ғалымдардың еңбектерін саралай келгенде, стилистиканы, соның ішінде функционалды стильдерді оқытуда маңызды деген мынадай тұжырымдарды жинақтап көрсетуге болады:

-кез келген функционалды стилдің тілдік материалын жалпыхалықтық және стильаралық бірліктер құрайды;

-функционалды стильдер деп шартты түрде 5 стиль түрін көрсеткенмен, олар белгілі бір стильдік мақсатта өзге стильдік контексте аралас қолданылуы мүмкін;

-функционалды стильдер өзара сыртқы тілдік емес және тілдік факторлары арқылы ажыратылады;

-қандай да бір функционалды стиль түрінің өзіндік ерекшелігін зерттеу оның жасалуына әсер еткен экстралингвистикалық факторлар және тілдік тұлға-бірліктер арқылы жүзеге асады;

-функционалды стильдер өз ішінде шағын стиль түрлеріне топтастырылып, жанрлық, композициялық ерекшелікке ие болады. Мысалы, ресми іс қағаздары стилінің өз ішінде қазір заң шығару стилі, дипломатиялық стиль, әкімшілік құжат деген шағын стиль деген түрлері сараланып жүр [11]. Сол сияқты публицистикалық стильдің өз ішінде ақпараттық, талдамалық, көркем-публицистика деген шағын түрлерімен бірге шешендік стиль, көсемсөз стилі деген түрлері айтылып жүр. Қай қайсысы болсын өзінің мақсаты мен тілдік, стильдік және композициялық ұйымдасуы жағынан бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктері бар.

Функционалды стильдерді тану үшін тілдің түрлі жағдайларда түрліше қолданылатынын оқушы анық түсінуі керек. Қандай да болмасын бір ақпарат оның қандай сөйлеу жағдайында айтылып тұрғанына байланысты түрліше беріледі. Мейлі, ол ресми ме, публицистикалық па, ғылыми ма, көркем әдеби ме – әйтеуір өзіндік белгілі бір ерекшелігін танытып тұратын мәтін болып құралады. Стилистика, ең алдымен, тілдің функционалдық аспектісін зерттейтін болғандықтан да, онда тілдің қызмет ету үдерісі барысындағы ұйымдасуы көрініс алады. Оның жасалуына түрлі тілдік және тілдік емес факторлар әсер етеді. Әсіресе тілдік емес факторлардың әсері негізінен тілдің іштей ұйымдасуын анықтайды. Ондай факторларға сөйлеушінің мақсаты, сөйлеу ортасы және қоғамдық сана түрі жатады. Бұл әрине шартты, себебі ғалымдар бұған қосымша тағы да басқа тілдік емес факторлардың түрлерін қосады, мысалы,

сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесі, тегі (әйел немесе ер текті болуына байланысты стилистикалық феминизм мәселелері), сөйлеушінің жасы, мамандығы, ұлты т.б. бірақ ең негізгілері ретінде жоғарыда аталған алғашқы үшеуі орнықты [12, 226.]. Мысалы, ауызекі сөйлеу стилі сөйлесуші адамдардың тұрмыстық жеке санасын бейнелесе, ғылыми стиль ғылыми, публицистикалық стиль қоғамдық, ресми стиль құқықтық, көркем әдебиет стилі көркем санаға бағынышты болады. Ауызекі сөйлеу стилінің мақсаты жеке адамдардың өзара түсінісуін реттеуді мақсат етіп, онда негізінен тұрмыстық мәселелер қозғалса, публицистикалық стиль ақпаратты жеткізе отырып, оқырманына әсер, ықпал етуді мақсат етіп, негізінен қоғамдық мәселелерге, барлық көпшілікке, публикаға ортақ тақырыптар туралы сөз етеді. Ресми іс қағаздары стилі қоғамдағы ресми, құқықтық қарым-қатынасты реттеуді мақсат етіп, нақты мәліметтер туралы ақпарат береді. Ғылыми стиль ғылыми ақпаратты, хабарды жеткізуді, дәлелдеуді мақсат етіп, негізінен белгілі бір ғылыми тақырып туралы сөз қозғайды. Көркем әдебиет стилі белгілі бір көркемдік мақсатта, қоршаған ортадағы, объективтік өмірдегі құбылыстарды көркемдік тұрғыдан таныту, суреттеу мақсатында ұйымдасып, негізінен көркем әдебиетте қолданылады. Тілдің қоғамдық қызметі осы негізгі үш фактордың әсерімен іске асады. Сөйлеу тіліміздегі тілдік тұлға бірліктеріміздің өзіндік сипат алуының өзі осы факторлардың әсеріне байланысты болады. Кез келген адам өзінің сөзін не үшін сөйлеп жатырған мақсатына орай саптайды екен. Осы тұрғыдан келгенде тіліміздегі әдеби тілдің функционалды стильдерін, Р.Сыздықтың тілімен айтқанда, мақсатты стильдер деп атауымыз орынды [1, 165б.]. Функционалды стильдерді оқушыларға меңгертуде тілдің осы ерекшелігі ескерілуі тиіс.

Стилистикалық норма белгілі бір сөйлеу жағдайына сай тілдік тұлға-бірліктерді сұрыптап қолданудың функционалды қалыптасқан тәртібі. Стилистикалық норманың ауытқуы стилистикалық қатеге әкеледі. Ғылыми-әдістемелік еңбектерде стилистикалық қатенің жіктелуі түрліше беріліп жүр. Қазақ тіл білімінде стилистикалық қате туралы, сөз жұмсаудағы шалалықтар туралы М. Балақаев, М. Серғалиев, Н. Уәлиевтің зерттеулерінде айтылып жүр [13]. М.Н. Кожина стилистикалық қателердің стилистикалық және стилистикалық емес деген жіктелісін ұсынса, соңғы кездердегі стилистикалық еңбектерде олардың мынадай түрлері көрсетіліп жүр:

а) Стилистикалық қателер: 1) сөйлеу әдебін сақтамаудан болатын қателер; 2) стильдерді орынсыз мақсатсыз араластырып жұмсау; 3) әдемі, «жылтырауық» сөздерге шектен тыс құмарлық; 4) өзге тілдің сөздері мен синтаксистік құрылымдарын орынсыз араластырып жұмсау; 5) стильдің жұтандығы; 6) стильдің «үйреншіліктік» сипат алуы; 7) шектен тыс асыра сөйлеу; 8) баяндау тілінің қабылдауға ауыр құрылуы. ә) Тілдік жүйе деңгейлері бойынша жіберілетін қателер: 1) фонетикалық қателер; 2) лексикалық қателер; 3) морфологиялық қателер; 4) синтаксистік қателер [12;14]. Стилистикалық қателердің жіктелісінің қай-қайсысы болсын негізгі екі кри-

терийді ұстанатынын көруге болады: тілдік тұлға-бірліктердің жұмсалу тәртібінің бұзылуы және тілдік контекске, жағдайға сай орынды қолдана білу. Стилистиканы оқытуда стилистикалық қате түрлерін білу және олардың оқушылардың тілінде орын алмауын дер кезінде жою үшін қате түрлері мен себеп-салдарын білу өте маңызды.

**3) Мәтін және стиль.** Қазақ тіл біліміндегі және жалпы тіл біліміндегі мәтінге қатысты ғылыми жетістіктер мен соған байланысты мәтінді тануға, зерттеуге қойылатын талаптардың соны сипат алуы мәтін және оған стилистикалық талдау жасау мәселесіне жанаша қарау қажеттігін көрсетіп отыр. Мәтін табиғатын меңгеру тілдегі жазбаша немесе ауызша сөйлеу мен ойлаудың тілдегі сабақтастығына әкеледі. Ол үшізмәтінді стилистикалық талдаудың маңыздылығы мен ерекшелігін анықтап алу керек болады. Мәтінді стилистикалық талдау, ең алдымен, лингвистикалық талдаумен тығыз байланысты.

Мәтін стилистикасында М.М. Бахтиннің мына сөзін еске тұту керек: «...гуманитарлық ғылымдар – (соның ішінде қазақ тілі) бұл жансыз зат туралы емес, өзіндік ерекшелігі бар адам туралы ғылым... адамның ерекшелігі – ол әрқашан өзін-өзі контексте танытады (сөйлеу арқылы), яғни ол мәтін түзеді... Әрбір шынайы көркем мәтін әрқашан белгілі бір деңгейдегі жеке адамның еркін танылуы (откровение)» [15, 116б.]. Ендеше әрбір мәтіннің артында адам тұрады. Мәтінді талдап отырған оқушы сол адаммен тілдеседі, адамның психологиясына барлау жасап, дүниетанымын екшейді. Онда әрбір тілдік тұлға бірлік жанданып, жымдаса байланыса ұйымдасып, қозғалысқа енеді. Сондықтан мәтін лингвистикада «әрекет үстіндегі» категория ретінде танылады. Мәтіннің бұл қасиеті оқыту үдерісін жандандыруда маңызды болып табылады. Осының нәтижесінде оқыту табиғи ортада өтіп, оқу үдерісінің табиғи сапасы мен коммуникативтік қызметі арта түседі. Табиғи орта баланың тілдік сезімінің жедел қарқында дамуына ықпалын тигізеді. Оқушылардың тілдік сезімін дамыту – тілдегі астарлы ой, мазмұн, әрбір автордың стильдік мәнерін дөп басып, дәл тану, тілдің көркемдік, эстетикалық сипатын ашу, зерттеуге әкеледі. Кез келген жағдайға сай орайлы сөздерді сәтті таңдап алу, өз ойын оралымды да мазмұнды, түсінікті жеткізу, шешен сөйлеу – барлығы дамыған тілдік сезімсіз мүмкін емес. Әрбір адамның сөйлеуі мен жазуын тілдік сезім басқарып отырады деуге болады.

Н.С. Валгина мәтіннің тілдік және стилистикалық табиғатын таныту оқушының тілдік және коммуникативтік компетенттілігін дамытуға тірек болады дейді. Тілдік компетенттілік сөйлем грамматикасының дұрыс құрылуына және оны түсіне білуге әкелсе, коммуникативтік компетенттілік түрлі мәтіндерді нақты сөйлеу жағдайында құрастыра және түсіне білуге әкеледі дейді. Сондай-ақ, мәтінде мәтінді жазушы (айтушы) субъектінің ойлау қызметі көрініс алады және ол мәтінді қабылдаушыдан (тыңдаушы немесе оқырман) да сондай ойлау қызметін талап ететіні айта кетеді. Осының нәтижесінде мәтінде автор (мәтіннің иесі) – мәтін (ойдың материалды көрі-

нісі) – оқырман (интерпретатор) деген үштік одақтың байланысы болады. Осылайша, мәтін әрі автордың ойлау қызметінің нәтижесі, әрі оны қабылдаушының сөйлеу-ойлау қызметінің материалы бола алады деп көрсетеді [16, 106.]. Стилистикада мәтіннің осындай ерекшеліктерін басшылыққа алу аса қажет.

Мәтін – ол белгілі бір жүйеден тұрады, жүйені құраушы құрылымға, құрылымдық бөлшектерге ие. Құрылымды құраушы элементтер өзара бір-бірімен шарттаса, иерархиялық қатынаста орналасып, аяқталған тұтастықты жасайды. Стилистиканы оқытуда мәтін осы қырынан танылады. Лингвистикалық талдау тұрғысынан келгенде, мәтін оны құраушы бөлшектердің құрылымдық-семантикалық тұтастығы ретінде танылады. Стилистикалық талдауда мәтіннің сөйлеу бірлігі ретіндегі функционалды-стилистикалық сипаты ашылады. Мәтінді қолданымдық стилистика тұрғысынан қарастырғанда, оны құраушы бөлшектердің түрлі стильдердегі ұйымдасу ерекшелігін анықтаймыз. Осыған байланысты мәтінді стилистикалық талдау барысында тұтас мәтіннің өзіндік стилистикалық ерекшеліктері қалай пайда болып, жасалады, оның ерекше болып жасалуына қандай тіл құралдары әсерін тигізіп тұр, олардың тұтас стильдік жүйеге әсері, тілдік емес факторларға қатынасы деген сұрақтарға жауап беріледі. Лингвистикалық талдау мен стилистикалық талдаудың ортақ мәселелері бар. Стилистикалық талдау лингвистикалық талдаудың бір түрі бола тұрса да, олар бірін-бірі қайталамайды, қайта олар бірін-бірі толықтырады. Стилистикалық талдаудың басты ерекшелігі оның мақсатында – нақты сол сөйлеу стиліне тән мәтіннің тілдік емес, экстралингвистикалық ерекшеліктерін зерттеу. Сондай-ақ, қарым-қатынас мақсаты мен міндетіне сәйкес тілдің лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерде ұйымдаса алу мүмкіншілігін анықтау. Мұнда негізгі басшылыққа алатынымыз – стилистикалық талдау жолы тіл жүйесінен-сөйлеуге бағытында жүзеге асатындығы. Сөйлеуде мәтін және оның жекелеген бөліктері тұтасымен белгілі бір қызметіне қарай ұйымдасады да белгілі бір кескін-келбет алады, яғни стильдік ерекшелікке ие болады. Жекелеген құбылыстарды, оқиғаларды, заттарды сипаттауға, суреттеуге қызмет етеді (суреттеу). Суреттеліп отырған оқиғаның дамуы мен өтуін бірізділікпен баяндайды (әңгімелеу). Қоршаған ортадағы құбылыстар мен ұғымдар туралы ой қорытындыларын жасап, дәлелдеуге қызмет етеді (ойталқы).

Қазіргі қазақ тілінде мәтінді стилистикалық талдаудың нақты ұстанымдары анықталды. Р. Сыздық, Б. Шалабай еңбектерінде мәтінді талдаудың негізгі ұстанымы ретінде мазмұн мен форма бірлігі алынады [17;18]. «Тексті стилистикалық талдау мазмұнның формалану сипатын ашу, яғни текстің құрылымын ашу деген сөз. Ондай стилистикалық талдаудың әдістемесі де соған сай болуы тиіс: талдау жекелеген тілдік тұлғаларды табу, анықтау тұрғысынан емес, ол олардың байланыстарын, қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан жүргізіледі... сондықтан текстің құрылымдық-композициялық негізін құрап, оны ұйымдастыратын тәсілдерді зерттеу маңыз-

ды. ...текстің жалпы құрылымдық ерекшеліктерін зерттей келіп, ол ерекшеліктерді мазмұндық ұғым-категориялармен (тақырып, идея) байланыста алып, әрбір нақтылы текске олардың қарым-қатынастарының қандай болатынын ашу керек» [19, 36.].

Мәтін құрылымын стилистикалық талдау оқушы үшін **ақпаратты, оның берілу жолдары мен әдіс-тәсілдерін түсінуге жол ашады**. Жалпы тілдің қатынас құралы ретінде дүниеге келудегі мақсаты мен маңыздылығы да осы ақпаратты жеткізе алуымен анықталады. Бір ақпараттың өзін әртүрлі жолмен, әртүрлі стильдік мағынада жеткізуге болатынын оқушыға түсіндіру мәтіндердің стильдік ерекшеліктері мен стильдің мәнін түсіндіруге көп көмегін тигізеді.

Мәтіннің және жалпы тілдің вариативтік көрінісі мен синонимиялық сипатын таныта түсуде мәтіннің тіл стилистикасы мен сөйлеу стилистикасына қатынасын анықтаудың, яғни тілді тану үшін тіл және сөйлеу стилистикасы бізге не береді деген мәселенің басын ашып алудың маңызы өте зор. Тіл стилистикасы тұрғысынан стилистикалық талдау жүргізу **мәтіннің неден жасалғанына** жауап береді, ал сөйлеу стилистикасы тұрғысынан талдау жасау **мәтін қалай жасалған** деген сұраққа жауап беруі тиіс. Сонда ғана стильді конструктивті және көркем сөзді жеткізудің құралы ретінде тануға болады. Мәтіннің конструктивтік идеясы мәтіндегі сөздердің ұйымдасуынан, құралу ерекшелігінен байқалады. Осылайша тілдің қызметі, тіл құралдарының нақты мәтін ішіндегі қызметі мәселесін шешуге қол жеткізуге болады. Мәтінде неліктен басқа емес, нақ осы сөз, осы синтаксистік құрылым қолданылған; нақ осы ойды жеткізу үшін неліктен осы сөздер қажет болды және осылайша ұйымдасты деген сұрақтарға жауап бергенде ғана мәтінді толық түсіну жүзеге асады. Яғни мәтін құрылымында жүйелілік, реттілік әрдайым сақталады, айырмашылығы оның қолданым мақсатына сәйкес мазмұнының әртүрлілігінде. Қандай да болмасын мәтін белгілі бір стиль аясында жасалып, жанрлық түр алады. Тіл стилистикасына сәйкес мәтіннің құрылымдық деңгейлерінің қызметке сай ерекшелігі – бір мәселе болса, оның енді сол контекстегі автор мақсатына сай эстетикалық қызметі – келесі мәселе. Бұл жерде авторлық тілге қосымша енді жанрлық талаптар қосылып, күрделене түседі. Мәтінге бұлайша талдау жүргізу мынадай дидактикалық мақсатпен қатар жүреді: орынды, орынсыз, сәтті, сәтсіз қолданыстардың себебін түсіндіру, дұрыстығы мен бұрыстығына көздерін жеткізу, ойды сәтті әрі орынды жеткізудің әдіс-тәсілдерін, жолдарын меңгерту, оны тұтас композициямен үйлесімдікте жеткізе білу. Сол себепті тұтас мәтінмен жұмыс барысында оның стилистикалық ракурсы назардан тыс қалмауы керек.

**Тақырып ұғымы және мәтіннің тұтастығының ерекшеліктері.** Мәтіннің мағыналық тұтастығы оның тақырыбы арқылы сақталады. Мәтіннің тақырыбын анықтау және оның мағыналық тұтастығын тану балалардың сөздерді өзара байланыстырып сөйлей білуінің басқышы болып табылады.

Тақырып дегеніміз – мәтіннің мағыналық ұйытқы негізі, мәтіннің жалпы мазмұнының топтастырылған (обобщенное) «бейнесі» сияқты болып келеді.

Үлкен бір туындының жалпы тақырыбы мен оның бөліктерінің (тараулары, бөлімдері) тақырыптарының арасында жанама байланыс өмір сүреді. Көп ретте жекелеген тараулардың тақырыбы тұтас тақырыпты тікелей құрайтын болып келе бермейтінін есте тұтуымыз керек. Бұған қатысты ғалым Н.Ж. Құрманованың мәтін және мазмұн тұтастығына байланысты ұлы жазушымыз М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тарауларының атауларын қарастыру қызықты дерек бола алады. Бірақ, барлық уақытта осылай бола бермейді. Себебі О.И. Москальскаяның ойынша, шығарманың негізгі тақырыбының жекелеген тақырыпшалардың әрдайым арифметикалық қосындысы болуы шарт емес, мүмкін де емес [20, 156б.].

ФЖТ (фразадан жоғары тұтастық) құрылымын тікелей оны құрап тұрған сөйлемдерден шығарып алатынымыз сияқты, ФЖТ-ның өзі – тұтас мәтіннің құраушысы қызметін ерекше байланыстар мен қатынастар арқылы атқарады. Егер бір сөйлем жеке тұрып-ақ, ФЖТ-ның құрамына енбей-ақ мәтіннің дербес элементі бола алса, онда оның да дербес тақырыбы болғандығы. Ал ФЖТ-ның құрамындағы сөйлемдер ондай дербестікке ие болмайды. Ондағы сөйлемдер бірін-бірі толықтырып, мазмұн жағынан өсіріп, байытып барып, бір микротақырыпты жасайды, ашады. Жалпы мәтін бірнеше мағыналы бөлшектерден, олардың байланысынан жасалып, белгілі бір мағыналық және құрылымдық тұтастыққа ие болатын сөйлеу бірлігі. Ол өз ішінде мынадай семантикалық-синтаксистік бірліктерге бөлінеді: Сөйлем – Фразадан жоғары тұтастық (ФЖТ) – Үзінді – Тарау – Бөлім – Тұтас шығарма. Оның ең кішкене бөлшегі бір сөйлем болса, ең жоғары бөлшегі көптеген сөйлемдердің жиынтығы [89].

Мәтіннің ең кішкене бөлшегі – сөйлемдердің арасында өзара тізбектік, параллельдік байланыс болады. Сөйлемдердің бұлайша байланысып келіп бір ойдың (тақырыптың) айналасына топтасуы тізбектік, параллельдік байланыс болады да, тізбектік, параллельдік ФЖТ-ны құрайды. Алайда, бұл шартты. ФЖТ-ның араласқан түрлері де болады. Бірнеше ФЖТ бірігіп үзінді құраса, үзіндіден тарау, одан бөлім, бөлімдерден тұтас шығарма құралады. Мәтінді стилистикалық талдау барысында ең кішкене бөлшек – сөйлемнен бастап, тұтас аяқталған шығарма (түрлі стильдердегі) мәтін арқылы ізерлей зерттелінеді. Осының нәтижесінде мәтін түрлі жанрлық тұрғыдан таныла түседі.

Мәтін сөйлемнен де жоғары бірліктердің жиынтығынан тұрады. Ғылыми әдебиеттерде мағынасы жағынан және синтаксистік тұрғыдан бір-бірімен байланысқа түскен бірнеше сөйлемдердің тобын атау мақсатында “фразадан жоғары тұтастық”, (Л.А. Булаховский, И. Гальперин), “күрделі синтаксистік тұтастық” (Н.С. Поспелов), кейде “ырғақтық тоқталыс”, “компонент”, “абзац” т.б. терминдер жарыса қолданылып жүр. Ал А. Гвоздев, Г. Солганик “прозалық жол” ұғымын қолданады. Бұл ғалым-

дардың пайымдауынша, сөйлеу тіліміздегі бір-бірімен семантикалық-синтаксистік тұрғыда байланыса аяқталған сөйлемдердің тұтастығы және бірлігі прозалық тұтастықты құрайды. Ал И. Гальперин болса, мұны “фразадан жоғары тұтастық” ұғымымен түсіндіреді. Бір-бірімен семантикалық-синтаксистік тұрғыда байланысып, аяқталған ойды білдіретін сөйлемдердің тұтасқан бірлігі фразадан жоғары тұтастық делінеді. Ғалымдардың мәтін туралы айтқан пікірлерін жинақтай келгенде оған тән мынадай белгілердің бары анықталды:

-ФЖТ құрамындағы синтаксистік құрылымдардың үйлесіміне қарай белгілі бір интонацияға, ырғаққа бағынады. Сол арқылы тұтасқа аяқталған ойды білдіріп тұрады. Сөйлемдер бір-бірімен интонациялық бірлікте болады. Ол әсіресе ФЖТ-лардың шектесетін тұстарында анық байқалады.

-ФЖТ ой, тақырып тұтастығына бағына отырып, сол арқылы мағыналық тұтастыққа ие болады. Сондай-ақ, ФЖТ ой тұтастығына ие болып қана қоймай, оның аяқталғандығын да көрсетеді.

-ФЖТ мағынамен бірге құрылымдық, яки синтаксистік тұтастыққа ие. Ол мәтін құрамындағы бөлшектердің өзара байланысынан, байланысу тәсілдерінен байқалады. Мәтіннің мағыналық тұтастығы оның құрылымындағы сөйлемдердің, ФЖТ-ның бірлігінен туындайды.

-Мәтін адамның сөйлеу әрекетінің жемісі. Сөйлеу әрекеті де басқа да әрекет, қызметтер секілді мақсат пен уәжден туындайды, сондықтан да мәтіннің дүниеге келуінде, жасалуында мақсат болады. Ол – түпкі ой арқылы анықталады. Мәтінді құраушы бөлшектер – сөйлемдердің бір-бірімен байланысуында да сөйлеушінің немесе жазушының түпкі ойы жетекші рөл атқарады. Ғалым Н.И. Жинкиннің пікірінше, мәтін екі сөйлемнің түйіскен жерінен басталады. Мәтін құрамындағы сөйлемдердің байланысуынан сөйлеу барысындағы ойдың үздіксіз дамуын, өрістеуін, қозғалу желісін көруге болады. Мәтін құрамындағы сөйлемдердің байланысу ерекшелігін анықтаудың, танудың стилистикада актуалды мүшелеу теориясы қалыптасқан. Актуалды мүшелеу В.В. Виноградовтың зерттеулерінде, сол контекске немесе жағдайға сәйкес белгілі бір сөйлемнің нақты мазмұнын анықтауға бағытталады делінеді. Актуалды мүшелеу барысында сөйлемдердің негізгі бастауы, қайнар көзі, сөйлеу кезіндегі екі адамға да белгілі мәселелер мен айтылымның ядросы, негізі анықталады. Осы мақсатта сөйлемді тема және ремалық бөліктерге бөліп қарау қалыптасқан. Сөйлемнің темалық және ремалық бөліктерін анықтау – мәтінді құраушы семантикалық-синтаксистік бірліктердің қолданымдық мақсатта бір тақырып айналасында мағыналық және құрылымдық жағынан ұйымдаса алу мүмкіншіліктері мен механизмдерін, технологиясын зерттеуге жол ашады.

-ФЖТ белгілі бір қалыптасқан композициядан тұрады: аңдау бөлігі (немесе кіріспе бөлік) – ойдың бастау алып, тақырыптың айқындалатын бөлігі; мазмұндау бөлігі



(немесе негізгі бөлік) – ойдың өрбіп, тақырыптың ашыла, айқындала түсетін бөлігі; соңғы бөлік (немесе қорытынды бөлік) – ФЖТ-ның микротақырыбын жинақтап, қорытып тұратын бөлігі. Олар түрлі стильдердегі мәтіндерде түрліше көрініс алады. Барлық мәтіндерде көрсетілген бөліктердің барлығының болуы міндетті шарт емес.

Мәтін құрамындағы синтаксистік-семантикалық бірліктер өзара мағынасы мен құрылымына қарай үйлесе байланысып, мәтіннің тұтастығын реттеп тұрады. Е. Агрицоланың айтуынша, мұндағы тұтас мәтіннің немесе микромәтіннің тақырыбы дегеніміз – тұтас мәтін мазмұнының топтастырылған концентраты ретінде түсінілетін мәндік ядро (смысловое ядро).

Тұтас мәтіннің жасалуы барысында қолданылатын «тірек сөздер» және олардың есімдіктермен немесе синонимдермен алмасуының өзінде нақты шындықты (референтті) көрсетудің, сол туралы тұтас ой қалыптастырудың күрделі қызметі танылады. Жалқы немесе жалпы есімдердің және оларды алмастыратын есімдіктердің өзара мағыналық жүкті «бөлісуінде» де, олардың бірін-бірі ауыстыруында да – мәтіннің тұтастығы мен қабылдану жеңілдігін (тыңдаушы үшін де) қамтамасыз ету қажеттілігінен туындап жатқан механизмдер мен тілдің ішкі мүмкіндіктері танылып жатады. Тұтас мәтін мен оны құраушы элементтердің арасында – тұтас пен бөлшек арасында импликациялық қатынастар өмір сүретіні белгілі. Бұлардың барлығы сөйлеуші мен тыңдаушыға ғана белгілі болып отырады [21]. Аталған ерекшеліктердің әрқайсысы мәтіннің стильдік біртұтастығына қызмет етеді.

**4) Көркем әдебиет стилі.** Көркем әдебиет стилистикасын зерттеген ғалымдардың айтуынша, тіл – шын мәніндегі құрылыс материалы болып табылады. Әрбір көркем туынды ұлттық тілдің қазынасынан қаланған жазушының танымы, білімі, дүниені бейнелей алу шеберлігі, дәрежесіне байланысты іріктеп алынған тілдік бірліктердің тұтасқан жүйесі. Мүсіншінің мрамордың кесегінен қандай да бір мүсін қашап шығаруы оның шеберлігіне қалай байланысты болса, көркем әдеби шығарма да солай. Көркем мәтіндердің оқушыға танымдық-эстетикалық әсері өте жоғары. Көркем мәтін жанрларының әрқайсысының өзіне тән ерекше мінезі бар. Эпос – сангвиник, лирик – холерик, драма – флегматик темперамент типтеріне сәйкес келеді екен. Ғалымдардың бұлайша пайымдауына әр жанрдың оқушыдан әр түрлі ойлау, талдау ерекшелігін талап ететіндігі негіз болса керек. Психолог мамандардың айтуынша, «оқушылардың эпос жанрындағы көркем мәтіндерді ұғыну, мәндік қорды игеру деңгейі басқа жанр мәтіндеріне қарағанда жоғары – 72%, лирика жанрындағы мәтіндер – 52, 9%, драма жанрындағы мәтіндер – 27, 7%» болып келеді [22, 138б.]. Оның себебі әдеби мәтінді құрайтын психологиялық мән (форма – кейіпкерлер, оқиға, сюжет желісі т.б.), мәнді белгілеп беретін мазмұн (мағына) құрылымдардың әр мәтінде әр түрлі болып келетіні, мән мен мазмұнның берілуіне қарай оқушыдан талап етілетін ойлаудың да ерекшеліктерінің оқытуда ескерілмеуі деп көрсетіледі [22, 13б.].

Р.Сыздықтың ойынша, «...Стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейді. Демек, лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингвистикалық міндеті стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу болып табылады» [1, 1356.]. Өзге стильдерге қарағанда көркем әдебиет стилінің өзіндік ерекшеліктері мен қырлары көп болып келеді. Осы ерекшеліктеріне қарай Р. Сыздық проза, поэзия, драма жанрындағы шығармаларды лингвостилистикалық тұрғыдан зерттеудің нысаналарын былайша көрсетеді:

1-кесте – Р. Сыздық бойынша көркем шығарма тілін лингвостилистикалық тұрғыдан зерттеудің нысандары

Проза жанрындағы шығармалар	Поэзия жанрындағы шығармалар	Драма жанрындағы шығармалар
-«автор образы» дегеннің көрінісі; -баяндаудың түрлері; -кейіпкерлердің сөзін беру (кейіпкерлерді сөйлету) принциптері; -кейіпкерлер тілі мен автордың өз тілінің көрінісі.	лингвистикалық поэтикаға сүйене отырып, поэзиядағы көркем образ жасампаздығы на, образдардың түрлеріне, оның ұлттық бояуына көңіл аударылуы қажет.	-кейіпкерлердің образын тіл арқылы жеткізу; -кейіпкерлер тілі арқылы ауызекі сөйлеу тілінің типтенуі; -драмада сөз мағынасын стильдік мақсатта қолдану.

Мұнда көркем әдебиет стилінің қай жанрында болмасын олардың барлығына ортақ ерекшелік – оқырманын белгілі бір тақырыпқа сай мазмұн бойынша жетелей отырып, түрлі сезімдік-тәрбиелік міндеттердің қалай шешілгенін анықтау негізгі болып табылады.

*Әдеби тілдің нормасына үйретудің әдістері мен тәсілдері және көркем әдебиет тілінің ерекшелігін зерттеу екеуі бір емес. Екеуінің ұстанымдық ерекшеліктері бар: алғашқысы – оқушыларға норманы меңгерту, оларды түрлі жаттығулар арқылы бекітуден тұрса, екіншісі – белгілі бір көркем шығармадағы түрлі тіл құралдарының эстетикалық табиғаты мен маңыздылығын анықтаудан тұрады. Стилистиканы оқытуда екеуінің де орны ерекше. Осыған байланысты көркем мәтіндерді және жалпы мәтінді стилистикалық талдаудың ерекшелігі анықтала түседі. Ол үшін мәтін табиғатын түсініп алу – стилистиканы оқытудың, оның негізгі нысаны стиль ұғымын және оның жанрларын түсіндірудің алғышарты болып табылады.*

Қорыта келгенде, тілдің стилистикалық ұйымдасуын назарға алып оқыту тілді оқытуға тың серпін, жаңа мазмұн береді. Осыған байланысты тіл және оның стилис-

тикасы туралы іргелі зерттеулер мен тұжырымдарды зерделеудің дидактикалық мәні өте зор болып табылады.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 319б.
3. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1998. – 416б.
4. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдері. – Алматы: Мектеп, 1988. – 128б.
5. Құрманова Н. Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі. – Ақтөбе, 1999. – 125б.
6. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 107б.
7. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981. – 199б.
8. Демесинова Н. Синтаксическая стилистика современного казахского языка. – Алматы: Наука, 1988. – 96с.
9. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616б.
10. Балақаев М. Жанпейісов Е. Томанов М. Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2005. – 256б.
11. Сологаев Б. Шалабаев Б. Іс қағаздарын жүргізу. – Алматы, 2000. – 208б.
12. Романова Н. Филиппов А.В. Стилистика и стили. Учебное пособие. Словарь. – М.: Флинта, 2006. – 416с.
13. Балақаев М. Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 2004. – 140б.
14. Кожина М. Стилистика русского языка. – М.: Просвещение, 1977. – 223с.
15. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. // Сб. избр. трудов. – М.: Искусство, 1986. – 444с.
16. Валгина Н. Теория текста. – М.: Логос, 2003. – 280с.
17. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 120б.
18. Сыздық Р. Шалабай Б. Әділова А. Көркем мәтінге лингвистикалық талдау. – Алматы: Ғылым, 2002. – 184б.
19. Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, 1982. – 100б.
20. Москальская О. Проблемы синтаксического описания синтаксиса. – М.: Высшая школа, 1981. – 175с.
21. Құрманова Н. Мухлис К. Текст теориясы және текстті талдау әдістемесі. – Алматы, 2000. – 200б.
22. Уақпаева Ү. Әдеби мәтіннің психологиялық құрылымы және оны ұғыну: Психол.ғыл.канд.дисс. 19.00.07. – Алматы: АлМУ, 2001. – 173б.

**А.Барменкулова**

*М.Мақатаев атындағы №140 гимназия, әлеуметтік педагог  
Қазақстан*

## **ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада педагогикалық шарттардың білім беруде тіл мәдениеті арқылы оқушыларымызды сөйлеу мәдениетіне үйрету арқылы тілді дамыту бойынша оқу үдерісі ретінде қарастыратын тарихи қайнар көздерді, білім алушылардың адамгершілік мәдениетті дамыту мен адамгершілік құндылық бағдарларын қалыптастырудың, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби санасы мен дүниетанымын қалыптастыру мен дамытудың психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларын зерттеу негізінде анықталды. Теориялық талдау негізінде адамгершілік тіл мәдениетін дамыту бағдарлары сана компоненті ретінде қалыптастырудың шарттары деп құндылықтарына бағдарланған тәрбие ортасын құру; болашақ әлеуметтік педагогтарды әр түрлі іс-әрекеттерге қатыстыру; тәрбие субъектілерінің дербес психологиялық ерекшеліктерін ескеру; қоғамдық және шығармашылық іс-әрекеттерге қатысты зерттеудің қажеттілігі көрсетіледі.

Мақаланы жазу барысында келтірілген ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу үшін материалдарды жинау және талдау әдістері қолданылды. Талдау нәтижесінде Оқушылар тіл мәдениеті арқылы әдебиеттерді талдап, эксперименттік зерттеулер жүргізеді. Осы дағдыларды меңгергеннен кейін, оқушы бірқатар диагностикалық дағдыларды игере алады: тәжірибелік жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу, жинау және деректерді өңдеу, сонымен қатар оларды графиктер, кестелер, диаграммалар түрінде ұсыну ерекшелігі дәлелденді.

**Тірек сөздер:** Әлеуметтік педагогика, тіл, тіл мәдениеті, педагогика, психология, педагогикалық шарт, педагогикалы үрдіс т.б.

**Abstract.** The article notes that the formation of the fields of linguistic stylistics, linguistic ethics and analysis of literary text in Kazakh linguistics originates in the research of Academician R. Syzdyk, the study of modern Kazakh linguistics in accordance with the anthropolanguage orientation is a pattern. It is appropriate to note the integrative complex, the philological nature of R. Syzdyk's research. indicates the purpose of the article. The common basis of all the works of Academician R. Syzdyk is the artistic potential of the Kazakh word. That is why in the works of Academician R. Syzdyk, who received the most artistic, figuratively expressive Kazakh language as the form of our article – «Kazakh orally developed literary language» R. Syzdyk, who originated and idealized the study of the artistic potential of our language, which continues in the communicative poetics of

the linguistic use of representatives of modern fiction, tells how reality accumulates and verbalizes in the mind of a native speaker, corresponding to cultural peculiarities. It can be said that there is a need to study the specifics of how the value actualizes language. Thus, the scientific and practical significance of the work lies in the fact that the analysis of the poetic language of R. Syzdyk and the analysis of a literary text can be assessed as a cognitive – discursive analysis that falls within the scope of the modern anthropocentric paradigm. During the writing of the article, methods of collecting and analyzing materials were used to prove the above scientific conclusions. As a result of the analysis, the results of studying the poems of Asankaygi, Kaztugan, Kobylandy, Shalkiiz, Dulat were obtained. The correspondent described in detail the use of words in historical songs, gave examples and conclusions, features of the choice of words, the use of words.

**Keywords:** Social pedagogy, language, language culture, pedagogy, psychology, pedagogical contract, pedagogical process, etc.

**Аннотация.** В статье рассматриваются педагогические условия обучения через языковую культуру на основе изучения исторических источников, рассматриваемых как образовательный процесс для развития наших студентов через обучение культуре речи, были разработаны психолого-педагогические концепции развития нравственной культуры и формирования нравственно-ценностных ориентаций студентов, формирования и развития профессионального сознания и мировоззрения будущих социальных педагогов. решительный. Исходя из теоретического анализа, ориентирами для развития нравственной языковой культуры как компонента сознания являются условия формирования ценностно-ориентированной образовательной среды; вовлечение будущих социальных педагогов в различные виды деятельности; учет личностно-психологических особенностей субъектов образования; необходимость проведения научных исследований. в отношении социальной и творческой деятельности это указано. В процессе написания статьи были использованы методы сбора и анализа материалов для обоснования представленных научных выводов. В результате проведенного анализа студенты анализируют литературу через призму культуры языка и проводят экспериментальные исследования. После овладения этими навыками студент сможет овладеть рядом диагностических навыков: планированием, организацией и проведением практической работы, сбором и обработкой данных, а также доказана специфика их представления в виде графиков, таблиц, диаграмм.

**Ключевые слова:** Социальная педагогика, язык, языковая культура, педагогика, психология, педагогический контракт, педагогический процесс и др.

Еліміздің біліктілігі жоғары мамандар даярлау сапасының маңыздылығының артуы қоғамның элеуметтік, интеллектуалдық және рухани салаларындағы елеулі өзгерістермен байланысты. Осыған орай ЖОО-дағы оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін

арттыруда педагогтардың тіл мәдениетін дамытудың жаңа тәсілдерін іздеудің маңызы зор. Мамандар даярлау сапасын арттырудың маңызды факторларының бірі осы жүйені дамытудың негізгі мақсаттары мен бағыттарын көрсететін тәрбие жұмысының перспективалық жоспары болып табылады. Ағымдағы жоспарлау оқу жылына жүзеге асырылады және оқушылар қызметінің мақсаттарын, мазмұнын, негізгі түрлерін және күтілетін нәтижелерін қамтиды. Сонымен қатар, оқу-тәрбие жұмысы жүйесінің қызмет етуінің маңызды факторы – бұл процесте оқушылар өз дамуында бірқатар дербестік кезеңдерден өтеді.

Қандай да бір білім беру үдерісінде кез келген педагогикалық құбылысты жүзеге асыру үшін белгілі бір шарттар жиынтығын құру қажет. Жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың адамгершілік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтамас бұрын, ең алдымен, «педагогикалық шарттар» ұғымына талдау жасап алайық. Педагогикада «шарттар» педагогикалық жүйенің жұмыс істеу тиімділігі тәуелді факторлар, жағдайлар ретінде анықталады [1].

Қазіргі дидактикада «шарт» ұғымын тіл мәдениеті арқылы оқытудың табыстылығын қамтамасыз ететін оқу үдерісінің факторлары, компоненттерінің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық шарт деп – қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған педагогикалық үдеріс шараларының белгілі бір жиынтығын біріктіретін педагогикалық үдерістің маңызды компоненті көрсетілген. «Шарттар жиынтығы» деп ғалымдар (В.И.Андреев, В.А.Беликов, Г.И.Вергелес, М.Е.Дурапов, Т.Е.Климова, Н.М.Яковлева және т.б.) педагогикалық үдерістің сыртқы сипаттамасын оқушыларымыздың ішкі әлемімен қажеттіліктермен, мүдделермен, құндылықтық бағдарлармен, тіл арқылы қарым-қатынасқа бағытталған материалды-кеңістіктік ортаның мазмұны, формалары, әдістері, педагогикалық тәсілдері мен құралдары арқылы түсіріледі.

Қазіргі ғылым саласында «шарт» ұғымын заттың қоршаған ортадағы құбылыстарға қатынасын білдіретін категория ретінде; сондай-ақ құбылыс туындап, өмір сүріп, дамитын орта бірнеше шарттардан тұрады деп қарастырады [2].

Ал, психология ғылымында «шарт» деп қандай да бір шынайылыққа әсер ететін жағдайлар мен факторларды атайды.

Кейінгі педагогикалық зерттеулерде «шарт» ұғымы ол педагогикалық жүйенің ең тиімді қызмет етуі мен дамуын анықтайтын факторлар, жағдаяттар, шаралар ретінде қарастырылып келеді. Ал, педагогикалық шарттардың әдіснамалық талдаулары Ю.К.Бабанскийдің, В.И.Андреевтің, Н.Ю.Посталюк т.б. ғалымдарымыздың жұмысында көрініс тапқан.

Сонымен, Ю.К.Бабанскийдің «педагогикалық шарт» – деп оқу үдерісінің компоненттері бір-бірімен өзара әрекеттесетін және де педагогтарға жемісті жұмыс істеу,

оқу үдерісін басқару үшін, ал білім алушыларға табысты еңбек ету үшін мүмкіндік туғызатын жағдайды түсінеді [3].

В.И.Андреев «педагогикалық шарттарды» дидактикалық және тәрбие мақсаттарына жету үшін оқытудың ұйымдастыру формаларын қолданудың нәтижесі болып табылатын оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің жағдайы ретінде қарастырады [4].

Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді талдай келе, педагогика ғылымының теориясы мен тәжірибесінде ұйымдастырушылық-педагогикалық (В.А. Беликов, Е.И. Козырева және т.б.), психологиялық-педагогикалық (А.О. Малыхин, А.В. Лысенко, Н.В. Журавская және т.б.) шарттарды кездестіруге болады.

Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар білім беру міндеттерін табысты шешуді қамтамасыз ететін мүмкіндіктердің жиынтығы және педагогикалық іс-әрекеттің мақсатқа жетуге бағытталған тұтас педагогикалық үдерістің мазмұны, формасы, әдістері ретінде қарастырылады. Ал, психологиялық-педагогикалық шарттарды ғалымдар білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын педагогикалық үдерістің субъектілері немесе объектілерінің (педагогтар немесе тәрбиеленушілер) тұлғасын дамытуға бағытталған белгілі бір педагогикалық шаралар ретінде түсіндіреді.

Біздің зерттеуімізге қатысты педагогикалық шарттардың білім беруде тіл мәдениеті арқылы оқушыларымызды адамгершілік мәдениетті дамыту бойынша оқу үдерісі ретінде қарастыратын тарихи қайнар көздерді, білім алушылардың адамгершілік мәдениетті дамыту мен адамгершілік құндылық бағдарларын қалыптастырудың, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби санасы мен дүниетанымын қалыптастыру мен дамытудың психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларын зерттеу негізінде анықталды. Теориялық талдау негізінде адамгершілік тіл мәдениетін дамыту бағдарлары сана компоненті ретінде қалыптастырудың шарттары деп құндылықтарына бағдарланған тәрбие ортасын құру; болашақ әлеуметтік педагогтарды әр түрлі іс-әрекеттерге қатыстыру; тәрбие субъектілерінің дербес психологиялық ерекшеліктерін ескеру; қоғамдық және шығармашылық іс-әрекеттерге қатысуды қарастырдық.

Осы педагогикалық шарттар арқылы мақсатқа жетудің тіл мәдениеті арқылы қамтамасыз ететін элементтер, педагогикалық үдеріс негізінде жасалып, жүйенің қолданыстағы элементтері ретінде әрекет етеді. Біздің зерттеуіміздің тақырыбына қатысты «педагогикалық шарт деп – біз, әлеуметтік педагогтардың тіл мәдениетін дамытуды адамгершілікті қамтамасыз ететін өзара байланысты компоненттер кешені» деп түсінетін боламыз. Біздің зерттеуімізде «шарт» ұғымының мәні мен мазмұны, шарттардың түрлері және «шарт» ұғымының негізгі белгілерін, ерекшеліктерін, әртүрлі аспектілерде талдаймыз.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың тілдік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттарына жеке тоқталсақ,

«Әлеуметтік педагогика» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына қатысты жағдай алаңдатпай қоймауда, мұнысы осы стандарттардың шеңберінде мамандарды даярлауға байланысты әлеуметтік-педагогикалық практикаға ықпалын тигізіп отырады.

Әлеуметтік педагогиканың әлеуетін институттық (тек қана білім беру мекемелері) және объектілік (дамуында әлеуметтік мәселелері бар балалар) тұрғыдан шектеуге деген талпыныс байқалуда. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әлеуметтік саланың әртүрлі секторлары мен қоғамның тіршілік қызметінің өзге салаларына таралу процесі тоқтауда. Мамандар тұтастай әлеуметтік педагогиканың және әлеуметтік педагог мамандығының беделінің төмендеп бара жатқанын атауда [5].

Әлеуметтік-педагогикалық білім мен соның көрсетіліп отырған практикасының дамуындағы алаңдататын беталыстармен қатар жағымды беталыстар да орын алуда. Оларды есепке алып, әлеуметтік педагогиканың жағымды дамуын қамтамасыз ету үшін негізгі үш шартты жүзеге асыру қажет.

*Бірінші шарт* – әлеуметтік педагогтардың тіл мәдениетін дамытуға деген қызығушылығы мен ынта-ықыласын арттыру.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың тіл мәдениеті арқылы адамгершілік мәдениетін дамытуға деген қажеттіліктер тудыратын мотивациялық, танымдық іс-әрекеттің таңдаулы түрі ретінде өздігінен дербес жұмыс істеуге дайындығын қалыптастыру. Әлеуметтік педагогиканың кейінгі даму жылдары жинақталған әлеуметтік-педагогикалық білімді түрлі формасында есепке алу, мұқият талдау, жүйеге келтіру, жіктеу, топтастыру және суреттеу. Тағы да айта кететін жайт, жаңа даму кезеңінің ең маңызды міндеті жинақтаған әлеуметтік-педагогикалық білімді сақтап қалу болып табылады.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың адамгершілік, тіл мәдениетін дамытуға қолдау көрсетуді; тіл мәдениетін дамыту жұмысымен табысты айналысатын оқушыларымызды моральдық және материалдық көтермелеуді; оқушылардың тіл мәдениетін дамытуға белсенділігі мен оқушыларымыздың ынталандыратын білім беру ортасын құруды қамтиды. Мотивация ішкі факторлардың жиынтығын білдіреді адамды іс-әрекетке итермелейтін, оның шекаралары мен формаларын белгілейтін сыртқы қозғаушы күштер оған бағыт береді, белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған [6].

*Екінші шарт* – болашақ әлеуметтік педагогтардың тіл мәдениетін дамытуды анықтау (диагностикалық, жобалау, ұйымдастыру, іс-әрекеттік, талдау, әлеуметтендіру) бойынша тоқталсақ. Адамгершілік мәдениетті дамыту оның іс-әрекетіндегі даярлық дәрежесіне байланысты болмақ. Сонымен қатар, Ю.Н.Камалов, С.А.Жолдасбекова, А.С.Узахова, А.Е.Байбатшаева даярлық дегеніміз – адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеті, іскерлік білім мен тәжірибеге негізделген. Адамгершіліктің дамуының алғашқы кезеңінде мамандар белгілі бір қимыл әрекеттің ебін меңгереді [7] деген ой түйіндейді.



«Тіл мәдениетін дамытуда мамандардың адами құндылықтары мен әдептілік дағдыларын қалыптастыруы және оны өмірде, өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алу мүмкіндігі», – дейді В.О.Коваленко [8].

Адамгершілік мәдениет дағдылардың маңызды ерекшелігі – олардың жалпылануы, нәтижесінде олар өзгертін және әртүрлі жағдайларда сәтті жүзеге асырылады. Кең мағынада, адамгершілікті дамыту – белгілі бір міндеттерді саналы түрде шешуге дайын болу.

*Үшінші кезеңде* оқушыларымыздың жұмысы тіл мәдениетін дамыту бағытында шығармашылық сипатқа ие болуы. Мәселелерді теориялық талдау неғұрлым тәуелсіз, терең, сыни болады. Мысалы, оқушы жеке авторлардың ұстанымына сыни баға бере алатындығы, туындайтын түрлі мәселені одан әрі зерттеу бойынша проблемаларды анықтайды.

Оқушылар тіл мәдениеті арқылы әдебиеттерді талдап, эксперименттік зерттеулер жүргізеді. Осы дағдыларды меңгергеннен кейін, оқушы бірқатар диагностикалық дағдыларды игере алады: тәжірибелік жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу, жинау және деректерді өңдеу, сонымен қатар оларды графиктер, кестелер, диаграммалар түрінде ұсыну. Болашақ мамандар тәжірибелік жұмыстың маңыздылығын және оның жұмысын жоспарлау, мазмұнын таңдау қажеттілігін нақты түсініп, оқыту, құралдар мен әдістерді таңдау, сонымен қатар зерттеу жұмысының әртүрлі аспектілеріне назар аударуы қажет. Жоғары сынып оқушылары алған білімдері мен дағдыларын бекітеді және оларды әрі қарай жетілдіреді. Тіл мәдениеті арқылы зерттеу мәселелерін шешуде және оларды теориялық және әдістемелік тұрғыдан қамтитын нақты және аяқталған педагогикалық эмпирикалық зерттеу бойынша жобаны әзірлейді.

Осылайша, тілдік мәдениетті дамыту ең алдымен санамен, ақылдылықпен, мақсаттылықпен сипатталатын күрделі және жалпыланған әрекеттер болып табылады. Жоспарлылық, прогрессивтілік, практикалық бағдар, сонымен қатар мақсатқа жетудің әртүрлі нұсқалар мен әдістерді игереді.

*Үшінші шарт* – әлеуметтік саланы, оның барлық секторларын, соның ішінде басқару деңгейінде мамандандыру.

Жоғарыдағы көрсетілген осындай шарттар бойынша тіл арқылы әлеуметтік педагогтарды даярлау көбінде әлеуметтік ортадағы тіл мәдениеті арқылы шешімін күтіп тұрған мәселелердің қазіргі уақыттағы түсініктеріне негізделуімен ұйымдастырылып отырады, ал қазіргі оқушылардың өзімен-өзі жұмыс жасау керектігі айтылады. Мұндай болжамдау тілдің түрлі салалары бойынша әлеуметтік мамандардың күшжігерін ықпалдастыру арқылы шешіліп отырады, ол үшін қазіргі мен келешектің міндеттерін шешуге деген кәсіби көзқарас қажет. Осылайша, әлеуметтік педагогиканы дамыту соған қатысы бар әркімнің қызметінде кәсіби шеберлікті қажет етеді.

Ойымызды қорытындылай келе, қарастырылып отырған процестің теориялық және әдістемелік негіздемесі болашақ әлеуметтік педагогтің тіл мәдениеті арқылы адамгершілік мәдениетің тиімді қалыптастыруға ықпал ететін, оқу-тәрбие процесінің негізгі құрамдас бөліктеріне олардың біртұтас байланысы мен өзара тәуелділігінде сәйкес келетін педагогикалық шарттарды анықтауға мүмкіндік берді. Педагогикалық шарттар деп біз білікті маманның тіл арқылы ең маңызды тұлғалық қасиеті ретінде жоғары кәсіби мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін оқушыларымыздың тіл арқылы кәсіби бағдарлау жұмыстарының арнайы жасалған нақты жағдайларын түсінеміз. Мұндай шарттар жиынтығының әлеуметтік-педагогикалық маңыздылығы оның педагог даярлайтын жоғары оқу орнының оқу процесінде болуы әрбір оқушы қол жетімді максималды номиналды құндылықтармен педагогикалық кәсібилікті тіл мәдениеті арқылы қалыптастырудың тиімділігіне әсер ететіндігінде деп тұжырымдаймыз.

#### **Әдебиет:**

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 482 б.
2. Философия и методология педагогики: научные школы стран СНГ и Республики Казахстан: хрестоматия. Под ред. д.филос.н., профессора А.Р.Масалимовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 402 с.
3. Таубаева Ш. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 бет.
4. Андреев В. Практикалық әрекетті эвристикалық бағдарламалау. – М.: орта мектеп, 1981. – 240 б.
5. Ертарғынқызы Д. Жоғары мектепте болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби идеяларын қалыптастыру жүйесі. 152 б. 2017.
6. Жолдасбекова С., Иманкулова Л., Каратаев Г., Мокроусова А. Факторы, влияющие на формирование научно-исследовательских способностей учащихся // Международный научный журнал «Гуманитарий» – 2018. – №3
7. Кувшинов А. Формирование профессиональной самооценки будущих учителей физической культуры: дис. ...канд.пед.наук. – Тула, 2000. – 220 с.
8. Коваленко О., Шишкина Н. Педагогическая деятельность преподавателя в обучении дисциплинам оқушыов вуза. // Молодой ученый. – 2015. №21(101). С.790-792.

**Г.Бірәлі**

*ҚР ҰҚК Академиясы, филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ ӘДІСТІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Аңдатпа.** Мақалада автор қазақ тілінде сөз мәдениетін жетілдіруде лингвомәдени әдістің маңыздылығына тоқталады. Лингвомәдени әдіс арқылы білім алушы сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын сезеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін жетілдіріп, сауатты жазуға және сөйлеуге үйренеді. Қазақ тіліндегі этномәдени бірліктердің мән-мағынасын түсіндіру үшін қазақ әдебиетінің таңдаулы туындыларын оқытудың ерекшелігі жан-жақты талданады. Қазақ тілін оқытуда лингвомәдени әдісті қолдану білім алушының мәденитанымдық дүниетанымын кеңейтіп, сөз мәдениетін жетілдіруде жақсы нәтиже береді. Тіл мәдениетін, сөздік қорын дамытуға арналған жұмыс түрінің барлығы тіл үйренушінің білім деңгейін көтеруде, ұлттық сана сезімін қалыптастыруда, ауызша және жазбаша түрде ойларын дұрыс мазмұнды жеткізе білуге үйретуде тиімді болып табылады.

**Тірек сөздер:** сөз мәдениеті, лингвомәдени әдіс, этномәдени бірлік, білім алушы, тұрақты сөз тіркестері, ұлттық құндылық, ұлттық код.

**Abstract.** In the article, the author emphasizes the importance of the linguistic and cultural method in improving the linguistic culture of Kazakh language. Through the application of linguistic and cultural method, the student feels the semantic properties, nature, vocabulary and grammatical structure of the word, learns the richness of the spoken language and the specific features of the literary language. Moreover, it develops the skills of cultural communication and writing and speaking competently. The specifics of teaching selected works of Kazakh literature are comprehensively analyzed for clarifying the meaning of ethnocultural units in the Kazakh language. The use of the linguistic and cultural method in teaching the Kazakh language gives good results in expanding the cultural outlook of the student and improving the culture of the language. All forms of work on the development of language culture and vocabulary are effective in increasing the level of knowledge of the student, forming.

**Keywords:** language culture, linguistic and cultural method, ethnocultural unit, student, stable phrases, national value, national code.

**Аннотация.** В статье автор подчеркивает важность лингвокультурного метода в совершенствовании языковой культуры на казахском языке. Посредством лингвокультурного метода обучающийся ощущает смысловые свойства, природу, словар-

ный запас и грамматическую структуру слова, изучает богатство разговорного языка и специфические черты литературного языка. Также, развивает навыки культурного общения и учится писать и говорить грамотно. Всесторонне анализируется специфика обучения избранных произведений казахской литературы для разъяснения смысла этнокультурных единиц в казахском языке. Применение лингвокультурного метода в обучении казахскому языку дает хорошие результаты в расширении культурологического мировоззрения обучающегося и совершенствовании культуры языка. Все формы работы по развитию языковой культуры, словарного запаса являются эффективными в повышении уровня знаний обучающегося, формировании национального самосознания, обучении умению выражать мысли в устной и письменной форме, в правильном содержании.

**Ключевые слова:** культура языка, лингвокультурный метод, этнокультурная единица, обучающийся, устойчивые словосочетания, национальная ценность, национальный код.

Еліміз тәуелсіздік алған соңғы отыз жылдан астам уақыт ана тіліміз-қазақ тілінің қолданысына тың өзгеріс әкелді. Тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, оның дамуын жаңа сапалық деңгейге көтерді. Атап айтқанда тіліміздің қоғамдық қызметі кеңейіп, әлеуетін толық қолдануға мүмкіндік беретін жаңа коммуникативтік кеңістіктер қалыптасты. Қазіргі таңда қазақ тілі әртүрлі кәсіп иелері мен әртүрлі аудиторияның, ғылым мен техниканың тіліне айналып, БАҚ-та, интернет арқылы тарайтын әлеуметтік желілерде контент деңгейі жоғары көрсеткіш иеленіп отырғанын байқаймыз.

Алайда осы бағыттағы жаңару үрдісінде қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына, дәстүрлі сөз мәдениетіне сәйкес келе бермейтін кемшіліктер байқалады.

Осы тұста ойымыз дәлелді болу үшін белгілі академик-ғалым Р. Сыздықтың: «бүгінгі қазақ қоғамында күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеудің әдеби тіл нормасымен көрінуі жоққа тән» деген пікірін келтіргенді жөн көрдік [1]. Қазір жастардың арасында тілді араластырып сөйлеу (мысалы, қазақ тілі мен орыс тілін), қазақ тіліне калька әдісі арқылы орыс тілінен тікелей аударылған тіл болмысына сәйкес құрылмаған сөз тіркесі мен сөйлемдер, сонымен қатар қабылдауға теріс әсер ететін артық қыстырма сөздерді (жаңағы, яғни, сол, т.б.) қолдануды жиі байқаймыз.

«Ана тілінің күдіретін танытып, бар әлеуетін жан-жақты ашып, орынды қолданыс тапқан сөз жүйесін сақтап, дәстүрлі қазақ сөзсаптам үлгісін жалғастыру – қазіргі таңда аса өзекті. Бұл, сайып келгенде, қазақ сөзінің қазіргі заманауи қоғамдағы коммуникативтік қызметінің сапасын көтереді. Шын мәнінде, тіл тұтынушының тезіне түскен сөз болмысының өзгеріп, құбылуы, дағдыдан тыс қолданысқа түсуінің оң/теріс сипаты оның тұлғалық танымына, біліміне, біліктілігіне байланысты. Сондықтан

сөз мәдениеті мәселесін төл мәдениетіміздің сөз өнеріне негізделген тәрбиесіне сай жетілдіру – өзекті мәселе» [2].

Ұлттық болмысымызды, құндылықтарымызды сақтап қалуда, жастарымызды ұлттық рухта тәрбиелеуде ана тіліміздің орны ерекше. Себебі тіл – ұлттың ұлы жетістігі. Адамның бойына бүкіл адами қасиет ана сүтімен даритын болса, халықтың ұлттық болмысы, қадір-қасиеті тіл арқылы дамидыны белгілі. Бүгінде қоғамымызда трендке айналған ұлттық код, жалпыұлттық құндылықтар, елдік сана, мемлекеттік мүдде деген ұғымдарды айтқанда, біз ең алдымен, туған тіліміз – қазақ тілін сөз етеміз. Сондықтан тілді оқытудағы басты ұстаным – жалпыұлттық құндылықтарды бойына сіңірген мемлекеттің мүддесіне адал, жан-жақты, шығармашылық деңгейде қызмет ете алатын, рухани дүниетанымы биік, елдік сана тұрғысынан ойлай алатын, сөз мәдениеті қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Сөз мәдениетін жетілдіруде қазақ тілі пәнінің оқытушысына жүктелетін міндеттің бірі – тиімді әдісті пайдалана білу.

Тілді оқыту барысында білім алушының немесе болашақ маманның бойына сөз мәдениетін қалай қалыптастырамыз? Тілді оқытуда қазіргі таңда әдіскерлер тиімді әдістер ретінде коммуникативтік, аудиолингвалды, функционалдық-грамматикалық, лингвомәдени әдістерді ұсынады. Біз осы әдістердің ішінде сөз мәдениетін жетілдіруде лингвомәдени әдісті қолданудағы өз тәжірибемізбен бөлісетін боламыз.

Кез келген тілді сол тілдің елі мен ұлтына байланыстырып үйретудің маңызы зор. Лингвомәдени әдіс негізгі тілдік дағдылармен қатар тілдің мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін түсіндіріп, оларды дұрыс әрі орнымен қолдануды үйретеді. Тек қазақ тіліне тән менталды лексиканы (қара шаңырақ, шаңырағың биік, керегең кең болсын!) қазақ халқының дәстүрі мен мейрамдары, тарихы мен өнері арқылы үйреткен жөн. Аталған әдіс арқылы оқыту барысында қазақ әдебиетінен алынған үзінділер, қазақша кинолардан, телебағдарламалардан үзінділер алып, аутентив материалдарды қолданған дұрыс. Бұл әр сөзді орнымен дұрыс қолданып, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерін анықтап қолдану контекстін түсінуге көмектеседі. Қазақ тілі сабағында білім алушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын тиянақты жеткізуге, еркін сөйлей білуге үйретуде лингвомәдени әдістің маңызы зор.

Лингвомәдени әдістің тіл үйретуде келесідей ерекшеліктері бар:

- тіл үйренушіде қазақ халқының шындық өмірді қабылдауы жөнінде тілдік санасы қалыптасады;
- қазақ халқының ұлттық тілдік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді;
- қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді дұрыс қолдана білуге үйренеді.

Қазақ тілін лингвомәдени бағытта үйретуде оқытушы мына мәселелерді ескеруі тиіс:

- ✓ білім алушыға қазақ тілінде тілдік сана қалыптастыру;

- ✓ қазақ мәдениетінің негізгі бағыттарын меңгерту;
- ✓ қазақ этномәдениетінің ерекшеліктері турасында ақпарат беру;
- ✓ мәдениетаралық қарым-қатынас негіздерін меңгерту.

Лигвомәдени әдіс арқылы білім алушы сөздің мағыналық қасиетін, табиғатын, сөздік қоры мен грамматикалық құрылысын сезеді, ауызекі тілдің байлығы мен әдеби тілдің өзіндік белгілерін үйренеді. Мәдениетті сөйлеу үлгісін жетілдіріп, сауатты жазуға және сөйлеуге үйренеді. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, жаһандану дәуірінде өзіндік ұлттық болмысын сақтап қалуына көмегін тигізеді деп ойлаймыз.

Қазір бүкіл дүниедегі адам баласы жаһанданудың әсерімен бір ғана қоғамда – жәһаниятта ғұмыр кешіп жатқан сияқты. Осы заманымызға дейін әртүрлі мәдениет пен өркениеттің шекарасы дараланып, ерекшеленіп тұратын болса, бүгінде олардың бір-бірімен араласып, барлық ұлт пен ұлыстың жалпыланғанын байқаймыз. Олар: компьютербастылық, уақыттың тапшылығы, цифрлық сананың қалыптасуы, гедонистік ақпарат тасқынының салдарынан туындаған бір сәттік қызығушылықтың етек алуы, нақты вербалды, сөзбе-сөз, көзбе-көз қарым-қатынастың азаюы, виртуалды қатынастың күн санап өсуі, әрі тұтынушылық сана мен комфорт қуу. Мұндай құбылыстар қазір жаһан өкілдерінің бәрінің басында бар. Осы тұста компьютербасты, комфортты қуған, тек қана тұтынуды көздейтін қоғамның болашағы қалай болмақ деген сұрақ саналы жанды алаңдатары сөзсіз. Ұлттық құндылықтарымызды, адамгершілік рухани бет-бейнемізді қалай сақтап қаламыз? Кез келген ұлттың рухани бейнесі тілі десек, жоғарыда айтылған жаһандану үрдісімен келген жалпы адамзаттық болмыс-бітімнің жетегінен құтқару үшін жалпыұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісін білім алушының санасына сіңіру басты міндет деп есептейміз.

Ойымыз дәлелді болу үшін белгілі тілші-ғалым А. Фазылжанның пікірін келтіргенді жөн көрдік: «Президентіміз үнемі айтып жүрген заңды құрметтеу, еңбек адамын сыйлау, әлсіздерге көмек көрсету, қайырымдылық, адал табысқа ұмтылу сияқты қасиеттер жалпыұлттық құндылықтар арқылы қалыптасады. Мұны жас ұрпақ санасына сіңіретін, орнықтыратын құрал – білімдер жүйесі. Ол білімдер жүйесі тілдік бірліктерде сақталады және тілдік бірліктер арқылы санаға барып қонады» [3]. Ұлттық құндылықтардың тіліміздегі көрінісін сөз, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер арқылы көреміз. Мысалы, ақсақал, ақжаулық, бата, алғыс, қара қазан, қара шаңырақ, қара қылды қақ жарған, жеті ата, «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Анасына қарап қызын ал, ыдысына қарап асын іш». Жаһандану үдерісі қаншалықты жүріп жатса да, әлі күнге қан тазалығын сақтау деген менталитет бар. Оның басты себебі төл тіліміздегі «жеті ата» деген этно мәдени бірліктің мағынасын, мәнін түсінуі.

«Лингвистикалық тұрғыдан этномәдени бірліктердің құрамына сөзден бастап, тұтас мәтін де енеді. Этномәдени бірліктердің басты ерекшелігі – мазмұн межесінде

– ұлттың мәдениеті мен құндылығын таныту, тұрпат межесінде – эквивалентсіз болу. Этнолексемалар қазіргі жалпыадамзаттық мәдениетті емес, ұлттың өткен тарихындағы рухани және материалдық болмысын танытушы ұғымдар мен категориялардың мазмұнын білдіреді» [4]. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілі пәнін жүргізгенде болашақ маманның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру үшін жоғарыда айтылған мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестерімен, яғни этнолексемалармен жұмыс жасаймыз.

Мәселен, салт-дәстүрге байланысты сыбаға, сүйінші, ерулік, бата беру, т.б. тіліміздегі этномәдени бірліктердің мән-мағынасын түсіндіру үшін қазақ әдебиетінің таңдаулы туындылары М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан, Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романынан, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» романынан үзінділерді оқытамыз.

Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды дәріптеуде көркем әдебиеттің орны ерекше. Әдебиет – өмір шындығы. Әр халықтың әдебиеті – сол халықтың айнасы. Көркем шығарма халықтың өмірімен, тұрмыс тіршілігімен таныстыруда баға жетпес қызмет атқарады. Тілді үйретуде әдеби шығарманы оқыту білім алушының қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті туралы мағлұматын кеңейтіп қана қоймайды, сөздік қорын байытады, сөз мәдениетін қалыптастырады. Осы бағытта таңдап алған Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін оқытудағы тәжірибемізге тоқтала кетейік. Повесте аңыз әңгімелер; қыз ұзату, құда түсу, ерулік, бата беру, сияқты халықтық салт-дәстүрлер; көкпар балуан күрес, қыз қуу секілді ұлттық ойындар; «Жүйрік ат аяғынан қалады, сұңқар қанатынан қалады», «Атсыз ер – қанатсыз құспен тең», «Төл атынды төреге берме», т.б. мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Шығармада сонымен қатар қазақ отбасындағы қарым-қатынастар, жанұядағы әженің атқаратын қызметі, әке мен бала арасындағы байланыс, үлкенді сыйлау, құрметтеу, сәлем беру этикеттері жақсы көрініс тапқан. Осыған байланысты «Асыл әжем», «Ата – балаға сыншы», «Әкеге қарап ұл өсер» тақырыбында пікірлесім сабақтарын жүргізіп, эссе жаздырдық. Повестегі «Жыл он екі ай», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деп аталатын ертегі-аңыздарды өздері білетін осы ертегі-аңыздарға ұқсас аңыздармен салыстыра баяндау білім алушының тілін дамытуда үлкен пайдасы бар.

Сонымен қатар қазақ тілі сабағында сөз мәдениетін жетілдіруде Абайдың қара-сөздері мен өлеңдерінің маңызы өте жоғары. «Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» [5], – деп Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазақ тілі пәнін оқытуда Абайтану ілімін қоса беру біздің көп жылғы тәжірибеміз.

Болашақ маманның сөз мәдениетін, өзінің ұлттық кодын сақтауы үшін Абай шығармашылығын білуі маңызды. Қазақ тілін оқытуда ұлт ұстазы Абай шығарма-

шылығын, Абай даналығын оқу үдерісіне енгізгеніміз білім алушылардың ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіруінде, сөз мәдениетін жетілдіруде айрықша рөлге ие болды. Осы тұста «Кәсіби қазақ тілі» сабағында Абай шығармашылығын кәсіби тақырыптармен қалай байланыстырып жүрміз өз тәжірибемізбен бөліскенді жөн көрдік. Курсанттарға өзбетінше жұмыста «Абай – ұлт ұстазы» деген тақырыпта шағын ғылыми жоба бойынша дайындалу тапсырылды. Ғылыми жобаны қорғау барысында білім алушылар Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің бүгінгі күндегі өзектілігіне, маңыздылығына тоқталып, білімді де, білікті бәсекеге қабілетті кәсіби маман болудағы Абай айтқан: «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» деген «бес асыл істің» рөлі туралы талдау жасады. Аталған жобаның екінші бөлімінде Абайдың қара сөздерінің қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосылған бағалы қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа келер ғасырда да ұлтымыздың ұлы мұраттар жолындағы дамуында мәңгілік жарғысы болып қала беретініне ғалымдардың, саясаттанушылардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлерін пайдаланып талдау жасады. Сонымен қатар Абай шығармаларының жастарды жалған діни ағымдардан сақтандыруда негізгі рухани ұстаным екенін дәлелдеді. Білім алушылар: «Ұлы ойшыл – Абай қарасөздерінде «артқа алаң болмай» ілгері басуды арман етті. Ол өмірдегі құбылыстарды жіті қабылдап, өмірдің мерездеріне жирене қарады, оқырманын солардан безіндірді. «Терең ойдың түбінде теңізі бар, тесіле көп қараса, көңіл ұғар» [6] деген Абайдың өз сөзімен қорытындылай келе, Абай насихаты – «ынтымақшыл, арлы, адал, еңбекқор, иманды, талапты, үлкен жүректі кісі болу» деген тұжырымға келді. Үшінші бөлімде Абай шығармаларына психологиялық талдау жасап, Абай жырлаған «толық адам» образына тән: адал, әділ, алғыр, ұлтжанды, парасатты, қайсар, дарынды, турашыл, ашық мінезді, қабілетті, өнерлі, қалжыңқой, өткір тілді, жүйрік ойлы секілді адамгершілік қасиеттердің кез келген маманның, мемлекеттік қызметкердің бойында болуы шарт деген ұсыныстарын білдірді.

Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін насихаттау және тіліміздегі менталды лексиканы меңгерту мақсатында өзге ұлт өкілдерімен қазақ тілі пәні оқытушыларының ұйымдастыруымен 14 Наурыз – «Көрісу күні – Амал мерекесіне» орай, «Қазақстандағы ұлттық мерекелер – Наурыз мейрамы. Құттықтау хат» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ барысында тіл үйренушілер қазақ халқының бата беру, алғыс айту әдеби бойынша алдын ала дайындаған көріністерін көрсетті. Онда қазақ тіліндегі «ақсақал», «ақжаулық», «қара шаңырақ», «қара қазан» т.б. ұғымдардың мән-мағынасын ашуға тырысты. Сонымен қатар бата-тілек айту барысында «Шаңырағың биік болсын!», «Керегең кең болсын!», «Ақ мол болсын!», «Ұлыс оң болсын!», «Дастарханның байлығын, деннің саулығын берсін», т.б. қазақ тілінде қалыптасқан тұрақты тіркестерді орнымен қолданды. Сондай-ақ тіл үйренушілерге қазақ халқының салт-дәстүріндегі қоржынның маңызы, түрлері, атқаратын қыз-



меті, қоржынның заманауи қолданысы жан-жақты түсіндірілді. Одан кейін білім алушылар жұмбақ қоржынға жасырылған наурыз мейрамына қатысты сұрақтарға жауап берді. Сабақтың келесі кезеңі дәстүрлі емес формаға ауысып, тіл үйренушілер ұлттық тағамдар қойылған дастархан үстінде дайындықсыз сөйлеу үлгісін көрсетті. Пікірлесім барысында тыңдаушылар «амал мерекесі», «құралайдың салқыны», «бес қонақ», т.б. табиғат құбылыстары туралы халық арасында тараған аңыздар бойынша сұхбаттасты. Сабақтың қорытынды кезеңі «insert» әдісі бойынша жүзеге асырылды.

Қазақ тілін оқытуда лингвомәдени әдісті қолдану білім алушының мәдениетанымдық дүниетанымын кеңейтіп, сөз мәдениетін жетілдіруде жақсы нәтиже береді. Тіл мәдениетін, сөздік қорын дамытуға арналған жұмыс түрінің барлығы тіл үйренушінің білім деңгейін көтеруде, ұлттық сана сезімін қалыптастыруда, ауызша және жазбаша түрде, ойларын дұрыс мазмұнды жеткізе білуге үйретуде тиімді болып табылады. Бір сөзбен айтқанда білім алушының лингвомәдени құзыреттілігі қалыптасады. Лингвомәдени құзыреттілік – білім алушының тілдік және этномәдени бірліктерді контексте орынды қолдана білуі, ұлт тарихы, дәстүрі, мәдениеті туралы білімін сөйлеуде ұтымды пайдалануы, ең бастысы сөйлеу мәдениетін игеруі.

Қорыта келгенде, қазақ тілін оқытуда сөз мәдениетін жетілдіру – заманның басты талабы. Заман талабының үдесінен шығу үшін маңызды әдістің бірі – лингвомәдени әдіс. Сондықтан қазақ тілін оқытуда білім алушының бойында сөз мәдениетін жетілдіруде, дамытуда лингвомәдени әдістің рөлі зор деп санаймыз.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. Алматы: «Ел шежіре», –2014. – 291бет.
2. Манкеева Ж. Бәрі тілден басталады. // «Егемен Қазақстан» 2023 жылғы 4 қыркүйек.
3. Фазылжан А. Ұлттық құндылықты тілімізден іздеген жөн // «Айқын» 2024 жылғы 28 наурыз.
4. Назарбекова А. Этномәдени бірліктерді оқытуда қолданылатын тиімді әдістер. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2 (182).2021. – 168 бет.
- 5 Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. – Астана, «Ақорда» 2020 жылғы 8 қаңтар // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
6. Абай Құнанбайұлы Қарасөздер. Поэмалар. – Алматы: «Атамұра», 2018. – 165 бет.

## А.Байтуганова

*Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қызылқұм жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қазақстан*

### ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мектеп оқушыларының қазақ тілі сабақтарында тілдік дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетілген. Тілдік дағдыларды игертудегі мұғалім рөлі сараланып, тілдік дағдыларды қалыптастырудағы сабақ үлгілері берілген. Тілдік дағдыларды қалыптастырудағы басты мақсат нақтыланып, оқушылардың бойында функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту жолдары қарастырылған.

**Тірек сөздер:** ілдік дағдылар, функционалдық сауаттылық, мәтінмен жұмыс, жазылым, мәтін мазмұны, өзекті ой.

**Abstract.** This article highlights the ways of forming the language skills of schoolchildren in the Kazakh language lessons. The role of the teacher in mastering language skills is differentiated, and examples of lessons in the formation of language skills are given. The main purpose of the formation of language skills is specified, the ways of developing students' functional literacy skills are considered.

**Keyword:** Language skills, functional literacy, working with text, writing, text content, relevant thought.

**Аннотация.** В данной статье освещены пути формирования языковых навыков школьников на уроках казахского языка. Дифференцируется роль учителя в овладении языковыми навыками, даются образцы уроков в формировании языковых навыков. Конкретизирована основная цель формирования языковых навыков, рассмотрены пути развития у учащихся навыков функциональной грамотности.

**Ключевые слова:** Языковые навыки, функциональная грамотность, работа с текстом, письмо, содержание текста, актуальная мысль.

Еліміздің білім саласының алдында тұрған басты міндет-сыныпта алған білімдерін болашақта пайдалана алатын жеке тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатты шешу, мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің міндеті деп білемін. Осы орайда жаңартылған білім беру бағдарламасының орны ерекше. Өйткені, жаңартылған бағдарлама оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыруға зор мүмкіндік жасап отыр. Ол тілдік дағдылар: тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда, функционалдық сауаттылықты арттыруда мәтінмен жұмыс аса маңызды рөл атқарады. Өйткені бала мәтінді оқи отырып, өзін-

дік ой түйеді, мәтіннен ғибрат алады. Мәтінде айтылған өзекті ойды анықтап, ондағы танымдық мәселелерді күнделікті өмірде өз қажетіне жарата алады.

Мәтінмен жұмыс барысында мәтінді дұрыс таңдау, балалардың жас ерекшелігін ескеру аса маңызды. Қазіргі кезде оқулықта да мәтіндер тақырыпқа сай, танымдық тұрғыдан дұрыс берілген. Алайда соған қосымша басқа да мәтіндер беру оқушы бойында тілдік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, болашақ өмірге дайындауда ұстаз ретінде біздің атқарар міндетіміз жетерлік. Ал осы жұмыстарды қалай жүзеге асырамыз? Оқушылардың тілдік дағдыларын қалай қалыптастыра аламыз? Тілдік дағдыларды қалыптастыруда мәтінмен жұмыс қаншалықты тиімді? – деген сауалдарға жауап іздей отырып, мен мына төмендегідей тұжырымға келдім. Ол тұжырым: білім беру ісін талапқа сай жүргізе білу және сабақта оқушыға пайдасы мол мәтіндерді тиімді қолдана алу.

Мен оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру барысында мәтіндерді дұрыс тиімді қолдануға басымдық беремін. Мұндағы мақсатым:

- оқушыларға тілдік дағдыларды игерту;
- мәтінмен жұмыс негізінде оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру;
- оқытудағы тиімді тәсілдер арқылы білім сапасын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар тілдік дағдыларды игереді;
- Оқушылардың пәнге қызығушылықтары оянады;
- Қазақ тілі пәнінің білім сапасы артады.

Сонымен біз сабақта тілдік дағдыларды игертуде мәтіндерді қалай қолданамыз? Бұл сұраққа толық жауап беру үшін әрбір тілдік дағдыға жеке-жеке тоқталып, сол дағдыны мәтін арқылы игертуде қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді саралап өтейік. Тілдік дағдылардың ең алғашқысы-тыңдалым дағдысы. Бұл дағды баланы тыңдалған ақпаратты есте сақтап, өмірде дұрыс қолдана білуге үйретеді. Тыңдалым дағдысы қалыптасқан оқушылар болашақта адамдармен қарым-қатынас жасауда және белгілі бір жетістікке қол жеткізуде табысты болатындығы ғалымдар тарапынан дәлелденген.

Тыңдалым мен айтылым дағдысы көбінесе қатар қолданылады. Өйткені тыңдалым тапсырмасы негізінде айтылым дағдысын жақсартуға бағытталған тапсырмалар беріледі.

Білім алушы бойында сыныпта алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуге бағыттайтын оқылым дағдысын қалыптастыруда да мәтіндердің рөлі жоғары.

Оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыруда мынадай тапсырмалар беруге болады:

- Көз жүгірте шолу жасап оқыңыздар;

- Мәтіннің тақырыбы мен алғашқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжаңыздар;

- Мәтіннің негізгі ойын анықтаңыздар;

- Мәтіндегі ойға өз көзқарасыңызды білдіріңіздер.

Оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыру үшін мынадай әдіс-тәсілдер қолдануға болады. Олар: «Топтық тергеу», «Үш сөйлем», «Дұрыс немесе бұрыс», «Айғақ па, пікір ме?», «Бір ғана минут», «Жуан-жіңішке сұрақтар» және тағы басқалар.

Оқылым дағдысы қалыптасқан білім алушы өз ойын шығармашылықпен жеткізе алады. Шығармашылық деген-жазу ғана емес, сыни ойлап өз бетінше түйін, қорытынды шығара білулері.

Жоғарыда аталған дағдылардың ішінде оқушыларды шығармашылыққа жетелеуде жазылым дағдысының орны ерекше. Жазылым дегеніміз не? Жазылым-бұл оқушылардан үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруді талап ететін міндет. Жазылым түрлері әр алуан.

Оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары-продуктивті жазылым және жазылым үдерісі. Продуктивті жазылымда біз оқушыларға жазылатын эссе үлгісін ұсынамыз. Бұл оқушыға қалай жазу керектігі туралы идеяны береді.

Жазылым жоғарыда аталған 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім дағдысы болып табылады. Оқушы бойында жазылым дағдысын қалыптастырмас бұрын өз-өзімізге мына сұрақтарды қойғанымыз жөн.

– Оқушылардан не туралы жазуды сұраймын?

– Оқушыларға жазылым құрылымын сақтап жазу дағдысын қалай игертуге болады?

Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең әуелі, сөздік қорға тікелей байланысты. Ал сөздік қор оқылым арқылы келеді.

Оқылым материалдары негізінде жинақы мәтін жаздыру үшін оқушылар негізгі ойындарды түйіндей алуды меңгереді. Мәтіндегі негізгі ойды қысқаша оймен жеткізуді меңгерген оқушылар грамматикалық дағдыларды терең меңгере алады.

Сонымен, белгілі жазылым құрылымын сақтап жазуды үйрету үшін бірнеше қаддамдар жасаймыз:

- әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;

- ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;

- шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру;

- түзету және редакциялау;

- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)

- дұрыс нұсқаны жазып шығу.

Мәтін арқылы тақырыпты меңгертуге бағытталған сабақ құрылымы 3 кезеңнен тұрады.

1. Мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар. Бұл кезеңде мәтін мазмұнын болжауға арналған тапсырмалар ұсынуға болады. Осы арқылы оқушылардың ойлау дағдыларын жетілдіре аламыз. Бұл кезеңде тыңдалым, айтылым дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар берген тиімдірек.

2. Келесі тапсырма оқылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар болғаны дұрыс. Алғашқы тапсырмалар мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуге бағытталған тапсырмалар болса, кейінгі тапсырмалар мәтіннен нақты ақпараттарды табуға бағытталады. Нәтижесінде білімалушылар нақтылыққа ұмтылады. Өмірге деген көзқарастары қалыптасады.

3. Соңғы кезеңдегі тапсырма-мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Бұл сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолданып жауап бере алатындай етіп ұйымдастырылуы қажет.

Қазақ тілі сабағында мәтіндерді тиімді қолданудың басты шарты-мәтіндерді дұрыс таңдай білу. Біріншіден, мәтіндерді дұрыс таңдауда балалардың жас ерекшелігі ескерілуі қажет. Екіншіден, мәтіндердің тәрбиелік мәніне баса назар аударылу керек. Үшіншіден, мәтіндердің көлемі стандартқа сай болуы қажет. Сонда ғана олардың баланың жан-жақты дамуына ықпалы зор болады.

Тапсырмалар беру барысында дағдыларды үйлестіре қолдана білуіміз керек. Себебі 4 дағдының бәрін бір сабақта қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан сабақ тақырыбына сай тілдік дағдыларды үйлестіре қолданып, мәтін түрлерін беруге болады.

Жоба тиімділігін қамтамасыз ету үшін тапсырмаларды жүйелі ұйымдастыру қажет.

«Құсбегілік-хоббидің бір түрі» тақырыбына байланысты тілдік дағдыларды мәтіндер арқылы қалыптастыру үшін мына бейнежазбаны ұсынып, төмендегідей тапсырмалар беруге болады:

Сыныбы: 5-сынып

Сабақтың тақырыбы: Құсбегілік – хоббидің бір түрі

Оқу мақсаты: 5.1.5.1 – тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру;

5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хабарландыру құрастырып жазу.

## **1-тапсырма**

Тыңдалған мәтін негізінде мына сұрақтарға жауап беріп, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойыңызды білдіріңіздер

[https://youtu.be/9\\_sU3ybUIeQ](https://youtu.be/9_sU3ybUIeQ)

1. Қыран құс қай елдердің туында бейнеленген?
2. Құсбегі деп кімдерді айтамыз?
3. Қандай қыран құстарды білеміз?
4. Бейнежазбада қандай мәселе көтерілген?
5. Бейнежазбада көтерілген мәселеге қандай ой білдірер едіңіздер?

**Дескрипторы:**

- Сұрақтарға жауап береді;
- Мәтін бойынша өз ойын білдереді

**2-тапсырма**

Бейнежазбаны тыңдап, тыңдалған мәтін негізінде ауылымызда өтілетін құсбегілер сайысына шақыруға арналған хабарландыру құрастырып жазыңыздар

**Дескрипторы:**

- Хабарландыру құрастырады;
- Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды.

Дәл осы тақырыпқа оқу мақсаты оқылым және айтылым болса мынадай тапсырма ұсынамыз

Сыныбы: 5-сынып

Сабақтың тақырыбы: Құсбегілік – хоббидің бір түрі

Оқу мақсаты: 5.2.6.1 – оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу;

5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру

**1-тапсырма.**

Берілген мәтіннен құсбегіліктің қазақ, қырғыз халқының төл мәдениеті екенін анықтайтын азат жолды тауып оқыңыздар.

**Құсбегілік-бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи, тұйғын, тұрымтай, сұңқар, лашын** сияқты жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға, құсқа салатын саятшылық өнердің бір тармағы. Құсбегілік жаһанда кеңінен тараған, оның ішінде бүркітшілік қазақ, қырғыз халықтарының дәстүрлі ежелден келе жатқан үлкен төл өнері ретінде саналады. Қазақ халқының арасында бұл өнердің тамаша шеберлері кең дәріптеледі. Мәселен, «Аспанда жүрсем қанатым талады, жерге қонсам жалайыр Шора алады», «Тінейдегі қасиет- ұялас екен сарқұспен, Шорадағы қасиет-тілдес екен бар құспен», – деген сөздер бар. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D1%81%D0%B1%D0%B5%D0%B3%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA>

### **Дескрипторы:**

- Оқылым стратегияларын қолданады;
- Нақты ақпаратты табады

### **2-тапсырма**

Мәтінде көтерілген мәселені түсіндіріп, өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер

Дескрипторы:

Көтерілген мәселені түсіндіреді;

Өз көзқарастарын білдіреді

Ал енді осы тақырыпты оқу мақсаты оқылым және жазылым болғанда қандай тапсырмалар беруге болатынын ұсынайық.

### **1-тапсырма.**

Берілген мәтінді оқып, қай жанр түріне жататынын анықтаңыздар.

**Құсбегілік-бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи, тұйғын, тұрымтай, сұңқар, лашын** сияқты жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға, құсқа салатын саятшылық өнердің бір тармағы. Құсбегілік жаһанда кеңінен тараған, оның ішінде бүркітшілік қазақ, қырғыз халықтарының дәстүрлі ежелден келе жатқан үлкен төл өнері ретінде саналады. Қазақ халқының арасында бұл өнердің тамаша шеберлері кең дәріптеледі.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D1%81%D0%B1%D0%B5%D0%B3%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA>

### **Дескрипторы:**

- Құрылым арқылы жанр түрін ажыратады;
- Ресімделуі арқылы ажыратады

### **2-тапсырма**

Берілген мәтін негізінде «Құсбегілік-қазақ халқының ұлттық өнері» тақырыбында 50-70 сөзден тұратын сипаттамалық эссе жазыңыздар.

### **Дескрипторы:**

- Эссе құрылымын сақтайды;
- Сөз санын сақтайды;
- Тақырыптан ауытқымайды;
- Грамматикалық қате жібермейді

### **Қорытынды**

Мәтін арқылы тілдік дағдысы қалыптасқан білім алушы өз ойын шығармашылықпен жеткізе алады. Шығармашылық деген-жазу ғана емес, сыни ойлап өз бетінше түйін, қорытынды шығара білулері.

Сонымен, мәтіндерді тиімді қолдану үшін бірнеше қадамдар жасаймыз:

- мәтін арқылы берілетін білімді, тәрбиені анықтап алу;
- ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- оқу мақсатына сай болуын қадағалау.

Бүгінгі кездегі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет-оқуды қызықты ету. Оқу қызықты болғанда ғана оқушылардың сабаққа ынтасы артады. Себебі, білім жақсы игеріледі. Ал бұл өз кезегінде оқышылардың білім сапасының артуына ықпал етеді. Оқушылардың шығармашылық дағдылары дамиды.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «21 ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, мұғалімдер еңбегі сырттай қарағанда елеусіз тірлік сияқты болып көрінеді. Әйтсе де олар ұлы істер, ұлт мерейін өсіретін болашақ тұлғаларды тәрбиелеп жатқан жандар. Олардың алдынан біздің келешектегі көсегемізді көгертіп, керегемізді ұлғайтар кесек тұлғалар қанаттанып жатыр. Олай болса, білім беру мазмұнының түбегейлі тамырлы өзгерісінде шығармашылықпен қаруланған бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау міндетімізді мүлтіксіз атқара білейік, – дегім келеді.

#### **Әдебиет:**

1. 12 жылдық білім беру Тұжырымдамасы.
2. Құсайынов А. «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы». Алматы, 2013 ж.
3. Әлімов А. «Интербелсенді әдістемені ЖОО–да қолдану мәселелері». Алматы, 2013 ж.
4. Мирсеитова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды, 2011 ж.



**М.Есматова**

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

**Ж.Айткенова**

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, студент  
Қазақстан*

## **ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ АУЫЗЕКИ ТІЛІ**

**Аңдатпа.** Әрбір мәдени-тарихи дәуірдің өзіндік тілі бар. Бүгінгі жастардың сөйлеуі әдеби тіл мен жаргон шегінде тепе-теңдікке ие біздің қоғамның тұрақсыз мәдени және тілдік жағдайын көрсетеді. Жалпы жаргон деп аталатын – тілдің нормалары мен сөйлеу этикетінің нормаларын бұлдырататын сөйлеу стилі күнделікті қарым-қатынаста ғана емес, сонымен қатар теледидар мен радио эфирінде де таныс болады. Жастар жаргонның басым тасымалдаушысы бола отырып, оны поп-мәдениеттің элементі етеді, беделді және өзін-өзі көрсету үшін қолданады. Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінде тіл де әртүрлі болды. Кейінгі кезеңде поп-мәдениеттің элементі бар көше элементтерінің толқындары ауызекі сөйлеуді басып озды, бұл өз кезегінде оны беделді және өзін-өзі көрсету үшін қажет етеді. Біз қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті әртүрлі, өзгеше дәрежеде екендігін, олар бір ауыз сөзді ойланып барып, әрең жеткізетіндігін көріп жүрміз. Тілді бақылау жүйесінен, нақты тіл саясатынан, БАҚ-тағы цензурадан және заманауи көркем әдебиеттен бас тарту, компьютерлік және технологиялық прогресс, ең алдымен, жастардың тұтас тілдік бейнесін жояды. Өз сөзінде ортақ қолданыстағы сөздерге орыс сөздерін, жалғауларын қосады, олардың өз тілінде баламасы бола тұрса да, кірме сөздерді, оларға қазақ тілінің қосымшаларын қосып және тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзады. Жастар дағдысына қарай мұндай сөздерге оңай бейімделеді, оларды кез-келген жағдайда қолданады.

**Тірек сөздер:** жаргон, әдеби тіл, тілдік бейне, технологиялық процесс, ауызекі сөйлеу, сөйлеу мәдениеті.

**Abstract.** Each cultural and historical era has its own language. The speech of modern youth reflects the unstable cultural and linguistic state of our society, which is balanced within the framework of literary language and slang. The so-called general slang – a style of speech that blurs the norms of language and speech etiquette, is familiar not only in everyday communication, but also in television and radio broadcasts. Young people, being the dominant carrier of slang, make it an element of pop culture and use it for prestige and

self-expression. At different stages of the development of society, the language was also different. In a later period, waves of street elements with an element of pop culture overtook the spoken language, which in turn made it necessary for prestige and self-expression. We see that the conversational culture of today's youth is different, they think about one word to varying degrees and hardly convey it. The rejection of the system of language control, specific language policies, censorship in the media and modern fiction, computer and technological progress, first of all, destroys the entire linguistic image of young people. In his speech, he adds Russian words and conjunctions to commonly used words, even if they have equivalents in his native language, adds foreign words to them, additions of the Kazakh language, and even breaks the rules of the established sentence. Due to their skills, young people easily adapt to such words and use them in any situation.

**Keywords:** slang, literary language, linguistic image, technological process, colloquial speech, speech culture.

**Аннотация.** Каждая культурно-историческая эпоха имеет свой язык. Речь современной молодежи отражает нестабильное культурно-языковое состояние нашего общества, которое балансируется в рамках литературного языка и сленга. Так называемый общий сленг – стиль речи, размывающий нормы языка и речевого этикета, знаком не только в повседневном общении, но и в теле- и радиопередачах. Молодежь, являясь доминирующим носителем сленга, делает его элементом поп-культуры, использует для престижа и самовыражения. На разных этапах развития общества язык также был разным. В более поздний период волны уличной стихии с элементом поп-культуры настигли разговорную речь, что, в свою очередь, сделало ее необходимой для престижа и самовыражения. Мы видим, что разговорная культура нынешней молодежи иная, в разной степени они думают об одном слове и почти не передают его. Отказ от системы языкового контроля, специфической языковой политики, цензуры в СМИ и современной художественной литературе, компьютерный и технологический прогресс, прежде всего, разрушает весь языковой образ молодежи. В своей речи он добавляет к общеупотребительным словам русские слова и союзы, даже если они имеют эквиваленты в его родном языке, добавляет к ним иностранные слова, дополнения казахского языка и даже нарушает правила установленного предложения. По своим навыкам молодые люди легко адаптируются к таким словам и используют их в любой ситуации.

**Ключевые слова:** жаргон, литературный язык, языковой образ, технологический процесс, разговорная речь, культура речи.

Тіл – қоғамның өмір сүруі мен дамуының қажетті шарты, бұл оның рухани мәдениетінің элементі. Қазақ тілі әлемдегі ең бай және дамыған тілдердің бірі болып саналады. Бірақ тілді дамытатын болашақ жастар. Қазіргі жастар тілі ерекше алаң-

даушылық тудырады. Жастардың сөйлеуі қалай қалыптасады және ол тіл мәдениетіне қалай әсер етеді? Осыдан логикалық сұрақ туындайды: бүгінде мұндай бай тілі бар жастар қазіргі қазақ тілінің нормаларын елемей, жаргон мен нормадан тыс сөздерді қолдана отырып, қарым-қатынастың жаңа түрін қалайды. Бүгінгі таңда біз бүкіл қоғам сөйлейтін, әлемде бізді танитын, мәдени ақпараттың барлық көлемін қамтамасыз ететін тілді бұрмалап, қарабайыр тілде сөйлесек, қазіргі қазақ тілін үйренуіміз мүмкін бе? Оны шешу қажет және маңызды. Тіл – бұл халықтың болмысының көрінісі, барлық ұрпақтардың өзіндік қоры, әрине, әдеби тіл. Тіл құндылығының өлшемі болып қала береді және солай болады, Ауызекі сөйлеудегі өзгерістер туралы айту мүмкін емес. Кейбір жастар тілдің беделін түсіреді, ұғымдар жойылады немесе кеңейеді, көптеген нормалар ұмытылады. Бұл құбылыстың себептері қандай?

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Жүсіп Баласағұн «Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп тауып айтқан. Сөйлеу – кеңістік пен уақытта жасалады. Бұл біздің өмірімізде болып жатқан мәдени бағдарлардың, құндылықтардың, көзқарастардың өзгеруіне байланысты сәйкес келеді. Қазіргі жастар болашақ ел бастайды. Жастар – өмірге деген көзқарасы толық қалыптасқан түрде, өндіріс саласынан бастап, басқару салаларына дейін жетіп, қоғамның одан әрі дамуына өз үлестерін қосады. Сондықтан да жастардың дүниетанымдық көзқарастары мен жалпы білім қорының молдығы өте маңызды фактор.

Тіл мәдениетіне апаратын жолдың бастауы – мәдениетті сөйлей білу. Өзара әрекеттесуді, адамзаттың бір-бірімен түсінуін қамтамасыз ететін, тілдік қарым-қатынасты іс жүзінде жүзеге асыратын тіл. Тілдік қарым-қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну және т.б. іс-әрекетіне тікелей қатысты құбылыс. Сонымен қатар, ол тек ізгілік, сауаттылық туралы ғана емес, сонымен қатар тілдік әдістерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану шеберлігі туралы айтады. М. Балақаев: «Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы», – дейді [1, 17]. Ал Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деп анықтама береді [2, 18].

Л.И. Ожегов: «Тіл мәдениеті – бұл өз ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе білу дағдысы. Дұрыс сөз – бұл әдеби тілдің нормасы сақталатын сөз. Тіл нормасы – жал-

пы тілдік сөйлеу, грамматика, көпшілік алдында сөйлеу практикасында қабылданған сөзді қолдану ережесі. Ойынды жеткізудің нақты әдісін таба білу ғана емес, сонымен қатар тиісті жерде орынды сөйлеу [3, 287]. Ал тілші-ғалым Р. Сыздық сөз мәдениеті: «Тіл мәдениеті – сөздерді дұрыс қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс үйлестіру (морфологиялық), дұрыс айту (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілдік (лингвистилистік) нормаларды сақтау, бекіту, жетілдіру» деп атап өтті [4, 24-25].

Сөйлеу мәдениеті топ алдындағы, достарының алдында мәдени сөйлеу, оның алғышарттары мен әдістерін, озық үлгілерді игеру тәсілдері, нақты қасиеттерді түсіну сияқты мәселелермен тығыз байланысты. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз бір сөзді қайталай беру, мысалы, яғни деген сөзді жастар әр сөйлемінде қолданады, сол пікірді қайталау, өзіне жүгіну, асыра сөйлеу, физикалық әрекеттерді араластыру сөз мәдениетінде қолданылмайды. Алынған сөздерді орынсыз пайдалану да сөз мәдениетіне нұқсан келтіреді. Сөйлеу мәдениеті сөйлеу этикасы ұғымымен үйлеседі. Сөз мәдениеті теориясының дамуында лексикография, әсіресе түсіндірме сөздіктер, нормативтік орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік және т.б. арнайы сөздіктер ерекше орын алады. Қазақ тіліндегі сөз мәдениетінің дамуына Абай, М. Әуезов, Ғ.Мүсірепов, А.Байтұрсынов, С. Сейфуллин және т. б. шығармалары үлкен әсер етті, қазақ тіл біліміндегі сөйлеу мәдениетінің мәселелерін А.Байтұрсынов, М. Балақаев, Н. Уәли, Р. Сыздық, Ғ.Қалиұлы, С. Исаев, Т. Арынов және т. б. ғалымдар зерттеді және зерттеп келеді.

Сөйлеу мәдениеті – бұл үлкен сапалы, мазмұны терең, ұтымды, көркем, ғылыми, бай халықтық қарым-қатынас жасауда қолданатын тілі. Сөйлеу мәдениеті өзінен-өзі қалыптасып, нығаймайды. Бірді-екілі іс-шаралармен сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті жайлы мәселелерді көтеруге болады да. Бірақ бұл мәселені түбегейлі шешпейді. Сөйлеу мәдениеті ел экономикасынан, халқының әл-ауқатынан тыс дүние емес, қоса өрілген еншілес дүние. Бірінсіз-бірі ғұмыр кешпейді. Күні кешегі кеңестік жүйедегідей сананы қаншама өзгертемін деп әуре-сарсаңға салғанындай, оның күні қараң. Бір-ақ күнде күйреп қалады. Сол себепті де тәуелсіз еліміз бүгінгі таңда ел экономикасын тіктеп, оның рухани-мәдени салаларына жіті назар аудару бастағаны мәлім. Сондай-ақ, осы орайда құқықтық, мәдени, этикалық мәселелердің төбе көрсетіп тұрғаны да шындық.

Тілді дұрыс қолдану өзіндік стиль сезімін, нақты және жеткілікті дамыған таза жеке тұлға екендігін көрсетеді. Бірақ көбінесе бұндай даралыққа деген ұмтылыс ақылдылықтың барлық шекарасынан өтеді. тым асыра қолданылады. Зерттеулерге сәйкес, қазіргі жасөспірімге, ең алдымен, қоршаған мәдени орта (отбасы, достар, туыстар, құрдастар), сонымен қатар, теледидар, сән журналдары, көркем әдебиет, музыка және жалпы қоғам әсер етеді. Әрбір жаңа буын бұрыннан бар мәтіндерге,

тұрақты сөз тіркестеріне, ойды жобалау әдістеріне сүйенеді. Осы мәтіндердің тілінен ол ең қолайлы сөздер мен сөйлеу бұрылыстарын таңдайды, алдыңғы ұрпақтар жасаған өзі үшін маңызды нәрсені алады, жаңа идеяларды, әлемге жаңа көзқарас білдіру үшін өзіндік ерекшеліктерді әкеледі. Әрине, жаңа ұрпақ тарихы алыста (архаичный), ескі болып көрінетін нәрселерден бас тартады, ойды тұжырымдаудың, өз сезімдерін, адамдар мен оқиғаларға деген көзқарасын жеткізудің жаңа тәсілін іздейді. Кейде олар көне тілдің формаларына оралып, оларға жаңа мазмұн, түсінісудің жаңа қырларын анықтағылары келеді. Осылайша, тілдің үнемі дамуы әдеби тілдің тұтастығы мен түсінігін сақтауға көмектесетін әдеби нормалардың өзгеруіне әкеледі. Олар әдеби тілді диалектикалық сөйлеу ағымынан, әлеуметтік және кәсіби жаргондардан қорғайды. Бұл әдеби тілге маңызды функциялардың бірін – мәдени функцияларды орындауға мүмкіндік береді.

Бірақ тіл дамуының қазіргі тенденциясы болашақта біздің тілге жақсы әсер етпейтін тәрізді. Next ұрпағы әдеттегі нормаларды бұзады және өзгертеді, сондықтан біздің прогрессивті ғасырдың аяғында тілдің қандай болатынын елестету қиын. Мысалы, Қазақстандағы «Жастар үні», Ресейдегі «Балға», «BRAVO» жастар журналдарын алайық, оларды барлық «продвинутый» жастар оқиды және алғашқы беттерден бастап кездесетін сөздер: татуха, шмоткилер, тусить, іліп қою, дноуха, баскет, движуха, врубайсы, уважуха, колбасеры, бабло, кидалово, т.б.. Олардың орыс тіліндегі нұсқасын қазақ жастары да сол қалпында өз сөйлемдерінде қолданады, сондықтан оны шексіздікке дейін тізе беруге болады.

Теледидардағы жағдай да осындай, мысалы Gakku FM, МУЗ ТВ, MuzZone және т.б. Өскелең ұрпақтың сүйікті телебағдарламаларының бірі «COMEDY CLUB», «Қалаулым», «Ду қол шоколад» және т.б. болып табылады, олар жоғары рейтингке шығу үшін тілдік қана емес, адамгершілікке бастайтын кез келген нормалардан ауытқып, оларды елемеуге дейін барады. Сонымен бірге, кейбір заманауи топтардың музыкалық композицияларын ерекше атап өткен жөн, олардың әндерінің сөздері кезкелген ересек, білімді адамды моральдық жақтан соққыға ұшыратуы мүмкін. Олар: «Ninety One», «КешYou», «Jokeasses» және жеке әншілердің орындауында. Ал автобуска немесе таксиге отырсың да, шансон әрдайым орыс тілінде ойнап тұрады.

Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетіне әсер ететін факторларды атап өтейік: біріншіден, ортаның әсері. Миллиондаған қоғамда өмір сүретін қазіргі заманғы орта жасты адамдар қарым-қатынастың жетіспеушілігін сезінеді. Жастар өз ойлары мен сезімдерін білдірудің дағдыларды жоғалтуда деген құбылысты көбірек байқауға болады. Білімі, жасы, тұратын үйі, оқуы адамның сөйлеу мәдениеті жоғары, тілі бай және мәнерлі болатынына кепілдік бермейді. Сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы үшін қарым-қатынас жасай білу, бейнелі ойлау, дәлелдеудің әртүрлі тәсілдерін меңгеру қабілеті қажет. Екіншіден, жастар арасындағы ең үлкен проблеманың бірі – орфо-

рафиялық сауатсыздық. Жыл сайын сауатсыз жазатын жастардың саны прогрессивті түрде өсуде. Бүгінгі жастар алмасатын СМС хабарламалары қазақ тілінің барлық ережелерін мүлдем қабылдамайды: тыныс белгілері, бас әріптер алынып тасталады, сөздердің қысқартулары белсенді қолданылады. Мұның бәрі автоматты түрде дәптерге ауыстырылады. Жоғары оқу орны әлеуметтік институт ретінде қазіргі жастардың моральдық-этикалық нормаларын қалыптастыру үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Бұл мүмкіндіктер оқу процесінде де, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылуы мүмкін. Студенттік қоғамдастықта, туған университеттің қабырғасында студент қазақ тіліне дұрыс көзқарас қалыптастыра алады. Университет – бұл сөйлеу мәдениеті мен жалпы тілдің дамуына ықпал ететін ең тиімді әлеуметтік институттардың бірі. Алайда, мемлекеттік білім стандартының негізгі білім беру бағдарламасының міндетті минимумын талдай отырып, біріншіден, жастардың моральдық-этикалық қасиеттерін дамытуға, екіншіден, сауатты сөйлеу мен жазуды үйретуге ықпал ететін пәндердің барлық циклынан шамамен 12% – ы мәдениеттану, риторика, орыс тілі және қазақ тілі, сөйлеу мәдениеті және т.б. құрайтыны анықталды, бұл олардың университет түлегінің жеке басының маңызды құндылықтар жүйесін қалыптастырудағы жетіспейтіндігін дәлелдейді. Бұл пәндердің минимумына техникалық мамандықтар да қол жеткізді. Болашақ мамандарды оқытуда қазақ тіліне тым аз көңіл бөлінетінін білдіреді. Әр мамандықта сөйлеу мәдениеті, шешендік өнер деген пәндер енгізілуі қажет. Сонда ғана жастардың тек сөйлеу мәдениеті емес, сауаттылығы, тілге деген сүйіспеншілігі артады. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндерге тоқталмағанда, оның өзінің белгілі елімізді дамытушы ұрпақты тәрбиелеудегі мақсаты, әрине, үстем.

Үшіншіден, жастар тілінің қалыптасуына отбасының да рөлі үлкен. Балабақшада, мектепте бала жасанды сөйлеу ортасына түседі, ол жасқа сәйкес сөйлеуді оңтайлы дамытуға арналған. Бірақ ол өз отбасында негізгі дағдыларды игереді, жақсы сөйлеу дағдылары да осы ортада орын алады. Жақын адамдар, өзінен үлкен адамдар оны қалыптастыру үшін үлгі ретінде қызмет етеді. Ешбір жағдайда ата-аналар балалардың «жалған» тіліне қосылмауы керек, өз сөздерін қатаң қадағалап, сөздерді бұрмаламау керектігін түсіндіріп отырған жөн. Баланың дамуы кезінде қолайлы жағдайдың болмауы (дау-дамай, шу, үнемі ұрыс) оның айналасындағы сөйлеуді анық және толық қабылдауға мүмкіндік бермейді. Әдетте, ата-аналар көп уақытты баламен қарым-қатынасқа, онымен ойнауға, ертегілерді оқуға немесе балаға айтуға, өлеңдерді үйренуге көп уақыт бөлетін отбасыларда дұрыс және уақытылы дамиды. Бала «сорғыш» сияқты бәрін, соның ішінде үнемі естілетін сөздерді сіңіреді. Басқалардың, ең алдымен, ата-аналардың сөйлеу мәдениеті сөздік қорын қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Сөйлеу мәдениетіне кері әсер ететін тағы бір фактор – көркем әдебиет пен газет-журналдарды оқымау. Бүгінгі таңда жастар арасында кітап, газет, журнал оқуға деген

қызығушылықтың болмауы проблемасы бар. Көптеген жастар кітап оқуды тоқтатты. Неге? Жастар қазір ақыл-ой үшін ойын-сауықтың кең таңдауына ие, оқудың қажеттілігі жоқ. Қазір балалардың бос уақытын өткізу амалдары түрлі, көптеген жасөспірімдер кітапты оқудан гөрі мәлімет алудың оңай жолы таңдап, теледидарды немесе интернетті қалайды. Мәселен, мектептің өзінде, қазақ әдебиеті сабағында белгілі лиро-эпостық жыр «Қыз Жібек» тақырыбын өткенде, тапсырма былай берілген: ғаламтордан немесе теледидардан осы жырдың фильмдік түсірілімін көріп келіңіздер. Бала жақсы тыңдалып әдісі арқылы тыңдау қабілеті, зейіні артатын шығар, алайда ол хрестоматияда берілген мәтін нұсқасын оқымайды. Көріп алып, соны айтып береді. Біздің ойымша, бұл дұрыс емес. Өзіміз балаларды мәліметті ғаламтордан ізде деп бағыт беріп тұрмыз. Статистикаға сәйкес, жастар қазір кітапханаларда сирек кездеседі, ал егер ол көркем әдебиетті алса, онда тек білім беру бағдарламасына кірген шығармаларды ғана алады, оқиды. Зерттеулер көрсеткендей, кітап оқитын жастар шытырман оқиғалы классикалық жанрды емес, қазіргі құрдастары туралы өзекті әңгімелерді артық көреді. Дәл осындай шығармаларда жасөспірімдер кітап беттерінде көрініс табатын өздерінің мәселелерінің шешімін табуға үміттенеді.

Қазіргі уақытта аудио кітап сияқты әдебиет туралы ақпарат алудың бір түрі танымал бола бастады. Белгілі бір шығарманың жазбасы бар дискіні қосып тыңдасақ, оқудың қажеті қанша деген сұрақтар туындайды. Алайда аудио кітапты тыңдап отырып, бізге олар шығарманың мазмұнына өзіміз оқығанда алатын сезімдерді сәйкес жеткізе алмайды. Біздің ХХІ ғасырда уақыт жылдам өтіп жатқандықтан, адамның кітап оқуға уақыты жоқ, сондықтан ол ғаламтор және аудио кітаптар қызметтерін пайдаланады. Біз жастар арасындағы кітап мәселесін қарастыра аламыз ба, өйткені әдебиетке арналған мектеп бағдарламасы, көбінесе, оқушылардың жас ерекшеліктерін қабылдаудан озып кетеді. Сондықтан мектеп бағдарламасы қиын, меңгеруге арналған материал көп, оқи отырып, көптеген білім алушылар түсінбейді және өздеріне қажет материалдан мида ештеңе қалдыра алмайды.

Сөйлеу мәдениетіне әсер ететін тағы бір фактор – ғаламтор. Бүгінгі таңда ғаламтордың адамзат үшін ең үлкен ақпарат көзі екендігі даусыз. Оның ұзақ және жақын қашықтықтағы пайдаланушылар арасындағы байланыстың тиімділігі мен қол жетімділігі сияқты мүмкіндіктері ғаламторды таным құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар байланыс құралы ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді. Заман өзгеруде, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарқынды дамуда: бүгінгі оқушылар мен студенттер әлеуметтік желілердің көмегімен бір-бірімен сөйлеседі. «В контакте» «Одноклассники» сияқты әлеуметтік желілер (дәл осы екеуі біздің елімізде ең танымал) көптеген артықшылықтарға ие. Мұнда қызығушылық тобы, әзіл, видео, музыка және ойындар, ең бастысы, кез-келген уақытта сөйлесуге мүмкіндік бар. Ғаламторды пайдаланушылар жасаған сленг жалпы лексикаға ауысады. Сөйлеудің

барлық тілдік деңгейлердегі әдеби нормалардан айырмашылығы –ғаламторды пайдаланушылар арасында жиі қолданылатын қарапайым сөздер, жиі дөрекі- қарапайым лексика, жаргонизмдер: «Хай, пипл, қалайсың? », «Сіздің джобыңыз қалай қозғалды? » – грамматика деңгейінде – сөйлеу тіліне жақын құрылымдарды қолдану және т.б. Ғаламтордағы сөйлеуде коммуниканттардың сөйлеу фонетикасының ерекшеліктерін (че, қазір, ваще) жазуда кеңінен таралған, көбінесе фразаның интонациялық түсін тек «смаилик» белгілері есебінен ғана емес, сонымен қатар созылған дауысты дыбыстарды белгілеу арқылы да көрсетуге тырысады (жақсы-ы-ы, кереме-е-е-т), сондай-ақ, дискурстың ерекшеліктерін, қарым-қатынас жағдайларын сипаттау әрекеттері (мысалы, диалогтағы реплика: «Ол ойланып: – хм-м-м»). Кейбір сөздердің графикалық формасы дыбысқа жақын және транскрипцияға ұқсас, мысалы: «ничче, а шо», «конеш».

Орфографиялық нормадан мұндай ауытқулар ситуациялық сипатта болуы мүмкін және дәстүрлі, жалпы қабылданған (сөйлесулерде) болуы мүмкін. Соңғысына «че», дәл қазір дегенге «қаз», «не зат», «ваще», кәне дегенге «кән» жатады. Әрине, бұл қандай да бір желілік норманың қосылғанын көрсетпейді, мұндай емле толық емес, ал сөздік формалардың әдеттегі емлесін аталған нұсқалармен қатар табуға болады. Жаңа сөздердің пайда болу процесі интернет тілінде көшкін тәрізді сипатқа ие болады. Интернет тілінің сөздігін толықтырудың маңызды көзі – сөзжасам. Материалдың едәуір мөлшері, салыстырмалы түрде қысқа мерзіміне қарамастан, мұнда ең өнімді сөзжасамдық модельдер туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әдетте, әр сөзжасамдық ұяның негізі ағылшын тіліндегі түбірлік морфеманы алу немесе есептеу болып табылады. Морфемалар ғана емес, сонымен қатар қысқартулар да алынады, содан кейін олар түбір морфемаларының орнын алады.

Сонымен, нақты қарым-қатынас виртуалды түрде алмастырылатыны белгілі болды, көзбе-көз, жүзбе-жүз сөйлесу мүмкіндігі жоғалады. Сондай-ақ, виртуалды режимде қарым-қатынас грамматика мен тыныс белгілерін сақтамау, қарапайым сөйлемдерді құрастыру, эмоцияларды смайлдармен ауыстыру – мұның бәрі нақты қарым-қатынасқа теріс әсер етеді. Тілдің сөздік құрамы үнемі өзгеріп отырады, бүгін құлақты кесіп, ерсі естілетін сөздер біраз уақыттан кейін нормаға айналуы мүмкін. Алайда уақыт ағымына ұшырамайтын тілдік база әрдайым өзгеріссіз қалады деген үміттеміз. Бұл жерде жастардың ауызекі және әдеби сөйлеудің әртүрлі екенін білуі өте маңызды, сол тұсын үйретуіміз қажет.

Қазіргі жастарымыз әлеуметтік желіде зат алысқанда, бір-бірімен виртуалды сөйлескенде көбінесе сөздерді қысқартып жазады. Сонымен бірге, кей смартфондарда қазақтың спецификалық әріптері болмағандықтан, олардың орнына орыс, латын әріптерімен теріп жаза береді. Бұл да сауатсыздыққа әкеледі деп ойлаймыз. Мысал келтіріп өтсек: сәлем – слм, не жаңалық? – не жан, рахмет – раха, Қалайсың? – калай-



сын, Не істеп жатырсың? – не истеватсын, бәрі дұрыс – бәри дурус, болшы – бош... Бас әріп, тыныс белгілеріне келетін болсақ та, сол проблема. Сондай-ақ, түк те емес деген тіркестің орнына – чепуха, күлкіні – угар деп береді, көлікті – тачка, мақсат – таргет, мас – бухой, арзан – фуфло, бай адам – олигатор, демалыс – халява, сәнді – гламурный т.с.с.

Қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде, ағылшын тілінде де осындай мәселе туындап отыр. Мысалы, орыс тілінде дат на лапу, баксы, тусовка, денюха, отпад, мани, т.б. сөздер де тілді шұбарлауға әкелуде. Ағылшын тілінде де мысалдар келтірсек, chicken – қорқақ, Idiot box – теледидар, picnic – күш қажет етпейтін іс, т.б.

Сөйлеу мәдениеті әрбір адамның ішкі мәдениетіне тікелей тәуелді болғанымен, әсіресе, жастар арасында өздерінше заманауи, сәнді әрі өздерінше уақыт деңгейінен қалмағандығын дәлелдетуге тырысатын сөздер қазірде жеткілікті. Бұл сөздер қылмыс әлемінің жаргондары мен лексикасы десек те, кейбір жастар оларды мейлінше қолданады. Мысалы: сындырдым (көндірдім), жынды (керемет), лақтырды (тастап кету) т.т.

Сонымен, жастардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, ана тілін шұбарламауға көңіл бөлуіміз қажет. Кез келген тіл, қазақ тілі болсын, орыс тілі, ағылшын тілі болсын бүгінгі күні осы проблемаға ұшырауда. Теледидардағы бағдарламалар мен әлеуметтік желідегі ақпараттардың сапасын, сөздік қорын, тіліміздегі сөздердің дұрыс қолданылғанын саралап қарау, жастардың әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарын арттыру қажет. Ахмет Байтұрсынұлы атамыз айтқандай, «Тіл тазалығын сақтау – бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау – біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады».


### Әдебиет:

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1985. – 186 бет.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. – 156 бет.
3. Ожегов Л. Лексикология. Лексикография. Культура речи. – М.: Высшая школа, 1974. – 352 стр.
4. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. – Астана: Елорда, 2001. – 125 бет.

**Е.Молдасанов**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКА САЛАЛАРЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**



*Сурет 1 Қолтаңба тарихы*

«- Апай сізден бір естелік болсын, қолтаңба беріңізші –дедім. Бетіме жылы шыраймен күліп, «- балам бұл кітапхананың кітабы ғой»- деді. Менде саспай «- енді менің кітабым болады»- деп қолтаңба алғаныма да 36 жыл болыпты. Сол кезде Рәбиға апай 36 жаста екен. Сонау ру-тайпалық тілдерден бастап, қазіргі әдеби тіл қалай даму керек деген жаһандық ой тастайды. Зымырап өтіп жатқан уақыт.

Алматының әдемі көктемі. 30 май 1988 жыл. 4 курста сабақ беретін ұстазымыз ФИО академик Рәбиға Сәттіғалиқызы Сыздықпен « Қазақ әдеби тілінің тарихы және оның зерттелуі» деген тақырыпта кездесу өткізді. Әрине, тағлымы мол кездесу болды. Кездесуде студенттер аталған тақырып және ана тілінің тағдыры туралы сұрақтарды жаудырып, қызыл кеңірдек болғанымыз бар. Сол жылдары Қазақ тілінің соншалықты сөздік қоры бай бола тұра, көшеде, мекемелердегі қолданыс жағдайы өте нашар еді. Сонда Рәбиға апай өте байсалды, сабырлылықпен «Әр нәрсе өз уақытымен келеді, сабыр етіндер» – деген үні әлі құлағымыздан кетер емес. Осы кезде

...Көрдің бе?

Түсіндің бе барлығына?

Сендің бе өміріңнің тарлығына? – деген Мұқағали Мақатаевтың өлеңі еске түсіп, мұнайып аудиториядан шығып едік. Одан да бетер Рәбиға Сәттіғалиқызының репрессия құрбаны болғанын қайдан білейік.

Кездесу аяқталған соң, оқу корпусының алдында қолымдағы №1 суреттегі кітапқа;

Осы қолтаңба, кітап, менің өмірімді қазақ әдеби тінің тарихы мен стилистикаға келуіме үлкен төңкеріс жасады десем артық болмас. Ана тіліміздің тарихын білу әр қазақ үшін қажет десек, бұған әдеби тілдің жеке статусын анықтауда үлес қосқан қаламгерлердің еңбегі ұшан теңіз.

Сөз мәдениеті және стилистика салаларының зерттелуі теориясы мен методологиясы сол заман, уақытқа қарай отандық және орыс лингвистикасының қағидалары бойынша зерттелсе, бүгінгі мен болашағын заманауи түркілік тұрғысынан зерттеп, зерделеуді қажет ететіні даусыз.

Рәбиға Сыздық Сәттіғалиқызы «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде кім-кімге де ана тілінің сөз сырына үңілу артық болмайды. Ұлы Абай айтқандай, «пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең бірқызықты уақыты болып ойында қалады». «Ана тілінің бары мен бояуын, сөздерінің нәрі мен нақышын қызықты құблыс деп, оны білмекке ұмтылу да бір ғанибет болар деп ойлаймыз» дейді [1.7].

Осы еңбекте белгігі бір сөздің не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданысына, сөз мағынасының өзгерісіне, дамуына назар аударып, өзіндік талдаулар жасайды. Талдай келе кйбір сөздердің шығу тариғына тоқталып, қай тілден шыққанын, көне не жаңа сөз екен ашып беруді және талдауда сөздердің көне түркілік, не монғол, араб, парсы тілдеріне тән сипатын анықтауды көздейді. Талдауда сөздердің табиғатын танытып қанаа қоймай, халқымыздың өткендегі тарихын тануға, әрі зерттеушілерге ой салады.

Мысалы: абжылан, абыз, адыр-бұдыр, айбалта, аға, байғұс, берен, бұлан, бұлу, дулыға, ел-күн, жады, жебе, жетім, жолдас, зор, зындан, кебенек, кебін, қайдақ, қандақ, қарашы, қарындас, құлан, сақсыр, сауын айту, сынтас, тоғысу, торқа, төбе би, шал, ши, шыбын (шыбын жан) т.б. Мұндай талдаулар кез-келген тіл жанашырына ой салары айғақ. Осы зерттеулер менің қызығушылығымды оятып, С.Жүнісовтің «Ақан сері романының көркемдік ерекшелігін» зерттеуге әкелді.

«Ақан сері» романы – С. Жүнісовтің шығармашылық қызметінің нәтижесі, тұтас көркем ой қалыптастыратын қасиетке ие болған рухани құндылыққа айналған көркем туынды. Мұндағы тұтас көркем ой жасалуына шығармадағы әрбір жеке тілдік элементтің қосатын үлесі болады. Көнерген сөздерді де сол тұтастық тұрғысынан қарастыра аламыз.

А.Ысқақов «Абай жолы» эпопеясындағы М.Әуезовтің сөз қолдану тәсілін талдай отырып, мынадай пікір айтады: «Өзінің шығармаларын жазу үстінде сол кездегі қоғамдық-тарихи суреттеуге іріктеп алынған оқиғалардың ерекшелігін негізге алады; сол тұстағы адамның ойлау өзгешеліктерін де сөз жоқ, ескере

отырды... Ол бұл орайда қазақ лексикасының көне (архаизмдік) және тарихтық қабаттарын, сондай-ақ ауыз әдебиеті үлгілері мен халықтық қарапайым сөйлеу тілінің өзіндік әдіс-тәсілдерін, сөз қолдану нормаларын саналы түрде жетік пайдаланады» [2, 102].

Көнерген сөздер – қазақ тілінің лексикасында өзінің орнын алып, тіл тарихымен, осы тілде сөйлеуші ұлт тарихымен байланысты оқиғаларды сипаттауда, зерттеуде қолданысы аса маңызды әрі қажетті болып табылатын атаулар деп айтуға болады.

«Көркем әдебиет шығармаларының тілі мен әдеби тілдің өзара байланысын» зерттеген З.Т.Исаева: «Көркем әдебиет тілінің стилі халық тіл байлығының барлық қорын сарқа пайдаланатын болғандықтан, ол ең алдымен, тілдегі ең мол сала – байырғы сөздерге күш салады. Кірме сөздерді кеңінен қолданады, ауызекі тіл материалдарын, оның басты бір байлық көзі архаизмдер мен историзмдер, термин, неологизмдер, кәсіби сөздер, варваризмдер, диалектизмдер, эвфемизмдер т.т. да әдеби тілдің нормасына жатпайтын толып жатқан сөздер осы көркем әдеби тілдің арқасында күн көреді» дейді [3, 20].

С.Жүнісов «Ақан сері» романында көнерген сөздерді кеңінен қолданады. Автордың көнерген сөздерді пайдалануы шығарманың шынайылығы мен көркемдік сипатына қызмет жасайды.

С.Исаев көнерген сөздер туралы былай дейді: «Тіл-тілде көнерген сөздердің историзмдер мен архаизмдер деп аталатын екі түрі бар. Кейбір заттар мен құбылыстар күнделікті өмірден шығып қалып, сол ұғымдарды білдіретін олардың атаулары – сөздер де көнеріп, тілде қолданбайды. Мысалы, сұлтан, атшабар, ояз, барымта, дуанбасы, дүре, малай, күң, құл, бай, болыс т.б... Мұндай сөздерді историзмдер дейді. Бұрынғы атаулары ескіріп, кейін басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен қасиеттер бар. Мысалы: жасақ немесе әскер, қолбасы – әскербасы, поштабай – хат тасушы, жатақ – отырықшы, серіктік, бірлесу, қосын – ұйым, желек – орамал т.б. Қазір де осындай басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстардың атаулары архаизмдер деп аталады» 4, 11-23].

«Ақан сері» романындағы тұтас көркем ойдың жасалып шығуын З.Қабдоловтың сөзімен айтқанда «мидың мың градустық домнасында құрыштай қорытылып шыққан сөздердің» [5, 217] үйлесімділікпен беретін ерекше әсері деп танымыз. Романындағы әрбір сөз – көркем сөз, ал әрбір көркем сөз – көрікті ойдың көрінісі.

Сондықтан көнерген сөздердің де өзіндік орны мен қызметі болады. Осы мақсатты айқындау үшін романдағы көнерген сөздердің қолданысын іштей екіге бөліп қарастырдық.

1-кесте – «Ақан сері» романындағы көнерген сөздер

<b>«Ақан сері» романындағы көнерген сөздер</b>	
<b>I. XIX ғасырда көнере бастаған сөздер</b>	<b>II. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан карағандағы көнерген сөздер</b>
1. <u>Шайқы</u> (1, 93)	1. Жандарм
2. <u>Батыр</u>	2. Болыс
3. Дәт (1, 102)	3. Атшабар
4. тақсыр (1, 102)	4. Старшын
5. Хандық (1, 103)	5. Би
6. Сұлтандық (1, 103)	6. Ұлық
7. <u>Аға сұлтан</u>	7. Ақ патша
8. <u>Төре</u>	8. казак-орыс
9. Дуанбасы	9. Ояз
10. Бобылық жариялау	10. Песір
	11. Ит жеккенге айдау
	12. Жығалы қоқы (бас киім)
	13. Шоңқайма етік
	14. Қимал шапан
	Кавказдатқан қалың қаптырма

Р.Сыздық Ақан Қорамсаұлы өмір сүрген кездегі қазақ тілінің лексикалық құрамы мен ондағы өзгерістер туралы қарастыра отырып, былай дейді: «... Сөздік – заманның айнасы, сондықтан бұл кезеңде өздері білетін зат, ұғымдардың өмірден бірте-бірте қалып бара жатқанына қарай және сөз мағынасының ішкі семантикалық қозғалыс заңына орай кейбір сөз топтарының тіл тәжірибесінен ығыса бастауы немесе керісінше, қазақ даласына XIX ғасырда келе бастаған жаңа әлеуметтік, экономикалық құбылыстарға байланысты көптеген соны сөздердің пайда болуы сияқты процестер жүріп жатты. Дегенмен, бұл процесс әлі де күрт түрде емес, баяу, бірте-бірте өзгеру сипатында болды. Бұған, біздіңше, екі фактор себеп болды. Бірі – бұрынғы ұғым, зат, құбылыстардың қоғам өмірінен әлі де үзілді-кесілді кетпегендігі. Мысалы, кәдеден қалып бара жатқан қару-жарақ атаулары мен қазақ қоғамының ішкі саяси-әкімшілік құрылысына қатысты сөздердің көпшілігі XIX ғасырдың I жартысында әлі де актив элементтер түрінде сақталды», – дейді [6, 204].

Ақан серінің өмір сүрген кезі – орыс мәдениетінің қазақ даласына ентелеп еніп жан-жақты торлап, жайлап бара жатқан кезі болғандықтан, бұл жерде генетикалық туыстық емес, географиялық жақындастық қана ортақ нүкте болып табылатын екі

ұлттық мәдениеттің араласу кезі болып саналады. Және араласқанда да екі мәдениеттік жүйенің бір-біріне жалғасып, толықтырып, ұласуы арқылы жаңа мәдениеттік өріс жасау емес, бір мәдениеттің екінші мәдениетті «жүту» мақсаты көзделген саясат жүргізілгені де тарихтан белгілі. М.Жұмабаевтың айтуынша: «Ақан – заманның баласы. Ол заман, өткен тоқсан тоғыз, жүзінші жылдар, қазақ даласын оңтүстік пен солтүстіктен екі албастының келіп басқан заманы. Біреуі – Бұқардан ишандардың, қазіреттердің, молдалардың, халфелердің шаңырақтай сәлделеріне, күпілерінің күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастысы. Екіншісі – болыстардың знак, мөрлеріне, тілмаш, «учительдердің» қақиған картоздарына, сымпиған шалбарларына оралып келген албасты. Ол дәуір – екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп, шіріп тілінің тарғылданған дәуірі» [7, 331].

Ендеше, сол кездегі осы саясатты айқын көрсету міндеті С.Жүнісовтің жазушылық идеясында үлкен орын алып, нәтижесінде орыс тіліндегі шен атаулары, әскери атаулар, қазақ елін басқарудың жаңа жүйесіне сай жасалған жасанды жаңа атаулар аралас қолданыла бастағанын романдағы кейіпкерлер тілі мен жазушының сипаттауынан анық көре аламыз. Мысалы, қазақ даласының әлі де ескі жүйеден біржола арылмағаны сөз қолданыстарынан былайша көрінеді:

1) «Бұл жолы басын оқыс көтеріп алған шабдар ат шын жаратпай, «өй, жүрегінің қабын жарайын деп пе ең, есің дұрыс па өзіңнің, үйбай қайтеді, шайқы болармысың, өзіңді тістеп алайын ба!» дегендей, ноғалалы айран көзімен ұзақ едірейе қарады да құлағын жымитты» [8, 93].

Мысалдағы *«шайқы»* деген сөз – сол кез үшін көнерген сөз.

Бұл сөздің мағынасы – зороастризм заманының қалдығын көрсетуінде, ол заманның діндарларының дәруіш, диуана болып ел кезіп кету рәсімін осы сөздің сирек болса да ел кезіп, ел ақтап кету салтынан көруге болады.

2) «Үстіне қара бұлт жамылған албастыдай төнген батырдан шын зәресі ұшқан Ақан қыз дауысы шыққанда барып есін жинап алды:

– Ағасы, дәт! Дәт, тақсыр!» [8, 102].

Осындағы *«дәт»* және *«тақсыр»* сөздері арқылы С.Жүнісов ерекше образды толықтыра түсу мақсатын көздейді. Өйткені, Ақанның басын шапқалы тұрған адам – Әлібек деген батыр. Бірақ ескінің бір көзі ретінде ғана батыр атанып жүрген Әлібектің жай-күйін жазушы алдын ала түсіндіріп өтеді. Ақанның ауылға айқайлап ән салып кірген еркелігі мен осы арадағы «дәт», «тақсыр» деген сөздерді айтқызуында аз да болса кереғарлық байқалады, кейіпкердің осы сөздерді қолдануының өзінде сыпайы ғана әзіл бар сияқты. Жазушы мынадай суреттеу тәсілін қолдану арқылы оқушысын алдын ала болғалы тұрған оқиғаға даярлап алады:

1. *«Күн етекке қарай еңкейіп, бата бастаған. Шала сарғайған дала сілтідей тынып тұр. Атақты Зілқараның Әлібегінің ауылы. Аты шулы батырдың ауылы»* [78, 97].

2. «...*Отырғанда ана-мына түрегеп тұрған тапал адамның бойымен барабар алып Әлібектің сол жақ тізесінің үстінде көлденең түсіп «патишадан алған» сарала қылышы жатыр. Ол қынынан суырылып шығып, біреудің жазықсыз басын қағып түспесе де, Әлібек әйтеуір, осы бір суық қаруын қасынан әсте тастамайды. Бауырын көтергеннен бері тірі пенденін етегінен алып көрмесе де, тіктеп қарағанда қызыл көзі өңменнен өтетін тайынишадай сарала иті де оң жақ тізесіне басын салып ол жатыр. Осының бәрі Әлібекті ертегінің батырынан да сұстылау етіп көрсетеді» [8, 98].*

Берілген мысалдардың біріншісінде қолданылған «**батыр**» деген сөздің өзінің бұрынғы мағынасынан өзгеріп бара жатқанын оқушыға жазушы осындай тұспалдар арқылы ұғындыра алған.

Ал екінші мысалдағы көрініс те батыр атанған Әлібекті енді мына туып келе жатқан жаңа заман онша керек қыла қоймайтынын аңғартады яғни «қылышы қынабынан суырыла қоймас», «тірі пенденін етегінен алып көрмей, тек көзімен ғана өңменнен атып жататын иті» – заманның озық адамының келбетінің Әлібектерден басқалау болатынын танытатын көркем элементтер.

«Қазақ даласында **хандық** жойылып, **сұлтандық** дәуірдің күні өткенде, бұрынғы ел батырларының да дәрежесі төмендеген. **Батыр** деген ат «мықты, жүректі» деген сөзге айнала бастаған. Әлібек – сол өткен батырлардың жұрнағы. Ел жауға салып қайратын көрмесе де, бұрынғы рәсіммен батыр дейді. Әлібекке де осы ат ұнаушы еді. Түс, тұлғасы, о жар тік мінезі батырға лайық ол да өзін батырларша ұстайды. Осы мінезіне сырттай қанық Ақан да оның ық жағынан келіп, көңілін дауалады» [8, 104].

Көнерген сөздерді осылай ұтымды қолдану арқылы жазушының ескінің жұрнағының жаңа заманмен тайталасар тұсын осы Әлібек және Жайынбектің әкесі Заманбай арқылы екі түрлі қырдан суреттеп өтуі де – ерекше көркемдік әдіс.

Жайынбек – жаңа заманның адамы болғанда, оның ерекшеліктері мынадай сөздер арқылы беріледі: «*Омбы кадет корпусын тамамдаған Жайынбек басқалардай әскери қызмет атқармай, Ақмолаға – өз еліне келген. Алғашқыда уездік мировой судьяда тілмаш болып жүріп, кейін олардың қол астына әрі тілмаш, әрі көмекшісі болып ауысқан. Тегі бас есебін мықтап білетін болса керек, өзі қатарлы оқыған азаматтардың көбінен асып, байлығы шалқып тұр. Жас та болса дүниенің қыбын келтіретін нағыз жылтос жігіт. Басқа ұлықтар бір асаса, бұл екі асайды» [9, 144].*

Жаңа заманның пысық адамының бейнесін енді көне заманның ер, батыр адамдарының бейнелерімен салыстыра суреттеуде С.Жүнісов көнерген сөздердің қанық бояуын асыра айқын таныта алған. Сонда романдағы көнерген сөздердің көркемдік қызметі – көне, өткен заманды суреттеу үшін емес, жаңа, алдамшы заманды суреттеуде контраст жасау үшін алынып отырған болуы керек деп санаймыз.

Романда сонымен бірге *аға сұлтан, төре, дуанбасы, би, шонжар, ұлық, болыс* деген сөздер де ескі мен жаңа заманның ел басқару жүйесіндегі ұғымдар мен атауларды аралас-құралас қолданысын көрсетеді және сол арқылы өткен замандар тартысын танытады. Қазақ елінің сол кездегі ел басқару жүйесіндегі бұл сөздер – қазіргі заман үшін көнерген сөздер болып табылады.

«*Болыс*» сөзі туралы Е.Жанпейісов былай дейді: «Біз «*болыс*» сөзін орыстың «*волость*» деген сөзінен емес, «*ұлыс*» деген сөзден шыққан демекпіз. «*Ұлыс*» сөзінен әуелі орыс тілінде «*волость*» сөзі пайда болған. Болыс, міне, орыс тіліндегі осы «*волость*» дегеннен шыққан. Себебі, «*Ұлыс*» (*ulus*), (*uly*s) – *страна, область, народ* деген мағынада YI-YIII ғасырдан белгілі болған. Демек, болыс сөзі орыс сөзі емес, көне түркілік *ұлыс* сөзінің дыбыстық жағынан ғана жаңғырған нұсқасы» [10, 5].

Енді сол «болыс» сөзінің түрлі қырынан танылар сәтін С.Жүнісовтің мынадай қолданыстарынан тани аламыз:

1. «*Бірақ Нұртаза жуаси отырып сөйлеп, жұрт ойламаған дауды су тезектің түніндей бықсыта берді. – Ал ара ағайын, бәріңнің басыңды қосып, ел бүлігін сыртқа шығармайын, орталарыңа салайын деп мазалағанымға көптен-көп кешірім өтініп, мың да бір рақметпен, кішілік етіп алдарыңда басымды иемін, – деп, Нұртаза Әлібектерге қарап ізет етті. – Мен қазір ел билеген болыс емес, бұл араға құныкер ретінде, жоғымды жоқтап келген даукермін» [8, 198].*

2. «*-Иә, Нұртаза,- деді Мақан, – менің айтпағым да осы еді. Ол рас, ойыншық емес. Бірақ қазақ қауымы қуыршақ па екен. **Бобылық жарияла** деп Ақанды елден шыққан сотқар етіп көрсеткенде, сотқарлықтың төркінін іздеп, дініне бағынбаса да, күні соған түскен елінің ортасына келіп ақ пен қараға көзі жетпей ме? Оның орнына билер сотына итеріп, өздерің шеше сал, ар жағын көрермін деп алыстан сес көрсетеді. **Билер соты** дейтін қазір не қалды. Жапырағынан айрылған селеу-селеу кәрі бұтақтың басында қарқылдаған тозған қара тағанадай сөзі де, басы да бірікпейтін бізден енді не қауқар қалды. Әділ билік те түтеленіп барады. Аз жылдың өзінде ел билігі шабағы тозған арбаның доңғалағындай арса арсасы шықпады ма? Кеше **хандығыңды** дәріптеп, дәурені өтпей жатып **сұлтандықты** көтеріп еді, енді бүгін **болыс, ауылнай** деген құжынаған **көп әкім** шығыпты. Әкім көбейді дегенше, қақым кетті дей бер. Бір кезде байтақ жерге алғыр қыранша қалықтап қараған сұлтандардың қазір елден де, жерден де жырақ кәрі шыңның ығында мүжілген тұмсығымен өз саңғытын шұқып, жерден тиянақ табар құйрығынан айрылып отырған жоқ па. Ертеңгі күнің не болмақ. Арбаңның доңғалағы бар шабағынан айырылса, үпшегіңмен жер сызып жолың кесіліп, барар жерің қысқарды дей бер» [8, 195].*

Осы мысалдағы тұнып тұрған көнерген сөздер мен сол сөздердің мағыналық аясы тарылуын жазушы өте шебер көрсеткен. Оны әсіресе, мына үзіндіден айқын



көре аламыз. «**Билер соты** дейтін қазір не қалды. Жапырағынан айрылған селеу-селеу кәрі бұтақтың басында қарқылдаған тозған қара тағанадай сөзі де, басы да бірікпейтін бізден енді не қауқар қалды. Әділ билік те түтеленіп, барады. Аз жылдың өзінде ел билігі шабағы тозған арбаның доңғалағындай арса-арсасы шықпады ма? Кеше **хандығынды** дәріптеп, дәурені өтпей жатып **сұлтандықты** көтеріп еді, енді бүгін **болыс, ауылнай деген құжынаған көп әкім** шығыпты. Әкім көбейді дегенше, қақым кетті дей бер. Бір кезде байтақ жерге алғыр қыранша қалықтап қараған **сұлтандардың** қазір елден де, жерден де жырақ кәрі шыңның ығында мүжілген тұмсығымен өз саңғытын шұқып, жерден тиянақ табар құйрығынан айрылып отырған жоқ па».

**Бобылық жариялау** деген мысалдың қолданысында да көркемдік тәсіл ерекше байқалады. «Іздеу салу (розыск)» мағынасында қолданылған осы тіркестің таңдап алынуы да – жазушының көздеген мақсатына сай келіп тұрғанын байқау қиын емес. Жазушының көркем ойының желісімен жүре отырып, уақыты озып, билігі тозған ескі басқару жүйесінің ыдырауын дәл де нақты, айқын да әсерлі көркем сурет түрінде көз алдымызға келтіре аламыз.

Оның кейбіреуін мынадай түрде салыстыру жасап көрсетуге болады.

2-кесте – Романдағы көнерген сөздердің қолданысы

№	Романдағы көнерген сөздер	Жазушының көркемдік теңеулері
1	2	3
1	Билер соты	Жапырағынан айрылған селеу-селеу кәрі бұтақтың басында қарқылдаған тозған қара тағанадай сөзі де, басы да бірікпейтін біз... Түтеленіп барады Шабағы тозған арбаның доңғалағындай арса-арсасы шыққан. елден де, жерден де жырақ кәрі шыңның ығында мүжілген тұмсығымен өз саңғытын шұқып, жерден тиянақ табар құйрығынан айрылып отыр. Әкім көбейді дегенше, қақым кетті дей бер. Ақанды елден шыққан сотқар етіп көрсеткенде, сотқарлықтың төркінін іздеп, дініне бағынбаса да, күні соған түскен елінің ортасына келіп ақ пен қараға жетпей ме
2	әділ билік	
3	ел билігі	
4	Бір кезде байтақ жерге алғыр қыранша қалықтап қараған	
5	хандық,	
6	сұлтандық	
7	Болыс	
8	Ауылнай	
	Әкім	
	Бобылық жариялау	

Қарастырылған көнерген сөздердің барлығының да экспрессивтік-эмоционалдық мағыналық жүктері «қалың қабатты» қолданыста алынған.

Сол сөздердің бойларында «жасырынған» ой қабаттарын жазушы терең бақылап, тілдік тәжірибеден өткізу арқылы қазақ тілінің ойды беру шеберлігін көнерген сөздер арқылы да байытуға болатынын осылай дәлелдей алған деп айтуға болады.

#### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді «Арыс» баспасы Алматы 2004 230 б
2. Ысқақов А. Абай және қазақтың әдеби тілі. –Алматы: 1968. – 192 б.
3. Исаева З. Көркем әдебиет шығармаларының тілі мен әдеби тілдің өзара байланысы. Фил. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. –Алматы: ҚазМУ, 2002. – 24 б.
4. Исаев С. Қазақ тілі. –Алматы: Қайнар, 1993. – 170 б.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы: Жазушы, 1983. – 455 б.
6. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Арыс, 2004. – 286 б.
7. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы, Жазушы, 1989. – 445 б.
8. Жүнісов С. Ақан сері. –Алматы: Жазушы, 1981. 1-том, – 366 б.
9. Жүнісов С. Ақан сері. –Алматы: Жазушы, 1981. 2-том, – 396 б.
10. Шанский Н. Лингвистический анализ художественного текста. – Ленинград: Просвещение, 1984. – 267 с.

#### Ж.Ескендір

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, докторант  
Қазақстан*

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ТІЛДІК НОРМА МӘСЕЛЕСІ

**Аңдатпа.** Тіл – қарым-қатынас құралы. Тілдің дамып жетілуі үшін тілде орныққан ішкі заңдылықтарына бағындыра отырып, емлелерді біріздендіру, яғни, норма қажет. Тәуелсіз елімізде мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттырудың басты талаптарының бірі қазақ сөз мәдениетінің сапасын жоғарылату болып табылады. Ал сөз мәдениетінің негізгі ұстанымдарына норманы сақтау арқылы сауатты жазу және айту жатады.

Бүгінгі жаһандану заманында тұлға аралық қарым-қатынастың негізгі бөлігі әлеуметтік желілер, ІТ бағдарламалар мен қосымшалар арқылы жүзеге асуда. Бұл платформаларда жас ерекшеліктері, әлеуметтік дәрежесі, темпераменттері әр түрлі тұлғалар пайдаланатындықтан, тілдік норма әр түрлі дәрежеде көрінеді. Себебі, интернет платформаларын қарым-қатынас мақсатында пайдаланатын тұлғалар жазбаша коммуникацияға түскенімен, ауызша тілдің сөз белгілерін, жазбаша тілдің

сөз белгілерін және әр түрлі графикалық анимацияларды, стикерлерді қолданады. Интернет платформалардағы осындай қарым-қатынастың әсерінен уәжсіз ауытқулар пайда болуда. Ол тілдік нормаға әсер етпей қоймайды. Себебі, әлеуметтік желідегі тілдік ауытқулар ауызша және жазбаша қатынаста да қолданылып, тілдік дағдыға айналады. Ол тіл мәдениетіне кері әсер етіп, тілде үлкен өзгерістер туғызуы мүмкін. Мақалада осы секілді мәселелер қамтылып, отандық және шетел әдебиеттеріне сілтеме жасалып, әлеуметтік желідегі тілдік бірліктердің ерекшеліктеріне және уәжді, уәжсіз ауытқуларына мысалдар берілді.

**Тірек сөздер:** тіл мәдениеті, норма, әлеуметтік желі, интернет, орфография, орфоэпия.

**Abstract.** Language is a means of communication. In order for the language to develop and improve, it is necessary to unify the spelling, that is, the norm, obeying the internal laws established in the language. One of the main requirements for improving the status of our state language in an independent country is to improve the quality of Kazakh speech culture. And the main principles of the culture of the word include competent writing and pronunciation, observing the norm.

In today's age of globalization, the bulk of interpersonal communication is taking place through social networks, IT programs and applications. Since these platforms are used by persons of different age, social rank, temperaments, the language norm is expressed in different degrees. This is due to the fact that people who use internet platforms for communication purposes, although they enter into written communication, use the word signs of the spoken language and various graphic animations, stickers. Under the influence of this kind of communication on internet platforms, unmotivated fluctuations are emerging. This cannot but affect the language norm. This is because language anomalies in the social network are used both in oral and written communication and become language skills. It can negatively affect the culture of the language and cause major changes in the language. The article covered such issues, referred to domestic and foreign literature, gave examples of features and motivated, unprovoked deviations of language units in social networks.

**Keywords:** language culture, norm, social network, internet, spelling, orthoepy.

**Аннотация.** Язык-средство общения. Для развития языка необходима унификация правописаний, то есть норма, подчиненная внутренним законам, закрепленным в языке. Одним из главных требований повышения статуса государственного языка в независимой стране является повышение качества казахской словесной культуры. А к основным принципам культуры слова относятся грамотное письмо и произношение с соблюдением нормы.

Сегодня, в эпоху глобализации, основная часть межличностных отношений осуществляется через социальные сети, IT-программы и приложения. Языковая норма проявляется в разной степени, поскольку на этих платформах используются люди с

разными возрастными особенностями, социальным статусом, темпераментом. Это связано с тем, что, хотя лица, использующие интернет-платформы в коммуникативных целях, попадают в письменное общение, они используют словесные знаки устного языка, словесные знаки письменного языка и различные графические анимации, стикеры. Под влиянием такого общения на Интернет-платформах появляются не мотивированные колебания. Это не влияет на языковую норму. Это связано с тем, что языковые аномалии в социальных сетях также используются в устном и письменном общении и становятся языковыми навыками. Это может негативно повлиять на языковую культуру и вызвать серьезные изменения в языке. В статье освещены подобные вопросы, дана ссылка на отечественную и зарубежную литературу, даны примеры особенностей и мотивированных, не мотивированных отклонений языковых единиц в социальных сетях.

**Ключевые слова:** культура языка, норма, социальные сети, интернет, орфография, орфоэпия.

Тіл білімінде норманы зерттеу В. Матезиус бастаған Прага мектебінің өкілдері мен Б.С. Шварцкопф, Ю.Н. Караулов, С.И. Ожегов, В.В. Виноградов, Л.П. Крысин, Г.О. Винокур, Б.Н. Головин, К.С. Горбачевич, В.А. Ицкович, С.П. Обнорский, Д.Н. Шмелев, Л.И. Скворцов, Е.Н. Ширяев сынды көрнекті орыс ғалымдарының еңбектерінен бастау алады. Орыс лингвистикасында норма туралы түсініктер мен көзқарастар XVIII ғасырдың ортасынан қалыптаса бастап, алғашында норманың орнына «қарым-қатынас жасау барысындағы нысаналылық (эффективность словоупотребления) және «сөзқолданыстың тиімділігі» (коммуникативная целесообразность) тәрізді түсініктемелер қолданылған.

Орыс ғалымдары нормаға анықтамалар беріп, бір-бірін толықтырып отырған. Ғалым С. Ожегов нормаға мынадай анықтама береді: «Норма – это совокупность наиболее пригодных для обслуживания общества средств языка, складывающихся как результат отбора языковых элементов из числа сосуществующих, наличествующих, образуемых вновь или извлекаемых из пассивного запаса прошлого в процессе социальной, в широком смысле, оценки этих элементов». Бұл анықтаманы В.В. Виноградов: «Понятие нормы – центральное в определении национального литературного языка (как в письменной, так и в разговорной форме)» толықтырса, ал Ю.Н. Караулов мынадай анықтама береді: «Норма (языковая), норма литературная – принятые в общественно-речевой практике образованных людей правила произношения, грамматические и другие языковые средства, правила словоупотребления».

А.Алдаш өз мақаласында қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, М. Балақаев, Р. Сыздық сынды ғалымдардың және лексикографиялық еңбектер-

дің барлығында дерлік норманың анықтамасы берілгенін жеткізеді [1, 20-21 б.]. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов өз еңбектерінде «норма» терминін қолданбаса да, нормаға меңзеген пікірлері бар. Ахмет Байтұрсынұлы: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады» немесе «Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, мағына жағының күштілігімен жағады», – деген пікір білдірсе, Құдайберген Жұбанов: «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен терминология мәселесі дұрыс шешілмей болмайды. Болмайтын себебі сол: өркендеп алға барған тілдің түрлі тарауының бәрі де сол емле, терминологиямен сабақтасады да отырады. Емле мен терминологияның қызметі сол қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болады да, ондай кезде емле мен терминологияның мәні әсіресе зор болады», – деп ойын қорытады [2, 336 б.]. А. Алдаш А. Байтұрсынұлының «дағдылы тұтынып келе жатқан сөздер» пікірі нормамен үндес және Қ. Жұбановтың «Тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен терминология мәселесі дұрыс шешілмей болмайды» деген пікіріндегі «емле» мен «терминологияны» жүйелеу арқылы жазу қағидаларын реттеудің белгісі екенін өз мақаласында жеткізеді [1, 21 б.].

М. Балақаев пен Р. Сыздық сынды қазақ тіл білімінің академиктері де өз еңбектерінде нормаға анықтама беріп өткен. М. Балақаев: «Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік. Тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру», – десе, ал Р. Сыздық өз еңбегінде норма туралы: «Норма – тілдің «туа біткен» қасиеттерінің бірі іспетті. Ол белгілі бір реттілік, жүйелілік құбылыс ретінде ауызекі сөйлеу тіліне де («халықтық тілге» де), әдеби тілдің ауызша қолданысына да, жазба тілге де тән», – дей келе мынадай анықтама береді: «Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері, норма тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс... Нормалылық танымына тұрақтылық, дәстүрлілік, көпшілікке біршама ортақтық белгілері де кіреді» [3, 45-47 бб.]. Қазақ тіл біліміндегі лексикографиялық еңбектерде де нормаға бірқатар анықтамалар берілген. Бұдан «норма» термині қазақ тіл білімінде зерттеліп, тілдік заңдылықтар негізінде ауызекі сөйлеу және жазу нормасының қалыптасқанын байқаймыз.

Тәуелсіз елімізде мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттырудың басты талаптарының бірі қазақ сөз мәдениетінің сапасын жоғарылату болып табылады. Ал сөз мәдениетінің негізгі ұстанымдарына норманы сақтау арқылы сауатты жазу және айту жатады. Норманың басты үш бағыты болады. Олар: тілдік норма (сөзжасамдық, дыбысталу, лексикалық, грамматикалық нормалар), сөз нормасы (сөйлеу этикасының

ережелері) және коммуникативтік норма (сөйлеу қарым-қатынасының нормалық қағидалары). Ал тіл мәдениетіне академик ғалым Р. Сыздық мынадай анықтама береді: «Тіл мәдениеті дегеніміз сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» [3, 26 б.]. Ғалым Н. Уәли өз еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар, айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деген анықтама береді [4, 89 б.]. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ тілінің мәртебесін арттырып, мәңгілік өміршең тілге айналдыру үшін, тіл мәдениетінің сөздерді орнымен дұрыс қолдану, құрастыру, қиюластыру, дыбыстау, сауатты жазу, әсерлі жұмсау сынды нормаларын сақтап, айқын ойлап, сөзді дәл айырып, сөйлеу өнеріне шынығуымыз керек.

Бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық, инновациялық және сандық технологиялардың жаһандану заманында тіл мәдениетінің жаңа бағыттары пайда болды. Себебі, заман қаншалықты өзгерсе, тіл де негізгі қарым-қатынас құралы болғандықтан соншалықты өзгерістерге ұшырап, заманмен ілесе дамиды. Б.Ж. Абильмажинова, Б.К. Аубакирова, Д.К. Шаяхимов өз мақаласында заманауи қоғамда нарықты, демократияны және азаттық қоғамды басшылыққа алынып, адамның еркін демократиялық құқықтары, ерікті мінез-құлықтары тұжырымы қалыптасып, тіл мәдениетінде антропоцентризм бағытына ерекше назар аударыла бастағанын және тілдің әлеуметтік мәселелеріне қызығушылықтың артуын байқайтынын жеткізеді. Мұндағы тіл мәдениетіндегі антропоцентризм (адаморталық) деп отырғанымыз – адамның сауатты әрі түсінікті әсем жеткізу қағидағары, адамның өмірін қоғаммен қарым-қатынас стратегиялары қамтылады [5, 10 б.]. Мысалы, интернет желілеріндегі, ақпараттық технологиялық коммуникативтік құрылғылардағы және цифрландырудың өзге де салаларындағы тіл мәдениетін оның ішінде норманы зерттеу бүгінгі таңда жаңа бағыттар мен мүмкіндіктерді ашуда.

Тіл мәдениеті қазіргі қазақ тілінің сөздік қорына омонимдік, синонимдік қатарлар, жаңа сөздер, ғылыми терминдер, кірме сөздер, сленгтер, т.б. көптеп енуіне және ол сөздердің коммуникативтік қызмет етуіне байланысты психотілтаным, этнотілтаным, әлеуметтік тілтаным, қолданбалы және компьютерлік тілтаным салаларына қатысты жаңа форматта зерттелуде. Оған дәлел ретінде сандық, технологиялық үдеріс пен соңғы COVID-19 індеті кезінде барлық халық жаппай өз-өзін қоғамнан оқшаулағанда әлеуметтік желілер арқылы бір-бірімен байланысқа шығуын айтуымызға болады. Мысалы, ұялы байланыс, электронды құжат айналымы, смайлик, әлеужелі хабарламалары, әлеужелідегі агрессия, т.б. тақырыптардың зерттелу тенденцияларын келтіруге болады. Интернеттің тілге әсеріне байланысты Кембридж университетінің

ғалымы Дэвид Кристал былай дейді: «Интернет технологиясы ауызша және жазбаша тілдің лингвистикалық тұрғыдан коммуникацияның жаңа ортасымен толықтырды, лингвистикалық тәжірибеге жаңа бағыттағы әр түрлі сипатын енгізді» [6].

Тілдік қарым-қатынастың негізгі бөлігі бүгінде әлеуметтік желілер, IT бағдарламалар мен қосымшалар арқылы жүзеге асуда. Әлеуметтік желіге А. Салқынбай мен Ж. Сарсенбай өз мақаласында мынадай анықтама береді: «Әлеуметтік желі – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру орны ғана емес, тілдік үнемдеуге негізделген, интернет желісіне тән өзіндік тілдің қызметін дәйектейтін жүйе. Бұл жүйеде тілді үнемдеу әлеуметтік желі қолданушыларының уақытын ақпарат мазмұнына зиян келтірмей қысқартуға, яғни «аз уақытта көп ақпарат беруге» қызмет етеді» [7]. Пайдаланушылар (адамдар) әлеуметтік желіні немесе IT бағдарламаны пайдалану үшін, жеке тұлға ретінде тіркеліп, робот емес екенін дәлелдеп, өздеріне қатысты жеке деректерді (аты-жөні, жасы, жынысы, т.б.) енгізіп, өзге пайдаланушыларды достар тізіміне қосып, қарым-қатынасқа түсуі керек. Әлеуметтік желілердің қатарында WhatsApp, Facebook, Instagram, TikTok, Telegram, Twitter, YouTube сынды желілер бар. Ал IT бағдарламалар мен қосымшаларға осы желілердің жеке компьютердегі бағдарламалары мен смартфондағы қосымшалары, Free Fire, PUBG: Battlegrounds, Dota 2, Clash of clans сынды ойындар, т.б. жатады. Бұл платформаларды жас ерекшеліктері, әлеуметтік дәрежесі, темпераменттері әр түрлі адамдар өз мақсаттарына қарай пайдаланады және барлығында бір-бірімен коммуникациялық қарым-қатынасқа түсіп отырады. Мұндай интернет платформалардағы пайдаланушылар арасындағы коммуникациялық қатынас түрін төмендегі 1-кестеде жітедік.

1-кесте. Интернет платформалардағы коммуникациялық қатынас түрлері.

<b>Интернет платформалары</b>	<b>Коммуникациялық қатынас түрі</b>
WhatsApp, Telegram	хабарлама, күнделікті оқиға (статус), аудио және бейне байланыс
Facebook, Instagram	пост, пікір, күнделікті оқиға (stories), хабарлама, аудио және бейне байланыс, ескертпе (instagram)
TikTok	пост, пікір, хабарлама, бейне байланыс
YouTube	бейне пост, пікір, бейне байланыс
Free Fire, PUBG: Battlegrounds, Dota 2, Clash of clans	хабарлама, аудио байланыс

Әлеуметтік желіде сөйлесімнің бес түрі кездеседі: жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым, тілдесім. Бұл түрлерге көрілімді (визуалды көру) қосуға болады. Себебі, адресант жіберген стикер, мем, гиф анимацияны адресант көру арқылы оның не айт-

қысы келіп тұрғанын түсіне алады. Соған сай оған кері байланыста стикер, мем, gif анимацияны жіберу арқылы жауап береді. Бұл сөйлесімнің заманауи жаңа түрі десек те болады. Осыған байланысты әлеуметтік желілердегі норманың қалыптасуы мен құрылысы күрделі құбылыс болмақ.

А. Салқынбай мен Ж. Сарсенбайдың айтуынша әлеуметтік желіде қазіргі уақытта жазбаша ауызекі сөйлеу пайда болған. Себебі, әлеужелі пайдаланушылары жазбаша қарым-қатынасқа түскенімен, ауызекі сөйлеу тілінің нормасын пайдаланады. Әлеуметтік желідегі сөзбелгілерді былай бөледі:

1. Ауызша тілдің сөз белгілері: диалогты шынайы уақытта онлайн ұстап тұру, ақпаратты тез арада беру, тілдік құралдарды және сөз сөйлеуге күшті үнемдеу, орфографиялық және пунктуациялық ережелердің сақталмауы, мәтіннің спонтанды болуы, компьютерлік және желілік сленгтерді пайдалану, инверсиялардың, эллипстік құрылымдардың және ықшамды құрылымдардың келуі.

2. Жазбаша сөз белгілері: жазба символдары арқылы тікелей сөз алмасу, жазбаша тіркелу, қарым-қатынас барысында ұзақ кідіріс жасау мүмкіндігі, визуалды қабылдау, жіберілген хабарламаны түзету және мәтіндік ақпаратты еркін орналастыру мүмкіндігі. Бұған адресанттың хабарламасын адресат оқыса да, адресантқа оқылмаған күйде көріну мүмкіндігі, эмоциясын смайликтер, стикерлер, gif анимациялар мен тыныс белгілері арқылы білдіру мүмкіндігі, жіберілген хабарламаны адресаттан да өшіру мүмкіндігі, т.б. қосуға болады [7, 216-217 бб.].

Әлеуметтік желіде тілдік үнемдеу заңы қатты байқалатын қарым-қатынас алаңы. Пайдаланушылар аз уақытта көп ақпарат беру үшін әр түрлі амал-тәсілдерді пайдаланады. Ондай тәсілдердің қатарында смайликтер, стикерлер, орфографиялық және пунктуациялық таңбаларды қолдануды айтуға болады. Бұл тілдік үнемдеу ғана емес, адресанттың эмоциялық күйі мен адресатқа деген ниетін де білдіреді.

Академик Р. Сыздықтың тіл мәдениетіндегі өзекті мәселелерін уәжді және уәжсіз ауытқулар деп бөліп, уәжсіз ауытқуларды мыналарды көрсетеді:

- а) жаңа жасанды сөз ұсыну және оның мағынасы жағынан сәтсіз шығуы;
- ә) әдеби баламасы бар жерде ешбір стильдік не өзге мақсат көзделмей қарапайым сөздерді, диалектизмдерді жұмсау;
- б) бірқатар кірме сөздер мен соңғы он жылдықта енген жаңа сөздерді сұрыптауымыз керек;
- в) орфоэпиялық норманы сақтамау;
- г) сөз мағынасын дұрыс білмей жұмсау.

Бұл мәселелер әлі күнге дейін өзектілігін жоймай, шешілуін кезек күттірмейтін мәселеге айналууда. Себебі, күн сайын лек-легімен келе жатқан жаңа сөздер мен терминдерді ағылшын тілінен тікелей немесе орыс тілі нұсқасында қабылдап, күнделікті тұрмыста пайдалану үстіндеміз. Мысалы: ватсап (уатсап), веб-сайт (уеб-сайт), гипер



(хипер), т.б. Ғалым Ш. Құрманбайұлының айтуынша тілде ағылшын кірме сөздерінің бірлі-жарымы ғана аударылып, ол аудармалар қолданысқа толықтай енбей кірме сөздермен жарыса жұмсалып жүр. Ол аудармаларға мына терминдер жатады: adapter – бейімдеуіш, internet – ғаламтор, mouse – тінтуір, т.б. Ғалым ағылшын сөздерін аударуға ниеттің пен талпыныстың жоқтығын айтады [5]. Бүгінде ағылшын терминдері тек қазақ тілінде ғана емес, көптеген тілдерде танымалдылыққа және кең қолданысқа ие. Себебі, өскелең ұрпақ әлемдік ағылшын тілін меңгеруге деген ұмтылысынан, өзара қарым-қатынасында күнделікті қолдануынан туындап отыр. Мысалы: ок (оқ-жақсы), сори (sorry – кешіріңіз), плиз (please – өтінемін), мейби (maybe – мүмкін), но но (no no – жоқ), сториз (stories – тарих), дайрект (direct – тікелей), лав стори (love story – махаббат хикаясы), т.б.

Жоғарыда айтқан уәжсіз ауытқуларды әлеуметтік желіге байланысты Н. Ахтаева өз мақаласында былайша толықтырады:

- а) стильдік қателер;
- ә) орфография мен пунктуацияның сақталмауы;
- б) дисфемизмдерді қолдану;
- в) сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмендеуі;
- г) ретсіз қысқартулар: нест (не істеп жатырсың), қаз (қазір), раха (рахмет), т.б.
- ғ) басқа тілдің сөзін өз тілімізбен араластыра қолдану, т.б [8, 39 б.].

Сонымен қатар ғалым Н. Ахтаева интернеттік тілдік нормаға әсерін екі жақты қарастырады:

- 1) интернеттегі қарым-қатынасқа түрлі сленг, ауызекі сөйлеу, диалектілердің енуі;
- 2) интернет арқылы пайда болған сленгтік элементтердің тілге енуі: пост, логин, дайрект, аккаунт, зум, чат, сториз, т.б.

А. Салқынбай мен Ж. Сарсенбай өз мақалаларында әлеужелідегі (Facebook, Whatsapp) қазақ мәтіндерінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін зерттеген. Лексикалық ерекшелігіне кірме сөздердің төл сөзімізбен лексикалық және синтаксистік байланысқа түсіп, лексикалық тіркесімділігі жоқ сөздер тіркескен: лайк бастым, дайректке жаздым, сториз салдым, поделиться еттім, пост салдым, + қойып кетіңіздер, статусыңнан көрдім, свайп жаса, т.б. Ал морфологиялық ерекшеліктері не кірме сөздерге қазақ тілінің қосымшаларының тікелей жалғануы (инстада, сторизден, чатта, телегада, т.б.) мен қысқарған сөздердің (лс – личное сообщение, раха – рахмет, қаз – қазір, ок – жақсы, нест – не істеп жатырсың, т.б.) пайда болуын көрсеткен [7, 223].

Әлеуметтік желідегі хабарламаларда эмоция болады. Яғни, адресант өз көңіл-күйін, адресатқа деген көзқарасын, ниетін, сезімін білдіре алады. Ол үшін орфографиялық және пунктуациялық таңбаларды, смайликтерді, gif анимацияларды, стикерлерді пайдаланады. Мысалы:

1) ашуды, хабарламаның маңызды екенін білдіру үшін тек бас әріптерден қысқаша сөзді пайдалану және леп белгісін қою кездеседі: ЖОҚ, МАҒАН ЖАЗБА!, МАҢЫЗДЫ!, т.б.,

2) ұнату, сыйлау сияқты сезімдерді білдіру үшін сөз соңында «)» танбасын бір немесе бірнеше рет қою да кездеседі: жақсы), жан)), ок), т.б.

3) смайликтер әлеуметтік желілердің сайты мен смартфондардың барлығында болады және жаңару арқылы смайликтер қосылып отырады, ал gif анимациялар мен стикерлерді тақырыбына сай іздеу арқылы тауып жіберіп, эмоцияны білдіруге болады.

Қорытындылай келе, заманның ағымына сай норма да үлкен өзгерістерге түсіп, уәжсіз ауытқулар пайда болып, жазбаша ауызекі сөйлеу тілі пайда болды. Оның бәрі әлеуметтік желілердің интернеттегі сайттары мен ІТ қосымшаларында, дербес компьютердің бағдарламаларында және ойындарда көрініс табууда. Бұл тілдік үнемдеу заңына апаруда. Себебі, қарым-қатынасқа түскен тұлғалар қысқа уақытта көп ақпарат беруге, эмоциясын әр түрлі жолдармен білдіруге тырысады. Әлеуметтік желілерде қазақ мәтіндерінің орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателерді тексеретін, түзететін арнайы мүмкіндіктері жоқ. Егер ондай мүмкіндіктер пайда болса да, пайдаланушылар қаншалықты пайдаланатыны белгісіз. Себебі, әлеуметтік желілер демократияланған еркін виртуалды кеңістік. Жазбаша ауызекі сөйлеу тіл болғандықтан, ауызекі сөйлеу тілінде де көрініс тауып, нормадан ауытқыған қате қолданыстар тілге кері әсер етпей қоймайды. Сондықтан, әлеуметтік желідегі нормадан тыс қате қолданыстарды анықтап, олардың жолын кесу бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр.

Мақала ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

### Әдебиет:

1. Алдаш А. Тілдік норма vs. әдеби норма мәселелері: ортологиялық талдау // *Turkic Studies Journal*. – 2021. – Т. 3. – №. 2. – С. 19-31.

2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

3. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.

4. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 б.

5. Абилямажинова Б., Аубакирова Б., Шаяхимов Д. Тіл мәдениетінің жаңа форматта зерттелу бағыттары // *Вестник Кокшетауского Университета им. Ш. Уалиханова. Серия филологическая*. – 2024. – №. 1. – С. 9-21.

6. Crystal D. A Language Revolution: from reluctance to renaissance. – Malden, MA: Polity Press, 2004.

7. Салқынбай А., Сарсенбай Ж. Әлеуметтік желідегі тілдік қолданыстар: норма және узус // Журнал Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана», серии «Филологические науки». – 2023. – Т. 70. – №. 3.

8. Ахтаева Н. Интернет лингвистикадағы тілдік норма // Филологиялық сериясы. – 2017. – Т. 2710. – С. 37.

**Г.Баялиева**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қазақстан*

## **АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада академик Р.Сыздықтың қазақ әдеби тілінің тарихы туралы негізгі тұжырымдары берілген.

**Тірек сөздер:** әдеби тіл, тіл тарихы, ескерткіш, түркология.

**Abstract.** This article presents the main conclusions of Academician R.Syzdyk on the history of the Kazakh literary language.

**Keywords:** literary language, history of language, monuments, Turkology.

**Аннотация.** В данной статье представлены основные выводы академика Р.Сыздыка о истории казахском литературном языке

**Ключевые слова:** литературный язык, история языка, памятники, тюркология.

Қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуы осы жолда аянбай еңбек етіп, өзіндік үлес қосып жүрген ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Осыған байланысты қазақ тілінің жекелеген салаларының негізін қалап, іргелі ғылым деңгейіне жеткізген ғалымдардың тіл білімінің дамуындағы орнын айқындау – түптеп келгенде, ғылымның тарихын зерттеу болып табылады. Қазақ тіл біліміндегі қазақ әдеби тілінің бес ғасырлық даму тарихын, орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілін зерттеп, оны жеке пән ретінде жүйелеген, қазақ тілінің нормаларын қалыптандыруға арналған еңбектердің авторы, көрнекті ғалым – Р. Сыздық. Қазақ тіл білімінде тіл тарихы, оның ішінде әдеби тіл тарихы кеш зерттелген сала. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тілін зерттеген түркітанушы орыс ғалымдары тіл тарихын сөз етпеді. Оның себебі, біріншіден, қазақ әдеби тілі тарихын танытатын жазба нұсқалардың аздығы, екіншіден, ол зерттеушілердің түркі халықтары тілінің тарихын зерделеуге құлықты да болмаған сияқты.

Қазақ тілші ғалымдарының ішінен алғашқы болып 1930 жылдардың ортасында «Абай- қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласын профессор Құдайберген Жұбанов Абайдың қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің дамуындағы орнын көрсетуге арнаған. Одан кейінгі жылдарда Н.Т.Сауранбаев, І.Кенесбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаевтардың бірер мақаласы болмаса, әдеби тіл тарихынан монографиялық дәрежеде зерттеулер болған жоқ. Бірсыпыра зерттеушілер әдеби тілді тек жазумен байланыстырып, жазба тіл деп түсініп, оның тарихын әрі кеткенде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан, Абай, Ыбырай шығармалары тілінен бастау керек деген уәж айтты[1, 23], тіпті «әдеби тіл» деген термин 60 жылдарға дейін «әдебиет тілі»(язык литературы)делініп келді. Ғалым Қ.Жұбанов та, М.Әуезов те әдеби тіл жайындағы мақаласында «әдебиет тілі» деп жазды. Бұл сол тұста әдеби тілді көбіне-көп көркем әдебиет тілі деп түсінуден шықса керек. Тек 1960 жылдардан бастап әдеби тілді танытатын нұсқалардың тілі біртіндеп кандидаттық, докторлық диссертациялардың объектісіне айнала бастады. Алғашқы болып Абай шығармаларының тілін әуелі кандидаттық, кейін докторлық диссертацияның нысанына айналдырған Рабиға апайды атауымызға болады. Міне, осындай зерттеулердің нәтижесінде 1968 ж «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты оқулығы дүниеге келді[2, 75]. Оқулықта қазақ әдеби тілінің тарихы ХVІІІ ғасырдан басталады. Оқулықты жазу үстінде, одан кейін «О формах казахского литературного языка донационального периода» деген тақырыпта Алматыда өткен Бүкілодақтық түркологиялық конференцияда баяндама жасайды. «Абай және қазақ әдеби тілі», «Әдеби тілдің статусы» т.б. мақалалар жазған. Бұл мақалаларда Рабиға апай әдеби тілдің теориялық мәселелеріне қатысты жаңа идеялар ұсынады. Ең алдымен әдеби тіл категориясын тануда біршама пікірталасын туғызып жүрген мәселе-әдеби тілдің анықтамасы болатын. Бұрынғы зерттеушілердің негізге алып жүргені – әдеби тілдің орыс тіл білімінде қалыптасқан, қазіргі ұлттық дәуіріне сай келетін анықтама еді. Ол бойынша, «Әдеби тіл дегеніміз-жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл»деп танылды. Бұған сүйенсек, қазақ әдеби тілі бұл шарттарға тек ХІХ ғасырдың екінші жартысында, тіпті кеңес дәуірінде ғана жауап бере алады. Сонда ол кезеңге дейін қазақ халқында әдеби тіл болмаған болады, қазақ мемлекеті құрылған ХУ ғасырдан бергі атақты ақын-жырауларымыздың бізге жеткен шығармалары әдеби тілде емес, әр түрлі диалектіде, сөйлеу тілінде шығарылған дүние болып шығады. Жалпы, әдеби тілдің барлық халықтарға, оның тарихының барлық дәуірлеріне бірдей келетін әмбебап анықтамасының болмайтынын еуропа, орыс ғалымдары айтқан болатын. Ғалым Рабиға Сыздық осы пікірлерге сүйеніп, жоғарыдағы анықтаманың қазақ әдеби тілі тарихына келгенде, дәл келе бермейтін тұстарын дәлелдеді. 1-ден, әдеби тіл тек жазба тіл болуы керек деген шарт жазуы ерте дамыған, жазба мұралары сақталған қазақ, қырғыз сияқты жарғылай көшпенді елдерге келе бермейді. Аталған

халықтарда жазба әдебиет орнына ауызша әдебиет өркен жайған. ХҮ-ХІХ ғасырларда жасаған ақын-жыраулардың шығармалары ауызша туып, ауызша тарап, ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткен. Бұл шығармалардың тілі де белгілі нормаға түскен, сөйлеу тілінен жоғары тұрған тіл болды. Мұны академик Рабиға Сыздық ауызша әдеби тіл деді. Ал осы тілмен қатар өмір сүрген жазба әдеби тіліміз де болды, ол көне түркі әдеби тілі дәстүрін сақтаған, бірсыпыра түркі халықтарына ортақ тіл болды[3, 18].

Сөйтіп, Рабиға Сыздық енгізген жаңа тұжырым бойынша, қазақ әдеби тілі алғашқы дәуірлерде ауызша әдеби тіл ретінде дамып, соның негізінде, баспасөз стилінің қалыптасуымен, ғылыми көпшілік әдебиеттердің, іс қағаздардың баспа бетін көруі арқылы қазіргі жазба әдеби тілімізге ұласты.

Р.Ғ.Сыздықтың екінші бір жаңа тұжырымы – қазіргі әдеби тіл стильдерінің әдеби тіліміздің даму кезеңдерінің бәрінде бірдей орын алу міндеті емес деген пікірі. Қазақ әдеби тілінің алғашқы дәуірлерінде көркем әдебиет стилі мен іс қағаздары стилінің ғана болғандығы белгілі. Бұл – жалғыз қазақ тілінде ғана емес, өзге тілдерге де тән жағдай екен. Осыларды негізге ала отырып, ғалым қазақ әдеби тілін танытатын белгілер ретінде төмендегілерді ұсынады.

Біріншіден, ол сұрыпталған, өңделген, белгілі бір қалыпқа түскен тіл болуы керек;

Екіншіден, қызметі жағынан сол халықтың қоғамдық өмірінде ұйымдастырушылық, яғни қоғам мүшелерін біріктірушілік қызмет атқаруы тиіс;

Үшіншіден, диалектілерден, сөйлеу тіліндік ерекшеліктерден жоғары тұруы қажет, яғни орысша айтқанда, «наддиалектный» деп аталатындай қасиеті болуы қажет;

Төртіншіден, оның қоғам мүшелерінің барлығына ортақ, солар дұрыс деп мойындаған нормасы болу керек. Бұл белгілер қазақ қоғамында өмір сүрген ауызша әдеби тілде де болған. Әдеби тілді ауызша, жазбаша деп бөлу – оның тек өмір сүру формасы ғана.

Осы анықтаманы (белгілерді) негізге алып, Рабиға Сәтіғалиқызы қазақ әдеби тілінің тарихын, қазақ халқының өз алдына отау тігіп, ел болған ХV ғасырдан бастауды ұсынды. Бірақ оны дәлелдеу үшін сол ХV- ХVІІ ғасырдағы әдеби тілдік нұсқалардың тілдік талдаудан өтуі қажет еді. Ғалым бұл жұмысты да өз мойнына алады. Бұл дәуірлерде жырлаған Асан қайғы мен Қазтуған (ХV ғ.), Шалкиіз бен Доспамбет (ХVІ ғ.), Жиёмбет пен Марғасқа (ХVІІ ғ.) жыраулардың бізге жеткен шығармаларын лингвистикалық тұрғыдан талдау арқылы ауызша әдеби тіліміздің көркем әдеби стилінің бастау болғанына көзімізді жеткізді. Әрине, бұл дәуірлерде жазба әдебиет уәкілдері де болған, бірақ олардың туындыларының бізге жеткені өте аз. Сонымен қатар қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты еңбектерге талдау жасай келіп, әдеби тілдің басталар тұсын айқындауға байланысты оларды беске бөледі:

1. Қазақ әдеби тілінің тарихын ертеден көне түркі дәуірінен, ғұндар мемлекеті кезінен бастаған ғалымдар – Ғ.Мұсабаев, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев;

2. XVIII ғасырдан бастайтын ғалымдар – Қ.Жұмалиев, М.Балақаев;
3. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастайтын ғалымдар – Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев;
4. Қазақ әдеби тілінің тарихын төңкерістен бастайтын ғалымдар – Т.Қордабаев;
5. Қазақтың төл әдеби тілін ауызша дамыған авторлы поэзия түрінде оның халық болып құрылған кезеңнен, XV-XVI ғасырлардан, ескі жазба әдеби тілін XVI-XVII ғасырлардан, жаңа ұлттық жазба әдеби тілді XIX ғасырдың екінші жартысынан бастайтын ғалымдар – Р.Сыздық, Қ, Өмірәлиев, Б.Әбілқасым, С.Исаев, Ә.Құрышжанов т.б.[3, 85].

Қазақ әдеби тілінің дамуы мен тарихы мәселелері ғалымның түркологиялық зерттеулерімен де тығыз байланысты. Ортағасырлық – XVI ғ. аяғында жазылған Қадырғали бидің «Жамиғ-ат тауарих» ескерткіші тілінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасап, ол жайында екі монография жариялайды. Түркі тілдерінің оғыз және қыпшақ элементтерін салыстыру нәтижесінде зерттеуші жазба ескерткіш қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихи мұрасы екендігін дәлелдейді.

Бұл шежіренің тілі заманындағы барлық түркі жұртына ортақ болған шағатай аталған тілде жазылса да, онда қазақ тіліне тән сөз өрнектері мен фразеологиялық оралымдар көптеп кездесетінін анықтап шықты. Бұл ескерткішті зерттеудің нәтижесінде бұрын көне татар тілінің жәдігерлігі саналып келген шығарманы көне қазақ әдеби тілін танытатын жазба нұсқалардың қатарына қосты.

Ғалымның Қожа Ахмет Ясауидің (XII ғасыр) хикмет тіліндегі мәтіндік зерттеулері – ғылыми қызығушылық тудыратын үлкен еңбек. Р.Сыздықтың шығармашылығы проблемаларды терең зерттеуімен және тілдік деректердің кеңдігімен ерекшеленеді.

Зерттеушінің ғылыми-зерттеулерінде сөйлеу мәдениетіне қатысты теориялық және қолданбалы мәселелер маңызды орын алады. Ол өз еңбектерінде норма, кодификация, сөйлеу және т.б. сияқты лингвистикалық ұғымдарды терең талдап ашып берді. Тілдік норма мен оның кодификациясының мәселелері, қазақ орфографиясы мен пунктуациясының негізгі ережелері, қазіргі қазақ тілінің лексикографиялық байлығы, стилистика мен шешендік мәселелері көптеген монографияларда, анықтама-лық кітаптарда, оқулықтарда және т.б. оқу құралдарында көрініс тауып анықталады.

Ғалымның әдеби тіл тарихын зерттеуге қосқан тың тұжырымдары оның 1993 жылы жарық көрген «XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы» аталатын монографиясында көрініс тапты. Бұл тұжырымдар, сондай-ақ 1984 жылы өткен қазақ әдеби тілінің проблемаларына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференцияға қатысушылар тарапынан да қолдау тапқан.

Рабиға Сәтіғалиқызының өзінен бұрынғы әдеби тіл тарихы бойынша мақала жазған ғалымдарымыздан бір ерекшелігі – әдеби тіл тарихына жататын нұсқалардың

қай-қайсысы болса да, олар туралы басқалардың пікірін пайдаланбай, өз қолымен ұстап, өзі талдап барып пікір айтқандығы. Бұл – біздің болашақ жас ғалымдарымызға үлгі тұтар қасиет.

Қорыта келгенде айтарымыз – академик Рабиға Сыздық зерттеулері арқылы әдеби тіліміздің тарихы жүйелі, шынайы қалыпқа түсіп, тіл тарихын үйренушілер мен зерттеушілер үшін дұрыс жол сілтейтін бағдарламға айналды.

#### **Әдебиет:**

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. Алматы, Дайк-пресс, 2007.23-б.
2. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, Ана тілі, 1993, 75-б.
3. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, арыс, 2004, 18-б

**A.Karibayeva**

*Al-Farabi Kazakh National University  
Kazakhstan*

### **LINGUISTIC STRATEGIES FOR EXPRESSING POLITENESS (ENGLISH, KAZAKH AND RUSSIAN-SPEAKING CULTURES).**

**Abstract.** This study provides comparative analysis for politeness lexical units in English, Kazakh and Russian languages. The lexical units are divided into groups according to their polite linguistic strategies: greetings and farewells, expressing gratitude, and making requests. The results revealed significant differences and similarities in linguistic strategies for expressing politeness, i.e. greetings and farewells, expressing gratitude and making requests in English, Kazakh and Russian. Analysis demonstrated high level of impact of history and religion on shaping language, culture of the language and even the concept of politeness. A comparison of the three linguistic cultures has proven that cultural norms and values play a key role in each of them For instance, English polite formulas aimed at minimizing the possible discomfort of the interlocutor, reduces tension and avoid directness. In the Kazakh language, paying respect to elders and observance of traditions are main aspects of politeness. The Russian language also shows considerable attention to politeness, but with an emphasis on collectivism and the preservation of social harmony.

**Keywords:** politeness, linguistic strategies, greetings, farewells, making requests, positive politeness, negative politeness.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ағылшын, қазақ және орыс тілді мәдениеттерге ризашылық білдірудің лингвистикалық стратегиялары анықталып, салыстырылады. Мәдени контекстті түсіну тілдік ортаға жақсы бейімделуге, түсінбеушіліктерден аулақ болуға және

«Жаман қуану», «жаман сөздер тарату», «жаман ағаң» дегенді эмотивтілік тұрғысынан қарастырсақ, алғашқы мысалда жаман сөзі жағымсыз реңінен айрылып, қуанудың ырқымен қуаныштың күшін, айтушының қатты қуанғандығын жеткізеді. Ал «жаман сөздер тарату» айтушының ашуланғанын емес, қуаныштан, әдейі қолданғанын білдіреді. Яғни тілде сөздердің сөздіктегі мағыналарынан басқа, эмоциялық бояуы, реңі, бөлек қолданыстарын қолданушының сөзді ойнату, бояуын пайдалану деп айта аламыз. Бұған қатысты жоғарыда рендес сөздер, колорит түзуші сөздер туралы айтқан болатынбыз (Р.Сыздық). Бұл ойымызды «сұмдық» сөзінің тілдесімдегі тіркесті қолданысын талдау арқылы бекіте аламыз:

Таяуда бір сұмдық оқиға болды.

– Жасыңызда сұмдық ажарлы, сұлу болғаныңыз байқалып тұрады. (Қ. Сәрсенбай. Түнгі қойылым)

– Ата жұрттан, Үлкен үйден сайғақ құрлы сая таппай, шекарадан қайта бері өтті деген не сұмдық?!

- Иә, не дерің бар, нағыз сұмдық деген осы.

- Сөйте отырып қазақты сұмдық жақсы көреді. (М.Жолдасбеков. Тіршілікте сыйласып жүрейік)

«Ағатай-ау, менде сырқат жоқ, бұл не сұмдық!» Бас бапкер: «Дәрігерлер қателеспейді, шырағым, бар да емдел!» [11].

Бұл мәселені антонимдер тақырыбында қарастырылатын энантиосемия құбылысымен де байланыстырар едік. Мұны Ш.Сарыбаев, Х.Нұрмұханов сынды кейбір ғалымдар «антонимдер мен омонимдердің қиылысуы» деп қарастырса, екінші бір топ Б. Шалабай, Ж.Мусин, М.Белбаева антонимияның бір түрі дейді. Қ. Саркенова

энантиосемияны сөздің ішкі антонимиясы, яғни бір сөздің ішінде қарама-қарсылыққа негізделген семантикалық байланыс деп анықтайды да, бұл құбылысты қарама-қарсы қосымша үстейтін мағынасына қарай заттық және эмоционалды-бағалауыштық, экспрессивті қарама-қарсы мағына деп бөледі [8, 53-б.]. Номинативтік энантиосемия грамматикалық және лексикалық жолмен беріледі, мәселен, әдейі айтып қалды (қасақана) – байқамай айтып қалды (қателесу). Мұны айтушының оқиға субъектісіне қатынасы тұрғысынан келгенде, кінәлау, жақтырмау сезімі, сонымен қатар ақтау мақсатын (интенциясын) қарастыруға болады, әдейі, қасақана *мен* байқамай, кесірінен *мен* арқасында бірліктерінің қазақша сипат тасушы эмотивті элементтерге жатқызуға болады. Энантиосемияның екінші эмоционалды-бағалауыштық түріне қалыптан (дәстүрден) тыс қолданудан мағынаның эмоционалды-бағалауыштық рендерінің мәні ерекше қызмет атқаруына келетін болсақ, мәселен, жақсы сөзі: 1) *күн қандай жақсы! Аспан шайдай ашық...*; 2) *Жақсы! Жолдасыңды ұмытып, үйге басыңды сауғалап қашып келгеніңді ерлік деп санап тұр екенсің зой!* Сондай-ақ бұл ойымызды мынандай мысалдармен де толықтыра аламыз: қара жүрек – ақ жүрек, ақ ниет – қара ниет; оң бата – теріс бата; аузы берік – аузы ашық, ашық ауыз). *Бұл мысалдардан түстердің де эмоционалды рең білдіретінін, тіпті әр тілге тән тұрақты реңге ие екенін көреміз.*

*...Мынау тамағымдағы дақ содан қалған, қарағым, әйтпесе, екі аяқтының аруы едім. – Енесі өз сөзіне өзі күлді.*

Сіз қазір де сұлусыз, апа, – Айна енесінің бетінен сүйді.

Сұлулық бізден қалғаны қа-ша-а-ан. – Кемпір үйдің босағасына қарап әлдебір ойға берілгендей, әлдене ойына оралғандай үнсіз жатты (*О. Бөкей. Атау кере*).

Осы үзіндіден екі адам арасындағы эмоциялық қатынастың жалпы сипатын, кейіпкерлердің жеке сезімдерін айтып отырған сөздері арқылы, жағдаятты талдап көрсету. Мәселен, енесінің өз сөзіне өзі күлуі, «екі аяқтының аруы едім» дегендегі эмотивтерді тану, қабылдау, тәпсірлеу тапсырмалары беріледі. Келесі кейіпкердің «қазір де сұлусыз» деуі, жағдаяттық тұрғыдан бетінен сүю, эмоцияның вербалды-бейвербалды жеткізілуі мен ілеспе әрекетінің маркерлері ретінде талдату қажет [13]. Мысалы, берілген мәтін үзіндісіндегі: – Сұлулық бізден қалғаны «қа-ша-а-ан» дегенде, «қашанның» тыныс белгісінен эмоцияны білдірудің паралингвистикалық жолдарына шолу жасалса, эмоцияның қабылдану-тәпсірлену дағдысын қалыптастырады. Яғни эмоцияны жеткізу үдерісін кешенді түрде қарау, оны вербалды ғана емес, фонациялық, кинесикалық, графикалық тәсілдерін де таныту – тұлғаның эмотивті құзыретін қалыптастырушы компонент. Ш.Зекенова «Омоним және синоним мағыналы бейвербалды амалдардың эмотивті-қатысымдық сипаты» кандидаттық диссертациясының авторефератында шығыс елдерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне орай қолданылатын кинемалардың еуропалықтардан ерекше екендігін айтады [14].

Ғалымдар қазақтың «ішімдегінің бәрі – тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде» деген ұлттың бейвербалды амалдарын ұлттық феномен ретінде қарастырады [15, 89-б.]: мәселен, сұқ саусағымен самай тұсын айналдыру: Ресей мен Қазақстанда – қарлыла-сын ақымақ дегенді білдірсе, Аргентинада – телефонға шақыруды, ал Перуада – мен ойланып отырмын деген ишаратты білдіреді. Ал алақанды жұмып, бас бармақты жоғары қарату Ресей мен Қазақстанда – тамаша керемет дегенді, еуропалықтарда – көлікке тоқта дегенді, Бангладеште – мысқылды, араб елдерінде – балағатты білдіретін ишараттар (Қосымша А). Осындай ерекшеліктерді таныту, тілдегі қауымдық ұстанымдардан, ұлт мәдениетінен, өмір сүру ерекшеліктерінен хабар беріп қана қоймай, тілдің тереңірек әрі еркін түсініп қабылдауды үйретеді. Бұл – тіл үйренуші үшін де, жалпы инсан үшін де құзыреттілікті қалыптастыратын фактор. Бұл мәселенің теориялық алғышарттарын М.Балақаев, Р.Сыздық, Н.Уәлидің тіл мәдениетіне арналған зерттеулеріндегі паралингвистикалық амалдар, сөйлеу мәдениетіне қатысты талдаулардан табамыз [3, 58-б.].

Ғалым Р.Сыздық Абай тілін зерттеу еңбектерінде де (Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиген) бүгінгі қоғамдағы таршылықтың зоры – адамгершілік, ізгілік қасиеттердің, ұлттық этикалық мәдениеттің құлдырау заманында ұлы ақынның көркем тілін зерттеудің бір себебі деп көрсетеді [16]. Абай қазақ өлеңі бұрын білмеген теңеудің, эпитеттің, метафораның жаңа түрлерін ұсынғанын ескере отырып, қазақ өлеңіндегі сөз күдіретін көрсетеді.

Ал «Адам-Сезім» қатынасы тұрғысынан келер болсақ, Абай шығармашылығы тақырыбының бастысы – адам, оның моральдық бет-бейнесі, ішкі дүниесі, сырт келбеті, іс-әрекеті, сонымен қатар ақын шығармашылығында бұл ерекшеліктер бұрынғы сарынмен өсиет, ақыл түрінде емес, нақты, әр қимылды, әрекетті, мінезді дәл көрсету түрінде жырланған. Адам сезімдерін ақын қазақ өлең-жырларында кездесе қоймайтын суыну, ысыну, елең қағу, бос шошу, қызару, сұрлану, сұқтану сияқты жай-күй атау, сипаттарымен беріледі. Р.Сыздық ақын өлеңдеріндегі бұртақтау, арсаңдау, босқа талтандау, ит көрген ешкі көздену, тізесін созғылау, тыртыңдау сынды стильдік жүгі басым сөздерді «**поэтикалық паспорты**» жоқ деп атап, ақынның адам сезімінің жеткізілуіне, оның дұрыс қабылдануына мән бергендігін көрсетеді.

«Абай поэтикасында көзге елестетіліп берілетін образдар тән. Мысалы, аңға салған құс пен одан қашқан түлкінің суретін көзге елестетіп беру үшін ақын қайқаң қағу, салаң ету, аузын ашып қоқақтау, қанат-құйрық суылдау сияқты сөздерді таңдайды немесе наданның намаз оқыған кездегі суретін елестету үшін құржаң-құржаң ету, тоңқандай деген тіпті тұрпайы сөздерді алады және бұл сөздер образ жасауға қатысады» [16, 34-б.]. Талдаудан байқағанымыздай, ғалым Абай тілінің адамның ішкі жақтырмау, жиіркену, қызықтау сияқты сезімдерін жеткізуге жұмсалып, тыңдаушыға да сол сезімнің тура жеткізіліп, әсер бергенін көздеу ерекшелігі талданған. Ғалым талдаула-

рындағы тағы бір ерекшелік – Абай тіліндегі образдардың ауызша әдеби тілдегідей, халықтың тіршілігімен астасып жатқан, олардың мәдени колориттерімен қатар, образдардың тыңдығы, бұрын қолданылмаған бейнелеу, теңеу сипатын ашып көрсетуі. Мәселен, *күлкі мәліш сауда, алыс-беріс асық ұтыс, бозбала оңғақ бұл*. Сондай-ақ талаптың аты, талаптың тұлпары, асау жүрек, жүйрік ат, үміттің аты, қу тілмен қулық сауу сияқты соны фразеологизмдер де тұрмыс-тіршілік, төрт түлікке байланысты алады. Мұнда Абай тілінің адамға ең жақсы таныс, қоғамға сінген тіршілік, малдың мінезі, образын қолданудың сөзді әсерлендіре, ішкі жай-күйді дәл әрі тыңдаушысына таныс заттармен байланыстыра өрнектеу ерекшелігін байқаймыз.

Бұл ойымызды А.Байтұрсынұлының тіл көрнектілігі туралы сөзіндегі «бұл – сөздің таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуымен» байланыстыра аламыз. Өз сөзімен айтқанда, «адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғаламдайды. Осы сияқты өң берілген сөздер, көрнекі тіл делінеді» [17]. Дәл осы көрнекті тіл қатарында қазақ тіліндегі адам ой-сезімінің толық түсінікті жеткізілуіне жұмсалатын эмотивтер де бар. Оның ғалымның «талғау сөз» адамның лебіз үстінде өз ой-сезіміне сәйкес етіп, таңдап айтатын сөзі десек, «өң берілген сөз», «көрнекі тіл» дегендері де – әдеттегі бейтарап сөздерден алшақ тұратын сөздер хақында [18, 21-б.].

Сонда адам сезіміне қарай сөзді қолдана, қылығын тани сөйлесе, ол сөз құдіретті. Б.Хасанов сөйлегенде, не жазғанда адамның ойы, сезімі дұрыс жеткізілуі үшін сөзді дұрыс таңдау қажеттігін айтады [19]. Мағыналық таңдау синтагматикалық заңдылықтың басты қызметі болғандықтан, мәтіндердің, оның ішінде, көркем мәтіннің тұрақты өмір сүруі және оқырманды таңдай қақтыруы осы дұрыс таңдаудың жүруіне байланысты, яғни Ғ. Мүсірепов айтқандай, «бір сөз бір сөзге жарығын да, көлеңкесін де түсіріп тұрады». Сонда «көркем шығармада сөз таңдауды туғызатын факторлардың бастысы – көркемдік эстетикалық талапты өтеу. Ол үшін сөздің мәнмәтіндік (жағдаяттық) қызметін (**«қылығын»**) тану – негізгі міндет. Сөз таңдау әрекеті мәтін түзу, яғни **«колорит түзуші лексика шоғырын»** құрастыру дегенді алға қояды. Тілдің «единицалары», мысалы, сөз қолданыста екі планды (екі қырлы) болады. Ол негізгі лексикалық мағынасымен қатар қосымша жасырын мағына мен эмоцияға немесе «подтекст» дегенге (астарлы мағынаға) ие болады, сондай-ақ, тілдің экспресивтік қызметі тек қолданыста көрінеді» (Ғ. Мүсірепов). Демек мәтін құрағанда сөз өзіне тән мағынасы бойынша таңдалып алынуы қажет. Егер сөз көп мағыналы болса, сөз керекті мағынасына сай жұмсалуды керек.

Мәтін құрауды Р.Сыздық текст түзу дегеніміз – шығарманың бір бөлігінде немесе шағын бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, мо-

дальдық реңдері біртектес сөздерді шоғырлап беру дейді. Абай тілін айшықтай түсіп, ғалым ақынның сөздің белгілі бір поэтикалық мақсатты өтеуі сол мәтіндегі өзге сөзге де иек артанынын, яғни сөздердің бір-біріне «қызмет көрсетуі» қажет екендігін сезетініне назар қояды. Осылайша ақынның «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» деген өлеңіндегі сол қоғамдағы аса жағымсыз адамдарын қалай суреттегенін көрсетеді. Өлеңдегі сұм-сұркия, қу, білгіш, Құдай ату, бұтып-шату, ісіп-кебу, есіру, қабару, ит ырылдату, сілесі қату деген зат есімдер мен етістіктерді тереді. Р.Сыздық мұндай сөздер мен тіркестердің әрқайсысын «экпрессонт» дейді, себебі оның әрқайсысында жағымсыз қылық, іс-қимылды білдіретін мағынамен қатар, сол мағынаны әсерлі етіп көрсететін бояу бар: жоқтан барды жай айту емес, бұтып-шату, құр мақтану емес, есіру. Ғалымның айтуынша, бұл сөздердің әрбіреуі осындай экрессияға ие болса, олар бір жерге, бір өлеңге шоғырланып берілгенде, әсері мен бояуы одан сайын күшейіп, өлеңді «жұмыр, тұтас» дүниеге айналдырады [16, 35-б.].

Қазақ ақын-жазушыларының шығармасындағы көңіл күйдің, ойдың берілуін, ақынның тілді қолданыс ерекшеліктерін саралай зерттеген Р.Сыздық өлеңдерде баяндау емес, суреттеу, толғау, өсиет түріндегі шығармаларда ұйқасқа көбінесе өзге сөз таптары немесе етістіктің ашық райдан өзге тұлғалары алынған [21, 8-б.]. Ал бұл ойды Махамбеттің бірнеше өлеңінен алынған мысалмен бекітеді: «Біздің байқауымызша, жалпы Махамбет өлеңдерінде етістіктің ашық райлы тұлғасынан жасалған ұйқастар көп емес, оған басты себеп – Махамбет творчествосының тақырыбы мен стилінде. Ол – белгілі бір оқиғаны жырлаушы емес, сол оқиғаға өзінің көзқарасы мен қатынасын білдіруші, өзі бастап араласқан тарихи оқиғаны констатациялап, баяндаушы емес, сол күреске шақырушы, дем беруші. Сондықтан оған баяндау стилі тән емес» [3, 154-б.]. Осындай талдаулар Р.Сыздықтың өз зерттеулерінде сөз бен сезімнің күдіретін көрсетуге, тілдің өмір сүру, адамның ой-сезімін жеткізуге жараяу, жұмсалу әлеуеті мен санқырлылығына аса мән бергендігін көрсетеді.

Мұнымен қатар Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» еңбегінде қолданыстағы сөздердің тарихынан бастап, қолданыс уәжі, өзгерістері, себептерін қарастырғанда, қазақ эпосындағы «әбжыландай толғануды» талдайды. Тіркестің сөздіктердегі «су жылан сияқты шапшаң қимылдау, тез әрекет ету» анықтамасымен, тіркестің ненің образы үшін қолданылатынымен қоса, әбжыланның сужыланмен образдық тұрғыдан сәйкессіздігін көрсетеді. Ондағы мақсаты да сөздердің қолданысындағы олардың адам санасындағы бейнелермен астасуын, сәйкестігін ескерту. Осылайша талдау арқылы әбжыланның сужылан сияқты шапшаңдықтан гөрі, «аба», «ап» – ащы дәм, суда өсетін улы шөптің тамыры, сиқыр деп негіздеп, этимологиялық тұрғыдан ап сөзінің төркінінің моңғолдық «аб, һаб» «сиқырлау, арбау, магия» екенін көрсетеді. Сонымен тіркестің «арбаушы, сиқырлаушы, «қызықтырушы» деген образ ретінде қолданыс

сипатын мысалдармен талдауы – сөздердің қолданыс сипатын, сезім-күйге сай мағынасын ашады [2, 11-б.].

Р.Сыздықтың Абай тілін зерттей, дәріптеу отырып, оның айшықтылығын, адам күйінің барлық қалпы мен деңгейін дәл жеткізу әлеуетін көрсетуі Абайдың өзіне дейінгі сан ғасырлық «эстетикалық таңбалардың шоғырын» жинап берген бүкіл қазақ тілінің, қазақ сөзінің құдіреттілігін, жан-дүниесімен ұғуымен, соны дәл талдап жеткізуімен құнды.

Енді бұған дейінгі және Р.Сыздық еңбектеріне сүйене отырып, Абай өлеңдеріндегі, қарасөздеріндегі көңілдің күйлерін зерттеу бүгінгі зерттеу сұраныстарына сай өзектілікке ие болды. Бұрын Абайдың тілі нысанға алынса, ендігі кезекте Абайдың көңіл күйін, ішкі тәртібін, ойын жеткізуде тілді жұмсау ерекшеліктеріне, тілдегі адам мінезінің көріністеріне назар аудару керек. Ал бұл жолда ғалым зерттеулері жол көрсетер нұсқаушы болары сөзсіз.

Р.Сыздықтың тілге қатысты жинақы тіл, үнемді тіл, астарлы тіл, көркем тіл, тіл үйлесімі, колорит тұзуші сөздер, рендес сөздер, сөз қылығы, т.б. ұғымдарды қолданып, олардың әрқайсының орны мен маңызын айшықтап беруі – қазіргі тіл біліміндегі дәстүрлі зерттеулердің, әсіресе қазақ тіліндегі жаңаша бағытта қалыптасып келе жатқан салалардың қалануына негіз болып отыр. Әлемдік зерттеулерде негізделіп, ғылыми аппараты қалыптасып үлгерген эмотиология саласының қазақ тіл білімінде жаңа көзқарастағы, жаңа мазмұндағы зерттеулерге негіз болуы үшін қазақ ғылымындағы Р.Сыздық зерттеулері зерделене бермек.

### Әдебиет:

1. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 286 б.
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
4. Сағидолда Г. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 304 б.
5. Хасанов Ф. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. ғылыми монография. – Орал, 2012. – 390 б.
6. Шаховский В. Лингвистическая теория эмоций: монография. – М., 2008. – 415 с.
7. Иманалиева Ф. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.
8. Сарекенова Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: оқул. – Астана, 2010. – 152 б.
9. Шаховский В. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. – Воронеж, 1987. – 190 с.
10. Қазақ тілі ұлттық корпусының бес кіші корпусы. <https://best.qazcorpora.kz/>. 10.03.2024.

11. Қазақ тілінің ұлттық корпусы // <https://qazcorpus.kz/>. 10.01.2024.
12. «Сөздікқор» қазақ тіліндегі анықтамалар мен түсіндірмелер берілетін сөздіктер порталы. <https://sozdikqor.kz/>. 2024.
13. Friesen, W.V. Cultural differences in facial expressions in a social situation: An experimental test of the concept of display rules: dis. ... doc. unpub. – San Francisco, 1972. – 154 p.
14. Зекенова Ш. Омоним және синоним мағыналы бейвербалды амалдардың эмотивті-коммуникативтік сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.
15. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. – 520 б.
16. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. Т.1 – 472 б.
17. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
18. Оспанова Д. Лингвомәдени кеңістіктегі эмотивтілік: тілдік әсер және құзырет: док. PhD. ... дис. – Астана, 2024. – 195 б.
19. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолдануы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 206 б.
20. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 232 б.
21. Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері (конференция материалдары мен тезистері). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 224 б.

**А.Каппасова**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, докторант  
Қазақстан*

**А.Адилова**

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

**БАҚ-ТАҒЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ:  
АЛЛЮЗИЯ МЕН РЕМИНИСЦЕНЦИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

**Аңдатпа.** Қазіргі заманғы мерзімді баспасөз беттері қоғамға әсер етудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Журналистика, әдебиет, кино және басқа да мәдени салаларда мәтіндер мен идеялардың бір-бірімен өзара байланысы барған сайын

маңызды бола түсуде. Интертекстуалдылық – осы байланыстарды сипаттайтын ұғым, ол белгілі бір мәтіннің басқа мәтіндермен немесе мәдени контекстермен байланысын зерттейді. Бұл мақалада БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың мәні, оның негізгі түрлері және қазіргі заманғы медиамәтіндердегі көрінісі қарастырылады. Нақтырақ айтқанда, интертекстуалдылықтың негізгі түрлері саналатын аллюзия мен реминисценцияның медиамәтіндердегі қолданысы, қызметі зерттеледі. Мақалада салыстырмалы, сипаттамалық әдістер, мәтіндік талдау, интертекстуалдық талдау әдістері қолданылады. Сол арқылы мәтіндердегі аллюзия мен реминисценция анықталып, олардың семантикалық, прагматикалық және мәдени маңыздылығы түсіндіріледі. Зерттеу мақаласының әдіснамалық негізі Р. Барт, Ю. М. Лотман, В. Красных, Д.Б. Гудков, Г. В. Денисова, И.В. Захаренко, А.С.Адилова, Е.А.Нахимова, Г.Б. Мадиева сынды ағылшын, орыс және қазақ лингвист ғалымдарының еңбектері болды. Мақалада ҚР шығатын ««Жас Алаш»», ««Ана тілі»», ««Егемен Қазақстан»», ««Орталық Қазақстан»» сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желілеріндегі материалдар пайдаланылды. Нәтижесінде медиамәтіндердегі аллюзия мен реминисценцияның қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасалды, атқаратын қызметтері анықталды.

**Тірек сөздер:** интертекстуалдылық, медиамәтін, аллюзия, реминисценция, цитата.

**Abstract.** Modern periodicals serve as a crucial tool for shaping public opinion. The growing significance of intertextual interactions between texts and ideas is evident across journalism, literature, cinema, and other cultural domains. Intertextuality, as a concept, investigates the relationships a particular text has with other texts or cultural contexts. This article delves into the essence of intertextuality in mass media, exploring its primary forms and expressions within contemporary media texts. Particular emphasis is placed on analyzing the use and functions of allusions and reminiscences, which are central to intertextual connections in media texts. The research employs comparative and descriptive methodologies, along with textual and intertextual analysis, enabling the identification of allusions and reminiscences within texts and the elucidation of their semantic, pragmatic, and cultural implications. The article's methodological framework is grounded in the work of scholars such as R. Barthes, Y. M. Lotman, V. Krasnykh, D. B. Gudkov, G. V. Denisova, I. V. Zakharenko, A. S. Adilova, E. A. Nakhimov, and G. B. Madiev, who represent various linguistic schools and traditions, including those in English, Russian, and Kazakh philology. Additionally, the article draws on materials from Kazakhstani media and online sources such as ««Zhas Alash, »» ««Ana Tili, »» ««Egemen Kazakhstan, »» and ««Ortalyk Kazakhstan.»» Through this analysis, the study reveals the characteristics and functions of allusions and reminiscences within media culture.

**Keywords:** intertextuality, media text, allusion, reminiscence, quotation.

**Аннотация.** Современные периодические издания играют ключевую роль в воздействии на общественное мнение. В журналистике, литературе, кино и других куль-



турных сферах всё большую значимость приобретает взаимодействие текстов и идей. Понятие интертекстуальности описывает эти связи, исследуя, как конкретный текст соотносится с другими текстами или культурными контекстами. В данной статье рассматривается природа интертекстуальности в средствах массовой информации, её основные формы и проявления в современных медиатекстах. Особое внимание уделено анализу использования и функций аллюзий и реминисценций в медиатекстах, которые выступают основными типами интертекстуальных связей. В исследовании применяются сравнительный и описательный методы, текстовый и интертекстуальный анализ, что позволяет выявить аллюзии и реминисценции в текстах и объяснить их семантическое, прагматическое и культурное значение. Методологической основой статьи послужили работы таких учёных, как Р. Барт, Ю. М. Лотман, В. Красных, Д. Б. Гудков, Г. В. Денисова, И. В. Захаренко, А. С. Адилова, Е. А. Нахимова, Г. Б. Мадиева, представляющих различные лингвистические школы и направления, в том числе английскую, русскую и казахскую филологии. В статье использованы материалы из таких СМИ и интернет-ресурсов, как «Жас Алаш», «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Орталық Қазақстан», издаваемых в Казахстане. В результате проведенного анализа выявлены особенности применения аллюзий и реминисценций в медиакультуре и определены их функции.

**Ключевые слова:** интертекстуальность, медиатекст, аллюзия, реминисценция, цитата.

Қазіргі таңда көптеген ғалымдардың зерттеу нысандарының бірі – БАҚ тілі, журналистердің сөз саптауы, тіл мәдениеті мәселесі. Баспасөз беттеріндегі журналист тарапынан мәтіннің дұрыс не бұрыс берілуі қоғамға үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан автор оқырманға мәліметті тура, шынайы жеткізуі керек, тіл тазалығына аса мән беруі қажет. Осындай тілдік норманы қазақ лингвистикасында жан-жақты зерттеп, қалыптастырған ғалым, тіл білімінің білгірі Р. Сыздық еді. Сөздің құдыретін ұғына білген, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеген, Абайдың тілдік тұлғасын ашқан, мәтінді стилистикалық тұрғыдан терең зерделеген қазақ тіл білімінің «абыз анасы» Рабиға Сәтіғалиқызы БАҚ тіліне қатысты да біраз пікірлерін білдірген. Барлық стильде болатын уәжді, уәжсіз ауытқуларды сынға ала отырып, автордың әдеби тілден тыс тұрған элементтерді: диалектизмдерді, қарапайым жай немесе дөрекі сөздерді, жаргондарды әртүрлі мақсатта пайдаланатынын айтады. Сол сияқты журналистер бұлардан бөлек тіл біліміндегі интертекстуалдылық құбылысын да қолданады.

Интертекстуалдылық – бір мәтіннің ішінде басқа мәтіндерге немесе мәдени кодтарға сілтеме жасау немесе соларға тәуелді болу құбылысы. Бұл ұғым Ю. Кристева мен М. М. Бахтиннің еңбектерінде кеңінен зерттелген. Олар интертекстуалдылықты мәтіндер арасындағы диалог ретінде қарастырады, онда әрбір жаңа мәтін бұрынғы мә-

тіндермен байланысып, мағыналық кеңістікте жаңа контексттер мен интерпретациялар жасайды [1; 2; 3; 4]. XX ғасырдың екінші жартысында ғылыми айналымға енген «интертекстуалдылық» термині басқа да шетел ғалымдарының еңбектерінде кездесіп, зерттелген болатын. Н.А. Фатеева, Н.А. Кузьмина, А.В. Савченко, А.Д. Васильев, В.Е. Чернявская сияқты орыс лингвистері және Б. Майтанов, Т.У. Есембеков, А.С. Әділова, А. Ислам, Б.А. Абдыханова, Ж. Аймұхамбет сынды отандық ғалымдар одан әрі зерделеп, көлемді зерттеу жұмыстарын жазды. Қазақ тіл біліміндегі интертекстуалды байланыс мәселесіне арналған зерттеулер қазіргі мәтіндер желісін камтып, әдебиеттану тұрғысынан, тілтанулық тұрғыдан пайымдалды десек болады. «Мәтін ішіндегі мәтін» деп танылған интертекстуалдылық көркем мәтіндерде әртүрлі жолдармен, мысалы, түпнұсқа мәтіннен алынған үзінді цитата, ирониялық тұрғыда жазылатын пародия, белгілі бір шығарманы еске түсіретін реминисценция, аллюзия және перифраздар арқылы көрініс табады. Қазақ тіліндегі көркем әдебиетте, әсіресе, поэзия жанрында кең түрде қолданылған интертекстуалдылық қазіргі таңда БАҚ материалдарында жиі ұшырасады. Көбінесе журналистер бұл құбылысты газет мәтіндерінің тақырыпаттары ретінде пайдаланады. Соның нәтижесінде газет, журнал беттеріндегі мақала мәтіндері айқын және әсерлі бола түседі.

БАҚ-та интертекстуалдылық түрлі мақсаттарда қолданылады. Біріншіден, ол ақпараттың түсініктілігін арттыруға және мәтіннің эмоционалдық әсерін күшейтуге көмектеседі. Мысалы, белгілі бір жаңалықты немесе оқиғаны сипаттау үшін авторлар тарихи оқиғаларға немесе мәдени құбылыстарға сілтеме жасай алады, осылайша оқырманның немесе көрерменнің назарын аударып, оны ойландырады. Оқиғаның маңызды екенін көрсетуге және оның қоғамға әсерін арттыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, интертекстуалдылық медиа өнімдерінің семантикасының тереңдігі мен көпқабаттығына қызмет етеді. Көрермен немесе оқырман белгілі бір мәтіннің басқа мәтіндермен қалай байланысатынын байқаған сайын, ол мәтіннің мағыналық құрылымын тереңірек түсіне бастайды. Бұл әсіресе, кино, әдебиет және өнер туралы жазылған мақалаларда, сондай-ақ саяси және әлеуметтік дискурста жиі кездеседі.

Ғалым И.В. Арнольд көркем мәтінге қатысты, мынадай жіктеуді ұсынады: 1) цитаталық тақырып, 2) эпиграф, 3) қыстырынды романдар, 4) хаттар, 5) күнделіктер, 6) цитаталар, 7) аллюзия, 8) реминисценция [5]. Біздің ойымызша бұл интертекстуалдылық құбылыстарды байқататын элементтердің бұқаралық ақпарат құралдарында көбінесе аллюзия, реминисценция түрлері кездеседі. **Аллюзия** – басқа мәтінге жанама сілтеме жасау, ол оқырманның мәдени білімдерін пайдалана отырып, жасырын мағынаны түсінуді талап етеді. Зерттеулерде аллюзияның көмегімен мәтіннің астарлы мағынасын, автордың немесе сөйлеушінің жасырын ойын анықтау мүмкіндігі қарастырылады. Мысалы, Барттың интертекстуалдық теориясында аллюзия мәтіндер арасындағы байланысты орнататын негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылады [6]. Қазақ ғалымы

Н. Уәли болса «Аллюзия белгілі бір жайды меңзеп тұрады. Мәтіндегі сөзбе-сөз мағынаның қалтарысында оқырманның есіне түсетіндей немесе ассоциация тудыратындай, сезіміне әсер ететін прецедентті мәтін немесе прецедентті атаулар болады» [7, 229] деп аллюзияны прецедентті құбылыстармен байланыстыра зерттейді. А. Квятковскийдің поэтикалық сөздігінде аллюзияға мынадай анықтама берілген: «АЛЛЮЗИЯ (от лат. *allusio* – намек, шутка) – стилистический прием; употребление в речи или в художественном произведении ходового выражения в качестве намека на хорошо известный факт, исторический или бытовой» [8, 20]. Яғни аллюзияны тұрмыстық және тарихи оқиғаларға сілтеме жасайтын стилистикалық әдістің бірі деп көрсетеді. Бірақ кейінгі зерттеулерде аллюзияны тұрмыстық оқиғалармен шектемей, тарихи жағдайлармен қоса мифтік оқиғаларды еске түсіретін интертекстуалды элемент ретінде қарастырады. «Стилистический прием аллюзии в свете теории интертекстуальности : На материале языка англо-ирландской драмы первой половины XX века» тақырыбымен зерттеу жұмысын жазған ғалым Е. М. Дронова библиялық сюжеттер; мифологиялық дереккөздер; тарихи оқиғалар; әдебиеттер; вербалды емес өнерден алынған мәліметтерді аллюзияның негізгі дереккөздері деп көрсетеді [9, 15]. Біз осы пікірмен келісе отырып, баспасөз беттерінен төмендегі мәтіндерді жинастырдық.

<https://aladop.kz/> сайтында М. Мұқашұлының «**Иван Свиридов – Адиевтің гректерге тосын сыйы ма?**» деген атаумен мақаласы жарық көрді. Футбол құрамасын сөз еткен мәтінде «**Троян атындай**» тосын сый» деген бөлім бар. Футболдан Қазақстан Ұлттық құрама командасының Грекиямен болатын матчына қатысатын 26 футболшының қатарындағы шабуылшы Иван Свиридовқа арналған **мақаланың мазмұны аталған футболшының мықтылығын, артықшылығын көрсету болатын. Мәтін «Десе де, Қазақстан құрамасымен тарих жасап жатқан Магомед Мұсаұлының таңдауы «Шахтердің» «шабуылшысына бекер түспеді деп үміттенеміз. Гректердің біздің команданың футболшыларын әбден зерттеп жатқаны мәлім. Көпшілікке бейтаныс Свиридовтың өнері элиндіктерге «Троян атындай» тосын сый бола ма? »** [10] деп аяқталады. Бұл сөйлемде «троян атындай» деген аллюзия қолданылған. Ол ежелгі грек мифологиясындағы Троя соғысында қолданылған айлакер жоспарға сілтеме жасайды. Гректердің соғыста жену үшін Трояға сыйлық ретінде үлкен ағаш атты жіберуі және оның ішіне жасырынған сарбаздардың түнде қалаға кіріп, қақпаларды ашып жіберуі тарихта белгілі оқиға болып табылады. Яғни журналист та тарихи оқиғаны еске ала отырып футболшы Свиридовтың беделін асырып, мықты ойын жасайды деген үмітін, сенімін білдірген. Сол сияқты бұл аллюзия арқылы автор жаңа бастаманың сырт көзге пайдалы немесе жақсы көрінуі мүмкін екенін, бірақ шын мәнінде оның ішінде жасырын қауіп немесе қиындықтар болуы мүмкін екенін меңзейді. Ал оқырман болса мифологиядағы белгілі оқиғаны еске түсіріп, осы аллюзия арқылы ақпараттың мағынасын жақсырақ түсіне алады.

<https://el.kz> сайтында «Жітіқарадағы «Пандора жәшігі» қауіп қайтсе сейіледі?» деген тақырыппен мақала жарық көрді. Жазбада Жітіқара ауданындағы зиянды металдар көмілген саркофақтың біртіндеп мүжіліп, қоршаған ортаға төндіріп жатқан қауіпі туралы жазылған. Бұл көмбенің беті ашылса астындағы химиялық металдар ауаға тарап, ауыз суға қосылса, салдарының орны толмас экологиялық апатқа әкелетіні туралы жазылған мақаланың атауын журналист «Пандора жәшігі» деп тауып қойған. Бұл аллюзия грек мифологиясындағы Пандораның жәшігіне сілтеме жасайды. Миф бойынша, Пандора жәшікті ашып, ішінен барлық зұлымдықтар әлемге таралып кеткен. Журналист осы аллюзия арқылы талқыланып жатқан мәселенің шешімінің күтпеген, қауіпті салдарларға алып келуі мүмкін екенін меңзеп отыр. Журналист мақала соңын былайша қорытындылайды: *«Жітіқараның қарапайым жұрты да осы мәселе түбегейлі шешілер деп үміттеніп отыр. Өйткені бұл шаруа бұдан әріге созылса, грек аңызындағыдай, ішіне кесір-кесел жасасырып жатқан жітіқаралық «Пандора жәшігі» ашылып кетуі ықтимал. Ал оның залал-зардабымен күресу қияметке айналуды мүмкін»* [11]. Яғни ««Пандора жәшігі»» аллюзиясы арқылы автор оқырманға мәселенің тереңдігін және оның мүмкін болатын қауіпті жақтарын көрсетіп отыр.

«Пандора жәшігі» аллюзиясының қолданысымен Азаттық Радиосының сайтында көптеген саяси мақалалар жарыққа шықты. Соның бірі 2018 жылы шыққан «Қызба мінезді Трамп пен әккі Путиннің кездесуінен не күтеді?» деп аталатын мақала. Мұнда *«Саммитке келетін Путиннің позициясы айқын, ал Трампың позициясы онша айқын емес. Трампың қызба мінезді адам екенін ескерсек, саммитте Пандора жәшігі ашылып кетуі мүмкін»* [12] деген сөйлем бар. «Талибан» билігіне бір жыл. Жаңа режим ұзақ тұра ала ма?» деген мақалада да осы интертекстуалды байланыстың түрімен төмендегідей сөйлемдерді кездестіруге болады: *«Олар Ауғанстанда тағы бір азаматтық соғыс бола қалса, мәселе шешілмей, қайта Пандора жәшігі ашылып кетеді деп санайды»* [13]. Байқағанымыздай, аллюзия БАҚ-та маңызды көркемдік құрал ретінде кеңінен қолданылады. Ол ақпараттың астарлы мағынасын ашуға, аудиторияға әсер етуге және оның мәдени білімін байытуға мүмкіндік береді. Осылайша, аллюзияны тиімді пайдалану журналистер мен БАҚ өкілдері үшін маңызды әдіс болып табылады, ол ақпаратты тереңірек және әсерлі түрде жеткізуге көмектеседі.

Тіл білімінде аллюзия құбылысымен үнемі қатар жүретін реминисценция ұғымы бар. Ғалымдар екеуінің аражігін ажырату қиындық туғызатынын айтады. Бұл туралы көркем мәтінге қатысты аллюзия мен реминисценцияны қарастырған зерттеуші А. С. Адилова былай дейді: «Шынында, бұлардың ара жігін ажырату қиын, дегенмен реминисценция басқа бір әдеби шығарманы еске түсірсе, аллюзия, негізінен, көпшілікке таныс әлеуметтік-мәдени фактімен орай сол көркем шығарма семантикасына қосымша хабар, мағына қосатын элемент. Реминисценция басқа бір мәтінге цитация қағидатымен дәл, еш өзгеріссіз немесе трансформацияланып енгізілсе, аллюзия

– мәтінде еркін түрде вербалданатын экстралингвистикалық фактор. Аталған екі ин-тертекст прозалық та, поэзиялық та шығармаларда кездесе береді, қосымша мағына үстейді... Реминисценция әдеби шығармаларда аз байқалса, аллюзия жиі ұшырасады. Реминисценциялар ұлттық және әлемдік әдебиетті еске алғызады. Аллюзиялар тақырыптық-семантикалық тұрғыдан бірнеше топқа жіктеле алады: а) тарихи деректерге аллюзия; ә) саяси оқиғаларға ишара; б) әлеуметтік жағдайларға аллюзия; в) мәдени шараларға аллюзия; г) тұрмыс-тіршілікке қатысты аллюзиялар» [14, 90]. Реминисценция – белгілі бір тақырыптың немесе мотивтің қайталануы, яғни еске түсуі. Лингвистикада реминисценция мәтіндік талдау барысында, әсіресе, әдеби шығармаларды зерттеу кезінде маңызды рөл атқарады. Реминисценцияның көмегімен зерттеушілер мәтіндер арасындағы байланыстарды анықтап, тілдің тарихи және мәдени дамуын талдайды. Мысалы, Ю. Лотманның семиотика теориясында реминисценцияның мәтіндердің мәдени контексте байланысын орнатудағы рөлі атап өтіледі [15]. Бұл байланыс арқылы тілдің мәдениетпен өзара әрекеттестігі зерттеледі, сондай-ақ мәтіндер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік беріледі.

Газет беттерінде отандық көркем әдебиет туындыларынан цитация арқылы алынған реминисценциялар молынан ұшырасады. Әсіресе олар тақырыпат ретінде көп жұмсалады. Мысалы, «Жас Алаш» газетінде М.Мақсаттың **«Ауыл клубында оқып жүр, талай қазақ баласы»** (08.09.2022) [16] деген тақырыппен мақаласы басылып шықты. Павлодар облысында жауапсыз мердігерлердің және шенеуніктердің жауапсыздығынан білім ордасының жөндеу жұмыстары аяқталмай, 1-қыркүйек білім күнінде балалар мектепке емес, ауылдың мәдениет үйіне баруға мәжбүр болған қолайсыз жағдай туралы сөз болған мақаланың тақырыбы Абай Құнанбаевтың *«Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы»* деген өлеңіне сәйкестендіріліп қойылған.

«Жас Алаш» газетінің келесі бір санында жарық көрген Ә. Ақылбайдың **«Сан мен санақ: Қазақстанды таңдапты, талай шетел туристі»** (19.08.2022) [17] атты мақаласының мазмұны отандық еҚонақ ақпараттық жүйесі, осы жүйенің туристік ағымға жүргізетін талдауы жайлы. Поэзия жанрында осы Абай өлеңінің контексіне сүйенген бұл реминисценция көп қолданылады. Қаламгер үнемі айтқалы отырған мәселесін кекесін мәнде жеткізу үшін осы өлең жолын реминисценция ретінде келтіріп отырады. «Оқырмандардың ұлттық когнитивті кеңістігінде ерекше орын алатын пародияның бірі – Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңі [15]. Және осы арқылы журналист өз дәуірінің шындығын, проблемасын бере біледі.

Мақаласында білім саласын сөз еткен журналист А.Олжайдың **«Даудың басы – мектеп»** (28.07.2022) [20] деген мақаласы бар. Еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі – мектеп тапшылығы. «Ескі Қазақстандағы» білім беру жүйесі, денсаулық сақтау сияқты негізгі салаларда болған олқылықтарды «Жаңа Қазақстанда» жою керек екенін, білімді ұрпақ үшін жаңа мектептерді көптеп салу қажет екенін, бастысы білім

сапасын көтеру мәселесін жеткізіп айтқан. Мақала тақырыбы Б.Майлиннің «*Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры*» әңгімесінің атауымен өте үйлесімді қойылған.

««Жас Алаштың»» сараптама орталығы «**Жусан иісі. Халықтың ақшасын қолды қылған Jusan bank мемлекетке қашан қайтады?**» (6.09.2022) [21] атты мақаласында Қаңтар оқиғасы кезіндегі Жусан банктен кеткен оққылықтарды көрсетіп, банктің қаржылық есебіне шолу жасауға тырысады. Тақырыптың бейнелілігін арттыру үшін жазушы С.Мұратбековтің «*Жусан иісі*» повесінің атын әдейі алған. Бірақ «Жусан банктің» ісі мен «Жусан иісі» шығармасының семантикасы қарама-қарсы сипатта екені мақаланың өзектілігі мен автордың ашық бағалауын көрсетуге қолданылған, яғни «Жусан иісі» деген тақырыпат жағымсыз мән тудырып тұр.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары – оған мекен.

Филипп патша баласы, ер көңілді,

Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен [22; 72].

Рим империясын құрған, даңқты қолбасшы, әлемді жаулаушы Александр Македонскийге арнаған Абайдың бұл «Ескендір» поэмасының алғашқы жолы көп журналистердің цитата ретінде қолданып жүрген үзіндісіне айналған. Мысалы, <https://newsroom.kz/> сайтында «**Осы жұрт Жауғаштыны біле ме екен?...**» (20.04.2022) [23] деген мақала шықты. Онда 1990-жылдары аты дүркіреп тұрған, нағыз ұлтжанды, жастарға үлгі боларлық тұлға, өте білімді, нағыз зиялы жан Жауғашты Нәбиев туралы айтылады. Қазақстан үшін өте қолайлы, өнімді инвестициялық ірі жобаларды дүниеге әкелген, бірақ үкімет тарапынан түсініксіз жағдайлармен қолдау таппаған Жауғаштының еңбегі жайлы толық мәлімет беріледі.

Журналистердің мақсаты ақпаратты беріп қана қоймай, оқырманға мейлінше әсер ету. Сол үшін интертекстуалдылыққа жиі тоқталады. Және байқағанымыздай, олар елге танымал, тез ойға оралатын Абайдың өлеңдерін тақырыпат ретінде көп қолданады. Егемен Қазақстан газетіндегі «**Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...**» мақаласы осыған дәлел. Мәтіннің тақырыбы – трансформацияланбай, ешқандай өзгеріссіз берілген реминисценция. Мұнда Парламентте талқыланған «Медиация туралы» заң жобасының мемлекеттік тілдегі мәтінінің түсініксіз екендігі айтылған. Журналист ана тіліміздің қадірін кетірген мұндай заң жобаларындағы шұбатылған шұбарала сөз тіркестерін өзге ұлт өкілі түгілі қазақтың өзінің түсіне алмайтындығын, аударманың дұрыс жасалмайтынын алға тартады. «**Айтайын дегенім, «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бейшарасы», деген ұлы Абайдың осы өлең жолдары тек ақындарға ғана арналған десек, әсте қателесеміз**» [24] деп басталған мақаланың атауын автор Абайдың өлеңі арқылы әсерлеп, дәлдеп қоя білген.

Қорытындылай келе, аллюзия мен реминисценция лингвистикада маңызды тілдік құралдар ретінде қарастырылады. Біз мақаламызда мифологиядан алынған ұғымдар-

ға негізделген «троян атындай», «Пандора жәшігі» реминисценцияларына, «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы», «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...» сынды отандық көркем әдебиет туындыларынан цитация арқылы алынған реминисценцияларға тоқталдық. Олар мәтіннің терең мағынасын түсіндіруге, мәдени және тарихи контексті анықтауға көмектеседі. Лингвистикалық зерттеулерде бұл ұғымдарды талдау тілдің мәдениетпен және тарихпен байланысын зерттеуге, сондай-ақ тілдің метафорикалық және символикалық мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді.

Интертекстуалдылық – қазіргі заманғы БАҚ-та кеңінен қолданылатын маңызды құрал. Бұл құбылыс баспасөз беттерінде аллюзия мен реминисценция арқылы көрініс табады. Бұл туралы ғалым А.В. Савченко былай дейді: «Интертекстуалдылық – мәтін түзуші элементтер, олар мәтінде жасырын немесе ашық түрде беріледі, оқырман санасында қосымша мағыналық ассоциациялар, аллюзиялар, реминисценциялар туғызып, мәтіннің мағыналық шегін кеңейтуге көмектеседі» [25]. Ал құбылыстар өз кезегінде мәтіндердің мағыналық байланысын зерттеуге мүмкіндік беріп қана қоймай, медиа өнімдерінің түсініктілігі мен әсерін арттыруға қызмет етеді.

#### Әдебиет:

1. Бахтин, М. Вопросы литературы и эстетики / М. М. Бахтин. М. : Художественная литература, 1975. – 504 с.
2. Бахтин, М. Проблемы поэтики Достоевского / М. М. Бахтин. – М. : Советский писатель, 1963. 167 с.
3. Бахтин, М. Эстетика словесного творчества / М. М. Бахтин. – 2-е изд. М. : Искусство, 1986. – 445 с.
4. Кристева Ю. Бахтин, слово, диалог, роман / Ю. Кристева // Вестник МГУ. Серия 9. Филология. 1995. – № 1. – С. 97-124.
5. Арнольд И. Проблемы диалогизма, интертекстуальности и герменевтики. – СПб.: Образование, 1995. – 72 с.
6. Барт Р. (1977). \*Image, Music, Text\*. Fontana Press.
7. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт.... дисс. – Алматы, 2007. – 357 б.
8. Квятковский А. Поэтический словарь / Науч. ред. И. Роднянская. – М.: Сов. Энцикл., 1966. – 376 с.
9. Дронова Е. «Стилистический прием аллюзии в свете теории интертекстуальности : На материале языка англо-ирландской драмы первой половины XX века»: филол. ғыл. канд. ...афтореф. – Воронеж, 2006. – 28 б.
10. <https://aladap.kz/post/ivan-sviridov-adietvin-grekterge-tosyn-syiy-ma-47459/>
11. [https://el.kz/zhitigaradagy-pandora-zhashigi-qauip-qaytse-seyiledi\\_78244/](https://el.kz/zhitigaradagy-pandora-zhashigi-qauip-qaytse-seyiledi_78244/)
12. [https://www.azattyq.org/a/donald\\_trump\\_and\\_vladimir\\_putin\\_summit/29330133.html](https://www.azattyq.org/a/donald_trump_and_vladimir_putin_summit/29330133.html)

13. <https://www.azattyq.org/a/taliban-one-year-after-seizing-power/31981650.html>
14. Адилова, А. Көркем мәтіндердегі цитация құбылысы: Монография [Текст]. – Алматы: Эверо баспасы, 2015. – 215 б.
15. Лотман Ю. Анализ поэтического текста. – Л.: Просвещение, 1972. – 272 с.
16. Мақсат М. ««Ауыл клубында оқып жүр, талай қазақ баласы»» [Электронды ресурс] / М. Мақсат. – қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/auyl-klubynnda-oqyp-zhur-talaj-qazaq-balasy...> – 21602.html.
17. Ақылбай Ә. ««Сан мен санақ: Қазақстанды таңдапты, талай шетел туристі»» [Электронды ресурс] / Ә. Ақылбай. – қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/san-men-sanaq-qazaqstandy-tandapty-talaj-shetel-turisti-21365.html>.
18. Олжай А. ««Даудың басы – мектеп»» [Электронды ресурс] / А. Олжай. – қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/daudyn-basy-mektep-21141.html>.
21. ««Жас Алаштың»» сараптама орталығы. ««Жусан иісі. Халықтың ақшасын қолды қылған Jusan bank мемлекетке қашан қайтады?»» [Электронды ресурс] / ««Жас Алаштың»» сараптама орталығы. – қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/zhusan-iisi.> – [halyqtyn-aqshasyn-qoldy-qylgan-jusan-bank-memleketke-qashan-qajtady-21575.html](https://zhasalash.kz/economic/zhusan-iisi.).
22. Қалың елім, қазағым.../жау.ред. З.Ахметов. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
23. Ақжігіт Ә. ««Осы жұрт Жауғаштыны біле ме екен? ..»» [Электронды ресурс] / Ә.Ақжігіт. – қол жеткізу режимі: <https://newsroom.kz/kadrlar-kabineti2865550.html>.
24. <https://egemen.kz/article/11529-boten-sozben-bylgghansa-soz-arasy>
25. Савченко А. Интертекстуальность как характеристика эпохи (на материале романа Й.Шкворецкого ««Танковой батальон»») // II Славистические чтения памяти профессора П.А.Дмитриева и профессора Г.И.Сафронова: Материалы международной научной конференции. – СПб.: 2001. – С. 33.

**Г. Искакова**

*Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті  
Қазақстан*

## **КӨРКЕМ МӘТІНДЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада көркем шығармада эмоционалды лексиканың берілу жолдары қарастырылады. Шығарманың мазмұнын ашуда грамматикалық, атап айтқанда, синтаксистік семантика маңызды рөл атқарады. Бұл жерде тілдік фактілерді анықтау емес, олардың семантикалық доминантты білдірудегі рөлін айқындау, яғни



тұтас шығарманың семантикасын қалыптастыру құралы ретінде қарастыру көзделді. Эмоция – адамның жан-дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Тіл қатынас құралы қызметін атқарып, ойды жарыққа шығарып қана қоймайды, сонымен бірге адамның әрқилы көңіл толқындары мен жан тебіреністерін білдіруші, бағалаушы, бейнелеуші қызметтерін де атқарады. Ә.Кекілбаев пен Ш. Айтматов – эмоцияны білдіру, бейнелеу, сипаттау мақсатында тілдік құралдарды ұтымды пайдаланып, кейіпкер бейнесін аша түсуде, оның ішкі жан-дүниесін оқырманға сол күйінде жеткізуде үлкен шеберлік көрсете білетін жазушылар. Зерттеу жұмысының мақсаты – Ә.Кекілбаев пен Ш. Айтматовтың көркем шығармалары негізінде эмоционалдылық категориясын танытатын лексика-грамматикалық құралдарды зерттеу. Зерттеу жұмысының мақсатына сай адам бойындағы эмоция түрлерінің тілде берілу жолдары, көркем мәтінде адамның психологиялық күйлерін білдірудің тілдік құралдары зерттеліп, кейіпкерлер эмоциясының лингвистикалық сипатына талдау жасалды. Эмоционалдылық мәселесіне қатысты отандық және шетелдік лингвистикада жинақталған теория кез келген эмоцияның астарында бағалауыштық сипат жататындығын дәлелдеп отыр. Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі мен Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романынан «қорқыныш», «қуаныш» эмоциялық күйін білдіретін тілдік бірліктер сұрыпталып, Ә.Кекілбаев пен Ш.Айтматов кейіпкерлердің эмоциялық күйін беруде фразеологизмдерді ұтымды қолданады деген тұжырымға келдік.

**Тірек сөздер:** көркем мәтін, эмоционалды лексика, Найман ана, «қорқыныш», «қуаныш» эмоциялық күйі.

**Abstract.** The article examines the ways of conveying emotional vocabulary in a work of art. Grammatical, in particular syntactic semantics, plays an important role in revealing the content of a work. Emotions are one of the most powerful manifestations of the human soul. Language performs not only the function of a means of communication, but also evaluative, descriptive functions expressing various moods and human experiences. A. Kekilbayev and Sh. Aitmatov is a writer who knows how to rationally use linguistic means to express, depict, describe emotions, reveal the image of the hero, convey his inner self to the reader as he is. The purpose of the research work is to study the lexical and grammatical means of expressing the category of emotionality based on the works of A. Kekilbayev and Sh. Aitmatova. The research work examines the ways of transmitting human emotions in language, linguistic means of expressing human psychological states in a literary text, and analyzes the linguistic nature of the emotions of the characters of the work. Analyzing the theory in Russian and foreign linguistics concerning the problem of emotionality, it is proved that there is an evaluative character behind any emotion. From the novel by A. Kekilbaev «Kyı» and the novel by Sh. Aitmatov «I dol'she veka dlitsya den'», linguistic units denoting an emotional state such as «fear» and «joy» were identified, and we came to

the conclusion that A. Kekilbaev and Sh. Aitmatov uses phraseological units to convey the emotional state of the characters.

**Keywords:** literary text, emotional vocabulary, Naiman ana, emotional state «fear», «joy».

**Аннотация.** В статье рассматриваются пути передачи эмоциональной лексики в художественном произведении. Важную роль в раскрытии содержания произведения играет грамматическая, в частности синтаксическая семантика. Эмоции – одно из самых мощных проявлений человеческой души. Язык выполняет не только функцию средства общения, но и оценочные, описательные функции, выражающие различные настроения и переживания человека. А. Кекильбаев и Ш. Айтматов – писатели, умеющие рационально использовать языковые средства для выражения, изображения, описания эмоций, раскрыть образ героя, передать его внутреннее «я» читателю таким, какой он есть. Цель исследовательской работы – изучение лексико-грамматических средств выражения категории эмоциональности на основе художественных произведений А. Кекильбаева и Ш. Айтматова. В исследовательской работе изучены пути передачи в языке видов эмоций человека, языковые средства выражения психологических состояний человека в художественном тексте, проведен анализ лингвистического характера эмоций героев произведения. Анализируя теорию в отечественной и зарубежной лингвистике, касающуюся проблемы эмоциональности, доказано, что за любой эмоцией стоит оценочный характер. Из повести А. Кекильбаева «Күй» и романа Ш. Айтматова «И дольше века длится день» были выделены языковые единицы, обозначающие эмоциональное состояние такие как «страх» и «радость», и мы пришли к выводу, что А. Кекильбаев и Ш. Айтматов используют фразеологизмы в передаче эмоционального состояния героев.

**Ключевые слова:** художественный текст, эмоциональная лексика, Найман ана, эмоциональное состояние «страх», «радость».

Тіл білімінің бүгінгі даму деңгейі тұрғысынан саралағанда адам факторының тілдегі көрінісі, яғни тілдік тұлғасы деген мәселелер өте өзекті. Тілдің коммуникативтік және танымдық қызметтерін оның сезім білдірушілік қызметімен диалектикалық бірлікте қарастырғанда, тілдің жалпы құрал ретіндегі қызметінің мәні жан-жақты ашыла түседі. Тіл адамзатқа қызмет ететіндіктен, адамның дүниетанымы, түрлі сезімдік күйі, көркемдік әлемі, ұлттық болмысы т.б. тілден өз көрінісін табады.

Эмоция – адамның жан-дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Тіл қатынас құралы қызметін атқарып, ойды жарыққа шығарып қана қоймайды, сонымен бірге адамның әрқилы көңіл толқындары мен жан тебіреністерін білдіруші, бағалаушы, бейнелеуші қызметтерін де атқарады. Адамның жан дүниесіндегі «жақсы көру мен жек көру», «ашулану мен рақат сезімге бөлену», «қуану мен қайғыру», «тандану

мен абыржу» сияқты құбылыстар тіл арқылы сыртқа шығады. Қазақ тіл білімінде эмоционалдылық белгілі бір құбылыс ретінде танылса да, терең зерттеле қоймаған, ашылмаған, анықталмаған қырлары әлі де көп. Адам жан дүниесінің сан қатпарлы сырының бірі болып табылатын эмоция құбылысының мәнін, қасиетін, түрін, ерекшелігін, оны көрсететін тілдік құралдар мен тәсілдердің сипатын анықтау да – күрделі мәселелердің бірі.

Зерттеу жұмысының мақсаты – талданып отырған көркем шығармалар негізінде эмоционалдылық категориясын танытатын лексика-грамматикалық құралдарды зерттеу. Көзделген мақсатқа сәйкес келесі міндеттер қойылады: 1) адам бойындағы эмоция түрлерінің тілде берілу жолдарын зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастыру; 2) көркем шығармада адамның психологиялық күйлерін білдірудің тілдік құралдарын зерттеу; 3) Ә.Кекілбаев пен Ш.Айтматовтың «мәңгүрттік сана» тақырыбына қатысты шығармалары негізінде кейіпкерлердің эмоциясының лингвистикалық сипатын талдау.

Зерттеу жұмысының материалы ретінде «мәңгүрттік сана» ұғымын танытатын Ә.Кекілбаевтің «Күй» повесі мен Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы алынып отыр. Зерттеу нысаны – аталған шығармалардағы адамның сезімдерін танытатын эмотивті лексиканы анықтау.

Қазақ тіл білімінде эмоционалдылық пен экспрессивтіліктің кейбір аспектілеріне арналған бірнеше зерттеу жұмысы жарық көрді. Нақтыласақ, қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тіліндегі эмоционалды-экспрессивті лексиканы зерттеген Ш.И. Нұрғожинаның (1989) [1], қазіргі қазақ публицистикасындағы экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдарын зерттеген А.А. Мұсабекованың (2004) [2], эмоционалдылықтың тілдік табиғатын зерттеген Б.С. Жонкешовтың (2006) [3], эмоцияны бейнелейтін тұрақты тіркестерді зерттеген К.С. Сарышованың (2006) [4], экспрессивтілікті стилистика тұрғысынан қарастырған С.Б. Қоянбекованың (2008) [5], психикалық жай-күйлердің лингвистикалық сипатын зерттеген Е.Е.Түйтенің (2013) [6] және т.б. еңбектерін атауға болады.

Орыс тіл білімінде эмоционалдылық категориясын зерттеу аясында Волгоград лингвистикалық мектебінде «эмотиология» немесе «эмоциялар лингвистикасы» терминін енгізген лингвист В.И. Шаховский бастаған ерекше бағыт пайда болды. В.И. Шаховский лингвистикадағы эмоционалдылық пен психологиядағы эмоционалдылықты ажырату қажеттігін айтып, лингвистикада «эмотивтілік» термині қолданылғаны жөн деп есептейді [7, 234]. Десек те, әлі күнге дейін эмоционалдылық пен эмотивтілік терминдері синоним ретінде қолданылып жүр.

Лингвистикада жеке жазушылардың шығармаларындағы эмоционалды-экспрессивті лексиканың қолданылу ерекшеліктері де арнайы зерттеу нысанына айналды. Мәселен, Х.М. Нұрмұқановтың «Эмоционально-экспрессивная лексика

драматургических произведений М. Ауэзова» атты кандидаттық диссертациясы [8], А.Ф.Сембаеваның «Көркем шығармалардағы эмоционалды экспрессивті лексика (О. Бөкеев шығармалары бойынша) [9] атты зерттеу еңбектері. Х.М. Нұрмұқанов эмоционалды-экспрессивті сөздердің жасалу жолдары туралы айта келіп, біріншіден, эмоциялық мәннің сөз семантикасында бірден болатындығын (қарағым, бүлік), екіншіден, эмоциялық реңктің ауыс мағынада (өгіз, қалпақ), контекст (атмосфера), дауыс ырғағымен (Шырақшыңмын!) және синтаксистік (алтын ер), морфологиялық (ойшыл, Қамаржан) тәсілдер арқылы, үшіншіден, ешқандай мән-мағына жоқ сөздердің де (рррракалион, тырралай) эмоциялық мән туғызатынын атап көрсетеді [8, 11].

Эмоциялардың сипаттамалық белгілеріне төмендегілер жатады:

1. Эмоциялар субъектінің күйін көрсетіп, оның объектіге деген көзқарасын білдіреді;

2. Эмоциялардың оң және теріс белгісі болады: ұнамды-ұнамсыз, қуаныш-қайғы т.б.

Изард К.Е., Лук А.Н., Никифоров А.С., Додонов Б.И. адамның эмоцияларын, эмоция мен ойлаудың, адами құндылықтар мен эмоцияның байланысын зерттей келе, адамның психикалық күйінің 27 түрін көрсетеді. Олар: қуаныш, қорқыныш, ашу, жиіркеніш, таңданыс, ұят, махаббат, жеккөрушілік, қасірет, қызығушылық, бақыт, тілек, мазасыздық, мұң, ерлік, күйіну, торығу, қызғаныш, үміт, тәкаппарлық, нәзіктік, ауыртпашылық, рахаттану, күту, ұнату, дәмелену.

С.Б. Қоянбекова: «Адам тіл арқылы жай ғана ақпарат алып немесе ақпарат беріп қоймайды, сонымен қатар әрдайым өзінің қоршаған ортаға, құбылысқа деген көзқарас, сезімін, субъективті қарым-қатынасын тіл арқылы жеткізіп отырады. Осылайша тіл адамның ішкі көңіл-күй толғанысы мен сезімін де жеткізудің басты құралына айналған. Психологияда адамға тән сезімдердің 500-ге тарта түрлері белгілі болса, олардың әрқайсысының тілдік жүйедегі мазмұны мен көрінісі сан алуан. Себебі тілдің басты міндеті адамға қызмет ету, ал адам – сан қырлы, күрделі құбылыс», – деген тұжырым жасайды [5, 3].

Адамның психологиялық күйін білдіретін тілдік тұлғалардың функционалды-семантикалық өрісін зерттеген М.И.Лазариди адамның психикалық күйінің алты макроөрісі бар деп көрсетеді: қуаныш, қорқыныш, мазасыздық, ашу, ұят, қайғы [10, 12].

Жағымды эмоцияларға тіліміздегі қуаныш, қайғы, мұң, өкініш, қызғаныш, өшпенділік, ашу, ал екіұшты эмоцияларға мазасыздық, махаббат, толқу, таңқалу сияқты ұғымдарды жатқызуға болады [6, 42].

Автор қоғамда болып жатқан құбылыстарды, мәселелерді өз шығармаларына арқау етеді, әрі әртүрлі жайттарға, адамдардың әрекеттеріне үнемі баға беріп отырады. Автор тарапынан эмоцияны білдіру түрлі деңгейлер (фонетика, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық) арқылы жүзеге асады. Автор өз туындысында бейта-

рап, жасырын тұлға болғандықтан, ол өз эмоциясын кейіпкерлердің диалогтары немесе монологтары арқылы жүзеге асырып, белгілі бір жағдайларда өзі қай тарапты ұстанатынын оқырманға тілдік тұлғалар, эмоционалды-экспрессивті сөздер, фразеологизмдер арқылы жеткізеді.

Зерттеу жұмысымызда М.И.Лазариди ұсынған адам эмоциясына қатысты адамның психикалық күйлерін қазақтың заңғар жазушысы Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі мен атақты қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романының негізінде талдап, адам эмоциясын білдірудің тілдік құралдарын талдап көрелік.

Ш.Айтматовтың әлемдік әдебиетке «мәңгүрттік сана» терминін енгізіп, қоғамда үлкен резонанс тудырды. Автор «мәңгүрттік сана» ұғымын «Ғасырдан да ұзақ күн» романында (1980) әлемдік деңгейде өзекті мәселе етіп көтерді. Ал мәңгүрттік ұғымы ел арасында бұрыннан болғанымен, алғаш қазақ әдебиетінде бұл мәселені 28 жасында көтерген – Әбіш Кекілбаев. Қаламгердің «Күй» повесі 1967 жылы «Жұлдыз» (№12) журналында жарияланды. Ал орыс тілінде шығарма 1969 жылы Мәскеуден шыққан «Баллады забытых лет» деген жазушы жинағында жарияланғаны белгілі. Араға он үш жыл салып 1980 жылы Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романы «Новый мир» (№11) журналында жарияланып, қалың оқырманның бірден қалаулы шығармасына айналды.

Десек те, екі жазушы мәңгүрттік жайлы әртүрлі баяндап, екі түрлі идеялық ой түйіндеген. Ә.Кекілбаев шығармасында мәңгүрттік мәселесі аңыз түрінде емес, екі ел (қазақ пен түрікпен) арасындағы шапқыншылық секілді өмір шындығына негізделіп, бейнеленген. Мәңгүртке айналдыру – қолға түскен дұшпаннан кек алу, оны мұқату, азаптау, тұтқынды ақыл-есінен айырып, басы байлы құл ету. Повесте тұтқынды мәңгүртке айналдыру өмірде болған нақтылы оқиға ретінде суреттелген.


Түрікмендердің ортасында қалған 6 тұтқын баланың сол кездегі психологиялық күйін автор шебер жеткізе білгені сонша, оқыған кезде оқырманның бойында да қорқыныш сезімі ұялайды.

*(1) Ақ тайлақты еті табаққа түсіп желініп, тағы да құран оқылған соң, әр тұтқынды екі қолынан екі жігіт жетелеп ортаға алып шықты. Қастарына қолдарында жалаңаш қанжарлары жарқ-жұрқ етіп, бір-бір мосқал түрікмен келді. Тұтқын балалар жауаңдап жүздеріне қарап еді, қанын ішіне тартып, қара сұрланып алған қатулы кісілер еш шырай бермеді. Төбелеріне төніп келе жатқан қанжарды көргенде алты бала жігіт сілтіден шыққан сүйектей қуарып, көмейлеріне өксік кептеліп, көздері мөлтеңдеп, буын-буын, жұлын-жүйкелерінің бәрі жидіп, суға түсіп кеткен шөже балапандай дір-дір етті. Қатулы түрікмендер қанжардың қынымен желкеден бір салып еді, дірілдері пышақ кескендей тыйылып, мойындары ұйып, қалишып қатты да қалды. Аршынды түрікмендер құлақтан тұқырта тартып, жерге шөкелетіп отырғызды да, екі иықтарын тақымдарына қысып, желкелерінен төніп тұ-*

рып алды. Мосқал түрікмендер онсыз да зәре-құты қалмай отырған алты баланың жүрегін зу-зу еткізіп, қанжарларын қоныштарына жаныды. Сосын бір қолдарымен тұтқынның маңдайынан ұстап, қылпылдаған ақ алмасты шашқа тигізді. Көзді ашып-жұмғанша алты тұтқынның шашы алынды. Жаңа ғана шашы алынған көк құйқа бастар айнадай жарқырайды...

... Манадан бері білектерін сыбанып әзір тұрған мосқал еркектер алты баланы құлақтан тартып шөкелетіп, жерге бұқтырды: алты жігіттің қолдарындағы теріні алып, тұтқындардың басына жапты. Әлі ылғалы бойындағы жып-жылы тері жаңа ғана шашы алынған жылтыр басқа жабыса кетті. Жаңа ғана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді (Ә.Кекілбаев «Күй» повесі, 14 б.; 28 б.)

Берілген мысал негізінде автордың тұтқын балалардың сол кездегі психологиялық күйін жеткізуде қандай тілдік құралдарды пайдаланғанын 1-суретте берілген сызба арқылы байқай аламыз.



1- сурет. Тұтқын балалардың «қорқыныш» эмоциясының көрінісі

Тұтқындардың бойына «қорқыныштың» пайда болуына себеп – түрікмендердің қолындағы «жалаңаш қанжарларының жарқ-жұрқ етуі», «қанын ішіне тартып, қара сұрланып алған қатулы кісілер», «төбелеріне төніп келе жатқан қанжарлар», «қанжардың қынымен желкеден бір салу», «білектерін сыбанып әзір тұрған мосқал еркектер». Қорқыныш – саналы үдеріс. Оның орнына *шошынды, секемденді, үрікті* сияқты синонимдік қатарларын қолданамыз. Ал Ә. Кекілбаев синонимдік қатардағы эмоциясы басым «жаутаңдау» немесе бейнелілікке толы фразеологизмдерді «сілті-

ден шыққан сүйектей қуару», «зәре-құты қалмау», әрі тек авторға тән қолданыстағы «көмейлеріне өксік кептелу», «көздері мөлтендеу», «буын-буыны, жұлын-жүйкелерінің бәрі жиду», «суға түсіп кеткен шөже балапандай дір-дір ету» (тұтқын балалардың жас шамасын да аңғартады), «көк құйқа бастар», «зіл тартқан бастар» сынды окказионал тіркестерді қолданады. Бұл – автордың сөз саптаудағы шеберлігінің белгісі.

Ш.Айтматовтың мәңгүрттікті суреттейтін «Ғасырдан да ұзақ күн» романының оқиғасы қазақ даласы – Сарыөзек бекетінде өтеді. Оқиға аңыз-әңгімеге құрылған. Жазушы Найман-ана аңызынан сыр шертеді. Ұрпағы үшін жанталасқан батыл, қайратты Ана бейнесін шеберлікпен сомдау арқылы мәңгүрттіктің адам баласы үшін аса қатерлі әлеуметтік дерт, қауіпті құбылыс екеніне жұртшылық назарын аудартады. Адамзат қоғамын мәңгүрттіктен сақтандырады.

Аталған шығармада автор мәңгүртке айналған ұлын көрген анасы мен баласының психологиялық жай-күйін керемет суреттейді (2):

*– О, ұлым менің, құлыным! Мен сені іздеп шарқ ұрдым! – Ол киіздей тұтасқан баялышты кеше-меше ұмтылды. – Мен сенің анаңмын! Жүрегі түскір су-у-у ете қалды. Аяғымен жер тепкілеп, аузы- басы кемсеңдеп, өзін-өзі тежей алмай, ал кеп бір аңырасын, боздасын сорлы ана. Буын-буыны дірілдеп, құлап түспекке томардай қақайып тебіренбей тұрған ұлының иығынан қос-қолдап құшақтап алған. Төбесінен ұдайы төніп тұрған қара қайғы зілмәуір салмақпен енді келіп үстіне құлағанда, амалсыздан аңырап, азалы бір, үрейлі бір үнге басқан. Жылап тұрып, жас жуған ақ шашының арасынан, бетіндегі шаң-тозаңды көзден аққан жас лайланып, соны сұртпек болып, діріл қаққан саусақтарының арасынан әлі де үміткер көңіл өз ұлының таныс дидарына қадалады. Мені таныр ма екен деген ынтызар үмітпен ұлының жанарына жалбарына көз тігеді. Өз анасын тану деген сонша қиын емес қой, құдай-ау!..*

*Бірақ анау бұл әйелді осы даладан күнде көріп, әбден көзі үйреніп кеткендей-ақ, бұл жолаушының алыстан арып-ашып келгеніне титтей де мән берген жоқ. Қасында біреу бар ма, жоқ па, неге жылайды-ау, неге күйзеледі-ау деген не, жо-жоқ, селт етпеді- ау сабазың. “Ау, неге жылап тұрсыз?” – деп те сұрамады. Ол-ол ма, бір сәтте анасының қолын өз иығынан ысырып тастап, жанынан бір сәт ажырамайтын қомдаулы түйесін жетектеп, тасыраңдаған жас табын алыстап кетпеді ме екен деп, түйелер жаққа қарай аяңдап кете барды (Ш. Айтматов «Ғасырдан да ұзақ күн», 110 б.).*

Берілген мысалдан Найман ана мен мәңгүрт баласының эмоциялық күйін сипаттауда автордың қолданған тілдік бірліктерін сызба арқылы дәлірек көрсетуге болады.



2-сурет. Найман-ананың психикалық (эмоциялық) күйін сипаттайтын тілдік тұлғалар


Ш.Айтматов ұлының мәңгүртке айналған күйін көрген кездегі анасының психологиялық күйін сипаттауда байғұс, сорлы сияқты әсері күшті эмоцияны беретін сөздер, қосарлы айқындауыштар (*ана-мұңлық, ана-зарлық*) бірінші компоненті соматикалық атаулар екінші компоненті етістік (*аяғымен жер тепкілеу, қос қолдап құшақтап алу, аузы-басы кемсеңдеу, буын-буыны дірілдеу*), «мен» жалғаулық шылауы арқылы жасалған бірыңғай мүше және екінші компоненті етістік (*ыза мен қайғыға булығы*), бірінші компоненті үстеу, екінші компоненті етістік (*амалсыздан аңырау*), талғаулықты жалғаулықтар мен бірыңғай мүшелі (синоним сөздер арқылы) тіркестер (*азальы бір, үрейлі үнге басу, бір аңырап, бір боздау*), еліктеуші түйдекті тіркес (еліктеуіш сөзбен ет және қалу етістігінің тіркесі) (*жүрегі су-у-у ете қалу*) арқылы шебер жеткізіп, сипаттай білген.

Қазақ тіліндегі психикалық жай-күйлер атауларының лингвостилистикалық сипатын зерттеген Е.Е. Түйте қазіргі қазақ тіліндегі адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, олардың негізгі алты түрін көрсетеді. Олар: «қорқыныш, мазасыздық, ашу, қайғы, қуаныш, ұят. Сонымен аталған алты жай-күй тіліміздегі психикалық жай-күйлердің ең негізгі өзегі болып табылады. Ал қалған психикалық жай-күйлер осы алтауының ішіне



енеді», – деп тұжырым жасайды [6, 87]. Аталған классификацияға сүйене отырып, талдап көрелік.

2-суретте берілген тілдік бірліктер арқылы біз Найман ана ұлы Жоламанды көрген кезде келесідей психологиялық күй кешкенін байқай аламыз:



3-сурет. Найман ананың психологиялық күйі

Алдымен Найман ана бір-біріне қарама-қайшы келетін екі психологиялық күйді басынан кешті, бірінші, ол өзінің ұлын мәңгүртке айналған күйін көруден қорықты, екіншіден, баласының тірі жүргенін көріп, ана кеудесін қуаныш сезімі кернеді.

1. Қорқыныш, үрей, құт, зәре – адамды сескендіретін ерекші күш, қатер.

Етістік тұлғасында қорқу, үрейлену, шошыну, батылсыздану, жүрексіздену, жүрексіну, тайсалу,

айбыну, қорқақтау, пысу – зәресі ұшып сескену, имену, қаймығу түрінде қолданылады [11, 357-358].

2. Қуаныш, сүйініш, шаттық – бір нәрсеге масаттанып риза болу сезімі, көңілділік. Етістік тұлғасында қуану, шаттану, масаттану, насаттану, масайрау, мәздену, мазаттану, мазатсу – қуанышқа бөлену, шат-шадыман болу, көңілі өсіп, жайдарылану.

3. Мазасыздық, мазаңдық, беймазалық, тынышсыздық – мазасыз болушылық (Бизақов, 2007: 387).

Шарасыздық – дәрменсіздік күй.

4. Ашу, ыза, зығыр, зығырдан – наразылықтан, зығырданы қайнағандықтан пайда болатын сезім, бұлқан-талқан күй.

Етістік тұлғасында ашулану, ызалану, ызықорлану, долдану, долыру, алабұрту, зығырлану, тұлдану, шатынау, долығу, қыжырлану, шамырқану, шытынау, бұрқану – ыза кернеу, ашуға булығы, бұлқан-тұлқан болу, қаны қайнау [11, 87-88].

4. Қайғы, қаяу, шер, күйік, мұң, зар, уайым, зарлық – қайғы-қасіреттартқанда пайда болатын сезім.

Етістік тұлғасында қайғыру, налу, күйіну, мұңаю, қамығу, қамырығу, азалау, уайымдау, мұңдану, жамығу, аһылау, үһілеу, шерлену – мұңды, шерлі болып күйзелу, қайғы-қасірет тарту [11, 321].

Автор туындысын жазуда, оқырманға барынша әсерлі жеткізудің жолдарын қарастырады. Мысалдарды дәлел ретінде қарастырсақ, автор оқырманға кейіпкердің

жай-күйін сипаттай отырып, ұлтты тану тарихпен байланысты екеніне назар аударып, сол жағдаятты суреттеуде өзі сол күйді басынан кешіргендей эмоцияда болады. Бұндай сөздер эмоциясыз жазылуы мүмкін еместігін ескерсек, автордың осы жайтқа деген көзқарасы, ойы, тұжырымы адамның психологиялық күйін суреттейтін эмоционалды-экспрессивті сөздер, тұрақты тіркестер, сөйлемде сөздердің орын тәртібін ауыстыру және т.б. арқылы жеткізетінін аңғарамыз.

«Қорқыныш» пен «қуаныш» сынды адамның эмоциялық күйін білдіретін тілдік бірліктер талданып отырған Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі мен Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романында қаншалықты жиі кездесетінін талдап көрелік. Ол үшін «қорқыныш», «қуаныш» сынды адам эмоцияларын беруде жазушылар қандай тілдік бірліктерді және қаншалықты жиі қолданатынын қарастырып көрелік.

1-кесте

Ә. Кекілбаев «Күй» повесі		Ш.Айтматов «Ғасырдан да ұзақ күн» романы	
Тілдік бірлік	Қолданылу жиілігі	Тілдік бірлік	Қолданылу жиілігі
қорқыныш	5	қорқыныш	6
үрей	9	үрей	41
үрейлі	2	зәре	10
қорқу	12	қорқу	43
шошу	5	шошу	18
тайсалу	2	үрейлену	41
сескену	2	сескену	13
қаймығу	4	қаймығу	3
зәре-құты қалмау	2	екі көзі шарасынан шығу	3
тұла бойы мұздап кету	2	тұла бойы мұздап сала берді	2
жүрегі дүрсілдеу	2	жүрегі су-у-у ете қалды	1
жүрегі елегізе соғу	1	жүрегі қағу	1
жүрегі жарылып кету	2	жүрегі тарсылдау	1
алқынған жүрегі атша тулау	1	жүрегі дүрс-дүрс соғу	1
жүрегі зу-зу ету	1	жүрегі дір ете қалды	1

Ә. Кекілбаев «Күй» повесі		Ш.Айтматов «Ғасырдан да ұзақ күн» романы	
Тілдік бірлік	Қолданылу жиілігі	Тілдік бірлік	Қолданылу жиілігі
жүрегі дауаламау	1	жүрегі дауаламау	1
жүрегі шымырлау	1	жүрегі алып ұшу	1
		жүрегі аузына тығылу	2
		зәресін зар түбіне жіберу	4
		демі тарылу	1
		қол-аяғы дірілдеу	1
		бетінен қаны қашу	1
		жүзі-қаны қашу	1
		шүберектей ағару	1
		құп-қу болып кету	1
<b>Барлығы</b>	<b>54</b>		<b>199</b>

Адам бойындағы «қорқыныш» эмоциялық күйін жеткізуде екі автор да келесі тілдік бірліктерді бірдей қолданады: қорқыныш, үрей, қорқу, шошу, сескену, қаймығу. Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесті көлемі ауқымды шығарма болмағанымен, адамның «қорқыныш» эмоциясын білдіруде 54 тілдік бірлікті, ал Ш. Айтматов 199 бірлікті қолданған. Тіліміздегі психикалық күйлерді білдіретін тұрақты сөз тіркестерін адамның соматикалық қалпына қарай адамның ішкі және сыртқы мүшелері арқылы жасалған тұрақты тіркестер деп бөлуге болады. Адамның ішкі мүшелері арқылы жасалынған тұрақты сөз тіркестер, соның ішінде жүрекке қатысты тұрақты тіркесті екі автор да шебер қолданған. Десек те, екі автордың қолданысы екі түрлі. Нақтыласақ, Ә. Кекілбаев «жүрегі дүрсілдеу», «жүрегі елегізе соғу», «жүрегі жарылып кету», «алқынған жүрегі атша тулау», «жүрегі зу-зу ету», «жүрегі шымырлау» деген тіркестерді қолданса, Ш. Айтматов «жүрегі су-у-у ете қалды», «жүрегі қағу», «жүрегі тарсылдау», «жүрегі дүрс-дүрс соғу», «жүрегі дір ете қалды», «жүрегі алып ұшу», «жүрегі аузына тығылу», сондай-ақ адамның сыртқы мүшелеріне қатысты бірінші компоненті соматикалық атаулар екінші компоненті етістік тұлғасындағы «қол-аяғы дірілдеу», «бетінен қаны қашу» тіркестерін, қорқыныштан бет-әлпетінің түсінің өзгеруіне байланысты «жүзі-қаны қашу», «шүберектей ағару», «құп-қу болып кету» сынды тіркестерді қолданады.

Тілімізде психикалық күйді білдіретін лексиканың берілу жолдары әр түрлі. Олар сөз табының етістік, зат есім, сын есім, одағай, еліктеуіш сияқты түрлері арқылы

жасалып, адамның әр түрлі жағдайдағы психикалық күйін тудырады. Сөз ұғымды білдірудің көрсеткіші болса, ойды білдірудің көрсеткіші сөйлем, мәтін болып табылады. Сондай-ақ тілдің басқа бірліктерінің де өзіндік мәндері, атқаратын қызметтері бар. Осы қасиеттері арқылы тіл адам сезімінің түрлі қырларын көрсете алатын эмоционалдылықты адамның санасына, объективті шындыққа, ол шындықтың адам санасындағы бейнесіне қатысты жеткізеді.

Талданып отырған шығармалар негізінде түйетініміз, автор өз туындысында сөйлеушінің эмоциясын білдіруге тілдегі грамматикалық құралдардың барлығын қатыстырады. Әрі белгілі бір жайтқа байланысты өз эмоциясын, өз көзқарасын, өз тұжырымын оқырманға имплицитті түрде жеткізеді. Сол себепті де автор морфологиялық, синтаксистік, мәтіндік, стилистикалық деңгейде барлық тілдік бірліктерді ұтымды қолданудың жолдарын іздейді.

Ә.Кекілбаев пен Ш.Айтматов кейіпкерлердің эмоциялық күйін беруде фразеологизмдерді ұтымды қолданады. Фразеологизмдер бүгінгі күнге дейін көркем шығармада қолданылуы тұрғысынан, мағыналық-тақырыптық топтарына қатысты, сондай-ақ, жекелеген тілдермен салыстыра, салғастырыла зерттеліп келеді. Фразеологиялық зерттеулердегі адам эмоциясына қатысты бірліктердің қарастырылуы қазақ фразеологиясының теориясына өзіндік үлес қосады, қазақ тіл біліміндегі эмоционалдылық мәселесінің одан әрі зерттелуіне белгілі бір дәрежеде бағыт-бағдар береді.

### Әдебиет:

1. Нургожина Ш. Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка: Дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1989. – 145 с.
2. Мұсабекова А. Қазіргі қазақ публицистикасында экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдары: Филол. ғыл. канд. дис. – Астана, 2004. – 135 б.
3. Жонкешов Б. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика): Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 130 б.
4. Сарышова К. Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер: Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 152 б.
5. Қоянбекова С. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2008. – 44 б.
6. Түйте Е. Психикалық жай-күйлер атауларының лингвостилистикалық сипаты. Монография. Қарағанды, 2013. –246 б.
7. Шаховский В. Лингвистическая теория эмоций: монография. М.: Гнозис, 2008. – 416 с.
8. Нурмуханов Х. Эмоционально-экспрессивная лексика драматургических произведений М. Ауэзова: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1969. – 31 с.
9. Сембаева А. Көркем шығармалардағы эмоционалды-экспрессивті лексика (О.

Бөкеев шығармалары бойынша): Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы: 2002. – 28 б.

10. Лазариди М. Функционально-семантические поля психических состояний в современном русском языке. – Бишкек, 2002. – 180 с.

11. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 640 б.

**Қ.Идрисов**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, докторант*

## **ҚАЗАҚ СОТ-ПРОЦЕССУАЛДЫ ДИСКУРСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі сот-процессуалды дискурсы мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігіне қатысты құқықтық нормалар салыстырылады. Дәстүрлі құқықтық жүйе мен қазіргі сот жүйесінің ерекшеліктері айқындалады. Дәстүрлі құқықтық жүйедегі билер институтының маңызы ашылады. Бұл дәстүрлі құқықтық жүйені қазіргі кезде де ескеру қажеттігі негізделеді.

**Тірек сөздер:** дискурс, сот жүйесі, заң, заңи құжаттар, кеңес, айып, жаза т.б.

**Abstract.** The article compares modern judicial procedural discourse and legal norms associated with the judiciary in traditional Kazakh society. The features of the traditional legal system and the modern judicial system are determined. The significance of the institution of biys in the traditional legal system is revealed. The need to take into account the traditional legal system even now is substantiated.

**Keywords:** discourse, judicial system, law, legal documents, advice, accusation, punishment, etc.

**Аннотация.** В статье сравниваются современный судебно-процессуальный дискурс и правовые нормы, связанные с судебной властью в традиционном казахском обществе. Определены особенности традиционной правовой системы и современной судебной системы. Раскрыто значение института биев в традиционной правовой системе. Обоснована необходимость учитывать традиционную правовую систему и сейчас.

**Ключевые слова:** дискурс, судебная система, закон, юридические документы, совет, обвинение, наказание и т. д.

Қазақ сот-процессуалды дискурсының тарихи негіздері дәстүрлі қазақ қоғамындағы дау шешуге қатысты билер институтының қоғамдық-элеуметтік қызметінде көрініс тапты. Қазіргі сот процестерінің өтетін орны арнайы шақырылатын кеңестер болды. Кеңестерде, заңи құжаттарда, көркем шығармаларда т.б. қолжазбаларда

«сот» сөзі қолданылмағанмен, кейбір орысша қолжазбаларда «судья» сөзі кездеседі. Мысалы, Қарамолла Ережесінің орысша нұсқасында «народный судья» термині қолданылады. «Сот» сөзіне қатысты түсініктер дәстүрлі қазақ қоғамында тұрмыстық ортадаға дау шешуге қатысты өрбиді. Орыс тіліндегі суд – сот, «судить» – соттау болып аударылғанмен, қазақ халқында бұл процесс билік айту, дау шешу ұғымдарын білдіреді. Бұдан дәстүрлі сот жүйесінің түпкі мазмұнында адамгершілік, адами құндылық идеясы жатқандығын көреміз. Дау-дамайды ортаға салып, әділ шешімін шығару, айып салу, құн төлету арқылы екі органы бітістіру мақсатын көздейді.

Сот процесі, сол кездегі дау шешу мәселесі данагөй ауыл ақсақалдары мен әулет, ауыл үлкендері, сұлтандар, батырлар, шешен-билердің қатысуымен жүргізіліп отырды. *Билер кеңесі, хан кеңесі, жүгініс, ақсақалдар кеңесі, тұрымтай кеңес, алқа билер кеңесі, тағанақ кеңес, билер сиязы, қырық би алқасы, құрылтай, түсел жиылыс, тұрымтай кеңес* т.б. мәслихаттарда қарастырылды. Аталған кеңес түрлерінің деңгейі мен шешілетін мәселелерінде ерекшелік болды. Мәселен, хан кеңесі, тұрымтай кеңес, тағанақ кеңес, құрылтай мемлекет деңгейіндегі мәселелерді шешсе, қалғандарында ауыл-аймақтағы руаралық, жүзаралық деңгейдегі даулар қаралды. Жүгіністе жүзаралық даулар қаралмаған, дау шешу айып түрімен шектелген [1]. Ал билер кеңесінде руаралық және жүзаралық даулар қаралған. Тек ру, жүз деңгейінде емес, бүкіл халықтық, ел-жұрт мәселесі шешілген. Ондағы мақсат ел бірлігін қамтамасыз ету болған. Билер кеңесі арқылы шешілетін дау-дамайлар ата-баба жолын берік ұстанды. Билер кеңесіне үш жүздің төбе билері қатысқан. Ал алқа билер кеңесінде халықаралық маңызды мәселелер шешілген. Бұл кеңес әсіресе Тәуке хан тұсында қарқынды жүрген. Тағанақ кеңес хан кеңесінен кейінгі халықаралық мәселелерді шешетін жылына бір не екі рет шақырылатын құрылтай болған. «Жеті жарғыны» қабылдау мақсатында Тәуке хан шақырған Күлтөбе жиыны осы тағанақ кеңеске жатады. Алайда «Күлтөбенің басында күнде жиын» прецеденттік мәтініндегі кеңестің жиі болғандығы тағанақ кеңестің сирек болуына қатысты қайшылық туғызуы мүмкін. Деректерге қарағанымызда бұл тіркес кейін келе жалпы жиі болып тұратын кеңестерге қатысты да қолданыла беретін болған. Күлтөбе атауы сол кезде шақырылған, үлкен мәселе көтерілген (Жеті жарғы) жиын болғандықтан алынған. Яғни Күлтөбеде өткен жиын ол көп болмауы да ықтимал. Академик Ә.Қайдар бұл атау туралы «Күлтөбе – жоңғар шапқыншылық заманында үш жүздің игі жақсылары, батыр, билері бас қосатын қазақ жерінің Шымкент тұсындағы тарихи орны. *Күл* (арғы мәні – мұнара) және *төбе* сөздерінен қалыптасып, «мұнарлы төбе» мағынасын білдіретін атау», – деп көрсетеді [2].

Түсел жиылыс ауыл арасындағы руаралық дау-дамайларды шешіп отырған. Түсел жиылыс қазақы ортада жиі болып тұратын жер дауы мен жесір дауына қатысты мәселелерді қарастырған. Шешімді көбінесе айып салу арқылы шығарған. Күрделі дау-

ларды билер кеңесіне қалдырып отырған. Билер сиязы орыс тіліндегі *съезд* сөзінің аудармасы ретінде еніп, бұл сяз көктем, күз айларында шақырылып, қыстау, күздеу, жайлау бөлу сияқты қоныстану мәселесіне қатысты болды. «Қарамолла ережесі» осындай үлкен билер сиязында қабылданып, ұзақ уақыт заңи құжат ретінде қолданыста болған. Осы ереже қабылданған сиязда Абай Құнанбайұлының төбе би болып сайланғаны айтылады [1]. Төбе би билер сиязының басшысы ретінде болған. Қазіргі сот жүйесіндегі соттың (судья) қызметін атқарған.

Демек, дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот процестері осындай әртүрлі құқықтық деңгейдегі кеңес түрлерінде жүргізілген. Бұл кеңестер қазіргідей уақыты белгіленіп, әр кез шақырылып отырған. Сондықтан адами қарым-қатынаста бұрын да қазір де дау, сот процесіне қатысты әрекеттер ұқсас. Бұдан адамзаттық философия шығады: адамдар бірдей емес, адам болған соң, ел болған соң дау-дамай, ұрыс-керіс болмай тұрмайды. Алайда не нәрсенің болсын, шешімі бар, келісімсіз іс бітпейді. Шешім шығару әділ, іске қанық, білікті адамға жүктеледі. Міне, өткен мен бүгінгі сот жүйесінің түпкі философиясы осындай табиғи адамзаттық факторлармен байланысты.

Сот процесі қалың көпшілік арасында бейберекет жүрмейді. Сот субъектілері қылмыстың, дау-дамайдың негізгі себепкерлері мен соны шешуге қатысатын адамдардан тұрады. Қылмыскер сот процесінде негізгі айыпталушы тұлға болса, қылмысты тексеруші – тергеуші, қылмыскерді ақтаушы – қорғаушы-адвокат, билік, төрелік айтушы – сот, қылмысқа куәлік етуші – куәгер т.б. сот процесінің негізгі субъектілері болып табылады. Осы жүйе дәстүрлі қазақ қоғамында да осы сипаттас болған. Қылмыскерді – айыпкер, құныкер, дау иесін – даугер, куәлік етуші – куә/куәгер, сотты – төбе би (ара би), екі дауласушы тараптың қорғаушы-адвокаттарын – би (екі тарап өз билерін алып келген), екі тараптан бөлек өз ойын білдіруші – ара ағайын (бөтен рудан қатысатын бейтарап би), сол сияқты даудың дұрыс шешілуіне әділдік айтушы – сырт көз деп аталған. Бұдан сот процесіне қатысушы субъектілердің дәстүрлі қазақ қоғамы мен қазіргі жүйеде аса алшақтық жоқ деуге болады. Сондай-ақ дауға қатысушы арнайы шақырылған тараптарға ақы төленген. Ала жіпті кесушіге *жіпкесер* ақысы, билік айтушығы – *билікақы*, істі ұйымдастырушыларға – *атмайы*, билер кеңесінің тиімді өтуін қамтамасыз етушілерге – *жасауылақы* сияқты ақы түрлері болған. Демек, бұдан қазіргі тараптар шақыратын адвокаттар қызметінің төлемақысының бұрын да болғандығын көруге болады.

Дәстүрлі қазақы ортада ру, жүзаралық дау-дамайлар халықтың тұрмысымен тікелей байланысты болған. Мал шаруашылығын күнкөріс көзі еткендіктен, малжайылымдық жер үшін таласып отырған, *жер дауы* осындай дау-дамайларды қарастырған. Дәстүрлі әменгерлік деп аталатын салт бойынша *жесір дауы* көтеріліп отырған. Әртүрлі қақтығыстардан адам өлімі болғанда, жарақат алғанда *құн дауын* даулаған. Ғылыми еңбектерде құн дауы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы»

және «Жеті жарғы» сияқты құқықтық ережелерге сай шешілгендігі айтылады. Ар-намысты жоғары қойған халық намысын тапталпауды да адами құндылықтың бірі ретінде қабылдаған. *Ар дауы* осыдан шыққан. Қазіргі «моральный ушерб» деп аталатын қылмыстық іске осы ар дауы сәйкес келеді.

Дау-дамай үдерісі аталған кеңестерде билердің, дауға арнайы шақырылған субъектілердің *қамшы тастау* әрекеті арқылы жүрген. Қамшы тастау – тараптардың өз уәждерін айту үшін кезек алуды білдірген. Қазіргі сот процесінде бұндай кезек алу әрекеті техникалық тұрғыдан жетілдірілген, дыбыстық қосқыштарды басу арқылы орындалады. Десек те, дәстүрлі ортадағы қамшы тастау әрекеті кезекпен сөз алуды ғана білдірмейді, қамшының символикалық мәні күшті. Қамшы гендерлік, синергетикалық, магиялық күшке ие. Сондықтан, біздің ойымызша, қазіргі сол процесінде де дәстүрлі жүйедегі қамшыны кезек алудың белгісі ретінде енгізу керек сияқты.

Даудың шешімін тапқаны ала жіпті кесу арқылы белгілі болған. Қазіргі сот жүйесіндегі соттың шешімі осы *ала жіпті кесу* рәсіміне ұқсас. Алайда ала жіпті төбе би емес, төбе би билік айтқаннан кейін алдын ала бекітіліп, тағайындалған, екі жаққа бейтарап адам кесетін болған. Ала жіпті кескен адамға деректерде тіпті ақы төленгендігі айтылады. Бұл ақыны «жіпкесер» деп атаған. Ала жіпті кесу – екі жақтың дау шешіміне келіскендігін білдірген, даудың аяқталғандығын көрсеткен. Қазіргі сот процестерінде кеңестік дәуірдің тұсында енген дабыл қағу әрекетін емес, ала жіпті кесу рәсімін қайта енгізуге болар еді. Себебі ала жіпті кесу рәсімінің арғы жағында терең мәдени код жатыр. Ала арқан – ақ пен қараның белгісі ретінде алынған семиотикалық заттық мәдениет. Ақ пен қараның араласуының магиялық күші бар деп есептелген. Яғни бұл даудың қара қылды қақ жарған тура бидің кесімі арқылы шешімін тапқандығын көрсеткен.

Дау-дамайдың шешімі қазіргі кездегі сияқты жеңілден жоғарыға қарай жүрген. Қазіргі салық салу (штраф) әрекеті айып төлеу шарасына ұқсайды. Айып дәстүрлі құқықтық жүйеде зиян тигізгені үшін берілетін жазаның түрі болған. Айыптың түрлері де әртүрлі болған. Жеңіл-желпі айып «азусыз ат, жиексіз тон» деп аталған. Азусыз ат деп қойға қатысты айтқан, жиексіз тон деп матаны меңзеген. «Тоғыз беру» айыбы кінәлі жақтың төлейтін айыбы. Олар бас тоғыз, орта тоғыз, аяқ тоғыз деп бөлінген. Қылмыстың ауыр-жеңіліне қарай кінәлі жаққа осындай айып түрлері салынған. Бас тоғыз деп түйе бастаған тоғызды, орта тоғыз деп ат бастаған тоғызды, аяқ тоғыз деп өгіз бастаған тоғызды атаған. Ұрлық жасағаны үшін ұрланған малдың үстіне үш тоғыз қосып берілетін айып «айбана» деп аталған. Ірі ұрлық жасағанда төленетін айыпты «шау алу» деп атаған. Бұл айып түрінде де үш тоғыз айып салынған. Ұрлықтан бөлек *сойыл айбанасы*, *пышақ айбанасы* деп ұрған, пышақ жұмсаған адамдарға да айып салынған. Айып салу жазасында адамын беру арқылы да екі



жақты бітістіріп отырған. Жесір беру, жетім беру айыптары екі жақты аралас-құралас ату, татуластырудың белгісі болғандығы айтылады.

Айыптан үлкен жаза – *құн төлеу* арқылы шешімін тапқан. Құн қылмыстың үлкен түрлеріне кесілген. Мәселен, адам өлтіру, мүгедек қылу (мін төлеу жазасы кесілген), ұрлық жолына түсу т.б. Қылмыс түрі мен шығын болған, зәбір шеккен адамның жынысы, дәрежесіне қарай құн көлемі белгіленген. Жынысы қарай ер құны, әйел құны болса, дәрежесіне қарай хан құны, сұлтан құны, төре мен қожа құны белгіленген. Құнның мөлшеріне қарай толық құн, жарты құн, ширек құн, бір жарым құн сияқты атаулары бар. Ердің құны толық құнмен (1000 қой), әйел құны жарты құнмен (500 қой) есептелген. Ал хан құны жай ер құнынан 7 есеге артық болған. Яғни хан тұқымы жоғары қойылған. Кезінде сұлтан құны да хан құнына барабар болған. Сол сияқты өнер құны да өлген адамның не жазым тапқан адамның өнерлі болуына қатысты болған. Өнер иесіне зиян тигізгені үшін екі есе құн төлеген. Сүйек құны өлген кісінің сүйегі үшін төленген, сүйегін жоғалтқан не бермеген жағдайда құнын екі есе төлеткен. Құн төлеу жазасы қазіргі кезде адам өлтіруге қатысты мүлде қолданылмайды. Жоғарыда аталған айып және құн төлеу малымен тартатын жаза түрі болса, адамның басымен тартатын жаза түрлеріне өлім жазасы мен масқаралау (ар жазасы) түрлерін жатқызған. *Өлім жазасы* «шектен шыққан» қылмыстар үшін кесілген. Олар: аспақтау, сарпастау, ат құйрығына байлау, түйеге асу, садақпен ату, үстінен мал айдау т.б. *Тасборан* деп аталатын ар жазасы шарифат заңдарын бұзған адамдарға кесілген. Мысалы, «Абай жолындағы» Қодарды жазалау рәсімі осы жаза түріне жатады. *Дүре соғу* жазасы бұзақылық жасаған адамдар үшін кесілген және бұл жаза жиі қолданылған. *Қылбұрау салу* жазасы қылмыскердің жасаған қылмысын мойындату мақсатында қолданылған. Ата-анаға тіл тигізу, қол жұмсау, үлкен адамдарға тіл тигізу, жеті атаға дейін қыз алыспау т.б. тәртіпсіздік пен ата-баба жолын бұзуда масқаралау жазасы қолданылған. Масқаралау жазасында күнә жасаған адамның мойнына құрым киіз байланып, есекке теріс мінгізіліп, ауылдан аластатылған. Бұдан басқа бетке түкіру, бетіне қара күйе жағу сияқты масқаралау жазалары да бар. Ал қазіргі кезде мұндай күнәлар қылмыс ретінде саналмағандықтан, құқықтық күші жоқ. Жеті ата жолын сақтамаушылық, тәртіпсіздік дегендерге қазіргі кезде шара қолданылмайтын болды. Мырзақамақ деп аталатын жаза түрі уақытша бас бостандығынан айыру шарасы болған. Алайда деректерде бұндай жаза патшалық Ресейдің әкімшілік жүйесінің енуімен байланысты қолданылғаны айтылады. Мырзақамақ деп аты айтып тұрғандай, бұл жазаға беделді адамдар кесілген. Жалпы қамауда ұстау жазасы дәстүрлі қазақы қоғамда көп болмаған көрінеді. Абақты кесу деп аталатын жаза түрі егер айыпталушы құн төлеуден бас тартқан жағдайда кесілген. Өлім жазасы «атқа сарпастау», «аспақтау», «қасам ішкізу» (улау), ат құйрығына байлау шаралары арқылы жүзеге асырылған. Жалпы өлім жазасы негізінен ата-баба жолын өрескел бұзғандар үшін

қолданылған. Өлім жазасы сирек қолданылған. Демек, дәстүрлі құқықтық жүйеде қылмыс, күнә көбінесе айып, құн төлеу мүмкіндіктері арқылы шешілген. Жеке адамдардың өмірін киюдан гөрі, ата-баба жолын бұзғандар үшін жаза ауыр болған. Бұдан халқымыздың ұлттық мүддені, салт-дәстүрді жоғары қойғандығын көреміз.

Мақала «Сот-процессуалды дискурсының коммуникативтік-прагматикалық аспектісі» атты докторлық диссертация тақырыбы аясында әзірленді.

#### **Әдебиет:**

1. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы. – Алматы, 2011.

2. Қайдар. Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. II том. Қоғам. – Алматы, «Сардар» баспа үйі, 2013.

#### **А.Махамбетова**

*Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық  
ақпарат институтының Лингвистика орталығы, құқық магистрі  
Қазақстан*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ ЛЕКСИКАСЫ МЕН СТИЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Андатпа.** Мақалада қазақ тілінің стилистика саласына шолу жасалып, заң стилінің, техникасының әдіс-тәсілдері қаралады. Норма шығару барысында заң техникасы талаптарының сақталуы, атап айтқанда, терминологияның бірізді болуы, ұқсас норма тұжырымдары мен құрылымдарының бірізді болуы шарт. Автор осындай талаптарды ұстанатын ғалымдардың пікірімен келісіп, тәжірибесін көрсете отырып, көрсетілген талаптардың сақталған-сақталмағанын анықтау мақсатында кейбір заңдарды зерделейді. Мәселен, Өндірістік кооператив және Тұтыну кооперативі туралы заңдардың ұқсас баптары салыстырып талданып, ондағы айырмашылықтар анықталады. Алшақтықтар салыстырма кестелерге салынып, грамматикалық, лексикалық, стилдік тұрғыдан ажыратылып, тұжырым жасалады. Қолданыстағы заңнамадағы ұқсас келетін нормалар да мысал ретінде келтіріледі. Қазақ тілінің кейбір ережелері, мәселен, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі де көрсетіледі. Осы тәртіп негізге алынып, талданып отырған заңдар мәтіндегі құрылымы жағынан ұқсас сөйлемдердегі алшақтықтар ажыратылады. Мақалада заң техникасының кейбір ережелері де ашып көрсетілген. Мәселен, құқықтық актілердің нысаны мен құрылымының біркелкі болуы талабына сәйкес олардың заңи конструкциялары мен тұжырымдары біркелкі жазылуға тиіс. Аталған талапқа сүйене отырып, түзетулер енгізілетін тұжырымдар қатары да ұсынылады. Терминология бірізділігін сақтау

талабы бойынша заң мәтіндеріндегі термин әркелкілігі анықталып, Республикалық терминология комиссиясы бекіткен және қолданыстағы заңнамада қолданылатын термин баламалары ұсынылады. Маңызды шешімдердің бірі ретінде алшақтықты болғызбаудың тәсілдері мен жолдары, әрбір норма бойынша жекелеген ұсыныстар берілді.

**Тірек сөздер:** заң терминологиясы; заң техникасы; өндірістік кооператив; құқықтық актілердің құрылымы; заң стилі.

**Abstract.** The article presents an overview of the section on stylistics of the Kazakh language, and methods and approaches of legal style and techniques are considered as well. During the law-making process, compliance with the requirements of legal technique, in particular uniformity of terminology, similar rule-making formulations and structures, are a mandatory condition. The author, agreeing with the opinion of scientists who adhere to such requirements, and emphasizing their experience, researches some laws in order to determine whether they comply with these requirements. Thus, similar articles of legislation on a production cooperative and a consumer cooperative are compared and their differences are identified. The discrepancies are divided into comparative tables, where they are differentiated in the context of grammar, vocabulary and style, and a summary is given. Similar provisions of current legislation are also given as an example. Along with this, some rules of the Kazakh language are indicated regarding the order of words in a sentence. Based on this, the differences in structure of similar sentences of the text of the analyzed laws are distinguished. The article also reveals some provisions of legal technique. Thus, according to the requirements of the form and structure of legal acts, their legal constructions and formulations must be presented uniformly. Based on this, a number of conclusions are proposed that need to be included in the articles analyzed. In compliance with the requirement for uniformity of terminology, a variety of terms is identified in the texts of laws, to which their equivalents, approved by the Republican Terminology Commission, and current legislation are presented. As one of the important solutions, approaches and methods for preventing discrepancies, separate recommendations for each provision are proposed.

**Keywords:** legal terminology; legal technique; production cooperative; structure of legal acts; legal style.

**Аннотация.** В статье представлен обзор раздела стилистики казахского языка, рассматриваются методы и подходы юридического стиля и техники. В процессе нормотворчества соблюдение требований юридической техники, в частности единообразие терминологии, схожих нормотворческих формулировок и структур является обязательным условием. Автор, соглашаясь с мнением ученых, которые придерживаются таких требований, и, подчеркивая их опыт, изучает некоторые законы с целью определения в них соблюдение данных требований. Так, сравниваются схожие статьи законодательства о производственном кооперативе и потребительском кооперативе и выявляются их различия. Расхождения распределяются в сравнительные таблицы, где они разграничены в контексте грамматики, лексики и стилистики, и подводятся итог. Также приведены в

качестве примера аналогичные нормы действующего законодательства. Вместе с этим указываются некоторые правила казахского языка в части порядка расположения слов в предложении. Исходя из этого, различаются расхождения схожих предложений текста анализируемых законов по структуре. В статье также раскрыты некоторые положения юридической техники. Так, согласно требованиям формы и структуры правовых актов, их юридические конструкции и формулировки должны быть изложены единообразно. На основании этого, предлагается ряд выводов, которые необходимо внести в анализируемые статьи. По соблюдению требования о единообразии терминологии выявлена разнотипность терминов в текстах законов, к которым представлены их эквиваленты, утвержденные Республиканской терминологической комиссией и действующие в законодательстве. В качестве одного из важных решений предложены подходы и способы недопущения расхождений, отдельные рекомендации по каждой норме.

**Ключевые слова:** терминология закона; юридическая техника; производственный кооператив; структура правовых актов; юридический стиль.

Қазақ лексикологиясы алғышарттарының бірі – қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің экспрессивті-стильдік мәнін, қолданылу аясын қарастырып, зерттеп-зерделеу. Қазақ тілі әр салаға, мәселен, лексикология, стилистика деп бөлінгенімен, олардың барлығы да сөзбен байланысты. Стилистика саласы сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылу заңдылықтарын зерттейді. Стыльдің әрбір саласында сөзді қолданудың қалыптасқан үйреншікті орны, үлгісі болады. Әрбір сөз өзінің дағдылы орнында тап басып қолдануды талап етеді<sup>1</sup>. Бұл орайда Р.Сыздықтың тұжырымымен келісіп, оған тоқталып өткен орынды. «Лингвистикалық стилистика» деп аталатын жаңа саланың негізін салушы лингвист ғалымның пайымдауынша, бейтарап тілдің, яғни ғылыми әдебиеттің, кеңсе-іс қағаздары тілінің, бұқаралық ақпарат құралдары тілінің қолданыста өзіне тән нормалары болады. Бұлар әдетте ресми тіл, қатаң тіл, тұйық стильдер деп танылса, бұл тілдердің көркем әдебиеттен тіл қолданысы мүлде бөлек тұрады [1, 15-б.].

Норма шығару барысында заң стилінің рөлі маңызды. Құқықтың жалпы теориясынан туындайтын ережелерге сәйкес норма үшінші жақтан баяндалып, біркелкі болуға тиіс. Онда орныққан әрі нақты сөз тізбектері пайдаланылады. Норма шығармашылықта логикалық үйлесімділікке, заңнамалық акті ережелерінің дәйектілігіне, ойдың тұтас әрі тиянақты болуына, типі бір тұжырымдар мен терминдер бірізділігіне қол жеткізу қажет [2]. Бұл ретте Ресейдің танымал заңгері, заң шығару техникасы саласының маманы

Ю.А. Тихомировтың «норманың анық әрі түсінікті болмауы, біркелкі ұғымдар мен терминдердің болмауы азаматтардың заңды дұрыс түсінбей қолдануына, оның тура мағынасынан ауытқуына алып келіп, адамдардың тағдырына, кәсіпорындар мен коммер-

---

<sup>1</sup>Сөздердің стильдік қызметіне байланысты түрлері. <https://textbook.tou.edu.kz/books/189/10.html>

циялық фирмалардың қызметіне, мемлекет пен жалпы қоғамның мүдделеріне тікелей әсер етуі мүмкін» деген тұжырымымен келіскен жөн. Сонымен қатар нормативтік құқықтық акті мазмұнының айқын болмауы, талаптарының жалпы сипатта жазылуы – бұл заңсыздыққа, азаматтардың мүдделері мен құқығының тең болмауына негіз болады.

Заң ғылымдарының кандидаты Д.В.Чухвичев заң техникасының пысықталған ережелеріне негізделген барлық құрал мен әдістерді толық және дұрыс пайдаланудың өте маңызды екенін атап көрсетті. Мәселен, заңнамалық акті құрылымдарының көлемді болуы, мәтін «құрылымының тым күрделі болуы» құқық нормаларының мағынасын ашпай, заңнама қолданысын едәуір қиындатады. Сондықтан заңнамалық актілердің мәтінін бірнеше бағыныңқы, күрделі есімшелі, көсемшелі құралымды сөйлемдерден түзуден аулақ болу керек. Іс-қимылды білдірген кезде етістіктен жасалған есім сөздердің орнына дара етістіктерді қолданған жөн. Сонымен қатар заң мәтінінде орныққан сөздер мен сөз орамдары, мәселен, «мемлекет» термині қолданылады, бірақ оның орнына «отан», «ата-жұрт», «атамекен» деген синонимдес эмоционалды тіл бірліктерін қолдануға жол берілмейді [3, 152, 155-б.].

Заңнама мәтініндегі бірдей тұжырымдар мен терминдер бірізділігі сақталмайтын жағдайлар да орын алып жатады. Заң техникасының осы талаптарының сақталған-сақталмағанын анықтау мақсатында екі заң талданып, зерделенді. 1995 жылғы Өндірістік кооператив туралы заңның 1-1-бабы және 2001 жылғы Тұтыну кооперативі туралы заңның 3-бабы қазақ және орыс тілдерінде мынадай редакцияда жазылған (1 және 2-суреттер):

## Өндірістік кооператив туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 қазандағы N 2486 Заңы.

1-1-бап. Өндірістік кооперативтерді құрудың және оның қызметінің негізгі принциптері

Өндірістік кооперативтер мынадай принциптер негізінде жұмыс істейді:

мүшелікке кіру мен шығудың еркіндігі;

мүліктік (пайлық) жарна енгізу міндеттілігі;

басқарудың демократиялылығы;

өзара көмек және оның мүшелері үшін экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету;

өндірістік кооперативтің қызметі туралы ақпаратқа қол жететіндігі.

## О производственном кооперативе

Закон Республики Казахстан от 5 октября 1995 года N 2486.

**Статья 1-1. Основные принципы создания и деятельности производственных кооперативов**

Производственные кооперативы функционируют на основе следующих принципов:

добровольности вступления и выхода;

обязательности внесения имущественного (паевого) взноса;

демократичности управления;

взаимопомощи и обеспечения экономической выгоды для его членов;

доступности информации о деятельности производственного кооператива.

*1-сурет – Өндірістік кооператив туралы заңнан үзінді*

## Тұтыну кооперативі туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 мамырдағы N 197 Заңы.

**3-бап. Тұтыну кооперативінің құрылуы мен қызметінің негізгі принциптері**

Тұтыну кооперативтері:

кіру және шығу еріктілігі;

мүліктік (пайлық) жарна төлеудің міндеттілігі;

басқарудың демократияшылдығы;

өзара көмек және өз мүшелерінің мүдделерін қорғау;

тұтыну кооперативінің қызметі туралы ақпаратты оның барлық мүшелерінің пайдалана алуы принциптері негізінде жұмыс істейді.

## О потребительском кооперативе

Закон Республики Казахстан от 8 мая 2001 года N 197.

### Статья 3. Основные принципы создания и деятельности потребительского кооператива

Потребительские кооперативы функционируют на основе следующих принципов:

добровольности вступления и выхода;

обязательности уплаты имущественного (паевого) взноса;

демократичности управления;

взаимопомощи и защиты интересов его членов;

доступности информации о деятельности потребительского кооператива для всех его членов.

### 2-сурет – Тұтыну кооперативі туралы заңнан үзінді

Көрсетілген екі Заңның 1-1 және 3-баптары құрылымы жағынан өте ұқсас. Алайда олардың қазақ тіліндегі мәтіндерінің арасында айырмашылықтар бар. Олардың әр-қайсысы талданып, тұжырымдалған бөлек кестелерде берілді.

1-1-бап пен 3-баптың тақырыбындағы орыс тіліндегі «Основные принципы создания и деятельности ... кооператива (кооперативов)» деген тіркестің қазақ тіліндегі айырмашылығын төмендегі 1-кестеден көруге болады.

### 1-кесте – Тақырып алшақтығы

<i>1-1-бап пен 3-баптың тақырыптары</i>	
<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
1-1-бап. Өндірістік <b><u>кооперативтерді құрудың және оның принциптері</u></b> қызметінің негізгі	Статья 1-1. Основные принципы создания и деятельности производственных кооперативов
3-бап. Тұтыну <b><u>кооперативінің құрылуы мен</u></b> қызметінің негізгі <b><u>принциптері</u></b>	Статья 3. Основные принципы создания и деятельности потребительского кооператива

Талданып отырған нормаларға «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының «Основные

цели и принципы создания и деятельности сельскохозяйственных кооперативов» деген тақырыбы да ұқсас. Ол қазақшаға «Ауыл шаруашылығы **кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің** негізгі мақсаттары мен **қағидаттары**» деп аударылған.

Кооперативтің өндірістік түріне қатысты заңның 1-1-бабының тақырыбын бірлестіктің азаматтар құрады деп түсінуге болады. Бұл өндірістік және тұтыну кооперативтері азаматтардың ерікті бірлестіктері<sup>1,2</sup> болғандықтан, оларды азаматтар құруға тиіс деген анықтамаға сәйкес келеді. Сондықтан 3-баптың тақырыбын 1-1-баппен сәйкестендіріп, «3-бап. Тұтыну **кооперативін құрудың және оның қызметінің** негізгі **қағидаттары**» деп түзеткен орынды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтері жөніндегі заңды да бірізділікке келтіру керек.

Төменде ұсынылған 2-кестеден 1-1-бап пен 3-баптың ұқсас құрылымының қазақ тілінде әртүрлі алынғаны анық байқалады. Өндірістік және тұтыну кооперативтерінің жұмыс істеу қағидаттары туралы сөйлемдер құрылымы жағынан ұқсас болғанымен, 1-1-баптағы «**мынадай принциптер негізінде жұмыс істейді**» деген етістікті тіркес сөйлемнің басында берілсе, 3-баптағы «**принциптері негізінде жұмыс істейді**» деген етістікті тіркес сөйлемді аяқтап тұрғанын көруге болады.

2-кесте – Құрылым алшақтығы

<i>1-1-бап пен 3-баптың құрылымдары</i>	
<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
1-1-бап ... Өндірістік кооперативтер <b>мынадай принциптер негізінде жұмыс істейді</b> : ...	Статья 1-1. ... Потребительские кооперативы функционируют на основе следующих принципов: ... ...
3-бап ... Тұтыну кооперативтері: ... ... <b>принциптері негізінде жұмыс істейді</b> .	Статья 3. ... Потребительские кооперативы функционируют на основе следующих принципов: ... ...

<sup>1</sup> «Тұтыну кооперативі туралы» 2001 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000107/compare>. Қаралған күн: 08.08.2024 ж.

<sup>2</sup> «Өндірістік кооператив туралы» 1995 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000107/compare>. Қаралған күн: 08.08.2024 ж.



Құрылымы ұқсас, бірақ әркелкі жазылған екі сөйлемнің дұрыс-бұрысын анықтау үшін қазақ тілінің ережесіне жүгінген орынды. Ережеге сәйкес сөйлемдегі сөздер, сөйлем мүшелері белгілі тәртіппен тізбектеледі. Қазақ тіліндегі жайылма сөйлемдегі бағыныңқы сөздер басыңқылардың алдында тұрғанда олардың позициялық діңгегі әр уақытта тұрлаулы мүшелер болады. Соларды жинақтап кестелегенде мынадай үш үлгіні сөйлем мүшелері орналасуының негізгі түрлері деуге болады:

- 1) бастауыш-анықтауыш-толықтауыш-пысықтауыш-баяндауыш;
- 2) анықтауыш-бастауыш-толықтауыш-баяндауыш;
- 3) анықтауыш-толықтауыш-бастауыш-анықтауыш-пысықтауыш-толықтауыш-баяндауыш [4, 213-б]. Бұл ережеге сәйкес баяндауыш әрдайым сөйлем соңында келіп, ойды аяқтап тұрады. Бұған қоса нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары сақтала отырып жазылады [5, 37-б.]. Алайда талданған Заңның 1-1-бабында осы ереже сақталмаған. Оларды бірізді құрылымға келтіру мақсатында аталған баптың осы бөлігін мынадай редакцияда жазу ұсынылады (2-1-кесте):

2-1-кесте – Түзетілген құрылым

<i>1-1 және 3-баптардың бірізділікке келтірілген құрылымдары</i>	
<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
1-1-бап ... Өндірістік кооперативтер: ... ... қағидаттары негізінде жұмыс істейді.	Статья 1-1. ... Потребительские кооперативы функционируют на основе следующих принципов: ... ...
3-бап ... Тұтыну кооперативтері: ... ... қағидаттары негізінде жұмыс істейді.	Статья 3. ... Потребительские кооперативы функционируют на основе следующих принципов: ... ...

Төменде ұсынылған 3-кестеден орыс тіліндегі «добровольности вступления и выхода» деген тіркестің 1-1-бапта «мүшелікке кіру мен шығудың еркіндігі» деп аударылса, 3-бапта ол «кіру және шығу еріктілігі» деп аударылғаны айқын көрінеді.

3-кесте – Екінші абзацтар алшақтығы

<i>1-1 және 3-баптың екінші абзацтары</i>	
<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
1-1-бап ... ... <b>мүшелікке кіру мен шығудың еркіндігі;</b>	Статья 1-1. ... ... добровольности вступления и выхода;
3-бап ... ... <b>кіру және шығу еріктілігі;</b>	Статья 3. ... ... добровольности вступления и выхода;

Көрсетілген баптардағы сөздердің стильдік, грамматикалық және лексикалық тұрғыдан әртүрлі алынғанын анық көрсету үшін осы абзацтағы әрбір сөз бөлек алынып, мынадай салыстырма кестеге (3-1-кесте) салынды:

3-1-кесте – Екінші абзацтардың салыстырма кестесі

<i>1-1-баптың екінші абзацындағы сөздер (қазақ тілінде)</i>	<i>3-баптың екінші абзацындағы сөздер (қазақ тілінде)</i>	Орыс тілінде
<b>еркіндік</b>	<b>еріктілік</b>	добровольность
<b>мүшелікке кіру</b>	<b>кіру</b>	вступления
<b>мен шығудың</b>	<b>және шығу</b>	и выхода

Көркем әдебиетте сөздерді салыстырма кестегідей түрлендіріп, синонимдер қызметін қолдануға жол беріледі. Яғни сөйлеуде немесе жазуда бір сөзді қайта-қайта қайталау, мәселен, алдыңғы сөйлемде қолданылған сөзді, келесі сөйлемде қайталай беру стиль жағынан кемшілік туғызады. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану керек. Бұл әдеби туындылардағы негізгі шарттардың бірі болғанымен, заң саласында бұған жол берілмейді. Өйткені құқықтық актілердің нысаны мен құрылымының біркелкілігі, бірізділігі талабына сәйкес актілердің стереотиптік құрылымын, заңи конструкциялары мен тұжырымдарын біркелкі пайдалану керек [5, 8-бет].

Республикалық терминология комиссиясы «добровольность» терминін 2016 жылы «еріктілік»<sup>1</sup> деп, ал «еркіндік» деген сөзді 2021 жылы «свобода»<sup>2</sup> деп мақұлдағанын

1 <https://termincom.kz/search/?termin=еріктілік-добровольность>

2 <https://termincom.kz/search/?termin=еркіндік-свобода>

және заң техникасының көрсетілген негіздемесін ескере отырып, Заңның 3-бабын түзету қажет болады.

Нормадағы «кіру және шығу» деген құрылымның мәні қандай да бір жерден, орыннан, мысалы, «есіктен кіріп-шығу» деген ұғымға жақын келеді. Осы құрылымның толықтырылған баламасы да қолданылады. Мұндай баламалардың мысалы ретінде мына кестедегі (3-2-кесте) екі заң алынды:

3-2-кесте – Екінші абзац баламаларының 1-нұсқасы

<i>1) Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заң</i>	<i>2) Өзін-өзі реттеу туралы заң</i>	
адвокаттар алқасына мүше болып кіргеннен кейін	өзін-өзі реттейтін ұйымға мүше (қатысушы) болып кіру	Қазақ тілінде
после вступления в члены коллегии адвокатов <sup>1</sup>	решение о вступлении в члены (участники) саморегулируемой организации <sup>2</sup>	Орыс тілінде

Мұндағы «вступлении в члены» деген тіркес «мүше болып кіру» деп жазылған. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заңда ұқсас норманың нақты әрі ашып жазылғанын төмендегі кестеден көруге болады (3-3-кесте):

3-3-кесте – Екінші абзац баламаларының 2-нұсқасы

<i>«Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы</i>	
<i>Қазақ тілінде</i>	<i>Орыс тілінде</i>
2. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің негізгі қағидаттары: 1) <b>ауыл шаруашылығы кооперативіне кірудің және одан шығудың еріктілігі</b> , осы Заңның және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысының талаптарына сәйкес келетін кез келген тұлғалардың кіру мүмкіндігі;	2. Основными принципами создания и деятельности сельскохозяйственных кооперативов являются: 1) <b>добровольность вступления в сельскохозяйственный кооператив и выхода из него</b> , возможность вступления для любых лиц, соответствующих требованиям настоящего Закона и устава сельскохозяйственного кооператива;

<sup>1</sup> «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z180000176>. Қаралған күн: 08.08.2024 ж.

<sup>2</sup> «Өзін-өзі реттеу туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000390/compare>. Қаралған күн: 08.08.2024 ж.

Осы орайда нормативтік құқықтық актінің ұқсас құрылымдарын бірізді алу мақсатында әрі олардың ережелері барынша қысқа болатынын, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтитынын негізге алып [5, 37-б.], 3-кестедегі норманы мынадай редакцияда жазу ұсынылады (4-кесте):

4-кесте – Екінші абзацтың түзетілген құрылымы

Екінші абзацтың ұсынылатын редакциясы	
Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1-1-бап ... ... <b>кооперативке кірудің және одан шығудың еріктілігі;</b>	Статья 1-1. ... ... добровольности вступления в кооператив и выхода из него;
3-бап ... ... <b>кооперативке кірудің және одан шығудың еріктілігі;</b>	Статья 3. ... ... добровольности вступления в кооператив и выхода из него;

Төртінші абзацтағы «демократичность» деген терминнің қазақ тіліндегі баламаларының бірізді аударылмағанын 5-кестеден көруге болады:

5-кесте – Төртінші абзацтар алшақтығы

1-1-бап пен 3-баптың төртінші абзацтары	
Қазақ тілінде	Орыс тілінде
1-1-бап ... ... басқарудың демократиялылығы;	Статья 1-1. ... ... демократичности управления;
3-бап ... ... басқарудың демократияшылдығы;	Статья 3. ... ... демократичности управления;

Бұл кестеге сәйкес аталған термин 1-1-бапта «демократияшылық» деп, ал 3-бапта «демократияшылдық» деп аударылғаны назар аудартады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арнаған 2004 жылғы 19 наурыздағы Жолдауында<sup>1</sup> да, ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заңда да ол «демократияшылық» деген нұсқада кездеседі. Бірізділік сақталмаған осы сөзді Республикалық терминология комиссиясы бекітпегенімен, ол «Termincom.kz» терминологиялық электрондық базасында (3-сурет) мына нұсқаларда қолданылған:

#### ІЗДЕУ НӘТИЖЕСІ

№	Қазақша атауы	Орысша атауы	Категория
1	Демократтық	Демократичность	Философия және саясаттану
2	Оқытудағы демократияшылық	Демократичность в обучении	Педагогика және психология
3	басқарудың демократияшылдығы	демократичность управления	Іс жүргізу және мұрағат ісі

### 3-сурет – Терминологиялық базадағы баламалар

Негіздемелерге сүйене отырып, норманы бірізділікке келтіру барысында 1-1-баптың төртінші абзацын негізге алу ұсынылады.

Қорытындылап тұжырымдалған ұсыныстар заң лексикологиясы мен техникасын жетілдіруде, сондай-ақ заң шығару процесінде көмегін тигізетіні анық. Сондықтан құқықтық актілерді әзірлеу барысында:

- 1) қолданыстағы құқықтық актілердегі ұқсас нормалар, құрылымдар мен терминдерді қолданған кезде оларды өзгеріссіз алу;
- 2) заңнамада орныққан сөз орамдары мен терминологияны негізге алу;
- 3) жобадағы бірдей құрылымдар, сөздер мен сөз тіркестерін бірізділікке келтіру;
- 4) көрсетілген заңдар түзетілген кезде әрбір кесте бойынша берілген ұсыныстарды міндетті түрде енгізу;
- 5) олқылықтардың алдын алу үшін қазақ тіліндегі заңнамаға мониторинг жүргізу, оны бірізділікке келтіру сияқты функциялар жүктелген жаңа бөлімше құру ұсынылады.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арнаған «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» тақырыбындағы 2004 жылғы 19 наурыздағы Жолдауы. URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K040002005\\_/compare](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K040002005_/compare). Қаралған күн: 08.08.2024 ж.

### Әдебиет:

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы/ Рәбиға Сыздық / – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 292 б.
2. Айсин С. Комментарий к отдельным статьям нового Закона Республики Казахстан «О правовых актах» (юридическая техника). <https://online.zakon.kz>.
3. Чухвичев Д., Аширов Б. Законодательная техника. Учебное пособие. Центр ОБСЕ в Ашхабаде, 2011. – 316 с.
4. Балақаев М., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі (Өңделіп және толықтырылып, 3-басылуы). Оқулық. – Алматы, «Санат». 1997. – 240 б.
5. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы): Әдістемелік құрал / Авт. ұжым басш. мен ред. Р.Қ. Сәрпеков – Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2019. –160 б.

**Д.Жолмырзаева**

*Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті, докторант  
Қазақстан*

**А.Әбдіқадырова**

*Әл-Фараби Қазақ ұлттық университеті, докторант  
Қазақстан*

## ANGLICISMS IN ARTICLE TITLES AS SOCIAL MARKERS

**Abstract.** Anglicisms in article titles have become increasingly prevalent, serving as powerful social markers in media and communication. This study explores the use of English words and phrases in titles across various genres, focusing on their role in conveying modernity, prestige, and global connectedness. By analyzing article titles in media, particularly those targeting youth, the research highlights how anglicisms function as pragmatic tools to attract readers, signal expertise, and reflect cultural trends. The study also investigates the sociolinguistic implications of such usage, including how it shapes audience perceptions and reinforces the association of English with innovation and status. Drawing on examples from print, digital platforms, and social media, the research demonstrates that anglicisms in titles not only influence linguistic preferences but also reflect broader societal shifts, such as globalization and intercultural exchange, making them essential markers of contemporary identity and communication strategies.

**Keywords:** Anglicisms, article titles, social markers, media, globalization, pragmatics, sociolinguistics, language and identity.

**Аңдатпа.** Мақала атауларындағы англицизмдер БАҚ және коммуникацияда мықты әлеуметтік маркерлер ретінде қызмет ететін барған сайын кең тарады. Бұл зерттеу қазіргі заманды, беделді және жаһандық байланысты жеткізудегі рөліне назар аударып отырып, әртүрлі жанрлардағы атауларда ағылшын сөздері мен сөз тіркестерін қолдануды зерттейді. БАҚ, әсіресе жастарға арналған мақалалардың тақырыптарын талдау арқылы зерттеу ағылшынизмдердің оқырмандарды тарту, сараптаманы көрсету және мәдени үрдістерді көрсету үшін прагматикалық құрал ретінде қалай жұмыс істейтінін көрсетеді. Зерттеу сонымен қатар мұндай қолданудың әлеуметтік лингвистикалық салдарын, соның ішінде аудиторияны қабылдауды қалай қалыптастыратынын және ағылшын тілінің инновациямен және мәртебесімен байланысын нығайтады. Баспа, цифрлық платформалар және әлеуметтік медиа мысалдарына сүйене отырып, зерттеу атаулардағы англицизмдер тілдік таңдауларға әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар жаһандану және мәдениетаралық алмасу сияқты кеңірек әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді, бұл оларды заманауи сәйкестік пен коммуникация стратегияларының маңызды маркерлеріне айналдырады.

**Тірек сөздер:** Англицизмдер, мақала атаулары, әлеуметтік маркерлер, БАҚ, жаһандану, прагматика, әлеуметтік лингвистика, тіл және сәйкестік.

**Аннотация.** Англицизмы в заголовках статей становятся все более распространенными, выступая в качестве мощных социальных маркеров в СМИ и коммуникации. В этом исследовании изучается использование английских слов и фраз в заголовках в различных жанрах, уделяя особое внимание их роли в передаче современности, престижа и глобальной связанности. Анализируя заголовки статей в СМИ, особенно ориентированных на молодежь, исследование подчеркивает, как англицизмы функционируют как прагматические инструменты для привлечения читателей, сигнализации об экспертности и отражения культурных тенденций. Исследование также изучает социолингвистические последствия такого использования, включая то, как оно формирует восприятие аудитории и усиливает связь английского языка с инновациями и статусом. Опираясь на примеры из печати, цифровых платформ и социальных сетей, исследование показывает, что англицизмы в заголовках не только влияют на языковые предпочтения, но и отражают более широкие социальные сдвиги, такие как глобализация и межкультурный обмен, что делает их важными маркерами современной идентичности и коммуникационных стратегий.

**Ключевые слова:** англицизмы, названия статей, социальные маркеры, СМИ, глобализация, прагматика, социолингвистика, язык и идентичность.

Anglicisms are words and expressions specific to the English language, used also in other languages. The term anglicism refers to a number of phonetic, morphological, syntactic, and semantic traits that are characteristic of English. Anglicisms appear in different ways: as loanwords and loanblends, also called neologisms or borrowings.

Countries that exercise cultural influence in the music, film, and food industries, to mention a few, are the main anglicism producers. Cultural exchange, in this sense, is parallel to the adaptation of the Spanish language to maintain its operating close relationships with English. Some languages' historical contact with English has given rise to an assimilated way of lexical borrowing. However, anglicisms in these languages are also a marker of modernity and the incursion of ever-present foreign elements in these societies. Anglicisms may, at the same time, be perceived negatively by the linguistic community, as a form of cultural imperialism, being a force driving out the indigenous names of objects or concepts by imposing English language patterns. The number of English words used in different languages as anglicisms is immeasurable as they have been incorporated widely into the media and colloquial usage. Therefore, the term anglicism is quite variable depending on the tradition of each language. Some examples of anglicisms in several languages are weekend and parking in Spanish, e-mail and web in French, outsourcing and jet in Italian[1].

In this context, the widespread use of technological advancements has a significant impact on this type of borrowing of words, which is commonly found in academic discussions. It appears that as a result of the requirement for globalization and the rise of digital technology and its societal impacts, there has been a surge in research interest in the English vocabulary within the framework of recognizing global trends. English, as a global language, tends to influence the sounds, word structures, sentence structures, and meanings of nearby languages.

In general, it is widely accepted today that language is also a tool for expressing identity, and individuals can identify in terms of gender, age, education, class, or their geographical, social, or cultural origins. In the analysis of marked forms, researchers in sociolinguistics, the sociology of language, and discourse analysis have adopted the concept of social markers. A linguistic feature is any conscious rule-governed element of the speech that can be described in terms of area or change or consistency. A linguistic variable will act as a social marker if its status in the community is conditioned by social factors [2].

The social significance of some marked features in language based on extralinguistic information about speakers or writers seems to be reflected in the sociolinguistics or discourse studies literature. Language varies according to social variables such as age, ethnicity, gender, education, class, and cultural background. The awareness of marked linguistic forms is important, for they may consistently influence the way people perceive the person using a particular form, product, or service. The power of language as a marker, expressive of culture, is well illustrated in multilingual postcolonial or interethnic



communication settings. Language may also be used to differentiate oneself from others, to highlight group or individual identity. A number of specific markers for ethnicity-based, national, or regional identities, elaborate registers in particular social areas may be used as signs of belonging [3].

Language choice is impacted by power relations. This is a reason why, in a society with different social, ethnic, or gender groups, the language spoken is one of the social parameters used to position [4] an individual in the categorical system. English is increasingly chosen in a linguistic landscape where many of our beguiling words are supported by various English expressions. Anglicisms have begun to become a part of the modern vocabulary, and they show the style of the person who uses them.

Our review of the literature shows two ways in which anglicisms in article titles have been analyzed. The reasons for the centrality of the quality press are clear: due to its quality, greater authority is vested in it. A variety of ways of interpreting anglicisms used in popular scientific article titles have been proposed. They can be indicators of syntheticity and brevity, of the use of an international language, of homogenization, of attracting attention, of targeting a specific audience, etc. Sometimes, they occur in the titles of popular articles to stress that the topic has just been researched, the article's novelty, or the fact that it is surprising.

Previous Research Several studies have shown that anglicisms can be found frequently in non-Anglophone academic titles. These studies also single out two common reasons: the language of the global lingua franca and attracting attention. Other studies, carried out for disciplines close to applied linguistics and foreign language teaching, underline the importance of the topic for common citizens or laypersons, the need to incorporate key words of global reality into titles as part of generic features, and avowed linguistic identities against calls in opposition to which journal editors have established rival language tests by curtailing titles due to demands for abstraction and neutrality. There is one study that tries to relate one of the title's functions to the country where the journal is published and in which the identity of scholars in the field may be a function of whether the anglicism discusses scientific topics that a layperson should be aware of. It stresses the different ways of dealing with anglicisms in ELT materials as an identity marker of various "accented" Englishes. The low number of studies reveals that titles are not yet considered as an object of their own, a social marker regarding who uses them but above all where and why. In this regard, a social marker may assume a pragmatic value for the members of a discourse community when they identify themselves and others [5].

This section describes the methodological framework for our proposed investigation into the integrative function of anglicisms in Spanish article titles. The main point of our investigation consists of demonstrating the relevance of anglicisms as highly complex linguistic representations of certain social values. The methodological framework we

propose is a qualitative-quantitative model that addresses general research questions combining two main entailments: on the one hand, how the concept of anglicism is developed in representational studies of language and, on the other hand, how anglicisms function as social representations in real linguistic practice. In correspondence with this approach, the model is multi-stage. The first stage is methodologically qualitative, intended to provide a representation of the notion of anglicism that has a bearing on the relation between language and society, with the social marking it involves. Based on real Spanish linguistic practice, this description underpins our proposed second stage, which is methodologically quantitative, and examines data collected from five newspapers over the past 25 years. In this model, the point of departure in understanding anglicisms as social markers is a solid, theoretically grounded definition centered on the notion of social representation, which is a central consideration in placing it as a significant research question. What sanctions the final choice in the selection of our research instruments and criteria is the core of our research. Only those methodological tools that can effectively interrogate representational aspects of anglicisms in article titles are to be valuable to us. Therefore, we argue that a well-researched and rigorously thought-out process has to be followed in order to showcase our key research: that anglicisms bear fundamental social meanings because they are central markers of social representations. As a result, meticulously described methodological steps testify to the responsible academic conduct of our research and reflect a set of ever more in-depth understandings and findings that will emerge within our study.

In order to study anglicisms in German article titles from a wide range of different academic fields, it was necessary to collect data corpora of article titles from different sources and special fields of study. The criteria for this selection were the diversity of the subject matter covered by the literature, but also the diversity of publication and e-publication dates. The 27 linguistics corpora together hold 380, 436 article titles and have been pre-processed in line with the guidelines. Identical entries contained in more than one corpora were identified and eliminated in order to combine all corpora into one dataset. This was done using a script, which imports this data and then produces one overall file containing all entries, which can be fed back into the tool [6].

The results of the analysis are split between quantitative and qualitative findings. The quantitative findings are based on a sample of 165 article titles and show the frequency of anglicisms in the article titles analyzed and the specific types of these anglicisms. The qualitative findings help to paint a nuanced picture of the language choice of academic professionals in different linguistic landscapes. First, for the quantitative findings: the analysis shows that, in the data set analyzed, there is a clear prevalence of the usage of anglicisms within article titles. Additionally, the use of anglicisms is not uniform within the corpus, as it varies according to the specific journal in which the article appeared (and also by extension, field). In total, 200 article titles were collected. Altogether, 201 anglicisms

were used, with 99 multi-word and 102 one-word anglicisms. The distribution of anglicisms by discipline is reflected in the following table.

The different emerging acceptance of anglicisms in the headings and the underlying reasons can be interpreted as social markers. If one uses anglicisms frequently in the title, it indicates a subliminal signal to the reader/reviewer that one's research question and results are accepted, and especially that one's social environment accepts the results. In light of this interpretation, one can identify a correlation of language choice, research topic, and audience of the publications. While economics increasingly use anglicisms in the headings of their German publications, the application of them in the German titles of the papers of the other linguistic disciplines is not as extensive. A possible explanation for the high average of anglicisms in the titles within language functions and the field of L1 linguistics is the influence of English as a global lingua franca in the scientific world. However, the existing discussion between language purists and those who accept anglicisms is not yet very present among linguists. The occurrence of anglicisms in the titles can also deliver a picture of the research activities that are very present and, therefore, can have an influence on the work of those who are outside the scientific world. Nonetheless, one has to read the results with caution since the different disciplines and traditions might have influenced the results.

Drawing on various theoretical and methodological apparatuses, this article aimed to provide an all-encompassing look at the role of anglicisms in article titles. The results of sections 5 and 6 provided further insights into the role of English as an international scientific lingua franca and brought novel reflections on the possible identity-related interpretation of English elements. The reasons for alternative noun-structure patterns have been located in authors' strategies to pursue a title oriented at either the main title function or at the scientific information transmission to the addressees.

Anglicisms do play a role in the construction and identification of the identities in the analyzed titles. The actual authorial choices in title construction seem to be influenced more by the English influence in the research community than by the characteristics of the contribution. The sociocultural pressure on present-day scientists and academic workers, as well as students in linguistics abandoning their mother tongue and adopting English as the language of closer identification because that is expected in the field and seen as more modern, dynamic, and viable, has also been underlined. A critical comparison between the results and the literature found so far in the field reveals limitations in the present debate on anglicisms, which have overshadowed social identity.

One of the upshots regarding the role of anglicisms in article titles for social identity formulation goes beyond a contest-based social theory and states that in a context where there is a globalization of some issue, social groups are established according to the legitimacy of the positions toward that issue. Those who accept broadly face a globalized

issue from a national socio-political reality, and those who more or less explicitly deny it. In this sense, group formation is not only a question of direct adhesion to globalization but above all to the globalization of adhesion itself. That is, from the acceptance of a term denoting a marked individuation, coding a socio-historical habitus and cultural capital under the appearance of a simple adhesion to an abstract general object – globalization as process or as done thing. In brief, and beyond the exclusive focus on contest or acceptance of anglicisms in general as a process of market-driven globalization, what all this debate can help us to do is to unveil the close interweaving between language and identities and, particularly in our case, between the academic dimension and the linguistic regime of authenticity.

However, if anglicisms may signal group affiliation, cultural capital according to specific linguistic choices, and hence operate as a “sociolectal identity marker,” when spread into the everyday, inane choices of language use, there is a continuous spreading of the practice of anglicisms. This process, far from constituting an intrinsically new interest for English, is subtended by a large and long-duration set of many forces related to the spreading of national languages within the communicative dimension, such as a candidature into the globalization process, through the adoption of a transnational language game focusing not just on competition but cooperation and solidarity in a knowledge-based society. The choosers and the pursuers of the above-mentioned set of meanings embrace members of the European Commission and many prestigious boarding schools for children and teenagers from upper-middle-class families. It is in these contexts that there is an explosion, in the last few years, of Russo-English schools, as well as courses on fashion, design, cooking, interior decoration, and tourism, all inviting participants to learn about the typical values and practices that will really make the difference and make westerners notice you. In Gruppo Uno, an Italian musical-marketing cooperative composed of many musicians, animators, and illustrators, the most common means of communication is reportedly English, and even though all the participants are Italian, they commend each other for their mastery of the British language, as if linguistic capability were a proof of intelligence and elevation. The appreciation and, eventually, the choice or not of an educator as an interlocutor, especially in European Higher Education, could also be based on the use of anglicisms [8].

Given the findings of this inquiry, we can conclude that anglicisms in the titles of Spanish articles mainly serve as social markers. Yet, whether they emphasize the specific values that the author wishes to portray is less clear. What is more obvious is that anglicisms have a very real impact on the construction of the identity of the person appearing in electronic article titles, and this undeniable fact requires further inquiry to deepen our understanding of this hypothesis. While the inquiry undertaken here is by no means exhaustive, it does show the potential consequences of the wider use of foreign language at any given point in time, meaning that researchers and interlocutors alike must weigh their options before



making decisions that can substantially affect the dissemination or even the readability of the academic knowledge that they hope to convey. Altogether, the corpus gives us a head start on identifying whether these phenomena have changed over the years, as the anglicism trend also progressed. Longitudinal studies are indeed necessary within the scope of both globalization and language change. Besides, it would be very interesting to compare these outcomes with other linguistic catalogues, as each language and culture can be characterized as undergoing different currents of language change developing at a different stage and pace. Therefore, we could explore the diversified ways of language use, thus making our knowledge of the language as a means of identity formation more comprehensive. An interdisciplinary study can provide even more fascinating results. Conclusively, our study provides a basis for reflection.

### References:

1. Truslove K. (2020). The relationship between English and German in Germany: A sociolinguistic study of the use of English and anglicisms, and attitudes towards them.
2. Noels K., Yashima T., & Zhang R. (2020). Language, identity, and intercultural communication. In *The Routledge handbook of language and intercultural communication* (pp. 55-69). Routledge.
3. Rosselli M., Uribe I., Ahne E., & Shihadeh, L. (2023). Culture, ethnicity, and level of education in Alzheimer's disease. *Neurotherapeutics*.
4. Tripp A., & Munson, B. (2022). Perceiving gender while perceiving language: Integrating psycholinguistics and gender theory. *Wiley Interdisciplinary Reviews: Cognitive Science*, 13(2), e1583. [google.com](https://doi.org/10.1002/wics.1583)
5. Muddolon S. (2024). Pseudo-English English as Pseudo-Language as such and as Conceived by Common Italian Speakers. [unive.it](https://www.unive.it)
6. Trento M. (2022). Writing Tamil Catholicism: literature, persuasion and devotion in the eighteenth century. [ojs.aaup.edu.tr](https://ojs.aaup.edu.tr/ojs/handle/11661/11111)
7. Mahbub K., Chénard C., Batinovic S., Petrovski S., Lauro F., Rahman M., ... & Labbate, M. (2023). Complex interactions between diverse mobile genetic elements drive the evolution of metal-resistant bacterial genomes. *Environmental Microbiology*, 25(12), 3387-3405.
8. Bordería S. (2024). How are linguistic changes in the 20th century to be studied? . *Language Change in the 20th Century: Exploring micro-diachronic evolutions in Romance languages*, 340, 188.

## IV. АХМЕТТАНУ, АБАЙТАНУ ЖӘНЕ АЛАШТАНУ

А.Салқынбай

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*

### Р. СЫЗДЫҚ – АБАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ

**Аңдатпа.** Ғылыми мақалада Р. Сыздықтың қаламынан шыққан Абай шығармашылығына қатысты зерттеулері талданады. Ғалымның кандидаттық диссертациясынан бастап жазған Абай поэзиясының лексикасы, морфологиясы, грамматикасы, стилі т.б. бойынша жазған зерттеулерінің қазақ әдеби тілі үшін маңызы ерекше екені сараланады. Қазақ әдеби тіл дәстүрі Абайға дейін де болғанын ғалымның нақты деректермен зерделеуі ғылыми тұрғыдан аса маңызды болды деп бағаланады. Бұл дәстүр, негізінен, көркем әдебиет саласында, соның ішінде поэзия жанрында болғанын да, қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу нормасының дамыған қалыпта болғанын атап көрсетуі өз кезеңі үшін ғылыми маңызды теория болды. Өйткені жалпыхалықтық сөйлеу нормасының, әдеби тіл нормасының болуы – қазақ халқының этникалық тұтастығының басты көрсеткіші. Р. Сыздық Абай тақырыбына ХХІ ғасыр басында, яғни тәуелсіздік таңы атқан тұста қайта оралып, «Абайдың сөз өрнегі» атты жинағын шығарады. Жинаққа енген ғылыми зерттеулер жаңа бағытта зерделеніп, жаңаша ой толғамдармен толықтырылған. Ғалым зерттеулерін Ақымет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қисындармен қиыстыра дамытып, ой өрнегін, образдың эстетикалық өрісін жаңаша пайымдауға күш салады. Ақын өлең жолдарындағы сөз мағыналарын талдап, көріктеу құралдарын пайдаланудағы Абай үлгісін зерделеуі де Р. Сыздық қолтаңбасының өзіндік ерекшелігін сипаттайтыны талданады.

**Тірек сөздер:** Р. Сыздық, әдеби тіл, Абай поэтикасы, Абай үлгісі, абайтану, ұлттық ойлау жүйесі.

**Abstract.** The scientific article analyzes the research of R. Syzdyk on the work of Abai. It is noted that the research devoted to the vocabulary, morphology, grammar and style of Abai's poetry, conducted by the scientist since the defense of his candidate's dissertation, are of particular importance for the Kazakh literary language. The scientist's identification of the Kazakh literary language tradition that existed before Abai is of great importance from a scientific point of view. Emphasizing the fact that this tradition was spread mainly in the field of fiction, including the genre of poetry, and that there was a developed Kazakh national speech norm and the norm of the literary language was perceived at that time as a scientifically significant theory. It was established that this tradition was spread mainly in

the field of fiction, including the genre of poetry, and emphasizing the fact that the Kazakh national speech norm was in a developed state was a scientifically significant theory for its time. Because the presence of a national speech norm, the norm of the literary language is the main indicator of the ethnic integrity of the Kazakh people. R. Syzdyk returned to the topic of Abai at the beginning of the 21st century, that is, at the dawn of independence, and published a collection called «Word-making by Abai». The scientific studies included in the collection are studied in a new light and supplemented with new ideas. The scientist develops her research, comparing them with the logic of the works of Akhmet Baitursynov, and tries to rethink the expression of thought and the aesthetic perspective of images. The characteristic features of R. Syzdyk's style in studying the meaning of words and means of expressing thought in the works of Abai are analyzed.

**Keywords:** R. Syzdyk, literary language, Abai's poetics, Abai's model, Abai studies, system of national thinking.

**Аннотация.** В научной статье анализируются исследования Р. Сыздык о творчестве Абая. Отмечается, что особое значение для казахского литературного языка имеют исследования, посвященные лексике, морфологии, грамматике и стилю поэзии Абая, проведенные ученым со времени защиты кандидатской диссертации. Выявление ученым казахской литературной языковой традиции, существовавшей еще до Абая, имеет важное значение с научной точки зрения. Подчеркивание факта что эта традиция была распространена главным образом в области художественной литературы, в том числе и в жанре поэзии, и, того, что существовала развитая казахская национальная речевая норма и норма литературного языка была воспринята в свое время как научно значимая теория. Установлено, что эта традиция распространялась главным образом в области художественной литературы, в том числе в жанре поэзии, и подчеркивание того факта, что казахская национальная речевая норма находилась в развитом состоянии, было для своего времени научно значимой теорией. Потому как наличие общенациональной нормы речи, нормы литературного языка является главным показателем этнической целостности казахского народа. Р. Сыздык вернулась к теме Абая в начале XXI века, то есть на заре независимости, и издала сборник под названием «Словотворчество Абая». Научные исследования, вошедшие в сборник, изучаются в новом свете и дополняются новыми идеями. Ученый развивает свои исследования, сопоставляя их с логикой трудов Ахмета Байтурсынова, и пытается по-новому осмыслить выражение мысли и эстетическую перспективу образов. Анализируются характерные особенности стиля Р. Сыздык в изучении значения слов и средств выражения мысли, в творчестве Абая.

**Ключевые слова:** Р. Сыздык, литературный язык, поэтика Абая, модель Абая, абаеведение, система национального мышления.

XX ғасырдағы ғылыми үдеріс пен XXI ғасырдағы ғылыми үдеріс арасында жер мен көктей айырма бар.

XX ғасыр қазақ ғылымында азаттықты аңсаумен басталып, үреймен жалғасып, тәуелсіздік таңының атуымен аяқталды. Демек осы бір ғасырда қазақ халқы да, оның мәдениеті мен ғылымы да сан ғасырлық жағдаят пен әрекетті басынан өткізіп үлгеріпті. Бұл ғасырда Адамды Адам деп бағалаудан, қадірлеуден гөрі, оның көзқарасы мен қызметін қадірлеу жоғарырақ болды. XX ғасыр қазақ қоғамында, әсіресе, қазақ ғылымында көзқарасы үшін жазалаудан, ату мен асудан басталып, үрей билеген ғасыр болды десек қателеспейміз. Бұл үрей кеңес идеологиясынан шығып кетпей, соның илеуіне көну, төзу, өз «мендік ойын» айтудан имену, тайсақтауды туғызған-ды.

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында алашшыл әкенің отбасында дүние есігін ашып, елуінші жылдары ғылымға келген жас Рәбиға осындай кезеңге душар болыпты. Кеңес үкіметі сепкен уытты үрей басылмаған, сөз анду мен жазу анду басым уақытта қазақ аруы өзгелерден ерек тұлға ретінде бірден-ақ көзге түскен-ді. 1947 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, 1951 жылы осы институт аспирантурасын тәмамдаған Рәбиға Сыздықтың бастап жазған ғылыми тақырыбы – Абай. XX ғасырда қазақтың ірі тұлғаларына деген көзқарастың кеңестік идеологияның «центризмі» жасаған жасанды ғылыми қағидаларына сәйкес келуі маңызды саналған кезең еді бұл. Абай сынды кеменгердің Сөзін зерделеу, оны кеңес саясатының ыңғайымен бағалау да оңай болмағаны анық. Осындай саяси сұраныс пен ғылыми қажеттіліктің үдесінен қатар шығу әдебиет ғылымына да, сөз өнеріне де, тіл ғылымына да терең ойланып, мүддеге қызмет етуді талап еткен-ді.

XX ғасырдың елуінші жылдарында қалыптасқан тіл білімінің құрылымдық саласының формальдық бағытына сәйкестендіру үшін, Р. Сыздық «Абай «Қара сөздерінің» негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. «Тұтастық» сіңген Абай ілімінің басты тұжырымдары тиянақталған «Қара сөздеріндегі» «тіл өрнегін әңгімелеуімізге ұлы Мұхтар Әуезовтің сөзі «қамшы болды», – деп жазады Р. Сыздық [168-бет]. М. Әуезовтің Абай «Қара сөздерінің» тіліне қатысты жазған пікіріне сілтеме жасай отырып, былайша ой түйіпті: «Әр сөзіне мән беріп жазатын Мұханның бұл жерде «Қара сөздердің» өзі демей, «тілі» деуінде, біздің байқауымызша, айрықша астар бар: мұндағы «тіл» деп отырғанының өзі көрсеткеннен басқа және бір сыры қазақта әдебиеттің бұрын жоқ жанрының сөйлеу мәнері (стилі) дегеннің пайда болып, оны ұлы сөз зергерінің қалай алып кеткенін меңзегенінде болар дейміз. Абайтанушы ғалым осы тұста қазақтың ұлттық әдеби тілінің тағы бір функционалдық стилі пайда болды, оған Абай қаламының ұшы тиді деп отыр», – дей келіп, Абайдың прозалық туындысы арқылы қазақ әдеби тілінде соны әдеби үлгінің пайда болғанын тереңнен тартып, нақты тұжырым жасайды [168-бет]. М. Әуезовтің Абайдың «Қара сөзінің» жанры туралы ғылыми пікіріне сүйене



отырып, оған өзіндік баға береді: «Қара сөздерді көлемі жағынан шағын-шағын 46 бөлек шығарма құрайды. Олардың жанрлық сипаты да әртүрлі: көбі публицистикалық туындылар, 46-сөз деп берілгені білім-таным үлгісіндегі тарихи очерк, 25-сөз Сократ пен Аристодимнің әңгімесі деп берілген үлгі-өсиет, 5-сөз – мақал-мәтелдерді талдаған филологиялық этюд, 37-сөз – афоризмдер жиынтығы, 7-сөз – психологиялық тақырыпты қозғаған этюд іспетті, 43-сөз – философиялық толғаныс, 38-сөз – дін, мораль мәселелері жайындағы ой-пікірлері болып келетін ғылыми-публицистикалық еңбек деп ажыратып жүрміз» деп нақты ғылыми пікір білдіреді. Абайдың «Қара сөзінің» жазылу ерекшелігі мен оның кімге арналып жазылғаны туралы айтылған Р. Сыздықтың ғылыми пайымдаулары теориялық жағынан салмақты, байламы берік, ойы тиянақты, пікірі дәйекті еді. Әр сөздің белгілі бір әлеуметтік топтарға арналып жазылғаны туралы байламдары да ойланарлық еді. «Абай «Қара сөздерін» «қойын дәптер» ретінде тек өзі үшін жазбай, басқалардың оқуы үшін де жазғанын, оның өзінде де жалпы оқырман көпшілікпен қатар, олардың белгілі бір тобына арнап жазғанын да көреміз», – деп тиянақты тұжырым жасайды ғалым. Өз заманының сұранысы мен қажеттілігіне орай, Р. Сыздық ««Қара сөздер» – Абайдың қай тақырыпты қозғаса да, түгелімен ағартушылық идеясын ұсынған, мораль мен тәлім-тәрбие жайындағы ой-толғауларын баяндайтын публицистикалық шығармалары деген» [175] деген ой айтады. Мәтін баяндауында «кездесетін модалдық реңктерді, яғни өкінуді, сүйсінуді, ызалануды т.б. ауызша сөйлеу үстінде дауыс ырғағы жеткізетінін Абайдың жақсы пайдаланғанын терең талдайды ғалым [176].

Р. Сыздық Абай поэзиясын теориялық тұрғыдан терең зерделеді: лексикасы мен грамматикалық құрылымын, морфологиялық сипатын, сөйлем құрылысының ерекшелігін, стилдік маңызын талдады. Сонымен бірге, Абайдың алдында да қазақ әдеби тіл дәстүрі болғанын зерделеуі ғылыми тұрғыдан аса маңызды деп есептейміз. Бұл дәстүр, негізінен, көркем әдебиет саласында, соның ішінде поэзия жанрында болғанын да, қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу нормасының дамыған қалыпта болғанын атап көрсетуі өз кезеңі үшін ғылыми маңызды теория болды деп бағалаймыз. Өйткені жалпыхалықтық сөйлеу нормасының, әдеби тіл нормасының болуы – қазақ халқының этникалық тұтастығының басты көрсеткіші. Осы реттен де Р. Сыздық жазаған қағида аса маңызды [1. 15-25].

Академик Р. Сыздық Абай тақырыбына ХХІ ғасыр басында, яғни тәуелсіздік таңы атқан тұста қайта оралып, «Абайдың сөз өрнегі» атты жинағын шығарды. Жинаққа енген ғылыми зерттеулер жаңа бағытта зерделеніп, жаңаша ой толғамдармен толықтырылған. Ғалым зерттеулерін Ақымет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қисындармен қиыстыра дамытып, ой өрнегін, образдың эстетикалық өрісін жаңаша пайымдауға күш салады. Ақын өлең жолдарындағы сөз мағыналарын талдап, көріктеу құралдарын пайдаланудағы Абай үлгісін зерделейді. Мәселен, Абайдың «Мәз болады болы-

сың, Арқаға ұлық қаққанға, Шелгірейтіп орысың, Шенді шекпен жапқанға» деген өлең жолдарындағы «шекпен», «шенді» сөздерінің поэтикалық қолданысына мән береді. Академик ғалым Абай шығармашылығындағы поэтикалық образ жасайтын тірек сөз ретінде «жүрек», «сөз», «тіл», «ой», «көңіл», «дүние», «өмір» ұғымдарын атап көрсетіп, бұл ұғымдардың адамның ішкі дүниесі мен өмірдің толғақты мәселелерін тереңнен толғауда ойшыл ақынның маңызды нысандары болғанын көрсетеді.

«Қара сөздердің тілі қалай өрілген» деген тарауда Абайдың сөйлем құраудағы ерекшеліктері, сөйлемдегі норма мәселесі кеңінен қозғалады. «Абайдың қазақ жазба тілінің прозадағы нормаларын белгілі бір жүйемен дұрыс қалыптастыруына санады түрде қызмет еткенін көрсетеді» – деген тұжырымы қазіргі ғылыми зерттеулер үшін де маңызды [2.180]. Р. Сыздық Абай «Қара сөзінің» тіліндегі мынадай ерекшелікті баса көрсетеді: «толықтауыш бағыныңқы етіп ұсынылуға тиісті сөйлемнің баяндауышы ашық райда келіп, мағына жағынан сабақтас, ал тұлғалануы жағынан салалас сияқты болып және бағыныңқы компонент басыңқыдан бұрын келіп құрылған сөйлемдер. Мысалы: Ақыры ойладым; осы ойыма келген нәрселерді қағазға жазайын, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын...». Ғалым мұндай нормаға сәйкес келмейтін сәйкестіктерді «ой екпіні түсетін сөйлем бөлігін алдымен айтып алу Абай прозасында осылай орын алғанын ескере отырып, ауызекі сөйлеудің «тәртіпсіз» тәртібі деп тануға болады деп жазады [2.182].

Абай «Қара сөздерінің» танымдық мәніне көңіл бөлген ғалым былай деп жазады: «Абай оқушы мен тыңдаушы қауымға өзі «ойыма келген нәрселер» деп жұпыны көрсеткенмен, шын мәнінде бүкіл дүниетанымдық, философиялық, тәрбиелік мазмұнды ой-толғамдарын, ақыл-насихатын «заманды түзетпек» пікірлерін қазақ «өнер алды – қызыл тіл» деп санаған «жалпақ тілмен» ақ қағазға төккенде жұртының ежелден қалыптасқан, әлеуметтік нормаға айналған дәстүрін ұстайды: ауыздан шыққан сөздің әсем әрі әсерлі болуын нысанаға алады» деп жазады [2.184].

«Абайдың сөз өрнегі» жинағындағы «Абай тілін танудың қырлары» атты тарауда Абайдай данышпанның тілін зерттеуде екі түрлі мақсат көзделуі тиіс деп есептейді: Бірі – Абайдың қазақ әдеби тілінің даму барысындағы алатын орны; екіншісі – оның тілдік-көркемдік шеберлігі, яғни, Абайдың сөз өрнегі, поэтикалық тілі деген проблема» [1. 13]. Ия, Р. Сыздық осы мақсаттың екеуін де өз еңбектерінде шешуге үлес қосқан ірі ғалым болды.

XXI ғасыр қоғамға іргелі өзгерістер әкелді. Бұл іргелі өзгерістердің ғылымда да үлкен маңызы болатыны анық. Қазіргі ғылымда «тұлғаға бетбұрыс» деген көзқарас пайда болды, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да «центризмдер» күйреп бара жатқан әлемде жалғыз **тұтастық** ретінде қарастырылатын тарихи **ТҮЛҒАНЫҢ** маңызды болуына және күн артқан сайын Тұлғаға деген сұраныс пен қажеттіліктің артуына байланысты. Қазіргі жағдай адам туралы білімімізді тереңдетуді талап ете-

ді, өйткені жаңа өркениет жағдайында адамның жасампаз жеке адам ретіндегі рөлі мен маңызы шешуші рөл атқарады. Соңғы уақыттағы әлемде болып жатқан әр қилы өзгерістер мен қақтығыстар адамдарды терең және күшті әлеуметтік күйзеліске, невротикалық сезімге және санаға күш түсіруге әкелді. Әсіресе, жеке адамның психикалық күйзелісі орын алды. Осындай жағдайда тұлға тек субъект емес, сонымен бірге әлеуметтік динамиканың қайнар көзі, құралы және нәтижесі болады, өйткені жеке тұлғаның тұтастыққа ұмтылуы осы динамикаға бастапқы серпін, қуат береді, нәтижесін анықтайды.

Тұлға тұтастығы мен тұлғалар жасаған ілім тұтастығы туралы тақырып, негізінен, жеке адамды қалыптастыру факторларын, оның қоғамдағы мәртебесі мен рөлін, ұстанымдарын талдаумен, бағдарлаумен байланысты. Әлемдік деңгейде артына асыл сөз қалдырған тұлғалар жасаған ілімнің Дүниенің жүйелік сипатын танытуы мен ондағы Адам болмысының ерекше мәнін анықтауы, жеке тұлғаның іргелі экзистенциалды мәнін пайымдауға бағытталады. Қазіргі уақытта ғылым мен философияда адамның тұтас болмысын танытатын теория жасауға деген талпыныстар бары рас. Діни таным шеңберінен тыс адам мен жеке тұлғаның болмысын түсіну мүмкіндігі азайып, кедейленіп бара жатқаны бүгінде көзге ұрып тұр. Осыдан келіп, бір діннің ішіндегі әртүрлі ағымдардың қайшылықтары көріне бастайды да, адамдар арасындағы түсінбеушіліктерге жол ашылады.

Осы ретте, қазақ дүниетанымының шыңы саналатын Абай толғамдарын терең бағамдап, оның рухани құндылық болатын мәнін тауып, жеке тұлғаға ілім ретінде ұсынудың маңызы ерекше болмақ. Абай «Жиырма бесінші сөзінде» «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қылар ғана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. ...Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? ...Мал тапса, қарын тояды....Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзін ашылады. ... Дінге де жақсы білгендік керек.... Жорғалықпен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, көгі ашылса да қам жемейді... Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты андысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес» деп жазады [Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалары. – Алматы, 2020].

Адамгершілік мінез-құлық жайында грек философиясында айтылатын «білім дегеніміз игілік» деген ұстанымды салыстыра зерделесек, Сократтың моральдық парадокстарының бірі алдымыздан шығады. Бүгінгі ғылыми көзқарастар бойынша білім

(ғылым) мен адамшылықтың, ақыл мен жүректің, сана мен ардың арасындағы қарама-қайшылықтар туралы пікірлер айтылып жүр.

Ғылым адамгершіліктен алыс тұрғандай, білім де «құндылықтардан» алшақтаған. Ғылымды адамгершіліктен ажыратып алғанымызды күнделікті қорқынышқа айналған ең кіші атом бөлшектері негізінде жасалған, атын атауға тайсақтайтын қарулардың ғылыми негіздемесін жасаған ғалымдар екенінен-ақ жорамалдауға болар еді. Жаман мен жақсы туралы айтуға қауқарсыз теориялық сана тек қана оны сипаттай алады. Сондықтан да болар Кант «таза сананың» қасына абсолютті түрде тәуелсіз дербес реттеуші – «категориялық императивті» қояды және оны жоққа шығаруға да, дәлелдеуге де болмайды екен. Тек қана бағыну керек. Бұл моральдық қағида ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін шешіп беруі тиіс.

Дегенмен, бұл мәселені басқа жолмен шешуге бола ма? Бәлкім ғылым адамгершілікке бағынбай, моральдың өзі-ақ адамды тәрбиелеуі керек шығар? Ия, Кантқа қарсы келетін шешімді қабылдауға да болар еді, бірақ бір шарт бар, яғни ғылым (ұғым) – абсолютті түрде мінсіз және дұрыс болу керек. Сократтың айтуынша адам өз әрекеттерінің салдарын білу керек, ал шын білім – шын игілік болады. Шын даналық (білім) және шын игілік бір-біріне барабар әрі бір-біріне қайшы келмейді. Адам баласы даналыққа ұмтылғандықтан, даналыққа ұмтылған игілік шешімі жоқ мәселеге айналады және оның шешімі бүкіл адамзатты қамтуы тиіс болады. Абай айтатын ғылым мұндай теориялық деңгейде қарастырылмайды, өйткені сол заманда абстрактылы білім мен ғылымнан гөрі, практикалық білімнің мәні мен әлеуметтік маңызы жоғары тұратын. Өзінің өлеңдерінде Абай ...ғылымға қолын кеш сермегеніне өкінді, жастарды «ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деп ғылымды сүйуге шақырды. «Сізге ғылым кім берер, жанбай жатып сөнсеңіз», яки Абай Ғылымның мәнін терең бағалайды, балалықты қиюды, ғылымның соңынан еруді дұрыс санайды. Абай тұжырымдары Сократ ойымен мәндес келіп жатады. Абай «ақыл», «қайрат», «жүректі» айтыстырып, әрқайсысының ерекшелігін, жақсылығы мен мықтылығын айта отырып, олардың қызметі мен әрекетін ғылымға бағалатады, әділдігін айтып орнын белгілейтін де ғылым болады.

*«Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешнәрсең болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, – депті.*

*- Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, – депті. – Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім,*

– депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны – діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиіреніп, үйден қуып шығарады, – дей келіп, жүректі жақтайды ғылым.

Абай үшін де білім мен ғылым – баға жетпес құндылық. Ал Сократ өзінің парадокстары арқылы белгілі бір идеяны жақтайды. Сократ адамдардың іс-әрекетін, өмірін ақиқаттың, игілік пен бақыттың идеалды бейнелері тұрғысынан бағалады. Оның ойынша, шынайы білімнен (даналықтан) нәр алған шынайы игілік пен әділетсіздіктің, зұлымдықтың арасы жер мен көктей. Шынайы білімге қол жеткізген адам нәпсісін тиіп, жамандыққа бармайды.

Абай 32-қара сөзінде «Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бір-ақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеңнің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» дей келе білім алудың шарттарын түсіндіреді де, «Алтыншы – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсекызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!»- деуі арқылы Сократ ойын тереңірек дамыта түседі. Шынайы білім мен ғылымды сақтайтын мінез болуына ерекше мән беріп, сол мінезде «азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын» дейді. Абай үшін ақыл мен ар маңызды. «Ғылымның» АР алдында жауап беретінін меңзегені анық қазақ данышпанының.

Әрине, сократтық шынайы білім идеалы өмірден алшақ жатыр деуге де болар еді, бірақ терең таным мен өзін-өзі тану арқылы адам дұрыс әрекеттерді таңдай алады. Ол үшін адамшылық, құқықтық нормалар мен қоғамдағы ұстанымдарды білген жөн және сол нормаларды тексеру үшін шынайы білім (даналық) қажет. Сократ осы идеалға сай өмірді өзгертуге болатынына бек сенген және адамның сезімі мен ойын өзгерту – адамшылықты жүзеге асырудың бірден-бір жолы деп білген. Бұл Абай мен Сократ ойларының түйісетін тұсы. Ежелгі грек философы мен қазақ ойшылының айтпағы бір нәрсе. Өзінің 37-қара сөзінде қазақтың ойшылы «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» дей келіп, мынадай ой айтқан: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім». 38-сөзінде былай деген: «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады». Немесе, Сократ шығармаларымен терең танысып, идеяларына тұшынған-

нан кейін, «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» – деу арқылы тәрбиені бірінші орынға шығарады.

Сократ этикасының өзегінде адамның ойлау бейнесі мен барша адамдық сипатын өзгерту арқылы әлеуметтік өмірін өзгерту идеясы жатқаны белгілі. Ежелгі заман ойшылы адамды өзгерту және кемелдендіру арқылы оның өмірін жақсарту туралы тосын идея ұсынғаны байқалады. Десек те, Сократ адамды өзгертудің нақты этикалық немесе саяси бағдарлама жасамаған, Абай болса, сол өзгерістердің қажеттілігін сезініп қана қоймай, оларды жүзеге асыратын ілімін ұсынады, біз оның шығармашылығымен таныса келе, оның бала тәрбиесіне, мінезіне, жастығы мен қарттығына дейінгі жүріп өткен жолына танымдық мән бергеніне куә боламыз. Бастысы, Абайда тұжырымдамалық (концептуалдық) сипатқа ие бағдарлама бар, онда этикалық қағидалар арқылы адами құндылықтарды объективті шындық жағдайында қарастырып қана қоймай, оларды жүзеге асырудың жолдарын да көрсете білген.

Бақпен асқан патшадан  
Мимен асқан қара артық;  
Сақалын сатқан кәріден  
Еңбегін сатқан бала артық.  
... ..  
Тоқ тіленші – адам сайтаны,  
Харекетсіз – сопы монтаны.  
... ..  
Жаман дос – көлеңке:  
Басыңды күн шалса,  
Қашып құтыла алмайсың;  
Басыңды бұлт алса,  
Іздеп таба алмайсың.  
... ..  
Досы жоқпен сырлас,  
Досы көппен сыйлас;  
Қайғысыздан сақ бол,  
Қайғылыға жақ бол.  
... ..  
Қайратсыз ашу – тұл,  
Тұрлаусыз ғашық – тұл,  
Шәкіртсіз ғалым – тұл, –

деген жолдардың әрқайсысының астарында қазақ дүниетанымының кең философиялық мәні мен мағынасы жатыр.

Стагирит деген есіммен де белгілі гректің атақты ежелгі философы, әлемнің бірінші ұстазы болған және Ескендір Зұлқарнайынның ақылгөйі Аристотель Сократтың этикасындағы адам өмірін өзгерту туралы идеяға қарсы шығады. Ол «мақсат адамның өмірін түсіну ғана және оны өзгертудің қажеті жоқ» деп есептейді. Сондықтан да сократтық парадоксты Аристотель өмірдің жалған сипаты ретінде бағалайды. Сократ ізгі өмір мұратына ұмтылса, Аристотель шынайы өмірді тәжірибе арқылы тануға ұмтылған. Платон да Сократ сияқты, өмірге идеал тұрғысынан (болашақ тұрғысынан) қарап, бағаласа, Аристотель – нақты өмір (өткені мен қазіргісін бірге) жағдайын қарастырады. Расында да, бұл жерде идеал мен нақты шындық арасындағы тартысты байқауға болады, кейін бұл материалистік идеология тұрғысынан зерделеніп, соцреализм сияқты құбылысты дүниеге әкеледі. Қалай болған жағдайда да, идеалсыз өмірдің қызығы жоқ, ал нақтылықтан алыстасақ – утопиялық армандауға жолығамыз.

Абай шығармашылығында бұл екеуі тепе-теңдікте көрініс тапқан, ойшыл қазақ қоғамын «бір ұрты май, бір ұрты қан» күйінде, яғни жаманы мен жақсысы, кемшілігі мен артықшылығы аралас өмірін бүкпесіз сипаттайды, сол өмірін өзгертудің жолын көрсетеді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңінде нақты шындық бар. «Жақсы менен жаманды айырмаған» қазақтың ұстарасыз аузына мұрты түсіп, сартша сырты неге бұзылды? Жөн сөзді ұқпаудан, дұрыс жолды көрсетіп, бастар кісі болса да, оны тыңдамаудан. «Аузы мен орақ ұрған өңкей қыртын» ойланарға құнты жоқ. Сондықтан да «өзімдікі дей алмай, өз малын» «күндіз күлкісі, түнде ұйқысы» бұзылады да.

*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.  
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.*

Өз қолында билігі жоқ елдің сиқын айқын көрсеткен бұл өлеңнің сол замандағы саясатқа да қарсылығы анық аңғарылады.

*Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?  
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.*

Сонымен, біз ғылым (білім) және этика мәселелерін Абайдың және классикалық ежелгі философтардың еңбектерінде қалай пайымдалғанын білдік, енді Сократтың этикалық іліміне, оның игілік ретінде бағалаған білім туралы тезисіне Аристотельдің қарсы шығуын бағамдасақ, оның жаңа дәуірлік философия тарихына әсері тым күшті болғанын байқаймыз. Аристотельдің айтуынша Сократ ғылым мен адамгершілікті теңестіріп, этикалық зияткерлік ұстаным қолдаған. Сократқа теориялық және қолданбалы ғылымдарды ажыратпай, білім түрлерін шатастырып, тең қарастырды деген айып тағылады. Аристотельдің пікірі бойынша «теориялық білімнің мақсаты – ақиқат, ал практикалық білімнің мақсаты – іс».

Абайдың этикалық ілімі Сократтың ұстанымына жақын келеді. Сократтың этикасы адамгершілікті, әділдікті бәрінен жоғары қоятыны белгілі, дегенмен де Аристотель Сократтың ұстанымын бұрмалап көрсетеді, яғни Сократ ізгіліктің қандай екенін түсіндіреді де, оның қалай пайда болып, қалай тәрбиеленетініне мән бермейді-мыс. Десек те, Аристотель бір нәрсені дұрыс байқағандай болып, былай айтады: – Сократ адамгершіліктегі зияттық сипатқа көп басымдық беріп, зияткерлік әрекеттерге аса үлкен мән береді, бірақ адам мінезінің оның әрекеттеріне тигізетін ықпалын ескермейді, – дейді. Шын мәнісінде, Сократ ізгілік жолында мінез бен сезімнің өзгеру қажеттілігі мен мүмкіндігі туралы айтқан еді.

Абай да өз еңбектерінде, мысалы 7-сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене? », «бұл немене? » деп, «ол неге үйтеді? » деп, «бұл неге бүйтеді? » деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», – жан құмары мен тән құмарын салыстырып, зияттылықтың басталуына тектілік шеңберінің басы саналатын тәрбиеге аса мән береді.

«Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз» – дейді. Абай осындай жолдар арқылы қазақ баласының мінезіне тура анықтама береді. Мұндай мінез – Ақын кейіпкерінің тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы. Мінез адамның әрекеттері арқылы танылса, Абай да типтік әрекеттер арқылы адамның мінезіне тән реңк беретін әрекеттерді атайды.



Мінезді адам өзі айналысуды қалайтын әрекеттердің ерекшеліктерінен табуға болады. Кей адамдар ең күрделі және қиын әрекеттерді ұнатады, олар үшін кедергілерді іздеу және жеңу ғанибет; басқалары ең қарапайым, қиындықсыз жолдарды таңдайды. Кейбіреулер үшін олардың жұмысты қандай нәтижемен аяқтағаны, басқа адамдардан асып түскені маңызды. Абай қазақ баласының «жанды тәнге бас ұрғызып», жақсы нәрсеге бой ұрмай, «көңіл айтып тұрса, сенбегеніне» күйзеледі. Жөн нұсқаған кісінің сөзін елемеуіне күйінеді. Күйіне отыра сын айтады. Сынды түзеу үшін айтады.

21- қара сөзінде: «... Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі» деп жазыпты. Ал 39-қара сөзінде: «... аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік», 18-қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», 32-қара сөзінде: «... – ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» деп, мінезге қатысты ойларымен бөліседі.

Абай ұлттық мінездің ерекшеліктеріне талдау жасай келе, «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. ... Ол екі мінезі қайсы десен, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары калай қылса, калай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретін деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса,

төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылды. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық». Абайдың бұл айтқаны дәл қазіргі күнде де өзекті десек артық болмас. Әсіресе, намыс туралы айтқан философиялық ойларына мән беру аса маңызды.

Абай мінез бен нәпсіге бой алдырған адам айтқан ақылға көнбейтінін, тыңдаған күннің өзінде де ол түсінбейтінін алға тартып, нәпсіні жеңудің жолдарын талдай көрсетеді, салыстыра отырып жөнін айтады. Сондықтан әуелі ізгілікке мойынсұнатын, ұяттан безбейтін мінез болуға ұмтылудың дұрыс жолын меңзейді.

Аристотель ізгілікке тәрбиелеу қажет екенін мойындайды, бірақ пайымдау арқылы мінездегі нәрсені өзгерту мүмкін емес деген пікір айтады. Сондай-ақ, ақыл мен үйрету бәріне бірдей әсер етпейді; ізгілікке баулуда үйрету мен дағдыдан басқа, көп нәрсе адамның «болмысына» байланысты деп бағамдап, соңында Аристотель мынадай қорытындыға келеді – қоғамдағы дұрыс тәртіпті орнату үшін адамдарды мәжбүрлеп, заңның орындалуын мемлекет тарапынан қадағалау керек, өйткені адамдар ақылдан гөрі қорқынышқа, әсемдіктен гөрі жазаға бағынуға бейім. Жоғарыда айтылғандай, данышпан Абай бұл пікірмен келіспейтінін байқаймыз, өйткені ол өзінің 37-Қара сөзінде: «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген ой айтады. Аристотель Сократтың ізгілікті білімге теңейтін пікірін сынаған кезде адамшылықтың табиғатына терең бойласа да, Сократтың зияттылығын жеңе алмаған.

Платон өзінің ұстазы Сократтың ұстанымын қолдаса да, Аристотельдің адамның әлсіз болмысы туралы тезисін жақтаған еді. Оның пікірінше, адамдардың көпшілігі сезім мен нәпсіге бағынады, өзіншілдікке бейім болғандықтан ақиқатты, әділдік пен ақылды аттап кетеді. Тек аса дара туған адам ғана ақылмен жүріп, ақиқат пен әділдікті ұстанады: ондай адамға өзін басқаратын заңның да қажеті шамалы, өйткені оның ақылы ешкімге құл болмауы тиіс. Осылайша Платон Сократтың ойына өзгеріс енгізеді. Аса дарынды адам шынайы еркін тұлға болғандықтан, өзінің әрекетінде шынайы білімге сүйенеді. Бірақ, дейді Платон, ондай адам сирек кездесетіндіктен, ізгілікті тәрбиелейтін заң қажет; заңның күші ортақ (қоғамдық) мүдделерді қорғау үшін, қоғамдық тәртіпті жеке адамның озбырлығынан қорғау үшін қажет.

Ұлы Абай мен данышпан Сократтың көзқарастарындағы ұқсастықты байқататын тағы бір тақырыпқа ойысқан кезде, Сократтың этикалық утилитаризміне (прагматизм, пайдаға ұмтылушылық) жолығамыз. Бұл тұрғыда ізгілік пен жақсылыққа, жалпы этикалық ілімге байланысты пікірлерін талдап көрейік.

Платонның «Мемлекет» (366 б.) деп аталатын еңбегінде Фразимих есімді бір адам Сократпен сұхбаттаса келе әділдік туралы сұрап: «әділдік – күштілерде пайда бере-

тін нәрсе» деген қорытынды жасайды, ал Сократ болса: «Әділдіктің пайдасы бар дегеніңмен келіспеймін. Ал сенің «күштілеріңді» білмеймін...» дейді. Пайдалы нәрсе ізгілікпен теңеседі, өйткені ізгілік адамдарды жақсылыққа шақырады және ізгі нәрсе пайдалы болу керек, яғни жақсы адамдар жасайтын «кез келген ізгі нәрсе» пайдалы болмақ. Сократтың айтуынша, барлық әдемі нәрсе (дене, түр-түс, форма, дыбыс, мінез) белгілі бір мақсатқа жұмсалыуына не пайда беруіне қарай немесе адамды рахатқа бөлеуіне қарай әдемі саналады. Сократ даналық пен ізгіліктің арасын бөліп жармайды. Адам үшін пайдалы әрекет, ол дұрыс әрекет. Қысқаша айтқанда, пайдасы тиетін істің бәрі дұрыс саналады. Заттардың бәрі мақсатқа сай әрі пайдалы болу керек. Сонымен, грек данасы үшін жалпы ізгі немесе жалпы жаман, жалпы пайдалы немесе жалпы зиян нәрсе болмайды, дәл солай жалпы әдемі немесе жалпы ұсқынсыз нәрсе де болмайды. Адамның әрекеттері пайдалы мақсатты көздегенде ғана ізгі болмақ, ал заттың жақсы болуы оның пайдаға асуына байланысты.

Алайда, Сократқа телініп жүрген біраз нәрсенің Ксенофонт арқылы жеткенін ескеру керек, өйткені Сократ адамдардың өмірлік тәжірибесін де жақсы білген, ол өмірге деген саналы көзқараста болуды, жаман мен жақсыны айыра білуді қолдап, білімді басты ізгілік ретінде таныған. Әрине, білімді ізгілік деп таныса да, Сократ адам баласының шынайы қалауының қате болатынын жасырмайды. Өзінің шынайы қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын білмеген адам нәпсінің құлына айналады. Даналық – ең биік мұрат, ізгілік. Сократтың айтуынша «жақсы өмір сүрген адам ... өзін-өзі жетілдіруге көңіл бөлген адам». Адам – адамшылығын жетілдіргенде, ең биік ізгілікке жетуді көздегенде, өзін-өзі жаратады, өз бақытын жасайды.

Абайға келер болсақ, ол пайда туралы ойын ашық айтады. Мал тап, тіленбе, сұрама, өнер ізде. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейді.

Абай «пайда ойлама, ар ойла» деген ойды да басып айтады. Оныншы сөзінде: «Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айырылады» дейді. Демек, Абай үшін мал табу мақсат емес, оның қалай табу да, тіпті қалай жұмсау да маңызды болып отыр. Адам малға дос болып, малдың құлы болып, ұрлық-қарлықпен байлық жинаса да, адамшылыққа жетпейді. Пайданы адал еңбекпен табу керек дейді Абай. «Және мал тілейсіндер, неге керек қылайын деп тілейсіндер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың.... Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек... Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ».

Ақын өз халқының ойлау жүйесін парасат пен пайымға жетелеп, түзу ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат үштігіне иек артып, толық адам болу идеясын ұсынады. Өзіне дейінгі әлем ойшылдарының еңбектерімен танысып, оны өзінше түйіп, қазақ халқының дүниетанымымен, өмірлік тәжірибесімен салыстыра байланыстырып, болашақ ұрпаққа ғибрат, үлгі боларлық философиялық ой өрбітеді. Кеменгер ақынның да-

нышпандықпен жасаған педагогикалық-психологиялық тұжырымдары мен өлеңмен өрілген ойларының астарына терең үңілсек, оның бүгінгі заман жастары ілерлік ілкі ой, талап-тілек бар. «Көкірегі сезімді, тілі орамды жастарға» берілетін шын үлгі – ғылым жолы, өнер жолы, білім жолы, Абай сөзінде тұр.

### **Әдебиет:**

1. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре. – 2014.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-Шежіре. – 2014.
3. Ксенофонт. Воспоминания о Сократе. <https://www.litres.ru/audiobook/ksenofont-8793594/vospominaniya-o-sokrate63532837/>
4. Абай энциклопедиясы, – Алматы. 1995. 472 б.
5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Екінші том. Поэмалар, кара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалары. – Алматы, 2020.
6. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Алматы, 2020. 1-том 627 б.
7. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Алматы, 2020. 2-том. 524 б.
8. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Алматы, 2020. 3-том. 482 б.
9. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, кара сөздер. – Алматы: «Жазушы». – 1995. – Т. 2. – 379 б.

### **О. Жұбай**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

## **АКАДЕМИК РАБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ АБАЙТАНУДАҒЫ АНТРОПОӨЗЕКТІК ҰСТАНЫМДАРЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада академик Рабиға Сыздықтың еңбектерінде Абай Құнанбайұлының шығармалары қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыт – антропоөзектік парадигма тұрғысынан сипатталып, когнитивті және коммуникативті лингвистика салаларының тоғысында талданғаны туралы сөз болады. Антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде адам өзіндік әлемі, дүниетанымы бар саналы жан ретінде, тілді тұты-

натын субъект ретінде сипатталып, ойлау, сөйлеу әрекетіне қатысушы тұлға ретінде көрінеді. Ғалымның еңбектерінде Абайдың тілдік тұлға ретінде қалыптасуына негіз болған факторлар (өскен ортасы, тәлім алған білім ошақтары, ықпал еткен ақындар, ұстаздары, т.б.) көрсетілгені, өзіне дейінгі ойшыл, ғұламалардың тұжырымдарымен, ақындардың сөз қолданыстарымен сабақтастығы нақты дәйектер негізінде көрсетілгені туралы сөз болады. Мақалада Абай Құнанбайұлының ғаламды танушы, атаушы субъект ретіндегі және концептуалдаушы, коммуникативті діттеміне байланысты коммуникация әрекетіне енгізуші, тілді тұтынушы тұлға ретіндегі қызметі Рабиға Сыздық еңбектерінің негізінде талданады. Ғұламаның шығармалары ұлттық мәдениеттің негізгі коды ретінде көрсетіліп, лексикалық қабаттары, көріктеу құралдары талданады. Соның негізінде сөз зергерінің қазақ әдеби тіліне қосқан үлесі сарапталады. Профессор Рабиға Сыздықтың абайтануға қатысты еңбектерін талдау арқылы Абай Құнанбайұлы ұлттық тілдің жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін толық меңгеріп, орынды қолданған, лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктердің семантикасын жан-жақты түсініп, дұрыс пайдаланған, коммуникативті стратегиялар мен тактикаларды, вербалды, бейвербалды коммуникация талаптарын толыққанды меңгерген, ұлттық тіл мен мәдениет концептосферасын құрайтын концептілердің ұғымдық, бейнелі-ассоциативтік, құндылық сипатын білетін, қазақ әдеби тілінің дамуына өзіндік үлес қосқан тілдік тұлға ретінде сипатталады.

**Тірек сөздер:** тілдік тұлға, антропоэзектік парадигма, әдеби тіл, ақын, өлең, көріктеу құралдары.

**Abstract.** The article discusses how the works of Abai Kunanbayuly are described in the writings of Academician Rabiga Syzdyk from the perspective of a new paradigm in Kazakh linguistics—the anthropocentric approach—and how these works are analyzed at the intersection of cognitive and communicative linguistics. In anthropocentric studies, the individual is portrayed as a conscious being with a unique world and worldview, as a subject who uses language, and as a person who participates in thinking and speech activities. The scholar’s works highlight the factors that influenced Abai’s development as a linguistic personality (his environment, educational institutions, influential poets and teachers, etc.), and emphasize the continuity with the ideas and expressions of previous thinkers and poets, supported by specific evidence. The article analyzes Abai Kunanbayuly’s role as a subject who perceives and names the world, as well as a conceptualizing figure who introduces ideas into communication based on his communicative intentions, through the lens of Rabiga Syzdyk’s works. The great thinker’s writings are considered as a key code of national culture, with an analysis of their lexical layers and expressive means. Based on this, Abai’s contribution to the development of the Kazakh literary language is assessed. Through the analysis of Professor Rabiga Syzdyk’s works on Abai studies, Abai Kunanbayuly is portrayed as a linguistic personality who fully mastered the genre and stylistic features of

the national language and used them appropriately, who deeply understood and correctly applied the semantics of lexical, phraseological, and paremiological units. His mastery of communicative strategies and tactics, as well as verbal and non-verbal communication requirements, and his understanding of the concepts that form the conceptual sphere of national language and culture, including their conceptual, figurative-associative, and value aspects, are also emphasized, showing his contribution to the development of the Kazakh literary language.

**Keywords:** linguistic personality, anthropocentric paradigm, literary language, poet, poetry, expressive means.

**Аннотация.** В статье рассматривается, как в трудах академика Рабиги Сыздык творчество Абая Кунанбайулы описывается с точки зрения новой парадигмы в казахском языкознании – антропоцентрического подхода, и анализируется на стыке когнитивной и коммуникативной лингвистики. В антропоцентрических исследованиях человек рассматривается как сознательное существо со своим уникальным миром и мировоззрением, как субъект, использующий язык, и как личность, участвующая в процессе мышления и речевой деятельности. В работах ученого описываются факторы, которые повлияли на становление Абая как языковой личности (его окружение, учебные заведения, где он получил образование, поэты и учителя, оказавшие на него влияние и т. д.), и подчеркивается преемственность с мыслями и формулировками предшествующих мыслителей и поэтов, подтвержденная конкретными доказательствами. В статье анализируется роль Абая Кунанбайулы как субъекта, познающего и называющего мир, а также как концептуализирующей личности, вводящей идеи в коммуникацию в зависимости от своих коммуникативных намерений, на основе трудов Рабиги Сыздык. Произведения великого мыслителя рассматриваются как ключевой код национальной культуры, в них анализируются лексические пласты и выразительные средства. На основе этого оценивается вклад Абая в развитие казахского литературного языка. Путем анализа трудов профессора Рабиги Сыздык, посвященных Абаю, Абай Кунанбайулы описывается как языковая личность, полностью освоившая жанрово-стилистические особенности национального языка и умело их использовавшая, глубоко понимавшая семантику лексических, фразеологических и паремиологических единиц и верно их применявшая. Также подчеркивается его знание коммуникативных стратегий и тактик, а также вербальных и невербальных требований к коммуникации, и понимание концептов, составляющих концептосферу национального языка и культуры, их понятийного, образно-ассоциативного и ценностного содержания, что внесло его вклад в развитие казахского литературного языка.

**Ключевые слова:** языковая личность, антропоцентрическая парадигма, литературный язык, поэт, поэзия, выразительные средства.

Антропоэзектік бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Академик Р. Сыздықтың абайтануға қатысты зерттеулерін антропоэзектік парадигмалар негізінде талдау арқылы ғалымның Абай Құнанбайұлын тілдік ортада мәдени-тілдік дәстүрдің, нормалардың қалыптасуына ықпал еткен, қазақтың жазба поэзиясының негізін қалаған сөз зергері, элитарлық тілдік тұлға ретінде сипаттағанын көреміз.

Абайтануда өзіндік із қалдырған ғалым – профессор Рабиға Сыздықтың кандидаттық диссертациясы (1959 ж. «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері») да, докторлық диссертациясы да (1971 ж. «Абай шығармаларының тілі») Абай ақынның шығармашылығына арналды. Рабиға Сыздықтың диссертация тақырыбын таңдауына, ғылымдағы бағытына, абайтану саласына келуіне, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуіне Мұхтар Әуезов ықпал еткен. Академик Рабиға Сыздық сол кезді былай деп еске алады: «Ғылыми диссертациялар қорғау үшін тақырыптар ұсынылып жатты. Екі-үш айдан соң ғылыми кеңестің отырысы болды. Кеңестің бір мүшесі – Мұхтар Әуезов екен. Сол басқосуда Мұхаң: «Абайдың қара сөздерінде «бармаққа керек», «айтарға дұрыс» деген сияқты сөздер бар. Осы немене? Татар тілінің әлде шағатай тілінің әсері ме? Өлеңдерінде де бар ма екен? Осыны зерттейсіңдер ме? Осыны тақырып етсе, қайтеді?» – деді. Тақырып табу оңай емес. Ұстаздарым – І.Кеңесбаев, М.Балақаев, басқа да тіл мамандары бар: «Дұрыс екен», – деп қолдай кетті. Мен де келістім. Расын айтсам, менің ғылымдағы жолымды ашып, жөн сілтеген де, «Мәдениетті, білімді болу керек, осылай сөйлеу керек» дегенді ұқтырған да, ғылым жолын көрсеткен де – Мұхаң болды» [1].

Абайдың тілі бойынша үш монография – «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1968), «Абай шығармаларының тілі» (1971), «Абайдың сөз өрнегі» (1994), 40 шақты мақала жариялады, «Абай» энциклопедиясында ақын шығармашылығына қатысты ғылыми-теориялық мақалалар берді

Ғалым Абай Құнанбайұлының тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал еткен факторларды, өмір сүрген дәуір мен ортасын сипаттайды; сөз зергерінің тіліндегі лексикалық қабаттарды, көріктеу құралдарын көрсетеді; тілдік тұлғаның дискурсында көрініс тапқан құндылықтарды айқындайды, негізгі концептілерді көрсетеді, т.с.с. Тұрпат межесімен қатар мазмұн межесін де ескеріп, тілдік ұжымға, жеке адамға тән мәдениет әлемінің ерекшелігін сипаттайды, Абай шығармаларын өз заманының кескін-келбетін, бүкіл болмысын танытумен қатар ақынның таным көкжиегінен мол ақпарат беретін дүние ретінде көрсетеді. Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдау арқылы профессор Рабиға Сыздық қазақ әдеби тілінің XIX ғасырдағы дамуын сөз етті, ақынның қазақ әдеби тілінің тарихындағы орнын көрсетті.

Абай Құнанбайұлы 1880-1886 жылдары шығарған өлеңдерін Көкбай ақынның атынан жариялағаны мәлім. «Дала уалаятының газеті», «Серке» газеттерінің бетін-

дегі өлеңдерін де Көкбайдың атынан жіберген [2, 94-б.].

Абай мұрасын танытып, бағалауда Әлихан Бөкейхан, Кәкітай Ысқақұлы, Тұрағұл Абайұлы, Зейнелғабиден Әміре, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Самат Әбішұлы, Міржақып Дулатов, Ақымет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Телжан Шонанов, Құдайберген Жұбанов сынды зиялылардың еңбегі зор болды. Профессор Р.Сыздық Абайдың өлеңдері В.А. Кудашев құрастырған жинақта да болғаны, онда ақынның аты-жөні толық көрсетілмей, «А.К.» деп қана берілгені туралы тың ақпарат келтіреді. 1901 жылы П.М. Мелиоранский жинақты редакциялап: «Бұл жинақта мазмұны жөнінен, әсіресе мына дүниелер қызықты: «Жыл мезгілдері», «Бүркітші», «Өсекші», «Қыздың сипаты». Бұл шығармалардың тілі азды-көпті кітаби», – деп пікір білдіргенін айтады [3, 80-б.].

Абайтанушы Рабиға Сыздық Абайдың қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып зерттемес бұрын алдымен Абайдың тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болғанын нақтылап алу керектігін, «Абай шығармаларының тілі – автономиялық тіл емес. Оның қаншалықты ерекшелігі, тіпті артықшылығы болғанмен, ол өз заманындағы жалпыхалықтық тілмен, өзге әдебиеттер тілімен астарласып, тамырласып жататынын» ескертеді. Абайға дейін де қазақ әдеби тілінің үлгілері болғаны туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, І.Кеңесбаев, т.б. ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа ала отырып: «Абай – дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай – сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы адам. Екінші, Абай – лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада – поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үстіне поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрдың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады», – деп тұжырымдайды [4, 4-12-б.].

Профессор Рабиға Сыздық қазақ қоғамында Абаймен тұстас, іргелес өмір сүрген әдебиетті бірнеше түрге жіктейді:

**1. Халықтың ауыз әдебиеті шығармалары.** Бұлардың басым көпшілігі бұрыннан келе жатқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қобыланды» т.б. тәрізді ірі полотнолар мен әр алуан тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілер т.т. Сонымен қатар XIX ғ. өзінде, тіпті II жартысында пайда болған кейбір тарихи жырлар («Бекет батыр» т.б.) мен лиро-эпостар («Айман-Шолпан» т.б.) да осы топқа кіреді.

**2. Қазақтың тарихи көркем әдебиет үлгілерін әрі алып барған жеке ақындар шығармалары.** Бұлар идеологиясы жағынан әр алуан. Халықтық демократиялық мүдделерді жырлаған және заман қайшылықтарын сынап, халыққа бүйрегі бұрған мотивтері күшті Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлықожа,



Нұрым, Арыстан, Орынбай, Кемпірбай т.т. тәрізді ақындар мен феодалдық-реакцияшыл идеологияны қостаған Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Өубәкір, Кердері т.б. сияқты ақын-жыраулар.

3. *Қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөз орындары*: «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Торғай газеті», «Ауыл шаруашылық листогі» т.б.

4. *Қазақ ішінде жазылған кейбір ресми кеңсе қағаздары*: патша үкіметінің әкімшілік орындары мен жергілікті әкімдердің бұйрық-жарлықтары, арыздар, инструкциялар т.б.

5. *Шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар*: «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Фархад-Шырын», «Ескендір», «Мұңлық-Зарлық», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт», «Шахмаран», «Шәкір-Шәкірат» т.б.

6. *Ислам дінін уағыздап, оның пайғамбарлары мен әулиелерін дәріптейтін таза діни тақырыптағы шығармалар – қиссалар*: «Салсал», «Зарқұм», «Жұм-Жұма», «Кербаланың шөлінде» т.б.

7. *Ислам діні канондарының қазақша аудармалары*: «Исламның бес фарызы», «Қырық қадис».

8. *Христиан дінінің канондарын қазақша түсіндіріп уағыздайтын кітапшалар*: «Ақыл беретұғын кінеге» (1891), «Езги Иосиф» (1892), «Евангелие» (1891), «Құдайдың... үшін көп азап тартқан Евстафий Плакиданың... өмірі» (1886) т.т.

9. *Азаматтық тақырыптарға, яғни медицина, ветеринария т.б. қатысты жазылған кітапшалар*: «Трахома деген жаман көз ауру», «Жамандату, қойдұрғы турасында», «Қышыма турасында», «Егіншінің қызмет аты жайында» т.т.

10. *Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер*: Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. Сост. Иш-Мухамед Букин (1883), Киргизско-русский словарь (1897), Краткий русско-киргизский словарь (1893), Спутник русского человека в Средней Азии, заключающий в себе словари (1878), Материалы к изучению киргизского наречия Н.Ильминского. Словарь (1861) т.б.

11. *Қазақ тілі грамматикасын талдаған, бірақ орыс тілінде жазылған еңбектер, оқулықтар, олардың ішіндегі қазақша мысалдар, текстер*: Н.И.Ильминский Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия (1861), А.Е.Алекторов К мудрости ступенька. Азбуки для учеников начальных русско-киргизских школ (1891), И.А.Алтынсарин «Начальное руководство к обучению киргиз русскому языку» (1871), М.Бекчурин «Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречием бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана» (1869), Н.Лаптев «Грамматика киргиз-кайсацкого языка (1898), Н.Лаптев «Материалы по казак-киргизскому языку» (1900), П.М.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка». I и II части (1894, 1897), Н.Н.Пантусов «Материалы по изу-

чению киргиз-казахского наречия» (1899-1904), «Первоначальный учебник русского языка для киргизов» (1893), М.Терентьев «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), т.б.

12. *Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармалары*. Бұл әдебиеттер мазмұны мен мақсаты жағынан әр алуан болды: бірқатары қазақтың көркем әдебиет үлгілеріне жатса (ауыз әдебиеті нұсқалары, жеке ақындар өлеңдері, шығыс әдебиеті аудармалары, Ыбырайдың көркем шығармалары т.б.), бірсыпырасы оқу-ағарту мақсатымен пайда болды. Бір топ әдебиет публицистикалық жанрдың үлгісіне жатса (газеттер, көпшілікке арналған кітапшалар), енді бір тобы дінді уағыздауға (ислам дінін де, христиан дінін де) арналды. Бұлардың ішінде сөздіктер – бір алуан дүние [4, 12-16-б.].

Ғалым мазмұны мен мақсаты жағынан сан түрлі топқа бөлінгенмен, тілі жағынан оларды екі үлкен топқа жинақтауға болатынын ескертеді де бірінші топқа қазақтың жалпыхалықтық тілін негіз еткен үлгілерді (Абай, Ыбырайдан бастап, тарихи қазақ әдебиеті өкілдері – ақын-жыраулар мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз тілі, әр алуан грамматикалар, қазақ-орыс школдарына арналған оқулықтар, сөздіктердегі қазақша материалдар, медицина, ветеринария тақырыптарына жазылған көпшілікқолды кітапшалар, христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет) жатқызса, екінші топқа түркі халықтарының көпшілігінде бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп келе жатқан ортаазиялық түркі әдеби тілі немесе шағатай тілі (қазақ филологиясында «кітаби тіл») атанған тіл нормаларын негіз еткен, дәлірек айтсақ, негіз етуге тырысқан үлгілерді (ислам дінін уағыздайтын қиссалар, ислам діні тәртібін үйрететін аудармалар және қазақша жазылған ресми кеңсе қағаздары) жатқызады.

Академик Абайдың алдында қазақ әдеби тіл дәстүрі болғанын, ол неше ғасыр бойы қазақтың тума әдебиеті халықтық тіл негізінде көркем әдебиет саласында, оның ішінде поэзия жанрында қалыптасып, дамығанын айта келіп, ол Абайдың тілді тандауында шешуші рөл атқарғанын ескертеді. Ғалым қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінің нормаларын негіз еткен әдеби тіл дәстүрінің басты өкілдері ретінде Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлықожа, Нұрым, Арыстан, Орынбай, Кемпірбай, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Әубәкір, Кердері т.б. сияқты ақын-жырауларды атайды. Профессор Р.Сыздық Абай қазақ ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі және өзімен тұстас Арқа, Жетісу ақындарын жақсы білгенін, біле отырып, тілдеріне зер салған, зер сала отырып, өзіне қажетін алғанын ескерте келіп: «Тегі, Абайдың дәл алдында қазақтың халықтық тілін көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда пайдалану жағынан осал мектеп болмаған» дегенді баса айтамыз. Солардың ішінен біз Дулатты атаймыз... «Сөздері бірі құрау, бірі жамау» деген баға алғандардың бірі бола тұрса да, Дулат ақындық шеберлігі жағынан өзіне дейінгі және замандас ақындардан әлдеқайда жоғары екені көрінеді. *Тіршілік пен өлімнің Ұзақ*

дауы шешілген. Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған т.т. осы сияқты образдарды Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде Дулаттан ғана кездестіреміз. Ойдың құтысы, жырдан алқа тағу тәрізді семантикасы алшақ сөздерді тіркестіру тәсілінің алғашқы нышандарын да Дулаттан таба аламыз. біріншіден, Дулат – территория жағынан Абайға ең жақын жерде өмір сүріп өткен ақын, екіншіден, жоғарыда айтқандай, Дулат Абайдың өзіне дейінгі ақындардың ішінде тілі жағынан өзгелерден шоқтығы биік, бір табан ілгері тұрғаны», – дейді [4].

«Тұманың тұнық суынан шәрбет балдай тамызып, тасқын судай ағызған» біртуар сөз зергері – Дулат Бабатайұлының шығармашылығы, ақындық шеберлігі турасында М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Қ. Өмірәлиев, Ы. Дүйсенбаев, Х. Сүйіншәлиев, З. Ахметов, Б.Әбілқасымов, М. Мырзахметов, А. Еспембетов, М. Мағауин, С. Қасқабасов, Т. Жұртбай, Т. Кәкішев, Д. Ысқақов, С. Негимов, Т. Шапай, Б. Омарұлы, Қ. Раев, Э.Пертаева, М. Бекбосынов, Н. Қуантайұлы, т.с.с. ғалымдар да зерттеу жазып, ғылыми баяндамалар жасағаны белгілі. Бұл орайда ақынның сөз кестесін тілдік тұрғыдан арнайы сөз етіп, талдаған ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Сыздық зерттеулерінің орны бөлек. Абай шығармашылығын жарты ғасырдан астам уақыт зерттеген ғалым сөз зергерінің «жан дүниесіне әсер етіп, жақын келер жанның» бірі емес, бірегейі ретінде «Дулаттай ой иесі, сөз иесін» атайды. Дулат пен Абайдың зары ортақ, заманы, ортасы тудырған шындық үні бір болғанын ескерте келіп, ғалым: «Тегі, Абайдың назарына Дулаттың ақындық дүниесіндеті әлеуметтік үні іліккені байқалады. Әрине, әлеуметтік үн, яғни қоғам өмірін, халық тағдырын, оның өткені мен болашағын, өз кезеңдерінің жай-күйін жырлау Бұқар, Махамбет, Мұрат, Шортанбайларда да бар. Бірақ сол үннің ашылығы мен ашықтығы, бояуының (ақындық шеберлігінің) жұқалығы мен қоюлығы, аумағы мен ауқымы барлығында бірдей болмағаны аян. Бұл орайда Дулаттың өзгелерден шоқтығы әлдеқайда биік», – деп тұжырымдайды [5].

Ғалымның 1987 жылы жарық көрген бір мақаласы жайында жазушы Оралхан Бөкей: «Көптен бері көңілімді кір басқандай рухани жүдеп, ішіңе от, сарайыңа шам жағар еш нәрсе не оқып, не ести алмай жүргенде, әсіресе өз газетіміз «Қазақ әдебиетінің» де сапасы сансырап кеткен бір бойкүйез сәтте «Қазақ әдебиетінің» июльдегі (1987 ж.) нөмірі келді. Санаторийдің емханасында жатып «не бар дейсің?» деген немқұрайлықпен көз жүгірттім, «Дулат ақын», Рабиға Сыздықтың мақаласы. Өте ұнады. Мен, міне, 20 жылдан бері «дәл осы Дулат Бабатайұлы туралы мақала жазсам» деп жүретінмін. Қалай болғанда да мен Дулатты Абайға ұстаз тұтам. Абай көп теңеулерін Дулаттан алған. Рабиға апайдың мақаласы – мейлінше сауатты әрі әділ де шыншыл жанашыр мақала. Әсіресе «Дулат сияқты ақынды тастап кетіп қазақ поэзиясын жырлау бір жеңі жоқ, не бір етегін ойып алған әдемі шапан ұсынған-

мен бірдей» деген пікірі айызымды қандырды. Р. Сыздық – нағыз ғалым, мәдениеті мен білімі жоғары адам. Өз басым ол кісіні құрмет тұтамын» – деп жазған еді [6, 13-б.].

Дулат Бабатайұлының мұрасын зерттеушілердің бірқатары сөз зергерін жырау ретінде сипаттаса, енді бірқатары ақын ретінде көрсетеді. Академик Р.Сыздық жыршы, жырау, ақын сөздеріне анықтама беріп, әрқайсысының ерекшелігін, заман талабын («...Енді өлең сөз арқылы ақыл, насихат айтатын дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам туралы жалпы философиялық толғаныстар аздық етеді. Ендігі жердегі поэзиядан нақтылыққа көшіп, заманға ілесіп отыру, жалпы насихаттан гөрі сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге бару талап етіледі») ескертеді. Бұл орайда ғалым жазба поэзияның техникасы ауызша дамыған өлең-жырлардан ерекшеленетінін негіз етіп, шығарманың шоғырларға (тирада) бөлінуін жазба әдебиеттің құрылымдық белгісі, жазба әдебиетке тән өлең құрылымы ретінде сипаттайды. Өлеңді шоғырларға бөліп құрастыру тәсілі қазақтың ауызша дамыған өлең-жырларында болмағанын ескере отырып, ғалым қазақ поэзиясында мұндай құрылым Дулат Бабатайұлының шығармаларынан басталатынын айтады. Әрі оны жүйеге айналдырып, әрі қарай бекіткен Абай екенін нақты мысалдармен дәйектейді. Ғалым Дулат Бабатайұлы мен Абай Құнанбайұлының шығармалары құрылымдық жағынан ғана емес, идея, тақырып, образдардың берілуі, тәсілдері, көркемдік амалдары тұрғысынан да ұқсас екенін де көрсетеді. Яғни ғалым қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінде қалыптаса бастағанын айта келіп: «Дулат – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға бір табан жақын келген, Еуропа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп атақты өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын... Дулат – Абайдың алдында өткен қазақ сөз зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы. Дулатты ауызша тарап келген ақын-жыраулар тілі мен Абай бастаған жазба әдеби тілді жалғастырған көпір деп тану қажет» деген тұжырым жасайды [5].

Дулат Бабатайұлының жүректі жоғары бағалап, сыр сақтайтын тұраққа теңеуі (*Адамның жүрек – сенімді сыр сақтайтын тұрағы*), адам атын ардақтауы да (*Адам деген атақтан Садаға болып, аулақ кет!*) Абай шығармаларында сабақтастық тапқан. Сол себепті ғалым Рабиға Сыздық Абайға дейін қазақтың ауызша дамыған әдеби тілі болғанын, «қазіргі жоғары үлгідегі жазба поэзияны бастаушы – ұлы Абай тақыр жерден өнер таппағанын, іргетасын Абай қалағанмен, қалау кезеңі туғанын, қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат болғанын айтады [5].

Дулат Бабатайұлының «Сары шымшық», «Қара қарға», «Бір патша», байғыз туралы мысал өлеңдері кейін Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Дөнентаев, т.с.с. ақындарға үлгі болды.

Академик Р.Сыздық Абай бір ғана *жүрек* сөзін әр алуан эпитетпен жұмсағанын, олардың ішінде *жылы жүрек*, *ет жүрек* деген бірен-сараны ғана тұрақты эпитетпен келсе, 14-15-і Абайдың өзі ұсынған эпитеттермен айтылған образдар (*сорлы жүрек*, *асау жүрек*, *жалын жүрек*, *үрпейген жүрек*, *кірлеген жүрек*, *ынталы жүрек*, *жаралы болған жүрек*, *асыл жүрек*, *мұз жүрек*, *сұм жүрек*, *ызалы жүрек*) екенін айтады. Ғалым Абай *жүрек* сөзін 150-ден астам рет қолданғанын, көбінесе ол қолданыстарда «жүрек» сөзі «адам, адамның ішкі дүниесі, сезімі» деген ауыспалы мағынада келгенін айтады [4, 21-б.].

Ғалым Абай шығармаларында *ой* (*қуатты ой*, *ескі ой*, *ылай ой*, *ұйықтаған ой*, *ауыр ой*), *тіл* (*ащы тіл*, *қайран тіл*, *мінсіз тіл*, *шынышыл тіл*, *буынсыз тіл*, *толғауы тоқсан қызыл тіл*), *сөз* (*қайран сөз*, *басалқа сөз*, *түгел сөз*, *жел сөз*, *жылы сөз*, *бос сөз сияқты кәнігі қолданыстармен қатар іші алтын*, *сырты күміс сөз*, *буулы сөз*, *қуаты күшті нұрлы сөз*, *жабырқаңқы сөз* деген эпитеттер) сияқты сөздердің де эпитеттерін құбылтып, образ жасағанын айтады. Сонымен қатар Абайда *көңіл* (*сынық көңіл*, *жанып*, *сынып*, *суынып қалған көңіл*, *жаралы көңіл*, *кірлемеген көңіл*, *қара көңіл*, *шын көңіл*, *қайран көңіл*, *боямасыз ақ көңіл*), *өмір* (*алдамшы өмір*, *қу өмір*, *асау өмір*, *тентек өмір*), *көз* (*ақыл көзі*, *жалтаң көз*, *көкірек көзі*) сөздерін пайдаланып, бейнелі қолданыстар түзген.

Академик Р.Сыздық бұл тәсіл Қожа Ахмет Йасауи хикметтерінің тілінде де қолданылғанын тілдік дәйектермен сипаттайды: *Дур-у гауһар сөзін аламға сачса... Ешітсә жан құлағы бірлә һәр йар... Күнәһім дәрдидін дәрмәнда болдум, Бу ит нәфсім білә арманда болдум... ишқ, дүкәһнін, құрдум...*, *шауқ шарабы*, *көңүл көзі*, *жан булбулы*, *көңүл мүлкі*, *тариқат базары*, *хақиқат дарйиасы*, *ишқ бағы*, *татиқатны(ң) бурақы* (жүйрігі), т.с.с. Сондай-ақ бұл тәсіл Кемпірбай (*Тәуекел дариясынан бетім жудым*), Жанак (*Қыр соңыма түсіп ап сұм кедейлік*), Дулат ақынның шығармаларында (*Тіршілік пен өлімнің Ұзақ дауы шешілген. Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған т.т.*) кездесетінін айтады

Ғалым *жүрек*, *сөз*, *тіл*, *ой*, *көңіл*, *дүние*, *өмір* сияқты сөздер білдіретін ұғымдар адамның ішкі дүниесін, жалпы өмірді толғаған ойшыл ақынның философиялық нысандары болғандықтан, ақын оны сан қырынан суреттегенін айтады. Осы сөздерді поэтикалық образ жасайтын тірек сөз ретінде жиі қолданғанын, соның нәтижесінде бұл атаулардың эстетикалық өрісі де әрі тың, әрі кең болғанын айта келіп: «Абай өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болуын қалағанда, ол поэзияның терең (көп) мәнді, аз сөзді болуын көздейді, сондықтан сырттай әсерлі көрінетін қызыл сөздерден аулақ болу принципін ұстайды. Осы себептен де дәстүрлі эпитеттерге әрдайым иек арту өзінің айтпақ ойына сай келмей, көп сөзділікке апаратынын Абай жақсы сезген», – дейді [4, 23-б.].

Әр адам белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, ұлттық дәстүр, тіл, тарихы, әдебиеті бөлек болады. Әр тіл дүниені өзінше бейнелейді. Адам болмысты тілі арқылы таниды. Абай Құнанбайұлының дискурсында қазақтың байырғы сөздері көп қолданылғаны байқалады. Тіл ұстартып, өнер шашуды мақсат еткен ақын ойы түсінікті болуы үшін қазақтың ұғымына жақын, сөйлеу тіліне тән тілдік бірліктерді жиі қолданған. Ақынның шығармашылығын жан-жақты зерттеп, Абайдың қазақ әдеби тіліне қосқан үлесін айқындаған ғалым Р.Сыздық: «Абай өзіне дейінгі ғасырлар бойы шындалып, нормалары бірте-бірте тұрақталып, әдеби сипат алып өмір сүріп келген қазақ әдеби тілін әрі қарай жалғастырып, бірқатар жаңа бағыт-белгілер қосып, оның даму барысындағы келесі, жаңа этапын бастайды. Бұл этап – бір жағынан, көненің жалғасы болса, екінші жағынан, жаңаның – осы күнгі қазақ әдеби тілінің бастамасы, алғашқы кезеңі», – дей келіп, Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға (этапқа) көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін жоққа шығармағанын, керісінше, ауызекі сөйлеу тілін әрдайым негіз етіп ұстағанын, сонымен қатар жалғастылық принципін (белгілі бір кезеңде жасалған образдар, теңеулер, метафоралар т.б. көркемдеу элементтері үзілмей сақталып, келесі буындарда қайталануы) сақтағанын айтады [4, 34-35-б.].

Абайтанушы Р.Сыздық ақынның эпитеттерді қолданудағы ерекшелігі туралы: «Тың образды одан сайын еселеп күшейту – Абай қаламына тән сонылық. Мысалы, «*Жаптырағы қуарған ескі үмітпен* Киял қып өмір сүріп, бос жүріпшіп» дегенінде *ескі үміт* деген кәнігі эпитеттің үстіне *жаптырағы қуарған* деген және бір эпитетті еселеп келтіріп, образдың экспрессиясын мейлінше арттырған. Бұл қатарды көбейте беруге болады. Мысалы, «*Қараңғы, саңырау қайғы* ойды жеңген – десе, *қайғы* сөзінің *қараңғы*» деген эпитетпен берілуі – тыңнан қабылданатын образ, яғни тың ассоциация, ал оған *саңырау* эпитетін үстегенде, бұл образдың беретін әсері мүлде күшейіп, бұрынғы қазақ поэзиясы жұмсамаған жаңа қолданысты көреміз. Сөйтіп, «өлең деген – әр сөздің ұнасымы», деген тезис ұсынған Абай сол ұнасымның бірін тұрақты және тұрақсыз, яғни дәстүрлі және авторлық, немесе контекстік эпитеттерді қолданудан тапқан», – дейді [4].

Ғалым ақынның өлеңдерін талдай келіп: «...Ақынның «Қақтаған ақ күмістей» деп басталатын өлеңінде сұлу қыздың портреті статикалық планда берілген, сондықтан бұл өлеңнің сұлудың сыртқы портретін беретін бөлігінде етістіктер негізінен ашық райдағы, көбінесе шақ категориясына бейтарап – **ады** қосымшалы тұлғамен келген: «Аласы аз қара көзі *нұр жайнайды*... Ақша жүз, ал қызыл бет *тіл байлайды*... Торғындай толқын ұрып *көз таңдайды*», – дей келіп, Абай – **ар** жұрнақты есімше тұлғасын шақ категориясына қатысы жоқ, қимыл-әрекеттің статикалық күйін білдіретін – **а + ды** қосымшалы етістік тұлғасының дублеті ретінде жиі пайдаланғанын айтады [4].

Сондай-ақ «Желсіз түнде жарық ай» деп басталатын өлеңіндегі етістіктер – **ып/-іп** жұрнақты көсемшемен берілгенін айта келіп, ол тұлға динамиканы: тынымсыз қозғалысты, үздіксіз іс-әрекетті, қарқынды қимылды білдіруге бейім екенін ескертеді. Ғалым сөз құдіретінің теориясын емес, табиғатын сезген ақын «сөз айта алмай бөгіліп, жүрегі дүрсіл қағып» кездескен ғашықтардың алай-түлей ішкі дүниесін, бір ысынып, бір суынған сезімдерінің тынымсыз күйін, «өлең қағып, бос шошыған» жан қозғалысын – **ып/-іп** жұрнақты көсемшемен беру керек екенін дөп басып, түсінгенін айтады [4].

Профессор Р.Сыздық Абай шығармаларында өткен шақ есімшенің анықтауыштық қызметте көбінесе – **мыш** жұрнағы арқылы жасалуы, етістіктің III жағының – **дүр** формантын, көпшелікте – **лар** жалғауын тіркеуі; *бірлән, уа, һәм* тәрізді өзге тілдік шылаулардың қолданылуы; кейде (өте сирек) құрмалас сөйлемнің *ки (кім)* конструкциялы болып келуімен қатар фонетикалық ерекшеліктері, қазіргі жазу нормасымен сәйкес келмейтін тұстары бар екенін, ақын шығармаларын қайта бастырған кезде олар түрліше жазылып жүргенін айтады [4, 27-28-б.].

Бұл орайда ғалым Қ. Мұхаметхановтың Абай өлеңдерінің текстологиясына қатысты ұстаным-тұжырымын қолдап отырады. «**Көркем мәтінді лингвистикалық талдау**» атты еңбегінде ғалым: «Мәтіні талданып отырған шығармада көпшілік оқырманға бейтаныстау және бір сөз бар. Ол өзі – Абай шығармаларының басылымдарында да, оқулықтарда да дұрыс таңбаланбай келе жатқан сөз.

*Көрмей тұрып құсамын,  
Темір көзді сарайды, –*

деп жазылған жолдардағы *құсамын* сөзі Абайдың жинақтарында «қапамын, қайғылымын» деген мағынадағы сөз деп түсіндіріліп жүр. Ал Абай текстологиясын байсалды түрде зерттеп келе жатқан ғалым – Қ. Мұхаметханов бұл сөздің дұрыс тұлғалануы (жазылуы) *күсемін* болуы керек, ол «беземін» деген ұғымды беретін сөз деп дәлелдейді. Біз де осылайша оқуды дұрыс деп санаймыз, өйткені қазақ тілінде сирек қолданылатын *күсу* етістігі бар, ол, Қ. Мұхаметханов дұрыс көрсеткендей, «бір нәрседен безу» деген мағынаны білдіреді. Бұл етістікті ақын өзге өлеңдерінде де бірнеше рет қолданған:

*Жалмауыздай жалаңдап,*

*Ар-ұяттан күсіппін.*

(Ойға түстім, толғандым)

*Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсін (Өзім аңгімесі).*

Бұл сөйлемдерде *күсу* сөзі «безу» деген ұғымда қолданылып тұр.

Міне, бұл айтылғандардың баршасы ұлы ақынның «Болыс болдым, мінеки» деген шығармасының мәтінінде кездесетін кейбір жеке сөздерді дұрыс түсінуге, олардың сол кездегі дәл мағынасын білуге көмектесетін талдаулар», – дейді [7, 34-б.].

Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық рухтың көрінісі. Тіл арқылы ұлттық ділдің ерекшеліктері көрінеді. Сонымен қатар тіл – мәдениетті объективтендіретін, оны тасымалдайтын арнаның бірі. Осыған байланысты профессор Р. Сыздық: «Абай – қазақтың сапалық жаңа типтегі жазба әдеби тілінің негізін салушы. Бұл тіл – қазіргі жазба әдеби тіліміздің бастамасы. Демек, дәлірек тұжырымдасақ, Абай тілі – қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің басы», – деп жазды [4, 50-б.].

Ғалым Абай шығармаларының тілі қазақ әдеби тілінің жаңа этапы (кезеңі) болуын тілдің даму үдерісіндегі бағыттар мен ұстанымдармен байланыстырады: «Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық правосын принципті түрде бекітті. Әрі қарайғы қоғамда «кітаби тіл» нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген қазақ әдеби тіл нормалары негіз болуын анық, айқын түрде көрсетті. Бұл ретте «кітаби тіл» қарама-қарсысында тұрды, сондықтан да бұл бұрынғы шағын салада болса да қызмет етіп келген жазба әдеби тіл – «кітаби тілден» ажырап, ж а ң а жазба деген атрибутке ие болады. Содан соң бұлар осы тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңітуге жаңа бағыт сілтеді; бұл әдеби тіл енді тек көркем әдебиет қана емес, оқу-педагогика саласына да, ғылыми-публицистикаға да – қысқасы, қазақ қоғамының күллі азаматтық рухани мұқтажына қызмет етуге тиісті түрде дамуы қажет екенін күн тәртібіне қойды. Үшіншіден, тілдің нормалары мен көркем әдебиетті (әсіресе поэзияны) дамыту принциптерінде көптеген жаңа тенденция ұсынды. Бұл жаңа этап деп аталуына басты себептердің бірі болады [4, 34-35-б.].

Ғалымның бұл ойы Қ.Жұбановтың «Ескіні жаңаға ұштастырып, жан бітіру үлкен шеберлікпен ғана болатын іс. Абайдан біз осы ірі шеберлікті көреміз. Абай – ақын болғанының үстіне ескі мәдениет мұрасын дұрыс пайдалана білген ақын» деген пікірімен сабақтас [8, 209-б.].

Академик Рабиға Сыздық «Дулатты танып болдық па? » деген мақаласының соңында Дулат Бабатайұлының мұрасын зерттеп, танытуға, насихаттауға қатысты өте құнды тұжырымдар айтқан еді [5]. Дулат ақынға арналған конференция, жиындар мерейтой кезінде өтілетін кезекті іс-шара емес, «ұлттық рухымызды көтеру үшін, мәдени қазынамызды түгендеп, одан қуат алу үшін істеліп жатқан шара» болуы керектігін, сөз зергерлерінің мұрасы «бүгінгі көпшілік қауымды ұлттық рухани азықпен тойындыру, ана тіліміздің әсемдік дүниесімен таныстыру үшін қажет» екенін, тіл «адамдар арасындағы күнделікті қатынас құралы ғана емес, сол адамдарды белгілі бір халықтың өкілі етіп тәрбиелейтін, ұлттық сананы, ұлттық психологияны қалыптастыратын құрал екенін» екенін ескерткен еді. Ғалымның бұл тұжырымы әлі де маңызын жойған жоқ. Ол тұжырымды Абай Құнанбайұлына да, академик Рабиға Сыздықтың өзіне де қатысты айтуға болады. Академик Рабиға Сыздықтың абайтануға қатысты еңбектерін бүгінгі таңдағы жаңа парадигмалармен байланыстыра зерт-



теудің маңызы зор. Ғұламаның шығармаларын пәнаралық байланыс негізінде тіл мен әдебиетті, философия, логика, теология, психология, т.с.с. ғылым салаларымен сабақтастыра отырып, когнитивті лингвистика, коммуникативті лингвистика, функционалды лингвистика, психоллингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, лингвоелтаным, т.с.с. бағытта зерттеулер жүргізу қажет.

### Әдебиет:

1. Жұбаева О. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің иесі еді... // Атырау. – 2021, 16 наурыз. <https://atr.kz/zhanalyqtar/ystyq-qajrat-nurly-aqyl-zhyly-zhurektin-iesi-edi/>
2. Жанатайұлы К. Абай туралы естелік әңгіме // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. – I том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 94-105-б.
3. Сыздық Р. Абай тілінің зерттелуі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. – IV том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 79-101-б.
4. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
5. Сыздық Р. Дулатты танып болдық па? // Қазақ әдебиеті. – 1992, 25 желтоқсан
6. Оралхан Естеліктер, эсселер және мақалалар. – Алматы: Өнер, 2000. – 13-б.
7. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы, 2002. – 34-б.
8. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. – I том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 189-213-б.

### Г. Мамырбек

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

**Андатпа.** Мақалада академик Р.Сыздықтың А.Байтұрсынұлы еңбектері мен қызметіне қатысты тұжырымдары талданған. Ғалымның көрсетуінше, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін дамыту үшін өзіне жүйелі түрде мақсат қойып, оны бес түрлі бағытта жүзеге асырған. Атап айтқанда, қазақтың ұлттық алфавитін жасаған, сол алфавитпен оқулық шығарған, қазақ тілінің грамматикалық құрылымын үйреткен, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасаған, т.б. Мақалада А.Байтұрсынұлының атқарған тағы да басқа орасан зор еңбектері баяндалады.

**Тірек сөздер:** жазу, әріп, әліпби, оқулық, орфография.

**Abstract.** The article analyzes the conclusions of Academician R.Syzdyk regarding the works and activities of A.Baitursynuly. According to the scholar, A.Baitursynuly, aiming to develop Kazakh linguistics, set systematic goals and achieved them in five directions. Specifically, he created the national Kazakh alphabet, published textbooks using this alphabet, taught the grammatical structure of the Kazakh language, developed a methodology for teaching Kazakh, and so on. The article also highlights other significant contributions of A.Baitursynuly.

**Keywords:** writing, letter, alphabet, textbook, spelling.

**Аннотация.** В статье анализируются выводы академика Р.Сыздык, касающиеся трудов и деятельности А.Байтурсынулы. По мнению ученого, А.Байтурсынулы, стремясь развивать казахское языкознание, поставил перед собой систематизированные цели и реализовал их в пяти направлениях. В частности, он создал национальный казахский алфавит, выпустил учебники на этом алфавите, преподавал грамматическую структуру казахского языка, разработал методику преподавания казахского языка и т. д. В статье также описываются другие масштабные заслуги А.Байтурсынулы.

**Ключевые слова:** письмо, буква, алфавит, учебник, орфография.

А.Байтұрсынұлы көзі тірісінде-ақ қазақ ұлтының рухани көсемі ретінде мойындалған ұлы тұлға екендігі мәлім. 1929 жылдан бастап, 1988 жылғы, 4-ші қарашаға дейін Ахмет Байтұрсынұлы халық жауы ретінде сипатталды. Яғни Байтұрсынұлы ақталғанға дейін, ғалымның мұраларын, қазақ мәдениеті мен ғылымына сіңірген еңбектерін, тіпті ол кісінің атын атауға тыйым салынған болатын. Соған қарамастан, Байтұрсынұлы ақталмай тұрып-ақ ел алдында ғалым туралы тайсалмай ашық пікір білдірген алғашқы адамның бірі – академик Рәбиға Сыздық болды. 1977 жылы Кеңес үкіметінің құрылғанына 60 жыл толуына орай өткен үлкен ғылыми конференцияда баяндама жасаған профессор Рәбиға Сыздық: «Тіл білімі тарихын сөз еткенде, қазақ тіл білімін қалыптастыруда өлшеусіз еңбек еткен Ахмет Байтұрсынұлы есімін атамай кету, өз арымның алдында кешірілмес күнә» – дей отырып, Байтұрсынұлының еңбектеріне шолу жасап өтеді. Бұл жағдайға куә болған профессор Бабаш Әбілқасымов Рәбиға Сыздықтың бұл әрекеті сол тұстағы жас ғалымдарға үлкен ерлік болып көрінгенін және конференцияға қатысып отырған бірде-бір ғалымның тіс жарып пікір айтпай, үн-түнсіз ғана тыңдағанын өз естелігінде келтірген. Бұдан кейін мемлекеттік қауіпсіздік комитеті көп ұзамай-ақ Рәбиға Сыздықты тергеуге шақырып, Байтұрсынұлы туралы мәліметтерді қайдан алғанын сұраған екен. Ал конференция материалдары жарық көргенде, әрине, Рәбиға Сыздықтың ол баяндамасы жинаққа енбей қалады.

1988 жылы алаш ардагерлерін ақтау ресми түрде қолға алынған кезде Ахмет Байтұрсынұлын ақтау туралы негізгі қорытындыны Рәбиға Сыздық даярла-

ған. Байтұрсынұлын ақтау туралы Үкімет қаулысы шыққан бойда, сол кезеңдегі «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне алғаш мақала жарияланған да осы академик Рәбиға Сыздық болғаны профессор Бабаш Әбілқасымовтың естеліктерінде жазылған. Ахмет Байтұрсынұлы ақталысымен Тіл білімі институты Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор қалаларындағы мұрағаттардан Байтұрсынұлы еңбектерін жинауға ғалымдар жіберіп, сол жинақталған материалдар негізінде 1992-ші жылы «Тіл тағылымы» атты тұңғыш кітап жарыққа шығады. Осы кітапты даярлап, редакциясын басқарған да академик Рәбиға Сыздық болды. Сонымен қатар профессор Рәбиға Сыздық жеке авторлығымен Ахмет Байтұрсынұлын жан-жақты танытуға арналған тұңғыш кітапшаны шығарды, мұражайын ұйымдастыруға атсалысты, көптеген конференцияларда мазмұны терең ғылыми баяндамалар жасады.

Енді академик Рәбиға Сыздықтың Ахмет Байтұрсынұлы туралы ғылыми тұжырымдарына тоқталайық. 1960 жылы Душанбеде үлкен халықаралық конференция болып, онда коммунизм кезіндегі тілдер туралы талқылау өтеді. Сонда баяндама жасаған Рәбиға Сыздық «Қазақ лингвистикасы бастауыш мектептің оқулықтарынан басталды», – деген тың пікір айтады. Белгілі тарихшы Ермахан Бекмаханов бұл пікірге қатысты: «Рәбиға Сыздық ғажап нәрсе айтты, ешкім айтпаған, жаңа, тың пікір. Расында, қазақтың ұлттық ғылымы мектеп оқулықтарынан басталады. Ғаламат пікір, дұрыс пікір», – деп өте жоғары бағалаған.

«Қалайша мектеп оқулықтарын ғылымның басы дейсіз?» деп маған таңғалады, «Мектеп оқулықтары жай ғана білім бе әлде ғылым ба, белгілі бір тілдің құрылымын таныстырған алғашқы мағлұматтар сол тіл туралы ғылымның бастапқы көрінісі бола ма, жоқ па?» – деп сұрақ қоя отырып, оған академик Рәбиға Сыздықтың өзі былайша жауап береді: «Әрине, бұрыннан оқу-жазуы бар, ғылымы бар, университеттері үш жүз, төрт жүз жыл бұрын ашылған халықтар үшін ғылымның негізін мектептен бастау оғаш көрінетін шығар. Қазіргі кезде нағыз лингвистикалық талдауларды ғылым деп танысақ, сол талдаулардың көзі, бастауы болуы керек қой. «Ғылым» деген сөздің негізгі мағынасы – «наука» емес. Ұлы Абайда бірнеше рет кездесетін «ғылым» сөзі «наука» мағынасында емес, «оқу-ағарту, білім» мағынасында қолданылған. «Ғылым таппай мақтанба» дегенде ол: «Ғылыммен айналысып, Эйнштейн сияқты ғалым бол!» – деп тұрған жоқ қазаққа, «оқып алмай, сауаттанып алмай, хат танымай тұрып, мақтанба!» деген ой айтады. Сол ғылымды бастаған, білімді ғылым түрінде бастаған – Ахмет Байтұрсынұлы болды» – дейді профессор Рәбиға Сыздық.

Сондай-ақ: «А.Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. Ұлттық рух дегеніміз – ұлттық намыс, қазақ екенін сезіну. Соны бастап берген, сары маса болып ызыңдап, бүкіл халықты «қазақпын» деп көтерілуге шақырған – Ахмет Байтұрсынұлы. Ағартушылықты үгіттеген өзге қайраткерлерден Ахаңның үлкен айырмасы – ол

өнер-білімге шақырумен қатар осы жолда нақты іске көшті: оқулықтар жазды, оқыту әдістерін көрсетті» – дейді академик Рәбиға Сыздық.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін дамыту үшін өзіне жүйелі түрде бағдарлама қойған және осыған қатысты бес түрлі мақсатты жүзеге асырған дейді академик. Олар:

**Бірінші**, қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат етті және араб әліпбиі негізіндегі қазақ жазуын («Байтұрсынұлы жазуын») түзіп, сол мақсатын орындады.

**Екінші**, сол жазумен сауат аштыруды мақсат етті және бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазды.

**Үшінші**, қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беруді мақсат етті, оны орындау үшін «Тіл – құралды» жазды.

**Төртінші**, тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді мақсат етті, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынды.

**Бесінші**, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алды, бұл үшін «Баяншы» мен «Әліп-би астарын» шығарды.

Міне, бұлар – Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту майданында іс жүзінде атқарған орасан зор еңбектері, ұлттық білім-ғылымның көшбасшысы екендігін айғақтайтын тарихи мұралары – дейді Рәбиға Сыздық.

Ғалымның қазақ тілінің құрылымын жүйелеуде, орыстың лингвистикалық ілімін негізге алғанын, алайда, орыс тілі қағидалары мен жіктеулерін дәлме-дәл көшірмегенін айтқан академик Рәбиға Сыздық: «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы – әр тілді өз табиғатынан шығарып сипаттау» – деп бағалайды. Яғни ғалымның көрсетуінше, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикасын айыруда орыс тілінің жүйесіне бармаған, түркі тілдерінің, оның ішінде, қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін ескерген. Сонымен қатар, орыс тілінде етістіктер қалай жіктелсе, қазақ тілінде де солай жіктеуден аулақ болған. Яғни А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің өзгешеленетін тұстарын дұрыс көрсете білген.

Қорыта айтқанда, профессор Рәбиға Сыздық Ахмет Байтұрсынұлының барлық қырын тереңінен зерделеген тұлға. Ғалымның: «Байтұрсынұлы ағартушылық қызметті өзінің азаматтық борышы санаған. Балаларға білім берудің бірінші басқышы бастауыш мектеп болғандықтан, білім көзінің алғашқы сатысына қатты назар аударған. Халықты оқуға шақырған, білім-ғылымның қажеттілігін түсіндірген жалаң үгітші емес, соның жүзеге асуына күш салған қайраткер» – деген пікірі, бүгінгі таңда да аса өзекті екені анық. Сонымен қатар академик Рәбиға Сыздықтың айтып кеткен мына пікірі де күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі: «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ баласы сауатын ана тілінде ашуы керек, білім-ғылыммен қазақ тілінде сусындауы тиіс деп табады. Бүкіл оқу-тәрбие жұмысы қазақ тіліне жүруі қажет

екенін ашып айтып, күн тәртібіне қояды, өзі де қазақ балаларының ана тілінде оқуы үшін күреседі. А.Байтұрсынұлының бұл тұжырымдарын қазіргі кезде де жадымызда ұстауымыз керек» – дейді ғалым Рәбиға Сыздық. Мақаламызды академик Рәбиға Сыздықтың Байтұрсынұлы туралы айтқан мына бейнелі сөзімен аяқтаймыз: «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі деп аталатын үлкен ғимараттың іргетасын өруші, қабырғасын қалаушы, көп ретте есік-терезесін шығарып, төбесін жабушы. Орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың соңында айтыла бастаған дүниелерді, Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында айтып кеткен. Айтып қана емес, біліп, танып кеткен».

**А.Хабиева**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## МАХАМБЕТТАНУ ӨРІСІН КЕҢЕЙТКЕН ҒАЛЫМ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ көркем сөз дәстүрін жалғастырып, әдеби тілге жаңа образдар мен сөздерді әкелген Махамбет Өтемісұлының асыл мұрасын танып-білу жолындағы академик Р.Сыздықтың махамбеттану іліміне қосқан зор үлесі айшықталады. Ғалымның Махамбет поэзиясына қатысты жазған бірқатар еңбегі қарастырылып, құнды тұжырым-пікірлері келтіріледі. Суреткер шығармаларында мольнан кездесетін мағынасы күнгірт тартқан сөздер мен поэтикалық қызметтегі қолданыстардың мағыналарын ашу барысында академик Р.Сыздықтың талдау-зерттеулері басшылыққа алынады. Махамбет шығармаларындағы бейнелі сөздер мен сөз орамдарының мәдени-танымдық ақпарат мазмұны, «жасырын» мәдени семантикасы дискурстық талдау негізінде айқындалып, оқырманға оның коммуникативтік мәнін және ұлттық ойлау, ұлттық таным ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Зерттеуде бейнелілік компонентінің белгілену жолдарын анықтау мақсатында семиотикалық талдау, тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын айшықтау барысында интерпретативтік талдау, этноконнотаттық бірліктердің семантикалық құрылымының белгілерін анықтау мақсатында компоненттік талдау, сондай-ақ сипаттау және контекстік талдау түрлері пайдаланылады.

**Тірек сөздер:** академик Р.Сыздық; Махамбет тілі; ақын; образ; мұра; махамбеттану.

**Abstract.** The article highlights the great contribution of Academician R. Syzdyk to the teaching of makhambet studies on the way to know the noble heritage of Makhambet Utemisovich, who continued the traditions of the Kazakh artistic word and brought new images and words to the literary language. A number of works written by the scientist

regarding Makhambet's poetry are considered and valuable conclusions are given. In the process of revealing the meanings of words and their use in poetic activity, which are abundant in the works of the artist, the analysis and research of Academician R. Syzdyk is guided. The content of cultural and cognitive information, «hidden» cultural semantics of figurative words and word combinations in makhambet's works are revealed on the basis of discursive analysis, which helps the reader to understand its communicative essence and the specifics of National thinking, National cognition. The study uses semiotic analysis in order to identify ways of identifying the figurative component, interpretive analysis in the process of highlighting the ethnocultural content of language units, component analysis in order to identify signs of the semantic structure of ethnoconnotative units, as well as descriptive and contextual analysis.

**Keywords:** academician R.Syzdyk; Makhambet language; poet; image; heritage; makhambet studies.

**Аннотация.** В статье раскрывается вклад академика Р.Сыздык в изучение наследия видного представителя казахской поэзии Махамбета Утемисова и развитие махамбетоведения как научного направления. Вопросы, рассматриваемые в данной работе, перекликаются с идеями и положениями, изложенными в трудах Р.Сыздык. Особенности актуализации коммуникативного потенциала слова художественного произведения Махамбета, обладающего высокой этнокультурной маркированностью и смыслом, определяются в контексте исследований ученого. На основе дискурсивного анализа раскрывается «скрытая» культурная семантика образных слов и словосочетаний, содержащих культурно-познавательную информацию, что отражает специфику ментального мира и культурно-историческую особенность этноса. В ходе исследования были использованы семиотический анализ, направленный на определение способов фиксации образной составляющей культурных концептов; интерпретативный анализ для экспликации этнокультурного содержания языковых единиц; компонентный анализ для экспликации признаков семантической структуры этноконнотированных номинант, а также контекстуальный и сравнительный анализы.

**Ключевые слова:** академик Р.Сыздык; язык Махамбета; поэт; образ; наследие; махамбетоведение.

Махамбет өлеңдерін «ана тілінде ауызданған әрбір қазақ үшін жанына жақын, құлағына жағымды, тіліне үйірілген ғажап дүние» [1] деп білген тілші-ғалым Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың пікірі махамбеттану ілімінің бастау көздерінің қатарында ерекше назар аударарды.

Ғалым ақын-жыраулар тілінің көркемдік сыр-сипатын, өзіндік ерекшеліктерін танып-білуде Махамбет поэзиясын әрқашан да назарда ұстап, «Махамбет шығармашы-

лығы – тілі мен көркемдік стилі жағынан өзіне дейінгілерден де, өзімен тұстастарынан да, өзінен кейінгілерден де, тіпті тақырыптас, жанрлас ақын-жыраулардың өлең-толғауларынан да көрінеу оқшауланып тұрған дүние. Бұл оқшаулық тек тілдік-стильдік ерекшеліктерінде ғана емес, суреткерлік дағдыларынан, өзгелерде жоқ сонылығынан, белгілі бір поэтикалық мектепті барынша жаратып, екінші бір шығармашылық бағыттың көшбастары болғандығынан көрінеді...» [1], – деп жоғары бағалайды.

Ғалымның ақын-жыраулар мұраларына, оның ішінде Махамбет Өтемісұлының поэзиясына байланысты жазылған бірқатар зерттеулері мен пікірлері өзінің ұлттық-танымдық құндылығымен, ана тіліміздің мол мүмкіншілігін айқындай түсуімен, тілдің тарихи даму барысын көрсете білуімен айрықша.

Академик Р.Сыздық «Қазақ әдеби тілінің тарихы» [2] атты еңбегінің V тарауында Махамбет өлеңдерінің тіліне тоқталып, ақын тіліндегі көне сөздер, әдеби-көркемдеу тәсілдері, Махамбеттің өзіндік тың образдары жөнінде сөз қозғаса, «Махамбет өлеңдерін оқығанда» [3], «Махамбеттің әр сөзін түсініп оқысақ» [1], «Хатқа түскен сөз тағдыры» [4] атты мақалалары мен «Сөздер сөйлейді» [5], «Көркем тексті лингвистикалық талдау» [6] сияқты еңбектерінде суреткер шығармаларында молынан кездесетін мағынасы күңгірт тартқан сөздердің әуелгі мағыналарын ашып, түп-төркінін жан-жақты талдайды.

Айталық, ғалым Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде батырлар жыры мен ғашықтық жырларда, XV-XIX ғасырларда жасаған ақын-жыраулардың шығармаларында кездесетін екі жүз алпыстан аса сөздердің күңгірт тартқан мағынасын қарастырса, оның елуге жуығы – Махамбет Өтемісұлының өлең жолдарында ұшырасатын сөзқолданыстар. Бұл еңбекте сөздердің ерте кездегі қолданылу мағынасы, пайда болуы, түп-төркіні қарастырылуымен қатар, біршама сөздің ақын тіліндегі поэтикалық қызметтегі қолданыстары – оның коннотаттық мағыналары да айқындала түседі. Мысалы, ғалымның: «Махамбет өлеңдерінің бірінде:

*«Мен келелі қара бұлттын  
Келе жаумамай ашылман», –*

деген жолдар бар... Махамбет ақын – образды сөздерді шебер қолданған суреткер. Сондықтан ол келелі бұлт деп топталған қою (қара) бұлтты атап, оны айбарлы күштің, алған бетінен қайтпайтын қайсарлықтың символы етіп ұсынып отыр...» [5, 89], – деген талдауы іспеттес басқа да сөздер мен сөз тіркестерінің көркем мәтіндегі үстеме мағыналары айшықталады.

Махамбет мұрасын зерттеушілер әр кезде де ақын өлеңдерінің өзіне дейінгі жыраулардың көптеген образдарымен, кейде тұтас жолдарымен ұштасып жатуын «өзіне дейін поэтикалық дәстүрді жинақтаушы (синтездеуші) ақын» [2, 181] ретінде танытып, «... тегінде дәстүрлі жалғастық, ауысу, мұралану дегендердің өзі осы «қайталаулардан» көрінбек» [7, 174] дегенді баса айтатыны белгілі.

Жыраулар мұрасын әдеби тілдің қажетіне жарату – бұл байырғы лексикалық байлықты сарқа пайдалану, реңк беру, тармақ үйлесімі сияқты себептерді ескеру дей тұрғанымен, бұны біз жаңа жағдайға, тарихи шындыққа байланысты өзге мазмұнды, өзіндік бір мәнді таныту мақсатынан туындаған көркемдік қажеттілік деп табамыз. Мысалы, Махамбет бірде:

*«Кет-Бұғадай билерден  
Ақыл сұрар күн қайда?»* –

деп келетін образ қолданады. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, Кет-Бұға – XIII ғасырда ғұмыр кешкен тарихи адам, атақты би. «Көне түркі тілінде «Кед» (кет, келі, кез) – күшті, мықты. «Бұғы» – бұға, бұқа, бұке – батыр, күшті адам, бөгу – дана, данышпан деген ұғым береді» [8, 516]. Академик Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде зерттеуші А.Сейдімбековтің сөзін келтіре отыра, бұндай сөзқолданыс Доспамбет жырау тілінен сақталып келгенін растайды. Біздің ойымызша, Доспамбет жырау мен Махамбет ақын өлең жолдарындағы бұл образды тіркес тек сыртқы формасы жағынан үндесіп жатыр. Ал осы қолданысқа салынған ой мен мән әр басқа. XV ғасырда жасаған Доспамбет жыраудың:

*«Кет-Бұғадай билерден*

*Кеңес сұрар күн қайда!»* – деп жырлауында өзіндік бір себеп бар шығар. Ал Махамбет ақынның араға үш ғасыр салып Кет-Бұғаны аузына алуына таза тілдік факторлармен қатар, тарихи-элеуметтік жағдай, объективті шындық итермелеген болу керек. Ақын тілінде *Кет-Бұға* – бұл нақты адамның есімі емес. Ол жинақы образ. *«Кет-Бұғадай билер»* деп келген теңеуімен ол Шыңғыс, Әбілқайыр, Абылай хан замандарында өмір сүріп, өздерінің елдің әдет-ғұрпын жақсы білуімен, дана сөздерімен, әділділігімен бүкіл байтақ елге танымал болған ақылгөй билерді, ақсақалдарды танытады. Дәлірек айтқанда, *«Кет-Бұғадай билерден // Ақыл сұрар күн қайда?»* деп ақын, біріншіден, өз өсиеттерімен, әділ сөздерімен бағыт берген, төреші болған, ел бірлігін көксеген би-шешендер заманының кетіп, сонымен бірге көшпелі салт-дәстүрдің де құлдырауын көрсеткені болса, екіншіден, тек жеке бас қамын ойлайтын, алдау-арбаумен күнін көретін, өз заманының әділетсіз би-сұлтандарын әшкерелегені деп түсінеміз. Яғни Махамбет тілінде бұл – жай қайталау емес, өзіндік бір тың мазмұн жүйесін құрайтын образды тіркес.

Ғалым Р.Сыздық «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде Махамбет тілінің айрықша белгілерін көрсете келе, сөз шеберінің әдеби-көркемдеу тәсілдеріне тоқтайды. «Ақынның көптеген эпитет, теңеу, метафоралары өзіне дейінгі бай ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар тілінен алынған. Сонымен қатар Махамбеттің өзі қосқан тың образдары қазақ поэтикасына әкелген үлесі болды. Бір ғана ел қамын жеген ердің, халқы үшін күрескен азаматтың образын білдіретін теңеулердің Махамбет бірнеше вариантын ұсынады. Мысалы, *қызығшптай болған есіл ер, еркек қойдай бөлініп,*



қырқарланып өткен ер, таудан мұнартып ұшқан тарланым, кермиық, керіскендей шандозым, қас бәйтерек, шамданса – шалқасынан түсер асау, шамырқанса – шапынап сынар болат, түбін қазған бәйтерек, тауда ойнаған қарт марал, шарға ұстаған қара балта, ақсұңқар құстың сойы, екі тарлан бөрі, құстан туған құмай, қарақұстан туған қалықпан, суаруы қанық көк сүңгі дегендердің барлығы да – Исатайдай батырдың, оның соңына ергендердің теңеулері мен метафоралары. Бұлардың ішінде Исатайдан айрылған өзін түбін қазған бәйтерекке теңеуі, көтеріліс жеңіліп, арманда қалған күрескер образын шарға шауып мұқалған алмасқа, сұғуын таппай тот алған, суаруы қанық көк сүңгіге теңеуі – Махамбетке дейінгі поэтика қазынасында болмаған дүниелер. Сол сияқты қалықпандай қомданып жаумен айқасу, ағыны қатты Жайықты тіземен бұзып өту, қырдан қиқу төгілу (естілу емес, төгілуі), қайраңнан алған шабақтай қия бір соғып ас ету, адырнаны ала өгіздей мөңіретуі, Темірқазық жастану, қу толағай бастану сияқты образдар да – соны. Бұлар – Махамбет жаңалықтары» [9, 195], – дей келе, ғалым Р.Сыздық ақынның бұл тәрізді метафоралары, теңеулі образдары қазақ поэзиясы тілін жоғары сатыға көтергенін, осындай қолданыс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің орасан зор мүмкіндігін танытқанын ерекше атап өтеді.

Махамбет тіліндегі тарлан сөзі жөнінде академик Р.Сыздық: «Таудан мұнартып ұшқан тарланым және Таудағы тарлан шұбар біз едік! деп келетін өлең жолдарындағы тарлан сөзі контекстік мағынасына сай «биікке ұшатын («таудан мұнартып ұшатын») қыран құсты білдіретіні байқалады» [5, 148], – деп жазады.

Бұл тұрғыда «Таудан мұнартып ұшқан тарланым; Топтан озған тарлан боз; Таудағы тарлан шұбар біз едік» деп келетін жолдардағы тарлан сөзінің құсқа да емес, жануарға да қатыссыз, ауыспалы, танымдық мағынасын жан-жақты талдау қажет. Осымен байланысты академик З.Қабдоловтың ақын поэтикасы туралы айтқан пікіріне жүгінейік: «Ғалым силлогизм арқылы сөйлесе, ақын образ арқылы сөйлейтінін бұдан бір жарым ғасыр бұрын В.Г.Белинский айтқаны жұртқа мәлім. Образ жоқ жерде ақындық бола ма? Ақын образ арқылы сөйлейді деу аз, ақын образ арқылы ойлайды. Тек қана солай! ... Абай секілді, Махамбеттің де асқан ақындық шеберлігі шындықты – затты, құбылысты – алдымен өзі образ арқылы түйсініп, көріп, танып, содан соң өзгелерге образ арқылы түйсіндіріп, көрсетіп, танытуында жатыр» [10]. Осыған орай Махамбет тарланым деп Исатайды айтып тұрса, «таудан мұнартып ұшқан» деп Исатайдың о дүниеге аттанғанын, «барса, келмеске», «қол жетпеске» кеткенін образды, экспрессивті түрде білдіргені болса керек. Бұны келесі жолдары да түсіндіргендей:

«Саған ұсынсам қолым жетер ме?  
Арызым айтсам өтер ме?».

Немесе:

«Шақырғанмен келер ме,

*Кешегі менің арыстаным,  
Өзі шын барар жерін тапқан соң», –*

деп келген өлең жолдары негізінде Исатайдың қайтыс болғаны, ақынның сағынышы, мұны, жалғыздық күйі айқын аңғарылады.

Сөз шеберінің Исатайды таудан мұнартып ұшқан тарланға (қыранға) балауы негізінде *күшті, қайсар, текті, биік тұлға, қол жетпейтін арман, жеңімпаз* іспеттес жанама мағыналары үстеліп тұр. Яғни ақын тілінде *тарлан* – образ. Ол, Р.Сыздық көрсеткендей, *еркіндіктің, асқақтықтың, мықтылықтың* символы.

Махамбеттің өлең жолдарында *жетім, жесір* лексемалары кездеседі. *Жетім* және *жесір* сөздері бұл күндегі қолданысымызда «ата-анасы өлген не тастап кеткен бала», «күйеуі қайтқан әйел» және ауыспалы мағынада «арқа сүйері жоқ, панасыз, қамқорсыз» ұғымында танылады. Ал ертеректегі қазақ тілінде бұл сөздер өзге де мағыналарды қамтыған. Оны бірнеше тілдік деректер көрсетеді. Ш.Уәлихановтың еңбегінде (Шығармалар жинағы. – Алма-Ата, 1961): «Қазақтар құлдарды екіге бөлген: соғыста қолға түскен құлды *олжаласқан құл* немесе *жесір* деп, ал сатып алған немесе өзге жолмен (соғыста емес) келген құлды *жетім* деп атаған», – деген мәлімет кездеседі. Сондай-ақ академик Р.Сыздықтың: «*Жесір* – «тұтқын және тұтқынға түскен» деген мағынадағы арабтың *есир* деген сөзінің қазақшаланған тұлғасы» [5, 96], – деп көрсетуі *жетім* мен *жесір* сөздерінің «тұтқын», «құл» деген мағыналарын айшықтайды.

Бұл жөнінде ғалым Р.Сыздық: «Махамбет ақын көтеріліс жеңілгеннен кейін Баймағамбет сұлтанның алдына келуге мәжбүр болады, яғни Баймағамбеттің қолға түсірілген тұтқыны және ұрыста қолға түскен емес, өз аяғымен, өзі келіп түскен тұтқыны. Баймағамбетке айтқан атақты сөзінде ақын: «*Ұрмай-соқпай келтірген // Арманың бар ма құдайға // Мынау Махамбет сынды жетімді-ай*», – дейді... Ақын бұл сөзді сол кездегі (ертеректегі) өз мағынасында, яғни «соғыста емес, өзге жолмен қолға түскен тұтқын» деген ұғымда қолданған.

Махамбеттің:

*Жетімдерге жем бердім,  
Жесірлерге жер бердім», –*

дегенінде де *жетім* мен *жесір* деп отырғаны қатын-қалаш, бала-шаға емес, мал-мүліксіз кедейлер (тұтқын-құл тәрізді бейшаралар)» [5, 95], – деп тұжырымдайды.

Махамбеттің «*Жесірлерге жер бердім*» дегендегі *жесір* сөзі «мал-мүліксіз, жерсіз кедейлер» деген мағынада, ал «*Ұрмай-соқпай келтірген // Арманың бар ма құдайға // Мынау Махамбет сынды жетімді-ай*», – дегендегі *жетім* сөзі, жоғарыда көрсетілгендей, «соғыста емес, өз еркімен қолға түскен тұтқын» және «арқа сүйері жоқ», «қамқорсыз», «жалғыз» деген ауыспалы мағыналарда да жұмсалса керек.

Қорыта келе айтарымыз, Махамбет ақынның бейнелі, астарлы сыр-сипатқа толы өршіл поэзиясын танып-білу жолындағы махамбеттану өрісін танытып, дамытатын

арналардың бір көзін академик Р.Сыздықтың еңбектерінен табуға болатынын байқаймыз.

*Мақала «Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат.innovation> үрдістер мен үдерістер» (BR20280984) атты іргелі ғылыми зерттеу жобасы аясында дайындалды.*

#### **Әдебиет:**

1. Сыздық Р. Махамбеттің әр сөзін түсініп оқысақ // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 01.08.2003.
2. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993.
3. Сыздық Р. Махамбет өлеңдерін оқығанда // «Қазақстан мектебі» журналы. – 1972. – №11.
4. Сыздық Р. Хатқа түскен сөз тағдыры // «Жұлдыз» журналы. – 1986. – №3.
5. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004.
6. Сыздық Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989.
7. Өмірәлиев Қ. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976.
8. МЭ. – Махамбет энциклопедиясы. – Алматы: Өлке, 2004.
9. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014.
10. Қабдолов З. «Ереулі» де емес, «ерулі» де емес, «ереуіл» // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 25.09.1981.

#### **Е.Маралбек**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
PhD (философия докторы)  
Қазақстан*

### **ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМИ ТАНЫМЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада белгілі лингвист ғалым, XX ғасыр басындағы қазақ тіл білімінің көрнекті тұлғасы, дарынды педагог, Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің өкілі – Телжан Шонанұлының қазақ емлесі мен қазақ-латын әліпбиі туралы

еңбектері талданады. Шонанұлының 1924-1930 жылдар аралығында жарияланған ғылыми мақалалары мен баяндамалары дереккөз ретінде алынып, ондағы жазу, емле, терминдер мен шеттілдік сөздердің жазылу мәселесі қарастырылады. Мақала үлкен екі бөліктен тұрады: бірінші бөлігінде Шонанұлының төл сөздердің жазылуы, жалпы қазақ емлесіне арналған еңбектері талданады; екінші бөлігінде шеттілдік сөздердің жазылуы турасындағы ғылыми-публицистикалық мақалалары қарастырылады. Біз бұл еңбектерді бүгінгі қазақ емлесіндегі күрделі, даулы түйткілдермен және А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлының жазу туралы еңбектерімен салыстыра отырып, мазмұнын, мәнін, жаңалығы мен дәстүр жалғастығын ашуға талпындық. Зерттеу нәтижесінде қазақ жазуын, қазақ емлесін қалыптастыру, дамытудағы Т.Шонанұлының орны мен үлесіне лайықты баға беріледі. Мақала Алаш тіл білімін зерттеушілерге, жазу теориясын қарастыратын ғалымдарға, қазақ тіл білімінің тарихы туралы ақпарат алғысы келетін оқырмандарға арналған.

**Тірек сөздер:** Телжан Шонанұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, қазақ емлесі, қазақ жазуы, шеттілдік сөздердің емлесі.

**Abstract.** This paper examines the scientific knowledge of the Kazakh script and the Kazakh-Latin alphabet in the scientific works of an outstanding Kazakh scientist, linguist of the early twentieth century, a talented teacher, representative of the Baytursyn linguistic school – Telzhan Shonanov. The study focuses on his contribution to the development of the Kazakh alphabet, as well as his theoretical and practical approaches to teaching writing and reading in his native language. The main works of Telzhan Shonanula published in the period from 1924 to 1930 are analyzed, the issues of writing written, spelling, terms and foreign words in them are considered. The work consists of two parts: the first part analyzes works on Kazakh spelling in general, its methodological developments and impact on the current state of Kazakh writing, also analyzes the spelling of words characteristic of the Kazakh language; the second part examines scientific and journalistic articles on writing foreign words. In the work, the authors tried to reveal the content, essence, novelty and continuation of traditions, comparing the works of Telzhan Shonanov with the complex, controversial problems of modern Kazakh spelling and the works of A. Baitursynov, E. Omarov on Kazakh writing. The work highlights the importance of Telzhan Shonanuly's legacy for future generations and the relevance of his works on the formation and development of Kazakh writing and Kazakh spelling. The article is addressed to researchers of Alash linguistics, scientists studying the theory of writing, and readers who wish to receive information about the history of Kazakh linguistics. The article will be useful for linguistics researchers of the Alash period, scientists studying the theory of writing, readers who want to get information about the history of Kazakh linguistics.

**Keywords:** Telzhan Shonanov, Akhmet Baitursynuly, Kazakh script, Kazakh spelling, spelling of foreign words.

**Аннотация.** В данной работе рассматривается научное знание о казахской письменности и казахско-латинском алфавите в научных трудах выдающегося казахского ученого, лингвиста начала XX века, талантливого педагога, представителя байтурсыновской лингвистической школы – Телжана Шонанова. Исследование акцентирует внимание на его вкладе в развитие казахского алфавита, а также на его теоретических и практических подходах к обучению письму и чтению на родном языке. Анализируются основные работы Телжана Шонанулы опубликованные в период с 1924 по 1930 годы, рассматриваются вопросы написания в них письменных, орфографических, терминов и иноязычных слов. Работа состоит из двух частей: в первой части анализируются труды, посвященные казахскому правописанию в целом, его методические разработки и влияние на современное состояние казахской письменности, также анализируется написание слов, характерных для казахского языка; во второй части рассматриваются научно-публицистические статьи по написанию иноязычных слов. В работе авторы попытались раскрыть содержание, сущность, новизну и продолжение традиций, сопоставляя труды Телжана Шонанова со сложными, спорными проблемами современной казахской орфографии и трудами А. Байтурсынова, Е. Омарова о казахской письменности. Работа подчеркивает важность наследия Телжана Шонанулы для будущих поколений и актуальность его трудов о формировании, развитии казахской письменности, казахской орфографии. Статья адресована исследователям Алашского языкознания, ученым, изучающим теорию письма, читателям, желающим получить информацию об истории казахского языкознания. Статья будет полезна для ученых-исследователей лингвистику Алашского периода, ученым, изучающим теорию письма, читателям, желающим получить информацию об истории казахского языкознания.

**Ключевые слова:** Телжан Шонанов, Ахмет Байтурсынулы, казахская письменность, казахское правописание, правописание иностранных слов.

### **Кіріспе**

XX ғасыр басы, қазақ тіл білімінің қалыптасу кезеңіндегі ірі есімдердің бірі – Телжан Шонанұлы. Ғалым Ахмет Байтұрсынұлымен ғылыми-шығармашылық сабақтастықта, рухани байланыста бола отырып, қазақ лингвистикасының өзекті тақырыптары бойынша зерттеу жүргізді. Соның бірі – орфография. XX ғасыр басында қазақ жазуының күрделі, ғылыми тақырыптарында құнды еңбектер қалдырған ғалымдардың қатарында А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы және Т.Шонанұлын, Қ.Басымұлы, Ж.Аймауытұлы, Қ.Жұбанов, т.б. қайраткерлер бар. Дегенмен, алғашқы үш ғалым қазақ жазуының дамуы мен қалыптасуында шешуші рөл атқарды.

А.Байтұрсынұлы 1910-1911 жылдардан бастап түркі халықтары ортақ қолданып келген қадім, жәдит жазуларын реформалап, ұлттық жазу қалыптастырды, қазақ ті-

лінің алғашқы ұлттық емле ереже мен оның ғылыми метагілін және емлеші ғалымдар шоғырын қалыптастырды. Солардың қатарында Е.Омарұлының орны ерекше. Омарұлы Байтұрсынұлының теориялық еңбектерін терең меңгере отырып, 1920 жылдардан кейін қазақ емлесімен тыңғылықты айналысты, «Байтұрсынұлы емлесін» дамыту, қазақ жазуының кейбір күрделі мәселелерінің шешімін табуда елеулі роль атқарды. Байтұрсынұлының емлесіндегі (1911-1922 жылдардағы) қадім, жәдит элементтерін тазартып, дәуірдің деңгейі тудырған кейбір жеткіліксіз тұстарын толықтыруға айрықша қызмет етті.

1929 жылы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ Алаштың жетекші ғалымдары, алдыңғы лек ұлт қайраткерлері мен Е.Омарұлы, Ж.Аймауытұлы сияқты тетелес ізбасар ғалымдар тұтқындалып, жер аударылғаннан кейін, ұстаздық тұғыры биік ұлт қайраткерлерінің жолын талантты шәкірттер жалғастырып, қазақ ғылымының өзекті тақырыптары бойынша жетекші ғалымдарға айналды.

1928-1929 жылдары «Байтұрсынұлы әліпбиі» қолданыстан шығарылғаннан соң, жаңа қазақ-латын әліпбиі енгізіліліп, оның емле ережелерін Т.Шонанұлы дайындады. ҚазАКСР-де құрылған «Орталық жаңа әліпби комитетінің» хатшысы ретінде О.Жандосовпен (төраға) бірге латын әліпбиіне көшу жұмыстарымен белсене айналысты және оның ғылыми негізін дайындайтын жетекші ғалымға айналды. Ол 1928 жылдан бастап, 1937 жылы тұтқындалғанға дейін қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлының рөлін атқарды: мектептерде оқылған әліппе, оқу құралдарын жазу, грамматикалық оқулықтар дайындау, латынграфикалы қазақ жазуының емлесі, оқу бағдарламаларын жасау т.б.

Жазу қағидасы таңбадан, қаріптен емес, тіл жүйесінен туады, сондықтан таңба ауысқанымен, жазудағы басты қағидалар, базалық нормалар сақталады. Телжан Шонанұлы Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің өкілі ретінде, ғалым тілтанымындағы басты бағыттарының бірі – қазақ емлесінің латын әліпбиі бойынша күрделі мәселелерін шешумен айналысты. Дегенмен, ол қандай мәселелер? Оның Байтұрсынұлы емлесімен сабақтастығы және одан өзгешелігі қандай? Ол өзінен кейінгі қазақ жазуына қалай ықпал етті? Латынграфикалы қазақ жазуының қандай күрделі мәселелерін шеше алды? Қазақ емлесі тарихында ғалымның үлесі қандай? Бұл сұрақтар бойынша қазірге дейін тыңғылықты зерттеу жоқ. Сондықтан Т.Шонанұлының 1928-1937 жылдардағы қазақ лингвистикасы, оның ішінде қазақ емлесіндегі рөлі мен орнын, ғылыми тұжырымдарының теориялық мазмұнын анықтау – өзекті әрі кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

### **Материал және әдістер**

Т.Шонанұлының емле туралы еңбектері қазақ жазуының жаңа бір тарихи кезеңін сипаттайды және оның басталуымен аяқталуын толық қамтиды. Сондықтан толық материалдық дереккөздер негізінде жүргізілген ғылыми зерттеу, жан-жақты талдау

қажет.

Зерттеудің міндеттерін орындау үшін, ең әуелі, Қазақстан мен шетелдік кітапханалардан, архивтерден ғылыми еңбектер жинақталды. Атап айтқанда, ҚР Ұлттық кітапханасы, ҚР Орталық ғылыми кітапханасы, РФ-ның В.И.Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасы, Ә.Науаи атындағы Өзбекстан ұлттық кітапханасы, РФ-ның Орынбор облысының Біріккен мемлекеттік мұрағаты, Н.Қ.Крупская атындағы Орынбор облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан «Еңбекші қазақ» газетінің барлық номерлері қаралып, Т.Шонанұлының еңбектері жинақталды, *мұрағаттық зерттеу* жүргізілді. Нәтижесінде Шонанұлының 30-дан аса ғылыми мақалалары жинақталып, зерттеудің қомақты материалдық базасы дайындалды.

Мақсатқа жету үшін бұл материалдарға бірнеше бағытта және бірнеше әдіс-тәсілдерді қатар қолдана отырып талдау жүргізіледі. Т.Шонанұлы еңбектері тақырыптық топтарға жіктеле келіп, жүйелі түрде қарастырылады. Мұнда *жүйелеу*, *топтас-тыру* тәсілдері қолданылады. Қазақ емлесінің қалыптасуы мен даму кезеңдерін А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бөле қарауға болмайды. Сондықтан тарихи-салыстырмалы әдіс пен *құрылымдық әдістер* арқылы Т.Шонанұлы, А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы еңбектері салыстырыла зерттелді.

Т.Шонанұлының жазу, емле жайлы зерттеулері қазақ жазуының бір кезеңнің тілдік сипаты мен оған әсер етуші көптеген тілден тыс факторлардың нәтижесі болғандықтан, сол кезең тілінің табиғатын толық ашу үшін *сипаттамалы әдіс* қолданылады. Кейде әрбір жеке таңбаға дейін бөлшектеп, оның тілге, жазуға әсері, шығу тарихы баяндалады. Бұл кезде синтез әдісі қолданылады. Нәтижесінде емле ережелер мен әліпбилердің даму динамикасы анықталды, қорытынды тұжырымдар шығарылды, Телжан Шонанұлының қазақ жазуы тарихындағы орны мен үлесіне баға берілді.

### **Әдебиеттерге шолу**

Қазақ тіл білімінде алаш лингвистикасы – үлкен бағыттардың бірі. Қазақ лингвистикасы жеке ғылым саласы ретінде қалыптасқан ХХ ғасыр басы дәуір тудырған көптеген өзекті тақырыптар туралы зерттеулермен ерекшеленеді. Сондай-ақ бұл кезең әдеби үлгісі ауызша дамып, ғылыми стильдері кенжелеп қалған қазақ тілін мемлекеттік тіл, ғылым тіліне айналдыру жолында жанкешті еңбек еткен, мақсаты айқын, әмбебап лингвист ғалымдарымен де ерекшеленеді. Солардың бірі – Телжан Шонанұлы. Ғалым еңбектері Тәуелсіздік жылдарынан бері там-тұмдап зерттеле бастағанымен, көбінде методикалық мұрасы зерттеу нысаны болып келеді. Сондықтан да ғалымды методист ретінде қарастыру басым. Шындығына келсек, Шонанұлы – қазақ лингвистикасының көптеген тақырыптары туралы зерттеу еңбегін жазған үлкен ғалым. Ол үңілген тіл білімі бағыттары бойынша жан-жақты зерттеулердің аздығы ғалым еңбектерінің әлі толық ғылыми айналымға енбеу, төте жазу мен қазақ-латын жазуынан аударылмай жатуы себебінен. 2017 жылы ф.ғ.д. О.Жұбаеваның құрастыруымен

5 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Бұл Телжан мұрасына сусаған оқырмандар үшін үлкен көмек болды. Десе де 44 жылдық ғұмырында 40-қа жуық оқулық пен аударма еңбек, ғылыми-танымдық оқыту бағдарламасы, сондай-ақ 100-ге таяу ғылыми-теориялық, әдістемелік, публицистикалық, мақалалар мен өмірбаяндық очерктер жазған телегей-теңіз Телжан еңбектерінің бұл бір бөлігі ғана. Біз осы мақалада тіл біліміндегі ғалым зерттеу бағыттарының бірі – «қазақ жазуы» мәселесін арнайы ғылыми нысан етіп алдық. Мақсатқа жету үшін 1924-1930 жылдардағы ғалымның қазақ жазуы туралы еңбектерін түрлі деректерден, XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдардан жинақтадық. «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған, әдебиеттер тізімінде дереккөздерімен толық көрсетілген, 10-ға жуық ғылыми-публицистикалық мақалалары мен баяндамалары зерттеудің материалдық базасын құрайды. Бұл еңбектердің басым бөлігі «төте жазумен», 1929 жылдан кейінгі еңбектері қазақ-латын жазуымен жарық көрген. Біз бұл еңбектерді түпнұсқадан оқып пайдаландық, зерттеу жүргіздік.

Т.Шонанұлының қазақ жазуы, әліпби, емле туралы ғылыми тұжырымдарын толық түсіну және оны оқырмандарға түсіндіру үшін Шонанұлына дейін бұл тақырыпта зерттеулер жүргізген А.Байтұрсынұлы (Байтұрсынұлы, 2023) мен Е.Омарұлының да еңбектері (Омарұлы, 2018), 1923 жылғы «Қазақ тілінің жаңа емле ережелері» (Маралбек, 2024), Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі материалдары (ҚБТС, 1925), 1929 жылғы «Емле конференциясының» материалдары зерттеуіміздің ғылыми-теориялық негіз болды. Сондай-ақ Шонанұлы еңбектерінің ғылыми мәні мен болашағын бүгінгі ғылым деңгейінде бағамдау үшін қазіргі қазақ жазуы бойынша негізгі еңбектер, атап айтқанда, Р.Сыздық (Сыздық, 2000), Н.Уәли (Уәли, 1999), Б.Момынова (Момынова, 2022), Қ.Күдерінова (Күдерінова, 2013), Н.Әміржанованың (Әміржанова, 2013) еңбектері ғылыми дереккөз ретінде алынды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ғалымның ғылыми-педагогикалық әлеуеті Алаш автономиясын құру жолындағы күрес кезеңінде-ақ байқалған, оның Алашорда үкіметі Оқу комиссиясының 5 адамнан тұратын мүшесінің бірі ретінде сайлануы – осының бір дәлелі. Т.Шонанұлы емле тақырыбында айтары бар ғалым екенін 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде алғаш байқатады. Ғалым Съезге бейресми өкіл ретінде қатысқан болуы керек, өйткені Съезге ресми шақырылған 19 өкілінің қатарында Телжан Шонанұлының аты кездеспейді. Бұл, әрине – өз алдына бөлек мәселе.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде қазақ емлесінің күрделі тақырыптары талқыланып, бұған дейінгі қадім, жәдит жазуы элементтері тазартылды және Байтұрсынұлы әліпбиіндегі өзге де түйткілдер қарастырылып, негізгі бөлігі шешім тапты. Емле тақырыбы бойынша бас баяндамашы ретінде Съезде Е.Омарұлы үлкен рөл атқарғаны белгілі. Т.Шонанұлы да өзін ұстанымы берік, емле туралы тұжырым-



дары дәйекті ғалым ретінде көрсетті. Съездің емле тақырыбындағы мәжілістерінде /и/ мен /у/ дыбыстарының таңбалануы туралы Омарұлы, Байтұрсынұлы және Шонанұлы үшеуара үлкен ғылыми талас-тартыс өрбіді. Омарұлының емле тақырыбында жасаған бас баяндамасы туралы Шонанұлы былай дейді: «*Баяндамада көрсетілген жобалардың «у» мен «и»-дан басқаларына дауым жоқ. Бірақ қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен ұзын «и» жоқ деу – қате. Ахмет пен Елдес жалғау, жұрнақтардың түрлерін дәлел қылып «и» мен «у» дауысты дыбыстар тобына қосыла алмайды дейді. «У» мен «и»-дің дауысты дыбыстарға қосылатын жері де бар, қосылмайтын жері де бар»* (Шонанұлы, 1925:31). Бұдан әрі ғалым /у/ мен /и/-дің дауысты дыбыстарға тән төмендегідей қасиеттерін дәлел ретінде ұсынады:

1. /Л/ дыбысынан басталатын жұрнақтар (-лық, -лы) «у» мен «и»-ға дауысты дыбыстарша жалғанады;
2. Барыс септігі (-ға, -ге) /у/ мен /и/-ге дауысты дыбыстарша жалғанады;
3. Көптік жалғауы (-лар, -лер) /у/ мен /и/-ге дауысты дыбыстар сияқты жалғанады;
4. /У/ мен /и/-ді дауысты дыбыстар секілді созып айтуға болады.

Осы дәйектерді келтіре келе, /у/ мен /и/-дің дауысты дыбыстарға тән қасиеті ба-  
сым болғандықтан, оларды дауысты дыбыстардың қатарына қосу керектігін айтады.

Аталған дәйектерге қосымша өзге туыстас түркі тілдерінде де дауысты /у/ мен /и/ дыбыстарының болуын, әлемге ортақ әдістеме ғылымы тұрғысынан қарағанда да, бұл дыбыстарды бір әріппен жазудың тиімді, жеңіл болатынын атайды. Бұл мәселе туралы: «Бұл қиындық бір /у/-ды екі дыбыс деп, екі әріппен жазғаннан болып отыр. Бір дыбыс болып естілетін ұзын /у/ мен ұзын /и/-ді бір әріппен жазатын болсақ, жазу жеңілденеді (Шонанұлы, 1926: 32), – дейді ғалым.

Т.Шонанұлы – әдіскер ғалым, сондықтан білім мазмұны жеңіл меңгерілгені, практикалық процестердің жылдам жүзеге асқанын құптайды. Ғалымның аталған даулы дыбыстарды бір қаріппен жазу керектігін табанды қолдауының бір себебі де осы болса керек.

/У/ мен /и/ дыбыстарының жоғарыда Т.Шонанұлы санамалап көрсеткен дауыстыларға тән қасиеттерінен бөлек, жіктік жалғауы мен шылаулардың да (жалғаулық, сұраулық шылаулар) дауыстыларша жалғанатын ерекшелігі бар. Бұл туралы біз А.Байтұрсынұлының «Дыбыстарды жіктеу туралы» еңбегін талдаған мақаламызда тоқталғанбыз (Маралбек, 2022: 193-198). /У/ мен /и/-дің дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарға тән тіркесімділік (валенттілік) ерекшелігі аталған мақалада кеңірек, нақтырақ талданған, сондықтан оны мұнда қайталаудың қажеті жоқ.

Дыбыстың фонологиялық қасиеті мен функционалды ерекшелігін анықтаудың бұл тәсілін (жалғау-жұрнақпен тексеру) қазақ тіл біліміне алғаш А.Байтұрсынұлы енгізген. Т.Шонанұлының да бұл әдісті қолдануы А.Байтұрсынұлымен рухани-ғылыми сабақтастығын, ғалым тілтанымындағы Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің нышандарын аңғартады. Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарының саны мен

қасиетін дәл анықтай алуының сыры, «интуитивті түрде» емес, аталған тіркесімділік әдісінде, яғни тіл дыбыстарын фактологиялық, функционалдық тұрғыдан терең зерттей алуында жатыр.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде /у/ мен /и/-дің қай дыбыс тобына жататыны және оның графикалық ерекшелігі туралы қазақ зиялылары өз дәлелдерін алға тартып, ортақ шешімге келе алмағандықтан, А.Байтұрсынұлы емле туралы арнайы комиссия құрып, қазақ емлесіндегі даулы мәселелерді соның қарауына беруді ұсынады. Ұсыныс қабылданып, бес мүшеден тұратын комиссия құрылып, құрамына А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Е.Омарұлы, М.Мырзаұлы, Х.Досмұхамедұлы енді.

Комиссия 13-маусым күні кешкі мәжілісте қазақ емлесінің күрделі мәселелерін қарастырды. Атап айтқанда: қазақ тіліндегі дыбыстардың саны және оның таңбалары; /к/, /г/, /қ/, /ғ/ дыбыстары және олардың графикалық ерекшелігі; /ы/ (/і/) дыбысының бітеу буында жазылу-жазылмауы; сөз соңындағы /б/, /п/, /д/, /т/ дыбыстарының жазылуы; сүйеу таяқтың («») әліпбиден шығарылуы; кірме /х/, /ч/, /ф/, /һ/ дыбыстарын қазақ әліпбиінде қалдыру немесе шығару және /у/ мен /и/ мәселесі.

Комиссия мүшелері өзге түйткілдер бойынша ортақ шешімге келді, тек /у/ мен /и/ турасында ортақ шешімге келе алмады. /У/ мен /И/ мәселесінің өзі бірнеше тақырыпқа бөліп талқыланды:

1. /У/ мен /И/-дің дауыстылардың алдында жазылу-жазылмауы;
2. /У/ мен /И/-дің екі дауыстының арасында келетін-келмейтіні;
3. Қазақ тілінде дауысты /у/, /и/ дыбыстарының бар-жоғы.

Комиссия мүшелері алғашқы екі тақырып бойынша ымыраға келіп, /у/ мен /и/ дауысты дыбыстың алдында жазылады және екі дауыстының арасында келеді деп шешім шығарды. Алайда аталған дыбыстардың дауысты-дауыссыз дыбыстар тобының қайсысына жататыны туралы ортақ шешімге келе алмады. Т.Шонанұлы мен М.Мырзаұлы /у/, /и/-дің дауысты дыбыстарға да ортақ қасиеті барын тағы да табанды қуаттады.

Бұл тақырыпта талас үдей түскенде М.Мырзаұлы /у/, /и/-дің дыбыстық тобын анықтамай-ақ, графикалық ерекшелігін реттеуді ұсынды. Алайда ұсыныс қабылданбай, Съезд /у/ мен /и/-дің қай дыбыс тобына жататынын дауысқа салып шешуді ұйғарды. Дауысқа салу нәтижесінде /у/ мен /и/-ді дауысты дыбыс тобына жататынына 6 мүше, дауыссыз дыбыс тобына жататынына 11 мүше дауыс берді. Нәтижесіне /у/ мен /и/ дауыссыз дыбыс ретінде танылды.

Съезд әрі қарай аталған дыбыстардың графикалық ерекшелігін қарастырды. Шонанұлы дауыс бермеді, бұдан әрі мәжілісте де болған жоқ, Съездің кейінгі күндердегі мәжілістеріне де қатыспады. Біздің болжамымызша /у/ мен /и/ бітіспес ғылыми талас-тартысқа айналғандықтан және ғалымның бұл тақырыптағы ұсыныстары қолдау таппағандықтан, ғалымдық мінез байқатқаны болуы тиіс.

Қазақ фонетикасы тарихында бұл дыбыстың күрделі фонологиялық ерекшелігі, әсіресе дауыстыға тән қасиеттері туралы ресми мәжілісте айтқан ғалым – Т.Шонанұлы. Бұл дыбыстардың күрделі фонологиялық қасиетін А.Байтұрсынұлы мен Е.Омарұлы да аңғарған, дегенмен олардың дыбыстық қасиетін, функционалды ерекшелігін ескере келіп, Омарұлы дауыссыз дыбыстар қатарына жатқызады. Ал А.Байтұрсынұлы кей еңбектерінде бұл дыбыстарды бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыстар тобына жатқызғанымен, 1912-1924 және 1927-1929 жылдар аралығында бірыңғай «жарты дауысты» деп таныған. Біздің ойымызша да бұл дыбыс «жарты дауысты дыбыстан» басқаша бола алмайды, ең дұрыс қорытынды осы болуға тиіс.

Т.Шонанұлы емле тақырыбына әліпби тұрғысынан келеді. Біздің болжамымызша бастапқы жылдарда ғалымның қазақ емлесімен айналысу, терең зерттеу, кемшіліктерін түзету мақсаты болмаған, бұл саланың А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы сияқты саңлақтары тұрғанда, оған терең бойлап, тесе зерттеуді өзінің айналысуға тиіс мәселесі санамаған. Оны бұл тақырыпқа қазақ қоғамы мен латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне байланысты туындаған түйткілдер еріксіз араластырған. Бұл ғалымның емле туралы мақалаларынан да байқалады. Өйткені ғалымда әліпбиге байланысты 20-ға жуық мақала болса, емлеге тікелей қатысты небәрі 4-5 мақала бар. 1929 жылғы латынграфикалы қазақ әліпбиінің емле ережелері мұның сыртында. Ендігі кезекте емле туралы мақалаларында қазақ жазуының қандай өзекті тақырыптары талданып, нендей түйткілдер шешілді, қазақ жазуының дамуына ықпалы қандай болды, соған тоқталайық.

О.Жандосұлымен берге жазған «Емле өзгерту жайында» мақаласында: Емле оқу, үйренуді жеңілдететін болуы керек. Емлені тереңдетіп, ережені балалатып, дыбыстың түп-түқиянын қазу – мектептің, қалың бұқараның, оқушылардың жұмысы емес, тіл баққан мамандардың ғана жұмысы», – дейді (Шонанұлы & Жандосұлы, 1928: 3). Ғалымның бұл тұжырымы әрине педагог ретіндегі практикалық ұстанымнан туып отыр. Дегенмен, емленің ғылыми-теориялық жағы да, практикалық жағы да бар. Яғни емле тіл заңы тудырады және тіл табиғатын көрсетіп тұрады. Жазу – тілдің көрнекі формасы. Сондықтан жазуды тілдің дәл өзі дей алмасақ та, оның графикалық шартты бейнесі. Емле тіл заңынан бір сәтке де бөлек бола алмайды. Тіл заңынан тумаған емле тілді өзгертуге себеп болады. Егер емлені жеңілдету керек болса, оны тіл заңының қатаң қағидаларын ескерусіз қалдыру есебінен емес, тілдің өзгеруіне себеп болмайтын дағдыларын ғана жеңілдету негізінде жасалуы керек.

Аталған мақалада Шонанұлы Байтұрсынұлы жасаған «Қазақ емлесі» туралы өзіндік ойларын сабақтай келе, оны жеңілдету үшін болашақтағы қазақ емлесі ескеруге тиіс басты ұстанымдарын көрсетеді. Бұларды жинақтай айтқанда, төмендегідей:

1. Емле жеңіл, тез, дұрыс жазуға, дұрыс оқуға оңтайлы болуы, тілдегі анық не дұдамал естілетін дыбыстардың бәрін таңбалауды мақсат етпеуі;

2. Естілуінше жазылуы;
3. /У/ мен /и/ дыбыстарын жеңілдетіп, сөз басы мен бас буында бір қаріппен жазу.
4. /Ы/ дыбысының орынсыз қаптап кетуінен сақтану;
5. Сөз соңында «түн» орнына «тын» жазу, яғни сөздің екінші буынынан әрі қарай /ұ/ү/ дыбысын жібермеу;
6. Бөлек-салақ сөздерді біріктіріп жазу не өзге жолын табу;
7. Кірме сөздердің жазылуын реттеу, оның ішінде қазақ тілінің дыбыстық заңына сәйкес игеріп жазу атымен ереже қуалап, орынсыз бұзып жазуды тоқтату:
8. /Б/, /п/, /т/, /д/ дыбыстарының жазылуын реттеу;

Бір ғасыр өткеніне қарамастан, бұл мәселелер бүгінгі қазақ емлесі үшін де өзекті. Аталған түйткілдер қазіргі әліпби реформасы кезінде, латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиі бойынша қазақ тілінің жаңа емле ережелерін дайындау үдерісінде ғылыми талас-тартыстың негізгі тақырыбы болып келеді. Бұл орфография мен орфоэпияның тайталасы туатын қазақ емлесіндегі күрделі тақырыптар екенін көрсетеді.

«Орыс емлесі мен әліпбиін өзгерту мәселесі» мақаласында Қазан төңкерісінен кейін орыс емлесі мен әліппесін өзгерту керектігі туралы ұсыныстар күшейіп, Халық комиссариатына жүзден аса жоба түскені және орыс емлесін өзгерту туралы қозғалысқа орыс оқытушылары, жұмысшылары, оқушылар, прогрессившіл зиялылар бас болып, мынадай төрт мәселені талап еткені айтылады:

1. Осы күнгі орыс емлесін өзгерту;
2. Тыныс белгілерін өзгерту;
3. Бас әріпті құрту;
4. Латын әліппесін алу (Шонанұлы, 1929: 2).

Бұдан әрі ғалым орыс емлесінің тарихын қысқаша баяндап, академик Яков Карлович Грот (1812-1893) жасаған орыс тілі емлесіне тоқталады. Ғалым: «орыс емлесі тілдің қазіргі күйіне, төл заңдылықтарына сәйкеспейді, меңгеруге қиын, әуелден-ақ ғылыми негізі әлсіз, шала жасалған» деп баға береді. Орыс жазуының дәстүрлі принцип, этимологиялық принцип, дыбыстық принцип (естілуінше жазу), т.б. көптеген принциптерге, тіпті принципсіз ала-құла жазылатын тұстары барын атап өтеді. Мақала соңында қазіргі орыс емлесін түзеу жұмысы фонетикалық принцип пен дәстүрлі принциптің бірін жетекші ұстаным ете отырып жүргізілгелі жатқаны, орыс емлесі жобасын жасау үшін 10 мүшеден құралған комиссия құзырына берілгені туралы хабардар етеді. Мақала Қазақстанның да латын әліпбиіне көшуі қажеттігін, мұның дұрыс жол екенін дәлелдеу, оқырман көзін жеткізу мақсатында жазылған. Жазу дәстүрі мен баспа жұмыстары дамыған орыстардың өзі латын әліпбиіне көшуді қарастырғанда, біздің көшкеніміз талассыз орынды деген ойды тұспалдайды. Бұл мақала ғалымның орыс тілі мен емлесін терең білетіні, сондай-ақ жазу теориясы туралы білімі мен емле жасау тәжірибесі де жеткілікті екенін

аңғартады. Сондай-ақ XX ғасыр басында Ресейдің өзінде латын әліпбиіне көшу бастамасы көтерілген қазіргі әліпби реформасы қарсаңында маңызды ақпарат ретінде бағалауға болады. XX ғасыр басында Кеңес Одағындағы латын әліпбиіне көшу қозғалысының саяси астары ғана емес, ғылыми-тілтанымдық негізі де бар екенін дәлелдейді.

Қазақ емлесі тақырыбында Шонанұлының терең айналысқан тағы бір бағыты – шеттілдік сөздердің жазылуы. «Шет сөздердің емлесі жайында» (Шонанұлы, 1929: 2-3) мақаласы 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылорда қаласында өткен «Емле конференциясы» ұсыныс ретінде жарияланған. Мақалада шеттілдік сөздерді жазудың жолдары қарастырылып, модельдері ұсынылады. Ғалым: «Жат сөздер қазақ айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінуіне үйлесімді, хат тануына оңтайлы болуы үшін жат тіл емлесін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек», – деген ұстанымын айта келіп, шеттілдік сөздерді жазылуына арналған 31 баптан тұратын ұстанымдары мен моделін ұсынады. Жинақтай айтқанда, олар төмендегідей:

1. Шеттілдік сөздерді қазақ тілінің заңдылығына бағындыру;
2. Шеттілдік сөздерінің түбірі мен қосымшасын қазақ тілі заңдылығына келтіріп, дұрыс жазу мәселесі;
3. Шет сөздерді фонетикалық және морфологиялық принцип бойынша жазу; сын есімдерге жалғау жалғана ма, жоқ па, мұқият тексеру (М.: «социалистический» – «социалистік» пе, «социал» ма? );
4. Шеттілдік сөздерді игеріп жазуда халық тілі бұрын игеріп алған араб-парсы сөздерінің дыбыстық өзгерісін үлгі ету;

**Шеттілдік сөздердің дыбыстарын қазақ тілі дыбыстарына ауыстыру модельдері:**

5. /Ф/ – /р/ (сөз басында). М.: *фарыз – parъz, фахыр – paqъr* т.б.;
6. /Г/ – /ç/ (сөз басында). М.: *генерал – çanaral; география – çaqrapa* т.б.;
7. /Ch/ (Еуропа) – /x/ (орысша) – /q/ және /k/ (қазақша) жазылу. М.: *chimik – qijmik, хайр – qajr, technik – teknik* т.б.;
8. /Ц/ – /s/. М.: *офицер – apeser, станция – stansa* т.б.;
9. /Я/ – /ça/, /çə/ (сөз басында). М.: *ява – çav, ярмарка – çərmeñke* т.б.;
10. /Ч/ – /c/ (ш). М.: *чай – çaj, чаһар – çər* т.б.;
11. Еуропа сөздерінің басындағы /h/ – өзгеріссіз алыну. М.: *hidro, henriq* т.б.;
12. /V/ (Еуропаша) – /v/ (қазақша /y/, орысша /в/). М.: *Москва – maskev (Maskey), Варшава – varçav (Уаршау)* т.б.;
13. /У/, /i/ – /u/ (y), /i/ (и). М.: *litr, kilo* т.б.;
14. /О/ – /o/ (Еуропа сөздерінің бас буында «о» келсе, орысша «а» оқылса да «о» түрінде жазу). М.: *komines, social* т.б.;
15. /Ө/, /ь/ (ы), /y/ (ү), /ə/ дыбыстары Еуропа сөздерінде жазылмау, орысша /щ/ –

/с/ (ш) болып жазылу. М.: *прикащик – byrkəncik (бүркәнишк)* т.б. (Шонанұлы, 1929: 2);

16. Орыс сөздерінің соңғы буынындағы «а» түсіріліп жазылу. М.: *физика – физик* т.б.;

17. Орыс сөздерінің соңғы буында «сса» – *сы*, «нна» – *ны* болып жазылу. М.: *касса – каса; ванна – вана* т.б.;

18. Еуропа тіліндегі жер аттарында сөздің аяғындағы «а» дыбысы – «ы» не «і» түрінде жазылу. М.: *Америка – Америкі, Ауропа – Ауropy* т.б.;

19. Орыс сөздері соңындағы «иат» (пролетариат) буыны сол күйінде жазылу. М.: *prolytarijat, komesserijet* т.б.;

20. Орыс сөздері соңындағы «ция» (станция) буыны «-sa» (ca) «-se» (ce) болып жазылу. М.: *stansa, miliyse* т.б.;

21. Орыс сөздері соңындағы «ет» (буфет) буыны «ет» күйінде жазылу. М.: *byvpet, budçet* т.б.;

22. Орыс сөздері соңындағы «тор» (трактор) буыны «түр» (түр) болып жазылу. М.: *doqtur, trəktur* т.б.;

23. Латынша «izm» (марксизм), «ist» (эгоист) болып келетін Еуропа сөздерінің соңын «-шыл», «-шылдық» («-шіл», «-шілдік») етіп жазу. М.: *lenincil, sosialcыл* т.б.;

24. Еуропа сөздері соңындағы «графия» (фотография), «лог» (метролог) жалғаулары «-шы», «-ші» түрінде жазылу. М.: *tilci, teknikci* т.б.;

25. Орыс сөздеріндегі сын есімнің жалғаулары түсірілу. М.: *социальный – social turmys, электрический – elektir quatъ* т.б.;

26. /g/, /q/, /d/, /f/, /v/, /x/ – дан басқа Еуропа сөздерінің түбір соңғы дыбыстары сақталып жазылу. М.: *volt, teleskop* т.б.;

27. Орыс сөздері соңындағы «ия» (буржуазия) буыны «а» не «ә» болып жазылуы. М.: *virçivaza, aksə (акция)* т.б.;

28. Орыс сөздері соңындағы «ий» (пролетарий) түсіріліп жазылу. М.: *prolet, antijkva* т.б.;

29. Орыс сөздері соңындағы «тр» (театр) сол күйінде жазылу. М.: *tiatr, metr* т.б.;

30. ғылым мен тахника терминдері соңындағы «иум» (натриум) буыны сол күйінде жазылу. М.: *kolsium, natrium* т.б.;

31. Араб тілінен енген «лима» (мұғалима) буыны түсіріліп жазылу. М.: *muçalim* т.б. (Шонанұлы, 1929: 3).

Т.Шонанұлы ұсынысының соңында: «Біздің бұл ұсынысымыздың жаңылысы да болар. Бірақ көбі дұрыс деп сенеміз. Дұрыстығына таласатындар болса, әр ұсынысымызды мұнан да гөрі дәлелденкіреп жазармыз», – дейді ((Шонанұлы, 1929: 3). Әрине, бүгінгі тәжірибемен салыстырғанда, бір ғасырдан бергі уақыт сыны көрсеткендей, бұл ұсыныстардың ағат тұстары да бар. Дегенмен, олардың барлығын жан-жақты, арнайы бөлек мақалада талдау қажет. Мұнда сол заман

үшін бұл ұсыныстың үлкен жетістік екенін айрықша атауға тиіспіз. 1924 жылы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде «Шет сөздер қазақ тілінің заңдылығына бағындырып жазылсын» деген жалғыз бап ереже болған. Араға 4-5 жыл салып мұндай көлемді, нақты модельдердің жасалуы шеттілдік сөздерді игеріп жазудағы үлкен прогресті көрсетеді.

Т.Шонанұлының қазақ емлесі тақырыбындағы басты және қомақты еңбегі – 1929 жылы латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінің концепциясы мен емле ережесін дайындауы. Конференцияны 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қаз АКСР Халық ағарту комиссариаты Білім кеңесі мен Қазақ Жаңа әліпби Кіндік комитеті шақырған. Кеңеске төрағалыққа Юдахин, Байділдаұлы, Қабылұлы, хатшылыққа Жұбанұлы (Жұбанов), Тоқтабайұлы, Уүнстел сайланады. Емле тақырыбында бас баяндамашы ретінде Т.Шонанұлына сөз беріледі. Ғалым сөзін: «Біз іс жүзінде жаңа әліпбиге көштік. Жаңа әліпбиге көшкен соң араб әліппесінің негізіне құрылған емлемізді өзгерту керек болды. Бұрынғы емлеміз үндестік заңына құрылып, қазақ тілінің біраз қасиеттерін де ескерген еді» (Шонанұлы, 1930: 5.), – деп бастайды да, әрі қарай баяндамасын үш бөлікке бөліп жасайды: бірінші бөлігінде – қазақ тілінің қазіргі негізгі заңдары және болашақтағы заңдылықтары; екінші бөлігінде – сол заңдар негізінде қазақ тіліне қандай емле керектігі; үшінші бөлімінде – қазақ тілінің тірі заңдары негізінде шеттілдік сөздердің емлесін жасау. Шонанұлының емле жобасы Білім комиссиясы атынан ұсынылады.

Шонанұлы қазақ тілінің басты заңдарын санамалай келіп, қазақ емлесі фонетикалық принцип бойынша жасалуы керек деп санайды. Қазақ тілі емлесі әуелден-ақ қазақтың ауызша тілі негізінде жасалуы, екінші жалғамалы тіл болуы, қазақ сөзінің түбірі өзгермей сақталуын, қазақ тілінде диалекті болмауы, қазақ тілінде дауысты дыбыстың, оның ішінде түбірдегі дауысты дыбыстардың позициясы күші болуы, әліпбидегі әр дыбысқа жеке-жеке таңба арналуы, осының барлығы қазақ емлесінің дыбыс жүйелі болуын талап ететінін айтады. Шонанұлы: «Дыбыс жүйесі деп біз дыбыстың өте нәзік ырғақтарына шейін ілім жолымен жазуды айтпаймыз. Тек сөздің мағынасын өзгертпестік түрде ғана анық естілетін дыбыстарды жазуды айтамыз», – дейді (Шонанұлы, 1930: 7). Десе де қажет болғанда, белгілі шек пен белгілі шарт аясында морфологиялық принцип те қолданылатынын айтады. Бұл тұжырым «фонема» ұғымын аңғартады. Яғни қазақ емлесі фонетикалық принципке, оның ішінде фонемалық принципке сүйенуі керектігін айтып отыр. Бұл ұстаным қазіргі латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиінің емле ережелерін жасау принциптеріне сәйкес келеді.

Шонанұлы латынграфикалы қазақ жазуының жаңа емле ережесі фонетикалық принципке сүйенетін болса, ең әуелі қазақ тілі дыбыстарының басты заңдарын анықтап алу керектігін айта келіп, төмендегідей заңдарын атайды:

1. Итіншек және тартыншақ еліктеу заңы<sup>1</sup>;
2. Шұғыл және шалашұғыл дыбыстарымыздың іріту құбылыстары<sup>2</sup>;
3. Дауысты дыбыстардың үндестік заңы (Шонанұлы, 1930: 8).

Одан әрі дыбыстарды таптастыру мәселесіне тоқталып, емле ереже жасау үшін қазақ тіліндегі дауыстыларды *еріндік/езулік, еркін/қысаң, жуан/жіңішке* (немесе *артқы/алғы*) артикуляциялық белгілерімен, дауыссыздарды *қатаң/ұяң, шұғыл/ызың, үнді/үнсіз* қасиеттері бойынша ғана жіктеу қажет дейді (Шонанұлы, 1930: 8). Бұл пікір де фонемалық принциптен туындап отыр. Яғни қазақ тілі дыбыстарының қасиетін түп-тұқиянына дейін толық ашып, оны емле ережеге айналдырудың тілге қажеті де, пайдасы да жоғын айтады.

Ғалым «үндестік заңы» дауыстыларға ғана қатысты екенін айта отырып, оны *таңдай үндестігі, ерін үндестігі* деп бөледі. Мұнда таңдай үндестігі әлі күшін жоймағанын, ал ерін үндестігі жоғалып бара жатқанын айтады. Ерін үндестігінің жойылу кезеңдері туралы тоқтала келіп, «ерін үндестігі емлемізде болмасқа керек» деп тұжырымдайды (Шонанұлы, 1930: 11).

Дауыстылардың бір-біріне «билігі», ықпалы сөз ішінде ғана емес, сөз арасында да байқалатынын ескертеді. Мысалы, *қара ат – қарат* (айтылуы). Бірақ емлеміз дыбыс жүйелі болғанына қарамастан, күрделі құрамдардың арасындағы мұндай ықпалдарды ескермеуді дұрыс санайды. Бұл мағынаны дұрыс беру үшін сөздердің түбірін сақтап жазудың қажет болатынын, мұндай кезде морфологиялық принцип фонетикалық принциптің орнын басатынына көз жеткізуге болады.

Ғалым /ы/, /і/ қысаң дауыстылардың да қасиетіне тоқталып, оның көп жерде көмескіленіп, жоғалып кететінін, мұндай кезде, түбірде сақталғанына қарамастан, оларды жазбау керектігін айтады. Мысалы, *қа-рын – қар-ным (қа-ры-ным емес)* (Шонанұлы, 1930: 11). Қазіргі латынграфикалы жаңа әліпбидің емле жобасында да /ы/, /і/ қысаң дауыстылар құраған буынды ықшамдау (жою) арқылы бір буынын азайтып жазуды құптайтын осындай ұстанымдар бар.

Баяндамада жаңа емле ережелерін жасау кезінде дауыссыздардың да төмендегідей қасиеттерін ескеру қажеттігін айтады:

қазақ тілі төл сөздерінің соңында /б/, /ғ/, /г/, /д/ дыбыстарының жазылмауы; біріккен сөздердің жігінде /н/ дыбысы /б/, /п/ дыбыстарымен тіркескенде /м/-ға (*қарынбай – қарымбай*), /к/, /ғ/, /к/, /г/ дыбыстарымен тіркескенде /н/-ға айналуы (қазанқап – қазаңғап); буын жігінде дауыстылармен тіркескен /б/, /п/ дыбыстарының /у/ дыбысына айналуы (*шабып – шауып*); /ж/, /ш/, /й/ дыбыстары арасындағы жуан дауысты /а/

<sup>1</sup> *Тартыншақ еліктеу заңы* – дауыссыздардың түбір мен қосымша жігінде қатаңға – қатаң, ұяңға – ұяң, үндіге – үнді болып үйлесіп жалғануы және түбірдің соңындағы /п/, /к/, /к/ дыбыстарының дауысты дыбыспен қатар келгенде, /б/, /г/, /ғ/ дыбыстарына өзгеруі.

<sup>2</sup> Дауыссыздардың түбір мен қосымша жігінде қатарынан қайталанып келмеуі. М.: «маллар» емес, «малдар».



дыбысының жіңішкеруі сияқты қазір өмір сүріп тұрған заңдарын назарда ұстау қажеттігін ескертеді (Шонанұлы, 1930: 12-13). Қазақ тіліндегі дауыссыздардың аталған қасиеттері Байтұрсынұлы еңбектерінде әлдеқашан айтылып, емле ережелер жасалған. Дегенмен, Шонанұлы да бұл заңдарды тани біліп, кейбіріне өз термин ұсынып, жаңа емледе аталған заңдарды негізге алуды ұсынады.

Ғалым қазақ жазуындағы бірге/бөлек мәселесіне де тоқталып, оны түркі емлесіндегі қиындықтардың бірі деп санайды. Өйткені қазақ тілі жұрнақ, жалғауларға бай болса да, күрделі сөздер мен туынды сөздердің жігін айыру қиын екенін айтады. Ал мұның себебі «араб әліпбиінің қасиетінен, тілдің әліппеге емес, әліппенің тілге қожа болуынан» дейді. (Шонанұлы, 1930: 14). Бұл тұжырым қисынды. Бұлай дейтініміз, араб әліпбиіндегі қаріптер төрт тұрпатпен өзгеріп отыратындықтан, екі сөз тіркескенде, қаріптердің пішіні ауысып, тұтас сөздің көзшалым тұрпаты өзгереді, мүлде бейтаныс графикадағы сөз болып шығады. Ал сауат ашқан адамдар мұндайға көндікпей, дәстүрлі принцип бойынша жаза береді.

Бірігетін сөздердің мағынасы тұтасып, дыбыстары үйлесіп, бір екпінмен айтылатынын Шонанұлы да жақсы білген. Бұған дейін бұл мәселені Байтұрсынұлы мен Омарұлы айтқан.

Шонанұлы осы негіздемелер мен қазақ тілінің емлеге қатысты заңдарын санама-лап түсіндіргеннен кейін, соңында түбір мен қосымшаның, күрделі сөздердің жазылуы туралы 7 ереже жобасын ұсынады. Олар:

«1. Сөздер жеке күйінде естілуінше, ал біріккенде бір-біріне ықпалы ескерілмей жазылады. М.: *Қара қой* т.б.;

2. Ортақ бір ұғымды білдіретін сөздер бірге жазылады. М.: *Оқшантай, Ержан*, т.б.;

3. Жалпылағыш қос сөздер сызықшамен жазылады: М.: *Төсек-орын*, т.б.;

4. Арасына «ма» қосымшасын салған қос сөздерде «ма» алдыңғы буынға қосылып, сызықша арқылы жазылады. М.: *қолма-қол*, т.б.;

5. Қайталанған таңдаулы райлар (күшейткіш буынды қос сөз) сызықшамен жазылады. М.: *қым-қызыл*, т.б.;

6. Жалғау мен жұрнақ түбірге қосып жазылады» (Шонанұлы, 1930: 16-17).

Баяндама соңында шетел сөздерінің жазылуына тоқталады. Мұнда нақты модельдер, ережелер емес, тек концепциялық мәселелерге, басты принциптер туралы айта келіп, былай дейді: «Біздің нысанамыз жалғыз: қазақ сөзіне де, шеттен кірген сөздерге де бір ғана емле жасалады; шет сөздер де қазақ дыбысы мен жалғау-жұрнақтарының заңына көндіріледі» (Шонанұлы, 1930: 18). Шеттілдік сөздердің емлесін жасауда бұл ұстаным тіл тағдырымен байланысты өте маңызды. XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары қандай жұмыс атқарып, қай идеяны жақтағанына қарамастан, шеттілдік сөздерді қазақ тілінің заңына бағындырып жазуды бірауыздан қолдады

және оған атсалысты. Бұл – туған тіліне деген шынайы құрмет, жанашырлық болатын. Бір тілге екі емле арнау тіл заңын біле тұрып, белден басу немесе шарасыздық екенін Алаш зиялылары жақсы білген. Бұл туралы да Ғалым: «Шет сөздердің үстіндегі түгін жықпаймыз деп, шет сөздерге қол батырғымыз келмесе, амалсыз екі емле жасаймыз» (Шонанұлы, 1930: 19), – дейді. Осы сынға біз қазір де дөп келіп отырмыз.

Емле конференциясында қазақ тілі дыбыстарының басты 16 түрлі өзгеру заңы, емленің 4 негізгі принципі, 30 баптан тұратын емле ережесі қабылданады. Оны осы жылы 25-шілдеде Қазақстан орталық атқару комитеті бекітеді. Бұл емле ереже қазақ жазуы тарихындағы елеулі бетбұрыстармен, жаңа бастамалармен ерекшеленеді. Сондықтан оның ғылыми негіздерін жан-жақты, кешенді түрде әлі де зерттеу қажет.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, Телжан Шонанұлы – қазақ ғылымы мен қазақ мемлекеттігін қалыптастыруға орасан зор үлес қосқан талантты ғалым, шебер педагог, қарымды қайраткер. Ол – қазақ лингвистикасының қалыптасу, даму кезеңіндегі күрделі, өзекті тақырыптармен айналысқан ірі лингвист. Солардың бірі – ХХ ғасыр басындағы қазақ-латын әліпбиінің емле ережелері. Шонанұлы қазақ-латын емле ережелерін жасап, қазақтың латынграфикалы жазу мәдениетінің қалыптасуында ерекше роль атқарды. Т. Шонанұлы – шеттілдік терминдерді игеріп жазудың нақты моделдерін ұсынған алғашқы ғалымдардың бірі. Оның бұл тәжірибесі мен негіздемелерін қазіргі әліпби реформасында да пайдалануға болады. Ол аталған маңызды міндеттерді А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі тақырыбындағы ғылыми мұрасын терең меңгеру, дамыту нәтижесінде орындай алды. Т.Шонанұлының жазу туралы еңбектерінен А.Байтұрсынұлының қазақ лингвистикасында ашқан ғылыми тұжырымдарының нәтижесі, белгісі, болашағы байқалады. Бұл ғалымның Байтұрсынұлы лингвистикалық мектебінің өкілі екенін анық дәлелдейді. Т.Шонанұлы ХХ ғасырдың 1929-1937 жылдар аралығында Қазақстанда А.Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміндегі рөлін атқарды.

### **Әдебиет:**

1. Ахмет Байтұрсынұлының әліпби, жазу, емле туралы еңбектері: оқу құралы / Ғылыми түсініктемесін жазып, құрастырған Е.Маралбек. – Алматы: ЖК Асыл, 2023. – 584
2. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 300 б.
3. Елдес Омарұлы шығармалары. 1-2 т. / Түсініктемесін жазып құрастырушы – Е.Маралбек. – Алматы: – «Лұғат» қоғамдық қоры. – 2018.
4. Жандосұлы О., Шонанұлы Т. «Емле өзгерту жайында» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1928 ж. №138 (1165). – 3 б.
5. Күдерінова Қ.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құралы. – Алматы:

«Елтаным» баспасы, 2013. – 242 б.

6. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі (ҚБТС). – Орынбор: Қазмембас. 1924 ж. – 121 б.

7. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі / «Қазақ емлесі туралы Телжанның пікірлері» / . – Орынбор: Қазақ мемлекеттік баспаханасы, 1925. – 118 б.

8. Маралбек Е. «Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын жіктеу әдісінің ғылыми негіздемесі» // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілтануының болашақ бағдары. Алматы: «Printexpress» баспасы, 2022. – 400 б.

9. Момынова Б. «Қазақ» газеті (1913-1918): әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы . – Алматы: Қазақ тілі, 2022 ж. – 256 б.

10. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 527 б.

11. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.

12. Шонанұлы Т. «Емле туралы баяндамасы» // Емле конференциясы (стенографиялық есебі). Қызылорда: ҚАЗИЗДАТ, 1930 ж. – 110 б.

13. Шонанұлы Т. «Орыс емлесі мен әліпбиін өзгерту мәселесі» // «Еңбекші қазақ» газеті, 1929 ж. №265 (1594). – 2 б.

14. Шонанұлы Т. «Шет сөздер емлесі жайында» (Емле съезіне ұсыныс ретінде) // «Еңбекші қазақ» газеті, 1929 ж. №66 (1395). – 2 б.

15. Шонанұлы Т. «Шет сөздер емлесі жайында» (Емле съезіне ұсыныс ретінде) // «Еңбекші қазақ» газеті, 1929 ж. №67 (1396). – 3 б.

### **Г.Мұратова**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
филология ғылымдарының докторы  
Қазақстан*

### **АБАЙ СӨЗІН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ**

**Андатпа.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор Р. Сыздық – ұлы Абайдың тілін зерделеген – бірден-бір ғалым (Ұлы ақын тілі лингвистикалық тұрғыда әлі де терең зерттеуді талап етіп отырғаны белгілі).

«Абай шығармаларының тілі» атты монографиясында Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілінің қалыптасу тарихымен байланысты зерттеледі. Ұлттық жазба әдеби ті-

ліміздің даму бағыты мен принциптерін белгілеудегі Абайдың ерекше рөлі көрсетіледі. Бұл еңбек – ұлы ақын шығармасының тілін танып- білу бағытындағы маңызы зор зерттеулердің бірі. Абай шығармашылығы хақында пікір білдіру ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында басталғаны белгілі. Ұлы ақынның тіліне нақты лингвистикалық талдау жасала қоймаса да, Абайдың қазақ әдебиетіндегі алатын орны мен ұстанған бағыт-бағдары жайында құнды пікірлер айтылғаны мәлім. Ал абайтанушы ғалым Р. Сыздық – абайтану әлемінің тіл біліміндегі осы желісін құнды зерттеулерімен жалғастырған ғалым.

«Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» монографиясында өлеңді ұйқас өрнегіне, ритм өлшеміне, композициялық құрамына қарай талдайды. Абайдың өзіне дейінгі әдеби дәстүрді қалай пайдаланғанын және поэзия синтаксисіне еңгізген өзгерістері мен жаңалықтарын ашып көрсетеді.

«Абайдың сөз өрнегі» атты зерттеу еңбегінде ақын поэзиясының көркемдігі мен бейнелілігін және сол көркемдікті тудыратын түрлі амал-тәсілдерді анықтайды. Зерттеуші ғалым лингвистикалық талдауларды әдебиет теориясының заңдылықтарымен сабақтастыра ұштастырады. Абайдың поэзиядағы шеберлігін, сөз қолданудағы айшықты өрнегін әр қырынан талдайды. Зерттеуде, негізінен алғанда, Абайдың поэтикалық тілінің көркемдігі лингвистикалық тұрғыда тереңнен сөз болады. Абай шығармаларының тілін поэтикалық тіл деңгейімен өрелестіре қарайды. Ғалым Абайдың сөз өрнегін зерттеуде ақынның өз шығармаларымен шектеліп қалмай, оның алдындағы ауыз әдебиеті үлгілерімен байланыстыра қарап, әдебиеттегі дәстүр жалғастығымен салыстыра отырып, тың пікір білдіреді.

Көрнекті абайтанушы ғалым Р. Сыздық Абай мұрасының тілін, тіл көркемдігін, одан әрі танып, таныту үшін тіл білімінің жаңа бағыттарына, жаңа теорияларына бет бұру – бүгінгі тіл мамандарының басты міндеті деп санайды. «*Абай тілі*» атты таным саласы аяқталмаған, әрі кең өрісті, одан әрі қарай кемелдендіре беретін ғылым саласы.

Қаншама заман ауысып, қанша буын ұрпақ жаңарса да, ұлы ақынның «қуаты күшті нұрлы сөзі» жаңа қырынан ашылып, жаңғыра берері сөзсіз.

**Тірек сөздер:** Абайтану, қазақ әдеби тілі, Абайдың тіл әлемі, көріктеу амалдары, Абай поэтикасы, сөз құбылту, тілдік ерекшелік.

**Abstract.** Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philological Sciences, Professor R. Syzykova is the only scholar who has studied the language of the great poet Abai. (It is known that the language of the great poet still requires in-depth linguistic research.)

In her monograph “The Language of Abai’s Works,” Syzykova examines Abai’s literary heritage in connection with the history of the Kazakh language. She highlights Abai’s unique role in defining the direction and principles of the development of the

national written literary language. This study is one of the most important in the field of examining the language of the great poet's works. It is known that the first discussions of Abai's work began in the late 19th and early 20th centuries. Although specific linguistic analysis of Abai's language had not yet been conducted, valuable opinions about his place in Kazakh literature and his direction were expressed. Abai scholar R. Syzdykova is the scholar who continued the investigation of the language within the field of Abai studies.

In her monograph "Syntactic Structure of Abai's Poems," she analyzes rhyme, meter, and composition of the poems. Syzdykova reveals how Abai utilized literary traditions of his predecessors, as well as the changes and innovations he introduced into the syntax of poetry.

In her research work "Abai's Word Art," she identifies the artistic and figurative elements in the poet's poetry, as well as various techniques that contribute to this artistry. The researcher connects linguistic analyses with the principles of literary theory. She comprehensively analyzes Abai's mastery in using expressive language. The study mainly discusses the artistic qualities of Abai's poetic language from a linguistic stylistic perspective. The scholar examines Abai's language at the level of poetic language. In studying Abai's word art, she not only focuses on his works but also considers them in the context of oral literary traditions, comparing them with continuity in literature.

Abai scholar R. Syzdykova believes that for further understanding and popularizing the language and artistry of Abai's heritage, it is necessary to turn to new directions and theories in linguistics, and this is the task of contemporary language specialists. She points out that the field of Abai's language study is incomplete and needs to be further expanded.

**Keywords:** Abai studies, Kazakh literary language, Abai's linguistic world, rhetorical devices, Abai's poetics, word transformation, linguistic features.

**Аннотация.** Академик Национальной Академии Наук Республики Казахстан, доктор филологических наук, профессор Р.Сыздыкова – ученый, который исследовал язык великого Абая. (Известно, что язык великого поэта все еще требует глубокого лингвистического исследования).

В монографии «Язык произведений Абая» литературное наследие поэта исследуется в связи с историей становления казахского языка. Показана особая роль Абая в определении направления и принципов развития национального письменного литературного языка. Это исследование является одним из важнейших трудов в области изучения языка произведений великого поэта. Известно, что первые отзывы о творчестве Абая начали появляться в конце XIX – начале XX века. Хотя конкретный лингвистический анализ языка Абая еще не был проведен, были высказаны ценные мнения о месте Абая в казахской литературе и его направлении. Абаевед Р.Сыздыкова – это ученый, продолживший исследование языка в области абаеведения.

В своей монографии «Синтаксическое строение стихов Абая» она анализирует

рифму, размер стихов и композицию произведений. Р.Сыздыкова раскрывает, как Абай использовал литературные традиции своих предшественников, а также изменения и новшества, которые он внес в синтаксис поэзии.

В исследовательской работе «Словесное искусство Абая» она определяет художественные и образные средства в поэзии поэта, а также различные приемы, которые способствуют созданию этой художественности. Исследователь связывает лингвистические анализы с законами литературной теории. Она всесторонне анализирует мастерство Абая в использовании словесных средств выразительности. В исследовании в основном рассматривается художественность поэтического языка Абая с точки зрения лингвостилистики. Ученый рассматривает язык произведений Абая на уровне поэтического языка. В изучении словесного искусства Абая она не ограничивается только его произведениями, но и рассматривает их в контексте традиций устной литературы, сравнивая их с преемственностью в литературе.

Абаевед Р.Сыздыкова считает, что для дальнейшего познания и популяризации языка и художественности наследия Абая необходимо обращаться к новым направлениям и теориям в языкознании, и это задача современных специалистов по языку. Она указывает на то, что область познания языка Абая не завершена и ее нужно продолжать расширять.

**Ключевые слова:** Абаеведение, казахский литературный язык, языковой мир Абая, средства выразительности, поэтика Абая, преобразование слов, языковые особенности.

Бүгінгі қоғам мен адамзат әлемі жаһандануға байланысты жаңғыруды бастан кешіп отырған жағдайда, Абай Сөзі өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу тұғырнамасы ретінде аса өзекті. Соған сәйкес, қоғамдық сананы ұлттық мәдениетпен қаруландыруда Абай сынды ғұламаның ой-толғамын, ой-танымын сана сүзгісінен өткізіп отырумыз қажеттігі сөзсіз. Бұл ұлт пен ұрпақтың кемелденуі үшін, тәрбие тіні берік болуы үшін де аса маңызды болып табылары хақ. Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың: «Абай мұрасы – біздің ел болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық», – деген [1] пікірі ұлт болашағын тәрбиелеу мен ұлттық сананы жаңғыртуға қатысты өзектеле түсері ақиқат .

Абай әлемі – қазақтың әлемі. Ол – қазақ халқының ұлы ақыны ғана емес, адамзаттың ұлы ойшылы дәрежесінде бағаланып отырған кемеңгер тұлға. Дананың ғибратқа толы ойлары мен ұлағатты тағылымдары әркез өміршең, әрдайым көкейкесті...

Қазақтың бас ақыны – Абайдың суреткерлік шеберлігі мен ой-таным әлемі осы тұрғыда жан-жақты саралану үстінде.

Ұлттық ғылымдағы А.Байтұрсынов, Қ.Жұбановтар негізін қалаған, абайтану әле-

мінің тіл біліміндегі желісін жалғаған – ғалым Р. Сыздық. Ол Абай шығармаларының тілін нақ лингвистикалық тұрғыдан сараптаудың үлгісін көрсетіп, соған сәйкес зерттеудегі олқылықтың орнын толтырғаны белгілі.

Парасаты терең ойшылдың тұжырымдарын түсінуге, түйсінуге және одан әрі саралауға да соған сай келетін, парасат иесі керек.

Ол – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық деп танымыз. Ұлы Абайдың тілін зерделеген – бірден-бір ғалым. Абай мұрасын тілтану тұрғысынан зерттеудің классигі – академик Р. Сыздықтың Абайтану ғылымына қосқан үлесі орасан зор. Абайдың тілдік әлемін терең де, толымды, ғылыми биік өреде зерделеген ғалымның еңбектері – қазақ ғылымының, оның ішінде, абайтанудың үлкен олжасына айналды.

Ол Абай Сөзі құпиясының сырын ашып, Абай сөзінің құдіреті мен қуатын, әсемдігі мен әсерлілігін жарқырата көрсетті. Абайдың тіл әлемін – қазақ әдеби тілі мен қазақ көркем сөзінің айбыны асқан, айдыны кеңейген яғни кемеліне келген, кемері толған сөз дариясы сипатында айқындап берді. Ғалым Р. Сыздық ақынның тіл кестесін лингвокогнитивтік аспектіде зерттей отырып, сөз зергерінің көркемдік әлеміндегі ізденістерін толымды лингвистикалық зерттеудің нысаны етіп белгілейді. Абай даналығын оның тілін зерттеу арқылы «көкірегі көзді», санасы сергек, яғни «ақыл көзбен қараған», «ой-көзімен тыңдаған», көкірегі сезімді ойлы жасқа ұқтыруды өзінің ғылыми мақсаты мен лингвистикалық талдаудың өзегіне айналдырады.

Абайтанушы ғалым Р. Сыздық «Абай шығармаларының тілі» (1968) атты іргелі зерттеуінде Абайдың қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы ретіндегі мәртебесін өз дәрежесінде ұлықтап береді. Бұл еңбек – ұлы ақын шығармасының тілін танып-білу бағытындағы маңызы зор зерттеулердің бірі.

Ұлы ақынның тіліне нақты лингвистикалық талдау жасала қоймаса да, Абайдың қазақ әдебиетіндегі алатын орны мен ұстанған бағыт-бағдары жайында құнды пікірлер айтылғаны мәлім. Ал абайтанушы ғалым Р. Сыздық – абайтану әлемінің тіл біліміндегі осы желісін құнды зерттеулерімен жалғастырған ғалым. Осы монографияда Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілінің қалыптасу тарихымен байланысты зерттеледі, ұлттық жазба әдеби тіліміздің даму бағыты мен принциптерін белгілеудегі Абайдың ерекше рөлі көрсетіледі.

Зерделі ойымен әрдайым озық отыратын ғалымның бұл тұрасындағы пікірі де толымдылығымен айқындалады: қазақтың ауызша әдеби тілін Абайдың терең білгендігі; ұлттық тілдің толыққанды сын-сипатын саралағаны; жаңа кезеңге көтергені; дамудың жаңа бағытын бастап бергені – барлығы қосыла келіп, қазақ халқының жаңа жазба әдеби тіліне ұласқанына қатысты ғылыми тұжырымдар жасалады. «Бұл тіл қазіргі ұлттық, мемлекеттік тіліміздің бастамасына, арқауына және іргетасына

айналды», – деп пайымдайды. Ғылыми тұжырымға ден қойсақ, осы сараптамалы ой-қорытудан шығар түйін: «Абай – қазақтың жаңа сапалы әдебиеті мен жазба әдеби тілінің негізін қалаушы» деген идеяға дәйекті дерек болғаны анық. Абай тұсындағы қазақ әдеби тілінің түрлері, даму сипаты, қызмет ету аясы әлдеқайда күрделене түскен болатын. Академик Р. Сыздықтың атап көрсеткеніндей, «Абайдың азаматтық, жазушылық бет-бейнесін жасаған – өз тұсындағы қазақ қоғамының мүддесі мен талабы» [2, 509]. Бұл пікір зерттеуші ғалымның «тіл-қоғамдық құбылыс» деген аксиоманы басшылыққа алғанын танытса керек. Абайдың тұсында және сәл алдында қазақ халқының мәдени-рухани дүниесінде ауызша да, жазбаша да тараған әр алуан әдебиет саласы болғаны мәлім. Қоғамның өсіп келе жатқан рухани-эстетикалық мұқтажын өтеуде Абай тілінің атқарған қызметі орасан зор болды. Бұл ұлы ақынның қазақ әдеби тілінің дамуына қосқан үлес-салмағын нақты анықтап берері хақ. Тіл өз дәуірінде жаңа сатыға көшкенде оның алдыңғы кезеңдерден ерекшеленетін белгілері болуға тиіс. Ол белгілердің пайда болуына Абайдың қосқан үлесі қандай? – деген сұраққа Р. Сыздықтың зерттеулері нақты жауап беріп келеді.

Зерттеуші ғалым ақын поэтикасының кемелдену жолын әр сөздің астарына үңіле отырып, әр сөздің мағыналық құбылысын «жіті» бақылай отырып, көркемдікке қалай қызмет еткенін саралап көрсетеді (көңілге ажым салу, күлкі сату, жүзін сату, адам сауу, қулық сауу, күлкінің ерні кезеру және т.б. стиллемалардың көркемдік қызметі арқылы анықтайды). Абай қазақ өлеңінің сөздік құрам түрін мына тұрғыда сапалы өзгерткені анықталады: бұрын өлең тілінде көп қолданылмайтын сөздерді белсенді қолданып, поэзия сөздігін оның тақырыбы мен стиліне сәйкестендіреді; өлең мәнмәтініндегі сөздердің стильдік жүк арқалауы, экспрессивке айналуы күшейеді; қазақ поэзиясы тілінің фразеология саласына өзгеріс-жаңалық енгізеді (*жапырақтың жамырауы, ойдың мөңіреуі, ант шайқау, көңілдің бәйгеге шабуы, үрпейген жүрек және т.б.*).

Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға көтергенде бұрынғы бағыттардың күллісін жоққа шығармағандығын, керісінше, ең алдымен, өмірлік белгілерін сақтап, әрі қарай дамытқанын ғалымдық зердемен тереңдете талдап береді [2, 44].

Сөйтіп, Абай поэтикасының лингвистикалық деңгей-дәрежесін айқындауда немесе «білгенге – маржан, білмеске – арзан» сөздер сырын саралау мақсатында және кейінгі толқынға ақын ойының терең құндылығын таныту жолында лингвокогнитивтік, прагматикалық бағытта толымды зерттеу жүргізеді. Көркем сөз зергері – ұлы Абайдың ана тілінің заңына орайластырып, *сөз байытудың түрлі амал-тәсілдерін жетілдіргенін; бейнелілік пен көркем ойды кемелдендіргенін; көріктеу амалдарын нағыз шеберліктің үлгісі ретінде бере білгенін* тілдік талдаулар арқылы дәйектейді. Соның бір дәлелі: метафораланған перифраздық тіркесті фразеологизмге айналдырушы стимулятор – амалдар ретінде етістіктердің семантикасын шебер үйлесімділікпен қабыстырады. Мысалы, адамның ішкі жан дүниесін бейнелеп атауда, көңіл-күйді



білдіруде, мына тәрізді етістікті тіркес болып келетін перифраздардың ішкі мағынасына жүгінеді: *үміттің аты елеру* (қатты үміттену), *көңілдің күні өшу* (үміті үзілу), *көз майын ағызу* (зар-мұңын айту) т.б. [2, 126].

Жаңа фразеологизмдерді жасауда ақын поэтикасында семантикалық өрісі әртүрлі сөздердің тіркесімін Абайдың тілдік тұлғасы бейнелілікке тудыруға қалайша, бағыттағанын айқындап береді (*көңілдің жайлауы, саңырау қайғы, иман жүзін тоздыру, қорлыққа жығылу, т.б.*) [2, 138].

Абай дәуіріндегі әдеби тіл мен «кітаби тілдің» рөлі және ұлы ақынның жаңа сапалы жазба әдеби тілдің негізін салудағы зор үлесі, Абай нәр алған бұлақ-көздер жайы сөз болады. Абай шығармалары тілінің негізгі арналары: халық ауыз әдебиеті мен ауызекі сөйлеу тілінен, сонымен қатар, Абай заманы мен Абайға дейін өмір сүрген ақын-жыраулар шығармаларынан нақты деректер келтіреді.

Абай ақын табиғаты бөлек, өзге тілдік элементтерді де жүйелі талдайды. Абайтанушы ғалым Р. Сыздық Абайдың шығыс сөздерін қолданудағы мәдени өресінің биіктігіне нұсқай отырып, халық ақынының өз оқырман тыңдаушысымен үнемі санасып отырғандығын жақсы аңғарған [2, 84]. «Абай қалың оқушыға (қарапайым тіл тұтынушысына) арналған Сөздерінде бейтаныс, жат сөздерді аса сақтықпен қолданған. Философиялық, теологиялық шығармаларды шығыс тілінде еркін оқыған, шет сөздерді шетін көрмеген білімдар Абай өзіне түсінікті, өзгеге беймәлімдеу сөздерге сергек қарап, сирек қолдануы тыңдаушысын сыйлағаны, олардың білім деңгейімен санасқаны» [3, 61], – деп танымыз. Абай шығармалары тілінде өзге тілдік элементтердің қолданылуының бірнеше уәжі бар. Араб, парсы, шағатай, орыс тілдерін еркін меңгеріп, сол тілдердегі өнер туындыларын терең білген Абай ақын, осы тілдердегі кейбір сөздерді тілін шұбарлау үшін емес, түрлі стильдік мақсатпен саналы түрде қолданғаны анық. Әсіресе, әлеуметтік, саяси-экономикалық, білім мен мәдениет салаларына қатысты лексемаларды кейде мағынасы жағынан жаңғыртса, кейде өзге тілден сөз қабылдау арқылы жаңа тұлғаларды әдеби тілдің «үйіріне» қосады. Мысалы, «Қазысы оның – ары мен бір-ақ Құдай»; «тағрибқа тілім қысқа аһ»; «антгасын алқайды»; «Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі – қадірлі, орысша образование алған кісі болсын»; «закон қуаты»; «фиғыл ғазимләрі»; «жәуанмәрттілік» және т.б.

Өзге де кірме элементтердің Абайдың поэзиялық туындыларына қарағанда прозалық шығармаларында жиірек кездесуінің себебі, оның ғылыми публицистикалық стилінің ерекшелігіне сәйкес келетіндігін дәл тауып көрсетеді. Олардың Абайдың тілдік тұлғасының қалыптасуына тигізген әсер-ықпалын және ұлы ақынның сол қазына-байлықты әрі қарай қалай жетілдіргенін дәйекті дәлелмен «сөйлетеді». Сөйтіп, тыңдаушысын «сәулелі ойға» жетелеуді өз ғылыми шығармашылығының арқауына айналдырады. Профессор Р. Сыздық бұл еңбекте ұлы ақынның жазба тілге тән мә-

тін құрау амалдарын және тіл көркемдігінің заңдылықтары мен шарттарын қалай меңгергендігін негіздеп береді.

Қарасөздері – Абайдың пайым-парасаты мен білім-білігінен туған рухани құндылық. Ол ойшыл тұлғаның ақыл-ойының өрісі, яғни оның сөз арқылы берілген көрінісі. Ал оны жеткізу амалы өзгеше, тың форматта болғанын абайтанушы ғалым Р. Сыздық нақты мысалдармен дәлелдейді. «Қарасөздердің тілі қалай өрілген» деген теориялық талдамасында ғылыми негіздегі жүйелі әрі толымды сараптама жасалады. «Сөйлеу тілі стилін автор өзі әдейі таңдаған, бұған қарасөздерінің жазылу себептері мен Абай сөз арнаған адресаттары мәжбүр еткен» [2, 562]. Абай қарасөздерінің дискурсында көркем әрі кемел ойға суарылған афоризмдердің жиі кездесу себебі – Абайдың қуатты ойы мен кемел білімінің өрісін танытып, халық тілі қайнарынан нәр алғандығының айғағы болса керек [3, 280]. Әр шығарманың тақырыбы мен жанрына қарай сөз саптауы (стилі) бір-бірінен өзгеше болып келуге тиісті екендігін Абай бұл жерде де тап басқан... Абайтанушы ғалым бұл тұста ақынның – функционалдық стильді шебер қолданғанын атап көрсетеді [2, 197].

«Абай өлеңдерінің синтаксисі» (1970) – жалпы қазақ өлеңінің синтаксистік құрылысын талдаған алғашқы еңбек болуымен қатар, Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын да алғаш рет қарастырған зерттеу болып табылады. Осы зерттеуде лингвист-ғалым Р. Сыздық мына мәселелерді тілдік тұрғыдан алғаш рет зерттеу нысанына алады: Абай туындыларының синтаксистік амал-тәсілдерінің проза синтаксисінен өзгешелігі қандай; өлеңнің ұйқас өлшемі, композициясы; өлең құрайтын компоненттердің бір-бірімен байланысу амалдары қандай деген мәселелердің сырын ашуды көздейді [2, 221]. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын зерттеуші, филолог-ғалым Р. Сыздық: «Абай ақын – архитектуралық жағынан қазақ поэзиясында бұрын жоқ жаңа түрде жазылған шығармаларын, дүниеге әкелгенін дәлелдейді» [2, 165]. Мысалы, өлең өлшемі, ырғағы, ұйқас түрі «өзгеше», индивидуалды (жеке) стильдегі мына өлең өрнектерін дәлел ете аламыз:

Бетті бастым,  
Қатты састым,  
Тұра қаштым жалма-жан...  
... Сырласа алмай,  
Сөз аша алмай  
Толды қайғы кеудеге...  
... бейілі шикі,  
Ақылы күйкі  
Осы жұрт па тапқаның...

Немесе «мына өлеңдерінің қатар түскен тармақтар грамматикалық тұлғалары бір-келкі параллельден басталады. Тармақ басындағы сөздер морфологиялық құрылымы

жағынан біркелкі тұлғалармен келген», – деп көрсетеді зерттеуші [2, 152].

Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ қарғып түсем деп...

Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып...

Зерттеуші-ғалым Р. Сыздық өзі атап көрсеткеніндей, ақын Абайдың сөзді «қиыннан қиыстырған», сөйлем құраудағы шеберлік лабораториясына үңілмес бұрын, шығарманың сөздік құрамы мен грамматикалық тұлғасын таза лингвистикалық тұрғыда жүйелеп береді. Бұл ұлы ақынның өзіне тән стилін синтаксистік деңгей бойынша да айқындауға қатысты бағалы бағдар болып табылары анық.

Профессор Р. Сыздықтың зерттеу еңбегінің келесі бір құндылығын да атап өткен жөн. Ол – тіл дамуының Абай дәуіріндегі жалпы деңгей-дәрежесі, сол кезеңдегі грамматикалық тәсілдердің актив-пассивтігі, жекелеген сөздердің «ескі» – жаңалығы, олардың нормалану үрдісі, сондай-ақ, ақын Абайдың жеке өзіндік стильдік ерекшелігі мен шығармашылық жаңалығына қатысты мәселелерді ғылыми «қырағылықпен» байыптай білген. Мысалы, түркі тілдерінде, оның ішінде, қазақ тілінде – *сы*, – *сын* жұрнақтары сөйлеуші өзін біреуге, не бір нәрсеге ұқсатуға тырысу немесе істемеген әрекетін істеген болып көлгірсу сияқты мағына тудыратын етістіктер осы жұрнақтар арқылы жасалатыны белгілі. Ақын Абай өз тұсындағы, қазақ қауымындағы «сөзуар, білгіш, заңөшік көргіштерді», «малдан басқа мұңы жоқтарды» көріп, солардың бойындағы ең жағымсыз қылықтардың бірі көлгірсуді сынайды. Яғни, бір нәрсені білмесе де білгенсін, «мұрнын қисата тартып тұрып, әсемситін», «бойы бұлғаң, сөзі жылмаң бола тұрып», бір міні жоқ бендеситіндерді әшкерелеп түзетпек болады [2, 63].

Шындығында, Абайдың сыни көзқарасын танытатын әлеуметтік мән иеленген шығармаларында кездесетін *еркесу*, *серкесу* («Еңбегі жоқ еркесіп, Бір шолақпен серкесіп»), *қайраттысу*, *қамқорсу* («Қайраттысып, қамқорсып, Сайманымды бүтін-деп»), *жер тәңірісу* («Жер тәңірісіп кермағыз»), *әсемсу*, *сәнсу* деген окказионал қолданыстардың прагматикалық әсер-ықпалы зор. Мәнмәтінде атқарып тұрған қызметі – нағыз өткір сынмен шындыққа шырай кіргізу. Абай танымындағы дүниенің тілдік бейнесі, өзіндік индивидуалды қолданыстар осылайша көрініс тапқан [3, 145].

Абайдың сыншыл зердесі – адам бойындағы бүкіл адамзатқа ортақ, сонымен қатар, кез келген ұлтта да кездесетін кесапат-жамандыққа «рухани соғыс» ашты. Келешек ұрпаққа кесірін тигізбеу үшін Сөз – қаруымен қарсы тұрды! Күресті! Осы мәселелерді сыншыл ақын ұлы сия, ащы тілімен қалайша сын тезіне салғаны ғалым зерттеуінде нақты тілдік деректер арқылы беріледі.

«Қайнайды қаның, ашиды жаның мінездерін көргенде» деп ақын күйінсе, олар

«Амалдап қарағайды талға жалдап, Әркім жүр алар жердің қамын жалдап» әрекетіне көшеді. ...Мінезі бүлінген ел «аулаққа шықпай, сыбырлап бұқпай» еш сөзге мейірленбеді». Одан қалды, «тасыса өсек, ысқыртса кесек, құмардан әбден шыққаны» осының бәрі ащы запыран-сөз болып төгілді.

Туған халқының рухын асқақтату бар мақсаты болған Абай ұлтының намысын қайрады, жігерін жасыту үшін емес, жасампаз ету үшін «Жігерлен, сілкін»// «Қайраттан, беркін» деп насихат берді, «Сегіз аяқ» өлеңінде. Ақын шығармаларының астарына «жасырынған» жан күйзелісі қазақ халқының қасіреті мен рухани күй-қалпына айналды.

«Баста ми, қолда малға талас қылған, күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын», – деп не айтпақ болды Абай дана? Бұл ойды қалай салмақтаймыз? [3, 55-56]

Ұлы М.Әуезовтің ой-пікірімен сабақтасақ: «Рәбиға Сыздықтың сөзіндегі бір ерекшелік: тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл құдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты».

«Абайдың сөз өрнегі» (1995) – ерекше зерделеп тануды талап ететін іргелі еңбек. Сүбелі ой иеленген, терең зерттеушілік пайыммен жазылған бұл монографияда Р. Сыздық Абай тілін өнер дәрежесінде бағалап, өз биігінен қарайды. Сөз зергерінің шеберлігін тану мен талдаудағы өзекті мақсаты – суреткердің сөз өрнегінің сырларына қанығу. Ақынның сөз кестесін: көркемдеу тәсілдері мен көріктеу құралдарының идеялық қуатын, эстетикалық әсерін ашып көрсетуді зерттеушілік мақсаты етіп белгілейді. Соған орайластыра, Абайдың поэтикалық тілін тануды ақынның «өзіне тән қолтаңбасын» айқындаумен салаластыра сабақтайды. Ғалым өлеңдегі мазмұн мен түрдің сәйкес келуі – Абайдың сөз таңдауда ұстанған басты принциптерінің бірі екендігін айқындайды. Көркемсөз зергері – Абай ұлттық қазынадан тандап алған сөздерін стильдік тұрғыда белсенді жұмсай отырып, айтпақ идеясының тілдік репрезентациясы (көрінісі) ретінде танытады. Әр адамның ғұмыр жолында жиі кездесетін қайғы-қасіреттің, мұң мен зардың мың батпан салмағын сездіру үшін *қайғы* лексемасын 60-тан аса қолданады. Абай әлеуметтік тақырыптарды жиі қозғай отырып, өз заманының саяси-әлеуметтік суретін таныту үшін жалпы халықтық тілдегі сөздерді сүбелі ойларын жеткізу үшін белсенді «қозғалысқа» түсіреді, бірнеше контекстерде әртүрлі стильдік мақсатта қайталай қолданады: *құлық* (32), *мақтан* (56), *қорлық* (19), *қызық* (72) т.б. сияқты сөздерді лингвокогнитивтік мақсатта, стильдік көріктеу амалының қатарында қолданады.

Лингвист-ғалым Абай сөзінің ішкі сұлулығын шығарма астарындағы терең мағына, сырлы мазмұнымен байланыстырса, сыртқы сымбатын дыбыстық үндесім мен әуезді үйлесімнен іздейді [2, 140-162]. Мысалы, бір сөзді әртүрлі септікте келтіріп, лексикалық анафора жасайды екен.

Әркімді *заман* сүйреме,  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жаман күйлемек,  
Замана оны илемек...

Анафоралық қолданыстардың эмоциялық бояуы күшті, берер прагматикалық әсері адам-пенденің өз ортасы мен өз уақытына «тәуелділігіне» меңзейді.

«Абайдың ұстаздық мақсаты жеке адамдарды жаманшылықтан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетпек болды», – деген пайымның шындығы шығармалар мазмұны арқылы ашылады, сөз қуаты мен көркем тілі арқылы «ақылға сәуле қондырады».

*Қорытынды түйін.*

Абайтану ғылымын биік белеске көтерген, Абай сөзінің құдіретін парасаттай білген абайтанушы ғалым Р.Сыздық – А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов негізін қалаған Абай тілін танушылардың (зерттеушілердің) алдыңғы легінен орын алып тұрғаны аян. Бүгінгі қазақ тіл біліміндегі филолог-ғалымдар қатарынан, *Абай тілі* деген тың дүниеге түрен салушы! Абай шығармаларының тілін, яғни Абай Сөзін тілтанымдық негізде зерделеген еңбектерінің ғылыми танымға қосар үлесі зор.

- Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі, профессор Р.Сыздық Абай тілдік тұлғасының қалыптасуын, ақынның дүниенің тілдік бейнесін көркемдеудегі суреткерлігін, ұлт өкілі ретіндегі когнитивтік деңгейін өзінің ішкі түйсігі, ғалымдық байқағыштығы арқылы зерделей білді;

- Тіл біліміндегі жаңа бағыттар аясында саралайтын болсақ, абайтанушы ғалым зерттеулері мына ғылыми мәселелермен өзектес келгені дау тудырмайды:

- Ғалым Р. Сыздықтың Абай тілін зерттеуге байланысты еңбектері бүгінгі антропоөзектік тіл ғылымы талаптарына толық сәйкес келеді. Тіл білімінде қазіргі таңда белсенді сипат иеленіп отырған, соны ғылыми бағдарлар мен жаңа бағыттағы зерттеу еңбектерімен өзектес келіп отырғаны айқын. Абай сынды тұлғаның әлеуметтік мінездемесі, дүниетаным деңгейі этноұлттық болмысы, сол ұлы ақынның поэтикалық әлемі арқылы танылатындығын академик Р.Сыздық өз зерттеулері арқылы дәлелдеп берді.

- Абай тілдік тұлғасының когнитивті және прагматикалық деңгейін талдау және белгіленген әр деңгейдің жүзеге асуын нақты көрсету арқылы бірқатар лингвистикалық мақсат-міндеттердің шешілуіне мұрындық болды:

- тілдік тұлғаның ойлау мәдениетінің биігі – оның қазақи болмыс-бітімін танытады. Әрбір көркем шығарманы – ұлттық мәдениет түзілген құнды кешен десек, ал ол өз кезегінде (сол көркем мәтіннен) ұлт тілінің қуат-күші танылатындығы Абай шығармаларының тілі арқылы дәлелденді.

- Абайдың тілдік тұлғасы арқылы ұлттық танымды, тіл мен мәдениет сабақтастығын, «тіл мен ұлт біртұтас» қағидасын негіздейді. Мәдениет пен тіл сабақтастығы бірлігінде қарастыруға негіз қалайды;

- Абайдың философиялық түйін-тұжырымдары – тілдік тұлға болмысының бір қырын көрсететіндігі сараланады;

- Абайдың тілдік тұлғасының қалыптасуына өз ұлттық мәдениеті мен өзге мәдени аядағы білімдер тоғысының ықпалы зор болғанын айқындайды;

- Абайдың тілдік тұлғасы философиялық түйіндемесімен ерекшеленеді. Дәуір келбетін, уақыт табын, қоғам шындығын дәл беру үшін афористік қысқа түйін түйеді. Абай афоризмдерінің прагматикалық әлеуеті осылай таразыланады.

Ғалымның мақсаты да – әр сөздің қуат-күшін, әр сөздің астарын тану және таныту болғаны анық.

Міне, академик Р. Сыздық «Абай және қазақтың әдеби тілі» деген *егіз өрімді* терең де, жан-жақты, биік парасатпен, ғалымдық жоғары өремен, салауатты пікірлерімен, салихалы тұжырымдармен зерделеп берді. Сөйтіп ойтаным қорытындысы мен ғылыми бағдарын кейінгі толқын зерттеушілерге аманаттап кеткендей... Абай тілін зерттеу жалғаса бермек...

*...Осы іргелі зерттеуді әрі қарай өз деңгейінде жалғастыру – бүгінгі ғылыми зерттеулерден аса үлкен жауапкершілікті талап етеді. Абай тілін тереңдей тану – бүгінгі тіл мамандарының алдында тұрған іргелі міндет.*

Қазақтың ұлы ақыны Абайды адамзат руханиятына зор үлес қосқан бірегей Тұлға дәрежесінде танып, оның мұраларын ұлттық сананың ұстыны ретінде ұрпақ санасына әрі қарай сіңіре беру қажеттігі айқын.

Абай тілін зерделеудің болашақ бағдары.

*Ғалымның Абай тілін зерттеуге байланысты темірқазық етіп алған мақсат-міндеттерін біз былайша пайымдаймыз:*

Абай мұрасы – мәдени-тарихи мұра. Ал мұраны сақтау, асыл қазынаны бағалау тек Абайдың тұлғасына ғана көрсетілген құрмет емес. Абай Сөзі, ең алдымен, ұлттық санаға қозғау салар болашаққа бағдар санатында парасатталуы керек.

Абай тілі деген парасат әлеміне дендеп еніп, терең бойлау үшін данағөй ақынның әр сөзін «құлақпен қармап қана қоймай, жүрекпен тыңдап, ой көзінен» өткізуіміз қажет десек, ол мақсатқа қалай қол жеткіземіз?

Абай поэзиясы – қазақ сөзінің құдыретін танытумен бірге, ұлттың биік санасының көрінісі екені ақиқат. Ұлы дала перзентінің өркениет көшіндегі өзге ғұламалар қалдырған құндылықтармен өрелес, терезе теңестіре алатын парасат әлемін одан әрі таныта беруге міндеттіміз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «...Ең алдымен, Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек... Ғұлама

Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады», – деп ой қорытады.

Абай тәрізді ақындық мектепті, ақыл ой әлемін зерттеп, тауысу мүмкін еместігіне Абай мұраларының тілдік, танымдық құндылығы дәлел бола алады. Ұлттық ақыл ой көсемінің кемеңгерлігі мен рухани байлығын өз деңгейінде бағалай білер парасат болса ғана даналықты зерделей аларымыз аян. Олай болса, *Қазақтың бас ақыны Абайдың суреткерлік шеберлігі мен ой-таным әлемін сөз құдіреті арқылы парасаттай алған, биік білім иесі, зерделі ғалым Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық екені даусыз*. Оған Абайдың ақындық, азаматтық Тұлғасын танытқан ғылыми зерттеу еңбектері толық айғақ бола алады.

### Әдебиет:

1. Тоқаев Қ. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. //«Егемен Қазақстан». 9 қаңтар, 2020 жыл.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Т2, – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 580 б.
3. Мұратова Г. Абай тілі және қазақ тілі білімінің мәселелері. – Т.1. Абай сөзі – парасат әлемі: лингво-танымдық зерттеу. Нұр-Сұлтан, 2021. – 228 б.

### К.Енсебаева

*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАРЫ!

Андатпа. Алаш зиялыларының бірі, әрі бірегейі Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы жайлы сөз қозғамау мүмкін емес. Қазіргі қазақ тіл білімінің негізін қалаған алаш зиялыларының бірі, ұлы ұстаздың синтаксис саласына қатысты ғылыми тұжырымдары бүгінге қалдырған мол қазына болып табылады. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, қаратпа, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Сол еңбектің үшінші кітабы синтаксис саласына арналған. Онда синтаксистің зерттеу нысаны жан-жақты қарастырылады. Мақалада біз ғалым тұжырымдарының қажетті деген тұстарына тоқталуды жөн санадық.

**Тірек сөздер:** тіл құрал, синтаксис, зерттеу нысаны, лингвистикалық атау, қазақ тілі грамматикасы.

**Abstract.** It is impossible not to mention the scientific heritage of one of the unique intellectuals, Alash Akhmet Baitursynuly. The scientific discoveries of the great teacher in the field of syntax, one of the intellectuals of Alash, the founder of modern Kazakh language education, are a rich treasure that has survived to this day. The scientist proposed a Kazakh name for each of the categories related to the grammar of the Kazakh language. All the various language names used today, such as noun, adjective, verb, pronoun, adverb, interjection, subject, predicate, simple sentence, complex sentence, belong to Akhmet Baitursynuly. The third book of the same work is devoted to the area of syntax. It comprehensively examines the object of syntax research. In the article, we decided to focus on the necessary points of the scientist's conclusions.

**Keywords:** language tool, syntax, object of study, linguistic name, grammar of the Kazakh language.

**Аннотация.** Нельзя не сказать и о научном наследии одного из уникального интеллектуалов Алаша Ахмета Байтурсынова. Научные открытия великого учителя в области синтаксиса, одного из интеллектуалов Алаша, основателя современного казахского языкового образования, являются богатым сокровищем, сохранившимся до наших дней. Ученый предложил казахское название для каждой из категорий, относящихся к грамматике казахского языка. Все разнообразные языковые названия, используемые сегодня, такие как имя существительное, имя прилагательное, глагол, местоимение, наречие, междометие, подлежащее, сказуемое, простое предложение, сложное предложение, принадлежат Ахмету Байтурсынову. Третья книга того же труда посвящена области синтаксиса. В ней всесторонне рассмотрен объект исследования синтаксиса. В статье мы решили сосредоточить внимание на необходимых моментах выводов ученого.

**Ключевые слова:** языковой инструмент, синтаксис, объект изучения, лингвистическое название, грамматика казахского языка.

Өткендерін ескерген – өскендіктің белгісі деген дана халық. Ендеше алаш зиялыларының бірі, әрі бірегейі Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы жайлы сөз қозғамау мүмкін емес. Қазіргі қазақ тіл білімінің негізін қалаған алаш зиялыларының бірі, ұлы ұстаздың синтаксис саласына қатысты ғылыми тұжырымдары бүгінге қалдырған мол қазына болып табылады. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» атты үш кітаптан тұратын еңбегі оқу орындарында негізгі оқу құралының бірі болды. А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұң-



ғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде айтылған болатын. Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет, – деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, қаратпа, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныкі. А.Байтұрсынұлының Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш атты кітабында тілдегі дыбыс және оның жүйесі әр қырынан қарастырылады.

Сол еңбектің үшінші кітабы синтаксис саласына арналған. Онда синтаксистің зерттеу нысаны жан-жақты қарастырылады. Мақалада біз ғалым тұжырымдарының қажетті деген тұстарына тоқталуды жөн санадық. Соның бірі – сөйлем мүшелері. Ғалым: Сөйлем мүшелері тұрлаулы, тұрлаусыз болып екіге бөлінеді. Тұрлаулы мүше болады сөйлем болған жерде қалмай айтылатын сөздер немесе қалса да қалғандығы сезіліп тұратын сөздер. Мәселен, «асыл тастан, ақыл жастан» Осындай сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер немесе керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып отырған сөздер, жаңа да қалған жерде, қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер тұрлаусыз мүше деп аталады. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) бас мүше, 2) баяншы мүше. Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Сөйлегенде бір нәрсе туралы сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететін сөз бас мүше болады. Ол нәрсенің сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз баяншы мүше болады. Жеңілдік үшін бас мүше – бастауыш деп, баяншы – баяндауыш деп аталады. Мұнан бұлай жеңілдік үшін бас мүше, баяншы мүше деп жатпай, бастауыш, баяндауыш деп қысқа түрлерін тұтынамыз, – деп бас мүше мен баяншы мүше жайлы нақты анықтама береді. Солай дей келе, **Бастауыш** болатын **сөз таптарын** атай отырып, бірнеше сөйлемдерді мысалға алып, бастауыш пен баяндауыш қалай табылатынын көрсетеді. Олар: Әуелі бастауыш болатын – атау тұлғасындағы зат есім. Мысалы: *Бала ойнайды. Ат шабады. От жанады Бала, ат, от* – атау тұлғасындағы тұрған зат есімдер. Екінші, бастауыш болатын – атау тұлғасындағы сын есім, Мысалы: *Көп қорқытады, терең батырады* Үшінші, бастауыш болатын атау тұлғалы сан есім, мысалы: *берерменге бесеу көп. Біреу тойып секіреді*. Бұл бастауыштың тысқы белгілері *бесеу, біреу* деген сөздерден табылған соң, бастауыш осылар болады. *Бесеу, біреу* атау тұлғасында тұрған сан есімдері. Төртінші, бастауыш болатын – атау тұлғалы есімдік. Мысалы: *Мен кәлдім, сен кеттің.* «Кім? », «не? » деген сұрауларға жауап беріп тұрған сөздер – *мен, сен, ол, бұл*. Сондықтан бұл

сөздер бастауыш болатыны даусыз. Сүйтіп, *мен, сен, ол, бұл* деген сөздер ішкі белгісімен де бастауыш болып шығып тұр. Бұл сөздер атау тұлғасында тұрған есімдіктер. Бесінші, бастауыш болатын – етістіктің тұйық райы мен есімшеге айналған түрлері. Мысалы: *Алыспақ жоқ, атыспақ бар. Оқу оңайланды. Жығылған күреске тоймас.* Мұнда сөз болып отырғандар: 1-інші сөйлемде *алыспақ*, 2-інші сөйлемде *атыспақ*, 3-інші сөйлемде *оқу*, 4-інші сөйлемде *жығылған*. Ішкі белгісінше *алыспақ, атыспақ, оқу, жығылған* бастауыш болады. Алтыншы, бастауыш болатын – үстеу жана үстеу орнында жүретін сөздер. Мысалы: *Әрі алыстатады, бері жақындатады, шапшаң асықтырады, соңыра кешіктіреді.* Бұл сөйлемдер *әрі, бері, шапшаң, соңыра* туралы сөйленіп тұр. Бұлар бастауыш болу керек. Сұрау бойынша да немесе тысқы белгісі бойынша дегенде де *әрі, бері, шапшаң, соңыра* деген сөздер бастауыш болады. Бұлар төрт сөздің төртеуі де не үстеулер, не үстеу орнына жүретін сөздер. Жетінші, бастауыш болатын – демеу мен демеу орнында жүретін сөздер. Мысалы: *«Әлде» аз айтылады, «ба» көп айылады, «бәлки» сирек айтылады.* Бұл сөйлемдерде сөз болып тұрған *«әлде», «ба», «бәлки»*, бұлар сондықтан бастауыш болуға тиіс. Сегізінші, бастауыш болатын – жалғаулық жаңа да жалғаулық орнында жүретін сөздер. Мысалы: *«Үшін» үш айтылғанда, «арқылы» бір де айтылмайды.* Мұнда сөз болып тұрған *«үшін»* мен *«арқылы»*. Сондықтан бұлар бастауыш болады дейміз. Бұл ішкі белгісіне қарап айтып тұрғанымыз. Тоғызыншы, бастауыш болатын – одағай. Мысалы: *Ә, құдай!», «о, құдай» – күйзелгеннің белгісі; ««тәйт!», «шәйт!» I – бұйырғанның белгісі.* Мұнда сөз болып тұрған *«ә, құдай!», I «о, құдай!», «тек!», тәйт!», «шәйт!»,* сондықтан бұл сөздер бастауыш болады. Бұл ішкі белгісімен білгеніміз. Оныншы, бастауыш болатын – бүтін сөйлем. Мысалы: *«Сенікі, менікі» деген көңіл тарлығы.* Сүйтіп, енді қорытып айтқанымызда, бастауыш болады сөз таптарының тоғызы да: 1) зат есім, 2) сын есім, 3) сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу, 7) демеу, 8) жалғаулық, 9) одағай, бүтін сөйлемдер деп бір жинақтап алады. [1]

Баяндауыш болатын сөз таптарын да әр қырынан қарастырады. Әуелі баяндауыш болады етістік. Мысалы: *Қой үрікті. Ит үрді. Адам айқайлады.* Бұл сөйлемдердің ішінде баяндауыш болатын қай сөз екенін әуелі ішкі белгісімен тауып қарайық, Баяндауыш болмақ керек қандай сөздер? – Жоғарыда айтуымыз бойынша, баяндауыш болатын сөз бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сипатын, не амалын, не жайын, не болмысын көрсету керек. Олай болса, алынған сөйлемдердің ішіндегі бастауышты тауып, сонан соң ол бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сипатын, не амалын, не жайын, не болмысын көрсететін сөзді табу керек. 1-інші сөйлем: *Қой үрікті.* Не үрікті? – қой. Бастауыш қой деген сөз болып шықты. *Үрікті* деген сөз қойдың не істегенін амалын көрсетіп тұр. Зат есімнен басқа бастауыш болып тұрған әуелі – сын есім. Мысалға алынған: *Көп қорқытады, терең батырады. «Көп қорқытады»* деген де қорқытатын шөп емес, әрине адам. *«Терең батырады»* дегенде де батыратын терең

су.екені анық. Олай болса мұндағы «көп» пен «терең» – «көп адам», «терең су» деген сөздердің орнында тұр. Жеңілдік үшін «адам» мен «су» деген сөздер айтылмаған, бірақ ойда тұр. Екінші – сан есім. Мысалға алынған: *Берерменге бес те көп, аларманға алты да аз. Біреу тойып секіреді.* «Бес те», «алты да» дегенде, мұнда нәрсе көңілде тұр. Сондай-ақ, *біреу тойып секіреді* дегенде, әрине, сан секірмейді. Олай болса, «біреу» деген сөз мұнда зат есім орнында тұр. Үшінші – есімдік. Мысалға алынған: *Мен келдім, сен келдің, ол терең, бұл тайыз.* Есімдік өзі есім орнына жүретін сөз болған соң, бастауыш болған есімдіктер зат есім орнында тұрғаны анық. *Мен, сен, ол бұл* – бәрі де зат есім орнына жүретін есімдіктер. Төртінші – етістік. Мысалға алынған; *Алыспақ жоқ, атыспақ бар. Оқу оңайланды. Жығылған күреске тоймас. Алыспақ, атыспақ* деген сөздер бұл жерде алысу, атысу, оқу – іс есімдерін керсететін етістіктен шыққан зат есімдері. «Жығылған күреске тоймас» дегенде, күреске тоймайтын жығылған мал я ағаш емес, адам екендігі анық. Солай болған соң «жығылған» деген сөздің бастауыш болып тұрғаны – «жығылған адам» дегеннің орнында тұрғандықтан. Жеңілдік үшін «адам» айтылмаған, бірақ көңілде тұр. Бесінші – үстеу. Мысала алынған: *Әрі алыстатады, бері жақындатады, шапшаң асықтырады, соңыра кешіктіреді.* Жеңілдік үшін қысқартпай айтқанда, бұл сөздер бұлай айтылар еді: *Әрі деу алыстатады, бері деу жақындатады.* Бесінші – баяндауыш болатын есімдік. Мысалы: *Медеуі – мен. Омары – ол. Өтегені – өзі.* Мен кім? – Медеуі. Ол кім? – Омары. Өзі кім? – Өтегені. *Медеуі, Омары, Өтегені* деген сөздері бастауыштар. Баяндауыш болатын сөзде ішкі-тысқы баяндауыш белгісі бұларға тиіс. Алтыншы – етістікпен қосыла одағай және басқа сөздер баяндауыш болады. Мысалы: *Мылтық тарс етті. От қылт етті. Күн жаз болды. Ет аз болды. Беретіні бес екен.* Не тарс етті? – мылтық. Не жылт етті? – от. Не жаз болды? – күн. Не аз болды? – ет. Бес несі екен? – беретіні. Жетінші – баяндауыш болады – бүтін сөйлем. Сүйтіп, баяндауыш бастауышпен жеке айтылғанда, үш жағымен ымыраласып, көпше айтылғанда, үшінші жағымен ымыраласпайтын болып шығады деп жақ-жағына саралайды. Басым жақ. Бастауыш бір жақты болса, баяндауыш онымен айтылған түрде ымыраласады. Бастауыш әр жақты болса, мәселен, бастауыш біреу емес, бірнеше болса жана әрқайсысы әр жақты болса, онда баяндауыш басым жағымен ымыраласады. Жоғарыда баяндауыш екі немесе үш, әйтеуір бір сөз емес, бірнеше сөзбен айтылған болса, «қосарлы» баяндауыш болады деп айтылды. Жай баяндауыш жай етістікпен айтылады, қосарлы баяндауыш көмекші етістіктер қосылып айтылғанда болады. Бірақ, етістік жүрмеген жерде баяндауыш болмайды. Етістіктен басқа сөз таптары баяндауыш болса, олар етістік көмегімен ғана бола алады.[2] Оларға көмек болатын көбінесе көмекші етістіктер. Етістік көмегімен баяндауыш болатын сөз таптары: 1) зат есім, 2) сын есім, 3) сан есім, 4) есімдік, 5) етістік (есімше, көсемше түрінде). Мысалы: 1) Жаман жүрісінен құл болады.

2) Жаксы жүрісінен *пұл* болады. 3) Жұп негізі *екі* 4) Оспан *осы*. 5) Ол біздің *қорғаушымыз*. б) *От жанып тұр*. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, олардан басқа сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері де бар деп жоғарыда айтылды. Бастауыш, баяндауыштан басқа мүшелері бар сөйлем жайылма сөйлем деп аталатынын айта келіп, сөйлем түрлерін атап көрсетеді.[2]

Толықтауыш деп нәрсе амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылатын сөзді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің амалын, айын, болмысын айтатын сөз көбіне баяндауыш. Солай болған соң, толықтауыш көбінесе баяндауышты толықтау үшін айтылатын сөйлем мүшесі болып шығады. «Мерген құс атты». Екінші–толықтауыш болатын сын есім. Жалғаулы күйінде. Мысалы: *Күштіден істі озды? Кім озды? – істі. Істі не қылды? – озды. Кімнен озды? – күштіден. Сондықтан «күштіден» толықтауыш болады. «Күштіден» – сын есім. Үшінші – толықтауыш болатын сан есім, жалғаулы күйінде. Мысалы: Бала төрт пен бесті қоса алмады. Кім қоса алмады? – бала. Бала не қылды? –қоса алмады. Нені қоса алмады? – бесті. Немен қоса алмады? – төртпен. Мұнда «бесті», «төртпен» деген сөздер «қоса алмады» деген баяндауышты толықтап тұр. «Бесті», «төртпен» деген сөздер сан есім .Төртінші – толықтауыш болады есімдік. Бесінші – толықтауыш болатын етістік. Етістік толықтауыш болады, көбінесе есімге айналған түрі мен есімше түрінде. 1) Мысалы: *Күресуге дәрмен жоқ*. мысалда «күресуге» деген сөз «жоқ» деген баяндауышты толықтап тұр тұр. Алтыншы – толықтауыш болатын үстеу. Мысал; «*Әні*»-ден «*міні*» көп айтылады. Не көп айтылады? – «*міні*». «*Міні*» не етеді? – көп айтылады. «*Міні*» неден көп айтылады? – «*әні*»-ден. «*Әні*» – үстеу. Осы сияқты демеу де, жалғаулық, та, одағай, да, қатта бүтін сөйлем де толықтауыш бола алады.*

Пысықтауыш сөздер деп амал пысықтау үшін айтылатын сөздерді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің амалын көрсететін сөз – баяндауыш. Сондықтан пысықтауыш сөздер баяндауышты пысықтайтын сөздер болып шығады. Бұлар баяндауышты қалай пысықтайды? Әуелі баяндауыш көрсетіп тұрған амалдың мезгілін айтып, екінші, орнын айтып, үшінші, сынын сыйқын айтып, төртінші, себебін айтып, бесінші, мақсатын айтып пысықтайды.

1) мезгіл пысықтауыш. Мезгіл пысықтауыш амалдың мезгілін көрсететін сөз болғандықтан, «қашан?», «қай уақыт?». (жалғаулы-жалғаусыз) сұрауларға жауап береді. Мезгіл пысықтауыш болатын сөз таптары. Әуелі – мезгіл пысықтауыш болатын мезгілдік үстеу.Мысалы: *Мана қар жауды*.

2) мекен пысықтауыш. Мекен пысықтауыш амалдың орнын көрсететін сөз болғандықтан, «қайда?», «қайдан?», «қалай?» деген сұрауларға жауап береді. Мекен пысықтауыш болатын сөз таптары: Әуелі – мекен пысықтауыш болатын мекендік үстеу. Мысал: *Атты арман бара жатыр*

3) сын пысықтауыш. Сын пысықтауыш амалдың сынын көрсететін сөз болғандық-

тан, «қалай?», «қалайша?», «қайтып?» деген сұрауларға жауап береді. Сын пысықтауыш болатын сөз таптары. Әуелі – сын пысықтауыш болатын сынаулық үстеулер. Мысалы: *Тазы түлкіге әрең жетті*.

4) себеп пысықтауыш. Себеп пысықтауыш амалдың себебін көрсететін сөз болғандықтан, «неден?», «неге?», «неліктен?», «не себептен?» деген сұрауларға жауап береді. Әуелі – себеп пысықтауыш болатын зат есім. Мысалы: *Атасы аштан өліпті*. Кім өліпті? – атасы. Атасы не қылыпты? – өліпті. Неден өліпті? – аштан.

5) мақсат пысықтауыш. Мақсат пысықтауыш амалдың мақсатын көрсететін сөз болған соң, «неге?», «не үшін?» деген сұрауларға жауап береді. Мақсат пысықтауыш болатын сөз таптары: Әуелі – мақсат пысықтауыш болатын етістік. Мысалы: *Жұрт өлең тыңдауға жиылды*. [4]

Синтаксистің өзекті саласының бірі – Құрмалас сөйлемдер. Сөйлемдердің құрмаласуы екі түрлі: 1) сыйыса құрмаласу, 2) қиыса құрмаласу. Сыйыса құрмаласса, сөйлем сыйысулы құрмалас деліп, қиыса құрмаласса, сөйлем қиысулы құрмалас деліп аталады. Қиысулы құрмаласқа келсек, бұлар біріне-бірі тең, болып та, бірінен-бірі кем болып та қиысады. Қиысулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса, салалас құрмалас деліп аталады. Тең болмай, бірінен-бірі кем болып қиысса, онда қиысулы құрмалас сабақтас деліп аталады. а) Салалас сөйлем. Салалас құрмаластың қиысуы 5 түрлі болады: 1) жиылыңқы, 2) қайырыңқы, 3) айырыңқы, 4) сұйылыңқы, 5) қойылыңқы деп құрмалас сөйлем түлерін жіліктеп береді әрі әрқайсысын мысалмен нақтылай түседі. Егерде бірнеше сөйлемнің қиысуы бірыңғай, бір беткей болса, жиылыңқы қиысу болады. Мәселен, «Үлкен бастар, кіші қостар» немесе «Ел де жатты, ай да батты». Егер де алдыңғы сөйлемге кейінгі сөйлем қарсы мағаналы болып қиысса, қайырыңқы қиысулы болады. Мәселен, «Қылыш жарасы бітер, сөз жарасы бітпес». Екі ұшты мағаналы сөйлемдер қиысқан жерде айырыңқы қиысу болады. Мәселен, «Не сен тұрарсың не мен тұрармын». Не болмаса, «Не атын, жазым болар, не ер-тұрманың шығындар». Егерде маңызды, нығыз айтылған сөйлемді басқа сөйлемдер баяндап тұрса, ол сұйылыңқы қиысу болады. Мәселен, «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа», не болмаса «Шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған құл емес». Егерде алдыңғы сөйлемдерді кейінгі сөйлем қорытып айтса, қойылыңқы қиысу болады. Мәселен, «Не өгіз өлер, не арба сынар – екеуінің бірі болар». Немесе «Мал да керек, жан да керек, білім де керек – бәрі де керек». Не болмаса «Көк шалғын, ағаш, бұлақ – бәрі жақсы».

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары тілші-ғалым Қ.Есенов құрмалас сөйлемнің жасалу жолы мен түрлерінің айырым белгілеріне тоқталған.[5] Кейде бір сөйлемнің ішінде екінші сөйлем қыстырылып айтылады. Сондай қыстырылып айтылған сөйлемді қыстырынды дейміз. Мысал: 1) Бүгін, құдай біледі, жауын болса керек. 2) Әзір, аллаға шүкір, жаман емеспіз. 3) Осы жолы, асылық болмасын, алып келерміз-

ақ. 1-інші мысалда «бүгін жауын болса керек» деген сөйлемнің ішіне «құдай біледі» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр. 2-інші мысалда «әзір жаман емеспіз» деген сөйлемнің ішіне «аллаға шүкір» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр. 3-інші мысалда «осы жолы алып келерміз-ақ» деген сөйлемнің ішіне «асылық болмасын» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр. Сондықтан «құдай біледі», «аллаға шүкір», «асылық болмасын» деген сөйлемдер қыстырыңды болады. Келтірінді сөйлемде мақалды немесе біреудің айтқан сөзін айтушы не сол айтылған күйінде өзгертпестен айтады, не өзгертіп мағанасын, мазмұнын ғана айтады. Орамды немесе өрнекті сөйлем. Сөйтіп ғалым қыстырыңды сөйлемдер мен келтірінді сөйлемнің ара жігін аша түседі.

Жоғарыда айтылған ой-тұжырымдары ғалымның оқу мен тәрбиені қатар алып, оқыта отырып тәрбиелеудің маңызын көрсетеді. Ғалымның еңбектерінен сол кезеңнен, халықтың тіршілігінен мол мәлімет алуға болады. Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми тұжырымдары, ғалым негізін қалаған тілдік терминдер мен анықтамалар күні бүгінге дейін қолданыста. Тілім деп тыңбай еңбектенген Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін насихаттау әр қазақтың еншісінде деген ойдамыз.

#### **Әдебиет:**

1. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» – Алматы, «Ана тілі», 1992, 448 бет.
2. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
3. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 1983.
4. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Алматы, 1982.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988.

#### **С. Асанқызы**

*«Теректі жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қазақстан*

### **А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕҢБЕГІ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада А.Байтұрсыновтың әдебиеттану саласы бойынша ұсынған терминдеріне талдау жасалып, оның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі нақтыланады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі ғылыми терминдер қазіргі әдебиеттану саласындағы терминдермен салыстырылып,

тұжырым жасалған. Ғалым ұсынған ғылыми терминдерді бүгінгі таңда да қолданудың маңыздылығы дәлелденген.

**Тірек сөздер:** терминдік ұғымдар, әдебиеттану, сөз өнері, зерттеу еңбектері, көркем сөз.

**Abstract.** This article will analyze the terms proposed by A. Baitursynov in the field of literary criticism and clarify his work in the formation of Kazakh scientific terminology. Scientific terms in the work of the scientist «literary critic» are compared with terms in the modern field of literary studies and conclusions are drawn. The importance of using scientific terms proposed by scientists today is proved.

**Keyword:** terminological concepts, literary criticism, the art of words, research works, artistic word.

**Аннотация.** В данной статье будет проведен анализ предложенных А.Байтурсынова терминов в области литературоведения и уточнен его труд в формировании казахской научной терминологии. Научные термины в труде ученого «литературовед» сравниваются с терминами в современной области литературоведения и сделаны выводы. Доказана важность использования научных терминов, предложенных ученым и сегодня.

**Ключевые слова:** терминологические понятия, литературоведение, искусство слова, исследовательские работы, художественное слово.

Қазақ әдебиетінің теориясын айтқанда ойымызға ең алдымен А.Байтұрсынұлы оралады. Неге? Себебі, атакты ғалым қазақ әдебиетіне мол еңбек сіңірді.

Ахмет Байтұрсынұлы-халқымыздың жаппай тез сауаттанып хат тануына, оқу-білімге деген құштарлығының оянуына ықпал еткен бірден-бір тұлға.

Ол 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып жақындатуды қолға алды да, 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізді. А.Байтұрсынұлы бір халықтың әліпби жүйесін екінші бір халық қабылдағанда оны өз тіліне икемдеп үйлестіру қажеттігін, олай етпеген жағдайда, әріп мәселесінің дұрыс шешім таппайтынын жақсы түсінді. Бұл мәселені 1924 жылы өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде айтқан болатын.

Біздің бүгінгі мақаламызда қарастыратын басты нысанымыз-ақынның қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі «Әдебиет таңытқыш». Ол 1926 жылы жарық көрген. Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған.

Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі [1.185].

Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары-шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі-мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері-пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама береді. Аталмыш еңбектің «сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте манызды. Бұл тарауда сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады.

«Әдебиет танытқыш»-Ахмет Байтұрсынұлының эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетке деген көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының орны ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының қазіргі кезде қолданып жүрген негізгі терминдері, категориялар мен ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғандығы анық. Бұл ретте, ғалым-тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

Ахмет өмір сүрген кезең-ғасырлар тоғысындағы қоғамдық-экономиканың қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығуы, халықты жаппай сауаттандыру үшін оқу-ағарту шаралары жедел жүзеге асырылып жатқан кезең болатын. Міне осындай кезеңде А.Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен әдебиеттегі жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «XX ғасырдың басында әдебиеттану салада нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А.Байтұрсынұлы болды» [2.78] деп атап көрсетеді.

Сондай-ақ Ахметтанушы ғалымдар оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі-ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге-деңгейлес, әдеби ұғым түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екенін айтады. Академик З.Қабдолов 1988 жылы ғалым есімі ақталғаннан кейін, А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кешегі кеңес кезінде бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, сонымен қатар бүгінгі таныммен талдап таратты.



Ахмет Байтұрсынов-қазақ терминологиясының негізін салушы. Ол бұл салада түбегейлі зерттеу жүргізген алғашқы ғалым болды. Себебі А.Байтұрсынов қазақ термині мен терминологиясын жасағанда, қазақ тіліндегі сөзжасам үлгілері ғылыми жүйеге келтірілмеген еді. Ол барлық жағдайда өзінің жеке тәжірибесіне, орыс, үнді-европа мамандарының тәжірибесіне, солардың тіл білімінің жетістіктеріне, араб, парсы сөзжасам үлгілеріне сүйенді. Ол тіл білімі, әдебиеттану ғылымы, мәдениеттану, әдістеме, педагогика, мәдениеттану, тарих ғылымы салаларының терминологиясын жасауға үлес қосты. Әрине, Ахметке дейін де термин саласына бой ұрушылар болды. Олар Ахмет Байтұрсыновтың замандастары Міржақып, Жүсіпбек сияқты айтулы азаматтар еді. Бірақ ғалым басқалардан термин жасауда мынадай жақтарымен ерекшеленді:

- жат тілдердегі терминжасамдық үлгілерді қазақ тіліне көшірмеді;
- олардың ғылыми-әдістемелік бағытын зерттеп, жетістіктеріне талдау жасады.
- қазақша терминжасамдық еңбегінде қазақ тілінің сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық ішкі және сыртқы мүмкіншіліктерін толық пайдалана алды.

Өйткені ол мынадай принциптерді ұстанды:

- терминнің түсініктілігі, яғни, термин сөз баршаға түсінікті болу керек,
- терминнің ана тілі негізінде жасалуы; демек тіліміздегі әрбір термин сөз ана тіліне аударылып ұсынылу керек. Сонда ғана тіл тазалығы сақталады.
- көпшілік түсінбейтін өзге тілден енген терминдерді қолданыстан шығару; бұл жерде ғалым әсіресе, араб-парсы тілдерінен енген түсініксіз сөздерді қазақ тіліндегі балама сөздер арқылы қолдануды ұсынып отыр.
- қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін қолдану, демек, интерноцианалдық терминдерді келсін-келмесін аударма бермей, сол қалпында қолданудың да өзектілігін ұсынып отыр. Қазіргі таңда термин сөздерді аудару белең алып, кейбір сауатсыз аудармалар көбейіп барады. Мәселен, балкон-қылтима секілді аудармалар пайда болды.

Ғалым термин сөздерді жасауда тіл тазалығына баса назар аударды. Тіл тазалығын сақтауды басты мақсат етіп алды.

Қазіргі таңда тіл біліміне қатысты ғылымдар тіл білімі және әдебиеттану деп жіктеген филология нысанасын әдебиеттанушы ғалым қарапайым тілмен, сала мамандарына да, жалпы көпшілікке де ұғынықты сөзбен былайша байыптатады: «Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы; 2) ішкі пікір жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың тілінің ғылымы; 2) шығарманың түрінің ғылымы. Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады. Түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы

шығарманың тіл өңі жағынан – тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан – кара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді». Мұны «тіл-әдебиет әліппесінің әліпті ережесі» деуге де болады.

А.Байтұрсынов: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – андау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау», – деп әдебиеттің мәні мен арқауын нақты жеткізе білді.

Сөз өнерін ғылым ретінде қарай келе, Ақаң: «Сөз өнерінде жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы – тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да – тіл я лұғат деп аталады. Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі; 2) әншейін тіл. Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз. Әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз» деп түйіндейді. Осы анықтамадағы «зат» деген ұғым тіл мен өнердің мән-мазмұнын, көркемдігін ашатын жанды тетікке айналғанда, түсінік пен таным ауқымы кеңейе түседі.

Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегі – бүгінгі әдебиеттануға жол ашқан жанрлық жіктеудің яки бөлудің басында тұрған еңбек. Мұнда фольклор («ауыз әдебиет») жанрлары, «діндар дәуір» әдебиеті жанрлары, «сындар дәуір» әдебиеті жанрлары айқындалып, іштей сараланған. Осы жіктеуді – ұлт ғалымына, тіпті Түркі дүниесі әдебиеттануына А.Байтұрсынұлы енгізген жаңалық деп ауыз толтырып айта аламыз.

А.Байтұрсынұлы өз тұсындағы әдебиет немесе әдебиеттанудың түрлі алаңдарындағы ой-пікірлерді де қаперінен тыс қалдырмайды. Еңбегінің бір жерінде: «Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп ғана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» деп, ала-құла таным үдерісінен хабар берсе, тағы бір жерде экспериментшіл футуристерді (1910-1920 жылдардағы «жаңашыл» өнер түрі) «жорғаға келмегендерді жорға деуге болмайды» дей отырып: «Бұл заңнан тысқары бағытпен жол саламыз дейтін «пұтыршылар» деген бар, бірақ олардікі – әлі жол санына кірмеген жоспар сияқты нәрсе», деп түйреп өтеді[2].

«Әдебиет танытқышта» әдебиет пән сөздерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы». Яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді. Қара сөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ахмет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпайы тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – көркем сөз деп аталып, кара сөздер – жалаң сөздер деп айтылады».

А.Байтұрсынұлы аңыз өлеңдер жөнінде былай деген екен: «Адамның бал ашқанға, ырымға, Қыдырға, аян бергенге, түс көргенге иланудан шыққан ел ішінде аңыз кылып айтатын түрлі әңгімелері болады. Сол әңгімелерді ақындар ажарлы тілмен әдемілеп, өлең етіп шығарғаны аңыз өлең болады. Мысалы: Мағжанның «Қорқыты», «Орман патшасы»...»

А.Байтұрсынұлы-қазақ терминологиясын қалыптастыруға зор үлес қосқан ғалым. Оның ұсынған терминдері қазақ жанына жақын. Оқушының ұғымына жеңіл. Ол қай терминді ұсынбасын қазақ тұрмысына жақындатып, түсінікті тілмен ұсынады. Сондықтан қазіргі әдебиеттануда да оның ұсынған терминдерін қолданған тиімді деп ойлаймын. Сондай-ақ оқушыларға Ахмет Байтұрсыновтың ақындық қырымен қатар ғалымдық қырын да жан-жақты танытуымыз керек. Себебі, қазақ поэзиясының Құлагері атанған І.Жансүгіров: «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді?!»-деп, өзімізден шыққан ұлы тұлғаларды ардақтау басты орында тұру керектігін айтып өтпеп пе еді?!

Сонымен Ахмет Байтұрсынұлы терминология саласына қатысты еңбектері арқылы мынандай нәтижеге қол жеткізді:

1. Қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс, рухани мұра халық парасатымен, ішкі мүмкіндігімен, сарқылмайтын қазынасымен өзектесетінін нақты мысалдармен дәлелдеді.

2. Бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық, теориялық қағида-даттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

3. Өнертанудың, әдебиеттанудың қызметін айқындап, өнер мен әдебиеттің қоғамдағы мақсат-міндетін, орнын дәйектеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, А.Байтұрсынұлы ұсынған әдеби-теориялық ұғымдар қазақ әдебиетінің теориясының негізін салды. Оны одан әрі дамытты. Сондықтан қазіргі әдебиеттану саласына да осы терминдерді жүйелі түрде енгізу қажет. Сонда ғана туған тіліміздің мәртебесі асқақтап одан әрі дамиды.

### Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы, 2003 ж.
2. Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл. – тәж. конф. Материалдары. – Қарағанды: «TENGRI Ltd», 2013. – 382 б.
3. <https://egemen.kz/article/301341-adebiet-tanytqysh-%E2%80%93-alemdik-qundylyq>

**Г.Хамзина**

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ЖЕЛ» КОНЦЕПТІСІ**

**Аңдатпа.** Мақала Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы «Жел» концептілерінің сипатын қарастыруға арналады. Автор концептінің жасалу жолдарына, түрлеріне жан-жақты тоқталады. Қазіргі антропоцентристік бағыттың ғылыми теориялық қағидаларына сәйкес ұлттық құндылықтарды көркем мәтін туындыларында қолдану арқылы көрсету. Концепт, оның құрылымы мен түрлері, әлемнің тілдік бейнесі туралы түсініктер когнитивтік лингвистика тұрғысынан түсіндіріледі. Тіл білімінде және әдебиеттануда концептілерге берілген анықтамалар келтіріледі. Көркем мәтіннен жиналған концептілік қолданыстар жүйеленіп талданады. Бұл мысалдар арқылы концептілердің көркем шығарма тілінде маңызды стильдік қызметімен қатар ана тіліміздің баюына, толысуына өз үлесін қосатыны анықталады.

**Тірек сөз:** концепт, ұғым, сана, символ, когнитивті модель, поэзия.

**Abstract.** The article is devoted to the consideration of the nature of the concepts of “Wind” in the poetry of Magzhan Zhumabayev. The author will elaborate on the ways and types of creating a concept. Reflection of national values in the works of a literary text in accordance with the scientific and theoretical principles of the modern anthropocentric direction. The concept, its structure and types, ideas about the linguistic picture of the world are explained from the point of view of cognitive linguistics. Definitions of concepts are given in linguistics and literary studies. The conceptual applications collected from the literary text are systematized and analyzed. Using these examples, it turns out that concepts, along with important stylistic activity in the language of a work of art, contribute to the enrichment and perfection of our native language.

**Keywords:** concept, concept, consciousness, symbol, cognitive model, poetry.

**Аннотация.** Статья посвящена рассмотрению характера концептов «Ветер» в поэзии Мағжана Жұмабаева. Автор подробно остановится на путях, видах создания концепта. Отражение национальных ценностей в произведениях художественного текста в соответствии с научно-теоретическими принципами современного антропоцентрического направления. Концепт, его структура и виды, представления о языковой картине мира объясняются с точки зрения когнитивной лингвистики. В лингвистике и литературоведении приводятся определения концептов. Концептуальные применения, собранные из художественного текста, систематизируются и анализируются. На этих примерах выясняется, что концепты, наряду с важной стилиевой деятельностью

в языке художественного произведения, вносят свой вклад в обогащение, совершенство нашего родного языка.

**Ключевые слова:** концепт, понятие, сознание, символ, когнитивная модель, поэзия.

Ақын өз дәуірінің, өз заманының, өз уақытының перзенті, жаршысы. Өзегін жарып шыққан өлеңдерінде ақын өз оқырмандарымен сырласады, мұңдасады, ой бөліседі. Ақынның жан дүниесіндегі сезімді, көңіл күйді жырлары арқылы танып білеміз. Солтүстік өңірде сонау Қожаберген жырау, Біржан сал, Шал ақындар тамыр тарқан, кешегі Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Сафуан Шаймерденов, Кәкімбек Салықов, Ермек Қонарбаев, Ерік Асқаров сынды ақындар ақындық көшті жалғастырса, сол ақындар көшінде өзінің сыршылдығымен ерекше көзге түскен ақындардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Оның шығармашылығы әлі зерттеп – зерделену үстінде екені белгілі.

Тіл білімінде С.А.Аскольдов «концепт» ұғымын 20-шы жылдар соңында енгізген болатын. «Концепт» бір ғана ұғымды бермейді. Ол әр ұлттық ерекше дүниетанымын көрсететін, ұзақ ғасырларда сананда сақталып келген ұлт заңдылықтары жөніндегі түсінікті білдіретін күрделі құрылым. С.А.Аскольдов «Концепт – бұл ойлау үдерісінде көптеген нәрсенің орнын баса алатын құрылымы», – десе [1, 24], Е.С.Кубрякова: «...концепт пен ұғым адам түсінігі мен ойының әр түрлі аспектісімен арақатынаста болады дей келе; «ұғым ақыл ой әрекетінің жоғарғы нәтижесі, белгілі бір логикалық түрде т.б. іске асатын объективті әрекетті бейнелеудің маңызы түрі болып табылады, концепт ... кеңінен түсіндіріледі, бұған оперативті сананың түсініктер, бейнелер, ұғымдар сияқты әр түрлі субстратты бірліктер кіреді» деп түсіндіреді [2, 29]. А.Т.Бабушкиннің пайымдауынша «концепт – адам санасында категорияланатын, бір бірімен астасып, тұтасып жатқан дүние секілді ділдік репрезентация» [3]. Концепт негізінде сезімдік тәжірибеге жататыны белгілі. Сезімдік – заттық образ концептің ядросы болып табылады. Осы заттық код білгілі бір объектіні терең, жан-жақты білген сайын жаңа мәндік белгілермен байи түседі. Осының нәтижесінде концептің мазмұны ұлғаяды, мазмұны кеңі түседі. Әлгі белгілердің қайсібірінің мәнділігі күшейе түседі, қайсыбірінің көмескіленуі ықтимал. Концепт ретсіз нәрсе емес. Оның компоненттері белгілі бір тәртіпте болады. Заттық-образдық ядро нақты болады, ал ядродан алшақтау жатқан белгілер дерексіз, абстрактілі болуы мүмкін. Концептің әр түрлі қабаттары бір-бірінен туындап жатады. Бұл жайт концепт ұғымының өзгеше сипатын көрсетеді [4, 15].

Концептің жасалуына ұғым емес, заттық образдар негіз болады. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы «Жел» концептісі арқылы желдің бірнеше атауларының мағынасын ашқандығына көзімізді жеткізуге әбден болады.

«Жел» сөзі – латын тілінен шыққан вентус бұл өз кезегінде үндіеуропалық тамырдан шыққан біз – бұл үрлеу дегенді білдіреді. Жел, атмосфералық қысыммен қатар, Жердегі климатқа әсер ететін екі маңызды физикалық айнымалы болып табылады. Жел жердің айналмалы қозғалысы, күн сәулесінің біздің атмосфера арқылы енуі мен шығуын тудыратын инсоляция әсерінен және ыстық және суық ауаның әсерінен атмосфералық қысымның айырмашылығынан пайда болады. Жел – жер бетіндегі ауаның горизонталь бағытта, жоғары қысымды аумақтан төменгі қысымды аумаққа қозғалысы. Атмосфералық қысымның айырмашылығы ауаның қозғалуына себепші болады. Ауаның ендік бағыттағы қозғалыстарын – жел деп атайды. Жел жылдамдығы м/с-пен белгіленеді, оны елшейтін құралды анемометр деп атайды. Жел жылдамдығын 12 балдық арнайы Бофорт шкаласымен де анықтайды. Мұндағы 0 балл желсіз тымықты білдірсе, 12 балмен жылдамдығы 30 м/с-тан жоғары болатын апатты дауылдарды белгілейді[5].

«Жел еспей, бұлт көшпейді» – деген мәтел бар-ды. Тілімізде желге (жылдамдығы, қуатына) қатысты жүздеген, тіпті бірнеше жүздеген атау бар дейді зерттеушілер. Соның бірнешеуіне тоқталып, көмескіленіп бара жатқан атаулардың мағынасын аша түссек:

**Мезгіліне қарай:**

*Аңыздық жел* – желдің отын құрғататын оңтүстік – шығыстан соғатын жел.

*Ескек жел* – топырақты кептіріп жіберетін, көктемнің басында соғатын жылы жел.

*Қара жел* – күзде соғатын суық жел.

*Алтын күрек жел* – қыстың аяғында қарды әкететін жел.

*Жапырақ жел* – күзгі ағаштың жапырақтарын үйіріп әкететін жел.

*Қума жел* – бірде басылып, бірде үйіріп соғатын жел.

*Өкпек жел* – жазғытұрымда солтүстік – шығыстан соғатын жайсыз жел.

*Дуір жел* – шілдеде соғатын ыстық жел.

*Үскірік жел* – суық жел.

*Қазанның қара желі* – күздегі қара суық жел.

*Терімсал* – шілдеде соғатын ыстық жел.

**Сипатына қарай:**

*Мал-жанға жайлы жел:* қоңыр жел, самал жел, мырза жел, жайдақ жел, майда жел.

*Мал-жанға жайсыз жел:* ызғырық жел, үскірік жел, өкпек жел, сары жел.

*Дауыл* – көбінде теңізде және теңіз жағалауларында соғатын, жылдамдығы 30 м/с-тан асатын аса жойқын жел.

*Нөсерлі дауыл* – нөсерлеп жауған жауынмен қатар соғатын боран.

*Шаңды дауыл* – шөл, шөлейт және тақыр далада желдің топырақты немесе құмды ұшырып соғуы. Мұндай дауылды қазақ тілінде «қара дауыл» деп те атайды.

**Көк дауыл** – аязды қарлы боран.

Боран – жылдамдығы 20 м/с-тан жоғары, өте қатты соғатын жел.

**Арқаның ақбораны** – Сарыарқада соғатын, ат құлағын көрсетпейтін ақ түтек боран.

**Алақанишық** – бір бәсеңдеп, бір ұйтқып соғатын боран.

**Ақтүтек** – жауғанда қармен қабаттасып, ұйтқып соғатын боран.

**Ноқай** – көзді аштырмай, құйын тәрізді үйіріліп, үдеп соғатын боран.

**Бұрқасын** – қармен қабаттасып, бет қаратпай долданып соққан боран.

**Жаяу бұрқасын** – бәсең соққан боран.

Мағжан – ұлт ақыны. Ал қай ұлттың да ақыны алдымен өз топырағынан жаралады, сол топырақтан нәр алады, өзінің туған жеріне табан тіреп, содан алған күш – қуат оның бойын, тұлғасын нығайтып тұрады. Біз осы ретте Мағжанды ұлы Антейге балаймыз. Мағжан қазақ тарихын ерекше қастерлейді, ұлттың ұлы тұлғаларына табынады. /9-б/ Өз ұлтын мақтан етеді. Ұлтының жақсылығын көпшілікке танытуға тырысты. Жаман жақтары болса, оның бәрін өз жүрегіне, мұңына сыйғызып, жұмбақтап жеткізуге ұмтылды. Сондай жұмбақтап жеткізудің бір тәсілі ретінде символизмді алды.

«... Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, әсем, сәнді жазады. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүрегінің қайғыруы, жанының күйзелуі, көңілінің кірбіңі көрініп тұрады.» – деп Ж.Аймауытов бекерге айтпаған [6]. Қай өлеңін оқысаң да не ақынмен, не өз жүрегімен, не ел жүрегімен сырласқандай боласын.

Ақынның өлеңінде табиғат адам жанымен, сезімімен ұштасып жатады. Автор өлеңінде желді тентек бала бейнесінде алып, кейіптеу ретінде суреттейді. Желдің соғысын, желдің тынысын тентек бала әрекеті арқылы суреттеп, жанды бейнені сөз өнері арқылы шебер жасайды. «Жел» концептісінің – «*сотқар бала, ерке бала, гашық бозбала, ел аманатын жеткізуші адам, өксіп-өксіп жылаған адам т.б.*» семаларымен анықталатын мәні бар. Жазушы шығармалары бойынша «Жел» концептісін мына когнитивті модельдер түрінде қарастыруға болады:

«Жел – **сотқар бала**» когнитивті моделі.

- «Желге еш нәрсе тең емес,

Тау да жолын бөгемес,

Сақ – сақ күліп секіред.

Жүйрік желім тым сотқар,

Біреу бетін жапса егер,

Әдейі бетке түкіреді» – қарсы келгеннің бетіне түкіретін, ешкімге бағынбайтын, өз дегеніне көндіретін, өз дегенін істететін, алып күш иесі.

**«Жел – ерке бала» когнитивті моделі.**

– «Мазасы жоқ жел ерке,

Оянып ап тым ерте,

Жорғалай басып кетеді.

Тыныш жатқан түс көріп

Көлдің бетін кестелеп,

Оны әуре етеді» – ерте тұрып алып, көлді де, кәрі орманды да оятып, әуреге салады. Біресе еркелейтін, біресе күлетін, өз қылығына еліктіретін еліктіргіш жан иесі.

**«Жел – ғашық бозбала» когнитивті моделі.**

- «Дем ала алмай асығып,

Күрсініп ауыр, бас ұрып:

«Саған, сұлу сәулеге

Келдім ұшып, ғашықпын» – ғашығына алқына асыққан, күрсініп, бас ұрып, ғашығын құшағына еркін ала алатын, өз әмірі өзінде, өз билігі өзінде билеушілік, көшбасшылық иесі.

**«Жел – ел аманатын жеткізуші адам» когнитивті моделі.**

- «Терезеден үйге кірмек болады,

Аманатты қолдан бермек болады.

Жол бермеген қатты қара темірді,

Ызаланып, зуылдап кеп ұрады» – Елдің аманатын әкелген желдің тұтқынға жете алмай ашулануын суреттеу арқылы ақын елдің зор аманатын арқалаған өзінің азаматтық борышын көрсетеді.

**«Жел – өксіп – өксіп жылаған адам» когнитивті моделі.**

- «Үй сілкініп, құлағандай болады,

«Жіберші!» – деп сұрағандай болады.

Қуат кеміп, қажыған соң, жүйрік жел

Өксіп – өксіп жылағандай болады» – Ел аманатын, ел сәлемін тұтқынға бере алмаған ашулы желдің күш – қуаты кеміп, өксіп – өксіп жылап, «жіберші» деп жалынуын бейнелей отырып, ақын өзінің туған жерге деген сағынышын, арманын көрсетеді.

**«Сыбырлаған – жыбырлаған жел – өмірлік мақсатын іздеген адам» когнитивті моделі.** – Өмірде өзінің мақсатыңды, жолыңды іздеп, әркімнің ақылына құлақ түресің, айналаңа үңілесің, қоршаған ортанды тануға ұмтыласың.



Ақын поэтикалық өрнек, ерекше бейне жасауда үнемі ізденіс үстінде. Ол үнемі өз көргені мен сезгенін жырлауда образбен ойлайды. Айнала, күллі дүние суретке айналып кетеді. Табиғат бүкіл әлем құбылысы ақынның жан – дүниесімен үндесіп, сырлы сұлу, кейде тіпті ақылға сыймас қиял-ғажайып ертегілерінде суреттелген ерекше бейнелер санада тіріліп, еріксіз көз алдына келеді. Аяздың ызғарлы болуы да, желдің аңдай ұлып, біресе ішін тартып оскырып, ысқыруы да Мағжан жаңалығы емес, бұрыннан бар нәрсе. Ал оған жоғарыдағыдай мінездеме беріп кейіптеу, тірі жандай етіп, бүкіл әлемді жандандыра суреттеу, міне сол арқылы табиғаттың жұмбақ сырын көз алдына келтіру ақынның суреткерлік шеберлігінің дәлелі. Ақын талантының құдіретті шабытымен кестеленген өлең жолдарының мағынасы сурет болып, санаға еніп, сезімді еркіңе қоймай билеп алып, сүттей сапырып, айрандай ұйытады. Мағжан қазақ поэзиясын сыршылдыққа, суретшілдікке толы. Адамның ішкі жан әсерлерін қызықтады. Жан әлеміндегі сиқырлы көріністерді, өзгерістерді, мың сан қылт еткен құбылыстарды суреттеу үшін, жүрекке жетер оралымды, бейнелі тіл таба білді.

Мағжан Жұмабаев өлең жазу шеберлігіне көзімізді жеткізе отыра, Солтүстіктің желін басшылыққа ала отырып, «Жел» концептісі арқылы өзінің бейнесін, жастарға берер тәрбиелік мәнін жеткізе білген. Өзінің шығармашылықпен өрілген азаматтық, ақындық жолында ақын құдіретті шындық жолынан, халқына деген кіршіксіз махаббатынан айнымады. Ұрпағына өнеге қылып оқытуда әрі Мағжандай жыр сұңқарларының ғажайып өрнегі суреткерлік шеберлігі арқылы өз ұрпағының саналы, көзі ашық, сөз қадірін түсінерліктей болып өсуіне қамқорлық жасап келеді. Ақынның «жел» концептісі арқылы ақынның ақындық, азаматтық, тұлғалық, рухани бай бейнесін және ақынның өзі өмір сүрген келбетін де анықтай алдық деуге болады. Адам өміріндегі орын алған жағдайларға байланысты әр түрлі сипатта көрінеді. Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығы ақынның жандүниесімен ерекше үйлесім табуында. Өмір заңдылықтарын түсінуде автордың жел ұғымын тірек етіп алуы оның танымдық мағынасының тереңдігін көрсетеді.

#### Әдебиет:

1. Аскольдов С. Концепт и слово. Антология. – М., 1997. – С.105
2. Кубрякова Е. Понятие «парадигма» в лингвистике. – М., 2004. – С. 164
3. Бабушкин А. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка, их личностная национальная специфика: автореферат дисс...док.наук. – Владивосток, 1958. – С. 27
4. Мажитаева Ш. Когнитивтік лингвистика. – Қарағанды, 2008. – 107 бет.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 508 б.
6. Жүсіпбек А. «Лениншіл жас» журналы. № 5.

**Т. Рамазанов**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, докторант  
Қазақстан*

**А.Садық**

*К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті  
Қазақстан*

## **САЯСИ ҚАЙРАТКЕР ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақала туған халқын азаттық жолындағы күреске бастаған, қазақ зиялыларының көш басында тұрған ірі саяси және мемлекет қайраткері – Тұрар Рысқұловтың тілдік тұлғасын анықтауға арналған.

Т.Рысқұлов – Қазақстан мен Орта Азия тарихында ерекше рөл атқарған саяси қайраткер. Оның азаматтық тұлғасы, қоғамдық қайраткерлік қызметі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық әдебиеттегі асқақ та, айбынды образы өзі сүйген, өзін сүйген туған ел-жұртына етене таныс әрі ыстық.

Мақаланың мақсаты – Қазақстан мен Орта Азия тарихында ерекше рөл атқарған саяси қайраткер Т.Рысқұловтың тілдік тұлғасын зерделеу. Ол үшін қайраткердің экономикалық, қоғамдық-рухани және саяси дискурсын танытатын еңбектерін қарастыру міндеті авторлардың алдында тұрды.

Мақаланың құндылығы: 1) саяси қайраткердің еңбектеріндегі материалдық мәдениеттің озық үлгілері анықталды. 2) ғалымның экономика, өндіріс салаларына арналған мақалалары мен баяндамаларының негізінде экономикалық дискурсы айқындалды. 3) атқарған саяси қызметтері мен саяси сипаттағы еңбектері арқылы қайраткердің саяси тілдік тұлғасы анықталды.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңызы – мақалада талқыланатын мәселелер мен алынатын нәтижелерді қазақ тілтанымындағы мәтінтану, дискурс, саяси лингвистика, когнитивті лингвистика салаларында және элективті курстарда пайдалануға болады.

Зерттеудің дереккөзін Т.Рысқұловтың көптомдық шығармалар жинағы, дискурс, тілдік тұлға ұғымдарының мәнін ашуға бағытталған ғылыми тілтанымдық еңбектер құрайды.

**Тірек сөздер:** дискурс, тілдік тұлға, саяси қайраткер, термин, Т.Рысқұлов, саяси лингвистика.

**Abstract.** The article is devoted to the definition of the linguistic personality of Turar Ryskulov, a major political and statesman who began the struggle for the freedom of his native people and stood at the forefront of the Kazakh intelligentsia.

T. Ryskulov is a political figure who played a special role in the history of Kazakhstan and Central Asia. His civic personality, the work of a public figure are capable of serving as an example from generation to generation. His high and majestic image in literature are very close and warm to his family, whom he loved and who loved him.

The purpose of the article is to study the linguistic personality of the political figure T. Ryskulov, who played a special role in the history of Kazakhstan and Central Asia. To do this, the authors were faced with the task of considering the works of the figure, revealing economic, socio-spiritual and political discourse.

The value of the article: 1) advanced examples of material culture in the work of a politician have been identified. 2) economic discourse was determined on the basis of articles and reports of scientists in the field of economics and production. 3) the political-linguistic personality of the figure was determined through political functions and works of a political nature.

The scientific and practical significance of the article is the issues discussed in the article and the results obtained can be used in the fields of textual criticism, discourse, political linguistics, cognitive linguistics and elective courses in Kazakh linguistics.

The source of the research is a multi-volume collection of works by T. Ryskulov, scientific linguistic works aimed at revealing the essence of the concepts of discourse and linguistic personality.

**Keywords:** discourse, linguistic personality, politician, term, T. Ryskulov, political linguistics.

**Аннотация.** Статья посвящена определению языковой личности Тураара Рыскулова, крупного политического и государственного деятеля, начавшего борьбу за свободу родного народа и стоявшего в авангарде казахской интеллигенции.

Т. Рыскулов – политический деятель, сыгравший особую роль в истории Казахстана и Центральной Азии. Его гражданская личность, труд общественного деятеля, способная служить примером из поколения в поколение, его высокий и величественный образ в литературе очень близки и теплы родным людям, которых он любил и которые любили его.

Цель статьи – изучение языковой личности политического деятеля Т. Рыскулова, сыгравший особую роль в истории Казахстана и Центральной Азии. Для этого перед авторами стояла задача рассмотреть произведения деятеля, раскрывающие экономический, социально-духовный и политический дискурс.

Ценность статьи: 1) выявлены передовые образцы материальной культуры в творчестве политического деятеля. 2) на основе статей и докладов учёного, посвященных экономике и производственным отраслям, был определен его экономический дискурс. 3) политико-языковая личность деятеля определялась через политические функции и произведения политического характера.

Научная и практическая значимость статьи – рассмотренные в статье вопросы и полученные результаты могут быть использованы в областях текстологии, дискурса, политической лингвистики, когнитивной лингвистики и факультативных курсов по казахскому языкознанию.

Источником исследования является многотомный сборник трудов Т. Рыскулова, а также научные лингвистические труды, направленные на раскрытие сущности понятий дискурса и языковой личности.

**Ключевые слова:** дискурс, языковая личность, политический деятель, термин, Т. Рыскулов, политическая лингвистика.

### **Кіріспе.**

Алаш қозғалысының дәстүрін жалғастырған ірі тұлға, қажырлы қайраткер ретінде қазақ халқының тарихында Т.Рысқұлов ерекше орын алды. Елдің саяси өміріне араласқан жиырмадан астам жылдың ішінде Тұрар Рысқұлов Түркістан Автономиялық Республикасы Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы, Кеңес Одағының Ұлт істері халық комиссарының орынбасары, Коминтерннің Атқару комитетінің Шығыс бөлімі бастығының орынбасары, Коминтерн Атқару Комитетінің Моңғолиядағы өкілі, «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы, Ресей Федерациясының Халық Комиссарлар кеңесі төрағасының орынбасары тәріздес саяси және мемлекеттік қызметтерді атқарды. Бұл оның саяси өмір жолы еді.

Атқарған саяси-қоғамдық қызметіне орай қайраткер Т.Рысқұловтың саяси өмірінің төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- Түркістан кезеңі;
- Орталықта атқарған қызметі;
- Коминтерннің Моңғолиядағы өкілі қызметі;
- Ресей Федерациясының үкіметіндегі қызметі.

Қайраткер Т.Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметі отаршылдыққа қарсы қызмет етсе, шығармашылық мұрасы ең алдымен өз халқының арғы-бергі тарихының өзекті мәселелерін шындық тұрғысынан зерттеуге арналды.

Академик Манаш Қозыбаев аз ғана уақыт аралығында зиялы қауым ішінен бірбеткей өрлігімен көзге түскен Тұрар Рысқұлов турасында: «Егер ғасыр басында реформаторлық ұрпақтың бірден-бір танылған көсемі Әлихан Бөкейханов болса, ал советтік кезеңде дәстүр жалғастығын Т.Рысқұлов ұстады. Тұрар Ресейдің екі төңкерісін, қазақ халқының өзіндік төңкерісі 1916 жылды басынан өткізіп, күрес жолының ауыр тауқыметін бастан кешірді. Ресей империясының отаршылдық жүйесінің барлық жауыздығын, озбырлығын, қазақ сахарасындағы экономикалық, рухани мешеуліктің, аштықтың, қуғын-сүргіннің, босқындықтың, этноцид пен геноцидті

ол қағаз жүзінде емес өзі көрді, жан дүниесінен өткізді. Отаршылдықтан жиренді, демократиялық Россиядан үйренді. Сөйтіп, ол жиырманьң ортасына жетпей біртұтас көзқарасы бар тұлға болып сомдалды» [1, 58] – деп көрсеткен еді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Адамзат қоғамында болып жатқан елеулі өзгерістер мен оқиғалардан тіл де тысқары қалмайды. Осымен тығыз байланысты қазіргі жалпы тіл білімі саласында орнығып келе жатқан антропоэлектік бағыт адам факторын түпқазық етуімен ерекшеленді. Осы бағыттың ішіндегі ең ауқымды сала – когнитивті лингвистика. Аталған сала тіл мен танымның ұдайы бірлігінен тұрады. Яғни тіл мен таным үйлесімі тіл иелменіне қатысты біртұтастықта қаралып, *тілдік тұлғаны* анықтауға негіз болады.

Тіл ғылымында «тілдік тұлға» ұғымы өзекті әрі күрделі мәселелердің қатарына енеді. Оның күрделілігі экстралингвистикалық факторлармен сабақтастығы арқылы анықталады. Тіл білімінде тіл мен тұлғаның арақатынасына ертеден көңіл бөлінген. *Тілдік тұлға* ұғымын қалыптастыруда В.фон Гумбольд еңбектерінің маңызы жоғары. Ғалым тіл мен ойлауды салыстыра келіп, ойлау белгілі бір тілге тиесілі деген тұжырым жасайды [2, 61]. «Әлем бейнесі» мен «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымдарының мәнін ашып, саралауға Э.Сепир мен Б.Уорфтың еңбектері өз үлесін қосты [3, 95] 1930 жылы «тілдік тұлға» ұғымын алғаш қолданған академик В.Виноградов аталған ұғымды «автор тұлғасы» мен «кейіпкер тұлғасы» ретінде қарастырып, екі түрлі ұғымның қалыптануына жол ашты [4, 91]. Тілдік тұлға ұғымын «сөйлеуші тілдік тұлға» деп айқындаған А.Леонтьев пен «сөзді өзі шығарып, айтуға және қабылдауға дайын» адамды тұлға деп таныған Г.Богиннің [5], «мәтін түзіп, қабылдай алатын күрделі тілдік құрылым деңгейі, ақиқат дүниені терең және нақты бейнелей алатын, анық мақсатты бағыты бар адам» деп танып, осы ұғымның заманауи көзқараста зерттелуіне сеп болған Ю.Караулов тұжырымдары жалпы тіл біліміндегі «тілдік тұлға» ұғымының мәнін айшықтап, оның ұлттық-мәдени және аксиологиялық аспектіде зерттелуіне жолашар болды [6, 72].

Отандық тілтанымда «тілдік тұлға» ұғымының айқындалуына Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Н.Уәли, Г.Смағұлова, Г.Мұратова, Ж. Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектері өз үлесін қосты. Тілдік тұлғаның сөзқолданысында сол тілде сөйлеушінің танымы мен мәдениеті, рухани-прагматикалық жүйесі көрініс беретінін айта келіп, ғалым Ж.Манкеева: ...Тіл қызметін сол тілде сөйлеушінің жан-жақты қызметі мен болмысынан тыс қарау мүмкін емес. Ал ол қызмет тілдің ұжымдағы коммуникативтік қызметімен ғана шектелмейді. Себебі сол ұжымды ұйыстырушы, тұтастырушы, біріктіруші және жаңа ұрпаққа ұластырушы да – тіл қызметі. Яғни тілдік ұжымда тіл коммуникативті-прагматикалық қызметпен қатар танымдық, құжаттық (кумулятивтік) т.б. қызметтер де атқарады. Мемлекеттік мәртебеге ие тілде бұл қызметтер ерекше сипатта көрініс табуы тиіс. Олай болса, қазақ тілінің жан-жақты қоғамдық,

әлеуметтік қызметін негіздейтін, дәлелдейтін, айқындайтын, жаңғыртатын, жандандыратын арқауын анықтауды мақсат ететін жаңаша сипаттағы антрополилингвистикалық бағыт қазақ тіл білімінде де өріс алуы – қоғамдық қажеттілік», – дейді [7, 86].

Ғалым А.Ислам тілдік тұлға ұғымын ұлттық тіл мен мәдениетті толық меңгерген күзирет иесі деп таныса [8, 37], ғалым Г.Мұратова тілдік тұлға мәртебесін анықтауда тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау арқылы қол жеткізуге болатынын айтады [9, 63].

А.Кушкимбаева мен А.Тымболова еңбектерінде М.Әуезов тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі прецеденттік мәтіндер негізінде айқындалып, кейінгі еңбектерде сабақтастық тапқан [10, 3]. Аталған зерттеулер арқылы тілдік тұлға мәселесінің жеке сала ретінде қалыптасып келе жатқанын аңғаруға болады.

Осы тұрғыдан алғанда саяси қайраткер Т.Рысқұловтың атқарған қызметі мен қалдырған еңбектері ғалымның тілдік тұлғасы анықтауға сеп болады. Саяси қайраткердің тілдік тұлғасын зерделеу арқылы өзі өмір сүрген дәуірдің тілдік бейнесі мен рухани және мәдени, экономикалық, саяси дискурсын тануға мүмкіндік туады.

Аталған зерттеу жұмысында мәтінтанымдық талдау, концептуалдық және прагматикалық талдау, сипаттау мен баяндау әдістері назарға алынды.

#### **Талқылау мен бақылау.**

Т.Рысқұловтың өмірі саяси қайраткер, басшы ретінде зерттелініп, партиялық тұрғыда ғана бағаланып келді. XX ғасырдың күрделі, саяси-әлеуметтік қайшылықты оқиғаларға толы кезеңінде ол тарихшы, публицист, қайраткер-қаламгер ретінде де көріне білді. Т.Рысқұлов қысқа ғана ғұмырында саяси қайраткерлігімен танылып, артына тамаша еңбектерін қалдырды. Оның өмірі мен саяси қызметі мерзімді баспасөзбен тығыз байланысты болды.

Т.Рысқұловтың аса бай тарихи мұралары – кітаптары, баяндамалары, мақалалары Қазақстан тарихы үшін маңызы зор дерек болып табылады. Ғалым қазақ халқы тарихының айтулы кезеңдері мен жекелеген маңызды оқиғаларын көрсететін құнды еңбектер жазды. Оның көне заманнан бастап қазақтың сан қилы тағдырына арналған, ашаршылық, жұт, ұлт-азаттық күресі, Кеңес үкіметі тұсындағы саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық жағдайды суреттейтін «Қазақстан», қырғыз халқының саяси, мәдени өмірін болжайтын «Қырғызстан», 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс барысын баяндайтын «Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году», Түркістанның революциялық тарихын қамтитын «Революция и коренное население Туркестана» атты кітаптары жарық көрді.

Т.Рысқұловтың қазақтың мәдениетін, ділін, тілін, салт-дәстүрін, тарихын жан-жақты талдап көрсететін еңбегінің бірі 1927 жылы жарық көрген «Қазақстан» атты кітабы жатады. Бұл кітап орыс тіліне де аударылып басылған.

Аталған еңбектің бірінші бөлімі «Қазақстанның жері мен елі» деп аталады. Бұл бөлімде ғалым қазақтың жер ыңғайы мен оның байлығына қатысты тың талдаулар жасайды. Ғалым қазақтың жері мен көлін, топырағы мен тауын, ауа райы мен табиғат жағдайын, жануары мен өсімдігін түгел суреттеп, әрқайсысына нақты дәлелдемелер келтіреді.

Саяси қайраткер бола тұрса да Т.Рысқұловтың аталмыш еңбегінде белгілі бір мөлшерде халықтың мәдениеті мен тарихынан хабар беретін ақпараттар тасқыны молынан ұшырасады. Халықтың рухани болмысы мен арман-қиялының, ой-өрісінің нәтижесінде күнделікті тұрмыс қажеттігін өтейтін әр түрлі материалдық мәдениет үлгілері өмірге келгені белгілі. Халықтың ұлттық колоритін қалындата түсетін *материалдық мәдениеттің* озық үлгілері Т.Рысқұлов еңбектерінде сөз болады. Ғалым еңбектеріндегі саяси, экономикалық дискурс элементтерін сөз етпес бұрын, тіл мен мәдениеттің біртұтастығынан туындайтын рухани құндылықтарға шолу жасап көрмекпіз.

Т.Рысқұлов осы еңбегінде қазақтың түрі, тұрмысы, мінез-құлқына қатысты бірқатар сараптамалар жасайды. Айталық, *қазақ* деген халықты ғалым былайша суреттейді: *Қазақ күшті, денсаулығы нашарлмаған халық. Қазақ орта бойлы, денесі балуан, кеуделі, иықты, көбіне дала қазағының аяғы қотаңдау келеді (бұл атқа көп мінуден болған), шашы қалың, қара, жақ сүйегі шығыңқылау келеді. Төзімділік, көнбістік қазақтың көбіне бірдей негізгі мінез*, [11, 87] – деп дала қазағының болмыс-бітімі мен сырт келбетін дөп басып айтады.

Ұлттық тарихымызда маңызды орын алатын дін, діл, әдебиет, мәдениет, әдет-ғұрып сынды рухани құндылықтардың бәрі де тіл арқылы, сөз арқылы танылып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ұлттық сана-сезімді қалыптастырады. Белгілі тілтанушы ғалым Б. Қалиұлы тіл мен рухтың, тіл мен халықтың, тіл мен мәдениеттің байланысы жөнінде мынадай тұжырымды пікір айтады: «Тіл – халықтың бүкіл өмірінің айнасы. Ол (тіл) халықтың ақыл-ойы мен сана сезімінің, мәдениетінің барлық жауһарлары жинақталған мұражайы, асыл қазынасы, алтын қоры. Өмірді тілден артық бейнелейтін, тілден артық сипаттайтын ешнәрсе жоқ» [12, 141]. Бұл тұжырымның мәнін Т.Рысқұловтың қазақтың мінезіне қатысты айтқан ой-толғамдары аша түседі: *Қазақ еті тірі, өз ісіне мығым, тәжірибеге сүйенген халық. Қазақтың қараңғы халқы арасында жоққа сенушілік болғанмен, нақ дін жолын мықты ұстанған халық емес. Қазақ көргенін, естігенін ұмытпай, қандай нәрсені болса да тез ұғады, тұйық емес, ашық, кіммен болса да тез үйір болады. Қазақта бұрыңғы ескі тұрмыстан қалған қонақ асы, қонақты күткіштік, қайғыға ортақтасып, қазаға жиылу, бергіштік, адалдық, ақ көңілділік мінездер бар. Бұл жақсы мінездер* [11, 90].

Сонымен қатар ғалым, қазақтың өне бойындағы қолайсыз мінездерін де салыстыра талдайды: *Қазақтың қолайсыз мінездері: көшпелі тұрмыстан қалған жалқау-*

лық, ертеңгі күнді қайғырмаушылық бар. Оның бер жағында патшаның отар саясатынан пайда болған қолайсыз мінездері де бар. Мәселен, әкімге құлша табыну, өтірік айту, ынжық, қорқақтық сияқтылар [11, 91].

Қазақ ауылында әйел отбасының берекесі ретінде саналып, оның алар орны баға жетпес құндылықпен парапар болған. Көшпелі шаруашылықта киіз үйді тіккенде шаңырақты ер азаматтар көтеріп тұрған, ал үйдің керегесін керіп, уығын шаншитын, туырлық үздігін жабатын әйелдер болған. Қазақ қоғамында ерлер әйел-аналардың осындай артықшылықтарын көріп, даланың жазылмаған заңдары арқылы қорғап отырған. Бұл пікірімізді Т.Рысқұлов еңбегіндегі тұжырымдар нақтылай түседі: *Қазақтың әйелінің түрі де еркектерінің түріне келеді, тек ұсақтау, бет пішіні ашықтау келеді. Қазақ әйелдерінен де сұлулар көп табылады. Қазақ шаруашылығында қазақ әйелінің маңызы аса зор. Өйткені, отбасының барлық жұмысы соның мойнында. Оның үстіне малды күту, егін-пішенді жию ретінде еркектерге жәрдем етеді. Басқа мұсылман халықтарының әйелі сияқты қазақ әйелі бетін жасырмайды. Еркекпен араласу жөнінде де қазақ әйелінің бостандығы молырақ. Сөйтсе де қазақ әйелі әлі малай есебінде, еркектің қысымында боп келеді. Осы күнге шейін мал орнына сату, қалыңмал алу жойылған жоқ. Қазақ әйелі оның үстіне байдың, жуанның ескі әдет-ғұрыптарының тепкісінен әлі құтылған жоқ. Бірақ басқа шығыс халықтарының әйелімен салыстырғанда қазақ әйелі теңдікке бұрын жетуінде сөз жоқ* [11, 93], – деп қазақ әйелінің әлеуметтік мәртебесіне қатысты сол өзі өмір сүрген заман тұрғысынан баға береді.

Жалпы тіл мен дін – халық танымында бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Діни лексика – қазақ тілінің ажырамас құрамдас бөлігі. *Дін жолы, діндарлық мінез, шарият ережелері, ислам діні, ескі дінсіздік, дін қызметкерлері, мешіттің кемдігі, ишан-қажылар, татар молдалары* сияқты діни лексика элементтері Т.Рысқұловтың мақалаларында жиі ұшырасады. Мұндай атаулардың семантикалық сипаты лингвистикалық тұрғыдан гөрі философиялық мәнге ие болады.

Т.Рысқұловтың «Қазақстан» кітабының бірінші бөлімінде көрініс табатын тілдік бірліктердің бір тобы – салт-дәстүр мен ырым-жоралғыларға байланысты туған *рухани-мәдени лексика*. Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасын арнайы зерттеген А.Жылқыбаева, Ә.Аймауытова, К.Қайырбаева, К.Күркебаев сынды ғалымдар ұлттық дәстүрлердің астарында символдық сипат жатқанын айтады. *Қазақта бала туғанда, құда түскенде, қыз ұзатқанда той қылу, кісі өлсе ас беру бар. Бұларда атжарыс бәйгесі, мүше көкпары болады. Ел ішінде ақындар, әншілер домбырамен өлең айтады, қобызбен күй тартады* [11, 96], – деп ел ішінде орындалатын салт-дәстүрлерден мысалдар келтіреді.

Қайраткердің төл лексикасының ішінен көне киім-кешек, құрал жабдық, ыдыс-аяқ, ас-тағам т.б. атауларды, яғни тұрмыстық реалийлерді қолданғанын байқауға болады:



Қазақ киімі көбіне біртүрлі. Ішкі киімі – **көйлек, ыстан, онан соң камзол, беишент, шалбар, сырттан қаптал шапан** киіп, оның сыртынан шүберек белбеу я кісе буынады. Қазақтың көбіне тұтынатыны – **сиса, тең, боз, арзан қол трике**. Мұнан бөтен қазақтың өзінің тоқыған **шекпенін** де көп киеді. Аяққа **былғарыдан мәсі мен байпақты етік, я кебіс** киеді. Қыс әлгі күні киім сыртынан **не күпі, не тон, не ішік** киеді. Бұлар жоқ болса **мақталы шапан** киеді. Қазақ әйелінің киімі еркектікінен едәуір айырмасы бар. Қазақ әйелі **бүрмелі ұзын көйлек** киеді. Сыртынан ұзын **беишент** киеді. Қыздар басына **құндыз я түлкі бөрік** киеді де, қатындар **кимешек я түнгі жаулық** салып, оның сыртынан **үстінгі жаулық** орайды. Жас келіншектер кимешегіне, маңдайы мен бетіне келетін жеріне **мойыншақ, шеке-ту** қадап тастайды. Аяқ киімі **кебіс, мәсі**, еркектің аяқ киімінен айырмасы өкішесі биігірек болады [11, 99].

Т.Рысқұлов өз еңбегінде қазақ халқының дамуының негізгі кезеңдеріне талдау жасап, мемлекет болып қалыптасу барысына ерекше тоқталады. Ғалымды сол кезеңдердегі экономикалық ахуал терең толғандырады. Сол себепті ол биік деңгейдегі басқосулардың барлығында республикадағы алым-салық, қолөнер, ауылшаруашылық, өнеркәсіп сияқты мәселелерді қозғайды. Т.Рысқұлов республикадағы шаруашылық ісіндегі көптеген келеңсіздіктердің бетін ашып, дұрыс жолға қойылуын баса айтады. Мемлекеттің қалыптасуы жолында саясат қандай рөл атқарса, экономика оның негізі екенін дәлелдеп отырған.

Қайраткердің экономикалық дискурсын сөз етпес бұрын отандық тілтанымдағы дискурс ұғымының анықталуына тоқтала кетелік. Дискурс – сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым. Дискурс адамдардың сөйлеу арқылы жасаған қарым-қатынасы нәтижесінде мән-мағыналы болады, яғни мағына мен белгі, сөз бен ойдың бірлігін айқындайды.

«Дискурс» терминінің анықтамасын талдай отырып, аталған терминнің анықтамасында мәтін өлшемдерімен бірге сол мәтін өзектелетін жағдай да көрініс беретінін айта кеткен дұрыс. Т.А. Ван Дейк ұсынған дискурстың анықтамасы қазіргі тіл білімінде басымдыққа ие деп айтуға болады: «Дискурс» – өзінің құрамында мәтінмен бірге оны түсінуге негіз болатын бірқатар экстралингвистикалық факторларды (дүние туралы білім, адресанттың мақсаты, бағыт-бағдары т.б.) қамтитын көп қырлы коммуникативтік құбылыс». Осы анықтаманың көптеген мәтінді лингвистикалық зерттеуге түрткі болғанын айтуға болады [13, 98].

Экономикалық дискурс – сөйлеу үдерісі белгілі бір экономикалық идеяларға негізделген (мысалы, банкроттық, алаяқтық, салық) дискурстың бір түрі. Экономикалық дискурстың мазмұндық аспектілері «тауарлар», «ақша», «пайда», «нарық», «инвестиция», «экономика», «экономикалық қызмет» сияқты негізгі ұғымдармен өзекті болып табылады.

Тұрар Рысқұлов еңбектеріндегі экономикалық дискурстың бір бөлігін – **ақша айналымы, қаржы саясаты** мәселелері құрайды. Айталық, «Қазақстан» кітабының

6-бөлімі «Қазақстанның қазіргі шаруашылық жайы деп аталып, мал шаруашылығы, егін шаруасы, өнерлі кәсіп, кен байлығы, ақша, қаржы, қарыз, сауда, кооперация, қатынас, тасымал жұмысы сияқты тақырыпшалардан құралады.

Ғылымда экономикалық мәтіндердің үш түрі белгілі.

- Бүкіл халыққа түсінікті мәтіндер;
- Кәсіби мамандарға түсінікті мәтіндер;
- Тар шеңберлі мамандар-теоретиктерге арналған мәтіндер.

Бұл тұрғыдан алғанда ғалым Т.Рысқұловтың еңбектеріндегі экономикалық мәтіндер мен терминдер бүкіл халыққа түсінікті. Оның еңбектерінде сол кезеңдегі тілдік ахуал анық байқалады. Айталық, *1924 жылы жалпы Ресей құрамасында ақша өзгерісі болды. Сол жылы шығарылған ақшадан ескі Қазақстан жерінде 1 миллион 30 мың сомдық уақ күміс, 20 мың сомдық бақыр ақша болды* [11, 101].

Қайраткер Т.Рысқұлов сол кезеңдегі экономикалық саясатты терең меңгергендігін еңбектері арқылы білуге болады. Себебі сол кезеңдегі халықтың хал-ахуалы мен тұрмыс-тіршілігін өз мақалаларына арқау еткен. Оның экономикалық дискурсында *жергілікті бюджет, мемлекеттік бюджет, азық-түлік, құн, кәсіп, салық, түсім, айырбас т.б.* экономикалық терминдердің жиілігін кездестіруге болады.

Т.Рысқұловтың экономикалық мәтіндері сол кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты болды. Ақша айналымы, құн, айырбас т.б. мәселелерге арналған мақалалары арқылы сол кезеңдегі халықтың экономикалық санасын қалыптастыруға ықпал еткенін байқаймыз. Айталық, ішкі саудаға қатысты тұжырымын қарапайым халыққа түсінікті тілде былайша жеткізеді: *Қазақстанның ішкі саудасының түрі мынау: 1924-1925 жылы ауыл шаруашылығы 70 миллион сомдық зат сатты, ал 1925-1926 жылы сататын заты 100 миллион сомға жетпек. Ауыл шаруасы 1924-1925 жылы 82 миллион сомға, 1925-1926 жылы 107 миллион сомға тауар алу шамасынан келді. 1926-1927 жылы 160 миллион 600 мың сомдық тауарды сатып алуға қолынан келетін болды. 1925-1926 жылдың мағлұматына қарағанда сауданың дені-ақ мемлекет ұйымдары мен кооператив ұйымдарының қолында көрінеді. Ел ішінде мемлекет сауда ұйымдары нашар. Уақ саудада елде болсын, қалада болсын, жай саудагерлер әлі күшті* [11, 116].

XX ғасыр басындағы саяси элита қатарында Т.Рысқұловтың өзіндік орны болды. Т.Рысқұловтың саяси қайраткерлігі көп қырлылығымен танылды. Тұрар қайраткерлігінің басты ерекшелігі – оның теориялық ой-тұжырымдарының жан-жақты практикалық әрекеттерінен көрініс тауып, қоғамдық әрекетке ұласқандығында болды. Тұрар Рысқұловтың саяси көзқарастары мен тұжырымдары оның одақтық көлемдегі жиындарда сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамалары арқылы танылды.

Өлкедегі ұлттық элитаның саяси күресін теориялық тұрғыда негіздеген және ұлт мәселесінде қалыптасқан дағдарыстан шығудың нақты саяси шешімдері тұжы-

рымдалған баяндамалар Т.Рысқұлов қаламынан туды. Қайраткердің сөйлеген сөзі, жасаған баяндамалары оның саяси тілдік тұлғасын анықтауға негіз болады. Мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, саяси тұлғалардың өзгелерден айырмашылығы – белгілі бір мәселеге қатысты олар тек өздерінің жеке пікірін ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар қалыптасқан жағдайға байланысты ұжымның, мекеменің, мемлекеттік органның немесе тұтастай мемлекеттің көзқарасын, ұстанымын көпшілікке жария етеді.

Саясаткердің ерекшелігі оның сөзінің дискурстық сипаттылығында, саясат тек сөз арқылы айқындалады. Саясаткер бұқара жұртты өзінің сөзі арқылы басқара да алады, манипуляция да жасай алады, үгіт-насихат та жүргізеді, ақпаратты өз арнасына қолайлы етіп, қалың бұқара алдында жеткізе де алады. Сондықтан кез келген сөз саяси коммуникацияға қатысушыларға белгілі бір деңгейде әсер ету қасиетімен ерекшеленеді [14, 82].

Орыс ғалымы А.П.Чудинов саяси коммуникацияны кең көлемде қарастырады. Зерттеушінің пікірінше, саяси коммуникация оны жүзеге асыратын элементтер тізбегінен тұратын кең көлемдегі саяси коммуникативті үдерісті білдіреді:

- ✓ Саяси тіл;
- ✓ Саяси мәтін;
- ✓ Мәнмәтін;
- ✓ Саяси сөз (речь);
- ✓ Саяси тілдің стилі;
- ✓ Коммуникацияның саяси саласы мен оның түрлері;
- ✓ Саяси сөздің жанрлары;
- ✓ Саяси дискурс [15, 57]

Саяси қайраткер Т.Рысқұловтың еңбектерінде саяси терминдер жиі ұшырасады. Айталық, «Қазақстан» атты еңбектің 8-бөлімі Қазақстанда жалпы одақтық коммунист партиясының құрылуына арналған. Осы атталған бөлімде «партия» сөзі 50 рет кездесетініне көз жеткіздік: *Жалпы одақтық Кеңес партиясының ұйымдары ішіндегі ең жас ұйым – Қазақстандағы партия ұйымы. Өйткені Қазақстандағы партия ұйымы басқа жерлерден кеш жасалды. Қазақстан ұйымдарындағы партия мүшелерінің ішінде Қазақ төңкерісінен бұрын коммунист болғандар 0,03 процент, яғни мың мүшенің үшеуі ғана Қазан төңкерісінен бұрын коммунист болғандар. Әлгі отар саясатының арқасында қазақ халқының мәдениеттен жырақ қалуы, Ресейдегі социал-демократ партиясының да, басқа партиялардың да ішінде әсері жойылмауы. Міне, осылардың бәрінің салдарынан Қазақстанда коммунист партиясы бұрын жасалмады.*

Сонымен қатар Т.Рысқұловтың саяси дискурсы сол өзі өмір сүрген дәуірдің тілдік ахуалын аңғартады. Қайраткердің партия ұйымдары мен мекемелері, партия мүшелерінің белсенділігі хақында айтқан тұжырымдары оның саяси тілдік тұлғасын аңғарта

түседі: *Жалпы Одақтық Коммунист партиясының Қазақстандағы ұйымының басында өлкелік комитет бар. Мұның қарауында бір облыстық комитет, 6 губерниялық комитет, бір округтік комитет, бір уездік комитет бар. Соңғыларың өзі бес қалалық комитетті, 35 уездік комитетті, 71 болыстық комитетті, 1461 ұяны ұйымдастырып отыр. Қазақстанда орта есеппен бір ұяға 24 мүше келеді. Жердің шалғайлығына қарағанда бір ұяға 24 кісі деген аздау.*

*Партия белсенділерінің ішіндегі қазақ қызметкерлерінің саны 23,6 процент, партиядағы жалпы қазақ санына қарағанда бұл азырақ. 1925-інші жылдың басында Ленин құрметіне партияға жаңадан кіргендердің саны 4000-дай кісі болды. Жалпы алғанда Қазақстандағы партия ұйымының тәртібі күшті, өсек-аяңнан таза деуге болады, қалың көпшілікке жайылып кеткен жікшілдік, ала пікірлік сезілмейді. Кей реттерде аздап орыс ұлтшылдығы мен қазақ ұлтшылдығының иісі шыққандай болса да, осы күні бұ да жойылып келеді [11, 128]. Сондай-ақ берілген үзіндіден саяси мәселені қазақ танымына сай бір ұяға, өсек-аяңнан таза, жікшілдік, ала пікірлік, иісі шыққандай тілдік бірліктер арқылы ұғындыруы анық байқалады.*

Сонымен қатар, Т.Рысқұловтың саяси дискурсында сол кезеңдегі билік қолданған саяси терминдер мольнан ұшырасады. Мәселен, *губерния, комитет, округтік комитет, уездік комитет, пленум, кеңес өкіметі, кандидаттар т.б.* терминдер сол кезеңдегі саяси ахуалды бейнелейді.

Қайраткер Т.Рысқұловтың саяси дискурсында оның баспасөзде жарияланған мақалалары мен хаттарының орны ерекше. Ғалымның баспасөзде жарияланған мақалаларында идеологиялық мақсаттағы саяси мәнді тілдік бірліктер жиі ұшырасады.

Қазақ газеттері мәтініндегі идеологиялық мақсатта қолданылатын саяси мәнді лексиканы зерттеген Ф.Жақсыбаева төмендегідей топтарға жіктейді:

- 1) қоғамдық-саяси терминдер;
- 2) идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген саяси мәнді лексика;
- 3) идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика:

Жағымды мәнді білдіретін лексика;

Жағымсыз мәнді білдіретін лексика [16, 78]

Осы аталған жіктеліс бойынша Т.Рысқұловтың мақалаларындағы саяси лексикаға зер салып көрелік:

**1. Қоғамдық-саяси термин сөздерге:** *болыстық комитет, патша өкіметі, Кеңес одағы, жетісу губерниясы, партия, Түркістан компартиясы, Атқару комитеті, жергілікті буржуазия, уез, түздіктер.*

**2. Идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген саяси мәнді лексикаға:** *қазақ халқының ұлт азаттығы, түрік халықтарының бірлігі, ұлтжандылық, жаңа ұлт, ұлт зиялылары, қазақ оқығандары, саясат партиясы.*

### 3. Идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексика:

а) жағымды эмоцияны білдіретін саяси мәнді лексикаға: *Түрксібті ашқан әдейі еске салайын деп отырғаны, осы замандағы таң қаларлық ұлы салыстарға көз салғанда болашақта Түрксібтің пайдасы айтқаннан да көбейеді, өседі. Түрксіб Одақтағы ұлы құрылыстың бірі. Түрксіб жер жүзіндегі жаңа жолдардың ең ұзыны. Қазақ еңбекшілерінің сөзін сөйлейтін баспасөз Октябрь төңкерісінен кейін туып, коммунист партиясының қанат астында өсіп өркендеді. Біздің баспасөзіміз әсіресе газет – үгіт-насихат тартатын күшті құралымыз, партия мен қалың бұқараның сөйлесетін тілі. Шынында баспасөздің мәнісі зор. Әсіресе біз секілді өне-білім ретінде артта қалған жұртта баспасөздің мәнісі ірі болуға тиіс. Еңбекшілердің күнбе-күнгі тұрмысында жаңа өмір, тегістік тұрмыс орнату жолындағы тартысында кемшіліктерден құтылып жақсылыққа жету ретінде күшті құралдың бірі – осы баспасөз. «Үгітші, тілші, ұйымдастырушы болуымен қатар, бізде баспасөз ағартушылық, өнер-білім берушілік қызметін де атқарады.*

Ә) жағымсыз эмоцияны білдіретін идеологиялық мағыналық реңк үстемеленген эмоциялық-экспрессивтік саяси мәнді лексикаға: *Әлі күнге кейбір газеттерімізде партия бағытынан ауа жайылып кететіндік бар. Мұндай пәле соңғы күндерге шейін басшы газетіміз «Еңбекші қазақта» да оқта-текте болып келді. Өзге газеттер де сау деуге болмайды. Осы күнге дейін газет-журналдарымыз оқушысын дұрыс тани алмай келеді. «Әйтеуір оқушыға» делініп жұрттың бәрін жсарылқаймын деп әуреленіп келеді. Көсемдік қыларлық «Еңбекші қазақ» кейде тым қара шаруашыл болып, шаруаға айналған губерниялық газеттеріміз кейде көсемдікке жсармасып, қай-қайсысы болсын өз міндеттерін анықтап біле алмай келеді. Мұнымен қатар қазіргі құрылыстағы білімді жабайы қызметшілерді қалай пайдаланудың онан соң бүгінгі құрылыс материалдарын қалай пайдаланудың да жоспары жоқ. Ерте бастан қамданбай ертең жол біткен соң бұл қызметшілермен материалды бет-бетімен жан-жаққа тоздыру – бұл өте орынсыз болар еді. Қара шаруа коллективке өздері тіленіп кіріп отыр. Коллективте жуандардың ықпалымен күресе отырып, коллективке жуандарды жібермей, коллективке кедей батырақтардың белсенділігін арттырып, оппортунишылдық көзқарасты жою керек. Әсіресе, тіл жағы нашар. Біздің газеттеріміз, әлі ауылдың жабайы шаруасына түсінікті, жалпы қара бұқараға ұғымды тілмен жаза білмейді.*

Т.Рысқұлов үшін ерекше тақырып – Түрксіб. Ол Қазақстан мен Орта Азияның экономикалық дамуында Түрксібке өте-мөте ерекше маңыз берді. Түрксіб теміржолының құрылысының маңыздылығын арнайы ғылыми еңбектер мен мақалалар арқылы дәлелдеп, ғылыми баяндамалар жасады. Газет бетіне жариялаған мақаласында саяси маңызы зор теміржол тақырыбын қарапайым шаруа тілінде түсіндіріп береді: *«Россия жұртынан Ташкент қаласына шейін теміржол салмақ үшін, қай жақпен теміржолды алып*

баруға, жол қарауға **падиша хазіреті лұқсат** берді. Саудагерлердің саудалары көбейер еді. Екінші малды бір жаққа жіберемін десе, қрасы **ап-арзан болар еді**. Үшінші орыстың ішкергі қалаларына барып көріп келемін десе, **ап-арзан ақшамен тез барып, көріп келер еді**. Теміржол былай салынады. Тегіс жердің үстіне, өзінен **екі-үш бармақ кеңдігіндей**, темір **арбаның дөңгелегі** үстінен жүргендей, **екі темір** салынады. Темір арбаның дөңгелегі алгі темірдің үстінде жүріп бара жатқанда шығып кетпейді. Оның үшін шықпай-тұғын қылып қойған».

**Нәтижелер.** XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аса ірі саяси қайраткер Тұрар Рысқұловтың тілдік тұлғасын өзінің жасаған баяндамалары мен еңбектерінің негізінде саралауға тырыстық. Нәтижесінде, ғалымның тілдік тұлғасын халықтың ұлттық колоритін айшықтайтын материалдық мәдениет пен рухани-мәдени лексика үлгілері қамтыса, өзі өмір сүрген дәуірдің ең келесі саласы – экономика, өндіріс салаларына қатысты жасаған баяндамалары мен мақалалары арқылы ғалымның тілдік санасында экономикалық дискурс элементтері жиі ұшырасатыны анықталды. Сонымен қатар, атқарған қоғамдық, саяси қызметтері арқылы қайраткердің саяси тілдік тұлғасы анықталды. Нәтижесінде, саяси қайраткер Т.Рысқұловтың тілдік тұлғасын жинақтап, 1-кесте арқылы былайша көрсетуге болады:



1-кесте. Т.Рысқұловтың тілдік тұлғасының дискурстық моделі

### **Қорытынды.**

Тұрар Рысқұлов – халқымыздың ұлтжанды біртуар перзенті, XX ғасырдың 20-30 жылдары шын мәніндегі қайраткер дәрежесіне жеткен тұлға, үлкен саясаткер, ұшқыр қаламды көсемсөз шебері. Біз қайраткердің тілдік тұлғасына оның жазған мақалалары мен жасаған тбаяндама мәтіндері арқылы, қалдырған еңбектері негізінде зер салуға тырыстық. Т.Рысқұлов ұлттың сол кезеңдегі маңызды әрі ауқымды мәселелерін көтеріп, жетекшілік еткені, әрі мемлекет деңгейінде атқарған қоғамдық-саяси қызметі оның тілдік тұлғасын әлі де зерттеуді қажет етері анық.

Мақала «Саяси лидерлер мен мемлекет қайраткерлер тілі: XX ғ. басындағы Алашорда көсемдерінен тәуелсіздікке дейін» (AP14872071) атты гранттық зерттеу жобасы аясында жазылды.

### **Әдебиет:**

1. Қозыбаев М. Тарих зердесі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 2 том. – 275 б.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 2001. – 400 с.
3. Ерсұлтанова Г. «Тілдік тұлға» ұғымының құрылымдық мәні // -2019. №3. – 151-155 бб.
4. Виноградов В. Поэтика русской литературы: Избранные труды. – М. : Наука, 1976. – 511 с.
5. Ерсұлтанова Г. Language personality in the context of journalism (mass media) – AD ALTA: Journal of International Disciplinary Research. Volume 9. 2019. – P. 90-96. [https://www.magnanimitas.cz/ADALTA/090107/papers/A\\_16.pdf](https://www.magnanimitas.cz/ADALTA/090107/papers/A_16.pdf)
6. Караулов Ю. Русский язык и языковая личность. – М. : Наука, 1987. – 261 с.
7. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2010. – 382 б.
8. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы – салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт.... дис. : 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.
9. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: фил.ғыл.док. ... дис. – Алматы, 2009. – 303 б.
10. Kushkimbayeva A.S., Tumbolova A.O. Precedent texts as the basis of a pragmatic level of M. Auevov's linguistic personality // Middle-East Journal of Scientific Research 18 (4): 454-460, 2013. [https://www.idosi.org/mejsr/mejsr18\(4\)13/6.pdf](https://www.idosi.org/mejsr/mejsr18(4)13/6.pdf)
11. Рысқұлов Т. Шығармаларының толық жинағы. (1, 2, 3, 4 том) Алматы: Қазығұрт, 2007.
12. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін: мақалалар жинағы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 246 б.
13. Қартжан Н., Исакова С., Кенжемуратова С. Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы // Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. №2/2023. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.07>

14. Кенжеқанова Қ. Саяси дискурстың прагматингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалы бойынша) философия докторы ғыл.дәр.алу үшін дайынд.дисс. Алматы, 2015. – 168 б.

15. Чудинов А. Политическая лингвистика: учебная пособие. – М.: Флинта, Наука, 2007. – 256 с.

16. Жақсыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығатын газет материалдары бойынша): фил.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2000. – 153 б.

### Г.Сақтағанова

*Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің №145 «Бірқазан» орта мектебі,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші  
Қазақстан*

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Аңдатпа.** Бұл баяндамада Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының тәрбиелік мәніне талдау жасалынып, бүгінгі замандағы өзектілігі туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** *рухани құндылық, тәрбие, өмірмен байланыс, мұра, өлең.*

**Abstract.** This article will analyze the educational significance of the works of Akhmet Baitursynov and tell about their relevance in the modern world.

**Keywords:** spiritual value, upbringing, connection with life, heritage, poetry.

**Аннотация.** В данном докладе будет проведен анализ воспитательного значения произведений Ахмета Байтурсынова и рассказано об их актуальности в современном мире.

**Ключевые слова:** духовная ценность, воспитание, связь с жизнью, наследие, поэзия.

Қазақ әдебиеті тарихында хакім Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен әдебиетінде, ұлт руханиятының негізін қалауда ұлт ұстазы Ахметтің де орны сондай. Оның өмірін халықтан бөліп қарау мүмкін емес, өйткені оның барлық тірлік-тынысы, ой-арманы мен мақсат-мүддесі халқына деген қалтқысыз қызметтен туған, ол – халықпен біртұтас, ел жүгін қабырғасы қайыспай көтерер нағыз халық перзенті. Міне, осындай ардақты ақынымыздың келесі жылы 180 жылдық мерейтойын тойлағалы отырмыз, ұлы тұлғаның мерейтойлық жылында артында қалған мұраларына тағы бір зер салып, рухани құндылықтарына жете бір үңіле түсудің сәті келіп отыр.

Жалпы Ахмет Байтұрсынұлының рухани мұраларының тәрбиелік мәніне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:



1. Мысал өлеңдерінің тәрбиелік мәні.
  2. Азаматтық-саяси бағыттағы өлеңдерінің тәрбиелік мәні.
  3. Педагогикалық идеяларының тәрбиелік мәні.
- Ал енді осы айтылғандарға талдау жасап, дәлелдер келтірейік:

1-кесте. Мысал өлеңдері.

Мысал өлеңдері	Тәрбиелік мәні	Қазіргі өмірмен байланысы
<p>«Елде көп бұл бидайдай адам, – дейді, Тәкаппар, оны халық, жаман, – дейді. Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның, Тұтынба бұл мінезді, балам», – дейді. «Егіннің бастары».[1]</p>	<p>Бұл өлеңде жастарды өмірде санасы таяз тәкаппар адамдардың көп болатынын айтып, олардан аулақ болуға шақырады. Басында миың толық болса, сол миды халқын үшін, елің үшін пайдалансаң ғана көкірегіңді көтеріп толық мақтануға құқың бар, ал менмендік алысқа апармайтын мінез екенін ескертеді.</p>	<p>Даңқты тұлға, қазақ халқының қайсар, батыр ұлы Бауыржан Момышұлы: Мен істедім дегенше, Мың істеді десеңші, – деген екен. Сол секілді менмендігі тасып, көкірегін көтеріп жүрген қаншама адам бар?!</p>
<p>«Маймыл мен көзілдірік» деген өлеңде: Адамға бұл кеңесте ғибрат бар, Маймылша іс ететін көп надандар. Пайдалы затты орнына жұмсай алмай, Сөгетін пайдасыз деп жоқ па адамдар? – дейді [1]</p>	<p>Бұл жерде Ахмет атамыз ештеңенің парқын білмей, пайдалы затты орнына жұмсай алмай жүрген өмірде небір адамдар маймылдың кейпінде жүргенін, қолда бар алтынның қадірін бағалай білу керектігін жастарға тағылым етеді.</p>	<p>Бүгінде елімізде барлық қазба байлықтар шығады, бірақ біз сол қолда барды ұқсатып пайдалана алмай жүрміз, өндіріп, өндеп, өнім шығарудың орнына шикізат күйінде сыртқы сатуға мәжбүрміз.</p>
<p>«Қартайған арыстан» мысалында: Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да, Келе алмас жаман батып маңайыңа. Басыңның бақыт құсы ұшқан күні Құл-құтан басынады, малайың да, – деп түйін жасайды. [1]</p>	<p>Бұл мысалда ақын адамдардың басында да арыстанның жайындай күй бар екенін, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып жүрген ағайынның ортамызда кездесетінін өкінішпен баяндайды.</p>	<p>Қазақтың мінезіне біткен бір қасиет – жағымпаздық. Кімнің қолы билікте болса, соған жағымпазданып, бір кісі таққа мінсе, қырық кісі атқа отырған заман болып тұр, «қазақтың қолына папкі, басына шәпкі бер, сол кезде оның кім екенін байқайсың» деген халық арасында әзіл-шыны аралас әңгіме де бар.</p>

2-кесте. Азаматтық-саяси лирикасы

Азаматтық-саяси лирикасы	Тәрбиелік мәні	Қазіргі өмірмен байланысы
<p>Әр жолды ойлап, Ойыма бойлап, Ұқтым тайыз, тереңді. Сайраған тілмен, Зарлаған үнмен, Құлағы жоқ керенді – Ұқтыра алмай сөз әуре, Тек тұра алмай біз әуре, – дейді «Жиған-терген» өлеңінде. [1]</p>	<p>Ұлы ұстазы Абайша аңқау адамдарды алдап, мал жинап, кәсіп етіп жүрген арамза молдаларды, халық бойындағы енжарлық, бейқамдық мінездерді сынға алады. Ұйқыдағы жұртын осылай оятқысы келеді.</p>	<p>Қазіргі уақытта да халқымыз әлі қалың ұйқыда, қазақ жалқау десең, өзіңе тиеді, барын салып, жанын қинап еңбек еткісі келмейді, тек үкіметке аузын ашып, бүлік шығаруға дайын тұратын адамдар көп-ақ.</p>
<p>Үміт сүйрер жыраққа, Жетесің деп мұратқа, Талықсам да ізденіп, Қашан көңіл жасарар? Арқа басың босанар Рахатлы жаз келіп? Қашан жанып шам-шырақ, Сәуле беріп жарқырап, Болар жарық төрт тарап? Қашан маған іздеген Күліп жылы жүзбенен Болар серік бақ қарап? – деп армандайды «Бақ» деген өлеңінде[1]</p>	<p>Осы бір тамаша өлең өрнек- тері арқылы ақын алдағы уақытта қазақ халқының басына қой үстіне бозторғай ұялайтын заман келетінін бағамдайды. Мұның негізін- де қазақ қоғамының рухани ізденістері төңкерістен кей- інгі толқындарға, өзгерістер- ге жылдам ілесуіне деген сенім мен оптимизм жатыр.</p>	<p>«Бәріміз тұтас ел болып, Жаңа Қазақстанды құрайық! Жаңа Қазақстан – баршамыздың ортақ үйіміз, оның іргесін бірге қалайық! Бұл өскелең ұрпақ үшін керек», – деп Президентіміз Қ.Тоқаев айтқандай, [2] жаңа Қазақстанды құруға кірісіп те кеттік, Ахмет атамның арманын орындауға бет түзедік.</p>
<p>Қырағы қия жазбас, сұңқарым-ай! Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай! Үйілген өлексені өрге сүйреп, Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай! Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр, Түнерген төбемізден бұлт арылмай. Көк атты, көн терілі, көніп қалған, Сықса да шыдай беру – жұрт жарылмай. [1]</p>	<p>«Достыма хат» атты бұл өлеңінде ақын өлеңдегі көркемдік ізденістері арқылы өзіндік өрнектер жасауға тырысқан, мысалы, «қырағы қия жазбас сұңқарым-ай, қажымас қашық жолға тұлпарым- ай» деген метафоралар, қазақтың сөздік қорында бар метафоралар, ал «өлігін өлексенің өрге сүйреп, шығармақ қыр басына іңкәрім-ай» деген тіркестер ақынның тыңнан тапқан тіркестері. Ойды үдете, үстемелей жеткізу қызметін атқарып тұр.[3]</p>	<p>Екі жинақ- “Қырық мысал”, “Маса”- қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектерімен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам- тарам жұлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады. – Рымғали Нұрғалиев</p>

Ахмет атамыздың бірқатар педагогикалық идеяларының болашақ жас мамандарды ұстаздық шеберлікке тәрбиелеуде маңызы зор. «Оқыту жайында» атты мақаласында «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі – ақшаға, бірі – құралға, бірі – мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді», – дейді.

Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілікпен жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А.Байтұрсынов білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнер, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. А.Байтұрсынов осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап «Әліппе» кітабын жазды. Сондай-ақ оның «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925) шықты. Ал М.Дулатов бастауыш мектепке арнап «Есеп» кітабы мен «Қирағат» («Ана тілі» оқу) кітабын жазды.

«Ұлы ағартушы Алтынсаринның бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген – Ахмет Байтұрсынұлы», – зерттеуші ғалым Қайым Мұхамедханов бекрге айтпаған. Ахмет Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналының 8-санында жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың «Үйрету әдістері туралы» деген еңбегіне талдау жасай отырып, «Әдіс деген – қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», – деп ойын тұжырымдайды.[4]

А.Байтұрсынұлының есімі 20-жылдардағы Қазақстандағы жаңашыл педагогикалық идеялардың дамуымен тығыз байланысты. Педагогикалық баспасөздің рөлі, бастауыш мектеп мәселелері, жоғары білім беру жүйесі, оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін жетілдіру, жас ұрпаққа рухани-эстетикалық тәрбие беру – бұл қарастырылған мәселелердің толық тізбесі емес. Туған жердің нағыз азаматын тәрбиелеуге лайық ана тілінде тегін оқытатын мектеп құруға шақырады. Ұрпаққа ескерту ретінде «Білімге талпынбаған халық қанша бай болса да, біраз уақыттан кейін оның байлығы өркениетті халықтардың қолына өтеді» деген сөзді айтады.

А.Байтұрсынұлының педагогикалық идеялары бүгінгі таңда өзекті болып табылады, өйткені Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған жаңа білім беру жүйесі дамып келеді. Өз халқының нағыз перзенті бола отырып, Ахмет Байтұрсынов еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға, олардан үлгі алуға – білімге, ғылымға инвестиция салуға, кітап шығаруға шақырды. Осы тұрғыда «Ғылым

мен практикалық білімнің іргетасын бойына сіңірген халық ақылды, бай және күшті болады», – деді.

Ахмет Байтұрсынұлы – 150 жыл бойы қазақ халқының жүрегінде өмір сүрген есім. Торғай даласында Ыбырай Алтынсарин «Дала қоңырауы» болса, Ахмет Байтұрсынұлы маса болып ызындап, қалың ұйқыда жатқан қазағын оятқысы келді.

Балалар!  
Оқуға бар!  
Жатпа қарап!  
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!  
Шақырды тауық мана әлдеқашан,  
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,  
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:  
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,  
Барады аралар да ұшып балға.

Көптеген балалар бұл өлең жолдарын жатқа біледі. Тоғайдағы торғайдың шырылы, ормандағы жануарлардың оянуы, тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы, сарғалдақтың сайрағаны, өзендегі балықшылардың ау құруы, орақшы шаруалардың қимылы – бәрі-бәрі балаларды бос жатпай, пайдалы іспен шұғылдануға шақырады.

Мысалмен айтқан ойларында ақын балаларға ашкөздіктің жақсылыққа апармайтындығын, сұлулықты қызғанбау керектігін анық көрсетеді. Мысалы, «Аққу, шортан һәм шаян» өлеңінде арбаны аспанға тартқан аққу, суға сүйреген шортан, құрлыққа кеткен шаянның әрекеттерінен сабақ алуды мақсат етеді:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
Бірінің айтқаныңа бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Осы шумақ «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген халық нақылын еске түсіреді, бұл өлеңде ақын үш жүзге бөлінген қазақтың арасындағы алауыздықты үш мақұлық бейнесі арқылы меңзеген сияқты.

Қазіргі әдебиет сабағында қолданып жүрген теңеу, айшықтау, әсірелеу сияқты терминдерді, тіл біліміндегі сөйлем мүшелері, сөз таптарының атауларын қолданысқа енгізгені, алғашқы төл әліпбиімізді құрастыруының өзі – үлкен ерлік, сол үшін халық арасында «Ұлт ұстазы» атанды.

Иә, Ахмет есімі Алаш ардақтыларының қатарында құрметпен аталады, өйткені сол уақытта қазақ мемлекеттігінің негізін қалайтын жасампаз идеялары әлі күнге маңызын жойған жоқ. Олардың бірқатарын еске түсіретін болсақ: «...елімізде ата-баба қанын төгіп қорғаған, сақтап қалған, жерді бөлшектемей, жатжұртқа тапталпау, сатпау, жерден айрылғаның – барлық байлықтан, дәулетіңнен, құт-берекеңнен айрылу деген сөз; қазақ тілін дамыту, оқулықтар, сөздіктер жасау, мектептер, университеттер ашу; өз ақшасын шығару, әскер құрып, мемлекетті қорғау».

Құдайға шүкір, Ұлт ұстазының армандары орындалмай қалған жоқ, төл теңгеміз бар, Президент пен халық қалаулылары әділ жолмен сайланады, дамыған мемлекеттер үлгісіндегі оқу жүйесі жолға қойылып келе жатыр, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, қоғамның барлық саласында қанатын кеңге жаюда, еліміздің барлық аймақтарында өндіріс ошақтары біртіндеп салынып жатыр, айбыны асқан Қарулы Күштеріміз елімізді қорғауға сақадай сай тұр. Әрине, осының барлығын Ұлт кемеңгерінің көре алмай кеткені өкінішті...

Қинамайды абақтыға жапқаны,  
Қиын емес, дарға асқаны, атқаны,  
Маған қиын осылардың бәрінен,  
Өз аулыңның иттері үріп-қапқаны...

Осы өлең жолдарынан қазақтың сүт бетіндегі қаймақтарын өзге емес, өзіміз сылып алғанымызды түсінеміз. Өкінгенмен не пайда?! Тек өткеннен сабақ алсақ болғаны...

Ұлы Ұстаздың ұлт үшін жасаған қызметі ұлықталмай қалған жоқ. Көшелерге, мектептерге, оқу орындарына, кітапханаларға және басқа да көптеген қала жерлеріне асыл ұрпақтары есімін берді. Бүгінде елімізге танымал Тіл білімі институты Ахмет Байтұрсынұлы есімімен аталады.

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», – деген еді Алаш арысы Әлихан Бөкейханов. Мінеки, «Әдебиетті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады, ұлтының қажетін өтейді сөйтіп...», – деген Ахмет атамыздың сөзі замандасының пікірін қуаттай түскендей. «Ақтың отын арсыз өшіре алмайды», – деп қазақ халқы бекер айтпаған, Ұлт Ұстазының рухани мұралары қазақ халқы тұрғанда ешқашан өшпек емес.

Қорыта келгенде айтарымыз, Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан. Бүгінде Ахаңның мысалдарын оқу-тәрбие ісінде орынды пайдаланып отыру – әрбір тәрбиеші ұстаздың басты мақсаты, әрі парызы болмақ. Шығармалардан нақты мақалдар келтіре сөйлеп, жастар бойында бүгінде сирек

құбылыс болып бара жатқан астарды теңей, салыстыра сөйлеуге деген қызығушылықты, құштарлықты оятуға соған машықтандыруға, Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтсақ «лұғат тазалығына» баулуға болады. Қызығушылықтың арқасында жастардың шығармашылық ойлары ұшталмақ. Сегіз қырлы, бір сырлы Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына қайта-қайта үңіле қараған сайын, оның өміршеңдігі мен тәлімдік мәнін терең сезіне түсеміз. Ахмет Байтұрсыновтың азаматтық лирикасы бүгінгі нарық заманында өмір сүріп отырған жастарды имандылыққа, ізгілікке, адамгершіліктің ақ жолына тәрбиелеуде таптырмас аса бағалы құрал екені даусыз.

#### Әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсыновтың таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы, 1989 ж.
2. «Жаңа Қазақстан құрайық»: Тоқаев Қазақстан халқына үндеу жариялады. Азаттық рухы. 13.02.22.  
<https://azattyq-ruhy.kz/society/33877-zhana-kazakstan-ku-raiyk-tokaev-kazakstan-khalkyna-undeu-zhariialady>
3. Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл. – тәж. конф. Материалдары. – Қарағанды: «TENGRI Ltd», 2013. – 382 б.
4. «Ахмет Байтұрсынов – ұлы ғалым» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференция. Баяндама: «Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық шығармалары». Орындаған: Жуков негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Кебиспаева Айгүль Савкомбаевна.

#### **Р.Бабасова**

*Қызылорда облысы білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №277 мектеп-лицейі, тарих пәні мұғалімі  
Қазақстан*

### **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕРКІНДІК ҰРАНЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ ОРНЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ тарихындағы көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялыларының көшін жалғаған Ахмет шығармаларындағы еркіндік ұранын зерттеп, бүгінгі күн тұрғысынан алғанда қаншалықты өзекті екендігін айқындап, жастарды тәрбиелілікке баулудағы рөлін тануға, туған халқымыздың төл тарихы мен әдебиетіне, оның заңғар тұлғаларының шығармаларына деген сүйіспеншілікті оятуға бағытталған. Өз

шығармаларымен қазақ әдебиетінің тарихына мол үлес қосқан Ахмет шығармаларын талдап, саралауға және жастарды елжандылыққа үйретудегі ролі дәлелденген. Сондай-ақ, қазақ әдебиеті тарихында өзіне дейінгі ұлы тұлғалардың ізін жалғап, артына мол мұра қалдырған Ахмет Байтұрсынұвтың өмір жолын, бастан кешкен қиы тағдырын қарастырып, нақты дәлелдер келтірілген.

**Тіпек сөздер:** тарих, еркіндік, қазақ әдебиеті, елжандылық, жастар.

**Abstract.** This article examines the freedom-loving works of Akhmet, who continued the path of an open-eyed and open-minded national intelligentsia in the history of Kazakhstan, determines how relevant he is from today's point of view, and aims to recognize his role in instilling education in youth, instilling a love for the original history and literature of our native people, the works of their jurists. The role of Akhmet, who made a great contribution to the history of Kazakh literature with his works, is proven by the analysis and classification of his works and teaching youth folklore. Also given is concrete evidence of the life path of Akhmet Baitursynov, who followed in the footsteps of great personalities before him and left behind a rich legacy in the history of Kazakh literature, and the various destinies that he experienced.

**Keyword:** History, freedom, Kazakh literature, nationalism, youth.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается свободолюбивых произведений Ахмета, продолжавшего путь открытоглазой и непредубежденной национальной интеллигенции в истории Казахстана, определяется, насколько он актуален с сегодняшней точки зрения, и ставится цель признать его роль в привитие молодежи образования, привитие любви к самобытной истории и литературе нашего родного народа, трудам его правоведов. Роль Ахмета, внесшего своими произведениями большой вклад в историю казахской литературы, доказана анализом и классификацией его произведений и обучением молодежи фольклористике. Также приведены конкретные доказательства жизненного пути Ахмета Байтұрсынұва, который пошел по стопам великих личностей до него и оставил после себя богатое наследие в истории казахской литературы, и различные судьбы, которые он пережил.

**Ключевые слова:** история, свобода, казахская литература, национализм, молодежь.

Кез келген халықтың азаттыққа деген ұмтылысы мен арман-тілегінің бастау бұлағында ұлттық элита тұратыны белгілі. Сол элитаның көшбасында Алаша зиялыларының да өзіндік орны бар. Әсіресе көкірек көзі ояу ұлтының біртума азаматтары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы сынды тұлғалар халқының намысын қайрау, рухын ояту жолында ұлттық әдебиетті негізгі құрал етіп, осы салада бүгінгі күнге дейін өзектілін жоймаған туындылар мен зерттеулер қалдырды.

Қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар, ұлылар салған соқпақты жалғастырушы Ахмет шығармаларының мәңгілік мұра екендігін, оны насихаттаудың қажеттілігін жас ұрпақтың түсінуімен, ғибрат алуымен маңызды.

Өз шығармаларымен қазақ әдебиетінің тарихына мол үлес қосқан Ахмет шығармаларын талдап, саралауға және жастарды елжандылыққа үйретудегі рөлі дәлелденген. Қазақ даласы ықылым заманнан бері қол бастаған батыр мен сөз бастаған ақынға, шешенге, жастарға ғибрат берер данаға кенде болмаған. Сондай даналардың бірі – әрі ақын, әрі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы.

Ол 1872 жылы 5 қыркүйек күні қазіргі Қостанай облысы Торғай атырабындағы Сартүбек деген жерде дүниеге келген. Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған дала тұрмысы табиғатынан дарынды туған баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп толқытады. Әділетсіз өмірдің улы зары бала жүрегін он үшінде жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық, зорлыққа шыдамай, 1885 жылы 12 қазанда ояз начальнигі полковник Яковлевтің басын жарады. Мұның арты олардың дүние-мүлкін тартып алып, өздерін Сібірге 15 жылға жер аударылуымен тынады.<sup>1</sup>

Бұл жайында Ахмет былай деп жырлайды:

Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.  
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,  
Болғандай жегенімнің бәрі харам.  
Адамнан туып, адам ісін етпей,  
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет ең әуелі өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищеді, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алады. 1895 жылы мұғалім болып өз қызметін бастаған. Ауылдық, болыстық мектептерде ұстаздық қызмет атқара жүріп, өздігінен ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жазады, аударма жасап, өлең-жыр шығарады. Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинайды. Әдебиеттану ғылымына да зор үлес қосады. Әдебиеттану терминдерін ана тілімізде түсінікті етіп беріп, өзіндік ой-толғаныстарын арқау еткен «Әдебиет танытқыш» кітабын жазып шығады. Ахмет Байтұрсынұлов – сан қырлы ғалым, әдебиеттанушы, ғалым-тілші, түркітанушы және дарынды ақын-аудармашы.

А.Байтұрсынұлы ел басын біріктіру, халықтың келешегі үшін екі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойды:



біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы және тіл, әдебиет саласында зерттеулер жасап, тұжырымды ережелер енгізу, халықтың сауаттануына қызмет ету;

екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері және «қазақтың жері қазақтыкі болуы тиіс» деген принципін дәлелдеу. Бұл оның түрлі тақырыпқа жазған «Қазақ» газетінде жарық көрген мақалаларынан көрініс табады.

Оған оның барлық іс-амалы мен бізге қалдырған мұралары куә. Педагог-ағартушы үшін қазақ ұлтына қызмет етуден артық болмаған.

М.Ганди ХХ ғасырды «ұлтшылдық ғасыры» деп атаған екен. Біз тұжырымды мазмұндық жағынан күшейтіп, сондай-ақ «шовинизм ғасыры», тұтастай алғанда өз ұлтын бүкіл әлемге қарсы қойған «агрессивті ұлтшылдық ғасыры» деп нақтылаған болар едік. Сонда ғана тұжырым аясы кеңіп, ауқымдала, ірілене түспек. Өзі өмір сүрген кезеңдегі түрлі саяси оқиғаларды сараптай қарасақ, А.Байтұрсынұлының «ұлтшыл» болмауы мүмкін емес еді. Оның «ұлтшылдығы» өз халқын ғана емес түркі әлемін сақтап қалуға бағытталған «қорғаныстық ұлтшылдық». Ол бір жағынан Ресей шовинизмімен күрессе, екінші жағынан ментальді тұрғыдан алғанда рулық-тайпалық сатыда болған өз халқының қоғамдық санасын ұлттық деңгейге көтеру жолында қызмет етті.<sup>2</sup>

Еліміздің жастары мемлекеттің даму бағдарының не үшін және қалай айқындалғанын, тәуелсіз Қазақстанның қалай өмірге келіп, құрылғанын, оны қалыптастыруда кімдердің маңызды рөл атқарғанын, алғашқы кезеңдерде қандай айтулы оқиғалар болғандығын А.Байтұрсынұлы сынды қазақ зиялысының еңбегін оқу арқылы біледі.<sup>3</sup>

Шоқан Уәлихановтың айтуынша: «қазақ» сөзінің түпкі мәні – жан мен тәннің еркіндігі мен биік рухын білдіреді екен. Біздердің, яғни жастардың А.Байтұрсынұлының қазақ елі, қазақ халқы, қазақ әдебиеті, қазақ ғылыми үшін жасаған істері мен қалдырған мұралары арқылы оның өмірін танып, тәуелсіздік туралы ұғым-түсінігіміздің қалыптасуына ықпал ететіні сөзсіз. Сонымен бірге тәрбиелік мәні зор, жарқын істерімен үлгі боларлық осындай тұлғаларға еліктеп, соларға ұқсауға тырысамыз.<sup>4</sup>

Ақын өз шығармаларында елшілдік ұранын батыл көтер білді.

Бұрын бұл ойын ашық айтпай бүркемелеп көрсетсе, «Маса» жинағынан бастап ашық айта бастады. Өз халқын «маса боп» оятуды көздеген ақын елдік пен ерлікті, елшілдік пен күрескерлік идеяны басты мақсат етті. Оны А.Байтұрсынұлының «Жиған-терген» өлеңіндегі мына үзіндіден анық байқай аламыз:

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,

Қамауда жаның,  
Аш көзінді оянып...

Ақын ел басындағы ауыр жағдайды, тартыстар мен қарама-қайшылықтарды былай деп ашына суреттейді:

Бұл бір сөз қасірет айтып хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет қазақ азған.  
Байға мал, оқығанға шен мақсат боп,  
Ойлайтын жұрттың камын адам азған.

Ақынның күреске шақырған идеясы, келешек ұрпақ үшін күресуі, азат ел болу идеясы мына жырында көрініс табады:

Мен бұқтым-жаттым,  
Сен бұқтың-жаттың,  
Кім істемек қызмет?  
Ауызбен айтып,  
Істерде қайтып,  
Жоламасақ не міндет?

Сондай-ақ елшілдік мәселесі бойынша Байтұрсыновтың түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте тиімді болғанын айта кеткеніміз жөн. Бұл туралы М.Дулатұлы «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмері тарарды, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қызмет, иншалла, мұнан кейін артпа-са, кемімес», – деген сөзі дәлел бола алады.

Ы.Алтынсариннің қазақ халқы үшін қаншалықты қадірлі болғандығын «мектеп пен Ыбырай» ұғымының бір екендігін, қазақтың рухани құндылығында оның өзіндік ерекшелігі бар екендігі, оның еңбектерінің тәрбиелік мәнінің де тым тереңде жатқандығы бізге жақсы таныс. Дәл сол сияқты Ахмет есімі де ағартушылықпен қоса айтылады және «Ұлттың ұлы ұстазы» деген теңеуді халық өзі беріп отыр. Себебі, ол да Ыбырай Алтынсарин секілді мектептің ашылуын, әсіресе бастауыш мектептің қандай болуы керектігін үнемі көтерген, сол үшін Петербургке дейін хат жазып, ондағы берілетін білімнің сапасын талап еткен. Сонымен бірге сол мектептердегі қол-

данатын құралдардың дұрыс болуын бақылаған, сол үшін де тіл, әдебиет, емле, қаріп мәселесі төңірегінде зерттеу еңбектерін жазып, жарпыға ортақ ережелерді енгізген. Өр қазақ баласы сауаттылықпен қатар, өз тілін, дінін, ділін, салт-дәстүріне құрметтейтін болуы керек деген өзіндік үнін жеткізген.<sup>5</sup>

Ахмет Байтұрсыновтың жоғарыда аталған шығармаларының қай-қайсысын алмайық, бүгінгі күнде де өз маңыздылығын жоймағандығын, яғни, ақын шығармаларындағы ғибратты ойлардың әлі де өміршең екендігін байқаймыз. Өйткені, ақын шығармаларында айтылған ғибратты ойлар бүгінгі күнде де жас ұрпақты тәрбиелеуде өз үлесін қоспақ. Ақын айтқан зиянды әдеттерден аулақ болып, жақсылыққа жақын жүру-әрбір адамның адамдық борышы. Сол борышты абыроймен атқарып, жаһандану заманында да ұлттық құндылығымызды сақтап қалуымыз керек.

Ахмет атамыздың тек жырларындағы ғана емес, халқына еткен еңбегінің өзі елшілдік ұранына толы болды.

Алыстан алаш десе аттанамын,

Қазақты қазақ десе мақтанамын.

Болғанда әкем-қазақ, шешем-қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын, –

деп, жырлаған, алаш үшін қасық қандарын қиған алашордашылардың бел ортасында Ахмет те болғаны оның қаншалықты елдік мәселесін биік қойғандығының айғағы болмақ.

### Әдебиет:

1. Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл. – тәж. конф. Материалдары. – Қарағанды: «TENGRI Ltd», 2013. – 382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
4. Нұрпейісов. К Алаш һәм Алашорда. – Алматы «Ататек» 1995- 256 б.
5. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.

**Ж.Кулибекова**

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Қазақстан*

**Д.Аяған**

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, магистрант  
Қазақстан*

## **БАЙБАТЫР ЕРЖАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР**

**Аңдатпа.** Мақалада Алаш қозғалысының мүшесі, ақын Байбатыр Ержанов поэзиясындағы оқу-білім тақырыбы талданады. Ақынның осы тақырыптағы өлеңдері Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен өзара байланыста қарастырылады. Байбатыр Ержановтың өлеңдер жинағындағы ағартушылық ұстанымдары талданып, оның аталмыш мәселеге қатысты көзқарастары баяндалады. Қаламгердің білім берудегі жәдидшілдік ағымымен байланысы айқындалады. Ақын шығармашылығы туралы алаштанушы ғалымдардың ғылыми тұжырымдары келтіріліп, Байбатыр Ержановтың ағартушылық идеяларға жақындығы туралы қорытынды шығарылады. Мақалада ақынның өлеңдерімен қатар, басқа еңбектеріндегі оқу-білім тақырыбы тұтас қарастырылып, қаламгердің ағартушылық қыры ашылады.

**Тіпек сөздер:** ағартушылық, Алаш, жәдидшілдік, білім беру, ғылым, білім.

**Abstract.** The article analyzes the topic of education in the poetry of the poet Baibatyr Yerzhanov, a member of the Alash movement. The poet's poems on this topic are considered in connection with the work of representatives of Alash literature. The enlightened position of Baibatyr Yerzhanov in his collection of poems is analyzed, his views on this topic are presented. The writer's connection with the modernist direction in education is determined. The conclusions of scientists about the poet's work are given and a conclusion is drawn about the proximity of Baibatyr Yerzhanov to enlightened ideas. The article, along with the poems of the poet, considers the holistic educational theme of other works, reveals the educational aspect of the writer.

**Keywords:** enlightenment, Alash, Jadidism, give education, science, education.

**Аннотация.** В статье дан всесторонний анализ учебно-образовательной тематике в поэзии поэта Байбатыра Ержанова, участника движения «Алаш». Стихи поэта на эту тему рассматриваются в тесной связи с творчеством представителей Алашской литературы. Анализируется просветительская позиция

Байбатыра Ержанова в его сборнике стихов, так же изложены его взгляды по данной теме. Определена связь писателя с джадидизским направлением в образовании. Приведены научные выводы ученых о творчестве поэта и дано заключение об единстве взглядов Байбатыра Ержанова к просветительским идеям. В статье наряду со стихами поэта, рассмотрена целостная учебно-образовательная тематика и в других его произведениях, раскрыт просветительский аспект писателя.

**Ключевые слова:** просветительство, Алаш, джадидизм, обучение, наука, образование.

XIX ғасырдағы индустриалды төңкеріс адамзат тарихын жаңа арнаға бұрып, ғылым-білімге сүйенген ел ғана алға озатынын көрсетті. Ғылым жалпыадамзаттың құндылық ретінде жоғары сатыға көтеріліп, өркениет көшінен қалмау үшін халықты сауаттандырудың маңызы арта түсті. Дүниежүзінде болып жатқан осынау өзгерістер қазақ даласына да әсер етпей қойған жоқ. Алайда алып империяның құрамындағы қазақ ұлтына әлемдегі ағартушылық идеяларының лебі бірден жете қойған жоқ. Қазақ даласында надандықпен күресіп, ғылым-білімді насихаттау жайлы алғаш болып Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлихановтар үн қатты. Олар өз еңбектерінде ұлт басына түскен ауыртпалықты сипаттап, одан шығудың бірден-бір жолы білімге ұмтылу деп көрсеткен.

Ағартушы-демократтық әдебиет өкілдерінен бастау алған бұл қозғалыс Алаш кеңеңіндегі әдебиетте кеңінен көрініс тапты. Осы уақытта қазақ даласына жәдидшілдік ағымы келіп, мектептер жаңа заманға сай жұмыс істей бастады. Жәдидшілдік ағымы жайлы зерттеуші Н.Сәбитов «Течения за «новый метод» обучение в мектебах и медресе в Казахстане появляется в первом десятилетии XX века. Сторонниками этого течения были муллы и муалимы получившие образование в «новометодных» мектебах и медресе Казани, Оренбурга и в других городах Поволжья и Урала» [1, б.28], – деп жазады. Түптеп келгенде, Алаш қайраткерлерінің барлығы дерлік ағартушылық бағытта жәдидшілдік жолын ұстанған зиялылар болатын. Солтүстік Қазақстанда туып, медреседе білім алып, саналы ғұмырын ұлт мектебінің негізін қалауға арнаған ақын Байбатыр Ержанов та жәдидшілдік ағымының өкілі еді. Бұған оның ғылым-білім тақырыбында жазған өлеңдері дәлел.

Байбатыр Ержановтың революцияға дейін Қазан қаласында екі мәрте басылып шыққан «Тұр, қазақ» жинағында оның ұлтты оятуға, ескіліктен арылып, халықты жаңа күнге бастауға арналған өлеңдері жинақталған. Соның ішінде ел-жұртты ғылым-білімге шақырған туындылары да көп. Аталған өлеңдеріндегі идеялар сол замандағы Алаш арыстарының ойларымен үндесіп жатыр. Жинақтың «Тұр, қазақ» деп аталуының өзі надандықтан қалғыған ұлтын оятып, білім алуға шақырып тұрғандай.

Кітаптың жазылуы туралы ақынның өзі сөз бастарында «Көзбенен көріп, ақылменен ойлап тұрсақ, бұ біздің сахарауи қазақ халқы күллі пайдалы нәрселерден бейхабар қараңғыда ұйықтап жатқандығы себепті бос қалғандай көрінеді. Өнер білімнің ең алды бұ милләтіміздің пайдасын ойлап, мүһім рисала жазып тарту еді...» [2, б. 93], – дейді. Осылай айта келе, ақын ұлтының ғылым-білімнен кеш қалып, құр тіршіліктің соңында салпақтап бар мен жоқтың арасында өмір сүріп жатқанын күйіне жырлайды. Байбатыр Ержанов сынды заманынан озып туған, жасынан ғылым-білімді бойына жиған көзі ашық азамат үшін туған халқының осындай күйге түсуі қолға қалам алғызбай қоймайтын қиын жағдай еді.

Оларға болыспаса Құдай Қадір,

Екінші, өзі надан, өзі пақыр,

Қазақтар осындайын хәлге түсіп,

Ілімдіктің жағына аса тақыр [2, б. 96], – деп күйінеді ақын.

Ақынның бұл ойы Алаш әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың «Жатыр» өлеңін бірден еске салады:

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,

Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.

Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,

Қазекең таң қаларлық кепте жатыр [3, б. 6].

Екі ақын да өткен ғасырдың басындағы қазақтың басына төнген надандық бұлтын, елді жайлаған енжарлық пен бейқамдықты сынайды. Басқа халықтардың ғылымның күшімен өркениеттің ұшпағына шыққанын көріп, ал өз ұлтының ұйқыда жатқанына уайым жейді:

Өзгеде ілім менен мағрифат (ғылым, білім) бар,

Біздерде ынтымақсыздық, жахилият (надандық) бар [2, б. 99].

Ағартушылыққа келгенде Байбатыр Ержанов ең алдымен жастардың сауатты болғанын қалайды. Жастары оқыған елдің ертеңі жарқын екенін жырлайды. Сондықтан да өз замандастарына, ізбасарларына, ғасыр басында ержеткен қазақтың ұл-қыздарына заман халін ұқтырғысы келеді. Оған ақынның «Жол көріп оқығандарымыз – жиырмасыншы ғасыр жастарына» деген өлеңі дәлел:

Пайдадан біздің қазақ ғапіл қалған,

Оқымай білім, өнер жаһіл қалған,

Мұнан басқа халыққа көзің салсаң,

Өнер мен ілімдікке мәһір болған [2, б. 137].

Байбатыр Ержанов поэзиясында оқу-білімге қатысты сөздердің мол қолданылуы да автор үшін бұл тақырыптың жақындығын айғақтайды. Оның жырларындағы «ілімдік», «өнер», «мағрифат», «футун», «жаһіл» және тағы басқа оқу ісіне қатысты ұғымдар ақынның өз заманындағы қазақ оқығандары көтерген ағартушылық идея-

ларға мейлінше жақын болғанын әрі өзінің де мұсылманша терең сауатты адам болғанын көрсетеді.

Ақын өлеңдерінен оның жәдидшілдік көзқарасы айқын танылып тұрады. Қазақ даласындағы жәдидшілдіктің өріс алуын 1890-1911 және 1911-1920 жылдар аралығы деп екі кезеңге бөліп қарастырсақ, Байбатыр Ержанов шығармашылығы жәдидшілдіктің кең тарап, дамудың жаңа сатысына көтерілген екінші кезеңіне жатады. Осы ағымның бастауында тұрған әл-Маржани сынды тұлғалар сияқты, Байбатыр Ержанов та ислам дінін ғылым мен білімнің діні деп таныды. Ақын халықтың көзін ашып, ғылымды өрістетудегі діни институттардың рөлін жоғары бағалады. «Мешіт пен медресе хақында» өлеңінде ислам құндылықтарын жырлай келіп ақын:

Қазағым, ортаңызда мешіт болсын,

Кісілер намаз оқып, орта толсын!

Бір ғалым шаһбаздан (білімдіден) имам сайлап,

Михрабта уағыз айтып сайрап тұрсын [2, б. 107], – дейді.

Ақын өз заманында мешіт, медресе сияқты діни орындардың ағартушылықты ілгерілетудегі маңызын түсінген. Дінді тек адами құндылықтарды насихаттаушы орын емес, ілім таратып, жұртқа ғылым үйрететін білім ордасы деп ұққан. Сондықтан да мешіттегі имамға алдымен басқа емес, шаһбаз (білімді) болу керек деген талап қояды.

Расында да, ислам өз заманында адамзатты өркениетке бастаған, ғылым мен білімнің қозғаушы күші болған дін бола білді. Алайда уақыт өте келе, діннің бұл қызметі әлсіреп ислам ағартушылығының бағыты өзгерді. Бұл қазақ даласына да әсер етпей қойған жоқ. Ислам өркениеті дәуірлеген тұста мұнда көрнекті ғалымдар, ғұламалар нақты ғылымдар, әдебиет, пәлсапамен шұғылданып, іргелі оқу орындары жұмыс істесе, ислам ренессансынан кейін діни білім беру заман ағымына ілесе алмай қалды. Соның салдарынан қазақ ауылдарында дүмше молдалар сабақ беріп, бірнеше буын ұрпақ ескірген әдіспен оқытылып келді. Қазақ халқының мұндай рухани дағдарысқа ұшырауына отаршылдық жүйе үлкен әсерін тигізді. Академик Дихан Қамзабекұлының жазуынша, жәдидшілдіктегі әл-Маржани концепциясы да исламның әуелгі бастауына оралуға, ғылым-білімді қайта жандандыруға үндейді: «ислам әу баста қайратты, ғылыми, ойлы, кейін бұрмаланған, тоқыраған» [4, б.83].

Қазақ даласындағы осындай кері кетулерді байқаған Абай да «Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған хаж ешбір ғибадат орнына бармайды» деп діндегі ғылымның орнын айшықтап кетті. Абайдан кейінгі Ш.Құдайбердіұлы, Н.Наушабаев, А.Байтұрсынұлы сынды қаламгерлер де надан дін адамдарының ағартушылықтың дамуына кедергі болып отырғанын жазған. Өз өлеңінде Байбатыр Ержанов та балаларға дүниені танытудың орнына ХХ ғасырда өз өзектілігін жойған ескі әдіспен оқытатын молдаларды сынға алады:

Ұстайды біздің қазақ бала молда,  
Ол өзі дінді бұзар шала молда,  
Баланы оқытудың жөнін білмей,  
Көңілі әр нәрседен жара молда [2, б.107].

Қазақ даласындағы білім берудің мүшкіл халі туралы сол замандағы Алаш қайраткерлерінің көбі осындай пікірді ұстанған. Алаштың рухани көшбасшыларының бірі Міржақып Дулатұлының мешіт пен медресе жайлы жазған өлеңі де ақын ұстанымымен үндес:

Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта,  
Салады сәбилерді тек азапқа.  
Молдекем шарт жүгініп, қаһар етіп,  
Босатар күн батқанда әрең шаққа [5, б. 61].

XX ғасыр басындағы өлең-жырларда «милләт» ұғымының орны ерекше. Милләт сөзінің мағынасы – ұлт. Яғни, ұлтының игілігін ойлаған, оның қараңғы хәліне алаңдаған зиялылар өз шығармаларында «милләт» сөзін жиі қолданады. Байбатыр Ержанов та өзінің жастарға арнаған өлеңінде ұлтының жарық күнге шығуы үшін жаңа заман өкілдеріне үндеу жолдайды:

Көріңіз, көзді ашып милләт түрін,  
Оларды құтландырма болар көрім,  
Қараңғыдан шығып көрсін қазақ байғұс,  
Өмірінде көрмеген күннің нұрын [2, б. 139].

Мұндағы күннің нұры шын мәнінде білімнің нұры екені анық. Байбатыр Ержановтың ойынша қазақты осы нұрға бір бастап апарса, жастар апарады. Сондықтан да жастарды мүмкіндігінше оқып, заманынан кеш қалған қазаққа жолбасшы болуға шақырады.

Қай ұлтты болсын алға бастайтын топ – оқыған азаматтар. Білімді, еркін ойлы тұлғалары көп елдің ертеңі жарқын. Алға шығар басшысы, топ бастар азаматы бар ел ғана өркениет жолында адаспай, биікке шығады. Бұл көзқарасты Байбатыр Ержановтың «Жетімдер» өлеңінен аңғарамыз:

Оныншы бұ дүниеде қалам жетім,  
Жазатұғын ерлері табылмаса,  
Тағы да он бірінші қағаз жетім,  
Бетіне ғибратты сөз жазылмаса [2, бб.139-140].

Бұл өлеңінде ақын оқыған азаматтарды «жазатұғын ер» деп әспеттейді. Осындай ерен ерлері болмаса елдің де жетім қалары ақиқат еді. Ақын дүниетанымындағы «ер» атанудың бір критерийі – білімді, оқыған әрі қолға қалам алып, халыққа сөз арнауға қабілетті болу.



Ақынның дидактикалық сарында жазылған өлеңдерінен бөлек лирикалық туындыларында да оқу-білімге ерекше орын берілген. Мысалы, өзінің қаламына арнаған жырында ақын қалам құдіреті арқылы білім нәрінің жер жүзіне тарап жатқанын ерекше екпінмен жырлайды:

Аямай қағазымды қаза еттің,  
Дүниені жарық қылып сен ағарттың,  
Дүниеге неше миллион кітаптарды,  
Жазып-жазып жер жүзіне сен тараттың [2, б. 140].

Байбатыр Ержановтың ағартушылық идеялары оның өлеңдерінде ғана емес, баспасөзде жарық көрген әңгіме, мақалаларында да айқын танылады. Оның «Айқап» журналында жарияланған шығармаларының көбі қазақтың білім беру ісін ілгерілетуге арналған. Оның осы журналда басылған «Қазақ хәлінен бір-екі сөз», «Біздің жайлар» мақалалары, «Боз балаларымыздың түрі» әңгімесі қазақтың оқу-ағарту саласындағы кемшіліктерін ашып көрсетеді.

Бұл тақырып қаламгердің Қазан қаласында басылып шыққан «Оқуға махаббат» шығармасында да кеңінен сөз болады. «Бұл азаматтың жәдидшілігін көрсеткен еңбегі – 1912 жылы шыққан «Оқуға махаббат» атты кітабы. Мұнда автор жаңа заманға қажетті оқудың мән-маңызын жан-жақты айтады» [4, б. 125], – деп жазады Дихан Қамзабекұлы.

Байбатыр Ержанов тек оқу-білімнің насихатшысы болып қана қойған жоқ. Өзі де ағарту ісіне араласып, Алаш азаматтарымен бірге заманауи қазақ мектебінің іргетасын қаласты. Профессор Зарқын Тайшыбай зерттеуіне сүйенсек, ол бала оқытып, Қызылжардағы мұғалімдер курсының ашылуына үлесін қосқан [6, б. 149]. Жазушы Ғабит Мүсірепов ақынның ел арасына жыр таратумен де айналысқанын жазады: «Елдегі хат білетіндер көшіріп аламыз, өлең таратушының ірі бір «уәкілдері» Байбатыр Ержанұлы, Сәбит Мұқанұлы, Есім Досболұлы, Нұрмағамбет Жамшин тағы толып жатқан басқалары» [7, б. 39].

Қорыта айтқанда, ақын Байбатыр Ержанов өз заманының тамыр соғысын тап басқан, бодандықтағы қазақ халқы үшін оқу-білімнің маңыздылығын түсінген ХХ ғасыр басындағы қазақтың оқыған азаматы еді. Ол ағартушылықта жәдидшілдік бағытты ұстанып, білім берудегі жаңа әдісті қолдады. Әбден ескірген молдалар мен медреселердің шала білімін ашық сынға алды. Дінге ғылымның дамуына серпін беретін институт ретінде қарады. Ақын өз жырларында жастарды ел игілігі үшін білім алып, ұлттың санасын білімнің жарығымен оятуға шақырды. Өзінің «Тұр, қазақ», «Оқуға махаббат» кітаптарында, «Айқап» журналында жарияланған әңгіме, мақалаларында ағартушылық мәселесін көтеріп, өз ұлтын өркениет көшінен кейін қалмауға үндеді. Байбатыр Ержанов жасынан ерте оқыған, елі үшін ғылым, білімнің бар артықшы-

лығын санасымен де, жүрегімен де сезінген, заманындағы ағартушылық идеяларды қолдаған, онысын еліне еткен қызметімен де, жазған еңбектерімен де айқын көрсетіп кеткен жерлес қаламгер.

#### **Әдебиет:**

1. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов (историко-педагогический очерк). – Алматы: ҚазКСР Ғылым академиясының баспасы. – 1950. – 41 б.
2. Оян, қазақ! Өлеңдер. / М.Дулатұлы, Б.Ержанов, Ә.Арғыни. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 180 б.
3. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.
4. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
5. Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлең-жырлар, әңгімелер. Алматы: Атамұра, 2003. – 192 б.
6. Тайшыбай З. Сыр сандығым – Қызылжар (Солтүстік Қазақстан облысының тарихынан): Ғылыми басылым. – Астана, 2013. – 250 б.
7. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2012.Т.1: Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин. Әдебиет туралы. – 424 б.

#### **К.Абдуллаева**

*Торайғыров университеті, докторант  
Қазақстан*

### **МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ ПРАГМАТИКАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, фольклорист, ақын, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэтикалық тілінің прагматикасы, сөз таңдау мен сөз қолдану ерекшелігі қарастырылады. Тіл біліміндегі поэтикалық тіл және қаламгердің тілдік прагматикасы, айтылым адресаты турасында жасалған теориялық тұжырымдауларға талдау жасай отырып, ақын Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық тілінің прагматикасын ашып көрсету мақаланың мақсатын көрсетеді.

Прагматика – ХХ ғасырдың соңынан бері қарай әлемдік лингвистикада талқыланып, көптеген зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне арқау болып келеді. Әсіресе, соңғы жылдардағы лингвистикалық зерттеулердің барлығында да прагматикаға түрлі анықтамалар берілген. Қазіргі таңда да прагматика өзекті тақырыптардың бірі, себебі ақын не жазушы шығармаларының көркем тілін зерттеу оның басқа тұлғалардан ерекшелігін бөліп көрсетуге септігін тигізеді. Сондықтан біздің мақаламыздың

нысаны ретінде алынған Мәшһүр Жүсіп прагматикасының ерекшелігін зерттеудің қажеттілігі бар деуге болады. Осылайша, жұмыстың ғылыми-тәжірибелік мәні Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық тілін талдап, прагматикасын саралауда жатыр. Талдау барысында ақынның сөз таңдау, сөз қолдану ерекшелігі анықталды.

Мақаланы жазу барысында келтірілген ғылыми тұжырымдарды дәлелдеу үшін материалдарды жинау және талдау әдістері қолданылды. Талдау нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының поэтикалық тілінің прагматикасы, сөз таңдау, сөз қолдану ерекшелігі мысалдар мен тұжырымдар келтіріліп дәлелденді.

**Тірек сөздер:** Мәшһүр Жүсіп, тіл, сөз таңдау, тілдік сана, эстетика, поэтикалық тіл т.б.

**Abstract.** The article examines the pragmatics of the poetic language, the peculiarities of the choice of words and the use of words by one of the outstanding representatives of Kazakh literature, folklorist, poet, thinker Mashkhur Zhusup Kopeevich. The analysis of poetic language in linguistics and linguistic pragmatics of the writer, theoretical formulations, disclosure of the pragmatics of the poetic language of the poet Mashhur Zhusup reflect the purpose of the article.

Pragmatics has been discussed in world linguistics since the end of the twentieth century and is the basis of the scientific works of many researchers. In particular, all linguistic studies in recent years have given different definitions of pragmatics. Pragmatics is still one of the relevant topics today, since the study of the artistic language of the works of a poet or writer helps to determine his differences from other personalities. Therefore, we can say that there is a need to study the specifics of the pragmatics of Mashhur Zhusup, taken as the object of our article. Thus, the scientific and practical meaning of the work lies in the analysis of the poetic language and the differentiation of the pragmatics of Mashhur Zhusup. The analysis revealed the specifics of the poet's choice and use of words.

During the writing of the article, methods of collecting and analyzing materials were used. As a result of the analysis, examples and conclusions of the pragmatics of the poetic language of Mashkhur Zhusup Kopeevich, features of the choice and use of words are given.

**Keywords:** Mashhur Zhusup, language, word choice, linguistic consciousness, aesthetics, poetic language, etc.

**Аннотация.** В статье рассматривается прагматика поэтического языка, особенности выбора слов и употребления слов одного из выдающихся представителей казахской литературы, фольклориста, поэта, мыслителя Машхур Жусупа Копеевича. Анализ поэтического языка в языкознании и языковой прагматики писателя, теоретических формулировок, раскрытие прагматики поэтического языка поэта Машхур Жусупа отражают цель статьи.

Прагматика обсуждается в мировой лингвистике с конца XX века и является основой научных трудов многих исследователей. В частности, все лингвистические

исследования последних лет дают различные определения прагматики. Прагматика и сегодня является одной из актуальных тем, так как изучение художественного языка произведений поэта или писателя способствует определению его отличий от других личностей. Поэтому можно сказать, что существует необходимость изучения специфики прагматики Машхур Жусупа, взятой в качестве объекта нашей статьи. Таким образом, научно-практический смысл работы заключается в анализе поэтического языка и дифференциации прагматики Машхур Жусупа. В ходе анализа была выявлена специфика выбора и употребления слов поэтом.

В ходе написания статьи использовались методы сбора и анализа материалов. В результате анализа приводятся примеры и выводы прагматики поэтического языка Машхур Жусупа Копеевича, особенности выбора и употребления слов.

**Ключевые слова:** Машхур Жусуп, язык, выбор слов, языковое сознание, эстетика, поэтический язык и др.

Көркем шығарманы біртұтас эстетикалық дүние деп алсақ, сол дүниені дүние етіп тұратын құрал – оның тілі. Осы көркем дүние құралы деп тұрғанымыз – поэтикалық тіл. Көркем шығарманы тұтас эстетикалық дүние деп қарауға оның эстетикалық және әсерлілік қызметі себеп болып отыр. Алайда, бұл тілдің эстетикалық қасиеті оның коммуникативтік, информативтік қызметтерінен бөлек деген сөз емес, керісінше, осы қызметтеріне негізделеді. Тіл көркемдігін қамтамасыз ететін басты нәрсе – тіл арқылы берілетін мазмұн мен қалыптың сәйкестігі. Яғни суреткер идеясының берілу тәсілдерінің (сөздер мен қолданыстар) оқырманға не тыңдарман қауымға түсініктілігі мен әсерлігінде жатыр. Бұл жөнінде ғалым Рабиға Сыздық былай дейді: «Поэтикалық тіл деген анықтауыш тіл көркемдігінің, дәлірек айтсақ, көркемдік үшін қолданыстың биігін, идеалын білдіреді. Сондықтан өлең біткеннің барлығында поэтикалық көрініс тұнып тұрмайды. Көріктеу құралдары қолданылған тексттің өзінде әрдайым мазмұн мен қалыптың сәйкестігі бола бермеуі мүмкін, демек, текст әсемдік биігінен көрінбеуі ықтимал» [1, 406-б.]. Ғалымның пікірінен поэтикалық тілге қойылатын талап пен талғамның деңгейі өте биік екенін түсінеміз. Осыған байланысты поэтикалық тілді құрайтын элементтердің екі түрлі типі анықталған: біріншісі – кейбір сөздердің үнемі әсерлі, экспрессивті мәнде жұмсалуды арқылы тіліміздегі тұрақты поэтикалық сөздер тобын құрауы болса, екіншісі – кейбір сөздердің тек контексте ғана поэтикалық мәнге ие болуы.

Осы мақаламызда біз есімі алты алашқа мәлім болған ақын Мәшһүр Жүсіптің поэтикалық тілінің прагматикасы, оның сөз таңдау, сөз қолдану ерекшелігін саралайтын боламыз.

Ғалым Рабиға Сыздық: «Суреткердің, айталық ақынның, поэтикалық тілін зерттеуде өз алдына бөлініп шығатын дербес тақырып – ақынның өзіне тән көркемдік

қолтаңбасы, мұны ғылымда «шығармашылық контекст» деп те атайды. Бұл орайда ақын тіліндегі сөз-символдарды, өзі сүйіп, жиі пайдаланған троптарды және өзге де тіл элементтерін эстетикалық қызметте жұмсауының принциптерін, стильдік ерекшеліктері арқылы көрінетін «автор образын» ашып талдау қажет болады» [1, 407-б], – дейді. Ғалымның пайымдауынша: «шығармашылық контекст» дегеніміз – ақынның өзіне ғана тән көркемдік қолтаңбасы. Яғни, бұл – ақын шығармаларының мазмұны мен сол мазмұнның тілдік көрінісі ақынның жекелік стилін танытады. Екеуі де ақынның автор ретіндеі образын сипаттаумен байланысты қарастырылады. Ал автор образының түзілген текст аясында ашылатыны белгілі. Текст түзу поэтикалық контекст ұғымына қатысты болады. Себебі кез келген шығармада текс түзіле бермейтінін ескере келе, оның белгісі – «шығарманың бір бөлігінде немесе бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын біртектес сөздерді шоғырлап беруі», – дейді ғалым Р. Сыздық. Текст түзуде мағыналары бірін-бірі ашатын семантикалық жақтан тақырыптас сөздердің шоғырланып берілуі де немесе мағыналары әртүрлі сөздердің контексте мазмұндас болып келуі де мүмкін. Ол үшін қаламгерге суреткерлік шеберлік қажет.

Ал қаламгер тілінің прагматикасы дегеніміз – мәтін түзудегі авторлық позицияны танытатын жүйелі құрылым. «Прагматика» сөзін ғылыми айналымға енгізген Чарльз Моррис оны «семиотиканың синтактика мен семантикадан кейінгі үшінші таңбалаушы компонент» [2] ретінде қарастырады. Осы тектес «прагматика» туралы пікірлердің ішінен қазіргі кезде көптеген ғалымдар тарапынан қолдау тауып, ғылыми тәжірибеде қолданылып жүрген – Т. ван Дейктің анықтамасы. Зерттеуші прагматиканы «тілді контексте зерттеу» деп атап, «прагматикалық құрылымның грамматика теориясына енуі тиіс, сонда ол тілдік форма, мағына және әрекетті сипаттайтын ережелер жүйесіне айналады» деген пікір айтқан [3, 266-б.].

Профессор Қ. Есенова: «Сөйлеу актісінде бұл тіл ұстанушының тілдік бірліктерді өз түпкі ниетіне сай етіп іріктей білуі, қай сөзге баса мән беретіндігі, өз сөзінің тыңдаушыға қандай дәрежеде әсер етуін көздейтіндігі, соның нәтижесінде адресаттың қандай да бір әрекеттерге баруына түрткі болатындығы, сондай-ақ, айналадағы адамдарға өз сөзі арқылы өзін белгілі бір қырынан таныстыруға, көрсетуге тырысатындығы т.б. барлығы жинала келе оның түпкі ойының аудиторияға дәл, нақты күйінде жеткізілуін қамтамасыз етеді» [4, 8-б] – деген анықтама береді. Демек, прагматиканың басты өзегі –сөйлеуші мен тыңдаушы арақатынасы, өзара байланысы болып табылады. Сонымен бірге, тыңдаушының жалпы білімі мен зейінін, көзқарасы мен түсіну қабілетін және психологиялық күйін т.б. деңгейлерін айтушының ескеруі тиіс. Жинақтап айтқанда, прагматиканың басты мақсаты – сөздің қолданыс ерекшелігі туралы ережелерді ұғындыру. Ал прагматика мәтін лингвистикасында анықталады. Себебі мәтін баяншы мен тыңдаушыны байланыстырып тұрады.

Мәтін коммуникативті болғандықтан оны мәтінтанушылар үш кезеңге бөледі: коммуникацияға дейінгі кезең, вербалдық, яғни тілдік кезең, коммуникациядан кейінгі кезең. Коммуникацияға дейінгі кезең – адресанттың (айтушы) адресатын (тыңдаушы) барлау кезеңі. Яғни автордың айтпақ ойы, ниеті тыңдаушыларының психологиялық қалпына, менталды деңгейіне, сонымен бірге осы «сөзді» айтуға мәжбүрлеген, жеткізген, мүмкіндік берген алғы шарттардың бағыт-бағдарына байланысты өрбиді. Ол автор мен қабылдаушының (тыңдаушы не оқырман) бір-біріне деген көзқарасы, бір-бірін, соның ішінде автордың тыңдаушысын бағалауына да байланысты болуы мүмкін. Қазіргі мәтінтануда айтылым адресаты ұғымымен беріліп жүрген осы теория бойынша сөйлеу барысында айтушы өз сөзінің тыңдаушы тарапынан қабылдануы, яғни сөз болып отырған мәселеге қатысты бұрыннан қалыптасқан түсініктің бары-жоғы т.б. ситуацияны қаншалықты меңгергенін, берілген саладағы мәдени қарым-қатынасты бейнелейтін арнайы білімі бар-жоғын, оның көзқарастары мен сенімдерін, оның симпатиясы мен антипатиясын – жалпы өзінің сөзінің тыңдаушыға қаншалықты әсер ете алатынын есепке алумен болады. Соған сәйкес сөз саптауын түрлендіріп, оның қарсы әсеріне, түсініліміне мейлінше қозғау салу үшін түрлі әдістерді қолдануға тырысады. Осы әдістер әрі қарай айтылымның жанрын, стилін, оның түсінілімін анықтайды. Мұндағы автордың мақсаты біреу – ол айтылған ойдың тыңдаушыға жетуі, қабылдануы.

Мәшһүр Жүсіп – адресант коммуникацияға дейінгі кезеңнің бірнеше тәсілін қолданғаны байқалады. Ең бастысы – тақырып таңдау. Мәселен, 1904, 1905, 1906 жылдары көзінің тірісінде жазылған кітаптары: «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», сонымен бірге, ақындық толғау, насихат үлгідегі өлеңі: «Қолыма қағаз, қалам алайын да», діни таңым туралы: «Алла құдіреті», қоғам жайындағы сыни көзқарасы: «Қазақты жамандаушыларға» т.б. философиялық ой-толғамдарын атап өтуге болады. Осы тақырып атауларының өзі-ақ оқырмандарын өзіне тартары сөзсіз.

Оқырманды өзіне тарту, еліктіру, назарын өзіне (айтылымға) аударту – адресанттың (айтушы) бірінші мақсаты. Келесі кезекте адресант өзіне лайықты адресат (тыңдаушы) таңдайды немесе бар адресатты айтылым ишарасына, мақсатына сәйкес дайындайды. Сөйтіп біздің зерттеуіміздегі ақын Мәшһүр Жүсіп өзінің адресатына төмендегіше сөз арнайды: «Бас көтер, дін мұсылман балалары, Шын тұр ма, кетейін деп бізден ерік?! Болмаңыз алтыауызды, жақсыларым, Бұл тойдан не боламыз қалғанымыз?! *Жақсылар өнер болса енді аянба, Қалмаңыз басқа жұрттың табасына; Бұрынғы партиялық жұмыс қалсын; Құдайдың бір жарылқар уақыты келді, Алаштың ұраны үш жүз баласына... Алаш боп қоссақ басты қор болмаспыз.*»

Осы арнау сөз арқылы қаламгер өзіне жақын тыңдарманды алдын-ала өзі таңдағанға ұқсайды. Автор бұл сөзді кімге, қандай мақсатта, қалай айтуға болатынын

талғап, таңдап барып, мәтін құрауға коммуникацияның вербалды кезеңіне кіріскен. «Бас көтер, дін мұсылман балалары; Жақсылар өнер болса енді аянба» деген сөздері ақынның ұлт жанашыры ретіндегі жан-айқайына үн қосуға, бірлесуге шақырған көңілін білдіріп тұрса, «Болмаңыз алтыауызды, жақсыларым; Қалмаңыз басқа жұрттың табасына; Бұрынғы партиялық жұмыс қалсын; Алаш боп қоссақ басты қор болмаспыз» деген жолдар ақынның оқырмандарына қойып тұрған талабы мен сенімін көрсетеді. Сол арқылы осы шығарманы оқыған оқырманды бір мақсат төңірегінде бірігуге шақырады.

Ақын Мәшһүр Жүсіп сезімнің сапырылысқан күйін, ішкі сырын, көңіл кеңістігін шарлағанда өзінің тілімен, көңілімен, аяғымен, кейде айнала қоршаған дүниемен, табиғат, адамдармен тілдеседі. Мысалы, «Қолыма қалам, қағаз алайын да» деген өлеңінде:

*«Бұ жалған қанша құсаң ақыр-өлім, Аларсың бір сыбаға онан тыйым. Дүниеде өзің өлсең, сөзің қалсын, Сөйлеп қал осындайда, қызыл тілім!»* – деп тілімен тілдесе, әрі қарай:

*«Бермен қайт, шырқап көңілім аспандамай, Іше бер адал болса, ас таңдамай. Аяғым қара жерді ойланбай бас, Жабырқап, сүйретіліп, ақсаңдамай»,* – деп, көңіліне, аяғына тіл қатады.

*«Сарыарқа»* деген өлеңінде: *«Сай саласы сан Арқа, Кең қонысы – кен Арқа, Дәл осы менің тұсымда, Сәнің кетті неге, Арқа?! Құтың қашты неге, Арқа?! Себебін айт, Сарыарқа!»* – деп, Сарыарқамен тілдеседі.

*«Молдалар туралы»* өлеңінде молдаларға былай дейді: *«Құран оқып күңіреніп, Сары уайымға саласың! Тәңірі алдына барғанда, Соларың дұрыс бола ма, Берсе, қағым аласың?!»*.

Мәшһүр Жүсіптің осындай өлеңдерінен авторлық стиль ерекшелігі арқылы сипатталған суреткерлік шеберлігін, прагматикасын көреміз.

Автор үшін ең маңызды кезең – мәтіннің вербалды, яғни тілдік кезеңі. Сөздің адам ойы мен танымын көрсетудегі барлық қыры осы мәтін деңгейінде ашылады. Поэтикалық тілді сөз еткен еңбектердің барлығында да поэзияның материалы сөз екендігіне ерекше мән беріледі. А. Потенбня сөздің «ішкі формасының» [5] образ жасаудағы қызметін сөз етсе, А.Веселовский сөзді поэзияны жасайтын материал ретінде алып, тарихи дамуы тұрғысынан тал- дауды ұсынады [6]. Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [7, 141] – дейді.

Ал Р. Сыздықтың зерттеуінде, сөз, яғни поэтикалық сөз мүлде жаңа қырынан қарастырылады. Сөздің жеке алғандағы мағынасы емес, контекстке түскендегі, ақын не жазушы «қиялына» қызмет ететін мағынасы, ол тек жалаң мағына емес, сезімге әсер ететін бояуы басым, экспрессиясы оның информативтік, коммуникативтік ұғымымен

біте қайнасып келе тұтас бір әлем жасайтыны анықталады. Прагматика дегеніміз – айтушының ойы, ниеті десек, мәтіннің прагматикалық сипаты мәтін иесінің алдына қойған коммуникативтік мақсатын жүзеге асыруда тілдік құралдарды қаншалықты сұрыптап, талғап қолдануына байланысты. Яғни, сөз таңдауда сол сөз билік құра-тын контекстің мән-мазмұны және қабылдаушы жақтың түсіну деңгейінің белгілі болуы адресат үшін маңызды.

